Том 37

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

37 ТОМ

Июль 1918 ~ март 1919

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1980

ББК 11.5
Л 40

Л $\frac{10102-125}{401(07)-80}$ 6—79 0101020000

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының отыз жетінші томына 1918 жылғы июльдің аяғынан 1919 жылғы 11 мартқа дейінгі, Совет республикасына қарсы шетел соғыс интервенциясы мен елдегі азамат соғысы өріс алған кезеңде жазылған шығармалар еніп отыр.

Ленин бұл шығармаларында Коммунистік партияның, Советтердің және кәсіптік одақтардың, барлық еңбекшілердің елді қорғау жөніндегі міндеттерін белгілейді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды талқандау үшін барлық күштер мен ресурстарды жұмылдыру жөніндегі шараларды белгілеп және негіздеп береді. Сонымен қатар Владимир Ильич бұл шығармаларында пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді дамытады, партия мен Совет өкіметінің орта шаруалар мен басқа ұсақ буржуазиялық жіктер жөніндегі саясатына айрықша назар аудара отырып, социалистік құрылыстың аса маңызды проблемаларына талдау жасайды. Ленин еңбектерінде халықаралық жұмысшы қозғалысының мәселелері үлкен орын алады. Томға В. И. Лениннің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген данышпандық еңбегі еніп отыр.

1918 жылдың екінші жартысы Совет мемлекетінің тарихындағы ең ауыр да қиын кезеңдердің бірі болды. Август қарсаңында жаулар елдің территориясының төрттен үш бөлігін басып алды. Совет республикасы майдандардың отты қоршауында қалды және өзінің негізгі азық-түлік, шикізат және отын қорлары бар аудан-

дарынан бөлініп тасталды. Советтер Республикасына қарсы күресте шетел интервенттері мен ішкі контрреволюция күш біріктірді. Европалық Россияның солтүстігін ағылшын-француз-американ империалистері оккупациялады. Поволжьені, Уралды және Сибирьдің едәуір бөлегін бүлік шығарған чехословак корпусы басып алды. Владивостокқа жапон, американ және ағылшын әскерлері түсірілді, осылардың көмегімен ақ чехтар мен орыс ақ гвардияшылары Қиыр Шығыстың территориясын да басып алды. Герман әскерлері Прибалтиканы, Белоруссияны, Украинаны, Грузияны оккупациялады. Орта Азия мен Закавказьеде ағылшын интервенциясы басталды. Елдің бірқатар аудандарында контрреволюциялық бүліктер бұрқ ете қалды.

Ленин осы томның беташары болып отырған, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, Москваның кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің біріккен мәжілісінде 1918 жылы 29 июльде сөйлеген сөзінде қалыптасқан жағдайға терең талдау жасап, Совет республикасының сол кездегі соғыс жағдайына сипаттама берді. Ол ағылшын-американ және француз империалистерінің шын мақсаттарын көрсетіп берді, бұлар орыс халқын немістерден «қорғау» туралы екіжүзділік бос сөздерді бүркемелеп, іс жүзінде Совет өкіметін тұншықтыру саясатын жүргізді, Россияны дүние жүзілік империалистік соғысқа қайтадан киліктіруге әрекет жасады.

Ленин өзінің сөзінде Россия капиталистерін, помещиктері мен кулактарын әшкерелейді, олар Совет өкіметін мейлінше жек көрді, сөйтіп ескі тәртіптерді қайта орнату үшін отан мүдделеріне сатқындық жасады, империалистік державалармен тонаушылық шарттар жасасуға барды. Бұл мысал, деп атап көрсетеді Владимир Ильич, мына ақиқатты тағы да растай түседі: мәселе қанаушылардың экономикалық өктемдігінің негіздері, олардың меншігі, таптық пайдасы туралы болған кезде, олар өздерінің отанға деген сүйіспеншілік және тәуелсіздік туралы айтқан жалған сөздерінің бәрін ұмытады, отанды сатып, өз халқына қарсы кез келген жат жерлік реакциялық күштермен жалдаптық мәмлелер жасасады.

Совет республикасының жағдайы 1918 жылдың күзінде өте ауырлап кетті. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісінде 1918 жылы 22 октябрьде жасаған баяндамасында Республика бұрын-соңды ешқашан мұншалық қауіпті жағдайда болып көрген емес деп көрсетті. Антантаның сол кезде дүние жүзілік империалистік соғыста жеңіске жетуі Советтер еліне қарсы соғыс интервенциясын күшейте және кеңейте беру үшін оның мүмкіндігін молайта түсті. Ленин сондай-ақ герман буржуазиясы тактикасының мәнін ашып көрсетеді, бұл тактика Советтік Россияға және Батыстағы пісіп жетіле бастаған пролетарлық революцияға қарсы күресу үшін герман буржуазиясының тек таяуда ғана өзінің жауы болған Антанта елдерінің буржуазиясымен таптық одақ жасасуына бағытталған еді. Германия оккупациялаған облыстардың буржуазиясы да Антантамен одақ жасасуға ұмтылады, дейді Ленин, өйткені герман әскерлері кеткеннен кейін өз үстемдігін өз күштерімен ұстап тұруға ол буржуазияның шамасы жетпеген болар еді.

Ленин империализмнің жыртқыштық мәнін еңбекшілер алдында талмастан әшкерелеп отырды. Ол «Американ жұмысшыларына хатта» халықты қайғы-қасіретке ұшыратып, жүздеген миллиард доллар тонап алған Америка Құрама Штаттары империалистерінің шын сиқын ашып корсетті. Американың өзі, деп жазды Ленин, «бір жағынан, ат төбеліндей арсыз, настық пен сән-салтанатқа белшесінен батқан миллиардерлердің, ал, екінші жағынан, өмір бойы қайыршылық шегінде күнелтіп отырған миллиондаған еңбекшілердің арасындағы тұңғиықтың тереңдігі жөнінен алдыңғы елдердің біріне айналды» (қараңыз: осы том, 52-бет). Американ империализмі өзінің пасық мақсаттарын әрдайым істің мәнін көмескілейтін жел сөздермен бүркемелеуге тырысады деп көрсетті Ленин. Американ империализмі 1898 жылы «азат етемін» деген сылтаумен Филиппиныды тұншықтырды, ал 1918 жылы немістерден «қорғаймын» деген сылтаумен Совет республикасын тұншықтыруға тырысты. Американ және ағылшын им-

периалистерінің, деп атап көрсетті Ленин, өздерінің жырткыштық қомағайлығы мен тонаушылық саясаты жөнінен герман басқыншыларынан шын мәнінде ешбір айырмашылығы жоқ. Ағылшын-американ империализмі, деп көрсетеді Ленин, өздерінің әрекеттерімен барлық елдердің еңбекші бұқарасы алдында өздерін халықтарды тұншықтырушы және революциялық қозғалыстың жендеті ретінде әшкереледі.

Ленин капиталистік елдердегі революциялық қозғалыстың барысын мұқият қадағалап отырды. Германиядағы саяси дағдарыс туралы алғашқы хабарлар түсе бастаған кезден-ақ, Лениннің ұсынысы бойынша 3 октябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің фабрика-завод комитеттері және кәсіптік одақтар өкілдерімен бас қосқан біріккен мәжілісі шақырылды. Мәжілісте Лениннің герман оқиғалары жөніндегі хаты оқылды, бұл хатта ол Россия пролетариатын неміс жұмысшыларына көмектесу үшін барлық күшін жұмсауға шақырды және Совет республикасының өз ішінде азық-түлік жағдайының қиындығына қарамастан, әрбір ірі элеваторда неміс жұмысшыларына арнап астық қорын жасауды ұсынды. Ленин Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясын қызу құттықтады.

В. И. Ленин капиталистік елдер еңбекшілерінің Россиядағы оқиғалар туралы дұрыс хабар алып тұруына үлкен маңыз берді. Пролетарлық интернационализм идеяларына толы «Американ жұмысшыларына хатта» ол Америка жұмысшыларына Россиядағы Октябрь революциясы туралы шындықты айтты, Советтер елінде жүзеге асырылған ұлы революциялық өзгерістер туралы, Совет мемлекетінің бейбітшіл сыртқы саясаты туралы айтты. «Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары,— деп жазды Ленин,— олар қай елде тұрса да бәрібір, империалистік байланыстардың, империалистік лас шарттардың, империалистік шынжырлардың темір құрсауларын үзгеніміз үшін,— бостандық жолында нағыз ауыр құрбандықтарға барып, бостандыққа жеткеніміз үшін,— социалистік республика ретінде, империалистерден соққы жеп, тоналсақ та, империалистік соғыстан

т ы с қалғанымыз және бүкіл дүние жүзі алдында бейбітшілік туын, социализм туын көтергеніміз үшін бізді құттықтайды, бізге тілектестік білдіреді, бізге қол шапалақтайды» (57-бет). «Американ жұмысшыларына хат», сондай-ақ «Европа мен Америка жұмысшыларына хат» капиталистік елдерде жұмысшы және коммунистік қозғалысты дамытуда үлкен роль атқарды, алдыңғы қатарлы жұмысшыларға империализм дегеннің не екенін түсінуге көмектесті, бұл елдерде Советтік Россияға қарулы интервенция жасауға қарсы наразылық қозғалысын өрістетуге жәрдемдесті.

Том мазмұнының үлкен бөлегі Лениннің жұмысшылар мен қызыл әскерлердің митингілерінде, жұмысшы жиналыстарында және конференцияларында, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілістерінде, Советтердің, кәсіптік одақтардың және басқа ұйымдардың съездерінде жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінен құралады. Партияның көсемі және Совет мемлекетінің басшысы ретінде Лениннің қызметін бейнелейтін бұл баяндамалар мен сөздерде социалистік отанды қорғауды ұйымдастыру негізгі мәселе болды.

Осы томда жарияланып отырған және басқа томдардағы азамат соғысы кезеңіндегі шығармаларды қамтитын еңбектер И. В. Сталин айтқан: Ленин «әскери іске жетік» болмады-мыс деген қағиданы теріске шығарады. Сталиннің бұл пайымдауы Лениннің интервенттерге және ішкі контрреволюцияға қарсы Совет мемлекетінің қарулы күресінің ұйымдастырушысы және басшысы ретіндегі ролін төмендетті. Лениннің Советтер Республикасын қорғау жөніндегі қызметінің қаншалықты көп салалы болғандығын Лениннің баяндамалары, сөздері және басқа шығармалары айқын көрсетеді. Ол Орталық Комитет пен Совет үкіметінің жауды талқандау ісін ұйымдастыру жөніндегі бүкіл орасан зор, алуан түрлі жұмысын бағыттап отырды. Оның тікелей басшылық етуімен партияның соғыс жағдайындағы ішкі және сыртқы саясаты талдап жасалды, совет қарулы күштерін құрудың және олардың жауынгерлік қимылдарын жан-жақты қамтамасыз етудің аса маңызды мәселелері шешіліп отырды, әскери-стратегиялық жос-

парлардың басты негіздері мен оларды жүзеге асырудың әдістері белгіленіп отырды.

Ленин митингілерде, жиналыстарда, әр түрлі съездер мен конференцияларда сөйлеген сөздерінде жұмысшыларға, шаруаларға және қызыл әскерлерге ішкі және халықаралық жағдайды, соғыс жағдайын түсіндіріп отырады, Совет өкіметінің күші мен жеңілмейтіндігінің қайнар көзін ашып көрсетеді, елдің алдында тұрған міндеттерге сипаттама береді, халық бұқарасын майданда және тылда қаһармандық ерліктерге жігерлендіріп отырады. Шығыс майданда ақ чехтар шабуыл жасаған қатерлі күндерде Ленин апта сайын, жұма күндері, партияның Москва комитеті ұйымдастырған митингілерде сөз сөйлеп, еңбекшілерге Советтер Республикасы жағдайының қауіптілігін толық көрсетіп отырды және оларды жауды талқандау үшін барлық күштерін жұмсауға шақырды. Интервенттер мен ақ гвардияшыларды жеңеміз деген кәміл сенімділік Лениннің жасаған барлық баяндамалары мен сөйлеген барлық сөздерінен айқын сезіліп тұрды. Қарулы күштерді құру, жұмысшылар мен шаруалар қатарынан командирлер құрамының кадрларын жасақтау, майданды жабдықтармен және азық-түлікпен қамтамасыз ету, армиядағы саяси-ағарту жұмысы — осы мәселелердің бәріне және елдің қорғанысын нығайту жөніндегі басқа да көптеген мәселелерге Ленин айрықша зор көңіл бөліп отырды.

Армияны, қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету Совет мемлекетінің ең маңызды міндеттерінің бірі болды. 1918 жылдың июліне — авгусына қарай Совет республикасы азық-түлік жөнінен айрықша ауыр жағдайға тап болды. Елді аштықтан құтқаруға, қызыл әскерлер мен жұмысшыларды нанның және басқа да ең қажетті азық-түліктің ең аз мөлшерімен болса да қамтамасыз етуге қамқорлық жасау Лениннің сөйлеген барлық сөздерінен, барлық шығармаларынан көрініп отырады. Владимир Ильич 1918 жылы 2 августа «Азық-түлік мәселесі жөніндегі тезистерді» жазды, бұл тезистерде осы саладағы негізгі шаралар белгіленді. Лениннің «Тезистері» негізінде азық-түлік саясатының аса

маңызды мәселелері бойынша Халық Комиссарлары Советінің декреттері талдап жасалды.

Шетел империалистері тарапынан соғыс интервенциясының күшеюі және ел ішінде азамат соғысының шиеленісуі әскери коммунизм саясаты деп аталған төтенше шаралар жүйесін жүзеге асыруды талап етті. Соғыс уақытының ауыр жағдайлары мәжбүр еткен бұл саясаттың мақсаты елдің барлық күштері мен қаражатын қорғаныс мүдделеріне жұмылдыру, Совет республикасын біртұтас жауынгерлік лагерьге айналдыру еді. Әскери коммунизм саясатына көшу 1918 жылдың жазынан бастап 1919 жылдың көктеміне дейін бірте-бірте жүзеге асырылды. 1919 жылы январьда енгізілген азық-түлік салымы — ауыл шаруашылығының барлық басы артық өнімдерін шаруалардың міндетті түрде мемлекетке өткізуі бұл саясаттың неғұрлым маңызды буыны болды. Ленин 1919 жылы 17 январьда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезінің біріккен мәжілісінде сөйлеген сөзінде әскери коммунизм саясатына көшуге байланысты белгіленген азық-түлік мәселесі жөніндегі шараларға сипаттама берді. Владимир Ильич бұл сөзінде пролетариаттың қатарынан азық-түлік органдары мен транспортқа жаңа қызметкерлерді неғұрлым белсенді түрде жоғарылатуға шақырды, өйткені транспорттағы жағдайдың ауырлығы азық-түлікті тасып жеткізуді қиындата түсті. 1919 жылы 28 январьда «Правдада» Лениннің «Бәрі де азық-түлік пен транспорт жұмысына жұмылдырылсын!» деген үндеу-мақаласы жарияланды.

Томға енген бірқатар шығармалар жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту мәселелеріне,— ең алдымен орта шаруаларға көзқарас туралы мәселеге арналған, өйткені Совет өкіметінің ақ гвардияшылар мен интервенттерге қарсы күресте табысқа жетуі сайып келгенде осы орта шаруалардың позициясына байланысты еді. Ленин орта шаруамен келісімге келуді және одақ жасасуды Коммунистік партияның әрқашан жақтап келгендігін көрсетеді. Ленин 1918 жылы 6 августа «Елец жұмысшыларына хатта» былай деп көрсетті: «Біз

осындай одақты, орта шаруалармен келісім жасасуды жақтаймыз, өйткені бізге, коммунист-жұмысшыларға, олармен ажырасудың керегі жоқ, ал оларға біз бірсыпыра жеңілдіктер жасауға дайынбыз» (39-бет). Ленин 16 августа совдептерге жолданатын телеграмманың жобасында кедейлер комитеттерін құрған кезде Коммунистік партия мен Совет үкіметінің орта шаруалар жөніндегі бағытын бұрмалаушылықтың орын алғандығын батыл айыптады. Ол «Совет өкіметі» орта шаруаларға қарсы ешқашан және ешбір нәрсе жөнінен күрес «жариялаған емес және жүргізген емес» деп атап көрсетті. «Социалистік үкімет орта шаруалармен келісім саясатын жүргізуге міндетті. Совет өкіметі осы саясатты жүргізе беруге өзінің берік бел байлағандығын талай рет іспен дәлелдеді» (48-бет).

Совет өкіметінің бірінші жылында партияның орта шаруаларды бейтараптандыру саясатын жүргізгені белгілі. Мұның себебі, ол кезде орта шаруалармен берік одақ орнату үшін жағдай әлі пісіп жетілмеген болатын. Теориялық пайымдаулармен немесе үгітшілік сөздермен, деп көрсетті Ленин, орта шаруаны иландыруға болмайды — бұл үшін оған өз тәжірибесі керек. Бастапқы кезде орта шаруалар Совет өкіметі жөнінде аңысын аңдау позициясын ұстады, ал олардың бір бөлегі кейде тіпті дұшпандық позицияда болды.

Орта шаруамен келісімге келу, одақ жасасу қажеттігі туралы мәселе партия алдына 1918 жылы күзде, орта шаруалардың, сондай-ақ ұсақ буржуазиялық демократияның басқа да топтарының, Совет өкіметіне қарай бет бұруы айқын болған кезде турасынан қойылды. Ленин «Питирим Сорокиннің бағалы мойындаулары» деген мақалада, 1918 жылы 27 ноябрьде Москвадағы партия қызметкерлерінің жиналысында пролетариаттың ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы жасаған баяндамасында және сөйлеген қорытынды сөзінде ұсақ буржуазиялық демократияның Совет өкіметіне қарай бет бұруына байланысты жұмысшы табының ұсақ буржуазиялық демократия жөніндегі саясатын негіздеп береді.

Брест бітім шартының жойылуы осы бетбұрыстың

басты себептерінің бірі болды. Брест шартын жасасу пролетарлық революцияның мүдделері тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ тәуелсіз мемлекет ретінде Россияның ұлттық мүдделері тұрғысынан да бірден-бір дұрыс қадам болғандығын герман империализмінің күйреуіне байланысты ұсақ буржуазияның көптеген өкілдері түсінді. Олар Совет өкіметін ағылшын-француз және американ империализмінен сенімді қорғаушы деп білді, өйткені осы империализмнің Россия жөніндегі тонаушылық ниеттері бұл кезде ұсақ буржуазия өкілдерінің көпшілігіне айқын болған еді.

Ақ гвардияшылар басып алған территорияларда меньшевиктік-эсерлік «демократияның кереметтерін» бастарынан кешірген орташа-шаруалар, майдагерлер, қолөнершілер және ұсақ буржуазияның басқа элементтері буржуазиялық «парламентаризмнен» түңіліп, Совет өкіметін қолдауға бет бұрды. Орта шаруалар Совет өкіметі олармен емес, қайта олардың қас жауы — кулактармен күресіп жатқандығын деревнядағы кедейлер комитеттері мен партия органдары қызметінің үлгісінен айқын көрді. Совет өкіметінің беріктігіне орта шаруаның көзі жетті, сондықтан оған қарай батыл бетбұрыс жасады. Осы жағдайларды ескере отырып, Ленин шаруа мәселесі жөнінде жаңа саяси ұран ұсынды, оны кейін партияның VIII съезі қуаттады: «Кулакқа қарсы күрестен бір минут та бас тартпай отырып және кедейге ғана берік сүйене отырып, орта шаруамен келісімге келе білу — міне қазіргі кезеңнің міндеті осы» (208-бет). Партияның орта шаруалармен одақ жасасу жөнінде алған бағыты советтік құрылысқа орта шаруаларды неғұрлым кең тарту мәселесін күн тәртібіне қойды, осыған байланысты Советтердің VI съезі кедейлер комитеттерін жергілікті Советтермен біріктіру және Республиканың бүкіл территориясында Совет өкіметінің бірыңғай ұйымын орнату туралы шешім қабылдады.

Ленин «Питирим Сорокиннің бағалы мойындаулары» деген мақаласында, сол кездегі басқа да шығармаларында принципті мәселелерде кеңшілік жасамай, ұсақ буржуазиялық демократияның басқа да топтарымен — майдагерлермен, қолөнершілермен келісімге келу қа-

жеттігі туралы айтады, қызметшілерді, мамандарды, жалпы алғанда ескі интеллигенцияны жаңа қоғамды құру ісіне тартудың жолдарын көрсетеді. Ұсақ буржуазиялық демократияның сан алуан топтарын социалистік құрылыс ісіне тарту Совет өкіметінің әлеуметтік базасын кеңейтіп, оның жағдайын нығайта түсті.

Өкімет басына келген жұмысшы табының ұсақ буржуазиялық элементтермен дұрыс өзара қатынасын орнатудың орасан зор маңыздылығын атап айта келе, Ленин былай деп көрсетті: бұл төтенше күрделі және қиын проблеманы шешуде большевиктік партия мен Совет мемлекетінің тәжірибесінің әсіресе ұсақ буржуазия халықтың басым бөлегі, немесе едәуір бөлегі болып отырған елдердің, кезінде Россияда осылай болған-ды, коммунистік партиялары үшін үлкен халықаралық маңызы бар.

Ленин деревняда социалистік революцияны дамыту мәселелеріне көп көңіл бөледі. Партияға мұнда социалистік қайта құрылыс ісіне кіріспес бұрын өнеркәсіп саласындағыға қарағанда анағұрлым зор әзірлік жұмыстарын жүргізуге тура келгендігін айта отырып, ол бұл саладағы айрықша қиындықтарды атап көрсетеді. «Қалаларда болған Октябрь революциясы,— деді Ленин,— деревня үшін тек 1918 жылдың жазы мен күзінде ғана нағыз Октябрь революциясы болды» (151-бет).

Ленин шаруалар делегаттары алдында сөйлеген сөзінде шаруалар өздерінің жағдайларын тек социалистік қайта құрылыстар жолында ғана түбегейлі жақсарта алады деп көрсетті. «Коммуналар құру, жерді артель болып өңдеу, шаруалар серіктіктерін ұйымдастыру — міне ұсақ шаруашылықтың тиімсіздігінен құтылудың жолы осы, шаруашылықты көтерудің және жақсартудың, күшті үнемдеудің және кулактарға, арамтамақтық пен қанаушылыққа қарсы күресудің жолы осы»,— деді Ленин орталық губерниялардың кедейлер комитеттері делегаттарының кеңесінде 1918 жылы 8 ноябрьде сөйлеген сөзінде (192-бет). Егінші Россияның шаруашылығында осындай терең және маңызды төңкерісті жүзеге асыру ғана, деп атап көрсетті ол, бүкіл деревня

халқының бұқарасын капитализм душар етіп келген қараңғылықтан, топастықтан және езгіліктен құтқаруға мүмкіндік береді. Жерді қоғамдасып өңдеуге көшу егіншіліктің ең жақсы тәсілдерін қолдануға және селода жұмыс істеуге маман агрономдарды қатыстыруға мүмкіндік берді, Ленин мұны жерді қоғамдасып өңдеуге көшудің басты артықшылықтарының бірі деп білді. Ленин миллиондаған еңбекші шаруа үшін ауыл шаруашылық білімнің, мәдениеттің және еңбек өнімділігін арттырудың қайнар көзі болып табылатын үлгілі жолға қойылған шаруашылықтар маңызды роль атқарады деп санады. Ленин жер бөлімдерінің, кедейлер комитеттерінің және коммуналардың Бүкіл россиялық I съезінде 11 декабрьде сөйлеген сөзінде жерді қоғамдасып өңдеуге көшуді дереу жүзеге асыруға болмайды, оны біртебірте іске асыру керек деп көрсетті.

В. И. Лениннің Советтердің, мемлекеттік аппараттың қызметіне арналған шығармаларының үлкен маңызы бар. Владимир Ильич мемлекеттік аппараттың қызметкерлеріне өздерінің қызметінде еңбекшілер бұқарасының жасампаздық тәжірибесіне сүйенуді, тек осы тәжірибенің негізінде ғана жаңа өмірді орнатудың нақты жолдары мен әдістерін табуға болатындығын үйретті. 1918 жылы 30 июльде губерниялық Советтер председательдерінің съезінде сөйлеген сөзінде Ленин оларды мемлекетті басқару жөніндегі дербес жұмысқа еңбекшілер бұқарасының өкілдерін неғұрлым жігерлі және көп жоғарылатуға шақырды.

Мемлекеттік аппарат жұмысындағы бюрократизм мен салақтық фактілері Ленинді қатты ашындырушы еді. Ол 12 декабрьде «Совет мекемелерін басқару туралы ережелердің нобайын» жасады, онда қағаз бастылыққа қарсы, еңбек тәртібін нығайту және әрбір совет қызметкерінің тапсырылған іске айрықша қатаң жауапкершілігін орнату жолында батыл күрес жүргізу қажеттігі туралы айқын нұсқау берілген. Қаржыны барынша үнемдеу және адамдарды ел қорғау жөнінде және тікелей өндірісте жұмыс істеуге босату мақсатымен Ленин біртекті істермен шұғылданып отырған бөлімдерді, ве-

домстволар мен мекемелерді біріктіру және қосу туралы мәселе қояды.

Ленин 1918 жылы 25 декабрьде халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық II съезінде сөйлеген сөзінде коллегиялық басқару іске кедергі жасауға айналып кетпеуге тиіс деген болатын. Ол халық шаруашылығы советтерінен, бас басқармалардан және орталықтардан басқарудың коллегиялық жүйесі мылжыңдауға, қарарлар жазуға, жоспарлар жасауға айналдырылмай, қайта нақты практикалық істерден көрінуін қатты талап етті. «Бізге іс істеу керек, іс керек!» — деп ұран тастады Ленин (434-бет). Ол коллегиялық басқаруды әрбір қызметкердің оған тапсырылған іске жеке басының жауапты болуымен дұрыс ұштастырып отыруды ұсынды.

Ленин революциялық заңдылық пен тәртіпті нығайту ісіне қамқорлық жасап отырды. Ол қызмет адамдары тарапынан әр түрлі қиянат жасаушылыққа қарсы, әсіресе парақорлыққа, мемлекет қаржысын талан-таражға салушылыққа қарсы батыл күрес жүргізді. 1918 жылы 2 ноябрьде өзі жазған, Советтердің VI съезі қабылдаған революциялық заңдылық туралы қаулының негізіне алынған «Заңдарды бұлжытпай орындау туралы қаулы тезистерінің нобайында» Ленин Республикада тағайындалған заңдарды мейлінше бұлжытпай орындау міндетін алға қойды. Ленин революциялық заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында төтенше комиссиялардың қызметіне партиялық бақылауды күшейтуді, Бүкіл россиялық төтенше комиссияның адам құрамын жақсартуды, Бүкіл россиялық төтенше комиссияның аппаратын жұмысты неғұрлым жедел әрі дәл атқаратын аппарат етуді талап етті. Шығармаларға бірінші рет енгізіліп отырған, 3 декабрьде Қорғаныс Советінің комиссиясында Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорттағы қызметі туралы мәселенің талқылануына байланысты жазылған «Бүкіл россиялық төтенше комиссияның жұмысы туралы ұсыныстар» деген лениндік документте партия және кәсіподақ ұйымдарының тұтқындалғандарды кепілге алу правосын қуаттау, Бүкіл россиялық төтенше комиссияда істі тездету үшін

шағымдар мен өтініштер жөніндегі бөлімді кеңейту ұсынылып, басқа да ұсыныстар жасалды. Жалған қаралағаны үшін кінәлы адамдарды Ленин ату жазасына кесуге дейін қатал жазалауды ұсынды.

Томға «Мемлекеттік бақылауды пайдалану туралы қаулының жобасы» және «Мемлекеттік бақылауды қайта құру туралы декреттің жобасы жөнінде» деген жалпы тақырыппен берілген документтер енгізіліп отыр. В. И. Ленин оларда бақылауға еңбекшілердің қалың бұқарасын, әсіресе әйелдерді үнемі қатыстыру қажеттігін атап көрсете отырып, бақылаудың міндеттерін айқын белгілейді. Ленин мемлекеттік бақылаудың ең таяудағы міндеттері қиянат жасаушылыққа, қағаз бастылыққа қарсы күресу, еңбек өнімділігін арттыру және өнімдердің мөлшерін көбейту деп есептеді (588—589-беттер).

«Кәсіподақтардың міндеттері туралы» деген еңбегінде және кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық II съезінде 1919 жылы 20 январьда сөйлеген сөзінде Ленин еңбекшілердің бұқаралық ұйымдарының жалпы жүйесінде кәсіподақтардың алатын орны мен атқаратын ролін белгілейді. Ол кәсіподақтардың Совет өкіметі жөніндегі «бейтараптылығы» ұранына батыл қарсы шығады. Кәсіподақтардың міндеті — еңбекшілердің саналылығы жеткілікті дәрежеде емес топтарының көзін ашу, Совет өкіметінің әлеуметтік базасын кеңейту, шаруашылықты басқаруға және жаңа өндірісті құруға еңбекшілерді қатыстыру. «Егер біз бұл міндетті орындамасақ,— деді Ленин,— егер біз кәсіптік одақтарды тәрбие органына, мемлекетті басқаруға тікелей қатысу үшін қазіргідеген ондаған есе көп қалың бұқараны тәрбиелейтін органдарға айналдырмасақ,— онда біз коммунистік құрылыс ісін ақыр аяғына дейін жеткізе алмаймыз» (488-бет).

Ленин шын мәнісінде жаңа өмір орнатудың тәжірибесін, жаңа экономиканы құруда заводтар мен фабрикалардың, егіншілік коммуналарының, жергілікті халық шаруашылығы советтерінің табыстарын терең зерттеу және қорыту қажеттілігін атап көрсетті. «Біздің газеттердің сипаты жөнінде» деген мақалада ол баспа-

сөзде озат коллективтердің тәжірибесін кеңінен насихаттап отыруды, олардың табыстарға қалай жеткендігін және бұл табыстарды басқа коллективтердің игілігіне қалай айналдыру керектігін көрсетіп отыруды ұсынды. Ленин бұқараны жаңаша жұмыс істеудің жанды, нақты мысалдары мен үлгілері негізінде тәрбиелеуді баспасөздің капитализмнен коммунизмге өту кезіндегі басты міндеті ретінде ұсынады. Ол «жаңалық бәрінен де көп жасалып жатқан, бәрінен де көп көңіл бөлу, жариялау... керек болып отырған фабрика ішіндегі, деревня ішіндегі, полк ішіндегі өмірдің *күнделікті* жағына» (98-бет) көбірек көңіл бөлуді талап етті. Сонымен қатар Ленин кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысындағы кемшіліктерді жұртшылық болып сынауға, нашар басшыларды тезге салуға, жалқауларды, еңбек тәртібін бұзушыларды әшкерелеуге шақырды. «Саяси мылжың аз болсын,— деп жазды Ленин.— Интеллигенттік пайымдаулар аз болсын. Өмірге жақындай түсу керек. Жұмысшы және шаруа бұқарасы өзінің күнделікті жұмысында *жаңа* нәрсені *іс жүзінде* қалай құрып жатқандығына көбірек көңіл бөлінсін. Осы жаңа нәрсенің қаншалық *коммунистік сипатта екендігі* көбірек *тексерілсін*» (98-бет).

Ленин озық тәжірибе жинақталған кітаптарды қызу қолдап отырды. Ленин, мәселен, жергілікті газеттің редакторы А. И. Тодорскийдің Тверь губерниясының ол кезде меңіреу түкпір саналған уездік қалашығы — Весьегонскіде басылып шыққан «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» деген кітабын кеңінен таратуды ұсынды, бұл кітапта уездегі социалистік құрылыстың алғашқы қадамдары туралы түсінікті формада және нақты мысалдар арқылы әңгімеленген болатын. Бұл кітап Лениннің «Үлкен мәселелерді айқындау үшін кішкентай көрініс» деген мақала жазуына тікелей себеп болды; ол бұл мақаласында кітапта келтірілген фактілер негізінде маңызды саяси қорытындылар жасады.

Томға енген шығармаларда Лениннің мәдени құрылыс саласындағы қызметі де бейнеленеді. Ел халқының көпшілігінің сауатсыздығы жас Совет республикасына патша өкіметінен ауыр мұра болып қалды, осы жағ-

дайда Ленин неғұрлым маңызды міндеттердің бірі халыққа білім беру ісін дұрыс жолға қоя білу деп есептеді. Ленин Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылы 2 августа өзі жазған «РСФСР жоғары оқу орындарына қабылдау туралы» қаулысының жобасында жоғары оқу орындарында оқығысы келетіндердің бәрінің оқуына мүмкіндік туғызатын қажетті шаралар қабылдауды ұсынды, оның бер жағында, деп көрсетті ол, пролетариат пен ең кедей шаруалардың ортасынан шыққан адамдар бірінші кезекте қабылдануға тиіс. Білім алу еңбекшілердің өздерін азат ету жолындағы күресінде олардың құралы болып табылады, деді Ленин ағарту ісі жөніндегі Бүкіл россиялық I съезде сөйлеген сөзінде. Мектептер саясаттан тыс бола алады деген буржуазиялық екіжүзділік пайымдауларға ол батыл қарсы шықты. Ленин мәдени құрылыстың басқа да әр түрлі мәселелеріне — мәдени-ағарту ұйымдарының пәрменді, социалистік құрылыс міндеттерімен тығыз байланысты жүргізілетін қызметін жолға қоюға, кітапханалардың жұмысына, еңбекші әйелдерге білім беруге және оларды социалистік құрылыс ісіне тартуға көп көңіл бөлді.

Ленин соғыс уақытының ауыр жағдайларында партия мен Совет мемлекетіне басшылық ету жөніндегі орасан зор қызметін үлкен теориялық жұмыспен ұштастырып отырды. Большевизм тәжірибесінің орасан зор халықаралық маңызын атап көрсете отырып, Владимир Ильич бұл тәжірибені жинақтады және оны жас коммунистік партиялардың игілігіне айналдыруды көздеді. Ленин пролетариат диктатурасы туралы мәселеге баса назар аударады, өйткені ол мұны бүкіл пролетарлық тап күресінің ең басты мәселесі деп санады.

В. И. Лениннің томға еніп отырған «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген еңбегі, дәл осылай аталатын мақаласы, буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы Коммунистік Интернационалдың I конгресіне ұсынылған тезистері мен баяндамасы, ««Демократия» және диктатура туралы» деген мақаласы және басқа еңбектері социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді қорғауға және дамытуға арналған.

Ленин бұл шығармаларында марксизмнің мемлекет туралы ілімін талдайды, буржуазиялық демократия мен пролетарлық демократияның түбегейлі қарама-қарсылығын көрсетеді, таптық қоғамда демократияның жоғары типі болып табылатын пролетариат диктатурасының мәнін ашып берді.

«Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапты жазуға К. Каутскийдің «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасы тікелей себеп болды, өйткені Каутский бұл кітапшасында социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді бұрмалады, Совет мемлекетіне жала жапты және большевиктік партияның қызметін қаралауға барынша тырысып бақты. Пролетариат диктатурасын теориялық тұрғыдан теріске шығарудан Каутский Совет республикасына іс жүзінде қарсы бағытталған дұшпандық әрекеттерге көшті. 1919 жылы февральда II Интернационал партияларының Берн конференциясында Каутский мен Бернштейн большевизмді айыптайтын қарарды өткізуге тырысты.

Марксизмге сөз жүзінде адал болу мен іс жүзінде оппортунизмге бағынуды ұштастырған каутскийшілдік ревизионизмнің ерекше қауіпті формасы болды. Каутскийдің және басқа оппортунистердің ревизионистік көзқарастарына қарсы күреске Ленин айрықша маңыз берді. Каутскийдің жұмысшы табының мүдделеріне жасаған сатқындығын әшкерелей отырып, Ленин Каутскийді оның марксизмнен либералдық буржуазияға тиімді жерлерінің бәрін алып, марксизмнің басты қағидасын — пролетариат өзінің диктатурасын орнатып, буржуазияның қарсылығын басып-жаныштағанда ғана жеңіп шыға алатындығын мойындамағаны үшін сынайды.

Маркс XIX ғасырдың 70-жылдарында Англия мен Америка Құрама Штаттары сияқты елдерде капитализмнен социализмге бейбіт өту мүмкін еді деп санады дегенге сүйеніп, Каутский социалистік революцияның бейбіт емес, күштеу формасын теріске шығарды. Маркс бұл мүмкіндікті буржуазиялық мемлекеттік машинаның басты аппараты — соғысқұмарлық пен бюрократия

ол кезде әлі мықтап дамымаған елдерде ғана жол берілетін өте сирек кездесетін ерекше жағдай деп есептеді, осыны Каутскийдің алаяқтық жасап ішке бүгіп қалғандығын Ленин әшкере етті. Өкіметтің жұмысшы табына көшу формалары әрбір елдегі нақты-тарихи жағдайларға (пролетариаттың ұйымшылдығы мен топтасқандығына, қанаушы таптардың қарсыласу дәрежесіне, т. т.) байланысты болады деп көрсетті Ленин. Ол революцияның бейбіт даму мүмкіндігін, пролетариаттың өкіметті бейбіт жолмен алу мүмкіндігін әсте бекерге шығарған жоқ. Сонымен қатар Ленин, егер қанаушы таптар халық еркіне қарсылық көрсетсе, жұмысшы табы күштеу жолымен болатын революциядан да, қарулы көтерілістен де бас тарта алмайды деп атап көрсетті.

Социалистік революцияның бейбіт және бейбіт емес формалары туралы лениндік қағидалар КПСС съездерінің шешімдерінде, КПСС XXII съезінде қабылданған Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасында, сондай-ақ коммунистік және жұмысшы партиялары кеңестерінің документтерінде одан әрі дамытылды. Оларда былай деп көрсетілген: әр түрлі елдердің социализмге өту формалары бұдан былай барған сайын алуан түрлі бола береді, социалистік революцияны жүзеге асыру міндетті түрде азамат соғысына байланысты болмайды. Европа мен Азияның бірқатар елдерінде социализм жеңіске жетіп, тарихи даму барысын белгілейтін қуатты күшке айналған жаңа тарихи жағдайларда капитализмнен социализмге бейбіт өту мүмкіндігі көптеген елдер үшін нақты перспективаға айналды. «Социализмге өту жолындағы таптық күрестің шиеленісуінің қатаң не бәсең болуы,— делінген партияның XX съезінің КПСС Орталық Комитетінің есепті баяндамасы жөніндегі қарарында,— социализмге өту кезінде күштеудің қолданылуы немесе қолданылмауы пролетариатқа байланысты болудан гөрі, еңбекшілердің басым көпшілігінің еркіне қанаушылардың қарсыласу дәрежесіне, қанаушы таптардың өздерінің күштеуді қолдануына байланысты».

Россиядағы ашықтан-ашық азамат соғысы жағдайын-

да сөзсіз болатын, мәселен, қанаушы таптарды сайлау праволарынан айыру сияқты демократияға шек қоюшылықты Каутский әр түрлі софизмдердің көмегімен пролетариат диктатурасының міндетті белгісі деп көрсетуге тырысты. Каутскийдің бұл пайымдауларының қисынсыздығын әшкерелей отырып, Ленин былай деп жазды: «...буржуазияны сайлау праволарынан айыру пролетариат диктатурасының міндетті және қажетті белгісі болып табылмайды. Және Россияда мұндай диктатура ұранын Октябрьден көп бұрын көтерген большевиктер қанаушыларды сайлау праволарынан айыру туралы күн ілгері айтқан жоқ-ты. Диктатураның *бұл* құрамдас бөлігі белгілі бір партияның «жоспары бойынша» жарыққа шыққан жоқ, күрестің барысында өздігінен *өсіп шықты»* (304-бет). Сайлау праволарына шек қою туралы мәселе — жұмысшы табы диктатурасының жалпы мәселесі емес, ерекше ұлттық мәселе. «Қанаушылар үшін белгілі бір шектеудің, демократияны бұзудың қандай елдерде, белгілі бір капитализмнің қандай ұлттық ерекшеліктері жағдайында (ішінара немесе көпшілігінде) қолданылатынына келетін болсақ,— деп жазды Ленин,— бұл — белгілі бір капитализмнің, белгілі бір революцияның ұлттық ерекшеліктері туралы мәселе» (286—287-беттер).

Ленин Каутскийдің буржуазиялық демократияны «таза», таптан тыс демократия етіп көрсетуге жасаған әрекетінің негізсіздігін ашып көрсетеді және Каутскийдің реформистер уағыздап жүрген «демократиялық» социализм дейтінді оңшыл социалистер большевизммен, коммунизммен барабар деп жүрген «диктаторлық» социализмге пасықтықпен қарама-қарсы қоюын әжуалайды, бұл қарама-қарсы қоюшылықты социализмнің ренегаттары қазір де кеңінен пайдаланып жүр. Ленин Каутскийдің «демократиялық және диктаторлық әдістердің» түбегейлі қарама-қарсылықтары туралы «ашқан жаңалығын» теориялық тұрғыдан масқара шатастырушылық және марксизмнен түпкілікті безушілік деп сипаттады. Ең демократиялық буржуазиялық республика іс жүзінде буржуазияның диктатурасы екендігін, қанаушылардың еңбекшілер бұқарасына жүргізе-

тін диктатурасы екендігін ол тарихи фактілермен дәлелдейді.

Ленин буржуазиялық демократияға, байларға арналған демократияға пролетарлық демократияны, халықтың орасан зор көпшілігіне арналған, еңбекшілерге арналған демократияны қарама-қарсы қояды. Ол таптық қоғамдағы демократияның жоғары типі болып табылатын пролетариат диктатурасының мәнін ашып берді, бұл диктатура бүкіл еңбекшілерге берілген әлеуметтік және саяси праволардың іс жүзінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Ленин Совет өкіметін халықтың қалың бұқарасы «мемлекетті демократиялық жолмен басқару ісіне үнемі, сөзсіз, оның үстіне шешуші күш ретінде қатыстырылып отыратын» (543-бет) нағыз демократия деп сипаттады.

Ленин ««Демократия» және диктатура туралы» деген мақаласында буржуазиялық мемлекетті пролетарлық мемлекетпен ауыстыру жалпы мемлекет атаулының құрып бітуінің бірден-бір жолы деп көрсетті. Буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы Коммунистік Интернационалдың I конгресі мақұлдаған тезистердің жиырмасыншы пункті мемлекеттің құрып бітуі туралы мәселеге арналған. «Барлық социалистер, бұлардың ішінде және ең алдымен Маркс,— деп жазды Ленин,— мемлекеттік өкіметті жоюды өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Бұл мақсатты жүзеге асырмайынша шын демократизм, яғни теңдік пен бостандық жүзеге аспайды. Ал бұл мақсатқа іс жүзінде тек советтік, яғни пролетарлық демократия ғана бастап әкеледі, өйткені, мемлекетті басқаруға еңбекшілердің бұқаралық ұйымдарын үнемі және сөзсіз қатыстыра отырып, советтік демократия мемлекет атаулының бәрінің толық құруын дереу әзірлей бастайды» (544-бет). Совет мемлекетінің дамуы пролетариат диктатурасы туралы лениндік ілімнің дұрыстығын дәлелдеп берді.

КПСС жаңа Программасында былай деп көрсетіледі: Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде туған пролетариат диктатурасы СССР-де социализмнің жеңісін қамтамасыз етіп, бүкіл дүние жүзілік-тарихи

роль атқарды. Социалистік құрылыстың барысында Совет мемлекетінің функциялары өзгерді. Қанаушы таптардың жойылуына байланысты олардың қарсылығын басып-жаншу функциясы жойылды. «Пролетариат диктатурасының мемлекеті ретінде пайда болған мемлекет,— делінген Программада,— осы заманғы, жаңа кезеңде жалпы халықтық мемлекетке, бүкіл халықтың мүдделері мен еркін білдіретін органға айналды».

Ленин Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен Совет Одағы Коммунистік партиясы тәжірибесінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызын ашып берді. «Большевизм,— деп жазды Ленин,— «пролетариат диктатурасы» идеясын бүкіл дүние жүзіне жайды, бұл сөздерді латын тілінен әуелі орыс тіліне, одан соң дүние жүзінің *барлық* тілдеріне аударды, сөйтіп *тіпті* артта қалған елдің тіпті тәжірибесі, білімі, ұйымдасу дағдысы неғұрлым кем жұмысшылары мен ең кедей шаруаларының қанаушыларға (оларды *бүкіл* дүние жүзінің буржуазиясы қолдаған) қарсы күресте орасан зор қиыншылықтарға қарамастан тұтас бір жыл бойы еңбекшілер өкіметін сақтап қала *алғанын*, дүние жүзінде бұрын болып келген демократиялардың бәрінен де үздік жоғары және кең демократия жасай *алғанын*, социализмді іс жүзіне асыру жөнінде ондаған миллион жұмысшылар мен шаруалардың творчествосын *бастай алғанын Совет өкіметі* мысалымен көрсетіп берді» (329-бет).

«Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген еңбекте буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы лениндік теория одан әрі талдап жасалынды. Ленин Совет өкіметінің жерді национализациялау және өнеркәсіпті национализациялау сияқты революциялық шараларын терең негіздеп, олардың маңызын көрсетіп берді.

Ленин Каутскийдің Совет мемлекетінің сыртқы саясатына жалақорлық шабуылын әшкерелей отырып, бұл саясаттың дәйекті-демократиялық сипатын атап көрсетеді. Бірде-бір буржуазиялық елде, тіпті ең демократиялық буржуазиялық елде, сыртқы саясат ашық жүргізілмейді. Совет өкіметі, деп жазды Ленин, сыртқы саясаттың құпия бүркеншін жұлып тастады, ал «мұның

аса зор маңызы» бар, «өйткені бейбітшілік туралы мәселе, ондаған миллион адамдардың өмірі мен өлімі туралы мәселе осыған байланысты» (276-бет).

Большевизм халықтарға соғыс пен империализмнің сұмдықтарынан құтылудың дұрыс жолын көрсетті, міне сондықтан да барлық елдердің еңбекшілер бұқарасы «большевизмнің *барлық елдер үшін тактиканың үлгісі болуға жарайтындығына»* күннен-күнге көз жеткізуде.

Ленин большевиктер партиясының пролетарлық интернационализм принциптеріне адалдығы туралы асқан зор мақтанышпен айтады. Орыс коммунистерінің тактикасы, деп жазды ол, бірден-бір интернационалистік тактика болды, өйткені ол барлық елдерде революцияны дамыту, оған көмектесу, оны ояту үшін бір елде жүзеге асыруға болатын істердің бәрін істеді.

Большевизм, деп көрсетті Ленин, реформизм мен социал-шовинизмнен өзгеше теория, программа және тактика жасап шығарды, шын мәнінде пролетарлық, Коммунистік Интернационалдың идеялық және тактикалық негіздерін құрды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың аяқталар қарсаңында көптеген капиталистік мемлекеттерде пайда болған орасан зор революциялық өрлеу жағдайларында, Октябрь социалистік революциясының тікелей ықпал етуімен Европаның бірқатар елдерінде алғашқы коммунистік партиялар мен ұйымдар құрыла бастады. Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысындағы солшыл, нағыз революцияшыл элементтердің бәрін біріктіру жолында, жаңа, III Интернационалды құру жолында көптеген жылдар бойына күрес жүргізді. Ол Коминтерннің I конгресін әзірлеу жөнінде зор жұмыс жүргізді, конгресс 1919 жылы марттың басында Москвада болып өтті.

Ленин Коммунистік Интернационалдың I конгресінде буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистер ұсынып, баяндама жасады. Оларда қанаушылардың үстемдігін қорғау мүдделеріне бола пролетариат диктатурасына қарсы шығатын және «таза», «таптан тыс» демократияны мадақтайтын «социалистер» әшкереленеді. Ленин капиталистік системаның демократиялық елдері деп аталатын елдерде шын

мәнісінде террор, буржуазия диктатурасы үстемдік ететіндігін көптеген мысалдар арқылы көрсетіп берді. Коммунистерді қудалау, стачкашыларды жазалау, ұлт-азаттық қозғалыстарын басып-жаншу, бүкіл дүние жүзіндегі реакциялық күштерді қолдау — міне, бұлар барлық буржуазиялық мемлекеттерге, соның ішінде капитализмнің қорғаушылары дәріптеп жүрген Америка Құрама Штаттарына да тән белгілер. Ленин Германияда буржуазиялық республикалық «бостандық» жағдайында Карл Либкнехт пен Роза Люксембургтің өлтірілуі туралы ызамен ашына айтты. Бұлардың өлтірілуі, деп жазды ол, буржуазия диктатурасы ретіндегі буржуазиялық республиканың таптық мәнін ақырына дейін ашып берді.

Ленин пролетариат диктатурасы қанаушыларды құлату және бірінші дүние жүзілік соғысқа соқтырған, жаңа соғыстарды әзірлеп жатқан буржуазия диктатурасына қарсы қорғану құралы ретінде барлық еңбекшілер үшін тек әбден заңды ғана емес, сонымен қатар қажет те диктатура екендігін атап көрсетеді. Тезистерде жұмысшы табы диктатурасының қанаушы таптар диктатурасынан түбегейлі өзгешелігі көрсетіледі, іс жүзінде, нақ еңбекші таптар үшін еш уақытта болмаған және тіпті ең демократиялық буржуазиялық республикаларда да болуы мүмкін емес демократиялық праволар мен бостандықтарды пайдаланудың нақты мүмкіндіктерін іс жүзінде жүзеге асырып отырған Совет өкіметінің ерекшеліктері сипатталады.

Лениннің сіңірген ұлы еңбегі мынада: Россиядағы пролетариат диктатурасының тарихи қалыптасқан формасы ретіндегі Совет өкіметінің мәнін аша отырып, ол жұмысшы табы диктатурасының басқа да барлық саяси формаларының негізінде жатқан Совет өкіметінің түбегейлі принциптерінің халықаралық маңызын көрсетіп берді. Халықтан жоғары тұрған чиновниктік, полицейлік және судьялық буржуазиялық аппарат пен ескі армияны жою, мемлекетті басқару ісіне бұқараның үнемі және жігерлі қатысуы, мемлекет атаулының бірте-бірте құрып бітуі сияқты принциптер тек Совет өкіметінің

ғана емес, сонымен бірге социалистік лагерьдегі барлық елдердің саяси құрылысының да негізінде жатыр.

Конгресс лениндік тезистерді бірауыздан мақұлдады және оларға қосымша ретінде Ленин жазған қарарды қабылдады. Қарарда жұмысшы табының қалың бұқарасына буржуазиялық демократияның орнын басуға тиісті жаңа, пролетарлық демократияның тарихи маңызы мен саяси қажеттілігін түсіндіру капиталистік елдердегі коммунистік партиялардың басты міндеті болып табылады деп көрсетілген.

Ленин Коммунистік Интернационалдың құрылуына арналған «Жеңіп алынған және жазылып қойылған нәрсе» деген мақаласында былай деп жазды: «Революцияшыл жұмысшылардың жаңа, бүкіл дүние жүзілік бай тәжірибесінің шұғыласымен нұрланған марксизм теориясы болып жатқан оқиғалардың әбден заңдылығын түсінуіміз үшін бізге жәрдемдесті. Бұл теория капиталистік жалдама құлдықты құлату жолында күресіп жатқан бүкіл дүние жүзі пролетарларына өз күресінің мақсаттарын анығырақ ұғынуға, қазірдің өзінде белгіленіп қойған жолмен нығырақ басып жүруге, жеңіске неғұрлым шүбәсыз, неғұрлым берік жетуге және жеңісті баянды етуге көмектеседі» (559-бет).

* *
*

Отыз жетінші томға В. И. Ленин Шығармаларына бірінші рет кіргізілген 21 документ еніп отыр.

Томның негізгі текстіне мына документтер енгізілді: «Селолық қожайындарға заттай салық салу туралы декрет жөнінде» («Декреттің негізгі ережелері» және «Декреттің жобасына ескертпелер»), жоғарыда аталған «Заңдарды бұлжытпай орындау туралы қаулы тезистерінің нобайы», «РКП(б) Орталық Комитетінің банк қызметшілерінің Бүкіл россиялық съезін шақыру туралы қаулысының жобасы жөнінде», «Жұмысшылар мен шаруаларға арнап оқу кітабын құрастыру туралы нұсқау», «Халық Комиссарлары Советінің кооперация туралы қаулысының жобасы», «Кітапхана ісінің жайы туралы» және «Ұлы солтүстік темір жолын концессия-

ға беру туралы» қаулылардың жобалары, «Герман тәуелсіздерінің үндеу хаты жөнінде» деген аяқталмаған мақала, «Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының аналар мен сәбилерді қорғау бөлімі үгітшілерінің курсында сөйленген сөз» және «Украинадағы азық-түлік салымы туралы РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының жобасы жөнінде».

«Дайындық материалдар» бөлімінде Шығармаларға бірінші рет енгізілген он екі документ («Мемлекеттік бақылауды қайта құру туралы декреттің жобасы жөнінде» деген тақырыппен біріктірілген соңғы екі документтен басқасы) басылып отыр. Бұл бөлімге енгізілген сөздер мен баяндамалардың жоспарлары Лениннің еңбектерінің мазмұнын толықтыра түседі.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН

Октябрь, 1918 ж.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ, МОСКВАНЫҢ ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІ МЕН КӘСІПТІК ОДАҚТАРЫНЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 29 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[1]

(Овацияға айналған қол шапалақтау.) Жолдастар, Россияда басталған социалистік революция үшін жаңа астық алдындағы кезең ең қиын, ең ауыр және ең қысылшаң кезең екенін біз партия баспасөзінде де, совет мекемелерінде де, бұқара алдындағы үгітте де сан рет айтқан болатынбыз. Қазір біз, менің ойымша, осы қысылшаң жағдайдың ең жоғары шегіне жеттік деуге тиіспіз. Бұлай болу, бір жағынан, империалистік дүниені, империалистік елдерді жақтаушылардың, екінші жағынан, Советтік Социалистік Республиканы жақтаушылардың қазір толық және біржолата айқындалғандығынан туып отыр. Ең алдымен мынаны айту керек: Совет республикасының жағдайы соғыс жөнінен енді ғана біржолата айқындалды. Чехословак көтерілісіне[2] жұрттың көбі алғашында контрреволюциялық бүліктердің бір эпизоды деп қараған еді. Бұл көтеріліске ағылшын-француз капиталының қатысқаны туралы, ағылшын-француз империалистерінің қатысқаны туралы газет мәліметтерін біз жете бағаламаған едік. Қазір Мурмандағы, Сибирьдегі әскерлердегі, Кубаньдағы оқиғалардың қалай өрістегенін, ағылшын-француздардың чехословактармен одақтасып, ағылшын буржуазиясының етене атсалысуымен Советтерді құлатуға қалай тырысқанын еске түсірген жөн. Чехословак қозғалысы империалистік соғыстардың шеңберіне Россияны тағы да тарту мақсатын көздеген ағылшын-француз империалистерінің Советтік Россияны тұншықтыруға бағыт-

талған әлдеқашаннан бергі үздіксіз саясатының бір буыны болғанын қазір осы фактілердің бәрі көрсетіп отыр. Қазір бұл дағдарысты Советтік Россияның қалың бұқарасы шешуге тиіс, өйткені бұл дағдарыс енді бізге Советтік Социалистік Республиканы контрреволюциялық қастандық жасаушы чехословактардан ғана, жалпы алғанда контрреволюциялық қастандықтардан ғана қорғау жолындағы күрес емес, сонымен қабат бүкіл империалистік дүниепің шабуылына қарсы тұрған күрес болып отыр.

Мен ең алдымен мына фактіні, чехословак бүлігіне ағылшын-француз империализмінің тура және тікелей қатысқаны әлдеқашаннан-ақ белгілі болғанын естеріңізге салғым келеді; мен 28 июньде чехословак коммунистік партиясының орталық органы «Прукопник Свободыда» басылған және біздің баспасөзде көшіріп басылған мақаланы естеріңізге салайын[3]:

«7 мартта Ұлттық советтің бөлімшесі француз консулынан 3 миллион сом мөлшерінде алғашқы жарна алды.

Бұл ақша Ұлттық совет бөлімшесінің қызметкері Шип мырза дегенге берілген.

9 мартта сол Шипке тағы 2 миллион төленді, 25 мартта Шип 1 миллион сом алды, 26 мартта Ұлттық совет председателінің орынбасары Богумил Чермак мырза 1 миллион және 3 апрельде тағы да Шип мырза 1 миллион сом алды.

Барлығы француз консулы Ұлттық совет бөлімшесіне 7 марттан 4 апрельге дейін 8 миллион сом төледі.

Төленген күні көрсетілмей: Шип мырзаға 1 миллион, Богумил Чермак мырзаға 1 миллион, Шип мырзаға екінші рет 1 миллион төленді.

Мұның үстіне, белгісіз біреуге 188 000 сом төленді. Барлығы 3 188 000. Жоғарыда көрсетілген 8 миллионды қоссақ, француз үкіметі Ұлттық совет бөлімшесіне 11 миллион 188 000 сом төлеген болады.

Ағылшын консулынан Бөлімше 80 000 фунт стерлинг алған. Сонымен, Чех ұлттық советінің көсемдері 7 марттан бастап көтеріліс болған күнге дейін француз және ағылшын үкіметтерінен 15 миллион сомдай алып, осы ақшаға француз және ағылшын империалистеріне чехословак армиясын сатып жіберген».

Әрине, сіздердің көбіңіз бұл хабарды кезінде газеттерден оқыдыңыздар; Англия мен Францияның империалистері және финанс епшілдері Совет өкіметін құла-

ту үшін, оған әр алуан қиыншылықтар туғызу үшін мүмкін болған және мүмкін болмаған нәрсенің бәрін істеп бағатынына біз, әрине, еш уақытта күмәнданған емеспіз. Бірақ ол кезде Совет республикасына қарсы үнемі, үздіксіз, тегі, әлдеқашан ойластырылған, ағылшын-француз империализмінің барлық өкілдері айлар бойы әзірлеген соғыс және финанс контрреволюциялық жорығына кездесіп отырғанымызды көрсететін оқиғалардың бүкіл тізбегі өріс ала қоймаған еді. Ал қазір, оқиғаларды тұтас алып, чехословак контрреволюциялық қозғалысын Мурмандағы десантпен салыстырған кезімізде, біз ағылшындар онда 10 000-нан аса солдат түсіргенін, олар Мурманды қорғау деген желеумен шынында ілгері жылжи бастағанын, Кемь мен Сорокиді басып алғанын және Сорокиден шығысқа қарай беттегенін, біздің совет қайраткерлерін атуға көшкенін біліп отырмыз; сан мыңдаған темір жол жұмысшыларының және жалпы алғанда қиыр Солтүстік жұмысшыларының әлгі құтқарушылар мен азат етушілерден, яғни, адалын айтқанда, Россияны екінші шетінен жырымдай бастаған әлгі империалистік жаңа зорлықшылардан қашып жатқанын газеттерден оқып отырмыз,— осы фактілердің бәрін салыстырған кезімізде, бізге оқиғалардың жалпы байланысы айқын болып шығады. Ал оның бер жағында, соңғы кезде Россияға қарсы ағылшын-француз шабуылының сипатын көрсететін жаңа дәлелдер алынып отыр.

Империализмнің Россияға жасаған бұл шабуылының формасы Германиядағыдай бола алмайтыны географиялық себептердің өзінен-ақ түсінікті. Германиянықі сияқты Россиямен іргелес шекара жоқ; ондай мөлшерде әскер жоқ. Англияның соғыс күшінің көбінесе отарлық және теңіздік сипаты ағылшындарды көптен бері-ақ, көптеген он жылдар бойына өздерінің шапқыншылық жорықтарында шабуылды басқаша жүргізуге, негізінен алғанда өздерінің шабуыл жасаған елін оның жабдықтау көздерінен айырып тастауды көздеуге және тура, тікелей, күрт, қатал әскери күштеу тәсілінен гөрі көмектесеміз деген желеумен тұншықтыру тәсілін тәуір көруге мәжбүр етіп келді. Соңғы кезде алынған хабар-

ларға қарағанда, орыс солдаттары мен жұмысшыларына әлдеқашаннан әйгілі, соцғы кезде Тихорецкая станицасын басып алған Алексеевтің ағылшын-француз империализмінің көмегін пайдаланғаны даусыз екені анықталып отыр. Онда көтеріліс неғұрлым айқын көрініс алып отыр, ал мұның себебі де, сірә, сол ағылшын-француз империализмінің араласуынан болуға тиіс.

Ақырында, кеше алынған хабарлар ағылшын-француз империализмінің Бакудегі ісі өте сәтті болғанын көрсетеді. Олар Баку Советінде, біздің партияға қарсы, большевиктерге қарсы және Москва солшыл эсерлерінің[4] жексұрындық авантюрасы мен сатқындық опасыздығына ермеген, сөйтіп империализм мен соғысқа қарсы Совет өкіметімен бірге қалған, өкінішке қарай, өте аз солшыл эсерлерге қарсы, 30-ға жуық дауыс, көпшілік алған. Міне, Совет өкіметіне адал қарайтын, осыған дейін Баку Советінде көпшілік болып келген осы ұйтқыға қарсы ағылшын-француз империализмі бұл жолы 30 дауыспен басымдық алған; бұл Дашнакцутюн[5] партиясының, армян жартылай социалистерінің басым бөлегінің бізге қарсы шығып, солардың жағына өтіп кетуінен болды. (Телеграмманы оқиды.)

«26 июльде Аджикабул отряды халық комиссары Коргановтың бұйрығы бойынша Аджикабулдан Аляттағы позицияларға шегінді. Шемахы отряды Шемахы мен Маразыдан шегінгеннен кейін дұшпан Пирсагат өзені аңғары бойында шабуыл жасады. Кубалы деревнясы жанында авангардпен алғашқы қақтығыс болды.

Сонымен қабат оңтүстіктен Кура жағынан көп атты әскер Пирсагат станциясына қарай бет қойды. Осындай жағдайда Аджикабул станциясын бермеу үшін қолда бар күштің бәрін Аджикабулдан батысқа қарай, Наваги-Пирсагат аңғарынан солтүстікке және оңтүстікке қарай үш жаққа созу керек болды. Майданның бұлайша созылуы бізді резервтерден айыратын болды және атты әскердің жоқтығынан жауға соққы беруге мүмкіндік бермейтін болды және тіпті солтүстіктен немесе оңтүстіктен майдан бұзыла қалған күнде Аджикабул тобын ауыр жағдайда қалдыратын болды. Осындай жағдайдың себебінен, сонымен қатар әскердің күшін сақтау мақсатымен Аджикабул отряды Аляттағы позицияларға шегінсін деген бұйрық берілді. Шегіну толық тәртіппен өтті. Жол мен Аджикабул станциясының маңызды құрылыстары жәпе керосин мен мұнай цистер-

налары қиратылды. Жалпы шабуылмен байланысты Дағыстанда дұшпан қимылын күшейтіп тұр. Дұшпан 24 июльде көп күшпен төрт бағытта шабуыл жасады. Бір тәулік ұрыстан кейін біз дұшпанның окоптарын алдық, жау орманға қашып кірді, одан әрі қуа беруге түн бөгет болды. 24 июльде Шурадан алынған хабар ұрыстарда біздің табысты болғанымызды білдіреді, ұрыстар қала төңірегінде болып жатыр, дұшпан қарысып, ұйымшылдықпен қимылдауда, дұшпанның күштерін бұрынғы Дағыстан офицерлері басқаруда, Шура түбіндегі ұрыс қимылдарына Дағыстан шаруалары белсене қатынасуда.

Бакудегі оңшыл партиялар бас көтеріп, ағылшындарды шақыруды жақтап қызу үгіт жүргізуде. Үгітті армияның командирлер құрамы қызу қолдап, үгіт майдандағы бөлімдерде жүргізіле бастады. Ағылшыншылдық үгіт армияның берекесін кетірді. Түңілген, қажыған бұқара арасында ағылшын ниеттестік соңғы кезде кең өріс алды.

Оңшыл партиялардың арандатушылық жалған әрекетінің ықпалымен Каспий әскери флотилиясы ағылшындар туралы бірнеше қарама-қарсы қарарлар қабылдады. Ағылшын жалдамалылары мен ерікті агенттерінің алдауына түсіп, бұл флотилия соңғы кезге дейін ағылшындар шын ниетпен қолдап отыр деп бекерге сеніп келді.

Соңғы мәліметтер Персияда ағылшындар ілгерілеп, Рештіні (Гилянды) алғанын айтады. Рештіде ағылшындар Кучук-Ханмен және оған Бакуден қашып келіп қосылған мусаватистердің қол астындағы герман-түрік бандаларымен 4 күн ұрысқан. Рештідегі ұрыстан кейін ағылшындар бізден көмек сұрады, бірақ біздің Персиядағы уәкілдеріміз көмек көрсетуден бас тартты. Рештіде ағылшындар жеңді. Бірақ Персияда олардың күші жоқ дерлік. Энзельде олар не бары 50 адам екені анықталды. Олар бензинге мұқтаж, сіздер бензин берсеңіздер, автомобиль береміз дейді. Бензинсіз олар ілгері баса алмайды.

25 июльде Совдептің саяси және соғыс жағдайы туралы мәселе жөнінде екінші рет мәжілісі болып, онда оңшыл партиялар ағылшындар туралы мәселе қойды. Кавказдың төтенше комиссары Шаумян жолдас Советтердің V съезінің қарарына және Орталық Халық Комиссарлары Советі атынан Сталиннің берген телеграммасына сүйеніп, ағылшындарды шақыруға жол бермеу керектігін айтты және ағылшындарды шақыру туралы мәселені талқылаудан алып тастауды талап етті. Болмашы көпшілік дауыспен Шаумян жолдастың талабы қабылданбай қалды, бұған Шаумян жолдас орталық өкіметтің өкілі ретінде қатты наразылық білдірді. Майданға барып қайтқан делегаттардың баяндамасы тыңдалды. Большевиктердің, солшыл эсерлер мен солшыл дашнактардың 236 даусына қарсы оңшыл эсерлердің, оңшыл дашнактар мен меньшевиктердің 259 дауыс көпшілігімен ағылшындар шақырылсын және Халық Комиссарлары Советі өкіметін мойындайтын барлық совет партияларынан үкімет құрылсын деген қарар қабылданды. Солшыл сектор қарарды мүлдем теріс деп тапты. Шаумян қабылданған қаулыны Россияның

жұмысшылары мен шаруаларына масқара опасыздық жасау, оларға қарабеттік істеу деп білетінін және орталық өкіметтің өкілі ретінде қабылданған қарар жөнінде жауапкершілік атаулының бәрін өз мойнынан алатынын мәлімдеді. Большевиктердің, солшыл эсерлер мен солшыл дашнактардың фракциялары атынан біз коалициялық үкіметке кірмейміз, Халық Комиссарлары Советі отставкаға шығады деген мәлімдеме жасалды. Солшыл үш фракцияның атынан Шаумян жолдас мынаны мәлімдеді: ағылшын империалистерін шақырып, Россия Совет өкіметінен іс жүзінде қол үзген өкіметке Советтік Россия тарапынан ешқандай көмек болмайды. Ағылшындарды шақырған жергілікті Совдеп өзінің опасыздық саясаты арқылы Россиядан және Совет өкіметін қолдап отырған партиялардан айрылды.

Халық Комиссарлары Советінің отставкаға шығамыз деуімен байланысты оңшыл партиялар қатты абыржып қалды. Болып отырған жағдай жөнінде хабарлар алынғаннан кейін аудандар мен майдандағы пиғыл қатты өзгерді. Россиядан бөлініп, Совет өкіметін жою мақсатын көздеген опасыздардың іс жүзінде алдауына түскендерін теңізшілер түсінді. Бұқара ағылшындарға көзқарасын өзгертуде. Кеше Халық Комиссарлары Советінің отставкаға шығуымен байланысты Атқару комитетінің шұғыл жиналысы болды. 31 июльде Советтің мәжілісінде өкімет туралы мәселе шешілгенге дейін халық комиссарларының бәрі өз қызметтерінде қалады және бұрынғы істеп келген қызметін атқара береді деген ұйғарым болды. Атқару комитеті төнгелі тұрған контрреволюцияға қарсы күресу жөнінде шұғыл шаралар қолдануды ұйғарды. Жаулар ағылшын-француз партияларын бетке ұстап өз әрекетін жүргізуде. Баку Халық Комиссарлары Советінің баспасөз бюросы».

Өздеріңіздің үнемі байқап отырғандарыңыздай, өздерін социалистерміз деп атай отырып, буржуазиямен байланысын ешқашан үзбеген біздің фракциялардағы сияқты, онда да бұл жолы Бакуді қорғауға[6] ағылшын әскерлері шақырылуын жақтаған пікір айтылды. Совет республикасын қорғауға бұлайша империалистік әскерлерді шақыру дегеннің не екенін біз енді әбден жақсы білеміз. Буржуазия, эсерлердің бір бөлегі және меньшевиктер істеп отырған мұндай шақырудың қандай болғанын біз білеміз. Тифлистегі, Грузиядағы меньшевиктердің көсемдері істеген мұндай шақырудың қандай болғанын біз білеміз.

Империалистерді шақырмаған және олармен тонаушылық одақ жасаспаған бірден-бір партия, зорлықшылардан олар шабуылға шыққан кезде ғана шегініп отырған бірден-бір партия — большевиктер-коммунис-

тер партиясы болғанын біз енді айта аламыз. (Қол шапалақтау.) Кавказда біздің жолдастардың-коммунистердің халі ерекше қиын болды, себебі, әлбетте, Грузияның тәуелсіздігін қорғаймыз деген сылтаумен герман империалистерімен тікелей одақ жасасқан меньшевиктер оларға қайда болмасын опасыздық істеді, мұны біз білеміз.

Грузияның әлгі тәуелсіздігі таза алдауға айналғанын,— іс жүзінде бұл герман империалистерінің Грузияны оккупациялап алуы, толық басып алуы екенін, большевиктік жұмысшылар мен шаруаларға қарсы неміс әскерінің меньшевиктік үкіметпен одақтасуы екенін сіздер бәріңіз де жақсы білесіздер, міне сондықтан да біздің Бакудегі жолдастардың жағдайдың қауіптілігінен ешбір тайсалмай өздеріне былай деуі: егер бітім бізге соққы болып тимейтін болса, егер ол біздің әскерлерімізді одақ арқылы зорлықшылардың әскерімен байланыстырмайтын болса, егер ол бізді социалистік қайта құрылыс ісін жүргізе беру мүмкіндігінен айырмайтын болса, онда біз территориямыздың бір бөлегін беруді шарт етіп империалистік державамен бітім жасасуға ешқашан қарсы болмас едік деуі, міне мұнысы мың мәрте дұрыс еді.

Егерде мәселе Бакуді қорғау үшін деген желеумен ағылшындарды, яғни қазір бүкіл Персияны жалмап қойған және Кавказдың оңтүстігін басып алуға әскери күштерін көптен бері оңтайлап келген державаны шақыру, яғни ағылшын-француз империализміне берілу тұрғысынан қойылып отырса, онда бұл ретте, біздің бакулік жолдастардың жағдайы қаншама қиын болғанымен, олардың мұндай бітім жасасудан бас тартып, социалистерге сөз жүзінде емес, іс жүзінде бірден-бір лайықты қадам жасағанына бізде бір минут та күмән, қобалжу болуы мүмкін емес. Ағылшын-француз империалистерімен келісудің қандайынан болса да батыл бас тарту — бакулік жолдастардың бірден-бір дұрыс қадамы, өйткені ағылшын-француз империалистерін шақыру дербес социалистік өкіметті,— кесіп берілген территорияда болса да бәрі бір,— империалистік соғыс құлына айналдыру болып шығады.

Сондықтан оқиғалардың жалпы тізбегінде Баку оқиғасының қандай маңызы бар екендігіне біздің ешқандай күмәнымыз жоқ. Индияда бекініп алған ағылшындардың ашықтан-ашық қатысымен Орта Азия қалаларының бір бөлегінде контрреволюциялық көтерілістер болып жатқаны туралы кеше хабар алынды; ағылшындар Ауғанстанды өзіне толық бағындырып алып, өздерінің отарлық иеліктерін ұлғайту, ұлттарды тұншықтыру үшін де, сондай-ақ Советтік Россияға шабуылдар жасау үшін де әлдеқашан өзіне тіректі пункт жасап алған болатын. Ал қазір, осы жеке буындар бізге айқындалған кезде, республикамыздың қазіргі соғыс және жалпы стратегиялық жағдайы әбден анықталып отыр. Солтүстікте Мурман, шығыста чехословак майданы, оңтүстік-шығыста Түркістан, Баку және Астрахань — ағылшын-француз империализмі жасаған қоршау буындарының барлығы дерлік өзара ұштасқанын көріп отырмыз.

Бәрінің, әрине, өздеріне әбден заңды себептермен Совет өкіметіне өшпенділігі қайнаған помещиктердің, капиталистердің және кулактардың енді мұнда да бас көтергенін, мұнысы помещиктердің, капиталистердің және кулактардың Украинада және Россиядан бөлектеніп қалған басқа жерлерде бас көтеруінен сәл басқа формада екенін біз қазір анық көріп отырмыз. Ағылшын-француз империализмінің малайлары ретінде олар Совет өкіметіне қарсы қайткен күнде де мүмкін нәрсенің бәрін істеудің бар амалын қолданып отыр. Олар мұны Россияның өз күштерімен істей алмады, сондықтан Мартов мырзалардың рухында сөздермен, үндеулермен әрекет жасамай, күрестің неғұрлым ірі тәсілдеріне, соғыс әрекеттеріне кірісуді ұйғарды. Осы жағдайға сіздер назарларыңызды бәрінен де көбірек аударуларыңыз керек; біздің барлық үгітімізді, барлық насихатымызды осыған жұмылдыру керек және біздің бүкіл советтік жұмысымыздың негізгі салмағын осыған аудару керек.

Негізгі факт мынау: қазір басқа бір коалицияның, бір бөлек территорияны басып алып, соны тірек етіп отырған, германдық емес, ағылшын-француз коалициясының империалистік күштері әрекет жасап отыр. Егер

осыған дейін олардың Россияға тікелей бас салуына географиялық жағдай бөгет болып келген болса, бүкіл дүние жүзіне үстемдік ету үшін төрт жылдан бері бүкіл жер шарын қанға бояп жатқан ағылшын-француз империализмі енді, орағытпа жолмен Совет республикасын тұншықтыру үшін және Россияны империалистік соғысқа киліктіру үшін Россияға тікелей таяп келіп отыр. Октябрь революциясының басынан-ақ біз империалистік соғысты тоқтатуды алдымызға басты мақсат етіп қойғанымызды, жолдастар, сіздер жақсы білесіздер; бірақ біз, қаншама қаһармандық пиғылда болғанымен, қаншама ұйымшыл және тәртіпті болғанымен, жеке бір елдің пролетариаты мен революцияшыл бұқарасының күшімен,— бір ел пролетариатының күшімен,— халықаралық империализмді құлатуға болады деген жалған үмітке ешқашан салынған емеспіз, мұны барлық елдер пролетариатының бірлесіп күш жұмсауымен ғана істеуге болады.

Бірақ біз мынаны істедік: елдердің бірінде бүкіл дүние жүзінің капиталистерімен байланыстың бәрін үздік. Біздегі үкіметтің оны қандай империалистермен болсын байланыстыратын бірде-бір дәнекері жоқ және біздің революциямыз енді қандай жолмен жүретін болса да ондай дәнекерлер ешқашан болмақ емес. Біздің істегеніміз: империализмге қарсы революциялық қозғалыс біздің өкіметтің 8 айы ішінде ілгері қарай орасан зор қадам басты, ал империализмнің басты орталықтарының бірінде, Германияда, 1918 жылғы январьда істің жайы қарулы қақтығысқа дейін және бұл қозғалысты[7] қанға бояп басуға дейін барды. Біз халықаралық көлемде, бүкіл дүние жүзілік көлемде, ешбір елде ешбір революцияшыл үкімет істемеген революциялық ісімізді істедік, бірақ біз мұны бір елдің күшімен істеуге болады деп өзімізді алдаған емеспіз. Біздің күш жұмсауымыз бүкіл дүние жүзілік революцияға сөзсіз апаратынын және империалистік үкіметтер бастаған соғысты сол үкіметтердің күшімен тоқтатуға болмайтынын біз білдік. Бұл соғыс тек барлық пролетариат күш салғанда ғана тоқтатылуы мүмкін еді, сондықтан біздің міндетіміз, пролетарлық коммунистік партия ретінде біз

өкімет басына келген кезде, басқа елдерде әзірше капиталистік буржуазиялық үстемдік болып тұрған кезде,— біздің, тағы қайталап айтайын, таяу тұрған міндетіміз осы өкіметтен, социализмнің осы шамшырағынан айрылып қалмау, сөйтіп оны социалистік революцияның өрши түскен өртіне мүмкін болғанынша көбірек ұшқын тастай беретін ету болды.

Бұл міндет барлық жерде де өте-мөте қиын міндет болды, біз бұл міндетті пролетариаттың нақ социалистік республиканың жеңістерін қорғауы арқасында шештік. Бұл міндет өте-мөте ауыр және қиын-қыстау жағдайға әкеп соқтырды, өйткені социалистік революция, бұл сөздің тікелей мағынасында, Италия мен Австрия сияқты елдерде әлдеқайда таянып қалғанымен, ешбір елде әлі бола қойған жоқ. Ал ол әлі де бола қоймағандықтан ағылшын-француз империализмі, демек, дүние жүзілік империализм де, біздің көз алдымызда жаңа табысқа жетіп отыр. Егер батыста герман империализмі соғыс басқыншылығының империалистік күші ретінде әлі күнге тұрған болса, Россияның солтүстік-шығысы мен оңтүстігінде ағылшын-француз империализмі орнығып нығаюға мүмкіндік алып отыр және осы күштің өзі Россияны империалистік соғысқа тағы да тартуға дайын екенін, Россияны — дербес социалистік мемлекетті тұншықтыруға дайын екенін бізге айқын, көз жеткізе көрсетіп отыр, ал социалистік мемлекет болса, өзінің социалистік жұмысы мен насихатын дүниеде әлі күнге дейін болып көрмеген көлемде жүргізіп отыр. Бұған қарсы ағылшын-француз империализмі ірі табысқа жетті және бізді жан-жақтан бірдей қоршап алып, Советтік Россияны тұншықтыруға барлық күшін салуда. Ағылшын-француз империализмінің бұл табысы тап күресімен тығыз байланысты екенін біз жақсы білеміз.

Істің жайы экономикалық өктемдіктің, қанаушылар өктемдігінің негіздеріне жеткен кезде, ондаған миллион жұмысшылар мен шаруалардың еңбегін олардың қарамағына беретін, помещиктер мен капиталистердің баюына мүмкіндік туғызатын олардың меншігіне жеткен кезде,— істің жайы, қайталап айтайын, капиталистер мен помещиктердің жеке меншігіне тірелген кезде,

олар отанды сүю туралы, тәуелсіздік туралы көпірме сөздерінің бәрін ұмытатынын біз әрқашан айтып келгенбіз, ал революциялар мұны растап отыр. Империалистік державалармен одақтасу жөнінде, тонаушылық шарттар жасасу жөнінде, ағылшын-француз империализміне отанды сату жөнінде кадеттер, оңшыл эсерлер және меньшевиктер рекорд жасап отыр, мұны біз жақсы білеміз. Бұған мысал — Украина мен Тифлис. Меньшевиктердің, оңшыл эсерлердің чехословактармен одағы бұған жеткілікті дәлел. Істің жайы таптық пайдаларға тірелген кезде буржуазия отанды сатып, өз халқына қарсы кез келген жат жерліктермен сауда-саттық мәмлелер жасайды, мұны Ярославль ақ гвардияшыларының[8] мүдделеріне бола Россия республикасын соғысқа тартпақ болған солшыл эсерлердің бас көтеруі де әбден айқын көрсетіп отыр. Буржуазияның таптық мүдделерінің, таптық саясатының заңы қай заманда болса да және қай елде болса да осындай екенін бізге революция тарихы жүздеген жылдан астам уақыт бойы көрсеткеннен кейін, міне, бұл ақиқатты орыс революциясының тарихы тағы, тағы да көрсетті. Сондықтан да Совет республикасының халықаралық жағдайының қазіргі шиеленісі ел ішіндегі тап күресінің шиеленісуімен байланысты екеніне ешбір таңдануға болмайды.

Осы тұрғыдан қарағанда, азық-түлік дағдарысының шиеленісуі тұрғысынан қарағанда жаңа астық алдындағы кезең ең ауыр кезең болатынын біз сан рет айтқанбыз. Россияға ашаршылық ауыртпалығы төнді, ол құлақ естімеген дәрежеде шиеленісті, себебі империалистік жыртқыштардың жоспарының өзі астықты жерлерді Россиядан бөліп тастау еді. Бұл жөнінен олардың көздеген мақсаты әбден дұрыс есептелген, оның мәні нақ астықты шет аймақтардан өздеріне әлеуметтік-таптық тірек тауып алу, соғыстан байыған, басқаның еңбегімен, кедейлердің еңбегімен байыған кулактары, бай шаруалары басым жерлер тауып алу болатын. Бұл элементтердің ондаған және жүздеген мың сом қор жинап алғанын, оларда орасан көп астық қоры бар екенін сіздер білесіздер. Халықтың басына түскен күйзелістен байыған, астанада халық неғұрлым көп күйзеліске ұшы-

раса, халықты тонауға, өз пайдаларын молайтуға соғұрлым көп негіздері болған осы адамдар,— осы кулак элементтер Россиядағы контрреволюциялық қозғалыстың басты және ең елеулі тірегі болып отырғанын сіздер білесіздер. Осы арада тап күресі қайнар бұлағының ең тереңіне жетті. Деревня кедейлерінің және артық астығы жоқ, оны әлдеқашан жеп бітірген, жалдаптыққа қатыспаған орта шаруаның бір бөлегінің,— еңбекшілердің осы орасан көпшілігі мен ат төбеліндей аз ғана кулактардың арасында тап күресі болмаған бірде-бір деревня қалған жоқ; бұл тап күресі әрбір деревняға кеулей енді.

Біз өзіміздің саяси жоспарларымызды белгілеп, декреттерімізді жариялаған кезімізде,— әрине, осында отырғандардың көбіне олар белгілі,— деревня кедейлерін ұйымдастыру туралы, қайталап айтайын, декреттер[9] жазып, оны жүзеге асыра бастаған кезімізде, біз істің жайы бүкіл революцияның ең кесімді және ең түбегейлі мәселесіне, ең кесімді және ең түбегейлі мәселеге — өкімет туралы мәселеге келіп тіреліп отырғанын, өкімет пролетариаттың қолында бола ма, ол өзімен ешқандай алауыздығы жоқ бүкіл деревня кедейлерін өзіне қоса ала ма, ол өзімен алалығы жоқ шаруаларды өз жағына шығара ала ма, сөйтіп деревняларда бытырап, бөлініп, шашырап жатқан,— бұл жағынан алып қарағанда қала жұмысшысынан төмен жатқан,— бүкіл осы бұқараны басқа лагерьге, помещиктердің, империалистердің және кулактардың лагеріне қарсы біріктіре ала ма? деген мәселе келіп тіреліп отырғанын біз айқын көрдік.

Ал біздің көз алдымызда деревня кедейлері өте тез топтаса бастады. Революция үйретеді деседі жұрт. Тап күресі, шынында, іс жүзінде мынаны үйретеді: белгілі бір партияның позициясындағы жалғандықтың қандайы да ол партияны дереу өз ісіне лайық орынға әкеліп қояды. Біз мұны солшыл эсерлер партиясының саясатынан айқын көрдік, азық-түлік мәселесі сондайлық шұғыл қойылған кезеңде ол өзінің тұрлаусыздығынан және мисыздығынан солқылдап шыға келді, сөйтіп солшыл эсерлер партиясы Ярославль ақ гвардияшыларының қолындағы ойыншыққа айналып, партия ретінде жоқ болды. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, нақ осы, жаңа астық шығымының молдығы анықталған, бірақ оның іске асуы мүмкін емес кезде және кулак элементтері мен буржуазия Петроград пен Москваның аштықтан азап шеккен тұрғындарын: қазір қимылдап қалмасақ, еш уақытта да сәті болмайды деп жанталаса күш салып арандатып отырған кезде азық-түлік дағдарысына байланысты тап күресі осылайша шиеленісіп отыр,— міне мұнан бүкіл Россияға тараған көтерілістер толқыны түсінікті болады. Ярославль көтерілісі пайда болды. Ал біз ағылшын-француздардың ықпалын көріп отырмыз; біз контрреволюцияшыл помещиктер мен буржуазияның көздеген мақсатын көріп отырмыз. Астық туралы мәселе көтерілсе болды, астық монополиясын жүзеге асыруға бөгет жасады, ал астық монополиясы болмайынша социализмнің болуы мүмкін емес. Нақ осы тұрғыдан буржуазия топтасуға тиіс, мұнда деревня мужигінен гөрі буржуазияның тірегі неғұрлым терең. Социализм күштері мен буржуазиялық қоғамның арасында үзілді-кесілді шайқас не бұлай, не олай, не бүгін, не ертең, не бұл себеппен, не ол себеппен, әйтеуір қайткен күнде де болады. Әр түрлі ауытқулар тырнақшаға алынған социалистерде, мысалы, біздің солшыл эсерлерде ғана болуы мүмкін. Осы мәселеде, осы түбегейлі мәселеде социалистердің ауытқушылығы сезілсе, мұның өзі олардың тырнақшаға алынған социалистер екенін, олардың құны соқыр тиын екенін көрсетеді. Революция мұндай социалистерді іс жүзінде француз генералдарының жай ойыншығына айналатын, солшыл эсерлердің бұрынғы партиясының бұрынғы Орталық Комитеті атқарған рольдегі ойыншыққа айналатын күйге түсіреді.

Жолдастар, ағылшын-француз империализмі мен орыстың контрреволюцияшыл буржуазиясының осы біріккен күш-қимылынан туған жағдай мынадай болып отыр: азамат соғысы бізде қазір жұрттың бәрі бірдей күтпеген және бәрі бірдей айқын сезе қоймаған жағынан келіп, сыртқы соғыспен біртұтас ажырамастай болып қосылып кетті. Кулактар көтерілісі, чехословак бүлігі, Мурман қозғалысы,— міне бұлар Россияға төніп келген бір соғыс. Біз орасан зор зиян шегіп, адам айт-

қысыз ауыр бітім жасасып, бір жағынан соғыстан шықтық, біз зорлық бітім[10] жасасып отырғанымызды білдік, бірақ біз өз насихатымыз бен өз құрылысымызды жүргізе бере аламыз, сөйтіп осы арқылы империалистік дүниені ірітеміз дедік. Мұны біз істей білдік. Германия қазір Брест бітімі негізінде Россиядан қанша миллиард алатыны жөнінде келіс сөз жүргізіп жатыр, бірақ ол бізде 28 июньдегі декретпен[11] іске асырылған национализациялаудың бәрін мойындады. Ол республикадағы жерге жеке меншік туралы мәселе көтермеді; Спиридонова және сол сияқты солшыл эсерлер қайраткерлері таратқан құлақ естімеген өтірікке қарама-қарсы, помещиктерге пайда келтірген және қазір қаражүздіктердің ең қараңғы және надан элементтері қайталап отырған өтірікке қарама-қарсы мұны баса айту керек; бұл өтірік бекерге шығарылып, әшкереленуге тиіс.

Бітім бізге мейлінше ауыр болғанымен, іс жүзінде біз ішкі еркін социалистік құрылысты жеңіп алдық, сөйтіп бұл жолда қазір Батыс Европаға белгілі бола бастаған және насихаттың бұрынғыдан әлдеқайда қуатты элементтері болып табылатын қадамдар жасадық.

Енді міне, істің жайы былай болып отыр: бір жағынан бір коалициямен соғыстан шығып, сол бойда екінші жағынан империализмнің қысымын бастан кешірдік. Империализм — бүкіл дүние жүзілік құбылыс, ол — бүкіл дүние жүзін, барлық жерді бөлісіп алу, сөйтіп оны қайсыбір аз ғана жыртқыштарға бағындыру жолындағы күрес. Қазір бізге жыртқыштардың басқа бір тобы, ағылшын-француз тобы, килігіп: біз сіздерді тағы да соғысқа тартамыз деп отыр. Олардың соғысы азамат соғысымен қосылып, біртұтас соғысқа ұласып отыр, міне бұл қазіргі кезең қиыншылығының басты көзі болып табылады, өйткені революцияның басты, түбегейлі мәселесі ретінде соғыс мәселесі, соғыс оқиғалары мәселесі сахнаға қайта шығып отыр. Барлық қиыншылық осында, неге десеңіз халық соғыстан шаршады, бұрынсоңды болып көрмеген дәрежеде қажыды. Орыс халқының соғыстан мұнша қатты азап шеккен, қажыған жағдайын әбден өлімші болып таяқ жеген, енді одан қайрат көрсетуді де, іске қабілет көрсетуді де күтуге болмай-

тын адам сияқты дегім келеді. Сөйтіп, патша өкіметі, самодержавие, буржуазия және Керенский тонаған, езгіге салған, бүлдірген ел душар болған осы төрт жылға жуық соғыс, әрине, көптеген себептермен орыс халқының да жүрегін айнытты, басымыздан кешіріп отырған орасан зор қиыншылықтардың аса үлкен көзі болды.

Екінші жағынан, оқиғалардың мұндай бет алысы істің бәрін белгілі бір соғысқа әкеліп тіреді. Біз тағы да соғысқа киліктік, біз соғыстамыз және де бұл соғыс азамат соғысы ғана, қазір бізге қарсы бірігіп отырған кулактарға, помещиктерге, капиталистерге қарсы соғыс қана емес,— енді ағылшын-француз империализмі бізге қарсы тұр; ол әзірше Россияға қарсы қалың қол әскерін төге алмайды, оған географиялық жағдайлар бөгет болып отыр, бірақ ол қолынан келгенінің бәрін, өзінің барлық миллиондарын, өзінің барлық дипломатиялық байланыстарын және күштерін біздің жауларымызға көмекке беріп отыр. Біз соғыс жағдайындамыз, біз бұл соғысты да жеңіспен аяқтай аламыз; бірақ бұл арада дұшпандардың ішіндегі жеңіп шығу аса қиынға түсетін бірімен күресуімізге тура келеді: соғыста қажығандық, соғысты жек көру, одан жирену жағдайымен күресуіміз керек; осы жағдайды біздің жеңуіміз керек, өйткені бұлай етпейінше, біз өз еркімізден тәуелсіз мәселені — соғыс мәселесін шеше алмаймыз. Біздің еліміз тағы да соғысқа душар болып отыр, ал ендігі жерде революцияның немен тынатыны бүтіндей мынаған: басты қатысушылары чехословактар болып отырған, ал шынына келгенде басқарушылары, қозғаушылары, итермелеушілері ағылшын-француз империалистері болып отырған осы соғыста кімнің жеңетіндігіне байланысты. Россия Социалистік Федеративтік Совет Республикасының өмір сүруі туралы барлық мәселе, россиялық социалистік революцияның барлық мәселесі соғыс мәселесіне келіп тіреліп отыр. Халықтың империалистік соғыстан туған ауыр жағдайы үстінде орасан зор қиыншылықтың қайнар көзі осы соғыста болып отыр. Міндетіміз бізге әбден айқын. Алдаудың қандайы да аса зор зиян болар еді; осы ауыр шындықты жұмысшылар мен шаруалардан

жасыруды біз қылмыс деп санаймыз. Қайта, бұл шындықты әркім барынша айқынырақ және анығырақ білетін болсын.

Иә, біздің әскерлеріміздің қылмысты осалдық көрсеткен кездері болды, мысалы, Симбирскіні чехословактар алған кезде біздің әскерлеріміз кейін шегінді; әскерлердің соғыста шаршағанын, соғыстан жиреніп отырғанын біз білеміз, бірақ империализм дүние жүзі көлемінде жеңілгенге дейін ол Россияны империалистік соғысқа тартуға әрекет жасай беретіні, соғысты қырғынға айналдыруға тырысатыны да дәл сондай табиғи және даусыз нәрсе. Біз оны тілейік не тілемейік, мәселе былай қойылып отыр: біз соғыстамыз, ал революцияның тағдыры осы соғыстың немен тынуына қарай шешіледі. Бұл біздің үгітіміздің, біздің бүкіл саяси, революциялық және қайта құру қызметіміздің бірінші және соңғы сөзі болуға тиіс. Біз аз уақыттың ішінде соншалықты көп жұмыс істедік, бірақ осының бәрін ақырына дейін жеткізуіміз керек. Біздің барлық қызметіміз қазір революцияның тағдыры, оның немен тынуы, орыс революциясының және халықаралық революцияның тағдыры байланысты болып отырған мәселеге бүтіндей және түгелімен бағындырылуға тиіс. Әрине, бүкіл дүние жүзінің империализмі қазіргі соғыстан бірсыпыра революцияларсыз шыға алмайды; ақыр аяғында социализм жеңбейінше бұл соғыс аяқталмайды. Ал біздің қазіргі міндетіміз — социализмнің осы күшін, осы социалистік шамшырақты, бүкіл дүние жүзіне белсене әсер етіп отырған социализмнің осы қайнар бұлағын қолдау, қорғау және сақтап қалу; бұл міндет оқиғалардың қазіргі жағдайында соғыс міндеті болып табылады.

Біз мұндай жағдайды сан рет бастан кешірдік, ал бейбітшілік бізге қаншама қиынға түссе де, ол бізден қаншама көп құрбандық керек етсе де, жау бізден территорияны үсті-үстіне тартып алуға қаншама тырысса да, дегенмен, қайткен күнде де, Россия еш нәрсеге қарамастан әзірше бейбітшілікпен пайдаланып отыр және ол өзінің социалистік жеңістерін нығайтып ала алады дегенді көп адамдар айтты. Біз бұл жолда көбіміздің болжағанымыздан тіпті әрірек кеттік. Мысалы, біздегі

жұмысшы бақылауы бастапқы кездегі формалардан әлдеқайда ілгері кетті, сөйтіп біз қазіргі уақытта мемлекеттік басқару ісін социалистік тәртіпке айналдыру қарсаңында тұрмыз. Біз өзіміздің практикалық жұмысымыздың негізінде әлдеқайда алға кеттік. Бізде қазірдің өзінде жұмысшылар өнеркәсіпті толық басқарады, бірақ жағдай бұл жұмысты одан әрі бейбіт жүргізе беруімізге мүмкіндік бермеді; біз тағы да соғыс жағдайына көштік, сондықтан біз барлық күшімізді жұмсауымыз, жұрттың бәрін қолына қару алуға шақыруымыз қажет. Егер біз бұл мәселеде коммунистер арасынан қандай да болса ауытқуға кездесетін болсақ, бұл масқарашылық болған болар еді.

Шаруалар арасындағы ауытқу бізді таңдандырмайды. Ондаған жылдар бойы капиталисті өзінің тап жауы деп тануға дағдыланған және оған қарсы күреске өз күштерін топтастыра білген пролетариат өткен өмір мектебінен шаруа бұқарасы өткен жоқ. Шаруалардың мұндай университеттен өтпегенін біз білеміз. Бір кезде олар пролетариатпен бірге жүрген еді, қазір шаруа бұқарасы жіктеліп жатқан кезде, оларда ауытқу кезеңі байқалып отыр. Кулактарды шаруалардың мүддесін қорғаушы деп көрсету үшін олардың шаруаларға астықты тұрақты бағадан арзан сатқан көп реттерін білеміз. Мұның бәрі де бізді таңдандырмайды; бірақ коммунист-жұмысшы ауытқымайды, жұмысшы бұқарасы мызғымас берік болады, ал егер шаруалар жағы кулактың пиғылында болып отырса, онда оны түсіндіру оңай. Большевиктері жоқ және чехословак әкімдері билеген жерлерде біз мынадай құбылысты байқап отырмыз: әуелі чехословактарды бейне бір құтқарушылардай қарсы алады, бірақ бұл буржуазияның бірнеше апта үстемдік еткенінен кейін чехословактарға қарсы, Совет өкіметін жақтаған орасан зор бетбұрыс байқалады, өйткені сауда бостандығы туралы және Құрылтай жиналысы туралы көпірме сөздердің бәрі тек мынау ғана: помещиктер мен капиталистер өкіметі ғана болатынын шаруалар ұға бастады.

Біздің міндетіміз — пролетариаттың қатарларын бұрынғыдан да тығызырақ топтастырып, таяу апталар

ішінде барлыгын да соғыс мәселесін шешуге жұмылдыра алатындай етіп ұйымдастыра білу. Біз енді ағылшын-француз империализмімен және Россиядағы буржуазиялық, капиталистік атаулының бәрімен, социалистік революция ісінің бәрін тоқтатпақ және бізді соғысқа киліктірмек болғанның бәрімен соғыстамыз. Мәселе былай: жұмысшылар мен шаруалардың жеңістерінің бәріне қатер төніп отыр. Біз пролетариаттан кең тілектестік және қолдау табатынымызға, қауіп толық жойылатынына, сөйтіп, пролетариаттың жаңа топтары өз табын қорғауға, социалистік революцияны аман сақтап қалуға шығатынына кәміл сенуіміз керек. Қазір мәселе былай қойылып отыр: күрес негізгі екі пункт үшін болып жатыр, революцияның от-жалынында партиялық негізгі барлық айырмашылықтардың жігі жатқызылды. Солшылмын деп кеудесін қағатын, революцияшыл жел сөзбен бүркенетін, ал іс жүзінде Совет өкіметіне қарсы бас көтеретін солшыл эсер,— бұл да Ярославль ақ гвардияшыларының жалдамалысы, тарих пен революциялық күрес алдында ол міне осындай! Қазір күрес майданында екі тап қана бар: еңбекшілердің мүдделерін қорғап жатқан пролетариаттың және помещиктер мен капиталистердің мүдделерін қорғаушылардың арасында тап күресі жүріп жатыр. Санасы кем бұқараны алдамақшы болып Құрылтай жиналысы туралы, тәуелсіз мемлекет және сондайлар туралы айтылып жүрген жел сөздердің бәрін чехословак қозғалысы мен Кавказ меньшевиктері қозғалысының тәжірибесі әшкереледі. Осы жел сөздердің бәрінің тасасында сол баяғы бір помещиктер мен капиталистердің күші тұр және неміс оккупациясы помещиктер мен капиталистер өкіметін әкелетіні сияқты, чехословактар көтерілісі де соны әкеледі. Соғыс міне осыдан болып жатыр!

Жолдастар! Пролетариаттың қатары бұрынғыдан да тығыз топтаса түсуге, сөйтіп бұл күресте ұйымшылдық пен тәртіптіліктің үлгісін көрсетуге тиіс. Россия империалистермен байланыстың бәрін үзген бірден-бір ел күйінде әлі де қалып отыр. Рас, біз бұл ауыр жаралардан қансыраудамыз. Біз уақыттан ұтып, біресе ол жерде, біресе бұл жерде империалистік жыртқышқа жеке

соққылар бере отырып, империалистік жыртқыштан кейін шегіндік, бірақ біз Советтік Социалистік Республика ретінде дербес қалпымызды сақтай алдық. Өзіміздің социалистік жұмысымызды істей отырып, біз бүкіл дүние жүзінің империализміне қарсы шықтық, ал осы күрестің өзі бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларына түсінікті бола береді, олардың өрши түскен ашынуы болашақ революцияға барған сайын жақындата береді. Күрес дәл міне осыдан болып жатыр, себебі біздің республикамыз — империализммен қоян-қолтық бірге жүрмеген, француздардың немесе немістердің дүние жүзіне үстемдік етуіне бола миллиондаған адамды соққыға бермеген дүние жүзіндегі бірден-бір ел. Біздің республикамыз — дүние жүзілік империалистік соғыстан күш жұмсау жолымен, революциялық жолмен шыққан, социалистік революцияның туын көтерген бірден-бір ел, бірақ оны тағы да империалистік соғысқа тартып отыр, оны тағы да майданға шығаруды көздеп отыр. Мейлі, чехословактар немістермен соғыса берсін, орыс буржуазиясы таңдай берсін, Милюков, мүмкін тіпті Спиридонова мен Камковтың ризалығын ала отырып, империалистердің қайсысымен бірге болу мәселесін шеше берсін. Бірақ біз былай деп мәлімдейміз: осы мәселені шешуге кедергі жасау үшін біз өмірімізді қиюға әзір болуымыз керек, өйткені әңгіме бүкіл социалистік революцияны сақтап қалуда болып отыр. (Қол шапалақтау.) Мен ең қатты қажығандық және соғыс қимылдарына шығуға қабілетсіздік байқалған Саратов, Самара және Симбирск губерниялары шаруаларының арасында бетбұрыс сезіліп отырғанын білемін. Олар казактар мен чехословактардың шапқыншылығын бастан кешіріп, Құрылтай жиналысы дегеннің немесе Брест бітімі жойылсын деген айқайдың не екенінің іс жүзінде дәмін татып, мұның бәрі помещикті қайта әкелуге, капиталисті таққа отырғызуға әкеліп соқтыратынын білді,— сөйтіп олар енді Советтер өкіметін нағыз жанын сала қорғаушыларға айналып келеді. Революцияның алдыңғы сапында бола отырып, Петроград пен Москваның пролетарлық бұқарасы жағдайды түсінетіндігіне, біздің қазір қандай қаһарлы кезең үстінде отырғанымызды

түсінетіндігіне, олардың бұрынғыдан да батыл бола түсетіндігіне, сөйтіп пролетариат социалистік революцияның мүдделерін қорғап, ағылшын-француз шабуылын да, чехословактар шабуылын да жоятындығына менің ешбір күмәным жоқ. (Қол шапалақтау.)

1918 ж. «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, Москва қаласының фабрика-завод комитеттері, кәсіптік одақтары және Советтер председательдерінің Бүкіл россиялық съезі өкілдерінің 1918 жылғы 29 июльдегі біріккен мәжілісі» деген кітапшада басылған

1919 жылы «Бесінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті. Стенографиялық есеп» деген кітапта басылған

Кітаптың стенограммамен және кітапшаның текстімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ГУБЕРНИЯЛЫҚ СОВЕТТЕР ПРЕДСЕДАТЕЛЬДЕРІНІҢ СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 30 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[12]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар, сіздердің әкімшілік жұмыспен шұғылдануларыңызға тура келеді, бұл жұмыс бізде Халық Комиссарлары Советінде басымырақ орын алады. Сіздердің алдарыңызда көп қиыншылықтар тұр, бұл әбден табиғи нәрсе. Губерниялық атқару комитеттерінің көпшілігінде халық бұқарасының өзі, ақыр аягында, басқару жұмысын қолға ала бастағаны байқалады. Қиыншылықтар, әрине, сөзсіз болады. Басты кемшіліктердің бірі — біздің әлі де болса жұмысшылар ортасынан практикалық қызметкерлерді аз тартқанымызда болып отыр. Бірақ біз ескі аппаратты жаңа басқару ісіне бейімдеуді еш уақытта көздеген емеспіз және біз ескіні жоюмен байланысты бәрін де осынша қиыншылықпен жаңадан құрып отырғанымызға өкінбейміз. Жұмысшы-шаруа бұқарасының құрылыс жөніндегі таланты күткен шамадан асып түседі. Революция ескі басқару аппаратын сыпырып тастады, дәл осының өзі революцияның еңбегі деп білеміз, бірақ сонымен қатар біз бұқараның жасқаншақтығы және жұмысты өз қолына алғысы келмеушілігі оның басты кемшілігі екенін түсінуге тиіспіз.

Кейбір губерниялық депутаттар Советтерінде осыған дейін тәртіпсіздік байқалып келген еді; ал енді жұмыс біртіндеп жолға қойылуда, мұны жұмыста ешқандай түсініспеушілік, дау-шар жоқ деген көп жерлерден келіп жатқан хабарлардан көріп отырмыз. Айналасы 8 ай ғана өткеніне қарамастан, орыс революциясы басқаруды өз қолына алған жаңа таптың осы міндетті атқару қо-

лынан келетіндігін дәлелдеп берді. Қызметкерлердің жеткіліксіздігіне қарамастан, әкімшілік аппарат барған сайын жолға қойылып келеді. Біздің құрылысымыз әлі де болса нақты нәтижелері көрінбейтін сатысында, дұшпандар осыны көп айтады да; бірақ, бұған қарамастан, қазірдің өзінде көп нәрсе істелді. Жер мен өнеркәсіптің еңбекшілер қолына көшуі, өнім айырбасы және азықтүлікпен жабдықтау, ерекше қиындығына қарамастан, жүзеге асырылуда. Еңбекшілер бұқарасын социалистік мемлекетті басқару мен орнатудың дербес жұмысына жоғарылату қажет. Бұрынғы қанаушы таптың біржолата құртылғандығына бұқараның тек қана іс жүзінде көзі жетеді.

Біздің ең басты шұғыл міндетіміз — басқару, ұйымдастыру және бақылау. Мұның өзі тынымсыз және көзге көрінбейтін жұмыс, бірақ жұмысшылар мен шаруалардың шаруашылық және әкімшілік күштері нақ осы жұмыста барған сайын ойдағыдай өрістей бермек.

Бұдан соң жаңа Конституцияға[13] тоқталып, Ленин жолдас қазірдің өзінде жүзеге асырылғанның бәрі Конституцияда жинақталғандығын және іс жүзінде қолданылу үстінде оның түзетіліп, толықтырыла беретіндігін айтты. Конституциядағы басты нәрсе мынау: Совет өкіметі буржуазияны мемлекеттік құрылысқа қатысудан шеттетіп, буржуазиядан біржолата іргесін аулақ салып отыр.

Үкімет елді басқаруға шақырған және көп уақыт бойына бұдан аулақ қалып келген жұмысшы-шаруа бұқарасы өз тәжірибесіне сүйеніп мемлекет құру тілегінен бас тарта алмады. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран жергілікті жерлерде мемлекет құру тәжірибесіне өз қателері арқылы жету талабын туғызды. Мұндай өтпелі дәуір қажет еді және ол игілікті болып шықты. Сепаратизмге осы ұмтылыста жасампаздыққа ұмтылу мағынасында көп игілік, жақсылық болды. Советтік конституция болыстық өкіметтің уездік өкіметке, уездік өкіметтің губерниялық өкіметке, губерниялық өкіметтің орталыққа көзқарасын анықтады.

Бұдан әрі Ленин жолдас экономикалық және шаруашылық байлықты бірқалыпты пайдалануға тырыса оты-

рып, күрделі жалпы жоспармен жүргізілген құрылыс қана социалистік құрылыс деген атаққа лайық болады деді. Совет өкіметі жергілікті өкіметтің маңызын тіпті де кемітпек емес және оның дербестігін, инициативасын тұншықтырмақ емес. Централизмді жүзеге асыру қажеттігіне тәжірибе арқылы шаруалардың өзі де келіп отыр.

Конституцияны бекітіп, оны жүзеге асыра бастаған кезден бастап,— деді онан кейін Ленин жолдас,— біздің мемлекеттік құрылысымызда анағұрлым жеңіл кезең басталады. Бірақ, амал не, бізге қазіргі кезде экономикалық, шаруашылық және егіншілік саясатпен шұғылдану қиынға соғып тұр. Біздің алаң болуымызға және барлық назарымызды қарапайым міндетке — азық-түлік мәселесіне аударуымызға тура келіп отыр. Ашаршылық жайлаған губерниялардағы жұмысшы табының жағдайы шынымен ауыр. Жаңа астыққа дейін азық-түліктің жетімсіздігін және онымен байланысты қиындықтарды жеңуге қалай да барлық күшті жұмсауымыз қажет.

Бұған сонымен қабат соғыс сипатындағы міндеттер де қосылады. Ағылшын-француз империализмінің ақшасына ұйымдастырылып, тұтандырылған чехословак қозғалысы Россияны жартылай қоршауға алғанын өздеріңіз білесіздер. Бұл қозғалысқа контрреволюцияшыл буржуазия мен шаруа кулактары қалай қосылып отырғанын да өздеріңіз білесіздер. Біз жергілікті жерлерден: Советтік Россияның соңғы кездегі жеңілістері бақылаудың үстіне, мемлекеттік құрылыстың үстіне соғыс саласында да бақылаудың қажеттігіне жұмысшылар мен революцияшыл шаруалардың тәжірибеде көзін жеткізді деген хабарлар алып отырмыз.

Ендігі жерде,— дейді сөзін аяқтай келіп Ленин жолдас,— істің оңға басатынына мен сенемін. Губерниялық атқару комитеттері шаруалардың көмегі арқылы командирлер құрамы жұмысын бақылауды ұйымдастыра отырып, мықты социалистік армия құратынына мен сенемін. Революцияның сабақтары, ақырында, жұмысшылар мен қаналған шаруалар таптарына қолға қару алу қажеттігін үйретті. Шаруалар мен жұмысшылар жерді, бақылауды, т. т. жеңіп алудың үстіне армияны басқа-

рудың қажеттігін де түсінуді үйренді. Олар соғыс ісі саласындағы жұмысын жолға қоя отырып, өздерінің құрған армиясы социалистік армия деген атаққа толық кемелінде лайық болуына және оның халықаралық революцияшыл пролетариат көмекке келетін кезеңге дейін контрреволюцияшыл буржуазия мен империалистерге қарсы ойдағыдай күрес жүргізетін болуына жетеді. (Ленин жолдастың сөзіне бүкіл съезд ду қол шапалақтады.)

«Известия ВЦИК» № 161,
31 июль, 1918 ж.

«Правда» № 160,
1 август, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ВАРШАВА РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПОЛКІНІҢ МИТИНГІСІНДЕ 1918 ж. 2 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[14]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Залға Ленин жолдастың келуі шаттшадыман қол шапалақтаумен және «Интернационалдың» асқақ үнімен қарсы алынды.) Менің ойымша,— деді Ленин жолдас,— біздер, поляк революционерлері де, орыс революционерлері де, қазір бір ғана тілектеміз,— ол — тұңғыш қуатты социалистік революцияның жеңістерін қорғауға керектінің бәрін істеу, ал басқа елдерде бірсыпыра революциялар сөзсіз осы революцияға жалғасады. Біздер үшін қиындық нақ мынада: бізге неғұрлым мәдениетті, неғұрлым цивилизациялы елдердің жұмысшыларынан әлдеқайда бұрын көтерілуге тура келді.

Халықаралық соғысты халықаралық капиталдың — жыртқыштардың екі коалициясының күштері туғызды. Осы жыртқыш екі империализмнің қайсысы жер шарында үстемдік ететінін шешу үшін міне 4 жыл бойы дүние жүзі қанға боялып жатыр. Біз қылмысты соғыс бұлардың не ол, не бұл жағының жеңуімен тоқтатылмайтынын сезіп, біліп отырмыз. Соғысты империалистер емес, жеңімпаз жұмысшы революциясы тоқтата алатыны күн сайын айқындалып келеді. Оның үстіне жұмысшылардың жағдайы қазір барлық елдерде бірдей неғұрлым ауырлаған сайын, пролетарлық еркін сөз неғұрлым қаталырақ қудаланған сайын, буржуазияның ашынуы да соғұрлым күшейе түседі, өйткені ол өршіген қозғалысты меңгеріп ала алмайды. Бізге ең жақсы үміт-

пен көз салып отырған және өзінің буржуазиясына: сен қаншама құтырынғаныңмен, біз бәрібір орыс үлгісін өнеге етеміз және орыс большевиктерінің істегенін істейміз деп отырған социалистік армияның негізгі бұқарасынан біз уақытша алға ілгерілеп кеттік.

Біз бітім тіледік,— деді бұдан әрі Ленин жолдас.— Советтік Россияның бүкіл дүние жүзіне дәл осы бітімді ұсынғаны үшін февральда бізге қарсы герман әскерлері аттандырылды. Енді біз бір империализмнің екіншісінен айырмасы жоқ екенін айқын көрдік. Олардың қайсысы болса да азаттық соғыс жүргізіп жатырмыз деп өтірік айтып келді, өтірік айтып отыр. Бұрын Брест бітіміндегі бүкіл масқаралығымен тонаушы Германия өзін өзі қалай әшкерелеген болса, енді ағылшын-француз капиталы өзін өзі солай әшкерелеп отыр. Қазір ағылшын-француздар бізді соғысқа тарту үшін ақырғы рет күш салып жатыр. Олар қазір — генералдар мен офицерлер арқылы — 15 миллион сомға жаңа құлдарды — чехословактарды сатып алды, оларды авантюраға айдап салмақ,— чехословак бүлігін ақ гвардиялық-помещиктік қозғалысқа айналдырмақ. Ал мұның бір ғажабы сол — осының бәрін Россияны «қорғау» үшін істеп жатырмыз деседі. «Бостандық сүйгіш» және «әділетті» ағылшындар бәрін жаппай тұншықтырады, Мурманды басып алады, ағылшын крейсерлері Архангельскіге таялып келіп, батареяларды атқылайды,— және де осының бәрі Россияны «қорғау» мүддесінен істеліп жатқан көрінеді. Россия олардың құпия шарттарын әшкерелеп, бұзғаны үшін олар Россияны империалистік тонаушылардың қоршауына алып, оны тұншықтырмақ болып отырғаны әбден айқын.

Революциямыздың мынаған қолы жетті: Англия мен Францияның жұмысшылары өз үкіметтерін айыптаушы болып отыр. Англияда азаматтық татулық үстем болды, жұмысшылар арасында социализмге қарсылық күштірек болды, өйткені олар да отарларды тонауға қатынасты, сол Англияда жұмысшылар енді буржуазияға сырт беріп, онымен азаматтық татулықты бұзып отыр.

Францияның жұмысшылары Россия істеріне қол сұғу

саясатын айыптауда. Сондықтан да бұл елдердің капиталистері қолдағысының бәрін бәске тігіп отыр.

Советтік Россияның өмір сүріп, тіршілік ету фактісі капиталистерді ашындыруда.

Соғыс тоқтауға таялып келе жатқанын біз білеміз; мұны олардың тоқтата алмайтынын да білеміз; біздің сенімді одақтасымыз барын,— сондықтан барлық күшті, ақтық күш-жігерді жұмылдыру керектігін біз білеміз. Батыстың сәтсіздікке ұшыраған революцияларындағыдай, не кулактардың, капиталистердің, патшаның өкіметі болады, не пролетариат өкіметі болады. Сіздердің міндетіңіз, майданға бара жатып, бұл соғыс езілгендер мен қаналғандардың озбырлар мен тонаушыларға қарсы бірден-бір заңды, әділетті, қасиетті соғысы екенін ең алдымен және бәрінен бұрын есте тұту.

Қазір қиялшыл интеллигенттердің одағы емес, таңдаулы адамдар арман еткен түрлі ұлттар революционерлерінің одағы, нағыз жұмысшылардың одағы жүзеге асырылуда.

Ұлттық араздық пен сенімсіздікті жою — жеңістің кепілі.

Қолға қару алып, қасиетті идеяларды қорғаудың және кешегі майдандас болған дұшпандармен бірге — германдармен, австриялықтармен, мадьярлармен бірге күресе отырып, халықтардың интернационалдық туысқандығын іс жүзінде іске асырудың ұлы абыройы сіздердің үлестеріңізге тиіп отыр.

Сондықтан, жолдастар, егер сіздер барлық соғыс күштерін интернационалдық айбынды Қызыл Армияға біріктірсеңіздер, сөйтіп бұл құрыштай берік батальондарды қанаушыларға қарсы, озбырларға қарсы, бүкіл дүние жүзінің каражүздігіне қарсы: «не өлім, не жеңіс!» деген жауынгерлік ұранмен аттандырсаңыздар,— онда бізге империалистердің ешқандай күші қарсы тұра алмайтынына мен сенемін! (Сүйікті көсем сөзінің ақыры ұзаққа созылған, ду қол шапалақтауға уласты.)

1918 ж. 8 августа «Вечерние Известия Московского Совета» газетінің 15-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БУТЫРСК АУДАНЫНДАҒЫ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 2 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар! Бүгін Москваның жер-жерінде социалистік Россияның тағдыры талқыланып жатыр[15].

Жұмысшылар мен шаруаларға Октябрь революциясы берген нәрсенің бәрін олардан тартып алу үшін Советтік Россияның жаулары бізді тар темір құрсаудың қоршауына алып отыр. Орыстың әлеуметтік революциясының асқақ желбіреген қызыл туы халықаралық жыртқыштардың — империалистердің мазасын кетірді, сондықтан олар бізге қарсы соғысқа, Совет өкіметіне қарсы соғысқа, жұмысшылар мен шаруалар өкіметіне қарсы соғысқа аттанып отыр.

Жолдастар, революцияның бас кезінде француздар мен ағылшындардың біздер азат Россияның «одақтастарымыз» деп үсті-үстіне жар салғаны сіздердің естеріңізде болар. Міне енді осы «одақтастар» келіп те жетті. Біздер Россияға қарсы соғыспақшы емеспіз дей отырып, алдау, өтірік айту жолымен олар Мурманды басып алды, онан кейін Кемьді алды, сөйтіп біздің жолдастарымызды, совет қызметкерлерін, атып өлтіре бастады. Иә, олар орыс буржуазиясымен соғысып отырған жоқ, олар орыс капиталистерімен соғысып жатқан жоқ, олар Советтерге соғыс жариялап отыр, жұмысшылар мен шаруаларға соғыс ашып отыр.

Француз және орыс буржуазиясына чехословактар сияқты жігерлі көмекшілер табылды,— ол сатылған адамдардың бізге қарсы соғыс ашып отырғаны, әрине,

тегін емес, чехословактарды Совет өкіметіне қарсы соғысқа итермелеп отырған кімдердің миллиондары екенін біз білеміз; оларды бізге айдап салған ағылшын-француз алтыны. Бірақ Совет өкіметін жоюды жек көрмейтін чехословактардан басқа адамдар да табылып жүр: біздің «отанды құтқарушыларымыз» — Дутов, Алексеев және басқалар чехословактармен бірге ағылшын-француз алтынының буына жылынып, орыстың алтын жаңбырын күтуде. Совет өкіметінің жаулары көп. Ал біз жалғызбыз ба, жолдастар?

Сіздердің естеріңізде болар, әлеуметтік революцияның жалыны жаңа ғана көтеріле бастаған январь айының ішінде Германияда жаппай стачка болып өтті; ал енді, сегіз ай өткен соң, жаппай стачкалар түрлі елдерде болғанын: Австрияда жұмысшылардың жаппай стачкасы болғанын, Италиядағы жолдастарымыздың ереуіл жасап жатқанын көріп отырмыз. Еңбекшілерге зорлық жасаушылардың құритын күні таяу. Барлық елдердің империалистері өздеріне өздері көр қазуда.

Бірін-бірі тонауға бола жүріп жатқан соғыс басылар емес. Тонаушылық соғыста екі аждаһа — ағылшын-француз империализмі мен герман империализмі жағаласуда. Солардың мүдделері үшін, солардың біреуінің жеңуі үшін қазірдің өзінде 10 миллион шаруа мен жұмысшы қырылды, 20 миллион адам мүгедек болып қалды; сан миллион адам ажал қаруларын шығарумен айналысып жатыр. Барлық елдерде ең күшті, ең дені сау деген адамдар әскерге алынып жатыр, адамзаттың ең гүлі құртылуда... Сонда осы не үшін? Бұл осы құзғындардың біреуі екіншісін жеңуі үшін...

Совет өкіметі былай деді: біздің немістермен де, ағылшындармен де, француздармен де соғысқымыз келмейді; біздің дәл өзіміз сияқты адамдарды, дәл өзіміз сияқты жұмысшылар мен шаруаларды өлтіргіміз келмейді. Бізге олар жау емес. Біздің жауымыз басқа — ол буржуазия, мейлі неміс, француз буржуазиясы болсын немесе қазір ағылшын-французларға қосылып отырған орыс буржуазиясы болсын, бәрібір.

Сондықтан, біздің революциялық туымыз сияқты, біздің ұрандарымыз барлық елдерде көтерілуде. Америка-

да — бұрын нағыз бостандық елі аталып келген осы елде,— түрмелер социалистерге лық толы; Германияда неміс социалисі Фридрих Адлердің: «найзаларыңды орыс жұмысшылары мен шаруаларына емес, өз буржуазияңызға қарсы жұмсаңдар...» деген сөзі жұмысшылар мен солдаттар арасына кең таралуда. Капиталистер бастаған қырғынның ақыры көрінбейді. Германия неғұрлым көбірек жеңе түскен сайын, соның өзі сияқты жыртқыштар оған қарсы жаққа соғұрлым көбірек қосыла береді, ал енді келіп ағылшындармен, француздармен бірге Америка да соғысып жатыр. Соғысты тек жұмысшылар ғана тоқтатады: дүние жүзілік революцияның болуы сөзсіз. Германияда қазір, бұрын бізде болғаны сияқты, «жеңілісті жақтау» қозғалысы басталып отыр, Италия мен Австрияда жаппай ереуілдер өтіп жатыр, Америкада социалистерді жаппай қамауға алып жатыр. Өз күндерінің біткенін сезген капиталистер мен помещиктер революциялық қозғалысты тұншықтыруға ақтық күштерін салуда; орыс капиталистері ағылшын-француз капиталистері мен помещиктеріне қолын созып отыр.

Қазір екі майдан бар: бір жағында — жұмысшылар мен шаруалар, ал екінші жағында — капиталистер. Ақырғы, шешуші майдан таянды. Енді буржуазиямен мәмлеге келуге болмайды. Не олар, не біз жеңуге тиіспіз.

1871 жылы буржуазия Париж жұмысшыларының өкіметін құлатты. Бірақ ол кезде саналы жұмысшылар аз болған еді, революцияшыл жауынгерлер аз болған еді. Қазір жұмысшыларға ең кедей шаруалар еріп отыр, сондықтан енді буржуазия 1871 жылғыдай жеңе алмайды.

Жұмысшылар фабрикалар мен заводтарды өз қолында берік ұстап отыр, шаруалар жерді помещиктерге бермек емес. Міне осы жеңістерімізді қорғау үшін барлық тонаушылар мен жалдаптарға қарсы біз де соғыс жариялаймыз. Олар бізге зеңбіректерімен және пулеметтерімен қабат аштық қатерін де төндіруде.

Біз байларға қарсы соғыс жариялай отырып, «лашықтарға тыныштық орнатылсын» дейміз. Біз жалдап-

тардың барлық қорын тартып аламыз, сөйтіп жұмысшы кедейді тағдырдың тауқыметіне қалдырмаймыз. (Ленин жолдастың сөзі ду овацияға ұласты.)

Газет есебі 1918 ж. 3 августа «Известия ВЦИК» газетінің 164-номерінде және 1918 ж. 23 августа «Солдат Революции» (Царицын) газетінің 14-номерінде басылған

«Солдат Революции» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРДІҢ ХОДЫНКАДАҒЫ МИТИНГІСІНДЕ 1918 ж. 2 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[16]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Шатты ду овация.) Россия революциясы бүкіл дүние жүзіне социализмге баратын жол сілтеді және буржуазияға оның дәурені бітуге таянғанын көрсетті. Біздің революциямыз дүние жүзілік қырғынның ерекше ауыр жағдайларында өтіп жатыр.

Революция заказбен жасалмайды, бірақ бүкіл дүние жүзі ұлы оқиғаларға әзір екендігінің белгілері күмәнсыз.

Совет өкіметін құлату жөнінде ант берісіп одақ құрған жаулар бізді қоршап келеді, бірақ олардың өздері өкіметті алмайды.

Ақ гвардияшы бандалар масайрамай-ақ қойсын — олардың жеңісі аз күндік жеңіс, олардың арасында қобалжу қазірдің өзінде өсіп келеді.

Революцияшыл пролетариатпен толықтырылып отыратын Қызыл Армия бізге дүние жүзілік әлеуметтік революцияның туын жоғары көтеруге көмектеседі.

Не өлім — не жеңіс!

Біз дүние жүзілік кулакты жеңеміз, сөйтіп социализм ісін қорғап қаламыз!

«Известия ВЦИК» № 164, 3 август, 1918 ж.

«Правда» № 163, 4 август, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕР[17]

Азық-түлік, егіншілік, финанс, сауда және өнеркәсіп комиссариаттарына, Халық шаруашылығы жоғары советіне

Халық Комиссарлары Советінде 2 және 3 августа қаралуы үшін аталып отырған комиссариаттарға бүгіннен (2 августан) қалмай төмендегі шараларды шұғыл талқылауды және редакциялауды ұсынамын.

(Осы шаралардың бірқатары декреттерде, бірқатары жарияланбайтын қаулыларда болуға тиіс.)

1. Екі системадан: кездеменің және басқалардың бағасын төмендету немесе астықтың бағасын көтеру системасынан сөзсіз екіншісін таңдап алу керек, өйткені осы системалардың толық барабарлығы жағдайында, істің мәніне келгенде, тек екіншісі ғана бізге бірсыпыра астықты губернияларда (Симбирск, Саратов, Воронеж, т. с.) астық құюды тез көбейтуге жәрдемін тигізе алады, азамат соғысы кезінде мүмкін болғанынша шаруаларды көбірек бейтараптауымызға жәрдемін тигізе алады.

2. Мен астық бағасын пұтына 30 сомға дейін көтеруді, соған сәйкес (тіпті сәйкестігінен де көбірек) кездеменің, т. с. бағасын көтеруді ұсынамын.

3. Осы бағаны көтеруді уақытша (товар айырбасының дұрыс негіздері жөнінде практиканың не көрсеткенін есепке алу үшін), айталық $1-1^1/_2$ айға белгілесек, осы мерзімнен кейін *бағаны* **төмендетуге** уәде етсек (сөйтіп астықты тез құйғаны үшін сыйлықтар берсек)

қалай болар еді, осыны талқылау жөнінде ұсыныс жасаймын.

4. Товар айырбасы үшін қала өнеркәсібі өнімдерінің *бәрін реквизициялау* (және реквизицияланғаннан кейін олардың бағасын астық бағасы көтерілгенінен гөрі *көбірек* пропорцияда көтеру) жөнінде бірсыпыра өте жедел шаралар қабылдансын.

5. Астық бағасын көтеру туралы декретке қоса товар айырбасына байлапысты және астық, кездеме, т. б. бағаларының дұрыс арасалмағын белгілеуге байланысты шаралар жөнінде айқын түсіндірме берілетін болсын.

6. Кооперативтер дереу декретпен 1) әрбір дүкен жанынан астық құю пунктін ашуға, 2) товарларын тұтынушылардың зат алу книжкалары бойынша *ғана* беруге, 3) егінші-шаруаларға астыққа айырбастамайынша *ешбір* товар *бермеуге* міндеттелсін.

Осы шаралардың жүзеге асырылуын бақылаудың формалары мен тәсілдері және оларды бұзғандығы үшін қатаң жауаптылық (барлық мүлкін конфискелеу) белгіленсін.

7. Астықтың *және басқа барлық* азық-түлік өнімдерінің артығын мемлекеттің *(немесе кооперативтердің)* есепке алуына *бермегендігі* үшін мүлкін конфискелеу туралы ережелер және заңдар болатын болсын (немесе дәлірек тұжырымдалатын болсын).

8. Бай шаруаларға салық *заттай,* астықтай, салынсын, бай шаруалар деп астығының мөлшері (жаңа астықты қоса есептегенде) тұтынуынан (семьясын, малын асырауды, тұқымдығын есептегенде) екі есе және екі еседен де көп артатын шаруалар есептелсін.

Табыс салығы және мүлік салығы деп аталып, ол прогрессивті салық етілсін.

9. Уақытша,— айталық 1 айға — ашыққан жерлердің *жұмысшылары үшін,* ерекше куәлік пен ерекше бақылау болған жағдайда, $1^1/_2$ пұттан астық алып жүруге жеңілдік белгіленсін.

Куәлікте дәл адресі және 1) фабрика-завод комитетінен, 2) үй комитетінен, 3) кәсіптік одақтан кепілдемесі болуға тиіс; ал бақылау *өзі* тұтынатынын анықтауға

тиіс, қайтадан сатылғаны дәлелденген жағдайда ауыр жазаға тартуға тиіс.

10. Реквизициялаудың, сөз жоқ, *қандайына болса да* (әсіресе деревнялар мен темір жолдарда) міндетті түрде екі (немесе үш) данадан қолхат беру ережесі белгіленсін. Осы квитанциялардың формасы басылып шығарылсын. Квитанция бермей реквизициялағаны үшін ату жазасына кесілсін.

11. Еңбекші халыққа көрер көзге әділетсіздік болып табылатын немесе ережелер мен заңдарды бұзатын және халықтың ызасын тудыратын қандай да болсын істер істегені үшін, сол сияқты бір нәрсесі тартып алынған адамның немесе белгілі бір шара қолданылған адамның қайсысы жөнінде болсын протокол жасамағаны, оның көшірмесін ол адамға бермегені үшін әр түрлі және барлық реквизициялау, азық-түлік және басқа да отрядтардың мүшелеріне де сондай жаза қолданылатын болсын.

12. Аштыққа ұшыраған жерлердің жұмысшылары мен ең кедей шаруалары мына бірқатар шарттарды: 1) жергілікті ұйымдардың (Совдеп+міндетті түрде кәсіптік одақ, т. т.) куәліктерінің болуы, 2) *жауапты* отряд құру; 3) оған басқа жерлердің отрядтарын енгізу, 4) Азық-түлік комиссариатының, Әскери комиссариаттың, Қатынас жолдары комиссариатының, т. т. бақылаушысы мен комиссарының қатысуы, 5) поезды қабылдауда және астық бөлуде нақ солардың бақылауы, мұның өзінде *міндетті түрде* бір бөлегін ($^1/_3 - ^1/_2$, не тіпті онан да көбірегін) Азық-түлік комиссариатына беру жөніндегі шарттарды орындаған жағдайда, тікелей *өздерінің* адресіне маршрутты поезд жеткізуге праволы болатындығы жөнінде ереже белгіленсін.

13. Кейбір темір жол *жұмысшыларының* тым қатты аштыққа ұшырауы және астық тасу үшін темір жолдардың ерекше маңыздылығы себепті уақытша, ерекше жағдай ретінде, мына шара істелсін:

реквизициялық немесе бөгеуші отрядтар астықты алғанда, астығы алынған адамға квитанция береді, астықты вагонға тиейді және осы вагондарды *Продпутьтің*

адресіне жібереді; мұнда бақылаудың мынадай формалары сақталынады: 1) осы сияқты вагонның әрқайсысы жөнінде Азық-түлік комиссариаты мен Қатынас жолдары комиссариатына телеграмма жіберіледі; 2) вагонды тосып алу жәнө астықты Азық-түлік комиссариатының бақылауымен бөлу үшін Азық-түлік комиссариаты мен Қатынас жолдары комиссариатының өкілдері шақырылады.

1918 ж. 2 августа жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСФСР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[18]

Халық Комиссарлары Советі Халық ағарту комиссариатына мынаны тапсырады: егер жоғары оқу орындарына түскісі келетіндердің саны әдеттегі орын санынан асып кететін болса, барлық түскісі келетіндердің оқуына мүмкіндік беретін нағыз жедел шаралардың қолданылуы үшін және дәулетті таптарға ешқандай, юридикалық қана емес, сонымен қатар іс жүзінде де, артықшылықтар болғызбау үшін дереу бірқатар қаулылар мен шаралар әзірленсін. Бірінші болып сөзсіз пролетариат пен ең кедей шаруалардың ортасынан шыққан адамдар қабылдануға тиіс; оларға стипендия беру кеңінен қолданылады.

1918 ж. 2 августа жазылған

1918 ж. 6 августа «Известия ВЦИК» газетінің 166-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕЛЕЦ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ[19]

Маған Елецтегі бір газеттің қиындысы әкеліп берілген еді, онда солшыл эсерлер партиясы Елец ұйымының 27 июльдегі төтенше жиналысы туралы жазылыпты. Бұл баяндаудан мен мынаны оқыдым: Моченов эсерлердің Саратовта болған конференциясы туралы баяндама жасапты, ол конференцияда 8 ұйым олардың, Колегаев мырза ақтаған, Орталық Комитетінің тактикасын мақұлдауды жақтапты, ал 13 (он үш) ұйым партияны қайта құруды және оның тактикасын өзгертуді жақтапты.

Ал, Рудаков жолдас Елецтегі жиналыста «біздің (солшыл эсерлердің) партиямызды қайта құру», оның атын өзгерту, оны тазалау және қайткен күнде де оның ыдырап, құрып кетуіне жол бермеу керек деп талап етіпті. Одан соң, Крюков деген біреу: мен Москвада орталық өкіметтің өкілдерімен әңгімелестім, маған Аванесов, Свердлов, Бонч-Бруевич жолдастар Совет өкіметі үшін солшыл эсерлер партиясының өмір сүруі мақұл дегенді айтты-мыс депті, Крюковпен әңгімелескенімде мен де бейне бір осыны айтыппын, коммунистердің де өздерінің бұрынғы теориясынан, кітаптардан алыс кеткендігі сонша, қазіргі уақытта олардың тіпті программасы жоқ, ал платформаларында «халықшылдық» теориядан жанамалай алынғандар толып жатыр-мыс дегенді, т. т. және т. т. айтыппын.

Мен мұның бәрі жалған екендігін және өзімнің ешқандай Крюковпен әңгімелеспегенімді мәлімдеуді боры-

шым деп есептеймін. Елец уезіндегі жұмысшы және шаруа жолдастардан өте-мөте өтінетінім, өтірікті тым жиі айтып жүрген солшыл эсерлерге мейлінше сақтықпен қарайтын болсын.

Реті келген соң, менің оларға көзқарасым жөнінде бірер сөз айта кетейін. Колегаевтар және К° сияқты субъектілер ақ гвардияшылардың, монархистердің, Савинковтардың қолындағы жай ойыншық екендігі айқын нәрсе, мұны Ярославльдегі солшыл эсерлік көтерілісті кімнің «пайдаланғандығы» дәлелдеді. Мисыздық пен тұрлаусыздық Колегаев мырзаларды осы құлдырауға дейін жеткізді; өздеріне де сол керек. Тарих оларды «Савинковтардың малайлары» деп атайтын болады. Бірақ фактілерге қарағанда, солшыл эсерлердің арасында осы мисыздықтан, осы тұрлаусыздықтан, монархизмге және помещиктік мүдделерге малайлық жасау ролінен ұялатын адамдар да бар (мұндай адамдар Саратовта да көпшілік болып отыр) көрінеді. Егер мұндай адамдар өз партиясының тіпті атын да өзгерткісі келетін болса (менің естуімше, «қауымшыл-коммунистер» немесе «халықшыл-коммунистер», т. б. деп атағысы келетін болса), онда мұны тек құттықтауға болады.

Біріншіден, марксизммен келіспеу, екіншіден, «жерді теңгерме пайдалану» теориясымен (және ол туралы заңмен) толық келісу, міне, ондай халықшылдықтың таза идеялық негізі осы; ал коммунист-большевиктер ондай халықшылдармен одақ жасасудан еш уақытта бас тартқан емес.

Біз осындай одақты, орта шаруалармен келісім жасасуды жақтаймыз, өйткені бізге, коммунист-жұмысшыларға, олармен ажырасудың керегі жоқ, ал оларға біз бірсыпыра жеңілдіктер жасауға дайынбыз. Біз мұны дәлелдедік және сөзбен емес, іспен дәлелдеп келдік, өйткені біз олармен барлық жағдайларда бірдей келісе бермейтіндігімізге қарамастан, жерді социализациялау туралы заңды[20] әбден адалдықпен жүзеге асырдық және жүзеге асырып жатырмыз. Біз, жалпы алғанда, кулактарға қарсы аяусыз күрес жүргізуді, ал орта шаруамен келісім жасасуды, деревня кедейлерімен қосылуды жақтадық және жақтап отырмыз. Орта шаруамен келісім

жасасу міндетті түрде солшыл эсермен келісім жасасу болады деп ұғынбау керек. Тіпті де олай емес.

Біз социализациялау туралы заңды солшыл эсерлермен ешқандай келісіміміз жоқ кезде жүзеге асырдық; ал бұл заң біздің солшыл эсер интеллигентсымақтарымен емес, нақ сол орта шаруалармен, шаруа бұқарасымен келісімге келгендігімізді көрсетеді.

Жұмысшы және шаруа жолдастар, солшыл эсерлермен келісімге келуге ұмтыла бермеңдер, өйткені біз олардың сенімсіздігін көрдік, білдік, кедей шаруалардың арасына коммунизмді таратыңдар, көпшілік біздің жағымызда болады. Орта шаруамен икемге келуге тырысыңдар, оған мүмкін болғанынша сақтықпен қарап, әділ болыңдар, оған біз жеңілдік жасай аламыз және жасауға да тиіспіз. Халықтың мұқтаждығынан, жұмысшы бұқарасының ашығуынан пайда тауып жатқан ат төбеліндей аз ғана қапаушыларға, соның ішінде кулактарға, астықпен жалдаптық жасаушыларға,— еңбекшілердің қанын сорып жатқан бір шоғыр кулактарға мейірімсіз болыңдар.

В. Ульянов (Н. Ленин)

Москва, 6 август, 1918 жыл.

«Советская Газета» (Елец) № 73, 11 август, 1918 ж.

«Советская Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ЖОЛДАСТАР! АҚЫРҒЫ, ШЕШУШІ МАЙДАНҒА ШЫҒАЙЫҚ!

Совет республикасын жаулар қоршап тұр. Бірақ ол сыртқы жауларды да, ішкі жауларды да жеңеді. Жеңісті қамтамсыз ететін жұмысшы бұқарасының арасындағы өрлеу қазір-ақ көрініп тұр. Батыс Европада революциялық өрттің ұшқындары мен дүмпулерінің жиіленгендігі қазір-ақ көрініп тұр, ал олар бізге халықаралық жұмысшы революциясының таяуда жеңетініне сенім береді.

Россия Советтік Социалистік Республикасының сыртқы жауы — қазіргі кезеңде ағылшын-француз және жапон-американ империализмі. Бұл жау Россияға қазір шабуыл жасап отыр, ол біздің жерлерімізді тонап жатыр, ол Архангельскіні басып алды және (француз газеттеріне сенетін болсақ) Владивостоктан Никольск-Уссурийскіге дейін жетті. Бұл жау чехословак корпусының генералдары мен офицерлерін сатып алды. Февральда бейбіт Россияға шабуыл жасаған германдар сияқты бұл жау да айуандық, тонаушылық шабуыл жасады, мұның бұрынғыдан айырмашылығы мынау ғана: ағылшын-жапондарға орыс жерін басып алу, тонау ғана керек емес, сонымен қатар «майданды қайта қалпына келтіру» үшін, яғни Англияның Германияға қарсы империалистік (түсінікті етіп айтқанда: қарақшылық) соғысына Россияны қайта тарту үшін Совет өкіметін құлату да керек.

Соғыста тонап алған олжаны бірге бөлісу үшін, орыс жұмысшылары мен шаруаларын ағылшын-француз капиталына кіріптар ету үшін, олардан көп миллиардта-

ған заемдардың өсімдерін сыдырып алу үшін, бізде басталған және барған сайын бүкіл дүние жүзіне жайылу қаупін туғызып отырған социалистік революцияның өртін сөндіру үшін ағылшын-жапон капиталистері Россияда помещиктер мен капиталистердің өкіметін қайта орнатқылары келеді.

Россияны басып алуға, бағындыруға ағылшын-жапон империализмі сияқты айуандардың күші жетпейді. Ондай күш тіпті бізбен көрші отырған Германияда да жетпейді, мұны оның Украина жөніндегі «тәжірибесі» дәлелдеді. Ағылшын-жапондар бізді қапылыста басып алмақ болған еді. Мұны олар істей алмады. Питердің, одан кейін Москваның жұмысшылары, Москвадан кейін бүкіл өнеркәсіпті орталық облыстың жұмысшылары барған сайын жұмыла, барған сайын табандылық көрсете, барған сайын топтаса отырып, барған сайын аянбай күреске көтерілуде. Біздің жеңісіміздің кепілі міне осында.

Ағылшын-жапон капиталистік жыртқыштары, бейбіт жатқан Россияға қарсы жорыққа аттанғанда, Совет өкіметінің ішкі жауымен одақ құруға да үміт артады. Бұл ішкі жаудың кім екенін біз жақсы білеміз. Ішкі жау — жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың, өз селоластарының қанын ішпейтін шаруалардың, өкіметін мейлінше жек көретін капиталистер, помещиктер, кулактар және олардың балалары.

Кулактар көтерілістерінің толқыны Россияға жайылып барады. Кулак Совет өкіметін өлердей жек көреді және ол жүз мыңдаған жұмысшыларды буындырып, бауыздап тастауға дайын. Егер кулактар жеңе қалса, олар помещиктермен, капиталистермен одақтасып алып, жұмысшыларға каторганы қайта орнатып, 8 сағаттық жұмыс күнін жоя отырып, фабрикалар мен заводтарды капиталистердің езгісіне қайтарып беріп, жүздеген мың жұмысшыларды аяусыз қырғынға ұшыратқан болар еді, мұны біз жақсы білеміз.

Бұрынғы европалық революциялардың бәрінде,— жұмысшылардың әлсіздігі салдарынан кулактар республикадан қайтадан монархияға, еңбекшілер өкіметінен қайтадан қанаушылардың, байлардың, арамтамақтар-

В. И. Лениннің
«Жұмысшы жолдастар!
Ақырғы, шешуші майданға
шығайық!» деген
қолжазбасының бірінші
беті.— 1918 ж. августың
бірінші жартысы.

Кішірейтілген

Товарищи-рабочіе! идемъ въ послѣдній, рѣшительный бой!

Совѣтская республика окружена врагами. Но она побѣдитъ и внѣшнихъ и внутреннихъ враговъ. Виденъ уже подъемъ среди рабочихъ массъ, обезпечивающій побѣду. Видно уже, как участились искры и взрывы революціоннаго пожара въ западной Европѣ, дающіе намъ увѣренность въ недалекой побѣдѣ международной рабочей революціи.

Внѣшній врагъ россійской совѣтской соціалистической республики, это — въ данный

дың толық өктемдігіне кейін орала алған кездерінде,— осылай болған. Біздің көз алдымызда Латвияда, Финляндияда, Украинада, Грузияда осылай болды. Барлық жерде де ашқарақ, күпті болған, айуан тәріздес кулактар жұмысшыларға қарсы, жалпы алғанда кедей атаулыға қарсы помещиктермен және капиталистермен қосылып кетіп отырды. Барлық жерде де кулактар жұмысшы табын құлақ естімеген қанішерлікпен жазалап отырды. Барлық жерде де кулактар өз елінің жұмысшыларына қарсы *басқа жердің капиталистерімен* одақтасып отырды. Кадеттер, оңшыл эсерлер, меньшевиктер осылай істеген және осылай істеп отыр; олардың «чехословактармен»[21] бірлесіп істеген ерліктерін еске түсірсек те жетеді. Асқан зердесіздігі мен тұрлаусыздығынан солшыл эсерлер де осылай істеді, олар өздерінің Москвадағы бүлігімен Ярославльде ақ гвардияшыларға, Қазанда чехословактар мен ақтарға көмектесті; бұл солшыл эсерлердің Керенскийдің және оның достарының, француз империалистерінің, мақтауына ілігіп жүргені тегін емес.

Ешбір күмән болмасқа тиіс. Кулактар — Совет өкіметінің қас жауы. Не кулактар сансыз көп жұмысшыларды бауыздап өлтіреді, не жұмысшылар еңбекшілер өкіметіне қарсы кулактық, тонаушылық, халықтың азшылығының көтерілістерін аяусыз жаныштап құртады. Бұл арада екінің бірі ғана болмақ. Бітім болуы мүмкін емес: кулакты помещикпен, патшамен, поппен, тіпті олар ұрысып қалған күнде де, бітістіруге болады және оңай бітістіруге болады, ал жұмысшы табымен *еш уақытта* бітістіруге болмайды.

Сондықтан да біз кулактарға қарсы ұрысты *ақырғы,* шешуші майдан деп атаймыз. Бұл кулактардың әлі де талай көтерілістері болмайды деген, немесе Совет өкіметіне қарсы жат жер капитализмінің әлі де талай жорықтары болмайды деген сөз емес. «Ең ақырғы» ұрыс деген сөз біздің елімізде *қанаушы* таптардың ақырғысы және саны жағынан ең көбі бізге қарсы көтеріліп отыр деген сөз.

Кулактар — басқа елдердің тарихында помещиктердің, патшалардың, поптардың, капиталистердің өкіме-

тін талай рет қайта орнатқан ең айуан, ең дөрекі, ең тағы қанаушылар. Помещиктер мен капиталистерден гөрі кулактар көп. Бірақ, қалай дегенмен де халық ішінде кулактар азшылық.

Айталық, біздің Россияда, жыртқыштар одан Украинаны және басқа жерлерді бөліп әкеткен кезге дейінгі, бұрынғы Россияны алғанда, 15 миллионға жуық егінші шаруа семьясы бар екен. Сонда осы 15 миллионның, сірә, 10 миллионға жуығы озінің жұмыс күшін сатумен күнелтетін немесе байларға кіріптарлыққа түсетін, немесе артық астығы жоқ және соғыс ауыртпалықтарынан қатты күйзелген кедейлер болар. Шамамен 3 миллиондайын орта шаруа деп есептеу керек, ал 2 миллионнан асар-аспасы кулактар, байлар, астық жалдаптары деп есептеу керек. Бұл қаніпіерлер соғыс уақытында халықтың мұқтаждығын пайдаланып байыды, олар астықтың және басқа азық-түліктердің бағасын көтере отырып, мыңдаған және жүз мыңдаған сом ақша жинап алды. Осынау бүйілер соғыс күйзелткен шаруалардың есебінен, аш жұмысшылардың есебінен семірді. Осынау сүліктер еңбекшілердің қанын сорды, қалалар мен фабрикаларда жұмысшы неғұрлым ашыққан сайын, олар соғұрлым байи түсті. Осынау обырлар помещиктік жерлерді өз қолдарына түсіріп ала берді және түсіріп алып жатыр, олар кедей шаруаларды кіріптар еткен үстіне кіріптар етіп отыр.

Осы кулактарға қарсы аяусыз соғыс ашылсын! Олардың қарасы батсын! Оларды қорғаушы партияларға: оңшыл эсерлерге, меньшевиктерге және қазіргі солшыл эсерлерге жек корушілік, өшпенділік туғызылсын! Өз елінің еңбекшілеріне қарсы жат жер капиталистерімен одақ жасасушы кулактардың көтерілістерін жұмысшылар темірдей берік қолымен жаншып тастауға тиіс.

Кулактар деревня кедейлерінің қараңғылығын, бытыраңқылығын, шашыраңқылығын пайдаланады. Кулактар деревня кедейлерін жұмысшыларға айдап салады, олар деревня кедейлеріне астық жалдаптығынан жүз сомдық «пайда көргізіп» (ал сонымен қатар кедейді көп мыңдаған сомға тонай отырып), кейде оларды сатып алады. Кулактар орта шаруаны өз жағына шығарып

алуға тырысады, ал кейде бұл әрекеттерінің сәті түсіп те қалып жүр.

Бірақ жұмысшы табы орта шаруамен ажырасуға әсте тиісті емес. Жұмысшы табы кулакпен ымыраласа алмайды, ал орта шаруамен *келісім* жасасуға күш салады және күш салып отыр. Жұмысшы үкіметі, яғни большевиктік үкімет, мұны сөзбен емес, іспен *дәлелдеді*.

Біз мұны «жерді социализациялау» туралы заңды қабылдап және оны қатаң жүзеге асыра отырып дәлелдедік; бұл заңда орта шаруаның мүдделері мен көзқарастарына *көп* жеңілдік берілген.

Біз мұны астық бағасын (жуырда) *үш есе көтерумен*[22] дәлелдедік, өйткені орта шаруаның табысы өнеркәсіп өнімдерінің қазіргі кездегі бағаларына көбінесе сай келмей отырғанын біз әбден түсінеміз, сондықтан бұл табыс көтерілуге *тиіс* болды.

Әрбір саналы жұмысшы мұны орта шаруаға түсіндіріп отырады және оған патшалардың, помещиктердің, капиталистердің өкіметінен социализмнің әлдеқайда пайдалы екендігін шыдамдылықпен, табандылықпен, қайта-қайта дәлелдеп көрсетеді.

Жұмысшы өкіметі орта шаруаны еш уақытта ренжіткен емес және ренжітпейді де. Ал патшалардың, помещиктердің, капиталистердің, кулактардың өкіметі орта шаруаны үнемі ренжітіп қана қойған жоқ, сонымен қатар барлық елдерде де, барлық жерлерде де, соның ішінде Россияда да, оны тура тұншықтырып, тонап, күйзелтіп отырды.

Деревня кедейлерімен тығыз одақ жасасу және толық қосылып кету; орта шаруамен икемге келу және келісу; кулактарды, осынау қанішерлерді, обырларды, халықты тонаушыларды, аштықты пайдаланып баюшы жалдаптарды, аяусыз жаныштау;— міне, саналы, жұмысшының программасы осы. Жұмысшы табының саясаты осы.

1918 ж. августың бірінші жартысында, 6 августан кешірек жазылған

Бірінші рет 1925 ж. 17 январьда «Рабочая Москва» газетінің 14-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОКОЛЬНИКИ АУДАНЫНДАҒЫ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 9 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[23]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Көпке дейін басылмаған қол шапалақтау.) Соғыс бесінші жылға созылып барады және де оның кімге керек болғандығы қазір әркімге аян болып отыр. Кім бай болған болса, ол бұрынғыдан да байи түсті, ал кім кедей болған болса, ол қазір, сөздің дәл мағынасында, капитализмнің езгісінен тұншығып отыр. Кедей халыққа бұл соғыс қан төгіс құрбандықтарға түсті, ал есесіне ол аштық, жұмыссыздық және мойнын бұрынғыдан бетер қыса түскен қыл бұрау ғана алды.

Соғысты Англия мен Германияның жыртқыштары бастады, олардың бірге тұруына жер беті таршылық етті, сөйтіп әрқайсысы жұмысшы әлемінің қанын судай ағызу арқылы екіншісін тұншықтыруды көздеді. Жыртқыштардың әрқайсысы да оны халықтың игілігі рухтандырады деп сендірмекші болады, ал шындығына келгенде ол өз қалтасын толтыруды көздеп істеп отыр.

Англия басып алған неміс отарларын, Палестина мен Месопотамияның бір бөлегін тонап жатыр, ал Германия, өз тарапынан, Польшаны, Курляндияны, Литваны және Украинаны тонап жатыр. Бұл елдердің миллионерлері бұрынғысынан 10 есе байыды, бірақ олар сөйтсе де есептерінен жаңылысып отыр.

Өліспей беріспеске бекінген бұл жыртқыштар тұңғиықтың жиегіне жетті. Халықтарды революцияға сөзсіз итермелейтін бұл соғысты олар енді тоқтата алмайды.

Орыс революциясы дүние жүзінің барлық елдеріне ұшқын шашты, сөйтіп асқақтаған империализмді тұңғиық жиегіне бұрынғыдан да жақындата түсті.

Жолдастар, біздің жағдайымыз ауыр, бірақ біз бәрін де жеңуге және социалистік революцияның өзіміз көтерген туын қолымызда сақтап қалуға тиіспіз.

Барлық елдердің жұмысшылары бізге үміттене қарайды. Сіздер олардың даусын естіп отырсыздар: әлі де біраз төтеп бере тұрыңдар. Сіздер жаулардың қоршауында отырсыздар, бірақ біз сіздерге көмекке келеміз, сөйтіп күш қосып, ақыр аяғында, империалистік жыртқыштарды тұңғиыққа лақтырамыз дейді олар.

Біз осы дауысты естіп отырмыз және біз былай деп ант етеміз: иә біз төтеп береміз, біз өз орнымызда барлық күшімізді салып шайқасамыз, бізге шабуыл жасаушы дүние жүзілік контрреволюция алдында қаруымызды тастамаймыз!

«Известия ВЦИК» № 171,
11 август, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАРДЫҢ ОДАҒЫ ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ СОВДЕПТЕРГЕ ТЕЛЕГРАММА ЖОБАСЫ[24]

Кедейлер комитеттері еңбекші шаруаларды кіріптарлыққа салушы кулактармен, байлармен, қапаушылармен күресу үшін қажет. Бірақ шағын ғана азшылық болып отырған кулактардың және кедейлердің немесе жартылай пролетарлардың арасында орта шаруалар тобы бар. Совет өкіметі бұларға қарсы ешқашан ешбір нәрсе жөнінен күрес жариялаған емес және жүргізген емес. Мұның керісінше істеудің немесе шаралар қолданудың қандайы болсын нағыз батыл түрде айыптарлық іс және қатаң тыйым салынуға тиіс. Социалистік үкімет орта шаруалармен келісім саясатын жүргізуге міндетті. Совет өкіметі осы саясатты жүргізе беруге өзінің берік бел байлағандығын талай рет іспен дәлелдеді. Осындай істердің ең маңыздылары: коммунистердің (большевиктердің) көпшілігінің жерді социализациялау туралы заңды қабылдауы және оны барынша адалдықпен жүзеге асыруы, одан кейін астық бағасын үш есе көтеруі (1918 ж. ...августағы декрет). Ауыл шаруашылық машиналары[25] және т. б. туралы декреттің мәні де осындай. Жұрттың бәріне жоғарыда айтылған саясатты қатаң сақтау бұйырылады.

1918 ж. 16 августа жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ МОСКВА КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ ТІЛЕКТЕСТЕР ТОПТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ 1918 ж. 16 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[26]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Күштердің көп жетіспейтіндігі сезіледі, ал бұқара ішінде күштер бар, ол күштерді пайдалануға болады. Жұмысшы бұқараға үлкен сенім көрсетіп, одан күш ала білу керек. Бұған керекті шаралар: партияға жастар арасынан, кәсіптік одақтар арасынан тілектестер тарту. Мүшелік жарна төлеуде кешеуілдетушілік болса бола берсін,— мұнда тұрған ешқандай қауіп жоқ. Егер 6 мыңды майданға жіберіп, ал оның орнына жаңадан 12 мың адам алатын болсақ, онда үлкен қауіп болмайды. Партиямызды көбейтумен моральдық ықпалды пайдалануымыз керек.

Біздің митингілерімізде жаңа күштер өте аз сөйлейді, ал олардың сөйлегені өте мақұл болған болар еді, өйткені олардың сөздерінде жанды әуендер болады. Сыннан өткізуді есебін тауып ұйымдастыру керек. Жұмысшы бұқараның бақылауы болатын етіп жастарды жұмысшылар арасынан алу керек. Жапондар мен американдар Сибирьде бекініп алмай тұрғанда, партияның өте көп мүшелерінің майданға баруын өмірдің өзі талап етіп отыр. Ескі күштердің орнына жаңа күштерді — жастарды беру керек.

2

Партия мүшелері жұмысшылар арасында пәрменді үгітті күшейтуге тиіс. Бірдеңе істеу қолынан келетін жолдастарды кеңсе жұмысында қалдыруға болмайды.

Біздің жұмысшы бұқараға ықпал жасайтын өрісімізді кеңейту керек. Ұялардың шамалы ғана инициатива көрсетуі байқалып келеді, олардың жергілікті жерлерде сөздер сөйлеуі партияда жоқтарға ықпал жасау мағынасында өте пайдалы болған болар еді. Клубтарға назар аудару керек, бұқара арасынан партия қызметкерлерін тауып алу керек.

Қызмет орны үшін ғана келетін адамдарды алмау керек, оларды партиядан қуу керек.

Бірінші рет 1928 ж. 22 январьда «Правда» газетінің 19-номерінде басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

АМЕРИКАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ

Жолдастар! 1905 жылғы революцияға қатысқан және содан кейінгі көп жылдарын сіздердің еліңізде өткізген бір орыс большевигі менің осы хатымды сіздерге жеткізіп берейін деп маған ұсыныс жасады[27]. Мен оның ұсынысын зор ықыласпен қабыл алдым, өйткені ең жас, ең күшті, капиталистердің пайдаларын бөлісіп алу үшін жүріп жатқан халықтардың бүкіл дүние жүзілік қырғынына ең соң қатысқан американ империализмінің бітіспес жауы ретінде американ революцияшыл пролетары нақ қазіргі кезде ерекше маңызды роль атқаруға тиіс. Нақ қазіргі кезде американ миллиардерлері, осы заманның осы құл иеленушілері, тұңғыш социалистік республиканы тұншықтыру мақсатымен ағылшын-жапон айуандарының қарулы жорыққа аттануына — тура болсын немесе жанамалап болсын, ашық болсын немесе екіжүзді-бүркемелі түрде болсын, бәрібір,— ризалық беріп, қандыбалақ империализмнің қанды тарихының ерекше қайғылы бетін ашып отыр.

Ең жаңа, цивилизациялы Американың тарихы корольдердің, помещиктердің, капиталистердің жаулап алынған жерлерді немесе тонап алынған пайдаларды бөлісу үшін төбелесуінен туған, қазіргі империалистік соғыс сияқты, орасан көп соғыстардың ішінде соншама аз кездесетін нағыз азаттық, нағыз революциялық ұлы соғыстардың бірінен басталады. Бұл соғыс Американы езген және отарлық құлдықта ұстаған ағылшын қарақшыларына қарсы американ халқының соғысы болды,

осы «цивилизациялы» қанішерлер қазірдің өзінде де Индияда, Египетте және дүние жүзінің барлық түкпірлерінде жүздеген миллион адамдарды езіп отыр, отарлық құлдықта ұстап отыр.

Содан бері 150 жылға жуық уақыт өтті. Буржуазиялық цивилизация өзінің сәнді жемістерінің бәрін беріп болды. Америка адамның біріккен еңбегінің өндіргіш күштерін дамыту дәрежесі жағынан, машиналарды және ең жаңа техниканың барлық кереметтерін пайдалануы жағынан азат және білімді елдердің ішінен бірінші орын алды. Америка сонымен қатар, бір жағынан, ат төбеліндей арсыз, настық пен сән-салтанатқа белшесінен батқан миллиардерлердің, ал, екінші жағынан, өмір бойы қайыршылық шегінде күнелтіп отырған миллиондаған еңбекшілердің арасындағы тұңғиықтың тереңдігі жөнінен алдыңғы елдердің біріне айналды. Дүние жүзіне феодалдық құлдыққа қарсы революциялық соғыстың үлгісін көрсеткен американ халқы ең жаңа, капиталистік, жалдама құлдыққа түсіп, бір шоғыр миллиардерлердің қолына қарап қалды, бай сұмпайылардың пайдасына бола Филиппиныды «азат етемін»[28] деген сылтаумен оны 1898 жылы тұншықтырған, ал Россияны немістерден «қорғаймын» деген сылтаумен 1918 жылы Россия Социалистік Республикасын тұншықтырып жатқан жалдама жендет ролін атқарушы болып шықты.

Бірақ халықтардың төрт жылға созылған империалистік қырғыны текке кетпеді. Қарақшылардың екі тобының да, ағылшындық тобының да және немістік тобының да, жексұрындарының халықты алдағаны талассыз және айқын фактілермен әбден әшкереленді. Соғыстың төрт жылы өзінің нәтижелері арқылы, өз олжаларын бөлісу үшін қарақшылар арасында болған соғысқа қолданғанда, капитализмнің жалпы заңын көрсетіп берді: кім бәрінен бай, бәрінен күшті болған болса, сол бәрінен де көп байыды, бәрінен де көп тонады; ал кім бәрінен әлсіз болған болса, соны титығына жеткізе тонады, азаптады, жаныштады, тұншықтырды.

Ағылшын империализмінің қарақшылары өздерінің «отарлық құлдарының» саны жағынан бәрінен де күшті болған еді. Ағылшын капиталистері «өз» (яғни, өзде-

4

На каждом долларе следы крови — из того моря крови, которую пролили 10 миллионов убитых и 20 миллионов искалеченных в великой, благородной, освободительной, священной борьбе из-за того, английскому или германскому разбойнику придется больше добычи, английские или германские палачи окажутся первыми по душительству слабых народов всего мира.

Если германские разбойники побили рекорд по зверству своих военных расправ, то английские побили рекорд не только по количеству награбленных колоний, но и по утонченности своего отвратительного лицемерия. Именно теперь англо-французская и американская буржуазная пресса распространяет в миллионах и миллионах экземпляров ложь и клевету про Россию, лицемерно оправдывая свой грабительский поход против нее стремлением «защитить» будто бы Россию от немцев!

Чтобы опровергнуть эту гнусную и подлую ложь, не надо тратить много слов: достаточно указать на один общеизвестный факт. Когда в октябре 1917 г. рабочие России свергли свое империалистское правительство, советская власть, власть революционных рабочих и крестьян предложила открыто справедливый мир, мир без аннексий и контрибуций, мир с полным соблюдением равноправия для всех наций, — предложила такой мир всем воюющим странам.

Именно англо-французская и американская буржуазия не приняла нашего предложения, именно она отказалась даже разговаривать с нами о всеобщем

В. И. Лениннің «Американ жұмысшыларына хат» деген қолжазбасының тортінші беті.— 20 август, 1918 ж.

Кішірейтілген

рі жүздеген жылдар бойы тонап келген) жерінің ұлтарақтайынан да айрылған жоқ, қайта Африкадағы герман отарларының бәрін басып алды, Месопотамия мен Палестинаны басып алды, Грецияны тұншықтырып тастады, енді Россияны тонай бастады.

Герман империализмінің қарақшылары «өз» әскерлерінің ұйымдасқандығы және тәртіптілігі жағынан бәрінен де күшті, бірақ отар жағынан әлсіздеу болған еді. Олар барлық отарларынан айрылды, бірақ Европаның жартысын тонады, көптеген кішкене елдер мен әлсіз халықтарды тұншықтырды. Екі жақтан да қандай ұлы «азаттық» соғыс десеңізші! Екі топтың да қарақшылары, ағылшын-француз және герман капиталистері, өздерінің малайларымен, социал-шовинистермен, яғни *«өз»* буржуазиясы жағына шығып кеткен социалистермен бірге «отанды» қандай жақсы «қорғады» десеңізші!

Американ миллиардерлері бәрінен де дерлік дәулеттірек және нағыз қауіпсіз географиялық жағдайда болған еді. Олар бәрінен де көбірек байыды. Олар барлық, тіпті ең бай, елдерден алым алатын болып шықты. Олар тонаушылықтан жүздеген миллиард доллар жинап алды. Ал осы әрбір доллардан ластықтың ізін көресің: Англия мен оның «одақтастары» арасында, Германия мен оның вассалдары арасында жасасқан лас құпия шарттарды, тонап алынған олжаны бөлісу туралы шарттарды, жұмысшыларды езуде және интернационалист-социалистерді қудалауда бір-біріне «көмек көрсету» туралы шарттарды көресің. Әрбір доллар бетінен әрбір елде байларды байытқан, кедейлерді күйзелткен «табысты» соғыс жабдықтарын берудің баттиған ласын көресің. Әрбір доллар бетінде ағылшын қарақшысының немесе герман қарақшысының олжаны көбірек түсіруіне, ағылшын жендеті немесе герман жендеті дүние жүзінің әлсіз халықтарын тұншықтырушылардың *біріншісі* болып шығуына бола жүргізілген ұлы, ардақты, азаттық, қасиетті күресте 10 миллион қаза болғандар мен 20 миллион мүгедектердің телегей-теңіздей төгілген қанынан жұққан қанның ізі бар.

Егер герман қарақшылары өздерінің әскери озбырлығының айуандығы жағынан алдына жан салмаған

болса, ағылшын қарақшылары тонап алған отарларының саны жағынан ғана емес, сонымен қатар өздерінің жиреніштi екiжүзділігінің жымысқылығы жағынан алдына жан салған жоқ. Сөйтiп, нақ қазір ағылшын-француз және американ буржуазиялық баспасөзі олардың Россияға қарсы жүргізген шапқыншылық жорығын Россияны немістерден «қорғайық» деп едік деген екіжүзділікпен ақтай отырып, Россия жөнінде миллиондаған-миллиондаған данамен өтірік, өсек таратып жатыр!

Бұл жексұрын, пасық өтірікті бекерге шығару үшін көп сөзді шығындаудың керегі жоқ: бұған жалпыға мәлім бір фактіні көрсетсек те жетеді. 1917 жылғы октябрьде Россияның жұмысшылары өздерінің империалистік үкіметін құлатқан кезде Совет өкіметі, революцияшыл жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі, соғысып жатқан елдердің *бәріне*, аннексиясыз және контрибуциясыз, әділетті бітімді, барлық ұлттардың тең праволылығын толық сақтайтын бітімді,— міне осындай бітімді ашық ұсынған еді.

Біздің сол ұсынысымызды нақ осы ағылшын-француз және американ буржуазиясы қабылдамады, жалпыға бірдей бітім туралы бізбен тіпті сөйлесудің өзінен нақ сол буржуазия бас тартты! Барлық халықтардың мүдделері жөнінде опасыздық жасаған нақ *солар* болды, империалистік қырғынды нақ солар созып жіберді!

Нақ сол буржуазия, Россияны қайтадан империалистік соғысқа тартпақ болып, бітім жөніндегі келіс сөздерге келмеді, сөйтіп Германияның дәл өздеріндей қарақшы капиталистерінің қолын босатты, бұлар келіп Россияға аннексионистік және зорлықшыл Брест бітімін таңды!

Брест бітімі *жөніндегі* «кінәны» бізге аударып отырған ағылшын-француз және американ буржуазиясының екіжүзділігіндей сұрқия екіжүзділікті ойға келтірудің өзі қиын. Брестi жалпыға бірдей бітім туралы жалпы келіс сөздерге айналдырып жіберу дәл солардың, сол елдердің капиталистерінің қолында болды, міне, енді солардың өздері келіп бізді «кінәлайды»! Отарларды тонаудан және халықтардың қырғынынан байыған ағыл-

шын-француз империализмінің құзғындары Бресттен кейін де соғысты, міне, бүтіндей бір жылға жуық созып жіберіп отыр, ал солардың өздері келіп барлық елдерге әділетті бітім ұсынған *біздерді,* большевиктерді,— бұрынғы патша мен ағылшын-француз капиталистерінің арасында жасасқан қылмысты құпия шарттарды бұзған, жариялаған, жалпы жұрттың масқара етуіне берген *біздерді* «кінәлайды».

Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары, олар қай елде тұрса да бәрібір, империалистік байланыстардың, империалистік лас шарттардың, империалистік шынжырлардың темір құрсауларын үзгеніміз үшін,— бостандық жолында нағыз ауыр құрбандықтарға барып, бостандыққа жеткеніміз үшін,— социалистік республика ретінде, империалистерден соққы жеп, тоналсақ та, империалистік соғыстан *тыс* қалғанымыз және бүкіл дүние жүзі алдында бейбітшілік туын, социализм туын көтергеніміз үшін бізді құттықтайды, бізге тілектестік білдіреді, бізге қол шапалақтайды.

Халықаралық империалистер бандасының бізді осы үшін жек көруі, олардың бізді «кінәлауы», империалистердің барлық малайларының, соның ішінде біздің оңшыл эсерлер мен меньшевиктердің де, бізді «кінәлауы» таңданарлық нәрсе емес. Империализмнің осы қарғылы төбеттерінің большевиктерді жек көруінен, сондай-ақ барлық елдердің саналы жұмысшыларының тілектестігінен біз өз ісіміздің дұрыстығына сенген үстіне сене түсеміз.

Кімде-кім буржуазияны жеңу үшін, өкімет билігінің жұмысшыларға көшуі үшін, халықаралық пролетарлық революцияның *басталуы* үшін ешқандай құрбандықтардан, соның ішінде территорияның бір бөлегінен айрылу мен империализмнен ауыр жеңілістер табудан да, *тайынбау* қажеттігін және тиіс екендігін түсінбесе, ол социалист емес. Кімде-кім социалистік революцияның ісі нақты алға басатын жағдайда, «өз» отаны тарапынан орасан зор құрбандықтар жасауға өзінің дайын екендігін *ісімен* дәлелдемесе, ол социалист емес.

Англия мен Германия империалистері «өздерінің» ісі үшін, яғни дүние жүзілік үстемдікті жеңіп алу үшін

Бельгия мен Сербиядан бастап, Палестина мен Месопотамияны қоса алғанда, толып жатқан елдерді мүлде күйзелтіп, тұншықтырудан тайынбап еді. Ал социалистердің «өз» ісі үшін, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерін капиталдың езгісінен азат ету үшін, жалпыға бірдей баянды бейбітшілікті жеңіп алу үшін не істейтініне келетін болсақ, олар құрбандықсыз жол табылғанға дейін күте тұруға тиіс көрінеді, олар оңай табысқа «кепілдік» болғанға дейін ұрыс бастаудан қорқуға тиіс көрінеді, олар бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның мүдделерімен салыстырғанда, «өзінің», буржуазия құрған «отанының» қауіпсіздігі мен тұтастығын жоғары қоюға тиіс көрінеді? Халықаралық социализмнің осылай деп ойлайтын арсыздарына, буржуазиялық моральдың осылай деп ойлайтын малайларына мың мәрте лағынет айтуға болады.

Ағылшын-француз және американ империализмінің жыртқыш айуандары бізді неміс империализмімен «келісім» жасадыңдар деп «кінәлайды». Ой, екіжүзділерай! «Олардың» өз елдері жұмысшыларының бізге тілектестік білдіруінен қорқып, қалтырай отырып, жұмысшы үкіметіне жала жапқан, ой, оңбағандар-ай! Бірақ олардың екіжүзділігі әшкереленеді. Олар «социалистердің» *жұмысшыларға қарсы*, еңбекшілерге қарсы буржуазиямен (өзінің және бөтен) келісім жасасуы мен өзінің буржуазиясын жеңген жұмысшыларды *қорғау үшін*, буржуазияның әр түрлі топтарының арасындағы қарама-қарсылықты пролетариаттың пайдалануын көздеп, бір түсті буржуазиямен екінші ұлттық түсті *буржуазияға қарсы* келісім жасасуының арасындағы айырмашылықты түсінбегенсиді.

Шындығында бұл айырмашылықты әрбір европалық әбден жақсы біледі, ал американ халқы оны өз тарихында, қазір мен оны көрсетемін, ерекше айқын «басынан кешірді». Келісімнің де келісімі бар, fagots et fagots* бар дейді француздар.

1918 жылы февральда герман империализмінің жыртқыштары өз әскерлерін Россияға қарсы — халықара-

* — заттың да заты бар. *Ред.*

лық пролетариаттың ынтымағына халықаралық революцияның пісіп жетілуінен бұрын сеніп қалып, өзінің армиясын демобилизациялаған, қарусыз Россияға қарсы — аттандырған кезде, мен француз монархистерімен белгілі бір «келісімге» келуден ешбір тайынбадым. Сөз жүзінде большевиктерге тілектес, ал іс жүзінде француз империализміне жан-тәнімен қызмет ететін француз капитаны Садуль маған француз офицері де Люберсакты алып келді. «Мен монархиспін, менің жалғыз ғана мақсатым — Германияның жеңілуі» деді маған де Люберсак. Бұл өзінен-өзі түсінікті, дедім мен (cela va sans dire). Мұның өзі немістердің шабуылына кедергі жасау мақсатымен темір жолдарды бұзу үшін осы бұзу ісі мамандарының, француз офицерлерінің, бізге көрсетпек қызметтері жөнінде менің де Люберсакпен «келісуіме» ешбір кедергі жасаған жоқ. Мұның өзі «келісімнің» тамаша үлгісі, социализмнің мүдделері үшін келісім болды, мұны әрбір саналы жұмысшы мақұлдайды. Біз әрқайсымыз өзіміздің «әріптесімізді» қуана-қуана дарға асқан болар едік, осыны біле тұра, біз француз монархисімен екеуміз бір-біріміздің қолымызды қыстық. Бірақ біздің мүдделеріміз уақытша тоғысқан еді. Шабуыл жасап келе жатқан неміс жыртқыштарына қарсы *біз* орыс және халықаралық социалистік революцияның мүдделері үшін *басқа* империалистердің нақ сондай жыртқыштық қарсы-мүдделерін пайдаландық. Біз сөйтіп Россияның және басқа елдердің жұмысшы табының мүдделері үшін қызмет істедік, біз бүкіл дүние жүзінің пролетариатын күшейтіп, буржуазиясын әлсіреттік, біз бірқатар алдыңғы қатарлы елдерде тез жетіліп келе жатқан пролетарлық революция *кемеліне келетін* кезеңін күтіп, *әрбір* соғыста әбден заңды және міндетті болатын маневр жасауды, аңысын аңдауды, шегінуді пайдаландық.

Сондықтан, ағылшын-француз және американ империализмінің жыртқыштары өшпенділікпен қаншама ұлыса да, олар бізге қаншама жала жапса да, оңшыл-эсерлік, меньшевиктік және басқа социал-патриоттық газеттерді сатып алу үшін олар қаншама миллион шығарса да, ағылшын-француз әскерлерінің Россияға ша-

буыл жасауы осыны талап ететін болған күнде, неміс империализмінің жыртқыштарымен *нақ осындай* «келісім» жасаудан *мен бір секунд та тайсалмаймын.* Ал менің тактикамды Россияның, Германияның, Францияның, Англияның, Американың, қысқасы, бүкіл цивилизациялы дүниенің саналы пролетариаты мақұлдайтынын мен өте жақсы білемін. Мұндай тактика социалистік революцияның ісін жеңілдетеді, оның болуып тездетеді, халықаралық буржуазияны әлсіретеді, оны жеңетіп жұмысшы табының позициясын күшейтеді.

Ал американ халқы осы тактиканы әлдеқашан және революция үшін пайдалы етіп қолданған-ды. Ол ағылшын езушілеріне қарсы өзінің ұлы азаттық соғысын жүргізген кезде, қазіргі Солтүстік Америка Құрама Штаттарының бір бөлегіне ие болып, француз және испан езушілері де оған қарсы тұрған болатын. Өзінің азаттық жолындағы қиын соғысында американ халқы да езушілерді әлсірету және езгіге қарсы революциялық күрес жүргізіп жатқандарды күшейту мүдделерін көздеп, езілгендер *бұқарасының* мүдделерін көздеп, бір езушілермен екінші езушілерге қарсы «келісім» жасасқан болатын. Американ халқы французлар, испандар және ағылшындар арасындағы қырғи қабақтықты пайдаланған, ол тіпті кейбір кездерде француз, испан езушілерінің әскерлерімен бірге ағылшын езушілеріне қарсы соғысқан, ол әуелі ағылшындарды жеңіп, ал содан кейін французлардан және испандардан азат (ішінара төлем төлеу арқылы) болған.

Орыстың ұлы революционері Чернышевский тарихи қызмет Нева проспектісінің тротуары емес деген еді[29]. Кімде-кім пролетариаттың революциясы жеңіл және біркелкі өтетін, бірден әр түрлі елдер пролетарларының бірлескен қимылы болатын, жеңілістерге ұшырамауға алдын ала кепілдік берілетін, революцияның жолы кең, бөгетсіз, тура болатын, жеңіске беттеген жолда кейде нағыз ауыр құрбандықтар шегіп қалуға, «қоршалған қамалда отырып қалуға» немесе өте тар, асусыз, ирелеңі көп және қауіпті тау соқпақтарымен жүруге тура келіп қалмайтын «жағдайда» ғана «болатын болсын» десе,— ол революционер емес, ол өзі буржуазиялық интелли-

генцияның педанттығынан арылмаған адам, ол іс жүзінде, біздің оңшыл эсерлер, меньшевиктер және тіпті (анда-санда болса да) солшыл эсерлер сияқты, үнемі контрреволюциялық буржуазияның лагеріне сырғып отыратын адам болып шығады.

Буржуазияға ілесе бұл мырзалар революцияның «былығы», өнеркәсіптің «бүлінгені», жұмыссыздық және астықсыз қалғандық үшін бізді айыптауды жақсы көреді. Империалистік соғысты құттықтаған және қолдаған немесе осы соғысты соза берген Керенскиймен «келіскен» адамдар тарапынан шыққан бұл айыптаулар қандай екіжүзді десеңізші! Осы апаттардың бәріне нақ империалистік соғыс кінәлы. Соғыстың өзі тудырған революция қайткенде де халықтардың көп жылдық, күйзелісті, реакциялық қырғынынан мұра болып қалған сұмдық қиындықтар мен азаптар арқылы өтеді. Бізді өнеркәсіптің «бүлінгені» немесе «террор» үшін кінәлау екіжүзділік жасау немесе топас педанттық көрсету, революция деп аталатын қызу, ақырғы шегіне жете шиеленіскен тап күресінің негізгі шарттарын түсіне алмаушылықты көрсету болады.

Шын мәнінде, осы сияқты «кінәлаушылар», егер олар тап күресін «мойындайтын» болса, оны сөз жүзінде мойындаумен ғана тынады, ал іс жүзінде таптардың «келісуінің» және «ынтымақтасуының» мещандық утопиясына үнемі түсіп отырады. Өйткені революция заманында тап күресі әрқашан және барлық елдерде қалай да және сөзсіз *азамат соғысы* формасын алып отырды, ал азамат соғысының ең ауыр түрдегі бүліншіліксіз де, террорсыз да, соғыс мүдделері үшін формальды демократияға қысым көрсетпейінше де болуы мүмкін емес. Тек жымысқы поптардың ғана — христиандық болсын немесе салондық, парламенттік социалистер түріндегі «азаматтық» поптар болсын, бәрібір — осы қажеттілікті көре алмауы, түсіне алмауы, сезе алмауы мүмкін. Осыған бола адамзаттың аса ұлы мәселелерін күреспен және соғыспен шешуді тарих талап етіп отырған кезде, ұрысқа бар ынта-жігерімен, батыл шығудың орнына, тек жансыз «құндақтаулы адамдар» ғана революциядан оқшаулана алады.

Американ халқында революциялық дәстүр бар, оны өздерінің бізге, большевиктерге, толық тілектестігін сан рет білдірген американ пролетариатының таңдаулы өкілдері қабылдап отыр. Бұл дәстүр — ағылшындарға қарсы XVIII ғасырдағы азаттық жолындағы соғыс, одан кейін XIX ғасырдағы азамат соғысы. 1870 жылы Америка кейбір жағынан, егер өнеркәсібі мен халық шаруашылығының кейбір салаларындағы «бүліншілікті» ғана алатын болсақ, 1860 жылғыдан *артта* болды. Бірақ *осыған* сүйеніп 1863—1865 жылдары Америкада болған азамат соғысының аса ұлы, дүние жүзілік-тарихи, прогрестік және революциялық маңызын жоққа шығара бастаған адам қандай педант, қандай нақұрыс болған болар еді!

Бүкіл ел ұзақ жылдар азамат соғысын және соғыс атаулыға байланысты болатын ұшы-қиыры жоқ күйзелістерді, бүліншіліктерді, террорларды бастан кешірді, осы арқылы негрлердің құлдығы жойылды, құл иеленушілер өкіметі құлатылды, мұны буржуазияның өкілдері түсінеді. Ал қазір әңгіме *жалдама,* капиталистік, құлдықты құлату, буржуазия өкіметін құлату туралы, анағұрлым ұлы міндет туралы болып отырған кезде,— қазір буржуазияның өкілдері мен қорғаушылары, сондай-ақ буржуазиядан қорқып қалған, революциядан шошынған социалист-реформистер азамат соғысының қажетті және заңды екенін түсіне алмайды және түсінгілері келмейді.

Американ жұмысшылары буржуазияға ермейді. Олар бізбен бірге болады, буржуазияға қарсы азамат соғысын жақтайды. Менің осы сенімімді дүние жүзілік және американ жұмысшы қозғалысының бүкіл тарихы күшейтіп отыр. Мен сонымен қатар американ пролетариатының ең сүйікті көсемдерінің бірі Евгений Дебстің сөзін еске түсіремін, ол «Парасатқа Шақыруында» («Appeal to Reason»)[30]— 1915 жылдың аяғы болу керек —«What shall I fight for» («Мен не үшін күресемін») деген мақаласында,—(мен 1916 жылдың басында Швейцарияда, Бернде болған жұмысшылардың бір көп-

шілік жиналысында осы мақаладан цитат келтірдім)*,— былай деп жазды:

— ол, Дебс, қазіргі, қылмысты және реакциялық соғысқа кредит беруге дауыс бергенше, өзін аттырған болар еді; ол, Дебс, пролетарлар көзқарасы тұрғысынан алғанда бір ғана қасиетті, заңды, соғысты, атап айтқанда: капиталистерге қарсы соғысты, адамзатты жалдама құлдықтан азат ету жолындағы соғысты біледі.

Американ миллиардерлерінің басшысы, капиталистік жыртқыштардың қызметшісі Вильсонның Дебсті түрмеге жауып қойғандығы мені таңдандырмайды. Шын интернационалистерге қарсы, революцияшыл пролетариаттың шын өкілдеріне қарсы буржуазия айуандыққа салына берсін! Оның мейірімсіздігі мен айуандық жасауы неғұрлым күшейген сайын, жеңімпаз пролетарлық революцияның туар күні соғұрлым жақындай түседі.

Бізді революциямыз жасаған қиратулар жөнінде кінәлайды... Ал осы кінәлаушылар кім? Буржуазияның құйыршықтары,— буржуазия болғанда империалистік соғыстың төрт жылы бойында европалық мәдениетті түгел дерлік күйретіп, Европаны тағылыққа дейін, жабайылануға дейін, аштыққа дейін жеткізген буржуазияның құйыршықтары. Осы буржуазия қазір бізден революцияны осы қиратулар арқылы жасамауды, мәдениеттің қираған қалдықтары ортасында, соғыс салдарынан қирап, құлаған бүліншіліктер ортасында жасамауды, соғыстан жабайыланған адамдармен жасамауды талап етеді. О, бұл буржуазия қандай абзал және әділетті десеңізші!

Буржуазияның малайлары бізді террор жасады деп кінәлайды... Ағылшын буржуасы өзінің 1649 жылын, француздар өзінің 1793 жылын ұмытқан ғой. Террорды буржуазия феодалдарға қарсы өз пайдасы үшін қолданған кезде, ол әділетті және заңды болды. Ал оны жұмысшылар мен ең кедей шаруалар буржуазияға қарсы қолдануға батылы барған кезде, ол жауыздық, қылмыс бола қалыпты! Террорды бір қанаушы азшылықты екінші қанаушы азшылықпен алмастыру мүдделері үшін

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 257-бет. *Ред.*

қолданған кезде, ол әділетті және заңды болды. Ал оны қанаушы азшылық *атаулының бәрін* құлату мүдделері үшін, шын орасан зор көпшіліктің мүдделері үшін, пролетариат пен жартылай пролетариаттың, жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың мүдделері үшін қолдана бастаған кезде, ол жауыздық, қылмыс бола қалыпты!

Халықаралық империализмнің буржуазиясы «өзінің» соғысында, бүкіл дүние жүзіне ағылшын жыртқыштары үстемдік жүргізуі керек пе немесе неміс жыртқыштары үстемдік жүргізуі керек пе деген соғыста, 10 миллион адамды қазаға ұшыратып, 20 миллион адамды мүгедек етті.

Егер *біздің* соғысымыз, езілгендер мен қаналғандардың езушілер мен қанаушыларға қарсы соғысы, барлық елдерде жарты миллион немесе бір миллион құрбандыққа түсетін болса,— онда буржуазия: бірінші құрбандықтар заңды еді, екінші құрбандықтар қылмысты болып отыр дейді.

Пролетариат мүлдем басқаша айтады.

Империалистік соғыстың сұмдықтарының ішінде болып, пролетариат қазір барлық революциялар үйрететін ұлы ақиқатты, жұмысшыларға өздерінің ең таңдаулы ұстаздары, қазіргі заманғы социализмнің негізін қалаушылар өсиет етіп қалдырған ақиқатты көңіліне әбден және айқын тоқып отыр. Бұл ақиқат — *қанаушылардың қарсыласуын жаныштап тастамай,* революция табысты бола алмайды деген ақиқат. Біз, жұмысшылар мен еңбекші шаруалар, мемлекеттік өкіметті қолға алған кезімізде біздің борышымыз қанаушылардың қарсылығын жаныштап тастау болған еді. Біз осыны істегенімізді және істеп жатқанымызды мақтан тұтамыз. Біз осыны жеткілікті дәрежеде қатаң және батыл істемей отырғанымызға өкінеміз.

Барлық елдерде де буржуазияның социалистік революцияға жанталаса қарсыласуы сөзсіз болатынын және ол қарсыласу осы революция өскен сайын *өсе* берetінін біз білеміз. Пролетариат бұл қарсыласуды жояды, ол қарсыласқан буржуазияға қарсы күрестің барысында жеңіске және өкіметті алуға әбден жетіледі.

Біздің революциямыздың жіберетін әрбір қатесі же-

нінде буржуазияның сатылғыш баспасөзі бүкіл әлемге жар сала берсін. Біз өз қателерімізден қорықпаймыз. Революцияның басталғанынан адамдар әулие болып кеткен жоқ. Ғасырлар бойы езіліп, жаншылып, қайыршылықтың, надандықтың, жабайыланудың қыспағына еріксіз түсіп келген еңбекші таптар революцияны жасағанда қате жібермей қоймайды. Ал буржуазиялық қоғамның өлігін, мұны бір ретінде менің айтуыма тура келген-ді, табытқа салып шегелеп, жерге көміп тастау мүмкін емес*. Өлтірілген капитализм біздің арамызда іріп-шіріп, ауаны шірік иісімен сасытады, біздің өмірімізді уландыра отырып, жаңа, тың, жас, жанды нәрсені ескінің, шіріктің, өліктің мыңдаған арқауларымен және байланыстарымен қармайды.

Буржуазия мен оның малайлары (соның ішінде біздің меньшевиктер мен оңшыл эсерлер де) біздің қателеріміз жөнінде бүкіл әлемге жар салып отыр; ал біздің әрбір жүз қатеміздің есесіне 10 000 ұлы және ерлік істеріміз бар — олар қарапайым, көрінбейтін істер, олар фабрика кварталының немесе түкпірдегі бір деревняның күнделікті тіршілігінде көрінбей жататын, өзінің әрбір табысы жөнінде бүкіл әлемге жар салуға әдеттенбеген (мүмкіндіктері де жоқ) адамдардың істері болғандықтан да ұлы және ерлік істер.

Ал егер істің жайы тіпті мұның керісінше болған күнде де,— бұлай деп ойлаудың теріс екенін мен біле тұрсам да,— егер тіпті біздің 100 дұрыс ісімізге 10 000 қате келетін болған күнде де, бәрібір біздің революциямыз ұлы және жеңілмейтін революция болған болар еді, *ал ол дүние жүзілік тарих алдында солай болады да,* өйткені *тұңғыш рет* азшылық емес, байлар ғана емес, білімділер ғана емес, нағыз бұқараның, еңбекшілердің орасан зор көпшілігінің *өздері* жаңа өмір құрып жатыр, социалистік ұйымның ең қиын мәселелерін *өз тәжірибесімен* шешіп жатыр.

Осындай жұмыстағы, ондаған миллион қарапайым жұмысшылар мен шаруалардың өздерінің бүкіл өмірін қайтадан құру жөніндегі осы нағыз адал және шын ни-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 440-бет. *Ред.*

етті жұмысындағы әрбір қате,— әрбір осындай қате қанаушы азшылықтың мыңдаған және миллиондаған «қатесіз» табыстарына, еңбекшілерді алдау және арбау ісіндегі табыстарына татиды. Өйткені жұмысшылар мен шаруалар осындай қателер *арқылы* ғана жаңа өмір құруды *үйренеді,* капиталистер*сіз* күн көруді үйренеді, осылай ғана олар — мыңдаған кедергілер арқылы — жеңімпаз социализмге қарай жол салып алады.

1917 жылғы октябрьдің 25-нен 26-на (ескіше) қараған түнде бір соққымен-ақ жерге жеке меншік атаулыны жойған және қазір, айдап ай санап, орасан зор қиыншылықтарды жеңе отырып, өздерін өздері түзете отырып, шаруашылық өмірдің жаңа жағдайларын ұйымдастырудың, кулактармен күресудің, *еңбекшілерді* (байларды емес) жермен қамтамасыз етудің, *коммунистік* ірі егіншілікке көшудің ең қиын міндеттерін іс жүзінде шешіп жатқан шаруалар қателіктер жіберсе, революциялық жұмысын істей отырып, қателіктер жібереді.

Қазір, бірнеше айдың ішінде, ең ірі фабрикалар мен заводтардың бәрін дерлік национализациялаған және өнеркәсіптің бүтіндей салаларын басқарудың жаңа ісіне күнделікті ауыр еңбекпен үйреніп жатқан, кертартпалықтың, ұсақ буржуазиялықтың, эгоизмнің орасан зор қарсылығын жоя отырып, национализацияланған шаруашылықтарды жолға қойып жатқан, *жаңа* қоғамдық байланыстың, *жаңа* еңбек тәртібінің, жұмысшылардың кәсіптік одақтарының өз мүшелеріне *жаңа* билігінің іргетасын біртіндеп қалап жатқан біздің жұмысшылар қателіктер жіберсе, революциялық жұмысын істей отырып, қателіктер жібереді.

1905 жылдың өзінде бұқараның орасан зор өрлеуі тудырған біздің Советтер өзінің революциялық жұмысын істей отырып қателіктер жібереді. Жұмысшы және шаруа Советтері дегеніміз мемлекеттің жаңа *типі,* демократияның жаңа жоғары *типі,*— ол — пролетариат диктатурасының формасы, мемлекетті буржуазия*сыз* және буржуазияға *қарсы* басқарудың тәсілі. Тұңғыш рет демократия мұнда байлар үшін демократия болудан қалып, бұқара үшін, еңбекшілер үшін қызмет атқарады,

ал барлық буржуазиялық, тіпті ең демократиялық республикаларда демократия байлар демократиясы күйінде қалып отыр. Тұңғыш рет халық бұқарасы пролетарлар мен жартылай пролетарлардың диктатурасын жүзеге асыру міндетін жүздеген миллион адамдар қатысатын көлемде шешіп жатыр,— ал оны шешпей тұрып социализм туралы сөз болуы да *мүмкін емес.*

Педанттар немесе буржуазиялық-демократиялық, немесе парламентарлық соқыр сенімдерге әбден белшесінен батқан адамдар біздің Совдептеріміз жөнінде, мысалы, төте сайлаудың жоқтығын сөз қылып, бұл қалай деп бастарын шайқай берсін. Бұл адамдар 1914—1918 жылдардағы ұлы төңкерістер кезінде ештеңені ұмытпаған және ештеңеге үйренбеген адамдар. Пролетариат диктатурасын еңбекшілерге деген жаңа демократиямен біріктіру,— азамат соғысын бұқараны саясатқа мейлінше кеңінен тартумен біріктіру,— міне мұндай біріктіру бірден бола қоймайды және ол кертартпа парламентарлық демократизмнің тозығы жеткен формаларына сыймайды. Жаңа дүние, социализм дүниесі,— міне Совет республикасы ретінде біздің алдымызда бейнеленіп тұрған нәрсе осы. Ал осы дүниенің дайын күйде тумайтыны, Юпитердің басынан шыққан Минервадай бірден шыға келмейтіні таңданарлық нәрсе емес.

Ескі буржуазиялық-демократиялық конституциялар, мысалы, формальды теңдік және жиналыстар правосын баса жазып отырса,— біздің, пролетарлық және шаруалық, Советтік конституция формальды теңдіктің екіжүзділігін лақтырып тастайды. Буржуазиялық республикашылдар тақтарды құлатқан кездерінде, монархистердің республикашылдармен формальды теңдігі туралы ойлаған жоқ. Буржуазияны құлату туралы сөз болып отырған кезде, тек опасыздардың немесе нақұрыстардың ғана буржуазия үшін формальды теңдік правосын талап етуі мүмкін. Егер жақсы үйлердің бәрін буржуазия қолына алып қойған болса, жұмысшылар мен шаруалар үшін «жиналыстар бостандығының» құны соқыр тиын. Біздің Советтер жақсы үйлердің бәрін, қалаларда да және деревняларда да, байлардан *тартып алды*, сөйтіп осы үйлердің *бәрін* жұмысшылар мен

шаруалардың *өздерінің* одақтарына және жиналыс өткізулеріне *берді*. Міне еңбекшілер үшін — — — *біздің* жиналыс бостандығымыз осы! Міне біздің Советтік, біздің социалистік Конституциямыздың мәні мен мазмұны осы!

Міне сондықтан да біздің Советтік республикамыздың басына тағы қандай қатерлер төнетін болса да, *оның жеңілмейтіндігіне* біздің бәріміз де әбден сенеміз.

Ол жеңілмейді, өйткені құтырынған империализмнің әрбір соққысы, халықаралық буржуазияның бізді әрбір жеңіліске ұшыратуы жұмысшылар мен шаруалардың жаңа топтарын үсті-үстіне күреске көтереді, оларды орасан зор құрбандықтар арқылы үйретеді, оларды шынықтырады, жаңадан жаппай ерлік туғызады.

Жолдастар, американ жұмысшылары, сіздерден таяу арада, сірә, көмектің келмейтіндігін біз білеміз, өйткені революцияның дамуы әр елде әр түрлі формаларда, әр түрлі қарқынмен жүріп отырады (басқаша жүруі де мүмкін емес). Европалық пролетарлық революция соңғы уақытта қаншама тез жетіліп келе жатса да, оның таяу апталар ішінде тұтана қоймауы да мүмкін екенін біз білеміз. Біз халықаралық революция болмай қоймайды деген сенімдеміз, бірақ бұл тіптен де бізді, зердесіздер сияқты, революция *белгілі бір* қысқа мерзім ішінде болмай қоймайды деп сенеді деген сөз емес. Біз өз елімізде 1905 және 1917 жылдары болған екі ұлы революцияны көрдік, сондықтан революцияның заказ бойынша да, келісім бойынша да жасалмайтындығын білеміз. Жағдайға орай социалистік пролетариаттың *біздің*, россиялық, отряды алға шықты, бұлай болуы біздің сіңірген еңбектерімізден емес, Россияның ерекше артта қалғандығынан екенін, ал халықаралық революцияның бұрқ етуіне *дейін* жеке революциялардың талай жеңілістерге ұшырауы мүмкін екенін біз білеміз.

Осыған қарамастан, өзіміздің жеңілмейтіндігімізді біз кәміл білеміз, өйткені адамзат империалистік қырғыннан күйреп қалмайды, қайта оны жеңіп шығады. Империалистік соғыстың каторгалық бұғауын *үзген* бірінші ел *біздің* еліміз болды. Осы бұғауды үзу жолындағы күресте біз өте ауыр құрбандықтар жасадық, бірақ біз

оны *үзіп шықтық*. Біз енді империалистік тәуелділіктен *тыс* тұрмыз, біз бүкіл дүние жүзі алдында империализмді толық құлату жолындағы күрес туын көтеріп отырмыз.

Халықаралық социалистік революцияның басқа отрядтары бізге көмекке келгенше, біз қоршалған қамалда тұрған сияқтымыз. Бірақ ол отрядтар *бар*, олар біздің отрядтарға қарағанда *көп*, империализмнің айуандықтары созыла түскен сайын олар жетіліп, өсіп, нығайып келеді. Жұмысшылар өздерінің социал-сатқындарынан, Гомперстерден, Гендерсондардан, Реноделъдерден, Шейдемандардан, Реннерлерден, қол үзіп жатыр. Жұмысшылар ақырындап, бірақ бұлжымастан коммунистік, большевиктік, тактикаға қарай, құрып бара жатқан мәдениетті және құрып бара жатқан адамзатты сақтап қалуға бір өзінің ғана шамасы келетін пролетарлық революцияға қарай жылжып келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біз жеңілмейміз, өйткені бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революция жеңілмейді.

Н. Ленин

20 август, 1918 ж.

«Правда» № 178,
28 август, 1918 ж.

«Правда» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ МУЗЕЙДЕГІ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 23 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[31]

(Д у о в а ц и я л а р.) Біздің программамыз қандай? Социализмді жеңіп алу. Дүние жүзілік соғыстың қазіргі кезеңінде бұл соғыстан құтылудың жолы — социализмнің жеңуі ғана, басқа жол жоқ. Бірақ мұны жұрттың көбі түсінбейді. Қазір адамзаттың көпшілігі қан төгіс қырғынға қарсы, бірақ оның капиталистік құрылыспен тікелей байланысты екенін олар түсіне алмай отыр. Қазіргі соғыстың сұмдықтары тіпті буржуазияның да көзіне айқын көрініп отыр, бірақ соғыстың бітуін капиталистік құрылыстың құруымен байлапыстыратын буржуазия емес қой... Ал большевиктер мен барлық басқа елдердің революцияшыл социалистерін капиталистік тәртіпті бұлжытпай сақтай отырып, жер бетіне бейбітшілік орнатқысы келетіндерден әрқашап ажыратып келген басты пікір осы болатын.

Соғыстар не үшін жүргізіледі? Біз соғыстардың көбі әулеттердің мүдделері үшін жүргізілгендігін, сондықтан әулеттік соғыстар деп аталғандығын білеміз. Ал кейде соғыстар езілгендердің мүдделері үшін де жүргізілді. Спартак құлдықтағы тапты қорғау үшін соғыс ашты. Мұндай соғыстар отарлық езгі,— ал мұндай езгі қазір де бар,— дәуірінде, құл иеленушілік дәуірінде, т. б. жүргізіліп отырды. Бұл соғыстар әділетті соғыстар еді, бұл соғыстарды айыптауға болмайды.

Ал біз қазіргі европалық соғыс туралы айтып, оны айыптап отырсақ, оның бір ғана себебі бар — ол соғысты езушілер табы жүргізіп жатыр.

Қазіргі соғыстың мақсаты қандай? Егер барлық елдердің дипломаттарына нанатын болсақ, онда Франция мен Англия тарапынан соғыс шағын халықтарды қорғау мақсатымен тағыларға, гундерге-немістерге қарсы жүргізіліп жатыр; Германия тарапынан соғыс Германияның мәдениетті халқына қауіп төндіріп отырған тағыларға-казактарға қарсы және шабуыл жасаушы жаулардан отанды қорғау мақсатымен жүргізіліп жатыр.

Бірақ бізге бұл соғыстың әзірленгендігі, оның пісіп жетілгендігі және болмай коймайтындығы белгілі еді. Америка мен Жапония арасында соғыс болмай коймайтыны сияқты, бұл соғыс та болмай қоймайтын еді. Бұл болмай қоймайтындықтың өзі неде?

Ол мынада: капитализм бүкіл жер байлығын жеке мемлекеттердің қолында шоғырландырды, жерді бір сүйеміне дейін қалдырмай бөлді; бұдан былайғы бөліс, бұдан былайғы баю енді басқалардың есебінен болатын болды, бір мемлекет екінші мемлекеттің есебінен байитын болды. Бұл мәселе тек күшпен ғана шешіле алады — міне сондықтан да дүние жүзілік жыртқыштар арасындағы соғыс сөзсіз болды.

Қазіргі соғыстың басы-қасында осыған дейін басты екі фирма — Англия мен Германия болған еді. Англия отарлары бар ең күшті ел болған еді. Англияның өзінің халқы 40 миллионға жетер-жетпес екеніне қарамастан, оның отарларының халқы 400 миллионнан астам еді. Ол ертеден-ақ, күшіне сүйеніп, басқалардың отарларын тартып алған, көп жер басып алған және соларды қанап отырған болатын. Бірақ экономика жағынан ол соңғы 50 жылдың ішінде Германиядан қалып қойды. Германияның өнеркәсібі Англияның өнеркәсібінен басып озды. Германияның ірі мемлекеттік капитализмі бюрократизммен қосылып кетті де, Германия рекорд жасады.

Осы екі алыптың арасындағы бірінші орын үшін таласты күш жұмсаудан басқа жолмен шешуге болмады.

Егер Англия бір кезде, күшіне сүйеніп, Голландияның, Португалияның, т. б. жерлерін тартып алған болса,— енді сахнаға Германия шықты да, менің де

басқаның есебінен байитын кезегім келді деп мәлімдеді.

Мәселе міне осында: дүние жүзін ең күштілердің өзара бөлісуі жолындағы күресте болып отыр. Ал екі жақтың да жүздеген миллион капиталдары болғандықтан, олардың арасындағы күрес дүние жүзілік күреске айналып отыр.

Осы соғыс үшін қаншама жасырын қылмыстардың жасалғандығын біз білеміз. Біз жариялаған құпия шарттар соғыс жүргізу себебін түсіндірген жел сөздердің тек сөз күйінде қалғандығын, Россия сияқты, барлық мемлекеттер де шағын және әлсіз халықтардың есебінен баю жөніндегі лас шарттармен байланысты екендігін дәлелдеді. Сайып келгенде, кім күшті болса — бұрынғыдан да гөрі байыды; кім әлсіз болса — жаныштады.

Соғыстың басталғанына жеке адамдарды айыптауға болмайды; қазіргі қырғынды шығардың деп корольдер мен патшаларды айыптау қате,— оны капитал шығарып отыр. Капитализм тұйыққа тірелді. Бұл тұйық империализмнен басқа ештеңе де емес, бүкіл дүние жүзін билеуге бәсекелесушілердің арасындағы соғысты сол туғызып отыр.

Соғыс шағын халықтарды азат ету үшін жарияланды деу барып тұрған өтірік. Екі жыртқыш бұрынғысынша бірін-бірі жалмап қоятындай әлі күнге аңдысып тұр, ал олардың төңірегінде жаншылып жатқан шағын халықтар аз емес.

Сондықтан біз: империалистік қырғыннан құтылудың жолы — азамат соғысы ғана, басқа жол жоқ дейміз.

Біз осыны 1914 жылы айтқан кезде, бізге бұл — кеңістікке тартылған түзу сызыққа ұқсас екен деп жауап берілген еді, бірақ біздің талдауымызды осыдан кейінгі барлық оқиғалардың барысы дәлелдеді. Қазіргі кезеңде біз шовинизм генералдарының армиясыз қалғандығын көріп отырмыз. Жуырда Францияда, соғыстан ең көп зардап шеккен, отан қорғау ұранына тым сергек құлақ тіккен елде,— өйткені жау Париж қақпасының түбінде болатын,— міне осы елде қорғампаздар

күйреп қалды; рас, шовинизм Лонге сияқты ауытқымалы адамдардан күйреп қалды,— дегенмен бұл онша маңызды емес.

Россиядағы революцияның алғашқы күндерінде өкімет тіл мен жаққа сүйенген, ал қалталарында бәз-баяғы патша шарттарын сақтаған мырзалардың қолына түсіп қалғандығын біз білеміз. Ал егер Россияда партиялардың солға қарай дамуы тез өткен болса, онда оған революцияға дейін болған қарғыс атқан режим және біздің 1905 жылғы революциямыз көмектесті.

Ал енді ақылды және есебіне жетік капитализм, қуатты және жүйелі ұйымы бар капитализм үстемдік етіп отырған Европада ұлтшылдық желігінен құтылу баяулау өтіп жатыр. Бірақ дегенмен империалистік соғыстың ұзақ, азапты өліммен өліп бара жатқанын көрмеуге болмайды.

Әбден сенуге болатын хабарларға қарағанда, герман армиясын азғындаушылық ксулеп кетіп, ол армия жалдаптыққа салынып жатқан көрінеді. Басқаша болуы да мүмкін емес. Селт етіп есін жиған солдат мүгедектік пен өлім тек буржуазияның мүдделері үшін ғана болып жатқандығын түсіне бастаған кезеңде,— азғындаушылық бұқара арасына енбей қоймайды.

Басқалардан ұзағырақ және басқалардан төзімдірек шыдаған француз армиясы да азғындаушылық процесінің оған жат еместігін байқатып отыр. Мальвиге болған сот Франциядағы оқиғалардың да пердесін көтеріп, мыңдаған солдаттардың майданға барудан бас тартқанын жария етті[32].

Осының бәрі — Россияда болған оқиғалар секілді оқиғалардың хабаршылары. Тек мәдениетті елдерден біз Россиядағыдан әлдеқайда мейірімсіз азамат соғысының көріністерін көретін боламыз. Мұны Европаның басқа елдерінің бәрінен де ең демократияшыл ел, әйелдер ең тұңғыш рет дауыс беру правосын алған ел Финляндия дәлелдеп отыр,— осы ел қызыл әскерлерді тағылықпен, аяусыз қырып-жойды, бірақ қызыл әскерлер де оңайлықпен берілмеді. Мұның өзі мәдениетті деген елдерді қандай қатал тағдыр күтіп отырғандығын көрсетеді.

Орыс армиясының азғындауы большевиктерден болған нәрсе деп, оларды айыптау қандай масқара нәрсе болғандығын өздеріңіз де көріп отырсыздар.

Біз басқа жұмысшы отрядтарынан бірсыпыра ілгері кеткен жалғыз ғана отрядпыз; оның ілгері кеткендігі басқалардан жақсы болғандығынан емес, біздің буржуазияның зердесіздік саясаты Россияның жұмысшы табына буржуазияның езгісін тез сыпырып тастауға мүмкіндік бергендігінен. Қазір Россияда социалистік құрылыс жолында күресе отырып, біз бүкіл дүние жүзінің социализмі жолында күресеміз. Қазір барлық елдерде, барлық жұмысшы митингілерінде, барлық жұмысшы жиналыстарында әңгіме тек большевиктер туралы болып жатыр, бізді олар біледі; біз қазіргі уақытта бүкіл дүние жүзінің ісін істеп жатқандығымызды, олар үшін жұмыс істеп жатқандығымызды олар біледі.

Жерге меншікті жою барысында, қазіргі кезеңде өнеркәсіпті ұйымдастырумен шұғылданып жатқан кәсіпорындарды, банктерді национализациялау барысында, көптеген қателіктер жасап жатырсыңдар деген жекірулерді жан-жақтан естіп отырмыз. Иә, бірақ жұмысшылар социализмді өздері құрып жатыр, ал біз қандай қателік жасасақ та — осы практикадан үйренеміз және қатесіз революция жасау өнеріне негіз әзірлейміз.

Міне сондықтан да біз сонша құтырынған өшпенділікті көріп отырмыз! Міне сондықтан да француз империализмі контрреволюцияға жәрдемдесуге ондаған, жүздеген миллионды аямай жұмсап жатыр, өйткені мұның өзі жұмысшылар мен шаруалар төлеуден бас тартқан, миллиардтап есептелетін, орыс борыштарын Францияға қайтарады.

Қазіргі кезде бүкіл буржуазиялық баспасөз өзінің беттерін: Халық Комиссарлары Советі Тулаға көшіптіміс, ал бұдан он күн бұрын ол Кронштадтта екен, т. т.; Москва құлау алдында көрінеді-міс, ал Совет өкіметі қашып кетіпті-міс деген сияқты өтіріктермен толтырып көңілдерін жұбатуда.

Бүкіл буржуазия, бұрынғы Романовтардың бәрі, капиталистер мен помещиктердің бәрі чехословактар жа-

ғында, өйткені олар чехословактардың бүлігін Совет өкіметінің құлау мүмкіндігімен байланыстырады. Одақтастар мұны біледі, сондықтан олар ең күшті ұрыстардың бірін жасап жатыр. Олардың Россияда тірегі болмай келген еді, олар мұндай тіректі чехословактардан тапты. Сондықтан чехословактардың бүлігіне жеңілжелпі қарауға болмайды. Бұл бүлік бірсыпыра контрреволюциялық көтерілістерді туғызды, ал кулактар мен ақ гвардияшылардың бірсыпыра бүліктері біздің революциялық тарихымыздағы соңғы беттер болды.

Совет өкіметінің жағдайы ойлапарлық жағдай, бұған көзді жұмып қарауға болмайды. Бірақ айналаға көз салсаңыздар, біздің жеңетіндігімізге деген сенім сіздерді билемей қоймайды.

Германия бірсыпыра жеңілістерге ұшырады, жасыратыны жоқ, бұл жеңілістер — неміс солдаттарының «опасыздығының» салдары; француз солдаттары нағыз қауіпті кезеңде Андриё жолдастың тұтқындалуына байланысты майданға аттанудан бас тартты, сөйтіп әскерлерді аттандыру үшін үкіметтің Андриё жолдасты босатуына тура келді, т. б. және т. б.

Біз көп құрбандыққа ұшырадық. Брест бітімі — ауыр жараның бірі, біз Германияда революция болады деп күткен едік, бірақ ол кезде революция пісіп жетілмеді. Ол енді жетіліп келеді, революция сөзсіз болады және болмай қоймайды. Бірақ Батыста революция қашан болады деп тек ақымақ қана сұрауы мүмкін. Революцияның қашан болатынын есептеп шығару мүмкін емес, революцияны алдын ала айтуға болмайды, ол өзінен-өзі туады. Ол өсіп келеді, тұтанып кетуге тиіс. Февраль революциясынан бір апта бұрын оның бұрқ ете қалатынын кім білген? Есалаң поп халықты патша сарайына[33] бастап бара жатқан кезде, 1905 жылғы революция болады деп сол сәтте кім ойлаған? Ал революция өсіп келеді, ол сөзсіз болуға тиіс.

Революция басталғанға дейін біз де Совет өкіметін сақтауға тиістіміз, біздің қателеріміз батыс пролетариатына, халықаралық социализмге сабақ болуға тиіс. Орыс революциясын ғана емес, сонымен қатар халықаралық революцияны да чехословак майданында сақтап

қалайық. Ал біз қазір генералдар сансыз рет сатып кеткен армия, мейлінше шаршаған армия, міне осы армия біздің жолдастардың, коммунистердің, жұмысшылардың, келуіне байланысты жеңе бастады, дүние жүзілік буржуазиямен күресте революциялық энтузиазм көрсете бастады деген хабарлар алып отырмыз.

Біз өзіміздің жеңіп шығатынымызға, ал жеңіп шыққан соң социализмді қорғап қалатынымызға сенеміз. (Ду овация.)

Қысқаша есеп
1918 ж. 24 августа
«Известия ВЦИК» газетінің
182-номерінде басылған

Бірінші рет
1926 ж. Н. Лениннің
(В. Ульяновтың) Шығармалары
жинағында толық басылған,
XX том, II бөлім

Стенограмма бойынша
басылып отыр

АЛЕКСЕЕВ ХАЛЫҚ ҮЙІНДЕГІ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 23 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Ленин жолдастың келуі көпке дейін басылмаған, ду қол шапалақтаумен қарсы алынды.) Жолдастар, бүгін біздің партия біз — коммунистер не үшін күресіп жатырмыз деген тақырыпта митингілер ұйымдастырып отыр.

Бұл сұраққа ең қысқаша түрде: империалистік соғысты тоқтату үшін және социализм үшін деп жауап беруге болады.

Соғыстың бас кезінде, реакция мен патша өкіметі тұсында, біз бұл соғыс қылмысты соғыс, одан құтылудың бірден-бір жолы империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру болып табылады деп мәлімдеген едік.

Ол кезде империалистік соғыс пен социализмнің арасындағы байланыс көп адамдарға түсініксіз болып көрінген еді, тіпті көптеген социалистер де бұл соғыс, басқа соғыстар сияқты, бітім жасасу арқылы аяқталуға тиіс деп ойлаған еді.

Бірақ төрт жылғы соғыс көп нәрсеге үйретті. Қазір соғыстан құтылудың басқа жолы жоқ екендігі барған сайын айқындала түсіп отыр. Россиядағы революциядан кейін соғысып жатқан елдердің бәрінде революция жетіліп келеді. Мұның бұлай болғандығы неліктен? Бұл сұраққа жауап беру үшін коммунистердің соғысқа көзқарасын және біздің көзқарасымыз тұрғысынан соғысқа берілетін бағаны айқындап алу керек. Патшалар мен капиталистердің жыртқыштық пиғылдарының нәтижесі болып табылған соғыстардың бәрін біз қылмысты

соғыстар деп есептейміз, өйткені олар еңбекші таптар үшін апат, ал үстемдік етуші буржуазияны шаш етектен байытады.

Бірақ жұмысшы табы бірден-бір әділетті соғыстар деп атауға тиіс соғыстар да бар,— бұл құлдықтан, капиталистердің езгісінен азаттық алу жолындағы күрес, ал мұндай соғыстар болуға тиіс, өйткені біз күрессіз азаттыққа жете алмаймыз.

Жерді өзара қалай бөлісу керектігін, бүкіл дүние жүзін тұншықтыруға кім праволы екендігін шешу үшін 1914 жылы немістер мен ағылшын-француздар арасында соғыс басталған кезде, екі лагерьдің екеуінің де капиталистері өздерінің жыртқыштық пиғылдарын «отан қорғау» ұрандарымен бүркеуге тырысты, сөйтіп халық бұқарасын осы түкке алғысыз сөздермен алдарқатты. Осы қырғында миллиондаған адам қаза тапты, миллиондаған адам мүгедек болып қалды. Соғыс дүние жүзілік соғысқа айналды, сондықтан: осы қажетсіз құрбандықтар неге, не үшін болып жатыр?— деген сұрақтар туған үстіне туа бастады.

Англия мен Германия қанға боялды, бірақ соғыстан шығатын жол жоқ: егер соғысты бір империалистік елдер тоқтататын болса, оны басқалары соза береді.

Капиталистер құнығып кетті, олар мейлінше көп тонады. Ал оның бер жағында, армияда азғындаушылық болып жатыр, барлық жерде дезертирлер пайда болды; Италияның таулары дезертирлерге толды, Францияда солдаттар ұрысқа барудан бас тартты, тіпті Германияда да бұрынғы тәртіп төмендеп кетті.

Француз және неміс солдаттары өздерінің майдан шебін өз өкіметтеріне қарсы бұруға, өздерінің қаруын өз үкіметтеріне қарсы жұмсауға тиіс екендігін түсіне бастады, өйтпейінше капиталистік система тұсында қан төгіс соғысты тоқтатуға болмайды; міне барлық елдер жұмысшыларының барлық елдер капиталистеріне қарсы күресті бастауының қажеттігін түсіну осыдан туып отыр.

Социалистік тәртіпті орнату қиынға түседі. Азамат соғысы әлі де көп айларға, мүмкін, тіпті жылдарға созылуға тиіс, мұның өзі орыс адамына түсінікті болуы

керек, өйткені билеуші тапты қандай қиындықпен құлататынын, орыс помещиктері мен капиталистерінің қандай өлермендікпен күресіп жатқанын ол біледі.

Европада жұмысшылары большевиктерге тілектес болмай отырған және олар да, орыс жұмысшыларының істегеніндей, өз үкіметін құлататын мезгіл келетініне сенбей отырған бірде-бір ел жоқ.

Біздің, орыс коммунистерінің, әзірге жалғыз болып отырған себебіміз, біздің отрядымыз басқа отрядтардың алдына шығып кетті, бізді қалған жолдастарымыздан бөліп тастады, бірақ біз бірінші болып көтерілуге тиісті едік, өйткені біздің еліміз ең артта қалған ел болатын. Біздің революциямыз жалпыға ортақ революция ретінде басталды, сондықтан біз өз міндеттерімізді барлық елдердің жұмысшылары мен шаруаларының көмегімен шешетін боламыз.

Біздің міндеттеріміз ауыр және қиын, бізге көптеген керексіз, зиянды элементтер келіп қосылады, бірақ жұмыс басталды, ал егер біз қателер жіберетін болсақ, онда әрбір қатенің өзі біздің көзімізді ашатынын және үйрететінін ұмытпау керек.

Капитализм — халықаралық күш, сондықтан оны бір елде емес, барлық елдерде жеңгенде ғана біржолата жоюға болады. Чехословактарға қарсы соғыс — бүкіл дүние жүзінің капиталистеріне қарсы соғыс.

Жұмысшылар бой көрсетіп, көтеріліп, осы күреске аттануда; Питер мен Москваның жұмысшылары армия сапына тұрып жатыр, сонымен бірге, армияда социализмнің жеңісі үшін күресу идеясы күшейді.

Пролетарлар бұқарасы Советтік республиканың чехословактарды жеңіп шығуын және бүкіл дүние жүзілік социалистік революция басталғанға дейін оның төтеп беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. (Ленин жолдас өзінің сөзін жиналыстың ду қол шапалақтауы және овация жасауы үстінде аяқтады.)

«Известия ВЦИК» № 182, 24 август, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АҒАРТУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I СЪЕЗДЕ[34] 1918 ж. 28 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ленин жолдас залға келгенде жұрттың барлығы орындарынан тұрды. Ұзаққа созылған, ду қол шапалақтау.) Жолдастар! Біз ең қиын, маңызды және қызықты тарихи кезеңдердің бірін— бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның үдей түсуі кезеңін бастан кешіріп отырмыз. Қазір бұл соғыс қалай басталса, солай бітпейтіндігі, яғни ескі империалистік үкіметтер арасында әдеттегі бітім жасасумен бітпейтіндігі тіпті социалистік теориялар мен болжамдардан хабары жоқ адамдарға да айқын болып келеді. Бұл соғыс бүкіл капиталистік қоғамның күйреуіне сөзсіз әкелетінін, бұл соғыс еңбекшілердің қанаушыларға қарсы соғысына айналатынын орыс революциясы көрсетіп берді. Орыс революциясының маңызы міне осында.

Біздің жолымызда тұрған қиындықтар қаншама зор болса да, орыс революциясына қарсы өтірік пен өсектерді тарату үшін барлық елдерде ондаған миллион қаржыны жұмсауға қаншама тырысса да,— бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы орыс революциясы өзінің төл ісі екенін сезеді. Империалистердің бір тобының екінші тобына қарсы соғысымен қатар барлық жерлерде орыс революциясынан үлгі алған жұмысшы табы өз елінің буржуазиясына қарсы жариялаған соғыстар басталады. Қай жағынан алып қарағанда да Австрия мен Италияның революция қарсаңында тұрғандығы, бұл елдерде ескі құрылыстың тым жедел ыдырап бара жатқандығы

байқалады. Германия, Англия және Франция сияқты тұрақтырақ және берігірек мемлекеттерде сәл басқалау және сезілуі кемірек түрде болса да, нақ осы процесс болып жатыр. Капиталистік құрылыс пен капиталистік соғыстың күйрейтіндігі сөзсіз. Герман империалистері социалистік революцияны тұншықтыра алмады. Қызыл Латвиядағы, Финляндиядағы және Украинадағы революцияларды жаныштау Германия армиясын ыдыратуға әкеліп соқтырды. Германияның Батыс майданда жеңілуі көбінесе Германияда қазір ескі армияның жоқтығынан болып отыр. Герман дипломаттарының әзіл ретінде герман солдаттарының «орыстануы» жөнінде айтқаны қазір әзіл емес, олар үшін өкінішті шындық болып отыр. Наразылық білдіру рухы өсіп келеді, «опасыздық жасау» герман армиясында әдеттегі құбылысқа айналып барады. Екінші жағынан, Англия мен Франция өздерінің жағдайын сақтап қалуға ақырғы күштерін салып жатыр. Олар Орыс республикасына тарпа бас салып отыр, сөйтіп капитализмнің ішегін қатты бұрағандары соншалық, олар енді үзіле бастады. Жұмысшы бұқарасының пиғылында, тіпті буржуазиялық баспасөз органдарының мойындауынша да, шүбәсыз өзгеріс туды: Францияда «отан қорғау» идеясы күйрей бастады, Англияның жұмысшы табы «азаматтық татулықтан» қол үзетіндігін жариялады. Міне мұның өзі ағылшын және француз империалистерінің ең соңғы картасын салғандығын көрсетеді, ал біз — бұл карта басылады дегенді кәміл сеніммен айтамыз. (Ду қол шапалақтау.) Большевиктер азшылыққа сүйенеді деп белгілі бір топтар қаншама байбалам салса да, большевиктермен күресу үшін Россияда олардың ішкі күштері жоқ екенін, сондықтан олар шетелдің араласуына қол артуға мәжбүр екенін өздері мойындауға тиіс. Сонымен, Франция мен Англияның жұмысшы табы көрінеу басқыншылық соғысқа қатысуға мәжбүр болып отыр, бұл соғыстың мақсаты — орыс революциясын тұншықтыру. Міне мұның өзі — ағылшын-француз империализмі, демек, дүние жүзілік империализм де ақтық демін шығаруда деген сөз. (Ду қол шапалақтау.)

Халықтың өзі соғысты тоқтатқан және өзі ескі армияны талқандаған елде қайтадан соғыс жағдайын тудыру қаншама қиынға түскен болса да, шиеленіскен азамат соғысы процесінде армияны ұйымдастырып алу қаншама қиынға түскен болса да,— біз барлық қиындықтарды жеңдік. Армия құрылды, ал чехословактарды, ақ гвардияшыларды, помещиктерді, капиталистерді және кулактарды жеңу қамтамасыз етілді. (Ду қол шапалақтау.) Еңбекші бұқара соғысты ат төбеліндей капиталистердің мүдделері үшін емес, өздерінің төл ісі үшін жүргізіп жатқандығын түсінеді. Орыс жұмысшылары мен шаруалары фабрикаларды және жерді өздері билеуге тұңғыш рет мүмкіндік алды, ал бұл тәжірибе олар үшін нәтижесіз кеткен жоқ. Біздің армиямыз таңдаулы элементтерден, саналы шаруалар мен жұмысшылардан құралды. Әркім майданға барғанда мен тек орыс революциясының тағдыры үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықаралық революцияның тағдыры үшін де күресемін деген санамен барды, өйткені орыс революциясы бірсыпыра революциялардың — соғыс сөзсіз осындай революциялармен тынады — тек үлгісі ғана, тек бірінші қадамы ғана екендігіне біздің сенуімізге болады.

Біздің қазіргі жүргізіп жатқан күресіміздің құрамдас бөлектерінің бірі — халыққа білім беру ісі. Екіжүз ділік пен өтірікке біз толық және ашық шындықты қарсы қоя аламыз. Соғыс буржуазия бүркеніп келген «көпшіліктің еркі» дегеннің не екенін айқын көрсетті, соғыс ат төбеліндей плутократтар өздерінің мүдделері үшін халықтарды қырғынға салып отырғанын көрсетті. Буржуазиялық демократия көпшілікке қызмет етеді деген сенім енді біржолата құрыды. Европа үшін жаңалық болған, ал өзімізге өткен 1905 жылғы революция тәжірибесінен түсінікті біздің Конституция, біздің Советтер олардың демократизмінің бүкіл өтірігі мен екіжүзділігін әшкерелейтін үгіттік және насихаттық жақсы мысал болады. Біз еңбекшілер мен езілгендердің үстемдігін ашықтан-ашық жарияладық — бұл біздің күшіміз және біздің жеңілмейтіндігіміздің қайнар көзі болып табылады.

Халыққа білім беру саласында да тап осындай болды: буржуазиялық мемлекет неғұрлым мәдениетті болған сайын ол мектеп саясаттан тыс бола алады және бүкіл қоғамға қызмет ете алады деп өтірікті соғұрлым шебер айтты.

Шындығына келгенде мектеп түгелімен буржуазияның таптық үстемдігінің құралына айналдырылған еді, ол түгелдей касталық буржуазиялық рухқа толы болды, оның мақсаты капиталистерге елгезек малайлар мен ұғынғыш жұмысшылар даярлап беру болды. Соғыс қазіргі техниканың кереметтері миллиондаған жұмысшыларды қырудың және соғыстан олжа түсіретін капиталистердің шектен тыс баюының құралы болып қызмет ететінін көрсетті. Соғыс ішкі жағынан әлсіреді, өйткені біз олардың өтіріктерін әшкереледік, оған шындықты қарсы қойдық. Біздің мектеп саласындағы ісіміз де сол буржуазияны құлату жолындағы күрес дейміз біз; мектепті өмірден тыс, саясаттан тыс деудің өтірік және екіжүзділік екенін ашықтан-ашық мәлімдейміз. Ескі буржуазиялық мәдениеттің ең білімді өкілдерінің жариялаған саботажы деген не еді? Бұл адамдар білімді «төменгілер» деп аталатындарға өздерінің үстемдігін жүргізу құралына айналдырып, оны өзінің монополиясы деп есептейтіндігін саботаж қандай үгітшіден де гөрі, біздің барлық сөздеріміз бен мыңдаған кітапшаларымыздан да гөрі айқынырақ көрсетті. Олар өздерінің білімін социалистік құрылыс ісін сәтсіздікке ұшырату үшін пайдаланды, еңбекшілер бұқарасына ашықтан-ашық қарсы шықты.

Орыс жұмысшылары мен шаруалары революциялық күресте біржола тәрбиеленіп шықты. Олар тек біздің құрылыс қана оларға шын үстемдік беретіндігін көрді; жұмысшылар мен деревня кедейлері кулактардың, помещиктердің және капиталистердің қарсылығын біржолата жапыштай алатын болуы үшін мемлекеттік өкімет түгелдей және толық көмек көрсететіндігіне олардың көзі жетті.

Еңбекшілер білімге ұмтылуда, өйткені білім оларға жеңіс үшін қажет. Білім олардың азаттық алу жолындағы күресінде құрал болып табылатындығын, олардың

сәтсіздіктері білімнің аздығынан екендігін және ағарту жұмысын жұрттың бәрінің шын қолы жетерлік іс ету енді олардың өздеріне байланысты екендігін еңбекші бұқараның оннан тоғызы түсінді. Біздің ісіміз, жаңа, социалистік Россияны құру ісі қамтамасыз етіледі, оны бұқара өз қолына алды. Бұқара өздерінің тәжірибесінен, өздерінің сәтсіздіктері мен қателерінен үйренуде, олар өздерінің жүргізіп жатқан күресін жеңіспен аяқтау үшін ағарту жұмысының қаншалықты қажеттігін көріп отыр. Көптеген мекемелердің күйреуге ұшыраған тәрізді болып көрінуіне және саботажшы интеллигенцияның масайрауына қарамастан, күрес тәжірибесі бұқараға өз тағдырын шешуді өз қолына алуды үйреткендігін көріп отырмыз. Халыққа сөз жүзінде емес, іс жүзінде тілектестік білдірушілердің бәрі, мұғалімдердің таңдаулы бөлегі, көмекке келеді,— социализм ісінің жеңіп шығатындығына біз үшін шын кепілдің бірі осы. (**Овация.**)

Қысқаша есеп
1918 ж. 29 августа
«Вечерние Известия
Московского Совета»
газетінің 35-номерінде
басылған

Бірінші рет
1919 ж. мына кітапта
толық басылды:
«Ағарту ісі жөніндегі
Бүкіл россиялық I съездің
протоколдары»

Кітаптың тексті бойынша
басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫНЫҢ ЕСЕП БЕРУІ ТУРАЛЫ

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ[35]

Өздерінің 1917 жылғы 25 октябрьден бергі қызметтері туралы бір аптаның ішінде қысқаша, екі баспа беттен бес баспа бетке дейін, есеп жазу барлық комиссариаттарға тапсырылсын.

Бұл есептер өте-мөте түсінікті болып жасалуға тиіс және жұмысшы ұйымдары мен пролетариат өкілдерінің басқару ісіндегі ролі туралы фактілерге, социалистік сипаттағы ірі-ірі шараларға және буржуазияның қарсылығын басып-жаншу жолындағы күреске ерекше назар аударылуы керек.

Бүкіл россиялық төтенше комиссияға да осы тапсырылады.

Өзінің қызметі (әсіресе Конституция мен Советтер съездерінің қорытындылары) туралы дәл осындай қаулы алу Орталық Атқару Комитетінің Президиумынан сұралсын.

2

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫНА ХАТ

29. VIII. 1918 ж.

Халық Комиссарлары Советінің 29 августағы, *апталық мерзімде есеп беру* туралы қаулысын орындау жөніндегі мәселе бойынша мынадай тілек білдіргім келеді: *Өте-мөте түсінікті* болуға тиісті есептерде әсіресе мыналарды атап өту қажет:

а) бұқараның жағдайының жақсаруы (**жұмысшылар, халық** мұғалімдері, т. т. үшін жалақының артуы)

б) жұмысшылардың (өзі үздік шыққан жұмысшылардың және жұмысшы ұйымдарының, т. т.) басқару ісіне қатысуы

в) ең кедей шаруалардың басқару ісіне қатысуы және Совет өкіметінің кулактарға қарсы күресіне жәрдемдесуі

г) помещиктерді, капиталистерді, саудагерлерді, финансистерді, т. т. экспроприациялау.

Басты міндет — Совет өкіметінің социализмге бағытталған белгілі *(алғашқы)* қадамды *нақ қалай* жасағандығын *нақты* түрде, фактілермен көрсету.

Ленин

1918 ж. 29 августа жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БАСМАННЫЙ АУДАНЫНДАҒЫ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 30 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[36]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Социал-келісімпаздардың қолдауымен буржуазия февральдан октябрьге дейін революциялық Россияда үстемдік етіп, уақытша қожа болды.

Милюков — Гучков үкіметінің алғашқы адымдарынан бастап-ақ халық бұқарасын буржуазияның қайда бастап бара жатқандығы халыққа айқын бола бастады. Бірақ шын мәнінде халық құлатқан патшаның саясатын жүргізе берген орыс капиталистері мен помещиктерінің опасыздық ісін,— социалистер ретінде көрінген, ал іс жүзінде ағылшын-француз биржасының пайдасына бола социализмді сатып кеткен меньшевиктер мен эсерлер бүркемелеп отырды.

Октябрь көтерілісі лақтырып тастаған, революциядан ысырылып тасталған келісімпаздар Украинада, Кавказда, Сибирьде, Волгада өздерінің үйреншікті жұмыстарына кірісті. Олар, ақырында, бұл жерлердегі Советтерді құлатты, ал большевиктік қайраткерлерді чехословак жалдамалылар мен ақ гвардияшылардың азапқа салуына берді.

Ал бұл жерлерде, Советтер құлаған орындарда біз нені көріп отырмыз? Капиталистер мен помещиктердің толық салтанат құрғанын, жұмысшылар мен шаруалардың зар илеп, лағынет айтып отырғанын көріп отырмыз. Жер дворяндарға, фабрикалар мен заводтар бұрынғы иелеріне берілген. Сегіз сағаттық жұмыс күні жойылған, жұмысшы және шаруа ұйымдары таратылған, ал олар-

дың орнына патша земстволары мен ескі полициялық өкімет қайта орнатылған.

Өкімет мәселесі жөнінде әлі де қобалжып жүрген әрбір жұмысшы мен шаруа Волгаға, Сибирьге, Украинаға көз жіберсін, сонда айқын және анық жауап өзінен-өзі шыға келеді. (Көпке дейін басылмаған дуовация.)

«Правда» № 185, 31 август, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БҰРЫНҒЫ МИХЕЛЬСОН ЗАВОДЫНДАҒЫ МИТИНГІДЕ 1918 ж. 30 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[37]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Ду қол шапалақтау, овация.) Біздерді, большевиктерді, теңдік пен туысқандық девизінен бас тартасыңдар деп үнемі кінәлаумен келеді. Осы жөнінде айқын түсінісіп көрейік.

Патша өкіметінің орнын қандай өкімет басты?— гучковтық-милюковтық өкімет басты; бұл өкімет Россияда Құрылтай жиналысын шақыра бастады. Ал мыңдаған жылғы бұғаудан босанған халыққа пайдасы тиерліктей осы жұмыстың тасасында шынында не бар еді? Ол мынау еді: Гучковтың және басқа қамқоршылардың тасасына өздерінің империалистік міндеттерін көздеген бір топ капиталистер жиналған болатын. Ал Керенскийдің, Черновтың және басқалардың компаниясы орын тепкен кезде, тәлтіректеген және түп негізінен айрылған бұл үкімет өзіне жақын буржуазияның түпкі мүдделерін ғана ойлады. Өкімет іс жүзінде кулактарға көшті, өкімет еңбекші бұқараға ештеңе бермеді. Басқа елдерде де осындай жағдайды көріп отырмыз. Ең азат, цивилизациялы ел деген Американы алайық. Онда демократиялық республика бар. Ал болғанда ше? Ат төбеліндей миллионерлер емес, миллиардерлер тобы арсыздықпен үстемдік етеді, ал бүкіл халық құлдықта және еріксіздікте өмір сүреді. Егер фабрикалар, заводтар, банктер және елдің барлық байлығы капиталистердікі болып отырса, ал демократиялық республикамен қатар біз миллиондаған еңбекшілердің крепостниктік құлдықта болуы мен сұмдық қайыршылығын көріп

отырсақ, онда: сіздердің мақтаулы теңдігіңіз бен туысқандығыңыз қайда?— деген сұрақ туады.

Жоқ! «Демократтар» үстемдік еткен жерде бүркеніпсіз, нағыз тонаушылық болмай қоймайды. Демократиялар деп аталынатындардың шын табиғатын біз білеміз.

Француз республикасының, Англияның және басқа демократияның құпия шарттары бізге бүкіл істің мәні мен астарын айқын ашып көрсетті. Бұлардың мақсаттары мен мүдделері де нақ Германиянықі секілді қылмысты-тонаушылық мақсаттар. Соғыс біздің көзімізді ашты, сөйтіп біз отанды қорғаушылардан арсыз жыртқыш пен тонаушының қалай шығып жатқанын айқын көріп отырмыз. Жыртқыштың бұл шабуылына революциялық қимыл, революциялық творчество қарсы қойылуға тиіс. Рас, мұндай ерекше уақытта біріктіруді жүзеге асыру, әсіресе революцияшыл шаруа элементтерін біріктіруді жүзеге асыру өте қиын, бірақ біз революция авангардының — фабрика-завод пролетариатының творчестволық күші мен әлеуметтік қажырына сенеміз. Демократиялық республика мен Құрылтай жиналысы туралы жалған елес миға сіңіп тұрғанда, міне осылай болып тұрғанда, жұмысшыларды апатқа ұшырататын соғыс мақсаттарына күн сайын 50 миллион сом бұрынғыша жұмсала береді, жұмысшылар капиталистік езгіден ешқашан құтыла алмайды, мұны олар өте жақсы түсінді. Осыны түсінген соң, жұмысшылар өздерінің Советтерін құрды.

Дәл сондай-ақ нақты, шын өмір жұмысшыларға мынаны түсінуді үйретті: помещиктер сарайлары мен керемет ғимараттарында сән-салтанатпен жайғасып отырғанда, міне осылай болып отырғанда, жиналыстар бостандығы дегеніңіз жалған нәрсе, о дүниеде жиналу бостандығы болып табылады. Ойланыңыздаршы, жұмысшыларға бостандық беруге уәде етіп, сонымен қатар сарайларды, жерді, фабрикаларды және барлық байлықты капиталистер мен помещиктердің қолында қалдырудан бостандық пен теңдіктің иісі де сезілмейді емес пе. Біздің: әрбір еңбек ететін адам ғана өмір игіліктерімен пайдалануға праволы деген бір ғана ұранымыз, бір ғана девизіміз бар емес пе. Еңбекші халықтың

қанын сорушы арамтамақтар, паразиттер бұл игіліктерден айрылуға тиіс. Сондықтан біз: бәрі — жұмысшыларға, бәрі — еңбекшілерге тиісті! — деп жариялаймыз.

Біз мұның бәрін жүзеге асырудың қандай қиын екенін білеміз, буржуазия тарапынан жанталасқан қарсылық болатынын білеміз, бірақ пролетариаттың түбінде жеңетіндігіне сенеміз, өйткені соғыстың империалистік дауылының сұрапыл апаттарынан құтылып шыға алған және өзі тас-талқан еткен үйдің орнына социалистік революция үйін тұрғыза білген пролетариат жеңбей қоймасқа тиіс.

Ал, шынында да, барлық жерде күштер топтастырылып жатыр. Жерге жеке меншікті жоюымыздың арқасында, қазір қала мен деревня пролетариатының нақты бірігуі жүріп жатыр. Жұмысшылардың таптық санасының оянуы Батыста да барған сайын айқын көрінуде. Англияның, Францияның, Италияның және басқа елдердің жұмысшылары дүние жүзілік революция ісінің таяудағы салтанатын дәлелдейтін үндеу хаттар жазып, талаптар қоюды барған сайын күшейтуде. Сондықтан біздің бүгінгі таңдағы міндетіміз: қарақшы буржуазияның екіжүзділік, арсыздық айқайлары мен зар-қақсауларының бәрін масқаралай отырып, өзіміздің революциялық жұмысымызды істей беру. Біз барлық күшті чехословак майданына салуға, сөйтіп бостандық пен теңдік ұрандарын бүркеніп отырған және жұмысшылар мен шаруаларды жүздеп, мыңдап атып-асып жатқан бүкіл осы бандыны жаншып тастауға тиістіміз.

Бізде бір ғана жол бар: не жеңіс, не өлім!

«Известия ВЦИК» № 188,
1 сентябрь, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ҚАЗАНДЫ АЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Қазан, Троцкийге

Қызыл Армиялардың тамаша жеңісін зор қуанышпен құттықтаймын.

Бұл жеңіс жұмысшылар мен революцияшыл шаруалар одағының буржуазияны ақырына дейін талқандайтындығының, қанаушылардың қандай қарсылығын болса да жеңетіндігінің және бүкіл дүние жүзілік социализмнің жеңісін қамтамасыз ететіндігінің кепілі болсын.

Дүние жүзілік жұмысшы революциясы жасасын!

Ленин

1918 ж. 11 сентябрьде жазылған

1918 ж. 12 сентябрьде «Правда» газетінің 195-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 197-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРЛЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУ ҰЙЫМДАРЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДИУМЫНА ХАТ[38]

17. IX. 1918 ж.

Қымбатты жолдастар! Ізгі ниет білдіргендеріңіз үшін сіздерге шын жүрегімнен алғыс айтамын және өз тарапымнан өздеріңіздің жұмыстарыңызда сіздердің ең жақсы табыстарға жетулеріңізді тілеймін.

Социалистік революция жеңісінің басты шарттарының бірі капитализмнен социализмге өту кезінде жұмысшы табының *үстем болуын* осы таптың ұғынуы және жүзеге асыруы болып табылады. Осы өтпелі кезең үстінде барлық еңбекшілер мен езілгендер авангардының, яғни пролетариаттың, *үстемдігі* таптарды толық жою үшін, қанаушылардың қарсылығын басу үшін, капитализм езген, жаныштаған, тоз-тоз еткен бүкіл еңбекшілер мен езілгендер бұқарасын қала жұмысшыларының төңірегіне *біріктіріп,* олармен тығыз одақтастыру үшін қажет.

Біздің табыстарымыздың бәрі жұмысшылардың осыны түсінгендігінен және өздерінің Советтері арқылы мемлекетті *басқаруды* қолдарына алғандығынан туып отыр.

Бірақ жұмысшылар мұны әлі де болса *жеткілікті түрде* түсінген жоқ, сондықтан мемлекетті *басқаруға жұмысшыларды* жоғарылату ісінде олар көбінесе тым *жасқаншақ* болып жүр.

Мемлекет басқару үшін күресіңіздер, жолдастар! Пролетарлық мәдени-ағарту ұйымдары бұл іске көмек-

тесетін болсын. Социалистік революцияның бұдан былайғы табыстары мен түпкілікті жеңісінің кепілі — міне осында.

Сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

«Правда» № 201,
19 сентябрь, 1918 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАДТАҒЫ КОМАНДИРЛЕР ҚҰРАМЫ КУРСЫНА ТЕЛЕГРАММА

18. IX. 1918 ж.

Петроград. Васильев аралы. Кадеттік линия, 3.
Округтік комиссарға

Қызыл Армияның командирлер құрамы курсын бүгін бітіргелі отырған және армия қатарына басшылар ретінде қосылғалы отырған 400 жұмысшы жолдастарды құттықтаймын. Россиялық және дүние жүзілік социалистік революцияның табысқа жетуі жұмысшылардың мемлекетті басқаруды және капиталдың езгісін құлату үшін күресіп жатқан еңбекшілер мен езілгендер армиясына қолбасшылықты қандай жігермен қолға алуына байланысты. Сондықтан мен осы төрт жүзден тағы да мың-мыңдаған жұмысшылар үлгі алады, ал мұндай әкімдер мен командирлер болып тұрғанда, коммунизмнің жеңісі қамтамасыз етіледі деп сенемін.

Халық Комиссарлары Советінің
Председателі *Ленин*

«Правда» № 201, 19 сентябрь, 1918 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ГАЗЕТТЕРДІҢ СИПАТЫ ЖӨНІНДЕ

Ескі тақырыптарға арналған саяси үгітке,— саяси мылжыңға,— тым көп орын беріліп жүр. Жаңа өмір құрылысына — фактілерге, факт болғанда осы жөніндегі фактілерге, өлшеусіз аз орын беріліп жүр.

Буржуазия малайлары меньшевиктердің опасыз сатқындығы сияқты, капиталдың қасиетті праволарын қалпына келтіру үшін жасалған ағылшын-жапон шапқыншылығы сияқты, американ миллиардерлерінің Германияға тіс қайрауы, т. т., т. с. сияқты жай, жалпыға мәлім, айқын, бұқара қазір едәуір дәрежеде түсініп отырған құбылыстар туралы 200—400 жолдың орнына неге 20—10 жол жазып отырмасқа? Бұл туралы айтып отыру керек, бұл жөніндегі әрбір жаңа фактіні көрсетіп отыру керек, бірақ мақалалар жазып, пайымдауларды қайталай бермеу керек, бұрыннан мәлім, бұрын бағаланған ескі саясаттың жаңа көріністерін бірнеше жолмен, «телеграфтық стильде» масқаралап отыру керек.

Буржуазиялық баспасөз «буржуазиялық ескі ізгі уақытта» «қасиеттінің де қасиеттісіне»— жеке меншік фабрикалардағы, жеке меншік шаруашылықтардағы істердің ішкі жайына жоламайтын. Бұл әдет буржуазияның мүдделеріне сай келетін. Бұл әдеттен біз батыл арылуымыз керек. Біз одан *арылмай* отырмыз. Бізде газеттердің типі капитализмнен социализмге өтетін қоғамда өзгеруге тиісіндей болып әлі өзгер*мей* отыр.

Саясат туралы азырақ жазу керек. Саясат толығымен «айқындалды» және ол енді екі лагерьдің: көтеріліс жасаған пролетариат пен ат төбеліндей құл иеленушікапиталистердің (олардың меньшевиктер және басқа да

сұмырайларын қоса алғанда) күресіне келіп сайып отыр. Бұл саясат туралы, қайталап айтайын, мүлде қысқа ғана айтуға болады және солай айтылуға тиіс.

Экономика туралы көбірек жазу керек. Бірақ «жалпы» пайымдаулар, білімпаздық шолулар, интеллигенттік жоспарлар және т. с. сияқты мағынадағы экономиканы емес, жоқтан өзгені емес — олар, амал не, көбіне-көп нақ осындай жоқтан өзгелер болып жүр. Жоқ, бізге жаңа өмірдің шын құрылысының фактілерін жинастыру, *ұқыпты түрде тексеру* және зерттеу мағынасындағы экономика керек. *Іс жүзінде* ірі фабрикалардың, егіншілік коммуналарының, кедейлер комитеттерінің, жергілікті халық шаруашылық советтерінің жаңа экономика құруда табыстары бар ма? Ол табыстары нақ қандай табыстар? Ол табыстары дәлелденген бе? Мұнда бос мылжың, мақтаншақтық, интеллигенттік уәделер («жолға қойылып жатыр», «жоспар жасалды», «күшті жұмылдырып жатырмыз», «енді кепіл боламыз», «жақсарғаны сөзсіз», т. с. шарлатандық жел сөздер; мұндай сөздерге «біз» сондай шеберміз ғой) жоқ па? Бұл табыстарға қалай қол жеткен? Ол табыстарды қайткенде ұлғайта түсуге болады?

Национализациялаудан кейін ыдыраудың, құлдыраудың, ластықтың, бұзақылықтың, арамтамақтықтың үлгісі болып артта қалып отырған фабрикаларға арналған қара тақта қайда? Ол жоқ. Ал мұндай фабрикалар *бар*. Біз осындай «капитализм дәстүрлерін сақтаушыларға» қарсы *соғыс* ашпайынша, өз борышымызды орындай алмаймыз. Мұндай фабрикалардың болуына үндемей төзіп отыра беретін болсақ, біз коммунистер емеспіз, жасық адамдармыз. Біз газет бетінде тап күресін буржуазияның жүргізгеніндей етіп жүргізе білмей отырмыз. Буржуазияның баспасөз бетінде *өзінің* тап жауларын қандай керемет *қуғындағанын*, оларды қалай қорлағанын, оларды қалай масқаралағанын, оларды қалайша жарық дүниеге сыйғызбағанын еске түсіріңіздерші. Ал біздер ше? Әлде капитализмнен социализмге өту дәуірінде тап күресі дегеніміз капитализмнің дәстүрлеріне (әдеттеріне) мықтап жармасып алған және Совет мемлекетіне бұрынғыша: «оған» аз және нашар

жұмыс істеп беріп,— «одан» көбірек ақша алу керек деп қарайтын жұмысшы топсымақтарынан, топтарынан, жіктерінен жұмысшы *табының* мүдделерін қорғау емес пе. Әлде, ең болмағанда, совет баспаханаларындағы әріп терушілер арасында, Сормово, Путилов жұмысшылары, т. т. арасында мұндай оңбағандар аз ба? Олардың қаншасын біз ұстап алдық, қаншасын әшкерeледік, қаншасын қара бет етіп масқараладық?

Баспасөз бұл жөнінде үндемейді. Ал егер жаза қалса, *революциялық* баспасөзше, капиталистердің және капиталистік әдеттерді сақтаушы арамтамақтардың қарсылығы темірдей берік қолмен басылып-жаншылатындығын өз істерімен дәлелдейтін тап *диктатурасының* органынша жазбай, үстірт, чиновникше жазады.

Соғыс туралы да осылай. Қорқақ қолбасшылар мен ашық ауыздарды біз қудалап отырмыз ба? Түкке тұрғысыз полктерді біз Россия алдында қараладық па? Жарамсыздығы үшін, салақтығы үшін, кешігіп қалғандығы, т. б. үшін армиядан әйгілеп қуылатын жаман үлгілерді біз жетерліктей «ұстап алдық па»? Бізде *нақ* залал тигізушілерге қарсы іскерлік, аяусыз, шын революциялық *соғыс* жоқ. Бізде өмірдің барлық саласының жанды, нақты мысалдары мен үлгілері арқылы *бұқараны тәрбиелеу* кем, ал бұл — капитализмнен коммунизмге өту кезінде баспасөздің басты міндеті. Бізде жаңалық бәрінен де көп жасалып жатқан, бәрінен де көп көңіл бөлу, жариялау, қоғамдық сын, жарамсыздықты қудалау, жақсыдан үйренуге шақыру керек болып отырған фабрика ішіндегі, деревня ішіндегі, полк ішіндегі өмірдің *күнделікті* жағына көңіл аз бөлінеді.

Саяси мылжың аз болсын. Интеллигенттік пайымдаулар аз болсын. Өмірге жақындай түсу керек. Жұмысшы және шаруа бұқарасы өзінің күнделікті жұмысында *жаңа* нәрсені *іс жүзінде* қалай құрып жатқандығына көбірек көңіл бөлінсін. Осы жаңа нәрсенің қаншалық *коммунистік сипатта екендігі* көбірек *тексерілсін*.

«Правда» № 202,
20 сентябрь, 1918 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің текcті бойынша басылып отыр

МОСКВА-КИЕВ-ВОРОНЕЖ ТЕМІР ЖОЛЫНДАҒЫ ТЕМІРЖОЛШЫ ЖОЛДАСТАРҒА

Құттықтауларыңыз, ізгі тілектеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтамын және, өз тарапымнан, социалистік құрылыс ісінде әр алуан табысқа жетулеріңізді тілеймін. Темір жол жұмысшылары мен қызметшілерінің пролетарлық бұқарасы саботаждық қана емес, сондай-ақ синдикалистік пиғылдар мен әрекеттерді де жеңуге тиіс, ол бұларды жеңеді деп мен сенемін.

Коммунистік сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

Москва. 20. IX.1918.

1918 ж. 15 октябрьде «Вестник Главного Военно-Революционного Комитета Московско-Киево-Воронежской Железной Дороги» (Курск) журналының 33-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СЕЛОЛЫҚ ҚОЖАЙЫНДАРҒА ЗАТТАЙ САЛЫҚ САЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ ЖӨНІНДЕ[39]

1

ДЕКРЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жобаны 4 күн ішінде мына түрде қайта өңдеу керек:

1) Мейлінше түсінікті кіріспе берілсін
   (α) артық астық және теңгермешілдік
   (жерді социализациялау туралы заңның 17, 12 және басқа статьялары[40])
   NB ||| (β) буржуазияны толық экспроприациялау
   NB ||| (γ) бай шаруаны экспроприацияламау керек, қайта әділетті түрде, мықтап *салық салу*
   (δ) орта шаруаларға — жеңілірек салық салу
   (ε) кедей шаруаларға — ешқандай салық салмау.
2) Заңның өзіне кедей шаруалар (ешқандай салық салынбайтын), орта шаруалар (өте жеңіл салық салынатын) және бай шаруалар деген жіктеу енгізілсін.
3) Кедейлердің %-ті 40% <, орташалардікі 20% < болмауы керек.
4) Орташаларға салынатын салық *мейлінше* көбірек кемітілсін.
5) Облыстық совет ұйымдары байларға салынатын салық нормаларын өзгерту туралы мәселе көтере алады.
6) Кедейлерге жинаған астығының бір бөлегін (азыққа және тұқымға) алуына право берілсін.

2

ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

NB

(1) 2 миллионның бәрі бірдей кулактар емес.

(2) Бай шаруаның өте ауқатты болуы мүмкін, бірақ кіріптарлыққа салушы және басқадай болмауы мүмкін.

(3) Капиталистерді біз экспроприациялап, конфискелейміз,— ал бай шаруаны олай *е т п е й м і з*.

(4) Кулактарды көтеріліс жасағаны, қарсылық көрсеткені үшін — конфискелеу.

1918 ж. 21 сентябрьде жазылған

Бірінші рет негізгі ережелер 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында; ескертпелер 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕНЗА ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ ЖӘНЕ I АРМИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА[41]

Пенза губерниялық атқару комитетіне
және I Армияның революциялық-әскери советіне

Симбирскінің — менің туған қаламның — алынуы — менің жарама ең шипалы, ең жақсы дауа. Мен көңілім соншалық сергіп, күшіме күш қосылғанын сезіп отырмын. Қызыл әскерлерді жеңіспен құттықтаймын және оларға барлық құрбандықтары үшін бүкіл еңбекшілер атынан алғыс айтамын.

Ленин

1918 ж. 25 сентябрьде «Петроградская Правда» газетінің 209-номерінде (адрессіз, датасыз және қол қойылмай) басылған

1935 ж. 27 январьда «Красная Звезда» газетінің 22-номерінде толық басылған

«Красная Звезда» газетінің текстімен салыстырылған «Петроградская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚАЗАНДЫ АЛУҒА ҚАТЫСҚАН ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРГЕ ХАТ[42]

Жолдастар! Қазанды алудың бүкіл орыс революциясы үшін қандай орасан зор маңызды болып отырғандығы сіздерге қазірдің өзінде белгілі; мұның өзі біздің армиямыздың көңіл-күйіне өзгеріс туғызды, армияны берік, батыл жеңімпаз қимылдарға көшірді. Сіздердің ұрыстарда шеккен ауыр құрбандықтарыңыз Советтер республикасын сақтап қалады. Империалистермен күресте республиканың беріктігі, Россияда және бүкіл дүние жүзінде социализмнің жеңуі армияның нығаюына байланысты. Ер жүрек совет әскерлерін, қанаушылықты жою үшін күресіп жатқан езілгендер авангардының армиясын шын жүрегімнен құттықтаймын және бұдан былай да табысты болуын тілеймін.

Жолдастық және коммунистік сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

1918 ж. 22 сентябрьде жазылған

1918 ж. 29 сентябрьде «Знамя Революции» газетінің (Қазан) 177-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ 1918 ж. 3 ОКТЯБРЬДЕ ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІ МЕН КӘСІПТІК ОДАҚТАР ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТКІЗГЕН БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНЕ ХАТ[43]

Германияда саяси дағдарыс туды. Үкіметтің де, түгелімен барлық қанаушы таптардың да үрейленіп сасқалақтауы бүкіл халық алдында байқалып отыр. Соғыс жағдайының үмітсіздігі және үстем таптарды еңбекшілер бұқарасының қандай да болсын қолдауының жоқтығы бірден байқалды. Бұл дағдарыс не революцияның басталғандығын, не, ең болмағанда, оның болмай қалмайтындығын және таяу екендігін енді бұқара өз көзімен көре бастады деген сөз.

Үкімет моральдық жағынан отставкаға шықты, сөйтіп әскери диктатура мен коалициялық кабинет арасында ауытқып аласұрып жүр. Бірақ әскери диктатура, шын мәнінде, соғыстың басында-ақ байқап көрілген болатын, дәл қазіргі шақта ол жүзеге асырылудан қалды, өйткені армия сенімсіз болып отыр. Шейдемандар мен К°-ні кабинетке тарту,— біздегі меньшевиктер мен эсерлер сияқты, Англиядағы Гендерсондар мен Сидней Веббтер сияқты, Франциядағы Альбер Томалар мен Ренодельдер, т. с. сияқты буржуазияның бұл малайларының, бұл сатқын адамсымақтардың бейшаралық дәрменсіздігінің бәрі ақырына дейін әшкереленген кезде,— революциялық дүмпуді тек тездете түседі, оны неғұрлым кең, неғұрлым саналы, неғұрлым берік, неғұрлым батыл ете түседі.

Германиядағы дағдарыс жаңа ғана басталды. Ол саяси өкіметтің герман пролетариаты қолына сөзсіз көшуімен аяқталады. Россия пролетариаты оқиғаларға аса зор

көңіл бөліп, қуанышпен көз тігіп отыр. Барлық тактикасын бүкіл дүние жүзілік жұмысшы революциясын қолдауға негіздеп құрған және әр түрлі аса ауыр құрбандықтар шегуден қорықпаған большевиктердің дұрыс істегенін енді түрлі елдердің жұмысшыларының тіпті ең көр соқырлары да көреді. Брест бітімін бейне бір бұзу үшін ел тонаушы ағылшын-француз буржуазиясымен одақ жасасуға бара отырып, меньшевиктер мен эсерлердің социализмге қандай шексіз сұрқия опасыздық істегенін енді тіпті ең қараңғы адамдар да түсінеді. Ал енді, әлбетте, Германияның ішкі антиимпериалистік күштері қайнап, буырқана бастап отырған кезеңде,— герман буржуазиясының өкілдері Брест бітімін жасасқаны жөнінде өз халқы алдында ақтала бастап отырған, саясатты «өзгерту» шараларын іздене бастап отырған кезеңде,— Совет өкіметінің Брест бітімін бұзу, жою әрекеттерін істеумен неміс империалистеріне көмектесуді ойға да алмайтыны түсінікті.

Бірақ Россия пролетариаты оқиғаларға тек көңіл бөліп, қуанышпен көз жіберіп қана отырған жоқ. Россия пролетариаты құлдықтан бостандыққа өту жолында ең ауыр сындар, ең қиын өткелдер күтіп тұрған, *әрі өзінің, әрі ағылшын империализмімен* нағыз табан тірескен *күрестер* күтіп тұрған *неміс жұмысшыларына көмектесу үшін* барлық күшті салу мәселесін алға қояды. Герман империализмінің жеңілуі ағылшын-француз империализмі тарапынан әрі арсыздықтың, айуандықтың, реакцияшылдықтың, әрі жаулап алу әрекеттерінің белгілі бір уақытқа өсуі болады.

Не өз буржуазиясымен одақтаса отырып тура опасыздық еткен, не (Каутский, Отто Бауэр және К° сияқты) революциядан жалтаратын сылтаулар ойлап шығарып, батыл, ұлы революциялық қимыл атаулының бәріне, пролетарлық революцияның алға басуы жолында тар өрісті ұлттық мүдделерді құрбан етушіліктің бәріне қарсы шыға отырып, жел сөздермен құтылуға тырысқан II Интернационалдың сабаздары мен көсемдерінен — осынау оңбағандардан өзгеше, Россияның большевиктік жұмысшы табы әрқашан сөз жүзінде емес, іс жүзінде интернационалист болды.

Көп кешікпей Россия пролетариаты өзінің енді интернационализм пайдасына аса зор құрбандықтар жасауы керек екенін түсінеді. Жағдай өзінің империализмінен босанғалы жатқан неміс халқының ағылшын-француз империализміне қарсы күресіне бізден көмектесуді талап етуі мүмкін болатын уақыт жақындап келеді.

Ендеше дереу әзірлепе басталық. Әңгіме бір ғана орыс жұмысшы революциясы туралы емес, сонымен бірге халықаралық жұмысшы революциясы туралы да болып жатқан кезде, орыс жұмысшысының анағұрлым зор жігермен жұмыс істей алатындығын, анағұрлым зор жанқиярлықпен күресе алатындығын және құрбандыққа бара алатындығын дәлелдейік.

Ең алдымен астық запастарын дайындауға жұмсайтын күш-жігерімізді он есе арттырайық. Егер неміс жұмысшыларының империализм тажалдары мен айуандарынан бостандық алу жолындағы күресінде жағдай оларды қиын халге душар еткендей болса, оларға көмектесу үшін әрбір ірі элеваторда астық запасы жасалатын болсын деген қаулы алайық. Әрбір партия ұйымы, әрбір кәсіптік одақ, әрбір фабрика, әрбір шеберхана, т. т. шаруалармен одақты нығайту үшін, оларға көмектесу үшін, оларды ағарту үшін, кулактарды жеңу үшін, артық астықтың бәрін түгел сыпырып алу үшін өзі таңдап алған бірнеше болыспен арнайы байланыс жасайтын болсын.

Пролетарлық Қызыл Армияны құру жөніндегі жұмысымыз да нақ осындай жолмен он есе күшейтілетін болсын. Өзгеріс туды,— бәріміз де мұны білеміз, көріп және сезіп отырмыз. Жұмысшылар мен еңбекші шаруалар империалистік қырғынның сұмдықтарынан тыныс алды, олар өз революциясының, еңбекшілер революциясының, өз өкіметінің, Совет өкіметінің жеңістерін қорғау үшін езушілерге қарсы соғысудың қажеттігін түсінді және тәжірибе жүзінде көрді. Армия, социализмді қорғау үшін қандай құрбандықтарға да әзір жұмысшылар мен кедей шаруалардың Қызыл Армиясы, құрылып жатыр. Чехословактармен және ақ гвардияшылармен шайқастарда армия нығайып, шынығуда. Іргетас берік қаланды, енді үйдің өзін тұрғызып алуға асығу керек.

Біз көктемге дейін 1 000 000 адамдық армиямыз болсын деп шешкен едік, бізге енді үш миллион адамдық армия керек болып отыр. Біз ондай армиялы бола аламыз. *Біздің ондай армиямыз болады да.*

Соңғы күндер ішінде дүние жүзілік тарих өзінің бүкіл дүние жүзілік жұмысшы революциясына қарай бет алған қарқынын мықтап күшейтті. Нағыз шұғыл өзгерістердің болуы мүмкін, герман және ағылшын-француз империализмінің Совет өкіметіне қарсы одақ жасасу әрекеті болуы мүмкін.

Әзірлік жұмысын біз де тездетуіміз керек. Өзіміздің жұмсайтын күш-жігерімізді он есе арттыра түсейік.

Міне бұл пролетариаттың Ұлы Октябрь революциясы жылдығының ұраны болсын!

Міне бұл бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның алдағы жеңістерінің кепілі болсын!

Н. Ленин

«Правда» № 213 және «Известия ВЦИК» № 215, 4 октябрь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ РЕНЕГАТ КАУТСКИЙ

Мен осы тақырыпта кітапша жаза бастадым*; ол кітапша Каутскийдің жуырда ғана Венада басылып шыққан «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасын сынауға арналған. Бірақ менің бұл жұмысым ұзаққа созылатын болғандықтан, мен «Правданың» редакциясынан нақ осы тақырыпта жазылған қысқаша мақалаға орын беруді өтінбек болып отырмын.

Төрт жылдан астам уақытқа созылған әбден титықтатқан реакциялық соғыс өзінің ісін істеді. Европада — Австрияда да, Италияда да, Германияда да, Францияда да, тіпті Англияда да — өршіп келе жатқан пролетарлық революцияның лебі сезіліп отыр (бұл, мысалы, жартылай либерал Рамсей Макдональд редакциялайтын барып тұрған оппортунистік «Социалистік Шолудың»[44] июльдегі кітапшасында басылған «Капиталистің мойындауында» мейлінше ерекше көрсетілген).

Дәл осындай кезеңде II Интернационалдың көсемі, Каутский мырза, пролетариат диктатурасы туралы, яғни пролетарлық революция туралы кітабын — Бернштейннің атышулы «Социализмнің алғы шарттарынан» жүз есе асып түсетін масқара, одан анағұрлым сорақы, анағұрлым ренегаттық кітабын шығарып отыр. Сол ренегаттық кітаптың шыққанынан бері 20 жылдай уақыт өткен еді, ал енді келіп Каутский осы ренегаттықты қайталап, тереңдетіп отыр.

---

* Қараңыз: осы том, 253—366-беттер. *Ред.*

Кітаптың аз ғана бөлегі большевиктік нақ орыс революциясына арналған. Каутскийдің меньшевиктік данасушылықты түгелімен қайталап отырғаны сонша, бұған орыс жұмысшысы тек ішек-сілесі қатқанша күлген болар еді. Мысалы, мынаны қараңыз: жартылай либерал Масловтың жартылай либералдық шығармаларынан цитат көп келтірілген пайымдау, бай шаруалардың жерді қолдарына түсіріп алуға қалай тырысатыны (жаңалық!), астық бағасының жоғарылығы оларға қалай тиімді болатыны, т. с. туралы пайымдау «марксизм» деп аталатын көрінеді. Ал осымен қатар біздің «марксистің» мынадай жиреніштi, мүлде либералдық, мәлімдемесі келеді: «Кедей шаруа бұл жерде «пролетариат диктатурасының» социалистік аграрлық реформасының ұдайы болатын және бұқаралық өнімі деп танылады» (яғни Совет республикасында большевиктер осылай деп таниды) делінген (Каутскийдің кітапшасы, 48-бет).

Жақсы-ақ, рас емес пе? Социалист, марксист, *бізге* революцияның *буржуазиялық* сипаты барын дәлелдеуге тырысады, ал сонымен қатар мүлде Масловтың, Потресовтың *және кадеттердің* рухында деревнядағы кедейлер ұйымын келеке етеді.

«Бай шаруаларды экспроприациялау өндіріс процесіне тынышсыздық және азамат соғысының жаңа элементін ғана енгізеді; ал өндіріс процесі өзінің айығуы үшін тыныштық пен қауіпсіздікті қатты талап етеді» (49-бет).

Адам нанғысыз, бірақ факт. Мұны Савинков та емес, Милюков та емес, Каутскийдің өзі дәл осылай айтқан!

Кулактарды қорғаушылардың «марксизмді» бүркенетінін біз Россияда талай рет көргенбіз, сондықтан Каутский бізді таңдандыра алмайды. Мүмкін, буржуазияға оңбағандықпен осылай қызмет етушілікке және азамат соғысынан либералдық қорқуға европалық оқушы үшін толығырақ тоқтап өтуге тура келетін болар. Ал орыс жұмысшысы мен шаруасына Каутскийдің бұл ренегаттығын саусақпен көрсетіп — — өте шығу жетіп жатыр.

Каутский кітабының оннан тоғызына жуығы бірінші кезекті маңызы бар жалпы теориялық мәселеге: пролетариат диктатурасының «демократияға» көзқарасы туралы мәселеге арналған. Ал Каутскийдің марксизмнен толық қол үзуі осы арада бәрінен де айқын көрінеді.

Каутский өзінің оқушыларын — мейлінше байсалды және өте-мөте «білгірсінген» пішінмен —«пролетариаттың революциялық диктатурасы» дегенде Маркс демократияны қамтымайтын *«басқару формасын»* емес, мына *жайды,* атап айтқанда: «үстемдік ету жайын» айтқан болатын деп сендіреді. Ал халықтың көпшілігі ретінде пролетариаттың үстем болуы дегеніміз демократияны аса қатаң сақтаған жағдайда ғана мүмкін нәрсе, мысалы, нақ пролетариат диктатурасы болған Париж Коммунасы жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланған болатын. Маркстің пролетариат диктатурасы туралы айтқанда «басқару формасын» (немесе үкімет формасын, Regierungsform) айтып отырмағандығына келетін болсақ, мұның өзі «оның, Маркстің, Англия мен Американың (коммунизмге) бейбіт, яғни демократиялық жолмен өтуі мүмкін деп есептегендігімен дәлелденеді» (20—21-беттер) дейді.

Адам нанғысыз, бірақ факт! Каутский нақ осылай пайымдайды және большевиктерді өздерінің конституциясында, өздерінің бүкіл саясатында «демократияны» бұзып отыр деп сөгеді, барлық күшін салып, реті келген жердің бәрінде, «диктаторлық емес, демократиялық әдісті» уағыздайды.

Мұның өзі — Маркстің пролетариат диктатурасы туралы ілімін мойындамаймыз, өйткені ол демократизмге қайшы келеді-міс деп тура және адал айтқан оппортунистердің (немісте Давид, Кольб және социал-шовинизмнің басқа да мықтылары сияқты, немесе ағылшынның фабийшылдары[45] мен тәуелсіздері[46], немесе француз және итальян реформистері сияқты оппортунистердің) жағына әбден толық шығу болып табылады.

Мұның өзі — біз Маркске дейінгі «еркін халықтық мемлекетке» ұмтыламыз дейтін неміс социализмінің көзқарасына, мемлекет *атаулының бәрі* бір таптың екінші тапты жаншуы үшін керек машина екенін түсінбейтін мещан демократтардың көзқарасына толық қайту болып табылады.

Мұның өзі — пролетариат революциясынан толық безу болып табылады; революцияның орнына мұнда «көпшілікті қаратып алу», «демократияны пайдалану» жөніндегі либералдық теория қойылады! Буржуазиялық мемлекеттік машинаны пролетариаттың «қиратуының» қажеттігі туралы Маркс пен Энгельстің 1852 жылдан 1891 жылға дейін қырық жыл бойы уағыздап, дәлелдеген нәрселерінің бәрін ренегат Каутский түгелдей ұмытып, бұрмалап, сыртқа лақтырып тастап отыр.

Каутскийдің теориялық қателерін толық талдау менің «Мемлекет және революцияда»* айтқандарымды қайталау болып шығар еді. Бұл арада оның қажеті жоқ. Тек қысқаша мынаны ғана айтып өтейін:

Мемлекет *атаулының бәрі* бір таптың екінші тапты басып-жаншу машинасы екенін, ал ең *демократиялық* буржуазиялық республика дегеніміз буржуазияның пролетариатты езуі үшін керек машина екенін ұмытып, Каутский марксизмнен безіп отыр.

Пролетариат диктатурасы, пролетарлық мемлекет дегеніміз «басқару формасы» емес, *басқа типтегі мемлекет, пролетариаттың буржуазияны* басып-жаншуы үшін керек машина болып табылады. Бұл басып-жаншудың қажет болатын себебі — буржуазия өзін экспроприациялауға әрқашан аласұра қарсылық көрсетеді.

(Маркс 70-жылдарда Англия мен Америкада[47] социализмге бейбіт жолмен көшудің мүмкіндігі бар деп есептеді дегенге сүйенудің өзі софистің дәлелі, яғни, ашық айтқанда, цитаттар мен сілтеулер арқылы жүліктік жасайтын алаяқтың дәлелі болып табылады. 1-ден, бұл мүмкіндікті Маркс сол кездің өзінде де ерекшелік деп есептеді. 2-ден, ол кезде монополистік капитализм, яғни империализм болған жоқ еді. 3-ден, ол кезде нақ

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том. *Ред.*

Англия мен Америкада буржуазиялық мемлекеттік машинаның басты аппараты болып табылатын соғысқұмар топ болған жоқ еді *(қазір бар)*).

Басып-жаншу бар жерде бостандықтың, теңдіктің және басқалардың болуы мүмкін емес. Сондықтан да Энгельс былай деген болатын: «пролетариат әзірше мемлекетке мұқтаж болып отыр, ол оған бостандық мүддeлері үшін емес, өзінің дұшпандарын басып-жаншу мүдделері үшін мұқтаж болып отыр; ал бостандық туралы сөз қозғау мүмкін болған кезде, мемлекет мемлекет ретінде өмір сүруден қалады»[48].

Пролетариатты тәрбиелеу үшін және оны күреске үйрету үшін сөзсіз бағалы екендігі даусыз болғанмен буржуазиялық демократия әрқашан тар өрісті, екі жүзді, өтірік, жалған нәрсе, әрқашан ол байлар үшін демократия болып, кедейлер үшін алдау болып қала береді.

Пролетарлық демократия қанаушыларды, буржуазияны басып-жаншып отырады,— сондықтан да екіжүзділік етпейді, *оларға* бостандық пен демократия жөнінде *уәде бермейді* — ал еңбекшілерге *нағыз демократияны* береді. Тек Советтік Россия ғана: мысалы, буржуазиядан сарайлар мен особняктарды тартып ала отырып (мұнсыз жиналыстар бостандығы деген екіжүзділік болады), капиталистерден баспаханалар мен қағаздарды тартып ала отырып (мұнсыз ұлттың еңбекші көпшілігі үшін баспасөз бостандығы деген жалған сөз), буржуазиялық парламентаризмді «халыққа» *1 000 есе* артық жақын, ең демократияшыл буржуазиялық парламенттен де анағұрлым «демократияшыл» *Советтердің* демократиялық ұйымымен ауыстыра отырып, пролетариатқа және Россияның бүкіл орасан көп еңбекші көпшілігіне, ешбір буржуазиялық демократиялық республикада болып көрмеген, мүмкін емес және ақылға сыймайтын *бостандық пен демократияны* берді. *Және тағысын-тағылар.*

Каутский демократияға қолдануда «тап күресін» сыртқа лақтырып тастады!.. Каутский нағыз ренегат, буржуазияның малайы болып алды.

Жол-жөнекей ренегаттықтың бірнеше кереметтерін көрсете кетпей болмайды.

Советтік ұйымның тек орыстық маңызы ғана емес, дүние жүзілік те маңызы барын, оның «біздің замнымыздың аса маңызды құбылыстарына» жататындығын, «капитал мен еңбек арасында» болашақ ұлы «ұрыстарда» оның «шешуші маңызы» болғалы отырғанын Каутский мойындауға мәжбүр болды. Бірақ — пролетариатқа қарсы буржуазия жағына аман-есен өтіп алған меньшевиктердің данасуын қайталай келіп,— Каутский: Советтер «мемлекеттік ұйым» ретінде емес, «күрес ұйымы» ретінде жақсы нәрсе деп «ой түйіндейді».

Өте тамаша! Пролетарлар мен ең кедей шаруалар, Советке ұйымдасыңыздар! Бірақ — құдай сақтасын!— жеңуші болмаңыздар! жеңуді ойламаңыздар! Буржуазияны жеңе салысымен-ақ сіздер қатерге ұшырайсыздар, өйткені пролетарлық мемлекетте сіздер «мемлекеттік» ұйым болуға тиіс емессіздер. Сіздер, өздеріңіздің нақ жеңістеріңізден кейін, тарауға тиіссіздер!!

О, тамаша «марксист» Каутский! О, ренегаттықтың теңдесі жоқ «теоретигі»!

Екінші номерлі керемет. Азамат соғысы дегеніміз «әлеуметтік революцияның» «қас жауы», өйткені революция, біздің жоғарыда естігеніміздей, «тыныштық пен» (байлар үшін болар?) «қауіпсіздікке» (капиталистер үшін болар?) «мұқтаж».

Европаның пролетарлары! Сіздерге қарсы азамат соғысы үшін Савинков пен Данды, Дутов пен Красновты, чехословактар мен кулактарды *жалдамайтын* буржуазияны тауып алмай тұрғанда, революция туралы ойламаңыздар!

Маркс 1870 жылы: басты үміт мынада — соғыс француз жұмысшыларын қаруды меңгере білуге үйретті[49] деп жазған еді. «Марксист» Каутский 4 жылдық соғыстан жұмысшылардың буржуазияға қарсы қару қолдануын күтпейді (құдай сақтасын! мұның өзі, тегінде, онша «демократияшылдық» болмас), қайта... мейірбан-

ды капиталистермен мейірбандық бітім жасасуын күтеді!

Үшінші номерлі керемет. Азамат соғысының тағы бір жаман жағы бар: «демократияда» «азшылықты қорғау» (мұны — жақша ішінде көрсете кетелік — Дрейфустің француз қорғаушылары немесе Либкнехттер, Маклиндер, Дебстер соңғы кезде бастарынан жақсы кешірді) бар болып отырғанда, азамат соғысы (тыңдаңыздар! тыңдаңыздар!) «жеңіліске ұшырағанның толық жойылу қаупін туғызады».

Ал енді осы Каутский нағыз революционер емес пе? Ол жан-тәнімен революцияны жақтайды... тек қана жою қаупін туғызарлық елеулі күресі жоқ революция болса болғаны! Ол зорлықты революциялардың тәрбиелік әсерін[50] қуана дәріптеген қарт Энгельстің ескі қателерін толық «жеңіп шықты». «Байсалды» тарихшы болған соң ол азамат соғысы қаналғандарды шынықтырады, оларды қанаушылары *жоқ* жаңа қоғам құруға үйретеді дейтіндердің адасуларынан әбден безді.

Төртінші номерлі керемет, 1789 жылғы революцияда пролетарлар мен мещандардың диктатурасы тарихи жағынан ұлы және пайдалы болды ма? Ешбір болған жоқ. Өйткені Наполеон келді. «Төменгі топтардың диктатурасы қылыш диктатурасына жол тегістейді» (26-бет). — — — Біздің «байсалды» тарихшы — барлық либералдар сияқты, ол осылардың лагеріне өтіп кетіп отыр,— «төменгі топтардың диктатурасын» көрмеген елдерде,— мысалы, Германияда, қылыш диктатурасы болған жоқ деп әбден сенеді. Францияға қарағанда Германияда ешқашан да неғұрлым дөрекі, неғұрлым опасыз қылыш диктатурасы болған емес,— мұның бәрі Маркс пен Энгельстің ойдан шығарған жаласы-мыс; олар: осы кезге дейін Францияның «халқында» езілгендердің бостандық сүйгіштігі мен мақтанышы Англиядағыдан немесе Германиядағыдан гөрі артық деп, Франция бұған нақ өз революцияларының арқасында жетіп отыр деп арсыздықпен өтірік айтты-мыс.

...Енді жетер! Опасыз ренегат Каутскийдің ренегаттығының барлық кереметтерін бірін қалдырмай айтып шығу үшін арнаулы кітапша жазу керек болар.

Каутский мырзаның «интернационализміне» тоқталмауға болмайды. Абайсызда Каутский онысын айқын көрсетіп алды,— көрсеткенде, меньшевиктердің интернационализмін нағыз тілектестік сөздермен суреттеуі арқылы көрсетіп берді; олар да циммервальдистер[51] ғой,— деп сендіреді мүләйім Каутский,— олар большевиктердің «бауырласы» ғой, тек емес!

Меньшевиктердің «циммервальдизмін» мүләйімси суреттеуі мынадай:

«Меньшевиктер жалпыға бірдей бітімді тіледі. Олар соғысушылардың бәрінің: аннексиясыз және контрибуциясыз деген ұранды қабылдағанын тіледі. Осыған қол жеткенше орыс армиясы, олардың пікірінше, жауынгерлік әзірлікте тұруға тиіс еді...» Ал оңбаған большевиктер армияның «берекесін кетірді» және оңбаған Брест бітімін жасасты... Сөйтіп Каутский анықтан анық: құрылтайды қалдыру керек еді, большевиктердің өкіметті алмауы керек еді дегенді айтып отыр.

Сонымен, интернационализм мынада екен: меньшевиктер мен эсерлердің Керенскийді қолдағаны сияқты, *«өзінің»* империалистік үкіметін *қолдау* керек екен, біз айуандардан олардың қайырымды болуын «талап етеміз», біз империалистік үкіметтерден олардың «аннексиясыз және контрибуциясыз деген ұранды қабылдауын» «талап етеміз» деген мүләйім сөзбен халықты алдай отырып, империалистік үкіметтің құпия шарттарын бүркеу керек екен.

Каутскийдің пікірінше, интернационализмнің мәні осында.

Ал біздің пікірімізше, мұның өзі нағыз ренегаттық.

Интернационализмнің мәні — *өздерінің* социал-шовинистерінен (яғни қорғампаздарынан) және *өздерінің* империалистік үкіметінен қол үзуде, оған қарсы революциялық күрес жүргізуде, оны құлатуда, егер *интернационалдық* жұмысшы революциясын дамытуға пайдалы болатын болса, аса зор ұлттық құрбандықтар жасаудың өзіне (тіпті Брест бітімін жасасуға да) баруға әзір болуда.

Каутский мен оның (Штребель, Бернштейн, т. б. сияқты) сыбайластарының Брест бітімінің жасалғанына өте «ызаланғандығын» біз әбден жақсы білеміз: олар біздің Россияда өкіметті дереу буржуазияның қолына беретін... «ишарат» білдіруімізді тілеген болар еді! Бұл топас, бірақ мейірбансымақ және мүләйімсымақ неміс мещандары дүние жүзінде бірінші болып өзінің империализмін революциялық жолмен құлатқан пролетарлық Совет республикасы басқа елдерде өртті өршіте отырып (мещандар Европада орт болуынан *қорқады,* «тыныштық пен қауіпсіздікті» бұзатын азамат соғысынан *қорқады*), Европада революция болғанша өмір сүрсін деп отырған жоқ. Жоқ. Олар *барлық* елдерде де мына өзінің «баяулығы мен ұқыптылығы» үшін өзін «интернационализм» деп жариялайтын *мещандық* ұлтшылдық өмір сүрсін деп отыр. Орыс республикасы буржуазиялық республика болып қала тұрсын, сөйтіп... күте тұрсын... Сонда дүниедегінің бәрі де мейірбан, баяу, жауламайтын ұлтшыл-мещандар болған болар еді, интернационализм дегеннің мәні міне нақ осында болған болар еді! — деп отыр.

Германиядағы каутскийшілдер, Франциядағы лонгетистер, Англиядағы тәуелсіздер (I. L. P.), Италиядағы Турати және оның ренегаттық «туыстары», тағысын-тағылар, тағы сондайлар осылай ойлайды.

Біздің өз буржуазиямызды (және оның малайларын, меньшевиктер мен эсерлерді) құлатқанымыздың дұрыс болғанын ғана емес, сонымен қатар құпия шарттарды жария ету және бұзу арқылы қосталған жалпы бітімге ашықтан-ашық шақыруды Келісім (Антанта) буржуазиясы қабылдамаған*нан кейін,* Брест бітімін жасасқанымыздың да дұрыс болғанын енді тек нағыз ақымақтардың ғана көрмеуі мүмкін. 1-ден, егер біз Брест бітімін жасаспаған болсақ, онда біз өкіметті бірден орыс буржуазиясына берген болар едік, сөйтіп бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияға аса зор зиян келтірген болар едік. 2-ден, *ұлттық* құрбандықтар жасап, біз мынадай *интернационалдық* революциялық ықпал сақтап қалдық: қазір міне Болгария тура бізге еліктеп отыр,

Австрия мен Германия қайнап жатыр, екі империализмнің *екеуі де* әлсіреді, ал біз нығайып, нағыз пролетарлық армия құра *бастадық*.

Ренегат Каутскийдің тактикасынан шығатыны мынау: неміс жұмысшылары енді буржуазиямен бірге отанды қорғауға тиіс және бәрінен де гөрі неміс революциясынан қорқуға тиіс, өйткені ағылшындар оған жаңа Бресті еріксіз таңа алар еді. Міне бұл — ренегаттық. Міне бұл — мещандық ұлтшылдық.

Ал біз былай дейміз: Украинаның жаулануы аса зор ұлттық құрбандық болды, ал мұның өзі Украинаның пролетарлары мен ең кедей шаруаларын интернационалдық жұмысшы революциясын жақтайтын революциялық күрескерлер етіп шынықтырды және *күшейтті*. Украина күйзелді — интернационалдық революция неміс әскерін «аздырып», неміс империализмін әлсіретіп, неміс, украин және орыс жұмысшы революционерлерін *жақындастырып*, ұтып шықты.

Егер біз жай соғыспен Вильгельмді де, Вильсонды да құлата алған болсақ, бұл, әрине, «көңілдірек» болған болар еді. Бірақ бұл сандырақ. Сыртқы соғыспен біз оларды құлата алмаймыз. Ал олардың *іштен* іруін біз күшейте аламыз. Біз мұны советтік, пролетарлық, революция арқылы *орасан зор* көлемде істеп отырмыз.

Егер неміс жұмысшылары ұлттық құрбандықтарға *қарамастан* (интернационализмнің өзі де нақ осында ғой) революция жасаған болса, егер олар өздері үшін халықаралық жұмысшы революциясының мүддесі белгілі бір ұлттық мемлекеттің, *ал атап айтқанда өзінің* ұлттық мемлекетінің тұтастығынан, қауіпсіздігінен, тыныштығынан *жоғары* деген болса (және мұны *іспен* растаған болса), неміс жұмысшылары бұдан да зор табысқа жеткен болар еді.

* *
*

Европаның аса үлкен соры және оған төнген қауіп мынада: Европада революциялық партия *жоқ*. Шейдемандар, Ренодельдер, Гендерсондар, Веббтер және К° сияқты сатқындардың немесе Каутский сияқты жағым-

паз-малайлардың партиялары бар. Революциялық партия жоқ.

Әрине, бұқараның қуатты революциялық қозғалысы бұл кемшілікті түзете алады, бірақ бұл кемістік әлі үлкен сор және үлкен қауіп болып қалып отыр.

Сондықтан Каутский секілді ренегаттарды барынша әшкерелеп отыру керек, сөйтіп шын интернационалистік пролетарлардың революциялық *топтарын* қолдап отыру керек, мұндай топтар *барлық* елдерде де бар. Пролетариат осы топтарға ереді, солардың ішінен өздерінің көсемдерін тәрбиелеп шығарады, сатқындардан және ренегаттардан жылдам сырт айналып кетеді. Барлық елдер буржуазиясының «дүние жүзілік большевизм» туралы ұлуы тегін емес.

Дүние жүзілік большевизм дүние жүзілік буржуазияны жеңіп шығады.

9. X. 1918.

«Правда» № 219
11 октябрь, 1918 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ, ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІ

22 ОКТЯБРЬ, 1918 ж.[52]

1

БАЯНДАМА

(Көпке дейін басылмаған, ду қол шапалақтау және «уралаған» дауыстар.) Жолдастар, меніңше, біздің қазіргі жағдайымызды, оның барлық қайшылықтарына қарамастан, біріншіден, біз халықаралық пролетарлық революцияға дәл қазіргідей ешқашан жақын тұрған емеспіз деп, ал, екіншіден, біз дәл қазіргідей зор қауіпті жағдайда ешқашан болған емеспіз деп айтуға болатын секілді. Міне осы екі жағдайға, әсіресе оның екіншісіне, мен бүгін толығырақ тоқталғым келеді. Меніңше, қалың бұқара бізге төніп келе жатқан бүкіл қауіпті ұғына қойды ма екен, ал біз қалың бұқараға сүйене отырып қана қимыл жасай алатын болғандықтан, Совет өкіметі өкілдерінің басты міндеті қазіргі жағдайдың, ол мезгіл-мезгіл қаншалықты ауыр болатын болса да, бүкіл шындығын осы бұқараға жеткізуде болып отыр. Ал біздің халықаралық социалистік революцияға жақын тұрғанымызға келетін болсақ, онда бұл туралы талай рет айтылған, сондықтан мен оған қысқаша ғана тоқталамын. Шынына келгенде, буржуазияның ғана емес, сонымен қатар социализмге сенуден қалған ұсақ буржуазиялық топтардың да, сондай-ақ бейбіт уақыттарға дағдыланған, социализмге сенбеген көптеген социалистер деп аталатындардың да Совет өкіметіне таққан басты кінәларының бірін алсақ,— олардың бәрі де Совет өкіметіне: сіздер Россияда социалистік төңкеріс жасай отырып,

оны беталды істеп жатырсыздар, өйткені Батыста революция әлі пісіп жетілген жоқ деп кінә тақты.

Жолдастар, қазір, соғыстың бесінші жылында, империализмнің жаппай күйреуі айқын факт; барлық соғысып жатқан елдерде революцияның болуы сөзсіз екендігі енді барлық жұртқа айқын болып отыр. Ал алғашқы кезде өмір сүруіміз күндеп немесе апталап есептелген біздер революцияның осы бір жылының ішінде соншама көп істі тындырдық; оны ешбір пролетарлық партия дүние жүзінде ешқашан істеген емес. Біздің революциямыз дүние жүзілік құбылыс болып шықты. Большевизмнің енді дүние жүзілік құбылыс екендігін бүкіл буржуазия да айтып жүр, ал осы мойындаудан біздің революцияның Шығыстан Батысқа қарай жылжығандығы және онда барған сайын дайын негізге кездескендігі айқын болып отыр. Болгарияда революцияның бүрк еткенін сіздер білесіздер. Болгар солдаттары Советтер құра бастады. Енді Сербияда да Советтер құрылып жатыр деген хабарлар келуде. Егер халықтар көтеріліске шығып, Германиядан бөлінетін болса, оларға ағылшын-француз Келісімі мыңдаған игіліктер беруге уәде етіп отырса да, дүние жүзіндегі ең бай және ең құдіретті капиталистер — Америка, Англия, Франция капиталистері көп нәрсе уәде етіп отырса да, түрлі кішкене мемлекеттердің буржуазиясы, қазір Австрия осындай мемлекеттерге бөлшектеніп жатыр, міне бұл буржуазия, ешбір жағдайда орнығып қала алмайды, бұл мемлекеттердегі оның үстемдігі, оның өкіметі өте қысқа, өтпелі құбылыс болады, өйткені барлық жерде жұмысшы революциясы таянып тұр.

Жекелеген елдердің буржуазиясы өз мемлекеттерінде шетел найзаларының көмегімен үстем болып тұруға тура келетінін түсінеді. Тек Австрияда ғана емес, сонымен қатар Германияда да,— бұлардың жағдайы осы жуырда ғана берік секілді болатын,— біз революцияның басталғанын көріп отырмыз. Біз ол жақтан хабарлар алып жатырмыз, герман баспасөзі енді кайзердің отставкаға шыққанын айтып отыр, ал тәуелсіз социал-демократтар партиясының[53] баспасөзі герман республикасы туралы айтуға канцлерден рұқсат алып та үлгіріп-

ті. Мұның аз да болса мәні болар. Біз әскердің ыдырауы күшейгендігін, онда әскерді көтеріліске тікелей шақырушылық таралып отырғандығын білеміз. Біз шығыс Германияда әскери-революциялық комитеттер құрылғандығын, олар солдаттардың революцияшыл пиғылын күшейтетін революциялық басылымдар шығарып жатқандығын білеміз. Сондықтан революция күн сайын емес, сағат сайын пісіп жетіліп келеді деп әбден айқын айтуға болады, ал мұны біз ғана айтып отырғанымыз жоқ,— жоқ, мұны соғыс партиясындағы және буржуазия қатарындағы барлық немістердің өздері айтып жүр; олар министрлердің орнықсыздығын, оларға халықтың сенбейтіндігін, олардың өз үкіметінде болуына санаулы-ақ күн қалғанын сезеді. Істің жайын: Германияда халықтық революцияның, ал, мүмкін, тіпті пролетарлық революцияның да қаншалықты сөзсіз екендігін білетіндердің бәрі осыны айтып жүр.

Басқа елдерде де қандай зор пролетарлық қозғалыс туып отырғанын біз өте жақсы білеміз. Біз Италияда Гомперстің қалай пайда болғанын және Келісім державаларының ақшасымен, бүкіл итальян буржуазиясының және социал-патриоттардың көмегімен, итальян жұмысшыларына империалистік соғысты соза беруді уағыздай отырып, Италияның барлық қалаларын аралағанын көрдік. Біз осы кезде итальян социалистік баспасөзі бұл туралы қалай заметкалар бергенін, бұл заметкаларда Гомперстің тек есімі ғана қалып, басқасының бәрін цензура алып тастағанын, немесе: «Гомперс банкеттерде болып, мылжыңдап жүр» деп келемеждеген заметкалар басылғанын көрдік. Ал буржуазиялық баспасөз Гомперске барлық жерде де наразылық білдірілді деп мойындады. Буржуазиялық баспасөз: «Итальян жұмысшылары өздерін Италияны аралап жүруге олар тек Ленин мен Троцкийге ғана рұқсат ететін сияқты етіп ұстайды» деп жазды. Итальян социалистік партиясы соғыс кезінде алға қарай, яғни солға қарай орасан зор қадам басты[54]. Біз Францияда жұмысшылар арасында патриоттардың тым көп болғанын білеміз; оларға Париж бен француз территориясына орасан зор қауіп төніп тұр деп айтыпты. Бірақ ол жерде де пролетариат-

тың ниет-бағдары өзгере бастады. Соңғы съезде[55] одақтастардың, ағылшын-француз империалистерінің, не істеп жатқандығы туралы хатты оқыған кезде: социалистік республика жасасын деген айқайлар шықты. Ал кеше: Парижде митинг болды, оған 2000 металлист қатысты; митинг Россиядагы Совет республикасын құттықтады деген хабар болды. Англиядағы үш социалистік партияның [56] тек біреуі, Тәуелсіз социалистік партия ғана, ашықтан-ашық большевиктердің одақтасы болмай отырғанын, ал Британ социалистік партиясы мен Шотландия социалистік жұмысшы партиясы өздерін большевиктерді жақтаушылармыз деп айқын мәлімдегенін көріп отырмыз. Англияда да большевизм тарай бастаған, ал ағылшын-француз империализмі жағында болған испан партиялары,— міне осы партиялардың бәрі өз съезінде орыс большевиктерін құттықтап отыр[57], ал соғыстың бас кезінде бұл партиялардың арасынан интернационалистер туралы болар-болмас хабардар бір немесе екі адамды ғана табуға болатын еді. Большевизм халықаралық пролетариаттың дүние жүзілік теориясы мен тактикасы болып алды! (Қол шапалақтау.) Большевизм мынаны істеді: бүкіл дүние жүзінің алдында сындарлы социалистік революция жасалды, факт жүзінде, іс жүзінде большевиктерге жақ болу немесе большевиктерге қарсы болу мәселесі бойынша социалистер ішінде жіктеліс болып жатыр. Большевизм мынаны істеді: пролетарлық мемлекет құру программасы алға қойылып отыр. Россияда не болып жатқанын білмеген, өйткені өтірік пен өсекке лық толы буржуазиялық газеттерді ғана оқыған жұмысшылар пролетарлық үкімет өз контрреволюционерлерін жеңген үстіне жеңіп жатқанын көріп, бұл соғыстан құтылу үшін біздің тактикамыздан басқа, біздің жұмысшы үкіметіміздің революциялық сипаттағы қимылдарынан басқа жолдың жоқ екенін көріп, енді жай-жапсарға түсіне бастады. Ал егер өткен сәрсенбіде Берлинде демонстрация болған болса, жұмысшылар кайзер сарайының алдынан өтуге тырысып, кайзер жөніндегі өздерінің қатты наразылығын білдірген болса, содан кейін олар орыс үкіме-

тінің істеп жатқан істеріне өздерінің тілектестігін білдіру үшін орыс елшілігіне барған.

Соғыстың бесінші жылында Европа міне осыған жетіп отыр! Сондықтан да біз былай дейміз: дүние жүзілік революцияға біз ешқашан мұндай жақын тұрғанымыз жоқ, орыс пролетариатының өз қуаттылығын көрсетуі ешқашан мұндай айқын болған жоқ, сондықтан бізге миллиондаған, он миллиондаған дүние жүзі пролетариатының еретіндігі анық. Міне сондықтан, қайталап айтайын, халықаралық революцияға біз ешқашан мұндай жақын тұрғанымыз жоқ, ал біздің жағдайымыз ешқашан мұндай қауіпті болған емес, өйткені бұрын большевизммен дүние жүзілік күш ретінде ешқашан санасылған жоқ-ты. Большевизм деген орыс солдаттарының қажығандығының салдары ғана секілді болып, ол соғыстан шаршаған орыс солдаттары наразылығының дүмпуі сияқты болып, ал осы наразылық басылып, нағыз зорлықшыл деген бітімнің өзі орнасымен-ақ мемлекеттік творчествоға және социалистік реформаларға деген қадамдардың бәрі басылып тасталатын сияқты болып көрінген еді. Бұған жұрттың бәрі сенулі еді, бірақ олай болмады, нағыз зорлықшыл бітіммен аяқталған империалистік соғыстан біз мемлекеттік творчествоның алғашқы қадамдарына өтісімен-ақ, біз іс жүзінде шаруалардың помещиктерсіз өмір сүруіне және помещиктерге қарсы өз көзқарастарын анықтауға, өздерінің тұрмысын тартып алынған жерлерде кулактар үшін емес, жаңа капиталистер үшін де емес, шын мәнісінде еңбекшілердің өздері үшін құрып жатқанына олардың іс жүзінде көзін жеткізуге мүмкіндік берісімен-ақ, жұмысшылар өздерінің тұрмысын капиталистерсіз құруға, қиын, бірақ ұлы істі, онсыз олар қанаудан ешқашан құтыла алмайтын істі үйренуге мүмкіндік алғанын көрісімен-ақ,— Совет өкіметін ешқандай күштің, ешқандай контрреволюцияның құлата алмайтындығы жұрттың бәріне айқын болды және практика жүзінде солай болып та шықты.

Россияда біздің осы сенімге келуіміз үшін бізге нешеме айлар керек болды. Біздің революциямыздың мағынасы мен маңызын деревняда шаруалар тек 1918

жылдың жазында ғана, тек күзіне қарай ғана түсінді деседі. Қалада мұны әлдеқашан түсінген-ді, бірақ мұндай түсінушіліктің әрбір уезге, әрбір қараңғы түкпірде жатқан болыс пен селоға жетуі үшін, жерді кулак емес, еңбекші алуға тиісті екенін, кулакпен күрес жүргізу керек екенін, кулакты өз ұйымың арқылы жеңу керек екенін, осы жылдың жазында бүкіл елді шарпып өткен көтеріліс толқынын помещиктер, кулактар және ақ гвардияшылар қолдағанын шаруа кітапшалар мен сөздерден емес, нақ өз өмірінен көруі үшін, құрылтайдың өкіметін өз тәжірибесімен, өз мойнымен, өз арқасымен байқап қарау үшін,— міне осылай болу үшін талай-талай көп айлар керек болды, сөйтіп деревня қазір шынығып шығып отыр, ал басқаның еңбегін тонамайтын кедей шаруа бұқарасы Совет өкіметі дегеніміз — қаналған еңбекшілердің өкіметі екенін, жаңа, социалистік Россияның іргесін қалауға кірісуге әрбір деревняда мүмкіндік бар екенін кітапшалардан емес,— еңбекші бұқара кітапшалардан ешқашан берік сенім ала алмайды,— өзінің тәжірибесінен енді ғана көріп отыр. Нақты тәжірибені негізге алған адамдардың хабарларына сүйеніп, Россияның қалған бөлігінде де 1918 жылдан кейін деревняда Совет өкіметінің не екенін білмеген, Совет өкіметін жақтамаған бірде-бір қараңғы түкпір қалмады, өйткені деревня капиталистер мен помещиктер тарапынан төніп тұрған бүкіл қауіпті көрді, социалистік өзгерістердің қиындығын да көрді, сөйтсе де қорықпай: біз бұл жұмысқа ондаған миллион қолды жұмылдырамыз, біз бір жылдың ішінде көп нәрсені үйрендік және әлі де үйренеміз деді деп біздің сеніммен айта алуымыз үшін талай-талай айлар керек болды. Мұның өзін енді Россияда он-он миллиондаған адамдар өзінің тәжірибесіне сүйеніп, толық сеніммен айтып жүр.

Мұнда, бізде, еңбекшілер бұқарасымен бірге жүріп, сол бұқара арасында өзін құрбан етерлік нағыз ерлікті туғыза алатын бірден-бір берік өкімет құрылғаны большевиктерді осы кезге дейін елемеген батыс европалық буржуазияға да тек енді ғана айқын болып отыр. Ал осы пролетарлық өкімет Европаға әсер ете бастаған

кезде, мұның өзі әсте Россияның қайдағы бір ерекшелігі болмай шыққан кезде, төрт жылдық соғыс бүкіл дүние жүзінде армияның ыдырауын туғызған кезде,— ал бұрын Россияның артта қалғандығы мен әзірлігінің жоқтығы себепті соғыстың төртінші жылында оның армиясы тарап кетті деуші еді,— мұның өзі цивилизациялы парламенттік елдерде мүмкін болған болар ма еді?

Ал жұрттың бәрі қазір мынаны көріп отыр: дүние жүзілік соғыстың төрт жылынан кейін, капиталистердің баюы үшін миллиондаған адамдар қырылып, мүгедек болған кезде, ондаған мың дезертирлер болып отырған кезде,— бұл әдеттен тыс құбылыс тек Россия мен Австрияда ғана байқалып отырған жоқ, сонымен бірге өзінің тәртібімен мақтанатын Германияда да байқалып отыр,— міне осы жағдай келіп жеткен кезде дүние жүзілік буржуазия өзінің неғұрлым елеулі жаумен есептесуі керек екендігін көрді, сөйтіп топтаса бастады, біз халықаралық пролетарлық революцияға неғұрлым жақындай түскен сайын, контрреволюциялық буржуазия да соғұрлым топтаса түсті.

Коалиция министрлерінің Октябрьде большевиктерден безіп Россияда іс большевиктік өкіметке дейін бармайды дегені сияқты, кейбір елдерде әлі де революциядан безушілік бар. Мысалы, Францияда: большевиктер — өз халқын немістерге сатып отырған ат төбеліндей сатқындар деседі. Ал француз буржуазиясының осылай деуін алсақ, мұның өзі солшыл эсерлерге қарағанда көбірек кешірімді нәрсе, өйткені ол өтірікті ойдан шығаруға миллиондаған сом жұмсайтын буржуа емес пе. Бірақ француз буржуазиясы Францияда большевизмнің дамығанын, тіпті революцияшыл болмаған партиялардың өзі де революциялық ұрандар көтеріп, большевиктерді жақтағанын көрген кезде, ол өзінің алдында неғұрлым қауіпті жау: империализмнің күйреуі және революциялық күресте жұмысшылардың басымдығы тұрғанын байқады. Империалистік соғыстың са..дарынан пролетарлық революцияға қазіргі уақытта қауіп өте зор екендігін әркім біледі, өйткені пролетарлық революция барлық елдерде әркелкі өсіп отыр, барлық елдерде саяси өмірдің жағдайлары әр түрлі, сон-

дықтан бір елде пролетариат тым әлсіреген, ал екінші елде — ол күштірек. Егер бір елде пролетариаттың жоғарғы тобы нашар болса, екінші елдерде, Англия мен Францияда болғаны сияқты, жұмысшыларды уақытша жікке бөліп жіберу буржуазияның қолынан келе қоятын кезі болады — міне сондықтан да пролетарлық революция әркелкі дамып отырады, міне сондықтан да буржуазия өзінің ең күшті жауы революцияшыл пролетариат болып табылатынын білді. Дүние жүзілік империализмнің күйреуін кідірту үшін буржуазия топтасуда.

Енді біз үшін жағдай өзгерді, сөйтіп оқиғалар аса зор жылдамдықпен дамып келеді. Алғашқы кезде бірінбірі жоюға тырысқан империалистік жыртқыштардың екі тобы болған еді, ал енді,— әсіресе, жуырда ғана өзін Англиямен және Франциямен тепе-теңмін деп есептеген герман империализмінің мысалынан,— олар өздерінің басты жауы — революцияшыл пролетариат екенін көрді. Енді, Германияны ішінен революциялық қозғалыс күйзелтіп отырған кезде, ағылшын-француз империализмі өзін дүние жүзінің билеушісімін деп санайды. Ондағылар өзінің басты жауы — большевиктер мен дүние жүзілік революция деп біледі. Революция неғұрлым күштірек дамыған сайын, буржуазия да соғұрлым топтаса береді. Сондықтан бізде кейбіреулер, әсіресе қалың бұқараның көптеген адамдары, біздегі контрреволюционерлерді, казактарды, офицерлерді және чехословактарды жеңе алатындығына енді көзі жетіп, осымен іс тынды деп біледі,— мұның өзі біз үшін қазір аз екендігін,— бұдан да анағұрлым қорқынышты жаңа жау бар екендігін: бұл жау — ағылшын-француз империализмі екендігін түсінбейді. Ол осы кезге дейін Россияда,— мысалы, Архангельскіге келіп әскер түсірген кезінде,— онша көп табысқа жете қойған жоқ. Газет шығарып, оны «Жеңіс»[58] деп атаған француз жазушыларының бірі: Францияға немістерді жеңу аз, Франция большевизмді де жеңуі керек, ал Россияға жорық жасау — Германияға шабуыл жасау емес, большевиктік революцияшыл пролетариатқа қарсы және оның бүкіл дүние жүзіне

жайылып бара жатқан әсеріне қарсы жорық жасау болады,— деді.

Міне сондықтан қазір бізге жаңа қауіп туып отыр, бұл қауіп әлі түгел қанат жайған жоқ және түгел көрінбей де отыр, оны ағылшын-француз империалистері астыртын дайындап жатыр; бұқараның басшылары арқылы бұл қауіпті бұқараға түсіндіру үшін мұны біз айқынырақ білуге тиіспіз, өйткені ағылшындар мен француздар Сибирьде де, Архангельскіде де үлкен табысқа жете алмады,— қайта, бірқатар жеңілістерге ұшырады, бірақ олар енді Россияға оңтүстіктен, не Дарданеллден, не Қара теңізден, не Болгария мен Румыния арқылы құрылықтан шабуыл жасауға күш жұмсап жатыр. Бұл адамдар соғыс құпияларын сақтай отырып әрекет жасап жатқандықтан, біз бұл жорықтың қаншалықты әзірленгендігін, бұл екі жоспардың олар қайсысын,— мүмкін, үшіншісін бе,— алғандығын айта алмаймыз; қауіптің өзі де біздің осыны дәл біле алмауымызда болып отыр. Бірақ жорықтың әзірленіп жатқанын біз әбден дәл білеміз, өйткені бұл елдердің баспасөздері кейде өте аңғырт жазады, қайсыбір журналист ұлттардың одағы туралы өтіріктің бәрін лақтырып тастап, басты мақсаттарды ашық жариялайды.

Герман билеуші топтарында екі ағымның бар екендігін, егер әлі де құтылуға мүмкін болса, құтылудың екі жоспарының бар екенін біз енді айқын көріп отырмыз. Біреулері: уақыт ұталық, көктемге дейін соза тұралық, мүмкін, бекіністер шебінде біз әлі соғысып, тойтарыс бере алатын болармыз деседі; екіншілері өздерінің құтылуының басты кілті Англия мен Францияның қолында деп біледі, барлық назарын большевиктерге қарсы Англиямен және Франциямен келісім жасасуға аударады,— олардың барлық назары осыған аударылып отыр. Ал егер Вильсон қазір бітім жөніндегі ұсынысқа дөрекі және жирене бас тартумен жауап беріп отырған болса, мұның өзі Англиямен келісім іздеген герман капиталистерінің партиясын өз жоспарларынан бас тартуға мәжбүр ете қоймайды. Кейде келісімнің үнсіз-түнсіз болуы мүмкін екендігін, егер олар ағылшын мен француз капиталистеріне большевиктерге қарсы қызмет

ететін болса, бұл қызметтері үшін олардан есе алуы мүмкін екендігін герман капиталистерінің партиясы біледі. Капиталистік қоғамда осылай болып отырады — қызмет үшін төлейді. Олар: мүмкін біз ағылшын мен француз капиталистеріне бірдеңені тонауға көмектесерміз, сөйтсек олар тонап алынғаннан бізге де бірдеңені қалдырар деп жорамалдайды. Төлегенде өзіне де төленуі үшін төлеу — капиталистік дүниенің моралы міне осындай. Ал, менімше, ағылшын-француз капиталының белгілі бір бөлегін дәме еткенде, бұл адамдар есептей біледі және кемінде миллиардтар мөлшерінде дәме етеді. Бұл мырзалардың бір бөлегі мұндай есепті түсінеді.

Герман буржуазиясы мен Келісім державалары буржуазиясының арасында осындай үнсіз мәмле қазірдің өзінде жасасылып қоймады ма екен. Мұның мәні мынада — ағылшын-француздар: біз Украинаға келеміз, ал әзір онда біздің оккупациялық отрядтарымыздың жоқ кезінде, сіздер, немістер, өз әскерлеріңді алып кетпеңдер, әйтпесе Украинада өкіметті жұмысшылар алып қояды да, онда да Совет өкіметі салтанат құратын болады дейді. Олар міне осылай пайымдайды, өйткені олар барлық оккупацияланған елдердің: Финляндияның, Украинаның, Польшаның буржуазиясы, егер немістің оккупациялық әскерлері кетіп қалатын болса, бұл ұлттық буржуазия бір күн де тұра алмайтынын білетінін, сондықтан да бұл елдердің кеше немістерге сатылған, неміс империалистеріне бас ұруға барған және, Украина меньшевиктерінің және Тифлисте эсерлердің істегені сияқтанып, өз жұмысшыларына қарсы олармен одақ жасаған буржуазиясы,— міне бұл буржуазия енді өз отанын кімге болса да қайтадан сататынын түсінеді. Кеше отанын немістерге сатқан еді, бүгін ағылшындар мен француздарға сатқалы отыр. Жасырын болып жатқан нәрсе, қайтадан жүріп жатқан сауда міне осы. Ағылшын-француз буржуазиясының жеңіп бара жатқанын көріп, олар барған сайын соның жағына шығады, бізге қарсы, біздің есебімізден ағылшын-француз империализмімен мәмле әзірлейді.

Олар өздерінің болашақ ағылшын-француз миллиардер-баринніне сіздің жағыңызға шығамыз дегенде, бұл

олардың: сіздің мәртебеңіз большевиктерді жеңеді, сіздер бізге көмектесуге тиістісіздер, өйткені немістер бізді құтқара алмайды дегені. Барлық елдер буржуазиясының революцияшыл жұмысшылар мен большевиктерге қарсы бұл заговоры барған сайын айқып көрініп келеді, ашықтан-ашық арсыздық түрге көшіп келеді. Ал біздің тікелей міндетіміз барлық соғысып жатқан елдердің жұмысшылары мен шаруаларына осы қауіпті көрсету болып отыр.

Мен мысалға Украинаны алайын. Оның жағдайын ойлап қараңызшы, осы сәтте жұмысшылар мен саналы коммунистердің не істеуі керек екендігін ойлап қараңызшы. Бір жағынан, олар неміс империалистеріне қарсы, Украинаны сұмдық тонауға қарсы ызалануды көріп отыр, екінші жағынан — герман әскерлерінің біраз бөлегі, мүмкін, тіпті көбірек бөлегі, кетіп қалғанын көріп отыр. Мүмкін, оларға бойды кернеген өшпенділік пен ызаға ырық беріп, қазір-ақ, ештеңемен санаспастан, герман империалистеріне бас салу керек деген ой келетін болар. Ал екіншілері былай деседі: біздер — интернационалистерміз, біздер Россия тұрғысынан да, Германия тұрғысынан да қарауға тиіспіз; тіпті Германия тұрғысынан қарағанда біз онда өкіметтің құламай қоймайтынын білеміз және біз мынаны да жақсы білеміз: егер жұмысшылар мен шаруалардың Украинадағы жеңісі Россияда өкіметтің нығаюымен және оның табыстарымен қатар келетін болса, онда пролетарлық социалистік Украина жеңіп қана қоймайды, сонымен бірге жеңілмейтін де болады! Мұндай саналы украин коммунистері өзіне өзі былай дейді: біз өте сақ болуға тиіспіз; мүмкін, ертең империализмге және герман әскерлеріне қарсы күрес үшін бізден барлық күшті жұмылдыру талап етілер, бәрін ортаға салу талап етілер. Мүмкін, бүгін емес, ертең солай болар, ал бүгін біз герман империалистерінің әскерлері өзінен-өзі ыдырап жатқанын біліп отырмыз; олар украин әскерлерімен қатар шығыс пруссиялық және герман әскерлерінің революциялық басылымдары[59] шығарылып жатқанын біледі. Сонымен қатар біздің басты міндетіміз — украин көтерілісінің мүдделерін көздейтін насихат жүргізу.

Мұның өзі — интернационалдық, халықаралық революция тұрғысынан қойылатын міндет, өйткені бұл тізбектің басты буыны — германдық буын, өйткені герман революциясы қазірдің өзінде пісіп жетіліп отыр, ал дүние жүзілік революцияның табысы көбінесе осы революцияға байланысты болмақ.

Біз мынаны ескереміз, біздің араласуымыз олардың революциясына зиян келтірмеуі керек. Әрбір революцияның өзгерістері мен үдеулерін ұға білу керек. Әрбір елде,— біз мұны көрдік, бастан кешірдік және мұны басқалардан жақсы білеміз,— әрбір елде революция ерекше жолмен өтеді, ал бұл жолдардың әр түрлілігі сонша, революцияның бір жылға да, екі жылға да кешеуілдеуі мүмкін. Дүние жүзілік революция барлық жерде, барлық елдерде бір жолмен өтетіндей болып, жапжатық құрылған нәрсе емес,— олай болғанда біз әлдеқашан-ақ жеңген болар едік. Әрбір елге белгілі бір саяси кезеңдерден өту керек болады. Келісімпаздардың буржуазиямен бірге «халықты буржуазиядан құтқару» жөніндегі әрекетін, олардың нақ осылайша тырысуын біз барлық жерде көріп отырмыз, мұны бізде Церетели мен Чернов осылай істеген, мұны Германияда шейдеманшылдар осылай істеп отыр; мұны Францияда өзінше істеп жатыр. Ал енді, революция Германияға, ұйымшылдығымен және төзімділігімен көзге түсетін ең күшті жұмысшы қозғалысы бар елге, жұмысшылары көп төзген, бірақ, мүмкін, революциялық өшпенділігі көбірек өскен және өз жауларын ойдағыдай жаныштай алатын елге таянған кезде, революцияның үдеу қарқынын білмейтін адамдардың бұл оқиғаларға келіп араласуы: мен назарымды ең алдымен осы процесті саналы етуге аударамын дейтін саналы коммунистерге зиян келтіруі мүмкін. Енді, неміс солдатына отан қорғауға барасың дегенді айтып, оны қырғынға айдап салып отырғанына, ал шындығында неміс империалистерін қорғап жатқанына оның көзі жеткен кезде,— енді герман революциясының жүздеген халықаралық мәселелерді шешерліктей күшпен және ұйымшылдықпен бұрқ ете түсетін уақыты жақындап отыр. Міне сондықтан да саналы украин

коммунистері: біз бәрін халықаралық революцияның жеңуі үшін жұмсауымыз керек, бірақ біз болашақ біздікі екенін және біз неміс революциясымен қатар баруға тиіс екенімізді түсінуіміз керек дейді.

Менің украин коммунистерінің пайымдауы мысалымен көрсеткім келген қиыншылықтар міне осылар еді. Бұл қиыншылықтар Советтік Россияның жағдайына да әсер етіп отыр. Енді біз былай деуге тиіспіз: қазіргі уақытта халықаралық пролетариат оянды және орасан зор қадамдар жасап отыр, бірақ біздің жағдайымыз қиындай түсіп отыр, өйткені біздің кешегі «одақтасымыз» өзінің басты жауы ретінде бізге қарсы көтеріліп отыр. Енді ол дұшпан әскерлерімен емес, халықаралық большевизммен күресуге шығып отыр. Енді, Оңтүстік майданда Краснов әскерлері топтанып жатқан кезде,— ал олардың немістерден снарядтар алып отырғанын біз білеміз,— империализмді біз барлық халықтардың алдында әшкерелеп отырған кезімізде, бізді Брест бітімі жөнінде кінәлаган, Красновты немістерден снаряд алуға жіберіп, ол снарядтарды орыс жұмысшылары мен шаруаларына жаудырган адамдар, енді снарядты ағылшын-француз империалистерінен алып отыр және ала отырып, саудаласып, Россияны миллионерге, қайсысы көп берсе, соған сатып отыр. Міне сондықтан да шұғыл өзгерістің туғандығы жөнінде бізде қалыптасқан жалпы сенім енді жеткіліксіз. Біздің ескі жауларымыз бар, бірақ олардан басқа, олардың тасасында дәл қазір солар үшін жаңа көмек жиналып жатыр. Біз мұның бәрін біліп, байқап отырмыз. Таяуда өткен февральда немесе мартта ғана, не бары жарты жыл бұрын, бізде армия болған жоқ еді. Армия соғыса алмады. Төрт жылдық империалистік соғысты бастан кешірген армия өзінің не үшін соғысып жатқанын білмеген кезде, басқаның мүдделері үшін соғысып жатқанын күңгірт сезген кезде,— бұл армия бет-бетіне қашып кетті, оны дүниедегі ешқандай күш ұстап тұра алмады.

Революция атаулының қайсысы болсын қорғана білген кезде ғана бірдеңеге татиды, бірақ революция қорғануды бірден үйрене алмайды. Революция миллион-

дардың жаңа өмірге оянуы болған еді. Патшалар мен Керенскийлер миллиондарды айдап салып отырған қырғынды соза беруге не үшін баратынын февральда және мартта бұл миллиондар білген жоқ; бұл қырғынның мақсатын тек декабрьде ғана большевиктік үкімет әшкереледі. Олар бұл соғыстың өздерінің соғысы емес екенін айқын түсінді, ал шұғыл өзгерістің тууы үшін жарты жылдай уақыт керек болды. Бұл өзгеріс туды; ол революцияның күшін өзгертуде. Төрт жылдық соғыстан діңкесі құрыған, титығы жеткен бұқара февраль мен мартта бәрін лақтырып тастап, бейбітшілік болсын, соғыс тоқтатылсын деді. Олар соғыс не үшін болып жатыр деген сұрақты қоятын халде болған жоқ. Егер бұл бұқара енді Қызыл Армияда жаңа тәртіпті, таяқ тәртібі мен помещиктік тәртіпті емес, жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің тәртібін жасаған болса, егер олар енді аса зор құрбандықтарға барып жатқан болса, егер олардың арасында жаңа топтаныс қалыптасқан болса, онда мұның себебі: ондаған миллион адамдардың санасы мен тәжірибесінде тұңғыш рет жаңа, социалистік тәртіп туып жатқандығы және Қызыл Армия туғандығы. Ал мұның өзі осы ондаған миллион адамдардың помещиктер мен капиталистерді өздері лақтырып тастағанын, жаңа өмір құрылып жатқанын, жаңа өмірді олардың өздері құра бастағанын және, егер шетелдік шабуыл бөгет істемесе, өздерінің бұл өмірді құрып шығатынын олар өз тәжірибесінен көрген кезде ғана туды.

Шаруалар өздерінің басты жауын көріп, деревня кулактарымен күресе бастаған кезде, жұмысшылар фабриканттарды лақтырып тастап, заводтарды халық шаруашылығының пролетарлық принципі бойынша құра бастаған кезде, олар қайта құрудың бүкіл қиыншылығын көрді, бірақ олар ол қиыншылықты жеңді; жұмысты жолға қою үшін айлар керек болған еді. Бұл айлар өткен соң, өзгеріс те туды; біздің дәрменсіз болған дәуіріміз өтті, сөйтіп біз алып қадамдармен алға бастық; бізде армия болмаған дәуір, тәртіп болмаған дәуір өтті; жаңа тәртіп орнады, ал армияға жаңа адамдар барды; олар мыңдап-мыңдап өмірін сарп етіп отыр.

Мұның өзі жаңа тәртіп, жолдастық одақ майдандағы күресте және кулакқа қарсы деревнядағы күресте бізді қайта тәрбиеледі деген сөз. Біз бастан кешіріп отырған бұл өзгеріс қиын өзгеріс болды, бірақ біз енді істің жолға қойылып жатқанын сезіп отырмыз, біз жөнге келтірілмеген, декретпен жарияланған социализмпен ақиқат социализмге көшіп жатырмыз. Біздің алдымызда тұрған басты міндет — империализммен күресу, ал бұл күресте біз жеңуге тиіспіз. Біз бұл күрестің бүкіл қиыншылығы мен қауіптілігін көрсетіп отырмыз. Біз Қызыл Армияның санасында үлкен өзгеріс туғанын, оның жеңе бастағанын, ол өзінің қатарынан пролетарлық жаңа әскери мектептер курсынан өткен мыңдаған офицерлерді және соғыстың қатал курсынан басқа ешқандай курстардан өтпеген басқа да мыңдаған офицерлерді дайындап шығарып отырғанын білеміз. Сондықтан біз қауіпті түсінеміз дегенде, ешбір асыра айтып отырғанымыз жоқ, бірақ біз қазір: бізде армия бар деп айта аламыз; ал бұл армия тәртіп орнатты, ұрысқа қабілетті болып алды. Біздің Оңтүстік майдан жалғызжарым майдан емес,— бұл майдан бүкіл ағылшын-француз империализміне қарсы, дүние жүзіндегі ең мықты жауға қарсы майдан, бірақ біз одан қорықпаймыз, өйткені өзінің ішкі жауын оның бір өзі жеңе алмайтынын білеміз.

Бұдан үш ай бұрын біз Германияда революция болуы мүмкін дегенімізде, оған күлген еді және неміс революциясының болуына тек жарымес большевиктердің ғана сенуі мүмкін деген еді. Большевиктерді бүкіл буржуазия ғана емес, сонымен бірге меньшевиктер де, солшыл эсерлер де патриотизмге опасыздық жасаушылар деп атаған еді және Германияда революцияның болуы мүмкін емес дескен еді. Бірақ біз ол жерге біздің көмегіміз керек екенін білгенбіз, ал бұл көмек үшін біз бәрін, бітімнің ауыр шарттарына көнуге дейін, құрбандық жасауға тиісті болғанбыз. Бұдан бірнеше ай бұрын бізге осыны айтып, дәлелдеп баққан болатын, бірақ Германия айналасы бірнеше айдың ішінде мықты империядан шіріген ағашқа айналды. Оны шіріткен бұл

күш Америкада да, Англияда да әрекет етіп жатыр, ол күш бүгін әлсіз, бірақ ағылшын-француздардың Россияда жасап көрмек болған және немістердің істегеніндей Украинаны оккупациялап көрмек болған әрбір қадамы сайын,— міне осы әрбір қадам сайын бұл күш өршіген үстіне өрши береді, сөйтіп испан ауруынан да гөрі қауіптірек болады.

Міне, жолдастар, сондықтан да, қайталап айтайын, әрбір саналы жұмысшының басты міндеті жағдайдың бүкіл қиындығын білмеуі мүмкін қалың бұқарадан қазір ештеңені жасырмау, қайта, оларға бүкіл шындықты ашып көрсету болып табылады. Жұмысшылар бұл шындықты білерліктей болып пісіп жетілді. Біз ақ гвардияшыларды ғана емес, сонымен бірге дүние жүзілік империализмді де жеңуге тиіспіз. Біз мұны ғана емес, сондай-ақ бұдан гөрі қауіптірек жауды да жеңуге тиіспіз және жеңеміз де. Мұның үшін бәрінен де Қызыл Армия керек. Советтік Россияның әрбір ұйымы армия туралы мәселені бірінші орынға қоюдан тынбасын. Қазіргі уақытта, бәрі де орныққан кезде, бірінші орынға соғыс туралы, армияны нығайту туралы мәселе қойылсын. Бізде контрреволюцияны жеңеміз деген толық сенім бар. Біз өзімізде күш бар екенін білеміз, бірақ біз ағылшын-француз империализмі бізден күштірек екенін де білеміз, сол себепті осыны жұмысшы бұқарасы айқын түсінсе екен дейміз. Біз былай дейміз: армияны он есе және одан да көп күшейту керек, тәртіп негұрлым нығайтылсын, саналы, көзі ашық, ұйымдасқан нағыз көсемдер осыған он есе көп көңіл бөліп, қамқорлық етсін деу керек, ал сонда халықаралық революцияның өсуі, міне осы өсу қазірдің өзінде жеңіліске ұшыраған елдермен ғана тынбайды. Енді революция жеңіп шыққан елдердің өзінде де басталғалы отыр. Біздің күштеріміз күн сайын өсуге тиіс, ал осы үздіксіз өсу біз үшін бұрынғыша халықаралық социализмнің жеңіп шығатындығының басты және толық кепілі болып табылады! (Ленин жолдастың сөзі әлденеше рет ду қол шапалақтаумен бөлініп, овациямен аяқталды. Бүкіл залдағылар

тегіс орындарынан тұрып, дүние жүзілік революцияның көсемін құттықтайды.)

Газет есептері
1918 ж. 23 октябрьде
«Правда» газетінің 229-номерінде
және «Известия ВЦИК»
газетінің 231-номерінде
басылған

1919 ж. мына кітапта
толық басылған:
«Бесінші сайланған Бүкіл
россиялық Орталық
Атқару Комитеті.
Стенографиялық есеп»

Стенограммамен және газеттердің
текстерімен салыстырылған
кітаптың тексті
бойынша басылып отыр

2

ҚАРАР

Пролетарлық бұқара мен шаруалардың империалистік соғысқа қарсы революциялық қозғалысы соңғы кезде барлық елдерде, әсіресе Балқанда, Австрияда және Германияда орасан зор табыстарға жетті. Бірақ нақ осы табыстардың өзі енді ағылшын-американ және француз буржуазиясы бастаған халықаралық буржуазияның қатты өшпенділігін және революцияны, ең алдымен оның қазіргі басты ошағы Россиядағы Совет өкіметін басып-жаншып тастау үшін жедел контрреволюциялық күш болып ұйымдасу әрекетін туғызды.

Соғыста талқандалған және өз ішіндегі қуатты революциялық қозғалыстың қаупі төнген герман буржуазиясы мен герман үкіметі осыдан құтылудың жолын іздеп аласұруда. Германияның билеуші топтарындағы бір ағым созбұйдаға салып қысқа дейін уақыт ұтуға, сөйтіп жаңа бекіністер шебінде елді соғыс арқылы қорғауды әзірлеуге болар деп дәмеленеді. Екінші ағым революциялық пролетариат пен большевиктерге қарсы ағылшын-француз буржуазиясымен келісім жасасуды жанталаса іздестіруде. Жеңушілердің, ағылшын-француз империалистерінің, мәмлеге келуге өте-мөте сараңдығына кездескен соң, бұл ағым оларды большевиктік қауіппен қорқытуға және большевиктерге қарсы, пролетарлық революцияға қарсы қызмет көрсетіп, оларды сатып алуға тырысады.

Германияға бағынған елдердің немесе ол оккупациялап алған елдердің буржуазиясы әсіресе мынадай рет-

терде: ол, мысалы, Финляндиядағы, Украинадағы, т. б. сияқты, қаналушы еңбекшілер бұқарасына өзінің өктемдігін шетел қаруының көмегінсіз сақтап қалуға мүлде мүмкін еместігін түсінген реттерде, Антантамен келісуді неғұрлым жанып салып іздейді.

Осы жағдайлардың нәтижесінде Совет өкіметі үшін мынадай бір өзіндік ерекше кезең туып отыр: бір жағынан, біз халықаралық пролетарлық революцияға дәл қазіргідей ешқашан жақын тұрған емеспіз; екінші жағынан, біз дәл қазіргідей мұнша қауіпті жағдайда ешқашан болған емеспіз. Империалистік жыртқыштардың бірін-бірі жалмап отырған, бірін-бірі әлсіретіп отырған, шамалап айтқанда, күштері тең екі тобы енді жоқ. Жеңгендердің тобы — ағылшын-француз империалистері қалып отыр; ол топ бүкіл дүние жүзін капиталистер арасында бөліске салмақ; ол топ қайткен күнде де Россиядағы Совет өкіметін құлатып, бұл өкіметті буржуазиялық өкіметпен ауыстыруды өзінің міндеті етіп қойып отыр; ол топ қазір Россияға оңтүстіктен, мысалы, Дарданелл мен Қара теңіз арқылы немесе Болгария мен Румыния арқылы шабуыл жасауға дайындалып жатыр, оның бер жағында, ағылшын-француз империалистерінің ең болмағанда бір бөлегі, сірә, былай деп үміттенетін сияқты: украин жұмысшылары мен шаруаларының сөзсіз жеңуіне, олардың украин жұмысшы және шаруа үкіметін құруына жол бермеу үшін герман үкіметі ағылшын-француз империалистерімен тікелей немесе үн-түнсіз жасасқан келісімі бойынша өз әскерлерін Украинадан ағылшын-француз әскерлері Украинаны оккупациялағанда ғана әкете бастайды.

Красновтық және ақ гвардиялық контрреволюционерлердің тасасында бізге қарсы одан анағұрлым қауіптірек күштің, халықаралық контрреволюциялық буржуазия, ең алдымен ағылшын-американ және француз буржуазиясы күшінің шабуылы дайындалып жатқанын ұғыну қалың жұмысшы және шаруа бұқарасының арасына барлық жерде бірдей терең тараған жоқ. Мұндай ұғынуды біз қажымастан бұқараға жеткізуге тиіспіз. Оңтүстік майданды нығайтуға, қазіргіден анағұрлым қуатты Қызыл Армияны құруға және қаруландыруға

барынша мықтап көңіл бөлу қажет. Әрбір жұмысшы ұйымы, әрбір кедей шаруа одағы, әрбір совет мекемесі армияны күшейту мәселесін күн тәртібінің бірінші кезегіне қайта-қайта қойып, біздің қаншалықты жеткілікті істегенімізді, біздің қандай жаңа шаралар қолдана алатынымызды және қолдануға тиіс екенімізді үсті-үстіне қайта қарап отыруға тиіс.

Біздің жұмысшы және шаруа бұқарасының көңіл күйінде айқын үлкен өзгеріс туды. Соғыстан әбден қажығандықты бұқара жеңді. Армия құрылып жатыр және құрылды. Жаңа, коммунистік тәртіп, саналы тәртіп, еңбекшілер тәртібі орнады. Міне осы факт біздің социалистік отанды және халықаралық пролетарлық революцияның жеңісін қорғап қала аламыз және қорғаймыз деп кәміл сенуімізге толық негіз болады.

«Известия ВЦИК» № 231, 23 октябрь, 1918 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. Лениннің «Заңдарды бұлжытпай орындау туралы қаулы тезистерінің нобайы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 2 ноябрь, 1918 ж.

1

Набросок тезисов

(или пробуйте соблюдать)

I. Законность д. б. повышена ибо основы законов РСФСР установлены

II. Экстренная мера войны с кр.-револ. не должна ограничиваться законами при условіях

(α) точное и формальное заявленіе соотв. советского учрежденія или должн. лица о том, что экстренные условія гражд. войны и б-бы с кр.-рев. требуют выхода из предела законов

(β) немедленное сообщение такого заявленія в письм. формат в С.Н.К., с копией для местных и централ. властей.

III. При всех конфликтах или треніях или недоразуменіях или спорах о пределах ведомства и т. под. между должностными лицами или учрежденіями Сов. все эти лица и учрежденія обязаны немедленно составить самый краткий протокол с обязательным указанием даты, места, имен должн. лиц или названія учрежденія и кратчайшего указанія (не изложенія) существа дела. Копія протокола обязательно передается другой стороне.

ЗАҢДАРДЫ БҰЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ ТЕЗИСТЕРІНІҢ НОБАЙЫ

I. Заңдылық күшейтілуге тиіс (немесе барынша қатаң орындалуға тиіс), өйткені РСФСР заңдарының негіздері белгіленген.

II. Контрреволюцияға қарсы *соғыстың* шұғыл шаралары мына жағдайларда заң шеңберімен шектелмеуге тиіс:

(α) азамат соғысының және контрреволюциямен күресудің шұғыл шаралары заң шеңберінен шығуды керек ететіндігі туралы тиісті совет мекемесінің немесе лауазымды адамның дәл және ресми мәлімдемесі болуы керек;

(β) мұндай мәлімдемені Халық Комиссарлары Советіне жазбаша түрде дереу хабарлап, жергілікті және мүдделі өкімет орындарына көшірмесі тапсырылуы керек.

III. Ведомствоның шектері және сол сияқтылар туралы лауазымды адамдар арасында немесе Совет өкіметінің мекемелері арасында болатын барлық жанжалдар немесе егестер, яки түсініспеушіліктер, не болмаса таластар туған кезде — осы адамдар мен мекемелердің барлығы міндетті түрде уақытын, уақиғаның болған жерін, лауазымды адамдардың есімдерін немесе мекемелердің аттарын және істің мәнін барынша қысқаша көрсетіп (баяндап жатпай) дереу мейлінше қысқа протокол жасауға мін-

детті. Протоколдың көшірмесі міндетті түрде қарсы жаққа беріледі.

IV. Егер Республиканың кез келген азаматы лауазымды адамның немесе мекеменің қандай да болсын бір шарасына (немесе істі созбұйдаға салуына және т. т.) шағым беретін болса, онда әрбір лауазымды адам немесе Совет өкіметінің әрбір мекемесі дәл әлгіндей қысқаша протоколдар жасауға міндетті. Көшірмесі шағым беруші азаматқа міндетті түрде хабарландырылады, ал екінші көшірмесі жоғары мекемеге жіберіледі.

V. Протоколдың дөрекі қиянат жасағандық болып табылатын көрінеу негізсіз талабы үшін сотқа берілетін болады.

VI. Лауазымды адамның фамилиясы анық жазылған протоколды беруден бас тарту лауазым жағынан алғанда ең ауыр қылмыс болып табылады.

Ұсынысым: Орталық Комитет *принципінде* мақұлдайды, Юстиция халық комиссариатына осыны декрет ретінде редакциялап шығуды тапсырады[60].

2/XI. 1918.

Ленин

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АВСТРО-ВЕНГРИЯ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ БОЛҒАН ДЕМОНСТРАЦИЯДА 1918 ж. 3 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Ду қол шапалақтау.) Халықтың шеккен азабы босқа кетпегендігін оқиғалар бізге көрсетіп отыр.

Біз тек орыс капитализмімен ғана соғысып отырған жоқпыз. Біз барлық елдердің капитализміне қарсы, бүкіл дүние жүзілік капитализмге қарсы,— барлық жұмысшылардың бостандығы жолында күресіп жатырмыз.

Бізге әрі аштықпен, әрі жаулармен күресу қиын-ақ болғанмен де, біз енді миллиондаған одақтастарымыз барын көріп отырмыз.

Бұл одақтастар — Австрияның, Венгрияның және Германияның жұмысшылары. Біз мұнда жиналып отырған кезде, түрмеден босатылған Фридрих Адлер, тегі, Венаға жақындап қалған болар. Венаның алаңдарында австриялық жұмысшы революциясының бірінші күні мерекеленіп жатқан болар.

Бүкіл дүние жүзілік революцияның бірінші күні барлық жерде мерекеленетін уақыт енді жақын қалды.

Біз тектен-тек жұмыс істегеніміз жоқ, тектен-тек азап шеккеніміз жоқ. Дүние жүзілік халықаралық революция жеңіп шығады!

Халықаралық пролетарлық революция жасасын! (Ду қол шапалақтау.)

«Правда» № 240,
5 ноябрь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ МОСКВА СОВЕТТЕРІНІҢ 1918 ж. 6 НОЯБРЬДЕГІ САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[61]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Жиналған жұрт орындарынан тұрып, Ленин жолдасты көпке дейін басылмаған, дуқол шапалақтаумен құттықтайды.) Бүгін біз,— деп бастады Ленин жолдас,— Октябрь төңкерісінің жылдығын мерекелеу үшін ондаған және жүздеген митингілерге жиналамыз. Жұмысшы қозғалысына көптен бері қатынасып жүргендерге, жұмысшы бұқарасымен бұрыннан байланысы барларға, фабрика мен заводқа жақын болып көргендерге,— міне бұларға өткен жылдың нағыз пролетариат диктатурасы жылы болғандығы айқын. Бұл ұғымның өзі бұрын кітаптағы бір түсініксіз латын тілі болған еді, ұғуға қиын сөздерден құралған бірдеңе еді. Интеллигенттер бұл ұғымның түсінігін ғылыми кітаптардан іздеген еді, алайда, бұл кітаптар оларға пролетариат диктатурасының не екені жөнінде өте күңгірт түсінік берген болатын. Ал біздің өткен жыл ішіндегі сіңірген басты еңбегіміз: біз осы сөздерді түсініксіз латын тілінен түсінікті орыс тіліне аудардық. Жұмысшы табы өткен жылдың ішінде ақылгөйлікке салынған жоқ, интеллигенттердің ақыл-ойы абыржып қалғанына қарамастан, пролетарлық диктатураны іс жүзінде жасады және оны жүзеге асырды.

Батыста бұрынғыша капитализм үстемдік жасады. Енді онда да ұлы төңкерістер уақыты келді. Енді батыс европалық жұмысшы да капитализмнен социализмге өтудің қиын дәуіріне таянып отыр. Біздің істегеніміз

сияқты, оның да бүкіл ескі аппаратты қиратып, жаңа аппарат құруына тура келеді.

Біздің буржуазиялық интеллигенцияда болған тәжірибенің, білімнің, техникалық мәдениеттің барлық қорын пайдалануымызға тура келмеді. Совет өкіметі мықтаса екі апта-ақ тұра алар деп, буржуазия большевиктерді мысқылдап күлген еді, сондықтан ол бұдан былайғы жұмыстан бұлталақтап қана қоймай, ескі укладты талқандаған жаңа қозғалысқа, жаңа құрылысқа, шамасы келген жердің бәрінде, қолынан келген тәсілдердің бәрімен қарсылық жасап отырды.

Буржуазияның қарсыласуы әлі жойылып болған жоқ. Оның ызалануы күн сайын өсуде, біз капиталистік ескі дүниені талқандап бітіруге неғұрлым жақындаған сайын соғұрлым тез өсуде.

Большевизмнің күшейіп, дүние жүзілік көлемге жайылуымен байланысты, халықаралық жағдай енді мынадай болып отыр: барлық түрдегі империалистердің одағы Советтік республикаға жабылып, буржуазияның қарсыласуы ұлттық қарсыласудан интернационалдық қарсыласуға айналуы мүмкін.

Германиядағы біздің өкілдігіміз революциялық насихат жүргізді деген сылтаумен Германия біздің елшімізді Берлиннен қуып жібергенін өздеріңіз білесіздер. Біздің елшіліктің революциялық әсер ететінін герман үкіметі бұрын бейне бір білмеген секілді. Ал егер Германия бұрын бұл жөнінде үндемеген болса, онда оның себебі: Германия ол кезде күшті еді, ол бізден қорықпаған еді. Ал енді, соғыста күйрегеннен кейін, біз оған өте қорқынышты болып отырмыз. Германияның генералдары мен капиталистері одақтастарға сөз салып, былай дейді: сіздер бізді әйтеуір жеңдіңіздер ғой, бірақ өздеріңіз біз жөнінде эксперимент жасаумен оппа желіге бермесеңіздер де болады, өйткені сіздерге де, бізге де дүние жүзілік большевизмнің қаупі төніп отыр; ал онымен күресте біз сіздерге керек болып жүруіміз мүмкін.

Ал Россияға қарсы бірігіп жорық жасау үшін одақтастардың империалистері неміс империализмімен, егер, әрине, неміс империализмі ол кезге дейін аман қалатын болса, бірігуі әбден мүмкін. Міне сондықтан да

бүкіл өткен жыл бойына бізді қоршаған қауіп енді өте-мөте үлкен болып отыр. Бірақ біз енді жалғыз емеспіз. Біздің енді бір жерлерде көтеріліс жасаған, екінші бір жерлерде көтеріліс жасап жатқан халықтар сияқты достарымыз бар; олар тонаушылық мақсаттағы басқыншылық үшін өздерінің бұдан әрі соғысқысы келмейтініне өз үкіметтерінің көзін әбден айқын жеткізіп отыр. Бірақ, біз өте қауіпті дәуірлердің жаңа кезеңіне енгелі отырғанымызға қарамастан, біз өзіміздің социалистік құрылысымызды бұдан былай да жүргізе береміз. Өткеннің тәжірибесі бізге қателерден аулақ болуға көмектеседі және бұдан былайғы жұмысымыз үшін бізге жаңа күш береді.

Жаңа аппарат құруда кәсіптік одақтардың ролі аса зор болды. Жұмысшы табы өнеркәсіпті интеллигенциясыз-ақ, капиталистерсіз-ақ өзі ұйымдастыра алатынын көрсетті. Көп нәрселер істелді, бірақ істелетін көп жұмыс әлі алдымызда. Өздеріңіз осы кезге дейін жүріп келген жолмен батыл алға баса беріңіздер, жолдастар, бұқараны жаңадан үсті-үстіне жұмысқа тарта беріңіздер! Сауатсыз, тәжірибесіз, білмейтін болса да, бұқарамен байланысы бар, жаңа құрылыстың нығаюын шынымен тілейтін жұмысшылардың бәріне,— міне солардың бәріне, партияда барларына да, партияда жоқтарына да, жаңа пролетарлық мемлекетте жұмыс істеуге және оқып-үйренуге, байлықты басқаруға және жасауға мүмкіндік беріңіздер.

Халықаралық пролетариат көтеріліс жасайды, барлық жерде де капитализмді құлатады, сөйтіп біздің жұмысымызды ақырына жеткізеді, ал бұл жұмыс социализмнің толық жеңісіне жеткізеді! (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Известия ВЦИК» № 244, 9 ноябрь, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ, ШАРУА, КАЗАК ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ VI СЪЕЗІ[62]

6—9 НОЯБРЬ, 1918 ж.

Газет есептері 1918 ж. 9 және 10 ноябрьде «Правда» газетінің 242 және 243-номерлерінде және 9 ноябрьде «Известия ВЦИК» газетінің 244-номерінде басылған

1919 ж. мына кітапта толық басылған: «Советтердің Бүкіл россиялық төтенше алтыншы съезі. Стенографиялық есеп»

Стенограммамен және газеттердің текстерімен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр; халықаралық жағдай туралы сөз сонымен бірге мына кітапшаның текстімен салыстырылған: Н. Ленин. «Дүние жүзілік империализм және Советтік Россия», М., 1919

1

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БІР ЖЫЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ 6 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ленин жолдастың келуі көпке дейін басылмаған овациямен қарсы алынды. Жұрттың бәрі орындарынан тұрып, Ленин жолдасты құттықтайды.) Жолдастар! Бізге өз революциямыздың бір жылдығын халықаралық жұмысшы қозғалысында ең ірі оқиғалар болып жатқан кезде және дүние жүзілік соғыстың өзі ескі үкіметтің және бұрыннан үстемдік етуші буржуазия табының келісімдерімен немесе зорлықтарымен тоқтатылмайтындығы, оның тек Россияны ғана емес, сонымен қатар бүкіл жер жүзін дүние жүзілік пролетарлық революцияға, жер бетін қанға бояған капиталды жұмысшылардың жеңуіне бастайтындығы және герман империализмінің барлық зорлықтары мен айуандықтарынан кейін, Австрия мен Германия қолдап отырған ағылшын-француз империализмі тарапынан да дәл сол саясат жүргізіліп отырғандығы жұмысшы табы мен еңбекшілердің тіпті ең шүбәшыл, тіпті ең күдікшіл элементтеріне де айқын болған кезде мерекелеуге тура келіп отыр.

Революцияның жылдығын мерекелеп отырған күні біз оның өткен жолына көз жіберуіміз керек. Біз өзіміздің революциямызды адам айтқысыз қиын жағдайларда, дүние жүзінің бұдан былайғы жұмысшы революцияларының бірде-бірі бастан өткізбейтін жағдайларда бастауымызға тура келді, міне сондықтан да біз өзіміздің өткен жолымызды тұтас сипаттап беруге тырысуымыз-

дың, осы мезгілдің ішінде қолымыздың неге жеткеніне және осы жылдың ішінде біз өзіміздің ең басты, өзіміздің шешуші, нағыз негізгі міндетімізге қаншалықты дайындалғанымызға көз жіберуіміздің ерекше маңызы бар. Біз бүкіл дүние жүзілік пролетарлық және социалистік армия отрядтарының бір бөлімі, сол армияның бір бөлімі болуға тиістіміз. Егер бүкіл дүние жүзілік күрестен туатын революцияны біздің бастап жіберуімізге тура келген болса, онда бұл тіптен де орыс пролетариатының ерекше бір еңбек сіңіргендігінен емес, немесе оның басқалардан алда болғандығынан емес, қайта, тек капитализмнің ерекше әлсіздігі, оның артта қалғандығы және әсіресе әскери-стратегиялық қысылшаң жағдайлар ғана басқа отрядтардың келуін, көтерілуін күтпей-ақ оқиғалардың барысында біздің ол отрядтардың алдынан орын алуымызға тура келтіргендігін біз әрқашан да мойындап келген болатынбыз. Біз енді өзіміздің болашақ революциямызда кездесетін ұрыстарға кірісу үшін қаншалықты дайындалғанымызды білу жөнінде өзімізге өзіміз есеп бермекпіз.

Міне сөйтіп, жолдастар, біз өзімізге осы жылдың ішінде ірі көлемде не істедік деген сұрақ қоя отырып, мыналарды істедік деуіміз керек: жұмысшы бақылауынан, жұмысшы табының осы алғашқы қадамынан, еліміздің барлық құрал-жабдықтарына қожайындық етуден біз өнеркәсіпте жұмысшы басқаруын орнатуға әбден жақындадық; жер үшін жалпы шаруалық күрестен, шаруалардың помещиктермен күресінен, жалпы ұлттық, буржуазиялық-демократиялық сипаттағы күрестен біз деревняда пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтердің бөлініп шығуына, әсіресе еңбек ететіндердің, қаналып отырғандардың бөлініп шығуына жеттік, олардың жаңа тұрмыс құруға көтерілуіне жеттік; деревняның ең күшті езгі көрген бөлегі буржуазияға қарсы, оның ішінде өзінің деревнялық кулак буржуазиясына қарсы бітіспейтін күреске кірісті.

Одан соң, советтік ұйымның алғашқы қадамдарынан біз, съезді ашқан Свердлов жолдастың әділ айтқанындай, Россияда совет ұйымы бекімеген, барлық еңбекшілер мен езілгендер күресінің ұзақ тәжірибесі негізінде

жасалған Советтік конституцияның тұтас бөлегін құрамаған бірде-бір түкпір қалмаған дәрежеге жеттік.

Біз өзіміздің толық қорғансыздығымыздан, бұқараға езілген адамдардың жек көрушілігін ғана емес, сонымен қатар жиренушілігін де, адам айтқысыз шаршағандығын да, қажығандығын да әкелген, біз германдық және австриялық империализм соққылары алдында қорғансыз болған кезде, революцияны ең қиын, ең ауыр кезеңге душар еткен соңғы төрт жылдық соғыстан,— міне осы қорғансыздықтан біз аса қуатты Қызыл Армияға жеттік. Ақырында, ең маңыздысы, біз Октябрьде де, үстіміздегі жылдың бас кезінде де жапа шеккен халықаралық жалғыздықтан біз мынадай жағдайға жеттік: біздің бірден-бір, бірақ мықты одақтасымыз,— барлық елдердің еңбекшілері мен езілгендері, міне осы одақтасымыз, ақырында, бас көтерді, Батыс Европа пролетариатының Либкнехт пен Адлер сияқты көсемдері,— империалистік соғысқа қарсы дауыс көтерген батыл, ерлік әрекеттері үшін ұзақ айлар каторгаға түскен көсемдері, міне осы көсемдер енді азаттық алғандығын көріп отырмыз, өйткені күн сайын емес, сағат сайын өсіп келе жатқан веналық және берлиндік жұмысшы революциясы оларды босатуға мәжбүр етті. Жалғыздықтан өтіп біз өзіміздің халықаралық одақтастарымызбен қол ұстасып, тізе қосқан жағдайға жетіп отырмыз. Міне осы жылдың ішінде қолымыз жеткен негізгі нәрсе осы. Енді мен осы жолымызға, осы асу кезеңге қысқаша тоқталып өтпекпін.

Жолдастар, бастапқыда біздің ұранымыз жұмысшы бақылауы болды. Біз, Керенский үкіметінің барлық уәделеріне қарамастан, капитал елдің өндірісіне саботаж жасауын қоймай отыр, оны одан сайын қиратып, бүлдіріп бара жатыр деген болатынбыз. Істің жайы ыдыратуға бет алғандығын, сондықтан социалистік, жұмысшы үкіметінің қайсысына болса да міндетті алғашқы негізгі қадам — жұмысшы бақылауы болуға тиіс екенін біз енді көріп отырмыз. Біз өзіміздің бүкіл өнеркәсібімізде социализмді бірден декреттеген жоқпыз, неге десеңіз социализм жұмысшы табы басқаруды үйренген кезде ғана, жұмысшы бұқарасының беделі кү-

шейген кезде ғана қалыптасып, пығая алады. Мұнысыз социализм тек тілек қана. Міне сондықтан біз, қайшылығы бар қадам, толық емес қадам екенін біле тұрсақ та, жұмысшы бақылауын енгіздік, бірақ ұлан-байтақ елдің өнеркәсіп құрылысының ұлы ісін жұмысшылардың өздері қанаушыларсыз қолға алып, қанаушыларға қарсы жүргізуі қажет болады, ал енді, жолдастар, кімде-кім осы құрылысқа тікелей немесе тіпті жанамалап қатысқан болса, кімде-кім капиталистік ескі тәртіптің бүкіл езгісі мен айуандығын басынан кешірген болса, ол адам бұдан көп, өте көп нәрселер үйреніп отыр. Біз қолымыз жеткен табыстың аз екенін білеміз. Біз өте-мөте мешеу және күйзелген елде, жұмысшы табына өте көп тосқауылдар мен кедергілер қойылған елде, өнеркәсіпті басқаруды үйрену үшін,— жұмысшы табына ұзақ мерзім керек екендігін де білеміз. Осы басқару ісін жұмысшылардың өздері қолына алғандығын, жұмысшы бақылауынан, өнеркәсіптің барлық басты салаларында былық, бытырандылық, майдагерлік, жартыкештік болып қалуға тиісті бақылаудан, біз жалпы ұлттық көлемде өнеркәсіпті жұмысшы басқаруына жеткендігімізді ең маңызды және бағалы іс деп санаймыз.

Кәсіптік одақтардың жағдайы өзгерді. Олардың ендігі басты міндеті — барлық бас басқармалар мен орталықтарға, бүлінген, қасақана саботаждық жасап жатқан өнеркәсіпті капитализмнен қабылдаған барлық жаңа ұйымдарға өздерінің өкілдерін қою болып отыр; бұл ұйымдар осы өнеркәсіпті қолға алғанда, білім мен жоғары дәрежелі білімді — адамзаттың ғылым қорынан алған осы нәтижесін — теріс мақсатқа пайдалануды, ғылымды пайдаланғанда қоғамдық, халықтық шаруашылықты қанаушыларсыз құру ісінде бұқараға жәрдемдеспейтін етіп пайдалануды әуелден өздерінің міндеті етіп қойған, білімнің бәрін социализм ісін сәтсіздікке ұшырату үшін пайдаланған күллі интеллигенттік күштердің көмегінсіз қолға алып отыр. Бұл адамдар ғылымды тосқауыл жасау үшін, басқару ісін қолға алған, бірақ бұл іске дайындығы әлдеқайда кем жұмысшыларға кедергі жасау үшін пайдалануды өздеріне мақсат етіп қойды, сөйтсе де біз негізгі кедергі жойылды деп айта

аламыз. Бұл адам айтқысыз қиын іс болды. Буржуазияға бүйірі бұратын элементтердің бәрінің саботажы жойылды. Осындай орасан зор кедергілерге қарамастан, жұмысшылар социализмнің іргетасын қалаған осы негізгі қадамды жасады. Біз ешбір асырып айтпаймыз және шындықты айтудан қорықпаймыз. Иә, түпкілікті мақсатқа жету тұрғысынан қарағанда, аз істелді, ал қаланган негізді нығайту тұрғысынан қарағанда, көп, тіпті өте көп істелді. Социализм туралы сөз қылғанда, жұмысшылардың нағыз қалың бұқарасы қолдарына кітап алып, кітапшаны оқып шығып, социализмнің іргетасын саналы түрде қалады деген мағынада айтуға болмайды, олардың бұл жердегі саналылығы адам айтқысыз қиын істі өздерінің жігерімен, өз қолдарына алғандығында, бұл істе мыңдаған қателер жіберіп, әрбір қатесінен өздері жапа шеккенінде, ал әрбір қате қазір құрылған және берік негізде тұрған өнеркәсіпті басқару ісін ұйымдастыру жөніндегі жұмыста оларды жігерлендіріп, шынықтырғандығында болды. Олар өздерінің жұмысын ақырына дейін жеткізді. Енді бұл жұмыс ол кездегіден басқаша істеледі,— енді бүкіл жұмысшы бұқарасы, тек көсемдер мен алдыңғы қатарлылар ғана емес, бұқараның нағыз қалың топтары социализмді өздері, өз қолдарымен орнатып жатқандығын, оның іргетасын қалағандығын, енді бұл істі аяқтап шығуға ел ішінде ешқандай күш бөгет бола алмайтындығын біледі.

Егер өнеркәсіп жөнінде осындай үлкен қиыншылықтар кездескен болса, егер біз өнеркәсіпте жұмысшы бақылауынан жұмысшы басқаруына жеткізген, көп адамға ұзақ болып көрінсе де, шындығына келгенде қысқа болған жолдан өтуге тиісті болсақ, онда анағұрлым мешеу деревняда біздің бұдан әлдеқайда көп дайындық жұмыстарын жүргізуімізге тура келді. Ал деревня тұрмысын байқаған адам, деревнядағы шаруалар бұқарасымен істес болған адам: қалаларда болған Октябрь революциясы деревня үшін тек 1918 жылдың жазы мен күзінде ғана нағыз Октябрь революциясы болды дейді. Ал мұнда, жолдастар, Петроград пролетариаты мен Петроград гарнизонының солдаттары өкіметті қолға алған кезде деревняда құрылыс жұмыстарын жүргізу

үшін үлкен қиыншылықтар кездесетіндігін, деревняда істі мейлінше бірте-бірте жүргізу керектігін, деревняда жерді қоғамдасып өңдеуді декреттер арқылы, заңдар арқылы енгізуге тырысушылық аса зор сорақылық болып табылатындығын, бұған азгантай саналы шаруалар ғана көнетіндігін, ал шаруалардың орасан зор көпшілігі бұл міндетті алға қойып отырмағандығын олар әбден жақсы білген болатын. Міне сондықтан да біз революцияны дамыту мүдделері үшін ең қажет нәрселермен ғана шектелдік: бұқараның өсуінен ешбір жағдайда озып кетпелік, осы бұқараның өз тәжірибесінен, олардың өз күресінен туатын ілгері басуды күтелік дегенбіз. Біз Октябрьде шаруалардың ежелгі жауын, крепостник-помещикті, латифундиялар иесін бірден жоюмен шектелдік. Бұл жалпы шаруалық күрес болған. Ол кезде шаруалар ішінде пролетариат, жартылай пролетариат, шаруалардың ең кедей бөлегі және буржуазия болып жіктелушілік жоқ еді. Біз, социалистер, мұндай күрессіз социализмнің болмайтындығын білгенбіз, бірақ біз осымен қатар біздің біліміміздің жеткіліксіз екендігін, ол білімнің миллиондар арасына насихат арқылы емес, сол миллиондардың өздерінің тәжірибелері арқылы енуінің қажет екендігін де білгенбіз, міне сондықтан да біз барлық шаруалар тұтас алғанда төңкеріс дегенді жерді теңгерме пайдалану негіздерінде ғана түсінген кезде, біз өзіміздің 1917 жылғы 26 октябрьдегі декретімізде: біз шаруалардың жер туралы аманатын негізге аламыз деп ашық айтқанбыз*.

Бұл біздің көзқарастарымызға сай келмейтіндігін, бұл коммунизм емес екендігін біз ашық айттық, бірақ біз шаруалардың көзқарастарына сай келмеген, тек өзіміздің программамызға ғана сай келген нәрсені шаруаларға еріксіз таңғанымыз жоқ. Біз шаруалармен, еңбекші жолдастар ретінде, бірге боламыз дедік, өйткені революцияның барысы оларды нақ сол біздің өзіміз жеткен жағдайға алып келеді деп сендік, ал соның нәтижесінде біз шаруалар қозғалысын көріп отырмыз. Аграрлық реформа нақ сол жерді социализациялаудан: мұның

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 25—27-беттер. *Ред.*

өзі біздің көзқарастарымызға сай келмейтіндігін ашық айта отырып, жерді теңгерме пайдалану идеясын шаруалардың орасан басым көпшілігі қуаттайтындығын біліп, оларға ештеңені еріксіз таңғымыз келмей, шаруалардың өздері-ақ оны жойып, одан әрі ілгері басуын күтіп, біз өзіміз, өз даусымызбен жүзеге асырған социализациялаудан басталды. Сөйтіп біз күткенімізге жеттік және өз күштерімізді дайындай білдік.

Біздің ол кезде қабылдаған заңымыз жалпы демократиялық негіздерге, бай мужикті-кулакты кедейлермен біріктіретін нәрсеге сүйенді,— помещикті жек көрушілікке, монархияның ескі тәртібіне қарсы, сөз жоқ, революциялық идея болып табылатын жалпы теңдік идеясына сүйенді,— осы заңнан біз шаруалардың ішіндегі жікке бөлінушілікке көшуге тиісті болдық. Біз жерді социализациялау туралы заңды жалпы келісім бойынша қабылдадық. Оны біз де және большевиктердің көзқарасына қосылмайтындар да бірауыздан қабылдады. Жерді кім иеленуі керек деген мәселеге келгенде біз осы мәселені шешуде бірінші кезекті ауыл шаруашылық коммуналарына бердік. Біз ол кезде, 1917 жылдың октябрінде, егіншіліктің социалистік жолға түсе алмайтындығын әбден біле тұрсақ та, оның социалистік негіздерде дамуына еркін жол қалдырдық. Біз өзіміздің әзірленуіміз арқылы орасан зор бүкіл дүние жүзілік-тарихи қадам жасадық, мұндай қадам ең демократиялық, республикалық мемлекеттердің ешқайсысында әзірше жасалған емес. Бұл қадамды осы жазда, тіпті ең меңіреу түкпірде жатқан орыс деревняларындағы шаруаларды қоса алғанда, бүкіл шаруа бұқарасы жасады. Мәселе азық-түлік шатағына, аштыққа келіп тірелген кезде, ескі мұраның және төрт жылға созылған қарғыс атқыр соғыстың салдарынан, контрреволюцияның және азамат соғысының қыспағымен ең астықты аудан тартып алынған кезде, осының бәрі ең жоғарғы шегіне жетіп, қалаларға аштық қаупі төнген кезде, міне осы кезде біздің өкіметіміздің бірден-бір және ең сенімді, мықты тірегі — қалалар мен өнеркәсіп аудандарының алдыңғы қатарлы жұмысшылары бірлесіп деревняға аттанды. Жұмысшылар деревняға жұмысшылар мен

шаруалардың арасында қарулы күрес туғызу үшін аттанды деушілер жала жабады. Бұл жаланы оқиғалардың өзі теріске шығарып отыр. Олар деревняға барғанда халық аштықтан өліп жатқан кезде астық сатудан қисапсыз олжа тауып, байып алған деревняның қанаушы элементтеріне — кулактарға соққы беру үшін барды. Олар еңбекші кедейлерге, деревняның көпшілігіне көмектесу үшін барды, ал олардың босқа бармағанын, олардың одақтық жәрдем көрсеткенін және олардың даярлық жұмысы бұқарамен бірігіп кеткенін,— міне мұны бүкіл Россияда кулактар көтерілісі болып өткен июль айы, июль дағдарысы толық көрсетті. Июльдегі дағдарыс барлық жердегі деревняларда езілген еңбекші элементтердің көтерілуімен, көтерілгенде қалалардың пролетариатымен бірге көтерілуімен аяқталды. Бүгін маған Зиновьев жолдас телефон арқылы былай деп хабарлады: Питерге кедейлер комитеттерінің облыстық съезіне келген адамның саны 18 000-ға жетті, онда бұрын-соңды болып көрмеген ынта, жігер басым болып отыр[63]. Бүкіл Россияда болып жатқан оқиғалар неғұрлым көрнекі формада қалыптасқан сайын, деревня кедейлері көтерілген кезде, олар өз тәжірибесі арқылы кулактарға қарсы күресу керектігін көрді, қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін, товар айырбасын қалпына келтіру үшін,— деревня мұнысыз өмір сүре алмайды,— деревня буржуазиясымен және кулактармен бірге жүруге болмайтындығын көрді. Жеке ұйымдасу керек. Сонымен, енді біздің тарапымыздан деревняда социалистік революцияның алғашқы және ең ұлы қадамы жасалып отыр. Октябрьде біз мұны жасай алмаған едік. Біз бұқараға бара алған кезімізде осы кезеңді түсіндік, сөйтіп біз енді мынаған жетіп отырмыз: деревняларда социалистік революция басталды, егер өзінің бай туысқаны, өзінің кулак туысқаны, астықпен жалдаптық жасайтын болса,— ол болып жатқан оқиғалардың бәріне ескі қараңғылық тұрғысынан қарайды, мұны білмейтін қараңғы деревня енді жоқ.

Сонымен, деревня шаруашылығы, деревня кедейлері, өздерінің көсемдерімен, қала жұмысшыларымен, топтаса отырып, шын социалистік құрылысқа тек енді ғана

түпкілікті және берік негіз қалап отыр. Деревняларда социалистік құрылыс тек енді ғана басталмақ. Ескі, реакциялық, қараңғы уақыт негіздеріне сүйенгенде, тіпті қарапайым, ең үстіртін адам мәдениетінің де болуы мүмкін еместігін біліп, жерді ірі көлемде қоғамдасып өңдеуге және білімді, ғылымды, техниканы пайдалануға жоспарлы түрде тырысатын Советтер мен шаруашылықтар енді ғана құрылып жатыр. Мұндағы жұмыс өнеркәсіптегіден де гөрі қиынырақ. Мұнда біздің жергілікті комитеттер мен жергілікті жерлердегі Советтер қатені көбірек жіберіп жүр. Олар қателерден сабақ алуда. Біз құрылыс ісіне саналы түрде қарайтын бұқараның жіберген қателерінен қорықпаймыз, өйткені біз тек өз тәжірибеміз бен өз күшімізге ғана сенеміз.

Сонымен, бізді осындай қысқа мерзім ішінде деревняда социализмге алып келген осы аса ұлы төңкеріс бұл күрестің бәрінің табысқа жеткізгенін көрсетеді. Мұны Қызыл Армия өте-мөте айқын дәлелдеп отыр. Россия бүкіл дүние жүзілік империалистік соғыста халық бұқарасы төзе алмаған күйге ұшыраған кезде, біздің қандай күйде қалғандығымызды сіздер білесіздер. Ол кезде біз нағыз дәрменсіз халге ұшырағанымызды біз білеміз. Біз жұмысшы бұқарасына бар шындықты ашық айттық. Біз алдаудың өте күшті құралы болып отырған, қазір Америкада, буржуазиялық империализмнің ең алдыңғы қатарлы демократиялық республикасында бұқараны бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде алдап, адастырып жүрген саясаттың құпия империалистік шарттарын әшкереледік. Соғыс басталып, оның империалистік сипаты жұрттың бәріне айқын болған кезде, міне осы кезде буржуазияның құпия сыртқы саясатын түп-тамырына дейін талқандаған бірден-бір ел Россия Советтік Республикасы болды. Ол құпия шарттарды әшкереледі және Троцкий жолдас арқылы бүкіл дүние жүзіндегі елдерге арнап былай деді: біз сіздерді осы соғысты аннексиясыз және контрибуциясыз, демократиялық жолмен тоқтатуға шақырамыз және бұл соғысты тоқтату үшін буржуазиялық үкіметтерге қарсы революция жасау керек деген ауыр шындықты, бірақ әйтеуір анық шындықты · ашық және батыл айтамыз.

Бізді ешкім қостамады. Біз бұл үшін зорлықшыл Брест шарты бізге еріксіз әкеп таңған адам айтқысыз ауыр және қиын бітімді жасасуға тиісті болдық, бұл жағдай көптеген тілектес адамдардың арасында қамығу, торығу туғызды. Мұның өзі біздің жалғыздығымыздан болған еді. Бірақ біз өз борышымызды орындадық, біз бүкіл жұрттың алдында: соғыстың мақсаттары осындай!— дедік. Ал егер герман империализмінің бар күші бізге қарсы шүйілген болса, онда оның бұлай болуы біздің жұмысшыларымыз бен шаруаларымыз берік ұйым болып шыққанша, бірталай уақыттың керек болғандығынан еді. Ол кезде біздің армиямыз болмады; бізде империалистердің ескі берекесіз армиясы бар еді, ол армияны соғысқа солдаттар қаламаған және тілектес болмаған мақсаттар үшін айдаған болатын. Біздің осы арада мейлінше ауыр кезеңді басымыздан кешіруімізге тура келді. Бұл кезең бұқараның азапты империалистік соғыстан тыпыгуға және жаңа соғыстың басталып келе жатқанын түсінуге тиіс болған кезеңі еді. Біз өзіміздің социалистік революциямызды қорғайтын кездегі соғысты ғана біздің соғысымыз деп атай аламыз. Осыны миллиондаған, он миллиондаған адамдардың өз тәжірибесі арқылы ұғынуы керек болды. Бұған талай айлар кетті. Бұл ұғыныс ұзақ және ауыр жолмен келіп жетті. Бірақ осы жылдың жазында жұрттың бәріне: осы ұғыныстың, ақырында, келіп жеткендігі, өзгерістің басталғандығы айқын болды, халық бұқарасының жемісі болып табылатын армияның, өзін құрбан ететін армияның, төрт жылдық қан төгіс қырғыннан кейін тағы да соғысқа баратын армияның,— міне осындай армияның Совет республикасын қорғауға баруы үшін біздің елімізге осы соғысқа баратын бұқараның қажығандығы мен торыққандығы олардың шын өз ісіміз үшін: жұмысшы және шаруа Советтері үшін, социалистік республика үшін өлімге барамыз деген анық ұғымымен алмасуы керек болды. Бұған қолымыз жетті.

Чехословактарды жеңген біздің жазғы жеңістеріміз, жеңістер туралы алынып отырған және өте көп түсіп жатқан мәліметтер өзгерістің басталғандығын және ең қиын міндет — төрт жылдық азапты соғыстан кейін

социалистік саналы ұйымдасқан бұқара жасау міндеті,— міне осы міндет орындалғандығын дәлелдейді. Бұл ұғыныс бұқараға әбден терең тарады. Он миллиондаған адамдар өздерінің қиын іспен шұғылданып жатқандығын түсінді. Міне бұл — қазіргі кезде бүкіл дүние жүзілік империализмнің бізден күштірек күштері бізге төнгелі тұрса да, Совет өкіметінің қауіпті екенін түсінген, оны тұншықтырғысы келетін империалистердің солдаттары қазір бізді қоршап тұрса да, олардың бізден күшті екендігі туралы шындықты біз қазір ашық жасырмай айтқанымызға қарамастан,— біздің торығуға салынбай отырғанымызға кепіл болады.

Біз былай дейміз: біз өсіп келеміз, Совет республикасы өсіп келеді! Империалистер күштерінің жақындауынан гөрі пролетарлық революцияның ісі тезірек өсіп келеді. Біздің орыс социалистік революциясының мүдделеріп қорғап қана қоймай, сонымен қатар бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияны қорғап, соғыс жүргізіп жатырмыз деген үмітіміз әрі сеніміміз әбден күшті. Біздің жеңіп шығамыз деген үмітіміз тез өсіп келеді, өйткені біздің жұмысшылардың санасы өсіп келеді. Өткен жылғы октябрьде совет ұйымы қандай еді? Ол алғашқы қадамдар ғана болатын. Ол кезде біз ол ұйымды белгілі бір дәрежеге, қазіргі дәрежеге бейімдеп әкеліп, жеткізе алмаған едік, ал енді біздің Советтік конституциямыз бар. Июль айында бекітілген бұл Советтік конституция қайсыбір комиссияның ойлап шығарған конституциясы емес, юристердің өз жанынан жазып шығарған, басқа конституциялардан көшіріп алынған конституция емес екендігін біз білеміз. Біздің конституциядай дүние жүзінде конституция болған емес. Бұл конституцияда пролетариат бұқарасының ел ішіндегі де, бүкіл дүние жүзіндегі де қанаушыларға қарсы күресі мен ұйымдасуының тәжірибесі жазылған. Бізде күрес жөнінде тәжірибе қоры бар. (Қол шапалақтау.) Міне осы тәжірибе қоры ұйымдасқан жұмысшылардың чиновниктерсіз, тұрақты армиясыз, іс жүзінде буржуазия үшін істелетін пұрсаттылықтарсыз Совет өкіметін құрғандығын, сөйтіп фабрикалар мен заводтарда жаңа құрылыстың іргетасын қалағандығын

бізге айқын дәлелдеп берді. Біз Советтік конституцияны жүзеге асыруға қажет жаңа қызметкерлер тарта отырып, жұмысқа кірісеміз. Бұл үшін қазір бізде жаңадан алынған дайын кадрлар, жас шаруалар бар, біз оларды жұмысқа тартуға тиістіміз, олар бізге ісімізді аяқтап шығуға көмектеседі.

Менің енді тоқталайын деген ақырғы мәселем — халықаралық жағдай туралы мәселе. Біз қазір өзіміздің халықаралық жолдастарымызбен қол ұстаса қатар тұрмыз және орыстың пролетарлық революциясы халықаралық революция ретінде олармен бірге ілгері басатындығына олар өздерінің батыл және жігерлі сенімін білдіріп отыр, бұған біздің енді көзіміз жетті.

Революцияның халықаралық маңызы өскен сайын, бүкіл дүние жүзі империалистерінің жанталасып топтасуы да өсіп, күшейе түсті. 1917 жылғы октябрьде олар біздің республикамызды көңіл бөлуге тұрмайтын күлкілі оқиға деп есептеген еді; февральда олар біздің республикамызды санасуға тұрмайтын социалистік эксперимент деп есептеген еді. Бірақ республиканың армиясы өсіп, нығая берді: ол ең қиын міндетті — социалистік Қызыл Армия құру міндетін орындап шықты. Біздің ісіміз өсіп, табысқа жетуі себепті барлық елдер империалистерінің жанталасқан қарсылығы мен жанталасқан өшпенділігі өсті, сөйтіп олар мынаған келді: біз Вильгельмнің жауымыз деп жар салған ағылшын-француз капиталистері Социалистік Советтік Республиканы тұншықтыру жолындағы күресте дәл сол Вильгельмнің өзімен бірігуге таяныл отыр, өйткені олар Совет республикасының күлкілі оқиға болуды, социалистік эксперимент болуды қойып, бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның ошағына, нағыз, іс жүзіндегі ошағына айналғандығын көріп отыр. Міне сондықтан да біздің революциямыздың табыстары өскен сайын, біздің дұшпандарымыздың саны да өсіп отырды. Біз өз жағдайымыздың ауыр екендігін ешбір жасырмай өзімізге өзіміз есеп беруіміз керек, алдымызда не тұрғаны жөнінде есеп беруіміз керек. Бірақ біз бұған барамыз және де енді жалғыз емеспіз, Вена және Берлин жұмысшыларымен бірге барамыз, олар да нақ осы

күреске аттанып отыр және, мүмкін, біздің ортақ ісімізге олар үлкен тәртіптілік, саналылық енгізетін болар.

Жолдастар, біздің Советтік республикамызға төнген бұлттың қалайша түнеріп келе жатқандығын және бізге қандай қауіп-қатер туып отырғандығын сіздерге көрсету үшін герман үкіметінің өз елшілігі арқылы бізге хабарлаған нотасының толық текстін оқып беруге рұқсат етіңіздер:

«Сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичеринге. Москва. 5 ноябрь, 1918 ж.

Герман императорлық үкіметінің тапсыруы бойынша Императорлық Герман Елшілігі Россия Федерациялық Совет Республикасына мыналарды хабарлайды: Брест бітім шартының 2-статьясының қаулысына қарамастан, орыстың ресми мекемелері арқылы Германияның мемлекеттік мекемелеріне қарсы жолсыз үгіт жүргізіліп жатқандығына Герман үкіметі осымен екінші рет наразылық білдіруге мәжбүр болып отыр. Герман үкіметі жоғарыда көрсетілген шарт қаулыларын бұзуды ғана емес, сонымен қатар интернационалдық әдет-ғұрыптардан елеулі шегінуді де көрсететін бұл үгітке қарсы наразылық білдірумен тынуды енді мүмкін емес деп есептейді. Бітім шарты жасалынғаннан кейін Совет үкіметі Берлинде өзінің дипломатиялық өкілдігін құрған кезде, Россия уәкілі болып тағайындалған Иоффе мырзаға Германияда үгіт пен насихат жүргізу әрекетінің қандайынан болса да аулақ болу қажеттігі атап көрсетілген еді. Ол бұған: Брест шартының 2-статьясы маған белгілі және мен шетелдік державаның өкілі ретінде Германияның ішкі істеріне араласуға тиіс емес екендігімді білемін деп жауап берген-ді. Сондықтан Иоффе мырза мен оның қарамағындағы органдар Берлинде экстерриториялық шетел өкілдіктеріне әдетте көрсетілетін сеніммен және көңіл қоюмен пайдаланып келген. Бірақ та бұл сенім ақталынбады. Міне біраз уақыттан бері орыс дипломатиялық өкілдігінің Германиядағы мемлекеттік тәртіпті құлату бағытында әрекет жасап жүрген кейбір элементтермен жақын байланыс жасау арқылы және осындай элементтерді өзінің қызметіне пайдалану арқылы Германияда өмір сүріп тұрған құрылысты құлатуға бағытталған қозғалысқа құштар екені айқын болып отыр. Осы айдың 4-і күні болған мынадай бір оқиғадан: Орыс өкілдігінің революцияға шақыратын листок әкелу арқылы қазіргі құрылысты құлату мақсатын көздеген қозғалысқа тіпті белсене қатысып отырғандығы анықталды, сөйтіп ол дипломатиялық курьер ұстау артықшылығын бұзып отыр. Кеше Берлинге келген орыс курьерінің ресми багажы саналатын жәшіктерінің бірі тасып жүргенде жарылып кетіп, бұл жәшіктердің ішінде неміс тілінде жазылған және өзінің мазмұнына қарағанда Германияда таратуға

арналған революциялық листоктар болғандығы біліпіп қалды. Герман үкіметінің шағым жасауына тағы бір негіз болатын нәрсе, императорлық кіші елші граф Мирбахтың өлтірілуі жөніндегі кінәның өтелуі қандай болу керек деген мәселеге байланысты Совет үкіметінің көзқарасы болып отыр. Орыс үкіметі айыптыларды жазаға тарту үшін барлығын да істейміз деп салтанатты түрде уәде берген еді. Алайда Герман үкіметі қылмыстыларды қудалау немесе жазаға тарту басталды немесе тіпті жазаға тарту ниеті бар көрінеді дегендей ешбір белгі көре алмай отыр. Кісі өлтірушілер Орыс үкіметінің қоғамдық қауіпсіздік органдары барлық жағынан бірдей қоршап алған үйден қашып кеткен. Өлтірудің инициаторлары өлтіру жөнінде келісіп, оны әзірлеп едік деп ашық мойындаса да, күні бүгінге дейін жазаға тартылмай отыр және, алынған хабарларға қарағанда, тіпті оларға амнистия да берілген көрінеді. Герман үкіметі шарт пен жария правоны бұл сияқты бұзушылықтарға қарсы наразылық білдіреді. Ол Орыс үкіметінен бітім шартына қайшы келетін үгіт пен насихаттың келешекте жүргізілмейтіндігіне кепілдіктер талап етуге тиіс. Сонымен қатар Герман үкіметі кіші елші граф Мирбахтың өлтірілу кінәсы өтелуі үшін өлтірушілер мен өлтіру инициаторларының жазаға тартылуын талап етуге тиіс. Герман үкіметі осы талаптар орындалғанға дейін Совет республикасы Үкіметінен өзінің дипломатиялық және басқа ресми өкілдерін Германиядан қайта шақырып алуын сұрауға тиіс. Бүгін Россияның Берлиндегі уәкіліне Берлиндегі дипломатиялық және консулдық өкілдердің кетуі үшін және Россияның осы қалада тұратын басқа да ресми адамдарының ертең кешке кетуі үшін жедел поездың дайын болатыны және барлық қызметкерлердің Россияның шекаралық пунктіне дейін ешбір бөгетсіз барып жетуіне шаралардың қолданылатыны мәлімденді. Совет үкіметінен оның осы уақыт ішінде, әдептілік борышы талап ететін нәрселердің бәрін сақтай отырып, Москва мен Петроградтағы герман өкілдерінің кетуіне мүмкіндік беру жөнінде қамқорлық жасау өтініледі. Германияда тұрған орыстың басқа өкілдеріне, сол сияқты Россияның басқа жерлерінде тұрған Германияның ресми адамдарына бір апта мерзім ішінде біріншілердің — Россияға, екіншілердің — Германияға кетуі керегі мәлімделінеді. Герман үкіметі Германияның осы соңғы ресми адамдары жөнінде де жүрер кезінде әдептіліктің барлық талаптары сақталады, ал Германияның қол астында немесе соның қамқорлығында тұратын басқа адамдар, өздері кету тілегін білдірген жағдайда, олардың ешбір бөгетсіз жүріп кетулеріне мүмкіндік беріледі деген сенім білдіреді».

Жолдастар, орыс елшілігінде герман империализмін жақтаған адамдар емес, герман социалистері мейман-достықпен пайдаланып келгендігін, ал герман империализмін жақтайтын адамдар орыс елшілігінің табалдырығын аттамағандығын герман үкіметі әбден жақсы

түсінетіндігін біздің бәріміз де өте жақсы білеміз. Елшіліктің достары соғысқа қарсы шыққан, Карл Либкнехтке тілектес болған социалистер болды. Олар елшілік құрылған күннен бастап оның қонағы болды, біз тек солармен ғана араласып тұрдық. Герман үкіметі мұны әбден жақсы білді. II Николайдың үкіметі біздің жолдастарымыздың ізіне қалайша қадағалап түскен болса, Герман үкіметі де біздің үкіметіміздің әрбір өкілінің ізіне солайша қадағалап түсіп отырды. Ал егер үкімет енді келіп осылай істеп отырған болса, бұл бірдеменің өзгергендігінен емес, бұрын ол өзін неғұрлым күштірек деп есептеп, Берлин көшелеріндегі бір үйден от шығуынан бүкіл Германия өртеніп кетер деп қорықпағандығынан. Герман үкіметі есінен жаңылып отыр, бүкіл Германия өртеніп жатқан кезде ол өзінің полициялық түтігін бір үйге қарай бағыттап, өртті сөндіремін деп ойлайды. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бұл тек адам күлерлік іс. Егер герман үкіметі дипломатиялық қатынастардың үзілгендігін жарияламақ болып жатса, онда біз былай дейміз: мұның солай болатындығын, герман үкіметінің барлық күшін салып, ағылшын-француз империалистерімен одақ болуға тырысатынын біз білгенбіз. Вильсон үкіметінің: неміс әскерлерін Польшада, Украинада, Эстляндия мен Лифляндияда қалдырыңдар деп өтініп, телеграммалар жаудырғанын білеміз, себебі олар герман империализмінің дұшпандары бола тұрса да, бұл әскерлер солардың істерін істейді: олар большевиктерді басып-жаншады*. Большевиктерді тұншықтыруға шыққан антантофильдік «азат етуші әскерлер» жеткен кезде ғана олардың кетуіне жол беріңдер деп өтінгенін біз білеміз.

Біз мұны әбден жақсы білеміз; бұл жағынан алғанда біз үшін бұл арада кездейсоқ ештеңе жоқ. Біз тек былай дедік: қазір Германия жана бастаған кезде, ал Австрия түгелдей жанып жатқан кезде, олардың Либкнехтті босатуына және оның орыс елшілігіне баруына мүмкіндік беруіне тура келген, онда Либкнехттің басшылығымен орыс және герман социалистерінің жалпы

---

* Қараңыз: осы том, 136—138-беттер. *Ред.*

жиналысы болған кезде,— қазір герман үкіметі тарапынан жасалып отырған мұндай қадам олардың соғысқысы келетіндігін көрсетпейді, қайта герман үкіметінің мүлде есінен жаңылғанын, олардың енді не істерін білмей жүргендігін көрсетеді, өйткені оларға қарсы аса қатал жау — ағылшын-американ империализмі төніп келеді, осы ағылшын-американ империализмі Австрияны Брест бітімінен де гөрі жүз есе зорлықшыл бітіммен жаншып тастады. Германия осы азат етушілердің оны да жаншып, езіп, азапқа салғысы келетіндігін көріп отыр. Ал осымен қатар Германия жұмысшысы көтеріліп келеді. Герман армиясының жарамсыз, ұрысқа қабілетсіз болып шыққандығы тәртіптің нашар болғандығынан емес, соғысудан бас тартқан солдаттардың шығыс майданынан немістің батыс майданына жіберілгендігінен, сөйтіп олар буржуазия дүние жүзілік большевизм деп атайтын нәрсені өздерімен бірге ала барғандығынан болып отыр.

Герман армиясының ұрысқа қабілетсіз болып шыққан себебі міне осы, ал бұл документтің бәрінен де бұрын осы аласұрушылықты дәлелдейтін себебі де осы. Біз бұл документ дипломатиялық қарым-қатынастарды үзуге апарып соқтырады дедік, ал егер олардың ақ гвардиялық әскерлерді бастайтын күші бар болса, мүмкін, соғысқа да жеткізген болар еді. Сондықтан біз барлық Совдептерге[64]: дайын тұру, әзірлену үшін барлық күшті жұмсау керек деген сөздермен аяқталатын телеграмма жібердік; міне бұл халықаралық империализм большевизмді құлатуды өзінің басты міндеті етіп алға қойғандығының бір көрінісі болып табылады. Бұл тек Россияны ғана жеңу болмайды,— бұл әрбір елде өз жұмысшыларын жеңу болады. Осы ұйғарымнан кейін қандай айуандықтар мен зорлықтар болса да, олар мұны істей алмас. Олар, осы айуандар, дайындалуда, олар оңтүстіктен, Дарданелл арқылы, немесе Болгария мен Румыния арқылы Россияға жорық дайындап жатыр. Олар Германияда ақ гвардиялық әскерлер жасақтап, оны Россияға аттандыру үшін келіс сөз жүргізіп жатыр. Бұл қауіпті біз әбден жақсы түсінеміз, сондықтан: жолдастар, біз бір жыл тектен-тек еңбек еткен жоқпыз; біз

негіз қаладық, біз шешуші ұрыстарға таяу келдік, бұл ұрыстар нағыз шешуші ұрыстар болады деп ашық айтамыз. Бірақ біз жалғыз келе жатқанымыз жоқ: Батыс Европаның пролетариаты көтерілді және ол Австро-Венгрияның күл-талқанын шығарды. Кезінде, 1917 жылғы февральдың аяғында, Николай Романовтың үкіметі қалай болса, бұл үкімет те солай, дәрменсіз болып, мықтап сасып, әбден есінен жаңылып отыр. Біздің ұранымыз мынау болуға тиіс: біз орыс революциясы үшін емес, халықаралық социалистік революция үшін ақырғы, шешуші майданға таянғандығымызды еске ала отырып, өзіміздің барлық күшімізді жұмылдырған үстіне жұмылдыра түсуіміз керек!

Империализмнің айуандары бізден әлі де болса күшті екендігін, олар бізге және біздің елімізге әлі де болса көптеген зорлықтар, айуандықтар істеп, азапқа салулары мүмкін екендігін біз білеміз, бірақ олардың халықаралық революцияны жеңе алмайтындығын да білеміз. Олар бізге мейлінше өш, міне сондықтан біз өзімізге былай дейміз: не болса ол болсын, ал енді Россияның әрбір жұмысшысы мен шаруасы, егер революцияны қорғау мүдделері талап ететін болса, борышын орындайды және өлімге де бас тігеді. Біз былай дейміз: не болса ол болсын, бірақ империалистер тағы қандай кесапаттар жасағанмен, олар өздерін мұнымен аман алып қала алмайды. Империализм құриды, ал халықаралық социалистік революция еш нәрсеге қарамастан жеңіп шығады! (*Көпке дейін басылмай, овацияға айналған ду қол шапалақтау.*)

2
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ 8 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ұзақ қол шапалақтау.) Жолдастар, Октябрь революциясының басынан бастап сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар туралы мәселе біздің алдымызға ең басты мәселе ретінде қойылып отыр, бұлай болатын себебі: империализм дегеніміз ендігі жерде дүние жүзіндегі барлық мемлекеттердің, ұйысқан бір кесек лас қанды беріш демесек те, бір системаға өте күшті жәпе берік жымдасуы болып табылатындығынан ғана емес, сонымен қатар социалистік революцияның бір елде толық жеңуінің мүмкін еместігінен, толық жеңуі үшін, ең кем дегенде, бірнеше алдыңғы қатарлы елдердің, біз бұлардың қатарына Россияны қоса алмаймыз, барынша белсене ынтымақтасуы талап етілетіндігінен болып отыр. Міне сондықтан да біз революцияны басқа елдерде де қаншалықты өрістете аламыз және оған дейін біз империализмге қаншалықты тойтарыс бере аламыз деген мәселе революцияның ең басты мәселелерінің бірі болып отыр.

Мен өткен жыл бойындағы біздің халықаралық саясатымыздың басты кезеңдерін барынша қысқа түрде сіздердің естеріңізге салып өтпекпін. Біздің бұдан бір жыл бұрынғы жайымыздың басты белгісі біздің жалғыздығымыз болғандығын мен революцияның бір жылдығы жөнінде сөйлеген сөзімде бұрын айтып өткен болатынмын*. Бүкіл Европада революциялық күш құ-

* Қараңыз: осы том, 148—149-беттер. *Ред.*

рылатындығына және құрылғандығына, соғыстың революциясыз тоқтатылмайтындығына біздің сеніміміз қаншалықты берік болғанмен, ол кезде басталған немесе басталып келе жатқан революцияның белгілері жоқ болатын. Мұндай жағдайда бізге өзіміздің сыртқы саясатымыздың күшін Батыс Европаның жұмысшы бұқарасын ағартуға жұмсаудан басқа ештеңе қалмаған еді, ағарту болғанда бұл біздің әзірлігіміз олардан жоғары еді деген мағынада емес, елдегі буржуазия құлатылмай тұрған кезде, онда әскери цензура мен соғыс атаулыны, әсіресе реакциялық соғысты туғызатын құлақ естімеген қан сасыған тұман үстемдік етеді деген мағынада болатын. Нағыз демократиялық, республикалық елдерде де соғыс дегеніміз әскери цензураны және буржуазияның буржуазиялық штабтармен бірге халықты алдау үшін қолданатын құлақ естімеген әдістерін көрсететінін сіздер әбден жақсы білесіздер. Біздің міндетіміз осы жөнінде біздің қолымыз жеткен жеңісті басқа халықтардың да игілігіне айналдыру еді. Біз бұл жөнінде қолымыздан келгеннің бәрін істедік, біз бұрынғы патшаның өз капиталистерінің пайдасы үшін Англия және Франция капиталистерімен жасасқан жексұрын құпия шарттарын іске асыртпадық, оларды жария еттік. Бұл шарттардың бәрі түгелімен тонаушылық шарттар болғандығын сіздер білесіздер. Керенский мен меньшевиктер өздері билік еткенде бұл шарттарды жасырын сақтағандығын және оларды күшінде қалдырғандығын сіздер білесіздер. Англия мен Францияның азды-көпті адал баспасөздерінен: олар, французлар мен ағылшындар, өздерінің дипломатия тарихына қатысы бар көптеген елеулі нәрселерді орыс революциясының арқасында ғана біліп отыр дегенді біз анда-санда естіп қалып та жүрміз.

Әрине, тұтас әлеуметтік революция тұрғысынан қарағанда біз өте аз істедік, бірақ біздің осы істегеніміздің өзі сол революцияны дайындаудағы ең ірі қадамдардың бірі болып отыр.

Егер герман империализмін әшкерелудің бізге берген нәтижелеріне енді біз жалпы көз жіберіп қарайтын болсақ, онда біз барлық елдердің еңбекшілерін қан төгіс

және тонаушылық соғысты жүргізуге мәжбүр еткен фактісі қазір олардың бәріне де анық және айқын болып отырғанын көреміз. Соғыстың осы жылының аяғында Англия мен Американың әрекетін тап осылай әшкерелеу басталмақ, өйткені бұқараның көзі ашылып, олардың пиғылының мәнін түсіне бастады. Міне біздің істегендеріміздің бәрі осы, бірақ біз өз үлесімізді қостық. Мұндай шарттарды әшкерелеу империализмге соққы болды. Біз қол қоюға мәжбүр болған бітім шарттары насихат пен үгіт тұрғысынан қарағанда мейлінше күшті құрал болды және сол шарттар арқылы біз ешбір үкімет, ешбір халық істемеген көп нәрселер істедік. Егер біздің тарапымыздан істелген әрекет — бұқараны ояту,— бірден нәтиже бермеген болса, онда біз революция дереу басталады немесе бәрінен де мүлдем айрылдық деп еш уақытта да ойлаған емеспіз. Соңғы он бес жылдың ішінде біз екі революцияны басымыздан өткіздік, сөйтіп бұқара революцияны ұғына-қабылдағанға дейін революциялар қандай кезеңнен өтуі керектігін айқын көрдік. Мұның дәлелін біз Австрия мен Германияда болған соңғы оқиғалардан көріп отырмыз. Біз жыртқыштармен одақтасып, солар сияқты жыртқыш болудан үміт күтпейміз,— жоқ, біз дұшпан елдердің пролетариатын оятудан үміт күтеміз дегенбіз. Бізді олар келемеж етіп: бұлар Германия пролетариатын оятпақ болып жатқан көрінеді, ал оған қарсы насихат жүргіземіз деп жүргенде, герман пролетариаты бұларды жаныштап тастайды деді. Ал барлық елдерде де еңбекші бұқара империализмге қас деген біздің есебіміздің дұрыс екендігін фактілер көрсетті. Оларға тек дайындалу үшін белгілі уақыт беру керек, өйткені 1905 жылғы революцияның есте қалғандығына қарамастан, біздің революцияға қайтадан көтерілуіміз үшін орыс халқына да ұзақ уақыт керек болды.

Брест бітімінің қарсаңында біз империализмге соққы беру үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеп бақтық. Егер пролетарлық революцияның үдеу тарихы мұны бекерге шығармаған болса және егер Брест бітімі бізді империализм алдында шегінуге мәжбүр еткен болса,

онда бұл 1918 жылғы январьда біздің жеткілікті дәрежеде дайындығымыздың әлі де болмағандығынан болды. Тағдыр бізді жалғыздыққа душар етті, сондықтан біз Брест бітімінен кейін азабы көп қиын кезеңді басымыздан өткіздік.

Жолдастар, халықаралық соғыста өткізген төрт жылымыз бізді бітімге жеткізді, бірақ ол зорлықшыл бітім болды. Ал осы зорлықшыл бітім де сайып келгенде біздің есебіміздің дұрыс екендігін және біздің үмітіміздің бекер әурешілік еместігін көрсетті. Біз ай сайын нығая түстік, ал батыс европалық империализм әлсірей берді. Енді біз ақырында келіп, бұдан жарты жыл бұрын біздің елшілікпен мүлдем санаспаған, онда бір-де-бір қызыл үй болуы мүмкін емес деп ойлаған Германияның әйтеуір соңғы кезде әлсірей бастағанын көріп отырмыз. Соңғы алынған телеграмма герман империализмінің бұқараны тыныштық сақтауға шақырып, бітімнің таяу екендігін білдірген үндеу хат таратқанын хабарлап отыр[65]. Императорлардың тыныштықты сақтауға шақыруы және қолынан келмейтін нәрсені таяу арада болады деп уәде етуі дегеннің не екендігін біз білеміз. Егер Германия таяу арада бітімге жететін болса, онда бұл бітім олар үшін Брест бітімі болады, ол бітім бейбітшіліктің орнына еңбекші бұқараны олардың бұған дейін көргенінен де көп азапқа душар етеді.

Біздің халықаралық саясатымыздың қорытындылары осылай болып отыр, Брест бітімінен кейінгі жарты жылдың ішінде біз буржуазияның көзқарасы тұрғысынан қарағанда тас-талқаны шыққан ел болып едік, ал пролетарлық көзқарас тұрғысынан қарағанда біз тез өркендеу жолына түсіп, Австрия мен Германияны шайқалта бастаған пролетарлық армияның бастаушысы болып отырмыз. Осы табысымыз пролетарлар бұқарасының әрбір өкілінің алдында біздің жасаған құрбандықтарымыздың бәрін толық дәлелдеп және ақтап отыр. Егер бізді күтпеген жерден құртып жіберген болса,— біздің жұмысымыз бітті дейтін болсақ, бірақ мұның болуы мүмкін емес: кереметтер деген болмайды ғой,— тіпті осының өзі болған күнде де қателерімізді жасырмай

отырып-ақ, тағдырдың бізге берген уақыт кезеңін дүние жүзілік социалистік революция үшін біз толық пайдаландық деуге праволы болған болар едік. Біз Россияның еңбекші бұқарасы үшін қолымыздан келгеннің бәрін істедік және дүние жүзілік пролетарлық революция үшін біз кімнен де болса әлдеқайда көп іс істедік. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, осы соңғы айлардың, соңғы апталардың ішінде, герман империализмінің тас-талқаны шыға жаздап тұрған кезде, халықаралық жағдай күрт өзгере бастады. Герман империализмінің өз еңбекшілерін тояттандырған үміттерінің, Украина жөніндегі үміттерінің бәрі тек уәде ғана болып қалды. Бақсақ, американ империализмі дайындалып алған екен, Германияға соққы берілген екен. Мүлдем басқаша жағдай пайда болды. Біз ешбір нәрсе жөнінен жалған үмітке берілмедік. Біз Октябрь революциясынан кейін империализмнен әлдеқайда әлсіз болған едік, халықаралық империализмге қарағанда біз қазір де әлсізбіз,— өзімізді өзіміз алдамас үшін біз осыны қазір де қайталап айтуға тиіспіз; Октябрь революциясынан кейін біз әлсіз болдық, сөйтіп ұрысқа шыға алмадық. Біз қазір де әлсізбіз, сондықтан олармен ұрысты болдырмау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиістіміз.

Егер біз Октябрь революциясынан кейін бір жыл өмір сүре алған болсақ, онда бұл дүние жүзілік империализм жыртқыштардың екі тобына: ағылшын-француз-американдар мен германдарға бөлінгендігінің арқасында мүмкін болды, бір-бірімен өлердей шайқасып жатқандықтан олардың бізге тисуге мұршасы келмеді. Тұтас алғанда бұл топтардың ешқайсысы да бізге қарсы елеулі күш жұмсай алмады, ал егер мүмкіндіктері болған болса, әрине, екеуі де бізге қарсы өз күштерін жұмсаған болар еді. Соғыс және оның қан басқан тұманы көзді бүркеді. Соғысқа қажет болған материалдық құрбандықтар бар күшті сарқа жұмсауды талап етті. Олардың бізге тисуге мұршасы келмеді, мұның себебі: біздің империализмнен күшті бір керемет болғандығымыздан емес,— жоқ, бұл бос сөз!— бұл халықаралық империализмнің бірін-бірі тұншықтырған екі жыртқыш

топқа бөлінуінің арқасында ғана болды. Тек қана осының арқасында Совет республикасы империалистердің шетелдік заемдар түріндегі капиталдарын тартып алып, оларды бетке ұрып, олардың қарақшылық қалталарын айқара ашып, барлық елдердің империалистеріне қарсы ашықтан-ашық күрес жариялай алды.

Неміс империалистерінің жиілетіп жіберген хат-хабарлары жөнінде сол кездегі біздің мәлімдемелер жасау дәуіріміз,— бүкіл дүние жүзілік империализм өзінің жаулығына сәйкес және соғыс адам айтқысыз ұлғайтқан капиталистік пайда құмарлығына сәйкес бас салуға тиіс болғанындай дәрежеде бас сала алмағандығына қарамастан,— ол дәуір аяқталды. Ағылшын-американ империалистері екінші топты жеңген кезге дейін олар бүтіндей өздерінің арасындағы күреспен шұғылданды, сөйтіп Советтік республикаға қарсы батыл жорық жасаудан тартына тұруға тиісті болды. Екінші топ енді жоқ: тек жеңушілердің тобы ғана қалды. Міне бұл біздің халықаралық жағдайымызды мүлдем өзгертті, сондықтан біз осы өзгеріспен санасуға тиістіміз. Осы өзгеріс халықаралық жағдайдың дамуына қандай әсер жасамақ дегенге келсек, оған фактілер жауап береді. Жеңілген елдерде енді жұмысшы революциясы жеңіп жатыр, өйткені революцияның орасан зор дамығандығы жұрттың бәріне айқын. Біз Октябрьде өкіметті қолға алған кезімізде, Европада біз жеке бір ұшқыннан артық көрінбеген едік. Рас, бұл ұшқындар көбейе түсті және де ол ұшқындар бізден тарап жатты. Бұл — біздің істеген аса ұлы ісіміз, бірақ дегенмен де ол жеке ұшқындар ғана болған еді. Ал енді германия-австрия империализмінің сферасына кірген елдердің көбін (Болгария, Австрия, Венгрия) өрт шарпып отыр. Болгариядан кейін революцияның Сербияға көшкенін біз білеміз. Осы жұмысшы-шаруа революцияларының қалайша Австрия арқылы өтіп, Германияға жетіп отырғанын да біз білеміз. Жұмысшы революциясының өрті толып жатқан елдерге жайылды. Осы жағынан қарағанда біздің жұмсаған күшіміз және жасаған құрбандықтарымыз ақталды. Жаулардың өсектегеніндей, олар авантюра болып

шыққан жоқ, қайта халықаралық революцияға өтудің қажетті асуы болды, өзінің мешеулігіне және артта қалғандығына қарамастан алдыңғы қатарға қойылған ел бұл асудан өтуге тиісті болды.

Империалистік соғыстың ақыры немен тынатыны тұрғысынан қарағанда өте маңызды бір қорытынды осы. Екінші қорытынды — мен сөз басында көрсетіп өткен қорытындым — кезінде австро-герман империализмі өзін әшкерелегені сияқты, қазір ағылшын-американ империализмі де өзін әшкерелей бастағандығы. Біз мынаны көріп отырмыз: егер Германия Брест келіс сөздері кезінде өзін-өзі азды-көпті ұстай білген болса, авантюралардан тартына аларлықтай, азды-көпті байсалды болған болса, онда ол өзінің үстемдігін сақтап қала алатын еді, Батыста өзіне, сөз жоқ, тиімді жағдайға ие бола алатын еді. Ол мұны істемеді, өйткені миллиондардың, ондаған миллиондардың соғысы, шовинистік желікті шегіне жеткізе қоздыра түскен соғыс, жүздеген миллиард соммен өлшенетін капиталистік мүдделермен байланысты соғыс сияқты машинаны,— міне осындай машинаны бір екпіндетіп жібергеннен кейін ешқандай тежегішпен тоқтатуға болмайды. Бұл машина герман империалистерінің өздері көздеген шектен асып кетіп, оларды жаншып тастады. Олар малтығып қалды, олар күпті болған адамның күйіне түсті, сөйтіп ажалына қарай аяқ басты. Сонымен, қазір біздің көз алдымызда ағылшын және американ империализмі осы мейлінше сиықсыз, бірақ революцияшыл пролетариаттың көзқарасы тұрғысынан қарағанда мейлінше пайдалы күйге түсіп отыр. Германияға қарағанда олардың саяси тәжірибесі әлдеқайда көп деп ойлауға болатын еді. Мұндағы адамдар — анау-мынау юнкерлердің басқаруына емес, демократиялық жолмен басқаруға дағдыланған адамдар, жүздеген жылдар бойында өз тарихының ең қиын кезеңдерін басынан кешірген адамдар. Бұл адамдар өздерін байсалды ұстай алады деп ойлауға болатын еді. Егер біз олардың байсалды болуға қабілеті жете ме деп жеке тұрғыдан, жалпы демократия тұрғысынан қарайтын болсақ, империализм мен жұмысшы табының арасындағы күрестерден ештеңе түсінбеген буржуазиялық фи-

листерлер, профессорлар сияқтанып, жалпы демократия атаулының тұрғысынан қарайтын болсақ, онда біз: Англия мен Америка дегеніміз демократия ғасырлар бойы тәрбиеленген елдер, оларда буржуазия тұрақтай алады деуге тиісті болар едік. Егер буржуазия қазір қандай болсын бір шаралармен тұрақтап қалатын болса, онда бұл, қалай да, едәуір мерзімге созылған болар еді. Бірақ байқап отырсақ, дәл сол әскери-деспоттық Германияда болған жағдай бұларда да қайталанып жатқан көрінеді. Бұл империалистік соғыста Россия мен республикалық елдердің арасында орасан үлкен айырмашылық бар еді. Империалистік соғыстың қан төгіс соғыс, жыртқыш, айуандық соғыс болғаны сонша, ол тіпті осы аса маңызды айырмашылықтардың өзін жойып жіберді; ол осы жағынан алғанда Американың ең ерікті деген демократиясын жартылай әскери-деспоттық Германиямен теңестірді.

Біз мынаны көріп отырмыз: Англия мен Америка,— демократиялық республикалар болып қала беруге басқалардан гөрі мүмкіндігі мол болған елдер,— кезінде Германияның істегенін істеп, көз жұма, есерлене ұрынды, міне сондықтан да герман империализмінің ғажап тез жеткен құрып бітуіне олар да тез, мүмкін, тіпті Германиядан да тезірек жақындап келеді. Герман империализмі әуелі Европаның төрттен үшіне ие болып, адам айтқысыз қампиды, әбден торсиды, ал содан соң жарылып кетіп, сасық иісі мүңкіді. Осы құрып бітуге қарай енді ағылшын және американ империализмі де жүйткіп келеді. Бұған көз жеткізу үшін халықтарды герман империализмінен «азат етушілердің», ағылшындар мен американдардың, қазір жеңілген халықтарға ұсынып отырған уақытша бітім мен бітім шарттарына тіпті үстіртін көз тастаудың өзі-ақ жеткілікті болады. Болгарияны алып қараңыз. Болгария тәрізді ел дәудей ағылшын-американ империализміне қауіпті бола алмайтын секілді еді. Бірақ та осы кішкентай, әлсіз, мүлдем дәрменсіз елдегі революция ағылшын-американдарды есінен жаңылтып, сөйтіп оккупацияға барабар уақытша бітім шартын ұсынуға мәжбүр етті. Қазір осы шаруа республикасы жарияланған елде, Софияда, осы маңыз-

ды темір жол бойында темір жолдардың бәрін ағылшын-американ әскерлері алып отыр. Олардың кішкентай елдің шаруа республикасымен күресуіне тура келіп отыр. Соғыс тұрғысынан қарағанда бұл — түкке тұрғысыз нәрсе. Буржуазияның — ескі үстем таптың, ескі әскери қатынастардың көзқарасындағы адамдар бұған жиренe жымиып қана қояды. Ағылшын-американ күштеріне қарағанда бұл ергежейлі Болгария — тәйірі кім еді? деседі. Соғыс тұрғысынан — түк емес, ал революциялық тұрғыдан — өте зор. Бұл жеңілгендерді миллиондап, миллиондап қыра беруге көндіккен отар емес. Ал ағылшындар мен американдар бұл қырғынды тек жабайы африкандықтардың арасына тәртіп орнату, цивилизацияны, христиан дінін енгізу деп есептейді ғой. Болгария оларға Орталық Африка емес; олардың армиясы қаншалықты күшті болса да, мұнда солдаттар революцияға кездескен кезде ыдырай бастайды. Мұның бос сөз еместігін Германия дәлелдеп отыр. Германияда, тәртіп мағынасында алғанда қалай дегенмен де, солдаттар үлгі болғандай еді. Германдар Украинаға аттанған кезде, мұнда тәртіптен басқа да факторлар дем берді. Ашыққан неміс солдаты астыққа бола аттанды, сондықтан одан астықты онша көп тонама деп талап ету шындыққа жатпайды. Дегенмен де бұл елде оларға орыс революциясының рухы көбірек әсер еткенін біз білеміз. Мұны Германия буржуазиясы да өте жақсы түсінді, міне осы жағдай Вильгельмді аласұруға мәжбүр етті, Германия Гогенцоллерндердің мүдделері үшін тамшы да қанын қияды деп ойлайтын болса, онда олар қателеседі. Бақайшағына дейін қаруланған неміс империализмі саясатының нәтижесі міне осындай болды. Міне осыны енді Англия қайталап отыр. Ағылшын-американ армиясының арасында қазірден-ақ ыдыраушылық басталып келеді; бұл ыдыраушылық Болгария жөнінде оның аса мейірімсіздік жасаған кезінен басталды. Ал бұл тек басталуы ғана ғой. Болгарияның ізімен Австрия шықты. Ағылшын-американ империализмі жеңімпаздарының өктемдікпен ұсынып отырған шарттарының бірнеше пунктін сіздерге оқып беруге рұқсат

етіңіздер*. Бұлар еңбекші бұқараға біз азаттық соғысын жүргізіп жатырмыз, біздің басты мақсатымыз — барлық елдерге казармалық құрылысты тарату қаупін туғызып отырған пруссиялық милитаризмді талқандау деп жұрттың бәрінен де көп даурыққан адамдар еді. Олар біз азаттық соғысын жүргізіп жатырмыз деп даурыққан-ды. Бұл алдау болатын. Бірін-бірі алдауға тура келгенде беті шіміріКпестен алдай салуға өмір бойы үйренген буржуазиялық адвокаттарға, осы парламентарийлерге, алдай салу оңай екендігін сіздер білесіздер; бірақ осылайша жұмысшыларды алдауға тура келген кезде, мұндай алдау текке кетпейді. Саясат құмарлар, парламентарийлер, Англия мен Американың осы қайраткерлері, алдауға өте шебер. Бірақ олардың алдауы еш бір әсер етпейді. Олар бостандық үшін деп айдап салған жұмысшы бұқарасы тез есін жияды, сөйтіп олардың алдап отырғандықтарын, революцияға көмектесетін, бірақ оны шындап алға бастыра алмайтын прокломациялардан емес, өздерінің тәжірибесінен кең көлемде көрген кезде, Австриямен жасалатын бітім шарттарын көрген кезде, жұмысшылардың есін жиғандығы әлі сезілетін болады.

Міне, большевиктер опасыздар, өйткені олар Брест бітіміне қол қойып отыр деп даурыққандардың қазір біршама әлсіз, қазірдің өзінде ыдырай бастаған мемлекетке еріксіз таңып отырған бітімі осындай! Немістер өздерінің солдаттарын осында, Москваға, жібермек болған кезде біз: бұған еш уақытта келісе алмаймыз, одан да ұрыста түгелдей мерт болған артық дедік. (Қол шапалақтау.) Біз оккупацияланған облыстардың ұшырауға тиісті құрбандықтары ауыр болатынын іштей біліп отырдық, бірақ Советтік Россияның оларға көмектескенін, оларды қажетті нәрсемен жабдықтап отырғанын жұрттың бәрі біледі. Ал енді келіп Англия

* 1918 ж. 10 ноябрьде «Правданың» 243-номерінде В. И. Лениннің сөйлеген сөзі туралы газет есебінде мынадай шарттар келтірілген: «Австро-Венгрияны толық демобилизациялау. Артиллерия материалының тең жартысы одақтастарға берілуі тиіс. Эвакуацияланған облыстардың бәрі одақтастардың қол астына өтуі керек. Ағылшын-американ әскерлері онда тәртіпті сақтап тұруға тиіс. Одақтастар барлық темір жолдар мен су жолдарында еркін жүре алады. Одақтастардың реквизиция жасауға правосы бар». *Ред.*

мен Францияның демократияшыл әскерлері «тәртіпті сақтау үшін» қызмет етуге тиіс бола қалыпты,— міне бұл Болгария мен Сербияда жұмысшы депутаттарының Советтері орнаған кезде, Вена мен Будапештте жұмысшы депутаттарының Советтері орнаған кезде айтылып отыр. Мұның қандай тәртіп екендігін біз білеміз. Бұл — ағылшын-американ әскерлері бүкіл дүние жүзілік революцияны тұншықтырушылар ролін, оның жендеттері ролін атқаруға шақырылып отыр деген сөз.

Жолдастар, орыстың крепостниктік әскерлері 1848 жылы Венгрия революциясын[66] тұншықтыруға барғанын алсақ, бұл оларға сыйымды еді, өйткені бұл әскерлер крепостниктік әскерлер болатын; Польша[67] жөнінде де бұл сыйымды болған еді, ал бірақ жүз жыл бойы бостандыққа ие болған халықтың, герман империализміне қарсы: бұл айуан, мұны тұншықтыру қажет деп өшіктірілген халықтың ағылшын, американ империализмі де сол секілді айуан екендігін, оны да тұншықтырып тастау ғана әділетті болатындығын түсінбеуі деген ешбір мүмкін емес!

Ал міне тарих енді, тарихқа тән, улы мысқылмен мынаған келіп отыр: герман империализмі әшкереленгеннен кейін ендігі кезек ағылшын-француз империализміне жетіп, ол өзін-өзі әбден әшкерелеп отыр, сондықтан біз орыс, герман, австриялық жұмысшы бұқарасының алдында былай деп мәлімдейміз: бұлар 1848 жылғы орыстың крепостниктік әскерлері емес! Бұл олар үшін тегін кетпейді! Олар капитализмнен бостандыққа көшіп жатқан халықты жаныштауға, революцияны тұншықтыруға аттанып отыр. Сондықтан біз кәміл сеніммен: герман империализмі айуанының мерт болғаны сияқты, күпті болған осы айуан да тұңғиыққа құлап, мерт болады дейміз.

Жолдастар, мен енді істің екінші жағына, бәрінен де гөрі өзімізге қатысы бар жағына тоқталамын. Мен енді Германияның қол қоюына тура келетін бітім шарттарына көшемін. Сыртқы істер комиссариатындағы жолдастар бүкіл саясатты іс жүзінде кесіп-пішіп отыратын Англияның асқан бай буржуазиясының басты органы «Таймстə»[68] Германия келісуге тиісті болатын бітім

шарттары басылып отырғанын маған айтқан еді. Германиядан Гельголанд аралын, Вильгельмсгафен каналын беруді, соғыс жабдықтарының бәрін дерлік өндіріп отырған Эссен қаласын беруді, сауда флотын жоюды, дереу Эльзас-Лотарингияны беруді және 60 миллиард контрибуция төлеуді, барлық жерде бірдей ақшаның құны түскендіктен және ағылшын көпестері де басқа валютамен есеп жүргізе бастағандықтан контрибуцияның едәуір бөлегін заттай төлеуді талап етіп отырған көрінеді. Сонымен, олардың Германия үшін нағыз толық тұншықтыру бітімін, Брест бітімінен де гөрі зорлықшыл бітімді дайындап жатқанын көріп отырмыз. Егер жер бетінде олар үшін соншама сүйкімсіз большевизм болмаған болса, онда олар материалдық тұрғыдан және өздерінің күштері тұрғысынан мұны істей алар еді. Олар осы бітімімен өздерінің апатқа ұшырауын әзірлеп жатыр. Өйткені бұл Орталық Африкада емес, XX ғасырда цивилизациялы елдерде болып жатыр ғой. Егер украин халқы сауатсыз болса, егер тәртіпті неміс солдаты украиндарды езген болса, енді герман солдаты өзінің тәртібінен ада болды; ағылшын және американ империализмі өздерін саяси күйреушілікке жеткізетін осындай авантюраны жасаған кезде, олар өздерінің әскерлерін бүкіл Европаны тұншықтырушылар, оның жандармдары халіне душар еткен кезде, бұлар одан бетер өзін өзі көрге көметін болады. Олар көптен бері Россияны жоқ қылуға тырысуда, оған қарсы жорық та ертеден ойластырылған. Олардың Мурманды қалай басып алғанын, оның үстіне чехословактарға миллиондаған қаржы бергенін және Жапониямен шарт жасасқанын, ал қазір Англия біздің шикізатымызды алып, бізді тұншықтыру үшін түріктермен шарт жасасып, Бакуді алғанын еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті.

Ағылшын әскерлері Россияға оңтүстіктен немесе Дарданеллден, не болмаса Болгария мен Румыния арқылы жорық жасауға дайын. Олар Совет республикасын қоршап алып қысып келеді, олар біздің республика мен бүкіл дүние жүзі арасындағы экономикалық байланыстарды үзуге тырысып жатыр. Осы үшін олар Голландияны дипломатиялық қатынасты үзуге мәжбүр етті[69].

Егер Германия біздің елшімізді Германиядан қуып жіберген болса, онда ол мұны ағылшын-француз саясатымен тікелей келісім бойынша істемеген күннің өзінде, олар өзіне мейірбанды болсын деп соларға жағыну үшін істеді. Сіздердің дұшпандарыңыз, большевиктер, жөнінде біз де жендеттік міндет атқарып отырмыз демек болды.

Жолдастар, біз халықаралық жағдайдың басты қорытындысын сипаттағанда, менің мұны жуырда бір айтып өткенімдей: біз халықаралық пролетарлық революцияға дәл қазіргідей ешқашан жақын тұрған емеспіз деуге тиістіміз*. Біз халықаралық пролетарлық революцияға үміт артқанда өзіміздің қателеспегендігімізді дәлелдедік. Біз орасан зор ұлттық және экономикалық құрбандықтарды тегін жасамадық. Бұл жөнінен біз табысқа жеттік. Ал егер біз халықаралық революцияға еш уақытта тап осындай жақындап келмеген болсақ, онда біздің жағдайымыз да еш уақытта дәл қазіргідей қауіпті болған емес. Империалистер өзді-өзімен болып жатқан еді. Ал енді олардың бір тобын ағылшын-француз-американдар тобы құртып жіберіп отыр. Олар дүние жүзілік большевизмді тұншықтыруды, оның басты ұясын, Россия Советтік Республикасын, тұншықтыруды өздерінің басты міндеті деп есептейді. Бұл үшін олар, обадан карантинмен бөлектенгендей, большевизмнен бөлектену мақсатында қытай қорғанын тұрғызбақ болып жатыр. Бұл адамдар большевизмнен карантин арқылы құтылуға тырысады, бірақ бұл бола қоймас. Егер ағылшын-француз империализмінің мырзалары, дүние жүзіндегі ең жетілген техниканың осынау иелері, республиканы айналдыра осындай қытай қорғанын тұрғыза алған болса да, сонда да большевизмнің бацилласы қорғанды тесіп өтіп, барлық елдердің жұмысшыларына большевизмді жұқтырмай қоймайды. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, батыс европалық, ағылшын-француз империализмінің баспасөзі империализмнің жағдайын айтпауға тырысып, бар күшін салуда. Ал Совет өкіметіне

---

* Қараңыз: осы том, 119-бет. *Ред.*

қарсы олардың жапшаған өтіріктері мен жалалары қалған жоқ. Қазір ағылшын-француз және американ баспасөзінің бәрі капиталистердің қолында,— ол миллиардтаған сомамен іс етеді,— ал оның бәрі Советтік Россия туралы шындықты жасыру үшін, бізге қарсы өтірік пен жаланы тарату үшін бір синдикаттай әрекет істеп отыр деп айтуға болады. Әскери цензураның жылдар бойы каталдық жасап отырғандығына және де оның демократиялық елдердің баспасөзінде Советтік республика жөнінде бір ауыз шын сөз жібертпей отырғандығына қарамастан, міне осыған қарамастан, жұмысшы бұқарасының большевиктер жағында екендігі көрінбеген бірде-бір елдің бірде-бір үлкен жұмысшы жиналысы болған емес, өйткені шындықты жасыруға болмайды. Жау бізді пролетариат диктатурасын жүзеге асырып жатыр деп кінәлайды, иә солай, біз мұны жасырмаймыз! Совет үкіметі өзінің нақ қорықпай, ашық айтуы арқылы еңбекшілердің жаңа миллиондарын өз жағына тартып отыр, өйткені ол қанаушыларға қарсы диктатураны жүзеге асырып жатыр, сондықтан еңбекші бұқара қанаушыларға қарсы күрестің шын күрес болғандығын және ол күрестің шынымен ақырына дейін жеткізілетіндігін көріп, одан сенім алып отыр. Европалық баспасөздің біз жөнінде үн қатпаған заговорына қарамастан, олар күні бүгінге дейін өздерінің міндетін көрсетіп келді, олардың Россияға аттанатын себебі: Россия өзін Германияның басып алуына мүмкіндік берді, Россия факт жүзінде Германияның агенті, онда, Россияда, үкімет басында отырған адамдар,— олардың ойынша,— неміс агенттері деп көрсетіп келді. Батыс Европада документтердің өңін айналдыратын жаңа бұрмалаушылар ай сайын пайда болып отырады, олар Ленин мен Троцкий өңшең сатқындар, неміс адамдары деп дәлелдегені үшін жақсы сыйлықтар алып отыр. Осының бәріне қарамастан, олар шындықты жасыра алмайды, онда осы империалист мырзалардың өздерін берікпіз деп сезіне алмайтындығының айқын белгілері оқтын-оқтын көрініп қалып отырады. «Эко де Пари»[70]: «Біз Россияға большевиктердің өкіметін құрту үшін аттанамыз» деп мойындайды. Өйткені олардың ресми перспективасы со-

лай: олар Россиямен соғыс жүргізбейді, соғыс істеріне араласпайды, тек қана герман зорлығына қарсы күреседі. Москвада «Үшінші Интернационал»[71] газетін шығарып отырған біздің француз интернационалистеріміз осы цитатты келтірді, ал бізді Париж бен Франциядан бөліп тастаса да, осы екі араға қытай қорғанын мейлінше шебер тұрғызған болса да, біз: француздың империалист мырзалары, сіздер өздеріңіздің буржуазияңыздан қорғана алмайсыздар дейміз. Әлбетте, жүздеген мың француз жұмысшылары осы кішкентай цитатты біледі, білетіні тек бұл ғана емес, олар билеушілерінің, өз буржуазиясының айтқандарының бәрі шылғи өтірік екендігін де көріп отыр. Олардың өз буржуазиясы өз аузына ие болмай: біз большевиктер өкіметін талқандағымыз келеді деп мойындап отыр. Төрт жылдық қан төгіс соғыстан кейін олар өз халқына былай деуге тиіс: большевиктердің өкіметін талқандау үшін Россияға қарсы тағы да соғысуға аттаныңдар, олар бізге беруге тиісті 17 миллиардты төлегілері келмейтіндігі үшін[72], капиталистерді, помещиктерді және патшаларды сыйламайтындығы үшін біз оларды жек көреміз. Осы сөздерді айтуына тура келіп, өздерін осындай күйге ұшыратқан цивилизациялы халықтар ең алдымен өз саясаттарының күйрей бастағанын көрсетіп отыр, енді, олар соғыс жағынан қаншалықты күшті бола тұрса да, біз осы күшке толық сабырлылықпен қарап, былай дейміз: сіздерде, сіздердің тылдарыңызда, бұдан да гөрі қауіпті жауларыңыз бар — олар осы уақытқа дейін өздеріңіз алдап келген халық бұқарасы, ал Советтік Россия жөніндегі өтірік пен жалақорлықтан сіздердің тілдеріңіз күрмеліп қалып отыр. Тағы бір осындай мәлімет ағылшынның буржуазиялық газеті «Манчестер Гардианның»[73] 23 октябрьдегі номерінде бар. «Егер одақтас армиялар да Россияда қалып, соғыс әрекеттерін жүргізе беретін болса, онда бірден-бір мақсат Россияда ішкі төңкерісті тудыру болып табылады... Одақтас үкіметтер сондықтан не өздерінің соғыс әрекеттерін тоқтатуға тиіс, не олар большевиктермен соғыс жағдайындамыз деп мәлімдеуге тиіс»,— дегенді ағылшынның буржуазиялық газеті жазып отыр.

Қайталап айтайын: біз үшін революциялық ұрандай, ең күшті революциялық үндеудей болып естілетін осы кішкентай цитаттың маңыздылығы мұны өзі социалистердің дұшпаны болып табылатын буржуазиялық газеттің жазып отырғандығында, ал ол газет шындықты бұдан әрі жасыруға болмайтындығын сезіп отыр. Егер буржуазиялық газеттер осылай деп отырған болса, онда ағылшын жұмысшы бұқарасының не айтып, не ойлап отырғандығын сіздер көз алдарыңызға елестете аласыздар. Патша өкіметі өмір сүріп тұрған кезде, 1905 немесе 1917 жылдардағы революцияларға дейін, бізде либералдардың қандай тілмен сөйлегенін сіздер білесіздер. Либералдардың осы тілі революцияшыл пролетариат бұқарасының арасында дүмпудің жақындағандығын көрсеткенін сіздер білесіздер. Сондықтан осы буржуазиялық ағылшын либералдарының тілінен-ақ сіздер ағылшын, француз және американ жұмысшыларының пиғылында, санасында және жүрегінде не болып жатқандығы жөнінде қорытынды жасай аласыздар. Міне сондықтан да біз өзіміздің халықаралық жағдайымызды сипаттайтын ауыр шындықты өзімізге ешбір жасырмастан айтуға тиістіміз. Халықаралық революция жақын, бірақ революцияның қалай дамитыны жөнінде расписание деген болмайды; екі революцияны бастан кешірген біздер мұны жақсы білеміз. Бірақ біз мынаны да білеміз: егер империалистер халықаралық революцияны тоқтата алмаған күнде, жеке елдердің жеңіліске ұшырауы және бұдан да зор құрбандықтардың болуы мүмкін. Олар Россия пролетарлық революцияның азабын көріп жатқанын біледі, бірақ олар революцияның бір ошағын жаншып тастаумен басқа елдердегі революцияны да жаншуға болады деп ойласа, онда қателеседі.

Ал өзімізге келетін болсақ, біз жағдай қай уақыттағыдан болса да қауіпті екендігін, сондықтан үсті-үстіне еселей күш салуға тиісті екендігімізді айтуымыз керек. Біз бір жылдың ішінде берік іргетас қалағаннан кейін, жаңа тәртіп негізінде социалистік Қызыл Армия ұйымдастырғаннан кейін, міне осыдан кейін біз өзімізге: біз осы жұмысымызды жүргізе бере аламыз және жүргізе беруге тиістіміз дегенді зор сеніммен айтамыз

және барлық жиналыстарда, кез келген совет мекемесінде, кәсіптік одақтарда, кедейлер комитеттерінің жиналыстарында былай деуге тиістіміз: жолдастар, біз бір жыл өмір сүрдік және табысқа жеттік, бірақ бұл бізге қарсы аттанып келе жатқан күшті жаумен салыстырғанда әлі аз. Бұл жау — бүкіл дүние жүзілік, күшті, бүкіл дүние жүзін жеңген ағылшын-француз империализмі. Біз олармен күреске шыққанда Европаның алдыңғы қатарлы елдерімен экономикалық және техникалық жағынан тең боламыз дегенді ойлағандықтан шықпаймыз. Жоқ, олай емес, бірақ бұл жаудың да австро-герман империализмі құлаған тұңғиыққа келе жатқанын біз біліп отырмыз; қазір Түркияны матап тастаған, Болгарияны басып алып отырған бұл жау енді бүкіл Австро-Венгрияны оккупациялаумен және патшалық, жандармдық тәртіпті орнатумен шұғылданып жатыр,— оның өз ажалына қарай келе жатқандығын біз біліп отырмыз. Біз мұның тарихи факт екендігін білеміз, міне сондықтан да біз көріне орынсыз мақсаттарға ешбір еліктеместен-ақ өзімізге былай дейміз: біз ағылшын-француз империализміне соққы бере аламыз!

Біздің Қызыл Армияны нығайтуға бағытталған әрбір қадам соншалықты күшті болып көрінген жауда ыдыраудың және революцияның он қадам жаңғырығын тудыратын болады. Сондықтан түңілуге немесе сары уайымға салынуға ешқандай да негіз жоқ. Біз қауіптің зор екендігін білеміз. Бәлкім, тағдыр бізге бұдан да гөрі ауыр құрбандықтар әзірлеп жатқан болар. Олар бір елді жаншып тастай алуы мүмкін делік, бірақ олар халықаралық пролетарлық революцияны еш уақытта жаншып тастай алмайды, олар оны одан бетер өршіте түседі, сөйтіп олардың бәрі осы революцияда апатқа ұшырайды! (Овацияға айналған ұзақ қол шапалақтау.)

МАРКС ПЕН ЭНГЕЛЬСКЕ ЕСКЕРТКІШ АШАРДА 1918 ж. 7 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Біз бүкіл дүние жүзілік жұмысшы революциясының көсемдері Маркс пен Энгельске орнатылған ескерткішті ашқалы отырмыз.

Миллиондаған еңбекшілерді қорлап келген ат төбеліндей аз ғана қанаушылардың езгісінде адамзат талай-талай ғасырлар бойы қасірет шегіп, зарығып келді. Ал егер бұрынғы заманның қанаушылары — помещиктер — бытыранды, тоз-тоз, қараңғы крепостной шаруаларды тонап, зәбірлеп келген болса, жаңа заманның қанаушылары, капиталистер өзінің алдында, езілген бұқараның арасында, осы бұқараның алдыңғы отряды, қалалық, фабрика-заводтық, өнеркәсіптік жұмысшылар тұрғанын көрді. Бұл жұмысшыларды фабрика біріктірді, қала тұрмысы олардың көзін ашты, жалпы стачкалық күрес пен революциялық бой көрсетулер оларды шынықтырды.

Маркс пен Энгельстің сіңірген бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлы еңбегі мынада,— олар капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігін және оның коммунизмге өтетіндігін, онда адамды адамның қанауы болмайтындығын ғылыми тұрғыдан талдап, дәлелдеп берді.

Маркс пен Энгельстің сіңірген бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлы еңбегі мынада,— олар барлық елдердің пролетарларына олардың ролін, олардың міндетін, олардың істейтін ісін — капиталға қарсы революциялық күреске бірінші болып көтерілу керектігін, осы күресте *барлық*

еңбекшілер мен езілгендерді өзінің төңірегіне біріктіру керектігін көрсетіп берді.

Біз ұлы социалистердің осы болжауы жүзеге аса бастаған бақытты заманды басымыздан кешіріп отырмыз. Біздің бәріміз бірталай елдерде пролетариаттың халықаралық социалистік революциясының таңы атып келе жатқандығын көріп отырыз. Халықтар арасындағы империалистік қырғынның адам айтқысыз сұмдықтары барлық жерлерде де езілген бұқараның ерлік жігерін көтеріп, азаттық жолындағы күресте олардың күштерін он есе арттыра түсуде.

Маркс пен Энгельске орнатылған ескерткіштер өз күресімізде біздің жалғыз емес екендігімізді миллиондаған жұмысшылар мен шаруалардың есіне түсірген үстіне түсіре берсін. Бізбен қатар неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшылары көтеріліп келеді. Оларды да, біздерді де бұдан да ауыр ұрыстар күтіп тұр. Осы ортақ күресте капиталдың езгісі талқандалады, социализм біржолата жеңіп алынады!

Қысқаша есеп
1918 ж. 9 ноябрьде
«Правда» газетінің 242-номерінде
басылған

Бірінші рет
1924 ж. 3 апрельде
«Правда» газетінің 76-номерінде
толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ КҮРЕСКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ ТАҚТАНЫ АШАРДА 1918 ж. 7 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Біз 1917 жылғы Октябрь революциясының алдыңғы қатарлы күрескерлеріне арналған ескерткішті ашқалы отырмыз. Еңбекші бұқарадан шыққан таңдаулы адамдар халықтарды империализмнен азат ету үшін, халықтар арасындағы соғыстарды тоқтату үшін, капитал үстемдігін құлату үшін, социализм үшін көтеріліс бастап, өздерінің өмірін осыған қиған еді.

Жолдастар! Жаңа заманның талай ондаған жылдары бойындағы Россия тарихы бізге революционерлердің ұзыннан-ұзақ мартирологын көрсетеді. Патша өкіметімен күресте сан мыңдаған адамдар қаза тапты. Олардың қазасы жаңа күрескерлерді оятты, барған сайын қалың бұқараны күреске аттандырып отырды.

Өткен жылғы Октябрь күндерінде қаза тапқан жолдастардың үлесіне жеңістің ұлы бақыты тиді. Адамзаттың революцияшыл көсемдері арман еткен аса ұлы абырой солардың үлесіне тиді: бұл абыройдың мәні ұрыста ерлікпен қаза тапқан жолдастардың ізімен солардай ер жүрек, бұқараның сол ерлігімен жеңісті қамтамасыз еткен мыңдаған, миллиондаған жаңа күрескерлердің жүріп өткендігінде болды.

Қазір барлық елдерде жұмысшылардың ашу-ызасы қайнап, тасып жатыр. Бірсыпыра елдерде жұмысшылардың социалистік революциясы басталып отыр. Бүкіл дүние жүзінің капиталистері үрейі ұшып, ызаланып, көтерілістерді жаныштау үшін күш қосуға асығуда. Олардың өшпенділігін әсіресе Россияның Социалистік

Советтік Республикасы күшейте түсуде. Бізге қарсы барлық елдердің біріккен империалистерінің жорығы дайындалып жатыр, бізге жаңа ұрыстар төніп келеді, бізді жаңа құрбандықтар күтіп тұр.

Жолдастар! Октябрь күрескерлерін есімізге түсірейік: олардың ескерткіші алдында біз солардың ізімен жүруге, солардың ер жүректігінен, солардың ерлігінен үлгі алуға серт берейік. Олардың ұраны біздің ұранымыз, барлық елдердің көтеріліске көтерілген жұмысшыларының ұраны бола берсін. Бұл ұран — «не жеңіс, не өлім».

Бұл ұранды көтерген пролетариаттың халықаралық социалистік революциясының күрескерлері жеңілмейтін болады.

Қысқаша есеп
1918 ж. 8 ноябрьде
«Вечерние Известия Московского Совета» газетінің 93-номерінде басылған

Бірінші рет
1924 ж. 3 апрельде
«Правда» газетінің 76-номерінде толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МИТИНГ-КОНЦЕРТІНДЕ 1918 ж. 7 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ду қол шапалақтау.) Жолдастар, революциямыздың бір жылдығын құттықтай келіп, мен төтенше комиссиялардың ауыр қызметіне тоқталғым келеді.

Төтенше комиссияның қызметіне жазғыруды біз тек жаулардан ғана емес, сонымен қатар достарымыздан да жиі естіп жүрсек, мұнда таңданарлық еш нәрсе жоқ. Біз өзімізге ауыр міндет алдық. Біз ел басқаруды қолымызға алған кезде, біздің көптеген қателер жіберіп алуымызға тура келгені табиғи нәрсе, ал төтенше комиссиялардың қателері бәрінен де бұрын көзге түсуі де табиғи нәрсе. Тоғышар интеллигенция істің байыбына тереңдеп барғысы келмей, бұл қателерді іліп ала жөнеледі. Төтенше комиссияның қателері жөніндегі байбаламдардағы мені таңдандыратын нәрсе не десеңіз,— ол мәселені кең көлемде қоя білмеушілік. Бізде Төтенше комиссияның жеке қателерін іліп алады да, жылап-сықтап, әлектенеді де жүреді.

Ал біз болсақ, былай дейміз: біз қателерден үйренеміз. Барлық салада, сондай-ақ осы салада да біз өзара сын арқылы үйренеміз. Мәселе, әрине, Төтенше комиссия қызметкерлерінің құрамында емес, олардың батылдықты, шапшаңдықты, ең бастысы — адалдықты талап ететін қызметінің сипатында. Мен Төтенше комиссияның қызметіне көз жіберіп, оны жазғырған сөздермен салыстырған кезімде, өзім: бұл түкке тұрмайтын тоғышарлық күңкілдер деймін. Бұл Каутскийдің бур-

жуазияны қолдаумен бара-бар диктатура жөніндегі уағызын еске түсіреді. Ал біз тәжірибеге сүйене отырып, буржуазияны экспроприациялау ауыр күрес арқылы — диктатура арқылы іске асады дейміз.

Маркс капитализм мен коммунизмнің арасында пролетариаттың революциялық диктатурасы жатыр деген болатын. Буржуазияны ол, пролетариат, неғұрлым жаныштай түскен сайын, буржуазияның қарсылығы да соғұрлым құтырына түседі. Францияда 1848 жылы пролетарлардың қалай жазалапғандығын біз білеміз, сондықтан бізді қаталдық жөнінде кінәлаған кезде, біз марксизмнің ең қарапайым талабын жұрттың қалайша ұмытатындығына қайран қаламыз. Біз юнкерлердің Октябрьде болған көтерілісін ұмытқапымыз жоқ, біз дайындалып жатқан бірқатар көтерілістерді де ұмытпауға тиіспіз. Бізге, бір жағынан, творчестволық жұмысқа үйренуге, ал екінші жағынан, буржуазияның қарсылығын тойтаруға тура келеді. Финляндияның ақ гвардиясы, өзінің «демократияшылдығына» қарамастан, жұмысшыларды атуға ұялған жоқ. Диктатураның ауырлығы мен қиындығына қарамастан, қалың бұқара арасында диктатураның қажеттігі туралы ой бекіп отыр. Төтенше комиссияға жат элементтердің еніп кетуі әбден түсінікті. Біз оларды өзара сынмен қуып шығамыз. Біз үшін маңызды нәрсе мынау: Төтенше комиссия пролетариат диктатурасын тікелей жүзеге асырады, ал осы жағынан қарағанда оның ролі баға жеткісіз. Бұқараны азат етудің қанаушыларды күшпен жаныштаудан басқа жолы жоқ. Төтенше комиссия міне осымен шұғылдануда, олардың пролетариат алдыпда сіңірген еңбегі де міне осында.

Қысқаша есеп
1918 ж. 9 ноябрьде
«Известия ВЦИК» газетінің
244-номерінде басылған

Протоколдық жазбаның
машинкада басылған данасы
бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛАРДЫҢ КЕДЕЙЛЕР КОМИТЕТТЕРІ ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ КЕҢЕСІНДЕ 1918 ж. 8 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[74]

Жолдастар, деревня кедейлерін ұйымдастыру біздің алдымызға ішкі құрылысымыздың ең маңызды мәселесі ретінде және тіпті біздің бүкіл революциямыздың ең басты мәселесі ретінде қойылып отыр.

Октябрь революциясы өзінің алдына өндіріс құралдарын жалпы халықтық ету үшін капиталистердің қолынан фабрикалар мен заводтарды тартып алу және бүкіл жерді шаруаларға беріп, ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру міндетін қойды.

Бұл міндеттің бірінші бөлегін орындау екіншісінен әлдеқайда жеңіл болды. Қалаларда революция он мыңдаған және жүз мыңдаған жұмысшылар жұмыс істейтін ірі өндіріспен істес болды. Фабрикалар мен заводтар аз ғана капиталистердің қолында еді, ал оларды жеңіп шығу жұмысшыларға қиын болған жоқ. Жұмысшылардың капиталистерге қарсы жүргізген бұрынғы күрестерінен мол тәжірибесі бар еді, ол күрес жұмысшыларды жұмыла, батыл және ұйымдасқан түрде қимылдауға үйретті. Оның үстіне, фабриканы немесе заводты бөліске салудың қажеті жоқ, тек бүкіл өндіріс жұмысшы табы мен шаруалардың мүддесіне қарай құрылса, еңбек өнімі капиталистердің қолына түспесе болғаны.

Ал жер мәселесі мүлде басқаша. Социализмнің жеңуі үшін мұнда бірқатар өтпелі шаралар қажет болды. Көптеген ұсақ шаруа шаруашылықтарынан бірден ірі шаруашылық жасай қою мүмкін емес. Бытыраңқы жүргізілген ауыл шаруашылығын бірден қоғамдық шаруа-

шылық ету және оны ірі, жалпы мемлекеттік өндіріс формасына көшіру, сөйтіп жалпыға бірдей және бірқалыпты еңбек міндеткерлігі жағдайында еңбек өнімдерін бүкіл еңбекші халық біркелкі және әділетті түрде пайдаланатын ету,— міне мұны бірден, қысқа мерзім ішінде істеп шығу, әрине, мүмкін емес.

Қалаларда фабрика-завод жұмысшылары капиталистерді біржолата құлатып, қанау бұғауын мойнынан жұлып та үлгірген кезде, деревняда қанауға қарсы нағыз күрес енді ғана басталды.

Октябрь революциясынан кейін біз помещикті құрыттық, оның жерін тартып алдық, бірақ мұнымен деревнядағы күрес әлі біткен жоқ. Жерге ие болу, еңбекшілердің басқа да жеңістері сияқты, еңбекшілердің өзіндік әрекетіне, олардың өз ұйымына, олардың төзімділігі мен революциялық табандылығына сүйенгенде ғана баянды болмақ.

Еңбекші шаруаларда бұл ұйым болды ма?

Амал қанша, болған жоқ, күрестің барлық қиындығының түп тамыры мен себебі міне осында болып отыр.

Басқаның еңбегін пайдаланбайтын, басқалардың есебінен байымайтын шаруалар, әлбетте, жердің жұртқа бірдей тиюін, жұрттың бәрінің еңбек етуін, жер иеленуде қанау болмауын және қанау үшін неғұрлым көбірек участке жиып алынбауын әрқашан қолдайды. Ал соғыстан көп пайда көрген, астығын масқара қымбатқа сату үшін ашаршылықты пайдаланған, бағаның тағы да көтерілуін күтіп, астығын жасырған, ал қазір халық басына түскен ауыртпалықты, деревня кедейлері мен қала жұмысшыларының аштығын пайдаланып, баюға барынша тырысып отырған кулактар мен жебірлер мәселесі басқаша.

Олар, кулактар мен жебірлер — капиталистер мен помещиктерден әсте кем емес қорқынышты жаулар. Ал егер кулак аман қалатын болса, егер біз жебірлерді жеңбейтін болсақ, онда патша мен капиталистің қайта келетіні сөзсіз.

Осы кезге дейін Европада болған барлық революциялардың тәжірибесі: егер шаруалар кулактардың өктем-

дігін жоймаса, революцияның сөзсіз жеңіліске ұшырайтынын айқын көрсетіп отыр.

Европада болған революциялардың бәрі ешбір нәтижесіз аяқталған себептің өзі де деревняның өз жауларына шамасы келмегендігінде болды. Жұмысшылар қалаларда патшаларды құлатып отырды (Англия мен Францияда патшаларды бұдан бірнеше жүз жыл бұрын жазалап өлтірген болатын, тек біз ғана өз патшамыз жөнінде кеш қалғанбыз), бірақ, дегенмен, біраз уақыт өткен соң ескі тәртіптер қайта орнап отырды. Бұлай болудың себебі, ол кезде тіпті қалалардың өзінде де миллиондаған жұмысшыларды фабрикалар мен заводтарда біріктіретін және оларды шаруалардың қолдауынсыз-ақ капиталистердің де, кулактардың да қысымына төтеп бере алатын күшті жасақ етіп топтастыратын ірі өндіріс болған жоқ еді.

Ал ең кедей шаруалар ұйымдаспаған еді, олардың өздері кулактармен нашар күрескен еді, міне соның салдарынан революция қалаларда да жеңіліске ұшырап отырды.

Енді жағдай басқаша. Соңғы екі жүз жылдың ішінде ірі өндіріс соншама күшті дамып, барлық елдерде де мыңдаған және он мыңдаған жұмысшылары бар аса зор фабрикалар мен заводтар көбейді, қазір қалалардың бәрінде де ұйымдасқан жұмысшылардың, пролетариаттың, көп кадры пайда болды, олар буржуазияны, капиталистерді біржолата жеңіп шыға алатын жеткілікті күшке айналып отыр.

Бұрынғы революцияларда кедей шаруалардың кулактарға қарсы ауыр күресінде сүйенерлік ешкімі болған жоқ еді.

Ұйымдасқан пролетариат — шаруаларға қарағанда неғұрлым күшті және неғұрлым тәжірибелі (бұл тәжірибені оған бұрынғы күрес берген) — қазір Россияда барлық өндіріс құралдарын, барлық фабрикалар мен заводтарды, темір жолдарды, кемелерді және т. т. иеленіп, өкімет басында отыр.

Ең кедей шаруалардың кулактарға қарсы күресінде енді сенімді және күшті одақтасы бар. Ең кедей шаруалар қаланың кедейлерді қолдайтынын, пролетариат-

тың кедейлерге қолынан келгенінше көмектесетінін,— және қазір іс жүзінде көмектесіп те отырғанын біледі. Мұны жақында болған оқиғалар көрсетті.

Жолдастар, осы жылғы июльде революцияның қандай қауіпті жағдайда болғаны бәріңіздің де естеріңізде шығар. Чехословактардың көтерілісі өрши түсті, қалаларда аштық күшейді, ал деревняда кулактар одан сайын озбырлана бастады, қалаға, Совет өкіметіне, кедейлерге одан сайын оршелене шабуыл жасады.

Біз деревня кедейлерін ұйымдасуға шақырдық, біз кедейлер комитеттерін құруға және жұмысшылардан азық-түлік отрядтарын ұйымдастыруға кірістік. Солшыл эсерлер көтеріліс шығарды. Олар: кедейлер комитеттерінде жалқаулар отыр, жұмысшылар еңбекші шаруалардың астығын тонап жатыр десті.

Ал біз оларға: сіздер Совет өкіметіне қарсы күресте қарудан басқа титығына жету әрекетін істеуге де болатынын түсінген кулактарды қорғап отырсыздар деп жауап бердік. Олар: «жалқаулар» деді,— ал біз оларға былай деп сұрақ қойдық: кейбіреудің «жалқау» болған себебі не, оның еңсесі түсуінің себебі не, оның қайыршылыққа ұшыраған, ішкілікке салынған себебі не? кулактардың кесірінен емес пе? Кулактар солшыл эсерлермен бірге «жалқаулар» жөнінде даурықты, ал өздері астықты өз қолына жинап алып, жасырып тастады, жұмысшылардың аштығы мен қасіретін пайдаланып баю үшін жалдаптық жасады.

Кулактар кедейлердің бүкіл қаны-сөлін сығып алып отырды, олар басқаның еңбегін пайдаланды, сөйте тұрып «жалқаулар»! деп даурықты.

Кулактар чехословактарды шыдамсыздана күткен болатын, олар емін-еркін қанай беру үшін, бұрынғыша батырақтарға үстем болып, бұрынғыша байи беру үшін жаңа патшаны құлшына таққа отырғызған болар еді.

Аман қалғанымыз тек мынадан болды: деревня қаламен бірікті, деревняның пролетарлық және жартылай пролетарлық — басқаның еңбегімен пайдаланбайтын — элементтері қала жұмысшыларымен бірге кулактар мен жебірлерге қарсы жорыққа шықты.

Бұл бірігуде әсіресе азық-түлік мәселесі негізінде көп іс істеуге тура келді. Қалалардағы жұмысшы халық аштықтан көп азап шекті, ал кулактар:

— Астығымды тағы да біраз ұстай тұрайын, мүмкін, қымбатырақ сатармын,— деп отыра берді.

Кулактарға асығатын, әрине, ештеңе жоқ: олардың ақшасы жеткілікті; жиналған керенкамызды қадақтап өлшейтін болдық дегенді олардың өздері-ақ айтып отыр.

Ал аштық кезінде астығын жасырып, оны үсті-үстіне көбейте беретін адамдар — нағыз жауыз қылмыстылар. Олармен күрескенде, оларды халықтың ең қас жаулары деп күресу керек.

Міне осы күресті біз деревняда бастап отырмыз.

Меньшевиктер мен эсерлер бізді деревняда кедейлер комитеттерін ұйымдастырып, жік туғызасыңдар деп қорқытып келді. Ал деревняда жік туғызбау дегеніміз не? Бұл деревняны кулактың езгісінде қалдыру деген сөз. Бірақ біздің мұны істегіміз келмейді, сондықтан да біз деревняны жікке бөлуге ұйғардық. Біз оларға: біз кулактардан айрыламыз, бұл рас, бұл бақытсыздықты жасыра алмайсың (к ү л к і), бірақ біз жұмысшылар жағына шығатын мыңдаған және миллиондаған кедейлерді өзімізге тартып ұтып шығамыз дедік. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Солай болды да. Деревнядағы жікке бөліну кедейлердің қайда екенін және басқаның еңбегін пайдаланбайтын орта шаруалардың қайда екенін, жебірлер мен кулактардың қайда екенін тек айқынырақ көрсетті.

Жұмысшылар кедейлердің кулактарға қарсы күресінде оларға өздерінің көмегін берді және беріп те жатыр. Жұмысшылар эсерлердің жерді социализациялау туралы заңы жүзеге асырылған кезде ең кедей шаруалар жағында болғанындай, деревняда қыза түскен азамат соғысында да ең кедей шаруалар жағында болып отыр.

Біздер, большевиктер, жерді социализациялау туралы заңға қарсы болғанбыз. Бірақ, солай бола тұрса да, біз оған қол қойдық, өйткені шаруалар көпшілігінің еркіне біздің қарсы шыққымыз келмеді. Көпшіліктің еркі біз үшін әрқашан да міндетті нәрсе, ал бұл ерікке қарсы шығу — революцияға опасыздық жасау деген сөз.

Жерді теңгерме бөлудің түкке тұрғысыз нәрсе екені туралы шаруаларға жат пікірді біздің оларға таңғымыз келмеді. Біз жерді теңгерме бөлудің сорақы нәрсе екенін еңбекші шаруалардың өздері басынан кешіріп, таңдайымен татқаны жақсы болады деп санадық. Тек сонда ғана біз олардан: жер бөлісінен болып жатқан бұл күйзелу мен кулактардың езгісінен шығатын жол қайсы?— деп сұрай алған болар едік.

Жер бөлісі тек бастама ретінде ғана жақсы болды. Бұл бөліс жердің помещиктер қолынан кеткенін, оның шаруалар қолына көшкенін көрсетуге тиісті болды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Дұрыс жол жерді қоғамдасып өңдеуде ғана еді.

Сіздер бұлай деп түсінген жоқсыздар, бірақ өмірдің өзі сіздерді осы сенімге келтіреді. Коммуналар құру, жерді артель болып өңдеу, шаруалар серіктіктерін ұйымдастыру — міне ұсақ шаруашылықтың тиімсіздігінен құтылудың жолы осы, шаруашылықты көтерудің және жақсартудың, күшті үнемдеудің және кулактарға, арамтамақтық пен қанаушылыққа қарсы күресудің жолы осы.

Біз шаруалардың жерге байлаулы адамдарша тұратынын: шаруалардың жаңалықтан қорқатынын, олардың ескіліктен айрылғысы келмейтінін жақсы білдік. Белгілі бір шараның пайдалы екенін тек өз ақылымен түсініп, білген кезде ғана шаруалар оны пайдалы деп сенетінін білдік. Сондықтан да біз жерді бөлу жол табу емес екенін түсіне тұрсақ та, жер бөлісіне көмектестік.

Ал енді кедейлердің өздері біздің айтқанымызға қосыла бастады. Жердің 100 учаскеге бөлінгендігінен, айталық, 10 плуг керек болатын жерде коммуналық шаруашылық болған болса, одан аз плуг керек болатынын, өйткені жер мұнда онша көп бөлшектенбейтінін өмір оларға көрсетіп отыр. Коммуна бүкіл артельдің, бүкіл серіктіктің өз шаруашылығын жеке ұсақ меншікшілердің қолынан келмейтін дәрежеде жақсартуына мүмкіндік береді, т. б.

Әрине, барлық жерде бірдей жерді қоғамдасып пайдалануға бірден көше қоюға болмайды. Бұған кулактар барынша қарсыласып бағады, одан соң шаруалардың

өздері де ауыл шаруашылығында коммуналық негіздерді жүзеге асыруға жиі қарсы шығып отырады. Әйтсе де ілгері кеткен сайын коммунаның артықшылығына мысалдардан, өздерінің тәжірибесінен шаруалардың көзі соғұрлым жете береді, сөйтіп іс те соғұрлым ойдағыдай алға басатын болады.

Бұл істе кедейлер комитеттері аса зор роль атқарады. Бұл комитеттердің бүкіл Россияға тегіс таралуы қажет. Олар көптен бері-ақ күшті дамып келеді. Жуықта Петроградта Солтүстік облысы кедейлер комитеттерінің съезі болып өтті. Оған 7000 өкіл келмекші еді, мұның орнына 20 000 өкіл келді, сөйтіп келгендердің бәрі жиналысқа арналған залға сыймады. Ауа райының жақсы болуы ғана істің сәтін түсірді — жиналыс Қысқы сарай алдындағы аланда өтті.

Бұл съезд азамат соғысын деревняның дұрыс түсінгенін: кедейлер бірігіп, тізе қосып кулактарға, байларға және жебірлерге қарсы күресіп жатқанын көрсетті.

Біздің партиямыздың Орталық Комитеті кедейлер комитетін қайта құрудың жоспарын жасады; бұл жоспар Советтердің VI съезінің бекітуіне ұсынылады. Біз деревнялардағы кедейлер комитеттері мен Советтер жеке-жеке өмір сүруге тиісті емес деп қаулы алдық. Әйтпесе бақастық, бос сөзуарлық болады. Біз кедейлер комитеттерін Советтерге қосамыз, біз кедейлер комитеттері Советтерге айналатын етеміз.

Біз кейде кедейлер комитеттеріне де кулактардың еніп кететінін білеміз. Егер бұл осылай бола берсе, онда кедей шаруа Керенский мен Авксентьевтің кулактық советтеріне қалай қараған болса, кедейлер комитеттеріне де солай қарайтын болады. Атын өзгерткенге ешкім алданбайды. Сол себепті кедейлер комитеттерін қайта сайлау ұйғарылып отыр. Кедейлер комитеттерін сайлауға тек басқаның еңбегін қанамайтындар, халықтың аштығын пайдаланып, оны таламайтындар, артық астығымен жалдаптық жасамайтындар және оны жасырмайтындар ғана праволы. Пролетарлық кедейлер комитеттерінде кулактар мен жебірлерге орын болмауға тиіс.

Совет өкіметі ауыл шаруашылығын көтеру үшін айрықша қорға 1 миллиард сом босатуға ұйғарды. Бұрыннан бар және жаңадан ұйымдасатын коммуналардың бәріне ақшалай және техника жағынан көмек көрсетіледі.

Егер интеллигент-мамандар қажет болатын болса, біз оларды жібереміз. Олардың көпшілігі контрреволюционерлер, бірақ кедейлер комитеттері бұларды жұмысқа жеге алады, ал олар бұрын қанаушыларға қалай қызмет етсе, енді халыққа одан кем қызмет етпеске тиіс. Жалпы алғанда, өзінің саботаж жасауымен, жұмысты әдейі бүлдіруімен жұмысшы өкіметін құлата алмайтынына біздің интеллигенттердің көзі жетіп те қалды.

Бізге шетел империализмі де қорқынышты емес. Германияның қазір-ақ Украинада аузы күйді. Украинадан әкетеміз деп дәмеленген 60 миллион пұт астықтың орнына Германия 9 миллион пұт қана астық әкетті және өздері онша жақсы көрмейтін орыс большевизмін оған қоса ала кетті. (Ду қол шапалақтау.) Ағылшындар да соның аяғын құшып жүрмесін, оларға біз былай деп айта аламыз: байқаңыздар, құрметтілер, қақалып қалып жүрмеңдер! (Күлкі және қол шапалақтау.)

Бірақ біздің шетелдегі бауырларымыз барлық жерде бірдей әлі көтеріліске шыға алмай отырған кезде, біз үшін қауіп дегенмен жоқ емес. Сондықтан да біз Қызыл Армиямызды ұйымдастырып, нығайта беруіміз керек. Бұл әсіресе біздің армиямыздың қорғауымен ғана өзінің ішкі шаруашылығымен шұғылдана алатын деревня кедейлеріне жақын іс болуға тиіс.

Жолдастар, жаңа шаруашылыққа көшу, мүмкін, баяу жүретін болар, бірақ коммуналық шаруашылық негізін ұдайы жүзеге асыра беру қажет.

Кулактармен жігерлі күрес жүргізу керек, олармен ешқандай мәмлеге келуге болмайды.

Орта шаруалармен біз бірге істесе аламыз және олармен бірге кулактарға қарсы күресе аламыз. Біздің орташаларға қарсы ештеңеміз жоқ. Олар, мүмкін, социалистер емес шығар және социалистер бола қоймас та, бірақ тәжірибе оларға жерді бірлесіп өңдеудің пайдалы еке-

нін дәлелдеп береді, сөйтіп олардың көпшілігі қарсылық жасамайтын болады.

Ал кулактарға біз былай дейміз: біздің сіздерге де қарсы ештеңеміз жоқ, бірақ артық астықтарыңды беріңдер, жалдаптық жасамаңдар және басқаның еңбегін қанамаңдар. Қашан осылай болғанға дейін, біз сіздермен аяусыз күрес жүргізе береміз.

Біз еңбекшілердің еш нәрсесіне тимейміз, ал жалдама еңбекпен пайдаланатындардан, басқалардың есебінен байитындардан — міне бұлардан біз барлығын да экспроприациялаймыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Беднота» № 185,
10 ноябрь, 1918 ж.

«Беднота» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТЕЛЕГРАММА БАРЛЫҚ СОВДЕПТЕРГЕ, ЖҰРТТЫҢ БӘРІНЕ, БӘРІНЕ

10. XI. 1918 ж.

Германияда революцияның жеңгені туралы бүгін түнде Германиядан хабар алынды. Әуелі Киль радио арқылы онда өкімет жұмысшы және матрос Советінің қолында екенін хабарлады. Одан кейін Берлин мынаны хабарлады:

«Барлығыңызға бостандық пен бейбітшіліктің сәлемін жолдаймыз. Берлин мен оның төңірегі жұмысшы және солдат депутаттары Советінің қолында. Адольф Гофман, сеймнің депутаты. Иоффе және елшіліктің қызметкерлері дереу қайтып келеді».

Шекара пункттерінің бәріндегі неміс солдаттарына хабарлау үшін барлық шараны қолдануды сұраймыз. Сонымен қатар Берлиннен майдандағы неміс солдаттары Германияның ескі үкіметінің бітім делегациясын тұтқынға алып, француз солдаттарымен бітім туралы келіс сөзді өздері жүргізе бастады деген хабар келді.

Халық Комиссарлары Советінің
Председателі *Ленин*

«Правда» № 244 және «Известия ВЦИК» № 246, 12 ноябрь, 1918 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВАДАН РАДИОГРАММА БАРЛЫҚ ЖҰРТҚА, БӘРІНЕ, БӘРІНЕ!

Барлық шекаралық совдептерге

Соңғы мәліметтерге қарағанда герман солдаттары уақытша бітім жасасу туралы келіс сөздер жүргізуге кеткен неміс генералдары делегациясын тұтқынға алған. Герман солдаттары француз солдаттарымен тікелей келіс сөздер жүргізуге кіріскен. Кайзер Вильгельм тақтан безген. Канцлер принц Баденский отставкаға шыққан. Жаңа канцлер үкіметтік социал-демократ Эберт болмақ. Оңтүстік Германияның ірі қалаларының бәрінде жаппай ереуіл болып жатыр. Бүкіл герман флоты революция жағында. Солтүстік және Балтық теңіздеріндегі герман гаваньдарының бәрі революцияшыл флоттың қолында. Біз солдат депутаттарының Киль Советінен интернационалдық пролетариаттың атына жолданған радиотелеграмма алдық, онда: герман флотында қызыл ту желбіреді, азаттық жолында құрбан болғандар бүгін жерленеді делінген. Осының бәрін Шығыс майдан мен Украинадағы герман солдаттарынан жасырып қалу әбден ықтимал. Өздеріңіздің қолдарыңызда бар құралдардың бәрін пайдаланып осы фактілерді герман солдаттарына естіртіңіздер.

Сыртқы істер халық комиссары *Чичерин*
Халық Комиссарлары Советінің
Председателі *Ленин*

Москва. Радио.

1918 ж. 10 ноябрьде жазылған

1927 ж. 6—7 ноябрьде «Известия» газетінің 256-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірмемен салыстырылған газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ І СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 19 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[75]

(Съезд делегаттары-әйелдер Ленин жолдасты ұзаққа дейін басылмаған қол шапалақтаумен және овациямен қарсы алды.) Жолдастар, кейбір жағынан қарағанда пролетарлық армияның әйел бөлегі съезінің ерекше зор маңызы бар, өйткені барлық елдерде әйелдердің қозғалысқа шығуы бәрінен де қиынырақ болып келген. Егер еңбекші әйелдердің орасан зор бөлегі төңкеріске едәуір дәрежеде қатыспаса, социалистік төңкерістің болуы мүмкін емес.

Барлық цивилизациялы елдерде, тіпті ең алдыңғы қатарлы елдерде де, әйелдердің правосыздығы сонша, оларды үй күңі деп бекер атамаса керек. Бірде-бір капиталистік мемлекетте, тіпті нағыз бостандық бар деген республикада да, әйелдер толық тең праволы емес.

Совет республикасының міндеті — ең алдымен әйелдердің правосын тежеушіліктің бәрін жою. Буржуазиялық зәбірлеушіліктің, езушіліктің, кемсітушіліктің туатын көзін — неке айыру процесін — Совет өкіметі түгел жойды.

Неке айыру туралы мүлде еркін заңның дүниеге келгеніне жуықта бір жыл толады. Біз некелі және некесіз туған баланың жағдайындағы айырмашылықты және толып жатқан саяси қысымшылықтарды жойған декрет шығардық; еңбекші әйелдердің теңдігі мен бостандығы еш жерде де мұндай толық жүзеге асырылған емес.

Ескірген ережелердің бүкіл ауыртпалығы жұмысшы табы әйелдеріне түсетінін біз білеміз.

Біздің заңымыз әйелдерді правосыз еткен нәрселердің бәрін тарихта тұңғыш рет сызып тастады. Бірақ мәселе заңда емес. Біздің қалалар мен фабрика-завод орындарында некенің толық еріктілігі туралы бұл заң жақсы сіңісіп келеді, ал деревняда ол жиі-жиі қағаз жүзінде қалып отыр. Онда әлі күнге дейін шіркеуде неке қию басым. Бұл оларға священниктердің ықпалы күштілігінен болып отыр, ескі заңға қарсы күрестен гөрі осы кеселмен күресу қиынырақ.

Діни соқыр сенімдермен күресте өте сақ болу керек; бұл күреске діни сезімді қорлаушылықты енгізушілер көп зиян келтіреді. Насихат арқылы және ағарту жұмысы арқылы күресу керек. Күресті шиеленістіріп жіберумен біз бұқараны ызаландырып алуымыз мүмкін; мұндай күрес бұқараның діни принципке қарай бөлінуін күшейтеді, ал біздің күшіміз бірлікте. Діни соқыр сенімдердің ең терең көзі — қайыршылық пен қараңғылық; біздің міне осы кеселмен күресуіміз керек.

Осы уақытқа дейін әйел жағдайының нашар болғаны сонша, оны күңдік жағдай деп атайды; әйел өзінің үй шаруашылығымен де жаншылып отырады, ал оны бұл жағдайдан тек социализм ғана құтқара алады. Біз тек ұсақ шаруашылықтан ортақ шаруашылыққа, жерді қоғамдасып өңдеуге көшкенде ғана әйелдер толық бостандық алып, күңдіктен шыға алады. Бұл қиын міндет, бірақ енді кедейлер комитеттері құрылып жатқанда, социалистік революция нығаятын кезең туып келеді.

Деревнядағы халықтың ең кедей бөлегі тек енді ғана ұйымдасып жатыр, ал осы кедейлер ұйымдарының өзі социализмнің берік негізі болғалы отыр.

Бұрын көбінесе қала революцияшыл болып, ал деревня содан кейін бой көрсетуші еді.

Ал қазіргі төңкеріс деревняға сүйеніп отыр, оның маңызы мен күшінің өзі осында. Революцияның табысты болуы оған әйелдердің қаншалықты қатысуына байланысты екені барлық азаттық қозғалыстардың тәжірибесінен байқалған болатын. Совет өкіметі әйелдер өзде-

рінің пролетарлық социалистік жұмысын дербес жүргізуі үшін барлық шараны істеп жатыр.

Совет өкіметінің жағдайы қиын, өйткені Советтік Россияны барлық елдердің империалистері жек көреді және олар Советтік Россия толып жатқан елдерде революцияның өртін тұтатты және социализмге қарай батыл қадам басты деп, Советтік Россияға қарсы соғысқа аттанғалы жатыр.

Енді, олар революцияшыл Россияны талқандамақ болып жатқан кезде, олардың өздерінің аяғы астынан өрт шыға бастап отыр. Германияда революциялық қозғалыстың қалайша үдеп, Данияда жұмысшылардың үкіметке қарсы күресіп жатқаны өздеріңізге мәлім. Швейцарияда және Голландияда революциялық қозғалыс күшейіп келеді. Бұл кішкене елдердегі революциялық қозғалыстың дербес маңызы жоқ, бірақ оның ерекше көзге түсетін себебі, бұл елдерде соғыс болған жоқ және онда нағыз «правоға сүйенген» демократиялық тәртіп болды. Егер мұндай елдер қозғалысқа келетін болса, онда бұл революциялық қозғалыс бүкіл әлемді қамтиды деген сенім береді.

Осы уақытқа дейін ешқандай республика әйелдерді азат ете алмады. Ал Совет өкіметі әйелдерге көмектесіп отыр. Біздің ісіміз жеңілмейтін іс, өйткені барлық елдерде де жеңімпаз жұмысшы табы көтеріліп келеді. Бұл қозғалыс жеңімпаз социалистік революцияның өсіп келе жатқанын көрсетеді. (Ұзақ қол шапалақтау. «Интернационал» айтылады.)

Газет есебі
1918 ж. 20 ноябрьде
«Известия ВЦИК» газетінің
253-номерінде басылған

Газеттің текстімен
салыстырылған
протоколдық жазбаның
машинкада басылған данасы
бойынша басылып отыр

ПИТИРИМ СОРОКИННІҢ БАҒАЛЫ МОЙЫНДАУЛАРЫ

Бүгін «Правда» Питирим Сорокиннің тамаша қызық хатын басып шығарды, бұл хатқа барлық коммунистердің назарын ерекше аудару керек. «Известия Северо-Двинского Исполнительного Комитетада»[76] басылған бұл хатында Питирим Сорокин өзінің оңшыл эсерлер партиясынан шығатынын және өзінің Құрылтай жиналысының мүшесі деген атағынан бас тартатынын мәлімдейді. Хат авторының дәлелі мынаған келіп саяды: ол басқаны былай қойғанда, тіпті өзіне де жөн табарлық саяси рецептер көрсетуге қиналады, сондықтан «қандай саясаттан болса да бас тартады». «Революцияның өткен жылы,— деп жазады Питирим Сорокин,— мені мынадай бір ақиқатқа: саясатшылардың қателесуі мүмкін, саясат қоғамға пайдалы да бола алады, бірақ сонымен қатар қоғамға зиянды да бола алады, ал ғылым мен халық ағарту саласындағы жұмыс халыққа әрқашан да пайдалы, әрқашан да қажет болады деген ақиқатқа үйретті...» Хаттың соңында: «Петербург университетінің және Психо-неврологиялық институттың приват-доценті, Құрылтай жиналысының бұрынғы мүшесі және эсерлер партиясының бұрынғы мүшесі Питирим Сорокин» деп қол қойылған.

Бұл хат ең алдымен «адамды сипаттайтын» өте-мөте қызық «документ» ретінде назар аударуды керек қылады. Өз саясатының қателігін П. Сорокинше адал және тура мойындаушылық деген онша жиі кездесе бермейді. Өздерінің ұстаған бағытының терістігіне көзі жеткен

саясатшылар көбінесе өздерінің бетбұрысын бүркемелеуге, оны көмескілеуге, оған қандай да болса аздыкөпті көлденең сылтаулар «ойлап табуға», т. т. тырысады. Өзінің саяси қатесін ашықтан-ашық және адал мойындаудың өзі де ірі саяси акт болып табылады. Питирим Сорокиннің ғылым саласындағы жұмыс «әрқашан пайдалы» деп жазуы дұрыс емес. Өйткені бұл салада да қателер болады, біле тұра реакцияшыл емес адамдардың, айталық, реакцияшыл философиялық көзқарастарды қасарыса уағыздау мысалдары орыс әдебиетінде де бар. Екінші жағынан, көрнекті адамның, яғни бүкіл халыққа белгілі және жауапты саяси орында отырған адамның саясаттан бас тартуы жөніндегі ашық мәлімдемесінің өзі де *саясат болып табылады.* Егер мәселе кезінде бұқараға ықпалы болған тұтас бір партияның қатесі жайында қозғалып отырса, саяси қатені адалдықпен мойындау көптеген адамдарға өте зор саяси пайда келтіреді.

Питирим Сорокиннің хатының саяси маңызы дәл қазіргі кезеңде өте-мөте зор. Бұл хат біздің бәрімізге жақсы ойластырып, ұғынуымыз керек болатын «сабақ» береді.

Капиталистік қоғамның қандайында болса да пролетариат пен буржуазия ғана *шешуші* күштер бола алады, ал бұл таптардың арасында тұратын және ұсақ буржуазия деген экономикалық жікке жататын әлеуметтік элементтердің бәрі осы шешуші күштер арасында *сөзсіз* ауытқып отырады деген ақиқат әрбір марксистке әлдеқашаннан мәлім болатын. Бірақ бұл ақиқатты кітап жүзінде мойындаудан практикалық шындықтың күрделі жағдайында одан туатын қорытындыны жасай білуге дейінгі аралық — жер мен көктей.

Питирим Сорокин — өте кең қанат жайған қоғамдық және саяси ағымның, меньшевиктік-эсерлік ағымның өкілі. Бұлардың — бір ағым екенін, меньшевиктер мен эсерлердің айырмашылығы, олардың буржуазия мен пролетариаттың арасындағы күреске көзқарасы тұрғысынан қарағанда, шамалы ғана екенін 1917 жылғы февральдан басталған орыс революциясының оқиғалары өте-мөте сенімді және өте-мөте айқын көрсетті.

Меньшевиктер мен эсерлер — ұсақ буржуазиялық демократияның екі түрі ғана, бұл ағымның экономикалық мәні мен негізгі саяси сипаттамасы осындай. Бұл ағымның, өзінің жас шағында, көбінесе «социалистік» түске боялып отыратыны алдыңғы қатарлы елдердің тарихынан белгілі.

Мынадай сұрақ туады: бұл ағымның өкілдерін бұдан бірнеше ай бұрын большевиктерден, пролетарлық революциядан өте күшті аулақтатқан не нәрсе, ал оларды енді дұшпандықтан бейтараптыққа бұрып отырған не нәрсе? Бұл бетбұрыстың себебі, біріншіден, Германияда және басқа елдерде болған революцияға, сол сияқты ағылшын-француз империализмінің әшкереленуіне байланысты герман империализмінің күйреуі; екіншіден, буржуазиялық-демократиялық жалған үміттердің әшкеренуі екендігі мүлде айқын.

Бірінші себепке тоқталайық. Патриотизм дегеніміз ғасырлар бойы және мыңдаған жылдар бойы оқшауланған отанда қалыптасқан ең терең сезімдердің бірі. Біздің пролетарлық революцияның өте үлкен, былайша айтқанда, ерекше қиыншылықтарының бірі оның патриотизмнен өте қатаң ажырасу кезеңін, Брест бітімі кезеңін, бастан кешіруіне тура келгендігі болды. Осы бітімнен туған күйініш, ыза, қатты опық жеу түсінікті нәрсе, ал біздер, марксистер, әлбетте, бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның ең жоғарғы мүддесі үшін ғана аса зор ұлттық құрбандық жасап отырғанымыз және жасауға тиістілігіміз жөніндегі ақиқатты түсінуді тек пролетариаттың саналы авангардынан ғана күте алдық. Марксизмге жатпайтын идеологтарға және ұзақ уақытқа созылған стачкалық және революциялық күрес мектебінде шыныққан пролетариатқа жатпайтын еңбекшілердің қалың бұқарасына бұл революцияның жетіліп келе жатқанына деген берік сенімді де, оған сөзсіз берілгендікті де алар жер болмады. Біздің тактикамыз оларға ең жақсы дегенде қиял, фанатизм, авантюра болып көрінді, жүз миллиондаған халықтың өте айқын нақты мүдделерін басқа елдерде бірдеңе болады деген дерексіз, утопиялық немесе күдікті үмітке құрбандық ету болып көрінді. Ал ұсақ буржуа-

зия, өзінің экономикалық жағдайы жағынан, буржуазияға қарағанда да, пролетариатқа қарағанда да неғұрлым патриотшыл келеді.

Дегенмен де, біздің айтқанымыздай болып шықты.

Бірден-бір жау болып көрінген герман империализмі құлады. «Қияли ерсілік» (Плехановтың белгілі сөзімен айтқанда) болып көрінген герман революциясы фактіге айналды. Ұсақ буржуазияшыл демократтардың қиялы демократияның досы, езілгендердің қорғанышы түрінде суреттеген ағылшын-француз империализмі іс жүзіне келгенде герман республикасы мен Австрия халықтарына Брест шарттарынан да жаман шартты еріксіз таңған айуан болып шықты,— «ерікті» республикашылардың, французлардың және американдардың, әскерін жандармдар мен жендеттер ролін атқаруы үшін, аз және әлсіз ұлттардың тәуелсіздігі мен бостандығын тұншықтырушылар ролін атқаруы үшін пайдаланған айуан болып шықты. Бүкіл дүние жүзілік тарих бұл империализмді мүлде бұлтармастай етіп аяусыз және ашықтан-ашық әшкереледі. Өз отанының тікелей (және ескіше түсінілген) пайдаларынан басқа ештеңені білгісі келмеген орыс патриоттарына дүние жүзілік тарихтың фактілері біздің, орыстық, революцияны социалистік революцияға айналдыру авантюра емес, қайта қажеттілік болғанын көрсетті, өйткені *басқа* таңдау *болмады: егер* бүкіл дүние жүзілік социалистік революция, бүкіл дүние жүзілік большевизм жеңбеген жағдайда, ағылшын-француз және американ империализмі Россияның тәуелсіздігі мен бостандығын *сөзсіз* тұншықтыратын болды.

Факт — даусыз нәрсе,— дейді ағылшын мақалы. Ал біздің соңғы айлардың ішінде бүкіл дүние жүзілік тарихта аса зор бетбұрыс болып табылатын фактілерді басымыздан кешіруімізге тура келді. Бұл фактілер Россияның ұсақ буржуазияшыл демократтарын, біздің ішкі партиялық күресіміздің тарихы тәрбиелеген олардың большевизмді жек көруіне қарамастан, большевизмге деген дұшпандықтан әуелі бейтараптыққа, сонан соң оны қолдауға көшуге мәжбүр етеді. Мұндай демократ-патриоттарды бізден өте күрт аулақтатып жіберген объективті жағдайлар өтті. Оларды біздің жағымызға

бет *бұрғызатын* дүние жүзілік объективті жағдайлар туды. Питирим Сорокиннің бет бұруы әсте кездейсоқтық емес, ол *бүтіндей бір таптың*, бүкіл ұсақ буржуазиялық демократияның сөзсіз бет бұруының көрінісі. Мұны есепке ала және пайдалана білмейтін адам марксист емес, ол жаман социалист.

Содан соң. Жалпы «демократия» *атаулының* универсалдық, бәрін де қорғап қалушылық қимылына сену, өзінің пайдалылығы және қажеттігі жағынан оның тарихи өрісі тар *буржуазиялық* демократия екенін түсінбеушілік, міне мұндай сенім мен мұндай түсінбеушілік барлық елдерде де ғасырлар, ондаған жылдар бойы, әсіресе ұсақ буржуазия ішінде өте-мөте берік сақталып келді. Талай өткелдерден өтіп, әбден әккі болып алған ірі буржуа демократиялық республика дегеннің, капитализм тұсындағы мемлекеттің басқа формаларының бәрі сияқты, пролетариатты басып-жаншуға арналған машинадан басқа еш нәрсе емес екенін біледі. Ірі буржуа мұны өзінің буржуазиялық мемлекеттік машина *атаулының* нағыз басшыларымен және ең терең (көбінесе дәл осы себепті ең бүркемелі) қозғаушы тетіктерімен өте-мөте жақын таныстығынан *біледі*. Ұсақ буржуа, өзінің экономикалық жағдайына орай, өз өмірінің барлық жағдайлары себепті бұл ақиқатты түсінуге қабілетсіздеу, ол тіпті демократиялық республика дегеніміз «таза демократия» болады, «еркін халықтық мемлекет» болады, таптан тыс немесе таптан жоғары тұратын халық өкіметі болады, бүкіл халықтық еріктің таза көрінісі, тағысын-тағы сондайлар болады деген жалған үміттерге беріледі. Ұсақ буржуазияшыл демократтың бұл соқыр сенімдерінің беріктігі оның шиеленіскен тап күресінен, биржадан, «нағыз» саясаттан алыс тұратындығынан болатыны сөзсіз, ендеше осы соқыр сенімдерді жалаң насихатпен және тез уақыттың ішінде жоюға болады деп күтушілік мүлде маркстік болмаған болар еді.

Алайда бүкіл дүние жүзілік тарих енді соншама тез қарқынмен келеді және дағдылы нәрсенің бәрін, ескіліктің бәрін соншама зор қуатты балғамен, естіп-көрмеген күші бар дағдарыстармен талқандап келеді, сон-

дықтан ең берік соқыр сенімдер де төтеп бере алатын емес. «Демократ атаулыда» құрылтайға аңқаулықпен сену, «таза демократияны» «пролетариат диктатурасына» аңқаулықпен қарсы қою табиғи түрде және сөзсіз туған еді. Бірақ «құрылтайшылдардың» Архангельск мен Самарада, Сибирь мен оңтүстікте бастан кешіргендері ең берік деген соқыр сенімдерді де талқан етпей қоймады. Вильсонның дәріптеген демократиялық республикасы іс жүзіне келгенде нағыз құтырынған империализмнің, әлсіз және аз халықтарды нағыз арсыздықпен езудің және тұншықтырудың формасы *болып шықты*. Жалпы алғанда орташа «демократ», меньшевик пен эсер: «бізге мемлекеттің қайдағы бір жоғарғы типі дегенге, қайдағы бір Совет өкіметі дегенге жету қайда! Құдай біздің қолымызды кәдімгі демократиялық республикаға жеткізсе де болғаны!» деп ойлады. Ал, әрине, «кәдімгі», біршама бейбітшілік уақытта мұндай «үміт» талай ондаған жылдарға жеткен болар еді.

Ал енді дүние жүзілік оқиғалардың барысы және Россияның барлық монархистерінің ағылшын-француз және американ империализмімен одақ болуының аса қатал сабақтары *іс жүзінде* демократиялық республика дегеннің буржуазиялық-демократиялық республика екенін, империализмнің тарихтың күн тәртібіне қойып отырған мәселелері тұрғысынан қарағанда демократиялық республика енді ескіріп қалғанын; енді *басқа* таңдаудың жоқ екенін: *не* дүние жүзінің барлық алдыңғы қатарлы елдерінде Совет өкіметі жеңетінін, *немесе* ұсақ және әлсіз халықтардың бәрін тұншықтырушы, бүкіл дүние жүзінде реакцияны қайта орнатушы, демократиялық республиканың формасын пайдалануды жақсы үйреніп алған нағыз реакциялық, нағыз құтырынған ағылшын-американ империализмі жеңетінін көрсетті.

Екінің бірі.

Аралық жол жоқ. Жуықта ғана мұндай көзқарасты большевиктердің көзсіз фанатизмі деп есептеген еді.

Бірақ нақ осылай болып шығып отыр.

Егер Питирим Сорокин өзінің Құрылтай жиналысына мүшелік атағынан бас тартқан болса, бұл кездейсоқтық емес, бұл тұтас таптың, бүкіл ұсақ буржуазиялық де-

мократияның бет бұрғандығының белгісі. Ұсақ буржуазиялық демократияның жікке бөлінетіндігі сөзсіз: олардың бір бөлегі біздің жағымызға шығады, бір бөлегі бейтарап қалады, ал бір бөлегі Россияны ағылшын-американ капиталына сатып отырған, революцияны шетел найзаларымен тұншықтыруға тырысып отырған монархист-кадеттерге өздері барып қосылады. Меньшевиктік және эсерлік демократияның арасындағы осындай большевизмге дұшпандықтан әуелі бейтараптыққа, содан соң оны қолдауға бетбұрыс жасайтынын есепке ала білу және пайдалана білу — қазіргі кезеңнің көкейтесті міндеттерінің бірі.

Партияның бұқараға тастаған қандай ұранының болсын қатып қалатын, жансызданатын, оны қажет еткен жағдай өзгерген күнде де көптеген адамдар үшін күшін сақтап қалатын қасиеті болады. Бұл болмай қоймайтын бәле, сондықтан мұнымен күресудің, оны жеңудің жолын біліп алмайынша, партияның дұрыс саясатын қамтамасыз етуге болмайды. Біздің пролетарлық революцияның меньшевиктік және эсерлік демократиямен өте шұғыл ажырасқан кезеңі тарихи қажет кезең болды; олар біздің жауларымыздың тобына қарай ауытқып, *буржуазиялық және империалистік* демократиялық республиканы қайта орнатпақшы болған кезде, ондай демократтарға қарсы қатаң күрес жүргізбейінше болмайтын болды. Бұл күрестің ұрандары енді әрдайым қатып, семіп қалып, мұндай демократияның арасында жаңа бетбұрыс, біздің жағымызға қарай бетбұрыс басталған кезде, бетбұрыс болғанда, кездейсоқ бетбұрыс емес, бүкіл халықаралық жағдайдың ең терең жағдайларына негізделген бетбұрыс басталған кезде, жаңа кезеңді дұрыс есепке алып, мақсатқа сай пайдалануға *бөгет* болып отыр.

Бұл бетбұрысты қолдау үшін бізге бет бұрғандарды жылы шыраймен қарсы алу жеткіліксіз. Өзінің міндетін түсіне білетін саясатшы, егер оның мұндай бетбұрыстың елеулі және терең тарихи себептері барына көзі жеткен болса, қалың ұсақ буржуазиялық демократиялық бұқараның жекелеген жіктері мен топтарында осындай бетбұрысты *туғыза* білуге тиіс. Революцияшыл

пролетар кімді басып-жаншу керек екенін, кіммен — қашан және қалай — келісім жасасу керек екенін білуі керек. Россияны шетелдің «одақтасқан» империалистеріне сатып отырған помещиктер мен капиталистер және олардың құйыршықтары жөнінде террор мен басып-жаншудан бас тарту адам күлерлік және сорақы нәрсе болған болар еді. Оларды «сендіруге» және жалпы алғанда оларға «психологиялық ықпал» жасауға тырысу комедия болған болар еді. Дәл сол сияқты, істің барысы ұсақ буржуазиялық демократияны бізге қарай бет бұруға мәжбүр етіп тұрғанда, ол жөнінде тек бір ғана басып-жаншу мен террор тактикасына жармаса беру де,— жаңағыдан артық болмаса, кем түспейтін — сорақылық және адам күлерлік іс болған болар еді.

Ал мұндай демократиямен пролетариат барлық жерде де кездесіп отырады. Деревнядағы біздің міндетіміз — помещикті құрту, қанаушы, жалдап-кулактың қарсылығын тойтару; мұның үшін біз тек жартылай пролетарларға, «кедейлерге» *ғана* берік сүйене аламыз. Алайда орта шаруа бізге жау емес. Ол ауытқыды, ауытқып жүр және ауытқи да береді: ауытқушыларға ықпал жасау міндеті қанаушыны құлату және күшті жауды жеңу міндетімен *бірдей емес*. Кулакқа қарсы күрестен бір минут та бас тартпай отырып және кедейге ғана берік сүйене отырып, орта шаруамен келісімге келе білу — міне қазіргі кезеңнің міндеті осы, өйткені жоғарыда айтылған себептерге байланысты орта шаруалардың біздің жағымызға қарай бет бұруы нақ қазір сөзсіз.

Майдагер жөнінде де, қолөнерші жөнінде де, неғұрлым ұсақ буржуазиялық жағдайға қойылған немесе неғұрлым ұсақ буржуазиялық көзқарастары бар жұмысшы жөнінде де, көптеген қызметшілер жөнінде де, офицерлер жөнінде де, ал — әсіресе — жалпы интеллигенция атаулы жөнінде де — осыны айтуға болады. Күмән жоқ, біздің партиямызда осылардың арасындағы бетбұрысты пайдалана білмеушілік жиі байқалып отырады, ал осы пайдалана білмеушілікті жеңуімізге, сөйтіп оны пайдалана білушілікке айналдыруымызға болады, сөйтуге тистіміз.

Біздің кәсіби-ұйымдасқан пролетарлардың басым көп-

шілігінің арасында қазірдің өзінде-ақ берік тірегіміз бар. Бізге қарай бет бұрып отырған *еңбекшілердің* пролетарлығы неғұрлым кем, ұсақ буржуазияшылдығы неғұрлым жоғары топтарын өзімізге тарта білуіміз, жалпы ұйымға енгізе білуіміз, жалпы пролетарлық тәртіпке бағындыра білуіміз керек. Бұл арада қазіргі кезеңнің ұраны — олармен күресу емес, қайта оларды өзімізге тарту, оларға ықпал жасауды жолға қоя білу, ауытқушыларды сендіру, бейтараптарды пайдалану, артта қалғандарды немесе «құрылтайлық» яки «патриоттық-демократиялық» жалған үміттерден жуықта ғана арыла бастағандарды тәрбиелеу — бұқаралық пролетарлық ықпал жағдайымен тәрбиелеу — болып табылады.

Біздің енді еңбекшілер бұқарасының арасында әбден берік тірегіміз бар. Мұны Советтердің алтыншы съезі ерекше айқын көрсетті. Бізге буржуазиялық интеллигенттер қорқынышты емес, ал олардың арасындағы қаскүнем саботажшылармен және ақ гвардияшылармен біз күресті бір минут та бәсеңдетпейміз. Бірақ қазіргі кезеңнің ұраны — олардың арасындағы біздің жағымызға қарай бет бұрушылықты пайдалана білу. Біздің арамызда буржуазиялық интеллигенцияның Совет өкіметіне «жабысып жүрген» арам өкілдері әлі де болса аз емес: оларды қуып шығу керек, олардың орнына кешегі күні бізге саналы түрде жау болып, ал бүгін бейтарап қана болып отырған интеллигенцияны алу керек; қазіргі кезеңнің ең маңызды міндеттерінің бірі, «интеллигенциямен» істес барлық совет қайраткерлерінің міндеті, барлық үгітшілердің, насихатшылардың және ұйымдастырушылардың міндеті міне осы.

Әлбетте, орта шаруамен, жұмысшылардың ішінен шыққан кешегі меньшевикпен, қызметшілердің немесе интеллигенцияның ішінен шыққан кешегі саботажшымен келісімге келу деген, өте күрделі және қауырт өзгеріп тұратын жағдайдағы саяси істің бәрі сияқты, шеберлікті керек етеді. Істің мәнісі — біздің бұрынғы тәжірибемізден алынған білігімізбен қанағаттанып қалмауда, қайта *сөзсіз алға* баса беруде, *сөзсіз көп нәрсеге* қол жеткізе беруде, неғұрлым оңай міндеттен неғұрлым

қиын міндетке сөзсіз көше беруде. Мұнсыз ешқандай прогрестің болуы жалпы мүмкін емес, социалистік құрылыста да прогрестің болуы мүмкін емес.

Жуырда кредит кооператорларының уәкілдері съезінің өкілдері менде болды. Олар маған өздерінің съезінің[77] кредиттік-кооперативтік банкті республиканың халық банкімен *қосуға қарсы* бағытталған қарарын көрсетті. Мен оларға орта шаруамен келісуді жақтаймын және кооператорлардың большевиктер жөнінде дұшпандықтан бейтараптыққа бет бұра бастауының өзін де барынша бағалаймын, бірақ келісімге келуге олардың ерекше банкті республиканың бірыңғай банкімен толық қосуға ризашылығы ғана негіз бола алады дедім. Съезд өкілдері бұдан соң өздерінің қарарын басқа қарармен өзгертті, съезде басқа қарарды өткізді, ол қарарда қосуға қарсы айтылған сөздердің бәрін сызып тастады, *бірақ... бірақ* іс жүзіне келгенде ерекше банктен ешқандай айырмасы жоқ, кооператорлардың *ерекше* «кредиттік одағы» жоспарын ұсынды! Мұның өзі кісі күлерлік еді. Сөз бояумен, әлбетте, ақымақты ғана тойдыруға немесе алдауға болады ғой. Бірақ мұндай... «әрекеттердің» бірінің «сәтсіздікке ұшырауы» біздің саясатымызды ешқандай да толқытпайды; Совет өкіметінің және советтік социалистік құрылыстың *бағытын* өзгерту әрекеттерінің қандайына болса да соққы бере отырып, біз кооператорлармен, орта шаруалармен келісім саясатын жүзеге асырып келдік және жүзеге асыра береміз.

Ұсақ буржуазиялық демократтардың ауытқуы сөзсіз. Чехословактар болмашы жеңістерге жетіп еді, бұл демократтар үрейлене қойды, үрейленушілік таратты, «жеңушілер» жағына шыға келді, оларды құлдық ұрып қарсы алуға дайын болды. Ендігі жерде де — айталық, ағылшын-американ-красновшыл ақ гвардияшылар ішінара табыстарға жетсе-ақ болғаны, екінші жаққа қарай ауытқу басталa қояды, үрейлену күшейеді, үрейленушілік таратулар, опасыздық жасаулар және империалистер жағына қашушылар, тағысын-тағы, тағы сондайлар көбейеді, міне мұны, әлбетте, бір минут та ұмытуға болмайды.

Мұны біз білеміз. Мұны біз ұмытпаймыз. Жартылай пролетарлар қолдап отырған Совет өкіметінің өзіміз жеңіп алған таза пролетарлық негізі бұлжымай берік болып қала береді. Біздің жасағымыз тапжылмайды, біздің армиямыз толқымайды,— мұны біз тәжірибеден біліп те отырмыз. Бірақ, аса зор бүкіл дүние жүзілік-тарихи өзгерістер партияда жоқ бұқара, меньшевиктік, эсерлік демократия арасынан біздің жағымызға қарай сөзсіз бетбұрыс туғызып отырған кезде, біз бұл бетбұрысты пайдалануды, оны қолдауды, оны тиісті топтар мен жіктер арасынан туғызуды, осы элементтермен келісімге келу ісінде мүмкін болған нәрсенің бәрін жүзеге асыруды, сөйтіп социалистік құрылыс жұмысын жеңілдетуді, социализмнің жеңісін баяулататын азабы көп бүліншіліктің, қараңғылықтың, шорқақтықтың ауыртпалығын бәсеңдетуді үйренуге тиіспіз және біз оны үйренеміз де.

1918 ж. 20 ноябрьде жазылған

1918 ж. 21 ноябрьде «Правда» газетінің 252-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИНГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫСТА 1918 ж. 20 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[78]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Ленип жолдас овацияға айналғанду қол шапалақтаумен қарсы алынды.) Жолдастар, мен «Правданың» бүгінгі номерінде басылған бір хат жөнінде бірнеше сөз айтқым келеді. Бұл хатты Құрылтай жиналысының және оңшыл эсерлер партиясының көрнекті мүшелерінің бірі Питирим Сорокин жазған. Сорокин бұл хатында өзінің сайлаушыларына Құрылтай жиналысының мүшесі деген атағынан безетіні жөнінде және саясатқа қатысудың қандайынан болса да бас тартатыны жөнінде мәлімдеме жасайды. Бұл хат «адамды сипаттайтын» өте-мөте қызық «документ» қана емес, сонымен қатар оның орасан зор саяси маңызы да бар.

Жұртқа мәлім, Питирим Сорокин кадеттермен бірлесіп келген оңшыл эсерлік «Воля Народаның»[79] ең белді жазғышы болды. Газетке басылған хаттағы бұл мойындау Совет өкіметіне осы уақытқа дейін нағыз жау болып келген ортадағы ірі бетбұрысты, өзгерісті көрсетеді. Егер ол кейбір қайраткерлердің саясаты көп жағдайларда қоғамға зиянды болып келеді деп отырса, онда мұның өзі Питирим Сорокиннің, ақырында, оңшыл эсерлердің бүкіл саясатының қоғамға зиянды екенін ашықтан-ашық және адал мойындағанын дәлелдейді.

Соңғы оқиғаларға байланысты, бұл партияның көптеген өкілдері большевиктік позицияның бүкіл дұрыстығы айқын болатын және оның бітіспес жауларының

барлық кемшіліктері мен қателері әшкереленетін мезгілдің жетіп келе жатқанын түсіне бастап отыр.

Сорокиннің хаты бізбен жауласып келе жатқан бірсыпыра топтар біздің қазіргі кезде, ең болмағанда, олар Совет өкіметіне бейтараптық көзқараста болады деп есептеуімізге болатындығын дәлелдейді. Көп адамдарды бізден аулақтатқан масқара ауыр Брест бітімі болды, көпшілігі революцияға сенбеді, көпшілігі одақтастардың ниетінің тазалығына кәміл сенді, ал қазір мұның бәрі әшкереленіп, Германияға Брест бітімінің шарттарынан да гөрі масқара ауыр шарттар қойып отырған атышулы одақтастардың, неміс империалистері сияқты, тонаушылар екенін олардың бәрі көріп отыр.

Жұртқа мәлім, одақтастар Россиядағы монархиялық құрылысты жақтаушылар болып табылады, олар, мысалы, Архангельскіде монархистерді белсене қолдап отыр. Ағылшындар Россияға талқандалған неміс империалистерінің орнын басу үшін келе жатыр. Мұның бәрі революцияның тіпті нағыз қара жүрек, қас дұшпандарының да көзін ашты.

Осы уақытқа дейін көптеген көр соқырлар Құрылтай жиналысына еріп келді, ал біз Құрылтай жиналысы деген помещиктер мен монархистердің, кім қымбат берсе, Россияны соған оңды-солды сатып отырған Милюков бастаған бүкіл орыс буржуазиясының ұраны болып табылатынын әрқашан айтып келдік.

Американ «республикасы» жұмысшы табын тұншықтырып отыр. Демократиялық республика дегеннің не екенін енді жұрттың бәрі білді. Енді не жеңген империализмнің, не Совет өкіметінің өмір сүре алатыны — екінің бірі ғана екені — жұрттың бәріне де айқын болып отыр. (Ленин жолдастың сөзі дүркін-дүркін қызу овациямен қосталып отырды.)

«Правда» № 253 және «Известия ВЦИК» № 255, 22 ноябрь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ҚЫЗЫЛ ОФИЦЕР КҮНІ» 1918 ж. 24 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[80]

(Ду қол шапалақтау, «Интернационал» айтылады.) Сіздерді халық комиссарлары атынан құттықтаймын,— деді Ленин.— Мен біздің армиямыздың және қызыл офицерлеріміздің міндеттері туралы ойлаған кезімде, жуырда Финляндия жолында, вагонда, өзім ішінде болған бір оқиға есіме түседі.

Мен жұрттың бәрі бір кемпірдің сөзін тыңдап, бірдемеге күлісіп отырғанын көрдім де, маған оның сөзін аударып беруді өтіндім. Финн әйел бұрынғы солдаттарды революцияшыл солдаттармен салыстыра келіп, алғашқылар буржуазия мен помещиктердің мүдделерін қорғаған еді, ал екіншілері — кедейлердің мүдделерін қорғайды деді. «Бұрын кедей әрбір сұраусыз алған бір бұрау ағаш үшін қатты таяқ жейтін еді, ал енді, егер орман ішінде, деді кемпір, солдатқа кездессең, ол тіпті отыныңды алып жүруіңе көмектеседі». «Ендігі жерде, деді ол, мылтықты адамнан қорқудың керегі жоқ».

Меніңше,— деді Ленин одан әрі,— Қызыл Армияға бұдан артық мақтау табудың өзі қиын болар.

Бұдан соң Ленин былай деді: бұрынғы командирлер құрамының көпшілігі капиталистердің ерке, азғын балалары еді, олардың қарапайым солдатпен ортақ ештеңесі болмайтын. Сондықтан да енді біз жаңа армияны құра отырып, командирлерді тек халық арасынан ғана алуымыз керек. Тек қызыл офицерлер ғана солдаттардың арасында беделді болып, біздің армиямызда социализмді баянды ете алады. Мұндай армия жеңілмейтін армия болады.

«Известия ВЦИК» № 258, 26 ноябрь, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МОСКВАНЫҢ ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ КООПЕРАТИВІ УӘКІЛДЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА 1918 ж. 26 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[81]

(Ленин жолдастың келуі көпке дейін басылмаған ду қол шапалақтаумен қарсы алынды.) Жолдастар, мен сіздерді жұмысшы кооперациясының өкілдері ретінде құттықтаймын, жұмысшы кооперациясы бүкіл жабдықтау ісін дұрыс жолға қоюда орасан зор роль атқаруға тиіс. Біздің, әсіресе соңғы кезде, кооперацияға және жұмысшы-шаруа өкіметінің оған көзқарасына қатысы бар мәселелерді Халық Комиссарлары Советінде талай рет талқыға салуымызға тура келді.

Осы бағытта бұрып, капиталистер өкіметі тұсында капиталистер табымен экономикалық күрес жүргізу принципі бойынша құрылған кооперацияның ролі қандай маңызды болғанын еске түсіру қажет.

Рас, кооперативтер бөліс жөніндегі практикалық жұмысқа өздерінше қарап, көбінесе сауда пайдасын капиталистермен бөлісуге тыраса отырып, халық мүдделерін жиі-жиі жекелеген топ адамдарының мүдделеріне айналдырып отырды. Таза сауда мүдделерін көздей отырып, кооператорлар өздеріне әзірге тым алыс және қол жеткісіз болып көрінген социалистік құрылыс жайын көбінесе ұмыт қалдыра берді.

Кооперативтер көбінесе ең алдымен ұсақ буржуазиялық элементтерді, орта шаруаларды біріктіріп отырды, бұлар өздерінің кооперативтік қозғалыстағы талпыныстарында өздерінің ұсақ буржуазиялық мүдделерін көксеп отырды. Алайда бұл кооперативтер өз істерімен,

күмән жоқ, бұқараның дербес әрекет ету қабілетін күшейтті, олардың сіңірген зор еңбегі осы болды. Кооперативтер, шынында, бұқараның дербес әрекет етуі негізінде, ірі шаруашылық ұйымдар құрды,— олардың үлкен роль атқарғанын біз бұл жерде де бекер дей алмаймыз.

Бұл шаруашылық ұйымдар кейбір жағдайларда капиталистік аппараттың орнын баса алатын және оларды толықтыра алатын ұйымдарға айналып отырды,— біз мұны да мойындауға тиіспіз, ал оның бер жағында қала пролетариатының капиталистік ірі өнеркәсіп ұйымына көп тартылып келгендігі соншалық,— ол помещиктер мен капиталистер табын құлатып, бүкіл капиталистік аппаратты пайдалана алғандай зор күш болып шықты.

Империалистік соғыстан туған бүліншілік жағдайында жабдықтау аппаратын жолға қоюдың қажеттігін қала пролетариаты әбден жақсы түсінді және осы үшін ол ең алдымен ірі капиталистік аппаратты пайдаланды.

Біз мұны да ұмытпауға тиіспіз. Кооперация — қадір тұтып, пайдалануды керек қылатын өте ірі мәдени мұра.

Сондықтан да, Халық Комиссарлары Советінде кооперацияның ролі туралы мәселені біздің қарауымызға тура келген кезде, бүкіл осы жақсы жолға қойылған шаруашылық аппаратты толық пайдаланудың маңыздылығын өте жақсы түсіне отырып, біз бұл мәселеге өте сақтықпен қарадық.

Сонымен қатар біз кооперативтік құрылыс саласындағы басты қызметкерлер меньшевиктер, оңшыл эсерлер және басқа келісімпаздар мен ұсақ буржуазиялық партиялар болғанын да ұмыта алмадық. Біз мұны осы саяси топтар күресуші екі таптың арасында тұрып алып, кооперативтерді ішінара контрреволюционерлерді бүркеу үшін, тіпті кооперативтердің жинаған қаржыларымен чехословактарды қолдау үшін пайдаланып келгенін де ұмыта алмадық. Иә, бұл туралы бізде мәліметтер болды. Бірақ барлық жерде бірдей бұлай болған жоқ, кооперативтер бізбен бірге жұмыс істескісі келген кезде, біз де оларды жиі-жиі бізбен бірге жұмыс істеуге тартып отырдық.

Соңғы кезде Советтік Россияның халықаралық жағдайы да көптеген ұсақ буржуазиялық топтарға жұмысшы-шаруа өкіметінің қандай маңызы бар екенін айқын көрсеткендей болды.

Советтік Россия Брест бітімі алдында тұрған кезде, біз неміс империалистерімен өте ауыр бітім жасасуға мәжбүр болғап кезде,— меньшевиктер мен оңшыл эсерлер әсіресе бізге қарсы дауыс көтере бастаған еді. Советтік Россия осы бітімді жасасуға мәжбүр болған кезде, меньшевиктер мен эсерлер барлық жерде большевиктер Россияны құртуға айналды деп даурықты.

Бұл өкілдердің біреулері большевиктер дүние жүзілік революция болуы мүмкін деп қиялдайтын утопистер деп есептеді. Енді біреулері большевиктер герман империализмінің агенттері деп есептеді.

Ақырында, олардың көпшілігі сол кезде большевиктер герман империализмінің ырқына көнді деп жорыды, сөйтіп мұның өзі немістің билеп-төстеуші буржуазиясымен келісімге келгендік деп ойлап, бізді табалады.

Бұл топтардың сол кезде Совет өкіметіпе қарсы айтқан сорақылықтарын айтпау үшін мен бұл арада олардың бұдан да гөрі тұрпайы сөздеріп келтіріп жатпаймын.

Алайда соңғы кезде бүкіл дүние жүзінде болып жатқан оқиғалар меньшевиктер мен оңшыл эсерлерді көп нәрсеге үйретті. Меньшевиктердің Орталық Комитетінің барлық еңбекшілерге арналған, жуырда біздің баспасөзімізде жарияланған үндеу хатына[82] қарағанда, олар коммунистермен идеялық жағынап ажырасып отырғанына қарамастап, енді ағылшын-американ капиталистері бастаған дүние жүзілік империализмге қарсы күресуді қажет деп есептейтін көрінеді.

Шынында да, аса зор маңызы бар оқиғалар болды. Румыния мен Австро-Венгрияда жұмысшы депутаттары Советтері құрылды. Ал Германияда Советтер құрылтайға қарсы пікірін білдіріп отыр, мүмкін, енді бірнеше аптадан кейін Гаазе — Шейдеманның үкіметі құлап, Либкнехттің үкіметімен ауыстырылатын болар. Мұнымен қатар ағылшын-француз капитализмі орыс рево-

люциясын жаншып тастауға, сөйтіп дүние жүзілік революцияны тоқтатуға бар күшін салып жатыр. Одақтасқан империализмнің дәмелері герман империализмінің дәмесінен де зор екені: олардың Германияға қойып отырған шарттары Брест бітімінен де ауыр екені, ал оның үстіне олар, жалпы алғанда, революцияны тұншықтырып тастап, дүние жүзілік жандармдар ролін атқарғылары келетіні қазір жұрттың бәріне мәлім болып отыр. Ағылшын желінің қалай қарай соғып тұрғанын түсінгендігін меньшевиктер өздерінің қарары арқылы көрсетті. Ендеше біз оларды әрі итеріп жіберуге тиіс емеспіз, қайта, олардың мұнысын қабыл алып, олардың бізбен бірге жұмыс істеуіне мүмкіндік беруге тиіспіз.

Коммунистер кооператорлармен өздерінің жұмыс істеуден қашпайтынын осы жылдың апрелінде-ақ көрсеткен болатын. Коммунистердің міндеті қала пролетариатына сүйене отырып, жұмысқа тартуға болатындардың бәрін, бұрын социалистік ұрандар көтеріп жүріп, сол ұрандар үшін жеңіске жеткенге дейін немесе жеңілгенше күресуге батылдығы жетпегендердің бәрін пайдалана білуде болып отыр. Маркс пролетариат капиталистерді экспроприациялауға тиіс, ал ұсақ буржуазиялық топтарды пайдалана білуге тиіс деген болатын. Капиталистерден барлығын да тартып алу керек, ал кулактарды тек қыспаққа салып, астық монополиясының бақылауында ұстау керек дегенді біз де айтқан болатынбыз. Біз орта шаруалармен келісімге келуге тиіспіз, іс жүзінде қайткенмен социализмнің мұраттарын жүзеге асыра отырып, оларды өзіміздің бақылауымызға алуға тиіспіз.

Біз турасын айтуымыз керек: жұмысшылар мен ең кедей шаруалар барлық күшін іс жүзінде социализмнің мұраттарын жүзеге асыруға жұмсайды, ал егер кімдекімнің бұл мұраттарға жететін жолы бөлек болатын болса, онда біз оларсыз-ақ бара береміз. Бірақ біз бұл өте қиын күресте өзімізге шын көмектесе алатындардың бәрін пайдалануға тиіспіз.

Сөйтіп, міне Халық Комиссарлары Советі бұл мәселелерді талқылай келіп, апрельдің ішінде-ақ коопера-

торлармен келісімге келді[83]. Бұл — коммунист халық комиссарларынан басқа азаматтық кооперация өкілдері де қатысқан бірден-бір мәжіліс болды.

Біз олармен келістік. Бұл мәжіліс қаулыны коммунистер көпшілігі қабылдамай, кооператорлар азшылығы қабылдаған бірден-бір мәжіліс болды.

Ал Халық Комиссарлары Советі кооператорлардың тәжірибесі мен білімін және олардың аппаратын пайдалануды қажет деп тауып, осыған барды.

Өздеріңіз де білесіздер, осыдан бірнеше күн бұрын жабдықтау ісін ұйымдастыру туралы декрет[84] қабылданды, ол жексенбі күні «Известияда» жарияланды, міне осы декретте де кооперациялар мен кооперативтерге едәуір роль беріледі. Өйткені кооператив ұйымдарының жүйесінсіз социалистік шаруашылықты ұйымдастыру мүмкін емес, ал осы кезге дейін бұл жөнінде көп нәрселер теріс істеліп келді. Жекелеген кооперативтер жабылды және национализацияланды, ал оның бер жағында Советтер бөлісті атқара алмады, совет дүкендерін ұйымдастыруды жүргізе алмады.

Міне енді осы декрет бойынша барлық кооперативтерге олардан алынған нәрселердің бәрі қайтарылып берілуге тиіс.

Кооперативтер национализациялаудан босатылуға тиіс, олар қалпына келтірілуге тиіс.

Рас, декрет контрреволюционерлердің еніп кеткендігінен жабылған кооперативтерге өте сақ қарайды. Кооперативтердің қызметі бұл жөнінен бақылауға алынуға тиіс дегенді біз анық айтқанбыз, алайда біз кооперативтер толық пайдаланылуға тиіс дейміз.

Пролетариаттың негізгі міндеттерінің бірі — жабдықтау және өнімді бөлу ісін дереу дұрыс жолға қою болып табылатыны сіздердің баршаңызға мәлім.

Ал енді біздің осындай тәжірибесі бар аппаратымыз болып отырғандықтан және ол, ең бастысы, бұқараның дербес әрекет етуіне негізделіп отырғандықтан, біз оны осы міндеттерді жүзеге асыруға бағыттауымыз керек. Бұл ұйымдарды құрған бұқараның дербес әрекетін нақ осы жөнінде пайдалану маңызды нәрсе. Жабдықтау жөніндегі жұмысқа нағыз көпшілік қатыстырылуы қа-

жет және де біз осыны кооперацияға, атап айтқанда жұмысшы кооперациясына басты тапсырма етіп қоюға тиіспіз.

Жабдықтау және өнімді бөлу ісі деген әркім-ақ білетін іс. Оны азаптанып кітап оқымаған адам да айыра біледі. Ал Россияда халықтың орасан көп бөлегі әлі де болса қараңғы, надан, өйткені жұмысшылар мен езілген бұқараға білім бермеу үшін керектің бәрі істелген-ді. Бірақ бұқара арасында шамамен айтудан гөрі молырақ дәрежеде зор қабілет корсете алатын көптеген, көптеген нақты күштер бар. Сондықтан да жұмысшы кооперациясының міндеті осы күштерді қатыстыру, оларды тауып алу және оларға жабдықтау жөнінде, өнімді бөлу жөнінде қолма-қол жұмыс беру болмақ. Социалистік қоғам дегеніміз бірыңғай кооператив болып табылады.

Бұқараның жұмысшы кооперациясында дербес әрекет етуі жұмысшы кооперациясының шындығында бірыңғай, Москва қалалық тұтыну коммунасын жасауға мүмкіндік беретініне менің күмәным жоқ.

1918 ж. декабрьде жеке листовка түрінде және «Рабочий Мир» журналының 19-номерінде басылған

Журналдың текстімен салыстырылған листовка тексті бойынша басылып отыр

МОСКВА ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫ

27 НОЯБРЬ, 1918 ж.[85]

1

ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯҒА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар, мен пролетариаттың ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы мәселеге байланысты біздің партиямызға және Совет өкіметіне жүктеліп отырған міндеттер туралы әңгімелескім келген еді. Соңғы кездегі оқиғалар, күмән жоқ, бұл мәселені кезекке қойып отыр, өйткені Брест шартының жойылуы, Германиядағы революция, герман империализмінің күйреуі және ағылшын-американ империализмінің ыдырауы сияқты халықаралық жағдайдағы орасан зор өзгеріс ұсақ буржуазиялық демократияның теориялық негізі болған бірсыпыра буржуазиялық-демократиялық қағидаларды өзгертпей тұра алмады. Россияның соғыс жағдайы, ағылшын-француз және американ империализмінің тегеуріні бұл ұсақ буржуазиялық демократияның бір бөлегін азды-көпті болса да біздің жағымызға қарай итермелемей тұра алмады. Міне біздің тактикамызға енгізілуге тиісті осы өзгерістер туралы, біздің алдымызға қойылып отырған осы жаңа міндеттер туралы менің бүгінгі кеште әңгімелескім келіп еді.

Менің кейбір негізгі теориялық қағидалардан бастауыма рұқсат етіңіздер. Ұсақ буржуазиялық демократияның экономикалық негізін құратын басты әлеуметтік топ Россияда орта шаруалар екеніне күмән жоқ. Социалистік төңкеріс және капитализмнен социализмге өту шаруа халқының саны едәуір көп елде сөзсіз ерекше формалар алуға тиіс екеніне күмән жоқ. Сондықтан мен бәрінен бұрын пролетариаттың орта шаруаларға

көзқарасы туралы марксизмнің негізгі қағидаларының қалай қалыптасқанын сіздердің естеріңізге салғым келеді. Мұны сіздердің естеріңізге салу үшін мен Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген мақаласында айтқан бірнеше пікірлерін оқып берейін. Бұл мақала 1895 немесе 1894 жылы, неміс социал-демократиясының программасын осы партияның[86] Бреславльде болған съезінде талқылауға байланысты социалистік партияның шаруаларға көзқарас жөніндегі аграрлық программасы туралы мәселе іс жүзінде күн тәртібіне қойылып отырған кезде жазылып, жеке кітапша болып шыққан еді. Пролетариаттың көзқарасы туралы Энгельс сол кезде былай деген еді: «Біздің ұсақ шаруаларға көзқарасымыз қандай?.. Біріншіден, француз программасының: біз ұсақ шаруаның сөзсіз құритынын болжап отырмыз, бірақ ешбір жағдайда оны өзіміздің араласуымызбен тездетпек емеспіз деген қағидасы сөзсіз дұрыс. Ал екіншіден, мемлекеттік өкіметке ие бола отырып, ірі жер иелерін күшпен экспроприациялауға мәжбүр болатынымыздай, біздің ұсақ шаруаларды (төлемін өтеп болсын немесе өтемей болсын, оның бәрі бір) күшпен экспроприациялауды ойламайтынымыз дәл сондай айқын. Ұсақ шаруалар жөніндегі біздің міндетіміз ең алдымен олардың жеке өндірісін, олардың меншігін серіктікке көшіру болып табылады, бірақ күшпен емес, бұл мақсат үшін қоғамдық жәрдем ұсына отырып, үлгі көрсету арқылы көшіру болып табылады».

Бұл мәселе жөнінде Энгельс одан әрі былай деді: «Біз ұсақ шаруаға оның жеке шаруашылығы мен жеке меншігін капиталистік өндірістің басым күштеріне қарсы қолдаймыз деп еш уақытта уәде бере алмаймыз. Біз тек олардың еріктеріне қарсы болмаймыз, олардың мүлік жөніндегі қатынастарына күшпен араласпаймыз деп қана уәде бере аламыз»[87].

Ақырында, менің сіздердің естеріңізге салғым келген соңғы нақыл сөз,— бай шаруалар туралы, ірі шаруалар туралы (орысша айтқанда «кулактар» туралы), демек, жалдама жұмыс күшін пайдаланбай отыра алмайтын шаруалар туралы пайымдау еді. Егер бұл шаруалар

өздерінің қазіргі өндіріс әдісінің жойылатыны сөзсіз екендігін түсінбесе және өздері үшін қажетті қорытындылар жасай білмесе, онда марксистер олар үшін ештеңе істей алмайды. Біздің міндет олардың да жаңа өндіріс әдісіне[88] өтуін жеңілдету ғана болып табылады.

Менің сіздердің естеріңізге салайын деген қағидалар және, күмән жоқ, әрбір коммунистке белгілі қағидалар міне осылар. Біз бұл қағидадан мынаны көреміз: мемлекеттік өкіметке ие болған пролетариаттың міндеті ірі капиталистік құрылыс басым болып отырған елдер мен артта қалған, ұсақ, орта және ірі шаруалар басым болып отырған елдерде бірдей болуы ешбір мүмкін емес. Қанаушы-помещик жөнінде соғыс жүргізу біздің міндетіміз болған еді дегенде, біз марксизмнің міндеттерін өзіміздің әбден дәл баяндағанымызды көріп отырмыз.

Орта шаруа жөнінде біз: ешбір жағдайда ешқандай зорлық болмасын дейміз. Ірі шаруа жөнінде: біздің ұранымыз — оларды астық монополиясына бағындыру; астық монополиясы бұзылса, олар астықты жасыратын болса, оларға қарсы күрес жүргізу дейміз. Менің жуырда VI съезбен бір мезгілде Москваға жиналған бірнеше жүз адамның — деревня кедейлері комитеттерінің өкілдері жиналысында осы қағидаларды қайталап айтуыма тура келді*. Біздің ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияға деген өз көзқарастарымыздың осы айырмашылығын біз партиялық әдебиетімізде, насихатымыз бен үгітімізде әрдайым баса көрсетіп отырдық. Теориялық тұрғыдан мұнымен бәрі де келіскенмен, тиісті саяси қорытындыларды жұрттың бәрі бірдей және жеткілікті түрде тез жасаған жоқ. Ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарас жөніндегі біздің саясатымыз туралы мәселені талассыз негіздерге қою үшін таптардың өзара қатынастары жайында біз қандай экономикалық ұғымдарды басшылыққа алуға тиіс екенімізді сіздерге көрсетейін деп мен әдейі, былайша айтқанда, алыстан бастадым. Бұл ұсақ шаруа табы (біз орташа деп өзінің жұмыс күшін сатпайтын шаруаны айтамыз), Россия-

---

* Қараңыз: осы том, 187—195-беттер. *Ред.*

дағы бұл шаруа — қалай болғанда да ұсақ буржуазиялық демократиядағы алуан түрлі саяси ағымдардың негізі болып табылатын басты экономикалық тап. Біздің Россияда бұл ағымдар бәрінен бұрын меньшевиктер мен эсерлердің партияларымен байланысты. Россиядағы социализмнің тарихы большевиктердің бұл партиялармен ұзақ күрес жүргізгенін біледі, оның бер жағында батыс европалық социалистер үнемі бұл күресті социализмнің *ішіндегі* күрес ретінде, яғни Россиядағы социализмнің жікке бөлінуі ретінде қарап келді. Жақшаның ішінде айтқанда, бұл көзқарас әрдайым тіпті тәуір социал-демократтардың сөйлеген сөздерінде де көп айтылады.

Дәл бүгін маған Фридрих Адлердің — өзінің Австриядағы революциялық іс-әрекетімен белгілі болған адамның — хатын әкеліп берді. Октябрьдің аяғында жазылып, бүгін алынған оның хатында: меньшевиктерді түрмеден босатуға болмас па екен?— деген тілек қана бар екен. Ол осындай кезеңде бұл тілектен басқа маңыздылау еш нәрсе тауып жаза алмапты. Рас, ол біздегі қозғалыс және басқалар жайында бейхабар екенін ескерткен, бірақ дегенмен де бұл назар аударарлық нәрсе. Батыс европалық социалистердің кісі күлерліктей бұл қатесі олардың алға қарамай, кейін қарайтындықтарынан, меньшевиктерді де, эсерлерді де (бұлар социализмді уағыздайтындар) социалистер қатарына жатқызуға болмайтынын түсінбейтіндіктерінен болып отыр. Меньшевиктер мен эсерлер 1917 жылғы революцияның өн бойында тек буржуазия мен пролетариаттың арасында ауытқумен ғана болды, еш уақытта дұрыс позиция ұстай алмады, сөйтіп Маркстің ұсақ буржуазия түбегейлі шайқастарда ешқандай дербес позиция ұстай алмайды деген қағидасын арнайы дегендей дәлелдеп берді.

Пролетариат өзінің Советтерді құрған әуелгі кезінен бастап, Советтерді құрудың өзімен-ақ инстинкті түрде белгілі бір таптық позиция ұстады. Меньшевиктер мен эсерлер үнемі ауытқумен болды. Ал егер 1917 жылдың көктемі мен жазында оларды өз достары-ақ «жартылай большевиктер» деп атаған болса, онда бұл тек өткір

сөз ғана емес, сонымен қатар дұрыс мінездеме де еді. Ешбір мәселе жөнінде (Советтер туралы, деревнялардағы революциялық қозғалыс туралы, жерді тікелей басып алу туралы, майдандағы бауырласу туралы, империализмді қолдау немесе қолдамау туралы мәселені алыңыз), осы түбегейлі мәселелердің бәрінде де меньшевиктер мен эсерлер бүгін — «иә, жарайды» десе, ертеңіне — «жоқ, жарамайды» деп отырды. Бір жағынан, көмектесті, ал екінші жағынан, көмектескен жоқ, сөйтіп тұрлаусыздықтың және дәрменсіздіктің үлгісін көрсетті. Ал екінші жағынан, олар халыққа «Советтер үшін» (олар барлық уақытта да Советтерді «революциялық демократия» деп атап, оған цензді элемент деп аталатынды қарсы қойып келді ғой) деп сөз тастағанда, бұл олардың тек саяси айла-шарғысы ғана болды, ал мұны есіткен қалың бұқара: «мынау Советті жақтайды!» екен деп елікті. Меньшевиктердің уағызы ішінара бізге де қызмет етіп отырды.

Бұл өте бай тарихы бар, өте күрделі мәселе, сондықтан менің оған қысқаша тоқталғаным жеткілікті болады. Меньшевиктер мен эсерлердің міне осы саясаты оларды социалистер деп санау қате болады деген қағидамызды біздің көз алдымызда біржола дәлелдеп отыр. Олар, сірә, сөзуарлық пен өткенді еске түсіру жағынан ғана социалистер болса керек. Іс жүзінде бұл — орыстың ұсақ буржуазиясы.

Мен марксистер орта шаруаға, басқаша айтқанда, ұсақ буржуазиялық партияларға қалай қарауға тиіс дегеннен бастадым. Біз енді осы бетбұрысты дұрыс ескеру үшін революцияның алдыңғы кезеңіндегі бұрынғы ұрандарымыз өзгеруге тиісті болатын дәуірге таяп келдік. Октябрь — ноябрьде бұл элементтердің ауытқығанын өздеріңіз білесіздер.

Большевиктер партиясы онда ымыраға әсте бармады және дұрыс та істеді; біз өзімізге біздің алдымызда пролетариаттың жауларын жою ісі тұр, біздің алдымызда соғыс пен бітім туралы, буржуазиялық өкілдік туралы, Совет өкіметі туралы негізгі мәселелер жөнінде шайқастар жүргізу ісі тұр дедік. Осы мәселелердің бәрінде біз тек өз күшімізге ғана сүйене алдық, сөйтіп ұсақ бур-

жуазиялық демократиямен компромиске келмегенде біз әбден дұрыс істедік.

Оқиғалардың одан арғы барысы біздің алдымызға бейбітшілік және Брест бітімін жасасу туралы мәселені қойды. Брест бітімі ұсақ буржуазиялық элементтерді бізден аулақтатқанын өздеріңіз білесіздер.

Осы екі жағдайдан, Брест бітімін жасасуға алып келген біздің сыртқы саясатымыздан және ұсақ буржуазиялық демократияның бір бөлегінің демократиялық жалған үміттеріне қарсы біздің аяусыз күрескенімізден, біздің Совет өкіметі үшін жан аямай күрескенімізден,— осы екі жағдайдан барып ұсақ буржуазиялық демократия бізден жалт бұрылды. Брест бітімінен кейін солшыл эсерлердің арасында ауытқулар басталғанын өздеріңіз білесіздер. Олардың бір бөлегі авантюраға бой ұрды, екінші бөлегі өзара қырқысты, қазір де қырқысып жатыр. Бірақ факт факт күйінде қалады. Біздің саясатымыздың ол кезде әбден дұрыс болғанына біз, әрине, бір минут та, бір түйір де күмәндана алмаймыз. Енді келіп мұны дәлелдеу — өткенді қайталау болады, өйткені неміс революциясы бәрінен бұрын біздің көзқарасымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

Брест бітімінен кейін бізге бәрінен де көбірек тағылған кінә және санасы төмен жұмысшы бұқарасынан көбірек естуімізге тура келген нәрсе: сіздер неміс революциясына босқа үміт артасыздар, ол әлі көрінетін емес деген сөздер еді. Неміс революциясы бұл жазғырудың бәрін теріске шығарып, революция болуға тиіс, біз неміс империализміне қарсы тек ұлттық соғыс жолымен ғана емес, сонымен қатар насихаттау және оны іштен іріту жолымен де күресуге тиіспіз деген біздің көзқарастарымыздың дұрыстығын дәлелдеді. Оқиғалардың бізді растағаны сонша — енді дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Құрылтай жиналысы жөнінде де дәл солай, ауытқулардың болуы бұл жерде сөзсіз еді, ал оқиғалардың барысы біздің көзқарасымыздың дұрыстығын растағаны сонша — енді Батыста басталған революциялардың бәрі Совет өкіметінің ұранымен жүріп жатыр және осы Совет өкіметін құрып жатыр. Советтер — міне барлық жерде революцияны сипаттап отырған

нәрсе осы. Революциялар Австрия мен Германиядан Голландия мен Швейцарияға (өздерін тіпті Германиямен салыстырғанда да Батыс Европамыз деп атайтын, ең ескі демократиялық мәдениеті бар елдерге) жайылып отыр. Оларда Совет өкіметінің ұрандары ұсынылып отыр. Демек, буржуазиялық демократияның тарихи күйреуі большевиктердің ойдан шығарған нәрсесі болған жоқ, қайта абсолюттік тарихи қажеттілік болды. Швейцария мен Голландияда саяси күрес бұдан жүздеген жылдар бұрын-ақ орын алған, қазір де онда Совет өкіметінің ұраны большевиктердің ажарына қарап ұсынылып отырған жоқ. Демек, біз қазіргі жағдайды дұрыс ескердік. Оқиғалардың барысы біздің тактикамыздың дұрыстығын растағаны сонша — бұл мәселеге осыдан артық тоқталудың керегі бола қоймас. Тек бұл келелі мәселе екенін, ұсақ буржуазиялық демократияның ең терең жатқан соқыр сенімінің мәселесі екенін түсіну керек. Батыс европалық елдердің бәріндегі буржуазиялық революция мен парламентаризм дамуының жалпы тарихын еске түсіріп көріңіздерші, сонда сіздер осы сияқты соқыр сенімдердің барлық елдерде де 40-жылдардағы ескі социал-демократтардың арасында күшті болғанын байқайсыздар. Францияда бұл көзқарастар бәрінен де ұзағырақ сақталды. Басқаша болуы мүмкін емес. Ұсақ буржуазия парламентаризм туралы мәселелерге келгенде бәрінен де патриотшыл келеді, егер оны пролетариатпен және ірі буржуазиямен салыстыратын болсақ, ол бәрінен де патриот. Ірі буржуазия неғұрлым интернационалшыл, себебі: ұсақ буржуазияның жүріс-тұрысы кем, басқа халықтармен онша байланысы жоқ және дүние жүзілік сауда айналымына тартылмаған. Сондықтан нақ парламентаризм туралы мәселеде бәрінен бұрын ұсақ буржуазия көрініп қалуға тиіс деп күту керек еді. Россияда да осылай болды. Біздің революциямыздың патриотизмге қарсы күресуі бұл жөнінде үлкен роль атқарды. Брест бітімі заманында біздің патриотизмге қарсы шығуымызға тура келді. Біз: егер сен социалист болсаң, онда сен өзіңнің барлық патриоттық сезімдеріңді халықаралық революция мүдделеріне құрбан етуге тиіссің, революция болады, ол әлі болған жоқ,

бірақ, егер сен интернационалист екенсің, оның болатынына сенуге тиіссің дедік.

Ал біз осылай деу арқылы өз жағымызға жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отрядтарын ғана тарта алғанымыз түсінікті. Ұсақ буржуазия көпшілігінің біздің көзқарастарымызда болмағаны түсінікті. Мұны біз күте де алмадық. Ұсақ буржуазия біздің көзқарасымызға қайдан көше алсын? Біздің пролетариат диктатурасын ең қатаң формада жүзеге асыруымызға тура келді. Біз жалған үміттермен әуестену заманын бірнеше айда бастан өткіздік. Ал егер сіз Батыс европалық елдердің тарихын алып қарасаңыз, онда бұл жалған үміттен ондаған жылдар ішінде де арыла алмағанын көресіз. Голландияның, Францияның, Англияның, тағысын-тағылардың тарихын алып қараңыз. Бізге халық дегеніміз тұтас бір нәрсе, халық еркінің тап күресінен тысқары бір нәрсемен бейнеленуі мүмкін деген ұсақ буржуазиялық жалған үмітті күл-талқан етуге тура келді. Біз бұл мәселеде ешқандай компромиске бармай, әбден дұрыс істедік. Егер біз ұсақ буржуазиялық жалған үміттерге, Құрылтай жиналысының жалған үмітіне жол берген болсақ, онда біз Россиядағы пролетарлық революцияның бүкіл ісін бүлдірген болар едік. Біз тар өрісті ұлттық мүдделерге бола большевиктік жолмен келе жатқан халықаралық революцияның мүдделерін құрбан еткен болар едік, өйткені ол ұлттық емес, таза пролетарлық революция еді. Меньшевиктік те, эсерлік те ұсақ буржуазиялық бұқараның бізден жалт беруі міне осы жағдайда болды. Олар баррикаданың арғы жағына шықты, олар біздің жауларымыздың жағында болып шықты. Дутовшылдардың көтерілісі басталған кезде, дутовшылдардың, красновшылдардың және скоропадскийшілдердің құрамында бізге қарсы күресіп келген саяси күштердің болғандығына біздің айқын көзіміз жетті. Пролетариат пен ең кедей шаруалар біздің жағымызда болып шықты.

Бүкіл Россияда чехословактардың көтерілісі болған кезде, бұл көтеріліс ең табысқа жеткен кезде, міне осы кезде бүкіл Россияда кулактардың көтерілістері болып өткенін өздеріңіз білесіздер. Тек қала пролетариатының

деревнямен жақындасуы ғана біздің өкіметті нығайтты. Деревня кедейлерінің жәрдеміне сүйенген пролетариат барлық жауларға қарсы күресте бір өзі төтеп беріп отырды. Меньшевиктердің де, эсерлердің де орасан көпшілігі чехословактардың, дутовшылдардың және красновшылдардың жағында болды. Осы жағдай бізден мейлінше кескілескен күресті және бұл соғыстың террорлық әдістерін талап етті. Жұрт бұл терроризмді түрліше тұрғыдан қарап қалай жазғырса да (ал бұл жазғырушылықты біз ауытқушы социал-демократтардың бәрінен естіпкенбіз), террордың шиеленіскен азамат соғысынан туғаны біз үшін анық. Террордың туған себебі, бүкіл ұсақ буржуазиялық демократия бізге қарсы шықты. Олар бізге қарсы әр түрлі тәсілдермен — азамат соғысы жолымен, параға сатып алумен, саботаж жасаумен соғыс жүргізді. Міне осындай жағдайлар террордың қажеттілігін туғызды. Сондықтан біз оған өкінуге, одан безуге тиіс емеспіз. Біз тек күрестің шиеленісуін пролетарлық революциямыздың қандай жағдайлары туғызғанын анық түсінуге тиіспіз. Бұл ерекше жағдайлар мынау еді: бізге патриотизмге қарсы әрекет істеуге тура келді, бізге Құрылтай жиналысын «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранмен ауыстыруға тура келді.

Ал халықаралық саясатта бетбұрыс туғап кезде, ұсақ буржуазиялық демократия жағдайында сөзсіз бетбұрыс туды. Біз оның лагеріндегі пиғылдың өзгергенін көріп отырмыз. Меньшевиктердің үндеу хатынан дәулетті таптармен одақ жасасудан бас тартуға шақыруды, меньшевиктердің өз достарына — дутовшылдармен, чехословактармен, ағылшындармен одақ жасасқан ұсақ буржуазиялық демократия адамдарына арнаған шақыруын көріп отырмыз. Меньшевиктер оларға үндеу хат жазып, оларды ағылшын-американ империализміне қарсы күресуге шақырды. Ағылшын-американ империализмінен басқа, большевиктік өкіметке бірдемені қарсы қоя алатын күштің жоқ екені қазір әркімге аян. Әлгі сияқты ауытқулар эсерлердің арасында және ұсақ буржуазиялық демократияның соқыр сенімдеріне бәрінен гөрі көбірек қосылатын, патриоттық жалған сенімділік бәрінен гөрі көбірек билеп алған интеллигенцияның ара-

сында болып жатыр. Оның арасында дәл сол процесс өтіп жатыр.

Қазір біздің партиямыздың міндеті мынада болып отыр: өз тактикасын белгілегенде таптық қатынастарды басшылыққа алу керек, бұл мәселеде оның не екенін — мұның ешбір негізі жоқ кездейсоқтық па, тұрлаусыздықтың көрінісі ме, ауытқушылық па немесе, керісінше, мұның әлеуметтік терең тамырлары бар процесс пе — осыларды біздің дәл ажырата білуіміз керек. Егер біз бұл мәселеге тұтас алғанда пролетариаттың орта шаруаларға теориялық жағынан белгіленген көзқарастары тұрғысынан, біздің революциямыздың тарихы тұрғысынан қарайтын болсақ, бұған күмәнсыз жауап беруге болады. *Бұл кездейсоқ, жеке бастың* бетбұрысы емес. Мұның Россияда орта шаруалардың жағдайына қойылған немесе орта шаруаларға сәйкес келетін миллион-миллион адамдарға қатысы бар. Бетбұрыстың бүкіл ұсақ буржуазиялық демократияға қатысы бар. Ол бізге құтырынуға дейін жеткен ашу-ызамен қарсы шықты, өйткені біз оның патриоттық сезімдерінің бәрін күйретуге тиіс болдық. Ал тарих патриотизмді енді біздің жағымызға қарай бұрып отыр. Большевиктерді шетел найзаларынсыз құлатуға болмайтыны анық қой. Егер осы кезге дейін ағылшындарды, французтарды және американдарды — оларды нағыз демократия деп сенген болса, егер осы кезге дейін бұл жалған үміт сақталып келген болса, онда олардың Австрия мен Германияға ұсынып отырған қазіргі бітімі бұл жалған үмітті әбден әшкерелеп отыр. Ағылшындар халықаралық империализмге деген большевиктік көзқарастардың дұрыс екендігін дәлелдеуді өздеріне әдейі мақсат етіп қойған сияқты сынай көрсетіп отыр.

Сондықтан бізбен күрескен партиялардың арасынан, мысалы, Плеханов лагерінен былай деген дауыстар шығады: герман империализмі — біздің басты жауымыз, ал батыс елдері — Франция, Англия, Америка — бізге демократиялық құрылыс әкеледі деп ойлаған едік, біз қателесіппіз. Бұл батыс елдері ұсынып отырған бітім біздің Брест бітімімізге қарағанда 100 есе көп қорлайтын, тонаушылық, жыртқыштық бітім болып шықты.

Ағылшындар мен американдар орыс бостандығының жендеттері және жандармдары болып шығып отыр, олар Россия жендеті I Николай тұсында атқарылған рольді атқарып, венгр революциясын тұншықтырғанда жендеттер ролін атқарған корольдерден кем түспей отыр. Енді бұл рольді Вильсон агенттері алып отыр. Олар Австриядағы революцияны тұншықтыруда, олар жандармдар ролін атқаруда, олар Швейцарияға: егер сендер большевиктік үкіметке қарсы күреске шықпасаңдар, астық бермейміз деп ультиматум қойып отыр[89]. Олар Голландияға: елдеріңе совет елшілерін жіберуші болмаңдар, әйтпесе блокада жасаймыз деп отыр. Олардың құралы қарапайым — аштық тұзағы. Міне олар халықты осымен тұншықтырады.

Соңғы кездегі, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі замандағы, тарих адам айтқысыз жылдам дамумен ерекше болып отыр және ағылшын-француз империализмі нақ неміс империализмі сияқты жексұрын империализм деген қағиданы дәлелдеп отыр. Естеріңізде болсын, Америкада ең еркін, ең демократиялық республика бар, бірақ мұның өзі онда да империализмнің айуандық әрекет істеуіне, онда интернационалистерді беталды қыру былай тұрсын, оның үстіне тобырдың оларды көшеге сүйреп шығарып, тыр жалаңаш шешіндіріп, үстеріне қара май құйып өртеуіне ешбір бөгет жасамайды.

Оқиғалар империализмді керемет күшпен әшкерелеп, мәселені былайша қойып отыр: не Совет өкіметі жеңеді, не ағылшын-француз найзаларымен революция толық тұншықтырылады. Бұл арада Керенскиймен келісім жасасу туралы айтылып та отырған жоқ. Олардың Керенскийді сөлін сығып алған лимон сияқты лақтырып тастағанын өздеріңіз білесіздер. Олар Дутовтар мен Красновтар жағында болды. Енді ұсақ буржуазия бұл кезеңнен өтті. Оны патриотизм енді бізге қарай итермелеп отыр,— осылай болып шықты, тарих оны осылай істеуге мәжбүр етті. Бүкіл дүние жүзілік тарихтың осы бұқаралық тәжірибесін біздің бәріміз де ескеруіміз керек. Буржуазияны қорғауға болмайды, Құрылтай жиналысын қорғауға болмайды, өйткені ол іс жүзінде Дутовтар мен Красновтарға пайдалы болып шықты. Құ-

рылтай жиналысының қалайша олардың ұраны бола қалғаны адам күлерлік нәрсе тәрізді. Бірақ солай болып шықты, себебі: Құрылтай жиналысы буржуазияның үстем болып тұрған кезінде шақырылған болатын. Құрылтай жиналысы буржуазияның органы болып шықты, ал буржуазия большевиктерге қарсы саясат жүргізуші империалистер жағында болып шықты. Буржуазия неге болса да: Совет өкіметін нағыз пасық әдістермен тұншықтыруға — Совет өкіметін құрту үшін Россияны кімге болса да сатып жіберуге әзір еді.

Азамат соғысына әкеп соқтырған, ұсақ буржуазиялық демократияны бұрылуға мәжбүр еткен саясат, міне, осы. Әрине, бұл ортада ауытқулар әрқашан да болмай отырмайды. Чехословактар алғашқы жеңістеріне жете бастаған кезде, осы ұсақ буржуазиялық интеллигенция чехословактардың жеңетіндігі сөзсіз деген лақап таратуға әрекеттенді. Москва құлауға жақын, ол қоршауда тұр деп Москвадан телеграммалар басып шығарды. Сондықтан ағылшын-француздар тіпті ең болмашы жеңіске жете қалған жағдайда да ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның ең алдымен есінен жаңылып, үрейге берілетінін, біздің қарсыластарымыздың табыстары туралы әр түрлі лақаптар тарата бастайтынын біз өте жақсы білеміз. Бірақ революция империализмге қарсы көтерілістің сөзсіз болатынын көрсетті. Ал енді біздің «одақтастар» орыс бостандығы мен орыс дербестігінің басты жаулары болып шықты. Егер Совет өкіметі нығайтылмаса, Россия тәуелсіз бола алмайды және болмайды да. Мұндай төңкерістің болу себебі міне осыдан. Осыған байланысты енді бізге өзіміздің тактикамызды белгілеп алу міндеті жүктеліп отыр. Олармен біздің арамызда ешқандай татулық бола алмайтын кезеңдегі, ұсақ буржуазия бізге қарсы болған кезеңдегі, біздің табандылығымыз бізден террор қолдануды талап еткен кезеңдегі біздің революциялық күресіміздің ұрандарын қазір кімде-кім беталды қолданбақшы болса, ол адам мейлінше қателескен болар еді. Енді бұл табандылық емес, әншейін зердесіздік, марксизмнің тактикасын жете түсінбегендік болар еді. Біз Брест бітімін жасасуға тиіс болған кезімізде, бұл қадам өрісі тар патриоттық тұр-

ғыдан Россияға опасыздық жасау сияқты көрінді; дүние жүзілік революция тұрғысынан бұл дүние жүзілік революцияға бәрінен де көбірек көмек көрсеткен дұрыс стратегиялық қадам болды. Дүние жүзілік революция нақ қазір, Совет өкіметі бүкіл халықтық мекемеге айналған кезде өрістеп отыр.

Ал қазір, ұсақ буржуазиялық демократия әлі де болса ауытқып отырғанымен, оның жалған үміттері үзілді. Ал біз, әрине, барлық басқа жағдайлар сияқты, бұл жағдайды да ескеруге тиіспіз. Егер бұрын бізде басқаша көзқарас болған болса, онда ұсақ буржуазия чехословактардың жағында еді, сондықтан күш қолданбайынша болмады, өйткені соғыстың аты соғыс, онда соғыстағыдай қимыл жасау керек. Ал енді, бұл адамдар бізге қарай бет бұра бастаған кезде, біздің листовкалар мен газеттердегі ұранымыз бұрын басқаша болған екен деп қана біз олардан теріс айналуға тиіс емеспіз. Біз олардың өзімізге қарай жартылай бет бұрғанын көрген кезде-ақ өзіміздің листовкаларымызды қайтадан жазуға тиіспіз, себебі бұл ұсақ буржуазиялық демократияның бізге деген көзқарастары өзгерді. Біз былай деуге тиіспіз: келе беріңіздер, біз сіздерден қорықпаймыз. Егер сіздер бізді тек күшпен ғана әрекет ете біледі деп ойлайтын болсаңыздар, онда сіздер қателесесіздер. Біз келісімге келе алған болар едік. Әр түрлі дәстүрлерге, буржуазиялық соқыр сенімдерге белшесінен батқан элементтер, буржуазиямен бәрінен де көбірек байланысты болған барлық кооператорлар, еңбекшілердің барлық бөлектері де бізге келе алады.

Бүкіл интеллигенцияны алып қараңыздар. Ол буржуазияша өмір сүріп, белгілі бір қолайлы жағдайларға дағдыланған. Ол чехословактар жағына қарай ауытқығандықтан, біздің ұранымыз *аяусыз күрес — террор* болды. Қазір ұсақ буржуазиялық бұқараның пиғылында осы бетбұрыс туып отырғандықтан, біздің ұранымыз *келісімге келу,* татулық қарым-қатынастар орнату болуға тиіс. Біз ұсақ буржуазиялық демократияның бір тобының Совет өкіметі жөнінде бейтарап болғымыз келеді деген мәлімдемесіне кездескен кезімізде,— біз былай деуге тиіспіз: «бейтараптық» пен татулық қарым-

қатынастар деген ескі қоқыс, ол коммунизм тұрғысынан қарағанда түкке тұрғысыз нәрсе. Бұл ескі қоқыс, одан басқа түк те емес, бірақ бұл қоқысты біз іс тұрғысынан талқылауға тиіспіз. Біз бұл ұсақ буржуазиялық элементтер коммунист болады деп ешқашан үміттенген емеспіз және бұған әрқашан да осылай қарап келген болатынбыз. Бірақ біз іскерлік ұсыныстарды талқылауға тиіспіз.

Біз пролетариат диктатурасы туралы айтқанда, пролетариат басқа таптардың бәріне үстемдік етуге тиіс дедік. Коммунизм толық орнатылып болғанша біз таптар арасындағы айырмашылықты жоя алмаймыз. Өзіміз аяусыз экспроприациялап жатқан қанаушыларды — ірі буржуазия мен помещиктерді жойып болғанымызша, таптар қала береді. Бірақ орта және ұсақ шаруалар жөнінде басқаша айтуға тура келеді. Буржуазия мен помещиктерді аяусыз басып-жаныша отырып, біз ұсақ буржуазиялық демократияны өзімізге тартуға тиіспіз. Олар бейтарап болғымыз келеді және бізбен татулық қарым-қатынаста болғымыз келеді деген кезде, біз былай жауап береміз: бізге керегі де осы ғана. Біз сіздерді коммунист болады деп еш уақытта күткеніміз жоқ.

Біз помещиктер мен капиталистерді аяусыз экспроприациялаудан табан аудармай тұра береміз. Бұл жөнінен біз мейірімсізбіз және бұл арада ешқандай бітісу немесе келісу жолына түсе алмаймыз. Бірақ біз ұсақ өндірісті ешқандай декреттер арқылы ірі өндіріске айналдыруға болмайтынын, социализмнің сөзсіз орнайтынына бұл арада бірте-бірте, оқиғалардың барысы арқылы көз жеткізу керек екенін білеміз. Бұл элементтер өздерінің сенімдері жағынан еш уақытта социалистер, тура, нағыз социалистер болмайды. Олар лажы жоқтығын аңғарғанда социалистер болады. Енді олар Европаның соншалықты қаусағанын, империализмнің сондайлық халге жеткенін, ешқандай буржуазиялық демократияның құтқара алмайтынын, тек Совет өкіметі ғана құтқара алатынын көріп отыр. Сондықтан да қазір бізге ұсақ буржуазиялық демократияның бұл бейтараптығы, бұл татулық қарым-қатынастары қорқыныпсыз ғана емес, қайта қажет болып отыр. Сондықтан да, егер

біз іске диктатураны жүзеге асырып жатқан тап өкілдерінің көзқарасы тұрғысынан қарайтын болсақ, біз былай дейміз: ұсақ буржуазиялық демократия тарапынан біз бұдан артықты еш уақытта күтпейміз. Бізге осы да жеткілікті. Сіздер бізбен татулық қарым-қатынастарда боласыздар, ал біздің қолымызда мемлекеттік өкімет болады. Біз сіздерді, меньшевик мырзалар, өздеріңіздің «одақтастар» туралы сөйлеген сөздеріңізден кейін ықыласпен жария жағдайға көшіреміз. Мұны біздің партиямыздың Орталық Комитеті істейді. Бірақ біз сіздердің партияңызда «белсенді»-меньшевиктердің қалып отырғанын ұмытпаймыз, ал олар жөнінде біздің күрес әдісіміз бұрынғы күйінде қала береді, өйткені «белсенділер» — чехословактардың достары, ал чехословактар Россиядан қуылмай тұрғанда, сіздер де солардай жау болып қала бересіздер. Біз мемлекеттік өкіметті өз қолымызда, *тек өз қолымызда ғана* ұстаймыз. Кімде-кім бізбен бейтараптық қарым-қатынас жасайтын болса, біз олармен саяси өкіметті өз қолында ұстап отырған, өз қаруының барлық күшін помещиктер мен капиталистерге жұмсап отырған тап ретінде, ал ұсақ буржуазиялық демократияға: егер чехословактар мен красновшылдар жағына шығуды қаласаңыздар,— біз өзіміздің қалай күрескенімізді көрсеткенбіз, бұдан былай да солай күресе береміз деп отырған тап ретінде сөйлесеміз. Егер сіздер большевиктерден үлгі алғыларыңыз келсе,— біз сіздермен келісу жолына түсеміз, әйтпесе, өзіміз сынап, тексеріп, салыстырып көретін бірсыпыра келісімдерге келмейінше, еліміздің социализмге көше алмайтынын біз білеміз.

Біз бұл жолға әуелден-ақ түскенбіз, мысалы, жерді социализациялау туралы заңды жақтап дауыс бергенбіз және оны деревня кедейлерін өз төңірегімізге біріктіріп, кулактарға қарсы қоюға себепші болған шараға біртебірте айналдырғанбыз. Деревняларда пролетарлық қозғалыстың жеңіске жетуіне қарай ғана біз коллективтік қоғамдық жер иеленуге және жерді қоғамдасып өңдеуге жүйелі түрде өтетін боламыз. Деревнядағы таза пролетарлық қозғалысқа сүйенбейінше, бұл міндетті жүзеге асыруға болмайтын болды, бұл жөнінде әлі де

өте көп іс істеуге тура келеді. Бұл арада тек практикалық тәжірибе ғана, тек өмір шыңдығы ғана іске қалай кірісуді көрсете алатынына күмән жоқ.

Орта шаруамен, ұсақ буржуазиялық элементтермен, кооператорлармен келісім жасасудың міндеттері әр түрлі. Егер біз бұл міндетті ұсақ буржуазиялық дәстүрлер мен әдеттерді сақтап келген одақтар жөнінде қоятын болсақ, бұл міндет өзгеріске ұшырайтын болады. Егер біз ұсақ буржуазиялық интеллигенция туралы айтатын болсақ, бұл міндет тағы да кейбір өзгерістерге ұшырайды. Ұсақ буржуазиялық интеллигенция ауытқып отыр, бірақ бізге өзіміздің социалистік төңкерісіміз үшін ол да керек. Социализмді ірі капиталистік мәдениеттің элементтерінен ғана орнатуға болатынын, ал интеллигенция осындай элемент екенін біз білеміз. Егер біздің онымен аяусыз күресуімізге тура келген болса, онда мұны бізге коммунизм жүктеген жоқ, барлық «демократтарды» және буржуазиялық демократияға ынтықтардың бәрін бізден бездірген оқиғалардың барысы жүктеді. Енді бұл интеллигенцияны, социалистік пейілді емес, еш уақытта коммунистік пейілді болмайтын интеллигенцияны, бірақ қазір оқиғалар мен арақатынастардың объективті барысынан біз жөнінде бейтараптық, татулық ниетке көшкен интеллигенцияны социализм үшін пайдалануға мүмкіндік туып отыр. Біз интеллигенцияға еш уақытта сүйенбек емеспіз, барлық пролетарлар мен барлық деревня кедейлерін соңынан ертіп отырған пролетариат авангардына ғана сүйенеміз. Коммунистер партиясының басқа тірегі болуы мүмкін емес. Бірақ диктатура орнатып отырған тапқа сүйенудің жөні бір бөлек те, басқа таптарға үстемдік жүргізудің жөні бір бөлек.

Энгельстің тіпті жалдама еңбекті пайдаланатын шаруалар жөнінде де: мүмкін, бәрін бірдей экспроприациялауға тура келмес[90] дегені сіздердің естеріңізде болар. Біз жалпы ереже бойынша экспроприациялап жатырмыз, сондықтан біздің Советтерде кулак жоқ. Біз оны жаныштап жатырмыз. Ол Советке еніп кетіп, онда деревня кедейін тұншықтыруға әрекет істеген жағдайда, біз оны жаншып тастаймыз. Бұл арада бір таптың

үстемдігінің қалай жүргізіліп жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар. Бір ғана пролетариат үстемдік ете алады. Бірақ бұл үстемдік ұсақ шаруаға бір түрлі, орта шаруаға екінші түрлі, помещикке басқаша, ұсақ буржуаға басқаша қолданылады. Барлық міндет мынада: халықаралық жағдайлардан туған осы бетбұрысты,— міне соны біздің түсіне білуіміз керек, әңгіме ұсақ буржуазиялық демократия туралы болып отырғандықтан, революция тарихының өткен жарты жылы ішінде үйреніскен ұрандарымыз қалай да өзгертілуге тиіс екендігін түсіне білуіміз керек. Біз былай деуге тиістіміз: өкіметті сол таптың өзіне қалдырамыз. Ұсақ буржуазиялық демократия жөнінде біздің ұранымыз келісім жасасу болған еді, бірақ бізді террор қолдануға мәжбүр етті. Егер сіздер бізбен татулық қатынаста тұруға шынымен келісетін болсаңыздар, онда, кооператор және интеллигент мырзалар, белгілі бір тапсырмаларды орындауға еңбек сіңіріп көріңіздер. Ал егер орындамасаңыздар,— сіздер заңды бұзушылар, біздің жауларымыз боласыздар, сөйтіп біз сіздермен күресетін боламыз. Ал егер сіздер татулық қатынасты сақтасаңыздар және бұл тапсырмаларды орындасаңыздар,— осының өзі бізге артығымен жетіп жатыр. Біздің тірегіміз мықты. Сіздердің болбырлықтарыңызға біз еш уақытта күмәнданған емеспіз. Бірақ сіздер бізге керексіздер — оны біз бекер демейміз, өйткені сіздер бірден-бір мәдениетті элементтер болып отырсыздар.

Егер социализмді бізге капитализм мұраға қалдырып кеткен элементтерден құруымызға тура келмеген болса,— міндет жеңіл болар еді. Бірақ социалистік құрылыстың қиындығының өзі де осында: бізге социализмді капитализм әбден бүлдірген элементтерден құруға тура келіп отыр. Өту қиындығының өзі де осында: ол тек бір тап — пролетариат қана басшылық ете алатын диктатурамен байланысты болып отыр. Бұдан шығатын қорытынды, біз өзімізге: бағытты шыныққан және буржуазияны талқандауға қабілетті жауынгер күшке айналған пролетариат белгілейді дейміз. Буржуазия мен пролетариаттың арасында көптеген өтпелі сатылар бар, ал олар жөнінде біздің саясатымыз енді өзіміз теориялық жа-

ғынан болжаған рельске түсірілуге тиіс және де біз оны енді жүзеге асыра аламыз. Біздің алдымызда толып жатқан міндеттер, толып жатқан келісімдер тұр, біз, үстемдік етуші пролетарлық өкімет, бере білуге тиісті техникалық тапсырмалар бар. Біз орта шаруаға бір тапсырма бере білуге, товар айырбастауына, кулакты әшкерелеуіне көмектесуге тиіспіз. Кооператорларға екінші тапсырма беруге тиіспіз: олардың өнімдерді толып жатқан мөлшерде бөлетін аппараты бар; біз бұл аппаратты өзімізге алуға тиіспіз. Интеллигенцияға біз мүлдем басқа тапсырма беруге тиіспіз; оның саботаж жасай беруге шамасы жоқ, сондықтан ол енді *біз* жөнінде нағыз тату позиция ұстау ниетінде болып отыр, ал біз бұл интеллигенцияны қолға алып, оның алдына белгілі бір міндеттер қоюға, олардың орындалуын бақылап және тексеріп отыруға тиіспіз, оларға, Маркстің Париж Коммунасының қызметшілері жөнінде айтқанындай: «әрбір жеке жалдаушы өзіне қолайлы көмекшілерді, бухгалтерлерді іріктеп ала біледі, олар қателескен кезде,— олардың қателерін түзете біледі, ал егер олар жарамайтын болса,— оларды жаңаларымен, жақсыларымен ауыстыра біледі»[91] — дегеніндей қарауға тиіспіз. Біз өкіметті бізге капитализм қалдырып кеткен элементтерден құрамыз. Егер капиталистік мәдениеттің интеллигенция сияқты мұрасы пайдаланылмайтын болса, біз өкіметті құра алмаймыз. Енді біз ұсақ буржуазияға мемлекеттік өкіметтің қатаң бақылауында отырған тату көрші ретінде қарай аламыз. Бұл арада саналы пролетариаттың міндеті: үстемдік деген бұл міндеттердің бәрін пролетариаттың өзі орындауы еместігін түсіну. Кімде-кім өзі орындайды деп ойлайтын болса, ол — социалистік құрылыстан түсінігі жоқ адам, ол — революция мен диктатураның бір жылы ішінде еш нәрсе үйренбеген адам. Мұндай мырзалардың мектепке барып, онда бірдеңе үйренгені жөн, ал кімде-кім өткен уақыттың ішінде бірдеңе үйренген болса,— ол өзіне былай дейді: міне осы интеллигенцияны мен енді құрылысқа пайдаланамын. Бұл үшін менің шаруалар ішінде жеткілікті тірегім бар. Сондықтан біз тек осы күрестің барысында, пролетариаттың ұсақ буржуазиялық демократиямен бірсыпыра

келісімдері мен келісім тәжірибелерінде ғана социализмге жеткізетін құрылыстың жасалатынын есте сақтауға тиіспіз.

Энгельстің біз үлгі арқылы әрекет етуге тиіспіз[92] дегенін еске алайық. Толық коммунизмге қол жеткенше, ешқандай форма түпкілікті форма болмайды. Біз жолды дәл білеміз деуден дәмеленген емеспіз. Бірақ біз сөзсіз, қалай да коммунизмге қарай жүріп келеміз. Қазіргі уақытта әрбір аптаның беретіні бейбіт кездің ондаған жылдары беретінінен көп. Брест бітімінен бері бастан кешірген жарты жыл бізге қарсы ауытқулар дәуірі болды. Батыс европалық революция — біздің ізімізбен жүре бастаған үлгі — бізді нығайтуға тиіс. Біз ешқандай жалған үмітке берілместен, бүкіл дүние жүзілік социалистік революция толық жеңіп шыққанға дейін ауытқушылар ауытқыған күйінде қала беретінін біле отырып, болған өзгерістерді ескеруге, барлық элементтерді ескеруге тиіспіз. Герман революциясы оқиғаларының барысы дүние жүзілік социалистік революция жұрттың көбі жорамалдап жүргеннен гөрі тезірек болады деген үміт туғызып отырғанымен, ол, мүмкін, онша жақын арада бола да қоймас. Неміс революциясы біздің революциямыздың дамығаны сияқты дамып келеді, бірақ неғұрлым тез қарқынмен дамып келеді. Қалай болғанда да біздің алдымызда тұрған міндет — ағылшын-американ империализмімен жан аямай күресу. Бұл империализм большевизмнің дүние жүзілік күшке айналғанын сезінді, нақ сондықтан да ол әуелі орыс большевиктерін, ал содан соң өз большевиктерін құртқысы келіп, бізді барынша тез тұншықтыруға тырысып жатыр.

Біз ауытқушылардың ішінен империалистердің айуандығы бізге қарай итермелеп отырған элементтерді пайдалануға тиіспіз. Біз мұны істейміз де. Соғыста ешқандай жәрдемді, тіпті жанама жәрдемді де елемеуге болмайтынын сіздер әбден жақсы білесіздер. Соғыста тіпті ауытқушы таптар жағдайының да орасан зор маңызы болады. Соғыс неғұрлым шиеленіскен сайын, біз өзімізге келетін ауытқушы элементтерге соғұрлым көп әсер етуге тиіспіз. Бұдан шығатын қорытынды мынау: біздің жарты жыл жүргізіп келген тактикамыз ұсақ

буржуазиялық демократияның әр түрлі топтары жөніндегі жаңа міндеттерге сәйкес өзгертілуге тиіс.

Егер мен партия қызметкерлерінің назарын осы міндетке аудара алған болсам және оларды жүйелі тәжірибе арқылы осы міндетті дұрыс шешуге ынталандыра алған болсам, мен өз міндетімді орындалды деп есептей аламын.

«Правда» №№ 264 және 265;
5 және 6 декабрь, 1918 ж.

«Правда» газетінің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

2

ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯҒА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, менің аздаған қорытынды ескертпелер жасауыма тура келеді. Мен ең алдымен осында догма туралы көтерілген мәселеге жауап бергім келеді. Маркс пен Энгельс: біздің іліміміз догма емес, іске басшылық[93] дегенді сан рет айтқан болатын, менің ойымша да, біз мұны бәрінен бұрын жәнс көбіне-көп есте ұстауға тиіспіз.

Маркс пен Энгельстің ілімі біз жаттап алатын догма емес. Оны іске басшылық деп қабылдау керек. Мұны біз әрдайым айтып келгенбіз, менің ойымша, еш уақытта оппортунизмге бой ұрмай, мақсатқа сай әрекет істедік, тактиканы өзгертіп отырдық. Бірақ бұл ілімнен шегіну болып ешбір саналмайды және оны оппортунизм деп ешбір атауға болмайды. Бұл ілім догма болып табылмайды, іске басшылық болып табылады деп мен айтқанмын және соны тағы, тағы да қайталап айтамын.

Одан кейін, Стеклов жолдастың: біз кіммен келісеміз, штабтармен бе әлде бұқарамен бе?— деген ескертпесіне келгенде, мен былай деп жауап беремін: ең алдымен, әрине, бұқарамен, ал содан соң штабтармен келісу керек, ал штабтармен күресуге тура келетін кезде, бәрі де жекелеген оқиғаларға байланысты болады. Мен осыған көшпекпін, бірақ мен қазір іс жүзінде меньшевиктер партиясымен және эсерлер партиясымен келісім жасасудың ешқандай мүмкіндігін көрмей отырмын. Бізге: келісімге келу — бірдеңеден бас тарту болады деседі. Сіздер неден бас тартасыздар және негізгі бағыттары-

ңыздан қалайша шегінесіздер? Бұл жолдан таюшылық болады, ал егер бұл тек практикада ғана болатын болса, онда бұл жаңалық емес. Әлбетте, біз өз принциптерімізден еш уақытта бас тартпаймыз. Қазір бұл туралы айтудың да мәні жоқ. Бұдан он бес жыл бұрын таластар негізгі бағыт пен принциптер туралы болды, бұл таластарды менің, амал не, Россияда емес, көбінесе шетелдерде жүріп жүргізуіме тура келді. Ал енді әңгіме мемлекеттік өкімет туралы болып отыр, одан аз да болса бас тарту туралы — міне бұл туралы әңгіме болуы да мүмкін емес. Ендігі жерде біздің жауымыз дүние жүзілік большевизм деп Вильсон тегіннен-тегін мәлімдеген жоқ. Бүкіл дүние жүзінің буржуасы осылай деп мәлімдеп отыр. Егер олар бізге қарсы жорыққа жиналатын болса, бұл олардың большевиктік өкіметті орыстық қана емес, дүние жүзілік те құбылыс деп мойындағаны болады. Буржуазияға әйтеуір бір келісім ұсынған большевик кісі күлерлік және бейшара большевик болар еді. Ал одан соң, революциялық өрт бірсыпыра елдерге жайылған кезде,— бірде-бір капиталистік буржуазиялық үкімет бұған бармайды және бара да алмайды.

Істің жайы соңғы оқиғаларға дейін жеткен кезде Швейцария буржуазиясы: біз орыстар емеспіз, біз сіздерге өкіметті бермейміз деп ашық айтты. Большевизмге келіп қосылған капитан Садуль орыс буржуазиясының ғажап мойын ұсынғыштығын көріп, өзінің таңданатынын жазады, сөйтіп: біздің француз буржуазиясы бұлай істемейді дейді. Онда біз ашу-ызаның анағұрлым күшті екенін көреміз, ал азамат соғысы, егер ол өрістей қалса, нағыз аяусыз формаларға көшетін болады, сондықтан бұл жағынан да ешқандай мәселелер көтеру мүмкін емес.

Пролетарлық диктатураның бір жылы мәселені практикалық жағынан әбден шешті, сондықтан буржуазиямен келісімге келу бірде-бір шаруаның, бірде-бір жұмысшының ойына да кірмейді. Ал келісім жасасудың жаңа нәрсе еместігіне мен түгелдей қосыламын. Мен тек осы сияқты мәселелер жөнінде бәріміз бірлесе отырып кеңессек екен деп едім.

Меньшевиктер мен эсерлерді және әсіресе ұсақ интеллигенцияны бізден бездірген жағдайлар,— герман империализмінің шабуылы кезеңінде Брест бітімі үшін болған аяусыз күрес,— міне бұл жағдайлар өтті. Бірақ ағылшын-француздардың уақытша жеңістерінің өзі де осы интеллигенция мен ұсақ демократияның жаңа ауытқушылықтарын туғызады, олар үрей туғызып, жау жағына қаша бастайды, мұны біз өте жақсы білеміз. Біз олармен келіскенде, белгілі бір нәтижелерге жету үшін және белгілі бір практикалық жұмыс үшін келісеміз. Бұл тактика талас та, таңданыс та туғыза алмайды. Бірақ мұны түсінбеушілік бар, оны көп адамдар дәлелдеді, тіпті Москва Советінің Максимов жолдас сияқты беделді мүшесі де дәлелдеді. Максимов жолдас: Хинчукпен келісу керек емес, дұрыстап тұрып уәделесу керек деді. Біз көктемде кооперативтер туралы бірінші декретті шығарған кезімізде, олар бізге үзілді-кесілді талаптар қойды, біз ол талаптарға көндік. Мұны біз келісім деп атаймыз — бұл саясатты басқаша атауға болмайды. Ал егер әрбір совет қызметкері: ұсақ буржуазиялық демократиямен дұрыстап уәделес дегенді ереже етіп, өзі-өзіне айтатын және барлық жолдастарына қайталап айтатын болса, мен өзімді қанағаттандым деп есептеймін.

Біз осы кезге дейін жұмысымызда, әсіресе жергілікті жерлердегі жұмысымызда, дұрыстап уәделесу дегеннен тым алыс жатырмыз. Мұның керісінше, біз көбінесе дұрыстап уәделеспейміз. Бұл жөнінде бізді жаңа құрылыстың мұнсыз мүмкін еместігін түсінбей кінәлайды. Құрылыс жайын үйренбейінше, жаңа өмір құра алатын данышпан жоқ. Практикалық қайраткерлермен дұрыстап уәделесу керек болып отырғанда, біз мұны істей білмейміз. Дүкен салу үшін оны қалай салуды білу керек. Өз ісін білетін адамдар керек. Бізге, большевиктерге, өз білімімізді осы практикалық жұмыста өте сирек қолдануға тура келді. Бізде үгітшілердің жеткіліксіздігі өте сирек болады, ал нағыз сұмдық жеткіліксіздік — практикалық басшылардың, ұйымдастырушылардың жеткіліксіздігі. Міне, бір жылдық тәжірибеміз барына қарамастан бұл кемістік осы кезге дейін болып келеді.

Осы салада жеткілікті тәжірибесі бар, бейтараптық ұранын және татулық қатынастар ұранын ұсынатын адамның бәрімен, осындай адамның әрқайсысымен дұрыстап уәделес. Егер ол дүкен салуды, товар бөлуді білетін болса, егер ол әйтеуір бір нәрсеге үйрете алатын болса, егер ол практика адамы болса, бұл — үлкен табыс.

Большевизмнің «достары» ішінде, біз жеңгеннен бері қарай, жаулар көп екенін әркім біледі. Бізге екінің бірінде саяси жағынан ауытқитын, сатып кететін, арамдық, опасыздық істейтін, мүлде сенімсіз, алаяқ элементтер кіріп кетіп отырады. Ал біз мұны жақсы білеміз, бірақ бұл бізді өзгертпейді. Бұл тарихи сөзсіз нәрсе. Меньшевиктер совет қызметшілерінің арасында көптеген жолдан қосылған, тіпті жалпы азаматтық мағынада алғанда арам элементтер бар деп бізді табалаған кезде, біз оларға: біз жақсыларды қайдан табамыз, жақсы адамдарды өзімізге бірден сендіру үшін біз не істеуіміз керек дейміз. Бірден жеңе алатын және сендіре алатын, бірден өзіне сенуге мәжбүр ететін революция, міне мұндай революция жоқ. Ол бір елде басталып жатады, ал басқа елдерде оған сенбейді. Біздің революциямызды бір сұмдық, былық деп санайды, ал біздің Советтер деп аталатын ұйымдасқан «былық» жиналыстарымыздан басқа елдерде ештеңе күтпейді. Ал бұл әбден табиғи нәрсе. Біздердің көп нәрсеге қолымыз жетуі керек. Ал енді: Хинчукпен дұрыстап уәделесу керек — ол дүкен салуды біледі деген кезде, мен: басқалармен де уәделесіңіз, қолынан көп іс келетін ұсақ буржуаны алып қараңыз деймін.

Егер біз осы «уәделес» деген ұранды миға құятын болсақ, жергілікті жерлерде жұрттың миына құятын болсақ, егер өкімет басына жаңа таптың келіп жатқанын, бұл сияқты күрделі істі еш уақытта істеп көрмеген адамдар басқару ісін қолға алып жатқанын, сондықтан қате жіберулері табиғи нәрсе екенін түсінетін болсақ,— біз қысылмаймыз. Қатесіз басқаруға болмайтынын біз білеміз. Бірақ қатеден басқа да біз өкіметті, тек өкімет ретінде, олақ пайдаланудың бар екенін байқаймыз, бұл жұрттың: мен билік алдым, мен бұйырдым, ал сен тыңдауға тиістісің дегенінен көрінеді. Біз: кәсіп-

тік одақтардың, шаруалардың, кооперативтердің ұсақ буржуазиялық демократиясының толып жатқан элементтері жөнінде бұл ұранды қолданбаңыздар, енді ол керек болудан қалып келеді дейміз. Сондықтан ұсақ буржуазиялық демократиямен, әсіресе интеллигенциямен уәделесу дұрысырақ болады, бұл — біздің міндетіміз. Әрине, біз өз платформамыз негізінде уәделесеміз, біз өкімет ретінде уәделесеміз.

Біз: сіздердің дұшпандықтан бейтараптық және татулық қатынастар позициясына көшкендеріңіз рас па, сіздердің дұшпан болуды қойғандарыңыз рас па дейміз. Әйтпесе біз көз жұмып қарап отырмаймыз, біз: соғыс болса соғыс болсын, біз де соғыстағыдай істедік деп ашық айтатын боламыз. Бірақ егер сіздер дұшпандықтан бейтараптыққа көшкен болсаңыздар, егер сіздер татулық қатынастар туралы айтатын болсаңыздар,— мен бұл сөздерді коммунистер лагеріне жатпайтын, кеше ғана ақ гвардияшылар лагеріне анағұрлым жақын болған адамдардың мәлімдемелерінен алып отырмын,— мен: кешегі дұшпандықтан бүгінгі бейтараптыққа және татулық қатынастарға осындай кең көлемде көшетін адамдар бар болып отырғандықтан, біз өз насихатымызды жүргізе беруіміз керек деймін.

Меньшевиктер жұмысшы табының өміріне басшылық ету үшін өздерінің насихатын жүргізеді деп Хмельницкий жолдас бекер қауіптенеді. Біз социалистік республиканы түсінбеген социал-демократтар туралы айтып отырғанымыз жоқ, біз олар туралы және ұсақ буржуазиялық бюрократия туралы айтып отырғанымыз жоқ,— бұл арада меньшевиктермен идеялық күрес, бітіспес соғыс бар. Меньшевикке сен ұсақ буржуазиялық демократсың деу ол үшін ең жаман қорлау болады, ал меньшевикке мұны сіздер неғұрлым байсалды дәлелдей бастасаңыздар, ол соғұрлым қатты құтырынып кетеді. Біз өзіміздің қолымыз жеткен жағдайымыздан ең болмағанда жүзден бір немесе мыңнан бір бөлегін береді екен деп ойлау,— бұл қате. Біз титтей бөлегін де бермейміз.

Шмидт жолдастың келтірген мысалдары тіпті буржуазияға жақын тұрған (мысалы, баспашылар сияқты)

пролетариат тобы, ұсақ буржуазиялық қызметшілер, сауда-өнеркәсіп орындарында операция жүргізген буржуазиялық банк қызметшілері социализм жағына өтуден көп зиян шегеді дегенді дәлелдеді. Біз толып жатқан буржуазиялық газеттерді жаптық, біз банктерді национализацияладық, біз банк қызметшілері жалдаптыққа қатысып, байитын толып жатқан жолдарды жаптық, бірақ біз бұл лагерьде де ауытқушылықтың барын көріп отырмыз, біз олардың біздің жағымызға өтіп жатқанын көріп отырмыз. Егер Хинчук дүкен сала алатындығымен бағалы болса, ал банк қызметшісі, біздің көпшілігіміз теория жүзінде таныс болғанмен, практика жүзінде тым орашолақтық көрсетіп отырған, ақша ісінің техникасын білетіндігімен бағалы. Ал мен осы техниканы білетін және өзі маған кешегі дұшпандықтан бүгінгі бейтараптыққа және татулық қатынасқа көштім деп отырған адаммен сөйлесемін. Біз: әрбір адаммен дұрыстап уәделес дейміз. Совдептерде де, егер Максимов жолдас, Москва Совдепі президиумының аса көрнекті мүшесі ретінде интеллигенция мен ауытқушы ұсақ буржуазия жөнінде өзі айтқан осы тактиканы жүргізетін болса, мен әбден және артығымен қанағаттанамын.

Содан соң, кооперативтер туралы мәселе. Стеклов жолдас: кооперативтерден жамандық сезіліп тұр деді. Максимов жолдас кооперативтер жөнінде: Халық Комиссарлары Советінің соңғы декреті сияқты декреттерді жазбау керек дегенді айтты. Бізде практикалық салада бірауыздылық болмады. Ұсақ буржуазия бізге дұшпандық етпесе, онымен осындай әуенде келісімге келу керек екендігі біз үшін жаңалық емес. Егер ескі қағида жаман болып шықса, мұны өзгерген жағдайлар талап еткен кезде, оны ауыстыру керек. Бұл жөнінде істің өзгергенін біз анық көріп отырмыз. Бұған кооперативтер айқын мысал бола алады. Кооперативтік аппарат капиталистердің жеке инициативасына емес, еңбекшілердің өздерінің жаппай қатысып отыруына арналған жабдықтау аппараты, ал Каутский ренегаттарға өтпестен көп бұрын: социалистік қоғам дегеніміз үлкен бір кооператив деп дұрыс айтқан еді.

Егер біз бақылауды жолға қоюға және жүз мыңдаған

адамдарға арналған шаруашылықты іс жүзінде ұйымдастыруға тырысатын болсақ, онда социалистер бұл мәселені талқылаған кезде, олар трестердің басшылары тәжірибелі практиктер ретінде өздеріне қажетке жарауы мүмкін деп көрсететінін біз ұмытуға тиісті емеспіз. Қазір ұсақ буржуазиялық элементтердің дұшпандықтан бейтараптыққа көшкендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Ал сонымен бірге олардың дүкен ұйымдастыра білетіндігін түсіну керек. Біз мынаны теріс демейміз: Хинчук — идеолог ретінде буржуазиялық соқыр сенімдер әбден бойына сіңген адам, ал олардың бәрі де осындай адамдар, бірақ сонымен бірге олардың практикалық білімдері бар. Идеялар мағынасында алғанда барлық зеңбіректер біздің жағымызда, ал оларда бір де зеңбірек жоқ. Бірақ олар: біз дұшпандық етпейміз, бейтараптыққа көшеміз деп отырған кезде, біз қазір жүздеген және мыңдаған, Хинчуктен де қабілеті кем адамдардың да дұрыстап уәделесіп жатқанын еске алуға тиіспіз. Мен: олармен уәделесе білу керек деймін. Олар практикалық құрылыс саласында көп біледі, жақсы істей біледі, сондықтан олардан үйрену керек. Олар халықаралық пролетариатқа әсер етуді бізден үйренетін болсын, ал дүкен салуды біз олардан үйренетін болайық. Мұны біз істей білмейміз. Мұнда әрбір салада арнаулы білімдері бар техниктер керек.

Ал кооперативтер жөнінде неге жамандық сезілетінін мен түсінбеймін. Біз кооперативтер жөніндегі алғашқы декретті қабылдаған кезімізде, біз Халық Комиссарлары Советіне пікір алысу үшін тек коммунист еместерді ғана емес, сонымен бірге ақ гвардияшыларға тым жақын тұратындарды да шақырдық, біз олармен кеңестік, біз олардан: сіздер мұны қабылдай аласыздар ма?— деп сұрадық. Олар: мынаны — қабылдаймыз, ал мынаны қабылдай алмаймыз деді. Әрине, сырт көзге немесе ойластырылмай қарағанда, бұл буржуазиямен келісім жасасу болып көрінді. Буржуазиялық кооперацияның өкілдері шақырылды да, солардың көрсетуі бойынша декреттің бірнеше статьясы сызылып тасталды. Мысалы, пролетарлық кооперативті тегін пайдалану және оған кіру туралы статья сызылып тасталды. Бұл бізге

әбден қолайлы болып көрінген еді, ал олар біздің ұсынысымызды қабылдамай тастады.

Біз: дүкенді бізден анағұрлым жақсы сала білетін адамдармен келісім жасасу жолымен жүруге тиіспіз дейміз. Біздің бұл жөнінде хабарымыз шамалы, бірақ өз күресімізден біз ешбір шегінбейміз. Біз осы сияқты келесі декретті шығарған кезде, Максимов жолдас: мұндай декреттерді жазудың керегі жоқ, себебі оның ішінде: жабылған кооперативтерді қайтадан ашу керек делінген деді. Бұл Москва Совдепінің қызметкерлері ішінде, біздегі сияқты, белгілі бір түсініспеушіліктердің бар екенін көрсетеді, өндеше тіпті осындай түсініспеушіліктерді жою үшін де бүгінгі сияқты кеңестер мен әңгімелер өткізіп отыру керек. Біз істің мүдделері үшін жалпы алғанда кәсіподақтарды ғана емес, сонымен бірге сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің одағын да пайдаланбақпыз дедік; ал сауда-өнеркәсіп қызметшілері әрқашан буржуазиялық құрылыстың тірегі болып келген-ді. Бірақ бұл адамдар бізге келіп: біз тату қатынастар орнатуға келісеміз деп отыр екен, оларды жылы шыраймен қарсы алыңыздар, созылған қолды алу керек, одан қолың үзіліп қалмайды. Біз, егер ертең ағылшын-француз империалистері келіп тиісетін болса, олардың жалт бұрылып, ең алдымен қашатынын да ұмытпаймыз. Бірақ, бұл партия, бұл буржуазиялық элементтер қашпай тұрған кезде, қайталап айтайық: бұл жерде олармен жақындасу керек. Сондықтан біз жексенбі күні жарияланған, Максимов жолдасқа ұнамайтын декретті қабылдадық,— бұл ұнамау оның жаңа жағдайларда қолдануға болмайтын ескі коммунистік тактиканы қолданатынын көрсетеді. Егер біз оны кеше жазған болсақ, ал жауап ретінде қызметшілердің Орталық комитетінің[94] қарарын алған болсақ, онда: сен мезгілсіз бастадың, бетбұрыс басталып қойған кезде, жағдай өзгеріп жатқан кезде сен неге жазасың дегенде, біз ақымақ болып қалар едік.

Қаруланған капиталистер соғысты созған үстіне созып, табан тіресе жүргізуде, сондықтан бізге практикалық құрылыстағы бұл, уақытша болса да, бетбұрысты пайдалану мейлінше маңызды болып отыр. Бүкіл өкімет

бізде. Біздің кооперативтерді жаппауымызға, ал жабылғандарын қайтадан ашуымызға болады, себебі біз оларды ақ гвардиялық үгітке қызмет еткен кезде жауып тастаған болатынбыз. Бірақ қандай ұран болсын керегінен де көп көңілде қалып қоя алады. Россия бойынша кооперативтерді жабу және оларды қудалау толқыны кезінде,— мұны кезең жағдайлары керек еткен еді. Ал қазір мұның керегі жоқ. Аппарат — өте маңызды, орта шаруалармен байланысы бар аппарат, ұсақталған, бытыраған шаруалар топтарын біріктіретін аппарат. Әлгі Хинчуктер буржуазиялық элементтер негіздеген пайдалы жұмысты істейді. Міне осы шаруалар мен ұсақ буржуазиялық демократтар өздерінің дұшпандықтан бейтараптыққа, татулық қатынасқа көшетінін айтып отырған кезде, біз: біздерге керегі де тек осы ғана деуге тиіспіз. Қайырымды көршілер, кәні, келіңіздер, сіздермен дұрыстап тұрып уәделесейік. Біз сіздерге барынша көмек етеміз, сіздердің праволарыңызды жүзеге асырамыз; сіздердің тілектеріңізді қараймыз, сіздерге қандай болса да пұрсаттылықтар береміз, бірақ біздің тапсырмаларымызды орындаңыздар. Егер сіздер мұны істемесеңіздер, Төтенше комиссияның бүкіл аппараты біздің қолымызда екенін біліп қойыңдар. Егер сіздер өз праволарыңызды пайдалана білмесеңіздер, біздің тапсырмаларымызды орындамасаңыздар, Мемлекеттік бақылаудың бүкіл аппараты біздің қолымызда қалады, сөйтіп біз сіздерге мемлекеттік ерікті бұзушылар ретінде қарайтын боламыз. Сіздер бізге бір тиынын қалдырмай есеп беруге тиістісіздер, ал мұны бұзғандық мемлекеттік ерік пен мемлекеттік заңдарды бұзғандық ретінде жазаланатын болады.

Бұл бақылаудың бәрі де біздің қолымызда қалады, бірақ қазір бұл адамдарды өзімізге, уақытша болса да тарту — дүние жүзілік саясат тұрғысынан соншалықты үлкен міндет емес, бірақ біз үшін өте қажеті бар міндет. Ол біздің соғыстағы жағдайымызды күшейтеді. Бізде тәуір тыл жоқ. Бұл бізге моральдық жеңіс береді, өйткені батыс европалық империализмге оның бізде едәуір елеулі тойтарысқа кездесетінін көрсетеді, ал мұны елемеуге болмайды, өйткені әрбір елде Россияға

жасалғап шапқыншылыққа қарсы болып отырған өзінің ішкі жұмысшы, пролетарлық оппозициясы бар. Міне сондықтан да мен, Максимов жолдастың мәлімдемесіне қарағанда, біз белгілі бір келісімді ептеп тауып та отырмыз ғой деп ойлаймын. Егер алауыздықтар біліпіп отырса, олар оншалықты елеулі емес, өйткені өкіметті қолдан шығармай отырып, бүкіл ұсақ буржуазиялық демократия, интеллигенция, кооператорлар, әлі де болса бізді мойындамай отырған кәсіптік одақтар жөнінде дұрыстап уәделесудің қажет екендігі мойындалып отырса, біз бүкіл қыс бойына осы саясатты берік жүргізетін болсақ,— біз онда халықаралық революцияның барлық ісі үшін үлкен пайда келтіреміз.

Бірінші рет 1929 ж.
В. И. Ленин Шығармаларының
2—3-басылуларында басылған,
XXIII том

Стенограмма бойынша
басылып отыр

БАС ҚОЛБАСШЫ И. И. ВАЦЕТИСКЕ ТЕЛЕГРАММА

Бас қолбасшы Вацетиске

29/XI

Біздің әскерлердің батысқа және Украинаға қарай ілгерілеуімен бірге жергілікті жерлердегі Советтерді нығайтуға тиісті облыстық уақытша Совет үкіметтері құрылып жатыр. Бұл жағдайдың жақсы жағы мынада: ол Украина, Литва, Латвия, Эстляндия шовинистерін біздің бөлімдердің ілгерілеуіп оккупация деп қарау мүмкіндігінен айырады және біздің әскерлердің одан әрі ілгерілей беруіне қолайлы жағдай туғызады. Мұндай жағдай болмайынша, біздің әскерлеріміз оккупацияланған облыстарда аса қиын халге ұшыраған болар еді, ал халық оларды азат етушілер деп қарсы алмаған болар еді. Осыны еске ала отырып, біздің әскерлеріміздің Латвия, Эстляндия, Украина және Литваның уақытша Совет үкіметтерін, әлбетте, тек Совет үкіметтерін ғана, барынша қолдауы жөнінде тиісті әскери бөлімдердің командирлер құрамына нұсқау беруіңізді өтінеміз.

Ленин

1918 ж. 29 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

И. В. Сталиннің қолымен жазылып, В. И. Ленин толықтырған текст бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ РЕНЕГАТ КАУТСКИЙ[95]

*1918 ж. октябрьде —
кеш дегенде
10 ноябрьде жазылған;
II Қосымша — 1918 ж. 10 ноябрьден
кешірек жазылған*

*1918 ж. Москвада
«Коммунист» баспасы
жеке кітап етіп бастырған*

*Қолжазбамен салыстырылған
кітаптың тексті бойынша
басылып отыр*

Россійская Коммунистическая Партія (большевиковъ).

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Н. Ленинъ (Вл. Ульяновъ).

ПРОЛЕТАРСКАЯ РЕВОЛЮЦІЯ и РЕНЕГАТЪ КАУТСКІЙ.

Цѣна 3 руб.

Книгоиздательство „КОММУНИСТЪ".

МОСКВА:

1) Срѣтенка (уг. Рыбникова пер.), д. 8. Тел. 4-70-48; 3-15-00.
2) 2-ой домъ Совѣтовъ, Театр пл.

ПЕТРОГРАДЪ:

1) Поварской пер., д. № 2, кв. 9 и 10. Тел. 2-27-42.
2) Литейный проспектъ, д. 48.

1918.

«Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітаптың В. И. Ленин салған белгілері бар мұқабасы.— 1918 ж.

Кішірейтілген

АЛҒЫ СӨЗ

Каутскийдің жақында Венада шыққан «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасы (Wien, 1918, Ignaz Brand, 63 бет) II Интернационалдың әбден толық және нағыз масқара болып күйрегендігінің мейлінше айқын мысалы; бұл күйреу туралы барлық елдердің адал социалистерінің бәрі талайдан бері айтып жүр. Пролетарлық революция туралы мәселе енді бірсыпыра мемлекеттерде практика жүзінде күн тәртібіне қойылып отыр. Сондықтан Каутскийдің ренегаттық софизмдерін және марксизмнен толық безуін талдап шығу қажет.

Бірақ ең алдымен Каутскийдің марксизмнен безгендігін осы мақаланы жазып отырған кісінің соғыс басталғаннан-ақ сан рет атап көрсетуіне тура келгендігін ерекше айтып өту керек. Шетелде шығарылған «Социал-Демократ»[96] пен «Коммунисте»[97] 1914—1916 жылдары жазылған бірқатар мақалалар осыған арналған болатын. Бұл мақалалар Петроград Советі шығарған мына басылымда жинақталған: Г. Зиновьев және Н. Ленин: «Ағымға қарсы», Петроград, 1918 ж. (550 бет). 1915 жылы Женевада шығарылған және сол кездің өзінде неміс және француз тілдеріне аударылған кітапшада[98] мен «каутскийшілдік» туралы былай деп жазған едім:

«II Интернационалдың неғұрлым беделді адамы Каутский марксизмді сөз жүзінде мойындау іс жүзінде оның «струвизмге» немесе «брентанизмге» (яғни пролетариаттың революциялық емес «тап» күресін мойындайтын либералдық-буржуазиялық ілім, мұны ерекше

айқын көрсеткен орыс жазушысы Струве мен неміс экономисі Брентано) айналуына апарып соққандығының мейлінше көрнекі және айқын мысалы болып табылады. Біз мұны Плехановтың мысалынан да көріп отырмыз. Олар нағыз софизмдер арқылы марксизмнен оның революциялық асыл мәнін сылып тастайды, марксизмде күрестің революциялық құралдарынан, оларды уағыздаудан және дайындаудан, бұқараны нақ осы бағытта тәрбиелеуден *басқаның бәрін* мойындайды. Каутский социал-шовинизмнің негізгі пікірін, қазіргі соғыста отан қорғау ісін мойындауды, кредиттерге дауыс бергенде қалыс қалу, өзінің оппозицияда екендігін сөз жүзінде мойындау, т. с. арқылы солшылдарға көз алдау үшін жасалған дипломатиялық кеңшіліктермен идеясыз «ымыраластырады». Революциялар заманының жақындап келе жатқаны туралы және соғыстың революциямен байланысы туралы 1909 жылы тұтас бір кітап жазған Каутский, алдағы соғысты революция үшін пайдалану туралы Базель манифесіне[99] 1912 жылы қол қойған Каутский, енді келіп социал-шовинизмді сан саққа жүгірте ақтап, дәріптеп отыр және, Плеханов сияқты, революция туралы ниеттердің бәрін, тікелей-революциялық күреске қарай қадам басудың бәрін әжуа ету үшін буржуазиямен бірігіп отыр.

Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді теория жүзінде бұрын болып көрмеген дәрежеде масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық мақсатын жүзеге асыра алмайды. Каутскийшілдік кездейсоқ нәрсе емес, II Интернационалдың қайшылықтарының, сөз жүзінде марксизмге адал болу мен іс жүзінде оппортунизмге бағынуды біріктірудің әлеуметтік нәтижесі» (Г. Зиновьев және Н. Ленин: «Социализм және соғыс», Женева, 1915, 13—14-беттер).

Одан соң. 1916 жылы жазылған «Империализм — капитализмнің ең жаңа кезеңі»* деген кітапта (1917 жылы Петроградта шыққан) мен Каутскийдің импе-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 331—467-беттер. *Ред.*

риализм туралы барлық пайымдауларының теориялық жалғандығын толық талдап көрсеткен болатынмын. Мен Каутскийдің империализмге берген мынадай анықтамасын келтірген едім: «Империализм — жоғары дәрежеде дамыған өнеркәсіптік капитализмнің жемісі. Оның мәні әрбір өнеркәсіпті капиталистік ұлттың *аграрлық* (курсив Каутскийдікі) облыстарды, қандай ұлттар мекендегеніне қарамастан, барған сайын өзіне көбірек қосып алуға немесе бағындыруға тырысуында болып отыр». Мен бұл анықтаманың мүлде дұрыс емес екендігін және оның империализмнің ең терең қайшылықтарын бүркемелеуге, ал одан кейін оппортунизммен ымыраласуға «бейімделгендігін» көрсеткен едім. Мен империализмге өзімнің берген мынадай анықтамамды келтірдім: «Империализм дегеніміз монополиялар мен финанс капиталының үстемдігі орнаған, шетке капитал шығарудың маңызы өте күшейген, дүние жүзін халықаралық тресттердің бөлісуі басталған және жер жүзінің бүкіл территориясын аса ірі капиталистік елдердің бөлісіп алуы аяқталған уақыттағы даму сатысында тұрған капитализм». Мен Каутскийдің империализмді сынаған сынының тіпті империализмді сынаған буржуазиялық, мещандық сыннан да төмен екендігін көрсеткен болатынмын.

Ақырында, 1917 жылы август пен сентябрьде, яғни Россиядағы (1917 жылғы 25 октябрьдегі — 7 ноябрьдегі) пролетарлық революцияға дейін мен «Мемлекет және революция. Марксизмнің мемлекет туралы ілімі және пролетариаттың революциядағы міндеттері»* деген кітапшаны жаздым, ол 1918 жылдың бас кезінде Петроградта шықты, міне осы кітапшаның «Оппортунистердің марксизмді қорлауы» туралы VI тарауында Каутскийге ерекше тоқталып, оның Маркс ілімін мүлде бұрмалағанын, оны оппортунизмге бейімдегенін, «революцияны сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде одан безгендігін» дәлелдедім.

Шын мәнісінде, Каутскийдің пролетариат диктатурасы туралы кітапшасындағы негізгі теориялық қатесі

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том. *Ред.*

Маркстің мемлекет туралы ілімін нақ оппортунистік тұрғыдан бұрмалаушылығында, менің «Мемлекет және революция» деген кітапшамда бұл бұрмалаулар толық ашып көрсетілген.

Бұл сияқты алдын ала ескертпелерді жасау қажет болды, өйткені ол ескертпелер большевиктердің мемлекеттік өкіметті қолға алуынан және ол үшін Каутскийдің большевиктерді айыптауынан *көп бұрын* менің Каутскийді ренегат деп ашықтан-ашық айыптағанымды дәлелдейді.

КАУТСКИЙ МАРКСТІ КӘДІМГІ ЛИБЕРАЛҒА ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫРДЫ

Каутскийдің өз кітапшасында қозғап отырған негізгі мәселесі — пролетарлық революцияның негізгі мазмұны туралы, атап айтқанда пролетариат диктатурасы туралы мәселе. Бұл — барлық елдер үшін, әсіресе алдыңғы қатарлы елдер үшін, әсіресе соғысып жатқан елдер үшін, әсіресе қазіргі уақытта аса зор маңызы бар мәселе. Бұл — бүкіл пролетарлық тап күресінің ең басты мәселесі десек, мұнымыз асырып айтқандық болмайды. Сондықтан бұған зер сала тоқталу қажет.

Каутский мәселені былай қояды: «социалистік екі бағыттың (яғни большевиктер мен большевик еместердің) қарама-қарсылығы» дегеніміз «негізінен өзгеше екі әдістің: *демократиялық* және *диктаторлық* әдістердің қарама-қарсылығы» (3-бет) дейді.

Жол-жөнекей айта кетелік, Россиядағы большевик еместерді, яғни меньшевиктер мен эсерлерді социалистер деп атағанда, Каутский пролетариаттың буржуазияға қарсы күресінде олардың алып отырған *шын орнына* емес, олардың атауына, яғни сөзге сүйенеді. Марксизмді тамаша түсіну және тамаша қолдану емес пе! Бірақ бұл туралы төменде толығырақ айтамыз.

Қазір басты нәрсені: «демократиялық және диктаторлық әдістердің» «негізгі қарама-қарсылығы» туралы Каутскийдің ұлы жаңалығын алып қарау керек. Мәселенің түйіні осында. Каутскийдің кітапшасының бүкіл мәні осында. Және мұның өзі сұмдық теориялық былық

екені, марксизмнен толық безушілік екені соншалық — Каутскийдің тіпті Бернштейннен де әлдеқайда асып түскенін мойындамасқа болмайды.

Пролетариат диктатурасы туралы мәселе дегеніміз пролетарлық мемлекеттің буржуазиялық мемлекетке, пролетарлық демократияның буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы мәселе. Бұл айдан айқын болса керек еді? Бірақ тарих оқулықтарын жаттаумен қатыпсеміп қалған әлдебір гимназия мұғалімі сияқты, Каутский XX ғасырға қасарыса ту сыртын береді де, бетін XVIII ғасырға бұрады, сөйтіп толып жатқан параграфтарында буржуазиялық демократияның абсолютизм мен орта ғасырлыққа көзқарасы туралы ескіні жүзінші рет, іш пысарлықтай етіп мыжи береді, мыжыған үстіне мыжи береді!

Шынында да, түсінде жөке күйсеген сияқты!

Мұның аты ненің неге қатысы барын мүлде түсінбегендік қой. Каутскийдің мәселені «демократиядан жиренуді» (11-бет) және т. с. уағыздап жүрген адамдар бар сияқты етіп көрсетуге әуре болуы тек күлкінді келтіреді ғой. Осындай түкке тұрғысыз нәрселермен Каутскийдің мәселені бүркемелеуіне және шатастыруына тура келеді, өйткені ол мәселені либералдарша, *буржуазиялық* демократия туралы емес, жалпы демократия туралы қояды, ол тіпті осы дәл, таптық ұғымнан аттонын ала қашады, сөйтіп «социалистікке дейінгі» демократия туралы айтуға тырысады. Кітапшаның үштен біріне жуығын, 63 беттің 20 бетін, біздің мылжың буржуазияға өте ұнамды былшылмен толтырған, өйткені буржуазиялық демократияны дәріптейді де, пролетарлық революция туралы мәселені бүркемелейді.

Бірақ Каутскийдің кітапшасының аты қалай дегенмен де «Пролетариат диктатурасы» ғой. Маркс ілімінің *мәні* нақ осында екендігі жалпыға мәлім. Сондықтан Каутскийдің тақырыптан тыс былшылдарының бәрінен кейін, Маркстің пролетариат диктатурасы туралы сөздерін келтіруіне *тура келді.*

«Марксист» Каутскийдің мұны *қалай* істегеніне келсек, бұл бір жатқан комедия! Тыңдаңыздар:

«Ол көзқарас Карл Маркстің бір сөзіне сүйенеді»

(Каутский оны демократиядан жирену деп жариялайды) — 20-бетте сөзбе-сөз осылай делінген. Ал 60-бетте бұл тіпті мынадай формада қайталап айтылған: (большевиктер) «Маркстің 1875 жылы хат ішінде бір рет пайдаланған: пролетариат диктатурасы туралы» «бір-ақ сөзін» (дәл осылай айтылған!! des Wörtchens) «дер кезінде ойларына түсіріпті».

Маркстің бұл «бір-ақ сөзі» мынадай болатын:

«Капиталистік қоғам мен коммунистік қоғамның арасында революциялық жолмен алғашқысын екіншісіне айналдыратын дәуір бар. Осы дәуірге саяси өтпелі дәуір де сәйкес келеді, ал бұл дәуірдің мемлекеті пролетариаттың революциялық диктатурасы, одан басқа еш нәрсе де емес»[100].

Біріншіден, Маркстің бүкіл революциялық іліміне қорытынды жасайтын оның осы атақты пайымдауын «бір сөз» немесе тіпті «бір-ақ сөз» деп атау марксизмді қорлағандық болады, одан толық безгендік болады. Каутскийдің Маркстi жатқа дерлік білетінін және, Каутскийдің барлық шимай-шатпақтарына қарағанда, оның жазу столында немесе басында бірсыпыра тақтай жәшіктер барын, Маркстің жазғандарының бәрі цитат алуға аса ыңғайлы және аса қолайлы түрде сол жәшіктерге салып қоюлы екенін ұмытпау керек. Маркстің де, Энгельстің де өздерінің хаттарында да, басылып шыққан шығармаларында да, Коммунадан бұрын, әсіресе одан кейін, пролетариат диктатурасы туралы *сан рет* айтқандарын Каутскийдің *білмеуі мүмкін емес*. «Пролетариат диктатурасы» деген формула пролетариаттың буржуазиялық мемлекеттік машинаны «қирату» жөніндегі міндетін неғұрлым тарихи-нақты және ғылыми-дәл түрде баяндау ғана екенін, бұл (міндет) туралы Маркстің де, Энгельстің де, 1848 жылғы революцияның, одан да гөрі 1871 жылғы революцияның тәжірибесін ескере отырып, 1852 жылдан 1891 жылға дейін, *қырық жыл бойы* айтып келгенін Каутскийдің білмеуі мүмкін емес.

Марксизмді жаттағыш Каутскийдің марксизмді бұл сұмдық бұрмалауын қалайша түсіндіруге болады? Егер бұл құбылыстың философиялық негіздері туралы айтатын болсақ, онда мәселе диалектиканы эклектицизммен

және софистикамен алмастыруға келіп тіреледі. Каутский — мұндай алмастырудың асқан шебері. Егер практикалық-саяси жағынан айтатын болсақ, онда мәселе оппортунистер алдында, яғни, сайып келгенде, буржуазия алдында, малайлық етуге келіп тіреледі. Соғыстың басынан бері Каутский сөз жүзінде марксист болу, іс жүзінде буржуазияның малайы болу өнерінс біртіндеп, біртіндеп айлалы-шапшаңдықпен әбден жетіліп алды.

Маркстің пролетариат диктатурасы туралы «бір-ақ сөзін» Каутскийдің қалай тамаша «түсіндіргенін» көрген кезде, бұған онан сайын көзің жете түседі. Тыңдаңыздар:

«Амал не, Маркс бұл диктатураны өзінің қалай ұғынатынын толығырақ көрсетуді ұмытып кеткен...» (Бұл ренегаттың бастан-аяқ өтірік сылдыр сөзі, өйткені Маркс пен Энгельс бұл жөнінде толып жатқан әбден толық нұсқаулар берген болатын, марксизмді жаттағыш Каутский оларды әдейі айтпай отыр.) «...Сөзбе-сөз алғанда, диктатура деген сөздің мәнісі демократияны жою. Бірақ, әлбетте, сөзбе-сөз алғанда бұл сөздің мәнісі ешқандай заңдармен байланыссыз жеке бір адамның дара билік жүргізуі деген сөз болып та табылады. Бұл дара билік жүргізудің деспотизмнен өзгешелігі сол, ол тұрақты мемлекеттік мекеме есебінде болмайды, ушқарылықтың өткінші шарасы болады.

«Пролетариат диктатурасы» деген сөз, демек, бір адамның диктатурасы емес, бір таптың диктатурасы болады, мұның өзі Маркс бұл арада сөздің дәлме-дәл мағынасындағы диктатураны айтып отыр дегенді жоққа шығарады.

Ол бұл арада *басқару формасы* туралы емес, пролетариат саяси өкіметті жеңіп алған жерлердің бәрінде де қажетті түрде тууға тиісті *жағдай* туралы айтты. Маркстің бұл арада басқару формасын айтып отырмағандығын мынаның өзі-ақ дәлелдеп отыр: ол Англияда және Америкада бұл өтудің бейбіт түрде, демек, демократиялық жолмен болуы мүмкін деген көзқараста болды» (20-бет).

«Теоретик» Каутскийдің қандай тәсілдерді қолданып отырғанын оқушы айқын көре алу үшін біз бұл пайымдаудың бәрін әдейі толық келтіріп отырмыз.

Каутский мәселеге диктатура деген *«сөзге»* анықтама беруден бастап кіріскісі келді.

Өте жақсы. Мәселеге қалауынша кірісу — әркімнің қасиетті правосы. Тек мәселеге шындап және адал ниетпен кірісуді арам ниетпен кірісуден айыра білу керек. Кімде-кім мәселеге осындай әдіспен кірісетін жағдайда

іске байсалды қарағысы келсе, ол адам «сөзге» *өзінің анықтамасын* беруі керек болар еді. Сонда мәселе айқын және тура қойылған болар еді. Каутский мұны істемейді. «Сөзбе-сөз алғанда,— деп жазады ол,— диктатура деген сөздің мәнісі демократияны жою».

Біріншіден, бұл анықтама емес. Егер Каутскийге диктатура деген ұғымға анықтама беруден жалтару керек болса, онда мәселеге бұлайша кірісудің қажеті не еді?

Екіншіден, бұл көрінеу дұрыс емес. Либералдың «демократия» туралы жалпылама айтуы табиғи нәрсе. Ал марксист: «қай тап үшін?» деп сұрақ қоюды ешқашан ұмытпайды. Мысалы, антик мемлекетінің мәні *құл иеленушілер диктатурасы* екенін ежелгі замандағы құлдардың көтерілістері немесе тіпті күшті қобалжулары бірден көрсетеді, мұны әркім біледі, мұны «тарихшы» Каутский де біледі. Осы диктатура құл иеленушілер *арасындағы,* солар *үшін* керекті демократияны жойды ма? Жұрттың бәріне белгілі, жойған жоқ.

«Марксист» Каутский масқара сорақылық және өтірік айтып отыр, өйткені тап күресін *«ұмытып»* кеткен...

Каутский айтып отырған либералдық және өтірік пайымдаудан маркстік және ақиқат пайымдауды шығару үшін мынаны айту керек: диктатура дегеніміз басқа таптардың үстінен осы диктатураны жүзеге асырып отырған тап үшін демократияны міндетті түрде жою болып табылмайды, бірақ ол диктатура қай таптың үстінен немесе қай тапқа қарсы жүзеге асырылатын болса, сол тап үшін демократияны міндетті түрде жою болады (немесе өте елеулі түрде тежеу болады, ал мұның өзі де жою түрлерінің бірі).

Бірақ, бұл пайымдау қаншама ақиқат бола тұрса да, ол диктатураның анықтамасын бермейді.

Каутскийдің келесі сөзін алып қарайық:

> «...Бірақ, әлбетте, сөзбе-сөз алғанда, бұл сөздің мәнісі ешқандай заңдармен байланыссыз жеке бір адамның дара билік жүргізуі деген сөз болып та табылады...»

Біресе о жерді, біресе бұ жерді беталды түрткілей беретін көзі ашылмаған күшікке ұқсаған Каутский бұл арада *бір* дұрыс пікірге (атап айтқанда, диктатура —

ешқандай заңдармен байланыссыз билік деген пікірге) кез келіп қалыпты, бірақ *сонда да* диктатураның анықтамасын *бермей кетті* және, оның үстіне, диктатура дегеніміз бір адамның билігі болады-мыс деген көрінеу тарихи теріс нәрсені айтты. Бұл тіпті грамматика жағынан да дұрыс емес, өйткені бір топ адам да, олигархия да, бір тап та, т. т. диктаторлық жасай алады.

Одан әрі Каутский диктатураның деспотизмнен айырмашылығын көрсетеді, бірақ, оның көрсетуі көрінеу теріс болса да, біз оған тоқталып жатпаймыз, өйткені біздің назар аударып отырған мәселемізге мұның мүлде қатысы жоқ. Каутскийдің XX ғасырдан XVIII ғасырға, ал XVIII ғасырдан ежелгі антик заманына қарай бет бұруға бейім екендігі белгілі, сондықтан біз неміс пролетариаты диктатураны орнатып алғаннан кейін, Каутскийді гимназиядағы ежелгі заман тарихының мұғалімі етіп отырғызып, оның осы бейімділігін еске алар деп сенеміз. Деспотизм туралы білгірлікке салыну арқылы пролетариат диктатурасына анықтама беруден жалтарып шығу не шектен асқан зердесіздік, не өте дөрекі алаяқтық болады.

Қорыта келгенде біздің айтарымыз мынау: диктатура туралы айтпақшы болған Каутский көріне көп өтірік айтты да, ешқандай анықтама бермей кетті! Каутский өзінің ақыл-ой қабілетіне сенбей, жадына сүйеніп, Маркстің диктатура туралы айтқандарының бәрін «жәшіктерден» ала салуына болатын еді. Онда ол, тегі, не төмендегідей, не шын мәніне келгенде осыған дәл келетін анықтама берген болар еді:

Диктатура дегеніміз тікелей күштеуге сүйенетін, ешқандай заңдармен шектелмеген өкімет.

Пролетариаттың революциялық диктатурасы дегеніміз пролетариаттың буржуазиядан күштеу арқылы жеңіп алған және күштеуге сүйенетін өкіметі, ешқандай заңдармен шектелмеген өкімет.

Міне осы қарапайым ақиқатты, әрбір саналы жұмысшыға (капиталистер сатып алған мещан нағылеттің жоғарғы тобы болып табылатын барлық елдердің социал-империалистеріне емес, бұқараның өкіліне) айдан анық ақиқатты, өзінің азаттығы үшін күресіп жатқан

қаналғандардың әрбір өкіліне айқып осы ақиқатты, әрбір марксиске даусыз осы ақиқатты асқан оқымысты Каутский мырзадан «соғысып тартып алуға» тура келеді! Мұны немен түсіндіруге болады? Буржуазия қызметіндегі жексұрын өсекшілер болып алған II Интернационал көсемдерінің бойына сіңген малайлықтың рухы деп түсіндіру керек.

Әуелі Каутский диктатура деген сөздің сөзбе-сөз мағынасы жеке-дара диктаторды білдіреді деп, айқын сорақы, айла-шарғы жасады, ал одан кейін ол — осы айла-шарғыға сүйеpe отырып! — Марксте таптың диктатурасы туралы сөздер сөзбе-сөз мағынаны *бермейді* (мынадай мағына береді: бұл бойынша диктатура дегеніміз революциялық күштеу емес, буржуазиялық «демократия» тұсында,— мұны еске алып қойыңыз,— көпшілікті «бейбіт жолмен» өз жағыңа тарту) «екен» дегенді айтты.

«Жағдайды» «басқару формасынан» ажырата білу керек екен. Таңданарлықтай терең мағыналы ажырату, ажырату болғанда, егер біз ақылсыз пайымдайтын адамның зердесіздік «жағдайын» оның зердесіздіктерінің «формасынан» ажыратып қарайтын болсақ, дәл сол сияқты болып шығатын ажырату.

Каутскийге диктатураны «үстемдік жағдайы» деп түсіндіру *керек* (бұл сөз оның еңбегінің келесі, 21-бетінде дәл осылай айтылған), өйткені онда *революциялық күштеу жоғалады, күштеумен жасалатын революция* жоғалады. «Үстемдік жағдайы» дегеніміз кез келген көпшіліктің... «демократия» тұсында болатын жағдайы! Осындай алаяқтық сиқыр арқылы *революция* оп-оңай *жоғалады!*

Бірақ бұл тым дөрекі алаяқтық, сондықтан ол Каутскийді құтқара алмайды. Диктатура дегеніміз бір таптың екінші тапқа *революциялық күш жұмсау* «жағдайын» керек қылады және соны көрсетеді, ал бұл ренегаттарға ұнамайды, мұндай «біз қап түбінде жатпас». «Жағдай» мен «басқару формасын» ажыратудың сорақылығы қалқып шыға келеді. Бұл арада басқару формасы туралы айтудың өзі барып тұрған зердесіздік, өйткені монархия мен республика басқарудың әр түрлі

формалары екенін кез келген бала да біледі. Каутский мырзаға басқарудың осы екі формасының *екеуі де,* капитализм тұсындағы барлық өтпелі «басқару формалары» сияқты, *буржуазиялық мемлекеттің,* яғни *буржуазия диктатурасының* түрлері ғана деп дәлелдеу керек.

Басқару формалары туралы айтудың өзі, ақыр-аяғында, Маркстi зердесіздікпен бұрмалау ғана емес, сонымен қатар өрескел бұрмалау, өйткені Маркс бұл арада басқару формасы туралы емес, *мемлекеттің* формасы немесе типі туралы ап-айқын айтып отыр.

Буржуазиялық мемлекеттік машинаны күштеп қиратпайынша және оны *жаңа* мемлекеттік машинамен ауыстырмайынша, пролетарлық революцияның болуы мүмкін емес, ал осы жаңа машина, Энгельстің айтуынша, «енді шын мағынасында мемлекет болып табылмайды»[101].

Каутскийге мұның бәрін боямалап, өтірік айту керек — оның ренегаттық позициясы осыны талап етеді.

Оның қандай бейшаралық жалтарыстарға салып отырғанын қарацызшы.

Бірінші жалтарыс. «...Маркстің бұл арада басқару формасын айтып отырмағандығы оның Англия мен Америкада бейбіт төңкеріс, яғни демократиялық жолмен істелетін төңкеріс мүмкін деп есептегендігімен дәлелденеді...»

Басқару формасының бұл арада ешбір қатысы жоқ, өйткені буржуазиялық *мемлекет* типіне жатпайтын, мысалы, соғыс құмар топтары жоқ монархиялар болады және сондай мемлекет типіне әбден жататын, мысалы, соғыс құмар топтары мен бюрократиясы бар республикалар да болады. Бұл жалпыға белгілі тарихи және саяси факт, сондықтан оны Каутский бұрмалай алмас.

Егер Каутский байыпты және адал пайымдағысы келген болса, ол өзіне: революцияға қатысы бар және ерекшеліктер дегенді білмейтін тарихи заңдар бола ма?— деп сұрақ қойған болар еді. Мұның жауабы: жоқ, ондай заңдар жоқ деген сөздер болар еді. Мұндай заңдар типтік нәрсені ғана, Маркстің бір жолы орташа, қалыпты, типтік капитализм деген мағынада «идеалды» деп атаған нәрсесін ғана көрсетеді.

Одан соң. *Осы жағынан алып қарағанда* Англия мен Америкадан ерекшелік жасағандай бірдеңе 70-жылдарда болды ма? Ғылымның тарихи мәселелер жөнінде қоятын талабымен азды-көпті таныстығы бар адамның қай-қайсысына болса да бұл сұрақты қоюдың қажеттігі айқын нәрсе. Бұл сұрақты қоймау — ғылымды бұрмалау деген сөз, софизмге бой ұру деген сөз. Ал бұл сұрақты қойған соң, мұның жауабы мынадай екендігіне күмәндануға болмайды: пролетариаттың революциялық диктатурасы дегеніміз буржуазияга қарсы *күш жұмсау;* ал осы күш жұмсаудың қажеттігі, Маркс пен Энгельстің (әсіресе «Франциядағы азамат соғысы» мен соған жазған алғы сөзінде) егжей-тегжейіне дейін және әлденеше рет түсіндіргеніндей, *әсіресе соғысқұмар топтар мен бюрократияның* болып отырғандығынан туады. Дәл осы мекемелер, дәл Англия мен Америкада, Маркс өзінің ескертпесін жасаған XIX ғасырдың дәл 70-жылдарында *болған емес!* (Ал қазір олар Англияда да, Америкада да *бар.*)

Өзінің ренегаттығын бүркемелеу үшін Каутскийге қадам басқан сайын нақ алаяқтық жасауына тура келеді!

Оның бұл арада абайсызда келіп өзінің есек құлағын көрсетіп алғандығын ескеріп қойыңыз: ол: «бейбіт түрде, *яғни демократиялық жолмен»* деп жазады!!

Диктатураға анықтама бергенде Каутский бұл ұғымның негізгі белгісін, атап айтқанда: революциялық *күш жұмсауды* оқушыдан жасыруға барынша тырысып бақты. Ал қазір шындықтың беті ашылып: мәселе *бейбіт төңкеріс* пен *күш жұмсалатын төңкерістің* қарама-қарсылығы туралы болып отыр.

Бар бәле міне осында. Жалтарыстардың, софизмдердің, алаяқтық бұрмалаулардың бәрі Каутскийге *күш жұмсау* революциясынан *жалтару* үшін, өзінің одан безуін, өзінің *либералдық* жұмысшы саясаты жағына, яғни буржуазия жағына шығуын бүркемелеу үшін керек болды. Бар бәле міне осында.

«Тарихшы» Каутскийдің тарихты арсыздықпен бұрмалап отырғаны сонша, ол басты нәрсені: монополияға дейінгі капитализм — оның шырқау шыңы XIX ғасыр-

дың нақ 70-жылдары болған — Англия мен Америкаға өте-мөте тән өзінің негізгі *экономикалық* сипаттары себепті біршама анағұрлым бейбітшіл және бостандық сүйгіш болып келгенін «ұмытады». Ал империализм, яғни XX ғасырда ғана біржолата өсіп жетілген монополистік капитализм, өзінің негізгі *экономикалық* сипаттары себепті, бейбітшілдігі мен бостандық сүйгіштігі өте-мөте аз, ал соғысқұмар топтарды дамытуы барлық жерде бірдей және өте-мөте күшті болып келеді. Бейбіт жолмен немесе күш жұмсау жолымен жасалатын төңкерістің қаншалықты типтік немесе қаншалықты ықтимал екенін пайымдай отырып, осыны «байқамау»— буржуазияның кәдімгі малайының дәрежесіне дейін құлдырау деген сөз.

Екінші жалтарыс. Париж Коммунасы пролетариат диктатурасы болды, бірақ ол *жалпыға бірдей* дауыс беру жолымен, яғни буржуазияны оның сайлау праволарынан айырмастан, яғни *«демократиялық жолмен»* сайланды. Сондықтан Каутский мәз бола қалады: «...Пролетариат диктатурасы дегеніміз Маркс үшін» (немесе Маркстше), «егер пролетариат көпшілік болатын болса, таза демократиядан қажетті түрде туатын жағдай болды» (bei überwiegendem Proletariat, S. 21) дейді.

Каутскийдің бұл дәлелінің адам күлерлік екені сонша, шынында нағыз embarras de richesses-ке (қарсылықтардың... молдығынан қиыншылыққа) душар боласың. Біріншіден, буржуазияның бетке ұстары, штабы, жоғарғы тобы Париждең Версальға қашқандығы белгілі. Версальда «социалист» Луи Блан болды, осының өзі, айта кетелік, Коммунаға социализмнің «барлық бағыттары» қатысты дейтін Каутскийдің сөздері өтірік екендігін көрсетеді. Париж халқының соғысушы екі лагерьге, бір жағы бүкіл жауынгер, саяси белсенді буржуазияны шоғырландырған лагерь болып, бөлінуін «жалпыға бірдей дауыс беруі» бар «таза демократия» деп көрсету адам күлерлік нәрсе емес пе?

Екіншіден, Коммуна Версальға қарсы күресенде, *Францияның* жұмысшы үкіметі ретінде буржуазиялық үкіметке қарсы күресті. Францияның тағдырын Париж шешіп жатқан кезде, бұл арада «таза демократия» мен

«жалпыға бірдей дауыс берушіліктің» қандай қатысы бар? Маркс: бүкіл Францияға қарасты банкті басып алмай, Коммуна қате жасады[102] дегенде, Маркс «таза демократияның» принциптері мен практикасына сүйенген жоқ па екен??

Бір жақсысы, Каутский мұны жұрттың «жапа-тармағай» күлуіне полиция тыйым салатын елде жазып отыр, әйтпесе Каутский жұрттың күлкісінен-ақ өліп кеткен болар еді.

Үшіншіден. Энгельстің Коммунаға «таза демократия» тұрғысынан... берген мына бағасын Маркс пен Энгельсті жатқа білетін Каутский мырзаның есіне сыпайы түрде сала кетпекпін:

«Бұл мырзалар» (антиавторитаристер) «революцияны бұрын-соңды көрді ме екен? Күмән жоқ, революция — мүмкін болғанынша, мейлінше авторитарлы нәрсе. Революция — халықтың бір бөлегі екінші бөлегіне өзінің еркін мылтық, найза, зеңбірек арқылы, яғни өте-мөте авторитарлы құралдар арқылы орындаттыратын акт. Сөйтіп, жеңген партия өз қаруының реакционерлерге туғызатын үрейі арқылы өзінің үстемдігін сақтап тұруға қажеттіліктен мәжбүр болады. Егер Париж Коммунасы буржуазияға қарсы қаруланған халықтың беделіне сүйенбеген болса, ол бір күннен артық өмір сүре алар ма еді? Керісінше, Коммуна сол беделді тым аз пайдаланды деп біз оған кінә тағуға праволы емеспіз бе?»[103].

Міне сізге «таза демократия» керек болса! Таптарға бөлінген қоғамда «таза демократия» болуы туралы жалпылама айтуды ойына алған (француздық мағынада — 40-жылдардағы және жалпы европалық мағынада — 1914—1918 жылдардағы) пасық мещанды, «социал-демократты» Энгельс қандай келекелеген болар еді!

Бірақ осы да жетер. Каутскийдің айтқан жеке сорақылықтарының бәрін тізіп айтып жату мүмкін емес, өйткені оның әрбір сөзінде түпсіз тұңғиық ренегаттық бар.

Маркс пен Энгельс Париж Коммунасына егжей-тегжейіне жете талдау жасады, оның сіңірген еңбегі «дайын мемлекеттік машинаны» *қиратуға, сындыруға*

әрекеттенгендігінде екенін көрсетті[104]. Маркс пен Энгельс бұл қорытындыны маңызды деп санағаны сонша, олар «Коммунистік Манифестің» «ескірген» (ішінара) программасына 1872 жылы *тек* осы түзетуді ғана енгізді[105]. Маркс пен Энгельс Коммунаның армия мен чиновниктерді жойғанын, *парламентаризмді* жойғанын, «паразиттік өлі ет — мемлекетті» қиратқанын, т. т. көрсетті, ал данасынған Каутский, көзін тас жұмып, либералдық профессорлардың мың қайтара айтып жүрген нәрсесін — «таза демократия» туралы ертегіні қайталайды.

Неміс социал-демократиясы енді *сасық өлексеге* айналды деп 1914 ж. 4 августа Роза Люксембург бекер айтпаған.

Үшінші жалтарыс. «Егер біз диктатураны басқару формасы дейтін болсақ, онда біз таптың диктатурасы болады дей алмаймыз. Өйткені тап, біздің жоғарыда ескертіп өткеніміздей, үстемдік қана ете алады, бірақ басқара алмайды...» Ал басқаратын — «ұйымдар» немесе «партиялар» ғой.

Былықтырып отырсыз, сұмдық былықтырып отырсыз, «былықтырушы советник» мырза! Диктатура дегеніміз «басқару формасы» емес, бұлай деу кісі күлерлік сандырақ. Маркс «басқару формасы» туралы айтып отырған жоқ, *мемлекеттің* формасы немесе типі туралы айтып отыр. Бұл тіпті басқа нәрсе, тіпті басқа нәрсе. Сондай-ақ *тап* басқара алмайды деу де мүлде теріс: мұндай сандырақты буржуазиялық парламенттен басқа дәнемені көрмейтін, «билеуші партиялардан» басқа дәнемені байқамайтын «парламенттік кретин» ғана айта алады. Кез келген европалық ел Каутскийге елді үстем *таптың* басқарып отырғанын, мысалы, орта ғасырларда өз ұйымшылдығының жеткіліксіздігіне қарамастан, помещиктердің басқарғанын көрсете алады.

Қорытынды: Каутский Марксті кәдімгі либералға айналдырып, пролетариат диктатурасы деген ұғымды естіп-көрмеген дәрежеде бұрмалады, яғни Каутскийдің өзі де либералдың — езілген таптың *революциялық күш жұмсауынан* бәрінен де гөрі көбірек шошынып, *буржуазиялық* демократияның таптық мазмұнын боямалай

және бүркемелей отырып, «таза демократия» туралы аузына келгенін оттайтын либералдың деңгейіне дейін құлдырады. Каутский «пролетариаттың революциялық диктатурасы» ұғымын езілген таптың езушілерге қарсы революциялық күш жұмсауы жоғалатындай етіп «түсіндірген» кезде Маркстi либералдық түрде бұрмалау жағынан бүкіл дүние жүзілік рекорд жасады. Ренегат Каутскиймен салыстырғанда ренегат Бернштейн тек күшік қана болып шықты.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

Каутскийдің мейілінше шатастырған мәселесі іс жүзінде мынадай мәселе болып шығады.

Егер дұрыс мағынаға және тарихқа қиянат еткіміз келмесе, әр түрлі *таптар* өмір сүріп отырғанда «таза демократия» туралы айтуға болмайтыны, тек *таптық* демократия туралы ғана айтуға болатыны анық. (Жақша ішінде айталық, «таза демократия» дегеніміз таптардың күресін де, мемлекеттің мәнін де түсінбеушілікті көрсететін *надандық* сөз ғана емес, сонымен қатар түк мәні жоқ жел сөз, өйткені коммунистік қоғамда демократия өзгере келіп және әдетке айнала келіп, *құриды,* бірақ еш уақытта «таза» демократия болмайды.)

«Таза демократия» — жұмысшыларды ақымақ ететін либералдың жалған сөзі. Тарих феодализмнің орнын басатын буржуазиялық демократия екенін және буржуазиялық демократияның орнын басатын пролетарлық демократия екенін біледі.

Егер Каутский буржуазиялық демократия орта ғасырлықпен салыстырғанда прогресшіл деген және оны пролетариат өзінің буржуазияға қарсы күресінде міндетті түрде пайдалануға тиіс деген ақиқатты «дәлелдеуге» ондаған дерлік беттер арнап отырса, онда бұл — жұмысшыларды ақымақ ететін нақ либералдық мылжыңдау. Бұл — мәдениетті Германияда ғана емес, сонымен қатар мәдениетсіз Россияда да — труизм. Қазіргі, яғни *капиталистік,* демократияның *буржуазиялық* мәніне *соқпай өту үшін* Вейтлинг туралы да, Парагвайдағы иезуиттер туралы да және басқа то-

лып жатқан нәрселер туралы да маңғазсыған кейіппен әңгімелей келіп, Каутский жұмысшылардың көзіне «ғалымсына» топырақ шашып қана отыр.

Каутский марксизмнің либералдарға, буржуазияға тиімді жерін (орта ғасырлықты сынағанын, жалпы алғанда капитализмнің, жекелеп алғанда капиталистік демократияның прогрестік тарихи ролін) ғана алады, ал марксизмнің буржуазияға *тиімсіз* жерін (буржуазияны жою үшін пролетариаттың оған қарсы революциялық күш жұмсауын) лақтырып тастайды, айтпайды, бүркемелейді. Өзінің субъективтік сенімі қандай болса да, Каутский өзінің объективті жағдайынан келіп, сөзсіз буржуазияның малайы болып шығатыны да міне осыдан.

Орта ғасырлықпен салыстырғанда ұлы тарихи прогресс бола тұрып, буржуазиялық демократия әрқашан тар, күзелген, жалған, екіжүзді демократия болып, байлар үшін жұмақ, езілгендер үшін, кедейлер үшін тұзақ, алдау болып қала береді — капитализм тұсында солай болып қалмасына оның амалы жоқ. Маркстік ілімнің аса мәнді құрамдас бөлігі болып табылатын осы ақиқатты «марксист» Каутский түсінбеген. Міне осы — түбегейлі — мәселеде Каутский буржуазиялық демократияның қандайын болса да байлар үшін демократия ететін жағдайларды ғылыми тұрғыдан сынаудың орнына буржуазияның алдына «ұнамды нәрсені» әкеліп тартады.

Алдымен біздің жаттампазымыз масқара болып (буржуазияға жағыну үшін) «ұмытып қалған» Маркс пен Энгельстің теориялық мәлімдемелерін ғалымсымақ Каутский мырзаның есіне салайық, ал одан кейін істі неғұрлым кеңірек алып түсіндіреміз.

Ежелгі және феодалдық мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар «қазіргі өкілетті мемлекет те капиталдың жалдама еңбекті қанау құралы болып отыр» (Энгельстің мемлекет туралы шығармасында айтқаны)[106]. «Мемлекет дегеніміз күресте, революцияда өз дұшпандарын күшпен басып-жаншу үшін пайдалануға тура келетін тек өткінші мекеме ғана болғандықтан, ерікті халықтық мемлекет туралы сөз қылуда түк мағына жоқ: пролета-

риат өзірше мемлекетке *мұқтаж болып отыр,* ол оған бостандық мүдделері үшін емес, өзінің дұшпандарын басып-жаншу мүдделері үшін мұқтаж болып отыр, ал бостандық туралы сөз қозғау мүмкін болған кезде, мемлекет мемлекет ретінде өмір сүруден қалады» Энгельстің 28. III. 1875 Бебельге жазған хатында)[107]. «Мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапты басып-жаншуына арналған машинадан басқа еш нәрсе де емес, сөйтіп ол демократиялық республикада монархиядағыдан ешбір кем соқпайды» (Маркстің «Азамат соғысына» Энгельстің жазған алғы сөзінде)[108]. Жалпыға бірдей сайлау правосы — «жұмысшы табының есейгендігінің көрсеткіші. *Қазіргі мемлекетте ол бұдан артық бере алмайды және еш уақытта бермейді»* (Энгельс өзінің мемлекет туралы шығармасында[109]. Осы қағиданың буржуазияға тиімді бірінші бөлегін Каутский мырза кісіні әбден мезі қылып мыжи береді. Ал біз баса көрсеткен және буржуазияға тиімсіз келетін екінші бөлегін ренегат Каутский айтпайды!). «Коммуна парламентарлық болмай, жұмыс істейтін, әрі заң шығаратын, әрі заңды орындайтын корпорация болуға тиіс болды... Үстем таптың қай мүшесі парламентте халықтың өкілі болуға, халықты басып-жаншып отыруға (ver- und zertreten) тиіс екендігін үш немесе алты жылда бір рет шешудің орнына, мұның орнына, жеке сайлау правосының жұмыс берушінің қай-қайсысының болса да көздеген мақсатына қызмет ететіні сияқты, жалпыға бірдей сайлау правосы коммуналарға ұйымдасқан халыққа оның өз кәсіпорындарына жұмысшылар, бақылаушылар, бухгалтерлер іздестіріп тауып алуы үшін қызмет етуге тиіс болды» (Маркстің Париж Коммунасы туралы «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасында)[110].

Тым ғалымсымақ Каутский мырзаға тамаша мәлім осы қағидалардың әрқайсысы оның көзін шұқып, бүкіл ренегаттығын әшкерелейді. Каутскийдің бүкіл кітапшасында осы ақиқаттарды ұғынудың ұшқыны да жоқ. Оның кітапшасының бүкіл мазмұны марксизмді қорлау болып отыр!

Қазіргі мемлекеттердің негізгі заңдарын алып қараңыз, ол мемлекеттерді басқару ісін алып қараңыз, жи-

налыстар немесе баспасөз бостандығын алып қараңыз, «азаматтардың заң алдында теңдігін» алып қараңыз,— сонда сіз қадам басқан сайын буржуазиялық демократияның әрбір адал және саналы жұмысшыға әбден таныс екіжүзділігін көресіз. «Тәртіпті бұза қалған жағдайда»,— ал іс жүзінде, езілген тап өзінің құлдық жағдайын «бұзғап», өзін құлдарша ұстамауға әрекеттенген жағдайда,— буржуазияның жұмысшыларға қарсы әскер шығару, соғыс жағдайын жариялау, т. с. істеу мүмкіндігін қамтамасыз ету жөнінде конституцияларында түрлі сақылаулар мен ескертулер болмайтын бірде-бір мемлекет, тіпті ең демократиялық деген мемлекет те жоқ. Каутский буржуазиялық демократияны арсыздықпен әсірелеп көрсетеді, ол, мәселен, ең демократияшыл және республикашыл буржуа Америкада немесе Швейцарияда ереуіл жасаушы жұмысшыларға қарсы не істеп жатқанын мүлде айтпайды.

Шіркін, несіп айтасың, данышпан, ғалым Каутский бұл туралы ештеңе айтпайды! Ол, осы оқымысты саяси қайраткер, бұл туралы үндемеу пасықтық екенін түсінбейді. Ол жұмысшыларға демократия дегеніміз «азшылықты қорғау» болады деген сияқты баланың ертегісін айтуды артық көреді. Адам сенгісіз, бірақ факт! Христостың туғанынан есептегенде 1918-дің жазында, бүкіл дүние жүзілік империалистік қырғынның және дүние жүзінің барлық «демократияларындағы» интернационалистік азшылықты тұншықтырудың (яғни Ренодельдер мен Лонгелер сияқты, Шейдемандар мен Каутскийлер сияқты, Гендерсондар мен Веббтер, т. с. сияқты социализмді жексұрындықпен сатып кеткендерді тұншықтырудың емес) бесінші жылында, ғалым Каутский мырза «азшылықты қорғауды» тәтті, тәтті дауыспен дәріптейді. Оқығысы келген адам мұны Каутский кітапшасының 15-бетінен оқи алады. Ал 16-бетінде бұл ғалым... индивид сіздерге XVIII ғасырда Англияда болған виглер мен торилер[111] туралы айтып береді!

Шіркін, ғалымдық-ай! Шіркін, буржуазияның алдында елпек қаққан малайлық-ай! Шіркін, капиталистер алдында құрдай жорғалап, солардың етігінің жұлығын жалаған мәдениетті әдеп-ай! Егер мен Крупп немесе

Шейдеман, немесе Клемансо, немесе Ренодель болсам, мен Каутский мырзаға миллиондап төлеп, оны Иуданың сүйісімен құрметтеген болар едім, оны жұмысшылар алдында дәріптеген болар едім, Каутский сияқты соншама «қадірменді» адамдармен «социализмнің бірлігін» ұсынған болар едім. Пролетариат диктатурасына қарсы кітапшалар жазу, XVIII ғасырда Англиядағы вигтер мен торилер туралы әңгіме айту, демократия дегеніміз «азшылықты қорғау» болады деп сендіру, содан кейін «демократиялық» Америка республикасындағы интернационалистерге қарсы *ойрандар* жөнінде жұмған ауызды ашпау,— міне бұл буржуазияға малайлық қызмет ету емей немене?

Ғалым Каутский мырза бір «ұсақ нәрсені» «ұмытқан»— сірә, әлдеқалай ұмытса керек... атап айтқанда: азшылықты қорғауды буржуазиялық демократияның үстем партиясы басқа бір *буржуазиялық* партияға ғана беретінін, ал пролетариаттың үлесіне әрбір *елеулі, терең мәнді, түбегейлі* мәселеде «азшылықты қорғаудың» орнына соғыс жағдайлары немесе ойрандар тиетінін ұмытса керек. *Демократия неғұрлым көбірек дамыған болса, буржуазияға қауіпті әрбір терең саяси пікір алалығы тұсында, ойранға немесе азамат соғысына соғұрлым жақын болады.* Буржуазиялық демократияның бұл «заңын» ғалым Каутский мырза республикалық Францияда Дрейфустың ісінен[112], демократиялық Америка республикасында негрлер мен интернационалистерді үкімсіз өлтіруден, демократиялық Англияда Ирландия мен Ульстер мысалынан[113], демократиялық Россия республикасында 1917 жылы апрельде большевиктерді қуғындаудан және оларға қарсы ойран ұйымдастырудан байқай алған болар еді. Мен мысалдарды тек соғыс кезінен ғана емес, сонымен бірге соғыстан бұрынғы, бейбіт кездерден де әдейі келтіріп отырмын. Жылымшы тілді Каутский мырзаға XX ғасырдың бұл фактілерін көрмеу, оның есесіне жұмысшыларға XVIII ғасырдағы вигтер мен торилер жайында таңданарлықтай жаңа, тамаша қызық, айрықша өнегелі, аса маңызды нәрселер айту тиімді болып отыр.

Буржуазиялық парламентті алып қараңыз. Демокра-

тия *неғұрлым күштірек* дамыған болса, биржа мен банкирлер буржуазиялық парламенттерді *соғұрлым көбірек* бағындырып алатынын ғалым Каутский ешқашан естіген жоқ деп ойлауға бола ма? Бұдан буржуазиялық парламентаризмді пайдалану керек емес деген мағына тумайды (және большевиктер оны дүние жүзіндегі басқа партияның бәрінен де гөрі дерлік ойдағыдай пайдаланды, өйткені 1912—1914 жылдарда біз IV Думада бүкіл жұмысшы куриясы бойынша жеңіске жеттік). Бірақ бұдан буржуазиялық парламентаризмнің *тарихи өресіздігі мен шарттылығын* Каутскийдің ұмытқаны сияқты, тек либерал ғана ұмыта алады деген мағына туады. Капиталистердің «демократиясы» жариялайтын *формальды* теңдік пен пролетарларды *жалдама құл* ететін мыңдаған *іс жүзіндегі* шектеулердің және айла-шарғылардың арасындағы сұмдық қайшылықтарды езілген бұқара ең демократиялық буржуазиялық мемлекеттің өзінде де қадам басқан сайын кездестіреді. Капитализмнің шірігендігін, жалғандығын, екіжүзділігін бұқараға нақ осы қайшылық ашып көрсетеді. Бұқараны революцияға *әзірлеу үшін* социализмнің үгітшілері мен насихатшылары нақ осы қайшылықты бұқара алдында үнемі әшкерелеп отырады! Ал революциялар заманы *басталған* кезде, Каутский оған сырт беріп, *өліп бара жатқан* буржуазиялық демократияның кереметтерін дәріптей бастады.

Пролетарлық демократия, Совет өкіметі осы демократияның бір формасы, халықтың нақ орасан көпшілігіне арналған, езілгендер мен еңбекшілерге арналған демократияны дүние жүзінде болып көрмеген дәрежеде дамытып, кеңейтті. Каутскийдің істегеніндей, демократия туралы тұтас бір кітапша жазып, оның екі бетінде ғана диктатура туралы, ал ондаған беттерінде «таза демократия» туралы айту,— және осыны *байқамау* — мәселенің мүлде либералдық түрде өңін айналдыру деген сөз.

Сыртқы саясатты алып қараңыз. Бірде-бір, нағыз демократиялық, буржуазиялық елде ол ашық жүргізілмейді. Барлық жерлерде де бұқараны алдау, демократиялық Францияда, Швейцарияда, Америка мен Ан-

глияда бұл басқа елдердегіден жүз есе кең көлемде және жымысқылықпен жүргізіледі. Совет өкіметі сыртқы саясат құпиясының бүркеншін революциялық жолмен жұлып тастады. Каутский мұны байқамай кетті, «ықпал сфераларын бөлісу» туралы (яғни капиталист қарақшылардың дүние жүзін бөлісіп алуы туралы) тонаушылық соғыстар мен құпия шарттар заманында мұның *аса зор* маңызы бола тұрса да, өйткені бейбітшілік туралы мәселе, ондаған миллион адамдардың өмірі мен өлімі туралы мәселе осыған байланысты бола тұрса да, Каутский бұл жөнінде үндемейді.

Мемлекет құрылысын алып қараңыз. Каутский тіпті сайлау (Советтік конституцияда) «төте емес» дегенге дейінгі «ұсақ-түйекке» жармасады, бірақ істің мәнін көрмейді. Мемлекеттік аппараттың, мемлекеттік машинаның *таптық* мәнін ол байқамайды. Буржуазиялық демократияда капиталистер бұқараны басқару ісіне қатысудан, жиналыстар мен баспасөз бостандығынан және т. с.— «таза» демократия неғұрлым дамыған болса, соғұрлым шеберірек және сенімдірек — мыңдаған айла-шарғылармен *шеттетіп отырады.* Совет өкіметі дүние жүзінде *бірінші рет* (дәл айтқанда, екінші рет, өйткені Париж Коммунасы да осыны істей бастаған болатын) бұқараны, атап айтқанда *езілген* бұқараны басқару ісіне *тартып отыр.* Буржуазиялық парламентке (бұл парламент буржуазиялық демократияда елеулі мәселелерді *ешқашан да шешпейді:* оларды биржа, банктер шешеді) қатысу еңбекші бұқарадан мыңдаған қоршаулармен *қоршаулы* тұрады, сондықтан жұмысшылар буржуазиялық парламенттің *бөтен* мекеме екенін, пролетарларды буржуазияның *езу құралы* екенін, жау таптың, қанаушы азшылықтың мекемесі екенін тамаша біледі, тамаша сезеді, тамаша көреді, жақсы сезінді.

Советтер — еңбекші және қаналушы бұқараның өзінің тікелей ұйымы, бұл ұйым мемлекетті олардың өздері құруына және оны өздерінің қалауынша басқаруына мүмкіндігін *жеңілдетеді.* Нақ еңбекшілер мен қаналушылардың авангарды — қала пролетариаты мұның өзінде мынадай артықшылық алады: ол ірі кәсіпорындарда неғұрлым жақсы бірігеді; оған сайлау және сай-

ланғандарды бақылап отыру бәрінен де оңай. Барлық еңбекшілер мен қаналушылардың өз авангарды, пролетариат, төңірегіне бірігуін совет ұйымы өзінен-өзі *жеңілдетеді.* Ескі буржуазиялық аппарат — чиновниктер, байлықтың, буржуазиялық білімнің, байланыстардың және басқалардың пұрсаттылықтары (буржуазиялық демократия неғұрлым дамыған болса, бұл іс жүзіндегі пұрсаттылықтар да соғұрлым әр түрлі болып келеді),— міне осының бәрі совет ұйымының тұсында жоғалады. Баспасөз бостандығы екіжүзді болудан қалады, өйткені баспаханалар мен қағаз буржуазиядан тартып алынады. Жақсы үйлер, сарайлар, особняктар, помещик үйлері жөнінде де солай етіледі. Совет өкіметі мұндай сан мыңдаған жақсы үйлерді қанаушылардан бірден тартып алды, сөйтіп бұқара үшін жиналыстар правосын,— онысыз демократия дегеніміз алдау болып табылатын жиналыстар правосын,— *миллион есе* көп «демократиялық» етті. Өмір қайнап жатқан кезде және өзінің жергілікті депутатын кері шақырып алу немесе оны Советтердің жалпы съезіне жіберу мүмкіндігін өте-мөте тездету керек болып тұрған кезде, міне осындай дәуірде локалды емес, жергілікті емес Советтерге сайлаудың төте жүргізілмеуі Советтердің съезін жеңілдетеді, жұмысшылар мен шаруалар үшін *бүкіл* аппаратты арзандатады, ыңғайлы, қол жетерлік етеді.

Пролетарлық демократия буржуазиялық демократияның қандайынан болса да *миллион есе* демократиялық; Совет өкіметі ең демократиялық буржуазиялық республикадан да миллион есе демократияшыл.

Мұны тек не буржуазияға біле тұра қызмет етуші адамның ғана, не шаң басқан буржуазиялық кітаптардың тасасынан нақты өмірді көрмейтін, буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдер бойына сіңіп болған, сондығынан өзін, объективті түрде, буржуазияның малайына айналдырып жіберетін, саяси жағынан мүлде жансыз адамның ғана байқамауы мүмкін.

Мұны тек *мәселені езілген* таптар тұрғысынан былайша *қоя* алмайтын адамның ғана байқай алмауы мүмкін:

дүние жүзіндегі ең демократиялық деген буржуазиялық елдерді алғанда, еліндегі *орташа, бұқаралық* жұ-

мысшы, орташа, бұқаралық *батырақ* немесе жалпы алғанда деревняның жартылай пролетары (яғни езілген бұқараның, халықтың басым көпшілігінің өкілі) жақсы үйлерде жиналыс өткізу *бостандығын*, өз идеяларын білдіру үшін, өзінің мүдделерін қорғау үшін ірі-ірі баспаханалары болу және жақсы қағаз қоймалары болу *бостандығын*, мемлекетті басқару ісіне және мемлекетті «құру» ісіне нақ өз табының адамдарын ұсыну бостандығын, Советтік Россиядағы бостандыққа тым болмаса жуық келетін *бостандықты* пайдаланатын бірде-бір ел бар ма екен?

Каутский мырза қай елден болсын хабардар мың жұмысшы мен батырақтың ішінен бұл сұрақтың жауабына күдіктенетін бір адамды болса да табады деп ойлаудың өзі адам күлерлік. Буржуазиялық газеттерден шындықты мойындаудың ұшығын ести отырып, бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары Советтік республикаға инстинктивті түрде тілектестік білдіреді, себебі Советтік республикадан олар *пролетарлық* демократияны, байлар үшін демократияны емес, *кедейлер үшін демократияны* көреді; ал әрбір, тіпті ең жақсы деген, буржуазиялық демократия да іс жүзінде байлар үшін демократия болып табылады.

Біздерді буржуазиялық чиновниктер, буржуазиялық парламентарийлер, буржуазиялық судьялар басқарады (және біздің мемлекетімізді «құрады»). Міне — барлық буржуазиялық елдердегі, соның ішінде ең демократиялық елдердегі де, езілген таптардан шыққан ондаған және жүздеген миллион адамдардың өз өмір тәжірибесінен біліп, күн сайын сезіп, аңғарып отырған қарапайым, айқын, даусыз ақиқаты осы.

Ал Россияда чиновниктік аппарат мүлде қиратылды, оның тамтығы да қалдырылған жоқ, ескі судьялардың бәрі қуылып жіберілді, буржуазиялық парламент таратылып жіберілді — сөйтіп нақ жұмысшылар мен шаруаларға *анағұрлым қол жетерлік* өкілдік берілді, *олардың* Советтері чиновниктердің орнын басты немесе *олардың* Советтерін чиновниктердің үстінен қарайтын етіп қойды, *олардың* Советтері соттарды сайлап қоятын етті. Барлық езілген таптардың Совет өкіметін,

яғни пролетариат диктатурасының осы формасын, ең демократияшыл деген буржуазиялық республикадан миллион есе демократияшыл деп мойындауы үшін жалғыз осы фактінің өзі-ақ жеткілікті.

Каутский әрбір жұмысшыға түсінікті және айқын осы ақиқатты түсінбейді, өйткені ол: *қай тап үшін* демократия?— деп сұрақ қоюды «ұмытып қалған», олай сұрақ қою «есінен шығып кеткен». Ол «таза» (яғни тапсыз болар? немесе таптан тыс болар?) демократия тұрғысынан пайымдайды. Ол: «бір қадақ ет», басқа ештеңе де керек емес — деп келетін Шейлокша дәлелдейді. Барлық азаматтардың тең болуы керек — әйтпесе демократия болмайды дейді.

Ғалым Каутскийге, «марксист» және «социалист» Каутскийге былай деп сұрақ қоюға тура келеді:

қаналушының қанаушымен тең болуы мүмкін бе?

II Интернационалдың идеялық көсемінің кітабын талқылау үстінде мұндай сұрақ қою дегеніңіз сұмдық нәрсе, адам сенгісіз нәрсе. Бірақ «жүк көтерсең — ауыр деме». Каутский туралы жазуды қолға алдың екен,— қанаушының қаналушымен тең болуы неге мүмкін емес екенін ғалым адамға түсіндіріп беруің керек.

ҚАНАЛУШЫНЫҢ ҚАНАУШЫМЕН ТЕҢ БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Каутский былай деп пайымдайды:

(1) «Қанаушылар әрқашан халықтың шамалы ғана азшылығы болып келді» (Каутский кітапшасының 14-беті).

Бұл — даусыз ақиқат. Осы ақиқатқа сүйене отырып, қалай пайымдау керек? Маркстік, социалистік тұрғыдан пайымдауға болады; онда қаналушылардың қанаушыларға көзқарасын негізге алу керек. Либералдық, буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан пайымдауға болады; онда көпшіліктің азшылыққа көзқарасын негізге алу керек.

Егер маркстік тұрғыдан пайымдайтын болсақ, онда былай деуге тура келеді: езушілер мемлекетті (ал әңгіме демократия туралы, яғни мемлекет формаларының

бірі туралы болып отыр ғой) сөзсіз өз табының, езушілердің, езілгендерге үстемдік жүргізетін құралына айналдырады. Сондықтан езілгендер көпшілігіне үстемдік жүргізетін езушілер болып отырған кезде демократиялық мемлекет те езушілер үшін демократия болатыны сөзсіз. Езілгендердің мемлекеті ондай мемлекеттен түп-тамырымен өзгеше болуға тиіс, езілгендер үшін демократия болуға және *езушілерді жаныштау* болуға тиіс, ал тапты жаныштау бұл таптың тең еместігін, оны «демократиядан» аулақтату екенін көрсетеді.

Егер либералдық тұрғыдан пайымдайтын болсақ, онда былай деуге тура келеді: көпшілік шешеді, азшылық бағынады. Бағынбағандарды жазаға тартады. Бар болғаны міне осы. Жалпы алғанда мемлекеттің, жекелеп алғанда «таза демократияның» ешқандай таптық сипаты туралы пайымдап жатудың керегі жоқ; мұның іске қатысы жоқ, өйткені көпшіліктің аты көпшілік те, азшылықтың аты азшылық. Бір қадақ еттің аты бір қадақ ет, болғаны осы ғана.

Каутский нақ былайша пайымдайды:

(2) «Пролетариаттың үстемдігіне демократиямен сыйыспайтын форманы қабылдау және қажетті түрде қабылдау қандай себептермен керек болды?» (21-бет). Көпшілік пролетариат жағында деген түсінік беріледі, түсінік өте толық және өте көп сөзді, онда Маркстен цитат та, Париж Коммунасында берілген дауыстар жөнінде цифрлар да келтірілген. Қорытындысы: «Бұқара арасында соншама күшті орын теуіп отырған режимнің демократияға қол сұғарлықтай титтей де сылтауы жоқ. Демократияны басып тастау үшін күштеуге жол берілген жағдайларда ол режим барлық уақытта бірдей күштеу қолданбай тұра алмайды. Күштеуге тек күштеумен ғана жауап беруге болады. Бірақ бұқараның өзін қолдайтынын білетін режим күштеуді қолданғанда демократияны *жою* үшін емес, демократияны *қорғау* үшін ғана қолданатын болады. Егерде ол өзінің ең сенімді негізін, жалпыға бірдей сайлау правосын, құдіретті моральдық беделінің терең көзін жойғысы келсе, ол тұп-тура өзін өзі өлтірген болар еді» (22-бет).

Өздеріңіз көріп отырсыздар: қаналушылардың қанау-

шыларға көзқарасы Каутскийдің дәлелдемесінен түсіп қалған. Мұнда тек жалпы көпшілік, жалпы азшылық, жалпы демократия, бізге бұрыннан таныс «таза демократия» ғана қалған.

Естеріңізде болсын, мұның өзі *Париж Коммунасына байланысты* айтылып отыр! Ал айқын болуы үшін *Коммунаға байланысты* диктатура туралы Маркс пен Энгельстің айтқандарын келтірелік:

Маркс: «...Егер жұмысшылар... буржуазия диктатурасының орнына өздерінің революциялық диктатурасын орнатса, онда ...буржуазияның қарсылығын басу үшін жұмысшылар... мемлекетке революциялық және өткінші форма береді...»[114].

Энгельс: «...Жеңген» (революцияда) «партия өз қаруының реакционерлерге туғызатын үрейі арқылы өзінің үстемдігін сақтап тұруға қажеттіліктен мәжбүр болады. Егер Париж Коммунасы буржуазияға қарсы қаруланған халықтың беделіне сүйенбеген болса, ол бір күннен артық өмір сүре алар ма еді? Керісінше, Коммуна сол беделді тым аз пайдаланды деп біз оған кінә тағуға праволы емеспіз бе?..»[115].

Тағы да сол: «Мемлекет дегеніміз күресте, революцияда өз дұшпандарын күшпен басып-жаншу үшін пайдалануға тура келетін тек өткінші мекеме ғана болғандықтан, ерікті халықтық мемлекет туралы сөз қылуда түк мағына жоқ; пролетариат әзірше мемлекетке мұқтаж болып отыр, ол оған бостандық мүдделері үшін емес, өзінің дұшпандарын басып-жаншу мүдделері үшін мұқтаж болып отыр, ал бостандық туралы сөз қозғау мүмкін болған кезде, мемлекет мемлекет ретінде өмір сүруден қалады...»[116].

Каутскийдің және Маркс пен Энгельстің арасы, либерал мен пролетарлық революционердің арасы сияқты, жер мен көктей. Каутскийдің айтып жүрген таза демократия және жай «демократия» дегендері нақ сол «ерікті халықтық мемлекетті» басқашалап айту ғана, яғни *таза мағынасыздық*. Каутский мейлінше ғалымсынған кабинеттік ақымақша ғалымсынып немесе 10 жасар қыз балаша бейкүнәсынып: егер көпшілік болып отырса, диктатура не үшін керек болар еді? — деген

сауал қояды. Ал Маркс пен Энгельс былай деп түсіндіреді:

— — Буржуазияның қарсыласуын жою үшін,

— — реакционерлерге үрей туғызу үшін,

— — буржуазияға қарсы қаруланған халықтың беделін қолдап отыру үшін,

— — пролетариат өзінің дұшпандарын күшпен басып тастай алуы үшін керек.

Каутский бұл түсіндіруді ұқпайды. «Таза» демократияға ынтығып алған, оның буржуазиялық сипатын көрмейтін Каутский: көпшіліктің аты көпшілік болғаннан кейін оған азшылықтың «қарсыласуын жоюдың» қажеті жоқ, оны «күшпен басып тастап отырудың» керегі жоқ,— демократияны бұзу *оқиғаларын* басып тастап отыру жеткілікті болады дегенді «дәйектілікпен» қорғайды. «Таза» демократияға ынтығып алған Каутский *абайсызда* барлық буржуазиялық демократтардың әрқашан ұшырап жүретін ең кішкене қатесін жібереді, атап айтқанда: ол (капитализм тұсында бастан-аяқ жалған және екіжүзді болып отыратын) формальды теңдікті іс жүзіндегі теңдік деп қабылдайды! Ұсақтүйек!

Қанаушының қаналушымен тең болуы мүмкін емес.

Бұл ақиқат, Каутскийге қаншама ұнамаса да, социализмнің аса елеулі мазмұны болып табылады.

Екінші ақиқат: бір таптың екінші тапты қанау мүмкіндігінің қандайы болсын мүлдем жойылмай тұрып, шын, іс жүзіндегі теңдіктің болуы мүмкін емес.

Орталықтағы сәті түскен көтерілісте немесе әскердің ашынуы кезінде қанаушыларды бірден тас-талқан етуге болады. Бірақ, өте сирек кездесетін, айрықша жағдайларда болмаса, қанаушыларды бірден жойып жіберуге болмайды. Біршама үлкен елдің барлық помещиктері мен капиталистерін бірден экспроприациялауға болмайды. Онан соң, бір ғана экспроприацияның өзі, юридикалық немесе саяси акт ретінде, істі толық шеше алмайды, өйткені помещиктер мен капиталистерді іс жүзінде *орнынан алу* керек болады, оларды іс жүзінде басқалардың, жұмысшылардың фабрикалар мен имениелерді басқаруымен *алмастыру* керек болады. Талай ұрпақтар

бойы білімімен де, байлық тұрмыс жағдайларымен де, дағдыларымен де айрықша болып келген қанаушылар мен тіпті нағыз алдыңғы қатарлы және ең демократиялық буржуазиялық республикалардың өзінде де езілген, қараңғы, надан, қорқып қалған, бытыраңқы езілгендер бұқарасының арасында теңдіктің болуы мүмкін емес. Қанаушылар төңкерістен кейін де көп уақытқа дейін өздерінің іс жүзіндегі бірсыпыра орасан зор артықшылықтарын сөзсіз сақтап қалады: олардың қолында ақша қалады (ақшаны бірден жоюға болмайды), азды-көпті, көбінесе едәуір мөлшерде, мал-мүлік қалады, байланыстар, ұйымдастыру және басқару жұмыстарына дағдыланғандық, басқарудың барлық «құпияларын» (әдет-ғұрыптарын, тәсілдерін, құралдарын, мүмкіндіктерін) білу қалады, анағұрлым жоғары білім, техникалық жоғары (буржуазияша тұратын және ойлайтын) қызметкерлерге жақындық қалады, соғыс ісіне әлдеқайда жақсы дағдыланғандық (бұл оте маңызды) және басқалар, тағы сондайлар қалады.

Егер қанаушылар тек бір елде ғана талқандалған болса — ал мұның өзі, әрине, типтік жағдай, өйткені революцияның бірнеше елде бір мезгілде болуы сирек кездесетін нәрсе — онда олар *соның өзінде де* езілгендерден *күштірек* болады, өйткені қанаушылардың халықаралық байланыстары аса зор. Санасы тым төмен орта шаруалардан, қолөнершілерден, т. с. бұқарадан шыққан езілгендердің бір бөлегі қанаушыларға еретініне және ере алатынына келетін болсақ, мұны осы кезге дейін *барлық* революциялар, соның ішінде Коммуна да көрсеткен (өйткені Версаль әскерлерінің ішінде пролетарлар да болған, мұны ғалымсымақ Каутский «ұмытып» отыр) болатын.

Мәселенің жайы осындай болып отырғанда, азды-көпті терең және елеулі революция кезінде істі жай ғана көпшіліктің азшылыққа көзқарасы шешеді деп ұйғару — барып тұрған топастық, кәдімгі либералдың нағыз зердесіз соқыр сенімі, *бұқараны алдағандық*, олардан айқын тарихи шындықты жасырғандық. Бұл тарихи шындық мынада: езілгендерден іс жүзінде өте зор артықшылықтарын бірқатар жылдар бойы сақтап

қалатын езушілердің терең революцияның қандайында болсын *ұзақ, қасарыса, жанталаса* қарсыласуы *ереже* болып табылады. Өзінің артықшылығын соңғы, жанталасқан шайқаста, бірқатар шайқастарда байқап көрмей, қанаушылар ешқашан — тәтті сөзді ақымақ Каутскийдің тәтті қиялында болмаса — езілгендер көпшілігінің ұйғарымына бағынбайды.

Капитализмнен коммунизмге өту — бүтіндей бір тарихи дәуір. Бұл дәуір аяқталғанша қанаушылар өз үстемдігін қалпына келтіруден сөзсіз үміт үзбейді, ал бұл *үміт* сол үстемдікті қалпына келтіру *әрекетіне* айналып отырады. Ал одан соң алғашқы елеулі жеңілісінен кейін, құлаған, бірақ құлармын деп күтпеген, оған сенбеген, олай болады деп ойламаған қанаушылар өздерінен тартып алынған «жұмақты» қайтарып алу үшін, тәтті өмір сүрген, ал қазір «қара табан оңбағандар» күйзеліске және қайыршылыққа (немесе «қара» жұмысқа...) душар етіп отырған семьялары үшін он есе өршіген жігермен, құтырына құлшынып, жүз есе өскен өшпенділікпен шайқасқа ұмтылады. Ал қанаушы-капиталистердің соңынан ұсақ буржуазияның қалың көпшілігі шұбайды; бұл көпшілік солқылдақ, аумалы-төкпелі, бүгін пролетариаттың соңына еретін болса, ертең төңкерістің қиыншылықтарынан қорқып, жұмысшылардың бірінші жеңілісінен немесе жартылай жеңілісінен зәресі кетіп, күйгелектенеді, аласұрып, күңкілдейді, сөйтіп біздің меньшевиктер мен эсерлер сияқты... бір лагерьден екінші лагерьге қашады, бұған барлық елдердің ондаған жылдық тарихи тәжірибесі айғақ.

Мәселенің жайы осындай болып отырғанда, арпалысқан, шиеленіскен соғыс дәуірінде, ғасырлар және мыңдаған жылдар бойы болып келген пұрсаттылықтардың енді болу-болмауы туралы мәселелерді тарих күн тәртібіне қойып отырған кезде,— көпшілік пен азшылық туралы, таза демократия туралы, диктатураның қажетсіздігі туралы, қанаушы мен қаналушының теңдігі туралы сөз қылу деген не бұл!! Бұл үшін қандай түйсіксіз топастық, қандай оңалмас филистерлік керек!

Бірақ капитализмнің, 1871—1914 жылдар арасында, біршама «бейбіт» дамуының ондаған жылдары оппорту-

низмге бейімделумен келген социалистік партияларда филистерліктің, топастықтың, ренегаттықтың Авгий ат қорасындағыдай былығын үйме төбе етіп жинады емес пе...

* *
*

Каутскийдің кітабынан жоғарыда келтірілген цитатта оның жалпыға бірдей сайлау правосына қол сұғу туралы айтып отырғанын оқушы аңғарған болар (Каутский жалпыға бірдей сайлау правосын — жақша ішінде ескерте кетейік — құдіретті моральдық беделдің терең көзі деп атаған еді, ал Энгельс сол Париж Коммунасы жөнінде және диктатура туралы нақ сол мәселе жөнінде айтқанда буржуазияға қарсы қаруланған халықтың беделі туралы айтып отыр; филистер мен революционердің «беделге» көзқарасын салыстырып көру назар аударарлықтай нәрсе...).

Ескерте кету керек, қапаушыларды сайлау правосынан айыру туралы мәселе жалпы пролетариат диктатурасы туралы мәселе емес, *таза орыстық* мәселе. Егер Каутский екіжүзділікке салынбай, өзінің кітапшасын: «Большевиктерге қарсы» деп атаған болса, онда ол атау кітапшаның мазмұнына сай келген болар еді, онда Каутский сайлау правосы туралы тура айтуға праволы болар еді. Бірақ Каутский ең алдымен «теоретик» ретінде көрінгісі келді. Ол өзінің кітапшасын: *жалпы* «Пролетариат диктатурасы» деп атады. Ол Советтер туралы және Россия туралы кітапшаның тек екінші бөлімінде, оның 6-параграфынан бастап қана арнайы әңгіме етеді. Ал бірінші бөлімінде (мен цитатты осы бөлімнен алдым) әңгіме *жалпы демократия* және *диктатура* туралы болады. Сайлау правосы туралы айта келіп, Каутский большевиктерге қарсы айтысушы екенін, *теорияны жарты тиындай көрмейтінін білдіріп алды.* Өйткені теория, яғни демократия мен диктатураның жалпы (ұлттық-ерекше емес) таптық негіздері туралы пайымдау сайлау правосы сияқты арнаулы мәселе жөнінде айтуға тиіс емес, қанаушылар құлатылатын және олардың мемлекеті қаналушылардың мемлекетімен ауыстырылатын тарихи дәуірде демократияның

байлар үшін де, қанаушылар үшін де сақталып қалуы мүмкін бе?— деген жалпы мәселе туралы айтуға тиіс.

Теоретик мәселені осылай, тек осылай ғана қоя алады.

Біз Коммунаның мысалын білеміз, біз марксизмнің негізін салушылардың Коммунаға байланысты және сол жөніндегі барлық пайымдауларын білеміз. Мен осы материалға сүйене отырып, Октябрь төңкерісіне дейін жазылған «Мемлекет және революция» деген кітапшамда, мысалы, демократия мен диктатура туралы мәселені талдап шыққан болатынмын. Сайлау правосын шектеу туралы *мен бір ауыз сөз де айтқаным жоқ*. Ал енді сайлау правосын шектеу туралы мәселе — диктатураның жалпы мәселесі емес, ұлттық-ерекше мәселе екенін айтуым керек. Сайлау правосын шектеу туралы мәселеге орыс революциясының *ерекше жағдайларын*, оның дамуының *ерекше жолын* зерттеу тұрғысынан қарау керек. Бұдан былайғы баяндауымызда бұл солай істеледі де. Бірақ Европада болатын болашақ пролетарлық революциялар, барлығы немесе көпшілігі, буржуазияның сайлау правосын сөзсіз шектейді деп күн ілгері кепіл болу қате болар еді. Бұл мүмкін солай болар. Соғыстан кейін және орыс революциясының тәжірибесінен кейін бұл, бәлкім, солай болатын да шығар, бірақ диктатураны жүзеге асыру үшін бұл *міндетті* нәрсе емес, бұл диктатураның логикалық ұғымының *қажетті* белгісі болып табылмайды, бұл диктатураның тарихи және таптық ұғымының *қажетті* шартына жатпайды.

Диктатураның қажетті белгісі, міндетті шарты — қанаушыларды *тап* ретінде *күштеп* басып-жаншу, демек, осы *тап жөнінде* «таза демократияны», яғни теңдік пен бостандықты *бұзу*.

Теория жағынан мәселе осылай, тек осылай ғана қойыла алады. Ал Каутский мәселені өзінің осылай қоймауы арқылы большевиктерге теоретик ретінде емес, оппортунистер мен буржуазияның өсекшісі ретінде қарсы шығып отырғанын дәлелдеді.

Қанаушылар үшін белгілі бір шектеудің, демократияны бұзудың қандай елдерде, белгілі бір капитализмнің қандай ұлттық ерекшеліктері жағдайында (ішінара немесе көпшілігінде) қолданылатынына келетін болсақ,

бұл — белгілі бір капитализмнің, белгілі бір революцияның ұлттық ерекшеліктері туралы мәселе. Теориялық жағынан мәселе басқаша қойылады: *қанаушылар* табы жөнінде *демократияны бұзбайынша* пролетариат диктатурасының болуы мүмкін бе? деп қойылады.

Каутский теориялық жағынан *бірден-бір* маңызды және мәнді нақ осы мәселені орағытып өтті. Каутский Маркс пен Энгельстен осы мәселеге қатысты және мен жоғарыда келтірген *цитаттардан басқа* цитаттардың талайын келтірді.

Каутский либералдар мен буржуазиялық демократтарға тиімді нәрсенің бәрін, қолайлы нәрсенің бәрін, солардың идеяларының шеңберінен шықпайтын нәрсенің бәрін айтты,— ол тек басты нәрсені, *буржуазияның қарсылығын жоймай, өзінің жауларын күштеп басып-жаншпай* пролетариаттың жеңе алмайтынын, ал «күштеп басып-жаншу» бар жерде, «бостандық» жоқ жерде, *әрине, демократия болмайтынын* айтпады.

Мұны Каутский түсінбеді.

Енді орыс революциясының тәжірибесіне және Советтер мен Құрылтай жиналысының арасындағы алауыздыққа келейік, бұл (алауыздық) Құрылтай жиналысын таратып жіберуге және буржуазияны сайлау правосынан айыруға әкеп соқты.

СОВЕТТЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМДАРҒА АЙНАЛА АЛМАЙДЫ

Советтер — пролетарлық диктатураның орыстық формасы. Егер пролетариат диктатурасы туралы еңбек жазушы теоретик-марксист (меньшевиктік әуенді қайталай отырып, диктатураға қарсы ұсақ буржуазиялық зарлауды, Каутскийдің істегеніндей, қайталай бермей) бұл құбылысты шын зерттеген болса, онда мұндай теоретик диктатураның жалпы анықтамасын берген болар еді, ал одан кейін оның ерекше, ұлттық формасын, Советтерді, қарастырған болар еді, пролетариат диктату-

расы формаларының бірі ретінде оларды сынаған болар еді.

Маркстің диктатура туралы ілімін либералдық түрде «өңдеуінен» кейін Каутскийден жөнді бір нәрсені күтуге болмайтыны түсінікті. Бірақ Советтер дегеннің өзі не деген мәселеге оның қалай қарағанын және бұл мәселеге оның күші жеткен-жетпегенін көру өте-мөте назар аударарлық нәрсе.

Советтердің 1905 жылы пайда болғанын еске ала келіп ол былай деп жазады: Советтер «барлық ұйымдардың ішінен бәрінен де неғұрлым кең қамтитын (um fassendste) пролетарлық ұйым формасын» құрды, «өйткені ол ұйым барлық жалдама жұмысшыларды қамтыды» (31-бет). 1905 жылы олар тек жергілікті корпорациялар ғана болған еді, 1917 жылы олар бүкіл россиялық бірлестікке айналды.

«Қазірдің өзінде-ақ,— дейді онан әрі Каутский,— советтік ұйымның ұлы және даңқты тарихы бар. Ал оның тарихы келешекте, оның үстіне жалғыз Россияда ғана емес, анағұрлым өскелі отыр. Барлық жерлерде де финанс капиталының экономикалық және саяси орасан зор күштеріне қарсы пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің бұрынғы әдістері жеткіліксіз» (versagen; немістің бұл сөзі «жеткіліксіз» дегеннен гөрі сәл күштірек, ал «дәрменсіз» дегеннен гөрі сәл әлсізірек) «болып шығады. Олардан бас тартуға болмайды, олар қалыпты уақыт үшін қажет болып қала береді, бірақ мезгіл-мезгіл олардың алдына өздерінің күші жетпейтін міндеттер, табысты болуы жұмысшы табы күштерінің барлық саяси және экономикалық құралдарын біріктіруге ғана байланысты болатын міндеттер қойылып отырады» (32).

Бұдан кейін бұқаралық стачка туралы пайымдау келеді және кәсіптік одақтар ретінде соншама қажетті болып табылатын «кәсіптік одақтар бюрократиясы» «барған сайын замана нышаны болып келе жатқан қуатты бұқаралық шайқастарға басшылық етуге жарамсыз...» деген пікір айтылады.

«...Сонымен,— деп қорытады Каутский,— советтік ұйым біздің заманымыздың аса маңызды құбылыстарының бірі болып отыр. Ол ұйым капитал мен еңбек арасындағы өзіміз беттеп келе жатқан асқан зор шешуші шайқастарда шешуші маңыз алмақ.

Бірақ біз Советтерден бұдан артықты талап етуге праволы-

мыз ба? 1917 жылғы ноябрь (жаңаша, яғни біздінше, октябрь) революциясынан кейін орыстың жұмысшы депутаттары Советтерінде солшыл социалист-революционерлермен бірге көпшілік болып алған большевиктер, Құрылтай жиналысы таратылғаннан кейін, осы кезге дейін бір *таптың жауынгерлік ұйымы* болып келген Советтерден *мемлекеттік ұйым* құруға көшті. Олар орыс халқының март (жаңаша, біздінше, февраль) революциясында жеңіп алған демократиясын жойып жіберді. Осыған сәйкес, большевиктер өздерін социал-*демократтар* деп атауды қойды. Олар өздерін *коммунистер* деп атайды» (33-бет, курсив Каутскийдікі).

Орыстың меньшевиктік әдебиетін білетін адам Мартовтың, Аксельродтың, Штейннің және К°-нің сөздерін Каутскийдің құлдық ұра көшіріп алып отырғанын бірден көреді. Нақ «құлдық ұрып», өйткені Каутский меньшевиктік соқыр сенімдерге бола фактілерді адам күлерлік түрде бұрмалап отыр. Каутский, мысалы, өзінің берлиндік Штейні немесе стокгольмдік Аксельроды сияқты хабаршыларынан большевиктерді коммунистер деп атау туралы және Советтердің мемлекеттік ұйым ретіндегі маңызы туралы мәселелердің *қашан* көтерілгенін біліп алуды ойламаған. Егер Каутский осындай жай ғана анықтама алған болса, ол кісі күлерлік сөздерді жазбаған болар еді, өйткені бұл мәселелердің екеуін де большевиктер *1917 жылы апрельде,* мысалы, менің 1917 жылғы 4 апрельдегі «тезистерімде»[117], яғни 1917 жылғы Октябрь революциясынан *көп бұрын* (Құрылтай жиналысының 1918 жылы 5 январьда таратылғанын айтпағанның өзінде) көтерген болатын.

Ал Каутскийдің мен толық көшіріп келтіріп отырған пайымдауы Советтер туралы бүкіл мәселенің *түйіні.* Бұл түйін атап айтқанда мынада: Советтер мемлекеттік ұйым болуға ұмтылуы тиіс пе (большевиктер 1917 жылғы апрельде: «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран көтерді және большевиктер партиясының сол 1917 жылы апрельде болған конференциясында большевиктер буржуазиялық парламенттік республикамен қанағаттанып қалмайтынын, Коммуна типтес немесе Советтер типтес жұмысшы-шаруа республикасын талап ететінін мәлімдеді);— *әлде* Советтер бұған ұмтылуға тиіс емес пе, өкіметті қолға алуға тиіс емес пе, мемлекеттік

ұйым болуға тиіс емес пе, бір «таптың» «жауынгерлік ұйымы» (меньшевиктік басшылықтың тұсында Советтер *жұмысшыларды буржуазияға бағындыру құралы* болған фактісін өзінің бейкүпә тілегімен әдейі боямалай отырып, Мартовтың айтқаны сияқты) болып қала беруге тиіс пе.

Большевиктердің меньшевиктермен арадағы теориялық таласынан *үзінділер* алып және бұл үзінділерді сын көзбен қарамай және мағынасыз, жалпы теориялық, жалпы европалық негізге көшіріп, Каутский Мартовтың сөздерін құлдық ұра қайталады. Сонымен, ботқа болып шыққаны сонша, орыстың әрбір саналы жұмысшысы Каутскийдің жоғарыда келтірілген пайымдауымен танысқан болса, ішек-сілесі қатқанша күлген болар еді.

Мәселенің бұл арада неде екенін біз Европа жұмысшыларына түсіндірген кезімізде олардың бәрі (бір шоғыр тоңмойын социал-империалистерден басқасы) Каутскийге дәл солай күлетін болады.

Мартовтың қатесін әбден әйгілеп, сорақылыққа дейін жеткізіп, Каутский оған пайдасын тигізу орнына зиянын тигізді. Шынында да, Каутскийдің не деп отырғанына қараңызшы.

Советтер жалдама жұмысшылардың бәрін қамтиды. Финанс капиталына қарсы пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің бұрынғы әдістері жеткіліксіз. Советтер тек Россияда ғана үлкен роль атқарғалы отырған жоқ. Олар Европадағы капитал мен еңбек арасындағы асқан зор шешуші шайқастарда шешуші роль атқарады. Каутский міне осылай дейді.

Тамаша. Ал осы «капитал мен еңбек арасындағы шешуші шайқастар» мемлекеттік өкіметке бұл таптардың қайсысы ие болатыны туралы мәселені шешпей ме екен?

Тіпті де олай емес. Айта көрмеңіз.

Барлық жалдама жұмысшыларды қамтитын Советтер «шешуші» шайқастарда *мемлекеттік ұйым болып шығуға тиіс емес!*

Ал мемлекет деген не?

Мемлекет дегеніміз — бір таптың екінші тапты ба-

сып-жаншуына арналған машинадан басқа еш нәрсе де емес.

Сонымен, езілген тап, қазіргі қоғамдағы барлық еңбекшілер мен езілгендердің авангарды, «капитал мен еңбек арасындағы шешуші шайқастарға» ұмтылуға тиіс те, *бірақ* капитал қолына алып, еңбекті басып-жаныштатын машинаға *тиюге тиіс емес екен!*— — Бұл машинаны *қиратуға тиіс емес екен!*— — Өзінің бәрін қамтитын ұйымын *қанаушыларды басып-жаншу үшін пайдалануға тиіс емес екен!*

Өте жақсы, тамаша, Каутский мырза! «Біздер» тап күресін мойындаймыз,— мойындағанда, оны барлық либералдардың мойындағаны сияқты, яғни буржуазияны құлатпайды деп мойындаймыз...

Міне, Каутскийдің марксизммен де, социализммен де толық ажырасуы айқын көрінетін жері осы. Бұл — іс жүзінде, өзінің езіп отырған табының ұйымдарын мемлекеттік ұйымдарға айналдырудан басқаның бәріне де көне беруге даяр буржуазияның жағына шығу. Бұл жерде енді Каутский өзінің бәрін де келісімге келтіретін, терең қайшылықтардың бәрінен бос сөзбен құтылатын позициясын ешбір сақтап қала алмайды.

Не Каутский мемлекеттік өкіметтің жұмысшы табы қолына көшуі атаулыдан бас тартады, не ол жұмысшы табының ескі, буржуазиялық, мемлекеттік машинаны қолына алуына болады, бірақ оның ол машинаны қиратып, талқандап, жаңа, пролетарлық машинамен алмастыруына болмайды деп біледі. Каутскийдің пайымдауын олай да, былай да «түсіндіріп», «айқындасаң» да, бұл екі жағдайдың екеуінде де оның марксизммен ажырасуы және буржуазия жағына шыққаны айқын болады.

«Коммунистік Манифестің» өзінде-ақ жеңген жұмысшы табына қандай мемлекет керектігі жөнінде айта келіп, Маркс: «мемлекет, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат»[118] деп жазған болатын. Енді марксист бола беруден дәмеленетін адам шыға келеді де, түгел ұйымдасқан және капиталға қарсы «шешуші күрес» жүргізіп жатқан пролетариат өзінің таптық ұйымын мемлекеттік ұйым етуге *тиіс емес* дейді. «Мемле-

кетке діни соқыр сеніммен табынушылық» жөнінде Энгельс 1891 жылы: ол сенім «Германияда буржуазияның, тіпті көптеген жұмысшылардың жалпы санасына көшкен» деп жазған болатын[119],— Каутский бұл жерде осыны айтып отыр. Күресе беріңдер, жұмысшылар,— деп бұған біздің филистер «қосылады» (жұмысшылар бәрібір күресе беретін болғандықтан, сондықтан олардың семсерінің жүзін мұқалту туралы ғана ойлауға тура келетіндіктен, бұған буржуа да «қосылады»),— күресе беріңдер, бірақ *жеңіп шығушы болмаңдар!* Буржуазияның мемлекеттік машинасын қиратпаңдар, буржуазиялық «мемлекеттік ұйымның» орнына пролетарлық «мемлекеттік ұйымды» қоймаңдар!

Кімде-кім мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапты басып-жаншуына арналған машинадан басқа еш нәрсе де емес дейтін маркстік көзқарасты шынымен мақұлдайтын болса, кімде-кім осы ақиқатқа азды-көпті ой жүгірткен болса, ол адам финанс капиталын жеңе алатын пролетарлық ұйымдар мемлекеттік ұйымдарға айналуға тиіс емес деген мағынасыздықты айтуға дейін ешқашан құлдырамаған болар еді. Мемлекет дегеніміз «дегенмен де» таптан тыс немесе таптан жоғары тұратын бір нәрсе деп білетін ұсақ буржуа нақ осы пунктте көрініп те қалып отыр. Ал шынында да, пролетариаттың, *«бір таптың»,* тек пролетариатқа ғана емес, бүкіл халыққа, бүкіл ұсақ буржуазияға, бүкіл шаруаларға үстемдік етіп отырған *капиталға* қарсы шешуші соғыс жүргізуіне жол берілгенде,— сол пролетариаттың, *«бір таптың»,* өз ұйымын мемлекеттік ұйымға айналдыруына жол берілмейтін себебі не? Себебі — ұсақ буржуа тап күресінен *қорқады* да, оны ақырына дейін, *нағыз бастысына дейін* жеткізбейді.

Каутский мүлде шатасып, өзін түгел әйгілеп алып отыр. Ескеріп қойыңыздар: Европаның капитал мен еңбек арасындағы шешуші шайқастарға қарай бет алып келе жатқанын және пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің бұрынғы әдістерінің жеткіліксіз екенін оның өзі мойындады. Ал бұл әдістердің өзі нақ *буржуазиялық* демократияны пайдалануда болатын. Демек?..

Каутский бұдан не шығатынын жете ойлаудан қорықты.

...Демек, тек реакционер, жұмысшы табының жауы, буржуазияның малайы ғана енді күні өткен ескілікке бетін бұрып, буржуазиялық демократияның кереметтерін боямалай алады және таза демократия туралы мылжыңдай алады. Орта ғасырлыққа қарағанда буржуазиялық демократия прогресшіл *болды,* сондықтан оны пайдалану керек болды. Бірақ ол енді жұмысшы табына *жеткіліксіз*. Енді кейін қарай қарау керек емес, ілгері қарай, буржуазиялық демократияны *пролетарлық* демократиямен алмастыруға қарай қарау керек. Ал егер пролетарлық революцияға әзірлік жасау, пролетарлық армияны жаттықтыру және жасақтау буржуазиялық-демократиялық мемлекет *шеңберінде* мүмкін және қажет) болған болса, онда, мәселе «шешуші шайқастарға» дейін жеткеннен соң, пролетариатты бұл шеңберлермен шектеп отыру — пролетарлық іске опасыздық істеу деген сөз, ренегат болу деген сөз.

Каутский мүлде кісі күлерлік жағдайға түсіп қалып отыр, өйткені ол Мартовтың дәлелін қайталады, Мартовтың бұл дәлелі онда, Каутскийде, жоқ *басқа* дәлелге сүйенетінін өзі *байқамай* қайталады! Мартов Россия социализмге баруға әлі пісіп жетілген жоқ дейді (ал Каутский ізінше осыны қайталайды), бұдан шығатын табиғи қорытынды: Советтерді күрес органдарынан мемлекеттік ұйымдарға айналдыруға әзір ерте (Советтерді меньшевиктік көсемдердің көмегімен жұмысшыларды империалистік буржуазияға *бағындырудың* органына дер кезінде айналдыру деп оқыңыз) деу. Ал Каутский Европа социализмге баруға пісіп жетілген жоқ деп тура айта *алмайды*. Каутский 1909 жылы, өзінің әлі ренегат болмаған кезінде, *мезгілінен бұрын басталған* революциядан енді қорқуға болмайды, жеңіледі деп қорқып революциядан бас тартқан адам опасыз болып шығар еді деп жазған-ды. Бұл айтқанынан *тура* безуге Каутскийдің батылы бармайды. Сонымен, ұсақ буржуаның бүкіл зердесіздігі мен қорқақтығын ақырына дейін әшкерелейтін мынадай мағынасыздық келіп шығады: бір жағынан, Европа социализмге баруға пісіп жетіліп, ең-

бектің капиталға қарсы шешуші шайқастарына беттеп келеді,— ал екінші жағынан, *жауынгерлік ұйымды* (яғни күресте қалыптасып, өсіп, нығайып келе жатқан ұйымды), пролетариат ұйымын, езілгендердің авангарды мен ұйымдастырушысының, көсемінің ұйымын мемлекеттік ұйымға айналдыруға *болмайды!*

* *
*

Советтер жауынгерлік ұйым ретінде қажет, бірақ олар мемлекеттік ұйымға айналуға тиіс емес деген идея теориялық жағынан алып қарағаннан да гөрі практикалық-саяси жағынан алып қарағанда анағұрлым сорақы. Тіпті, революциялық жағдай жоқ, бейбіт кездің өзінде жұмысшылардың капиталистерге қарсы бұқаралық күресі, мысалы, бұқаралық стачка екі жақтың да сұмдық ашынуын, күрестің өте-мөте ушығуын, буржуазияның «үйге қожа» болып қаламын және солай болып қалғым келеді дегенге үнемі иек артуын, т. т. туғызады. Ал революция кезінде, саяси өмір қайнап жатқан кезде, өнеркәсіптің *барлық* салаларындағы *барлық* жұмысшыларды, одан кейін *барлық* солдаттарды және барлық еңбекшілер мен селоның ең кедей халқын қамтитын Советтер сияқты ұйым,— міне осындай ұйым өзінен-өзі, күрестің барысымен, тегеурін мен тойтарыстың жай «логикасы бойынша» мәселені *үзілді-кесілді* қоюға сөзсіз келеді. Аралық позицияда болуға, пролетариат пен буржуазияны «бітістіруге» тырысу топастық болып табылады және бейшаралық күйреуге ұшырайды: Россияда Мартовтың және басқа меньшевиктердің уағызы осылай болған, ал егер Советтер азды-көпті кең өріс алса, бірігіп және нығайып үлгірсе, Германияда да, басқа елдерде де сөзсіз солай болады. Советтерге: күресе беріңдер, бірақ бүкіл мемлекеттік өкіметті өз қолдарыңа алмаңдар, мемлекеттік ұйым болмаңдар деу — таптардың ынтымақтасуын және пролетариаттың буржуазиямен «әлеуметтік татулығын» уағыздау деген сөз. Мұндай позиция арпалысқан күресте масқара болып күйреуден басқа бірдеңеге жеткізе алады деп ойлаудың өзі де адам күлерлік нәрсе. Екі орындықтың

арасында отыру — Каутскийдің ежелгі тағдыры. Ол теория жағынан алғанда оппортунистерге ешбір қосылмайтын сияқтанады, ал шынына келгенде, *практика жағынан* алғанда ол оппортунистерге барлық маңызды нәрселер бойынша (яғни революцияға қатысы бар нәрсенің бәрі жөнінен) қосылады.

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ЖӘНЕ СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫ

Құрылтай жиналысы және оны большевиктердің таратып жіберуі туралы мәселе — Каутскийдің бүкіл кітапшасының түйіні. Каутский бұл мәселеге үнемі оралып отырады. II Интернационалдың идеялық көсемінің бүкіл шығармасы большевиктер «демократияны жойды» (Каутскийден алынған жоғарыдағы бір цитатты қараңыз) дегенді аңғартуға лық толы. Мәселе, шынында да, қызықты және маңызды мәселе, өйткені буржуазиялық және пролетарлық демократияның арақатынасы бұл арада революция алдына *практикалық тұрғыдан* қойылып отыр. Сондықтан бұл мәселені біздің «теоретик-марксисіміздің» қалай қарастырып отырғанын көрелік.

Ол мен жазып, 1917 ж. 26 декабрьде «Правдада» жарияланған «Құрылтай жиналысы туралы тезистерді»* цитатқа алады. Каутскийдің мәселеге документтерді қолына ала отырып, шындап кірiскендігіне бұдан артық дәлелді күтуге болмайтын-ақ тәрізді. Бірақ Каутскийдің цитатты *қалай* алатынына көз жіберіп көріңіз. Ол бұл тезистердің 19 екенін айтпайды, ол бұл тезистерде Құрылтай жиналысы бар әдеттегі буржуазиялық республика мен Советтер республикасының арақатынасы туралы да, сондай-ақ біздің революциямызда Құрылтай жиналысының пролетариат диктатурасымен ажырасуының *тарихы* туралы да мәселе қойылғанын айтпайды. Каутский мұның бәрін орағытып өтіп, оқушыға жай ғана «бұлардың (бұл тезистердің) өте-мөте маңыздысы екеу»: біреуі — эсерлер Құрылтай жиналысының сай-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 172—177-беттер. *Ред.*

лауынан кейін, бірақ оның шақырылуына дейін жікке бөлінді деген (Каутский мұның — бесінші тезис екенін айтпайды), екіншісі — жалпы алғанда Советтер республикасы Құрылтай жиналысына қарағанда неғұрлым жоғары демократиялық форма деген (Каутский мұның — үшінші тезис екенін айтпайды) тезистер дей салады.

Сонымен, тек осы үшінші тезистен ғана Каутский оның бір кішкене бөлегін, атап айтқанда мына қағиданы, тұтас цитатқа алады:

«Советтер республикасы демократиялық мекеменің неғұрлым жоғары типті формасы ғана емес (өзінің шыңын Құрылтай жиналысы деп санайтын *әдеттегі* буржуазиялық республикамен салыстырғанда), сонымен бірге социализмге неғұрлым ауыртпалықсыз* өтуді қамтамасыз ете алатын бірден-бір форма да болып табылады» (Каутский бұл жерде «әдеттегі» деген сөзді және тезистің «буржуазиялық құрылыстан социалистік құрылысқа өту үшін, пролетариат диктатурасы үшін» деген кіріспе сөздерін тастап кетеді).

Осы сөздерді цитатқа ала келіп, Каутский керемет мысқылдаған болып, былай дейді:

«Әттең, амал не, бұл қорытындыға тек Құрылтай жиналысында азшылық болып қалғаннан кейін ғана келіп отыр. Бұрын Құрылтай жиналысын Лениннен басқа қатты талап еткен ешкім болған жоқ еді».

Каутский кітабының 31-бетінде дәл осылай делінген!

Міне бұл керемет қой! Мемлекеттің неғұрлым жоғары типі туралы большевиктердің айтып жүргенінің бәрі олардың өздері Құрылтай жиналысында азшылық болып қалғаннан *кейін* ойлап шығарған нәрсесі екен ғой

---

* Айта кетелік. Осы «неғұрлым ауыртпалықсыз» көшу деген сөзді Каутский, мысқылдау үшін болса керек, сан рет цитатқа алады. Бірақ бұл жарамсыз құралдармен қасастық жасау болғандықтан, Каутский осыдан бірнеше беттен кейін бұрмалау әдісін қолданады, «ауыртпалықсыз» көшу деп жалған цитат келтіреді. Әрине, мұндай амалдармен қарсы адамына бір мағынасыздықты әкеліп таңа салу қиын емес. Бұрмалау әдісі дәлелдің мәнін орағытып өтуге де мүмкіндік береді: социализмге неғұрлым ауыртпалықсыз түрде көшу кедейлерді түгелімен ұйымдастырған (Советтер) жағдайда ғана және мемлекеттік өкіметтің (пролетариат өкіметінің) орталығы ондай ұйымға көмектескен жағдайда ғана мүмкін нәрсе.

деген ойды оқушыда туғызу үшін буржуазияның өсекшісі ғана мәселені осылай жалған түрде көрсете алатын болар!! Мұнша жиреніштi өтірікті буржуазияға сатылған, немесе, мүлде сонымен барабар, П. Аксельродқа сенген және өз хабаршыларын жасырып отырған жексұрынның ғана айтуы мүмкін.

Өйткені өзім Россияға келісімен бірінші күні-ақ, 4. IV. 1917, Коммуна типтес мемлекеттің буржуазиялық парламенттік республикадан артық екенін мәлімдеген тезистерімді көпшілік алдында оқығаным жұрттың бәріне мәлім. Мен мұны кейін баспасөз бетінде *сан рет* мәлімдедім, мысалы, ағылшын тіліне аударылып, 1918 жылы январьда Америкада Нью-Йорктың «Evening Post»[120] газетінде басылып шыққан саяси партиялар туралы кітапшамда да айттым. Ол ол ма. Большевиктер партиясының конференциясы 1917 жылы апрельдің аяғында пролетарлық-шаруа республикасы буржуазиялық парламенттік республикадан жоғары, біздің партия соңғысымен қанағаттанбайды, партия программасы осыған сәйкес өзгертілуге тиіс деген қарар қабылдады[121].

Міне осыдан кейін, Ленин Құрылтай жиналысын шақыруды қатты талап еткен еді, тек большевиктер Құрылтай жиналысында азшылық болып қалғаннан кейін ғана ол Құрылтай жиналысының абыройын төгіп, атағын «төмендете» бастады деп неміс оқушыларын сендіріп отырған Каутскийдің бұл қылығын қалай деп атауға болады? Мұндай қылыққа не деп кешірім етуге болады?* Каутский осы фактілерді білмеді деп пе? Ал онда олар туралы оған жазудың керегі не еді? немесе мен, Каутский, мұны Штейн мен П. Аксельрод және К° сияқты меньшевиктерден алынған мәліметтерге сүйеніп жазып отырмын деп адалын айтуға болмайтын ба еді? Каутский өздерінің жеңілгеніне зәбірленген меньшевиктердің қызметшісі ролін атқарып отырғанын объективтілікке деген дәмесімен бүркемелегісі келеді.

Алайда бұл тек басы ғана ғой. Зоры әлі алда.

Большевиктер буржуазиялық парламенттік демократиялық республикамен қанағаттана ма екен деген мәсе-

---

* Реті келген соң айта кетелік: мұндай меньшевиктік өтірік Каутскийдің кітапшасында өте көп! Бұл — ашынған меньшевиктің памфлеті.

ле жөнінде большевиктік қарарлар мен мәлімдемелердің аудармасын Каутский өзінің хабаршыларынан ала алмаған екен немесе алғысы келмеген екен (??) делік. Мұның өзі адам нанғысыз бола тұрса да, тіпті осылай-ақ екен делік. Бірақ, олай деуге, менің 1917 жылғы 26 декабрьдегі тезистерімді Каутский өз кітабының 30-бетінде *тура көрсетіп* отыр ғой.

Бұл тезистерді Каутский толық біле ме, әлде ол осы тезистердің ішінен тек Штейндердің, Аксельродтардың және К°-нің оған аударып берген жерін ғана біле ме? Советтер республикасы буржуазиялық республикадан жоғары дегенді большевиктер Құрылтай жиналысының сайлауына *дейін* түсінді ме және оны *халыққа* айтты ма деген *түбегейлі* мәселе жөніндегі *үшінші* тезисті Каутский цитатқа алады. *Бірақ Каутский 2-тезис туралы ештеңе айтпайды.*

Ал екінші тезисте былай делінген:

«Құрылтай жиналысын шақыру жөнінде талап қоя отырып, революциялық социал-демократия 1917 жылғы революцияның ең басынан-ақ *Құрылтай жиналысы бар әдеттегі буржуазиялық республикаға қарағанда, Советтер республикасы демократизмнің анағұрлым жоғары формасы болып табылатынын талай рет атап көрсеткен болатын»* (курсив менікі).

Большевиктерді принципсіз адамдар, «революцияшыл оппортунистер» (осы сөзді Каутский, неменеге байланысты екені есімде жоқ, кітабының бір жерінде қолданады) етіп көрсету үшін Каутский мырза тезистерде *«талай рет»* жасалған мәлімдемелерге тікелей сүйену бар екенін *неміс оқушыларынан жасырып қалды!*

Каутский мырзаның қолданып отырған ұсақ, жарытымсыз және жиркенішті тәсілдері осындай. *Теориялық* мәселеден ол осылайша жалтарып кеткен.

Буржуазиялық-демократиялық парламенттік республика Коммуна типтес немесе Советтер типтес республикадан *төмен* деу дұрыс па әлде теріс пе? Мәселенің түйіні осында, ал Каутский мұны орағытып кетіп отыр. Маркстің Париж Коммунасын талдағанда айтқан нәрселерінің бәрін Каутский «ұмытқан». Ол Энгельстің 28. III. 1875 Бебельге жазған хатын да «ұмытқан», ал

бұл хатта Маркстің: «Коммуна сөздің шын мағынасында мемлекет болған жоқ-ты»[122] деген ойы өте-мөте айқын және түсінікті айтылған болатын.

Міне II Интернационалдың ең көрнекті теоретигі дегеніңіз осы, ол «Пролетариат диктатурасы» туралы арнаулы кітапшада демократиялық-буржуазиялық республикадан неғұрлым жоғары мемлекет формасы туралы мәселе турадан-тура және сан рет қойылған Россия жөнінде арнайы тоқтала отырып, бұл мәселені әдейі айтпай кетіп отыр. Мұның буржуазия жағына өтіп кетуден *іс жүзінде* қандай айырмашылығы бар?

(Жақша ішінде айта кетелік, Каутский бұл арада да орыс меньшевиктерінің соңынан салпақтап еріп отыр. Олардың арасында Маркс пен Энгельстен алынатын «цитаттың бәрін» білетін адамдар толып жатыр, бірақ бірде-бір меньшевик Коммуна типтес мемлекет туралы мәселені анықтауға 1917 ж. апрельден 1917 ж. октябрьге дейін және 1917 ж. октябрьден 1918 ж. октябрьге дейін *бір рет те* талаптанып көрген емес. Бұл мәселені Плеханов та орағытып өткен. *Сірә, үндемеуге тура келген болар.)*

Өздерін социалистерміз, марксистерміз деп атай отырып, іс жүзіне келгенде *басты* мәселе жөнінде, Коммуна типтес мемлекет туралы мәселе жөнінде, буржуазия жағына өтіп кететін адамдармен Құрылтай жиналысының таратылуы[123] туралы сөйлесу шошқаға маржан шашқанмен бірдей екені өзінен-өзі түсінікті. Одан да менің Құрылтай жиналысы туралы тезистерімді толығымен осы кітапшаға қосымша етіп басып шығарса жетіп жатыр. Ол тезистерден оқушы 1917 ж. 26 декабрьде мәселенің теориялық жағынан да, тарихи жағынан да, практикалық-саяси жағынан да қойылғанын көре алады.

Егер Каутский, теоретик ретінде, марксизмнен мүлде безген болса, онда Советтердің Құрылтай жиналысымен күресі туралы мәселені ол тарихшы ретінде қарастыра алған болар еді. Біз Каутскийдің көп еңбектерінен оның тарихшы марксист бола *білгенін* білеміз, кейініректе ренегат болып кеткеніне қарамастан, Каутскийдің *ондай* еңбектері пролетариаттың баянды игілігі

болып қала береді. Бірақ айтылып отырған мәселе жөнінде Каутский тарихшы ретінде де ақиқаттан *теріс айналып* отыр, *жалпыға мәлім* фактілерді елемей отыр, өсекші болып отыр. Ол большевиктерді принципсіз адамдар етіп көрсеткісі *келеді,* сөйтеді де Құрылтай жиналысын таратып жібермей тұрып, большевиктер онымен екі арадағы жанжалды *бәсеңдетуге* қалай әрекет еткенін айтады. Мұнда еш бір жамандық жоқ, біз безерлік те дәнеңе жоқ; тезистерімді мен түгелдей бастырып отырмын, оларда: Құрылтай жиналысында отырып алған ауытқушы ұсақ буржуа мырзалар, не пролетариат диктатурасымен келісіңдер, не біз сіздерді «революциялық жолмен» жеңіп шығамыз (18 және 19-тезистер) деген сөздер ап-айқын айтылған.

Шын революцияшыл пролетариат ауытқушы ұсақ буржуазия жөнінде әрқашан осылай істеп келді және әрқашан осылай істей береді.

Каутский Құрылтай жиналысы туралы мәселеде формальды көзқараста болып отыр. Құрылтай жиналысының формальды праволарынан революция мүдделерінің жоғары екендігі менің тезистерімде айқын және әлденеше рет айтылған (16 және 17-тезистерді қараңыз). Формальды-демократиялық көзқарас дегеніңіз өзі пролетариаттың және пролетарлық тап күресінің мүдделері жоғары екенін мойындамайтын *буржуазияшыл* демократтың көзқарасы. Буржуазиялық парламенттер белгілі бір таптың органдары болып табылатынын Каутский, тарихшы ретінде, мойындамай отыра алмас еді. Бірақ Каутскийге қазір (революциядан безудің лас ісі үшін) марксизмді ұмыту керек болып отыр, сондықтан Каутский Россияда Құрылтай жиналысы қай *таптың* органы болып еді деген *мәселені қойып отырған жоқ.* Каутский нақты жағдайды талдамайды, оның фактілерге қарағысы келмейді, тезистерде буржуазиялық демократияның өресіздігі туралы мәселенің теориялық жағынан баяндалуы ғана (№№ 1—3-тезистер) көрсетіліп қоймай, 1917 жылғы октябрьдің ортасындағы партиялық тізімдердің 1917 жылғы декабрь ішіндегі шындықпен сәйкес келмейтінін анықтаған (№№ 4—6-тезистер) нақты жағдайлар ғана корсетіліп қоймай, сонымен

қатар 1917 жылғы октябрь — декабрь ішіндегі *тап күресі мен азамат соғысының тарихы* да (№№ 7—15-тезистер) көрсетілгені жөнінде ол неміс оқушыларына еш нәрсе айтпайды. Осындай нақты тарихтан біз: «бүкіл өкімет Құрылтай жиналысына берілсін» деген ұран *іс жүзінде* кадеттер мен калединшілдердің және оларға дем берушілердің ұраны болып шықты деген қорытынды (№ 14-тезис) жасадық.

Тарихшы Каутский мұны байқамайды. Тарихшы Каутский жалпыға бірдей сайлау правосының кейде ұсақ буржуазиялық, кейде реакциялық және контрреволюциялық парламенттерді беретінін ешқашан естімеген көрінеді. Тарихшы-марксист Каутский сайлау формасы, демократия формасы деген бір басқа нәрсе де, бұл мекеменің таптық мазмұны деген бір басқа нәрсе екенін естімеген көрінеді. Құрылтай жиналысының таптық мазмұны туралы бұл мәселе менің тезистерімде турадан-тура қойылып, шешілген болатын. Мүмкін, мен теріс шешкен болармын. Біздің талдауымызға сырткы тараптан маркстік сын жасалуынан артық еш нәрсені біз қаламаған болар едік. Большевизмді сынауға біреулер кедергі жасайды-мыс деген мүлде зердесіз сөздерді (Каутскийде мұндай сөздер көп) жазудың орнына, Каутскийдің осындай сынға кіріскені жөн еді. Мәселе сынның жоқтығында болып отыр. Ол тіпті, бір жағынан, Советтерге, ал екінші жағынан, Құрылтай жиналысына таптық талдау жасау *мәселесін* алға да *қоймайды*. Сондықтан да Каутскиймен таласуға, айтысуға *мүмкіндік жоқ*, сөйтіп Каутскийді ренегат деуден басқаша атауға неліктен болмайтынын оқушыға *көрсету* ғана қалады.

Советтердің Құрылтай жиналысымен алауыздығының өз тарихы бар, оны тіпті тап күресі көзқарасында болмаған тарихшы да орағытып өте алмаған болар еді. Каутский осы нақты тарихқа да *соққысы* келмеді. Советтердің меньшевиктер үстемдік еткен кезінде де, яғни 1917 жылғы февральдың аяғынан октябрьге дейін де, «жалпы мемлекеттік» (яғни буржуазиялық) мекемелерден алшақ болғаны туралы (қазір тек қаскөй меньшевиктер ғана жасырып отырған) жалпыға мәлім фактіні

Каутский неміс оқушыларынан бүгіп қалды. Каутский, шындығында, пролетариат пен буржуазияны ымыраластыру, келістіру, ынтымақтастыру көзқарасында болып отыр; Каутский бұдан қаншама безсе де, оның осындай көзқараста екендігі — Каутскийдің бүкіл кітапшасы растайтын факт. Құрылтай жиналысын таратып жіберу керек емес еді дегеннің өзі буржуазияға қарсы күресті ақырына дейін жеткізбеу керек еді, буржуазияны құлатпау керек еді, пролетариаттың буржуазиямен ымыраға келуі керек еді деген сөз.

Меньшевиктердің мұндай онша абырой әпермейтін іспен 1917 жылғы февральдан октябрьге дейін айналысып, түк шығара алмағанын Каутский неліктен айтпады? Егер буржуазияны пролетариатпен ымыраластыру мүмкін болған болса, меньшевиктер тұсында неге олар ымыраға келмей, буржуазия Советтерден аулақ болды, Советтерді *(меньшевиктер)* неге «революциялық демократия» деп, ал буржуазияны «цензді элементтер» деп атады?

Өздерінің үстемдік еткен «дәуірінде» (II—X 1917 ж.) нақ меньшевиктер Советтерді революциялық демократия деп атағанын, *сөйтіп* оларды басқа мекемелердің бәрінен де артық деп танығанын Каутский неміс оқушыларынан бүгіп қалды. Осы фактіні бүгіп қалудың арқасында ғана тарихшы Каутскийдің ойынша Советтердің буржуазиямен алауыздығының өз тарихы болмай, ол тек большевиктердің жаман қылықтарының кесірінен бірден, кенет, себепсіз жарыққа шыққан болып отыр. Ал іс жүзіне келгенде меньшевиктік келісімпаздықтың, пролетариатты буржуазиямен ымыраластыру әрекеттерінің нақ *жарты жылдан астам уақыт ішіндегі* (революция үшін бұл орасан көп уақыт) *тәжірибесі* бұл әрекеттердің нәтижесіз екендігіне халықтың көзін жеткізіп, пролетариатты меньшевиктерден сырт айналдырды.

Советтер — пролетариаттың тамаша, келешегі орасан зор, жауынгерлік ұйымы деп мойындайды Каутский. Ал олай болса, Каутскийдің бүкіл позициясы ойыншық үйдей құлап түседі немесе пролетариаттың буржуазияға қарсы шиеленіскен күресінсіз-ақ бірдеңе ету туралы

ұсақ буржуаның қиялындай ғайып болады. Өйткені бүкіл революцияның өзі тұтасып жатқан және оның үстіне арпалысқан күрес, ал пролетариат *барлық* езілгендердің алдыңғы табы, барлық және қандай да болсын езілгендердің өздеріне азаттық алу жолындағы барлық ұмтылыстарының өзегі және орталығы болып табылады. Советтер — езілгендер бұқарасының күрес органы — әрине, осы бұқараның пиғылын және көзқарастарындағы өзгерісті басқа мекемелердің қай-қайсысынан болса да анағұрлым тезірек, толығырақ, дұрысырақ бейнелеп және білдіріп отырды (советтік демократия дегеніміз демократияның ең жоғары типі болуы негіздерінің бірі, асылында, міне осында).

Советтер 1917 жылғы 28 февральдан (ескіше) 25 октябрьге дейін Россия халқының орасан зор көпшілігінің, барлық жұмысшылар мен солдаттардың, шаруалардың оннан жетісінің немесе оннан сегізінің,— толып жатқан жергілікті, уездік, қалалық, губерниялық және облыстық съездерді есептемегенде,— бүкіл россиялық *екі* съезін шақырып үлгірді. Ал осы уақыттың ішінде буржуазия (көріпе жасанды, қорлау түріндегі, пролетариатты ашындырған «Демократиялық кеңесті»[124] былай қойғанда) көпшіліктің өкілі деп саналарлықтай бір де мекеме шақыра алмады. Советтердің Бүкіл россиялық бірінші (июнь) съезі[125] бұқараның пиғылы қандай екенін, қандай саяси топтасуды көрсеткен болса, Құрылтай жиналысы бұқараның *дәл сондай* пиғылын, *дәл сондай* саяси топтасуын көрсетті. Құрылтай жиналысы шақырылуының (1918 жылғы январь) қарсаңында Советтердің екінші съезі (1917 жылғы октябрь)[126] және үшінші съезі (1918 жылғы январь)[127] болды, мұның өзінде бұл екі съездің екеуі де бұқараның солшылданғандығын, революцияшылданғандығын, меньшевиктер мен эсерлерден сырт айналғандығын, большевиктер жағына шыққандығын, *яғни* ұсақ буржуазиялық басшылықтан, буржуазиямен келісу жөніндегі жалған үміттерден сырт айналып, буржуазияны құлату жолындағы пролетарлық революциялық күрес жағына шыққандығын *айдан айқын көрсетті.*

Демек, Советтердің *сыртқы тарихының* бір өзі-ақ Құ-

рылтай жиналысының сөзсіз таратылуы керек болғандығын және оның *реакцияшылдығын* көрсетеді. Бірақ Каутский өз «ұранын» берік ұстайды: революция құри берсін, буржуазия пролетариатқа үстемдік етіп масайрай берсін, тек «таза демократия» гүлдене берсе болғаны! Fiat justitia, pereat mundus!*.

Советтердің Бүкіл россиялық съездерінің орыс революциясы тарихындағы қысқаша қорытындылары мынадай:

Советтердің Бүкіл россиялық съездері	Делегаттар саны	Олардың ішінде большевиктер	Большевиктердің %
1-ші (3.VI.1917)	790	103	13%
2-ші (25.X.1917)	675	343	51%
3-ші (10.I.1918)	710	434	61%
4-ші (14.III.1918)[128]	1232	795	64%
5-ші (4.VII.1918)[129]	1164	773	66%

Құрылтай жиналысын қорғауға немесе большевиктердің соңынан халықтың көпшілгі еріп отырған жоқ деген (Каутскийдің сөздері сияқты) сөздерге біздің тек күле қарайтын себебімізді түсіну үшін осы цифрларға көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті.

СОВЕТТІК КОНСТИТУЦИЯ

Жоғарыда айтқанымдай, буржуазияны сайлау праволарынан айыру пролетариат диктатурасының міндетті және қажетті белгісі болып табылмайды. Және Россияда мұндай диктатура ұранын Октябрьден көп бұрын көтерген большевиктер қанаушыларды сайлау праволарынан айыру туралы күн ілгері айтқан жоқ-ты. Диктатураның *бұл* құрамдас бөлігі белгілі бір партияның «жоспары бойынша» жарыққа шыққан жоқ, күрестің барысында өздігінен *өсіп шықты.* Тарихшы Каутский мұны, әрине, байқамады. Буржуазия тіпті Советтерде меньшевиктер (буржуазиямен келісімпаздар) үстем болып тұрған кездің өзінде Советтерден өздерін-өздері

* — Дүние қараң қалса да, сот төрелігі болсыншы! *Ред.*

бөлгенін, Советтерге бойкот жасағанын, оларға өздерін қарсы қойғанын, оларға қарсы әзәзілдіктер жасағанын Каутский түсінбеген. Советтер ешқандай конституциясыз пайда болды және *жылдан астам уақыт* (1917 жылдың көктемінен 1918 жылдың жазына дейін) ешқандай конституциясыз өмір сүрді. Езілгендердің дербес және құдіретті (өйткені бәрін қамтитын) ұйымына қарсы буржуазияның өшігуі, буржуазияның Советтерге қарсы күресі,— күрес болғанда нағыз арсыз, пайдақорлық, лас күресі,— ақырында, буржуазияның (кадеттерден бастап оңшыл эсерлерге дейін, Милюковтан бастап Керенскийге дейін) корниловшылдыққа көрер көзге қатысуы,— міне осының бәрі буржуазияның Советтерден ресми шығарылуын *әзірледі*.

Каутский корниловшылдық туралы естіген, бірақ ол тарихи фактілерге және диктатураның *формаларын* белгілейтін күрестің барысына, формаларына пысқырып та қарамайды: әңгіме «таза» демократия туралы болып отыр екен, сондеше, фактінің бұл арада, шынында да, не қатысы болмақ? Буржуазияның сайлау праволарын тартып алуға қарсы бағытталған Каутскийдің «сыны» сондықтан сондай... жымысқы аңқаулық болып келеді; бұл «сын» егер баланың аузынан шыққан болса, оны кешіруге болар еді, ал ол әзір ресми түрде есалаң деп танылмаған адамның аузынан шығып отырғандықтан, жиреніш туғызады.

«...Егер капиталистер жалпыға бірдей сайлау правосы арқылы болмашы азшылық болып қалған болса, онда олар өз тағдырына тезірек көнген болар еді» (33)... Сүйкімді-ақ сөз емес пе? Езілгендер көпшілігінің еркімен санасатын помещиктер мен капиталистерді ақылды Каутский тарихтан сан рет көрген және жалпы күнделікті өмірді байқауынан тамаша білетін көрінеді. Ақылды Каутский «оппозицияның» көзқарасын, яғни парламенттік ішкі күрестің көзқарасын берік ұстайды. Ол дәл осылайша: «оппозиция» деп жазады (34 және басқа көптеген беттер).

Шіркін, ғалым тарихшы әрі саясатшы-ай! «Оппозиция» дегеннің бейбіт және тек парламенттік күрестің ғана ұғымы екенін, яғни революциялық емес жағдайға

сәйкес келетін ұғым екенін, *революция жоқ кезеңге* сәйкес келетін ұғым екенін білу сізге жаман болмас еді. Революцияда әңгіме азамат соғысындағы аяусыз жау туралы болады — мұндай соғыстан Каутский қалай қорқатын болса, солай қорқатын ұсақ буржуаның ешқандай реакциялық шағымдары бұл фактіні өзгерте алмайды. Буржуазия қандай қылмыс істеуден де тайынбай отырған кезде — версальдықтардың мысалы және олардың Бисмаркпен мәмлеге келулері тарихқа Гогольдің Петрушкасы сияқты қарамайтын адамның қай-қайсысына да бірдеңені түсіндіреді,— буржуазия шет мемлекеттерді көмекке шақырып, олармен бірге революцияға қарсы әзәзілдіктер жасап жатқан кезде, кескілескен азамат соғысы мәселелерін «оппозицияның» көзқарасы тұрғысынан қарау деген адам күлерлік нәрсе болады. Революцияшыл пролетариат, «былықтырушы советник» Каутский сияқты көзін тас жұмып алып, Дутовтың, Красновтың, чехтардың контрреволюциялық көтерілістерін ұйымдастырып отырған, саботажшыларға миллиондаған сом ақы төлеп отырған буржуазияға жария «оппозиция» деп қарауға тиіс қой, шамасы. Шіркін, неткен терең ой десеңізші!

Каутскийді мәселенің тек ресми-юридикалық жағы ғана қызықтырады, сондықтан оның Советтік конституция туралы пайымдауларын оқығанда, Бебельдің: юристер — тұла бойы тұнып тұрған реакцияшыл адамдар деген сөздерін еріксіз еске аласың. «Шындығына келгенде,— деп жазады Каутский,— жалғыз капиталистерді ғана правосыз қалдыруға болмайды. Юридикалық мағынада алғанда капиталист деген кім? Дәулетті адам ба? Экономикалық прогресс жолымен ұзап алға кеткен, пролетариаты соншама көп Германия сияқты елдің өзінде де Советтік республика орнату көптеген бұқараны саяси жағынан правосыз қалдырған болар еді. 1907 жылы Герман империясында үлкен үш топтағы — ауыл шаруашылығындағы, өнеркәсіптегі және саудадағы — кәсіпшілік еңбекпен шұғылданатындардың және олардың семьяларының саны қызметшілер мен жалдама жұмысшылар тобында 35 миллиондай, ал дербес қожайындар тобында 17 миллиондай болды. Демек, пар-

тия жалдама жұмысшылар арасында кәміл көпшілік болып, ал халық арасында азшылық бола алады» (33-бет).

Каутскийдің пайымдауларының бір үлгісымағы міне осы. Ал мұның өзі буржуаның контрреволюциялық қыңқылы емей немене? Орыс шаруаларының орасан көпшілігі жалдама жұмысшы ұстамайтынын, демек, праволарынан айрылмайтынын әбден жақсы біле отырып, Каутский мырза, сіз неге барлық «дербес қожайындарды» правосыздарға апарып қосасыз? Мұның өзі бұрмалаушылық емес пе?

Ауыл шаруашылығындағы жалдама еңбек туралы өзіңізге әбден мәлім және сол 1907 жылғы неміс статистикасында бар деректерді, шаруашылық топтарына қарай алып, сіз, ғалым экономист, неге келтірмедіңіз? Неміс жұмысшыларына, сіздің кітапшаңызды оқушыларға, бұл деректерді неге көрсетпедіңіз, сонда неміс статистикасы бойынша *қанша қанаушылар* бар екені, барлық «селолық қожайындардың» ішінде қанаушылардың қапшалықты аз екені осы деректерден көрінген болар еді ғой?

Көрсетпеген себебіңіз, сіздің ренегаттығыңыз сізді буржуазияның жай өсекшісіне айналдырып жіберді.

Капиталист деген, байқайсыздар ма, юридикалық жағынан белгісіз ұғым ғой деп, Каутский кітапшасының бірнеше бетінде Советтік конституцияның «озбырлығына» қаһарын төгеді. Ағылшын буржуазиясының жаңа (орта ғасырлық үшін жаңа) буржуазиялық конституциясын ғасырлар бойы жасап, толықтырып отыруына бұл «байсалды ғалым» рұқсат береді, ал бізге, Россияның жұмысшылары мен шаруаларына, малайлық ғылымның бұл өкілі ешқандай мерзім бермейді. Бізден ол бірнеше айдың ішінде әбден тәптіштеліп жасалған конституцияны талап етеді...

...«Озбырлық»! Міне *осындай* кінә тағудан буржуазия алдындағы ең жексұрын малайлықтың, ең топас педанттықтың шексіз көптігі байқалатынын ойлап қараңызшы. Капиталистік елдердің бүтіндей буржуазияшыл және көбінесе реакцияшыл юристері жұмысшыны *қыспаққа салатын, кедейді* қол-аяғынан бірдей матап ұстай-

тын, халық арасынан шыққан кез келген қарапайым еңбекші адамға мыңдаған іліктер мен кедергілер жасайтын мұқият ережелерді ғасырлар бойы немесе ондаған жылдар бойы жасап, ондаған және жүздеген том заңдар және заң түсініктерін жазған болса,— міне мұнда буржуазияшыл либералдар мен Каутский мырза «озбырлық» бар деп білмейді! Мұнда «тәртіп» пен «заңдылық» бар! Мұнда кедейді қалай «қыспаққа» алудың бәрі ойластырылып, жазылып қойылған. Мұнда мыңдаған буржуазияшыл адвокаттар мен чиновниктер (Каутский бұлар жөнінде мүлде үндемейді, бұл, сірә, чиновниктік машинаны *қиратуға* Маркстің орасан зор маңыз бергендігінен де болар...),— заңдарды түсіндіргенде жұмысшы мен орта шаруа бұл заңдардың сым қоршауынан ешқашан өте алмастай етіп түсіндіре білетін адвокаттар мен чиновниктер бар. Бұл — буржуазияның «озбырлығы» емес, бұл — құлқынқұмар, жексұрын, халық қанына тойынған қанаушылардың диктатурасы емес, тіпті де олай емес. Бұл — күн санап тазарған үстіне тазарып келе жатқан «таза демократия».

Ал империалистік соғыстың салдарынан өздерінің шетелдердегі бауырларымен қатынастары үзіліп отырған еңбекші және қаналушы таптар тарихта тұңғыш рет *өздерінің* Советтерін құрған кезде, буржуазия езіп, жаншып, топастандырып келген *сол бұқараны* саяси құрылысқа шақырып алған кезде, сөйтіп *жаңа,* пролетарлық мемлекетті *өздері* құра бастаған кезде, арпалысқан күрес үстінде, азамат соғысының от-жалынында *қанаушыларсыз* мемлекет туралы негізгі қағидаларды *белгілей* бастаған кезде,— міне осы кезде буржуазияның барлық оңбағандары, бүкіл қанішерлер бандасы өздерінің итаршысы Каутскиймен бірге «озбырлық» туралы байбалам сала бастады! Иә, шынына келгенде, бұл надандарға, жұмысшылар мен шаруаларға, бұл «қара халыққа» өздерінің заңын түсіндіре білу қайда? Бұлар, білімді адвокаттардың, буржуазияшыл жазушылардың, Каутскийлердің және ескі білгір чиновниктердің кеңестерін пайдаланбайтын бұлар, қарапайым еңбекшілер, әділдік сезімін қайдан алсын?

Менің 1918 ж. 28 апрельдегі сөзімнен[130] Каутский мырза: «...Сайлаудың тәртібі мен мерзімдерін бұқараның өзі белгілейді...» деген сөздерді цитатқа алады. Сөйтеді де, «таза демократ» Каутский былайша ой қорытады:

«...Демек, істің жайы, тегінде, былай болатын шығар: сайлаушылардың әрбір жиналысы сайлаудың тәртібін өздерінің қалауы бойынша белгілейтін болу керек. Озбырлық және пролетариаттың өз ішіндегі қолайсыз оппозициялық элементтерден құтылу мүмкіндігі сөйтіп ең жоғары шегіне жеткізілетін болу керек» (37-бет).

Ал енді «еңбек еткілері келетін» іждағатты жұмысшыларды стачка кезінде бұқараның езетіндігі жөнінде байбалам салатын капиталистер жалдап алған шимайшы кулилердің сөздерінен мұның қандай айырмашылығы бар? «Таза» буржуазиялық демократияда сайлау тәртібінің чиновниктік-*буржуазиялық* түрде белгіленуі озбырлық болмайтын себебі *не?* Өзін ғасырлар бойы езіп келе жатқан қанаушыларға қарсы *күреске көтерілген бұқараның,* осы арпалысқан күрес арқылы көзі ашылатын және шынығатын бұқараның әділдік сезімі *буржуазиялық* соқыр сенімдермен тәрбиеленген *ат төбеліндей* чиновниктердің, интеллигенттердің, адвокаттардың сезімдерінен неге төмен болуға тиіс?

Каутский — шын социалист, бұл аса қадірменді семья басының, бұл ең адал азаматтың адал ниеттілігіне күдіктене көрмеңіздер. Ол — жұмысшылар жеңісінің, пролетарлық революцияның жалынды және сенімді жақтаушысы. Ол тек майда тілді интеллигентсымақ-мещандар мен паңсымақ филистерлердің *алдымен,* бұқараның қозғалысына *дейін,* олардың қанаушыларға қарсы арпалысқан күресіне *дейін* және қалай да азамат соғысын *тұғызбай-ақ, революцияны дамытудың* баяу және ұқыпты *уставын* жасап шығаруын ғана тілер еді...

1918 ж. 14 июньде Советтердің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті оңшыл эсерлер мен меньшевиктер партиясының өкілдерін Советтерден шығарып тастауға қаулы алды[131] деп біздің аса ғалым Иудушка Головлев қатты ашынған наразылықпен неміс жұмысшыларына айтып отыр. Сыпайы ренішпен күйіп-пісіп

Иудушка Каутский былай деп жазады: «Бұл шара нендей бір жазаланатын іс істеген белгілі бір адамдарға қарсы жұмсалып отырған жоқ... Совет республикасының Конституциясында депутаттарға — Совет мүшелеріне тимеу туралы бір ауыз сөз айтылмайды. Советтерден бұл арада белгілі бір *адамдар* емес, белгілі бір *партиялар* шығарылып отыр» (37-бет).

Иә, бұл шынында да сұмдық, бұл таза демократиядан — біздің революцияшыл Иудушка Каутский соның ережелері бойынша революция жасамақшы болып отырған таза демократиядан тозуге болмайтын шегінгендік. Біздер, орыс большевиктері, алдымен Савинковтарға және К°-ге, Либердандар[132] мен Потресовтарға («белсенділерге»)[133] және К°-ге тимеу туралы уәде беруіміз керек еді, сонан соң чехословактардың контрреволюциялық соғысына қатысу немесе өз елінің жұмысшыларына *қарсы* Украинада немесе Грузияда неміс империалистерімен одақ жасасу «жазаланатын іс» деп жариялайтын қылмыстық заң жазуымыз керек еді, тек *содан кейін* ғана, осы қылмыстық заңға сүйеніп, «таза демократияға» сәйкес, біз Советтерден «белгілі бір адамдарды» шығарып тастауға праволы болар едік. Солай еткенде Савинковтар, Потресовтар және Либердандар арқылы (немесе солардың үгіттерінің көмегімен) ағылшын-француз капиталистерінен ақша алып отырған чехословактар, сол сияқты украин және Тифлис меньшевиктерінің көмегімен немістерден снаряд алып отырған Красновтар біз дұрыс қылмыстық заң жасап шығарғанға дейін тып-тыныш отыра берген болар еді және, нағыз таза демократтар ретінде, «оппозиция» ролімен шектелген болар еді, бұл өзінен-өзі түсінікті...

Советтік Конституцияның «пайда табу мақсатымен жалдама жұмысшылар ұстап отырған» адамдарды сайлау праволарынан айыратындығы да Каутскийдің жоғарыдағыдан кем түспейтін адамгершілік ренішін туғызады. «Бір ғана кіші шебері бар, өз үйінде істейтін қызметкер немесе кішкене қожайынсымақ,— деп жазады Каутский,— толығынан пролетарша тұрып, пролетарша сезіне алады, ал оның сайлау правосы жоқ» (36-бет).

«Таза демократиядан» неткен шегінгендік! Неткен

әділетсіздік! Рас, бұған дейін марксистердің бәрі де ұсақ қожайынсымақтарды жалдама жұмысшылардың ең ар-ұятсыз және ең тұтқыр қанаушылары деп есептеген еді және муны мыңдаған фактілермен дәлелдеп келген еді, бірақ Иудушка Каутский, әлбетте, ұсақ қожайынсымақтар *табын* алмай (ал тап күресінің осы зиянды теориясын кім ғана ойлап шығарды екен?), жеке адамдарды, «толығынан пролетарша тұрып, пролетарша сезінетін» қанаушыларды алады. Әлдеқашан өліп қалды деп жүрген әйгілі «ұқыпты Агнесаны» Каутскийдің қаламы қайта тірілтіп отыр. Бұл ұқыпты Агнесаны бұдан бірнеше ондаған жыл бұрын «таза» демократ, буржуа Евгений Рихтер ойлап шығарып, неміс әдебиетіне енгізген еді. Ол пролетариат диктатурасынан, қанаушылардың капиталын конфискелеуден адам айтқысыз пәлелер шығады деп сәуегейлік еткен болатын, ол мүләйімсіген кейіппен: юридикалық мағынада алып қарағанда капиталист дегеніміз кім деп сұрақ қойған еді. Ол ақырғы тиып-тебенін «пролетариаттың» залым «диктаторлары» тартып алған үнемшіл кедей тігінші әйелді («ұқыпты Агнесаны») мысалға келтірді. Бір кезде бүкіл неміс социал-демократиясы таза демократ Евгений Рихтердің осы «ұқыпты Агнесасын» қалжың еткен еді. Бірақ бұл ертеде болған еді, тіпті әлдеқашан болған еді, ол кезде: біздің партиямыздың қатарында национал-либералдар[134] көп деп шындықты ашық және тура айтқан Бебель тірі болатын, бұл тіпті әлдеқашан болған еді, ол кезде Каутский әлі ренегат емес болатын.

Енді «бір ғана кіші шебері бар, толығынан пролетарша тұрып, пролетарша сезінетін ұсақ қожайынсымақ» түрінде «ұқыпты Агнеса» қайта тіріліп отыр. Зұлым большевиктер ол қожайынсымақты жәбірлеп, оның сайлау правосын тартып алып отыр. Рас, сол Каутскийдің өзі айтып отырғанындай, Совет республикасында «сайлау жиналысының қайсысы да», айталық, белгілі бір заводпен байланысы бар кедей шеберді, егер ол, басқалардан ерекше, қанаушы болмаса, егер ол *іс жүзінде* «толығынан пролетарша тұрып, пролетарша сезінетін болса», өз ішіне ала алады. Бірақ қарапайым жұмыс-

шылардың жолға қойылмаған және уставсыз жұмыс істейтін (ой, сұмдық-ай!) заводтық жиналысы тұрмысты біледі, оның әділдік сезімі болады деп сенуге бола ма? Сондықтан «ұқыпты Агнеса» мен «пролетарша тұрып, пролетарша сезінетін шебершеге» жұмысшылардың абайсызда қиянат істеп қалмауы үшін *барлық* қанаушыларға, *барлық* жалдама жұмысшы жалдаушыларға сайлау правосын беру жақсы екені айқын емес пе?

* *
*

Мейлі, буржуазия мен социал-шовинистер* құттықтап отырған ренегаттықтың жексұрын сұмдары қанаушылардың сайлау правосын тартып алғандығы үшін біздің Советтік конституцияны балағаттай берсін. Осының өзі жақсы, өйткені бұл Европаның революцияшыл жұмысшыларының Шейдемандар мен Каутскийлерден, Ренодельдер мен Лонгелерден, Гендерсондар мен Рамсей Макдональдтардан, социализмнің ескі көсемдерінен және ескі сатқындарынан жікке бөлініп шығуын тездетіп, тереңдете түседі.

Езілген таптардың бұқарасы, революцияшыл пролетарлардан шыққан саналы және адал көсемдер біздің *жағымызда болады.* Мұндай пролетарлар мен бұл бұқараны біздің Советтік конституциямен таныстырсақ болғаны, олар: нағыз *біздің адамдарымыз* осында екен, нағыз жұмысшы партиясы, нағыз жұмысшы үкіметі осында екен деп бірден айтады. Өйткені бұл үкімет, *аталып өткен көсемдердің бәрі бізді алдағаны* сияқты, реформалар туралы мылжыңдаумен жұмысшыларды алдамайды, қайта қанаушылармен шындап күреседі, революцияны шындап жүзеге асырады, жұмысшыларды толық азат ету жолында *іс жүзінде* күреседі.

Егер Советтердің бір жылдық «практикасынан» кейін Советтер қанаушыларды сайлау правосынан айырған

---

* Мен жаңа ғана «Франкфурт Газетінің»[135] (22. X. 1918, № 293) Каутскийдің кітапшасын қуана қайталап айтып берген бас мақаласын оқып шықтым. Биржевиктер газеті риза. Неге риза болмасын! Ал Берлиннен маған бір жолдас Шейдемандардың газеті «Форвертс» арнаулы мақаласында Каутский жазған әрбір жолға дерлік қол қоятынын мәлімдеп отыр деп жазады[136]. Құттықтаймыз, құттықтаймыз!

болса, *мұның мәнісі* бұл Советтер шындығында буржуазияға сатылған социал-империалистер мен социал-пацифистердің ұйымы емес, езілген бұқараның ұйымы болғаны. *Егер* бұл Советтер қанаушылардың сайлау правосын тартып алған болса, *мұның мәнісі* — Советтер капиталистермен ұсақ буржуазиялық келісімпаздықтың органдары емес, парламенттік мылжыңдаудың (Каутскийлердің, Лонгелердің, Макдональдтардың) органдары емес, қанаушылармен өліспей беріспейтін күрес жүргізіп жатқан шын революцияшыл пролетариаттың органдары болғаны.

Маған Берлиннен бұл жөнінде жақсы хабардар бір жолдас жақында (бүгін — 30. X.): «Каутскийдің кітапшасы мұнда белгілі емес дерлік» деп жазды. Әлдеқашаннан бері «сасық өлексе» болып кеткен «европалық» — мұны империалистік және реформистік деп оқыңыз — социал-демократияны батпаққа батыра таптау үшін Германия мен Швейцариядағы біздің елшілерімізге мен бұл кітапты сатып алып, саналы жұмысшыларға *тегін үлестіру* үшін мыңдаған сом ақшаны аямай-ақ қойыңдар деп кеңес берер едім.

* *
*

Каутский мырза өзінің кітабының аяғында, 61 және 63-беттерінде, «жаңа теория» (ол Маркс пен Энгельстің Париж Коммунасына жасаған талдауына жуықтаудан қорқып, большевизмді осылай деп атайды), «мысалы, Швейцария сияқты тіпті ескі демократиялар ішінен де жақтаушылар тауып отыр» деп зар еңірейді. «Егер бұл теорияны неміс социал-демократтары да қабылдап отырған болса», онда бұл Каутскийге «түсініксіз».

Жоқ, бұл әбден түсінікті, өйткені соғыстың елеулі сабақтарынан кейін, революцияшыл бұқараға Шейдемандар да, Каутскийлер де жексұрын бола бастап отыр.

«Біздер» әрқашан да демократияны жақтап келген едік — деп жазады Каутский — ал енді келіп біз одан кенеттен бас тартамыз!

«Біздер», социал-демократияның оппортунистері, пролетариат диктатурасына әрқашан да қарсы болып кел-

дік және мұны Кольбтер және К° *әлдеқашан* ашықтан-ашық айтқан болатын. Каутский мұны біледі, сондықтан ол өзінің Бернштейндер мен Кольбтердің «аясына қайтып келгендігі» туралы айқын фактіні оқушылардан жасырамын деп бекер-ақ ойлаған.

«Біздер», революцияшыл марксистер, «таза» (буржуазиялық) демократияны ешқашан әулие тұтқан емеспіз. Жұртқа мәлім, Плеханов 1903 жылы (оны орыс Шейдеманының позициясына жетелеп жеткізген өзінің қайғылы бетбұрысына дейін) революцияшыл марксист болған еді. Міне, сол кезде Плеханов партияның программа қабылдаған съезінде[137]: пролетариат революция кезінде, қажет болған жағдайда, капиталистердің сайлау правосын тартып алады, егер парламент контрреволюцияшыл болып шықса, *парламенттің қандайын болса да қуып жібереді* деген болатын. Нақ осындай көзқарас қана марксизмге сәйкес келетінін менің Маркс пен Энгельстен келтіріп өткен сөздерімнен-ақ әркім көре алады. Мұның марксизмнің барлық негіздерінен келіп шығатыны айқын.

«Біздер», революцияшыл марксистер, буржуазия алдында елпең қағып, буржуазиялық парламентаризмнің ыңғайына бейімделіп, қазіргі демократияның *буржуазиялық* сипатын айтпай, тек *оның* кеңейтілуін, *оның* ақырына дейін жеткізілуін талап етіп сөйлеуді сүйетін барлық ұлттардағы каутскийшілдердің сөзі сияқты сөздерді халыққа айтып көрген емеспіз.

«Біздер» буржуазияға былай дегенбіз: сіздер, қанаушылар мен екіжүзділер, демократия туралы айтасыздар да, сонымен қатар *езілген бұқараның* саясатқа қатысуына қадам басқан сайын мыңдаған кедергілер қоясыздар. Біз сіздерді өз сөздеріңізден ұстаймыз да, осы бұқараның мүдделері үшін *сіздердің* буржуазиялық демократияңызды кеңейтуді талап етеміз, *мұндағы ойымыз* сіздерді, қанаушыларды, құлату үшін *бұқараны революцияға даярлау*. Ал егер сіздер, қанаушылар, біздің пролетарлық революциямызға қарсылық көрсетуге әрекет істесеңіздер, біз сіздерді аяусыз басып-жаныштаймыз, біз сіздерді праволарыңыздан айырамыз, ол ол ма: біз сіздерге нан да бермей қоямыз, өйткені біздің

пролетарлық республикамызда қанаушылар правосыз болады, от пен судан айрылады, өйткені біздер шейдеманшылдар мен каутскийшілдер сияқты социалистер емеспіз, шын социалистерміз.

«Біздер», революцияшыл марксистер, міне осылай деп келдік және осылай дей береміз, міне сондықтан да езілген бұқара біздің жағымызда және бізбен бірге болады, ал Шейдемандар мен Каутскийлер ренегаттықтың жуынды құятын шұңқырына тасталады.

ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ ДЕГЕН НЕ?

Каутский өзін кәміл сеніммен интернационалист деп санайды және солай деп атайды. Шейдемандарды ол «үкіметтік социалистер» деп жариялайды. Каутский меньшевиктерді қорғай келіп (Каутский олармен пікірлес екенін ашық айтпайды, бірақ олардың көзқарастарын түгел жүзеге асырып отырады) өзінің «интернационализмінің» қандай сортқа жататынын тамаша айқын көрсетіп берді. Ал енді Каутский — жалғызжарым адам емес, II Интернационал жағдайында сөзсіз туып өскен ағымның өкілі болғандықтан (Францияда Лонге, Италияда Турати, Швейцарияда Нобс пен Гримм, Грабер мен Нэн, Англияда Рамсей Макдональд, т. с.), Каутскийдің «интернационализміне» тоқтап өту сабақ боларлық.

Циммервальдта меньшевиктердің де болғанын (мұның диплом екендігі күмәнсыз, бірақ... шіріген диплом) атап көрсете келіп, Каутский өзі жақтаған меньшевиктердің көзқарастарын былайша суреттейді:

«...Меньшевиктер жалпыға бірдей бітім жасалуын тілеген еді. Олар барлық соғысушылардың аннексиясыз және контрибуциясыз бітім ұранын қабылдауын тілеген еді. Бұған қол жеткенге дейін орыс армиясы, бұл көзқарас бойынша, соғысқа дайын тұруға тиісті болатын. Ал большевиктер қалай да тез бітім жасалуын талап етті, олар, қажет болған күнде, сепараттық бітім жасасуға да әзір болды, олар армияның онсыз да өршіп отырған берекесіздігін күшейте түсіп, мұндай бітімді күшпен жасатуға тырысты» (27-бет). Каутскийдің пі-

кірінше, большевиктер өкіметті қолдарына алмай, құрылтаймен ғана қанағаттануға тиіс еді.

Сонымен, Каутский мен меньшевиктердің интернационализмі міне мынада: империалистік буржуазиялық үкіметтен реформалар талап ету керек, бірақ ол үкіметті қолдай беру, соғысып жатқандардың бәрі аннексиясыз және контрибуциясыз бітім ұранын қабылдағанға дейін бұл үкіметтің жүргізіп отырған соғысын қолдай беру керек. Біздер «отан қорғау» *жағындамыз* ғой деп мәлімдеген Турати де, каутскийшілдер де (Гаазе және басқалар), Лонге және К° де осындай көзқарасты талай рет білдірген болатып.

Теориялық жағынан алғанда, бұл — социал-шовинистерден мүлдем бөліне білмегендік және отан қорғау туралы мәселеде мүлдем шатасқандық. Саяси жағынан алғанда, бұл — интернационализмді мещандық ұлтшылдықпен алмастырғандық және реформизм жағына шығып, революциядан безгендік.

«Отан қорғауды» мойындау, пролетариаттың көзқарасы тұрғысынан қарағанда, осы соғысты ақтағандық, оны заңды деп танығандық. Ал соғыстың өзі (монархия тұсында да, республика тұсында да) империалистік соғыс болып қалып отырғандықтан,— жау әскерінің қазіргі кезде қайда тұрғанына, менің елімде немесе басқа елде тұрғанына қарамастан,— отан қорғауды мойындау — *іс жүзінде* империалистік, тонаушы буржуазияны қолдағандық, социализмге барынша опасыздық жасағандық. Россияда Керенскийдің тұсында да, буржуазиялық-демократиялық республикада, соғыс империалистік соғыс болып қала берді, өйткені ол соғысты үстем тап ретінде буржуазия жүргізді (соғыс дегеніміз «саясаттың жалғасы»); ал дүние жүзін бөлісу, басқа елдерді тонау жөнінде бұрынғы патшаның Англия және Франция капиталистерімен жасасқан құпия шарттары соғыстың империалистік сипатының өте-мөте айқын көрінісі болды.

Мұндай соғысты қорғаныс соғысы немесе революциялық соғыс деп атап, меньшевиктер халықты жексұрындықпен алдады, ал Каутский меньшевиктердің саясатын қуаттай келіп, олардың халықты алдауын қуаттап отыр,

жұмысшыларды алдап, оларды империалистердің жетегіне тіркеп, капиталға қызмет еткен ұсақ буржуаның ролін қуаттап отыр. *Ұран тастау* істің беталысын өзгертетіндей көріп (және бұқараны сорақы пікірге сендіріп), Каутский кәдімгі мещандық, филистерлік саясатты жүргізіп отыр. Буржуазиялық демократияның бүкіл тарихы бұл жалған үмітті әшкерелейді: халықты алдау үшін буржуазиялық демократтар барлық уақытта қандай «ұрандарды» болса да ұсынып келген және ұсынып отырады. Мәселе мынада: олардың шын ниетін *тексеру керек, істерін* сөздерімен салыстыру керек, идеалистік немесе кәззаптық *жел сөзбен* қанағаттанып қалмай, *таптық шындықты* табу керек. Империалистік соғыс кәззаптардың немесе сөзуарлардың, немесе мещан-филистерлердің жымысқы «ұран» көтеруімен ғана империалистік соғыс болудан қалмайды,— империалистік соғысты жүргізіп отырған және онымен миллиондаған экономикалық арқаулар арқылы (не тіпті арқандар арқылы) байланысы бар *тап* іс жүзінде *құлатылған* кезде және оның орнына өкіметті шын революцияшыл тап — пролетариат қолға алған кезде ғана империалистік соғыс болудан қалады. *Әйтпесе империалистік соғыстан — сондай-ақ империалистік, тонаушылық бітімнен — құтылу мүмкін емес.*

Меньшевиктердің сыртқы саясатын қуаттауымен, оны интернационалистік және циммервальдистік саясат деп жариялауымен Каутский, 1-ден, циммервальдтық, оппортунистік көпшіліктің бүтіндей шіріктігін көрсетеді (біздің, Циммервальд *солшылдарының*[138] мұндай көпшіліктен бірден іргені аулақ салғаны бекер емес қой), ал 2-ден — және бұл ең бастысы — Каутский пролетариаттың позициясынан ұсақ буржуазияның позициясына, революциялық позициядан реформистік позицияға көшеді.

Пролетариат империалистік буржуазияны революциялық жолмен құлату үшін күреседі, ұсақ буржуазия империализмді реформистік жолмен «жетілдіру» үшін, империализмге *бағына отырып,* оған бейімделу үшін күреседі. Каутский марксист болып жүрген кезінде, мысалы, 1909 жылы, ол «Өкімет билігіне жеткізетін

жол» деген еңбегін жазған кезде ол нақ мына идеяны — соғысқа байланысты *революцияның* болмай қоймайтындығы туралы идеяны қорғаған болатын, ол *революциялар заманының* жақындап келе жатқандығын айтқан болатын. Герман және ағылшын топтары арасында 1914 жылы бұрқ ете түскен нақ осы империалистік соғысқа байланысты *пролетарлық революцияның* болатындығын 1912 жылғы Базель манифесі тура және ашық айтқан болатын. Ал 1918 жылы, соғысқа байланысты революциялар басталған кезде, ол революциялардың болмай қоймайтындығын түсіндірудің орнына, *революциялық* тактиканы, революцияға дайындалудың әдістері мен тәсілдерін ақырына дейін ойластырып, қарастырудың орнына, Каутский меньшевиктердің реформистік тактикасын интернационализм деп атай бастады. Мұның өзі ренегаттық емей немене?

Меньшевиктер армияның жауынгерлік әзірлігін сақтауды талап етті деп Каутский меньшевиктерді мақтайды. Ал большевиктер «армияда» онсыз да күшті болып отырған «берекесіздікті» күшейтті деп, ол большевиктерді сөгеді. Мұның өзі реформизмді және империалистік буржуазияға бағынуды мақтау, революцияны жамандау, одан безу деген сөз. Өйткені армияның жауынгерлік әзірлігін сақтау Керенскийдің тұсында *буржуазиялық* (республикалық бола тұрса да) командирлері бар армияны сақтау екенін көрсетті және солай болды. Командирлер құрамы корниловтық құрам болғандықтан бұл республикалық армияда *корниловтық* рухтың сақталып қалғаны жұрттың бәріне мәлім және мұны оқиғалардың барысы да айқын дәлелдеді. Буржуазиялық офицерлер корниловшыл болмай тұра алмады, империализмге бүйрегі бұрмай, пролетариатты күшпен басып-жаншуға бүйрегі бұрмай тұра алмады. Империалистік соғыстың барлық негіздерін, *буржуазиялық* диктатураның барлық негіздерін бұрынғы қалпында қалдыру, ұсақ-түйектерді жамап-жасқау, түкке тұрмайтын істерді боямалау («реформалар») — міне меньшевиктік тактика *іс жүзінде* осыған саятын еді.

Және мұның керісінше. Ешбір ұлы революция армияның «берекесін кетірмей» өткен емес және өте де ал-

майды. Өйткені армия — ескі құрылысты қолдаудың ең берік құралы, буржуазиялық тәртіптің, капитал үстемдігін қолдаудың, капиталға еңбекшілердің құлша бас иіп, бағынуып сақтаудың және соған тәрбиелеудің ең мықты тірегі. Армиямен қатар қаруланған жұмысшылардың болуына контрреволюция ешқашан төзген емес және төзе алған емес. Францияда әрбір революциядан соң — деп жазды Энгельс — жұмысшылар қаруланған күйінде қалып жүрді; «сондықтан мемлекет билігінің тізгінін ұстаған буржуаның бірінші парызы жұмысшыларды қарусыздандыру болды»[139]. Қаруланған жұмысшылар *жаңа* армияның бастамасы, *жаңа* қоғамдық құрылыстың ұйымдық ұясы болды. Осы ұяны жаншып тастау, оның өсуіне жол бермеу буржуазияның бірінші парызы болды. Жеңімпаз революцияның қандайының болсын бірінші парызы — ескі армияны талқандау, оны таратып жіберу, оның орнына жаңа армия құру болды дегенді Маркс пен Энгельс талай рет атап көрсеткен болатын [140]. Үстемдікке ұмтылған жаңа қоғамдық тап ескі армияны мүлде ыдыратпайынша (реакцияшыл немесе жай қорқақ мещандар мұны «береке кетіру» деп байбалам салады), орасан қиын, азабы аса күшті дәуірді ешқандай армиясыз бастан өткізбейінше (ұлы француз революциясы да осы азабы күшті дәуірді басынан өткізген), жаңа таптың жаңа армиясын, жаңа тәртібін, жаңа әскери ұйымын бірте-бірте жасамайынша, ауыр азамат соғысы үстінде жасамайынша бұл үстемдікке ешқашан жеткен емес және қазір де жете алмайды, оны ешқашан нығайтқан емес және қазір де нығайта алмайды. Тарихшы Каутский мұны бұрын түсінген еді. Ренегат Каутский мұны ұмытып қалған.

Егер Каутский меньшевиктердің орыс революциясындағы тактикасын *мақұлдайтын* болса, онда Шейдемандарды «үкіметтік социалистер» деп атауға оның қандай правосы бар? Меньшевиктер Керенскийді қолдап, оның министрлігіне кіріп, дәл сондай үкіметтік социалистер болған еді. Егер империалистік соғысты жүргізуші *үстем тап* туралы мәселе қойғысы келетін болса, онда Каутский бұл қорытындыдан ешбір қашып құтыла алмайды. Бірақ Каутский үстем тап туралы мә-

селені, марксист үшін міндетті мәселені қоюдан қашады, өйткені мұндай мәселені қоюдың өзі-ақ ренегатты әшкерелеген болар еді.

Германияда каутскийшілдер, Францияда лонгетистер, Италияда Турати және К° былайша пайымдайды: социализм ұлттардың теңдігі мен бостандығын, олардың өзін өзі билеуін көздейді; *сондықтан* біздің елімізге шабуыл жасалған кезде немесе жау әскерлері біздің жерімізге басып кірген кезде, социалистер отан қорғауға праволы және міндетті болмақ дейді. Бірақ теориялық жағынан алғанда, бұл пайымдау не социализмді түгелінен қорлағандық, не алаяқтық-айлакерлік, ал практикалық-саяси жағынан алғанда, бұл пайымдау соғыстың әлеуметтік, таптық сипаты туралы және реакциялық соғыс кезіндегі революциялық партияның міндеттері туралы тіпті ойлай да білмейтін мүлде қараңғы мужиктің пайымдауына ұқсас.

Социализм ұлттарға зорлық жасауға қарсы. Бұл даусыз. Сонымен қатар социализм адамдарға жалпы зорлық жасауға қарсы. Алайда, христиан анархистері мен толстойшылдардан басқа әлі ешкім де бұдан социализм *революциялық* күштеуге қарсы деген қорытынды шығарған емес. Олай болса, реакциялық күштеуді революциялық күштеуден айрықша ететін жағдайларды талғамай, жалпы «күштеу» атаулы туралы сөз қылу — революциядан безген мещан болу деген сөз немесе бұл — софистикамен өзіңді де, өзгені де жай ғана алдау деген сөз.

Ұлттарға зорлық жасау жөнінде де осылай. Соғыс атаулының бәрі де ұлттарға зорлық жасау болып табылады, бірақ бұл социалистердің революциялық соғысты *жақтауына* бөгет болмайды. Социалистің (егер ол ренегат болмаса) алдында тұратын негізгі мәселе — соғыстың таптық сипаты туралы мәселе. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс — дүние жүзін бөлісу үшін, олжа бөлісу үшін, ұсақ және әлсіз ұлттарды тонау және тұншықтыру үшін империалистік буржуазияның екі тобының арасында болған соғыс. 1912 жылғы Базель манифесі соғысқа осындай баға берді, осындай бағаны

фактілер растап шықты. Соғысқа осындай көзқарас тұрғысынан қараудан тайған адам социалист емес.

Егер Вильгельм тұсындағы неміс немесе Клемансо тұсындағы француз: егер жау менің еліме басып кірсе, мен, социалист ретінде, отанымды қорғауға праволымын және міндеттімін дейтін болса, онда бұл пайымдау социалистің, интернационалистің, революцияшыл пролетардың пайымдауы емес, *ұлтшыл-мещанның* пайымдауы болады. Өйткені бұл пайымдаудан жұмысшының капиталға қарсы таптық революциялық күресі жоғалады, дүние жүзілік буржуазия мен дүние жүзілік пролетариаттың көзқарастары тұрғысынан тұтас алғанда *бүкіл* соғысқа баға беру жоғалады, яғни интернационализм жоғалып, бейшара, топас ұлтшылдық қалады. Менің елімді зәбірлеп жатыр, одан өзгеде менің жұмысым жоқ,— міне, мұндай пайымдау осыған келіп тіреледі, оның мещандық-ұлтшылдық тар өрістілігі осында. Мұның өзі жеке зорлық, бір адамға жасалған зорлық жөнінде біреу болмаса біреудің: социализм күштеуге қарсы, сондықтан менің түрмеде отырғанымнан, опасыздық жасағаным жақсы деп пайымдауымен бірдей нәрсе.

Социализм ұлттарға зорлық жасаушылыққа қарсы, *сондықтан* мен өз еліме дұшпан басып кірген кезде, мен одан қорғанамын дейтін француз, неміс немесе итальян социализм мен интернационализмді *сатып кетеді.* Өйткені мұндай адам *тек* өз «елін» *ғана көреді,* соғысты империалистік етіп отырған, *оның* буржуазиясын империалистік тонаудың бір буыны етіп отырған *интернационалдық байланыстар туралы* ойламай, «өзінің»... *буржуазиясын* басқалардың бәрінен де жоғары қояды.

Ренегат каутскийшілдер, лонгетистер, Турати және К° қалай пайымдайтын болса, барлық мещандар мен барлық топас және қараңғы мужиктер де нақ солай пайымдайды, атап айтқанда: дұшпан менің еліме басып кіріп отыр, ал бұдан басқа ештеңеде менің жұмысым жоқ дейді*.

* Социал-шовинистер (Шейдемандар, Ренодельдер, Гендерсондар, Гомперстер және К°) соғыс кезінде «Интернационал» туралы сөйлеудің қандайынан болса да бас тартады. Олар *«өз»* буржуазиясының жаула-

Социалист, революцияшыл пролетар, интернационалист басқаша пайымдайды: соғыстың сипаты (реакциялық соғыс немесе революциялық соғыс екені) кімнің бастап шабуыл жасағандығына және «жаудың» қай елде тұрғандығына байланысты емес, соғысты *қай таптың* жүргізіп *отырғандығына,* бұл соғыс қандай саясаттың жалғасы болып отырғандығына байланысты. Егер бұл соғыс реакциялық империалистік соғыс болса, яғни империалистік, зорлықшыл, тонаушы реакциялық буржуазияның дүние жүзілік екі тобы жүргізіп отырған соғыс болса, онда буржуазия атаулының бәрі (тіпті кішкене елдің буржуазиясы болсын) тонауға қатысушы болады, олай болғанда менің міндетім, революцияшыл пролетариат өкілінің міндеті дүние жүзілік қырғынның сұмдықтарынан құтылудың *бірден-бір* жолы ретінде *дүние жүзілік пролетарлық революцияны* әзірлеу болады. Мен «өз» елімнің тұрғысынан қарап пайымдауға тиіс емеспін (өйткені бұл пайымдау империалистік буржуазияның қолында ойыншық болып отырғандығын түсінбейтін бейшара топастың, ұлтшыл мещанның пайымдауы), қайта дүние жүзілік пролетарлық революцияны әзірлеуге, оны насихаттауға және жақындатуға *менің қатысуымның* тұрғысынан қарап пайымдауға тиістімін.

Интернационализм дегеніміз міне осы, интернационалистің, революцияшыл жұмысшының, шын социалистің міндеті міне осы. Ренегат Каутский міне осындай *әліппені* «ұмытып отыр». Ол ұсақ буржуазияшыл ұлтшылдардың (Россиядағы меньшевиктердің, Франциядағы лонгетистердің, Италиядағы Туратидің, Германиядағы Гаазе және К°-нің) тактикасын қуаттаудан большевиктік тактиканы сынауға көшкен кезде, оның ренегаттығы бұрынғысынан да айқындала түседі. Ол сыны мынау:

рын... социализмге «опасыздық етушілер» деп санайды. Олар *өз* буржуазиясының жаулап алу саясатын *жақтайды.* Социал-пацифистер (яғни сөз жүзінде социалистер, іс жүзінде мещандық пацифистер) әр алуан «интернационалистік» сезімдерді білдіріп отырады, аннексияға және басқаларына қарсы көтеріледі, бірақ іс *жүзінде өзінің* империалистік буржуазиясын *қолдай* береді. Бұл екі типтің арасындағы айырмашылық шамалы, улы тілді капиталист пен тәтті тілді капиталистің арасындағы айырмашылық сияқты ғана айырмашылық.

«Большевиктік революция бұл жалпы европалық революцияның бастау пункті болады, Россияның батыл инициативасы бүкіл Европаның пролетарларын көтерілуге ұмтылдырады деген жорамалға сүйеніп жасалған еді.

Мұндай жорамалға сүйенгендіктен, әлбетте, орыстың сепараттық бітімінің қандай формалар алатындығы, оның орыс халқына қандай ауыртпалық әкелетіндігі және қандай территориясынан айыратындығы (сөзбе-сөз айтқанда: мүшесіне зиян келтіру немесе мүгедек ету, Verstümmelungen), ұлттардың өзін өзі билеуіне оның қандай ұғым беретіндігі есепке алынбады. Ол кезде Россияның қорғана алатыны немесе қорғана алмайтыны да есепке алынбады. Бұл көзқарас бойынша, европалық революция орыс революциясының ең жақсы қорғаны болып табылмақшы, ол революция бұрынғы Россия территориясындағы барлық халықтарға толық және нағыз өзін өзі билеу правосын әперуге тиісті болды.

Европада социализм орнатуға және оны нығайтуға тиіс болған Европадағы революция Россияда социалистік өндірісті жүзеге асыруға елдің экономикасының артта қалуы салдарынан болып отырған кедергілерді жою құралы болуға да тиіс еді.

Егер орыс революциясы европалық революцияға сөзсіз жол ашуға тиіс деген негізгі жорамал сол айтқандай болып шығады десек қана, мұның бәрі өте орынды және өте дәлелді еді. Ал егер бұлай болмай шықса қалай болады?

Осы кезге дейін бұл жорамал іске асқан жоқ. Сондықтан қазір Европаның пролетарларын орыс революциясын тастап кетті, оны сатып кетті деп айыптап отыр. Бұл — белгісіз біреулерді айыптаушылық, өйткені Европа пролетариатының қылығы үшін кімді жауапты етуге болады?» (28-бет).

Сөйтіп Каутский бұған қоса былай деп түсіндіреді: өздерінің күткен революциясының болуы жөнінде Маркс, Энгельс, Бебель әлденеше рет қателесті, бірақ олар еш уақытта өздерінің тактикасын революцияның *«белгілі бір мерзімде»* (29-бет) болуына негіздеп құрған жоқ, ал большевиктердің «барлық сенгені тек қана жалпы европалық революция болып отыр» дейді.

Каутскийдің марксизмді пасық, реакцияшыл мещандық көзқараспен алмастыра келіп, оны қандай «ептілікпен» боямалап отырғанын оқушыға айқын көрсету үшін біз осындай ұзақ цитатты әдейі келтіріп отырмыз.

1-ден, қарсыласына көрінеу зердесіздікті таңып, одан кейін оны теріске шығару деген онша ақылды адамдардың тәсілі емес. Егер большевиктер өздерінің тактикасын басқа елдерде революцияның *белгілі бір мерзімде* болуына негіздеп құрған болса, бұл даусыз зерде-

сіздік болар еді. Бірақ большевиктік партия мұндай зердесіздік істеген емес: американ жұмысшыларына жазған хатымда (20. VIII. 1918) мен біздің американ революциясына сенетінімізді, бірақ оны *белгілі бір мерзімде* болады деп күтпейтінімізді айтып, бұл зердесіздіктен бойымды ашықтан-ашық аулақ салғанмын*. Солшыл эсерлерге және «солшыл коммунистерге» қарсы айтысымда (январь — март, 1918 ж.) мен дәл осы пікірді сан рет дамыта түскенмін. Каутский кішкене... тіпті кішкене нәрсені шатастырып, өзінің большевизмді сынауын соған негіздеп отыр. Каутский азды-көпті жуық арада, бірақ белгісіз мерзімде болуға тиіс европалық революцияға сүйенетін тактика мен белгілі бір мерзімде болуға тиіс европалық революцияға сүйенетін тактиканы бірге қосып, шатастырып отыр. Кішкентай ғана алдау, мүлде кішкентай!

Екінші тактика — зердесіздік. Бірінші тактика — марксист үшін, әрбір революцияшыл пролетар және интернационалист үшін *міндетті* тактика,— *міндетті* болатын себебі, тек осы тактика ғана барлық европалық елдерде соғыстан туатын объективті жағдайды маркстік тұрғыдан дұрыс есепке алады, тек осы тактика ғана пролетариаттың интернационалдық міндеттеріне сай келеді.

Жалпы революциялық тактиканың негіздері туралы ірі мәселені революционер-большевиктердің істеуі мүмкін болған, бірақ олар істемеген қате туралы ұсақ мәселемен ауыстырып, Каутский революциялық тактикадан жалпы аман-есен безіп отыр!

Саясатта ренегат Каутский теорияда *тіпті* революциялық тактиканың объективті алғы шарттары туралы *мәселені қоя да білмейді.*

Сонымен, біз осы арада екінші пунктке келдік.

2-ден. Егер *революциялық жағдай* бар болса, европалық революцияға сүйену марксист үшін міндетті нәрсе. Социалистік пролетариаттың революциялық жағдай бар кездегі тактикасы мен революциялық жағдай жоқ кез-

---

* Қараңыз: осы том, 67-бет. *Ред.*

дегі тактикасы бірдей бола алмайды, бұл — марксизмнің ап-айқын ақиқаты.

Егер Каутский марксист үшін міндетті бұл сұрақты қойған болса, мұның жауабы оған сөзсіз қарсы болатындығын ол көрген болар еді. Соғыстан көп бұрын марксистердің бәрі де, социалистердің бәрі де европалық соғыс революциялық жағдай туғызады деген пікірді жақтаушы еді. Ренегат болмай тұрған кезінде Каутский мұны — 1902 жылы да («Әлеуметтік революция»), 1909 жылы да («Өкімет билігіне жеткізетін жол») — айқын және ашық мойындаған болатын. Базель манифесі мұны бүкіл II Интернационал атынан мойындаған болатын: Базель манифесінің тиісті мәлімдемелерінен барлық елдердің социал-шовинистері мен каутскийшілдерінің («центровиктердің», революционерлер мен оппортунистер арасында ауытқып жүретін адамдардың) оттан бетер қорқатыны тегін емес!

Демек, Европада революциялық жағдай туады деп күту большевиктердің әуестенуі емес, барлық марксистердің *ортақ пікірі* болды. Егер Каутский бұл даусыз ақиқаттан большевиктер «әрқашан күштеу мен еріктің құдіретті күшіне сенуші еді» деген жел сөздермен құтылып кетпек болса, онда бұл Каутскийдің революциялық жағдай туралы мәселені қоюдан қашқандығын — және масқара болып қашқандығын — *бүркемелейтін* нақ сылдыр сөз болып шығады.

Содан соң. Революциялық жағдай іс жүзінде туды ма әлде туған жоқ па? Каутский бұл сұрақты да қоя білмеді. Бұл сұраққа экономикалық фактілер жауап беріп отыр: соғыстың салдарынан барлық жерлерде болып жатқан ашаршылық пен күйзеліс революциялық жағдайды көрсетеді. Бұл сұраққа саяси фактілер де жауап береді: ескі, шіріген, социалистік партиялардың жікке бөліну процесі, пролетариат *бұқарасының* социал-шовинистік көсемдерден солға қарай, революциялық идеялар мен революциялық пиғылдарға, революциялық көсемдерге қарай *ауу* процесі *барлық* елдерде тіпті 1915 жылдан бастап-ақ айқын көрінді.

1918 жылы 5 августа, Каутский өзінің кітапшасын жазған кезде, бұл фактілерді революциядан қорқатын,

оған опасыздық жасайтын адамның ғана көрмеуі мүмкін еді. Ал қазір, 1918 жылғы октябрьдің аяқ шенінде, революция Европаның *бірсыпыра* елдерінде жұрттың көз алдында қаулап, өте тез өсіп келеді. Өзін жұрт бұрынғыша марксист деп санауын тілейтін «революционер» Каутский,— Маркс келеке қылған 1847 жылғы филистерлер сияқты,— өресіз филистер болып шығып, жақындап келе жатқан революцияны көрмей қалып отыр!!

Біз үшінші пунктке келдік.

3-ден. Европалық революциялық жағдай болып отырған кезде революциялық тактиканың ерекшеліктері қандай болмақ? Ренегат болған Каутский марксист үшін міндетті бұл сұрақты қоюдан қорықты. Каутский кәдімгі мещан-филистер немесе қараңғы шаруа сияқты пайымдайды: «жалпы европалық революция» туды ма әлде туған жоқ па? Егер туған болса, онда *ол да* революционер болуға дайын екен! Бірақ онда — ескерте кетелік — кез келген нағылет (жеңген большевиктерге қазір кей кездерде жұғыса кететін оңбағандар сияқты) өзін революционер деп жариялайды ғой!

Егер тумаған болса, онда Каутский революциядан сырт айналады! Революционер-марксистің тоғышар мен мещаннан айырмашылығы — пісіп-жетіліп келе жатқан революцияның қажеттігін қараңғы бұқараға *насихаттай* білу, оның болмай қоймайтынын *дәлелдеп бере* білу, халық үшін оның пайдалы екендігін *түсіндіре* білу, пролетариатты және барлық еңбекшілер мен езілген бұқараны оған *әзірлей* білу болып табылады деген ақиқатты Каутский мүлде түсінбейді.

Европалық революция белгілі бір мерзімде болады деген сеніммен большевиктер барлық үмітті бейне бір тек соған ғана артты деп, Каутский большевиктерге мағынасыз нәрсені әкеп таңды. Бірақ бұл мағынасыз нәрсенің өзі Каутскийдің өзіне қарсы болып шықты, өйткені оның өз айтқаны дәл былай болып шықты: егер европалық революция 1918 жылғы 5 августа басталса, большевиктердің тактикасы дұрыс болған болар еді! Өзінің кітапшасын жазған уақыты ретінде Каутский нақ осы күнді еске салады. Ал осы 5 августан бірнеше апта

кейін революцияның бірсыпыра европалық елдерде басталып келе жатқаны айқын болған кезде, Каутскийдің ренегаттығының бәрі, оның марксизмді бұрмалаушылығының бәрі, оның революциялық тұрғыдан пайымдай білмейтіндігінің және тіпті мәселені революциялық тұрғыдан қоя білмейтіндігінің бәрі әбден айқын көрінді.

Европа пролетарларын опасыздық істеді деп айыптау,— деп жазады Каутский,— белгісіз біреулерді айыптағандық.

Қателесесіз, Каутский мырза! Айнаға қарап көріңізші, сонда сіз бұл айып тағылып отырған «белгісіз біреулерді» көретін боласыз. Каутский аңқаусынып, бұлай айыптаушының *кім* екендігін, бұл айыптың *қандай мағынасы* бар екендігін түсінбегенсиді. Ал шынына келгенде бұл айыпты таққандар және тағып отырғандар неміс «солшылдары», спартакшылдар[141], Либкнехт пен оның достары екендігін Каутский жақсы біледі. Бұл айыптау Финляндияны, Украинаны, Латвияны, Эстляндияны тұншықтырған кезде, неміс пролетариатының орыс революциясына (және халықаралық революцияға) опасыздық жасағанын *айқын ұғынғандықты* көрсетеді. Бұл айыптау қашаннан езілген *бұқараны* айыптау емес, қайта бұл ең алдымен және көбінесе бұқара арасында олардың керенаулығына қарсы революциялық үгіт, революциялық насихат, революциялық жұмыс жүргізу жөніндегі борышын *орындамаған,* езілген тап бұқарасының қалың ортасында әрқашан тұтанып жататын революциялық инстинктілерге және талпыныстарға іс жүзінде *қарсы* әрекет істеген, Шейдемандар мен Каутскийлер сияқты, *көсемдерді* айыптау. Шейдемандар турадан-тура, өрескел түрде, арсыздықпен, көбінесе өздерінің құлқыны үшін пролетариатқа опасыздық жасап, буржуазия жағына шығып кетіп отырды. Ауытқып, бұлталақтап, осы минутта күштілер кімдер деп соларға қарай алақтап, каутскийшілдер мен лонгетистер де дәл осыны істеді. Революциялық рухты қолдап, өршіте берудің орнына, Каутский соғыс кезіндегі барлық шимайшатпақтары арқылы революциялық рухты *сөндіріп отырды.*

Европа пролетарларын орыс революциясына опасыз-

дық жасадыңдар деп «айыптаудың» қандай зор *теориялық* маңызы, ал одан да зор үгіттік және насихаттық маңызы бар екендігін Каутскийдің тіпті түсінбеуінің өзі немістің ресми социал-демократиясының «орташа» көсемінің мещандарша топастануының тура тарихи ескерткіші болып қала бермек! Бұл «айыптау» — герман «империясының» цензуралық жағдайында — социализмге опасыздық жасамаған неміс социалистерінің, Либкнехт пен оның достарының Шейдемандар мен Каутскийлерді лақтырып тастауға, ондай «көсемдерді» қуып шығуға, олардың топастандыратын және масқаралайтын уағыздарынан құтылуға, оларға *қарамастан,* олардан *тыс,* олардан аттап өтіп, революцияға ұмтылуға, *революцияға жетуге неміс жұмысшыларын шақыруының* бірден-бір дерлік формасы екенін Каутский түсінбейді!

Каутский мұны түсінбейді. Большевиктердің тактикасын ол қайдан түсінсін? Жалпы алғанда революциядан безіп отырған адамнан неғұрлым «қиын» реттердің бірінде революцияның даму жағдайларын салмақтап, оған баға береді екен деп күтуге бола ма?

Большевиктердің тактикасы дұрыс тактика болды, *бірден-бір* интернационалистік тактика болды, өйткені ол дүние жүзілік революциядан зәресі қалмай қорқуға, оған мещандық «сенбеушілікке», басқаның бәріне «түкіргенім бар», «өз» отанымды (өз буржуазиясының отанын) сақтап қалайын дейтін өрісі тар ұлтшылдық тілекке негізделмеді,— ол тактика Европадағы революциялық жағдайды дұрыс (соғысқа дейін, социал-шовинистер мен социал-пацифистердің ренегаттығына дейін жалпы жұрт таныған) *есепке алуға* негізделді. Бұл тактика бірден-бір интернационалистік тактика болды, өйткені ол *барлық елдерде* революцияны дамыту, оған көмектесу, оны ояту *үшін* бір елде жүзеге асыруға болатын істердің бәрін істеді. Бұл тактика орасан зор табысымен үмітті ақтап шықты, өйткені большевизм (тіпті де орыс большевиктерінің сіңірген еңбектерінің арқасында емес, іс жүзінде революциялық тактика болып отырған тактикаға *бұқараның* барлық жерде мейлінше тілектес болуының арқасында) *дүние жүзілік* большевизмге

айналды, социал-шовинизм мен социал-пацифизмнен нақты, практикалық айырмашылығы бар идея, теория, программа, тактика белгілеп берді. Большевизм Шейдемандар мен Каутскийлердің, Ренодельдер мен Лонгелердің, Гендерсондар мен Макдональдтардың ескі, шіріген Интернационалын *біржола жойды,* бұлар енді «бірлік» туралы арман етіп және өлгенді тірілтпек болып, бірінің аяғына бірі шырматылып жүретін болады. Большевизм бейбіт дәуірдің табыстарын да, *басталып отырған революциялар дәуірінің* тәжірибесін де есепке алатын нағыз пролетарлық және коммунистік III Интернационалдың идеялық және тактикалық негіздерін *жасады.*

Большевизм «пролетариат диктатурасы» идеясын бүкіл дүние жүзіне жайды, бұл сөздерді латын тілінен әуелі орыс тіліне, одан соң дүние жүзінің *барлық* тілдеріне аударды, сөйтіп *тіпті* артта қалған елдің тіпті тәжірибесі, білімі, ұйымдасу дағдысы неғұрлым кем жұмысшылары мен ең кедей шаруаларының қанаушыларға (оларды *бүкіл* дүние жүзінің буржуазиясы қолдаған) қарсы күресте орасан зор қиыншылықтарға қарамастан тұтас бір жыл бойы еңбекшілер өкіметін сақтап қала *алғанын,* дүние жүзінде бұрын болып келген демократиялардың бәрінен де үздік жоғары және кең демократия жасай *алғанын*, социализмді іс жүзіне асыру жөнінде ондаған миллион жұмысшылар мен шаруалардың творчествосын *бастай алғанын Совет өкіметі* мысалымен көрсетіп берді.

Европа мен Америкада пролетарлық революцияның іс жүзінде дамуына большевизмнің күшті көмектескені сонша, осыған дейін ешбір елде ешқандай партия мұндай көмек көрсете алған емес. Шейдемандар мен Каутскийлер тактикасының империалистік соғыстан және империалистік буржуазияның жалдамалы құлы болудан құтқармағандығы, бұл тактиканың барлық елдер үшін үлгі болуға жарамайтындығы бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларына күннен-күнге айқындалып келе жатқан кезде,— міне осы кезде соғыстың және империализмнің сұмдықтарынан құтылу үшін большевизмнің дұрыс жол көрсеткендігі, большевизмнің *барлық елдер үшін такти-*

каның үлгісі болуға жарайтындығы барлық елдердің пролетарлар бұқарасына күннен-күнге айқындалып келеді.

Тек жалпы европалық революция ғана емес, дүние жүзілік пролетарлық революция да бүкіл жұрттың көз алдында пісіп-жетіліп келеді, ал Россиядағы пролетариаттың жеңісі оған комектесті, оны тездетті, оны қолдады. Социализмнің толық жеңуі үшін осының бәрі аз ба? Әрине, аз. Бір елде бұдан артық істеу мүмкін емес. Бірақ сонда да осы бір елдің өзі Совет өкіметінің арқасында соншалық көп іс істеді; егер тіпті дүние жүзілік империализм, айталық, герман империализмі ағылшын-француз империализмімен келісімге келу арқылы орыс Совет өкіметін ертеңгі күні басып-жаншып тастаса да, тіпті осындай ең жаман жағдайда да, большевиктік тактика социализмге орасан зор пайда келтірген болып шығар еді және дүние жүзілік жеңілмес революцияның өсуіне жәрдемдескен болып шығар еді.

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ» ЖАСАҒАНСЫП БУРЖУАЗИЯҒА ЖАРАМСАҚТАНУ

Жоғарыда айтылғанындай, Каутскийдің кітабы — егер оның аты мазмұнын дұрыс көрсететін болса,— «Пролетариат диктатурасы» деп аталмай, қайта «Буржуазияның большевиктерге жапқан жаласын қайта жырлау» деп аталуы керек еді.

Орыс революциясының буржуазиялық сипаты туралы меньшевиктердің бұрынғы «теорияларын», яғни марксизмді меньшевиктердің бұрынғы бұрмалауын (1905 жылы Каутский *теріске шығарған* бұрмалауын!) біздің теоретик енді қайтадан қоздырып отыр. Мұның өзі орыс марксистеріне қандай іш пыстырарлық бола тұрса да, бұл мәселеге тоқталып өтуге тура келеді.

1905 жылдың алдында Россия марксистерінің бәрі: орыс революциясы буржуазиялық революция деді. Меньшевиктер, марксизмді либерализммен ауыстыра отырып, бұдан: демек, пролетариат буржуазияға тиімді нәрседен әрі бармауға тиіс; ол буржуазиямен келісу саясатын жүргізуге тиіс деген қорытынды шығарды.

Большевиктер мұны либералдық-буржуазиялық теория деді. Буржуазия мемлекетті революциялық жолмен емес, мүмкін қадерінше монархияны да, помещиктік жер иелігін де, т. т. сақтай отырып, буржуазиялық жолмен, *реформистік жолмен* қайта құруға тырысады. Пролетариат өзін буржуазияның реформизмімен «матап қоюға» жол бермей, буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізуге тиіс. Буржуазиялық революция тұсындағы күштердің *таптық* арасалмағын большевиктер былай деп тұжырымдады: пролетариат шаруаларды өзіне қосып ала отырып, либерал буржуазияны бейтарап қалдырады, сөйтіп монархияны, орта ғасырлықты, помещиктік жер иелігін ақырына дейін қиратады.

Жалпы алғанда пролетариаттың шаруалармен одақтасуының өзінен революцияның буржуазиялық сипаты ашылады, өйткені жалпы алғанда шаруалар товар өндірісіне сүйенетін ұсақ өндірушілер ғой. Одан соң, сол кездің өзінде-ақ большевиктер мынадай қосымша жасады: пролетариат *бүкіл жартылай пролетариатты* (барлық езілгендер мен еңбекшілерді) өзіне қосып ала отырып, орта шаруаларды бейтарап қалдырады да, буржуазияны *құлатады:* социалистік революцияның буржуазиялық-демократиялық революциядан айырмашылығы міне осында. (Менің 1905 жылғы «Екі тактика»* деген кітапшамды қараңыз, ол 1907 жылы Петербургте «12 жыл ішінде» деген жинақта қайта басылған).

Каутский 1905 жылы бұл таласқа[142] жанама түрде қатысқан, сол кездегі меньшевик Плехановтың тілегі бойынша пікірін айта келіп, негізінде Плехановқа *қарсы* болды, мұны большевиктік баспасөз сол кезде ерекше келеке еткен болатын. Енді Каутский сол кездегі таластарды *бір ауыз сөзбен де* есіне алмай отыр (оны оның өзінің сөздерімен әшкерелеуден қорқып отыр!), сөйтіп ол неміс оқушыларын істің мәнін түсіну мүмкіндіктерінің бәрінен айырып отыр. Каутский мырза 1905 жылы жұмысшылардың либерал буржуазиямен емес, шаруалармен одақтасуын жақтағандығын және өзі бұл одақ-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

ты қандай шарттармен қорғағандығын, бұл одақ үшін қандай программа жобалағандығын 1918 жылы неміс жұмысшыларына айта *алмай* отыр.

Каутский кейін қарай шегініп, «экономикалық талдау» жасағансып, «тарихи материализм» туралы лепірме сөздер сөйлеп, енді жұмысшылардың буржуазияға бағынуын жақтайды, жақтағанда меньшевик Масловтан келтірілген цитаттардың көмегімен меньшевиктердің либералдық ескі көзқарастарын қайта-қайта ежіктеп жақтайды; мұның өзінде бұл цитаттармен Россияның артта қалғандығы туралы жаңа пікір дәлелденеді, бірақ бұл жаңа пікірден ескі қорытынды — буржуазиялық революцияның тұсында буржуазиядан әрі баруға болмайды-мыс деген рухта қорытынды жасалынады! Ал бұл қорытынды Маркс пен Энгельстің Францияда 1789—1793 жылдары болған буржуазиялық революцияны Германияда 1848 жылы болған буржуазиялық революциямен салыстыра отырып, айтқан сөздерінің бәріне қайшы келеді![143]

Каутскийдің «экономикалық талдауының» басты «дәлеліне» және басты мазмұнына көшуден бұрын автордың пікірлерінің сорақы былық екенін немесе оның ойланылмаған пікірлер екенін бірінші сөздері-ақ ашып беретіндігін айта кетелік.

«Россияның экономикалық негізі,— деп хабарлайды біздің «теоретик»,— осы күнге дейін ауыл шаруашылығы, ал атап айтқанда ұсақ шаруа өндірісі болып табылады. Халықтың $^4/_5$ бөлігі, мүмкін, тіпті $^5/_6$ бөлігі осы ұсақ өндіріспен күнелтеді» (45-бет). Біріншіден, сүйікті теоретик, осындай ұсақ өндірушілер бұқарасының ішінде қанша қанаушылар болуы мүмкін екенін сіз ойладыңыз ба? Әрине, олардың барлығының $^1/_{10}$ бөлігінен кемірегі қанаушылар болу керек, ал қалаларда одан да кем болу керек, өйткені мұнда ірі өндіріс көбірек дамыған. Тіпті адам айтқысыз үлкен цифрды-ақ алып көріңіз, ұсақ өндірушілердің $^1/_5$ бөлігі сайлау праволарынан айрылатын қанаушылар деңіз. Сонда да сіздер Советтердің V съезінде 66% болған большевиктер *халықтың көпшілігінен* өкіл болғанын көресіздер. Ал мұның үстіне тағы мынаны қосу керек: солшыл эсерлердің едәуір көп бөлегі

әрқашан Совет өкіметін жақтап келді, яғни солшыл эсерлердің *бәрі* принципінде Совет өкіметін жақтады, ал солшыл эсерлердің бір бөлегі 1918 жылы июльде авантюралық көтеріліс жасаған кезде, олардан, олардың бұрынғы партиясынан жаңа екі партия, «халықшыл-коммунистер» мен «революцияшыл коммунистер»[144] бөлініп шықты (бұлар бұрынғы партия мемлекеттік аса маңызды қызметтерге жоғарылатқан көрнекті солшыл-эсерлерден құралған, мәселен, Закс бұл партиялардың біріншісіне, Колегаев екіншісіне жатады). Демек, большевиктер жағында халықтың азшылығы болып отыр деген адам күлерлік ертегіні — абайсызда!— Каутскийдің өзі бекерге шығарып отыр.

Екіншіден, сүйікті теоретик, ұсақ өндіруші шаруа пролетариат пен буржуазияның арасында *сөзсіз* ауытқып отыратынын сіз ойладыңыз ба? Европаның бүкіл ең жаңа тарихы дәлелдеп отырған бұл маркстік ақиқатты Каутский өте орынды жерінде «ұмытып қалған», өйткені ол ақиқат опың қайталап отырған бүкіл меньшевиктік «теориясының» күлін көкке ұшырады! Егер Каутский мұны «ұмытпаған» болса, онда ол ұсақ өндіруші шаруалары басым елде пролетариат диктатурасының қажеттігін бекерге шығара алмас еді.— — —

Біздің теоретиктің «экономикалық талдауының» басты мазмұнын қарастырып көрелік.

Совет өкіметі дегеніміз диктатура екені даусыз дейді Каутский. «Бірақ бұл *пролетариаттың* диктатурасы ма?» (34-бет).

«Советтік конституция бойынша шаруалар заң шығару және басқару жұмыстарына қатысуға праволы халықтың көпшілігі болып отыр. Бізге *пролетариат* диктатурасы деп көрсетіліп отырған нәрсе, егер ол дәйекті түрде жүзеге асырылатын болса, егер бір тап, жалпы айтқанда, тек партияның ғана қолынан келетін диктатураны тікелей жүзеге асыра алатын болса,— онда бұл *шаруалар* диктатурасы болып шығар еді» (35-бет).

Сонымен, өзінің соншалықты терең мағыналы және тауып айтылған пайымдауына аса риза болған қайырымды Каутский қуақылыққа салынуға тырысады: «Социализмнің неғұрлым ауыртпалықсыз жүзеге асыры-

луы оны шаруалар қолына берілгенде ғана қамтамасыз етілетін сияқты болып шығады» (35-бет).

Жартылай либерал Масловтан бірсыпыра аса ғылыми цитаттар келтіре отырып, біздің теоретик шаруалардың астық бағасы жоғары болуына, қаладағы жұмысшылардың жалақысы төмен болуына құштар екені туралы, т. т. және т. с. туралы жаңа пікірді әбден толық дәлелдейді. Реті келген соң айта кетелік, соғыстан кейінгі кезеңнің шын жаңа құбылыстарына, мысалы, шаруалар астығына ақша емес, товар талап ететіндігіне, шаруаларда құрал-саймандардың жеткіліксіздігіне, ол құрал-саймандарды қажетті мөлшерінде еш қандай ақшаға сатып алуға болмайтындығына көңіл неғұрлым аз бөлінген болса, бұл жаңа пікірлер соғұрлым іш пыстырарлық болып жазылған. Бұған төменде тағы жеке тоқтап өтерміз.

Сонымен, Каутский большевиктерді, пролетариаттың партиясын, ол диктатураны да, социализмді жүзеге асыру ісін де ұсақ буржуазиялық шаруалардың қолына беріп қойды деп айыптайды. Өте жақсы, Каутский мырза! Ал сонда, сіздің оқымыстылық пікіріңіз бойынша, пролетарлық партияның ұсақ буржуазиялық шаруаларға көзқарасы қандай болуға тиіс?

Біздің теоретик бұл туралы үндемеуді артық көрген — тегінде: «сөз — күміс, үндемеу — алтын» деген мақал есіне түскен болса керек. Бірақ Каутский мынадай пайымдауымен өзін өзі ұстап беріп отыр:

> «Совет республикасының бас кезінде шаруа Советтері жалпы *шаруалардың* ұйымы болып еді. Қазір бұл республика Советтерді пролетарлар мен *кедей* шаруалардың ұйымы деп жариялап отыр. Ауқаттылар Советтерге сайлау праволарынан айрылады. Мұнда кедей шаруа «пролетариат диктатурасы» тұсындағы социалистік аграрлық реформаның тұрақты және бұқаралық нәтижесі болып танылады» (48-бет).

Не деген күшті кекесін! Мұны Россияда кез келген буржуадан естуге болады: олардың бәрі де Совет республикасы ең кедей шаруалардың бар екенін ашық мойындап отыр деп табалайды және күледі. Олар социализмді күлкі қылады. Бұған олар праволы. Бірақ орасан зор күйзеліске ұшыратқан төрт жылдық соғыстан кейін

бізде ең кедей шаруалардың қалып отырғандығына — және олардың көп уақытқа дейін қалатындығына — күліп отырған «социалист», міне осындай «социалист», тек жаппай ренегаттық жағдайында ғана дүниеге келеді.

Одан әрі тыңдаңыздар:

«...Совет республикасы бай шаруалар мен кедей шаруалардың арасындағы қатынастарға кірісіп отыр, бірақ кіріскенде жерді жаңадан бөлу арқылы кірісіп отырған жоқ. Қала халқының нанға мұқтаждығын жою үшін деревняларға қаруланған жұмысшылардың отрядтары жіберіледі, бұлар бай шаруалардың артық астықтарын тартып алады. Бұл астықтың бір бөлегі қала халқына, екінші бөлегі ең кедей шаруаларға беріледі» (48-бет).

Әлбетте, социалист және марксист Каутский мұндай шараның үлкен қалалар төңірегінен әрірек таралып кетуі (ал бұл шара бізде бүкіл елге таралып отыр) мүмкін-ау деген оймен қатты ызаланады. Социалист және марксист Каутский ұқсасы жоқ, теңдесі жоқ, таңданарлық филистердің жайбарақаттығымен (немесе топастығымен) білгішсініп былай деп ескертпе жасайды: «...Олар (ауқатты шаруаларды экспроприациялау) өзінің жандануы үшін тыныштыққа, қауіпсіздікке аса мұқтаж болып отырған өндіріс процесіне тынышсыздықтың және азамат соғысының жаңа элементін енгізеді» (49) («өндіріс процесіне» енгізілетін азамат соғысы деген ақылға сыймайтын ерекше нәрсе болғаны ғой!).

Иә, иә, артық астығын жасырып отырған, астық монополиясы туралы заңды бұзып отырған, қалалардың халқын аштыққа ұшыратып отырған қанаушылар мен астық жалдаптарының тыныштығы мен қауіпсіздігі жөнінде,— міне осы жөнінде марксист және социалист Каутскийдің күрсініп, көз жасын төгуі, әрине, жөн. Біздің бәріміз де социалистерміз, марксистерміз және интернационалистерміз, біздің бәріміз де жұмысшы табының революциясы жағындамыз, тек... тек қана астық жалдаптарының тыныштығы мен қауіпсіздігі бұзылмаса болғаны!— деп шу ете қалады Каутский, Гейнрих Вебер (Вена), Лонге (Париж), Макдональд (Лондон) және т. с. мырзалар! Ал капиталистерге осындай

оңбағандықпен жағымпазданушылықты біз «өндіріс процесіне» «маркстік» сілтеме жасау арқылы бүркемелеп отырмыз... Егер бұл марксизм болса, онда буржуазия алдында жалбақтау деп не нәрсе аталады?

Біздің теоретигіміздің сөзі не болып шыққанын қараңыз. Ол большевиктерді шаруалар диктатурасын пролетариат диктатурасы етіп көрсетеді деп айыптайды. Сонымен бірге ол бізді: бұлар деревняға азамат соғысын енгізіп жатыр (біз мұны өзіміздің *сіңірген еңбегіміз* деп есептейміз), деревняға қаруланған жұмысшылар отрядтарын жіберіп жатыр, бұл отрядтар «пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасын» жүзеге асырамыз дегенді ашықтан-ашық жариялап жүр, әлгі ең кедей шаруаларға көмектесіп жүр, астық монополиясы туралы заңды бұзып, жасырып отырған жалдаптардың, бай шаруалардың артық астығын экспроприациялап жүр деп айыптайды.

Бір жағынан, біздің марксист-теоретик таза демократияны жақтайды, революцияшыл таптың, еңбекшілер мен езілгендер көсемінің, халықтың көпшілігіне (демек, қанаушыларды да қоса) бағынуын жақтайды. Екінші жағынан, ол бізге *қарсы* болып, революцияның буржуазиялық сипатының сөзсіздігін түсіндіреді, оның буржуазиялық сипатта болатын себебі,— шаруалар тұтас алғанда буржуазиялық қоғамдық қатынастар негізінде тұр дейді, ал сөйте тұрып, ол пролетарлық, таптық маркстік көзқарасты жақтаудан дәмеленеді!

«Экономикалық талдаудың» орнына бұл барып тұрған ботқа, былық болып шығады. Марксизмнің орнына бұл либералдық ілімдердің қиқым-сиқымы және буржуазия алдында, кулактар алдында малайлықты уағыздау болып шығады.

Каутский былықтырып отырған мәселені большевиктер 1905 жылдың өзінде-ақ толық түсіндірген болатын. Иә, біз *бүкіл* шаруалармен *бірге* болып отырған *кезде*, біздің революциямыз буржуазиялық революция болады. Мұны біз айдан айқын түсінгенбіз, 1905 жылдан бері жүздеген, мыңдаған рет айтқанбыз, тарихи процестің мұндай қажетті сатысын аттап өтуге де, декретпен өзгертуге де ешқашан әрекет жасап көрген емеспіз. Каут-

скийдің бізді бұл мәселе жөнінде «әшкерелемекші» болып арам тер болуы тек қана оның өз көзқарастарының былықтарын, оның ренегат болмай жүрген кезінде, 1905 жылы, жазғанын есіне түсіруден қорқуын әшкерелейді.

Бірақ 1917 жылы, *апрель* айынан бастап, Октябрь революциясынан көп бұрын, біз өкіметті қолымызға алғаннан бұрын біз халыққа ашық айтып, мынаны түсіндірген болатынбыз: революция енді мұнымен тоқтап қала алмайды, өйткені ел алға кетті, капитализм алға басты, күйзеліс көз көрмеген шекке жетті, мұның өзі алға қарай, *социализмге қарай* қадам басуды (мұны біреу-міреу тілей ме, тілемей ме, бәрібір) *талап етеді.* Өйткені басқа жолмен алға басуға, соғыстан титықтаған елді басқа жолмен құтқаруға, еңбекшілер мен қаналушылардың азабын басқа жолмен *жеңілдетуге болмайды.*

Дәл біздің айтқанымыздай болып шықты. Революцияның барысы біздің пайымдауымыздың дұрыстығын көрсетті. *Әуелі* «барлық» шаруалармен бірге монархияға қарсы, помещиктерге қарсы, орта ғасырлыққа қарсы күрестік (міне сол себепті революция буржуазиялық, буржуазиялық-демократиялық революция болды). *Одан кейін,* ең кедей шаруалармен бірге, жартылай пролетариатпен бірге, барлық езілгендермен бірге *капитализмге қарсы,* соның ішінде деревня байларына, кулактарға, жалдаптарға қарсы күрестік, міне сол себепті революция *социалистік* революция болады. Осы екі революцияның арасына жасанды, қытай қорғанын қоюға, оларды бір-бірінен бірдеңемен, пролетариаттың әзірлік дәрежесінен және оның деревня кедейлерімен бірігу дәрежесінен *басқа* бірдеңемен, бөлуге тырысу марксизмді барынша бұрмалау, оны масқаралау, либерализммен алмастыру болып табылады. Бұл орта ғасырлыққа қарағанда буржуазияның прогресшіл екендігіне жалған-ғалымдық сылтаулар айтып, социалистік пролетариат жөнінен алғанда буржуазияны реакцияшылдықпен қорғау болып шығар еді.

Советтердің, былайша айтқанда, демократизмнің анағұрлым жоғары формасы және типі болып табылатын себебі,— олар *жұмысшылар мен шаруалар бұқарасын* біріктіріп және саясатқа тарта отырып, бұқараның са-

яси, таптық санасы жетілуінің және өсуінің ең сезгіш, «халыққа» ең жақын (1871 жылы Маркстің шын халықтық революция туралы айтқаны мағынасында)[145] барометрін жасайды. Советтік конституция белгілі бір «жоспар» бойынша жазылған емес, кабинеттерде жасалған емес, оны еңбекшілерге буржуазиядан шыққан юристер әкеп таңған жоқ. Жоқ, бұл Конституция — *тап қайшылықтарының* пісіп жетілуіне қарай, *тап күресінің* дамуы барысынан *туған* конституция. Каутский мойындауға мәжбүр болған нақ мына фактілер осыны дәлелдейді.

Советтер әуелде шаруаларды тұтас біріктірді. Нақ ең кедей шаруалардың жетілмегендігінен, артта қалғандығынан, қараңғылығынан басшылық кулактардың, байлардың, капиталистердің, ұсақ буржуазиялық интеллигенттердің қолында болды. Бұл кез ұсақ буржуазияның, меньшевиктердің және социалист-революционерлердің (тек ақымақтар ғана немесе Каутский сияқты ренегаттар ғана бұлардың екеуін де социалистер деп санай алады) үстемдік еткен кезі болды. Ұсақ буржуазия лажсыз, амалсыз буржуазия диктатурасы (Керенский, Корнилов, Савинков) мен пролетариат диктатурасының арасында ауытқып отырды, өйткені өзінің экономикалық жағдайының негізгі сипаттары бойынша ол дербес еш нәрсе істей алмайтын еді. Сөз реті келген соң айта кетелік, орыс революциясына талдау жасаған кезде «демократияның» юридикалық, формальдық ұғымымен, буржуазияның үстемдігін бүркемелеу үшін және бұқараны алдау үшін оның буржуазияға қызмет ететін ұғымымен тынып, «демократия» дегеніміз іс жүзінде кейде *буржуазияның диктатурасын* көрсететіндігін, кейде осы диктатураға бағынатын мещандардың дәрменсіз реформизмін, т. с. көрсететіндігін *ұмытып,* Каутский марксизмнен толық безіп отыр. Каутскийдің айтуынша, капиталистік елде буржуазиялық партиялар болған, пролетариаттың көпшілігін, оның бұқарасын соңынан ерткен пролетариат партиясы (большевиктер) болған, бірақ ұсақ буржуазиялық партиялар *болмаған* болып шығады! Меньшевиктер мен эсерлердің *таптық тамыр-*

лары, ұсақ буржуазиялық тамырлары болмаған болып шығады!

Ұсақ буржуазияның, меньшевиктер мен эсерлердің, ауытқулары бұқараның көзін ашты және олардың орасан зор көпшілігін, «төменгілердің» бәрін, пролетарлар мен жартылай пролетарлардың бәрін бұл сияқты «көсемдерден» бездірді. Советтерде большевиктер (1917 жылғы октябрьдің қарсаңына Питер мен Москвада) көпшілік болды, эсерлер мен меньшевиктер арасында жікке бөлінушілік күшейді.

Большевиктік революцияның жеңіп шығуы ауытқулардың біткенін көрсетті, монархияның және помещиктік жер иеленудің толық талқандалғанын көрсетті (Октябрь революциясына дейін ол талқандалған *жоқ еді*). *Буржуазиялық* революцияны біз *ақырына дейін* жеткіздік. Шаруалар тұтас бізге ерді. Оның социалистік пролетариатқа антагонизмі бір мезгілде жарыққа шыға алмады. Советтер *жалпы* шаруалар *атаулыны* біріктірді. Шаруалар ішіндегі тапқа бөлінушілік пісіп жетіле қойған жоқ еді, сыртқа тебе қойған жоқ еді.

Бұл процесс 1918 жылдың жазы мен күзінде дамыды. Чехословактардың контрреволюциялық көтерілісі кулактарды оятты. Россияда кулактар көтерілістері болып өтті. Ең кедей шаруалар өздерінің мүдделері кулактардың, байлардың, деревня буржуазиясының мүдделерімен ымыраласпайтынын кітаптардан, газеттерден үйренген жоқ, *өмірдің өзінен* үйренді. Әрбір ұсақ буржуазиялық партия сияқты, «солшыл эсерлер» бұқараның ауытқушылығын көрсетті, нақ сол 1918 жылдың жазында олар екіге жарылды: бір бөлегі чехословактармен кетті (Москвада көтеріліс болды, бұл көтерілісте Прошьян телеграфты — бір сағатқа! — қолына алып, Россияға большевиктер құлатылды деген хабар таратты, одан соң чехословактарға қарсы соғысқан армияның бас қолбасшысы Муравьев опасыздық жасады[146], т. т.); ал жоғарыда аталып өткен бір бөлегі большевиктермен бірге қалды.

Қалаларда азық-түлік мұқтаждығының шиеленісуі астық монополиясы туралы (теоретик Каутский өзінің бұдан он жыл бұрын Масловтан оқып алған ескі бір-

деңені қайталай беретін экономикалық талдауында мұны «ұмытып» кеткен!) мәселені өте қатты қоюға мәжбүр етті.

Ескі, помещиктік және буржуазиялық, тіпті демократиялық-республикалық, мемлекет деревняға қаруланған отрядтар жіберген болатын, бұл отрядтар іс жүзінде буржуазияның қарауында болған-ды. Мұны Каутский мырза білмейді! Мұны ол, құдай сақтасын, «буржуазияның диктатурасы» деп танымайды! Бұл,— әсіресе, оны буржуазиялық парламент мақұлдаған болса,— «таза демократия» болып шығады! Керенскийлермен, Церетелилермен бірігіп, эсерлер мен меньшевиктердің солар секілді тобырымен біріккен Авксентьев пен С. Масловтың 1917 жылдың жазы мен күзінде жер комитеттерінің мүшелерін қалай тұтқынға алғандығына келсек, Каутский мұны «естімеген», бұл жөнінде ол үндемейді!

Мәселенің бәрі мынада: демократиялық республика арқылы буржуазияның диктатурасын жүзеге асырып отыратын буржуазиялық мемлекет өзінің буржуазияға қызмет ететіндігін халық алдында мойындай алмайды, шындықты айта алмайды, лажсыз екіжүзділік жасайды.

Ал Коммуна типтес мемлекет, Совет мемлекеті, өзінің пролетариат пен ең кедей шаруалар диктатурасы екендігін мәлімдей отырып, демократиялық республиканың қандайында болсын езіліп келген, Советтер тарапынан саясатқа, *демократияға,* мемлекет басқаруға қатыстырылып отырған әлденеше ондаған миллион жаңа азаматтарды осы *шындық* арқылы өз жағына тарта отырып, халыққа шындықты ашықтан-ашық, тура айтады. Советтік республика деревняларға қаруланған жұмысшылар отрядтарын жібереді, ең алдымен астанадан неғұрлым алдыңғы қатарлы жұмысшыларды жібереді. Бұл жұмысшылар деревняға социализмді апарады, кедейлерді өз жағына тартады, оларды ұйымдастырады және сауаттандырады, *буржуазияның қарсылығын* олардың *басып-жаншуына* көмектеседі.

Істі білетіндердің және деревняда болғандардың бәрі де былай дейді: біздің деревня «Октябрь» революциясын (яғни пролетарлық революцияны) тек 1918 жылдың жазы мен күзінде ғана *өз* басынан кешіріп отыр. Бет-

бұрыс туып келеді. Кулактар көтерілісінің толқыны басылып, оның орнына кедейлер көтеріліп келеді, «кедейлер комитеттері» өсіп келеді. Армияда жұмысшылардан шыққан комиссарлардың, жұмысшылардан шыққан офицерлердің, жұмысшылардан шыққан дивизия және армия командирлерінің саны өсіп келеді. Июль (1918 ж.) дағдарысынан[147] және буржуазияның ойбайынан қорыққан ақымақ Каутский буржуазияның соңынан «дедектей» жөнелген кезде және шаруалар большевиктерді құлатуға таяу отыр деген сенімге толы бүтіндей бір кітапша жазып жатқан кезде, бұл ақымақ солшыл эсерлердің бөлініп кетуін большевиктерді қолдаушылар тобының «азаюы» (37-бет) деп есептеген кезде,— міне осы кезде большевизмді жақтаушылардың *шын* тобы *қисапсыз өсіп отыр,* өйткені деревняның әлденеше ондаған миллион кедейлері кулактар мен деревня буржуазиясының қамқорсуынан және ықпалынан босанып, *дербес* саяси өмірге оянып отыр.

Біз жүздеген солшыл эсерлерді, тұрлаусыз интеллигенттерді және шаруалар арасынан шыққан кулактарды жоғалттық, бірақ біз кедейлердің миллиондаған өкілдерін өзімізге қосып алдық*.

Астаналардағы пролетарлық революциядан кейін бір жыл өткен соң, сол революцияның ықпалымен және соның көмегімен меңіреу түкпірде жатқан деревняларда пролетарлық революция болды, бұл революция Совет өкіметі мен большевизмді біржолата нығайтты және ел ішінде оған қарсы тұра аларлық күш жоқ екенін біржолата дәлелдеп берді.

Жалпы шаруалармен бірге буржуазиялық-демократиялық революцияны аяқтағаннан кейін Россияның пролетариаты, деревняны екіге жарып, оның пролетарлары мен жартылай пролетарларын өзіне қосып алып, оларды кулактар мен буржуазияға, соның ішінде шаруалар буржуазиясына қарсы біріктірген кезде, біржолата социалистік революцияға көшті.

---

* Советтердің VI съезінде (6—9. XI. 1918) шешуші даусы бар 967 депутат, олардың ішінде 950 большевик болды және кеңесші дауыспен 351 депутат, олардың ішінде 335 большевик болды. Барлығы большевиктер 97% болды.

Егер астаналар мен ірі өнеркәсіп орталықтарының большевиктік пролетариаты деревня кедейлерін өз төңірегіне ұйымдастырып, бай шаруаларға қарсы қоя алмаған болса, онда мұның өзі Россияның социалистік революция жасау үшін «пісіп жетілмегендігін» дәлелдеген болар еді, онда шаруалар «тұтас» күйінде қала берер еді, яғни кулактардың, байлардың, буржуазияның экономикалық, саяси және рухани басшылығында қала берер еді, онда революция буржуазиялық-демократиялық революция шеңберінен шықпаған болар еді. (Бірақ, жақша ішінде айта кетелік, пролетариат өкіметті қолына алмауға тиіс еді деу мұнымен де дәлелденбеген болар еді, өйткені буржуазиялық-демократиялық революцияны тек пролетариат қана шын мәнінде ақырына дейін жеткізді, дүние жүзілік пролетарлық революцияны жақындату жөнінде елеулі нәрселерді тек пролетариат қана істеді, социалистік мемлекет құру жолында Коммунадан кейінгі екінші қадам болып отырған Советтік мемлекетті тек пролетариат қана құрды.)

Екінші жағынан, егер де большевиктік пролетариат деревняның тап жағынан жіктелуін күте білмей, оны *әзірлеп,* жүзеге асыра білмей, бірден, 1917 жылғы октябрь — ноябрьде деревняда азамат соғысын жасауды немесе оған «социализмді енгізуді» «декретпен» жүзеге асырмақ болған болса, жалпы шаруалармен уақытша блок (одақ) жасамай-ақ, орта шаруаға бірсыпыра жеңілдіктер бермей-ақ, тағы сол сияқтыларсыз-ақ мақсатына жетпек болған болса,— онда бұл марксизмді *бланкистік түрде*[148] бұрмалағандық болар еді, онда бұл *азшылықтың* өз еркін көпшілікке таңуға тырысқандығы болар еді, онда бұл теориялық қисынсыздық болар еді, жалпы шаруалық революция дегеніміз *әлі де* буржуазиялық революция екенін және *бірсыпыра өткелдерден, өтпелі сатылардан* өтпей тұрып, артта қалған елде оны социалистік революцияға айналдыруға болмайтынын түсінбегендік болар еді.

Каутский теориялық және саяси аса маңызды мәселеде *бәрін де* былықтырып, іс жүзінде пролетариат диктатурасына қарсы байбалам салатын буржуазияның нағыз итаршысы болып шығып отыр.

Басқа бір өте қызықты және өте маңызды мәселеге, атап айтқанда: Совет республикасының аграрлық қайта құрылыс жөніндегі, осы аса қиын әрі өте маңызды социалистік қайта құрылыс жөніндегі *заң шығару* қызметі принципінде дұрыс қойылды ма, ал одан кейін мақсатқа сай жүзеге асырылды ма? деген мәселеге Каутскийдің енгізген былығы бұдан көп болмаса, аз болған жоқ. Егер батыс европалық кез келген марксист ең болмаса өте маңызды документтермен танысып, біздің саясатымызды *сынаса,* біз оған көптен-көп алғыс айтқан болар едік, өйткені ол бұл сынымен бізге орасан зор көмек көрсеткен болар еді, бүкіл дүние жүзінде пісіп жетіліп келе жатқан революцияға да көмек көрсеткен болар еді. Бірақ Каутский мұндай сынның орнына, марксизмді либерализмге айналдыратын адам айтқысыз теориялық былық жасап отыр, ал практикалық тұрғыдан большевиктерге қарсы мағынасыз, ызалы, мещандық дөрекіліктер көрсетіп отыр. Оқушы төреші болсын:

«Ірі жер иелігін сақтап қалуға болмайтын еді. Мұны революция істеді. Бұл сол сәттің өзінде-ақ айқын болды. Оны шаруа халқына бермейінше болмайтын болды...» (Дұрыс емес, Каутский мырза: сіз әр түрлі *таптардың* мәселеге көзқарасы орнына өзіңізге «айқын нәрсені» әкеліп қойып отырсыз; буржуаның ұсақ буржуамен, меньшевиктермен және эсерлермен біріккен коалициялық үкіметі ірі жер иелігін сақтап қалу саясатын жүргізгендігін революцияның тарихы дәлелдеді. Мұны С. Масловтың заңы және жер комитеттері[149] мүшелерін тұтқынға алу ерекше дәлелдеді. Пролетариат диктатурасы болмаса, «шаруа халқы» капиталиспен бірігіп отырған помещикті жеңе алмас еді.)

«...Алайда мұның қандай формаларда істелуге тиіс екені жөнінде бірлік болмады. Түрліше шешімдердің қабылдануы мүмкін болды...» (Каутский «социалистердің» «бірлігі» болуын бәрінен де көбірек ойлайды, ал кімдердің өздерін социалистерміз деп атап жүргенінде оның ісі жоқ. Капиталистік қоғамның негізгі таптарының әр түрлі шешімдерге келуге тиісті екендігін ол ұмы-

тады.) «...Ірі кәсіпорындарды мемлекет меншігіне беру және ірі имениелерді бұған дейін соларда жалдама жұмысшы болып істеп келген шаруалардың серіктестік формада пайдалануына беру социалистік көзқарас тұрғысынан қарағанда ең тиімді іс болар еді. Бірақ мұндай шешімге келу үшін қажет селолық жұмысшылар Россияда жоқ. Тағы бір шешім ірі жер иелігін мемлекет меншігіне беріп, оны жері аз шаруаларға арендаға берілетін ұсақ учаскелерге болу бола алар еді. Олай еткенде социализмнен тағы бір нәрселер жүзеге асырылған болар еді...»

Каутский, әрқашанғы әдеті бойынша, бір жағынан, мойындамауға болмайды, екінші жағынан, мойындау керек дегендей әйгілі сөздерімен шығарып салады. Ол белгілі бір *ерекше* жағдайларда капитализмнен коммунизмге *көшетін өткелдер* қандай болуға тиіс деген ойды — бірден-бір нақты, бірден-бір маркстік ойды — есіне де алмастан, әр түрлі шешімдерді *қатар* қояды. Россияда жалдама селолық жұмысшылар бар, бірақ олар көп емес, ал жерді коммуналық және серіктестік жолмен өңдеуге қалай көшу жөнінде Совет өкіметінің *қойып отырған* мәселесіне Каутский соқпай кетіп отыр. Алайда, бәрінен де сорақысы сол, ұсақ жер учаскелерін арендаға беруден Каутский «социализмнің бір нәрселерін» көргісі келеді. Шындығында, бұл — *ұсақ буржуазиялық* ұран, мұнда «социализмнен» *түк те* жоқ. Егер арендаға жер беретін «мемлекет» Коммуна типтес мемлекет бол*май,* парламенттік буржуазиялық республика болса (Каутскийдің әрқашанғы жорамалы нақ осындай), онда жерді ұсақ учаскелерге бөліп арендаға беру кәдімгі *либералдық реформа* болады.

Совет өкіметінің жерге меншік болудың *қандайын да* жойғандығы жөнінде Каутский үндемейді. Ол ол ма. Каутский сұмдық айлакерлік жасайды, Совет өкіметінің декреттерін цитатқа алғанда неғұрлым маңызды жерлерін тастап кетеді.

«Ұсақ өндіріс өндіріс құрал-жабдықтарына толық жеке меншік болуына ұмтылады», бөліске салуға бөгет бола алатын «бірден-бір беделді орын» құрылтай болар еді деп мәлімдей келіп (бұлай деу Россиядағылардың

қатты күлкісін келтіреді, өйткені жұмысшылар мен шаруалар Советтерді *ғана* беделді орын деп есептейтінін, ал құрылтай чехословактар мен помещиктердің ұранына айналғанын жұрттың бәрі біледі),— Каутский былай деп жалғастырады:

«Совет үкіметінің алғашқы декреттерінің бірі былай деп қаулы етті: 1. Жерге помещиктік меншік ешқандай төлемсіз дереу жойылады. 2. Помещик имениелері, сондай-ақ барлық уделдік, монастырьлық, шіркеулік жерлер, олардың барлық жұмыс малы, құрал-сайманымен, усадьбалық қора-қопсыларымен және барлық жабдықтарымен қоса Құрылтай жиналысы жер мәселесін шешкенге дейін болыстық жер комитеттерінің және шаруа депутаттарының уездік Советтерінің қарамағына көшеді».

Осы екі пунктті ғана цитатқа алып, Каутский былай деп қорытады:

«Құрылтай жиналысына сілтеме жасау бос сөз болып қалды. Іс жүзінде кейбір болыстардың шаруалары жер жөнінде тілегенін істей алатын болды» (47).

Каутский «сынының» үлгілері міне осындай. Көбінесе подлогқа ұқсас «ғылыми» жұмыс деген міне осындай. Осымен неміс оқушыларын: жерге жеке меншік туралы мәселе жөнінде большевиктер шаруалардың алдында тізе бүкті! большевиктер шаруалардың өз беттерімен («кейбір болыстардың») тілегенін істеуіне ерік берді! деп сендіргісі келеді.

Ал шынында Каутскийдің цитат алған декреті — 1917 жылы (ескіше) 26 октябрьде шығарылған бірінші декрет* — 2 статьядан емес, 5 статьядан құралған, *оның үстіне* «аманаттың» сегіз статьясы бар, мұның өзінде аманат туралы: бұл «жетекші нұсқау ретінде қолданылуға тиіс» делінген.

Декреттің 3-статьясында: шаруашылықтар *«халықтың қарауына»* көшеді, «конфискеленетін барлық мүліктің дәл тізімі» жасалуы және «революциялық жолмен барынша қатаң күзету» болуы қажет делінген. Ал аманатта былай делінген: «жерге жеке меншік правосы

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 24—28-беттер. *Ред.*

мәңгі жойылады», «мәдениеті жоғары шаруашылықтары... бар жер учаскелері» *«бөліске жатпайды»*, «конфискеленген жерлердің барлық шаруашылық күш-көліктері мен құрал-саймандары төлемсіз, өздерінің көлемі мен маңызына қарай, тек қана мемлекеттің немесе қауымның пайдалануына көшеді», «барлық жер... жалпы халықтың жер қорына түседі».

Одан соң, Құрылтай жиналысын таратумен қатар (5. I. 1918 ж.), Советтердің Үшінші съезі «Еңбекші және қаналушы халық *праволарының декларациясын»** қабылдады, қазір ол Совет республикасының Негізгі заңына еніп отыр. Бұл декларацияның II, 1-статьясында: «жерге жеке меншік жойылады» және «үлгілі помещиктер мен ауыл шаруашылық кәсіпорындар ұлттық дәулет деп жарияланады» делінген.

Демек, Құрылтай жиналысына сілтеме жасау бос сөз болып қалған жоқ, өйткені шаруалар алдында анағұрлым беделді басқа бір жалпы халықтық өкілдік мекеме аграрлық мәселені шешуді өз қолына алып отыр.

Одан соң, 1918 жылы 6(19) февральда жерді социализациялау туралы заң жарияланды, ол заң жерді меншіктенудің қандайының болса да жойылғандығын тағы да растайды, жерге де, *жеке иеліктегі* құралдардың *бәріне* де қожалық етуді, *федерациялық Совет өкіметінің бақылауымен*, совет өкімет орындарына береді; жерге қожалық етуде қойылатын міндет:

«социалистік шаруашылыққа көшу мақсатында, еңбек пен өнімдерді үнемдеу мағынасында неғұрлым пайдалы деп есептеліп, жеке меншік шаруашылықтар есебінен, егіншілікте коллективтік шаруашылықты өркендету» (11-статья, *д* пункті).

Жерді *теңгерме* пайдалану тәртібін енгізе отырып, бұл заң «жерді пайдалануға кімнің правосы бар?» деген негізгі сұраққа былай деп жауап береді:

(20-статья). «Россия Советтік Федерациялық Республика көлемінде жер бетінің жеке учаскелерін қоғамның және жеке адамдардың қажеті үшін мыналар пайдалана алады: А) Мәдени-ағарту мақсатында: 1) Совет өкіметінің органдары (феде-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 235—238-беттер. *Ред.*

рациялық, облыстық, губерниялық, уездік, болыстық, селолық органдар) арқылы мемлекет. 2) Қоғамдық ұйымдар (жергілікті Совет өкіметінің бақылауы және рұқсатымен). Б) Ауыл шаруашылығымен шұғылдану үшін: 3) Ауыл шаруашылық коммуналар. 4) Ауыл шаруашылық серіктіктер. 5) Селолық қоғамдар. 6) Жеке семьялар мен жеке адамдар...»

Каутскийдің мәселені мүлде бұрмалағандығын және Россиядағы пролетарлық мемлекеттің аграрлық саясаты мен аграрлық заңын неміс оқушысына мүлдем жалған түрде жеткізгендігін оқушы көріп отыр.

Теория жағынан маңызды және негізгі мәселелерді Каутский тіпті қоя да білмеді!

Бұл мәселелер мыналар:

(1) жерді теңгерме пайдалану және

(2) жерді национализациялау,— бұл екі шараның жалпы алғанда социализмге және жекелеп алғанда капитализмнен коммунизмге өтуге қатысы.

(3) Ұсақ бытыраңқы егіншіліктен ірі қоғамдық егіншілікке көшу ретінде жерді қоғамдасып өңдеу; Совет заңында бұл мәселенің қойылуы социализмнің талаптарын қанағаттандыра ма?

Бірінші мәселе жөнінде ең алдымен мына негізгі екі фактіні анықтау қажет болады: (а) большевиктер 1905 жылдың тәжірибесін есепке алғанда да (мысалы, бірінші орыс революциясындағы аграрлық мәселе туралы өзімнің еңбегімді-ақ көрсетейін*) жерді теңгерме пайдалану ұранының демократиялық-прогрестік, демократиялық-революциялық маңызы бар екенін көрсетті және 1917 жылы да, Октябрь революциясына *дейін* бұл туралы әбден айқын айтып келді. (б) Жерді социализациялау туралы заңды,— мұның «жаны» жерді теңгерме пайдалану ұраны болып табылатын заңды,— жүзеге асыра отырып, большевиктер: бұл идея біздің идеямыз емес, біз мұндай ұранға қосылмаймыз, бірақ біз мұны жүзеге асыруды өзіміздің борышымыз деп санаймыз, өйткені шаруалардың басым көпшілігінің талабы осы болып отыр дегенді мейлінше айқын және үзілді-кесілді мәлімдеді. Ал еңбекшілер көпшілігінің идеясы мен та-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 205—444-беттер. *Ред.*

лабын *олардың өздері бастан кешіріп көруге тиіс:* ондай талаптарды «бұзуға» да, оларды «аттап» өтуге де болмайды. Біз, большевиктер, шаруалардың мұндай ұсақ буржуазиялық ұрандарды бастан кешіріп көруіне, олардан неғұрлым тезірек және неғұрлым жеңілірек түрде социалистік ұрандарға *көшуіне көмектесеміз.*

Жұмысшы революциясына өзінің ғылыми талдауымен көмектескісі келген теоретик-марксист мына мәселелерге жауап беруге тиіс болған болар еді: біріншіден, жерді теңгерме пайдалану идеясының демократиялық-революциялық маңызы бар, *буржуазиялық*-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу мағынасында маңызы бар деген дұрыс па? Екіншіден, жерді теңгерме пайдалану туралы ұсақ буржуазиялық заңды большевиктердің дауыс беріп өткізуі (және барынша адал сақтауы) дұрыс болды ма?

Каутский тіпті теория жағынан мәселенің түйіні неде екенін *байқай* білмеді!

Жерді теңгерме пайдалану идеясының буржуазиялық-демократиялық төңкерісте прогрестік және революциялық маңызы болатынын Каутский ешқашан теріске шығара алмаған болар еді. Бұл төңкеріс одан әрі бара алмайды. Ақырына дейін жеткен кезде ол буржуазиялық-демократиялық шешімдердің *жеткіліксіздігін,* олардың шеңберінен асып, *социализмге* көшудің қажеттігін бұқараға *соғұрлым айқын,* соғұрлым *тез,* соғұрлым *жеңіл* көрсетеді.

Патша өкіметі мен помещиктерді құлатқан шаруалар жерді теңгерме пайдалануды арман етеді, сондықтан помещиктерден де, *буржуазиялық*-парламенттік, республикалық мемлекеттен де құтылып отырған шаруаларға ешқандай күш бөгет жасай алмаған болар еді. Пролетарлар шаруаларға былай дейді: біз сіздердің «мінсіз» капитализмге дейін жетулеріңізге көмектесеміз, өйткені жерді теңгерме пайдалану деген капитализмді ұсақ өндірушінің көзқарасы тұрғысынан дәріптеу болып табылады. Ал сонымен қатар біз сіздерге мұның жеткіліксіз екендігін, жерді қоғамдасып пайдалануға көшудің қажет екендігін көрсетеміз.

Шаруалардың күресіне пролетариаттың *осындай* бас-

шылық етуінің дұрыстығын Каутский қалайша теріске шығаруға тырысар еді, шіркін, осыны бір көрер ме еді!

Каутский мәселеден жалтаруды артық көрді...

Одан соң, жер туралы *заңда* Совет өкіметі коммуналар мен серіктіктерді бірінші орынға қойып, оларды *тура* артық санағандығын неміс оқушыларынан жасырып, Каутский оларды тұпа-тура алдап отыр.

Шаруалармен бірге буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына жеткізейік,— ал шаруалардың ең кедей, пролетарлық және жартылай пролетарлық бөлегімен бірге социалистік революцияға қарай алға басайық! Большевиктердің саясаты міне осындай болатын және мұның өзі бірден-бір маркстік саясат еді.

Ал Каутский бірде-бір мәселені қоя білмей, шатасып отыр! Бір жағынан, ол пролетарлар жерді теңгерме пайдалану туралы мәселеде шаруалармен ажырасуға тиіс еді деп айтуға *бата алмайды,* өйткені ол бұл сияқты ажырасудың сорақылығын сезеді (ал оның бер жағында, 1905 жылы, өзі ренегат болмай тұрған кезінде, Каутский революцияның жеңіп шығу шарты ретінде жұмысшылар мен шаруалар одағын айқын, тура жақтаған болатын). Екінші жағынан, Каутский меньшевик Масловтың либералдық мылжыңдарын тәуір көріп цитатқа алады, ал Маслов *социализм тұрғысынан қарағанда* ұсақ буржуазиялық теңдіктің утопиялық және реакциялық нәрсе екендігін «дәлелдейді» де, *буржуазиялық-демократиялық революция тұрғысынан қарағанда* теңдік, жерді теңгерме пайдалану жолындағы ұсақ буржуазиялық күрестің прогрестік және революциялық күрес екендігі жөнінде үндемейді.

Каутскийдің мәселені шатастыруының ұшы-қиыры жоқ: байқасаңыз, Каутский (1918 жылғы) орыс революциясының *буржуазиялық* сипаты бар деуін *қоймайды.* Каутский (1918 жылғы) осы шеңберден шықпаңдар деп талап етеді! Ал сол Каутскийдің өзі жердің ұсақ учаскелерін *кедей* шаруаларға бөліп беру жөніндегі *ұсақ буржуазиялық* реформада (яғни жерді теңгерме пайдалануға жақындауда) *«социализмнен* бір нәрселер» бар (*буржуазиялық* революция үшін) деп біледі!!

Шамаң келсе, түсініп көр!

Каутский, оның үстіне, белгілі бір партияның шын саясатымен филистерлік санаса білмеушілікті көрсетеді. Ол меньшевиктер партиясының 1917 жылғы шын саясатын, оның помещиктермен және кадеттермен «коалицияда» бола отырып, іс жүзінде *либералдық аграрлық реформаны және помещиктермен келісімге келуді* қуаттаған (бұған дәлел: жер комитеттері мүшелерінің тұтқынға алынуы және С. Масловтың заң жобасы) кезіндегі *шын* саясатын *көргісі келмей,* меньшевик Масловтың *жел сөздерін* цитатқа алады.

Ұсақ буржуазиялық теңдіктің реакцияшылдығы және утопиялығы туралы П. Масловтың жел сөздері іс жүзінде, шаруалардың помещиктерді *революциялық* жолмен құлатуының орнына, шаруалардың помещиктермен *келісімге келуін* (яғни помещиктердің шаруаларды алдап соғуын) қуаттайтын меньшевиктік саясатты бүркемелеп отырғанын Каутский байқамайды.

Жарайсың «марксист» Каутский!

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революциядан айырмашылығын қатаң ескерген нақ большевиктер болды: буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізе отырып, олар социалистік революцияға көшетін жол ашты. Бұл — бірден-бір революциялық және бірден-бір маркстік саясат.

Ал Каутский мынадай мағынасыз либералдық қуақылықты бекер қайталайды: «Әзірге еш жерде және еш уақытта ұсақ шаруалар теория жүзінде сендірудің ықпалымен коллективтік өндіріске көшіп көрген емес» (50).

Па, тауып айтқан екен!

Еш жерде және еш уақытта үлкен елдің ұсақ шаруалары пролетарлық мемлекеттің ықпалында болып көрген емес.

Еш жерде және еш уақытта ұсақ шаруалар, ең кедей шаруаларға пролетарлық мемлекеттік өкіметтің насихаттық, саяси, экономикалық және әскери көмек көрсеткен *жағдайында,* ең кедей шаруалардың байларға қарсы, олардың арасында азаматтық соғысқа дейін жеткен, ашықтан-ашық тап күресіне көтерілген емес.

Еш жерде және еш уақытта шаруалар бұқарасының

осындай күйзеліп отырған жағдайында жалдаптар мен байлардың соғыстан осындай баюы болып көрген емес.

Каутский пролетариат диктатурасының жаңа міндеттерін ойлаудан да қорқып, ескіні қайталайды, ескі күйсеуін күйсей береді.

Егер ұсақ өндіріс үшін шаруалардың құралдары *жетіспейтін* болса, ал пролетарлық мемлекет олардың жерді коллектив болып өңдеуі үшін машина алуына *көмектесіп* отырса, бұл «теория жүзінде сендіру» болып табыла ма, сүйікті Каутский?— — —

Жерді национализациялау туралы мәселеге көшейік. Біздің халықшылдар, оның ішінде барлық солшыл-эсерлер, бізде жүргізілген шара жерді национализациялау екенін теріске шығарады. Теория жағынан олардың мұнысы дұрыс емес. Біз товар өндірісінің және капитализмнің шеңберінде қалып отырмыз, сондықтан жерге жеке меншікті жою жерді национализациялау болып табылады. «Социализация» деген сөз тек бағытты, тілекті, социализмге көшу дайындығын ғана көрсетеді.

Марксистердің жерді национализациялауға көзқарасы қандай болуға тиіс?

Каутский бұл арада да теориялық мәселені тіпті қоя да білмейді немесе — одан да жаман,— жерді национализациялау туралы, жерді муниципализациялау (ірі имениелерді жергілікті өзін өзі басқару орындарына беру) туралы, бөліске салу туралы мәселе жөнінде орыс марксистерінің арасында ертеректегі таластарды Каутскийдің білетіндігі орыс әдебиетінен белгілі бола тұрса да, ол бұл мәселеге әдейі соқпай өтеді.

Каутскийдің ірі имениелерді мемлекетке беру, сөйтіп оларды ұсақ учаскелерге бөліп, жері аз шаруаларға арендаға беру «социализмнен бір нәрсені» жүзеге асырған болар еді деген пайымдауы марксизмді тура келеке еткендік. Мұнда ешқандай социализмнің жоқ екендігін біз айтып өткенбіз. Бірақ бұл аз: мұнда тіпті ақырына дейін жеткізілген *буржуазиялық-демократиялық* революция да жоқ. Каутский меньшевиктерге сенемін деп масқара болып отыр. Сорақылық осыдан туып отыр: біздің революциямыздың буржуазиялық сипатын қорғайтын, большевиктердің социализмге барғысы келгені

үшін оларды айыптайтын Каутский, *либералдық реформаны* жер иелену турасында орта ғасырлықтың бәрінен толық арылуға дейін *жеткізбей тұрып,* оны социализм деп әкеліп *өзі* ұсынады! Өзінің меньшевик кеңесшілерінің істегені сияқты Каутский де, дәйекті буржуазиялық-демократиялық революцияны қорғаудың орнына, революциядан қорқатып либералдық буржуазияны қорғап отыр.

Шынында да солай. Барлық жерді емес, ал тек ірі имениелерді ғана мемлекет меншігіне айналдырудың себебі неде? Бұлай болған күнде либералдық буржуазия ескілікті неғұрлым көбірек сақтап қалады (яғни революцияның дәйектілігін неғұрлым кемірек етеді) және ескілікке неғұрлым жеңіл оралады. Радикал буржуазия, яғни буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуші буржуазия, *жерді национализациялау* ұранып ұсынады.

Тіпті әлдеқашан өткен бір уақыттарда, бұдан 20 жылдай бұрын, аграрлық мәселе жөнінде тамаша маркстік еңбек жазған Каутскийдің Маркстің жерді национализациялау дегеніміз *буржуазияның* дәйекті ұраны[150] болып табылады деген сөздерін білмеуі мүмкін емес. Маркстің Родбертуспен айтысқанын және «Қосымша құн теорияларында» тамаша түсініктер бергенін Каутскийдің білмеуі мүмкін емес, Маркстің бұл еңбегінде жерді национализациялаудың буржуазиялық-демократиялық мағынадағы революциялық маңызы да өте-мөте айқын көрсетілген болатын.

Каутскийдің мүлде сәтсіз таңдап алған кеңесшісі — меньшевик П. Маслов орыс шаруалары барлық жерді (соның ішінде шаруа жерлерін де) национализациялауға бара алатынын теріске шығарған болатын. Масловтың бұл көзқарасы белгілі бір дәрежеде оның «ерекше» теориясына (Марксті сынаған буржуазиялық сыншылардың сөздерін қайталайтын теорияға), атап айтқанда, абсолюттік рентаны теріске шығаруына және «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» (немесе Масловша айтқанда, «фактісін») мойындауына байланысты болуы мүмкін.

Іс жүзінде Россия шаруаларының, қауымдағылары-

ның да, жекешелерінің де, басым көпшілігі барлық жерді национализациялауды жақтайтындығы 1905 жылғы революцияның өзінде-ақ айқын көрінді. 1917 жылғы революция мұны растады және өкімет пролетариаттың қолына көшкеннен кейін мұны жүзеге асырды. Большевиктер буржуазиялық-демократиялық революцияны «аттап өтуге» тырыспай (бұл жөнінде бізді ешқандай дәлелсіз айыптайтын Каутскийге қарамастан), марксизмге адалдығын сақтап қалды. Большевиктер ең алдымен шаруалардың буржуазиялық-демократиялық идеологтарының ішінен шыққан неғұрлым радикалдарына, неғұрлым революцияшылдарына, пролетариатқа неғұрлым жақын тұрғандарына, атап айтқанда, солшыл эсерлерге іс жүзінде жерді национализациялау болып табылатын жұмысты жүзеге асыруға көмектесті. 1917 жылғы 26 октябрьден бастап, яғни пролетарлық, социалистік, революцияның алғашқы күнінен бастап, Россияда жерді жеке меншіктену жойылды.

Мұнымен, капитализмнің даму тұрғысынан қарағанда, неғұрлым берік негіз салынды (Маркстен қол үзіп кеткісі келмесе, Каутский мұны бекер дей алмайды), сонымен қатар, социализмге өту мағынасында *неғұрлым ыңғайлы* қоныстандырушылық жасалынды. Буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан қарағанда, Россияның революцияшыл шаруаларына бұдан *әрі баратын жер қалған жоқ:* осы тұрғыдан қарағанда, жерді национализациялаудан және жерді тең пайдаланудан артық «мінсіз» еш нәрсенің, одан артық «радикалды» (тағы осы тұрғыдан қарағанда) еш нәрсенің *болуы мүмкін емес.* Нақ большевиктер, тек большевиктер ғана, тек *пролетарлық* революцияның жеңуі арқасында ғана шаруалардың буржуазиялық-демократиялық революцияны шын мәнінде ақырына дейін жеткізуіне көмектесті. Тек осының арқасында ғана большевиктер социалистік революцияға өтуді жеңілдету және тездету үшін көп нәрсені тындырды.

Большевиктерді революцияның буржуазиялық сипатын түсінбеді деп айыптап отырған және жерді национализациялау туралы *жұмған аузын ашпай,* «социализмнен бір нәрселер» деген сияқты революцияшылды-

ғы (буржуазиялық көзқарас бойынша) әлдеқайда кем либералдық аграрлық реформаны ұсынып, өзінің марксизмнен шегінгендігін көрсетіп отырған Каутскийдің оқушыға қандай сөлекет былықты ұсынып отырғандығын міне осыдан-ақ түсінуге болады!— —

Бұл арада біз жоғарыда қойылған мәселелердің үшіншісіне, жерді қоғамдасып пайдалануға көшудің қажеттігін Россиядағы пролетариат диктатурасының қаншалықты ескергендігі туралы мәселеге келіп отырмыз. Каутский бұл арада тағы да подлогқа тым ұқсас бір нәрсе істеп отыр: ол жерді коллектив болып өңдеуге көшу міндеті туралы айтатын бір большевиктің «тезистерін» ғана цитатқа алады! Бұл тезистердің біреуінен цитат алады да, біздің «теоретик» бірдеңені жайпап тастағандай лепіреді:

> «Белгілі нәрсені міндет деп жариялаумен ол міндет, амал не, орындалмайды. Россияда коллективтік ауыл шаруашылығы деген әзір қағаз бетінде ғана қалуға душар болып отыр. Әзірге еш жерде және еш уақытта ұсақ шаруалар теориялық сенім бойынша коллективтік өндіріске көшіп көрген емес» (50).

Каутскийдің дәл осы құлдилап түскеніндей әдеби алаяқтық әзірге еш жерде және еш уақытта болып көрген емес. Ол, «тезистерді» цитатқа алғанда, Совет өкіметінің *заңы* туралы түк айтпайды. Ол, «теориялық сенім» туралы сөз қылғанда, қолында заводтары да, товарлары да бар пролетарлық мемлекеттік өкімет туралы үндемейді! Ұсақ шаруаларды бірте-бірте социализмге көшіру үшін пролетарлық мемлекеттің қолында бар құралдар туралы мәселе жөнінде марксист Каутскийдің 1899 жылы «Аграрлық мәселеде» жазғандарының бәрін ренегат Каутский 1918 жылы ұмытып қалған.

Әрине, мемлекет жәрдемдесіп отыратын бірнеше жүз ауыл шаруашылық коммуналары мен совет шаруашылықтарының (яғни мемлекет есебінен жұмысшылар серіктіктері жүргізетін ірі шаруашылықтардың) болуы,— бұт өте аз. Бірақ Каутскийдің бұл фактіге соқпай кетуін «сын» деп атауға бола ма?

Пролетариат диктатурасы Россияда жүргізген жерді национализациялау,— тіпті контрреволюция жеңіп, национализациялаудан бөліске қарай кейін бұратып бол-

ған күнде де (бұл жағдайды мен марксистердің 1905 жылғы революциядағы аграрлық программасы туралы кітапшамда әдейі талдап көрсеткен едім),— буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізуді неғұрлым көбірек қамтамасыз етті. Ал оның үстіне, жерді национализациялау пролетарлық мемлекеттің егіншілікте социализмге өтуіне неғұрлым көп мүмкіндіктер берді.

Қорытынды: сонымен, Каутскийдің марксизмнен толық безіп, теорияда сұмдық ботқа жасағанын, ал практикада буржуазия мен оның реформизмі алдында жалбақтағанын көріп отырмыз. Несін айтасың, тамаша сын!

Өнеркәсіпке «экономикалық талдау жасауды» Каутский мынадай ғажап пайымдаудан бастайды:

Россияда ірі капиталистік өнеркәсіп бар. Осының негізінде социалистік өндірісті құруға болмас па екен? «Фабрикалардың әрқайсысында шаруашылықты өз алдына жүргізу үшін жекелеген фабрикалар мен рудниктердің жұмысшылары оларды өз меншігіне алуы» (сөзбе-сөз айтқанда: оларды өздері иемденуі) «социализм болып табылатын болса, онда солай істеуге болады деп ойлауға болар еді» (52). «Нақ бүгін, 5 августа, мен осы жолдарды жазып отырғанымда,— дейді одан әрі Каутский,— Москвадан Лениннің 2 августа сөйлеген бір сөзі туралы хабар келді, ол сөзінде Ленин, хабарға қарағанда, былай депті: «Жұмысшылар фабрикаларды өз қолында берік ұстап отыр, ал шаруалар помещиктерге жерді бермейді»*. «Фабрика — жұмысшыларға берілсін, жер — шаруаларға берілсін» деген пароль бұған дейін социал-демократиялық емес, анархо-синдикалистік пароль болып келген еді» (52—53).

Бұрын Каутскийді құрметтеп келген және ісі үшін құрметтеп келген орыс жұмысшылары буржуазия жағына шыққан қашқынның тәсілдерін өз көзімен көруі үшін біз бұл пайымдауды түгел көшіріп алып отырмыз.

Ойлап қараңыздаршы: 5 августа, Россияда фабрика-

* Қараңыз: осы том, 30-бет. *Ред.*

ларды национализациялау туралы толып жатқан декреттер шығарылған кезде, ал оның бер жағында бірде-бір фабриканы жұмысшылар «немденбей», олардың *бәрі* республиканың меншігіне беріліп отырған кезде, Каутский, 5 августа, менің аузымнан шыққан бір сөзді әдейі теріс түсіндіре келіп, неміс оқушыларына: Россияда фабрикалар жеке жұмысшыларға үлестіріліп беріледі екен! деген ой туғызып отыр. Сөйтіп Каутский осыдан кейін тағы да талай ондаған жолдарда фабрикаларды бір-бірлеп жұмысшыларға үлестіруге болмайды деп күйсеуін күйсей береді.

Бұл — сын емес, жұмысшы революциясына жала жабу үшін капиталистер жалдап алған буржуазиялық малайдың тәсілі.

Фабрикаларды мемлекетке, немесе қауымға, немесе тұтынушылар қоғамдарына беру керек дегенді қайта-қайта жаза келіп, ақырында, Каутский бұған қоса тағы да былай дейді:

«Қазір Россияда осы жолға түсуге әрекеттеніп жатыр...» Қазір!! яғни бұл не дегені? августа ма? Каутскийдің өз Штейніне, Аксельродына немесе орыс буржуазиясы ішіндегі басқа достарына фабрикалар туралы тым болмаса бір декрет аудартып ала алмағаны ма?

«...Мұның қаншалық тереңдеп кеткені әзірге белгісіз. Совет республикасының бұл жағы қалай болғанда да біз үшін қатты назар аударарлықтай, бірақ ол жағы әзірге түгелімен қараңғы қалып отыр. Декреттер деген жеткілікті...» (Сондықтан Каутский олардың *мазмұнын* елемейді, немесе өз оқушыларынан жасырады!) «бірақ бұл декреттердің жүзеге асырылуы туралы сенімді мәліметтер кем. Барлық жағын түгел қамтитын, толық, сенімді және жедел хабарлап отыратын статистикасыз социалистік өндірістің болуы мүмкін емес. Ондай статистиканы Совет республикасы бұған дейін жасай алған жоқ. Оның экономикалық әрекеттері туралы біздің біліп отырған нәрселеріміз бір-біріне мүлде қайшы және ешбір тексеруге келмейді. Міне бұл да диктатураның, демократияны басып-жаншудың нәтижелерінің бірі. Баспасөз бостандығы және сөз бостандығы жоқ...» (53).

Тарих, міне қалай жазылады! Капиталистер мен дутовшылдардың «ерікті» баспасөзінен Каутский жұмысшылардың қолына көшетін фабрикалар туралы мәлімет алған болар еді... Таптан жоғары тұрған бұл «байсалды ғалым» шынында да ғажап емес пе! Фабрикалардың

тек қана республикаға берілетіндігін, оларды жұмысшылардың кәсіптік одақтарынан сайланған өкілдердің көбірек қатысуымен құрылған Совет өкіметінің органы — Халық шаруашылығының жоғары советі билейтіндігін көрсететін сансыз көп фактілердің бірде-біреуіне,— міне осындай фактілердің бірде-біреуіне Каутскийдің жолағысы да келмейді. Ол қасарысып, қыңдақтаулы адамның қарыспалылығымен: маған азамат соғысы болмайтын, диктатура болмайтын, жақсы статистикасы бар (Совет республикасы статистика мекемесін құрды және оған Россияның барлық таңдаулы деген статистика қызметкерлерін тартып отыр, бірақ, әрине, статистиканы тез арада мүлтіксіз етіп жолға қоюға болмайды) бейбіт демократияны беріңіз деуін қоймайды. Қысқасы, революциясыз, арпалысқан күрессіз, күштеусіз революция болсын дейді,— Каутский міне осыны талап етеді. Мұның өзі жұмысшылар мен қожайындар қатты ашынбайтын стачкалар болуын талап етумен бірдей нәрсе. Бұл секілді «социалисті» кәдімгі либерал чиновниктен айырып көріңізші!

Сонымен, осындай «нақты материалға» сүйеніп, яғни толып жатқан фактілерге мүлде жирене қарап, әдейі сырттап өтеді де, Каутский былай деп «қорытады»:

> «Декреттер мағынасында емес, шын практикалық табыстар мағынасында орыс пролетариатының Советтік республикадан алғаны, бояуы басқа болғанмен дәл Советтердегідей социалистері басым болған Құрылтай жиналысынан ала алатынынан артық болды ма екен, ол жағы шүбәлы» (58).

Мұнан асқан асыл сөз болар ма? Каутскийді құрметтеушілерге біз бұл нақыл сөзді орыс жұмысшыларының арасына кеңірек таратуға кеңес береміз, өйткені өзінің саяси жағынан құлдырап түскендігін бағалауға Каутский бұдан артық материал бере алмас. Жұмысшы жолдастар, Керенский де «социалист» болатын, тек оның «бояуы басқа»! Тарихшы Каутский оңшыл эсерлер мен меньшевиктердің өздеріне «тағып алған» атақтарымен ғана қанағаттанады. Ал Керенскийдің тұсында меньшевиктер мен оңшыл эсерлер буржуазияның империалистік саясатын және тонаушылығын қолдағандығын көр-

сететін фактілерді тарихшы Каутскийдің естігісі де келмейді, Құрылтай жиналысында империалистік соғыс пен буржуазиялық диктатураның нақ осы сабаздары көпшілік болғанын ол әншейін айтпайды. Бұл да «экономикалық талдау» деп аталады-ау!..

Қорытындысында «экономикалық талдаудың» тағы бір үлгісымағын көрсетейік:

«...Өзінің өмір сүре бастағанына тоғыз ай толғаннан кейін Совет республикасы жұртты жаппай кенелтудің орнына, жұрттың жаппай мұқтаждыққа ұшырауы неден болып жатқанын түсіндіруге мәжбүр болды» (41).

Мұндай пікірлерді кадеттер бізге талай рет айтқан. Россияда буржуазия итаршыларының бәрі де: төрт жылға созылған бүліншілік соғыстан кейін, Россиядағы буржуазияның саботажы мен көтерілістеріне шетелдік капитал барлық жағынан бірдей көмек көрсетіп отырған жағдайда, 9 айдан кейін жұртты жаппай кенелте қойыңдар дейді. Каутский мен контрреволюцияшыл буржуа арасында енді ешқандай айырмашылық, мұның ешқандай көлеңкесі де *іс жүзінде* қалмай отыр. Россияда корниловшылдар, дутовшылдар да, красновшылдар да дөрекі түрде, астарсыз, бояусыз айтатын сөздер «социализмге» үйлестірілген тәтті сөздермен тек қайталанып айтылып отыр.

* *
*

Жоғарыда айтылғандар 1918 жылы 9 ноябрьде жазылған еді. Ноябрьдің 9-нан 10-на қараған түні Германиядан: әуелі Кильде және солтүстік пен теңіз жағасындағы қалаларда жеңімпаз революцияның басталғаны, бұл қалаларда өкімет жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің қолына көшкендігі, одан кейін Берлинде революция басталып, онда да өкімет Совет қолына көшкендігі туралы хабарлар алынды[151].

Каутский туралы және пролетарлық революция туралы кітапшаға жазбақ болған қорытындым енді керексіз болып отыр.

10 ноябрь, 1918 ж. *Н. Ленин*

I қосымша

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР[152]

II қосымша

ВАНДЕРВЕЛЬДЕНІҢ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ ЖАҢА КІТАБЫ

Вандервельденің «Социализм мемлекетке қарсы» (Париж, 1918) деген кітабымен Каутскийдің кітабын оқығаннан кейін ғана танысуыма тура келді. Бұл екі кітапты бір-бірімен еріксіз салыстыруға тура келді. Каутский — II (1889—1914) Интернационалдың идеялық көсемі, Вандервельде — Халықаралық социалистік бюроның председателі ретінде Интернационалдың ресми өкілі. Екеуі де II Интернационалдың толық банкрот болғанын көрсетеді, екеуі де бұл банкроттықты, өз бастарының күйрегендігін, өздерінің буржуазия жағына шығып кеткендігін тәжірибелі журналистердің барлықептілігін қолданып, маркстік сөздермен «өте шебер» бүркемелейді. Бұлардың біреуі бізге марксизмнен буржуазияға қолайсыз жерін кесіп алып тастап, оны дөрекі түрде бұрмалайтын, ауырлаған, теорияшыл неміс оппортунизміне тән нәрсені ерекше айқын көрсетеді. Екіншісі үстем болып отырған оппортунизмнің неғұрлым икемдірек, әлгіден гөрі жеңілірек, марксизмді сол негізгі тәсілмен eппен бұрмалайтын романдық — белгілі бір дәрежеде батыс европалық (Германияның батыс жағында жатқан деген мағынада) деуге болатын — түріне жатады.

Екеуі де Маркстің мемлекет туралы ілімін де, оның пролетариат диктатурасы туралы ілімін де түбірінен бұрмалайды, мұның өзінде Вандервельде бірінші мәселеге көбірек тоқтайды да, Каутский екіншісіне көбірек тоқтайды. Екеуі де бұл екі мәселенің аса тығыз, ажыра-

ғысыз байланысын көмескілейді. Екеуі де сөз жүзінде революционер және марксист, ал іс жүзінде — барлық күшін революциядан *жалтарып кетуге* жұмсайтын ренегат. Бұлардың екеуінде де Маркс пен Энгельстің барлық шығармаларында айтылатын өзекті пікірдің, іс жүзінде социализмді буржуазия жасаған социализмнің карикатурасынан айыратын пікірдің көлеңкесі де жоқ, атап айтқанда: реформаның міндеттерінен *өзгеше* революцияның міндеттерін анықтаудың, реформистік тактикадан өзгеше революциялық тактиканы анықтаудың, буржуазияның империалистік үстеме пайдасының және үстеме олжасының бір бөлегін буржуазиямен бірге бөлісетін «ұлы» державалар пролетариатының ролінен өзгеше, жалдама құлдық системасын немесе тәртібін, құрылысын *жою жөніндегі* пролетариаттың ролін анықтаудың көлеңкесі де жоқ.

Осы берілген бағаны дәлелдеу үшін Вандервельденің ең елеулі деген бірнеше пайымдауын келтірейік.

Каутский сияқты, Вандервельде де Маркс пен Энгельстен цитаттар алуға өте-мөте құштар-ақ. Сөйтіп, Каутский сияқты, ол да буржуазия үшін мүлде қолайсыз нәрседен *басқаның* бәрін, революционерді реформистен айыратын нәрседен *басқаның* бәрін, Маркс пен Энгельстен цитатқа алып, тізе береді. Пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы туралы керегінше цитат алады, өйткені практика қазірдің өзінде мұны тек қана парламенттік шеңберге қойған. Ал Маркс пен Энгельстің Коммуна тәжірибесінен кейін жұмысшы табы даяр тұрған мемлекеттік машинаны жай иемденумен ғана тына алмайды, ол бұл машинаны *қиратуға* тиіс деген ақиқатты түсіндіру арқылы кей жерлері ескірген «Коммунистік Манифесті» толықтыру қажет деп тапқаны жөнінде,— міне бұл жөнінде ол *бір ауыз сөз айтпайды!* Каутский сияқты, Вандервельде де, бейне бір сөз байласып қойған адамдай, пролетарлық революция *тәжірибесінің* нағыз ең мәнді жеріне, пролетариаттың революциясын буржуазияның реформасынан нағыз айыратын жеріне келгенде жұмған аузын аппастан орағытып өте шығады.

Каутский сияқты, Вандерьвелде де пролетариат диктатурасы туралы айтқанда одан жалтарып кету үшін ғана сөз қылады. Каутский мұны өрескел бұрмалаушылық арқылы істеген еді. Вандервельде мұның өзін жымысқылау істеп отыр. Осы жөніндегі параграфта, «пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы» туралы 4-параграфта, ол *«b»* бөлімшесін «пролетариаттың коллективтік диктатурасы» туралы мәселеге арнап, Маркс пен Энгельстен «цитаттар келтіреді» (қайталап айтайын: нақ ең басты мәселеге, ескі буржуазиялық-демократиялық мемлекеттік машинаны *қирату* мәселесіне қатысы бар жерлерін қалдырып кетеді), сөйтіп мынадай қорытынды жасайды:

«...Социалистік топтарда әлеуметтік революцияны әдетте: бұл жолы жеңетін, жеңгенде бір пунктте емес, капиталистік дүниенің басты орталықтарында жеңетін жаңа коммуна деп түсінеді.

Гипотеза; бірақ гипотеза болғанда, соғыстан кейінгі дәуірде көп елдерде таптар арасында адам естімеген антагонизм және әлеуметтік жанталастар болатыны байқала бастаған кезде, иланбастай еш нәрсесі жоқ гипотеза.

Егер тек Париж Коммунасының сәтсіздікке ұшырауы — орыс революциясының қиыншылықтарын айтпай-ақ қойғанда — бір нәрсені көрсететін болса, онда мұның өзі атап айтқанда түрліше жағдайлардың себебінен пролетариаттың қолына тиіп қалуы мүмкін өкіметті пайдалануға пролетариат жеткілікті түрде дайын болғанға дейін капиталистік құрылысты құрту мүмкін емес екендігін көрсетеді» (73-бет).

Істің мәні жайында бұдан басқа мүлде еш нәрсе жоқ! II Интернационалдың көсемдері мен өкілдері міне осындай! 1912 жылы бұлар Базель манифесіне қол қойды, манифесте пролетарлық революцияның нақ осы 1914 жылы бұрқ еткен соғыспен байланысты екені тура айтылады, революциямен тура *қорқытады*. Ал соғыс басталып, революциялық жағдай туған кезде, олар, осы Каутскийлер мен Вандервельделер, революциядан жалтара бастайды. Байқасаңыз: Коммуна типтес революция деген тек иланбастай еш нәрсесі жоқ гипотеза ғана! Мұның өзі Советтердің Европада роль атқаруының мүмкіндігі туралы Каутскийдің пайымдауынан ешбір аумайды.

Бірақ білімді *либералдың* қайсысы болсын осылай пайымдайды; жаңа коммунаның «иланбастай еш нәрсесі жоқ» екеніне, Советтердің үлкен роль атқарғалы отырғанына, т. с. ол либерал енді сөзсіз қосылады. Пролетарлық революционердің либералдан айырмашылығы сол, ол, теоретик ретінде, Коммуна мен Советтердің нақ сол жаңа *мемлекеттік* маңызына талдау жасайды. Коммунаның тәжірибесіне талдау жасағанда Маркс пен Энгельстің осы тақырыпты егжей-тегжейлі талдап айтқандарының бәрін Вандервельде *айтпай отыр*.

Пролетарлық (Коммуна типтес, Советтер типтес немесе, айталық, басқа бір үшінші типті) революцияның қажеттігін айқындау, оған дайындық жасаудың қажеттігін түсіндіру, бұқара арасында революцияны насихаттау, революцияға қарсы мещандық соқыр сенімдерді теріске шығару және т. с. міндеттерінен қазір тек социализмге опасыздық етушілер ғана қашатынын марксист, практик ретінде, саясатшы ретінде, анықтауға тиіс еді.

Каутский де, Вандервельде де мұндай ештеңе істемей отыр,— оның себебі, олардың өздері социализмге опасыздық істеушілер, олар тек жұмысшылардың арасында социалист, марксист деген беделді сақтап қалғылары келеді.

Мәселенің теориялық жағынан қойылысын алып қараңызшы.

Мемлекет дегеніміз демократиялық республиканың өзінде де бір таптың екінші тапты басып-жаншуына арналған машинадан басқа еш нәрсе емес. Каутский бұл ақиқатты біледі, мойындайды, бұған қосылады,— бірақ... бірақ ол пролетариат пролетарлық мемлекетті жеңіп алған кезде қандай тапты, не үшін және қандай құралдармен басып-жаншуға тиіс деген ең түбегейлі мәселеге соқпай өтеді.

Вандервельде марксизмнің бұл негізгі қағидасын біледі, мойындайды, оған қосылады, оны цитатқа келтіреді (оның кітабының 72-беті), бірақ... *қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу* жөніндегі (капиталист мырзалар үшін) «ұнамсыз» тақырып жайында жұмған аузын ашпайды!!

Каутский сияқты, Вандервельде де бұл «ұнамсыз» тақырыпқа мүлдем соқпай кетіп отыр. Олардың ренегаттығының өзі міне осында.

Диалектиканы эклектицизммен ауыстыру жағына келгенде, Каутский сияқты, Вандервельде де тым шебер. Бір жағынан, мойындамауға болмайды, екінші жағынан, мойындау керек. Бір жағынан, мемлекет деп «ұлттардың жиынтығын» ұғынуға болады (Вандервельде кітабының 87-беті, Литтренің сөздігін қараңыз,— несін айтасың, ғылыми еңбек), екінші жағынан, мемлекет деп «үкіметті» ұғынуға болады (бұл да сонда). Вандервельде осы ғылыми сорақылықты қуаттап, Маркстен келтірілген цитаттармен *қатар* жазып қойған.

«Мемлекет» деген сөздің маркстік мағынасы оның әдеттегі мағынасынан өзгеше,— деп жазады Вандервельде. Осының салдарынан «түсініспеушіліктердің» болуы мүмкін. «Маркс пен Энгельстің айтып жүрген мемлекеті сөздің кең мағынасындағы мемлекет емес, басқарушы орган есебіндегі, қоғамның жалпы мүдделерін білдіруші есебіндегі (intérêts généraux de la société) мемлекет емес. Ол — өкімет-мемлекет, бедел органы есебіндегі мемлекет, бір таптың екінші тапқа үстемдік жүргізу құралы есебіндегі мемлекет» (Вандервельде кітабының 75—76-беттері).

Мемлекетті жою туралы айтқанда Маркс пен Энгельс тек екінші мағынада ғана айтады. «...Тым абсолюттік түрде кесіп айту дәл болмай шығуы мүмкін. Тек бір ғана таптың үстемдігіне негізделіп құрылған капиталистер мемлекеті мен таптарды жою мақсатын көздейтін пролетарлық мемлекеттің арасында толып жатқан өтпелі сатылар бар» (156-бет).

Вандервельденің «манерасы» деген міне осы, мұның Каутскийдің «манерасынан» айырмашылығы сәл ғана, ал шын мәнісіне келгенде екеуі де бірдей. Қарама-қарсылықтардың алмасуын және тарихтағы дағдарыстардың маңызын анықтай келіп, диалектика абсолюттік ақиқаттарды теріске шығарады. Революцияны *«өтпелі сатылармен»* ауыстыру жөніндегі өзінің мещандық және филистерлік тілегін өткізу үшін эклектик «тым абсолюттік түрде» кесіп айтуды жақтырмайды.

Капиталистер табы үстемдігінің органы болып табылатын мемлекет пен пролетариат үстемдігінің органы болып табылатын мемлекеттің арасындағы өтпелі саты дегеніміз буржуазияны *құлататын* және *оның* мемлекеттік машинасын *сындырып*, қирататын нақ осы *революция* екендігі туралы, міне бұл туралы Каутскийлер мен Вандервельделер үндемейді.

Буржуазияның диктатурасы *бір* таптың, пролетариаттың, диктатурасымен ауысуға тиіс екендігін, *революцияның* «өтпелі сатыларынан» кейін пролетарлық мемлекеттің біртө-біртө құруының «өтпелі сатылары» келетіндігін, міне мұны Каутскийлер мен Вандервельделер бүркемелейді.

Олардың саяси ренегаттығының өзі де міне осында.

Теория жағынан, философия жағынан алғанда, диалектиканы эклектицизммен және софистикамен ауыстырудың өзі де міне осында. Диалектика — нақты және революцияшыл, бір таптың диктатурасынан екінші таптың диктатурасына «көшуді» ол демократиялық пролетарлық мемлекеттен мемлекетсіздікке («мемлекеттің құруына») «көшуден» өзгеше деп біледі. Каутскийлер мен Вандервельделердің эклектикасы және софистикасы буржуазияға жағымпазданып, революциядан безушілікті «көшудің» жалпы ұғымының тасасына жасырып қойып (және біздің заманымыздағы ресми *социал-демократтардың оннан тоғызы осылайша жасырып та жүр),* тап күресіндегі нақты және айқын нәрселердің бәрін бояп жібереді!

Вандервельде эклектик және софист ретінде Каутскийден гөрі шеберірек, ептірек, өйткені «сөздің тар мағынасындағы мемлекеттен сөздің кең мағынасындағы мемлекетке көшу» деген *құрғақ сөздер* арқылы революцияның қандай мәселесі болсын бәрін де орағытып өтуге, революция мен реформаның айырмашылығының бәрін, тіпті марксист пен либералдың арасындағы айырмашылықты да орағытып өтуге болады. Өйткені мұндай «жалпы» мағынада айтылған «жалпы» «өтпелі сатыларды» европаша білім алған қай буржуа бекер деп жатпақ?

«Мынадай екі шартты алдын ала орындап шықпай тұрып,— деп жазады Вандервельде,— өндіріс құрал-жабдықтары мен айырбасты социализациялау мүмкін емес екендігі жөнінде мен Гедке қосыламын:

1. Бір таптың екінші тапқа үстемдік жүргізу органы болып отырған қазіргі мемлекетті, пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы арқылы, Менгердің еңбек халықтық мемлекеті деп атаған мемлекетіне айналдыру.

2. Бедел органы болып табылатын мемлекет пен басқару немесе, Сен-Симонша айтқанда, адамдарды басқару органы болып табылатын мемлекетті заттарға әкімшілік жасаудан айыру» (89).

Осындай қағидалардың маңызын ерекше атап көрсетіп, Вандервельде мұны курсивпен жазады. Бірақ бұл барып тұрған эклектикалық ботқа ғой, марксизмнен мүлде безу ғой! «Еңбек халықтық мемлекет» деген 70-жылдарда неміс социал-демократтары мақтаныш еткен және мағынасыздық[153] деп Энгельс өлтіре сынаған ескі «ерікті халықтық мемлекетті» жаңартып айту ғана ғой. «Еңбек халықтық мемлекет» деген сөз ұсақ буржуазиялық (біздің солшыл эсер сияқты) демократқа лайық жел соз,— таптық ұғымдарды *таптан тыс* ұғымдармен ауыстыратын жел сөз. Былықтырып отырғанын сезбестен, Вандервельде *пролетариаттың* (бір *таптың*) мемлекеттік өкіметті жеңіп алуын да, «халықтық» мемлекетті де бір қатарға қояды. Ал Каутский де өзінің «таза демократиясы» арқылы осы сияқты былықтырып отыр және таптық революцияның, таптық, пролетарлық, диктатураның, *таптық* (пролетарлық) мемлекеттің міндеттеріне осы сияқты антиреволюциялық, мещандық тұрғыдан қарап, мән бермей отыр.

Одан соң. Мемлекет *атаулы* құрыған кезде ғана адамдарды басқару жойылып, оның орнына заттарға әкімшілік ету қалады. Вандервельде осынау біршама алыста жатқан болашақпен *ертеңгі* күннің міндетін: буржуазияны *құлатуды* ауырлатып, оны көлегейлейді.

Мұндай тәсіл де либерал буржуазияға жарамсақтанумен бірдей нәрсе. Адамдарды басқарудың керегі болмай қалған кезде қалай болатындығы туралы пікірлесуге либерал қарсы емес. Мұндай бос қиялдарға берілуден келіп-кетер не бар? Ал өзін экспроприациялауға

қарсылық жасайтын буржуазияның қарсылығын пролетариаттың басып-жаншуы туралы,— міне бұл туралы үндемей-ақ қоялық дейді. Муны буржуазияның таптық мүддесі талап етеді.

«Социализм мемлекетке қарсы». Бұл — Вандервельденің пролетариатқа ізет білдіргендігі. Ізет білдіру қиын емес, «демократияшыл» саясатшының қай-қайсысы да өз сайлаушыларына ізет білдіруді біледі. Ал «ізет білдірудің» тасасымен антиреволюциялық, антипролетарлық мазмұн өткізіледі.

Қазіргі буржуазиялық демократияның цивилизациялы, сылап-сипалған, әдемі сырт бейнесінің астарында қаншалық алдау, зорлық, сатып алушылық, өтірік, екіжүзділік, кедейлерге қысым жасаушылық жатқандығы жайында Вандервельде Острогорскийдің[154] айтқандарын түгелдей қайталап айтады. Бірақ бұдан Вандервельде қорытынды жасамайды. Буржуазиялық демократия еңбекші және езілген бұқараны басып-жанышатынын, *ал пролетарлық демократия буржуазияны басып-жаншуға* тиісті екенін ол ескермейді. Каутский мен Вандервельде бұған келгенде су соқыр. Марксизмнен тайған бұл ұсақ буржуазиялық опасыздар буржуазияның соңынан салпақтап ереді, ал буржуазияның таптық мүддесі бұл мәселені орағытып өтуді, ол туралы үндемеуді немесе ондай басып-жаншудың қажеттігін тікелей теріске шығаруды *талап етеді.*

Мещандық эклектицизм марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы,— міне Вандервельденің кітабын осылай деп атау керек еді.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ[155]

Мемлекеттік бақылауды жұмысты тәртіптеу мен отан қорғау қабілеттілігін арттыру мақсатына пайдалану туралы мәселе жөнінде комиссияның көпшілігі жедел бақылауды, яғни әр түрлі мекемелерді тексеру үшін үлкен уәкілдіктері бар топтар немесе комиссиялар жіберуді жақтаған пікір айтып отыр.

Нақтылы бақылау жүргізу үшін бізде (ең алдымен партияда барлардан, содан соң партияда жоқтардан, бірақ нағыз адал ниетті адамдардан) қандай күштер бар екендігі туралы мәселе жөнінде нақты, факт келтірілген, саны көрсетілген деректер тапсырылсын. Түрлі салалардағы мамандардың саны;— әкімшілік ісіндегі, басқару ісіндегі тәжірибелі жолдастардың саны көрсетілсін.

Бақылау міндеттері екі түрлі:

ең қарапайым міндет — қоймаларды, өнімдерді, т. с. тексеру;

неғұрлым күрделі міндет — жұмыстың дұрыс атқарылуын тексеру; саботажға қарсы күресіп, оны толық әшкерелеу; жұмыстардың ұйымдастырылу жүйесін тексеру; жұмыстың барынша *нәтижелілігін* қамтамасыз ету, т. с.

Азық-түлік және *қатынас жолдары* комиссариаттарында істі жақсарту 1-ші кезекке қойылады.

1918 ж. 8 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАНК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ

Съезд шақыру жөнінде паритетті комиссиялар құрылып, банк қызметшілерінің (екі одақ қызметшілерінің де) съезі дереу, 10 күн ішінде, шақырылсын[156].

Саботажды тексеру, анықтау және әшкерелеу үшін дәл осындай паритетті комиссиялар құрылсын.

Кредит банкі қызметкерлерінің басшы топтарына банктерді национализациялау жөніндегі жұмыс саласында айқын, егжей-тегжейлі белгіленген, практикалық дәл тапсырмалар берілсін, бұл тапсырмаларды дереу орындаудың қысқа мерзімі белгіленсін.

1918 ж. кеш дегенде 6 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ, КЕДЕЙЛЕР КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ РКП(б) АУДАНДЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 8 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Ду қол шапалақтау.) Австрия мен Германиядағы соңғы апталардағы оқиғалар,— деп бастады сөзін Ленин жолдас,— халықаралық жағдайды біздің дұрыс бағалағанымызды көрсетті, өйткені біз өз саясатымызды төрт жылдық соғыстың барлық зардаптарын, бұл соғыстың олжа бөлісуге бола капиталистер арасында басталған соғыстан олардың барлық елдер пролетариатына қарсы соғысына айналғандығын дәл, айқын және дұрыс есепке алу негізінде құрған болатынбыз. Батыс Европада революцияның басталуы қиын болған еді, бірақ басталған соң ол біздің революциядан гөрі шапшаңырақ, батылырақ және ұйымдасқан түрде дамып келеді.

Басқа елдердің бізге көмекке келетін жұмысшы қозғалысын атап өтіп, барлық күшті жұмылдыруға шақыра отырып, Ленин жолдас біздің өмір сүруіміздің ауыр құрбандықтармен қол жетіп отырған әрбір айы бізді баянды жеңіске жақындата түседі деп көрсетті.

Одан соң кезектегі міндетке — болыстық және селолық Советтерді қайта сайлауға — тоқталып, Ленин жолдас былай деп атап көрсетті: өкімет жұмысшыларға, кедей шаруаларға және, Владимир Ильичтің пікірінше, бізге жау емес, тек ауытқып жүрген, ал Совет өкіметі ныгайысымен біздің жағымызға шығатын орта шаруаларға сүйенуге тиіс екендігін жұрт түсінген кезде, еңбекшілердің ең төменнен бастап өздігінен ұйымдасуындағы барлық қиындықтар да жойылады.

Біз,— деп аяқтады сөзін Ленин жолдас,— істі ұйымдастыра бастадық, оны бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары ақырына дейін жеткізетін болады. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Известия ВЦИК» № 271, 11 декабрь, 1918 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ III СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 9 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[157]

(Д у о в а ц и я.) Жолдастар, қазір жұмысшы кооперациясының алдында шаруашылық саласында да, сонымен қатар саяси салада да өте-мөте маңызды міндеттер тұр. Экономикалық және саяси күрес мағынасында бұл екі міндет қазір өзара тығыз және берік байланысты. Ал кооперацияның ең таяудағы міндеттеріне келсек, онда мен «кооперациямен келісімпаздықтың» маңызын баса көрсеткім келеді. Кейінгі уақытта баспасөзде соншама көп айтылған келісімпаздықтың буржуазиямен арадағы келісімпаздық ұғымынан елеулі айырмашылығы бар, буржуазиямен келісімпаздық опасыздық болып табылады. Қазір біз сөз етіп отырған келісімпаздық — мүлде өзгеше түрдегі келісімпаздық. Совет үкіметі мен Германия арасындағы келісімпаздықтың жұмысшы табы мен буржуазия арасындағы келісімпаздықтан айырмасы орасан зор, Германиямен келісімпаздық тек қана нәтижелі болды, ал буржуазиямен келісімпаздық ел үшін өте зиянды және аса апатты еді. Мен осы келісімпаздықты бүркепіп тап күресіне де, социализмнің негізгі принциптеріне де жасалатын толық опасыздықты айтып отырмын. Буржуазияға қарсы күресті, капиталға қарсы күресті өзінің айқын міндеті етіп қойып отырған социалистер үшін бұл айырмашылық өзінен-өзі түсінікті.

Біздің таптық күресіміз үшін бірден-бір ғана шешім мүмкін болады: не капиталдың өкіметін мойындау, не жұмысшы табының өкіметін мойындау, мұны бәріміз де жақсы білеміз. Ұсақ буржуазиялық партиялардың ел

ішінде өз саясатын қалыптастырып, соны жүргізбекші болған әрекеттерінің бәрі күн ілгері толық сәтсіздікке ұшырайды, мұны біз білеміз. Өз саясатын жүргізуге тырысқан белгілі бір ұсақ буржуазиялық партиялар мен топтардың бірсыпыра әрекеттерін біз айқын көрдік, бастан кешірдік және біз аралық күштердің бұл әрекеттерінің бәрі сәтсіздікке ұшырауға тиіс екендігін де көріп отырмыз. Мүлде қарама-қарсы полюстерде тұрған орталық екі күш қана әбден айқын жағдайларға байланысты Россияда өз үстемдігін жүргізе алады, оның тағдырын белгілі бір жаққа қарай бұрып жібере алады. Мен тіпті одан да зорып айтайын: бүкіл дүние жүзін осы орталық екі күштің бірі өзінше орнатып, басқарады. Россияға келсек, өмірдің белгілі бір экономикалық жағдайларына байланысты осы екі күштің бірі ғана қозғалысты басқара алады деп кесіп айтуға болады. Басқа, аралық күштер көп, бірақ олар ел өмірінде еш уақытта шешуші маңызға ие бола алмайды.

Қазіргі кезеңде Совет өкіметі кооперацияның Совет өкіметімен келісімге келуі туралы мәселені алға қойып отыр. Біз апрельде өзіміздің белгілеген мақсаттарымыздан шегіндік те, кеңшілік жасауға бардық. Таптардың бәрі жойылатын елде, әрине, таптық кооперация өмір сүруге тиіс емес, бірақ қайталап айтайын, уақыт жағдайлары біраз кідіре тұруды талап етті, сөйтіп біз бірнеше айға кешеуілдету түрінде оны кідірте тұрдық. Бірақ, солай бола тұрса да, еліміздегі өкімет өзінің қазіргі тұрған позициясынан еш уақытта да таймайтынын біздің бәріміз де білеміз. Біз бұл кеңшілікті жасауға тиісті болдық, өйткені ол кезде біз бүкіл дүние жүзінде жалғыз болдық, сондықтан біздің кеңшілігіміз біздің жұмысымыздың қиыншылығынан туды. Пролетариаттың өз мойнына алған экономикалық міндеттеріне байланысты біз ұсақ буржуазиялық топтарды келістіріп, олардың белгілі әдеттерін сақтауға тиіс болдық. Бұл арада негізгі әңгіме мынада болып отыр: қандай жолмен болса да, бүкіл еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасының қызметі бағытталып, үйлестіріліп отыруына жету керек. Пролетариаттың бізден не талап ететінін біз әр уақытта есте сақтауға тиістіміз. Таңдауға жол жоқ еке-

нін, еліміздің мемлекеттік өмірінің мәселесі аралық жолмен шешілер деген үміттердің бәрі біржола күйрегенін, ақыр-аяғында, өмірдің өзі көрсеткен кезде, ұсақ буржуазияның әр түрлі топтары билеуші жұмысшы табымен барған сайын күштірек біріге береді, халықтық өкімет мұнымен санасуға тиіс. Барлық жартылай шаралар бүркеліп келген халық еркі, Құрылтай жиналысы, тағы сол сияқты әдемі ұрандардың бәрі шын мәніндегі халық еркі іске асқан кезде дереу сыпырылып тасталды. Барлық осы ұрандардың, жартылай шара ұрандарының, күл-талқаны шыққан кезде не болғанын сіздердің өздеріңіз де көріп отырсыздар. Қазіргі кезде біз мұның өзі тек Россияда ғана емес, мұның өзі бүкіл дүние жүзілік революцияның көлемінде болып жатқанын көріп отырмыз.

Мен бүкіл жұмысшы табы ішінде соншалық қатал өшпенділік туғызған келісімпаздық пен өзіміз қазір талап етіп отырған келісімпаздықтың — барлық ұсақ шаруалармен, бүкіл ұсақ буржуазиямен келісімпаздықтың арасындағы айырмашылықты анықтағым келеді. Брест бітімі кезінде, біз бұл бітімнің ауыр шарттарын қабылдаған кезімізде, бізге дүние жүзілік революциядан үміт жоқ, одан үміт болуы да мүмкін емес деді. Біз бүкіл дүние жүзінде мүлде жалғыз болдық. Брест бітімі салдарынан көптеген партиялар сол кезде бізден сырттап, буржуазия жағына шыққанын біз білеміз. Ол кезде бізге бірқатар аса күшті қиындықтарды бастан кешіруге тура келді. Осыдан бірнеше ай өткен соң өмір таңдауға жолдың жоқ екенін және болуы да мүмкін еместігін, аралық жолдың жоқ екенін көрсетті.

Герман революциясы басталған кезде революцияның бүкіл дүние жүзінде болып жатқаны, Англияның, Францияның және Американың да нақ соған баратын жолмен — біздің жолымызбен жүріп келе жатқаны жұрттың бәріне айқын болды! Біздің ұсақ буржуазиялық демократиялық топтар өз қорғаушыларының соңынан ерген кезде, бұлардың қайда бастап бара жатқанын олар түсінбеді, бұлардың капитализм жолымен бастап бара жатқанын олар түсінбеді. Қазір біз герман революциясының мысалынан демократияның осы өкілдері, оның

осы қорғаушылары, осы Вильсон мырзалар мен олардың сыбайластары жеңілген халықты өздерінің шарттарына, бізге таңылған Брест шартынан да жаман шарттарға көндіретінін көріп отырмыз. Батыста болып жатқан оқиғаларға байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты енді халықаралық демагогияның күйрейтін кезі жеткенін біз айқын көріп отырмыз. Қазір әрбір ұлттың бет бейнесі айқын анықталды. Қазір бет перделер сыпырылды, дүние жүзі тарихының соққысы сияқты ауыр соққы жалған үміт атаулының тас-талқанын шығарды.

Өтпелі кезеңде әрқашан болып отыратын осындай ауытқушы элементтердің тұсында, біз қазір алға қойып отырған міндеттерді, біздің сонау апрельде басталған саясатымызды қолдайтын міндеттерді жүзеге асыру үшін Совет өкіметі өзінің бүкіл маңызы мен ықпалын пайдалануға тиіс екендігі табиғи нәрсе. Ол кезде біз өзіміз белгілеген мақсаттарды біраз уақыт кейінге қалдырдық, ол кезде біз біле тұра және ашықтан-ашық бірқатар кеңшіліктерді жасадық.

Біз жолдың нақ қай жерінде тұрғанымыз туралы осында мәселе көтерілді. Біздің революциямызға қазірдің өзінде-ақ ешқандай тәжірибе жасалып жатпағанын, олардың, цивилизациялы халықтардың бізге деген көзқарасы өзгергенін қазір бүкіл Европа айқын көріп отыр. Осы мағынада біздің орасан зор жаңа іс істеп жатқанымызды, бізге бұл істе ерекше қиын болатынын олар түсінді, себебі, біз осы уақыт ішінде дерлік мүлде жалғыз болдық, бүкіл халықаралық пролетариат мүлде ұмытқан жағдайда болдық. Осы мағынада біз көптеген елеулі қателер жіберіп алдық, бұл қателерді біз тіпті де жасырып отырған жоқпыз. Әрине, біз бүкіл халықты біріктіруге ұмтылуға, ешқандай араздық туғызбауға тиісті болдық. Егер мұны біз осы уақытқа дейін істемеген болсақ, онда біз мұны әйтеуір бір уақытта істей бастауға тиіспіз. Біз көптеген ұйымдармен қазірдің өзінде-ақ бірігіп отырмыз. Енді жұмысшы кооперациясы мен совет ұйымдары арасында бірігу ісі жүргізілуге тиіс. Тәжірибе арқылы қимыл жасай бастау үшін, бізде бар қоғамдық саяси күштер жинақтаған тәжірибені өмірге қолдану үшін біз үстіміздегі жылдың апрель айы-

нан бастап ұйымдастыруға кірістік. Біз бүкіл халық арасында жабдықтау және заттарды бөлуді ұйымдастыруға кірістік. Өзіміздің әрбір қадамымызды тексеру арқылы біз осылай ұйымдастыруға кірісіп отырмыз, мұны жүзеге асыру шаруашылық жағынан артта қалған біздің елімізде ерекше қиын болды. Кооперациямен келісімге келуді біз апрель айынан бастадық, жабдықтау және бөлуді толық біріктіру мен ұйымдастыру туралы шығарылған декрет те нақ сол негізге сүйенеді. Алдыңғы шешеннің сөзінде Петербургті дәлелге келтірген кезде айтылған егестер барлық жерде дерлік болып отырғанын біз білеміз. Бұл егестердің тіпті де болмай қалмайтынын біз білеміз, өйткені мүлде әр түрлі екі аппарат қауышатын және қосылатын кезең туып келеді, ал солай болғанмен де мұның өзі болмай қалмайтын нәрсе екенін және біз осы арқылы өтуге тиіс екенімізді де білеміз. Нақ сондай-ақ жұмысшы кооперациясы тарапынан осыншама ұзақ уақыт жасалып отырған қарсылық, ақыр аяғында, өзіне Совет өкіметі тарапынан сенімсіздік тудырғанын, және мұның әбден заңды сенімсіздік екенін де сіздер түсінуге тиіссіздер.

Сіздер: біз тәуелсіз болуды тілейміз дейсіздер. Мұндай ұранды ұсынатын адамның қай-қайсысы да сенімсіздік туғызатыны әбден табиғи нәрсе. Егер егестерге наразы болып, олардан құтылғымыз келсе, онда ең алдымен тәуелсіздік идеясымен қош айтысуымыз керек, өйткені бұл көзқараста тұрған адамның қай-қайсысы да, жұрттың бәрі неғұрлым берік қосылуға ұмтылып отырған уақытта, Совет өкіметінің қарсыласы болып табылады. Жұмысшы кооперациясының Совет өкіметіне мүлде айқын, адал және ашықтан-ашық қосылуы іске асқан бойда-ақ бұл егестер жойыла бастайды. Екі топ бір топ болып қосылған кезде, алғашқы уақытта жұмыста кейбір кемістіктер болып жататынын, бірақ, солай болғанмен де, бертін келе, қосылуға тартылған топ қосылуға тартқан топтың сеніміне ие болған кезде, бұл егестердің бәрі бірте-бірте жойылатынын мен өте жақсы білемін. Ал, егер бұл екі топ бөлек күйінде қалатын болса, ведомствоаралық егестердің ұдайы бола беруі мүмкін. Мен бір нәрсені түсінбеймін: бұл арада тәуел-

сіздіктің қандай қатысы бар? Біздің бәріміз де жабдықтау мағынасында да, бөлу мағынасында да бүкіл қоғам жалпы бір кооператив болуға тиіс деген көзқарастамыз ғой. Біздің бәріміз де кооперация социалистік жеңістердің бірі деген көзқарастамыз ғой. Социалистік жеңістердің орасан зор қиындығы міне осында. Жеңістің қиындығы және міндеті міне осында. Капитализм халық жіктерін қасақана ажыратып отырды. Бұл ажырату бүтіндей және біржолата жойылуға тиіс, сөйтіп бүкіл қоғам еңбекшілердің біртұтас кооперативіне айналуға тиіс. Жеке топтардың қандай да болсын тәуелсіздігі туралы сөз болуы мүмкін емес, болуға да тиісті емес.

Мен қазір осындай кооператив туралы айтқанда социализм жеңісінің міндеті ретінде айтып өттім. Міне сондықтан біз: жеке мәселелер жөнінде біздің пікір алалығымыз қандай болғанмен де, біз капитализммен ешқандай да келісімге бармаймыз, біз өз күресіміздің принциптерінен шегінетін қадам жасамаймыз дейміз. Біздің қазір қоғамдық таптардың жіктерімен жасағалы отырған келісімімізге келсек — мұның өзі буржуазиямен және капиталмен келісімге келгендік емес, пролетариат пен демократияның жеке отрядтарымен келісімге келгендік болып табылады. Бұл келісімнен қорқудың керегі жоқ, өйткені бұл жіктердің арасындағы бүкіл алауыздық революция жалыны үстінде мүлде және ізтүзсіз жойылады. Қазір бір ғана нәрсе керек — осы біртұтас дүние жүзілік кооперативке шын ниетімен баруға деген бірауызды талап керек. Совет өкіметінің тындырған ісі мен кооперацияның осы уақытқа дейін тындырған ісі қосылуға тиіс. Совет өкіметінің соңғы декретінің мазмұны осындай. Совет өкіметінің біздің декреттерімізді алып үлгермеген өкілдерінің бірсыпыра жерлерде іске көзқарасы осындай. Кооперацияның тындырған орасан зор ісі Совет өкіметінің тындырған орасан зор ісіне сөзсіз қосылуға тиіс. Халықтың өз бостандығы жолында күресіп жатқан барлық жіктері берік бір ұйымға бірігуі керек. Біз әсіресе Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы айларда көптеген қателіктер жібергенімізді білеміз. Ал енді, уақыт өткен сайын, біз халық арасында толық бірігу мен толық келісім болуы-

на ұмтыламыз. Ал бұл үшін бәрі де Совет өкіметіне бағынатын болуы қажет және жеке жіктердің де, жұмысшы кооперациясының да қайдағы бір «тәуелсіздігі» туралы жалған үміттердің бәрі мүмкіндігінше тезірек жойылатын болуы қажет. «Тәуелсіздік» болар деп бұлайша үміт ету бұрынғы өткенге қандай да болса қайта оралуға әлі де үміт болуы мүмкін жерде ғана өмір сүре алады.

Бұрын батыс халықтары бізге және біздің бүкіл революциялық қозғалысымызға сорақылық деп қарады. Олар былай деді: мейлі халық тентектік істей берсін, ал біз мұның бәрінен не шығатынын көре жатармыз... Орыс халқының өзі қызық халық!.. Міне осы «қызық орыс халқы» өз «тентектігінің» не екенін бүкіл дүние жүзіне танытты. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Енді, неміс революциясы басталған кезде шетел консулдарының бірі Зиновьевке: «Иә, Брест бітімін кімнің көбірек пайдаланғаны, сіздердің бе, әлде біздердің бе, бұл әлі белгісіз» деген көрінеді.

Оның мұны айтқан себебі — жұрттың бәрі дәл осыны айтып жүр. Мұның бүкіл дүние жүзілік ұлы революцияның бастауы ғана екендігін жұрттың бәрі көрді. Ал ұлы революцияның осы бастауын біздер, артта қалған «қызық» орыс халқы, жасадық... Тарих ғажап жолдармен жүріп бара жатқанын: артта қалған елдің үлесіне дүние жүзілік ұлы қозғалысты бастау абыройы тиіп отырғанын айту керек. Бұл қозғалысты бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы көріп және түсініп отыр. Осы өрт Германияға, Бельгияға, Швейцарияға, Голландияға жайылды.

Бұл қозғалыс күннен-күнге күштірек үдеп келеді, Советтік революциялық үкімет күн санап өсіп, нығайып келеді. Сондықтан да қазір буржуазия өздерінің мәселелерге көзқарастарында мүлде басқа жолға түсті. Сондықтан дүние жүзілік капитализмнің төбесіне балта төніп тұрған кезде жеке партиялардың тәуелсіздігі туралы ешқандай сөз болуы мүмкін емес. Біз ең үлкен мысалды Америкадан аламыз. Америка — ең демократиялық елдердің бірі, орасан зор демократиялық әлеуметтік республика. Егер право мәселелерінің бәрі осында, барлық

сайлау праволары, еркін мемлекеттің барлық праволары бар осы елде дұрыс шешілмесе, қайда дұрыс шешілмек. Алайда, осы елде, осы демократиялық республикада, бір попқа не істегенін біз білеміз: оның үсті-басына қара май құйып, мылжасы шыққанша ұрыпты. Міне бұл факт еркін елде, демократиялық республика елінде орын алған. «Адамгершіл», «адам сүйгіш» Вильсон-жырт-қыштар мен К° осыған жол берген. Ал қазір осы Вильсондар жеңілген ел — Германияға не істеп жатыр? Дүние жүзілік қатынастардың көріністері біздің алдымызда міне осылай өріс алып отыр! Біз Вильсон мырзалардың өз достарына ұсынатын нәрсесінің мән-мазмұнын сездіретін көріністерді алсақ, бұл көріністер миллион және триллион есе айқынырақ. Вильсондар біздің ісімізді ілезде-ақ ақырына жеткізген болар еді. Бұл мырзалар — еркін миллиардерлер, бүкіл әлемдегі «ең адамгершіл» адамдар — өз достарын қандай да болсын «тәуелсіздік» туралы айтудан ғана емес, тіпті ойлаудан да ілезде бездірген болар еді. Олар сіздердің алдарыңызға екінің бірін: не сіздің капиталистік құрылыс жағына шығуды, не сіздің Советтер жағына шығуды қалауыңызды турадан-тура және айқын қойған болар еді. Олар былай дер еді: сіздер осылай істеуге тиіссіздер, өйткені сіздерге мұны айтып отырған біз, сіздердің достарыңыз,— Вильсондар, ағылшындар, американдар және Клемансоның достары — француздар.

Сондықтан тіпті қандай да болса тәуелсіздік сақтала алады деген ешқандай үміт сіздерде мүлде болуға тиіс емес. Тәуелсіздік сақталмайды, ол туралы арман етудің өзі үмітсіз нәрсе. Бір жағынан, өз меншігін қорғау туралы мәселе айқын қойылған кезде және, екінші жағынан, пролетариат өз жолын тапқан кезде,— енді аралық жолдың болуы мүмкін емес. Өмір өз тармақтарын не капиталмен мықтап байланыстыруы керек, не Совет республикасымен одан да гөрі мықтап байланыстыруы керек. Социализм өзінің жүзеге асырылатын дәуіріне аяқ басқаны жұрттың бәріне әбден айқын. Егер бүкіл халыққа сайлау правосы берілетін болса, ұсақ буржуазиялық жағдайларды қорғап қалу немесе оларды сақтау

мүлде мүмкін еместігі жұрттың бәріне айқын. Бәлкім, Вильсон мырзалар осы үміттерден нәр алып та жүрген шығар, яғни үміттерден нәр алмай, қайта осы тәрізді жалған үміттерді жүзеге асыру арқылы өздерінің мақсаттарын боямалауға тырысып жүрген шығар, бірақ мен мынаны айтуым керек: бұл ертегілерге сенетін адамдарды енді сіздер аз табасыздар; егер мұндай адамдар әлі де бар болса, онда олар тарихи сирек кездесетіндер, сөлекет, олардың орны музейде. (Қол шапалақтау.)

Мен кооперацияның «тәуелсіздігін» сақтау жөнінде сіздердің араларыңызда ең әуелден басталған алауыздықтардың ұнамды шешімін таппай, үмітсіз аяқталуға тиісті әрекеттер ғана екенін айтуға тиіспін. Бұл күрес мағынасыз күрес және ол демократияның негіздеріне қайшы келеді. Әйтседе бұған таңдануға болмайды, өйткені Вильсондарды алсақ — бұлар да «демократтар» ғой. Оларша, тек бір ғана бірігу қалып отыр, неге десеңіз, оларда доллардың көптігі сонша, олар долларға бүкіл Россияны да, бүкіл Индияны да, бүкіл дүние жүзін де сатып ала алады, олар осылай дейді. Вильсон осылардың компаниясын басқарып отыр, олардың қалталары долларға лық толы және олар Россия мен Индияны және басқалардың бәрін сатып алу жөнінде осыған сүйеніп айта алады. Бірақ олар негізгі жағдайлар халықаралық көлемде мүлде басқаша шешілетіндігін, олардың жағдайлары тек белгілі бір ортаға, тек белгілі бір жікке ғана әсер ете алатындығын ұмытып жүр. Дүние жүзінің ең күшті табы күн сайын шығарып жатқан қарарлар, оларды, күмән жоқ, біздің съездің жиналысы да бірауыздан шығарады, бүкіл дүние жүзінде тек пролетариаттың ғана диктатурасы болуын құттықтап отырғандығын олар ұмытып жүр. Бұл қарарды шығара отырып, біздің съезіміз бүгін осында айтылып отырған «тәуелсіздікке» өте аларлық ешқандай өткел қалмаған және қалуы да мүмкін емес жолға түсті. Өздеріңіз білесіздер, Карл Либкнехт ұсақ буржуазиялық шаруаларға ғана белгілі бір оппозицияда емес, сонымен қатар ол кооперацияға да оппозицияда болды. Өздеріңіз білесіздер, бұл үшін оны Шейдеман мен оның сыбайластары қиялшыл және фанатик деп есептейді, солай бола тұрса да

сіздер Маклинге құттықтау жібергендеріңіз сияқты, оған да құттықтау жібердіңіздер. Дүние жүзілік ұлы көсемдермен осындай ынтымақтастық білдірулеріңіз арқылы сіздер өз кемелеріңіздің бәрін өртедіңіздер. Сіздер өз позицияларыңызды берік ұстауларыңыз керек, өйткені қазіргі кезеңде сіздер тек өздеріңізді ғана емес, тек өз праволарыңызды ғана емес, сонымен қатар Либкнехт пен Маклиннің праволарын да қорғап отырсыздар. Орыс меньшевиктерінің келісімпаздықты қалай кінәлағанын, кайзердің малайларымен келіскендерге олардың қалай қаһар төккенін мен талай рет естідім. Ал бұл жөнінде кінәлы жалғыз орыс меньшевиктері ғана емес. Бүкіл дүние жүзі бізге қатал түрде сіздер «келісімпаздарсыздар» деп көрсеткен-ді. Ал қазір, дүние жүзілік революция басталған кезде, оларға Гаазелермен және Каутскийлермен сөйлесуге тура келіп отырған кезде, өз жағдайымызды орыстың: «әріректен көз тастап, қалай отырғанымызды көрейік» деген жақсы мақалымен сипаттай отырып сөйлеуге енді біз праволымыз...

Біз өз кемшіліктерімізді білеміз, оларды көрсетіп беру қиын емес. Бірақ сырттан қарағанда мұның бәрі оның шындықтағы қалпындай болып көріне бермейді. Өздеріңіз білесіздер, басқа партияларда біздің қылықтарымызды, біздің саясатымызды кінәламаған бірде-бір адам қалмаған кез болды, ал қазір тұтасымен бізге келіп қосылған, бізбен бірге жұмыс істегілері келетін партияларды[158] да біз білеміз. Дүние жүзілік революциялық қозғалыс доңғалағының айналу бағыты сондай, қазір бізге ешқандай келісімпаздық тіпті де қорқынышты емес. Сондықтан мен біздің съезіміз де қазіргі жағдайдан шығудың дұрыс жолын табады деп ойлаймын. Ал бұл жол біреу ғана — кооперацияны Совет өкіметіне қосу. Өздеріңіз білесіздер, Англия, Франция, Америка, Испания біздің іс-әрекеттерімізге эксперимент ретінде қараған еді, ал қазір олар басқаша қарайды: олар өз мемлекеттерінде жағдайдың бәрі тыныштық па екен деп қарайды. Әрине, күш-қуаты, материалдық және финанс жағынан қарағанда олар бізден әлдеқайда күшті, бірақ, өздерінің сырттай жылтырақтығына қарамастан, олардың іштей шіріп жатқандығын біз білеміз; Брест біті-

мін жасасар кезде Германияның бізден күші мен қуаты қандай басым болған болса, олардың да қазіргі кезде бізден күші мен қуаты нақ сондай басым болып отыр. Ал біз енді нені көріп отырмыз? Ол кезде жұрттың бәрі де бізден қашқан еді. Ал қазір Совет республикасының нығаюын қорғап қалып отырған әрбір айымыз сайын біз тек өзімізді ғана емес, сонымен қатар Либкнехт пен Маклин бастаған істі де қорғап отырмыз және Англияның, Францияның, Америка мен Испанияның Германия шалдыққан дертке шалдығып отырғанын, Германия шарпылған жалынға шарпылып жатқанын — жұмысшы табының империализмге қарсы жаппай, бүкіл дүние жүзілік күресінің жалынына шарпылып жатқанын көріп отырмыз. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Қысқаша есеп 1918 ж.
10 декабрьде
«Известия ВЦИК» газетінің
270-номерінде басылған

1919 ж. мына кітапшада толық
басылған: «В. Лениннің,
В. Милютиннің және В. Ногиннің
жұмысшы кооперациясының
3-съезінде сөйлеген сөздері»

Стенограммамен салыстырылған
кітапшаның тексті бойынша
басылып отыр

ЖЕР БӨЛІМДЕРІНІҢ, КЕДЕЙЛЕР КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ КОММУНАЛАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 11 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[159]

(Овацияга айналганды қол шапалақтау. Жұрттың бәрі орындарынан тұрады.) Жолдастар, осы съездің құрамының өзі-ақ, менің пікірімше, біздің, Совет республикасының, социалистік құрылыс ісінде, әсіресе біздің еліміз үшін аса маңызды ауыл шаруашылық, егіншілік қатынастар саласында елеулі өзгеріс жасағанымызды және ілгері қарай зор қадам басқанымызды көрсетеді. Бұл съезд жер бөлімдері, кедейлер комитеттері мен ауыл шаруашылық коммуналары өкілдерінің басын қосып отыр, бұл бас қосудың өзі біздің революцияның қысқа мерзім ішінде, бір жылда, қайта құрылуы бәрінен де қиынырақ қатынастарды, барлық бұрынғы революцияларда социализм ісіне бәрінен де көбірек кедергі жасап келген және социализмнің жеңісін қамтамасыз ету үшін бәрінен де тереңірек қайта құруды қажет ететін қатынастарды қайта құру саласында әлдеқайда ілгері басып үлгіргендігін көрсетеді.

Біздің революциямыздың Октябрьден кейінгі дамуының бірінші сатысы, бірінші кезеңі, ең алдымен, барлық шаруалардың ортақ жауын жеңуге, помещиктерді жеңуге арналған болатын.

Өткен Февраль революциясы — буржуазия революциясы, келісімпаздар революциясы — помещиктерді жеңіп беруді шаруаларға қалай уәде еткенін, оның өз уәдесін қалай орындамағанын сіздердің бәріңіз де өте жақсы білесіздер, жолдастар. Тек Октябрь төңкерісі

ғана, жұмысшы табының қалалардағы жеңісі ғана, Совет өкіметі ғана бүкіл Россияны басынан аяғына дейін ескі крепостниктік мұраның мерезінен, бұрынғы крепостниктік қанаудан, помещиктік жер иеленуден және помещиктердің бүкіл шаруаларды, ешбір айырмашылық жасамай барлық шаруаларды түгел езуінен іс жүзінде тазартуға мүмкіндік берді.

Помещиктерге қарсы бұл күреске барлық шаруалар көтерілмей қала алмады және шынында да көтерілді. Бұл күрес бөтеннің еңбегін қанаумен күнелтпейтін ең кедей еңбекші шаруаларды біріктірді. Сонымен қатар бұл күрес шаруалардың жалдама еңбексіз тұра алмайтын неғұрлым ауқатты және тіпті ең бай бөлегін де біріктірді.

Біздің революциямыз әзірге осы міндетпен шұғылданған кезге, шаруалардың дербес қозғалысы арқылы, жұмысшылардың қаладағы қозғалысының көмегімен, помещиктердің өкіметін шындап құртуға және біржолата жоюға барлық күшімізді жұмылдыруымызға тура келген кезге,— міне осы кезге дейін революция жалпы шаруалық революция болып қала берді, сондықтан буржуазиялық шеңберден аса алмады.

Революция барлық еңбекшілердің неғұрлым күшті, неғұрлым қазіргі заманғы жауы — капиталға әлі де тиісе қоймаған болатын. Сондықтан бұл революция да Батыс Европадағы революциялардың көпшілігі қалай жартыкеш болып аяқталса, солай аяқталу қаупін туғызды, ал Батыс Европада қала жұмысшылары мен бүкіл шаруалардың уақытша одағы арқылы монархияны сыпырып тастаудың, орта ғасырлық қалдықтарды сыпырып тастаудың, помещиктік жер иеленуді немесе помещиктік өкіметті азды-көпті тазарта сыпырып тастаудың сәті түскен еді, бірақ капитал өктемдігінің түп негіздерін бұзудың ешқашан сәті түспеген еді.

Міне біздің революциямыз үстіміздегі жылдың жазы мен күзінен бастап осындай анағұрлым маңызды және анағұрлым қиын іске көше бастады. Батыс европалық империалистердің, олардың жалдамалыларының — чехословактардың Россияға жасаған жорығына орыс өміріндегі қанаушы және езуші атаулының бәрі қосылған

кезде, үстіміздегі жылдың жазында көтерілген контрреволюционерлер көтерілістерінің толқыны,— міне бұл толқын деревняға жаңа леп, жаңа өмір әкелді.

Бұл көтерілістердің бәрі Совет өкіметіне қарсы жанталасқан күреске практика жүзінде европалық империалистерді де, олардың жалдамалылары — чехословактарды да, Россияда әлі де помещиктер мен капиталистер жағында қалғандардың бәрін де біріктірді. Ал бұларға ілесе бүкіл деревня кулактары да көтеріліске шықты.

Деревня біртұтас болудан қалды. Помещиктерге қарсы бір адамдай болып күресіп келген деревняда екі лагерь: социализмді жүзеге асыруда жұмысшылармен бірге батыл түрде ілгері басқан және помещиктерге қарсы күрестен капиталға қарсы, ақша өктемдігіне қарсы, жер жөніндегі ұлы өзгерісті кулактардың пайдаланып кетуіне қарсы күреске көшкен ең кедей еңбекші шаруалардың лагері және неғұрлым ауқатты шаруалардың лагері пайда болды. Бұл күрес дәулетті, қанаушы таптарды революциядан біржолата бөліп тастап, революциямызды толық социалистік жолға салды, ал қалалардағы жұмысшы табы оны Октябрьде-ақ берік және батыл түрде осы жолға салғысы келген болатын, бірақ егер деревнялардан саналы, берік топтасқан қолдаушылар таппаса, революцияны жеңімпаздықпен бұған ешқашан бағыттай алмаған болар еді.

Биылғы жазда және биылғы күзде деревнялық Россияның ең қараңғы түкпірлерінде болып өткен, айқайшусыз болса да, өткен жылдың Октябрь төңкерісіндей онша көрнекті болмаса да және жұрттың көзіне соншалық түсе қоймаса да, бұл төңкерістің маңызының өлшеусіз терең және зор екендігі, міне, осында.

Деревняда кедейлер комитеттерінің құрылуы бетбұрыс кезең болды және еркін, еңбекші, социалистік Россияның негізгі жауын талқандау үшін, помещиктерді талқандау үшін Октябрьде бүкіл шаруалармен біріккен қалалардың жұмысшы табы бұл міндеттен ілгері өтіп, бұдан әлдеқайда қиын, тарихи жағынан әлдеқайда жоғары және шын мәніндегі социалистік міндетке — деревняға да саналы социалистік күресті енгізу, деревняда да сана-сезімді ояту міндетіне қарай аяқ басқандығын

көрсетті. Жер жөніндегі орасан зор төңкеріс — Октябрьде жерге жеке меншікті жоюды жариялау, жерді социализациялауды жариялау,— міне бұл төңкеріс, егер қала жұмысшылары деревня пролетариатын, деревня кедейлерін, еңбекші шаруаларды өмірге оятпаған болса, сөз жоқ, қағаз жүзінде қалған болар еді, ал орасан зор көпшілік болып табылатын еңбекші шаруалар орта шаруалармен бірге бөтеннің еңбегін қанамайды, қанауға құштар емес, сондықтан бұлар помещиктерге қарсы бірлескен күрестен капиталға қарсы, ақша күшіне, мүлік күшіне сүйенетін қанаушылар өкіметіне қарсы жалпы пролетарлық күреске қарай ілгері баса алады және қазір солай етіп, Россияны помещиктерден тазартудан социалистік тәртіп орнатуға қарай ілгері басып отыр.

Бұл қадам, жолдастар, ең үлкен қиын қадам болды. Біздің революциямыздың социалистік сипатына күмән келтірушілердің бәрі бұл қадам жөнінде бізді сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды деп сәуегейлік етті, сондықтан енді деревнядағы социалистік құрылыс ісінің бәрі осы қадамға байлапысты болып отыр. Кедейлер комитеттерінің құрылуы, бұл комитеттердің Россияга кең таралуы, бұларды деревняда совет құрылысының — еңбекшілер өкіметінің — негізгі бастамаларып жасауға тиісті депутаттардың толық билікті селолық Советтеріне айналдыру жөнінде қазір алдымызда тұрған және қазірдің өзінде ішінара басталған қайта құру ісі,— біз өз жұмысымызды батыс европалық елдердегі әдеттегі буржуазиялық-демократиялық революциялардың қанағат тұтқан межелерімен шектемегеніміздің нағыз кепілі, міне, осында. Монархияны және помещиктердің орта ғасырлық өкіметін жойып, біз енді нағыз социалистік құрылыс ісіне көшіп отырмыз. Деревняда бұл іс — ең қиын іс, бірақ сонымен қатар ең маңызды да іс. Бұл жұмыс — нағыз абыройлы жұмыс. Егер деревняның өзінде шаруалардың еңбекші бөлегінің сана-сезімі оятылған болса, егер ол нақ капиталистік көтерілістердің толқыны арқылы капиталистер табының мүдделерінен біржола бөлініп тасталса, егер кедейлер комитеттерінде және қайтадан құрылып жатқан Советтерде еңбекші шаруалар қала жұмысшыларымен барған сайын тығыз қосылып жат-

қан болса,— онда бұдан біз социалистік құрылыс ісі Россияда енді баяндырақ болғандығының бірден-бір және сонымен бірге ең дұрыс, күмәнсыз берік кепілін көреміз. Енді бұл іс деревняның егінші халқының орасан зор бұқарасы ішінде де негіз алып отыр.

Россия сияқты шаруалар елінде социалистік құрылыс өте қиын міндет екеніне күмән жоқ. Патша өкіметі тәрізді, помещиктер өкіметі тәрізді, помещиктік жер иеленү тәрізді жауды жоюдың біршама жеңіл болғанына күмән жоқ. Бұл міндетті орталықта бірнеше күннің ішінде шешу мүмкін болып еді, оны бүкіл елімізде бірнеше аптаның ішінде шешу мүмкін болып еді, ал қазір біз кірісіп отырған міндет, өзінің шын мәні жағынан, өте-мөте табанды және ұзақ еңбек арқылы ғана шешіле алады. Бұл арада біздің қадам басқан сайын, әрбір сүйем ілгерілеген сайын күресуімізге тура келеді; жаңа, социалистік Россияның жеңістерін күреспен қорғап қалуға, жерді қоғамдасып өңдеу үшін күресуге тура келеді.

Ал бұл сияқты төңкеріс, жекеше ұсақ шаруа шаруашылықтарынан жерді қоғамдасып өңдеуге көшу — ұзақ мерзімді талап ететіндігі, мұны ешбір жағдайда да бірден істеуге болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

Ұсақ шаруа шаруашылығы бар елдерде алдын ала толып жатқан сатылардан бірте-бірте өтпейінше, социализмге өту мүмкін емес екендігін біз жақсы білеміз. Осыны түсінген Октябрь төңкерісі өзінің бірінші міндеті етіп помещиктік өкіметті аластап, жоюды ғана қойды. Өздеріңіз білесіздер, коммунистердің де, Совет өкіметіне коммунистер тұрғысынан емес, басқаша тұрғыдан қатысушылардың да бірауызды шешімі бойынша февральда қабылданған жерді социализациялау туралы негізгі заң, міне бұл заң сонымен бірге шаруалардың орасан зор көпшілігінің еркі мен санасының бейнесі және жұмысшы табы, жұмысшы коммунистік партиясы өз міндетін түсініп, табанды, шыдамды түрде, бірқатар сатылардан бірте-бірте өте отырып, шаруалардың еңбекші бөлегінің сана-сезімін оята отырып және осы сана-сезімнің ояну шамасына қарай ғана, шаруалардың дербес ұйымдасу шамасына қарай ғана ілгері баса оты-

рып, жаңа социалистік құрылыс жолымен ғана алға бара жатқандығының дәлелі де болып табылады.

Өмір мен тұрмыстың өте-мөте терең негіздеріне қатысы бар, жекеше ұсақ шаруа шаруашылығынан жерді ортақтасып өңдеуге көшу сияқты ондаған миллион адамдардың өміріндегі орасан зор төңкерістер тек ұзақ еңбек арқылы ғана жасалынатынын, олар жалпы алғанда қажеттілік адамдарды өз өмірін қайта құруға мәжбүр еткен кезде ғана жүзеге асырылатынын біз өте жақсы білеміз.

Ал бүкіл дүние жүзіндегі жанталасқан, ұзақ соғыстан кейін біз бүкіл дүние жүзінде социалистік революцияның басталуын айқын көріп отырмыз. Қандай да болсын теориялық көзқарастарға немесе социалистік ілімдерге байланыссыз, жұрттың бәрінің бірдей көңіліне қонымды тілмен: ескіше өмір сүруге болмайды деп жариялау тіпті неғұрлым артта қалған елдер үшін де қажет болды.

Еліміз осындай өте зор бүліншілікке және осындай күйреуге ұшырап отырған кезде, бұл күйреу бүкіл дүние жүзіне жайылып бара жатқандығын, адамзат көптеген ғасырлар бойы жинаған мәдениеттің, ғылымның және техниканың табыстары осы қылмысты, бүліншілікті, тонаушылық соғыстың төрт жылы ішінде жойылып кеткендігін және тек Россия ғана емес, бүкіл Европа тағылық қалыпқа қайта беттеп келе жатқандығын біз көріп отырған кезде,— сонда бізге тек бүліншілік пен мұқтаждықты ғана қалдырған қарғыс атқан соғыстың осы мұрасынан құтылу үшін ерекше күш салудың керектігі, барлық күшті жұмылдырудың керектігі ең қалың бұқараның алдында және әсіресе осы соғыстан, бәлкім, бәрінен де көбірек азап шеккен шаруалар алдында айқын бола түседі. Соғысқа дейінгі өмір сүргенміздей, ескіше өмір сүруге болмайды және адамның күші мен еңбегінің жеке ұсақ шаруа шаруашылығына байланысты осыншалық талан-таражға түсуі бұдан былай тоқтатылуға тиіс. Егер осы бытыраңқы ұсақ шаруашылықтан қоғамдық шаруашылыққа көшу жүзеге асырылған болса, еңбек өнімділігі екі есе, үш есе артқан болар еді, егіншілікке және адам шаруашылығына жұм-

салатын адам еңбегі екі есе, үш есе үнемделген болар еді.

Бізге соғыс мұра етіп қалдырған бүліншілік осы ескі, ұсақ шаруа шаруашылығын қалпына келтіруге тіпті де мүмкіндік бермей отыр. Соғыс шаруалардың көпшілігін оятқаны былай тұрсын, соғыс оларға қазіргі уақытта техниканың қандай кереметтері бар екендігін және техниканың бұл кереметтері адамды қырып-жоюға бейімделіп отырғанын көрсеткені былай тұрсын, сонымен бірге соғыс техника кереметтері ең алдымен адамдарды бәрінен де көп толғандырып отырған, ең артта қалған, нағыз жалпы халықтық өндірісті — егіншілік өндірісін қайта құруға жұмсалуы тиіс екендігі туралы да ой туғызды. Бұл сана-сезімнің оянғаны былай тұрсын, сонымен бірге қазіргі техника қандай күштерді жасағандығына, ол күштер ең сұмдық, ең мағынасыз соғыста қалай ысырап болып жатқандығына және бұл сұмдықтардан құтылудың бірден-бір амалы — нақ сол техника күштерінің өзі екендігіне қазіргі кездегі соғыстың керемет сұмдықтары арқылы жұрттың көзі жетіп отыр. Біздің міндетіміз бен борышымыз — техника күштерін ең артта қалған өндірісті — егіншілік, ауыл шаруашылық өндірісін жаңа жолға қоюға, ол өндірісті қайта құрып, егіншілікті санасыз, ескіше жүргізіліп келген кәсіптен ғылымға және техниканың табыстарына негізделген кәсіпке айналдыруға бағыттау. Соғыс бұл сана-сезімді біздің әрқайсымыздың айтып жүргенімізден де өлшеусіз көп оятты. Бірақ, соғыс бұл сана-сезімді оятуымен бірге, ол сондай-ақ өндірісті бұрынғысынша қалпына келтіру мүмкіндігінен де айырып отыр.

Осы соғыстан кейін соғысқа дейінгі жағдайды қалпына келтіруге, шаруашылықтың ескі тәсілдер тұсындағы жүйесі мен құрылысын қалпына келтіруге болады деп арман ететіндер,— бұлар қателесіп отыр және күн сайын өз қатесін көбірек көріп отыр. Соғыстың сұмдық бүліншілік әкелгені соншалық — бізде қазір кейбір ұсақ шаруашылықтардың жұмыс көлігі де, құрал-саймандары да, құралдары да жоқ. Біз халық еңбегінің бұлайша талан-тараж бола беруіне бұдан әрі көне алмаймыз. Революция үшін бәрінен де көп құрбандық жасаған және

соғыстан бәрінен де көп жәбір көрген еңбекші, ең кедей шаруалар помещиктерден жерді тартып алғанда ол жерлердің жаңа кулактардың қолына түсуі үшін тартып алған жоқ. Енді өмірдің өзі осы еңбекші шаруалардың алдына жерді қоғамдасып өңдеуге көшу туралы мәселені турадан-тура қойып отыр: жерді қоғамдасып өңдеу соғыс бүлдіріп, күйзелткен егіншілікті қалпына келтірудің бірден-бір амалы болып табылады, деревня халқының бүкіл бұқарасын капитализм душар еткен қараңғылықтан, жаншылу мен езілуден шығудың, капиталистердің адамзатты төрт жыл бойы соғыспен езуіне мүмкіндік берген қараңғылық пен езілуден шығудың бірден-бір амалы болып табылады; бұл қараңғылық пен езілуден құтылу үшін қазір барлық елдердің бүкіл еңбекшілері қайткен күнде де революциялық жігері мен қажырын жұмсауға бел байлап отыр.

Міне, жолдастар, осы ең қиын, ал сонымен қатар ең басты социалистік реформа туралы, осы ең басты және түбегейлі социалистік қайта құрылыс туралы мәселе, осы мәселе күн тәртібіне қойылу үшін дүние жүзілік көлемде міне осындай жағдайлар жасалуға тиіс болды, ал Россияда бұл мәселе күн тәртібіне қойылып та отыр. Кедейлер комитеттерінің құрылуы, жер бөлімдерінің, кедейлер комитеттерінің және ауыл шаруашылық коммуналарының қазіргі біріккен съезі — міне осының бәрі бізге осы жылдың жазы мен күзінде деревня ішінде болған күреске байланысты еңбекші шаруалардың ең қалың бұқарасының сана-сезімі оянғанын, осының бәрі бізге шаруалардың өз ішінде, еңбекші шаруалар көпшілігінің арасында жерді қоғамдасып өңдеу тәртібін орнатуға деген талап бар екенін көрсетіп отыр. Қайталап айтайын, қайта құрылыстардың ішіндегі осы орасан зор қайта құрылысқа біз, әрине, бірте-бірте кірісуге тиіспіз. Бұл арада дереу ештеңе де тындыра алмайсың, бірақ мен мынаны сіздердің естеріңізге салуға тиіспін: 25 октябрьдегі төңкерістен кейін келесі күні-ақ, Совет өкіметінің бірінші органы — Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің бірінші мәжілісінде-ақ белгіленген жерді социализациялау туралы негізгі заңда да жерге жеке меншіктің біржолата жойылатындығы туралы ғана емес,

помещиктік меншіктің жойылатындығы туралы ғана емес, сонымен қатар, айта кетсек, халықтың иеленуіне, еңбек шаруашылықтарының иеленуіне өтетін құрал-сайман, жұмыс көлігі мен құралдар да қоғамдық игілікке өтуге, жеке шаруашылықтардың жеке меншіктері болудан қалуға тиіс екендігі туралы да заң шығарылған-ды. 1918 жылы февральда қабылданған жерді социализациялау туралы заңдағы, осы заңдағы: біз қазір өзімізге қандай мақсаттар қойып отырғандығымыз туралы, біз жерді пайдаланудың қандай міндеттерін жүзеге асырғымыз келетіндігі және Совет өкіметінің жақтастарын, еңбекші шаруаларды, біз осы мәселе жөнінде нені жүзеге асыруға шақыратындығымыз туралы негізгі мәселеге — міне осы мәселеге жерді социализациялау туралы заңның 11-статьясы былай деп жауап береді: мұндай міндет — социалистік шаруашылыққа көшу мақсатын көздей отырып, жекеше шаруашылықтар есебінен, еңбек пен өнімдерді үнемдеу мағынасында неғұрлым тиімді шаруашылық ретінде егіншілікте коллективтік шаруашылықты өркендету болып табылады.

Жолдастар, біз осы заңды қабылдаған кезде бізде коммунистердің басқа партиялармен толық бірауыздылығы және келісімі мүлде болған жоқ. Керісінше, біз бұл заңды коммунистер мен коммунистік көзқарастарды жақтамайтын солшыл эсерлер партиясының Совет үкіметінде бірлігі болып тұрған кезде қабылдадық және солай бола тұрса да біз жекеше шаруашылықтардан жерді қоғамдасып өңдеуге көшу, тағы да айтайын, бірден жүзеге асырыла алмайтындығын, есте ұстай отырып, біз бірауызды және бірдей шешімге келдік, біз қазір де осы шешімнің негізінде тұрмыз, ал қалаларда күрес мәселесі оңай қойылды! Қалаларда мың жұмысшыға бір капиталист қарсы тұрды, сондықтан оны құрту көп қиындыққа түскен жоқ. Ал деревняда күрес әлдеқайда қиын болды. Әуелі шаруалардың помещиктерге қарсы жалпы тегеуріні жасалды; әуелі помещиктік өктемдікті қайтадан қалпына келместей етіп толық құрту жүзеге асырылды; содан соң — шаруалар ішінде күрес болды, олардың ішінде Россияның егін екпейтін бөлегінің ашығуы есебінен баю үшін басы артық астығын

пайдаланып қалғысы келген кулактар түріндегі, қанаушылар, жалдаптар түріндегі жаңа капиталистер қайтадан қалпына келе бастаған еді. Мұнда жаңадан күрес жүргізу керек болды және осы жылдың жазында бұл күрес бірқатар көтерілістердің бұрқ етуіне дейін жеткенін сіздер бәріңіз де білесіздер. Кулак жөнінде біз, помещик-капиталист жөнінде айтқанымыздай, ол барлық меншігінен айрылуға тиіс демейміз. Біз кулактың, мысалы, астыққа монополия орнату сияқты қажетті шараларға қарсыласуы жойылуға тиіс дейміз; егін екпейтін жерлердегі жұмысшылар мен шаруалар қатты ашығып отырған кезде басы артық астығын жалдаптықпен сату арқылы баю үшін кулак астыққа монополияны орындаттырмай отыр, сөйтіп бұл арада біздің саясатымыз дәл помещиктер мен капиталистерге қарсы жүргізілген күрес сияқты әрқашан да аяусыз күрес жүргізіп келді. Ал содан соң, еңбекші шаруалардың ең кедей бөлегінің орта шаруаларға көзқарасы және бар. Орта шаруалар жөнінде біздің саясатымыз әрқашан да олармен одақтасу болып келді. Олар қалай болғанмен де совет мекемелерінің жауы емес, пролетариаттың жауы емес, социализмнің де жауы емес. Олар, әрине, ауытқып отырады және социализмге өту қажет екендігінің берік, іс жүзінде үлгілі мысалын көргенде ғана социализмге өтуге келіседі. Бұл орта шаруаларды теориялық пайымдаулармен немесе үгіт сөздермен, әрине, сендіре алмайсың,— біз бұған үміт артып отырғанымыз жоқ,— бірақ шаруалардың еңбекші бөлегінің үлгісі мен топтасуы олардың көзін жеткізеді; осы еңбекші шаруалардың пролетариатпен одағы олардың көзін жеткізеді және бұл арада біз ұзақ уақыт бойы, бірте-бірте көздерін жеткіземіз деп есептейміз, орта шаруалармен халықтың пролетарлық, социалистік бөлегінің келісімін, капиталдың барлық формаларына қарсы батыл күрес жүргізіп жатқан коммунистердің келісімін, міне осылардың келісімін жүзеге асыратын бірсыпыра өтпелі шаралар арқылы көздерін жеткіземіз деп есептейміз.

Міне, осы жағдайды ескере отырып, деревняда біздің ісіміз өлшеусіз қиын міндетпен байланысты екенін ескере отырып, жерді социализациялау туралы занда мәселе

қалай қойылса, біз де оны солай қойып отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, ол заңда жерге жеке меншіктің жойылуы жарияланды, жерді теңгерме бөлу тәртібі жарияланды, сөйтіп бұл заңды жүзеге асыру ісі басталғанын және біз оны шаруалар тұратын жерлердің көпшілігінде жүзеге асырғанымызды өздеріңіз білесіздер. Сонымен қатар, коммунистердің де, ол кезде коммунизм көзқарастарына әлі де қосылмағандардың бәрінің де жалпы бірауызды келісімі бойынша, заңға әлгінде мен сіздерге оқып берген қағида енген, ол қағидада: біздің ортақ міндетіміз, біздің ортақ мақсатымыз — социалистік шаруашылыққа, коллективтік жер иелігіне, жерді қоғамдасып өңдеуге көшу екені айтылған. Шаруашылықты қалпына келтіру үшін, шаруаларды бұрынғы елеусіз қалу, езілу және қараңғылық қалпынан біржолата құтқару үшін біздің істеуге тиіс ісіміздің орасан зор екендігі қазір құрылыс дәуірі ілгері басқан сайын, жерге қоныстанған шаруаларға да, қазір жүз мыңдап, миллиондап шаршапшалдығып, азып-тозып тұтқыннан қайтып жатқан соғыс тұтқындарына да айқын болған үстіне айқын болып келеді, шын мәнісінде берік және шаруалар бұқарасын мәдени өмірге жақындататын, оларды басқа азаматтармен шын мәнісінде тең жағдайға қоятын жол, міне мұндай жол — жерді қоғамдасып өңдеу ғана екендігі және жерді осындай қоғамдасып өңдеуге Совет өкіметі қазір бірте-бірте жүргізілген шаралар арқылы үнемі ұмтылып отырғандығы оларға барған сайын айқын болып келеді. Жерді осындай қоғамдасып өңдеу үшін коммуналар мен советтік шаруашылықтар құрылып жатыр. Мұндай шаруашылықтардың маңызы жерді социализациялау туралы заңда көрсетілген. Ол заңның жерді кімдер пайдалана алады деп сұрақ қойылған бөлімінен сіздер мынаны оқисыздар: жерді пайдалана алатын адамдар мен мекемелердің ішінде бірінші орында мемлекет тұр, екінші орында — қоғамдық ұйымдар, одан соң — ауыл шаруашылық коммуналары және төртінші орында — ауыл шаруашылық серіктіктері тұр. Мен сіздердің назарыңызды тағы да мынаған аудармақпын: жерді социализациялау туралы заңның осы негізгі қағидалары коммунистік партия тек қана өз еркін жүргізген кезде

емес, ол белгілі бір түрде орта шаруалардың сана-сезімі мен еркін білдірген адамдарға біле-тұра кеңшіліктер жасаған кезде жасалды. Біз осы тәрізді кеңшіліктер жасадық және жасап отырмыз. Біз осы тәрізді келісімге келдік және келіп отырмыз, өйткені жер иеленудің мұндай коллективтік формасына, жерді қоғамдасып өңдеуге, советтік шаруашылықтарға, коммуналарға бірден көшу мүмкін емес; бұл арада Совет өкіметінің табанды және жігерлі түрде әсер етуі қажет болады, Совет өкіметі жерді қоғамдасып өңдеуге көшуді көздеп, ауыл шаруашылығын жақсартуға бір миллиард сом қаржы берді. Бұл заң мынаны көрсетіп отыр: біз орта шаруалар бұқарасына көбінесе өнеге күшімен, шаруашылықты жақсартуға тарту күшімен әсер еткіміз келеді және егіншілікті Россияның шаруашылығындағы осындай терең және аса маңызды төңкеріске осы тәрізді шаралардың бірте-бірте әсер етуіне сүйенеміз.

Кедейлер комитеттерінің, ауыл шаруашылық коммуналарының және жер бөлімдерінің одағы, осы съезде болып отырған одақ, міне бұл одақ, бізге жерді қоғамдасып өңдеуге осы көшу арқылы қазір іс дұрыс, нағыз социалистік көлемде қойылғанын көрсетіп, толық сенім беріп отыр. Осы үздіксіз, жүйелі жұмыс арқылы еңбек өнімділігінің артуына жетуге тиіспіз. Бұл үшін біз осы уақытқа дейін жеке адамдардың баю көзі ғана болып қызмет еткен, капитализмнің қайта тууының, жалдама жұмысшыларды жаңадан кіріптарлыққа салудың, жаңадан құлдыққа түсірудің көзі болып қызмет еткен, ал қазір, жерді социализациялау туралы заңның тұсында және жерге жеке меншік толық жойылған жағдайда барлық миллиондаған еңбекшілер үшін ауыл шаруашылық білімі мен мәдениеттің және өнімділікті арттырудың көзі болып қызмет етуге тиісті ең жақсы жолға қойылған шаруашылықтардың бәрін өзіміз пайдалана алатындай етіп егіншіліктің ең жақсы тәсілдерін қолдануымыз керек және Россияның агрономиялық күштерін қатыстыруымыз керек. Қала жұмысшыларының еңбекші шаруалармен осы одағы, кедейлер комитеттерінің осы құрылуы және олардың совет мекемелері болып қайта сайлануы, міне бұлар: егіншілік Россия қазір

түсіп отырған осы жолға бізден кейінірек, бірақ оның есесіне бізден дұрысырақ түрде батыс европалық мемлекеттер бірінен соң бірі келіп түсетініне кепіл бола алады. Оларға төңкерісті бастау әлдеқайда қиын болды, өйткені олардың жауы іріп-шіріген самодержавие емес, анағұрлым мәдениетті және біріккен капиталистік тап еді, алайда осы төңкерістің басталғанын өздеріңіз білесіздер және революцияның Россия шеңберімен шектелмегенін, біздің басты үмітіміз, біздің басты тірегіміз — батыс европалық пролетариат, неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің пролетариаты екенін, бүкіл дүние жүзілік революцияның осы басты тірегі қозғалысқа келгенін өздеріңіз білесіздер, сондықтан ол елдерде социалистік шаруашылыққа көшу, неғұрлым жоғары егіншілік техникасын пайдалану, деревняның еңбекші халқын неғұрлым тезірек біріктіру, міне бұлар ол елдерде біздегіден гөрі тезірек болатынына және оңайырақ жасалатынына біз кәміл сенеміз және мұны неміс революциясының барысы іс жүзінде көрсетіп те отыр.

Қалалардың жұмысшыларымен одақтаса отырып, бүкіл дүние жүзінің социалистік пролетариатымен одақтаса отырып, орыстың еңбекші шаруалары барлық қиындықтарды жеңіп, империалистердің барлық тегеуріпіне төтеп бере алады, жерді қоғамдасып өңдеу ісін, ұсақ жекеше шаруашылықтардан жерді қоғамдасып өңдеуге бірте-бірте, бірақ бұлжымай көшу ісін,— мұнсыз еңбекшілерді азат ету мүмкін емес,— жүзеге асыра алады, енді бұған сенім мол. (Ұзаққа созылған ду қол шапалақтау.)

«Правда» № 272,
14 декабрь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ НОБАЙЫ[160]

1

Совет мекемелеріндегі басқарудың барлық мәселелерін коллегиялық түрде талқылау және шешу қандай да болсын советтік лауазымды адамдардың *әрқайсысының белгілі бір,* айқын және екіұшты етпей белгіленген, тапсырмалар мен *практикалық* жұмыстарды *орындауына* ең дәл *жауапкершілікті* белгілеумен қоса жүргізілуге тиіс.

Бұл ережені — мұнсыз шын бақылауды жүргізу және әрбір қызметке, әрбір жұмысқа ең лайықты адамдарды іріктеп алу мүмкін емес — орындау бұдан былай *сөзсіз міндетті* болуға тиіс.

Сондықтан әрбір советтік коллегия және әрбір совет мекемесі, бірі қалмай, дереу мыналарды істеуге міндетті:

1-ден, коллегияның барлық мүшелері арасында немесе лауазымды адамдар арасында жұмысты және жауапкершілікті дәл бөлу туралы қаулы алу;

2-ден, қандай түрдегі болсын жеке тапсырмаларды, әсіресе материалдар мен өнімдерді тез және дұрыс жинау мен бөлуге қатысты тапсырмаларды орындайтын адамдардың жауапкершілігін мейлінше дәл анықтау.

Барлық совет мекемелері үшін міндетті бұл ережені орындау жергілікті, уездік, қалалық, т. с. халық шаруашылығы советтері мен атқару комитеттерінің шаруашылық (немесе экономикалық) бөлімдері үшін айрықша міндетті. Осындай бөлімдер мен халық шаруашылығы советтері халық мұқтаж болып отырған шикі-

зат материалдары мен өнімдердің барлық түрлерінің *әрқайсысын* тез жәпе дұрыс жинау үшін жауапкершілікті дереу белгілі бір адамдарға жүктеуге міндетті.

Барлық басшы совет мекемелері, атап айтқанда: атқару комитеттері, губерниялық және жалпы қалалық Совдептер, т. с. өздерінің жұмыстарын орталық өкіметтің және жергілікті мекемелердің қаулыларының шын жүзеге асырылуына іс жүзінде бақылау жасау бірінші орынға қойылатындай етіп, ал басқа түрдегі жұмыс мүмкін болғанынша осы мекеменің аз ғана мүшелерінен құрылған көмекші комиссияларға берілетіндей етіп дереу қайта құруға міндетті.

2

Қағаз бастылықпен күресу мақсатымен және қиянат жасаушылықты неғұрлым ойдағыдай ашып отыру үшін, сондай-ақ совет мекемелеріне кіріп кеткен арам ойлы лауазымды адамдарды әшкерелеп, аластау үшін

төмендегі ережелер енгізіледі:

Әрбір совет мекемесінде халықты қабылдайтын күндер мен сағаттар көрсетілген ереже, жұрттың бәрі ешбір рұқсат қағазсыз көре алатын етіліп, үйдің ішінде ғана емес, сыртында да ілулі тұруы керек. Қабылдайтын үй қалай да жұрт еркін, тіпті ешқандай рұқсат қағазсыз кіретіндей етіп жасалуға тиіс.

Әрбір совет мекемесінде өтінушінің аты-жөні, оның өтінішінің мәні және істің бағыты барынша қысқа түрде жазылып отыратын кітап болуға тиіс.

Жексенбі және мереке күндері қабылдау сағаттары белгіленуге тиіс.

Мемлекеттік бақылау орнынан келген лауазымды адамдарға барлық қабылдауларға қатысып отыруға право беріледі және оның міндетіне дүркін-дүркін қабылдауға қатысу, жазба кітабын тексеру және келгендігіне, кітапты тексергендігіне, жұрттан пікір сұрастырғандығына протокол жасау жүктеледі.

Еңбек, Мемлекеттік бақылау және Юстиция комиссариаттары жер-жерлерде,— қабылдау күні мен сағаты туралы халыққа хабарлай отырып,— жексенбі күндері

де жұрттың бәрін рұқсат қағазсыз еркін және тегін, міндетті түрде қабылдайтын анықтама бюроларын ұйымдастыруға міндетті. Бұл анықтама бюролары барлық сұралған анықтамаларды ауызекі және жазба түрде берумен ғана тынбай, сонымен қатар сауатсыз және түсінікті өтініш жаза алмайтын адамдарға жазба өтінішті тегін жазып беруге де міндетті. Бұл анықтама бюроларына қатысуға үкіметке қатыспайтын партияларды да міндетті түрде тарта отырып, Советтерге енген *барлық* партиялардың өкілдері де, сондай-ақ партиялық емес кәсіптік одақтар мен интеллигенцияның партиялық емес одақтарының өкілдері де міндетті түрде тартылады.

3

Совет республикасының қорғаныс ісі күштерді барынша үнемдеуді және халық еңбегін барынша өнімді қолдануды қатты талап етеді.

Осы мақсаттармен — ең алдымен барлық совет мекемелері жөнінде, бұдан былай кәсіпорындар мен коллегия атаулылардың бәрінде қолданылатын етіп — мына төмендегідей қаулы алынады:

1. Барлық совет мекемелерінің әрбір, азды-көпті дербес бөлімі 3 күн мерзім ішінде жергілікті атқару комитетіне (ал Москвада, оның үстіне Юстиция халық комиссариатына) төмендегі программа бойынша қысқаша мәліметтер тапсыруға тиіс: а) ведомство; б) бөлім аты; в) оның жұмысының барынша қысқаша баяндалған мазмұны; г) бөлімшелердің, іс жүргізуші бөлімдердің немесе басқа бөлімдердің саны, олардың тізімдері; д) еркек және әйел қызметшілердің саны; е) іс жүргізу көлемі, оның, мысалы, істердің санымен, хаттардың мөлшерімен, тағы сондай белгілермен білдірілуіне қарай.

Жергілікті атқару комитеттері (ал Москвада Юстиция халық комиссариатымен және Орталық Атқару Комитетінің Президиумымен келісім бойынша Совдептің атқару комитеті) (1) жоғарыда баяндалған ереженің дұрыс және уақтылы орындалуын тексеруге, (2) жоғарыда көрсетілген мәліметтерді тапсырған күннен бастап, бір апта мерзім ішінде бірдей немесе біртекті жұ-

мыстар жүргізетін бөлімдерді үйлестіру, біріктіру және *қосу* жоспарын жасауға дереу шара қолдануға міндетті.

Жоғарыда көрсетілген мекемелердің бұл міндетті жүзеге асыруды тапсыратып комиссиялары ішкі істер, юстиция, Мемлекеттік бақылау және еңбек ведомстволарының өкілдерін өздеріне қосып ала отырып, қажет болуына қарай басқа ведомстволарды да тартуға тиіс және біртектес бөлімдерді қосу үшін және еңбекті үнемдеу үшін не істелгендігі туралы Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Атқару Комитетінің Президиумына қысқаша есептерді *апта сайын* тапсырып отыруға міндеттеледі.

2. Біртектес бөлімдері немесе орталық, облыстық, қалалық, губерниялық, уездік ведомстволары бар әрбір қалада күштерді барынша үнемдеу мақсатымен осындай мекемелердің бәрін үйлестіріп және біріктіріп отыру үшін жоғары мекеменің жанынан дереу комиссиялар құрылуға тиісті, оның бер жағында бұл комиссиялар жұмысты 1-статьяда көрсетілген ережелер бойынша істейді және сондағы мерзімдерді сақтайды.

3. Сол комиссиялардың өздеріне (1 және 2-статьялар) және нақ сол негіздерде еркектер еңбегін әйелдер еңбегімен барынша ауыстыру жөніндегі және әскердегі немесе әскер жанындағы жұмыстарға немесе кеңселік емес, атқарушылық және практикалық сипаттағы басқа жұмыстарға ауыстыруға болатын еркектердің тізімдерін жасау жөніндегі шараларды жедел жүргізу тапсырылады.

4. Сол комиссиялардың өздеріне (1 және 2-статьялар), РКП жергілікті ұйымдарымен келісе отырып, РКП (мүшелік стажы 2 жылдан кем емес) мүшелері тек басшы және аса жауапты орындарда ғана қалатындай етіп, ал РКП мүшелерінің басым көпшілігін басқа жұмыстарға босатып беру үшін қалған орындарға партияда жоқтар немесе басқа партиялардың мүшелері қойылатындай етіп адамдарды ауыстыру ісін жүргізу жүктеледі.

1918 ж. 12 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

РКП Орталық Комитетінің осы қаулысы жарияланған күннен бастап РКП барлық ұйымдарына бір апта мерзімде кімнің *қай уақыттан* большевиктер партиясында тұратындығы туралы мәліметтерді барлық мүшелік билеттер мен карточкаларға енгізу міндеттеледі.

Мұндай мәліметтер болмаған жағдайда және оларды жинау (және РКП 2 жылдық партия стажы бар ең кемі 3 мүшесінің қолы қойылған тексеру) мүмкін болмаған жағдайда әрбір мүшелік билетке немесе карточкаға: «партияда қай уақыттан екендігі белгісіз» деген белгі қойылуға тиіс.

Қандай да болса совет қызметтеріндегі РКП мүшелерінің бәрі ол адам соңғы *бес* жыл ішінде қандай партияларға жатқандығы немесе қосылғандығы туралы қысқаша мәліметтерді партия ұйымдары председательдерінің немесе олардың секретарьларының куәландыруымен дереу өздерінің мүшелік билеттеріне енгізуге міндетті.

1918 ж. 12 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағанда басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРЕСНЯ АУДАНЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1918 ж. 14 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[161]

Жолдастар, маған бүгінге ұйғарылған бірнеше мәселеге тоқталуға рұқсат етіңіздер. Бірінші мәселе — халықаралық жағдай туралы және екінші мәселе — ұсақ буржуазиялық демократиялық партияларға көзқарас туралы.

Халықаралық жағдай туралы мен бірнеше сөз айтар едім. Өздеріңіз білесіздер, қазіргі уақытта Россия Советтік Республикасына қарсы ағылшын-француз-американ империализмінің үлкен жорығы жарияланып отыр. Бұл елдердің империалистері: большевиктер азшылыққа сүйеніп, көпшілікті зәбірлеп жатыр деп оларды кінәлайды, өз жұмысшылары арасында Россияға қарсы үгіт жүргізеді; Франция мен Англияның баспасөз органдарының орасан көпшілігі буржуазияның қолында болғандықтан, онда Совет үкіметіне қарсы өтірік тез және кедергісіз өршіп барады. Міне сондықтан да Россияда большевиктер халықтың азшылығына сүйенеді-міс деген күлкілі және қисынсыз ертегі,— әрбір бақылаушы адам үшін де оның қисынсыздығы соншалық, тіпті бізде не болып жатқанын да жоққа шығара алмайтын ертегі,— бұл ертегі тіпті өзіне назар аудара да алмай отыр. Бірақ Англияның, Францияның және Американың газеттеріне қарасаң,— реті келгесін айта кетейік, мұнда бізге ылғи буржуазиялық газеттер келеді,— ол жақта буржуазия әлі күнге дейін осы ертегілерді таратып жүргенін көресің.

Бізде сайлау правосынан, еліміздің саяси өміріне қа-

тысу және ықпал ету правосынан айрылып отырғандар — тек қанаушылар, өз еңбегімен күнелтпей, басқаларды қанайтын адамдар ғана. Мұндай адамдардың саны жалпы халық бұқарасының ішінде болмашы ғана. Қалаларда жалдама еңбекті қанайтын адамдардың қанша екенін өздеріңіз елестетіп көрулеріңізге болады. Қазір жерді жеке иелену жойылды. Помещиктер поместьелерінен айрылды, тіпті Столыпиннің тұсында да шаруаларды тонап келген отрубниктерден де жер тартып алынды, сөйтіп бөтеннің еңбегін қанаушылар саны деревняларда тым болмашы ғана. Бірақ Совет өкіметі оларға сіздерді сайлау правосынан айырамыз деп отырған жоқ. Совет өкіметі былай дейді: бөтеннің еңбегін қанауды тоқтатқысы келетін әрбір адамның басқару ісіне қатысу правосын біз мойындаймыз. Жұмысшы болғың келеді екен — жол ашық. Қанаушы болғың келеді екен — онда мұндай адамдарды біз басқаруға жібермейтініміз немесе сайламайтынымыз былай тұрсын, оларды біреудің еңбегімен асырамаймыз да.

Совет өкіметінің еңбек ететін адамдарға сүйенетіндігі, оларға мемлекеттік өмірді құруға право беретіндігі, халықтың орасан зор, басым көпшілігіне сүйенетіндігі біздің Конституциямыздың міне осы негізінен-ақ көрінеді. Советтердің әрбір съезі — не бары алты съезд болды — әрбір съезд бізге жұмысшылардың, шаруалардың және қызыл әскерлердің өкілдері, бөтеннің еңбегімен емес, өз еңбегімен күнелтіп отырған халық көпшілігінің өкілдері Совет өкіметінің барған сайын топтаса түскен негізі екенін көрсетеді. Бізде Советтердің I съезі 1917 жылы июньде, Россия буржуазиялық республика болып, империалистік соғыс жүргізіп жатқан кезде өтті. Ол съезд 1917 жылы июньде Керенский әскерлерді шабуылға айдап, шайқастарда миллиондаған адамдар жер жастанған кезде болды. Ол съезде коммунистер немесе большевиктер тек 13% — демек, жетіден бір бөлігі ғана болды. Жұмысшы-шаруа өкіметінің негізін қалаған Советтердің II съезінде большевиктер енді 51% — жартысы болды, ал үстіміздегі жылдың июлінде өткен V съезде большевиктер енді 66% болып шықты. Сонда солшыл эсерлер большевизмнің тез өсіп, өрістеп келе жатқанын

көріп, өзінің авантюрасын жасады, сөйтіп мұның нәтижесінде мүлде жікке бөлініп кетті. Бұл жікке бөлінуден әр түрлі үш партия пайда болды және ең соңғы партия — халықшыл-коммунистер партиясы большевиктер жағына шықты, сөйтіп Колегаев сияқты бірқатар көрнекті қайраткерлер де большевиктер партиясы жағына шықты.

Советтердің VI съезінде большевиктер 97%, яғни бүкіл Россияның жұмысшылары мен шаруаларының өкілдері түгел дерлік болды. Мұның өзі қазір еңбекшілердің орасан көпшілігі Совет өкіметінің төңірегіне қалай топтасып жатқанын, большевиктер халықтың азшылығына сүйенеді-міс деген буржуазияның осы жалған ертегісі мен осы пайымдауы қандайлық дәрежеде күлкілі және қисынсыз екенін көрсетеді. Бұл буржуазияның бұлай деп өтірік айтып отырғаны мынадан: патша үкіметі капиталистерге қарыз болған 17 миллиардты, біз жойған және төлеуден бас тартқан сол 17 миллиардты (біз олар үшін, бұрынғы билеп-төстеушілер үшін төлегіміз келмейді,— біз бұл қарыздың болғандығын мойындаймыз және былай дейміз: өте жақсы, бұл қарызға өздеріңіз баттыңыздар, өздеріңіз есеп айырысыңыздар),— осы қарызды одақтастар бізге аударғысы келеді және помещиктік өкіметті, патша өкіметін қалпына келтіргілері келеді. Олардың Архангельскіде, Самарада және Сибирьде не істегендерін біз білеміз. Брест бітімінен кейін бізге қарсы болған және герман революциясы жөніндегі біздің үмітіміз іске аспайды деп ойлаған меньшевиктер мен оңшыл эсерлер де енді онда өздерінің де қуылып жатқандығына және ағылшын, чехословак әскерлерінің көмегімен помещиктердің, жеке меншіктің қайта орнатылып отырғандығына көзі жетті.

Англия мен Францияда, олардағы газеттер шындықты қанша жасырғанымен де, солай бола тұрса да шындық қазір өзіне жол тауып отыр. Жұмысшылар Россиядағы революция өздерінің, жұмысшы, социалистік революциясы екенін сезіп, түсініп отыр. Біз қазір тіпті Франция мен Англияда да: «Россиядан әскерлеріңді әкетіңдер!», «Кімде-кім Россияға қарсы соғысқа шығатын болса, ол қылмыскер!» деген ұрандар көтерген жұмыс-

шы қозғалысын көріп отырмыз. Жуырда Лондонда Альберт залында социалистердің митингісі болып өтті, ағылшын үкіметінің шындыққа жол бермеу үшін істеген барлық әрекеттеріне қарамастан біз мынадай мәліметтер алдық, митингіде: «Россиядан әскерлеріңді әкетіңдер!» деген талап қойылған және жұмысшы көсемдерінің бәрі: ағылшын үкіметінің саясаты — тонаушылық және зорлық саясат деген көрінеді. Және мынадай да мәліметтер бар: Маклин — ол Шотландияда мұғалім болған — бұл соғыс — тонаушылық соғыс дей келіп, Англияның нағыз өнеркәсіпті округтерінде жұмысшыларды стачка жасауға шақырған. Оны сол кездің өзінде-ақ түрмеге отырғызып қойған еді. Енді ол түрмеге екінші рет отырғызылыпты. Бірақ Европада революциялық қозғалыс бұрқ еткен кезде, Маклин босатылды да, солтүстік Англия мен Шотландияның ең үлкен қалаларының бірі — Глазгода парламентке кандидат болып ұсынылды. Мұның өзі ағылшын жұмысшы қозғалысы мен оның революциялық талаптары барған сайын күшейіп келе жатқанын көрсетеді. Ағылшын үкіметі өзінің нағыз қас жауы, өзін ағылшын большевигімін деп атайтын Маклинді босатуға мәжбүр болды.

Францияда, жұмысшылары осы уақытқа дейін шовинизмге шалдығып отырған елде, соғысты тек отан қорғау үшін жүргізіп жатырмыз деп санайтын елде, революциялық пиғыл өсіп келеді. Енді, Англия мен Франция немістерді жеңген кезде, өздеріңіз білесіздер, бұлар немістерге Брест бітімінің шарттарынан жүз есе ауыр шарттар қойып отыр. Қазір Европадағы революция нақты шындыққа айналып келеді. Германияны кайзер мен милитаризмнен азат етеміз деп мақтанған одақтастар I Николай заманындағы орыс әскерлері атқарған рольді атқаруға дейін құлдырады, ол кезде Россия қараңғы ел еді, ол кезде I Николай орыс әскерлерін венгр революциясын тұншықтыруға айдаған еді. Бұл осыдан 60 жылдан аса уақыт бұрын ескі крепостниктік тәртіптің тұсында болған еді. Ал қазір еркін Англия және басқа да кейбір елдер жендеттерге айналып отыр, олар революцияны тұншықтыруға және шындықтың үнін өшіруге құдіреттіміз деп ойлайды; бірақ бұл шындық Фран-

цияда да, Англияда да кедергілердің бәрін жеңіп шығады, сөйтіп жұмысшылар өздерін алдағанын, соғысқа өздерін Францияны немесе Англияны азат етуге бола емес, басқа елді тонауға бола тартқанын түсінетін болады. Қазір біздің қолымызда Францияда, осы уақытқа дейін отан қорғауды жақтаушылар қатарында болып келген социалистік партияда[162], осында Совет республикасына қызу тілектестік білдіріп, Россияда әскерлердің араласуына қарсы наразылық жасап отыр деген хабар бар.

Екінші жағынан, ағылшын-француз империализмі Россияға қысым жасаймын деп қорқытып отыр, Красновтарды, Дутовтарды қолдап отыр, Россияда монархияны қалпына келтіруді қолдап отыр, сөйтіп еркін халықты алдауды ойлап отыр. Империалистер әскери күші жағынан алғанда бізден күштірек екенін біз білеміз. Мұны біз білгенбіз және әлдеқашан айтқанбыз. Өзімізді қорғау үшін және жыртқыштар мен қарақшыларға тойтарыс беру үшін біз жұрттың бәрін Қызыл Армияға көмекке келуге шақырдық. Бірақ бізге: «Егер ағылшын-француз империализмі күштірек болса, біздің ісіміз үмітсіз екен ғой» дейтін болса,— онда біз бұл адамдарға былай жауап береміз: «Ал Брест бітімін естеріңізге түсіріңіздерші. Большевиктер Россияны немістерге сатып жіберді деп сол кезде бүкіл орыс буржуазиясы айқай салмап па еді? Большевиктер герман революциясына үміт артып, елеске, қиялға сенеді деп сол кезде айқай салмап па еді?» Бірақ былай болып шықты: герман империализмі бізден әлдеқайда күштірек еді, Россияны тонауға оның толық мүмкіндігі бар еді, өйткені бізде армия жоқ еді, ал ескі армия соғыса алмады, соғысу қолынан келмеді, өйткені жұрттың соғыстан қалжырағаны соншалық — соғысуға шамалары да болмады және әркім, сол кездегі оқиғаларды білетіндердің әрқайсысы-ақ біздің ол кезде мүлде қорғана білмегенімізді, демек, Россияға толық үстемдік ету герман кайзері жыртқыштарының қолына түсуі мүмкін болғанын біледі,— бірақ былай болып шықты: бірнеше ай өтті, ал немістердің осы Россияда малтыққаны соншалық, онда тойтарысқа, неміс солдаттары арасында үгітке кез болғаны сонша-

лық — Петроградтағы Солтүстік коммунаның председателі Зиновьевтің маған айтуынша, Германияның өкілдері Россиядан зыта қашқан кезде, неміс консулы: «Иә, енді біздердің бе әлде сіздердің бе, кімнің көп ұтқанын кесіп айту қиын» депті. Неміс консулы бізден әлденеше есе күшті неміс солдаттарының осы большевиктік кеселге шалдыққанын көрді. Қазір Германияны да революция шарпыды, онда Совет өкіметі үшін күрес жүріп жатыр. Ал большевиктердің толық күйреуі деп жарияланған Брест бітімі тек мынаған көшу ғана болып шықты: біз қазір, Россияда нығайып алған соң, Қызыл Армияны құра бастадық; Германияның әскерлері большевизмге шалдықты, ал олардың жеңіс деп жүргендері герман империализмінің толық күйреуіне қарай жасалған қадам ғана болып шықты, бүкіл дүние жүзілік революцияның ұлғаюы мен өсуіндегі өтпелі саты болып шықты.

Брест бітімі кезінде біз жалғыз едік. Бүкіл Европа орыс революциясын ерекше құбылыс деп санады, оның соншалық тез басталған және патшаны төңкеріп тастаған себебі, Россия артта қалған ел еді және өзінің артта қалғандығы салдарынан меншікті тартып алуға, социалистік революцияға соншалық тез көшті, біздің революциямыз туралы, осы «азиаттық революция» туралы Европада осылай ойлады; бірақ олар орыс революциясына себеп болған басқа нәрсе екенін ұмытты,— Россияда басқа жол қалмаған еді. Соғыстың барлық жерде күйзеліс пен ашаршылық туғызғандығы соншалық, өздерін осыншама ұзақ алдап келгенін көрген халық пен әскерлердің қалжырағаны соншалық, Россияда бір ғана жол — революция жасау ғана қалып еді.

Немістерге орыс шапқыншылығына қарсы қорғану қажет деді. Ал қазір бұл өтірік күн сайын әшкереленген үстіне әшкереленіп отыр. Германияның капиталистері мен генералдары өз әскерлерін Россия социалистік ел болған кезде де оған қарсы жұмсады. Сондықтан нақ осы арада қараңғы неміс солдатының өзіне де бүкіл төрт жыл бойғы соғыста оны алдап келгендігі және герман капиталистерінің Россияны тонауы үшін оны соғысқа айдағаны айқын болды. Герман империализмінің күй-

реуін туғызған, Германияда революция туғызған нәрсе, сол нәрсенің өзі енді Францияда, Англияда және басқа да елдерде революцияны күн сайын, сағат сайын жақындатып келеді. Біз жалғыз едік. Енді біз жалғыз емеспіз. Енді Берлинде, Австрияда, Венгрияда революция болып жатыр; тіпті Швейцарияда, Голландияда және Данияда, соғыс дегенді білмеген осы еркін елдерде де,— тіпті осыларда да революциялық қозғалыс өсіп келеді, ондағы жұмысшылар Советтер ұйымдастыруды қазірдің өзінде талап етіп отыр. Қазір басқа жол жоқ болып шықты. Бүкіл дүние жүзінде революция пісіп жетіліп келеді. Біз бұл істе бірінші болдық, сондықтан біздің ісіміз — өзіміздің одақтастарымыз келіп жеткенше осы революцияны қорғап қалу, ал бұл одақтастарымыз — барлық европалық елдердің жұмысшылары. Өздерінің үкіметтері неғұрлым шектен шыққан сайын, бұл одақтастар бізге соғұрлым жақындай бермек.

Немістер өздерін үстембіз деп санаған кезде, Брест бітімі кезінде, олар өздерінің апатқа ұшырауынан бір қадам жерде тұрған еді. Ал қазір немістерге Германияның сол кезде бізге таңған шарттарынан гөрі анағұрлым ауыр және масқара бітім шарттарын таңып отырған Франция мен Англия, енді осылар шыңыраудың шетінде тұр. Олар қалай өтірік айтқанымен де,— қазір олар өздерінің апатқа ұшырауынан бірнеше қадам жерде тұр. Олар бұл апаттан қорқады, олардың өтіріктері күн санап, барған сайын әшкереленген үстіне әшкереленіп жатыр, сондықтан біз былай дейміз: бұл империалистер өз газеттерінің бетінде өтірікті қалай айтқанымен де,— біздің ісіміз берік іс, олардың ісінен де гөрі берігірек, өйткені бұл іс барлық елдердегі жұмысшы бұқарасының сана-сезіміне сүйенеді; бұл сана-сезім бүкіл дүние жүзін төрт жыл бойы қанға бөктірген соғыстан туған-ды. Бұрынғы үкіметтер бұл соғыстан жалғанның жарығына шыға алмақ емес. Бұрынғы үкіметтер енді дүние жүзілік большевизмге қарсымыз дейді. Россияда не болып жатқанын жұмысшылар біледі: онда жалдамалыларды — жат ел солдаттарын осында жәрдемге шақырып отырған помещиктер мен капиталистерге қуғын жасалып жатыр. Енді жағдай жұрттың бәріне айқын.

Оны барлық елдердің жұмысшылары түсінеді. Империалистердің бүкіл тағылығына, олардың ашу-ызасына қарамастан, біз батыл түрде оларға қарсы күреске барамыз және олардың Россия ішіндегі әрбір қадамы өздерінің түбіне жететін қадам болатындығын, Украинадан астық әкетудің орнына орыс большевизмін әкеткен герман әскерлері душар болған жағдайға бұлардың да душар болатындығын білеміз.

Россияда еңбекшілердің өкіметі бар, егер өкімет олардың қолында болмаса, онда осы қанқұйлы, ауыр соғыстан түскен жарақаттарды ешкім, еш уақытта айықтыра алмайды. Өкіметті бұрынғы капиталистердің қолында қалдыру — осы соғыс үшін төленетін алымның бәрін еңбекші таптың төлеуі үшін соғыстың бүкіл ауыртпалығын соған жүктеу деген сөз.

Қазір Англияның, Американың және Жапонияның арасында тонап алынған олжадан кімнің нені жұлып қалуы үшін күрес жүріп жатыр. Қазір бәрі де бөлісіп алынған. Вильсон — дүние жүзіндегі ең демократиялық республиканың президенті. Ал ол не деп отыр? Бұл елде бітімге шақырған бір ауыз сөз үшін шовинистер тобыры жұртты көшеде атады. Ешқашан да революционер болып көрмеген бір священникті бейбітшілікті уағыздағаны үшін ғана көшеге сүйреп шығарып, қансырата ұрған. Нағыз тағылық террор үстемдік еткен жерде,— мұндай жерде қазір әскерлер революцияны тұншықтыру үшін, герман революциясын басып-жаншумен қорқыту үшін қызмет істейді. Германияда революция жақында ғана басталды, ол басталғалы бір ай ғана өтті,— ал ондағы ең қатты қойылып отырған мәселе — құрылтай ма әлде Совет өкіметі ме деген мәселе. Онда бүкіл буржуазия құрылтайды жақтайды және барлық социалистер де — кайзерге малайлық етуге барып, революциялық соғысты бастауға батылы бармағандар — бұлар да құрылтайды жақтайды. Бүкіл Германия екі лагерьге бөлінді. Социалистер қазір құрылтай жағында, ал үш жыл уақытын түрмеде өткізген Либкнехт, Роза Люксембург сияқты, «Қызыл Туды»[163] басқарып отыр. Кеше Москва бұл газеттің бір данасын алды. Алынғанда да үлкен қиыншылықтармен, оқиғалармен алынды. Сіздер

одан бірқатар мақалаларды коресіздер,— бұл газетте революцияның көсемдері, олардың бәрі буржуазияның халықты алдағаны туралы айтады. Германияның еркі капиталистер қолында болды. Олар тек өздерінің ғана газеттерін басып шығарды, ал мына «Қызыл Ту» халық игілігін тек жұмысшы бұқарасының ғана пайдалануға правосы бар дейді. Германияда қазірдің өзінде-ақ, революцияға тек бір ай ғана өтсе де, бүкіл ел екі лагерьге бөлінді. Барлық сатқын социалистер: біз құрылтайды жақтаймыз деп айқай салып отыр, ал социалистер — нағыз, адал социалистер: «Біздің бәріміз де жұмысшылар мен солдаттардың өкіметі жағындамыз» дейді. Олар «шаруалар жағындамыз» демейді, өйткені Германияда шаруалардың да едәуір бөлегі жұмысшы жалдайды, «жұмысшылар мен солдаттар жағындамыз» дейді. «Ұсақ шаруалар жағындамыз» дейді. Онда Совет өкіметі қазірдің өзінде-ақ басқару формасына айналды.

Совет өкіметі — бүкіл дүние жүзілік өкімет. Ол ескі буржуазиялық мемлекеттің орнына келеді. Тек монархия ғана емес, сонымен қатар республика да, егер ол капиталистердің меншіктерін — фабрикаларды, заводтарды, банктерді, баспаханаларды — капиталистерде қалдыратын болса, мұндай республика буржуазияның халықты тонау формаларының бірі болып табылады. Ал дүние жүзілік революция өсіп келеді дегенде большевиктер дұрыс айтқан болатын. Ол түрлі елдерде түрліше дамиды. Ол әрқашан да ұзаққа созылады және ауыр жолдан өтеді. Капиталистер өз праволарынан бірден бас тартады деп ойлайтын социалист — жаман социалист. Жоқ. Дүниеге ондай қайырымды капиталист әлі келе қойған жоқ. Социализм тек капитализмге қарсы күресте ғана дами алады. Күрессіз беріле салған үстем тап дүниеде әлі болған емес. Большевизмнің не екенін капиталистер біледі. Бұрын: «орыстың ақымақтығы мен орыстың артта қалушылығы ол жақта сиқыр жасап жатыр, бірақ оларынан ештеңе шықпайды. Олар өздерінің Россиясында қайдағы бір елестерді, о дүниеден шыққандарды қуып жүр» дейтін. Ал қазір осы капиталист мырзалардың өздері бұл революция — бүкіл дүние жүзілік өрт екендігін, тек еңбекшілер өкіметі ғана салтанат құ-

ра алатындығын көріп отыр. Қазір бізде кедейлер комитеттеріне көшіп жатыр. Ал Германияда орасан зор көпшілік — не батырақтар, не ұсақ шаруалар. Германияда ірі шаруалар түгелдей өзінше бір помещиктер.

Швейцариядағы біздің өкілімізді Швейцария үкіметі кеше Швейцариядан қуып жіберіпті, ал мұның неден болып отырғанын біз білеміз. Ол бізге: Англия жұмысшыларының «Британ әскерлері Россиядан кетсін!» деп жариялаған Лондондағы митингілері туралы күн сайын телеграммалар мен хабарлар жіберіп тұрды, француз және ағылшын империалистері сонан қорықты, мұны біз білеміз. Ол Франция туралы да мәліметтер жіберіп тұрды. Россияның өкілдеріне империалистер ультиматум қойды деседі. Империалистер Совет өкіметінің өкілдерін Швециядан да қуып жіберген, енді олар да Россияға қайтып келуге тиіс. Бірақ империалистердің масайрауына әлі ерте. Бұл — арзан жеңіс. Бұл қадам әлі ештеңеге жеткізбейді. «Одақтастар» шындықты қалай жасырамын десе де, олар халықты қалай алдаймын десе де, Советтік Россияның өкілдерінен құтылуға қалай тырысса да,— сайып келгенде халық бұл шындықтың бәрін білетін болады.

Сондықтан сіздерге біздің айтатынымыз — «одақтастарға» барлық пәрменмен тойтарыс берілсін де, Қызыл Армияға қолдау жасалсын! Қызыл Армия болмаған কездегі біздегі жағдайдың бәрі, мұның бәрі түсінікті. Бірақ біз енді Қызыл Армияның нығая түскенін және жеңіске жетіп жатқанын көріп отырмыз. Біздің армиямызға ағылшын әскерлері қарсы тұр. Ал біздің армиямыздың жұмысшы табынан күні кеше ғана алынған офицерлері бар, олар әскери оқу курсынан тұңғыш рет күні кеше ғана өтті. Бізге тұтқындар түскен кезде, бұл тұтқындар біздің республиканың ағылшын тіліне аударылған Конституциясын оқыған кезде, өздеріне: «Бізді алдаған екен. Советтік Россия біздің ойлағанымыздай емес екен. Совет өкіметі — еңбекшілер өкіметі екен» дейтіндігі жөнінде біз бірқатар дәлелдемелерге ие боламыз. Сонда біз: «Иә, жолдастар, біз тек Советтік Россия үшін ғана соғысып жатқанымыз жоқ,— біз бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары мен еңбекшілерінің өкіметі үшін күре-

сіп жатырмыз» дейтін боламыз. Әзірге біз империализмнің қысымына төтеп беріп жатқанда, герман революциясы нығайып келеді. Революция басқа елдердің бәрінде де нығаюда. Міне сондықтан, Европада оны қалай деп атағанымен де,— ол, осы дүние жүзілік революция, қайратына мінді, ал дүние жүзілік империализм құриды. Сондықтан біздің жағдайымыз, ол қандай ауыр болғанмен де, әділ іс үшін күресіп жатқан тек біз ғана емес екенімізге, бізде одақтастар — әрбір елдің жұмысшылары — бар екендігіне де сенім туғызады.

Жолдастар, біздің халықаралық жағдайымыз туралы осы ескертпелерден кейін мен басқа мәселелер жайында бірнеше соз айтпақпын. Мен ұсақ буржуазиялық партиялар туралы айтпақшымын. Бұл партиялар өздерін социалистерміз деп санап келді. Бірақ олар социалистер емес. Капиталистік қоғамдағы банктер, кассалар, өзара жәрдем қоғамдары сияқты мекемелер «өзіндік жәрдем» деп аталатынын біз жақсы білеміз, бірақ мұның бәрі әсте түкке тұрмайды: шындығына келгенде — осы атаудың астарымен тонаушылық бүркемеленіп отыр. Міне осы партиялар, халықты жақтаған сияқты болған партиялар, бұлар орыс жұмысшы табы Красновтың (біздің әскерлер оны тұтқынға алған еді, амал не, босатып жіберді, өйткені петроградтықтар тым көңілшек болды) шабуылына тойтарыс беріп жатқанда,— сол кезде бұл меньшевик және оңшыл эсер мырзалар буржуазия жағына шықты. Ұсақ буржуазияның бұл партиялары өздерінің қайда барарын — капиталистер жағына шығарын әлде жұмысшылар жағына шығарын — еш уақытта білген емес. Бұл партиялар әйтеуір бір кезде байырмыз деген үмітпен жүрген адамдардан құралған. Олар өздерінің төңірегіндегі ұсақ қожайындардың көпшілігі — бұлардың бәрі еңбекші халық — қалай нашар тұратындығын үнемі байқап отырады. Сондықтан бүкіл дүние жүзінде бытырап жүрген осы партиялар, ұсақ буржуазиялық партиялар, ауытқи бастады. Бұл жаңалық емес. Бұл әрқашан да болды, бізде де бар. Біздің революциямыздың ең ауыр дәуірі — Брест бітімі келген кезде, бізде армия болмай, біз бітім жасасуға тиіс болған кезімізде, бірақ өзімізге: біз өзіміз-

дің социалистік жұмысымызды бір минут та тастамаймыз деген кезімізде,— олардың бәрі бізден безіп шықты. Россия социалистік революция жолында орасан зор құрбандықтар жасап жатқандығын олар ұмытты, сөйтіп олар құрылтайшылар жағына өтіп кетті. Самарада, Сибирьде құрылтайшылар пайда болды. Енді оларды ол жерлерден қуып шығып жатыр және оларға: не помещиктер өкіметі жағына, не большевиктер өкіметі жағына шығыңдар деп көрсетіп отыр. Аралық жол болмайды. Не езілгендердің өкіметі, не езушілердің өкіметі болады. Ең кедей шаруалардың бәрі тек біздің соңымыздан ғана ере алады. Ергенде тек мына жағдайда: ескі режимді мәймөңкелемей, бәрін де тек халықтың бақытты тұрмысы үшін істеп жатқандығын көргенде ғана ереді. Жағдайдың ауырлығы мен ашаршылыққа қарамастан, халық Советтердің осындай өкіметін ғана бүкіл жыл бойы қолдай алды. Соғыс қандай ауыр болғанмен, соғыстың бүкіл ауыртпалығын жұмысшылардың мойнына емес, капиталист-езушілердің мойнына аудару үшін бұл мырзаларға қарсы істеуге болатын нәрсенің бәрін жұмысшы-шаруа үкіметі істейтіндігін жұмысшылар мен шаруалар біледі. Міне сондықтан жұмысшылар мен шаруалар өкіметін халық бір жылдан астам уақыт бойы қолдап келеді.

Енді, герман революциясы басталған кезде, меньшевиктер мен эсерлерде бетбұрыс туды. Олардың ішінен таңдаулы деген адамдар социализмге қарай ұмтылды. Ал олар большевиктер елес, ертегі қуып жүр деп ойлаған еді. Большевиктердің аңсағаны қиялдың жемісі емес, нақты өмір шындығы екеніне, дүние жүзілік революция басталып, бүкіл дүние жүзінде өсіп бара жатқанына енді олардың көздері жетті және меньшевиктер мен эсерлердің таңдаулы адамдары өздерінің қателескендігіне өкіне бастады, Совет өкіметі — тек орыстық өкімет қана емес, жұмысшылардың бүкіл дүние жүзілік өкіметі екенін және ешқандай да құрылтай оларды құтқара алмайтынын түсіне бастады.

Қазір, бүкіл дүние жүзілік революция бұрқ еткен кезде, Англия, Франция және Америка өздерінің сырткы жаулары жоқ екенін біледі. Ол жаулар әрбір елдің

өз ішінде. Қазір жаңа өзгеріс туып келеді, меньшевиктер мен оңшыл эсерлер ауытқи бастаған кезде, олардың таңдаулылары большевиктерге қарай бет бұрды, сөйтіп құрылтаймен қаншалық ант-су ішсе де, басқалары әлі де ақтар жағында екендігін олар көріп отыр. Қазір бүкіл дүние жүзінде мәселе былай қойылып отыр: не Совет өкіметі, не осы соғыста он миллион адамды қырғынға ұшыратып, жиырма миллион адамды жарымжан еткен, ал қазір басқа елдерді тонап жатқан тонаушылар өкіметі болу керек.

Міне, жолдастар, ұсақ буржуазиялық демократияның ауытқуын туғызып отырған мәселе осы. Бұл партиялардың әрқашан да ауытқитынын, оларда бұл ауытқу әрқашан да болатынын біз білеміз. Жұрттың көпшілігі өз сенімдерін өмірден алады, ал кітаптар мен сөздерге сенбейді. Біз орта шаруаға былай дейміз: сен бізге жау емессің: оны біз зәбірлейтіндей кінәсы жоқ, ал егер кей жерде жергілікті Совет орта шаруаға қатты тисе және бұл оның жанына бататын болса, онда мұндай Советті орнынан алу керек, демек, ол қалай істеу керек екенін білмейді. Аралық, ұсақ буржуазиялық демократия әрқашан да ауытқып отырады. Ал егер ол, маятник тәрізді біздің жаққа қарай толқыса, оны қолдау керек. Біз былай дейміз: «Егер сіздер біздің жұмысымызды бүлдіретін болсаңыздар,— сіздер бізге керек емессіздер. Ал егер сіздер бізге көмектесетін болсаңыздар,— біз сіздерді қабылдаймыз». Меньшевиктерде әр түрлі топтар бар, «активистер» (қимылды жақтаушылар) тобы бар. Бұл латын атауы, ал «Сынау жеткіліксіз. Іспен көмектесу керек» дейтіндер осы атауды бүркенді. Біз былай дегенбіз: чехословактармен соғысамыз, ал кімде-кім ол адамдарға көмектесетін болса, біз оларды аямаймыз. Ал өз қатесін көрген адамдар болса, онда оларды қабылдау керек, оларға кешірімділікпен қарау керек. Аралық адам, жұмысшы мен капиталистің аралығында тұрған адам, әрқашан ауытқитын болады. Ол Совет өкіметі көп ұзамай-ақ құлайды деп ойлады. Ал іс жүзінде басқаша болып шықты. Европалық империализм біздің өкіметімізді құлата алмайды. Революция қазір халықаралық көлемде дамып отыр. Сондықтан енді біз былай дейміз:

ауытқығандарың, енді өз қателеріңді көріп, түсінгендерің бізге келіңдер. Біз сіздерден безбейміз. Біз өзіміздің барлық назарымызды ең алдымен мынаған аударуымыз керек: бұл адамдар, бұрын олар кім болса, о болсын, олар ауытқыды ма, жоқ па,— егер олар шын ниетімен бізбен бірге болғысы келсе, бізге келе берсін. Енді біз ешкімнен қорықпаймыз, күшіміз жеткілікті. Біз оларға төтеп бере аламыз. Ал олар бізге төтеп бере алмайды. Бұл партиялардың ауытқуы сөзсіз екені естеріңізде болсын. Бүгін маятник әрі қарай толқыса, ертең бері қарай толқиды. Біз жұмысшылар мен езілгендердің пролетарлық партиясы болып қала беруге тиіспіз. Ал қазір біз бүкіл Россияны басқарып отырмыз, сондықтан бөтеннің еңбегімен өмір сүретін адам ғана біздің жауымыз болады. Басқалар бізге жау емес. Олар тек ауытқушылар ғана. Ал ауытқушылар әлі жау емес.

Енді тағы бір мәселе. Мәселе — азық-түлік туралы. Күзде аздап жақсарғандай болған азық-түлік жағдайы бізде тағы да құлдырап барады, мұны бәріңіз де білесіздер. Халық тағы да ашығып отыр, ал көктемге қарай жағдай бұдан да гөрі нашарлайды. Ал біздің темір жол транспортымыз қазір өте нашар. Оның үстіне, енді еліне қайтқан тұтқындарды тасумен оның жұмысы мүлде көбейді. Қазір Германиядан Россияға екі миллион адам қашып келіп жатыр. Бұл екі миллион — азап көріп, қиналған адамдар. Бұлардай ешкім ашыққан емес. Олар адам емес, адамның сүлдесі, қаңқасы ғана. Біздің транспортымыз ішкі соғыстан одан да бетер бүлінді. Бізде паровоздар жоқ, вагондар жоқ. Сондықтан азық-түлік жағдайы барған сайын ауырлап барады. Міне, сондықтан, осы ауыр жағдайға байланысты, Халық Комиссарлары Советі өзіне былай деп отыр: егер қазір бізде армия бар болып отырса және әрбір полктегі партия ұялары арқылы негізделген тәртіп бар болып отырса және қазір офицерлердің көпшілігі «еркетайлар» емес, жұмысшылардан шыққан офицерлер болса, егер бұл офицерлер жұмысшы табы мемлекетті басқаратын адамдар, қызыл офицерлер беруге тиіс екендігін түсінетін болса,— онда социалистік армия шын мәнісіндегі социалистік армия болады, ондағы офицерлер құрамы қызыл

офицерлерді тарту арқылы жақартылады. Біз қазір өзгеріс туғанын біліп отырмыз. Армия бар. Онда жаңа тәртіп бар. Бұл тәртіпті ұялар, жұмысшылар және комиссарлар қолдап отыр, олар майданға жүз мыңдап барып, жұмысшылар мен шаруаларға соғыстың неліктен жүріп жатқанын түсіндіруде. Біздің армияда өзгеріс міне осыдан туды. Міне сондықтан ол өзгеріс осынша қатты әсер етті. Ағылшын газеттері: енді Россияны өздерінің елеулі жауы деп қарайтындықтарын жазуда.

Бізде азық-түлік аппаратының нашар екенін біз жақсы білеміз. Оған алдап келген және алдап отырған, тонаушы адамдардың белгілі бір топтары еніп кеткен. Теміржолшылар бұқарасында жұмыстың барлық ауыртпалығын өзі котеріп жүргендердің бәрі, бұлардың бәрі Совет өкіметі жағында екенін біз білеміз. Ал жоғары жақтағылар ескі режимге жармасып жүр — не саботаж жасайды, не іске селқос қарайды. Жолдастар, өздеріңіз білесіздер, бұл соғыс — революциялық соғыс. Бұл соғысқа халықтың барлық күштері қатыстырылуға тиіс. Бүкіл ел революциялық лагерьге айналуға тиіс. Бәрі де көмекке келсін! Ал бұл көмек жұрттың бәрінің майданға баруында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттегі жұрттың бәрін азаттыққа бастап келе жатқан тап, Совет өкіметін қолдап отырған осы тап басқарушы болуында, өйткені мұны істеуге бір ғана сол таптың правосы бар. Жұмысшы табы басқару ісінен ғана емес, сауатын ашудан да осыншама уақыт шеттетіліп келген кезде, мұның қандай қиын іс екенін біз білеміз, оған дереу бәрін бірден үйренудің қандай қиын екенін біз білеміз. Жұмысшы табы әскери істе, ең қиын және ең қауіпті істе, осы өзгерісті қалайда жүзеге асырды. Осындай өзгерісті азық-түлік ісінде де, темір жол ісінде де жүзеге асыруымыз үшін саналы жұмысшылар бізге көмектесуге тиіс. Әрбір теміржолшы, әрбір азық-түлікші өзіне-өзі өз постында тұрған солдат деп қарайтын болуы керек. Ол өзінің ашаршылыққа қарсы соғысып жатқанын есінде сақтауға тиіс. Ол қағаз бастылықтың ескі әдеттерін тастауға тиіс. Жұмысшы азық-түлік инспекциясын құру туралы біз жуырда қаулы алдық[164]. Біз өзімізге: темір жол аппаратында өзгеріс туатын болуы үшін, одан өзін-

ше бір Қызыл Армия жасау үшін жұмысшылардың қатысуы керек дейміз. Өз адамдарыңызды шақырыңыздар. Курстар ашыңыздар, оларды оқытыңыздар, оларды комиссар етіп қойыңыздар. Тек солар ғана, егер олар өз қызметкерлерін беретін болса, тек солар ғана мынаған жете алады: азық-түлік ісінде біз ескі чиновниктер армиясын өзінше бір социалистік қызыл армияға айналдырамыз, жұмысшылар басқаратын және таяқтың күшімен емес, өз еркімен жұмыс істейтін, социалистік республика үшін өздерінің біле тұра жанын қиып, қаза болып жатқан майдандағы қызыл офицерлерше жұмыс істейтін армияға айналдырамыз.

Қысқаша есеп
1918 ж. 18 декабрьде «Правда» газетінің 275-номерінде басылған

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында толық басылған, 28-том

Стенограмма бойынша басылып отыр

ПРОШЬЯН ЖОЛДАСТЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ

Менің Прошьян жолдаспен Халық Комиссарлары Советінде бірге жұмыс істеп жүрген кезде, өткен жылдың аяғы мен үстіміздегі жылдың басында, солшыл эсерлер бізбен одақ болып жүрген кезде танысып, оны бағалауыма тура келді. Прошьян революция мен *социализмге* барынша берілгендігімен бірден көзге түсті. Солшыл эсерлердің бәрін бірдей социалистер деуге болмайтын еді, тіпті, олардың көпшілігін, сірә, бұлай деуге болмайтын еді. Бірақ Прошьян жөнінде мұны айту керек болды, өйткені оның орыс халықшылдарының идеологиясына, социалистік емес идеологияға адал екендігіне қарамастан, Прошьянның әбден иланған социалист екені көрініп тұрған еді. Ол марксизм арқылы, пролетариаттың тап күресінің идеяларынан социалист болған жоқ, ол өз бетімен социалист болды және де Халық Комиссарлары Советінде бірге жұмыс істеген кезімізде өзінің әріптестері, солшыл социалист-революционерлер, ұсақ қожайынсымақтардың көзқарасын білдіріп, ауыл шаруашылығы саласындағы коммунистік шараларға теріс көзқараста болған кезде, мен Прошьян жолдастың оларға қарсы шығып, үзілді-кесілді большевик-коммунистердің жағына шыққандығын талай рет байқаған едім.

Брест бітімінен біраз бұрын Прошьян жолдаспен сөйлескенім есімде ерекше сақталыпты. Онда маған біздің арамызда қандай да бір елеулі алауыздық қалмаған сияқты болып көрінген еді. Прошьян маған біздің пар-

тияларымызды қосу қажеттігі туралы, коммунизмнен (ол кезде бұл сөз әлі де көп қолданылмайтын еді) әлдеқайда алыс тұрған солшыл эсерлер Халық Комиссарлары Советіндегі ортақ жұмыс кезінде онымен айтарлықтай және етене жақындасқаны туралы айта бастады. Мен Прошьянның ұсынысына сабырлылықпен қарадым, оның ұсынысын ертелеу жасалған ұсыныс дедім, бірақ практикалық жұмыс үстінде арамызда жақындасушылық бар екенін әсте бекер дегенім жоқ.

Брест бітімі толық пікір алалығын туғызды, ал Прошьянның революциялық дәйектілігі мен иланымы барда мұндай пікір алалығынан тікелей, тіпті әскери күрес тумай қоймайтын еді. Іс көтеріліске дейін жетеді немесе бас қолбасшы, солшыл эсер Муравьевтің опасыздық жасауы сияқты фактілерге дейін жетеді деп мен, шынымды айтсам, ешбір күткен емес едім. Бірақ Прошьянның мысалы маған солшыл эсерлерден шыққан тіпті неғұрлым адал және иланған социалистердің өзінде *патриотизмнің* соншалық терең орнағанын, дүние танымның жалпы негіздері жөніндегі алауыздықтар тарихтың қиын бетбұрысы кезінде өздерін сөзсіз білдіретінін көрсетті. Халықшылдардың субъективизмі тіпті олардың таңдаулыларының өзін түзелмес қателікке ұрындырды, алып күштің, атап айтқанда герман империализмінің елесі олардың көзіне шел қаптатты. Бұл империализмге қарсы күресудің көтерілістен басқа түрі және оның үстіне дәл осы минутта, біздің жағдайымыз бен халықаралық жағдайдың объективті шарттарын ешбір есепке алмастан жүргізілетін түрі — революционердің борышы тұрғысынан қарағанда тіпті де жол беруге болмайтын күрес сияқты көрінді. Бұл арада 1907 жылы социалист-революционерлерді столыпиндік Думаның сөзсіз «бойкотистері» еткен нақ сол қатенің әсері болды. Қызу революциялық шайқастар жағдайында ғана қателік анағұрлым аяусыз кегін алды, Прошьянды Совет өкіметіне қарсы қарулы күрес жолына итермеледі.

Бірақ қалай дегенмен де Прошьянның 1918 жылғы июльден бастап Совет өкіметін әлсірету үшін істеген ісінен, 1918 жылғы июльге дейін Совет өкіметін нығай-

ту үшін істеген ісі көбірек еді. Неміс революциясынан кейін қалыптасқан халықаралық жағдайда да Прошьянның коммунизмге жаңадан, бұрынғысынан гөрі неғұрлым берік жақындасатыны сөзсіз еді, бірақ мұндай жақындасуға мезгілсіз қаза бөгет жасады.

Н. Ленин

«Правда» № 277,
20 декабрь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРЕСНЯ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ

Бұдан он үш жыл бұрын Москваның пролетарлары патша өкіметіне қарсы көтеріліс туын көтерді. Мұның өзі патша өкіметіне қарсы бірінші жұмысшы революциясы дамуының шырқау шыңы болды. Жұмысшылар жеңіліске ұшырады, Пресня жұмысшы қанына боялды.

Москва жұмысшыларының ұмытылмас ерлігі Россияның бүкіл еңбекші бұқарасына күрестің үлгісін көрсетті. Бірақ ол кезде бұл бұқараның өзі әлі де тым қараңғы, тым бытыраңқы еді, патшалық, помещиктік монархияға қарсы қолына қару алып көтерілген Пресняның, Москваның ерлерін қолдамаған еді.

Москва жұмысшылары жеңілгеннен кейін іле-шала бүкіл бірінші революция жеңіліс тапты. Нағыз тағылық помещиктік реакцияның азапты, ұзақ он екі жылы Россияның барлық халықтарының бүкіл жұмысшылары мен шаруаларын азапқа салды.

Пресня жұмысшыларының ерлік ісі зая кеткен жоқ. Олардың құрбандықтары бекер жасалған жоқ. Патша монархиясының алғаш рет іргесі сөгіліп, ақырын, бірақ үздіксіз ұлғая берді, ескі, орта ғасырлық тәртіпті әлсірете берді. Москва жұмысшыларының ерлігі қала мен деревняның еңбекші бұқарасы арасында терең толқу туғызды, оның сарыны түрлі қуғындауларға қарамастан кейіннен де басылмады.

1905 жылғы декабрьдегі қарулы көтеріліске дейін Россия халқы қанаушыларға қарсы жаппай қарулы көтеріліске шығуға қабілетсіз болып келген еді. Декабрь-

ден кейін бұл халық танымастай өзгерді. Ол қайта туды. Ол жауынгерлік шайқасқа қатысты. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 жылы жеңіп шығып, қазір — адам сенгісіз қиыншылықтарды кешіп, империалистік соғыс туғызған ашаршылық пен күйзеліс азабын жеңе отырып,— социализмнің бүкіл дүние жүзілік жеңісінің ісін қорғап жатыр.

Бүкіл дүние жүзілік жұмысшы революциясының алдыңғы қатарлы отряды Қызыл Пресня жұмысшылары жасасын!

«Коммунар» № 63,
22 декабрь, 1918 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Беднота» № 222,
24 декабрь, 1918 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Беднота» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

«ДЕМОКРАТИЯ» ЖӘНЕ ДИКТАТУРА ТУРАЛЫ

Берлиндік «Қызыл Ту» мен неміс Австриясы коммунистік партиясының органы веналық «Ұранның» (Weckruf)[165] Москваға жеткізілген аз ғана номерлері бізге социализмнің сатқындары — жыртқыш-империалистердің соғысын қолдаушылар — сол Шейдемандар мен Эберттердің, Аустерлицтер мен Реннерлердің бәрі Германия мен Австрияның революцияшыл пролетарларының шын өкілдерінен лайықты тойтарыс алып отырғанын көрсетеді. Біз III Интернационалдың өміршеңдігі мен өсуінің белгісі болып отырған осы екі органның екеуін де қызу құттықтаймыз.

Қазір, сірә, Германияда да, Австрияда да революцияның негізгі мәселесі: Құрылтай жиналысы болуы керек пе немесе Советтер өкіметі болуы керек пе? деген мәселе болса керек. Банкротқа ұшыраған II Интернационалдың өкілдері, Шейдеманнан бастап Каутскийге дейінгілердің бәрі, біріншісін жақтайды және өздерінің көзқарастарын диктатураға қарама-қарсы «демократияны» қорғау деп атайды (Каутский тіпті «таза демократия» деуге дейін барды). Жақында ғана Москвада және Петроградта шыққан «Пролетарлық революция және ренегат Каутский»* деген кітапшада мен Каутскийдің көзқарастарын толық талдадым. Барлық алдыңғы қатарлы капиталистік елдер үшін қазір іс жүзінде күн тәртібіне қойылып отырған талас мәселенің мәнін қысқаша баяндауға тырысып көрейін.

Шейдемандар мен Каутскийлер бұқараны алдау үшін және одан *қазіргі* демократияның *буржуазиялық* сипа-

* Қараңыз: осы том, 253—366-беттер. *Ред.*

тын жасыру үшін «таза демократия» туралы немесе жалпы «демократия» туралы сөз қозғайды. Мейлі, буржуазия мемлекеттік өкіметтің бүкіл аппаратын өз қолында сақтай берсін, мейлі, ат төбеліндей қанаушылар бұрынғы, буржуазиялық, мемлекеттік машинаны одан әрі пайдалана берсін! Мұндай жағдайларда жүргізілген сайлауды буржуазия «ерікті», «тең», «демократиялық», «бүкіл халықтық» сайлау деп атауды ұнататыны түсінікті нәрсе, өйткені бұл сөздер шындықты жасыру үшін, өндіріс құрал-жабдықтарына меншік және саяси өкімет қанаушылардың қолында қалатынын жасыру үшін қызмет етеді, сондықтан езілгендерге, ягни халықтың орасан зор көпшілігіне шын бостандық берілуі туралы, шын теңдік берілуі туралы сөз болуы да мүмкін емес. Қазіргі демократияның *буржуазиялық* сипатын халықтан жасыру, оны жалпы демократия немесе «таза демократия» деп көрсету буржуазияға тиімді және қажет, ал Шейдемандар, сондай-ақ Каутскийлер де, осыны қайталай отырып, *іс жүзінде* пролетариаттың көзқарасынан безіп, буржуазия жағына шығады.

Маркс пен Энгельс екеуі «Коммунистік Манифеске» жазылған алғы сөзге соңғы рет қол қойғанда (бұл 1872 жылы болған), пролетариаттың дайын тұрған (яғни буржуазиялық) мемлекеттік машинаны тек жай меңгере салып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайтынына, пролетариаттың оны сындырып, талқандауға тиіс екендігіне жұмысшылардың назарын айрықша аударуды қажет деп санаған болатын. Ренегат Каутский «Пролетариат диктатурасы» туралы тұтас бір кітапша жазып, жұмысшылардан осы аса маңызды маркстік ақиқатты жасырып қалды, марксизмді түп-тамырымен бұрмалады, сондықтан Шейдемандар мен К° мырзалардың бұл кітапшаға үйіп-төккен мақтауы, буржуазия агенттерінің буржуазия жағына өтушілерге айтатын мақтауы ретінде, әбден орынды болғаны түсінікті нәрсе.

Жұмысшылар мен барлық еңбекшілер капиталистік жалдама құлдықтың салдарынан ғана емес, сонымен қатар 4 жылдық тонаушылық соғыстың салдарынан да ашығып, жалаңаш қалып, күйзеліп, азап көріп отырғанда, ал капиталистер мен жалдаптар өздерінің тонап

алған «меншігін» және мемлекеттік өкіметтің «дайын» аппаратын бұрынғыша иеленіп отырғанда, таза демократия туралы, жалпы демократия туралы, теңдік туралы, бостандық туралы, бүкіл халықтық туралы сөз қылу — еңбекшілер мен қаналушыларды қорлау деген сөз. Мұның өзі марксизмнің негізгі ақиқаттарын мазақ-дайға ұру деген сөз, ал марксизм жұмысшыларға: сіздер буржуазиялық демократияны феодализмге қарағанда орасан зор тарихи прогресс ретінде пайдалануға тиістісіздер, бірақ бұл «демократияның» буржуазиялық сипатын, оның тарихи шарттылығы мен өресіздігін бір минут та ұмытпаңыздар, «мемлекетке» «діни соқыр сеніммен табынушылыққа» қосылмаңыздар, мемлекет дегеніміз монархия тұсында ғана емес, ең демократиялық республика тұсында да, бір таптың екінші тапты басып-жаншуына арналған машинадан басқа еш нәрсе еместігін ұмытпаңыздар деп үйреткен-ді.

Буржуазия екіжүзділікке салынуға және іс жүзінде буржуазия диктатурасы, қанаушылардың еңбекші бұқараға жүргізетін диктатурасы болып табылатын *(буржуазиялық)* демократиялық республиканы «жалпы халықтық өкімет» немесе жалпы демократия, немесе таза демократия деп атауға мәжбүр болып отыр. Шейдемандар мен Каутскийлер, Аустерлицтер мен Реннерлер (қазір, өкініштісі сол, Фридрих Адлердің көмегімен) осы өтірік пен осы екіжүзділікті қолдап отыр. Ал марксистер, коммунистер, бұл екіжүзділікті әшкерелеп, жұмысшылар мен еңбекші бұқараға тікелей және ашық шындықты айтып отыр: демократиялық республика, құрылтай жиналысы, бүкіл халықтық сайлау, т. с. дегендер іс жүзінде буржуазия диктатурасы болып табылады, сондықтан еңбекті капиталдың езгісінен азат ету үшін бұл диктатураны *пролетариат диктатурасымен* ауыстырудан басқа жол жоқ. Тек пролетариат диктатурасы ғана адамзатты капитал езгісінен, буржуазиялық демократияның, осы *байлар үшін* демократияның, өтірігінен, жалғандығынан, екіжүзділігінен азат ете алады, *кедейлер үшін* демократия орната алады, яғни демократияның игіліктеріне жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың қолын *іс жүзінде* жеткізе алады, ал қазір (тіпті

өң демократиялық — *буржуазиялық* — республика тұсында да) демократияның осы игіліктеріне еңбекшілердің орасан көпшілігінің *іс жүзінде* қолы жетпей отыр.

Мысалы, жиналыстар бостандығы мен баспасөз бостандығын алайық. Шейдемандар мен Каутскийлер, Аустерлицтер мен Реннерлер жұмысшыларды Германия мен Австрияда Құрылтай жиналысының қазіргі сайлауы «демократиялық» түрде өтіп жатыр деп сендірмек болады. Мұнысы өтірік, өйткені капиталистер, қанаушылар, помещиктер, жалдаптар жиналыстар өткізуге жарамды жақсы үйлердің $^9/_{10}$ бөлігін және қағаз запастарының $^9/_{10}$ бөлігін, баспахапаларды және басқаларды *іс жүзінде* өз қолдарында ұстап отыр. Қаладағы жұмысшы, деревнядағы батырақ пен күндікші «меншіктің» (Каутскийлер мен Реннерлер сияқты мырзалар қорғайтын меншіктің, өкініштісі сол, Фридрих Адлер де осы жаққа өтіп кетіп отыр) осы «қасиетті правосы арқылы» да, мемлекеттік өкіметтің буржуазиялық аппараты арқылы да, яғни буржуазиялық чиновниктер, буржуазиялық судьялар және басқалар арқылы да демократиядан *іс жүзінде* шеттетілген. «Демократиялық» (буржуазиялық-демократиялық) неміс республикасындағы қазіргі «жиналыстар мен баспасөз бостандығы» өтірік пен екіжүзділік болып табылады, өйткені *іс жүзінде* мұның өзі *байлар үшін* баспасөзді сатып алу және параға сатып алу *бостандығы, байлардың* халықты буржуазиялық газет өтірігінің уына қандыру *бостандығы, байлардың* помещиктік үйлерді, сәулетті сарайларды, т. с. өз «меншігінде» ұстау *бостандығы* болып табылады. Пролетариат диктатурасы капиталистерден помещиктік үйлерді, сәулетті сарайларды, баспаханаларды, қағаз қоймаларын еңбекшілердің пайдасына *тартып алады.*

Мұның өзі «бүкіл халықтық», «таза» демократияны «бір таптың диктатурасымен» ауыстырғандық деп Шейдемандар мен Каутскийлер, Аустерлицтер мен Реннерлер (өздерінің шетелдік пікірлестерімен, Гомперстермен, Гендерсондармен, Ренодельдермен, Вандервельделермен және К°-мен бірге) байбалам салып отыр.

Дұрыс емес деп жауап береміз біз. Мұның өзі буржуазияның іс жүзіндегі диктатурасын (мұндай диктатура-

ны демократиялық буржуазиялық республиканың формалары екіжүзділікпен бүркемелейді) пролетариат диктатурасымен ауыстырғандық болады. Мұның өзі байлар үшін демократияны кедейлер үшін демократиямен ауыстырғандық болады. Мұның өзі азшылық үшін, қанаушылар үшін жиналыс пен баспасөз бостандығын халық *көпшілігі* үшін, еңбекшілер үшін жиналыс пен баспасөз бостандығымен ауыстырғандық болады. Мұның өзі демократияны орасан зор, бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемде *ұлғайтқандық*, оны өтіріктен шындыққа айналдырғандық, қандай болсын, тіпті ең «демократиялық» және республикалық, *буржуазиялық* демократияны да *бұрмалап*, шұнтитып тастайтын капитал бұғауларынан адамзатты азат еткендік болады. Мұның өзі буржуазиялық мемлекетті *пролетарлық* мемлекетпен ауыстырғандық болады, мұндай ауыстыру мемлекет атаулының құруына жеткізстін бірден-бір жол болып табылады.

Мұндай мақсатқа бір таптың диктатурасынсыз неліктен жетуге болмайды? «таза» демократияға неге тікелей өтуге болмайды? деп сұрайды буржуазияның екіжүзді достары немесе буржуазия ақымақ еткен аңқау клейнбюргерлер мен филистерлер.

Біз былай деп жауап береміз: себебі, әрбір капиталистік қоғамда не буржуазия, не пролетариат шешуші маңыз ала алады, ал ұсақ қожайынсымақтар ауытқуға, дәрменсіздік көрсетуге мәжбүр болып, «таза», яғни таптан тыс немесе таптан жоғары демократияны армандаған ақымақ болып қала береді. Себебі, бір тап екінші тапты езіп отырған қоғамнан езілген таптың диктатурасы арқылы болмаса, басқа жолмен шығуға болмайды. Себебі, буржуазияны жеңу, оны құлату тек пролетариаттың ғана қолынан келеді, өйткені ол капитализм арқылы біріккен және «үйретілген», еңбекшілердің ұсақ буржуазияша өмір сүріп отырған ауытқушы бұқарасын өз соңына ерте алатын,— оны өз соңына ерте алатын немесе ең болмағанда оны «бейтарап» ете алатын бірден-бір тап. Себебі, қанаушылардың *қарсыласуын* ұзақ уақыт және қиындықпен *жаныштап тастамай* тұрып, капиталдың езгісін құлатуды тәтті тілді мещандар мен филистерлер ғана арман ете алады, осы армандармен

олар өздерін де, жұмысшыларды да алдайды. Германия мен Австрияда бұл қарсыласу әлі ашық түрде өріс ала қойған жоқ, өйткені экспроприаторларды экспроприациялау әлі басталған жоқ. Мұндай экспроприация басталған кезде бұл қарсыласу қасарысқан, жанталасқан қарсыласу болады. Мұны өздерінен және жұмысшылардан жасыра отырып, Шейдемандар мен Каутскийлер, Аустерлицтер мен Реннерлер пролетариаттың мүдделеріне сатқындық жасайды, нағыз шешуші кезеңде тап күресі және буржуазияның езгісін құлату позициясынан пролетариатты буржуазиямен келістіру позициясына, «әлеуметтік татулық» немесе қанаушыларды қаналушылармен ымыраластыру позициясына ауып кетеді.

Революциялар — тарихтың локомотивтері деген болатын Маркс[166]. Революциялар тез үйретеді. Германия мен Австрияның қала жұмысшылары мен деревня батырақтары Шейдемандар мен Каутскийлердің, Аустерлицтер мен Реннерлердің тарапынан социализм ісіне опасыздық жасалып отырғанын тез түсінетін болады. Пролетариат бұл «социал-сатқындарды», сөз жүзіндегі социалистерді, іс жүзінде социализмге сатқындық жасаушыларды,— Россияда пролетариаттың дәл осындай ұсақ буржуа мен филистерлерді, меньшевиктер мен «социалист-революционерлерді» лақтырып тастағаны сияқты,— аулақ лақтырып тастайды. Буржуазиялық мемлекетті, ол ең демократиялық буржуазиялық республика болса да, Париж Коммунасы типтес (Маркс ол туралы соншама көп айтқан болатын, ал Шейдемандар мен Каутскийлер оны бұрмалап, сатып кетті) мемлекетпен немесе Советтер типтес мемлекетпен ауыстыру ғана социализмге жол аша алатындығын пролетариат көретін болады,— және аты аталған «көсемдердің» үстемдігі неғұрлым толығырақ болған сайын, соғұрлым тезірек көретін болады. Пролетариат диктатурасы адамзатты капитал езгісі мен соғыстардан құтқарады.

Москва, 23. XII. 1918.

«Правда» № 2, 3 январь, 1919 ж. Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ 1918 ж. 25 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[167]

(Овация.) Жолдастар! Ең алдымен маған Совет республикасының халықаралық жағдайы туралы бірнеше сөз айтуға рұқсат етіңіздер. Әрине, сіздердің бәріңіз де білесіздер, халықаралық жағдайдың басты мәселесі ағылшып-француз-американ империализмінің жеңісі және оның бүкіл жерді біржолата иелену, ең алдымен, Советтік Россияны құрту әрекеттері болып табылады.

Өздеріңіз білесіздер, Октябрь төңкерісінің бас кезінде тек батыс европалық буржуазия өкілдерінің көпшілігі ғана емес, сонымен қатар Россия буржуазиясының бірқатар бөлегі де іске: бізде кейбір социалистік эксперимент жасалып жатыр, ол дүние жүзілік тұрғыдан қарағанда елеулі және келелі маңыз ала алмайды, деп қарады. Буржуазияның ерекше арсыз және алысты болжай білмейтін өкілдері Россиядағы коммунистік эксперименттер герман империализміне ермек болудан басқа ештеңе бере алмайды деген рухта талай рет пікір айтты. Амал не, осындай қылықтармен өздерінің көздерін бояуға ырық берген және, айталық, Брест бітімінің адам айтқысыз ауыр, адам айтқысыз зорлықты шарттарын осы тұрғыдан бағалаған адамдар да болды. Шындығын айтқанда, бұл адамдар саналы және санасыз түрде таптық ұсақ буржуазиялық патриотизмді қоздырды және нашарлап отырған жағдайды дүние жүзілік маңызы тұрғысынан емес, оқиғалардың дүние жүзілік көлемде дамуы тұрғысынан емес, қайта герман империализмі басты жау болып табылады-мыс және осы зорлықты,

әдеттен тыс тонаушылық бітім герман империалистерінің салтанаты болып табылады-мыс деген тұрғыдан бағалады.

Шынында да, егер сол кездің оқиғаларын Россияның жағдайы мағынасында алып қарасақ, онда бұдан артық жойқын шарттарды елестетуге де болмайды. Бірақ неміс империалистерінің жасаған қорытындыларының сорақылығы бірнеше айдан кейін-ақ байқалды, немістер Украинаны басып алып, неміс буржуазиясының алдында, ал одан да гөрі неміс пролетариатының алдында: империалистік саясаттың жемістерін жинайтын кез келді деп, біз Украинадан Германияға қажетті нәрсенің бәрін тауып аламыз деп мақтанған кезде байқалды. Мұның өзі оқиғаларды нағыз тар өрісті, алыстан болжай білмей бағалау еді.

Бірақ көп ұзамай-ақ оқиғаларды бағалағанда олардың дүние жүзілік революцияның дамуына тигізетін ықпалы тұрғысынан бағалаған адамдардың айтқаны бірден-бір дұрыс пікір болғаны байқалды. Адам естімес зардап шеккен нақ Украинаның мысалы, міне осы мысал халықаралық пролетарлық революцияны зерттеуге, оны ұқыпты түрде бақылауға негізделген бағаның оқиғаларға берілген бірден-бір дұрыс баға болғанын көрсетті: адам шыдағысыз ауыр жағдайларға душар етілген еңбекші бұқара империализмді тұншықтырып тастағанын көрсетті. Ал қазір біз Украина жөніндегі эпизод бүкіл дүние жүзілік революцияның өршу процесіндегі буындардың бірі болғанын көріп отырмыз.

Герман империалистері Украинадан материалдық игіліктерді дәмеленгенінен әлдеқайда аз алды. Оның бер жағында соғыстың осылайша көріне тонаушылық соғысқа айналуының өзі бүкіл герман армиясын әлсіретті, ал Советтік Россиямен жанасу Германияның еңбекші бұқарасының бұл армиясына бірнеше айдан кейін-ақ әсер етіп, іріткі салды. Ал қазір, ағылшын-американ империализмі бұрынғыдан да гөрі арсыздыққа салынып, өзін ешкім қарсылық жасай алмайтын билеуші деп есептеп отырған кезде, біз алда тұрған өте-мөте ауыр жағдайға көз жұмып қарамаймыз. Қазір Келісу державалары буржуазия үшін мүмкін болатын саясаттың

шегінен шығып кетті және Брест бітімін жасасқанда, 1918 жылдың февралы мен мартында герман империалистерінің асқақтағаны сияқты асқақтап отыр. Герман империализмін апатқа ұшыратқан нақ сол себеп ағылшын-француз империализмі жөнінде де бізге айқын көріне бастады. Ағылшын-француз империализмі Германияға, Брест бітімін жасаған кезде Германияның бізге таңғанынан әлдеқайда жаман, әлдеқайда ауыр бітім шарттарын таңды. Осылай етіп, ағылшын-француз империализмі тіпті шектен шығып кетті, мұның өзі кейін оған қатер болып төнеді. Бұл шектен асты дегенше империализм еңбекшілер бұқарасын уысында ұстап тұру үмітінен айрылады.

Жеңіс жөнінде және Германияны талқандау жөнінде шовинистер көтерген айқай-шуға қарамастан, соғыстың ресми түрде әлі тоқталмағанына қарамастан, біз қазірдің өзінде-ақ Франция мен Англияда жұмысшы қозғалысының өте-мөте қатты өскендігінің белгілерін және шовинистік көзқараста болып келген саясатшылар позициясының өзгергендігін көріп отырмыз, қазір олар орыс істеріне қол сұғуға әрекеттенгені үшін өз үкіметіне қарсы шығып отыр. Ал егер ағылшын-американ солдаттарының бауырласа бастағаны туралы соңғы уақытта газеттерде шығып жатқан хабарларды осымен салыстыратын болсақ, егер империалистік әскерлердің азаматтарды алдау және қорқыту жолымен құралғанын есте сақтайтын болсақ, онда біз Советтік Россияның негізі айтарлықтай берік деп санай аламыз. Дүние жүзілік соғыс пен революцияның осы жалпы жағдайын ескере келіп, біз мүлде абыржымаймыз және келешегімізге кәміл сеніммен қараймыз, сөйтіп былай дейміз: ағылшын-француз империализмінің асқақтап кеткендігі соншалық, ол империалистердің жүзеге асыруы мүмкін бітім шектерінің бәрінен шығып кетті, оған толық күйреу төніп тұр.

Революцияны тұншықтыру, барлық елдерді басып алу және бөлісу,— империалистік соғысты тоқтатпай отырған Келісу державаларының алға қойған міндеттері міне осындай. Бірақ, Англия мен Америка соғыс сұмдықтарынан Германияға қарағанда әлдеқайда сырт-

қарырақ тұрғандығына, олардағы демократиялық түрде ұйымдасқан буржуазия герман буржуазиясына қарағанда әлдеқайда алыстан болжайтындығына қарамастан, ағылшын және американ империалистері ақылынан адасты, сөйтіп қазір объективті жағдайлардың салдарынан өздерінің әлі келмейтін міндетті қолға алуға мәжбүр болып отыр, жұртты тыныштандыру мен ауыздықтау үшін әскер ұстауға мәжбүр болып отыр.

Алайда біздің қазіргі жағдайымыз өзіміздің күшімізді неғұрлым толық жұмылдыруымызды талап етеді. Ендігі жерде біз әрбір айды бұрынғы он жылдан гөрі көбірек бағалауымыз керек, өйткені біз жүз есе көп істі істеп жатырмыз: біз тек Россия республикасын қорғап қана отырғанымыз жоқ, сонымен қатар дүние жүзілік пролетариат үшін де ұлы іс істеп жатырмыз. Ұйымдық жоспар жасау және жалпы қатынастарды қалыптастыру жөнінде бізден үлкен күш салу, үлкен жұмыс істеу талап етіліп отыр.

Біздің ең таяудағы міндеттеріміз туралы мәселеге көше отырып, мен қазірдің өзінде-ақ негіз жасалғанын және халық шаруашылығы советтерінің бірінші[168] және екінші съездері арасындағы уақыт ішінде жұмыстардың негізгі түрі белгіленгенін айтуға тиіспін. Өнеркәсіпті, национализацияланған кәсіпорындарды басқарудың, өнеркәсіптің тұтас салаларын басқарудың жалпы жоспары кәсіптік одақтардың қатысуымен жасалып, берік негізге қойылды, оның бер жағында іске зиян келтіретін синдикалистік, сепаратистік, жергілікшілдік және облысшылдық әрекеттер атаулыға қарсы біз осы уақытқа дейін қалай күресіп келсек, бұдан былай да солай күресе береміз.

Соғыс жағдайы бізге ерекше жауапкершілік пен ауыр міндеттер жүктеп отыр. Кәсіптік одақтардың қатысуымен коллегиялық басқару қажет. Коллегиялар қажет, бірақ коллегиялық басқару практикалық іске кедергіге айналмауға тиіс. Ал қазір менің өзіме, атап айтқанда, біздің кәсіпорындарымыздың экономикалық міндеттерді жүзеге асыруын бақылауға тура келген кезде, біздің жұмысымыздың коллегиялық талқылаумен байланысты атқарушылық бөлегі кейде істің орындалуын бөгейтін-

дігі айрықша көзге түседі. Коллегиялы түрде атқарудан жеке жауапкершілікке көшу бүгінгі таңның міндеті болып отыр.

Біз халық шаруашылығы советтерінен, бас басқармалардан және орталықтардан басқарудың коллегиялық жүйесін бос мылжыңға, қарарлар жазуға, жоспарлар жасауға және облысшылдыққа айналдырмауын сөзсіз талап етеміз. Бұған жол берілмеуі керек*. Халық шаруашылығы советінің әрбір қызметкері, бас басқарманың әрбір мүшесі шаруашылықтың, тар мағынада алғанда, қандай саласы үшін жауап беретіндігін білуін біз үнемі талап етіп отырамыз. Біз шикізаттың бар екендігі туралы, бірақ жұрт шикізаттың қанша екенін білмегені, оны анықтай алмағаны туралы мәліметтер алған кезде, товар қоймалары жабық тұр, ал шаруалар астықты құны түскен қағазға беруден бас тартып, товар айырбасын талап етіп отыр, әділетті түрде талап етіп отыр деген байбаламдар бізге жеткен кезде, біз нақ қай коллегиялық басқарманың қай мүшесі қағаз бастыға салып жүргенін білуге тиіспіз және біз бұл мүше қағаз бастыға салғаны үшін жауап беретінін, жауап бергенде қорғаныс тұрғысынан, яғни ол тіпті аса маңызды бас басқармадағы ең маңызды одақтың өкілі болса да дереу тұтқынға алынып, әскери сотқа тартылу тұрғысынан жауап беретінін айтуға тиіспіз. Бұл адам ең қарапайым нәрсенің: шаруашылық қоймаларындағы өнімдерді есепке алудың, оларды дұрыс пайдаланудың практикалық жағынан қанша-

* «Экономическая Жизньнің» 1918 ж. 26 декабрьдегі 42-номерінде басылған газет есебінде «Коллегиялы түрде атқарудан» деген сөздерден бастап «Бұған жол берілмеуі керек» деген сөздерге дейінгі текст былай деп баяндалған: «Бүгінгі күннің міндеті істі атқару саласында коллегиялылықтан жеке жауапкершілікке көшу болып табылады. Красин жолдастың әбден дұрыс айтқанындай, қазіргі уақытта бізде бүкіл россиялық іркіліс болып отыр. Біз бос сөзбен тым көп уақыт өткіземіз де, жалпы іске зиян келтіреміз. Мысалы, қазір бізде армия үшін ғана емес, сонымен бірге өте-мөте қиын жағдайларда жұмыс істейтін теміржолшылар үшін де толық жетерліктей шолақ тондар бар, бірақ есептеу және жеткізу ісі ұйымдастырылмағандықтан ғана олар тондарды ала алмай отыр.

Ендігі жерде біз, сөз жоқ, халық шаруашылығы советтерінен, бас басқармалардан және орталықтардан басқарудың коллегиялық жүйесі мылжыңдауға, қарарлар жазушылыққа, жоспарлар жасаушылыққа және облысшылдыққа айналып кетпеуін талап ететін боламыз. Үкімет шолақ тондар болуын үзілді-кесілді талап етеді, ал облыстардан, иә, бізде бұл жайында бұрын айтылған, біз өзіміздің ерекше пікірімізде қаламыз деген секілді сүйкейсалды жауап келеді. Бұған жол берілмеуі керек». *Ред.*

лықты жүзеге асырылғандығы үшін жауап беруі керек. Нақ осындай қарапайым міндеттердің орындалуына келгенде бізде көбінесе іркіліс болып қалады.

Тарихи тұрғыдан қарағанда мұның өзі ешқандай қауіп туғызбайды, өйткені жаңа және осы уақытқа дейін болып көрмеген формалар құрылысында ұйымдастырудың — жұмыс процесінде өріс алатын — жалпы жоспарын белгілеу үшін белгілі бір уақыт кетіру керек. Қайта, керісінше, бұл салада осындай қысқа мерзімнің ішінде қаншалықты көп жұмыс істелгеніне таңдану керек. Ал соғыс тұрғысынан, социалистік тұрғыдан қарағанда, нан мен шолақ тондар болуы үшін, жұмысшылар аяқ киімге, азық-түлікке және тағы сондайларға мұқтаждықты аз коруі үшін пролетариат біздің тарапымыздан барынша күш салуды талап етіп отырған кезде, товар айырбасын оның қазіргісінен үш есе, он есе арттыру қажет. Істің бұл жағы халық шаруашылығы советтерінің ең таяудағы міндеті болуға тиіс.

Бізге астықтың өнімдерге айырбасталуы үшін, астықтың жатып қалмауы үшін, әрбір коймадағы шикізат есепте ғана болып қоймай, сонымен қатар оның жатып қалмауы үшін, өндіріс саласында шын көмек көрсетілуі үшін жауапты адамдардың практикалық жұмысы керек.

Ал кооперативтерге келсек, онда оларға да іс тұрғысынан қарау қажет. Кооперация дегеніміз дүкеншілік іс, онда меньшевиктер бар, онда ақ гвардияшылар бар, сондықтан олардан аулағырақ жүру керек деп мәлімдейтін халық шаруашылығы советтерінің мүшелерін көргенімде, мен бұл адамдар істі мүлде түсінбейтінін көрсетіп отыр деймін. Бұлар кезеңнің міндеттерін мүлде түсінбейді, өйткені мамандар ретінде жарамды кооператорларды көрсетудің орнына, оларды ақ гвардияшыларға бүйрегі бұратындар деп көрсетеді. Мен бұларды өз ісімен шұғылданып жүрген жоқ деймін: ақ гвардияшыларды ұстау үшін бізде төтенше комиссиялар бар, олардың өз істерін өзіне беру керек. Ал кооперативтер — капиталистік қоғамда құрылған бірден-бір аппарат, біз мұны пайдалануға тиіспіз. Сондықтан істі ұшқалақтық пен нағыз тұрпайы топастықтың, интеллигенттік өзімшілдіктің бейнесі болып табылатын па-

йымдаулармен ауыстыру әрекетінің қандайын болсын біз соғыс жағдайындағы аяусыз жазалау жолымен қудалаймыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Егер осы уақытқа дейін, бір жыл өткен соң да, іс ойдағыдай жолға қойылмаса, егер біздің алдымызда практикалық міндеттер тұрған кезде біз әлі жоспарларды талқылаудан әрі аса алмасақ, ал еліміз астықты, жүннен басылған аяқ киімді, шикізат бұйымдарын уақтылы бөлуді талап етіп отырса, мұндай қағаз бастылық пен бөтеннің ісіне қол сұғу — төзуге болмайтын жағдай.

Кейде біздің аппаратта ақ гвардияшыларға іш тартатын элементтер болады, бірақ біздің мекемелеріміздің бәрінде коммунистік бақылау болып отырған жағдайда, бұл адамдар саяси маңыз, басшылық роль ала алмайды. Бұл туралы сөз болуы да мүмкін емес. Олар бізге практикалық қызметкерлер ретінде керек, сондықтан олардан қорқатын ештеңе жоқ. Коммунистердің аса тамаша адамдар екендігіне, олардың арасында тамаша ұйымдастырушылардың бар екендігіне мен күмәнданбаймын, бірақ бұл ұйымдастырушыларды көптеп алу үшін талай-талай жылдар керек, ал біз күтіп отыра алмаймыз.

Қазір біз мұндай қызметкерлерді буржуазия арасынан, мамандар мен интеллигенция арасынан ала аламыз. Және біз халық шаруашылығы советінде істейтін әрбір жолдастан былай деп сұраймыз: сіздер, мырзалар, тәжірибелі адамдарды жұмысқа тарту үшін не істедіңіздер, мамандарды жұмысқа тарту үшін, қайдағы бір Колупаевтар мен Разуваевтарда істегендегісінен жұмысты сіздерде ешбір кем істемеуге тиіс болатын приказчиктерді, буржуазиялық іскер кооператорларды жұмысқа тарту үшін сіздер не істедіңіздер? Бізге бұрынғы соқыр сенімнен бас тартып, бізге керекті мамандардың бәрін өзіміздің жұмысымызға шақыратын уақыт жетті. Мұны біздің барлық коллегиялық басқармаларымыз, біздің барлық коммунист қызметкерлеріміз білуге тиіс. Іске осылай қарау біздің жеңісіміздің кепілі.

Әр қилы бос сөздер жетерліктей болды, енді біздің елімізді империалистер қоршап отырған шеңберден шығара алатын практикалық іске көшетін мезгіл туды.

Барлық советтік, барлық кооперативтік аппараттар осы көзқараста болуы керек. Бізге іс істеу керек, іс керек! Егер пролетариат өкіметті өз қолына алып отырып, өз өкіметін пайдалана білмесе, мәселені практикалық тұрғыдан қоя білмесе және оны практика жүзінде шеше білмесе, ол өте көп нәрседен айрылады. Тек коммунистер ғана,— бұлардың арасында өте жақсы адамдар бар екені де күмәнсыз,— белгілі бір жұмысты жүргізе алады деген соқыр сенімнен арылатын уақыт жетті. Бұл соқыр сенімнен арылатын уақыт жетті: бізге іскер қызметкерлер және іс керек, сондықтан біз олардың бәрін жұмысқа тартуға тиістіміз.

Капитализм бізге орасан зор мұра қалдырды, бізге өзінің аса ірі мамандарын қалдырды, біз бұларды сөзсіз пайдалануымыз керек, пайдаланғанда олардың бәрін іске қосып, кең, жалпы көлемде пайдалануымыз керек. Өзіміздің коммунистерімізден мамандар дайындап жатуға бізде мүлде уақыт жоқ, өйткені қазір бүкіл іс практикалық жұмыста, практикалық нәтижелерде болып отыр.

Мәселені коллегияның әрбір мүшесі, жауапты мекеменің әрбір мүшесі істі өз қолына алатындай, оған бүтіндей жауап беретіндей етіп қою керек. Сөзсіз былай ету керек: белгілі бір саланы өз міндетіне алғандардың әрқайсысы оның бәріне: өндіру үшін де, бөлу үшін де жауап беретіндей ету керек. Мен сіздерге мынаны айтуға тиіспін: біздің Советтік республиканың жағдайы мынадай — астықты және басқа өнімдерді дұрыс бөлген жағдайда, біз өте, өте ұзақ уақыт төтеп бере аламыз. Ал бұл үшін қағаз бастылық атаулыдан үзілді-кесілді қол үзетін дұрыс саясат сөзсіз керек, тез және батыл қимылдау керек, белгілі бір жауапты жұмысқа белгілі бір адамдарды тағайындау керек, бұл адамдардың әрқайсысы өз ісін анық білетін болуы керек, сол үшін атылуға дейін жауапты бола отырып, іске нақты жауап беретін болуы керек. Халық Комиссарлары Советінде де, Қорғаныс Советінде де[169] біздің жүргізіп отырған саясатымыз міне осындай, ал халық шаруашылығы советтері мен кооперативтердің бүкіл қызметін осы саясатқа

бағындыру қажет. Пролетариаттың саясаты жүзеге асырылуға тиіс жол — міне осы жол.

Мәселені бізде товар айырбасының доңғалағы дұрыс айналатындай етіп қою керек. Қазір міндеттің бәрі осында, бұл салада біздің алдымызда үлкен жұмыс тұр, сондықтан осы айтып тұрғандарымды қорыта келіп, мен сіздердің бәріңізді осы жұмысқа міндетті түрде шақырар едім. (Көпке дейін басылмаған қол шапалақтау.)

Қысқаша есептер
1918 ж. 26 декабрьде
«Известия ВЦИК» газетінің
284-номерінде және
«Экономическая Жизнь» газетінің
42-номерінде басылған

Бірінші рет 1919 ж. мына
кітапта толық басылған:
«Халық шаруашылығы советтерінің
Бүкіл россиялық II съезінің
еңбектері.
Стенографиялық есеп»

Кітаптың тексті
бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАРҒА АРНАП ОҚУ КІТАБЫН ҚҰРАСТЫРУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

Тапсырма: 2 апта мерзім ішінде шаруалар мен жұмысшыларға арнап оқу кітабын құрастыру керек.

Кітап жеке-жеке, дербес, әрқайсысы өзінше тұтас, екі — төрт беттік листовкалардан құралуға тиіс.

Ең түсінікті тілмен, ең қараңғы шаруаларға арналып баяндалуы керек. Листовкалардың саны 50-ден 200-ге дейін, кітаптың бірінші шығарылуы үшін 50 болатын болсын.

Тақырыптары: Совет өкіметінің құрылысы, оның сыртқы және ішкі саясаты. Мысалы: Совет өкіметі дегеніміз не. Елді қалай басқару керек. Жер туралы заң. Халық шаруашылығы советтері. Фабрикаларды национализациялау. Еңбек тәртібі. Империализм. Империалистік соғыс. Құпия шарттар. Біз бітімді қалай ұсындық. Қазір біз не үшін соғысып жатырмыз. Коммунизм дегеніміз не. Шіркеуді мемлекеттен бөлектеу. Тағы сол сияқтылар.

Жақсы деген ескі листовкаларды алуға болады, алу керек те, ескі мақалаларды қайта өңдеуге болады.

Оқу кітабында жалпы жұрт алдында оқып беруге және үйде оқуға материал берілуге тиіс, жеке листовкаларды қайта басу үшін де, басқа тілдерге (аздаған қосымшаларымен) аудару үшін де материал берілуге тиіс.

1918 ж. декабрьде жазылған

Бірінші рет 1936 ж. 1 июньде «Правда» газетінің 149-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ[170]

I

Томскийдің, Радус-Зеньковичтің және Ногиннің тезистерінің әрқайсысы тиісті «мамандықтың», атап айтқанда кәсіптік одақтардың, комиссариаттың және қауіпсіздендіру кассалары бар кооперативтердің қайраткерлерінің көзқарасын білдіреді.

Сондықтан тезистердің әр тобының да олқылығы сол, істің бір жағын ғана бір жақты түрде баса көрсетіп, негізгі принципті мәселелерге келгенде оны көлегейлеп, көмескі қалдырады.

Қазіргі кәсіптік қозғалыстың және оның Совет өкіметіне көзқарасының бұл принципті мәселелерін дұрыс қою капитализмнен социализмге өтудегі *қазіргі, осы* кезеңнің ерекшеліктерін дұрыс есепке алуды бәрінен де көбірек талап етеді.

Авторлардың үшеуі де істің осы, негізгі, жағын жеткіліксіз көтерген немесе мүлдем дерлік көтермеген.

II

Қазіргі кезеңнің, қарастырылып отырған мағынада алғанда, басты ерекшелігі мынадай:

Совет өкіметі, пролетариат диктатурасы ретінде, қаланың пролетарлық бұқарасы арасында да, деревняның ең кедей шаруалары арасында да женді, бірақ барлық кәсіптердегі бүкіл жартылай пролетариат бұқарасын коммунистік насихатпен және берік ұйыммен әлі қамтып жарыған жоқ.

Осыдан келіп — бір жағынан, жұмысшылар мен қызметшілердің *советшілдігі кемірек* (яғни советтік платформаны толық мойындаудан негұрлым аулақ) болып отырған топтарына өзіміздің ықпалымызды таратып, бұл топтарды пролетариаттың жалпы қозғалысына бағындыру мақсатынан;— ал екінші жағынан, пролетариаттың және жартылай пролетариаттың өте-мөте жетілмеген топтары мен элементтерін, мысалы, қалалардағы қара жұмысшылар, содан соң үй қызметшілері, деревнялардағы жартылай пролетарлар, т. с. сияқтыларды идеялық жағынан сергіту және ояту, ұйымдық жағынан топтастыру мақсатынан осы кезең үшін күшті насихат пен ұйымдастыру жұмысының айрықша, өте-мөте маңыздылығы туады.

Одан соң, осы кезеңнің екінші негізгі ерекшелігі мынада: бізде социалистік қоғам құрылысы қазірдің өзінде-ақ жолға қойылды, яғни тек міндет ретінде және таяудағы практикалық мақсат ретінде анықталып қана қойған жоқ, сонымен қатар бұл құрылыстың бірқатар ең басты органдарын (мәселен, халық шаруашылығы советтерін) құрды, олардың бұқаралық ұйымдармен (кәсіподақтар, кооперативтер) қарым-қатынастарының белгілі бір практикасын жасап берді, белгілі бір практикалық тәжірибеге ие болды. Сонымен бірге, алайда, құрылыс әлі әбден аяқталған жоқ, біткен жоқ, кемістіктер әлі де өте көп, ең маңызды нәрсе (мысалы, астықты дұрыс жинау мен бөлу, отынды өндіру мен бөлу) әлі де қамтамасыз етілген жоқ, еңбекшілердің қалың бұқарасының бұл құрылысқа қатысуы әлі де өте жеткіліксіз.

III

Осы жағдайдан келіп қазіргі кезеңде кәсіптік одақтардың мынадай міндеттері туады.

Кәсіподақтардың қандай да болсын «бейтараптығы» туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бейтараптықты насихаттаудың қандайы болса да не контрреволюцияшылдықты екіжүзділікпен бүркегендік, не мүлдем санасыздық көрсеткендік болып табылады.

Кәсіподақтардың ішіндегі артта қалған немесе ен-

жар, коммунист емес элементтерді де, сондай-ақ еңбекшілердің кей жағынан алғанда әлі де ұсақ буржуазияшыл болып қалып отырған топтарын да өз ықпалымызға және жалпы пролетарлық тәртіпке бағындыруға мүмкіндік алу үшін біз кәсіптік қозғалыстың негізгі ұйтқысында қазір айтарлықтай күштіміз.

Сондықтан қазіргі басты міндет — күшті жаудың қарсылығын тойтаруда емес, өйткені Советтік Россиядағы пролетариат пен жартылай пролетариат бұқарасының арасында мұндай жау қазірдің өзінде жоқ, қайта пролетариат пен жартылай пролетариаттың белгілі бір ұсақ буржуазиялық топтарының соқыр сенімдерін қажырлы, табанды, неғұрлым кең ағарту және ұйымдастыру жұмысы арқылы жеңіп шығуда, Совет өкіметінің әлі де жеткілікті ұлғаймаған базасын үздіксіз ұлғайтуда (яғни мемлекетті басқаруға тікелей қатысушы жұмысшылар мен кедей шаруалардың санын ұлғайтуда), еңбекшілердің артта қалған топтарының көзін ашуда (тек кітаппен, лекциямен, газетпен ғана емес, басқару ісіне іс жүзінде қатыстырумен де), жалпы кәсіптік қозғалыстың осы жаңа міндеттері үшін де, сондай-ақ жартылай пролетариаттың өлшеусіз көп бұқарасын, мысалы, ең кедей шаруаларды тарту үшін де *жаңа ұйымдық формалар* табуда болып отыр.

Мысалы, комиссарлық арқылы, бақылаудың жедел топтарына қатыстыру, т. т. және т. с. арқылы кәсіподақ мүшелерін мемлекетті басқару қызметіне *түгелдей* тарту керек. Үй қызметшілерін — әуелі кооперативтердің жұмысына, халықты азық-түлікпен жабдықтау ісіне, өнім өндіруді қадағалауға, т. с., содан соң неғұрлым жауапты және «өрістірек» жұмысқа қатысуға,— әрине, қажетті кезектілікті сақтай отырып, тарту керек.

«Мамандарды» жұмысшылармен бірге мемлекеттік жұмысқа тарту керек және мамандарға бақылау қою керек.

Өтпелі формаларды есепке алу жаңа ұйымдық шеңберлерді талап етеді. Мәселен, деревняда кедейлер комитеттері орасан зор роль атқарады. Олардың Советтермен қосылып кетуі кейбір жерлерде жартылай пролетариат *бұқарасын* тұрақты ұйым шеңберінен *тыс* қал-

дыруға әкеп соғады деп қауіптенуге болады. Жалдама жұмысшылар емес деген желеумен деревнялардағы кедейлерді ұйымдастыру міндетінен бой тартуға болмайды. Жаңа формаларды іздеуге, іздеген үстіне іздеуге болады және іздеу керек те, айталық, мысалы, (α) астықпен жалдаптық жасауға және астық бағасының жоғары болуына мүдделі емес, (β) жұрттың бәріне бірдей ортақ шаралар арқылы өз тұрмысын жақсартуға ұмтылып отырған, (γ) жерді қоғамдасып өңдеуді күшейтуге ұмтылып отырған, (δ) қала жұмысшыларымен тұрақты одақ, т. с. іздейтін *ең кедейлердің* одақтары ретінде кедейлер одақтарын (мейлі сол кедейлер комитеттерінің өздері-ақ болсын) құруға болады.

Деревня кедейлерінің мұндай одағы, кәміл пролетарлық элементтерден басым болып кетпеуі үшін, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық советінің *ерекше бөлімі* бола алар еді. Форманың түрін өзгертуге болады және оны практикаға, жаңа, өтпелі әлеуметтік типтерді қамтудың жаңа міндетіне лайықтап іздеу керек (деревня кедейлері пролетариат емес, ал қазір тіпті жартылай пролетариат та емес, *олар,* капитализм әлі де құрып бітпегендіктен, жартылай пролетариатқа бәрінен де гөрі жақынырақ тұрған *адамдар,* ал сонымен бірге *олар* социализмге өтуге бәрінен де гөрі тілектестікпен қарайтын *адамдар*)...*

1918 ж. декабрьде — 1919 ж. январьдың бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

ҮЛКЕН МӘСЕЛЕЛЕРДІ АЙҚЫНДАУ ҮШІН КІШКЕНТАЙ КӨРІНІС[171]

«Беднотаның»[172] редакторы Сосновский жолдас маған тамаша кітап әкеліп берді. Ол кітаппен жұмысшылар мен шаруаларды мүмкіндігінше көбірек таныстыру керек. Одан социалистік құрылыстың нақты мысалдармен тамаша етіп түсіндірілген ең маңызды мәселелері жөнінде өте келелі сабақтар алу керек. Бұл — Александр Тодорский жолдастың «Виптовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» деген кітабы, мұны Весьегонск қалашығында сол жердің уездік атқару комитеті Октябрь революциясының бір жылдығына байланысты шығарған.

Автор Весьегонск уезінде Совет өкіметін құру жөніндегі жұмысты басқарушылардың бір жылдық жұмыс тәжірибесін,— әуелі азамат соғысын, жергілікті кулактардың көтерілісін, оның басып-жаншылуын, содан соң «бейбіт өмір құрылысын» суреттейді. Автордың меңіреу түкпірдегі уезде болған революцияның барысын суреттеуі сондай қарапайым, сонымен бірге сондай әсерлі болып шыққан, оны қайталап айту тек әсерін әлсіреткендік қана болар еді. Бұл кітапты кеңірек тарату керек және бұқара арасында және бұқарамен бірге, нағыз қайнаған өмірдің ортасында қимыл жасап жүрген қызметкерлердің мүмкіндігінше көбірегі өз тәжірибесін жазумен шұғылданса екен деген тілек білдіру керек. Осындай ең таңдаулы, неғұрлым шын, неғұрлым қарапайым, нақты мазмұнға неғұрлым бай бағалы бірнеше жүз, ең болмаса бірнеше ондаған суреттемелер басып шығару социализм ісі үшін көбінесе қаумалаған қағаз-

дың тасасынан өмірді көрмейтін жазымпаз әдебиетшілердің газеттік, журналдық және кітаби еңбектерінің көбісінен әлдеқайда өлшеусіз көп пайда келтірген болар еді.

А. Тодорский жолдастың әңгімесінен бір кішкентай мысал алайын. Әңгіме «көпестерді» «жұмыссыз» қалдырмай, оларды «жұмысқа кірісуге» итермелеу жөнінде болған.

«...Осы мақсатпен атқару комитетіне жас, жігерлі және мейлінше іскер үш өнеркәсіпші: Е. Е. Ефремов, А. К. Логинов, Н. М. Козлов шақырылды және бас бостандықтарыңнан айырамыз, бүкіл мүліктеріңді конфискелейміз деп қорқытып, тақтай тілу және құрым (былғары) заводтарын жасауға тартылды, ол заводтарды жабдықтауға дереу кірісілді.

Совет өкіметі қызметкерлер іріктеп алуда қателескен жоқ, ал өнеркәсіпшілер, обалына не керек, «екі апталық кездейсоқ меймандармен» емес, өкіметті берік қолына алған нағыз қожайындармен істес болғалы отырғанын бірден дерлік түсінді.

Мұны әбден дұрыс түсініп, олар атқару комитетінің жарлықтарын орындауды жігерлі түрде қолға алды, сөйтіп қазірдің өзінде-ақ Весьегонскіде жергілікті халықтың бүкіл қажетін өтейтін және жаңадан салынып жатқан темір жолдың заказдарын орындайтын тақтай тілу заводы толық жұмысқа кірісті.

Ал құрым былғарысын өңдейтін заводқа келсек, қазір оның үйі жабдықталып, Москвадан әкелінген двигательді, барабандарды және басқа да машиналарды орнату жұмысы жүріп жатыр, сөйтіп әрі кетсе $1^1/_2$—2 айдан кейін Весьегонскінің өзінде дайындалған құрым былғарысы болады.

Советтік екі заводты «советтік емес» қолдармен жабдықтау бізге жау таппен қалай күресу керектігінің жақсы үлгісі болып табылады.

Егер біз қанаушылардың қолын қағып, оларды зиянсыздандырсақ немесе «құртып жіберсек», бұл — әлі істің жартысы ғана. Біз оларды жұмыс істеуге мәжбүр еткен кезде, сөйтіп олардың қолымен орындалған іс арқылы біз жаңа тұрмысты жақсартуға және Совет өкіметін нығайтуға көмектескен кезде ғана іс ойдағыдай орындалады».

Осы тамаша және мейлінше дұрыс пайымдауды тақтайға ойып жазып, әрбір халық шаруашылығы советінде, азық-түлік органында, әрбір заводта, жер бөлімінде, тағысын-тағыларда көрнекті жерге іліп қойған жөн болар еді. Өйткені меңіреу түкпірде жатқан Весьегонскідегі жолдастардың түсінгендерін астаналардағы совет қызметкерлерінің көбісі қасарысып түсінбей жүр.

Кооперацияны есіне салғанында, орасан паңдықпен — және дәл сондай орасан зердесіздікпен — мұның өзі советтік қол емес, бұлар буржуйлар, дүкеншілер, меньшевиктер, пәлен уақытта, пәлен жерде кооператорлар ақ гвардияшыларға көрсетілген көмекті өздерінің финанс айналымдары арқылы бүркегендер, ал біздің социалистік республикада жабдықтау және бөлу аппараты таза советтік қолмен құрылуға тиіс деп мәлімдеп, жиреніште түрде мұрнын шүйіретін совет интеллигентін немесе жұмысшыны, коммунисті, жиі кездестіруге болады.

Бұл сияқты пайымдауға тән нәрсе мынау: бұл арада ақиқаттың өтірікпен араласып кеткендігі сонша — коммунизмнің міндеттерін аса қауіпті түрде бұрмалаушылық орын алып отыр, бұл бұрмалаушылық біздің ісімізге түпсіз терең зиянын тигізеді.

Иә, кооперация — буржуазиялық қоғамның аппараты, ол «дүкеншілік» жағдайда өсіп-жетілген, басшыларды буржуазиялық саясат пен буржуазиялық дүние таным рухында тәрбиелеген, сондықтан ақ гвардияшыларды немесе ақ гвардияшылдыққа жәрдемшілерді өте көп туындататын аппарат. Бұл даусыз нәрсе. Бірақ жаман нәрсе мынау — даусыз ақиқаттан, оның өңі айналдырылып, дөрекі қолданылуы арқылы жөнсіз қорытындылар жасала бастайды. Біз коммунизмді капитализм жасаған материалдардан басқа нәрседен, буржуазиялық жағдай өсіріп-жетілдірген мәдени аппараттан — әңгіме мәдени аппараттың бір бөлегі ретіндегі адам материалы жөнінде болып отырған соң — қайткенде де буржуазиялық психология сіңген мәдени аппараттан басқа нәрседен құра алмаймыз. Коммунистік қоғамды құрудың қиындығының өзі осында, ал сонымен қатар оны құрудың мүмкіндігінің және табысты болуының кепілі де осында. Марксизмнің ескі утопиялық социализмнен айырмашылығы да мынада: утопиялық социализм жаңа қоғамды қанқұйлы, лас, тонаушы, дүкенші капитализм жасаған адам материалының көпшілік өкілдерінен емес, арнайы парниктерде және теплицаларда өсірілген айрықша ізгі ниетті адамдардан құрғысы келді. Бұл күлкілі пікірге енді жұрттың бәрінің күлкісі келеді және

одан жұрттың бәрі арылды, бірақ марксизмнің осыған керісінше ілімін жұрттың бәрі бірдей ой елегінен өткізгісі келмейді немесе өткізе білмейді; құлдықтың, крепостниктіктің, капитализмнің, ұсақ бытыраңқы шаруашылық жүргізудің ғасырлар және мыңдаған жылдар бойы үстемдік етуі, рыноктағы орынға бола, өнім үшін немесе еңбек үшін негүрлым жоғары бағага бола баршаның баршаға қарсы соғысы аздырып бүлдірген көпшілік адам материалынан қалай коммунизм құруға болатынын (және қалай құруга тиіс екенін) ой елегінен өткізгілері келмейді.

Кооперация дегеніміз буржуазиялық аппарат. Бұдан келіп ол *саяси* сенімді ақтамайды деуге болады, бірақ оны басқару және құрылыс мақсаттары үшін пайдалану міндетінен бойды аулақ салған дұрыс деуге әсте болмайды. Саяси сенбестік советтік емес адамдарға *саяси* жауапты қызметтер беруге болмайды дегенге саяды. Саяси сенбестік ақ гвардияшылдыққа іш тартатын таптар, жіктер немесе топтар өкілдерін төтенше комиссиядағылардың мұқият бақылап жүруіне әкеліп саяды. (Бұл арада, жақша ішінде айта кетелік, таңдаулы, сыннан өткен коммунистердің бірі Лацис жолдастың Қазандағы өзінің «Красный Террор»[173] журналында жазғанындай жөнсіздіктерге дейін ауыз барып айту әсте шарт емес, ол: қызыл террор дегеніміз өздерінің үстемдігін қайтадан қалпына келтіруге тырысатын қанаушыларды күшпен жаншу деп айтқысы келіп отырып, мұның орнына өз журналының 1-номерінің 2-бетінде былай деп жазды: «ол Советке қарсы қолына қару алып көтерілді ме немесе сөз айтып көтерілді ме деген айыптау дәлелін істен іздеп әуре болмаңыздар (!!?)».)

Буржуазиялық аппараттың өкілдеріне саяси сенімсіздік көрсету заңды да қажет нәрсе. Оларды басқару ісіне, құрылыс ісіне пайдаланудан бас тарту дегеніміз коммунизмге орасан зор зиян келтіретін асқан зердесіздік. Кімде-кім меньшевикті социалист ретінде немесе саяси басшы ретінде, немесе тіпті саяси кеңесші ретінде ұсынғысы келсе, ол адам орасан зор қате жасаған болар еді, өйткені Россиядағы революцияның тарихы меньшевиктердің (социалист-революционерлердің де)

социалистер емес, пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресінің әрбір елеулі шиеленісуі жағдайында *буржуазия* жағына шығып кетуге бейім тұратын ұсақ буржуазиялық демократтар екендігін біржолата дәлелдеді. Бірақ ұсақ буржуазиялық демократия дегеніміз кездейсоқ саяси құрылым емес, қайдағы бір ерекше нәрсе емес, капитализмнің *қажетті* нәтижесі, оның бер жағында бұл демократиямен «жабдықтаушылар» тек ескі, капитализмге дейінгі, экономикалық жағынан реакцияшыл орта шаруалар ғана емес, сонымен қатар ірі капитализм негізінде өсіп шығатын мәдени-капиталистік кооперация, интеллигенция, т. с. болып табылады. Тіпті артта қалған Россияда да Колупаевтармен, Разуваевтармен қатар мәдениетті интеллигенцияны, меньшевиктік, эсерлік интеллигенцияны, партияда жоқ интеллигенцияны өздеріне қызмет еткізе білген капиталистер де дүниеге келді ғой. Біз осы капиталистерден қалайша ақылсыз боламыз, коммунистік Россияны құру үшін осындай «құрылыс материалын» қалайша пайдалана білмейміз?

1918 ж. аяғында немесе
1919 ж. басында жазылған

Бірінші рет
1926 ж. 7 ноябрьде
«Правда» газетінің 258-номерінде
басылған

Қолжазба бойынша басылып
отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНІҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1919 ж. 17 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[174]

(Д у о в а ц и я.) Жолдастар, біздің азық-түлік саясатымыз қандай-қандай басты фактілерді бастан кешіргенін қысқаша көрсетіп өтуден бастауыма рұқсат етіңіздер. Мен осы қысқаша көрсетулер өзіміз бүгін Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінде қабылдау үшін ұсынып отырған қаулының маңызын біздің дұрыс бағалауымызға ғана емес, сонымен қатар тұтас алғанда біздің бүкіл азық-түлік саясатымызды бағалауға да және қазір ауыр бетбұрыс туып келе жатқан кезде, ұйымдасқан пролетариаттың — Советтік Россия мен социалистік революцияның осы авангардының және басты тірегінің — өкілдерінің үлесіне тиіп отырған рольді бағалауға да пайдалы болады деп ойлаймын.

Жолдастар, біздің азық-түлік саясатымыз басты-басты үш актімен сипатталады, бұл актілер хронологиялық кезегі жағынан мына түрде көрінеді: бірінші — кедейлер комитеттерін құру туралы қаулы, мұның өзі біздің азық-түлік саясатымыздың бүкіл негізі болып табылатын қадам және сонымен бірге біздің революциямыздың бүкіл даму барысындағы және бүкіл құрылысындағы орасан маңызды өзгеріс пункті болып табылады. Осы қадам арқылы біз буржуазиялық революцияны социалистік революциядан бөліп тұратын шектен өттік, өйткені егер біз өзімізге деревняда жалпы шаруалық емес, шын пролетарлық тірек те жасамаған болсақ, жұмысшы табының қалалардағы жеңісінің бір ғана өзі және барлық фабрикалардың пролетарлық мемлекеттің

қолына көшуінің бір ғана өзі — осылардың бәрі социалистік тәртіптің негізін қалап, нығайта алмаған болар еді. Октябрьде біз пролетариатты шаруалармен тұтас және жалпы біріктірумен шектелуге тиіс болдық, сөйтіп осындай одақтың арқасында помещиктік жер иеленуді тез талқандап, оны жермен жексен етуге мүмкіндік алдық. Ал біз ең кедей шаруаларды, шаруалар пролетариаты мен жартылай пролетариатын ұйымдастыруға көшкен кезде, тек сонда ғана қала пролетариатының еңбекші бұқарасы мен деревня пролетариатының одағы берік ұйымдаса алды. Кулактар мен шаруа буржуазиясына қарсы күрес шын мәнісінде тек сонда жүзеге аса алды. Біздің азық-түлік саясатымыздағы осы негізгі қадам біздің бүкіл азық-түлік саясатымыздың негізгі көрінісі болып қалып отыр.

Маңызы, бәлкім, бұдан гөрі аздау екінші қадам — біздің өкілдеріміздің қатысуымен және солардың инициативасымен алынған декрет, бұл — кооперацияны пайдалану туралы декрет[175]. Бұл арада біз кооперация жасаған аппаратты, бүкіл капиталистік қоғам жасаған аппаратты және Россияда, түсінікті себептер бойынша, батыс европалық елдердегіден гөрі осалдау болған аппаратты біз пайдалануға тиіспіз деп қорыттық. Бұл жөнінде біз көптеген күнәлар жасадық және тек деревняларда ғана емес, қалаларда да, ірі пролетарлық орталықтарда да көп нәрсені істей алмадық. Біз бұл арада бізді кооперациядан аулақтататын түсініспеушіліктерге, орашолақтықтарға, соқыр сенімдерге және дәстүрлерге душар болдық. Кооперацияның жоғарғы топтары арасында пролетарлық емес элементтердің көп болуы әбден заңды; біз буржуазия жағына қарай жалт беруге бейім тұратын осы адамдарға қарсы,— контрреволюцияшыл элементтер мен олардың тіміскі әрекеттеріне қарсы,— күрес жүргізуге тиіспіз, сонымен бірге аппаратты, кооперация аппаратын,— бұл да капитализмнен қалған мұра,— миллиондар арасында бөліс жүргізу аппаратын сақтауға тиістіміз, бұл аппарат болмаса социализмді азды-көпті ойдағыдай етіп құруға да болмайды. Бұл арада азық-түлік комиссариаты дұрыс саясат белгіледі, бірақ біз оны әлі толық белгілеп біткеніміз жоқ, сон-

дықтан коммунистер фракциясының атынан бүгін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне өзіміз ұсынғалы отырған ережелер осы жолмен ілгері қарай басқан тағы бір қадам болады және кооперативтік аппараттың пайдаланылуын талап етеді. Кооперативтік аппараттың жарамсыз жоғарғы элементіне қарсы күрес жүргізе білу керек — мұны жүргізу үшін бізде күш те, өкімет те жеткілікті, өйткені елеулі қарсылық бола қояды екен деп ойлау күлкілі жай,— осындай күресті жүргізе білу керек және біз өз күштерімізді бекерге жоғалтып алмау үшін кооперативтік аппаратты міндетті түрде пайдалану керек, бұл аппарат бірыңғай болуы керек, коммунистер өз күштерін тек саяси жұмысқа ғана емес, сонымен бірге ұйымдастыру жұмысына да пайдалануы керек, осы жұмысқа әзірленген аппаратты — кооперативтік аппаратты техникалық жағынан пайдаланып қалу керек.

Біздің азық-түлік саясатымыздың белгісі болып табылатын үшінші қадам — жұмысшы азық-түлік ұйымдарын құру. Бұл арада, азық-түлікші жолдастар, сіздердің алдарыңызға жауапты міндет қойылады. Біз түскен жолдың өзі біз жүруге тиісті жол, сондықтан біз барлық комиссариаттарда да осы жолға түсуге ұмтылуымыз керек, бұл — тек азық-түлік жөнінен ғана маңызы бар шара емес, мұның жалпы әлеуметтік және жалпы таптық маңызы бар. Социалистік төңкерістің баянды болуы үшін, бұл үшін басқару ісіне жаңа тап келуге тиіс. Россияда, 1861 жылға дейін, басқарушы өкімет крепостник-помещиктер болғанын біз білеміз. Содан бері қарай, жалпы және тұтас алғанда, басқарушы өкімет буржуазия, ауқатты топтардың өкілдері болғанын біз білеміз. Ендігі жерде біз жаңа тапты, пролетариатты, басқару ісіне көтере білгенде ғана, Россияны пролетариат басқаратындай еткенде ғана социалистік төңкеріс баянды болады. Осы басқаруды барлық еңбекшілерді мемлекет басқару өнеріне түгел үйретуге өткел болатын ету керек, үйреткенде кітап, газет арқылы емес, сөздер, кітапшалар арқылы емес, әркім өзінің осы істі қолға алуға қабілетін сынай алатындай етіп, іс жүзінде үйретуге өткел болатын ету керек.

Міне, жолдастар, біздің азық-түлік саясатымыздың басты кезеңі осындай, бұл кезең сонымен бірге осы азық-түлік саясатын құру сипатының өзін де белгілейді. Айта кету керек, бұл арада біздің азық-түлікші жолдастарға ең ауыр міндет жүктеліп отыр. Ашаршылық — ең жойқын, ең сұмдық ауыртпалық екені, бұл саладағы қолайсыздықтың қандайына болса да бұқара түсінікті себептермен шыдамсызданып, ызаланып, ашынып қарайтыны түсінікті, өйткені мұндай ауыртпалыққа төзуге ешқандай мүмкіндік жоқ. Сонымен бірге Азық-түлік комиссариатына ең қиын міндет жүктеліп отырғаны да түсінікті. Ірі кәсіпорындарды басқаруда, ірі кәсіпорындардың өнімдерін есепке алуда бүліншілік пен тәртіпсіздіктің бізде қаншалықты көп екенін сіздер өте жақсы білесіздер, мұны әсіресе кәсіптік одақтардағы жолдастар да біледі. Ал мұның өзі миллиондаған шаруалар жинайтын азық-түлікті есепке алудан гөрі әлденеше мың есе жеңіл ғой. Ал таңдап жатуға да мүмкіндік жоқ қой. Елімізде жалпы алғанда өнім аз. Барлық жұртты асырау үшін өнім жеткіліксіз.

Кейбір азық-түліктер тым тапшы дегенде, мұның мәнісі не? Мұның мәнісі мынадай: егер біз қазір бар өнімді бүкіл халыққа бөліп берген болсақ, егер әрбір шаруа барлық өнімдерін жеткізіп берген болса, егер әрбір адам өз тұтынуын тоқшылықтағы мөлшерден гөрі біраз азайтқан болса, өйткені жұрттың бәрі әбден тоқ болуы мүмкін емес, егер әрбір шаруа өз тұтынуын тоқшылықтағы нормадан гөрі біраз азайтуға, ал қалғанының бәрін түгелімен мемлекетке беруге өз еркімен келіскен болса және егер біз мұның бәрін дұрыс бөлген болсақ,— біз біршама тапшылықпен күнелткен болар едік, бірақ ашықпаған болар едік. Бірақ, егер осындай міндет қоятын болсақ, оны біздің күйзелістегі кезімізде, істің жөнін білмейтін кезімізде,— оны істей білуді енді ғана үйреніп келеміз, бұрын оны ешқайдан алуға болмады,— әлбетте, мұндай міндеттің жалпы мемлекеттік көлемде орындалуы әдеттегі жолдармен шешілмейтіні түсінікті. Егер азық-түлік жеткіліксіз болса,— мұның мәнісі... мұның мәнісі не? Мұның мәнісі мынадай: егер халықтың өмір сүруі немесе қырылуы азық-түлікке байланысты

болып отырғанда, осы азық-түлік мөлшері жеткіліксіз болып отырғанда, сіздер сауда еркіндігіне рұқсат ететін болсаңыздар, онда сіздер жалдаптықты өршіте түсесіздер, сіздер өнімнің бағасын монополиялық немесе ашаршылық бағасы дейтін бағаға дейін шарықтатып жібересіздер, сөйтіп осы өршіген қымбат баға бойынша орта дәрежеден әлдеқайда жоғары табыс табатын азын-аулақ жоғары топтар ғана өздерін қанағаттандыра алады, ал орасан көп қалың бұқара ашаршылыққа ұшырайды. Міне, елімізде азық-түліктің жеткіліксіз болу жағдайы, еліміздің ашаршылыққа ұшырау жағдайы дегеніміз осы. Ал империалистер Россияға жабылғаннан бері Россия қоршауда қалып отыр. Олар өздерінің тонаушылық жоспарларын ашықтан-ашық айта алмайды, бірақ бұл, Каменев жолдастың әділ көрсеткеніндей, олардың қол сұғуын тоқтатқандығы емес. Біз қоршауда отырған елміз, қоршаудағы қамалмыз. Осы қоршаудағы қамалда мұқтаждық болмай қоймайды, сондықтан да Азық-түлік комиссариатының міндеті қандай комиссариаттың болсын ұйымдастыру міндеттерінің ішіндегі ең ауыры.

Егер ішкі жау туралы айтатын болсақ, қазір біздің жауымыз капиталист пен помещик емес — қанаушылардың бұл азшылығын жеңу оңай болды және ол жеңілді де,— біздің жауымыз жалдаптар мен бюрократтар болып отыр,— қалалар мен кейбір деревнялардағы жанталасқан мұқтаждық пен азапты ашаршылықты пайдаланып, байып алуға мүмкіндігі бар кез келген шаруа жалдап болуға өзінің бейімділігін көрсетіп отыр. Ал сіздер білесіздер, әсіресе кәсіптік одақтардағы жолдастар, өте жақсы білесіздер: бұл тырысушылық — жалдапқа айналу тенденциясы, бұл тенденция азық-түлік болмаған кезде, азық-түлік аз болған кезде, фабрикалық-заводтық орталықтарда да байқалады және қолдарына өнім түскендердің қай-қайсысы да бой тасалап, байып қалуға тырысады. Егер сауда еркіндігіне жол берілетін болса, онда қазір баға шырқап, халықтың орасан көп бұқарасының қолы жетпейтін мөлшерге дейін өсіп кетеді.

Міне, жолдастар, жағдай осындай, міне сондықтан да санасы жетілмеген бұқарада, титықтап шаршаған,

ашыққан, азап шеккен бұқарада азық-түлік жұмысында істеуші жолдастарға қарсы ашынушылық, наразылық ниеті немесе әлі қалыптаспаған сондай сезім бар. Мұндай адамдардың бәрі ойлай білмейтін адамдар, өз иегінің астындағыдан арғыны көрмейтін адамдар, оларға азық-түлікті тауып алуға болатын сияқты көрінеді. Ол: пәлен жерде астық бар екен, сол жерден азық-түлік тауып алыпты деп естіген, ал ол азық-түлік жалпы алғанда 10 миллион адамға жете ме, жету үшін қанша азық-түлік керек дегенді мұндай адам есептей алмайды. Оған өзіне бөгет жасайтын сияқты, азық-түлікші жолдастар оның жолын бөгейтін сияқты болып көрінеді. Азық-түлікшілердің оларға: егер сіздер мейлінше үнемшіл болсаңыздар, асқан ұйымшылдық көрсететін болсаңыздар, онда жақсы дегеннің өзінде, жақсы дегеннің өзінде сіздер тоқшылықтағыдан төмен нормамен, бірақ ашаршылыққа ұшырамайтын нормамен күнелте тұрасыздар деп істі ұқыпты, ақылмен істейтін қожайындар сияқты істеп отырғандарын олар түсінбейді. Елдің жағдайы осындай, бұл елде азық беріп отырған ең ірі орталықтар — Сибирь, Доп ауданы — бізден бөлініп тасталды, қазір адамдар үшін де, өнеркәсіп үшін де керекті отын, шикізат, бүкіл астық бөлініп тасталды және бұлар болмағандықтан еліміз сұмдық азапты бастан кешіруге мәжбүр болып отыр.

Азық-түлікшілер істі ақылмен істейтін қожайындарша былай деп отыр: ынтымақты болу керек, сонда ғана біз бет-бетімен қимыл жасау әрекетіне қарсы және тек тоқ болсақ болғаны деп еш нәрсемен санаспастан, нені болса да төлеу ниетіне қарсы жүйелі қимылдармен төтеп бере аламыз. Біз әрқайсымыз жеке-дара, бет-бетімізбен ойлап, қимыл жасамауымыз керек, өйтсек біз құримыз, біздің бәрімізге, миллиондаған еңбекшілерге капиталистік жеке меншік шаруашылық қалдырған, рынокқа жұмыс істеу системасы қалдырған:— мен сатамын, мен пайда табамын, мен неғұрлым көп табыс тапсам, соғұрлым аз ашығамын, ал басқалар соғұрлым көп ашығатын болады дейтін осы пиғылмен, осы әдеттермен күресуге тиіспіз. Тіпті елде азық-түлік көп кездің өзінде, халық қайыршылыққа ұшырап, соғыста қырылып жатқанда,

болмашы азшылық байлықтан да, қайыршылықтан да байып жатқан кезде, бұқараны аш қалдырған жеке меншіктің қарғыс атқан мұрасы міне осы. Міне, жолдастар, біздің азық-түлік саясатымыз душар болып отырған жағдай осы. Азық-түлік жеткіліксіз жағдайда еркін сауда деп аталатынға қарай жасалған әрбір қадамнан құтырынған жалдаптық туады дейтін экономикалық заң міне осы. Міне сондықтан да осы мәселе жөніндегі әңгімелердің бәрі, оларды қолдау жөніндегі әрекеттердің бәрі асқан зор зиян, құлдырау болады, социалистік құрылыстан бір адым кейін шегінгендік болады, бұл құрылысты Азық-түлік комиссариаты миллиондаған жалдаптарға қарсы сұмдық ауыр күресте жүзеге асырып жатыр,— жалдаптарды бізге қалдырып кеткен капитализм және: «әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршаның қамын ойлайды» деген жеке меншікшілдік ескі ұсақ буржуазиялық әдет,— ал егер біз бұл ережені жеңбесек, онда біз социализмді орната алмаймыз.

Тек бірігу арқылы, тек ең тығыз одақ арқылы — бұл одақты нағыз күнделікті жұмыста, жүзеге асырылуы бәрінен де гөрі қиын жұмыста: нан жетпей жатқан кезде бір тілім нанды бөлу мәселесінде күнделікті өмірде жүзеге асыру арқылы — тек осы арқылы ғана социализмді шын мәнісінде орнатуға болады. Мұны бір жылда жүзеге асыруға болмайтынын, ашаршылықтан азап шеккен адамдар айрықша шыдамсыздық көрсететінін, біздің дүркін-дүркін болса да осы бірден-бір азық-түлік саясатынан шегінуімізді талап ететінін біз білеміз. Сондықтан бізге ара-тұра шегінуге тура келеді, бірақ тұтас алғанда біз өзіміздің саясатымыздан таймаймыз және шегінбейміз.

Міне, жолдастар, осыдан жарты жыл бұрын, азық-түлік дағдарысы шырқау шегіне жеткен кезде, бізде ешқандай запас болмаған кезде, чехословактардың табысқа жетуі бізден Волганың үлкен бөлегін алып қойған кезде, біздің бір жарым пұтқа[176] келісуімізге тура келген жағдай осы. Бұл шара үшін үлкен күрес болды, қатты күрес болды,— екі жақтың да жағдайы өте жаман болды. Азық-түлікшілер былай деді: иә, жағдай нашар,

бірақ оны бұдан да нашарлатуға болмайды. Егер сіздер аз ғана адамдар үшін бір апта жеңілдік алсаңыздар, онда сіздер миллиондаған адамдар үшін жағдайды нашарлатасыздар. Екінші жағынан, былай деді: сіздер ашаршылықтан жүдеген, азап шеккен халықтан мінсіз ұйымдасуды талап етесіздер, сіздер мүмкін емес нәрсені талап етесіздер, жалпы саясатты уақытша бүлдіретін болса да, сіздер жеңілдік беруге тиістісіздер. Бұл шара жаңа серпін береді, ал мұның өзі басты нәрсе. Бір жарым пұттықты ұсынған кезімізде, біздің бастан кешірген жағдайымыз міне осындай болды. Жалпы, принципті, негізгі жағдай осы; бұл жағдайға төзуге болмаған кезде, сергектік пен рух күшін сақтап қалуға уақытша болса да көмектесу үшін, біз бұл жағдайдан шегінуге тиіс болдық. Біз нақ аралық тұста тұрған кезде, жеңілірек жарты жылды бастан өткеріп, енді ауырырақ жарты жыл басталып келе жатқан кезде, қазір осы жағдай қайталанып отыр. Айқын болу үшін мен сіздерге мынаны айтайын: 1918 жылдың бірінші жартысында Азық-түлік комиссариаты 28 миллион пұт, ал екінші жарты жылдықта 67 000 000 пұт астық, яғни оны екі жарым еседен астам көп дайындады. Бірінші жарты жылдық тым қатты, ауыр мұқтаждықтың жарты жылдығы болғандығын, екінші жарты жылдық егіннің бітік шығуына байланысты көтерілуге мүмкіндік бергендігін сіздер айқын көріп отырсыздар, міне жағдай осы. Қазір, он тоғызыншы жылы, ең алдымен, деревнялардағы кедейлер комитеттері мен қалалардағы жұмысшы азық-түлік инспекциясының арқасында, біздің азық-түлік ұйымдарымыздың қолы жеткен табыс — зор табыс, мұның өзі дайындауды екі жарым есе көбейтуге мүмкіндік берді. Бірақ жаңа негіз қалау, жаңа тәсілдерді сыннан өткізу керек болған кезде, біздің жұмысымыздың бірінші жылындағы бұл табыс тыныс алуды тұтас бір жыл бойына қамтамасыз етпеді, қамтамасыз ете де алмады, бірақ ол жарты жыл тыныс алуға мүмкіндік берді. Бұл тыныс алу аяқталып келеді, ең қиын, ең ауыр екінші жарты жылдық басталып келеді, жұмысшыларға көмек көрсету үшін, азырақ тыныс алуға мүмкіндік беру үшін, қолдан келгеннің бәрімен олардың жағдайын жақсарту

үшін мүмкін қадерінше бәрін де іске қосу керек. Москва Советінің президиумы председателі Каменевпен бірге бізден саясат жөнінде, азық-түлікті монополияланған және монополияланбаған азық-түлік деп бөлу жөнінде мейлінше айқындық болуын ерекше күшпен талап еткені түсінікті де, осылай болса біз қалалар мен егін екпейтін жерлердің жұмысшылары аз да болса жеңілдеу сезінуі үшін, сергектік пен күш-жігерге жаңадан серпін беру үшін ықтимал нәтижелерге уақытша қол жеткізе алар едік, ал сергектік пен күш-жігердің мұндай серпіні қазір, біз ауыр жарты жылдықтың қарсаңында тұрған кезде, ал империалистер лагерінде күш әлсіреп, бізге қарсы шабуылдардың бәсеңдеу нышандары бар кезде әсіресе қажет болып отыр.

Каменев жолдас осында, күмән жоқ, біздің Пермь түбінде ауыр сындар мен жеңілістерге ұшырағанымызға қарамастан, Қызыл Армияның берік негізде құрылып жатқандығын, оның жеңе алатындығын және оның жеңетіндігін дәлелдейтін нышандарды ғана емес, фактілерді де келтірді. Бірақ үстіміздегі жарты жылдық ең ауыр жарты жылдық болып табылады. Сондықтан жағдайды жеңілдету үшін, өзіміздің азық-түлік саясатымызды айқын жүргізу үшін қажет болғанды, мүмкін болғанды әуел бастан-ақ істеу керек, бұл біздің ең көкейтесті міндетіміз болып табылады. Біздің арамызда, коммунистердің арасында, бір жарым пұттық жөніндегі күрес нақ осындай болды, кейде ол өте қатты формаларда болып отырды, ал бұл күрес бізді әлсіретпейді, қайта біздің өз саясатымызды сын көзбен, сақтықпен және өзара кінәласа отырып, үсті-үстіне қайта қарауымызға жеткізеді, бірақ біз шешімге келмей қалғанымыз жоқ, әрі тез, әрі бірауыздан шешім қабылдап отырдық және бұл шешім осындай қиын кезеңде, тағы да ауыр жарты жылдыққа жақындап келген сәтте, барынша жинақты болуға, барлық күш-жігерді жұмылдыруға бізді мәжбүр етіп отырған осындай жағдай неліктен туды деп өзімізге өзіміз қайталап айтып отыруды бізден талап етеді.

Біз айрықша ауыр жылды бастан кешірдік және одан да неғұрлым ауыр жарты жылдықты бастан кешіріп отырмыз. Бірақ неміс революциясынан кейінгі, Англия-

да және Францияда басталған толқулардан кейінгі әрбір жарты жылдық бізді тек орыс революциясының ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзілік революцияның да жеңісіне қарай жақындата түседі. Біздің алдымызда тұрған жағдай міне осындай, сондықтан біз азық-түлік саясатының негізгі ережелерінің жобасын ұсынуды ұйғардық, бұл ережелерді азық-түлік қызметкерлері тиісті декреттерге айналдырып дереу қайта жасау үшін, біз Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінен осыларды бекітуді өтінеміз, ал бізге — орталықтың өкілдеріне, қалалар мен егін екпейтін жерлердің жұмысшыларына — бұл ережелер өз жігерімізді бұрынғыдан бетер он есе арттыруға мүмкіндік береді, өйткені тек осы жігер ғана біздің жеңе алатындығымызға кепіл, шаршап-шалдыққан кез және ашаршылық кезі үшін қажетті уақытша кеңшіліктерді жасай отырып, біз өзіміздің азық-түлік жөніндегі коммунистік саясатымыздың негіздерін қорғап қалатындығымызға, оларды коммунизмнің толық, бүкіл дүние жүзілік жеңісіне жеткізгенге дейін бұлжытпай алып баратындығымызға кепіл. Мен сіздерге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі коммунистер фракциясының Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне енгізіп отырған ұсынысын пункт-пункті бойынша оқып берейін:

«Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық съезінің, Москва Советінің, Москва қаласының фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтары өкілдерінің біріккен мәжілісі азық-түлік мәселесі жөнінде төменде көрсетілген негізгі ережелерді қабылдап, Азық-түлік халық комиссариатына осы ережені басшылыққа ала отырып, ең қысқа мерзімде декреттер шығаруды тапсырады.

1. Советтік азық-түлік саясатының дұрыстығы мен бұлжымас беріктігі қуатталады, бұл саясат мыналардан тұрады:

а) таптық принцип бойынша есепке алу және мемлекеттік бөлу;

б) негізгі тамақ өнімдеріне монополия және

в) жабдықтау істерін жеке адамдардан алып, мемлекет қолына беру.

2. Негізгі тамақ өнімдеріне (астық, қант, шай, тұз) қазірдің өзінде декретпен енгізіліп отырған мемлекеттік монополияны үздіксіз жүзеге асырмайынша және басқа да аса маңызды азық-түлік өнімдерін (ет, теңіз балығы, кендір, күнбағыс және зығыр майлары, мал майлары, сары майдан басқасы, картоп) тұрақты

баға бойынша мемлекеттік жолмен жаппай дайындамайынша,— қазіргі жағдайда халықты азық-түлікпен дұрыс жабдықтау мүмкін емес, оның бер жағында тұрақты баға бойынша жоғарыда көрсетілгендей жаппай дайындау осы өнімдерге де мемлекеттік монополия енгізу үшін әзірлік шара ғана болып, ал бұл шараны жүзеге асыру Азық-түлік комиссариатының кезекті міндеті болып табылады.

Осы пунктте аталған азық-түлік өнімдерінің картоптан басқасының бәрін дайындау және тасу ісі мемлекеттік азық-түлік органдарынан басқа ешкімге рұқсат етілмейді. Белгіленген тұрақты баға бойынша картопты жаппай дайындауға мемлекеттік органдармен қатар, жұмысшы ұйымдарына да, кәсіптік және кооперативтік бірлестіктерге де право беріледі.

3. Уақытша шара ретінде жұмысшы ұйымдары мен кооперативтік бірлестіктерге 2-пунктте аталмаған өнімдердің бәрін дайындау правосы беріледі.

4. Дайындаушы ұйымдардың осы правоны пайдалануына жәрдемдесуге жергілікті азық-түлік органдары мәжбүр етіледі».

Жолдастар, ескі әдеттердің, ескі мемлекеттің тұрғысынан қарағанда, декретті орындауға «мәжбүр етіледі» деген бұл сөз, мүмкін, сіздерді таңдандырар. Мүмкін, сіздер Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің талабын орындауға мәжбүр ету керек болатындай, Совет республикасында істің өзі соншалық нашар ма еді дерсіздер. Мәжбүр етуге тура келеді, жолдастар, және басты қанаттың астына тығып алып, бәрі де жап-жақсы деп тоқмейілсігеннен гөрі мұны тура айтқанның өзі артық. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің өкілдері мен кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезінің делегаттары өз араларында не айтылып жүргендерін, өнімдерді дұрыс есепке алу және товар айырбасы үшін қалдыруға болмайтын өнімдерді мемлекетке толық тапсыру жөнінде әлдеқашан-ақ декретпен белгіленген шаралардың бәрін олар қаншалықты дұрыс жүзеге асырып жүргендігін жолдастардың өздері жақсылап естеріне түсірсін; ал товар айырбасы болмаған жерде, шаруалар: жоқ, керенкаға біз сіздерге түк бермейміз дейді. Ал егер сіздер өзара жүзбе-жүз әңгімелескеніңізде осыны еске түсіріп, бізде орталық өкіметтің жарлықтарынан қаншасы орындалмай қалғандығын көретін болсаңыздар, онда сіздер шындықты айтқан артық, біздің жергілікті органдарды үнемі және аяусыз мәжбүр

етіп отыру керек дер едіңіздер, осыған келісер едіңіздер. (Қол шапалақтау.) Нақ осы жерде, жоғары орган болып табылатын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезінің неғұрлым көп өкілдік жинаған,— ал қазір мұның өзі өте-мөте маңызды,— органдарымен бірге бас қосып отырған жерде, нақ осы жерде, біздің ең беделді жолдастарымыз мыналарды батыл айтып, жергілікті жерлерге жеткізуге тиіс: жергілікті органдарды орталықтың саясатын дәйекті түрде жүргізуге мәжбүр етуге тиістіміз, жергілікті органдар бұған дағдылануы керек. Мұның өзі өте қиын, сондықтан бұл арада орталық өкіметті тонаушылар, помещиктер, қанаушылар деп түсінуге дағдыланған сан миллиондаған адамдарда, осы адамдарда орталыққа сенімнің болмауы табиғи нәрсе, сондықтан бұл сепбестікті жою керек, ал егер мұны жоймасақ, онда социализм орнатуға болмайды, өйткені социализм дегеніміз орталықтанған шаруашылық құру, орталықтан басқарылатын шаруашылық, мұны фабрика мен өмір осы рухта тәрбиелеген пролетариат қана жүргізе алады, мұны тек сол ғана істей алады. Жергіліктшілдікпен, ұсақ меншікшілдік әдеттермен күресу қиын. Мұны бірден істеуге болмайтындығын біз білеміз, бірақ біз пролетариат өкілдерінен осы ақиқатты қайталап, жүзеге асыруды талап етуден шаршамаймыз, өйткені мұнсыз социализм орнатуға болмайды.

Одан әрі төртінші пунктте былай деп түсіндіріледі:

> «Бұл өнімдерді тасу және рынокта сату мүлдем еркін деп жарияланады. Осы аталған өнімдерді еркін тасуға және базарларда, рыноктарда, кіре үстінде, т. т. еркін сатуға ешқандай бөгеуші отрядтардың, кордондар мен күзеттердің және басқалардың кедергі жасауға правосы жоқ».

Жолдастар, бұл пункт мейлінше маңызды. Бұл арада Каменев жолдас біздің жұмысымыздың асығыстығына байланысты, әлбетте, орындалмай қалған көп нәрселерді қамти білген, өйткені біздің азық-түлік және басқа да комиссариаттарымыздың үсті-үстіне қаулылар алуына тура келеді де, осының салдарынан жергілікті органдарға мұның бәрін түсіну өте қиынға соғады. Бізге дек-

реттерді асығыс шығарады деп кінә тағылып жүр, бірақ империализмнің шабуылы салдарынан асығуға тура келіп отырса, бізді ең күштіден де күшті соққы — астық пен отынның жоқшылығы асығуға мәжбүр етіп отырса, біз асықпағанда не істемекпіз. Мұндайда өз міндеттерімізді анықтау үшін, жеке қателіктерді анықтау үшін біздің бәрін де іске қосуымызға тура келеді, сондықтан осы күрес арқылы қазір қол жетіп отырғанды дәл және айқын ажырата көрсету соншалық маңызды. Бұған неғұрлым зор көлемде қол жеткізу үшін біз қазір барлық жергілікті органдарды өз бетінше кетпейтін етуіміз керек, олар кешегі декрет еске түсіп, бүгінгі декретті ұмытып кетіппіз дегенге сүйене алмайтын етуіміз керек, олар қандай өнімдер мемлекеттік монополияға жататындығын, қандай өнімдерді еркін тасуға және еркін сатуға болатындығын барынша дәл және айқын білетін етуіміз керек: бірінші және екінші параграфтарда дәл аталып өткендерден басқаның бәрі осыған жатады. Мұны жалпы жұрт білетін болсын, қазір мекеніне қайтатындардың бәрі мұны жергілікті жерлерге жеткізетін болсын, өздерінің ресми жағдайы оларға не жүктейтін болса, олар соны істейтін болсын, шығарылатын декреттердің жергілікті жерлерде бұлжымай жүзеге асырылуы үшін, орталықта шыққан қаулылардың шын мәнісінде жүзеге асырылуы үшін, бұрын болып келген тартыншақтық бұдан былай болмауы үшін олар тиісті декреттерді өздерімен бірге ала кететін болсын. Одан әрі, төртінші параграфтың соңғы сөздерінде былай делінеді:

«Ескерту. Жұмыртқа мен сары май жөнінде бұл қаулы Азық-түлік комиссариаты жұмыртқа мен сары майды жаппай дайындау ісін жүргізбейтін аудандарда ғана қолданылады».

Жолдастар, мен сіздерге декреттің қалған параграфтарын да қысқаша оқып берейін. Оларға толық тоқталуға мүмкіндігім болмағандықтан және мұны қажет деп таппағандықтан, өйткені менен кейін әлі де бірнеше жолдас, оның ішінде неғұрлым хабардар жолдастар да сөйлейтін болғандықтан, мен тек айрықша қажет деп санайтынымды ғана баса айтамын. Мен негізгі ережелерді қысқаша оқып шығамын, біз бұларды Бүкіл рос-

сиялық Орталық Атқару Комитетінің қабылдауына және Халық Комиссарлары Советі мен Совет республикасының барлық басқа өкімет орындарына бұларды декретке айналдырып, оларды сөзсіз және міндетті түрде жүзеге асыруы үшін тапсырма беруіне ұсынып отырмыз. (Қол шапалақтау.)

«5. Дайындау ісін күшейту және кейбір міндеттерді неғұрлым ойдағыдай орындау үшін монополияландырылмаған өнімдерге салым салу мен дайындау принципі енгізіледі және монополияландырылған өнімдерді де, сондай-ақ монополияландырылмаған өнімдерді де мемлекетке дайындайтын кооперативтік және басқа да ұйымдарға сыйлық беру жүйесі енгізіледі.

Азық-түлік органдарын жаңарту және жұмысшылардың қатысуын күшейту үшін қолданылатын ұйымдастыру шаралары:

а) жұмысшы азық-түлік инспекциясын кеңінен пайдалану және мұны азық-түлік органдарының 10 декабрьдегі декреттерді жүзеге асыруын және монополияландырылмаған өнімдердің дайындалуын бақылауға қолдану;

б) жергілікті жерлердегі барлық азық-түлік органдарына жұмысшы инспекциясын тезірек енгізу, бюрократизмге және кеңсешілдік қағаз бастылыққа қарсы батыл күрес жүргізу үшін жұмысшы инспекциясын Азық-түлік комиссариатының бөлімдеріне қолдану;

в) жергілікті органдарды бұдан былай да күшейту арқылы жұмысшы ұйымдарымен — кәсіптік одақтармен және жұмысшы кооперациясымен — байланысты нығайту, бұл үшін жоғарыда көрсетілген ұйымдардың қайраткерлері арасындағы күштерді пайдалану;

г) жұмысшылар арасынан жауапты қызметтерде істей алатын азық-түлікшілердің практикалық қайраткерлерін даярлау үшін барлық орталық және жергілікті органдар мен мекемелерде жұмысшылардың практикадан өту шараларын енгізу.

6. Дайындау және бөлу ісінде кооперативтік аппаратты толық пайдалану. Кооперативтік ұйымдардың қызметін бақылау үшін және оны үкіметтің азық-түлік саясатымен үйлестіріп отыру үшін мемлекеттік жабдықтау органдарының жауапты өкілдерін кооперативтік аппараттардың құрамына енгізу».

Былайша айтқанда, кооперативтік ұйымдардың жоғарғы тобындағы элементтермен күресу құралдарының бірі міне осы. Бірақ егер сіздер бүкіл кооперативтік аппаратты: біз өзімізге жаңа аппарат құрып аламыз, бұл іспен айналысудың қажеті жоқ, мұнымен тек коммунистер ғана шұғылдана алады деп менсінбейтін болсаңыздар немесе оны менсінбей, тәкаппарланып, шетке

ысырып тастай салатын болсаңыздар, онда орасан зор қателік жасау қаупі, істің аса зор апатқа ұшырау қаупі туады. Дайын аппаратты пайдалану қажет,— капитализм қалдырған нәрсені пайдаланбайынша, социализмді орнатуға болмайды. Капитализмнің бізге қарсы жасаған мәдени қазына мағынасындағы нәрселерінің бәрін пайдалану қажет. Социализмді бөтен адамдар жасаған материалдардан құру керек, оның қиындығы міне, осында, бірақ социализм құрудың мүмкіндігі тек осында ғана, және бәріміз де мұны теориялық жағынан білеміз, ал осы жылды басымыздан өткізгеннен бері социализмді капитализмнің бізге қарсы жасаған нәрселерінен ғана құруға болатындығына және біз мұның бәрін социализмді орнату үшін, оны нығайту үшін пайдалануға тиісті екендігімізге біздің практикалық жағынан көзіміз жетті.

Келесі, жетінші параграфта былай делінеді:

«7. Өнімдерді тасымалдау ережелерін сақтау ісін және монополияларды үздіксіз жүзеге асыру ісін бақылау Азық-түлік комиссариаты ұйымдастырған жұмысшыларға жүктеледі, оларға қарулы отрядтар көмектеседі.

Азық-түлік комиссариаты мен губерниялық азық-түлік комитеттерінің отрядтарынан басқа бөгеуші азық-түлік отрядтарының бәрі дереу таратылады. Азық-түлік комиссариаты мен губерниялық азық-түлік комитеттерінің отрядтары жергілікті жерлерде жұмысшы инспекциясының тиісті органдары құрылуына қарай таратылатын болады».

Жолдастар, менің уақытым бітті, сондықтан бұл арада, соңғы параграфтардан біз өзіміздің азық-түлік саясатымыз бен бүкіл советтік саясаттың рухы болып табылатын нәрсенің басты негіздерін көріп отырмыз дегенді ғана айтпақпын. Мен қиын кездің келгенін, неғұрлым ауыр жарты жылдықтың басталғанын, азық-түлік мағынасындағы тыныс кезеңінің біткенін және ең ауыр уақыттың туғанын айтып өттім. Социализм құрылысының өте-мөте ауыр ісінде Совет өкіметіне қиыншылықтар кездескен барлық кездерде Совет өкіметі ол қиыншылықтармен күресудің бір-ақ жолын: жұмысшыларға, әрбір ретте де жұмысшылардың барған сайын қалың тобына жүгінуді біледі. Бұрынғыдан 10 және 100

есе көп қалың бұқара өздері мемлекет құра бастаған кезде, жаңа шаруашылық өмір құра бастаған кезде, тек сонда ғана социализм орнатыла алады деп айтып өткенмін. Біздің азық-түлікшілердің мәліметтеріне қарағанда, олардың мынаған қолы жетіп отыр: қазір уездік азық-түлік комитеттерінде — упродкомдарда отырғандардың кемінде үштен бірі қазірдің өзінде жұмысшылар, көбінесе Питердің, Москваның, Иваново-Вознесенскінің жұмысшылары — біздің пролетарлық армиямыздың бетке ұстарлары. Бұл жақсы, бірақ бұл әлі де жеткіліксіз. Үштен екі болуға жету керек,— үсті-үстіне жұмысқа тарта беру керек. Өздеріңіз білесіздер, жұмысшылардың алдыңғы қатарлы топтары мемлекеттік басқару ісіне, жаңа өмір құру ісіне қазірден-ақ кірісіп отыр. Төменірек, тереңірек үңіліп, жаңа топтарды батылырақ қамту керек екенін біз білеміз. Олар әлі үйретілмеген, олар сөзсіз қателіктер жасайды, бірақ біз бұдан қорықпаймыз. Мұның бізге қызметкерлердің жас кадрларын жасақтап беретінін, бізге ондаған жас күштерді, анағұрлым тың күштерді беріп, еңбегімізді еселеп өтейтінін біз білеміз. Біздің күш алатын басқа еш жеріміз жоқ. Біз тек алға баса беруге тиіспіз, жас жұмысшыларды батыл түрде тартуға, пролетариат өкілдерін барған сайын неғұрлым жауапты орындарға қоюға тиіспіз.

Қазіргі кездегі азық-түлік дағдарысы неғұрлым ауыр жарты жылдықпен байланысты басталып отыр. Ол транспорттың жағдайына да байланысты болып отыр. 1918 жылдың екінші жартысында бізде $67^1/_2$ миллион пұт дайындалғанын мен айтып өткенмін. Бірақ осы $67^1/_2$ миллион пұттың 20 миллионын біз тасып ала алмадық. Питердегі соңғы сұмдық ауыр дағдарыс мынадан болып отыр: біздің запастарымыз Волга-Бугульма темір жолында тұр және оны сол жерден тасып алуға мүмкіндік болмай отыр. Транспорттың жағдайы сұмдық ауыр. Жылжымалы состав адам айтқысыз тозған, өйткені Россиядағыдай мешеулік жағдайда бірде-бір ел Россиядай сынға душар болған жоқ, өйткені темір жол ұйымында бізде тығыз топтасқан пролетарлық бұқара жоқ. Осы жиналысты пайдаланып, біз сіздерден, жолдастар, бізге азық-түлік, транспорт үшін әлі де жаңа қызметкерлер

керек екендігін, олар өз тәжірибесінен бізге көмек көрсету керек екендігін сіздер бұқараға жеткізсеңіздер деп өтінер едік. Оларды жұмысқа қойыңыздар, жаңадан келушілерді назардан тыс қалдырмаңыздар, сонда олар бұрынғы ұйымдардан әлдеқайда көп істейтін болады. Бәрі де азық-түлік ісіне, транспорт ісіне жұмылдырылсын! Қандай цехтың ұйымы болса да, ол ұйым өзінің барлық күштерін қайта қарап шықсын, сөйтіп: біз адамдарды жеткілікті түрде алдық па, жоқ па, армияға аттандырғанымыз сияқты, комиссарларды аттандыру үшін барлығын да істедік пе, жоқ па, соны айтатын болсын. Жұмысшылар азық-түлікті жеткіліксіз алып, қалжырап отыр. Таңдаулы қызметкерлердің бәрі де әскери, азық-түлік және транспорттың жауапты орындарында болатын болсын, оларды сонда жіберу керек. Мұнда әркім де, тіпті маман еместер де істей алады. Транспорт ісінде кейде партиялық жолдастың көмегі керек, бақылау және қадағалау арқылы темір жол қызметшілерінің онша пролетарлық емес топтарына әсер ететін, белгілі мектептен өткен, жоғары идеялы пролетардың ықпалы керек. Жолдастар, мен жаңағы ұранды тағы да қайталап айтамын: «Бәрі де азық-түлік ісіне, транспорт ісіне жұмылдырылсын!». Бұл арада біз армияда қалай етсек, солай етуіміз керек; армияға саяси комиссарлар барды да, онда біз өз дегенімізге жеттік. Осы ауыр жарты жылдықтың бұл кезеңінде біз аштаршылық пен күйзелісті тағы да жеңіп шыға алатындығымызға мен сенемін!

Қысқаша есеп
1919 ж. 18 январьда «Правда»
газетінің 12-номерінде
және «Известия ВЦИК» газетінің
12-номерінде басылған

Бірінші рет
1929 ж. В. И. Ленин
Шығармаларының
2—3-басылуларында
толық басылған, XXIII том

Стенограмма бойынша
басылып отыр

РКП(б) МОСКВА ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1919 ж. 18 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[177]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Орталық пен аудандардың қарым-қатынасы туралы мәселені талқылау нәтижесінде ұсынылған қарарлар бойынша,— дейді Ленин,— біріншісі — советтік қызметті жақсарту туралы, екіншісі — советтік механизмді толық қайта құру туралы қарар жобаларымен мүмкіндігінше танысып қарағанда, онда бір топ жолдастардың қарары арқылы білдірілген екінші жоба жете келісілмеген деген әсер туғызады, өйткені, осы қарарда ұсынылып отырғанындай, советтік механизмді өзгертуге ешқандай нақты себептер жоқ.

Қазір біздің жауымыз бюрократизм мен жалдаптық болып отыр. Күйзелістің салдарынан біз жақсарғандықты көрмей отырмыз, ал күйзелісті тек қана орталықтандыру арқылы, таза жергілікті мүдделерден бас тарту арқылы ғана жоюға болады; бұл мүдделер, көріп отырғанымыздай, орталықтануға қарсы оппозицияны тудырды, алайда, орталықтану біздің бұл жағдайдан шығуымыздың бірден-бір жолы болып табылады. Қарар ұсынып отырған бір топ жолдастар орталықтанудан жергіліктілдіктің шырмауына қарай құлдырап барады.

Бақсақ, орталық Совет өкіметінің кейбір қаулылары аудандармен талқыланбай тұрып қабылданатынына аудандар наразы екен; егер бұл осылай болса, аудандардың кеңестер шақырып, онда өздерін толғандыратын мәселелердің бәрін талқылауына толық правосы бар. Бізді бюрократизм жегідей жеп барады, мұны жеңу өте қиын. Бюрократизммен қатты күресу керек, мекеме-

лерге жұмысшыларды көбірек қою керек. Алайда бюрократизммен күрес керекті жеріне бағытталмаған кезде, онда жағдай өте қатерлі болады, мәселен, мамандарға көзқарас жөнінде осылай. Біздің жағдайымыз бізде мамандардың көптігінен жаман болып отырған жоқ, бізде қатаң орталықтанудың жоқтығынан жаман болып отыр. Совет жұмысының кейбір салалары, мұның керісінше, мамандардың жетіспегендігінен ақсап отыр. Мекемелерге орташа дәрежелі жұмысшыны көбірек қою керек, бұлар мамандардың қасында жүріп жұмысқа үйреніп, олардың орнын баса алар еді, өз бетінше практикалық жұмыс жүргізе алар еді. Сонымен, Игнатов жолдас ұсынып отырған тезистерде, деп аяқтады сөзін Ленин жолдас, көріп отырғанымыздай, бұл жолдастардың не тілейтінінің мәні айтылмаған. Күрес керек жеріне қарай бағытталмаған.

«Правда» № 19,
28 январь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ 1919 ж. 18 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[178]

(Овацияға ұласқан ду қол шапалақтау.) Жолдастар, Халық Комиссарлары Советінің атынан сіздердің съезіңізді құттықтауыма рұқсат етіңіздер. Жолдастар, қазір мұғалімдердің алдына ерекше маңызды міндеттер қойылып отыр және мен, осы басымыздан өткерген бір жылдан кейін, мұғалімдер қауымындағы әуел бастан-ақ Совет өкіметі жағына, социалистік төңкеріс жолындағы күрес жағына шыққандар мен мұғалімдердің осы уақытқа дейін ескі тәртіптер шырмауынан, ескі соқыр сенімдер шырмауынан шыға алмай, оқуды осы ескі тәртіптер негізінде қалдыруға болады дейтін бөлегі арасында болған күрестен кейін,— бір жылдық күрестен кейін, халықаралық қатынастарда болған өзгерістерден кейін, ендігі жерде,— меніңше, бұл күрестің күні бітуге тиіс және бітеді деген үміттемін. Жұмысшы табына және шаруалардың еңбекші бөлегіне жақын тұрған мұғалімдер персоналының орасан көпшілігі, осылардың орасан көпшілігі қазір социалистік революцияның тамырлары қандайлық терең екендігін, мұның өзі бүкіл дүние жүзіне сөзсіз тарайтындығын түсінді, бұған күмән келтіруге болмайды, сондықтан, меніңше, енді мұғалімдердің орасан зор көпшілігі социалистік төңкеріс жолындағы күресте және мұғалімдердің ескі буржуазиялық соқыр сенімдердің және ескі тәртіптер мен екіжүзділіктің шырмауында қала отырып, осы тәртіптерден бірдеңе сақтап қалсақ деп ойлайтын бөлегіне қарсы күресте қалтқысыз адал ниетімен еңбек-

шілер мен езілгендер өкіметі жағына шығады және шығатын болады.

Осындай буржуазиялық екіжүзділіктің бірі — мектеп саясаттан тыс бола алады деген иланым. Бұл иланымның қаншалықты жалған екенін сіздер өте жақсы білесіздер. Осындай қағиданы ұсынушы буржуазияның өзі де мектеп ісіне негіз етіп өзінің буржуазиялық саясатын қойды, мектеп ісін буржуазияға құлдық ұратын, елгезек итаршылар даярлап шығаратын іске айналдыруға тырысты, тіпті жаппай оқудың өзін, төменнен жоғарыға дейін буржуазияға құлдық ұратын, елгезек малайларды, капиталдың дегенін орындаушылар мен құлдарын даярлап шығаратын етуге тырысты, мектепті адамға тәрбие беру құралы ету туралы еш уақытта қамқорлық жасамады. Ал мұны барлық еңбекшілермен және езілгендермен тығыз байланыста тұрған, қорыққандықтан емес, абыройы үшін советтік платформада тұрған социалистік мектеп қана істей алатыны қазір барша жұртқа айқын болып отыр.

Әрине, мектепті қайта құру ісі — қиын іс. Сондықтан мұнда, әрине, қателіктер, мектептің саясатпен байланысы принципін дөрекі, ұсқынсыз мағынада бұрып түсіндіру және бұрмалау әрекеттері болды және қазірде де байқалап отыр, осы саясатты дайындықтан өтуге тиісті әлі тіпті жас ұрпақтардың миына одағай енгізуге тырысушылық бар. Сондықтан, негізгі принципті осылай дөрекі қолдануға қарсы біздің әрқашан да күресуімізге тура келетіні күмәнсыз. Ал қазір мұғалімдердің Интернационал негізінде тұрған, Совет өкіметі негізінде тұрған бөлегінің басты міндеті — неғұрлым кең және мүмкіндігінше жаппай қамтитын мұғалімдер одағын құруға қамқорлық жасау.

Мұғалімдердің буржуазиялық соқыр сенімдерді қорғап келген, түсінбеушілік көрсеткен ескі одағына және нақ 1917 жылғы революцияның ең бастапқы кезінде құрылған және осындай пұрсаттылықтарды өмірдің барлық саласында да біз қарсы күрес жүргізіп келген басқа жоғарғы одақтардан гөрі әлдеқайда ұзақ, ақырына дейін қорғап келген одаққа,— бұл одаққа сіздің одақта, интернационалистер одағында табан тірерліктей негіз жоқ.

Мен сіздердің интернационалистер одағыңыз, Совет өкіметі платформасында тұрған кәсіптік одақтардың бәрі сияқты,— мұны кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық II съезі әсіресе айқын көрсетіп отыр,— мұғалімдердің мектептердегі бірыңғай кәсіптік одағына әбден айнала алады деп ойлаймын. Мұғалімдердің алдында шексіз зор міндет тұр. Бұл арада бізге өткен революция қалдырып кеткен берекесіздік пен бытыраңқылықтың қалдықтарына қарсы күресуге де тура келеді.

Одан соң, насихат және үгіт жөнінде. Нағыз білім ала алатындар байлар ғана, ал еңбекшілердің көпшілігі үшін өмірдің нағыз қожайынын емес, жақсы малайлар мен жақсы жұмысшылар дайындаса да жетіп жатыр деп ойлауға дағдыланған мұғалімдердің буржуазиялық құрамының саботаж жасау практикасы мен соқыр сенімдері қалдырған мұғалімдер құрамына деген сенімсіздік жағдайында,— насихат пен ағарту ісінің барлық салаларында бытыраңқылықтың қалып қойып отырғаны қазір табиғи пәрсе. Мұның өзі мұғалімдердің бір бөлегін тар шеңберлі сфераға, оқу аты болса болды деген сфераға салады да, ғылымның барлық күштері бізбен бірге қосылып жұмыс істейтін бірыңғай аппаратты толық құруымызға мүмкіндік бермейді. Біз буржуазиялық ескі соқыр сенімдерден қол үзетін болсақ, онда біз мұны істей аламыз, сондықтан бұл арада сіздердің одағыңыздың міндеті — мұғалімдердің ең қалың бұқарасын өз семьяңызға тарту, мұғалімдердің неғұрлым артта қалған топтарын тәрбиелеу, оларды жалпы пролетарлық саясатқа бағындыру, ортақ ұйымға байланыстыру.

Қазір, бізде қалыптасып отырған жағдайда, азамат соғысының барлық мәселелері әбден айқындалған кезде, ұсақ буржуазиялық демократиялық элементтер оқиғалардың барысында басқа жолдың қандайы болса да өздерін ақ гвардияшылар мен халықаралық империализмді қорғау жолына еріксіз итермелейтініне көзі жеткеннен кейін Совет өкіметі жағына шығуға мәжбүр болып отырған кезде, кәсібіне қарай бірігу ісінде мұғалімдерге асқан зор міндет жүктеліп отыр. Бүкіл дүние жүзінде бір ғана басты міндет қойылып отырған кезде,

мәселе былай қойылмақ: не шектен шыққан реакция, не әскери диктатура мен қырып-жоюшылық басымдық алады, бұл жөнінде біз Берлиннен айқын хабарлар алып отырмыз; не осы төрт жылдық соғыс өздері үшін жазасыз кетпейтінін сезіп отырған, сондықтан бәріне де әзір, жер бетін тағы да еңбекшілердің қанына бөктіруге де әзір тұрған айуанға айналған капиталистердің осы құтырынған реакциясы басымдық алады, немесе еңбекшілер социалистік революцияда толық жеңіске жетеді. Өзіміз басымыздан кешіріп отырған осы кезеңде аралық жолдың болуы мүмкін емес. Міне сондықтан да әуел бастан-ақ Интернационал позициясына көшкен, басқа лагерьдегі мұғалімдер арасындағы өздерінің дұшпандары еш қандай елеулі оппозиция жасай алмайтындығын қазір айқын көріп отырған мұғалімдер негұрлым кең көлемді жұмыстың жолына түсуге тиіс. Сіздердің одағыңыздан енді кең, орасан көп мұғалімдер бұқарасын қамтитын мұғалімдердің кәсіптік одағы, пролетариат диктатурасы арқылы советтік платформа мен социализм жолындағы күрес негізіне батыл көшетін одақ құрылуға тиіс.

Кәсіптік одақтардың қазір мәжіліс құрып жатқан II съезі қабылдаған формула нақ осындай. Съезд белгілі бір кәсіппен, қызметтің белгілі бір түрімен шұғылданушылардың бәрі бірыңғай бір одаққа бірігуін талап етіп отыр, бірақ сонымен бірге кәсіптік қозғалыс еңбекті капиталдан азат ету жолындағы күрестің негізгі міндеттерінен оқшау қала алмайды деп көрсетеді. Міне сондықтан да пролетариат диктатурасы арқылы социализм жолындағы революциялық тап күресін мойындайтын одақтар ғана кәсіптік одақтардың толық праволы мүшесі бола алады. Сіздердің одағыңыз — осындай одақ. Егер сіздер осы позицияға көшетін болсаңыздар,— онда мұғалімдердің орасан көп бұқарасын тарту ісінде және білім мен ғылым пұрсаттылардың ісі болудан қалып, байлар мен қанаушылардың позициясын нығайтатын материал болудан қалып, еңбекшілер мен езілушілерді азат етудің құралына айналуы жолында жүргізген жұмыстарыңызда табысқа жетулеріңіз қамтамасыз етіледі.

Осы қызметте, жолдастар, сіздердің мейлінше табысқа жете берулеріңізге тілек білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Қысқаша есеп
1919 ж. 19 январьда
«Известия ВЦИК» газетінің
13-номерінде басылған

Бірінші рет 1926 ж. Н. Ленин
(В. Ульянов) Шығармалары
жинағында толық басылған,
XX том, II бөлім

Стенограмма бойынша
басылып отыр

КАРЛ ЛИБКНЕХТ ПЕН РОЗА ЛЮКСЕМБУРГТІҢ ӨЛТІРІЛУІНЕ ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРІЛГЕН МИТИНГІДЕ 1919 ж. 19 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[179]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Бүгін Берлинде буржуазия мен социал-сатқындар масайрап отыр,— оларға К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтірудің сәті түсті. Тонаушылық мүдделерге бола 4 жыл бойы жұмысшыларды қырғынға айдап келген Эберт пен Шейдеман енді өздеріне пролетар көсемдерін өлтіруші жендеттің ролін алды. «Демократия» — буржуазиялық тонау мен нағыз тағылық зорлықтың бүркеніші ғана екеніне герман революциясының мысалы біздің көзімізді жеткізіп отыр.

Жендеттерге өлім келсін!

«Правда» № 14 және «Известия ВЦИК» № 14, 21 январь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ 1919 ж. 20 ЯНВАРЬДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[180]

(Ду, ұзақ қол шапалақтау.) Жолдастар, мен ең алдымен кешірім сұрауға тиіспін, өйткені аздап сырқаттанудың салдарынан, қазір сіздердің алдарыңызға қойылып отырған мәселе жөнінде бүгін аз ғана сөз сөйлеумен ғана тоқталмақшымын. Бұл — кәсіптік одақтардың міндеттері туралы мәселе.

Сіздерге ұсынылып отырған қарар кәсіптік одақтардың съезіне коммунистер фракциясы атынан ұсынылып отыр, коммунистер фракциясында бұл қарар жан-жақты талқыланған болатын. Қарар қазір басылып шыққандықтан, осында қатысып отырғандардың бәрі онымен таныс шығар деп ойлаймын, сондықтан мен басты-басты екі пунктке ғана тоқталмақшымын, бұлар, менің ойымша, жалпы айтқанда, осы қарарда қамтылып отырған ең маңызды пункттер болып табылады.

Меніңше, бұл пункттердің біріншісі, былайша айтқанда, теріс сипаттағысы, кәсіптік қозғалыстың бірлік жалауы немесе тәуелсіздік жалауы жөніндегі мәлімдеме болып табылады, бұл жалау туралы қарардың 3-пункті былай дейді: практикада бұл жалау осы ұранды көтеріп отырған топтарды Совет өкіметіне қарсы ашық күреске бастады, сөйтіп бұл әрекет оларды, яғни осы топтарды, жұмысшы табының қатарынан тысқары қалдырды.

Меніңше, жолдастар, осы атышулы тәуелсіздік ұраны тек кәсіптік қозғалыс тұрғысынан ғана көңіл аударуды керек етіп қоймайды. Менің ойымша, пролетариат дик-

татурасы ма немесе буржуазия диктатурасы ма деген мәселеде қазір дүние жүзін көріне жайлап алған және адам естімеген тездікпен шиеленісіп отырған күрестің бәрі, менің ойымша, осы күрестің бәрі осы тәуелсіздік ұранының біреулер үшін қаншалықты өзін өзі алдау, ал екіншілер үшін алдауға түсу екендігін түсінген жағдайда ғана дұрыс ұғылып, дұрыс есепке алынады, жұмысшы табының, оның саналы өкілдерінің осы күреске дұрыс қатысуына мүмкіндік бере алады. Ең алдымен мен, қысқаша болса да, осы ұранның теориялық тұрғыдан қаншалықты дұрыс емес екендігін, оның теориялық тұрғыдан титтей де сынды көтермейтіндігін атап өткім келеді.

Жолдастар, Германиядағы соңғы оқиға, Либкнехт пен Люксембургті айуандықпен, сатқындықпен өлтіру, басталып келе жатқан неміс революциясындағы нағыз драмалық және нағыз трагедиялық оқиға ғана емес,— сонымен бірге бұл әр түрлі саяси көзқарастардың қазіргі ағымдарында және қазіргі теориялық жүйелерінде бүгін таңдағы күрес мәселелерінің қойылысын мейлінше айқын көрсете түседі. Біз, тіпті, мысал үшін айтқанда, атышулы демократия туралы, жалпы демократия ұрандары туралы, сол сияқты жұмысшы табының мемлекеттік өкіметтен тәуелсіз болу ұрандары туралы да сөйлеген сөздерді бәрінен де гөрі нақ сол Германиядан көп естігенбіз. Бір қарағанда бір-бірімен, тегінде, байланысы жоқ сияқты болып көрінетін бұл ұрандар шындығында бір-бірімен тығыз байланысты. Бұлардың тығыз байланысты болатын себебі, бұлар, пролетариаттың таптық күресінің орасан зор тәжірибесіне қарамастан, осы уақытқа дейін ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдердің әлі де күшті екендігін, осы уақытқа дейін таптық күресті көбінесе, немісше айтқанда, еріннің ұшымен ғана мойындайтындығын, ал осы туралы айтушылардың шын мәнісінде бұл миына да, көкейіне де қонбайтындығын көрсетеді. Шындығында,— егер біз, бәріміздің де саяси экономия әліппесін Маркстің «Капиталынан» қалай үйренгенімізді ғана еске түсірсек, өзіміз барынша негізге алып отырған таптық күрес туралы ілімді еске түсірсек,— онда, күрес қазіргі кездегі көлемде, қазіргі кездегі

мөлшерде шиеленісіп отырған жағдайда, социалистік революция бүкіл дүние жүзінде күн тәртібіне қойылғаны айқын болып отырған кезде, мұның өзі ең демократиялық елдердегі қимылдардан іс жүзінде айқын болып отырған кезде,— бұл арада жалпы демократия туралы қалайша айтуға болады немесе бұл арада тәуелсіздік туралы қалайша айтуға болады. Кімде-кім осылайша ойлайтын болса, ол адам — егер саяси экономияның теориясы бойынша айтатын болсақ — қазір бізде барлық елдердің барлық социалистері түгел бас иіп жүрген Маркстің «Капиталының» бірде-бір бетін түсінбегендігін көрсетеді.

Бірақ шындығында, осы шығармаға бас ие отырып, олар, алайда, Маркстің «Капиталы» бастап әкелген басты күреске дерлік тақалып қалған кезде, осы тап күресінен шегінеді де, таптан тыс немесе таптан жоғары демократия болуы мүмкін, әзірге капиталистер өздерінің меншігін сақтап отырған қазіргі қоғамда демократия басқаша, буржуазиялық емес демократия болуы, яғни жалған, өтірік демократиялық жамылғылармен бүркелген буржуазиялық диктатура болуы мүмкін деп ойлайды. Нақ осы Германияның өзінен таяуда бізге: міне мұнда, пролетариат диктатурасы демократияның шеңберінен шықпауы, демократия жүзеге асырылған күйінде қалуы мүмкін және тіпті ықтимал деген әуендер келіп жатты. Нақ сол Германияда өздерін марксизмнің ұстазы деп көрсетуге дәмеленген адамдар, 1889 жылдан 1914 жылға дейін бүкіл II Интернационалдың идеологтары болып келген Каутский тәрізді адамдар демократия туын жамылып әрекет етті, бірақ олар әзірге меншік капиталистердің қолында қалып отырғанда, демократия дегеніміз буржуазия диктатурасының түгелдей екіжүзділік бүркеніші ғана екендігін түсінбеді және, егер осы екіжүзділік бүркеніш жұлынып тасталмайтын болса, егер біз мәселені қалай қоюды әрқашан Маркстің үйретіп келгеніндей, пролетариаттың күнделікті күресі үйретіп келгеніндей, әрбір стачка, кәсіптік күрестің әрбір шиеленісі үйретіп келгеніндей етіп қоймайтын болсақ, онда еңбекті капитал езгісінен азат ету туралы мәселені ешқандай шындап шешу жөнінде сөз болуы

да мүмкін емес екендігін түсінбеді; әзірге меншік капиталистердің қолында қалып отырғанда мәселені бұлай қоятын болсақ, онда демократияның қайсысы болса да екіжүзділікпен бүркемеленген буржуазиялық диктатура ғана болып шығады. Жалпыға бірдей дауыс беру туралы, бүкіл халықтың еркі туралы, дауыс берушілердің теңдігі туралы сөздердің қандайы болсын түгелімен алдау болады, өйткені қанаушы мен қаналушының, капиталды және меншікті иеленуші мен қазіргі жалдама құлдың арасында теңдік болуы мүмкін емес.

Әрине, патша өкіметімен, самодержавиемен, монархиямен және феодализмнің қандай да болсын қалдықтарымен салыстырғанда, буржуазиялық демократия тарихи зор прогресс болып табылады. Әрине, біз оны пайдалануға тиісті боламыз және онда мәселені былай қоятын боламыз: әзірге жұмысшы табының бүкіл өкімет билігі жолындағы күресі кезекте тұрмағандықтан, буржуазиялық демократияның формаларын пайдалану біз үшін міндетті нәрсе. Бірақ мәселе мынада: біз күрестің осы шешуші кезеңіне нақ халықаралық көлемде жетіп отырмыз. Мәселе қазір атап айтқанда былай қойылып отыр: капиталистер өндіріс құрал-жабдықтарына билік етуді және, ең алдымен,— өндіріс құралдарына меншікті ұстап тұра ала ма. Ал мұның өзі олар жаңа соғысты дайындап жатыр деген сөз. Капиталистік меншік халықтарды осылай қырып-жоюмен қалайша байланысты екендігін және бұған тоқтаусыз, тұп-тура қалай әкеліп жеткізгендігін империалистік соғыс бізге әбден айқын көрсетті. Ал олай болса жалпы халықтың еркін білдіру мағынасындағы демократия туралы сөздердің қандайы болсын жұрттың бәрін ап-анық алдау болып шығады, жеке меншікшілердің қолында қалатын өз баспасөзі арқылы да, саяси ықпал етудің барлық басқа құралдары арқылы да еңбекшілердің неғұрлым артта қалған топтарын ақымақ етудегі капиталистер мен байлардың пұрсаттылығы ғана болып шығады.

Мәселе осылай, тек осылай ғана қойылып отыр. Не құрылтайлармен, түрліше дауыс берулермен, демократиямен, т. с. буржуазиялық алдап-арбаумен бүркемелеп ақымақтарды адастыратын буржуазия диктатурасы бо-

лады және мұны түгелдей әрі барлық жағынан да марксизмнің ренегаттарына, социализмнің ренегаттарына айналған адамдар ғана масат тұтып, мақтаныш етеді,— немесе пролетариат диктатурасы болады, ол бүкіл дүние жүзі пролетариатының таңдаулы көсемдеріне ең санасыз элементтерді айдап салатын буржуазияны темір тегеуріңді қолмен жаныштап тастау үшін қажет. Ал бұл диктатура пролетариаттың буржуазияны басып-жаныштау үшін жеңісі болып табылады, өйткені буржуазия бұл мәселені бұқараның өзі қойып отырғандығын айқынырақ көрген сайын пролетариатқа барынша жанталаса қарсыласуын қазір бұрынғыдан да бетер ала-сұра ұйымдастырып отыр. Өйткені осы уақытқа дейін, өте-мөте көп жағдайда, буржуазия жұмысшылардың наразылығы мен ашынуын бұлардың наразылығының уақытша көрінісі деп санап келді. Осы уақытқа дейін, мысалы, жұмысшыларды саяси жағынан алдау ісінде барынша тәжірибелі, саяси жағынан барынша тәрбиелі, ұйымдасқан ағылшын капиталистері, осы уақытқа дейін олар, көбіне-көп, мәселеге нақ осылай қарайды, соғыс, әрине, наразылыққа әкеліп соқтырды және мұның өзі жұмысшылардың толқуын туғызбай қоймайды және туғызады да, бірақ қазір мына мәселе, мемлекет басында енді кімнің болатындығы, мемлекеттік өкімет кімнің қолында болатындығы, капиталист мырзаларда меншіктің қалатын-қалмайтындығы туралы мәселе қойылу керек екендігін — олар мұны әлі айтқан жоқ. Ал, нақ осы мәселе тек Россияда ғана емес, бірқатар батыс европалық елдерде де, және тіпті соғысқа қатысқан елдерде ғана емес, сонымен бірге Швейцария мен Голландия тәрізді басқалардан гөрі азырақ зардап шеккен бейтарап елдерде де күн тәртібіне күмәнсыз қойылғандығын оқиғалар көрсетіп отыр.

Буржуазия буржуазиялық парламентаризм рухында бәрінен де гөрі көбірек тәрбиеленді және бұқараны да осыған тәрбиеледі, ал бұқара ішінде советтік қозғалыс, Совет өкіметі жолындағы қозғалыс пісіп жетілді, бұл айдан анық болып отыр. Советтік қозғалыс пролетариат өкіметінің орыстық формасы болып қалған жоқ, ол өкімет үшін күресте халықаралық пролетариаттың пози-

циясына айналды, советтік қозғалыс социалистік революцияның бүкіл дүние жүзілік дамуындағы екінші қадам болып отыр. Бірінші қадам Париж Коммунасы болған еді, ол жұмысшы табы социализмге басқаша жолмен емес, диктатура арқылы, қанаушыларды күшпен басып-жаншу арқылы жететіндігін корсетті. Жұмысшы табы социализмге ескі буржуазиялық-демократиялық парламенттік мемлекет арқылы бара алмайды, парламентаризмді де, чиновниктікті де төменнен жоғарыға дейін талқандайтын жаңа типті мемлекет арқылы ғана барады — Париж Коммунасы көрсеткен бірінші жол осы.

Социалистік революцияның бүкіл дүние жүзілік дамуы тұрғысынан қарағанда, екінші қадам Совет өкіметі болды. Ал егер оны алғашқыда тек орыстық құбылыс деп есептеген болса, егер фактілерді негізге алудан таймаса, оны осылай деп есептеуге болатын еді және тіпті осылай деуге тиісті де еді, ал қазір оқиғалар мынаны көрсетіп отыр: бұл тек орыстық қана құбылыс емес, бұл пролетариат күресінің халықаралық формасы, пролетарлық және жартылай пролетарлық бұқараны жаңаша топтастырған соғыстар оларға жаңа ұйым, тонаушы империализмге көрінеу қарама-қарсы, адам естімеген, соғысқа дейін болып көрмеген пайдалар түсірген капиталистер табына қарама-қарсы қойылған ұйым берді, күрестің осы бұқаралық жаңа ұйымдарын, буржуазия өкіметін құлататын пролетариат ұйымдарын барлық жерлерде құрды.

Советтер пайда болған кезде, Советтердің осы маңызын жұрттың бәрі бірдей түсіне бермеді. Қазірде де оның осы маңызын жұрттың бәрі бірдей түсіне бермейді. Ал енді біздерге, осы Советтердің бастамасын 1905 жылы басынан өткізген біздерге, 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін бұқараның советтік ұйымы мен ұсақ буржуазиялық, келісімпаздық, сатқындық идеология арасында ауытқу мен сенделудің ұзақ дәуірін басынан өткізген біздерге,— біздерге қазір жағдай ап-айқын. Ол біздің, нақ алақанымыздағыдай, көз алдымызда тұр, сондықтан біз мәселені шешуге осы жағдайдың тұрғысынан, капиталистік меншікке қарсы мемлекеттегі өкі-

мет билігі үшін пролетариат күресінің күн сайын кеңейе де кеулей өршіп келгендігі және өршіп жатқандығы тұрғысынан қараймыз. Осы тұрғыдан қарағанда, үнемі қайдағы бір таптан тыс позицияға сырғып кетіп отыратын демократия жөніндегі сөздердің бәрі, «тәуелсіздік» жөніндегі бос сөздердің, тағы сондай сөздердің бәрі түкке де тұрмайды, өйткені біз капиталистік қоғамда буржуазия үстемдік ететіндігін, капиталистік қоғам саяси сферада да, экономикалық сферада да нақ буржуазия өкіметінен туатындығын білеміз. Не пролетариат өкіметі, не буржуазия диктатурасы,— басқа ешқандай аралық шешімнің азды-көпті елеулі мәселелерде азды-көпті ұзақ уақыт болуы мүмкін емес. Ал кімде-кім тәуелсіздік туралы айтатын болса, кімде-кім жалпы демократия туралы айтатын болса, ол адам саналы немесе санасыз түрде аралық бірдеңе, тап аралық бірдеңе, таптан жоғары бірдеңе болады деп жорамалдайды. Ал барлық жағдайда бұл — өзін өзі алдау, өзгені алдау болып табылады, бұл — әзірге капиталистердің өкіметі қалып отырғанда, әзірге капиталистердің өндіріс құралдарына меншігі қалып отырғанда,— соған дейін демократия неғұрлым тар да, неғұрлым кең де, цивилизациялы да, т. с. болуы мүмкін екендігін, бірақ іс жүзінде буржуазиялық диктатура қала беретіндігін және әрбір ірі қайшылық азамат соғысының туындар көзі болатындығы соғұрлым анық, соғұрлым айқын екендігін бүркемелеу болып табылады.

Францияның саяси формалары демократияға неғұрлым жақын болса, Дрейфустің ісі сияқты істен онда азамат соғысы соғұрлым жылдамырақ шығып отырды. Пролетариаты, интернационалистері, тіпті жай пацифистері бар Америкада демократия неғұрлым кең болса, линч жазалаулары мен азамат соғысының лап етіп тұтану жағдайлары соғұрлым тезірек болады. Мұның маңызы әсіресе бізге қазір — Германияда буржуазиялық бостандықтың, демократияның алғашқы аптасы азамат соғысының нағыз ушыққан, біздегіден гөрі әлдеқайда шиеленіскен, әлдеқайда ашынған айқасына әкеліп соққаннан кейін, мейлінше айқын болып отыр. Сондықтан осы лап етіп тұтану туралы кімде-кім белгілі бір пар-

тиялардың соты құрылып па екен деген тұрғыдан пайымдайтын болса, кімде-кім тек Либкнехт пен Люксембургтің тек өлтірілуі тұрғысынан пайымдайтын болса, ол адам бұл жерде капитализмнің барлық қайшылықтарынан еріксіз туатын пәрменді азамат соғысының лап етіп тұтануын көріп отырғанымызды түсінгісі келмей, өзінің көр соқырлығын және жалтақ ойлылығын көрсетеді. Аралық жол жоқ және бола да алмайды. Тәуелсіздік немесе жалпы демократия туралы сөздердің қандайы болса да, бұларды қалай етіп тұздықтаса да, барып тұрған алдау, социализмге барып тұрған сатқындық жасау болады. Ал егер қазір Интернационалдың іс жүзінде негізін салушылар болып отырған большевиктердің теориялық насихаты, егер большевиктердің азамат соғысы туралы теориялық уағызы тым алысқа бара алмай, империалистік мемлекеттердің цензуралық кедергілері мен әскери тосқауыл шараларының алдында көбінесе тоқтап қалып отырған болса, онда батыс европалық мемлекеттердің демократиясы неғұрлым ескі, неғұрлым ұзақ болған сайын тіпті уағыз емес, теория емес, қайта азамат соғысының өршелене түсу фактілері соғұрлым үдей түспекші. Бұл фактілер ең артта қалған, ең топас бастардың өзін тесіп өтеді. Енді жалпы демократия туралы, тәуелсіздік туралы пайымдайтын адамдарды, мұндай адамдарды жер астынан табылған қаңқа деуге болады.

Бірақ солай бола тұрса да, күрестің ауыр жағдайларымен санаса отырып, Россияның кәсіптік қозғалысы жуырда ғана осы күрестен туып, өсіп шықты, ал қазір біржолата дерлік өсіп жетілді десек, жол-жөнекей өткенге көз жіберіп, кешегі күнді еске түсіруімізге тура келеді. Менің ойымша, мұндай еске түсірулер, еске салулар неғұрлым қажет нәрсе, өйткені басталып отырған бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның заманында кәсіптік қозғалысқа, нақ кәсіптік қозғалыс ретінде ерекше күрт бетбұрысты басынан кешіруіне тура келеді.

Осы кәсіптік қозғалыста буржуазия идеологтары лай судан балық аулауға айрықша көп әрекеттеніп бақты. Олар кәсіптік қозғалыстың негізі болып табылатын эко-

номикалық күресті саяси күреске тәуелсіз етуге тырысты. Оның бер жағында, пролетариаттың таптық көлемдегі нағыз кең ұйымы ретінде кәсіптік одақтардың нақ қазіргі кезде, іс жүзінде, әсіресе өкіметті пролетариатқа алып берген саяси төңкерістен кейін, нақ осындай кезеңде ерекше үлкен роль атқаруына тура келеді, саясатта нағыз орталық орынды алуына тура келеді, сөздің белгілі бір мағынасында айтқанда, басты саяси орган болуына тура келеді, өйткені бұл саясаттың барлық ескі ұғымдары, ескі категориялары өкіметті пролетариаттың қолына әперген саяси төңкеріс арқылы теріске шығарылып, аяғы аспаннан келіп отыр. Ескі мемлекет, буржуазиялық республикалардың ішіндегі ең таңдаулысы, ең демократияшылы құрған болса да, қайталап айтайын, әрқашан да буржуазия диктатурасы ғана болып келді, басқа түк те болған жоқ, яғни фабрикалар, өндіріс құралдары, жер, темір жолдар, бір сөзбен айтқанда, барлық материалдық құрал-жабдықтарды, еңбектің барлық құралдарын өз қолына жинағандардың диктатурасы ғана болып келді, ал материалдық құрал-жабдықтарға ие болмайынша, еңбек құлдықта қала бермек.

Нақ сондықтан, саяси өкімет пролетариат қолына көшкен кезде, кәсіптік одақтарға барған сайын жұмысшы табы саясатын құрушылардың ролін атқаруға тура келді, өз табының ұйымы бұрынғы қанаушы таптың орнын басуға тиісті адамдардың ролін атқаруға тура келді, ескі ғылымның барлық ескі дәстүрлері мен соқыр сенімдерін теріске шығаруға тура келді, бұл ескі ғылымның атынан ғалымдардың бірі пролетариатқа: өз экономикаларыңды басқара беріңдер, ал саясатты буржуазиялық элементтер партиясы басқарады[181] деген болатын. Бұл уағыздардың бәрі барлық жерде көтеріліске және күреске шыққан пролетариатты басып-жаныштау үшін қанаушылар табы мен олардың жендеттерінің қолындағы тікелей құралы болып шықты.

Міне осы арада, жолдастар, кәсіптік одақтардың мемлекеттік құрылыстағы жұмысында олардың мүлде жаңа мәселені,— коммунистер фракциясы ұсынған қарарда аталғандай, кәсіптік одақтарды «мемлекеттендіру» туралы мәселені алға қоюына тура келеді. Бұл арада кә-

сiптік одақтарға қазiргi заманғы коммунизмнiң негiзiн қалаушылардың ең терең мағыналы және ең айтулы нақылдарының бiрiн: «қоғамда болып жатқан төңкерiс неғұрлым кең және неғұрлым терең болса, осы төңкерiстi жасаушы адамдардың, сөздiң шын мағынасында айтқанда, осы төңкерiстi жасаушылар болып табылатын адамдардың саны соғұрлым көп болуға тиiс»[182] дегенiн бәрiнен көп ойластыруға тура келедi. Ескi крепостниктiк дворяндық қоғамды алып қараңыз. Онда төңкерiстер кiсi күлерлiктей оңай болды, онда әңгiме өкiметтi дворяндардың немесе феодалдардың бiр тобының қолынан тартып алып, екiншi тобының қолына беру туралы болды. Өзiнiң жалпыға бiрдей дауыс берушiлiгiмен мақтанатын буржуазиялық қоғамды алып қараңыз. Ал шындығында, бiздiң бiлуiмiзше, осы жалпыға бiрдей дауыс берушiлiк, бүкiл осы аппарат алдауға айналады, өйткенi тiптi алдыңғы қатарлы, мәдениеттi және демократиялық елдердiң өзiнде де еңбекшiлердiң орасан зор көпшiлiгi жаншылуда, езiлуде,— капиталистiк каторгамен жаншылуда, сондықтан олар iс жүзiнде саясатқа қатыспайды және қатыса да алмайды. Ал қазiр социализмнiң толық жеңiсiне жеткiзе алатын төңкерiс адамзат тарихында тұңғыш рет басталып келедi,— және мұның өзi жаңа орасан көп бұқара басқару iсiне дербес кiрiскен жағдайда ғана мүмкiн болады. Социалистiк төңкерiс мемлекеттiк формалардың ауысуы деген сөз емес, монархияны республикамен ауыстыру деген сөз емес, адамдардың жаңадан дауыс беруi деген сөз емес, өйткенi бұл дауыс беру барлық жағынан да «тең» адамдар болуы керек деп ұйғарады, ал iс жүзiнде бұл дауыс беру бiреудiң меншiкшi екендiгiн, екiншi бiреудiң жарлы екендiгiн шеберлiкпен жасыру және бүркемелеу болып табылады. Буржуазиялық қоғамдағы адамдардың көзқарасы тұрғысынан қарағанда,— егер «демократия» бар болып отырса және капиталист пен пролетар бұл дауыс беруге қатысатын болса,— онда мұның өзi «халық еркi» болып табылады, мұның өзi «теңдiк» болып табылады, мұның өзi оның тiлегiн бiлдiргендiк болады. Эберт пен Шейдеман тәрiздi жендеттер мен қанiшерлердi ғана бүркемелейтiн бұл сөздердiң қандайлық па-

сық алдау екенін біз білеміз. Буржуазиялық қоғамда еңбекшілер бұқарасын азды-көпті демократиялық белгілі бір формалардың жәрдемімен буржуазия басқарды, азшылық басқарды, адамдардың орасан зор көпшілігін құлдықта ұстау үшін білім мен ғылымды, капиталистік цивилизацияның ең жоғары тірегі мен ең бетке ұстарын, қанау құралына, монополияға айналдырған капиталистік меншікке қатысушылар, дәулеттілер басқарды. Біз бастаған төңкеріс, екі жыл бойына өзіміз жасап жатқан және ақырына дейін жеткізуге өзіміз бел байлап отырған төңкеріс (қол шапалақтау),— өкіметтің жаңа таптың қолына өтуін қамтамасыз етсек қана, буржуазияның, капиталистік құл иеленушілердің, буржуазиялық интеллигенттердің, барлық дәулеттілердің, барлық меншікшілердің өкілдерінің орнына — басқарудың барлық салаларында, мемлекеттік құрылыс ісінің бәрінде, жаңа өмірге басшылық ету ісінің бәрінде,— төменнен жоғарыға дейін жаңа тап орныкса ғана бұл төңкеріс мүмкін болады және жүзеге асады. (Қол шапалақтау.)

Қазір біздің алдымызда тұрған міндет міне осы. Осы жаңа тап кітаптардан емес, митингілерден емес, сөйленген сөздерден емес,— өзінің басқару практикасы арқылы тәрбиеленгенде ғана, бұған ол еңбекшілердің нағыз қалың бұқарасын тартқанда ғана, ол барлық еңбекшілердің мемлекет басқару ісіне оңай бейімделуіне және мемлекеттік тәртіп орнатуға мүмкіндік беретін формаларды жасап шығарғанда ғана, тек сонда ғана социалистік төңкеріс баянды болуы мүмкін, тек осы жағдайда ғана ол баянды болмай қоймайды. Осындай жағдайда ғана ол капитализмді және оның барлық қалдықтарын елең көрмей, күлін көкке ұшыратын күшке айналады.

Міне, жалпы айтқанда, таптық көзқарас тұрғысынан қарағанда, жеңімпаз социалистік төңкерістің шарты ретінде біздің алдымызда тұрған міндет осы, тіпті капиталистік қоғам шеңберінде де капитализмді құрту жолындағы нағыз кең бұқаралық күреске ұмтылған ұйымдардың міндеттерімен сондайлық жақын және тікелей ұштасып жатқан міндет міне осы. Бірақ ол кездегі

ұйымдардың ішінде кәсіптік одақтар нағыз кең ұйымдар болды; бұлар қазірде, ресми жағынан дербес ұйымдар болып қала отырып, сіздерге ұсынылып отырған қарар ережелерінің бірінде айтылғандай, мемлекеттік органдардың бәрінде тікелей жұмыс істеу жолымен, олардың іс-қимылдарына, т. с. бұқаралық бақылауды ұйымдастыру жолымен, бүкіл өндіріс пен бөлуді есепке алудың, бақылаудың және реттеудің жаңа ұйымдарын құру жолымен Совет өкіметінің жұмысына қажырлы түрде қатыса алады, қатысуға тиіс те; бұлар мүдделі еңбекшілердің қалың бұқарасының өздерінің ұйымдасып дербес әрекет етуіне негізделген.

Капиталистік қоғамда ең жақсы дегеннің өзінде, ең алдыңғы қатарлы елдерде, цивилизация мен мәдениет дамуының ондаған жылдарынан кейін, кейде тіпті жүздеген жылдарынан кейін де буржуазиялық демократияда кәсіптік одақтардың жалдама қызметкерлердің бестен бірінен астамын қамтыған кезі еш уақытта болып көрген емес. Бұларға тек азын-аулақ жоғарғы топ қатысты, осы жоғарғы топты капиталистер алдап, параға сатып алып отырды, олардың болмашы бөлігі ғана капиталистік қоғамнан жұмысшы көсемдері ретінде орын алып отырды. Американ социалистері бұл адамдарды «капиталистер табының жұмысшы лейтенанттары» деп атады. Олар ең еркін буржуазиялық мәдениеттің елінде, ең демократиялық буржуазиялық республиканың елінде пролетариаттың болмашы жоғарғы топтарының осы ролін бәрінен де жақсы байқады, бұл жоғарғы топтар іс жүзінде буржуазияға қызмет етуге көнді, соның орнын басты, буржуазия сатып алды, өзіне тартты, социал-патриоттар мен қорғампаздар кадрларын жасады, ал Эберт пен Шейдеман мәңгі-бақи осылардың сабаздары болып қала береді.

Бізде, жолдастар, қазір жағдай басқаша. Кәсіптік одақтар капиталистік мәдениет жасаған нәрсенің бәріне сүйене отырып, капиталистік өндіріс жасаған нәрсеге сүйене отырып, социализмді нақ осы материалдық базадан, ауыртпалығы бізге түскен, бізге қарсы жасалған, жұмысшы бұқарасын шексіз езуге арналған, бірақ оларды біріктірген, топтастырған және сөйтіп жаңа

қоғамның авангардын жасақтаған ірі өндірістен құра отырып, мемлекеттік экономикалық құрылысты жаңаша бастай алады. Міне осы авангард Октябрь революциясынан кейін, өкімет пролетариатқа көшкеннен кейін өзінің нағыз ісіне — езілген еңбекші бұқараны тәрбиелеу ісіне, оны чиновниктерсіз, буржуазиясыз, капиталистерсіз-ақ мемлекетті басқару, өндірісті басқару ісіне тартуға кірісе бастады. Міне сондықтан да сіздерге ұсынылып отырған қарар қандай да болсын буржуазиялық жоспарды және осы сатқындық сөздердің бәрін теріске шығарады. Міне сондықтан да бұл қарар кәсіптік одақтарды мемлекеттендіру сөзсіз болады деп отыр. Сонымен бірге бұл қарар бір адым ілгері басып отыр. Біз қазірдің өзінде кәсіптік одақтарды мемлекеттендіру туралы мәселені енді тек теориялық жағынан қойып отырғанымыз жоқ. Біз, құдайға шүкір, бұл мәселелерді теориялық айтысқа салумен, тек осымен ғана шұғылданатын дәуірден оттік. Біз таза теориялық тақырыптарға осындай еркін айтыстармен шұғылданған кездерімізді, бәлкім, кейде ұмытып та үлгерген болармыз. Ол кездер баяғыдаақ келмеске кеткен, сонымен біз қазір бұл мәселелерді кәсіптік одақтардың бір жылдық тәжірибесінің негізінде қойып отырмыз, өздерінің өндірісті ұйымдастырушылар ретіндегі ролін атқарушы олар Халық шаруашылығының жоғары советі тәрізді ұйымдарды құрды, осы істе, аса қиын істе толып жатқан қателіктер де жасады, әлі де жасап отыр, бірақ буржуазияның: әне, пролетарлар құрылысқа кірісті де, енді міне толып жатқан қателіктер жасады деп табалап, сықылықтап күліп жатқанына олардың елең етпейтіні өзінен-өзі түсінікті.

Буржуазия істі патша мен дворянсымақтардың қолынан алған кезде, қателік жасағанымыз жоқ деп ойлайды. Ол крепостниктік сарайды жамап-жасқаған, орасан көп пайда мен өкіметті крепостниктердің қолында қалдырған 1861 жылғы реформа, осы реформа жап-жатық өтті, оларда ондаған жылдар бойы Россияда былық болмады деп ойлайды. Мемлекетті басқару міндетін қолға алған буржуазия жылпостары мен әртектілерді дворян мырзалар сықақ етпеген бірде-бір ел болған жоқ.

Қазір буржуазиялық интеллигенцияның бүкіл бетке

ұстарлары немесе, дұрысырақ айтқанда, бос кеуделері де жаңа өкімет жіберіп алған әрбір қатені келеке етіп отырғаны өзінен-өзі түсінікті, өйткені әсіресе қанаушылардың жанталасқан қарсыласуы салдарынан, қанаушылардың бүкіл дүние жүзілік одағының Россия тәрізді ең бір әлсіз, дайындығы соншалық аз елге жасап отырған жорығы салдарынан жаңа тапқа,— еңбекшілер одағына өз төңкерісін жойқын тездікпен жасауға тура келді, өйткені төңкерістің жатық өтуінен гөрі, қашан батыс европалық пролетариат ояна бастағанға дейін өкіметті ұстап тұра тұру жағын көбірек ойлауға тура келді. Біз бұл міндетті орындадық. Бұл жөнінде, жолдастар, біз француз революциясының қайраткерлерінен әлдеқайда бақыттымыз деп қазірдің өзінде айта аламыз; француз революциясын монархиялық елдер мен артта қалған елдердің одағы қиратып кетті, ол сол кездегі буржуазияның төменгі топтарының өкіметі түрінде бір жыл өмір сүрді, басқа елдерде өзіне тектес қозғалысты дереу тудыра алмады, бірақ соған қарамастан, буржуазия үшін, буржуазиялық демократия үшін оның көп нәрсені істегені соншалық, бүкіл XIX ғасыр бойы барлық цивилизациялы адамзаттың дамуы түгелімен — түгелімен ұлы француз революциясынан басталады, бәрі соған борыштар.

Біз әлдеқайда бақыттымыз. Буржуазиялық демократияның дамуы үшін сол кездегі қайраткерлердің бір жылда істегенін біз өткен жылдың ішінде нақ сондай мерзімде жаңа пролетарлық режим үшін әлдеқайда зор көлемде істедік, істегенде, қазірдің өзінде-ақ Россиядағы қозғалыс, біздің сіңірген еңбегіміздің арқасында емес, Россияны қазіргі мәдениетті дүниенің империалистік екі алыбының арасында қалдырған жағдайлардың ерекше қалыптасуы және ерекше жағдайлары арқасында басталған қозғалыс,— осы қозғалыс пен Совет өкіметінің жеңісі осы жылы мынаған қол жеткізді: қозғалыстың өзі халықаралық қозғалысқа айналды, Коммунистік Интернационалдың негізі салынды, ескі буржуазиялық демократияның ұрандары мен мұраттары күл-талқан болды, сондықтан енді халықаралық социалистік революцияның басталғандығын, оның болып жатқандығын

көрмей отыра алатын бірде-бір саналы саясатшы, ол қандай партиядан болса да бәрібір, бүкіл дүние жүзінде енді жоқ. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, мәселені теориялық тұрғыда қоюдан ілгерілеп кетіп, біз оны практика жүзінде шешуге қалай жеткеніміз жөніндегі тақырыпқа келгенде мен азырақ басқа жаққа ауыңқырап кеттім. Бізде бір жылдық тәжірибе бар, бұл бізге қазірдің өзінде-ақ пролетариаттың және оның революциясының жеңісі ісінде көп табыстар берді, бұл өткен ғасырдан арғы ғасырдың аяқ кезіндегі буржуазиялық демократия диктатурасының бір жылы сол буржуазиялық демократияның бүкіл дүние жүзіндегі жеңісі үшін бергенінен өлшеусіз көп. Бірақ осы жылдың ішінде біз, мұның үстіне, аса зор практикалық тәжірибе алдық, бұл тәжірибе бізге, егер біз әрбір адымымызды дәлме-дәл есепке алмасақ та, ең болмағанда, дамудың қарқынын, оның шапшаңдығын белгілеуге, практикалық қиыншылықтарды көруге, буржуазияны құлату ісінде ішінара бір жеңістен екінші жеңіске бастайтын практикалық қадамдар жасауға мүмкіндік береді.

Кейінге көз жіберіп, біз қандай қателіктерді түзетуіміз керек екендігін көреміз, біз нені құруымыз керек екендігін және бұдан әрі қалай құруымыз керек екендігін айқын көреміз. Міне сондықтан да біздің қарарымыз кәсіптік одақтарды мемлекеттендіруді жариялаумен, пролетариат диктатурасын принципті түрде жариялаумен, қарардың бір жерінде айтылғандай: біздің «кәсіптік ұйымдардың мемлекеттік өкімет органдарымен сөзсіз қосылуына қарай» бара жатқанымыздың қажеттілігімен шектеліп қалмайды,— біз мұны теориялық жағынан да білеміз, біз мұны Октябрьдің алдында да белгілегенбіз, мұны одан да ерте белгілеу керек еді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Социализмнің практикалық құрылысына бүтіндей таянып келген партия үшін, жалпы российялық және жалпы мемлекеттік көлемде өнеркәсіпті басқару органдарын қазірдің өзінде бөліп шығарған, қазірдің өзінде Халық шаруашылығының жоғары советін құрған, мыңдаған қателіктер арқылы нақ өзінің ұйымдастыру тәжірибесінің мыңдаған элементтеріне ие

болған кәсіптік одақтар үшін мәселенің түйіні бұрынғыдай емес, басқада.

Ендігі жерде бізге пролетариат диктатурасын жариялаумен шектелу жеткіліксіз. Кәсіптік одақтардың мемлекеттендірілетіні сөзсіз, олардың мемлекеттік өкімет органдарымен қосылуы сөзсіз, ірі өндірісті жасау ісінің тұтасымен солардың қолына көшетіні сөзсіз. Бірақ мұның бәрі де жеткіліксіз.

Біз ең таяудағы кезеңді, қазіргі кезеңді есепке алу үшін өзіміздің практикалық тәжірибемізді де есепке алуымыз керек. Біз үшін қазір міндеттің түйіні осында. Қарарда: егер қазір кәсіптік одақтар өз бетімен мемлекеттік өкіметтің функциясын өзіне алып көрсе, онда бұдан тек ботқа шыққан болар еді делінгенде, қарар міне осы кезеңге таянып отыр. Біз бұл ботқаның зардабын жетерліктей-ақ шеккенбіз. Біз қарғыс атқан буржуазиялық құрылыстың жұмысшыларға да терең ұялап сіңген қалдықтарымен, ұсақ меншікшілдік, әлде анархистік, әлде эгоистік, ниеттермен талай күрескенбіз.

Жұмысшы ескі қоғамнан еш уақытта қытай қорғанымен бөлінген емес. Сондықтан оның бойында капиталистік қоғамның көптеген дәстүрлі психологиясы сақталған. Жұмысшылар жаңа қоғам құрғанда ескі дүниенің батпағынан тазарған жаңа адамдарға айналып барып құрмайды, қайта әлі де сол батпаққа белшесінен бата жүріп құрады. Бұл батпақтан тазарып алуды тек арман етуге ғана тура келеді. Мұны дереу істеуге болады деп ойлау түпсіз терең утопия болар еді. Мұның өзі практикада социализм әлемін қол жетпес алысқа ысырып тастайтын утопия болар еді.

Жоқ, біз социализм құру ісіне бұлайша кіріспейміз. Біз оған капиталистік қоғамның топырағын басып тұрып, еңбекшілерді де, пролетариатты да кері тартатын өз бойындағы барлық әлсіздіктерге, кемшіліктерге қарсы күресе отырып кірісеміз. Бұл күресте сепаратистік ескі ұсақ меншікшілдік әдеттер мен дағдылар көп және: «әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршаның қамын ойлайды» деген ескі ұран әлі де бар. Бұл әрбір кәсіптік одақта, әрбір фабрикада шамадан тыс көп болды, мұнда көбінесе тек өзі туралы ғана ой-

лап, ал қалғандардың қамын құдай тағала, одан қалса бастықтар ойласын деушілік орын алды. Біз мұны көрдік, біз мұны өз басымыздан кештірдік, бұл бізді соншалық көп қателіктерге, соншалық ауыр қателіктерге ұрындырды,— енді біз бұл тәжірибені ескереміз және жолдастарға: бұл салада өз бетімен әрекет жасаудың бәрінен біз сіздерді мейлінше сақтандырамыз дейміз. Және біз былай дейміз: мұның өзі социализм орнату болмайды, біздің бәріміздің капитализмнің нашарлықтарына бой бергендігіміз болып шығады.

Біз қазір өзіміздің алдымызда тұрған міндеттің бүкіл қиындығын есепке алуды үйрендік. Біз социализм құрылысы жөніндегі жұмыстың қақ ортасындамыз және жұмыстың осы өзекті жерінің тұрғысынан қарап, бұл салада өз бетімен әрекет етудің қандайына болсын қарсы шығамыз. Бұл өз бетімен әрекеттер жасауға қарсы саналы жұмысшылар сақтандырылатын болуға тиіс. Былай демек керек: қазір біз кәсіптік одақтарды мемлекеттік өкімет органдарымен бірден қосып жібере алмаймыз. Бұл қате болады. Мәселе бұлай қойылып отырған жоқ.

Пролетариат бірнеше мың, бәлкім, бірнеше ондаған мың пролетарларды мемлекетті басқару ісіне ұсынғанын біз қазір білеміз. Біз мемлекеттік басқарудың әрбір саласында, социализацияланған немесе социализациялanып жатқан кәсіпорынның әрбір оймақтай жерінде немесе шаруашылық саласында жаңа таптың — пролетариаттың — қазір өз өкілдері бар екенін білеміз. Мұны пролетариат біледі. Пролетариат іске практикалық тұрғыдан кірісті және енді бұдан әрі де осы жолмен жүре беру керек екендігін, еңбекшілердің кәсіптік бірлестіктері бүкіл мемлекеттік аппаратпен біржола қосылды деп айтатын кезге жеткенше, әлі де көптеген қадамдар жасау керек екендігін енді ол көріп отыр. Бұл қосылу бір таптың екінші тапқа күш жұмсау органдарын жұмысшылар өз қолына біржола алған кезде болады. Бұл болады да, біз мұны білеміз.

Енді біз сіздердің бүкіл назарыңызды ең таяудағы практикалық іске аударғымыз келеді. Шаруашылықты басқару және жаңа өндіріс құрылысына еңбекшілердің

өздерінің қатысуын үсті-үстіне кеңейте беру қажет. Егер біз бұл міндетті орындамасақ, егер біз кәсіптік одақтарды тәрбие органына, мемлекетті басқаруға тікелей қатысу үшін қазіргідегіден ондаған есе көп қалың бұқараны тәрбиелейтін органдарға айналдырмасақ,— онда біз коммунистік құрылыс ісін ақыр аяғына дейін жеткізе алмаймыз. Мұны біз айқын көріп отырмыз. Бұл біздің қарарымызда айтылған, сондықтан мен нақ осыған сіздердің назарыңызды көбірек аударғым келеді.

Мемлекеттік өкіметті пролетариат өз қолына алған кезде тарихта болған аса ұлы төңкеріске байланысты кәсіптік одақтар өзінің бүкіл қызметіндегі аса ұлы бетбұрысты басынан кешіріп отыр. Олар жаңа қоғамның басты жасампазына айналып келеді, өйткені тек сан миллиондаған бұқара ғана осы қоғамды жасаушылар бола алады. Крепостниктік право заманында жүздеген адамдардың осындай жасампаздар болғаны сияқты, капитализм заманында мыңдаған және он мыңдаған адамдардың мемлекет құрғаны сияқты, енді социалистік төңкеріс мемлекет басқаруға ондаған миллиондардың практикалық түрде тікелей белсене қатысуы арқылы ғана жасала алады. Біз осыған беттеп келеміз, бірақ біз бұған әлі жеткеніміз жоқ.

Кәсіптік одақтар мынаны білуге тиіс: ішінара қойылып жүрген, ал ішінара күн тәртібінен шығып қалған, ал тіпті шығып қалмаған күннің өзінде, осындай жағдайдың өзінде де, біз үшін ұсақ міндеттер болмай тұра алмайтын міндеттермен қатар, осы есепке алу, нормалау, ұйымдарды біріктіру міндеттерімен қатар неғұрлым жоғары және неғұрлым маңызды міндет: басқаруға бұқараны үйрету, кітап бойынша емес, лекциялар бойынша емес, митингілер бойынша емес, тәжірибе арқылы үйрету міндеті, пролетариат өз ортасынан басшылық етуге, ұйымдастыруға қойған алдыңғы қатардағы топтың орнына осы ведомстволарға барған сайын көптеген, жұмысшылардың бірден бірге жаңа топтары енетін ету, осы жаңа топтың орнына дәл сондай ондаған топты келетін ету міндеті қойылып отыр. Бұл міндет ғаламат және қиын міндет сияқты болып көрінеді. Бірақ біз Октябрьден бастап қойылған нағыз ғаламат міндеттерді

орындауға революция тәжірибесі тез мүмкіндік бергендігін, еңбекшілердің білімге қолы жетпей келген және бұл білімдер қажетсіз болып келген топтары осы білімге қалай ұмтылғандығын ойлап қарасақ, егер біз осы жөнінде ойлап қарасақ,— бұл міндет бізге ғаламат міндет болып көрінуден қалады.

Біз бұл міндетті орындай алатынымызды, еңбекшілердің сансыз көп бұқарасын мемлекетті басқару және өнеркәсіпті басқару сияқты іске үйрете алатынымызды, практикалық жұмысты дамыта алатынымызды, ғасырлар және ондаған жылдар бойы жұмысшы бұқарасына үйреншікті болған нәрсені: мемлекетті басқару ісі — пұрсаттылардың ісі, мұның өзі айрықша өнер дейтін зиянды соқыр сенімді талқандай алатынымызды көріп отырмыз. Мемлекетті басқару айрықша өнер деген өтірік. Біздің қателіктерді әлі де жасайтынымыз сөзсіз, бірақ енді әрбір қатеден мемлекеттік басқарудың қайсыбір курсын теориялық жағынан оқып жүрген студенттер тобы емес, миллиондаған еңбекшілер үйренетін болады, олар әрбір қатенің зардабын өздері сезетін болады, өздерінің алдында өнімдерді есепке алу және бөлу, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде кезек күттірмейтін міндеттер тұрғанын өздері көретін болады және олар өкімет өз қолдарында екенін, өздеріне өздері көмектеспесе, басқа ешкім де оларға көмектеспейтінін тәжірибеде көретін болады,— жұмысшы табында қалыптасып жатқан жаңа психология міне осындай, пролетариаттың алдында тұрған, кәсіптік одақтардың және кәсіптік қозғалыс қайраткерлерінің санасына көбірек сіңірілетін орасан зор тарихи маңызы бар жаңа міндет міне осындай. Бұлар тек кәсіптік қана емес. Бұлардың енді кәсіптік одақтар болатыны — бұлар бұрынғы капитализмге байланысты бірден-бір мүмкін шеңберде біріктірілген және олар еңбекшілердің орасан көпшілігін біріктіріп отыр. Ал бұлардың міндеті — еңбекшілер резервінен жаңа топтарды іріктеп алудан еш уақытта шаршамай, оларды ең қиын міндеттерге жіберіп отырудан еш уақытта шаршамай, осы миллиондаған және он миллиондаған еңбекшілерді неғұрлым қарапайым қызметтен неғұрлым жоғары қызметке қарай жылжытып

отыру; сөйтіп, қалың бұқараны мемлекет басқаруға барған сайын көптеп тәрбиелеу; диктатураны өз қолына алған және күні кеше социал-сатқындар мен социал-қорғампаздардың айтқандарына төзіп келген, ал бұл күнде коммунизм мен Коммунистік Интернационалдың туы астына барған сайын жиналып жатқан өнеркәсіп жұмысшылары мен социалистердің отрядтарын күн сайын барлық елдерде бірінен соң бірін тарта отырып, сол диктатураны бүкіл дүние жүзі алдында берік ұстап отырған пролетариаттың күресіне қосылу.

Осы туды берік ұстау және, сонымен бірге социализм құрылысшыларының қатарын үздіксіз ұлғайта беру, кәсіптік одақтардың міндеті — жаңа өмірдің құрылысшылары болу екендігін, қателіктер жасамауды, ескі соқыр сенімдерді лақтырып тастауды өз тәжірибесінен үйренетін, мемлекетті басқаруды және өндірісті басқаруды өз тәжірибесінен үйренетін жаңа миллиондар мен ондаған миллиондардың тәрбиешісі болу екендігін есте сақтау,— кері оралуға ешбір мүмкіндік қалдырмай, социализм ісінің толық жеңіп шығатындығына мүлтіксіз кепілдік тек міне осында ғана.

Газет есебі
1919 ж. 21 январьда
«Экономическая Жизньнің»
14-номерінде, 22, 24 және
25 январьда «Праваданың»
15, 16 және 17-номерлерінде
басылған

1921 ж. мына кітапта басылған:
«Кәсіптік одақтардың
Бүкіл россиялық
екінші съезі.
Стенографиялық есеп»

Стенограммамен
және газеттер текстерімен
салыстырылған кітаптың
тексті бойынша басылып
отыр

ЕВРОПА МЕН АМЕРИКА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ[183]

Жолдастар! 1918 ж. 20 августа американ жұмысшыларына арналған хатымның аяғында мен: қашан халықаралық социалистік революцияның басқа армиялары бізге көмекке келгенше, біз қоршалған қамалда тұрмыз деп жазған болатынмын*. Жұмысшылар өздерінің социал-сатқындарынан, Гомперстерден және Реннерлерден қол үзіп жатыр дегенді қоса айтқанмын. Жұмысшылар коммунистік және большевиктік тактикаға қарай ақырындап, бірақ бұлжымастан жақындап келеді.

Бұл сөздер жазылғаннан бері 5 айдан азырақ уақыт өтті, ал түрлі елдердегі жұмысшылардың коммунизм мен большевизмге көшуіне байланысты бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның пісіп жетілуі бұл уақыттың ішінде өте-мөте жедел болғандығын айтуға тура келеді.

Ол кезде, 1918 ж. 20 августа, тек біздің, большевиктік, партия ғана 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде соншалық масқара болып күйреген ескі, II, 1889—1914 жылдардағы Интернационалдан біржола қол үзген еді. Тек біздің партия ғана жаңа жолға толық түскен еді, тонаушы буржуазиямен одақ жасасып, өзін масқаралаған социализм мен социал-демократизмнен коммунизмге, ресми социал-демократиялық және социалистік партиялардың өн бойына түгел сіңген және сіңіп жатқан ұсақ буржуазиялық реформизм мен оппорту-

* Қараңыз: осы том, 69-бет. *Ред.*

низмнен шын пролетарлық, революциялық тактикаға көшкен еді.

Енді, 1919 жылы 12 январьда, бірқатар коммунистік пролетарлық партияларды біз тек патшаның бұрынғы империясының шегінде ғана емес, мысалы, Латвияда, Финляндияда, Польшада ғана емес, сонымен қатар Батыс Европада — Австрияда, Венгрияда, Голландияда, ақырында Германияда да көріп отырмыз. Либкнехт, Роза Люксембург, Клара Цеткина, Франц Меринг сияқты бүкіл дүние жүзіне белгілі, бүкіл дүние жүзіне атақты көсемдері бар, жұмысшы табының адал жақтастары бар герман «Спартак одағы» Шейдеман мен Зюдекум тәрізді социалистерден, Германияның тонаушы, империалистік буржуазиясымен және II Вильгельммен одақ жасасу арқылы өзін мәңгі-бақи масқара еткен — осындай социал-шовинистерден (сөз жүзінде социалистер, іс жүзінде шовинистерден) өзінің байланысын біржола үзген кезде, «Спартак одағы» өзін «Германия коммунистік партиясы» деп атаған кезде,— осы кезде шын пролетарлық, шын интернационалистік, шын революциялық — III Интернационалдың, *Коммунистік Интернационалдың, негізін қалау фактіге* айналды. Бұл негізделу ресми түрде әлі бекіген жоқ, бірақ іс жүзінде III Интернационал қазірдің өзінде бар.

Енді барлық саналы жұмысшылар, барлық адал социалистер Россиядағы меньшевиктер мен «социалист-революционерлер» тәрізді, Германиядағы Шейдемандар мен Зюдекумдар тәрізді, Франциядағы Ренодельдер мен Вандервельделер, Англиядағы Гендерсондар мен Веббтер, Америкадағы Гомперстер мен К° тәрізді адамдардың 1914—1918 жылдардағы соғыста «өз» буржуазиясын қолдап, социализмге қандай жексұрын сатқындық жасағандығын көрмей тұра алмайды. Германия тарапынан да, енді тонап алған олжаларды бөлісу үшін, Түркияны, Россияны, Африкадағы және Полинезиядағы отарларды, Балқан елдерін, т. с. бөлісу үшін қырқыса бастаған Англия, Франция, Италия, Америка капиталистері тарапынан да бұл соғыс империалистік, реакциялық, тонаушылық соғыс ретінде өзін әбден әшкереледі. Біз Рейннің сол жақ жағалауын француз

буржуазиясы басып алғанын, Түркияны (Сирия, Месопотамия) және Россияның бір бөлегін (Сибирь, Архангельск, Баку, Красноводск, Ашхабад, т. т.) француз, ағылшын және американ капиталистері басып алғанын көріп отырғанда,— тонап алған олжаны бөлісу үшін Италия мен Франция арасында, Франция мен Англия арасында, Англия мен Америка арасында, Америка мен Жапония арасында барған сайын күшейе түскен жауығушылықты көріп отырғанда, «демократия» мен «халықтар одағы» туралы Вильсон мен «вильсонистердің» екіжүзді жел сөздері ғажап тез әшкереленеді.

Күні кеше-ақ өздерінің «империалистік үкіметтерін қорғаған, ал бүгінгі күні Россияға әскери күшпен қол сұғушылыққа тек желбуаздық «наразылық білдірумен» қанағаттанып отырған қоян жүрек, жартыкеш, буржуазиялық демократияның соқыр сенімдері өн бойына әбден сіңген «социалистермен» қатар,— бұлармен қатар Антанта елдерінде коммунистік жолмен, Маклиннің, Дебстің, Лорионың, Лаццаридің, Серратидің жолымен жүруші адамдардың, тек буржуазияны құлату ғана, буржуазиялық парламенттерді талқандау ғана, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасы ғана империализмді жаншып тастай алатынын, социализм жеңісін қамтамасыз ете алатынын, баянды бейбітшілікті қамтамасыз ете алатынын түсінген адамдардың саны өсіп келеді.

Ол кезде, 1918 ж. 20 августа, пролетарлық революция Россиямен ғана шектеліп еді, сөйтіп «Совет өкіметі», яғни мемлекеттегі *бүкіл* өкіметтің жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтеріне жататындығы әзірше тек россиялық мекеме ғана болып көрінуші еді (және іс жүзінде де солай еді).

Қазір, 1919 жылы 12 январьда, біз қуатты «советтік» қозғалысты патшаның бұрынғы империясының бөлектерінде, мысалы, Латвияда, Польшада, Украинада ғана емес, сонымен қатар батыс европалық елдерде де, бейтарап елдерде де (Швейцария, Голландия, Норвегия), соғыстан зардап шеккен елдерде де (Австрия, Германия) көріп отырмыз. Германияда — неғұрлым алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің бірі ретінде ерекше маңызды және сипатты елде — революция бірден «совет-

тік» форма алды. Герман революциясы дамуының бүкіл барысы және әсіресе «спартакшылдардың», яғни пролетариаттың адал және бірден-бір өкілдерінің күресі, сатқын оңбағандардың, Шейдемандар мен Зюдекумдердің буржуазиямен жасасқан одағына қарсы күресі,— осының бәрі Германия жөнінде тарихтың мәселені қалай *қойып отырғанын* айқын көрсетеді:

«Совет өкіметі» немесе, мейлі тіпті қалай деп («Ұлттық» немесе «Құрылтай» жиналысы тәрізді) аталса да, буржуазиялық парламент.

Мәселенің *бүкіл дүние жүзілік-тарихи* қойылысы осындай. Енді мұны еш бір әсірелемей-ақ айтуға болады және айтуға тиіспіз де.

«Совет өкіметі» — пролетариат диктатурасы дамуының бүкіл дүние жүзілік-тарихи екінші қадамы немесе кезеңі. Бірінші қадам Париж Коммунасы болды. Маркс өзінің «Франциядағы азамат соғысында» осы Коммунаның мазмұны мен маңызына данышпандық талдауында Коммуна мемлекеттің *жаңа типін, пролетарлық мемлекетті* құрды деп көрсетті. Мемлекет атаулының бәрі, соның ішінде ең демократиялық республика да, бір таптың екінші тапты басып-жаншуға арналған машинасы, басқа түк те емес. Пролетарлық мемлекет — пролетариаттың буржуазияны басып-жаншуға арналған машинасы, ал мұндай басып-жаншудың қажеттігі помещиктер мен капиталистердің, бүкіл буржуазия мен оның барлық құйыршықтарының, барлық қанаушылардың өздері құлатыла бастаған кезде, экспроприаторлар экспроприациялана басталған кезде, өршелене, жанталаса, еш нәрседен іркілмей қарсыласуынан келіп туады.

Буржуазиялық парламент, капиталистердің меншігі және олардың өкіметі сақталып қалатын ең демократиялық республиканың өзіндегі ең демократиялық парламент болса да, ат төбеліндей қанаушылардың миллиондаған еңбекшілерді басып-жаншу машинасы болып табылады. Социалистер, еңбекшілерді қанаудан азат ету жолындағы күрескерлер, *әзірше біздің күресіміз буржуазиялық құрылыстың шеңберімен шектеліп отырған кезде,* буржуазиялық парламенттерді трибуна ретінде, насихат,

үгіт, ұйымдастыру базаларының бірі ретінде пайдалануға тиіс болды. Ендігі жерде, бүкіл дүние жүзілік тарих бүкіл осы буржуазиялық құрылысты талқандау туралы, қанаушыларды құлату және басып-жаншу туралы, капитализмнен социализмге өту туралы мәселені күн тәртібіне қойып отырған кезде,— ендігі жерде буржуазиялық парламентаризммен, буржуазиялық демократиямен шектелу, буржуазиялық демократияны жалпы «демократия» деп боямалау, оның *буржуазиялық* сипатын бүркемелеу, капиталистердің меншігі сақталып отырғанда жалпыға бірдей сайлау правосы буржуазиялық мемлекеттің құралдарының бірі екендігін ұмыту,— мұның өзі пролетариатқа масқара опасыздық жасау, оның тап жауының, буржуазияның жағына шығу, опасыз және ренегат болу деген сөз.

Большевиктік баспасөз 1915 жылдан бері тынбай айтып келген бүкіл дүние жүзілік социализмдегі үш бағыт Германиядағы қантөгіс күрес пен азамат соғысының негізінде қазір біздің алдымызда айрықша айқын көрініп отыр.

Карл Либкнехт — бұл есім барлық елдердің жұмысшыларына белгілі. Барлық жерде, әсіресе Антанта елдерінде бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы. Бұл есім — капитализмге қарсы нағыз адал, құрбандықтарға шын даяр, аусыз күрестің символы. Бұл есім — империализмге қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің, «өз» елі империалистік жеңістердің желігіне есіріп отырған кезде, нақ сол кезде құрбандыққа даяр тұратын күрестің символы. Германия социалистерінің арасындағы адал және шын революцияшылдардың бәрі, пролетариаттың ішіндегі таңдаулылар мен өз ісіне сенгендердің бәрі, ашу-ызасы қайнап, революцияға деген ынтасы үдей түскен езілгендердің бүкіл бұқарасы Либкнехтпен және «спартакшылдармен» бірге болады.

Шейдемандар, Зюдекумдер және кайзер мен буржуазияның жексұрын малайларының осы бандасының бәрі — Либкнехтке қарсы. Бұлар социализмнің нақ Гомперстер мен Виктор Бергерлер, Гендерсондар мен Вебб-

тер, Ренодельдер мен Вандервельделер тәрізді сатқындары. Бұлар — «жұмысшы қозғалысындағы буржуазияның агенттері» деп біздер, большевиктер, атаған (бұл атау орыс Зюдекумдеріне, меньшевиктерге арналған), ал Американың ең таңдаулы социалистері терең шындық тұрғыдан бейнелі түрде өте тамаша сөздермен: «Labor lieutenants of the capitalist class», «капиталистер табының жұмысшы лейтенанттары» деп ат қойған, жұмысшылардың буржуазия параға сатып алған жоғарғы тобы. Бұлар — социалистік сатқындықтың *ең жаңа*, «moderne», *типі*, өйткені барлық цивилизациялы, алдыңғы қатарлы елдерде буржуазия — отаршылдық езгі жолымен болсын немесе формальды түрде тәуелсіз әлсіз халықтардан финанстық «пайда» табу жолымен болсын — «өз» елінің халқынан әлдеқайда көп халықты тонап отыр. Империалистік буржуазия үшін «үстеме пайданың» экономикалық мүмкіндігі және осы үстеме пайданың бір бөлегін пролетариаттың белгілі бір жоғарғы тобын параға сатып алуға, оны революциядан қорқатын реформистік, оппортунистік ұсақ буржуазияға айналдыруға пайдаланудың экономикалық мүмкіндігі осыдан туады.

Спартакшылдар мен шейдеманшылдардың арасында — ауытқушы, тұрлаусыз «каутскийшілдер», Каутскийдің пікірлестері жүреді, сөз жүзінде «тәуелсіз», іс жүзінде түгелдей және барлық жағынан да бүгін буржуазия мен шейдеманшылдарға, ертең спартакшылдарға *тәуелді* болатын, біразы біріншілердің соңынан, біразы екіншілердің соңынан еретін «каутскийшілдер», идеясы жоқ, тұрлауы жоқ, саясаты жоқ, ар-ұяты жоқ, ожданы жоқ, сөз жүзінде социалистік революцияны жақтайтын, іс жүзінде революция басталған кезде оны түсінуге қабілетсіз және жалпы «демократияны» ренегаттықпен қорғайтын, яғни *іс жүзінде буржуазиялық* демократияны қорғайтын филистерлердің абыржушылығын толық бейнелейтін адамдар жүреді.

Әрбір капиталистік елдегі әрбір ойлай білетін жұмысшы, ұлттық және тарихи жағдайлардың тиісінше өзгеруіне қарай, нақ осы негізгі үш бағытты социалистер арасында да, синдикалистер арасында да танып біле

алады, өйткені империалистік соғыс және бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның басталуы бүкіл дүние жүзінде біртектес идеялық-саяси ағымдарды туғызады.

* *
*

Жоғарыдағы жолдар Эберт пен Шейдеман үкіметі Карл Либкнехт пен Роза Люксембургті айуандықпен және жексұрындықпен өлтірерден бұрын жазылған болатын. Буржуазияның алдында малайлық еткен бұл жендеттер герман ақ гвардияшыларына, қасиетті капиталистік меншіктің қарғылы төбеттеріне Роза Люксембургті қорлап өлтіртті, «қашты» деген көріне жалған сылтаумен (1905 жылғы революцияны қанға бөктіріп басып-жаныштаған орыстың патша өкіметі тұтқындалғандарды «қашты» деген нақ осындай жалған сылтаумен осы тәрізді өлтіруді көп қолданған болатын) Карл Либкнехтті ту сыртынан атып өлтіртті,— сөйте тұра бұл жендеттер бейне бір кінәсыз, бейне бір таптардан жоғары тұрған үкіметтің беделімен ақ гвардияшыларды қорғаштаумен болды! Социалистсымақтар жасап отырған бұл жендеттіктің бүкіл сұмпайылығы мен пасықтығын сипаттауға сөз жетпейді. Сірә, тарих таңдаған жол осылай болар — «капиталистік таптың жұмысшы лейтенанттарының» ролі айуандықтың, пасықтықтың және жексұрындықтың «ақырғы шегіне» жеткізілуге тиісті болған болар. «Барлық» «социалистік» партиялардың (жендет Шейдемандарды социалистер деп атауын бұл малай жандар әлі қоймай келеді) өкілдерінен «сот» құрылсын деп ақымақ каутскийшілдер өздерінің «Фрейхейт»[184] газетінде мейлі айта берсін! Филистерлік топастық пен мещандық қорқақтықтың бұл сабаздары сот дегеніміз мемлекеттік өкіметтің органы екендігін де түсінбейді, ал Германиядағы күрес пен азамат соғысы осы өкімет кімнің қолында болады: жендеттер мен ойраншылар ретінде Шейдемандар, «таза демократияны» мақтаушылар ретінде Каутскийлер «қызмет көрсететін» буржуазияның қолында бола ма немесе қанаушы-капиталистерді құлатып, олардың қарсыласуын

басып-жаныштайтын пролетариаттың қолында бола ма — осының басын ашу үшін, нақ осы үшін жүріп жатыр.

Бүкіл дүние жүзілік пролетарлық Интернационалдың таңдаулы адамдарының, халықаралық социалистік революцияның ұмытылмас көсемдерінің қаны жұмысшылардың жаңа, жаңа бұқарасын өліспей беріспейтін күреске шынықтырады. Және бұл күрес жеңіске жеткізеді. Біз Россияда 1917 жылдың жазында «июль күндерін» басымыздан кешірдік, ол кезде, большевиктік үндеу хаттар таратқаны үшін казактар Петроград көшелерінде жұмысшы Воиновты[185] қорлап өлтірген кезде, орыс Шейдемандары, меньшевиктер мен эсерлер, ақ гвардияшылардың большевиктерді «жеңгенін» «мемлекеттік тұрғыдан» осылай қорғаштаған еді. Буржуазия мен оның малайларының мұндай «жеңістері» бұқараны буржуазиялық демократизмнің, «бүкіл халықтық дауыс берудің» және тағы сондайлардың жалған үміттерінен қалай тез айықтыратындығын біз тәжірибеден білеміз.

* *
*

Антанта буржуазиясы мен үкіметтерінің арасында қазір кейбір ауытқулар байқалып отыр. Олардың бір бөлегі одақтастардың Россиядағы әскерлерінің, ақ гвардияшыларға көмектескен, нағыз қара монархиялық және помещиктік реакцияға қызмет еткен әскерлердің ыдырауы басталғандығын көріп отыр; — Россияға әскери күшпен қол сұғу және оны жеңу әрекеттерін жасай беру үшін ұзақ уақытқа миллиондаған оккупациялық армия керек екендігін, бұл жол Антанта елдеріне пролетарлық революцияны өте тез арада көшірудің ең дұрыс жолы екендігін көріп отыр. Бұған немістердің оккупациялық әскерлерінің Украинадағы мысалы жеткілікті дәлел.

Антанта елдеріндегі буржуазияның екінші бөлегі бұрынғысынша Россияға әскери күшпен қол сұғу жағында, Совет республикасын «экономикалық қоршауға алу» (Клемансо) және тұншықтыру жағында. Осы буржуазияға қызмет етіп отырған бүкіл баспасөз, яғни Англия мен Францияның капиталистері сатып алған күнделікті

газеттердің көпшілігі Совет өкіметі тез арада күйрейді деп сәуегейлік жасап отыр, Россиядағы аштықтың сұмдықтарын барынша әсірелеп жазып жатыр, «тәртіпсіздік» жөнінде және Совет үкіметінің «тұрақсыздығы» жөнінде өтіріктер таратып отыр. Антанта офицерлермен де, снарядтармен де, ақшамен де, көмекші отрядтармен де көмектесіп отырған ақ гвардияшылардың, помещиктер мен капиталистердің әскерлері, осы әскерлер Россияның аштыққа ұшыраған орталығы мен солтүстігін ең астықты аудандардан, Сибирьден және Доннан, бөліп тастап отыр.

Петроград пен Москвадағы, Иваново-Вознесенскідегі және басқа да жұмысшы орталықтарындағы ашыққан жұмысшылардың жағдайлары шынында да тым ауыр. Егер де жұмысшылар Россияда да, бүкіл дүние жүзінде де социализм ісін қорғап отырғандығын түсінбеген болса, жұмысшы бұқарасы өздеріне Антантаның әскери күшпен қол сұғуы («қара нәсілділерді», одан соң снарядтарын, ақшасын, офицерлерін жіберуін тоқтатпаса да, екінің бірінде «өзіміздің» әскерлерімізді жібермейміз деген екіжүзді уәделермен бүркемеленген қол сұғуы) душар еткен мұндай ауыртпалықтарға, аштықтың мұндай азаптарына еш уақытта төзбеген болар еді,— жұмысшылар бұқарасы мұндай ауыртпалықтарға төзбеген болар еді.

«Одақтастардың» және ақ гвардияшылардың әскерлері Архангельскіні, Пермьді, Оренбургті, Дондағы Ростовты, Бакуді, Ашхабадты ұстап отыр, бірақ «советтік қозғалыс» Рига мен Харьковты жеңіп алды. Латвия мен Украина Советтік республикаларға айналып келеді. Жұмысшылар өздерінің асқан зор құрбандықтарды текке жасап жатпағандығын, Совет өкіметінің жеңісі бүкіл дүние жүзінде үдеп, ұлғайып бара жатқандығын, өсіп, нығайып келе жатқандығын көріп отыр. Ауыр күрес пен асқан зор құрбандықтардың әрбір айы Совет өкіметінің ісін бүкіл дүние жүзінде күшейтіп, оның жауларын, қанаушыларды әлсіретуде.

Бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның таңдаулы көсемдерін қыру және қорлап өлтіру үшін, оккупацияланған немесе басып алынған елдер мен аймақ-

тарда жұмысшылардың құрбандықтары мен азаптарын күшейте түсу үшін қанаушылардың қолында әлі де жеткілікті күш бар. Бірақ адамзатқа капитал құлдығынан, капитализм тұсында үсті-үстіне және сөзсіз болып тұратын империалистік соғыстардың мәңгілік қатерінен азаттық әперетін бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның жеңісін тоқтатуға бүкіл дүние жүзі қанаушыларының күші жетпейді.

Н. Ленин

21 январь, 1919.

«Правда» № 16 және «Известия ВЦИК» № 16, 24 январь, 1919 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ГУБЕРНИЯЛЫҚ БӨЛІМДЕРДІҢ МЕКТЕПТЕН ТЫС КІШІ БӨЛІМДЕРІ МЕҢГЕРУШІЛЕРІНІҢ II КЕҢЕСІНДЕ 1919 ж. 24 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[186]

Жолдастар! Сіздер мұнда губерниялық Советтердің жергілікті мектептен тыс бөлімдерінің өкілдері ретінде жиналып отырсыздар. Өкініштісі сол, мен сіздердің істеріңізбен жете таныс емеспін, сондықтан бірнеше ескертпелер айтумен шектелмекпін. Мен сіздердің, мектептен тыс білім беру қайраткерлерінің съезін — өзінің міндеттері жағынан сондайлық маңызды съезді — құттықтаймын!

Біздің мектепте ескі жағдайда тәрбиеленген көптеген мұғалімдер қалды, мұның өзі капиталистік құрылыстан социализмге өтуде қиындықтар туғызады. Таңданарлық жері сол, біз білімі бар адамдардың арасынан қатты қарсылық кездестіріп отырмыз. Кімде-кім ескі аппаратқа өзінің вотчинасы ретінде қарауға дағдыланған болса, ол адам өзі үшін және дәулетті тап үшін қызмет ететін болады.

Мектептен тыс жұмыстың жағдайы мектеп жұмысына қарағанда жақсы.

Бізде Халық Комиссарлары Советінде толып жатқан бытыраңқы мәдени-ағарту ұйымдарын біріктіру жөнінде комиссия құру туралы мәселе көтерілді. Мектептен тыс білім беру ісі бүкіл өмірді қайта құру үшін маңызды нәрсе. Жаңа жолдарды іздестіру қажет.

Мынаны айту керек, Совет өкіметінің кейбір жаңа, тәжірибесі жоқ өкілдері ескі әдістерді жиі қолданады, сөйтіп өкіметтің беделіне нұқсан келтіреді.

Меніңше, мектептен тыс білім беру қайраткерлеріне ауыр міндет жүктеліп отыр. Партиялық жұмыста біз бұқараға кеңінен ықпал етудің дағдылы тәсілдерін жасап алдық, бірақ осыларды мәдени-ағарту әдістерімен, атап айтқанда, мектеп және әсіресе мектептен тыс жұмыстардың әдістерімен біріктіру керек, ал бұл жағы үнемі сәтті болып жүрген жоқ.

Мектептен тыс жұмыста сіздер еңбекші бұқара тарапынан, олардың білімге деген аса күшті ынтасынан жәрдем ала аласыздар, сол арқылы олармен байланыс формаларын табу сіздерге оңай болады. Бұл істе секірістерге салыну арқылы табарыңыз, әсіресе мәдениеті жағынан төмен дәрежеде тұрған бұқара арасында табарыңыз аз болады. Насихат органдары ретінде партия ұйымдарымен жақындасуға ұмтылу керек және бұқараны мектептен тыс жұмысқа тарту керек. Егер бұқараның инициативасы лайықты тілектестік табатын болса, онда жақсы нәтижелерге жетеміз деп сенулеріңізге болады. Сіздерді құттықтауға және табысқа жете беруге тілектестік білдіруге рұқсат етіңіздер.

«Внешкольное Образование»
№ 2—3, февраль — март, 1919 ж.

«Внешкольное Образование» журналының тексті бойынша басылып отыр

БӘРІ ДЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ПЕН ТРАНСПОРТ ЖҰМЫСЫНА ЖҰМЫЛДЫРЫЛСЫН!

Орталық Атқару Комитетінің соңғы мәжілісінде мен Совет республикасы үшін ерекше қиын жарты жылдықтың басталғандығын айтуыма тура келген болатын. 1918 жылдың бірінші жарты жылында 28 миллион пұт, екінші жарты жылында 67 миллион пұт астық дайындалды. 1919 жылдың бірінші жарты жылдығы одан бұрынғы жарты жылдықтан қиынырақ болады.

Ашаршылық барған сайын күшейіп келеді. Бөртпе сүзек нағыз сұмдық қауіпке айналып барады. Қаһармандық күш жұмсау керек, ал бізде істеліп жатқаны әлдеқайда жеткіліксіз.

Аман қалуға және жағдайды жөндеуге мүмкіндік бар ма?

Күмән жоқ, бар. Уфа мен Оренбургтің алынуы, оңтүстіктегі жеңіс, одан соң советтік көтерілістің Украинадағы жеңісі[187] нағыз қолайлы перспективаларға жол ашып отыр.

Енді біз азық-түліктің өзек талмас нормасына қажетті мөлшерден гөрі *астықты едәуір көбірек таба алатын жағдайға жеттік.*

Шығыс ауданда миллиондаған пұт астық қазірдің өзінде жиналды. Оларды транспорт жағдайының нашарлығы бөгеп отыр. Оңтүстікте бүкіл Воронеж губерниясын және Дон облысының біраз бөлегін красновшыл-казактардан азат ету астықты біздің бұрынғы есептеріміздің бәрінен де анағұрлым көп алуға толық мүмкіндік береді. Ақырында, Украинада басы артық

астық тіпті көп, сондықтан да Украинаның Совет үкіметі бізге өзінің көмегін ұсынып отыр.

Біз енді ашаршылықтан құтылып қана қоймай, Россияның егіншілікпен шұғылданбайтын аймағының ашыққан халқын да тойындыра аламыз.

Мәселе транспорт жағдайының нашарлығында және азық-түлік қызметкерлерінің тым жетіспейтіндігінде болып отыр.

Барлық күшті жұмылдыру керек, жұмысшы бұқарасының жігерін үсті-үстіне шыңдай түсу керек. Күнделікті өмір мен күнделікті жұмыстың дағдылы арнасынан батыл қол үзіп шығу керек. Серпілу керек. «Ағымдағы» жұмыс шеңберімен *шектеліп қалмай,* қайта олардың шегінен шыға, қосымша күштерді табудың және оларды тартудың жаңа тәсілдерін іздестіріп таба отырып, азық-түлік пен транспортқа қызметкерлерді *революциялық жолмен жұмылдыруға* кірісу керек.

Мейлінше «сақ» және пессимистік есептің тұрғысынан қарағанда да, осы жарты жылдықта ашаршылық пен сүзекті жеңуіміз (жеңіп шығуымыз *әбден* мүмкін) бүкіл шаруашылық жағдайымызды жақсартуға қарай *толық бетбұрыс* жасауға мүмкіндік береді деп есептеуімізге қазір біздің мейлінше толық дәлелдеріміз бар, өйткені Украинамен және Ташкентпен байланыс бізді шикізаттың тапшылығы мен жеткіліксіздігінің басты және негізгі себептерінен құтқарады.

Әлбетте, ашыққан бұқара титықтап шаршаған, кейде бұл шаршау кісі төзерлік халден де ауыр, бірақ бұдан құтылудың жолы бар және дегенмен де жігердің өрлеуі сөзсіз мүмкін,— оның үстіне бүкіл дүние жүзінде пролетарлық революцияның құлаш жаюы барған сайын айқындалып келеді, ол біздің ішкі жағдайымызды ғана емес, сонымен бірге халықаралық жағдайымызды да түбегейлі жақсартуға үміт тудырып отыр.

Серпілу керек.

Әрбір партия ұйымы, әрбір кәсіптік одақ, кәсіби жағынан ұйымдасқан немесе тіпті ұйымдаспаған, бірақ ашаршылыққа қарсы «соғыс ашуға» құлшынған жұмысшылардың әрбір тобы,— совет қызметкерлерінің жә-

не жалпы азаматтардың әрбір тобы өздерінің алдына мынадай сұрақ қоятын болулары керек:

біз ашаршылыққа қарсы бүкіл халықтық жорықты ұлғайту және күшейту үшін не істей аламыз?

біз еркектердің еңбегін әйелдердің еңбегімен ауыстырып, еркектерді транспорт пен азық-түлік жұмысының ең қиын міндеттерін орындауға жіберген үстіне жібере алмас па екенбіз?

біз паровоздар мен вагондар жөндейтін заводтарға комиссарлар бере алмас па екенбіз?

біз азық-түлік армиясына қатардағы қызметкерлер бере алмас па екенбіз?

біз өз ортамыздан, өз тобымыздан, өз заводымыздан, т. б. он адамның немесе бес адамның бірін азық-түлік армиясына немесе кәдімгі жұмыстан гөрі неғұрлым қиын және неғұрлым ауыр темір жол шеберханаларындағы жұмысқа болуге тиіс емеспіз бе?

біздің кейбіреулеріміз мемлекеттің негізгі немесе түбегейлі тірегіне кесел келтірмей-ақ бәсеңдетуге немесе тіпті тоқтатып тастауға болатындай совет жұмысымен немесе тегі басқа жұмыспен айналысып жүрген жоқ па екенбіз? біз бұл қызметкерлерді дереу азық-түлік пен транспортқа жұмылдыруға міндетті емес пе екенбіз?

Ескі капиталистік қоғамның қарғыс атқан ережесін, сол қоғамнан бізге мұра болып қалған ережені, азды-көпті дәрежеде біздің әрқайсымызға да жұққан, әрқайсымызды да азды-көпті аздырған ереже: «әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршаның қамын ойлайды» деген ережені жаңадан теріске шығару үшін мүмкіндігінше неғұрлым қалың бұқара болып тағы да жұмыла бас көтерелік. Тонаушы, лас және қанқұйлы капитализмнің осы мұрасы бізді көбіне-көп тұншықтырып, езіп, кескілеп, жаншып, түбімізге жетіп отыр. Бұл мұрадан бірден құтыла алмайсың, мұнымен талмастан күресу керек, оған қарсы бір рет емес, екі рет емес, талай рет жаңадан крест жорығын жариялау керек, жүргізу керек.

Миллиондарды және ондаған миллиондарды ашаршылық пен сүзектен аман алып қалуға болады, ол күн алыс емес, төніп келе жатқан ашаршылық пен сүзек

дағдарысын жоюға, жеңіп шығуға әбден болады. Торығу сөкеттік, зердесіздік, масқаралық болады. Тек әйтеуір өзі «құтылып шығу» үшін, қалай да әйтеуір неғұрлым әлсіздерді итеріп тастап, жеке басын алып шығу үшін өз шама-шарқынша жеке-дара, бет-бетімен тырағайлап қашу,— мұның өзі дезертирлікке салыну, әрі ауру, әрі шаршаған жолдастарын тастап кету, жалпы жағдайды ауырлату деген сөз.

Біз Қызыл Армияның берік негізін қаладық, ол қазір адам естімеген қиыншылықтар арқылы, аса бай, ағылшын-француз миллиардерлері қолдап отырған помещиктер мен капиталистер әскерлерінің темір қорғанын *бұзып өтті,* шикізаттың басты көздеріне, астыққа, мақтаға, көмірге бұзып өтті. Біз бұл негізді жаңаша жұмыс істеу арқылы, майдандағы саяси насихат арқылы, армиямыздағы коммунистерді ұйымдастыру арқылы, жұмысшы бұқарасының таңдаулы адамдарының жан қиярлықпен ұйымдасуы және күресуі арқылы жасадық.

Біз сыртқы, соғыс майданында да, ішкі майданда да, қанаушылармен күресте, саботажбен күресте, социалистік құрылыстың қиын, ауыр, тайғақ кешу, бірақ *дұрыс* жолы үшін күресте бірсыпыра жеңістерге жеттік. Біз тек орыстық көлемде ғана емес, сонымен қатар халықаралық көлемде де толық және шешуші жеңіске жетуге таяу тұрмыз.

Тағы да біраз күш-жігер жұмсау керек,— сонда біз ашаршылықтың темір шеңгелінен босап шығамыз.

Біз Қызыл Армия үшін істегенімізді және істеп жатқанымызды, біз осыны тағы да бір рет және жаңа жігермен азық-түлік пен транспорт жұмысын жандандыру, ұлғайту, күшейту үшін істейміз. Таңдаулы қызметкерлердің бәрі *осындай* жұмыста болуға тиіс. Жұмыс істегісі келетіндердің және істей алатындардың бәріне орын табылады, күйзеліс пен ашаршылықты ұйымдасқан түрде, жаппай жеңуге, егер ықыласы болса, әркім де көмектеседі, әрбір белсенді күшке, әрбір қабілетке, әрбір мамандыққа, әрбір кәсіпке, әрбір ықыласты адамға азық-түлік пен транспорт қызметкерлерінің осы *бейбіт армиясынан* — дәл қазір, толық жеңіп шығу үшін, Қызыл Армияны қолдауға, оның жеңісін баянды етуге

және пайдалануға тиісті бейбіт армиясынан — қызмет табылады және табылуға тиіс.

Бәрі де азық-түлік пен транспорт жұмысына жұмылдырылсын!

26 январь, 1919.

«Правда» № 19, 28 январь, 1919 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[188]

I. Советтік саясаттың негізгі бағытын кооперативтердің іс жүзінде нақты жүргізіп жатқандығы туралы мәліметтер жиналу керек, атап айтқанда:

(1) бүкіл халықтың кооперацияға ұйымдасуы ғана емес, сонымен қатар кооператив ісін жүргізуде пролетарлық және жартылай пролетарлық халықтың басым ролі туралы.

(2) жабдықтау мен бөлуді жолға қойғанда: *барлық* басы артық астықтарын мемлекетке *тапсырудан* шынында кедейлер (=пролетарлар+жартылай пролетарлар) пайда көретіндей (товар және басқа нәрселер) етіп жолға қою туралы.

ad 1* Халық шаруашылығы жоғары советінің кооператив бөлімі мен Азық-түлік комиссариатына Орталық статистика басқармасымен бірге осы мәліметтерді жинау тапсырылсын. 2 аптадан кейін баяндалсын.

II. Азық-түлік комиссариатына кооперативтердегі совет өкілдері туралы нұсқау әзірлеп, осыны жүзеге асыру жолында насихат-ұйымдастыру жұмысын өрістету тапсырылсын.

III. Жұмысшы кооперациясына жұмысшы кооперациясының көпшілігін Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы басқармасына өткізу және оған тә-

---

* — 1-пунктке. *Ред.*

жірибелі практик *коммунистерді* енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ету тапсырылсын.

IV. Крестинскийге — тұтынушылар коммуналары туралы декреттің жобасын әзірлеу тапсырылсын.

1919 ж. 28 январьда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КІТАПХАНА ІСІНІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ [189]

Халық ағарту комиссариатының кітапхана бөліміне Халық Комиссарлары Советінің 1918 ж. 7 июньдегі және 1919 ж. 14 январьдағы қаулыларының шын мәнінде жүзеге асырылуы туралы, кітапханалар мен оқу үйлері санының шын мәнінде көбейгендігі туралы, халық арасына кітап тарату жұмысының өсуі туралы қысқаша нақты деректерді ай сайын жариялап отыру және Халық Комиссарлары Советіне беріп отыру тапсырылсын.

1919 ж. 30 январьда жазылған

1919 ж. 1 февральда «Известия ВЦИК» газетінің 23-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-КООПЕРАТИВТІК ЖАБДЫҚТАУ МЕН БӨЛУДЕН ПРОЛЕТАРЛЫҚ-КОММУНИСТІК ЖАБДЫҚТАУ МЕН БӨЛУГЕ КӨШУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ[190]

Жуырда Халық Комиссарлары Советінде кооперативтер мен тұтынушылар коммуналары туралы талқыланған мәселе (2 февральдағы «Известияны» салыстыр) күн тәртібіне *ең маңызды* шара ретінде бүкіл халықтың буржуазиялық *кооперациядан* коммунистік тұтыну-өндіру бірлестіктеріне *көшу* шараларын қойып отыр.

Кооперация халықтың 98 процентін біріктіре ала ма делік? Деревняларда бұл болады.

Ал енді осыдан кооперация коммуна болып шыға ма?

Жоқ, *егер* бұл кооперация (1) ерекше жарнашылардың тобына пайда (жарналарға дивидендтер, т. с.) беретін болса, (2) өзінің ерекше аппаратын сақтаса, бірақ оған жалпы алғанда халықты, ең алдымен пролетариат пен жартылай пролетарларды тартпайтын болса, (3) өнімдерді бөлгенде жартылай пролетарларға қарағанда орташаларға, орташаларға қарағанда байларға тиімді болса, (4) азық-түліктерді алғанда алдымен байлардағы, содан соң орташалардағы артық өнімдерді түк қалдырмай алмайтын болса, соның өзінде пролетарлар мен жартылай пролетарларға сүйенбейтін болса, ол коммуна болып шықпайды. Т. т. және т. с.

Міндеттің барлық қиындығы (және қазір, дереу біздің алдымызға қойылып отырған міндеттің барлық *мазмұны)* мынада: ескі кооперациядан (халықтың *азшылығы* болып отырған *жарнашылар* тобы өз алдына бөлінгендіктен, сондай-ақ басқа да себептерден сөзсіз буржуазиялық болып отырған кооперациядан) жаңа

және нағыз *коммунаға көшудің практикалық* шараларының,— буржуазиялық-кооперативтік жабдықтау мен бөлуден пролетарлық коммунистік жабдықтау мен бөлуге көшу шараларының — жүйесін жасап шығару керек.

Мыналарды істеу қажет:

(1) осы мәселе баспасөзде көтерілсін;

(2) осы міндетті шешуде Совет өкіметінің барлық орталық және жергілікті мекемелерінің арасында (әсіресе Халық шаруашылығының жоғары советі мен Халық шаруашылығы советтерінің, Азық-түлік комиссариаты мен азық-түлік органдарының, Орталық статистика басқармасы мен Егіншілік халық комиссариатының арасында) жарыс туғызылсын;

(3) Халық шаруашылығы жоғары советінің кооператив бөліміне және 2-параграфта аталған барлық мекемелерге осындай шаралардың *программасын* және осы шараларды дамытуға мүмкіндік беретін осындай шаралар мен фактілер туралы мәлімет жинаудың формулярын жасау тапсырылсын;

(4) осындай шаралардың жақсы программасы үшін, неғұрлым тиімді программа үшін, бұл туралы мәліметтер жинаудың аса ыңғайлы және жүзеге асарлық формуляры мен тәсілі үшін сыйлық тағайындалсын.

1919 ж. 2 февральда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҰЛЫ СОЛТҮСТІК ТЕМІР ЖОЛЫН КОНЦЕССИЯҒА БЕРУ ТУРАЛЫ[191]

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1) Халық Комиссарлары Советі жолдың бағытын және оның жалпы жоспарын жарамды деп табады;

2) жалпы, принципті көзқарас тұрғысынан алғанда, өндіргіш күштерді дамыту мүдделері үшін шетел капиталы өкілдеріне концессияға беруді мүмкін деп таниды;

3) бұл концессияны керекті және оның іс жүзіне асырылуын практикалық тұрғыдан қажетті деп табады;

4) мәселенің іс жүзінде және біржолата шешілуін тездету үшін бұл істің инициаторларына өздерінің істі орындауға, материал жеткізуге қабілетті капиталистік мықты фирмалармен байланысы барын көрсететін дәлел ұсыну жүктелсін;

5) ерекше комиссияға 2 апта мерзім ішінде шарттың түпкілікті жобасын ұсыну тапсырылсын;

6) 2 апта мерзім ішінде стратегиялық және әскери тұрғыдан қорытынды пікір беру әскери комиссариатқа тапсырылсын.

1919 ж. 4 февральда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНА[192]

Сіздердің кітапхана бөлімдеріңізге (мектептен тыс білім берудің де, мемлекеттік кітапхананың да, т. б.) таяуда Халық Комиссарлары Советінде көтерілген мәселе бойынша менің төмендегі қосымша пікірлерімді айтуларыңызды және маған өздеріңіздің (және тиісті бөлімдердің) осы жөніндегі қорытындыларыңызды хабарлауыңызды өтінемін.

Кітапхана ісі, әрине, «оқу-үйлерін», қандай да болсын оқу үйлерін, т. с. қамтитын іс, жеке губерниялардың, топтардың, оқу үйлерінің, тағы басқалар, т. с. арасында *жарыс* туғызуды бәрінен де көбірек керек етеді.

Қазір Халық Комиссарлары Советі талап етіп отырған есеп *беруді* дұрыс жолға қою *үш* мақсатты көздеуге тиіс:

1) Совет өкіметін де, сондай-ақ барлық азаматтарды да не істеліп жатқандығымен шын және толық *таныстыру;*

2) жұмысқа *халықтың өзін* тарту;

3) кітапхана қызметкерлерінің арасында *жарыс* туғызу.

Осы мақсат үшін осы мақсаттарды қанағаттандырарлықтай есеп формулярлары мен формаларын дереу жасап шығару қажет.

В Нар. К-ріат Прос.

Прошу передать в ваш библ. отдел (как внешк. отд., так и госуд. б-к и др.) нижеслѣд. мое дополнительное соображеніе по вопросу, недавно поднятому в СНК., и сообщить мнѣ ваше (и соотв. отделов) заключеніе по этому поводу.

Библіотечное дѣло, включающее, конечно, „избы-читальни", всякія читальни и т. п., больше всего требует вызова соревнованія между отдѣльными губерніями, группами, читальнями и проч. и т. п.

Правильная постановка отчетности, кот. потребовал теперь СНК, должна служить трем цѣлям:
1) правдивое и полное ознакомленіе и Сов. власти, и всѣх граждан, о том, что дѣлается;
2) привлеченіе к работѣ самого населенія;
3) вызов соревнованія библіотечных работников.

Для этой цѣли необходима немедленная выработка таких формуляров и форм отчета, которые удовлетворяли бы этим цѣлям.

По моему, формуляры отчетов должны быть утверждены в центрѣ, затѣм перепечатываться по губерніям, и рассылаться во всѣ отдѣлы нар. прос. и во всѣ библіотеки, читальни, клубы и т. п.

В этих формулярах должны быть выдѣлены (и напечатаны, скажем, крупным шрифтом) обязательные вопросы, за неответ на которые завѣдующіе б-ками и т. п. отвечают по суду. А затем к этим обязательным ответам прибавить очень

В. И. Лениннің «Халық ағарту комиссариатына» деген қолжазбасының бірінші беті.— Февраль, 1919 ж.

Кішірейтілген

Меніңше, есеп формулярлары орталықта дайындалуға тиіс, содан соң губернияларда қайта басылып, барлық халық ағарту бөлімдеріне және *барлық* кітапханаларға, оқу үйлеріне, клубтарға, т. с. таратылатын болуға тиіс.

Бұл формулярларда жауап бермегені үшін кітапхана меңгерушілері, т. с. *сот алдында* жауап беруге тиіс болатын *міндетті* сұрақтар *ажыратылып* (және, айталық, қара әріппен басылып) көрсетілулері керек. Ал содан соң осы міндетті сұрақтарға *міндетті емес өте* көп сұрақтар (бұларға жауап бермеу міндетті түрде сотқа тартылуға жатпайды деген мағынада) қосылу керек.

Формулярдың міндетті параграфтарына, мысалы, кітапхананың (немесе оқу үйінің, т. с.) адресі, меңгерушінің және басқарма мүшелерінің аты-жөндері, олардың адрестері, кітаптар мен газеттердің саны, ашылу уақыты, т. с. (үлкен кітапханалар үшін басқа да мәліметтер) жатқызылуға тиіс.

Міндетті емес параграфтарға істі жақсарту үшін ең көп шара қолданған және оларды ең жақсы жүзеге асырғандарды **ынталандыруға** (бағалы басылымдар, комплектілер және басқаларын беріп) мүмкіндік болуы үшін, сұрақтар түрінде, Швейцария мен Америкада (және басқа елдерде) істі жақсарту үшін қолданылған **барлық** шаралар жатқызылуға тиіс.

Мәселен: 1) өз кітапханаңыздағы кітаптар *айналымы* өсіп отыр ма? немесе 2) сіздің оқу-үйіңізде қанша оқушы бар? немесе 3) басқа кітапханалармен және оқу үйлерімен кітаптар мен газеттер алмасып алынып тұра ма? немесе 4) орталық каталог жасала ма? немесе 5) жексенбі күндері пайдаланыла ма? немесе 6) кешкі уақыттар қалай пайдаланылады? немесе 7) оқушылардың жаңа топтары, әйелдер, балалар, орыстан басқа ұлт адамдары, т. с. кітап оқуға тартылып тұра ма? немесе 8) оқушылардың сұрақтарын қалай қанағаттандырасыз? немесе 9) кітаптар мен газеттерді сақтаудың қарапайым және оңтайлы тәсілдері қандай? олар қалай сақталады? оқығаннан кейін қалай болса солай қойыла сала ма әлде өз орнына қойыла ма? немесе 10) кітапты үйге беру ісі қалай? немесе 11) үйге беру жағдайында кепілдік беру-

ді қалай оңайлатуға болады? немесе 12) почтамен жіберу жұмысын қалай оңайлатуға болады?

т. т., т. с. және т. с.

Сіз осыларды дәл деректер арқылы дәлелдей аласыз ба?

Жақсы есептер мен табыстар үшін сыйлықтар беру керек.

Халық ағарту комиссариатының Кітапхана бөлімінің есептері ай сайын қанша есеп және қандай сұрақтарға жауап келетіндігі жөнінде, қорытындылар жөнінде Халық Комиссарлары Советін *міндетті түрде* хабардар етіп отыруға тиіс.

1919 ж. ерте дегенде 8 февральда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШАРУА СҰРАУЫНА ЖАУАП[193]

«Известия ЦИК» газетінде 2 февральда шаруа Г. Гуловтың хаты басылды, онда ол біздің жұмысшы-шаруа үкіметінің орташа-шаруаларға көзқарасы туралы мәселе қояды және Ленин Троцкиймен келісе алмай жүр екен-міс, ол екеуінің арасында нақ осы орташа-шаруа жөніпде үлкен алауыздықтар бар екен-міс деп таралып жүрген қауесет жайында айтады.

Троцкий жолдас «Известия ЦИК» газетінде 7 февральда басылған «Орташа-шаруаларға хатында» өз жауабын берді. Троцкий жолдас ол хатында мені мен оның арасындағы алауыздықтар туралы қауесет помещиктер мен капиталистер немесе солардың ерікті және еріксіз көмекшілері таратып жүрген ең сұрқия әрі арсыз өтірік екенін айтады. Мен, өз тарапымнан, Троцкий жолдастың мәлімдемесін толығымен қуаттаймын. Біздің екеуіміздің арамызда ешқандай алауыздық жоқ, ал орташа-шаруалар жөнінде біздің Троцкиймен ғана емес, тіпті екеуміз де мүше болып отырған жалпы коммунистік партия ішінде де алауыздық жоқ.

Троцкий жолдас өз хатында коммунистер партиясының және Советтер сайлаған, коммунистер партиясына жататын қазіргі жұмысшы-шаруа үкіметінің орташа-шаруаларды неліктен өзіне жау деп санамайтынын толық және айқын түсіндіріп берді. Мен Троцкий жолдастың айтқандарына екі қолыммен бірдей қол қоямын[194].

Шаруалардың басты-басты үш тобының арасы ажыратылып көрсетілмеген Совет өкіметінің бірде-бір дек-

реті (заңы), бірде-бір қаулысы жоқ: бірінші топ — кедейлер (экономика ғылымында айтылып жүргеніндей, пролетарлар мен жартылай пролетарлар). Мұндайлар өте көп. Өкімет помещиктер мен капиталистердің қолында болған кезде, олардың барлық езгісі бәрінен де гөрі кедейлердің мойнына түсті. Дүние жүзінің барлық елдерінде шын мәніндегі социалистік қозғалыстың ең мықты тірегі жұмысшылар мен соларды қолдайтын деревня кедейлері болып табылады. Екінші топ — кулактар, яғни не қызметкерлер жалдап, не өсімге ақша беріп және басқа да жолдармен өзгенің еңбегін қанайтын бай шаруалар. Бұл топ помещиктер мен капиталистердің, Совет өкіметі жауларының қолын ұзартады. Үшінші топ — орташа-шаруалар. Бұлар Совет өкіметінің жаулары емес. Олар Совет өкіметінің достары бола алады, біз соған жетпекпіз және жетеміз де. Социализм ұстаздарының бәрі де жұмысшылар социализмді жүзеге асыру үшін помещиктер мен капиталистерді құлатуға тиіс болатынын, ал орта шаруалармен келісімге келу мүмкін екенін және келісімге келу қажет екенін әрдайым мойындап отырған болатын.

Помещиктер мен капиталистердің үстемдігі жағдайында орта шаруалардың бірен-сараны, айталық жүздің ішінен біреуі ғана берік ауқаттылыққа жетіп келді, онда да кулактар қатарына шығып, кедейдің мойнына міну арқылы ғана жетіп отырды. Ал орта шаруалардың orасан зор көпшілігі помещиктер мен капиталистер өкіметі тұсында мұқтаждыққа және байлар тарапынан қорлық-зорлыққа сөзсіз душар болады. Барлық капиталистік елдерде істің жайы осындай болып та отыр.

Социализм тұсында барлық жұмысшылардың да, түгел алғанда барлық орта шаруалардың да, өзгенің еңбегін ешбір тонамай-ақ, толық және берік ауқатты болуына мүмкіндік бар. Бірде-бір большевик, бірде-бір коммунист, бірде-бір парасатты социалист орта шаруаға қарсы зорлық жасауды ешқашан ойына да алған емес. Барлық социалистер орта шаруалармен келісімге келу туралы, орта шаруалардың социализмге бірте-бірте оз еркімен өтуі туралы әрдайым айтып келді.

Біздің еліміз капиталистердің төрт жылғы қылмысты

соғысынан басқа елдерге қарағанда көбірек күйзеліске ұшырады. Барлық жерде күйзеліс пен берекесіздік жайлаған, товарлар жоқ, қалаларда және егіншілікпен шұғылданбайтын губернияларда адам айтқысыз азапты ашаршылық. Күйзелісті жеңу үшін, ашаршылықты жеңу үшін, патша мен байлардың, қанаушылардың ескі өкіметін қайта орнатуға тырысқан помещиктер мен капиталистердің әскерлерін жеңу үшін барлық күшті жұмсауға тура келеді. Оңтүстікте, Донда да, Украинада да ақ гвардияшылар жеңілді, отын (көмір) мен астыққа жол ашылып келеді. Енді соңғы рет аздап күш салыңқырасақ, сонда біз ашаршылықтан құтыла аламыз. Бірақ соғыс қалдырған күйзеліс орасан зор, сондықтан барлық еңбекшілердің ұзақ, қажырлы жұмысы ғана біздің елімізді берік ауқаттылық жолына шығара алмақ.

Орташа-шаруалар арасынан естіліп жүрген шағымдардың ішінде екі түрлі шағымды атап өту керек. Біріншіден, жергілікті жерлердегі, әсіресе меңіреу түкпірлердегі өкімет орындарының демократиялық емес, шектен асқан «бастыққұмарлық», ал кейде тіпті сорақылық қылықтары жөнінде жасалатын шағымдар. Деревнялардағы жергілікті өкімет орындарына дұрыс бақылау орнату және қадағалап отыру қиынырақ екендігінде күмән жоқ, онда коммунистер арасына кейде жаман элементтер, арамза адамдар еніп кетіп отыр. Совет өкіметінің заңдарын бұрмалап, шаруаларға әділетсіз қарайтын ондай адамдармен аяусыз күресу қажет, оларды дереу аластап, оларға ең қатал сот құрып отыру қажет. Адал жұмысшылар мен шаруалардың барлық күш-жігері Россияны помещиктік және капиталистік тұрмыстың ондай «сарқыншақтарынан» тазартуға бағытталмақ, өйткені біздің жұмысшы-шаруа республикасының заңы бойынша, олар Советтерден сайланып қойылуға, адалдықтың, заңдарды бұлжытпай орындаудың үлгісін көрсетуге міндетті бола тұра, өздерін «бастықтар» сияқты ұстауға жол береді. Совет өкіметі, мәселен, парақорлыққа салынып қолға түскен мұндай лауазымды адамдардың талайын атып та тастады және ондай оңбағандарға қарсы күрес ақырына дейін жеткізіледі.

Шағымдардың екінші түрі астықты тартып алушылыққа, астықпен еркін сауда жасауға қатаң тыйым салынуына байланысты айтылып жүр. Біздің үкімет озбырлыққа және заңнан шегінушілікке қарсы аяусыз күрес жүргізеді. Бірақ астықпен еркін сауда жасауға рұқсат етуге бола ма? Күйзеліске ұшыраған елде астық жетіспейді немесе тақыл-тұқыл ғана жетеді, ал оның үстіне соғыстың темір жолды бүлдіргені соншалық, астық тасу мүлде нашар жүріп жатыр.

Астық тапшылығы жағдайында астықпен еркін сауда жасау жалдаптықты мейлінше асқындыру және бір пұт астықтың бағасын жүздеген сомға дейін қымбаттату деген сөз, өйткені аш адам бір үзім нан үшін бәрін береді. Ашаршылыққа ұшыраған елде астықпен еркін сауда жасау — халықтың мұқтаждығы мен аштығы есебінен қалтасын толтыратын кулактардың, арсыз бай шаруалардың асқына баюы деген сөз. Ашаршылыққа ұшыраған елде астықпен еркін сауда жасау — байлардың кедейлерді жеңуі деген сөз, өйткені байлар астықты шексіз, асқан қымбат бағамен де сатып ала береді, ал кедейлер мүлдем құралақан қалады. Астықпен еркін сауда жасау дегеніміз байлар үшін баю бостандығы, кедейлер үшін қырылу бостандығы деген сөз. Астықпен еркін сауда жасау — кері кету, капиталистердің үстемдігі мен толық өктемдігіне қайта оралу деген сөз.

Жоқ. Біз капиталистер өкіметінің, ақша өктемдігінің қайта орнауына, баю бостандығына қайтып оралғымыз келмейді және оралмаймыз да. Біздің социализмге қарай, барлық еңбекшілер арасында астықты дұрыс бөлуге қарай ілгері басқымыз келеді. Артық астықтың бәрі әділ бағамен Совет мемлекетіне берілуге тиіс, ал мемлекет оны еңбекшілер арасында бірдей етіп тең бөлуге тиіс. Бұған бірден жетуге болмайды, мұндай әділ, социалистік, тәртіп орнату оңай емес. Бүкіл жер бетін қанға бояған ескі, капиталистік сауда бостандығын, баю бостандығын, қырқысу бостандығын, езу бостандығын жою үшін көп еңбектену керек, ұзақ жұмыс істеу керек, жұмысшылар мен шаруалардың қатаң жолдастық тәртібін орнату керек.

Ал қазір миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар осы қиын жұмысты қолға алды. Әрбір адал, ар-ұяты бар шаруа мен жұмысшы социализмнің мақызын түсініп, сол үшін табанды күрес жүргізіп отыр.

Бүкіл дүние жүзінде социалистік революция өрістеп келеді. Капиталистер өкіметі, «сауда еркіндігі» қайтып оралмайды. Социализм жеңіп шығады.

Н. Ленин

14 февраль, 1919.

«Правда» № 35 және «Известия ВЦИК» № 35, 15 февраль, 1919 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

СЫРТҚЫ ІСТЕР ХАЛЫҚ КОМИССАРЫ РАДИОТЕЛЕГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[195]

Сіздің пәлендей күнгі радиотелеграммаңызға жауап ретінде сізге мынаны хабарлауға асығудамын: біз Берн конференциясын социалистік деп те, жұмысшы табының қандай дәрежедегі болсын өкілдігі деп те есептемегенімізбен, солай бола тұрса да, біз хабардар болуды мақсат ететін буржуазиялық үкіметтің қандайымен болсын, тіпті Совет республикасына әскери шабуыл жасап отырған үкіметпен болсын, тікелей немесе жанама байланысы бар буржуазиялық комиссияның қандайына болса да келуге рұқсат ететініміз сияқты, біз сіз айтқан комиссияның да Россияға келуіне рұқсат етеміз және оның жан-жақты танысуына мүмкіндік жасайтынымызға кепілдік береміз. Сіз айтқан комиссияның келуіне сөзсіз келісе отырып, біз: сіздің демократиялық үкіметіңіз, сондай-ақ азаматтары комиссияға қатысатын басқа да демократиялық елдер үкіметтері сол елдерге Совет республикасынан біздің комиссиямыздың баруына рұқсат етуге келісер ме екен, соны білгіміз келеді.

1919 ж. 19 февральда жазылған

1919 ж. 20 февральда «Правда» газетінің 39-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 39-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕЛ ҚОРҒАНЫСЫНА ЗИЯН КЕЛТІРГЕН МЕНЬШЕВИКТІК ГАЗЕТТІ ЖАБУ ТУРАЛЫ

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ[196]

1) Меньшевиктік «Всегда Вперед» газеті 1919 ж. 20 февральдағы номерінде «Азамат соғысын тоқтатыңдар» деген мақаласында өзінің контрреволюциялық бағытын біржолата дәлелдеді;

2) помещиктер мен капиталистердің Колчак бастаған әскерлері тек Сибирьді ғана емес, сонымен қатар Пермьді де басып алып отырған кезде, осындай кезде бұл газеттің қазір турадан-тура қойып отырған «азамат соғысы жойылсын» деген ұраны Колчакты қолдаумен және Россияның жұмысшылары мен шаруаларының Колчакқа қарсы соғысты жеңіске дейін жеткізуіне кедергі жасаумен бірдей;

3) сөйтіп өздерінің партиялық кеңесінің қарарында Сибирьде, Архангельскіде, Волгада, Грузияда және оңтүстікте дәулетті таптармен, яғни помещиктермен және капиталистермен одақ жасасқан партияшыл меньшевиктердің басым көпшілігін айыптаған меньшевиктер енді сол саясаттан екіжүзділікпен сөз жүзінде безгенсіп, іс жүзінде нақ осы саясатты жүргізе бастады;

4) меньшевиктердің бір бөлегі — помещиктер мен капиталистердің екіжүзді достары еместері өздерін Колчакқа қызмет етуге дейін құлдыратқан тұрлаусыз ауытқушылықты тағы да көрсетіп отыр;

5) Совет өкіметі помещиктер мен капиталистердің әскерлеріне қарсы ақырғы, шешуші және мейлінше шиеленіскен қарулы күрес кезінде бар ауыртпалықты әділ іс үшін соғысып жатқан жұмысшылармен және

шаруалармен бірге көтергісі келмейтін адамдардың болуына төзе алмайды;

б) мұндай адамдардың ниеттері буржуазияға және оның құйыршықтарына сондайлық жайлы болып отырған колчактық демократияға қарай қайта-қайта ауа береді,—

осыларды еске ала отырып, Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді:

а) меньшевиктер дәйекті түрде Колчактан қол үзетіндігіне және Совет окіметін қорғау және қолдау жолына берік шығатындығына оздерінің бел байлағанын өз істерімен дәлелдегенге дейін «Всегда Вперед» газеті жабылсын;

б) жұмысшылар мен шаруалардың Колчакты жеңуіне бөгет жасаушы меньшевиктерді колчактық демократияның шегіне өткізіп, қуып жіберу үшін барлық әзірлік шаралары қолданылсын.

1919 ж. 22 февральда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ГЕРМАН ТӘУЕЛСІЗДЕРІНІҢ ҮНДЕУ ХАТЫ ЖӨНІНДЕ[197]

Россияда қазір шетел газеттерін алу сирексіп кетті: Антантаның «демократияшыл капиталистері» бізді, сірә, қоршауға мықтап алған болса керек. Олар Американың, Англияның, Францияның білімді жұмысшыларын надан және жабайы большевизммен таныстырудан қорқады, осы жабайы большевизм еліндегілер большевизмнің Батыстағы табыстары жайында біліп қоймасын деп қорқады.

Жаңа «Қасиетті Одақтың» жандармериясы қаншалықты жан сала жұмыс істесе де, бәрібір шындықты жасыра алмайды!

Маған жуырда герман «тәуелсіз» социал-демократиясы дейтіннің органы, Берлинде шығатын «Бостандық» газетінің бірнеше номерін көрудің сәті түсті. 74-номерінің (11. II. 1919) бірінші бетінде «Германияның революцияшыл пролетариатына» деген көлемді үндеу хат басылған, оған партияның орталық комитеті және оның неміс құрылтайындағы фракциясы қол қойған. Бұл үндеу хаттың идеясы, немесе, дұрысырақ айтқанда, идеясыздығы тек герман жұмысшы қозғалысына ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысына да тән, сондықтан мұның өзі мұқият тоқталып өтуге лайық.

Бірақ мен алдымен өзімнің есімде қалған бір жағдайға байланысты шегініс жасасам деймін. Тәуелсіздер фракциясы мүшелері қойған қолдардың ішінен мен, айтар болсақ, Зегер мен Лауканттың есімдерін кездестірдім, сонда осыдан үш жыл бұрын болған оқиға есіме

түсті. Менің Лаукантты циммервальдистердің Бернде болған кеңесінде[198] кездестіруіме тура келген еді. Осы, сірә ықпалды, Берлин жұмысшысы екі жақты әсер қалдырған болатын: бір жағынан, бұқара арасында байсалды революциялық жұмыс жүргізгендігі, екінші жағынан, теориялық* тұрғыдан мүлдем құралақандығы және ой-өрісінің масқара таяздығы. Менің Каутскийге (тәуелсіздердің идеялық «көсеміне» немесе олардың идеясыздығының көсеміне) қатты тиіскенім Лаукантқа ұнамады, бірақ неміс тіліне өзімнің осалдығымнан қорағытып неміс тілінде жазған шағын сөзімнің текстін** көрсеткенімде, ол маған көмектесуден бас тартқан жоқ, мен бұл сөзімде «америкап Бебелі»,— Евгений Дебстің: империалистік соғысқа кредит беруді жақтап дауыс бергеннен гөрі өзімді атуға бергенім жақсы, мен, Дебс, жұмысшылардың капиталистерге қарсы соғысында ғана соғысуға келісер едім деген мәлімдемесін цитатқа келтіргенмін. Екінші жағынан, мен Каутскийдің мақаласынан осынау сабаздың жұмысшылардың көшеге шығып бой көрсетуін авантюра[199] деп айыптаған (және бұл II Вильгельмнің тұсында) жерін Лаукантқа қатты ашынған кейіппен көрсеткенімде, Лаукант, еш мән бермей, мені шыдамнан шығарарлықтай түрде жапа-жай ғана маған: «бізде жұмысшылар мұны соншалық назар аударып оқи коймайды! Ал содан соң мен Каутскийдің әрбір сөзімен келісе беруге міндеттімін бе?» деп жауап қайтарды.

1919 ж. февральдың екінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбада, сірә, «ықыласының» немесе «білімінің» деген сөз қалып қойса керек. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 257—258-беттер. *Ред*

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ I КОНГРЕСІ[200]

2—6 МАРТ, 1919 ж.

Конгресті ашарда сөйленген сөз, баяндама мен қорытынды сөз бірінші рет 1920 ж. мына кітапта басылған: «Der I. Kongress der Kommunistischen Internationale, Protokoll». Petrograd

Орыс тілінде бірінші рет 1921 ж. мына кітапта басылған: «Коммунистік Интернационалдың бірінші конгресі. Протоколдар», Петроград

Буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистер 1919 ж. 6 мартта «Правда» газетінің 51-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 51-номерінде, 1919 ж. 1 майда «Коммунистический Интернационал» журналының 1-номерінде, 1920 және 1921 жж. «Протоколдардың» немісше және орысша басылымдарында басылған; тезистер жөніндегі қарар 1919 ж. 11 мартта «Правда» газетінің 54-номерінде және 1919 ж. 1 майда «Коммунистический Интернационал» журналының 1-номерінде басылған

Кітаптың немісше басылымдағы текстімен салыстырылған орысша басылымдағы тексті бойынша басылып отыр

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған «Коммунистический Интернационал» журналының тексті бойынша басылып отыр

1
КОНГРЕСТІ АШАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
2 МАРТ

Россия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша бірінші халықаралық коммунистік конгресті ашамын. Ең алдымен осында қатысушылардың бәрінен III Интернационалдың таңдаулы өкілдері: Карл Либкнехт пен Роза Люксембургті орындарыңыздан тұрып еске түсірулеріңізді өтінемін. (Барлығы орындарынан тұрады.)

Жолдастар! Біздің жиналысымыздың бүкіл дүние жүзілік ұлы тарихи маңызы бар. Бұл жиналыс буржуазиялық демократияның барлық жалған үміттерінің күйрегендігін дәлелдейді. Өйткені азамат соғысы тек Россияда ғана емес, сонымен қатар Европаның неғұрлым дамыған капиталистік елдерінде де, мәселен, Германияда, фактіге айналып отыр.

Буржуазия пролетариаттың өсіп бара жатқан революциялық қозғалысынан есі кете үрейленуде. Егер біз империалистік соғыстан кейінгі оқиғалардың барысы пролетариаттың революциялық қозғалысына сөзсіз жағдай туғызатындығын, халықаралық дүние жүзілік революция барлық елдерде басталып, күшейіп келе жатқандығын еске алатын болсақ, сонда бұл түсінікті болады.

Халық қазіргі уақытта жүріп жатқан күрестің ұлылығы мен маңызын түсінеді. Пролетариаттың өз үстемдігін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін практикалық форманы ғана табу қажет. Мұндай форма пролетариат диктатурасына сүйенген советтік система болып табылады.

Пролетариат диктатурасы!— осы уақытқа дейін бұқара үшін бұл сөздер латын сөзі болып келіп еді. Советтер системасының бүкіл дүние жүзіне тарауының арқасында осы латын сөзі қазіргі заманның барлық тілдеріне аударылды; диктатураның практикалық формасын жұмысшылар бұқарасы тапты. Бұл форма Россиядағы Совет өкіметінің арқасында, Германиядағы спартакшылдардың арқасында және басқа елдердегі осы сияқты ұйымдардың, мәселен, Англиядағы Shop Stewards Committees[201] сияқты ұйымдардың арқасында жұмысшылардың қалың бұқарасына түсінікті болып отыр. Осының бәрі пролетарлық диктатураның революциялық формасы табылғандығын, пролетариат енді өз үстемдігін іс жүзінде пайдалана алатындығын дәлелдейді.

Жолдастар! Менің;ше, Россиядағы оқиғалардан кейін, Германиядағы январь күресінен кейін — басқа елдерде де пролетариат қозғалысының ең жаңа формасы өмірге қарай ұмтылып, үстемдік ала бастағанын атап көрсету мейлінше маңызды. Мәселен, мен бүгін антисоциалистік бір газеттен: ағылшын үкіметі жұмысшы депутаттарының Бирмингам Советін қабылдап, Советтерді экономикалық ұйымдар ретінде тануға әзір екендігін білдірді деген телеграф хабарын оқыдым[202]. Советтік система артта қалған Россияда ғана емес, сонымен қатар Европаның анағұрлым дамыған елінде — Германияда да, сондай-ақ ең ежелгі капиталистік ел — Англияда да жеңіп шықты.

Мейлі буржуазия әлі де құтырына берсін, мейлі ол әлі де мыңдаған жұмысшыларды қырғынға ұшыратсын,— біз жеңіп шығамыз, бүкіл дүние жүзілік коммунистік революцияның жеңісі қамтамасыз етілді.

Жолдастар! Сіздерді Россия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің атынан шын жүректен құттықтаймын, енді президиум сайлауға кірісейік. Есімдерін атауларыңызды өтінемін.

2
БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР МЕН БАЯНДАМА
4 МАРТ

1. Барлық елдерде пролетариаттың революциялық қозғалысының өсуі буржуазияның және жұмысшы ұйымдарындағы оның агенттерінің қанаушылар үстемдігін қорғау үшін идеялық-саяси дәлелдер табуға жанталаса әрекет жасауын туғызды. Бұл дәлелдердің ішінде диктатураны айыптау және демократияны қорғау ерекше алға қойылып жүр. Капиталистік баспасөзде және сатқын Интернационалдың 1919 ж. февральда Бернде болған конференциясында мың саққа жүгіртіп қайталанған мұндай дәлелдің жалғандығы мен екіжүзділігі жұрттың бәріне, социализмнің негізгі қағидаларына опасыздық еткісі келмейтіндердің бәріне айқын.

2. Ең алдымен, бұл дәлел әңгіменің қай тап туралы болып отырғаны жөнінде мәселе қоймастан, «жалпы демократия» және «жалпы диктатура» деген ұғымдарды қолданады. Мәселені бұлайша таптан тыс немесе таптан жоғары, бейне жалпы халықтық түрде қою социализмнің негізгі ілімін, атап айтқанда тап күресі туралы ілімді қорлағандық болады, бұл ілімді буржуазия жағына шығып кеткен социалистер сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде ұмыта береді. Өйткені бірде-бір цивилизациялы капиталистік елде «жалпы демократия» деген жоқ, тек буржуазиялық демократия ғана бар, сондықтан әңгіме «жалпы диктатура» туралы болып отырған жоқ, қайта езілген таптың, яғни пролетариаттың езушілер мен қанаушыларға, яғни буржуазияға жүргі-

зетін диктатурасы туралы, қанаушылардың өз үстемдігі жолындағы күресте жасайтын қарсылығын жеңу мақсатында жүргізетін диктатура туралы болып отыр.

3. Тарих мынаны үйретеді: бірде-бір езілген тап диктатура дәуірін, яғни саяси өкіметті жеңіп алып, қанаушылардың әрдайым жасап келген барынша жанталасқан, барынша аласұрған, ешбір қылмыстан тайынбайтын қарсылығын күшпен басып-жаныштау дәуірін бастан кешірмейінше, ешқашан үстемдікке ие болған емес, үстемдік құра да алған емес. Буржуазия алдыңғы қатарлы елдерде өкіметті бірсыпыра көтерілістер, азамат соғыстарын жасап, корольдерді, феодалдарды, құл иелепушілерді және олардың реставрациялау әрекеттерін күшпен басып жаныштай отырып жеңіп алды, қазір «жалпы диктатураға» қарсы шығып, «жалпы демократия» десе жалбақтап жүрген социалистер осы буржуазияның үстемдігін қорғап отыр. Барлық елдердің социалистері өздерінің жазған кітаптарында, кітапшаларында, өз съездерінің қарарларында, өздерінің үгіттік сөздерінде осы буржуазиялық революциялардың, осы буржуазиялық диктатураның таптық сипатын халыққа мыңдаған, миллиондаған рет түсіндірген болатын. Сондықтан «жалпы демократия» туралы сөздер сөйлеген болып, буржуазиялық демократияны қазіргі қорғау, «жалпы диктатура» туралы айқай салған болып, пролетариат диктатурасына қарсы қазіргі байбалам салу мен айқай-шу көтеру социализмге тікелей опасыздық еткендік, іс жүзінде буржуазия жағына шыққандық, пролетариаттың өзінің, пролетарлық революциясын жасауына праволы екендігін теріске шығарғандық, буржуазиялық реформизм бүкіл дүние жүзінде күйреген кезде және соғыстың өзі революциялық жағдай туғызып отырған кезде, міне дәл осындай тарихи кезеңде буржуазиялық реформизмді қорғағандық болып табылады.

4. Барлық социалистер буржуазиялық цивилизацияның, буржуазиялық демократияның, буржуазиялық парламентаризмнің таптық сипатын жұртқа түсіндіре отырып, Маркс пен Энгельстің: ең демократиялық буржуазиялық республика буржуазияның жұмысшы табын, ат

төбеліндей капиталистердің еңбекшілер бұқарасын басып-жаншуына арналған машинадан басқа еш нәрсе де емес[203] деген сөздермен барынша ғылыми дәл айтқан пікірін білдірді. Қазіргі кезде диктатураға қарсы шығып, демократияны жақтап шу көтеріп жүрген революционерлер мен марксистердің ішінде жұмысшылардың алдында өзіміз социализмнің осы негізгі ақиқатын мойындаймыз деп ант-су ішпейтін, құдайды аузына алмайтын бірде-біреуі жоқ; ал қазір, революцияшыл пролетариат осы езу машинасын қиратып, пролетарлық диктатураны жеңіп алуға бағытталған толқуға және қозғалысқа кіріскен кезде, социализмнің бұл опасыздары істі буржуазия еңбекшілерге «таза демократияны» бейне бір сыйға тартты дегендей етіп көрсетеді, буржуазия қарсыласудан бейне бір бас тартқандай және еңбекшілер көпшілігіне бойсұнуға әзір отырғандай, демократиялық республикада еңбекті капиталдың басып-жаншуы үшін ешқандай мемлекеттік машина бейне бір болған емес және жоқ дегендей етіп көрсетеді.

5. Париж Коммунасын социалистерміз деп көрінгісі келетіндердің бәрі сөз жүзінде құрметтейді, өйткені Париж Коммунасына жұмысшы бұқарасының жан-тәнімен және шын ықыласымен тілектес екендігін олар біледі, осы Париж Коммунасы буржуазиялық парламентаризм мен буржуазиялық демократияның — орта ғасырлықпен салыстырғанда жоғары дәрежеде прогрессшіл, бірақ пролетарлық революция заманында түбегейлі өзгертуді сөзсіз керек ететін мекемелердің — тарихи жағынан шартты және құндылығы шектеулі екендігін өте-мөте айқын көрсетті. Коммунаға талдау жасай келіп, оның тарихи маңызын жұрттың бәрінен де тамаша жақсы бағалаған нақ Маркс езілген таптар дәулетті таптардың қай өкілі парламентте халық «өкілі және жаныштаушысы» (ver- und zertreten) болатынын шешуге бірнеше жылдың ішінде бір-ақ рет право ала алатын буржуазиялық демократия мен буржуазиялық парламентаризмнің қанаушылық сипатын көрсетіп берген болатын[204]. Дәл қазіргі кезде, советтік қозғалыс бүкіл дүние жүзін қамтып, жұрттың бәрінің көз алдында Коммунаның ісін ілгері бастырып жатқан кезде,

социализмге опасыздық етушілер «жалпы демократия» туралы ескірген буржуазиялық қоқысты қайталап, Париж Коммунасының нақты тәжірибесі мен нақты сабақтарын ұмытып жүр. Коммуна парламенттік мекеме болған жоқ.

6. Коммунаның маңызы, одан әрі, мынада: ол буржуазиялық мемлекеттік аппаратты, чиновниктік, судьялық, әскери, полициялық аппаратты ақырына дейін талқандауға, қиратуға, сөйтіп өкіметтің заң шығарушы және атқарушы болып бөлінуін білмейтін жұмысшылардың өзін өзі басқаратын бұқаралық ұйымымен ауыстыруға әрекет жасады. Қазіргі буржуазиялық-демократиялық республикалардың бәрі, соның ішінде социализмге опасыздық етушілер ақиқатты мазақ етіп, пролетарлық республика деп атап отырған герман республикасы да, осы мемлекеттік аппаратты сақтап отыр. Сонымен, «жалпы демократияны» қорғап айқай-шу көтерушілік іс жүзінде буржуазияны және оның қанаушылық пұрсаттылықтарын қорғағандық болып табылатындығы тағы да дәлелденген үстіне әбден айқын дәлелденіп отыр.

7. «Жиналыс бостандығы» «таза демократия» талаптарының үлгісі ретінде алынуы мүмкін. Қанаушылар өздерін құлатуға қарсылық көрсетіп және өз пұрсаттылықтарын қорғап отырған осындай кезеңде және осындай жағдайда қанаушыларға жиналыс бостандығын уәде етудің қисынсыз екенін өз табынан қол үзбеген әрбір саналы жұмысшы бірден түсінеді. Буржуазия, өзі революцияшыл болған кезде, 1649 жылғы Англияда да, 1793 жылғы Францияда да, шетел әскерлерін шақыртқан және реставрация жасау әрекетін ұйымдастыру үшін «жиналып жатқан» монархистер мен дворяндарға «жиналыс бостандығын» берген жоқ. Егер әлдеқашан реакцияшыл болып кеткен осы күнгі буржуазия капиталистердің өздерін экспроприациялауға қандай қарсылық көрсететіндігіне қарамастан, қанаушылар үшін «жиналыс бостандығы» болатындығына пролетариаттан күн ілгері кепілдік берілуін талап ететін болса, онда жұмысшылар буржуазияның екіжүзділігін келемеждеп тек күлетін болады.

Екінші жағынан, «жиналыс бостандығы» деген тіпті анағұрлым демократиялық буржуазиялық республиканың өзінде де бос сөз екенін жұмысшылар жақсы біледі, өйткені ең жақсы қоғамдық және жеке меншік үйлердің бәрі байлардың қолында, сондай-ақ олардың жиналыс жасауға бос уақыты да жеткілікті және оларды өкіметтің буржуазиялық аппараты қорғап отырады. Қала мен деревня пролетарларының және ұсақ шаруалардың, яғни халықтың орасан көпшілігінің қолында мұның біріншісі де, екіншісі де, үшіншісі де жоқ. Әзірге істің жайы осылай болып тұрғанда, «теңдік», яғни «таза демократия» дегеніміз алдау. Шын мәніндегі теңдікті жеңіп алу үшін, демократияны іс жүзінде еңбекшілер мүддесін көздеп жүзеге асыру үшін алдымен қоғамдық және жеке меншік сәулетті үйлердің бәрін қанаушылардың қолынан тартып алу керек, алдымен еңбекшілерге бос уақыт беру керек, олардың жиналыс бостандығын қарапты солдаттары бар дворянсымақтар немесе капиталист-офицерлер емес, қарулангап жұмысшылардың өздері қорғайтып болуы керек.

Осындай өзгерістен кейін ғана жұмысшыларды, еңбекшілерді, кедейлерді қорламай, жиналыс бостандығы туралы, теңдік туралы сөз қылуға болады. Ал мұндай өзгерісті қанаушыларды, буржуазияны құлататын еңбекшілердің авангардынан, пролетариаттан басқа жасайтын ешкім жоқ.

8. «Баспасөз бостандығы» да «таза демократияның» басты ұрандарының бірі болып табылады. Ең жақсы баспаханалар мен қағаздың өте көп қорларын капиталистер басып алып отырғанда және баспасөзге капиталдың өктемдігі жүріп тұрғанда бұл бостандықтың да алдау екендігін тағы да жұмысшылар жақсы біледі, мұны барлық елдердің социалистері де миллион рет мойындаған болатын; ал бүкіл дүние жүзінде демократизм мен республикалық құрылыс, мәселен, Америкадағы сияқты, неғұрлым дамыған болса, баспасөзге капиталдың өктемдігі де соғұрлым айқын, соғұрлым қатаң, соғұрлым арсыз түрде көрінеді. Еңбекшілер үшін, жұмысшылар мен шаруалар үшін шын теңдікті, нағыз демократияны жеңіп алу үшін алдымен капиталды жа-

зушыларды жалдап алу, баспаларды сатып алу және газеттерді параға сатып алу мүмкіндігінен айыру керек, ал бұл үшін капиталдың езгісін құлату қажет, қанаушыларды құлату қажет, олардың қарсылығын басып-жаншу қажет. Капиталистер әрқашан да байлардың баю бостандығын, жұмысшылардың аштан өлу бостандығын «бостандық» деп атап келді. Капиталистер байлардың баспасөзді параға сатып алу бостандығын, қоғамдық пікір дейтінді ойдан шығару, қолдан жасау үшін байлықты пайдалану бостандығын баспасөз бостандығы деп атайды. «Таза демократияны» қорғаушылар тағы да іс жүзінде бұқараны ағарту құралдарына байлар үстемдігінің ең пасық, сатылғыш системасын қорғаушылар болып шығып отыр, халықты алдаушылар болып шығып отыр, әдемі көрінген, сырты жылтыр және бастан-аяқ жалған жел сөздер арқылы халық назарын баспасөзді капиталдың құлдығынан азат ету сияқты нақты тарихи міндеттен басқа жаққа аударып жіберушілер болып шығып отыр. Шын мәніндегі бостандық пен теңдік коммунистердің орнатып жатқан тәртібіндей тәртіп болады, мұнда біреудің есебінен баюға мүмкіндік болмайды, баспасөзді ақша өктемдігіне тікелей де, жанамалай да бағындыруға объективті мүмкіндік болмайды, әрбір еңбекшінің (немесе саны жағынан қанша болса да еңбекшілер тобының) қоғамдық баспаханалар мен қоғамдық қағазды пайдалануда тең правосы болуына және ол правоны жүзеге асырып отыруына кедергі болмайды.

9. XIX және XX ғасырлардың тарихы капитализм тұсында атышулы «таза демократияның» іс жүзінде не екенін бізге соғыстан бұрын-ақ көрсетіп берді. Демократия неғұрлым дамыған, неғұрлым «таза» болса, тап күресі соғұрлым ашық, айқын, аяусыз бола түсетінін, капиталдың езгісі мен буржуазияның диктатурасы соғұрлым «таза» түрінде көрінетінін марксистер әрдайым айтып келді. Республикалық Франциядағы Дрейфустің ісі, капиталистер қаруландырған жалдама отрядтардың Американың еркін және демократиялық республикасында стачкашыларды қанға бояп жазалауы,— осылар және осы сияқты мыңдаған фактілер буржуазияның

арам тер болып жасыруға тырысып жүрген шындықты, атап айтқанда, ең демократиялық деген республикаларда іс жүзінде буржуазияның терроры мен диктатурасының үстем болып отырғанын, қанаушыларға капитал өкіметі шайқалып бара жатқандай болып көріне бастаған кезде, осы террор мен диктатураның әрдайым ашықтан-ашық қолданылып отыратынын көрсетеді.

10. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс тіпті ең еркін республикалардың өзінде де буржуазиялық демократияның осы шын сипатын, буржуазия диктатурасы ретіндегі сипатын тіпті артта қалған жұмысшылардың көз алдында біржолата ашып берді. Миллионерлердің немесе миллиардерлердің неміс немесе ағылшын тобының баюына бола он миллиондаған адамдар оққа ұшты, ал ең еркін деген республикаларда буржуазияның әскери диктатурасы орнатылды. Антанта елдерінде осы әскери диктатура Германия талқандалғаннан кейін де болып отыр. Соғыстың нақ өзі еңбекшілердің көзін бәрінен де гөрі жақсылап ашты, буржуазиялық демократиядан оның жасанды гүлін жұлып тастады, соғыс кезінде және соғысқа байланысты жалдаптық пен баюдың соншалықты шексіз ұлғаятынын халыққа көрсетіп берді. Буржуазия бұл соғысты «бостандық пен теңдікке» бола жүргізді, «бостандық пен теңдікке» бола соғыс жабдықтарын беріп тұрушылар адам айтқысыз байып алды. Буржуазиялық бостандықтың, буржуазиялық теңдіктің, буржуазиялық демократияның қазір ақырына дейін әшкереленген қанаушылық сипатын Берндегі сатқын Интернационал қаншама күш салса да бұқарадан жасыра алмайды.

11. Европа континентіндегі ең дамыған капиталистік елде, Германияда, империалистік Германияның талқандалуы арқылы қол жеткен республикалық бостандықтың алғашқы айларының өзі-ақ буржуазиялық демократиялық республиканың нағыз шын таптық мәні неде екенін неміс жұмысшыларына және бүкіл дүние жүзіне көрсетіп берді. Карл Либкнехт пен Роза Люксембургтің өлтірілуі бүкіл дүние жүзілік-тарихи мәні бар оқиға болып табылады, оның бұлай болатын себебі — шын пролетарлық, Коммунистік Интернационалдың ең таң-

даулы адамдарының және көсемдерінің қайғылы қаза тапқандығында ғана емес, сонымен қатар алдыңғы қатарлы европалық — дүние жүзілік көлемде алдыңғы қатарлы десек те асырып айтқандық болмайды — мемлекеттің таптық мәнінің ақырына дейін ашылғандығында. Егер тұтқынға алынған, яғни мемлекеттік өкімет өзінің күзетіне алған адамдарды социал-патриоттар үкіметінің тұсында офицерлер мен капиталистер емін-еркін өлтіре алатын болса, онда, демек, мұндай оқиға мүмкін болып отырған демократиялық республика — буржуазия диктатурасы болып табылғаны. Карл Либкнехт пен Роза Люксембургтің өлтірілгендігі жөнінде өзінің ашу-ызасын білдіріп, бірақ бұл ақиқатты түсінбей отырған адамдар мұнысы арқылы не өздерінің топастығын, не өздерінің екіжүзділігін ғана аңғартады. Дүние жүзінің ең еркін және ең алдыңғы қатарлы республикаларының біріндегі, герман республикасындағы, «бостандық» дегеніңіз пролетариаттың тұтқынға алынған көсемдерін емін-еркін өлтіре беру бостандығы болып табылады. Ал капитализм әзірге өмір сүріп тұрғанда, мұның басқаша болуы мүмкін емес, өйткені соғыстың барлық нәтижелері мен әсерлеріне, оның зардаптарына байланысты әбден шыңына жетіп отырған тап күресін демократизмнің дамуы мұқалтпайды, қайта шиеленістіре түседі.

Қазір бүкіл цивилизациялы дүниеде большевиктерді жер аударып, оларды қуғынға салып, оларды түрмеге отырғызып жатыр, мәселен, ең еркін буржуазиялық республикалардың бірі Швейцарияда осылай болып жатыр, Америкада большевиктерге қарсы ойран жасалып жатыр, т. т. Алдыңғы қатарлы, цивилизациялы, демократиялық, бақайшағына дейін қаруланған елдердің артта қалған, аш-жалаңаш, күйзелген Россияның, он миллиондаған данамен шығатын буржуазиялық газеттер тағы ел, қылмысты ел және т. т. деп атап отырған Россияның, бірнеше ондаған адамының осы елдерде болуынан қорқуы «жалпы демократияның» немесе «таза демократияның» тұрғысынан қарағанда тура күлкі келтірерлік нәрсе. Осындай барып тұрған қайшылықтарды туғыза алған қоғамдық жағдай іс жүзінде буржуазия диктатурасы болып табылатыны айқын.

12. Істің жайы осындай болып отырғанда пролетариат диктатурасы қанаушыларды құлатудың, олардың қарсылығын басып-жаншудың құралы ретінде әбден заңды ғана емес, сонымен қатар соғысқа ұшыратқан және жаңа соғыстар әзірлеп жатқан буржуазия диктатурасына қарсы бірден-бір қорғаныш ретінде де барлық еңбекшілер бұқарасы үшін өте-мөте қажет.

Социалистер түсінбей отырған және олардың теориялық тар өрістілігі, олардың буржуазиялық соқыр сенімдердің тұтқынына түскендігі және пролетариат жөнінде олардың саяси опасыздық жасағандығы болып табылатын басты нәрсе — капиталистік қоғамда, оның негізінде болып отыратын тап күресі азды-көпті елеулі түрде шиеленіскен кезде, буржуазия диктатурасынан немесе пролетариат диктатурасынан басқа аралық еш нәрсе болуы мүмкін емес. Пәлендей бір үшінші нәрсе туралы армандаудың қандайы болса да ұсақ буржуаның кертартпа зарлануы болып табылады. Мұны барлық алдыңғы қатарлы елдердегі буржуазиялық демократияның және жұмысшы қозғалысының жүз жылдан астам дамуының тәжірибесі де, әсіресе соңғы бесжылдықтың тәжірибесі де дәлелдеп отыр. Сонымен қатар товар шаруашылығы атаулының тұсында буржуазия диктатурасының экономикалық жағынан сөзсіз екендігін анықтайтын бүкіл саяси экономия ғылымы, марксизмнің бүкіл мазмұны осыны көрсетіп отыр, ал буржуазия диктатурасын капитализм дамуының өзі дамытатын, көбейтетін, топтастыратын, нығайтатын таптан басқа, яғни пролетарлар табынан басқа ешкім ауыстыра алмайды.

13. Социалистердің екінші бір теориялық және саяси қатесі мынада болып отыр: олар демократия формаларының мыңдаған жылдар бойында, оның ежелгі бастамаларынан бастап, бір үстем тапты екінші үстем таптың алмастыруына қарай сөзсіз ауысып келгендігін түсінбейді. Грецияның ежелгі республикаларында, орта ғасырлық қалаларда, алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде демократияның формалары түрліше болды және ол түрліше дәрежеде қолданылды. Адамзат тарихындағы ең түбегейлі революция, дүние жүзінде өкіметтің

тұңғыш рет сөзуші азшылықтан езілген көпшілікке көшуі ескі, буржуазиялық, парламенттік демократияның ескі шеңберлерінің ішінде бола алады, ең шұғыл өзгерістер туғызбай-ақ, демократияның жаңа формаларын жасамай-ақ, демократияның қолданылуының жаңа жағдайларын көрсететін жаңа мекемелерсіз-ақ бола алады, т. т. деп ойлау асқап сорақылық болар еді.

14. Пролетариат диктатурасының басқа таптардың диктатурасымен ұқсас жері — диктатура атаулының бәрі сияқты пролетариат диктатурасы да саяси үстемдігінен айрылушы таптың қарсылығын күшпен басудың қажеттігінен туды. Пролетариат диктатурасының басқа таптардың диктатурасынан,— орта ғасырлардағы помещиктердің диктатурасынан, барлық цивилизациялы капиталистік елдердегі буржуазияның диктатурасынан,— түбегейлі айырмашылығы мынада: помещиктер мен буржуазияның диктатурасы халықтың орасан көпшілігінің, атап айтқанда еңбекшілердің қарсылығын күшпен басып-жаншу болды. Пролетариат диктатурасы, керісінше, қанаушылардың, яғни халықтың болмашы азшылығының, помещиктер мен капиталистердің қарсылығын күшпен басып-жаншу болып табылады.

Осыдан барып мынадай қорытынды шығады: пролетариат диктатурасы демократияның формалары мен мекемелерін, жалпы айтқанда, сөзсіз өзгертіп қана коймауға тиіс, сонымен қатар бұларды өзгерткенде, капитализм езгендердің тарапынан, еңбекші таптардың тарапынан демократизмді іс жүзінде пайдалануды дүние жүзінде әлі болып көрмеген көлемде кеңейтетін етіп өзгертуге тиіс.

Шынында да, пролетариат диктатурасының қазірдің өзінде іс жүзінде қалыптасқан формасы, яғни Россиядағы Совет өкіметі, Германиядағы Räte-System*, Shop Stewards Committees жәпе өзге елдердегі басқа да осы сияқты совет мекемелері, солардың бәрі атап айтқанда еңбекші таптар үшін, яғни халықтың орасан көпшілігі үшін демократиялық праволар мен бостандықтарды пайдаланудың ешқашан болмаған, ең таңдаулы, демо-

* — Советтер системасы. *Ред.*

кратиялық буржуазиялық республикаларда да болмаған, тіпті жұрнағы да болмаған, іс жүзіндегі мүмкіндігін көрсетеді және сол мүмкіндікті жүзеге асырып отыр.

Совет өкіметінің мәні мынада: бүкіл мемлекеттік өкіметтің, бүкіл мемлекеттік аппараттың тұрақты және бірден-бір негізі капитализм езіп келген таптардың нақ өзінің, яғни жұмысшылар мен жартылай пролетарлардың (өзгенің еңбегін қанамайтын және өзінің жұмыс күшінің бір бөлегін болса да сатуға үнемі мәжбүр болып отыратын шаруалардың) бұқаралық ұйымы болып табылады. Тіпті ең демократиялық буржуазиялық республикалардың өзінде заң жүзінде тең праволы болып, бірақ іс жүзінде мыңдаған тәсілдер мен айлалар арқылы саяси өмірге қатысудан және демократиялық праволар мен бостандықтарды пайдаланудан шеттетіліп келген бұқараның нақ өзі қазір мемлекетті демократиялық жолмен басқару ісіне үнемі, сөзсіз, оның үстіне шешуші күш ретінде қатыстырылып отыр.

15. Азаматтардың жынысына, дініне, нәсіліне, ұлтына қарамастан болатын теңдігін, буржуазиялық демократия әрқашан және барлық жерде уәде етумен келген, бірақ еш жерде іске асырмаған және, капитализмнің үстемдік етуіне байланысты, іске асыра алмаған теңдігін Совет өкіметі, немесе пролетариат диктатурасы бірден және толығынан жүзеге асырып отыр, өйткені мұны өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болуына мүдделі емес, оларды бөлісіп алу және қайта бөлісу жолында күресуге мүдделі емес жұмысшылар өкіметі ғана істей алады.

16. Ескі, яғни буржуазиялық демократия мен парламентаризм былай ұйымдастырылды: мұнда атап айтқанда еңбекшілер бұқарасы басқару аппаратынан бәрінен де гөрі көбірек шеттетіліп отырды. Совет өкіметі, яғни пролетариат диктатурасы, керісінше, еңбекшілер бұқарасын басқару аппаратымен жақындастыратын етіп құрылған. Мемлекеттің советтік ұйымының тұсында заң шығарушы және атқарушы өкіметтің біріктірілуі және территориялық сайлау округтерінің завод, фабрика сияқты өндірістік единицалармен ауыстырылуы да осы мақсатты көздейді.

17. Әскер тек монархия тұсында ғана езу аппараты болып қойған жоқ. Ол барлық буржуазиялық, тіпті ең демократиялық республикаларда да осылай болып қала берді. Тек Совет өкіметі ғана, нақ капитализм езіп келген таптардың тұрақты мемлекеттік ұйымы ретінде, әскердің буржуазия командованиесіне бағынуын жоя алады және пролетариатты әскермен шын мәнінде біріктіре алады, пролетариатты қаруландырып, буржуазияны қарусыздандыруды шын мәнінде жүзеге асыра алады, мұнсыз социализмнің жеңуі мүмкін емес.

18. Мемлекеттің советтік ұйымы капитализм анағұрлым шоғырландырған, көзін ашқан тап ретінде пролетариаттың басшылық роліне бейімделген. Бізге еңбекші және езілген халықтың бытыраңқы, артта қалған топтарын пролетариат қана біріктіріп, өз соңынан ерте алатындығын езілген таптардың барлық революциялары мен барлық қозғалыстарының тәжірибесі, бүкіл дүние жүзілік социалистік қозғалыстың тәжірибесі үйретіп отыр.

19. Мемлекеттің советтік ұйымы ғана ескі, яғни буржуазиялық, чиновниктік және судьялық аппаратты шын мәнінде бірден қирата алады және біржола талқандай алады; ескі аппарат капитализм тұсында демократизмді жұмысшылар мен еңбекшілер үшін жүзеге асыруға іс жүзінде үлкен кедергі бола отырып, тіпті ең демократиялық республикалардың өзінде де сақталып келді және сөзсіз сақталуға да тиіс еді. Бұл жолда Париж Коммунасы бүкіл дүние жүзілік-тарихи бірінші қадам жасады, Совет өкіметі екінші қадам жасады.

20. Барлық социалистер, бұлардың ішінде және ең алдымен Маркс, мемлекеттік өкіметті жоюды өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Бұл мақсатты жүзеге асырмайынша шын демократизм, яғни теңдік пен бостандық жүзеге аспайды. Ал бұл мақсатқа іс жүзінде тек советтік, яғни пролетарлық демократия ғана бастап әкеледі, өйткені, мемлекетті басқаруға еңбекшілердің бұқаралық ұйымдарын үнемі және сөзсіз қатыстыра отырып, советтік демократия мемлекет атаулының бәрінің толық құруын дереу әзірлей бастайды.

21. Бернде бас қосқан социалистердің толық банкрот болуы, олардың жаңа, яғни пролетарлық, демократияны мүлде түсінбейтіндігі әсіресе мына төмендегіден көрінеді. 1919 ж. 10 февральда Брантинг Бернде сатқын Интернационалдың халықаралық конференциясын жапты. 1919 ж. 11 февральда Берлинде, оған қатысушылардың «Die Freiheit» газетінде, «тәуелсіздер» партиясының пролетариатқа арнаған үндеуі басылды. Бұл үндеуде Шейдеман үкіметінің буржуазиялық сипаты мойындалады, оны Träger und Schützer der Revolution — революцияны бастаушылар және сақтаушылар деп аталатын Советтерді жойғысы келеді деп кінәлайды, сөйтіп Советтерді жария ету керек, оларға мемлекеттік праволар беру керек, оларға Ұлттық жиналыстың шешімдерін тоқтатуға право беріліп, істі бүкіл халықтық дауысқа салуға беру керек деген ұсыныс жасалады.

Мұндай ұсыныс — демократияны қорғаған және оның буржуазиялық сипатын түсінбеген теоретиктердің идея жағынан толық күйрегендігі. Советтер системасын, яғни пролетариат диктатурасын Ұлттық жиналыспен, яғни буржуазия диктатурасымен біріктірмекші болған күлкілі әрекет сатқын социалистер мен социал-демократтардың ой-пікірлерінің таяздығын да, олардың ұсақ буржуалық саяси реакцияшылдығын да, олардың жаңа, пролетарлық, демократияның тоқтаусыз өсіп келе жатқан күшінен қоян жүректікпен шегіншектеп отырғандығын да ақырына дейін әшкерелейді.

22. Большевизмді айыптай отырып, бірақ жұмысшылар бұқарасынан қорыққандығынан бұл жөніндегі тиісті қарарға ресми дауыс беруге батылы бармаған Берндегі сатқын Интернационалдың көпшілігі таптық көзқарас тұрғысынан қарағанда дұрыс істеді. Атап айтқанда осы көпшілік орыс меньшевиктерімен және социалист-революционерлерімен, сондай-ақ Германиядағы Шейдемандармен әбден ынтымақтас болып отыр. Орыс меньшевиктері мен социалист-революционерлері большевиктер тарапынан қуғын көріп отырғанына шағынады да, бұл қудалаулардың меньшевиктер мен социалист-революционерлердің пролетариатқа қарсы буржуазия жағына шығып алып, азамат соғысына қатысқандық

фактісінен екенін жасырмақшы болады. Нақ осы сияқты Шейдемандар мен олардың партиясы өздерінің жұмысшыларға қарсы буржуазия жағына шығып алып, азамат соғысына дәл осылай қатысқандығын Германияда дәлелдеп те үлгірді.

Сондықтан Берндегі сатқын Интернационалға қатысушылардың көпшілігінің большевиктерді айыптау жағында пікір айтқандығы әбден табиғи нәрсе. Бұдан «таза демократияны» қорғағандық көрініп отырған жоқ, қайта азамат соғысында өздері пролетариатқа қарсы буржуазия жағында тұрғанын біліп, сезіп отырған адамдардың өзін өзі қорғағандығы көрініп отыр.

Міне осы себептен де, таптық көзқарас тұрғысынан алғанда, сатқын Интернационал көпшілігінің шешімін дұрыс деп мойындамауға болмайды. Пролетариат шындықтан қорықпай, оған тура қарап, саяси қорытындылардың бәрін осыдан шығаруға тиіс.

Жолдастар! Мен соңғы екі пунктке тағы да кейбір пікірлер қоса айтқым келеді. Бізге Берн конференциясы туралы баяндама жасауға тиісті жолдастар бұл жөнінде бізге толық айтып беретін болар деп ойлаймын.

Берн конференциясының бүкіл өн бойында Совет өкіметінің маңызы туралы бір ауыз сөз айтылған жоқ. Міне екі жыл бойы біз бұл мәселені Россияда талқылап келеміз. 1917 ж. апрельде партия конференциясында біз «Совет өкіметі дегеніміз не, оның мазмұны қандай, оның тарихи маңызы неде?» деген мәселені теориялық және саяси тұрғыдан қойған да болатынбыз. Міне біз бұл мәселені екі жыл бойы дерлік талқылап келеміз, өзіміздің партия съезімізде бұл жөнінде қарар да қабылдадық[205].

Берлиндегі «Freiheit» 11 февральда неміс пролетариатына арнап үндеу хат басып шығарды, бұл үндеу хатқа Германияның тәуелсіз социал-демократтарының көсемдері ғана емес, сонымен қатар тәуелсіздер фракциясының барлық мүшелері де қол қойды. 1918 ж. августа осы тәуелсіздердің аса ірі теоретигі, Каутский өзінің «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасында өзін демократияны *және* советтік органдарды жақтаушымын, бірақ Советтердің тек шаруашылық маңызы

болуға тиіс және әсте де мемлекеттік ұйымдар деп танылмауға тиіс деп жазды. Каутский «Freiheit»-тің 11 ноябрьдегі және 12 январьдағы номерлерінде де дәл осыны қайталап айтады. 9 февральда II Интернационалдың аса ірі беделді теоретиктерінің бірі болып саналатын Рудольф Гильфердингтің мақаласы шығады. Ол заңдық тұрғыдан, мемлекеттік заң шығару жолымен, Советтер системасын Ұлттық жиналыспен біріктіруді ұсынады. Бұл 9 февральда болды. 11 февральда бұл ұсыныс тәуелсіздердің бүкіл партиясында қабылданады да, үндеу хат түрінде жарияланады.

Ұлттық жиналыс қазірдің өзінде өмір сүріп отырғанына қарамастан, тіпті «таза демократияның» өзі шындыққа айналғаннан кейін, тәуелсіз социал-демократтардың аса ірі теоретиктері советтік ұйымдар мемлекеттік ұйымдар болмауға тиіс деп жариялағаннан кейін, осының бәріне де қарамастан — тағы да ауытқушылық болып отыр! Мұның өзі бұл мырзалардың жаңа қозғалыстан және оның күресінің жағдайларынан шынында да түк түсінбегендігін көрсетеді. Бірақ мұның өзі тағы бір нәрсені, атап айтқанда: осы ауытқушылықты туғызатын жағдайлар, себептер болуға тиіс екендігін де дәлелдейді! Бізге осы оқиғалардың бәрінен кейін, Россияда бұдан екі жылдай дерлік бұрын жүзеге асқан жеңімпаз революциядан кейін, Советтер туралы және олардың маңызы туралы қарарларында ештеңе айтылмайтын, бұл жөнінде делегаттардың бірде-біреуі сөйлегенде бір ауыз сөз айтпаған. Берн конференциясында қабылданған қарарлар сияқты қарарлар ұсынып отырғанда, бұл мырзалардың бәрін де, социалистер және теоретиктер ретінде, біз үшін өлген жандар деуімізге біздің толық правомыз бар.

Бірақ осы мемлекеттік ұйымдарға теориялық және принциптік тұрғыдан қарсы болып келген бұл тәуелсіздер ойда жоқта бізге Ұлттық жиналысты Советтер системасымен «бейбіт» түрде біріктіру, яғни буржуазия диктатурасын пролетариат диктатурасымен біріктіру сияқты зердесіздікті ұсынып отырса, онда мұның өзі, жолдастар, іс жүзінде, саясат тұрғысынан қарағанда, бұқара арасында үлкен өзгеріс болып жатқандығының

дәлелі болып табылады. Біз тәуелсіздердің бәрінің социалистік және теориялық жағынан қалай банкрот болғанын және бұқара ішінде қандай орасан зор өзгеріс болып жатқанын көріп отырмыз. Неміс пролетариатының артта қалған бұқарасы бізге қосылып жатыр, бізге қосылды да! Сонымен, герман социал-демократтарының Тәуелсіз партиясының, Берн конференциясының таңдаулы бөлегінің маңызы, теориялық және социалистік тұрғыдан алғанда, нольге тең болып шықты; алайда, ол партияның кейбір маңызы бар, оның өзі де мынау: бұл ауытқушы элементтер бізге пролетариаттың артта қалған бөлектерінің пиғылы қандай екенін көрсетеді. Менің білуімше, бұл конференцияның орасан зор тарихи маңызының өзі де осында. Біз өзіміздің революциямызда осы тәрізді бірдеңелерді басымыздан кешірдік. Германиядағы тәуелсіздердің теоретиктері қандай даму жолынан өткен болса, біздің меньшевиктер де дәл сондай дерлік даму жолынан өтті. Алғашқы кезде, өздері Советтерде көпшілік болған кезде, олар Советтерді жақтады. Ол кезде: «Советтер жасасын!», «Советтер үшін!», «Советтер — революциялық демократия!» деген сөздерді ғана естуші едік. Ал Советтердегі көпшілік біздердің, большевиктердің, жағымызда болған кезде, олар басқаша әуенге басты: Советтер Құрылтай жиналысымен қатар өмір сүруге тиіс емес деді; ал меньшевиктердің әр түрлі теоретиктері Советтер системасын Құрылтай жиналысымен біріктіру және бұларды мемлекеттік ұйымның құрамына енгізу деген тәрізді нақ сондай дерлік ұсыныстар жасады. Пролетарлық революцияның жалпы барысы бүкіл дүние жүзінде бірдей екендігі осы арада тағы да байқалып отыр. Әуелі стихиялы түрде Советтердің құрылуы, содан кейін олардың өріс алып, дамуы, одан әрі практикада: Советтер ме немесе Ұлттық жиналыс па, немесе Құрылтай жиналысы ма, немесе буржуазиялық парламентаризм бе деген мәселенің қойылуы; басшылардың арасында қатты абыржушылық және, ақырында,— пролетарлық революция. Бірақ мен былай деп ойлаймын: революциядан бері екі жылдай дерлік уақыт өткеннен кейін біз мәселені олай қоюға тиіс емеспіз, қайта нақты шешімдер

алуға тиіспіз, өйткені Советтер системасын өрістету біз үшін, әсіресе батыс европалық елдердің көпшілігі үшін, аса маңызды міндет болып табылады.

Мен бұл арада меньшевиктердің тек бір ғана қарарын келтіргім келеді. Мен Оболенский жолдастан бұл қарарды неміс тіліне аударуды өтінген едім. Ол маған мұны істеуге уәде берген еді, бірақ, өкініште жері, оның өзі мұнда жоқ. Мен бұл қарарды есімде қалғаны бойынша келтіруге тырысайын, өйткені оның толық тексті менде жоқ.

Большевизм жөнінде еш нәрсе естімеген шетел адамына біздегі даулы мәселелер туралы өз пікірін түю өте қиын. Большевиктердің дұрыс деп тапқандарының бәрін меньшевиктер теріске шығарады, және керісінше. Әрине, күрес үстінде басқаша болуы мүмкін де емес, сондықтан да меньшевиктер партиясының соңғы конференциясының 1918 ж. декабрьде ұзақ, егжей-тегжейлі қарар қабылдауы өте-мөте маңызды, бұл қарар меньшевиктік «Газета Печатниковта»[206] толық басылған болатын. Бұл қарарда меньшевиктер тап күресі мен азамат соғысының тарихын қысқаша өздері баяндайды. Қарарда өздерінің партиясының Уралдағы, оңтүстіктегі, Қырымдағы және Грузиядағы дәулетті таптармен одақтас болып отырған топтарын айыптаймыз делінген,— және осы облыстардың бәрінің тізімі келтірілген. Меньшевиктік партияның дәулетті таптармен одақтасып, Совет өкіметіне қарсы шыққан топтары енді келіп осы қарарда айыпталып отыр, ал соңғы пункті коммунистер жағына шыққандарды да айыптайды. Бұдан шығатын қорытынды: меньшевиктер өздерінің партиясында бірлік жоқ екенін, олардың не буржуазия жағында, не пролетариат жағында екенін амалсыздан мойындап отыр. Меньшевиктердің көпшілігі буржуазия жағына шығып, азамат соғысы кезінде бізге қарсы күресті. Біз, әрине, меньшевиктерді қудалаймыз, олар бізге қарсы соғыста біздің Қызыл Армияға қарсы күресіп, біздің қызыл командирлерімізді атып жатқанда, біз тіпті оларды атып та тастап отырдық. Буржуазияның соғысына біз пролетариаттың соғысымен жауап бердік,— басқаша жол болуы мүмкін емес. Сонымен, саяси

көзқарас тұрғысынан алғанда мұның бәрі — меньшевиктік екіжүзділік қана. Ресми түрде ақылынан ауыеқандар деп жарияланбаған адамдардың меньшевиктер мен эсерлердің тапсыруы бойынша Берн конференциясында большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресі туралы айтып, ал олардың буржуазиямен одақтасып, пролетариатқа қарсы жүргізген күресі туралы қалайша үндемегені тарихи жағынан тіпті түсініксіз.

Біз оларды қуғынға салып отырғандықтан, олардың бәрі бізге өршелене қарсы шығып жүр. Бұл дұрыс. Бірақ азамат соғысына олардың өздерінің қалай қатысқандықтары туралы олар бір ауыз сөз айтпайды! Меніңше, протокол үшін мен қарардың толық текстін тапсыруға тиістімін деп ойлаймын, ал шетелден келген жолдастардың бұл қарарға назар аударуын өтінемін, өйткені бұл қарар тарихи документ, мұнда мәселе дұрыс қойылып отыр және бұл документ Россиядағы «социалистік» бағыттардың өзара таласын бағалау үшін жақсы материал береді. Пролетариат пен буржуазияның арасында тағы бір тап, біресе бір жағына, біресе екінші жағына ауытқып отыратын адамдардың табы бар; әрқашан да және барлық революцияларда осылай болып отырған және капиталистік қоғамда, пролетариат пен буржуазия бір-біріне жау екі лагерь құрып отырған жерде, олардың арасында аралық топтардың болмауы мүлде мүмкін емес. Бұл ауытқушы элементтердің болуы тарихи сөзсіз нәрсе және, өкініштісі сол, ертеңгі күні кімнің жағына шығып күресетіндігін өздері де білмейтін мұндай элементтер әлі едәуір ұзақ уақыт өмір сүретін болады.

Мен қарар қабылдау жөнінде практикалық ұсыныс жасағым келеді, бұл қарарда мынадай үш пункт әдейі атап көрсетілуі керек.

Біріншіден: батыс европалық елдерден келген жолдастар үшін ең маңызды міндеттердің бірі — Советтер системасының мәнін, маңызын және қажеттігін бұқараға түсіндіру. Бұл мәселе жөнінде жеткілікті ұғынушылық жоқ екендігі байқалады. Егер Каутский мен Гильфердинг теоретиктер ретінде банкрот болса да, «Freiheit»-те басылған соңғы мақалалары неміс проле-

тариатының артта қалған бөлегінің пиғылын олардың дегенмен де дұрыс бейнелейтіндігін дәлелдейді. Бізде де дәл солай болған: орыс революциясының алғашқы сегіз айында советтік ұйым туралы мәселе өте көп талқыланды және жаңа система дегеннің не екендігі, Советтерден мемлекеттік аппарат құруға болатын-болмайтындығы жұмысшыларға түсініксіз болды. Өзіміздің революциямызда біз теориялық жолмен емес, практикалық жолмен алға бастық. Мәселен, Құрылтай жиналысы туралы мәселені біз бұрын теориялық тұрғыдан алға қойғанымыз жоқ және Құрылтай жиналысын мойындамаймыз деп айтқанымыз жоқ. Тек кейінірек, советтік ұйымдар бүкіл елге таралып, саяси өкіметті жеңіп алған кезде ғана, тек сонда ғана біз Құрылтай жиналысын таратып жіберуді ұйғардық. Қазір біз Венгрия мен Швейцарияда мәселенің анағұрлым шиеленісе түскенін көріп отырмыз[207]. Бір жағынан, бұл өте жақсы да: біз бұдан батыс европалық мемлекеттерде революцияның тезірек алға басып, бізге үлкен жеңістер әкелетіндігіне кәміл сене аламыз. Ал екінші жағынан, мұнда белгілі бір қауіп бар, атап айтқанда, күрестің қарқынды болатындығы соншалық, жұмысшылар бұқарасының сана-сезімі мұндай дамуға ілесе алмай қалады. Советтер системасының маңызы саяси білімі бар неміс жұмысшыларының қалың бұқарасы үшін қазірдің өзінде де айқын емес, өйткені олар парламентаризм рухында және буржуазиялық соқыр сенімдер негізінде тәрбиеленген.

Екіншіден: Советтер системасын өрістету туралы. Біз Германияда және тіпті Англияда да Советтер идеясының қалай тез өрістеп бара жатқанын естігенімізде, мұның өзі біз үшін пролетарлық революцияның жеңетіндігіне аса маңызды дәлел болып табылады. Оның барысын тек қысқа уақытқа ғана кідіртуге болады. Альберт пен Платтен жолдастар бізге өз елдеріндегі деревняларда село жұмысшылары мен ұсақ шаруалар арасында Советтер жоқтың қасы деп мәлімдегенде, бұл басқаша мәселе. Мен «Rote Fahne»-ден шаруа Советтеріне қарсы жазылған мақала оқыдым, бірақ мақалада батырақтар мен деревня кедейлерінің Советтері жақталған, мұнысы

өте дұрыс[208]. Буржуазия және оның Шейдемандар мен К° сияқты малайлары қазірдің өзінде: шаруа Советтері болсын деген ұран көтеріп отыр. Бірақ бізге керегі батырақтар мен деревня кедейлерінің Советтері ғана. Амал не, Альберт, Платтен және басқа жолдастардың баяндамаларынан, Венгрияны қоспағанда, советтік системаны өрістету үшін деревняда істеліп жатқан жұмыстың өте аз екендігін көріп отырмыз. Бәлкім, герман пролетариатының шын жеңіске жетуіне әлі де іс жүзіндегі және біршама үлкен қауіп осында болар. Тек қала жұмысшылары ғана емес, сонымен қатар село пролетарлары да ұйымдасқан жағдайда, онда да бұрынғыша емес,— кәсіподақтар мен кооперативтерге емес,— Советтерге ұйымдасқанда ғана, тек сонда ғана жеңіс қамтамасыз етілді деп санауға болады. Бізге жеңістің оңай түскен себебі біз 1917 жылдың октябрінде шаруалармен, барлық шаруалармен бірге болдық. Осы мағынада алғанда біздің революциямыз ол кезде буржуазиялық революция еді. Біздің пролетарлық үкіметтің бірінші қадамы мынадай болды: Керенскийдің тұсында-ақ шаруа Советтері мен жиындарында қойылған барлық шаруалардың ескі талаптары біздің үкіметіміздің 1917 ж. 26 октябрьде (ескіше), революциядан кейін келесі күні шығарған заңында мойындалды. Біздің күшіміздің өзі осында болды, сондықтан да басым көпшілікті өз жағымызға қаратып алу бізге жеңіл тиді. Деревня үшін біздің революция әлі де буржуазиялық революция болып қала берді, тек кейінірек, жарты жылдан соң, біз мемлекеттік ұйымның шеңберінде деревняда тап күресін бастауға, әрбір деревняда кедейлердің, жартылай пролетарлардың комитеттерін құруға, сөйтіп деревня буржуазиясымен үнемі күрес жүргізуге мәжбүр болдық. Россияның артта қалғандығының салдарынан мұның осылай болуы бізде сөзсіз нәрсе еді. Батыс Европада іс басқаша болады, сондықтан да, Советтер системасын село халқының арасында да, мүмкін, тиісті жаңа формаларда өрістету өте-мөте қажет екендігін біз баса айтуға тиістіміз.

Үшіншіден: Совет өкіметі әлі жеңбеген елдердің бәрінде де Советтерде коммунистердің көпшілік болуға

қол жеткізуі басты міндет екендігін айтуға тиістіміз. Біздің қарарлар әзірлейтін комиссиямыз кеше бұл мәселені талқылады. Бәлкім, басқа жолдастар бұл жөнінде тағы да пікір айтар, бірақ мен осы үш пунктті айрықша қарар ретінде қабылдауды ұсынғым келеді. Даму жолын біз, әрине, күп ілгері осылай болсын дей алмаймыз. Батыс европалық көптеген елдерде өте тез уақыттың ішінде революцияның болуы өте ықтимал, бірақ біз жұмысшы табының ұйымдасқан бөлегі ретінде, партия ретінде, Советтерде көпшілік болуға тырысамыз және тырысуға тиістіміз. Міне сонда біздің жеңісіміз қамтамасыз етіледі, сөйтіп ешқандай күш коммунистік революцияға қарсы еш нәрсе қолдана алмайтын болады. Бұлай болмаған күнде жеңіс онша оңайға түспейді және баянды болмайды. Сонымен, мен осы үш пунктті арнаулы қарар ретінде қабылдауды ұсынғым келеді.

3

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР

Осы тезистердің және түрлі елдердің делегаттары жасаған баяндамалардың негізінде, Коммунистік Интернационалдың конгресі Совет өкіметі әлі орнамаған елдердің бәрінде де коммунистік партиялардың басты міндеті мыналар деп мәлімдейді:

1) Буржуазиялық демократия мен парламентаризмнің орнына қойылуға тиісті жаңа, пролетарлық, демократияның тарихи маңызын, саяси және тарихи қажеттілігін жұмысшы табының қалың бұқарасына түсіндіру.

2) Өнеркәсіптің барлық салаларындағы жұмысшылардың арасында, армия мен флоттағы солдаттардың арасында, сондай-ақ батырақтар мен кедей шаруалардың арасында Советтерді тарату және ұйымдастыру.

3) Советтердің ішінде коммунистік берік көпшілік орнату.

4

КОНГРЕСТІ ЖАБАРДА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ 6 МАРТ

Егер біз полиция жасаған бүкіл қиыншылықтар мен қуғындауларға қарамай жиналып, бас қосып отырған болсақ, егер біз аз уақыттың ішінде қазіргі революциялық дәуірдің барлық көкейтесті мәселелері жөнінде елеулі алауыздықсыз маңызды шешімдер ала алған болсақ, онда мұны бүкіл дүние жүзінің пролетарлық бұқарасы өзінің бой көрсетулері арқылы бұл мәселелердің бәрін іс жүзінде күн тәртібіне қойып, өздері ол мәселелерді іс жүзінде шеше бастағандығының арқасы деу керек.

Бұл жерде бізге бұқараның қазірдің өзінде-ақ өзінің революциялық күресінде жеңіп алғандарын ғана жазуға тура келді.

Шығыс европалық елдерде ғана емес, сонымен қатар батыс европалық елдерде де, жеңілген елдерде ғана емес, сонымен қатар жеңген елдерде де,— мәселен, Англияда — Советтерді жақтаған қозғалыс барған сайын өріс алып келеді, ал бұл қозғалыс жаңа, пролетарлық, демократияны орнату мақсатында жүргізіліп отырған қозғалыстың нақ өзі,— бұл қозғалыс пролетариат диктатурасына, коммунизмнің толық жеңісіне қарай алға басылған ең маңызды қадам.

Мейлі, бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы бұдан былай да аласұра берсін, мейлі, бұл буржуазия спартакшылдарды, большевиктерді қуғындап, түрмеге жаба берсін, тіпті өлтіре де берсін,— бірақ мұның бәрінің өндігі жерде буржуазияға жәрдемі болмайды. Бұл тек

бұқараның көзін ашуға, оларды ескі буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдерден арылтуға және оларды күресте шыныктыра түсуге қызмет ететін болады. Пролетарлық революцияның бүкіл дүние жүзінде жеңісі қамтамасыз етілді. Халықаралық Советтік республиканың негізі қаланатын мезгіл жақындап келеді. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Қысқаша газет есебі
1919 ж. 7 мартта
«Известия ВЦИК» газетінің
52-номерінде басылған

ЖЕҢІП АЛЫНҒАН ЖӘНЕ ЖАЗЫЛЫП ҚОЙЫЛҒАН НӘРСЕ

Революциядағы берік нәрсе — пролетариат бұқарасының жеңіп алғаны ғана. Шын мәнінде берік жеңіп алынған нәрсе ғана жазып қоюға лайық.

Москвада 1919 жылы 2 мартта III, Коммунистік Интернационалдың құрылуы тек орыс пролетариатының ғана емес, Россия пролетариатының ғана емес, сонымен қатар Германия, Австрия, Венгрия, Финляндия, Швейцария,— бір сөзбен айтқанда, халықаралық пролетарлар бұқарасының жеңіп алғанын жазу болды.

Нақ сондықтан да III, Коммунистік Интернационалдың құрылуы баянды іс болып табылады.

Бұдан не бары төрт ай бұрын Совет өкіметін, мемлекеттің советтік формасын халықаралық жеңіс деп айтуға әлі болмайтын еді. Совет өкіметінде тек Россияға ғана емес, барлық капиталистік елдерге де тән бір нәрсе, оның бер жағында елеулі нәрсе бар еді. Бірақ, іс жүзінде сынап көргенге дейін, дүние жүзілік революцияның бұдан былайғы дамуы қандай өзгерістер, қаншалық терең, қаншалық маңызды өзгерістер жасайтындығын әлі айтуға болмайтын еді.

Осы сынау герман революциясы болды. Алдыңғы қатарлы капиталистік ел — ең артта қалған елдердің бірінен кейін — қысқа мерзімнің ішінде, жүзден сәл-ақ асатын күндердің ішінде бүкіл дүние жүзіне революцияның нақ сол негізгі күштерін ғана емес, революцияның нақ сол негізгі бағытын ғана емес, сонымен қатар

жаңа, пролетарлық, демократияның нақ сол негізгі формасын: Советтерді көрсетіп берді.

Ал мұнымен қатар, Англияда, жеңген елде, отарларға ең бай елде, басқалардан гөрі ұзағырақ «әлеуметтік татулықтың» үлгісі болған және ел аузында «әлеуметтік татулықтың» үлгісі деп атанған елде, ең ескі капитализм елінде, біз Советтердің және бұқаралық пролетарлық күрестің советтік жаңа формаларының — «Shop Stewards Committees», фабрика староссталары комитеттерінің кең көлемде, тоқтаусыз, қызу қарқынмен және қуатты түрде өріс алғанын көріп отырмыз.

Америкада, ең күшті және ең жас капиталистік елде жұмысшылар бұқарасы Советтерге орасан зор тілектес болып отыр.

Сең қозғалды.

Советтер бүкіл дүние жүзінде жеңіп шықты.

Олар ең алдымен және көбіне-көп пролетарлық бұқараны өзіне тілектес етіп алуы жөнінен жеңіп шығып отыр. Бұл — ең бастысы. Бұл жеңісті империалистік буржуазияның ешқандай айуандығы, большевиктерді қудалаудың, өлтірулердің қандайы болсын бұқараның қолынан тартып ала алмайды. «Демократиялық» буржуазия неғұрлым құтырына түссе, бұл жеңістер пролетариат бұқарасының көкірегінде, олардың көңіл күйінде, олардың санасында, олардың күреске деген қаһармандық әзірлігінде соғұрлым беки береді.

Сең қозғалды.

Сондықтан да коммунистердің III Интернационалды құрған халықаралық Москва конференциясының жұмысы соншалық жеңіл, соншалық жинақы, соншалық байсалды да кәміл батылдықпен өтті.

Біз қазірдің өзінде жеңіп алынғандарды жаздық. Біз бұқараның санасына қазірдің өзінде берік орнағанды қағазға түсірдік. Жаңа, күші мен тереңдігі жағынан дүние жүзінде болып көрмеген пролетарлық қозғалыстың қайнап шыққандығын, ол қозғалыстың ешқандай ескі шеңберлерге сыймайтындығын, оны ұсақ саясатқұмарлықтың асқан шеберлері де, ағылшын-американ «демократиялық» капитализмінің бүкіл дүние жүзілік-тәжірибелі, бүкіл дүние жүзілік-айлакер Ллойд-

Джорджлары мен Вильсондарының да, оттан да, судан да, қыспақтан да өткен Гендерсондар, Ренодельдер, Брантингтер және социал-шовинизмнің күллі басқа сабаздарының да тоқтата алмайтындығын жұрт түгел білді — ол ол ма: жұрттың бәрі, әркім өз елінің тәжірибесінде көріп, сезіп, таныды.

Жаңа қозғалыс пролетариат диктатурасына қарай келе жатыр, барлық ауытқушылықтарға қарамастан, мықтап жеңілістерге қарамастан, құлақ есітіп, көз көрмеген «орыс» былығына қарамастан (егер сыртқы көрініске қарай, аулақта тұрып айтатын болсақ) келе жатыр,— миллиондаған, он миллиондаған пролетарлардың жолындағы кедергінің бәрін жайпап өтетін тасқын күшімен *Совет өкіметіне* қарай келе жатыр.

Біз осыны жазып қойдық. Біздің қарарларымызда, тезистерімізде, баяндамаларымыз бен сөйлеген сөздерімізде біздің қазіргі жеңіп алғандарымыз бейнеленді.

Революцияшыл жұмысшылардың жаңа, бүкіл дүние жүзілік бай тәжірибесінің шұғыласымен нұрланған марксизм теориясы болып жатқан оқиғалардың әбден заңдылығын түсінуіміз үшін бізге жәрдемдесті. Бұл теория капиталистік жалдама құлдықты құлату жолында күресіп жатқан бүкіл дүние жүзі пролетарларына өз күресінің мақсаттарын анығырақ ұғынуға, қазірдің өзінде белгіленіп қойған жолмен нығырақ басып жүруге, жеңіске неғұрлым шүбәсыз, неғұрлым берік жетуге және жеңісті баянды етуге көмектеседі.

III, Коммунистік Интернационалдың құрылуы Советтердің интернационалдық республикасының, коммунизмнің халықаралық жеңісінің табалдырығы болып табылады.

5 март, 1919 ж.

«Правда» № 51, 6 март, 1919 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің текcті бойынша басылып отыр

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ АШЫЛУЫН ҚҰТТЫҚТАҒАН КҮНІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ, РКП(б) МОСКВА КОМИТЕТІНІҢ, ВЦСПС-тің, МОСКВАНЫҢ КӘСІПТІК ОДАҚТАРЫ МЕН ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІНІҢ БІРІККЕН САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕ 1919 ж. 6 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ду овация.) Жолдастар, біз Коммунистік Интернационалдың I съезіне бұл ұйымның ең адал достары бар, бізге барынша тілектес жұмысшылар бар елдердің бәрінің өкілдерін жинай алмадық. Сондықтан маған біздің достарымыздың өзіміз көріп отырғанымыздан, өзіміз білетініміздеи, барлық қуғындаушылыққа қарамастан, бүкіл дүние жүзінің бейне құдіретті буржуазиясының бүкіл бірігуіне қарамастан, біздің осында, Москвада жинай алғанымыздан гөрі шындығында қаншалықты көп екендігін сіздерге көрсетіп беретін бір кішкене цитатпен сөзімді бастауға рұқсат етіңіздер. Бұл қудалаулардың алысқа барғандығы сонша — бізді нақ бір қытай қорғанымен қоршауға тырысты, он шақты немесе бір топ большевиктер бүкіл дүние жүзіне өз рухын бейне бір жұқтырады деп қорыққандай, большевиктерді он-ондап, топ-тобымен дүние жүзінің ең еркін республикаларынан жер аударуда,— бірақ бұл қорқыныштың кісі күлерлік екенін біз білеміз, өйткені большевиктер қазірдің өзінде бүкіл дүние жүзіне өзінің рухын жұқтырып та үлгірді, өйткені орыс жұмысшыла-

рының күресі қазірдің өзінде жасайтынын жасап та қойды: барлық елдердің жұмысшылар бұқарасы осында, Россияда, жалпы бүкіл дүние жүзілік революцияның тағдыры шешіліп жатқанын біледі.

Жолдастар, міне менің қолымдағы «L'Humanité»[209] газеті, бағыты жағынан көбінесе біздің меньшевиктерге немесе оңшыл эсерлерге сай келетін француз газеті. Соғыс кезінде бұл газет біздің көзқарасымызда болған адамдарды мейлінше аяусыз қудалаумен болған. Қазір бұл газет соғыс кезінде өз елдерінің буржуазиясымен бірге болғандарды қорғап отыр. Ал енді осы газет 1919 ж. 13 январьдағы номерінде былай дейді: Парижде Сена федерациясындағы, яғни Парижге ең жақын округтегі, пролетарлық қозғалыстың орталығындағы, Францияның бүкіл саяси өмірінің орталығындағы партия активі мен жұмысшылар одақтарының орасан зор жиналысы болған, мұны газеттің өзі мойындайды. Бұл жиналыста ең алдымен Брак сөз сөйлеген, ол — соғыстың бүкіл өн бойында біздің меньшевиктер мен оңшыл қорғампаздардың көзқарасында болған социалист. Ол қазір бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалған. Толғағы жеткен мәселелердің бірде-бірі жөнінде жұмған аузын ашпаған! Ол сөзін өз елі үкіметінің басқа елдердің пролетариатының күресіне қол сұғуына өзінің қарсы екендігін айтып аяқтаған. Оның сөзіне жұрт қол шапалақтаған. Одан кейін оның пікірлестерінің бірі, Пьер Лаваль деген біреу сөз сөйлепті. Әңгіме демобилизация туралы, қазіргі Францияның сірә, осы қылмысты соғыста қайсыбір басқа елге қарағанда көп құрбандыққа ұшыраған елдің ең толғағы жеткен мәселесі туралы болып отыр. Сонымен қазір осы ел демобилизацияның созылып отырғанын, бөгеліп отырғанын, оны орындайын деген ниет жоқ екенін көріп отыр және француз немесе ағылшын капиталистерінің әлі қанша олжа алатындығына бола француз жұмысшыларына көрінеу жаңа құрбандықтар жүктейтін жаңа соғыстың дайындалып жатқанын көріп отыр. Сөйтіп газет былай деп мәлімдейді: шешен Пьер Лавальдің сөйлеген сөзін жұрт тыңдады, бірақ оның большевизмге дұшпандық ниеттегі мәлімдемелері жұрттың сондай наразылығын туғы-

зып, жұртты сондай ашындырғандықтан, жиналысты жалғастыруға мүмкіндік болмай қалады. Осыдан кейін азамат Пьер Ренодель сөз ала алмайды, сөйтіп азамат Периктің біраз араласуымен жиналыс аяқталады. Перик — француз жұмысшы қозғалысының негізінен бізбен ынтымақтас аз ғана өкілдерінің бірі. Сонымен, газет шешен большевиктерге қарсы сөйлей бастасымен-ақ, жиналыстағылар оны сөйлеткізбей тастады деп мойындауға мәжбүр болған.

Жолдастар, біз қазір осында Франциядан тікелей бір де делегат келтіре алмадық, сөйтіп бір ғана француз — Гильбо жолдас осында әрең келіп жетті. (Ду қол шапалақтау.) Ол бүгін сөз сөйлейді. Ол айлар бойы Швейцарияның, осы еркін республиканың, түрмелерінде отырған, ал оны айыптағанда — ол Ленинмен қарым-қатынас жасап тұрады, Швейцарияда революция әзірлеп жүр деп айыптаған. Германия арқылы оны жандармдар мен офицерлер өткізіп салған, сірә, ол Германияны өртеп жібере аларлық сіріңке тастап кете ме деп қорыққан болу керек. Бірақ Германия ондай сіріңкесіз-ақ өртеніп жатыр. Көріп отырғанымыздай, Францияда да большевиктік қозғалысқа тілектес адамдар бар екен. Француз бұқарасы ең тәжірибелі, саяси жағынан ең тәрбиелі, ең сергек және ең ілтипатты бұқараның бірі болса керек. Бұл бұқара халық жиналысында шешеннің бірде-бір жалған әуенге басуына жол бермейді,— оны сөйлетпей тоқтатып тастайды. Француздардың қызулығына орай, қайта оны трибунадан сүйреп түсірмегеніне шүкір! Сондықтан, бізге дұшпан газет осы үлкен жиналыста не болғанын мойындап отырғанда, біз: француз пролетариаты біздің жағымызда дейміз.

Мен итальян газетінен тағы бір қысқа ғана цитат келтірейін. Бізді бүкіл дүние жүзінен бөліп тастауға тырысатындығы сонша — біз басқа елдерден социалистік газеттердің номерлерін өте бағалы заттай сирек аламыз. Сирек зат ретінде бізге «Avanti!»[210] деген итальян газетінің, Итальян социалистік партиясы органының бір номері келді; Итальян социалистік партиясы Циммервальдқа қатысқан болатын, соғысқа қарсы күрес

жүргізген еді және бұл партия енді: өздерінің үкіметтерімен бірге осы қылмысты соғысты созуға көмектескен адамдар қатысатын Берндегі сатқындар съезіне, ескі Интернационалдың съезіне барудан біз бас тартамыз деп қаулы еткен. «Avanti!» газеті осы кезге дейін қатаң цензурамен шығып келеді. Бірақ біздің қолымызға кездейсоқ түскен осы номерінен мен қайдағы бір Кавриаго деген мекендегі партия өмірінен басылған бір корреспонденцияны оқыдым,— бұл өзі бір меңіреу түкпір болу керек, ойткені оны картадан табуға болмайды,— сөйтсе де, онда жиналған жұмысшылар өздерінің газетінің ымыраға келмейтіндігі үшін оған тілектестігін білдірген қарар қабылдапты және олар неміс спартакшылдарының қызметін мақұлдайтындығын мәлімдепті,— ал одан әрі итальян тілінде жазылған болса да бүкіл дүние жүзінде түсінікті мынадай сөздер айтылған: «Sovietisti russi»,— орыс «советистерін» құттықтайды және орыс революционерлері мен неміс революционерлерінің программасы бүкіл дүние жүзінде қабылданып, буржуазия мен әскери үстемдікке қарсы жүргізілетін күресті ақырына дейін жеткізуге қызмет ететін болса екен деген тілек білдіреді. Міне сонымен қайдағы бір итальян Пошехоньесінен келген осындай қарарды оқыған кезіңде, өзіңе: итальян бұқарасы бізді жақтайды, орыс «советистерінің» не екенін, орыс «советистері» мен герман спартакшылдары программасының не екенін итальян бұқарасы түсінді деп айтуға толық праволысың. Ал бізде ол кезде мұндай программа болған да жоқ! Герман спартакшылдарымен біздің ешқандай ортақ программамыз болған жоқ, ал итальян жұмысшылары өздерінің миллионерлер мен миллиардерлерге ақшаға сатылып, миллиондаған даналарында біз жөнінде өсек таратып жүрген буржуазиялық баспасөзінде көргендерінің бәрін ысырып тастап отыр. Итальян жұмысшыларын буржуазиялық баспасөз алдай алмады. Итальян жұмысшылары спартакшылдар мен «советистердің» кімдер екенін түсінді, сондықтан біздер солардың программасына тілектеспіз деді,— ал бұл программа ол кезде әлі мүлде жоқ та еді. Міне сондықтан да бұл конгресте біздің міндетіміз сондайлық

жеңіл болды. Бізге тіпті қайдағы бір меңіреу түкпірде көрінбей жатқан, бізден полицейлік, әскери тосқауылдар арқылы бөлініп тасталған жұмысшылардың санасы мен жүректеріне қазірдің өзінде-ақ ұялап болған нәрсенің өзін программа етіп жазу ғана қажет болды. Барлық негізгі мәселелер жөнінде біздің сондай оп-оңай, сондай толық ынтымақтықпен бірауызды шешімге келгеніміз міне осыдан, сондықтан біз барлық елдердің пролетариатынан бұл шешімдердің қуатты қолдау табатынына кәміл сенеміз.

Жолдастар, Советтік қозғалыс, Россияда жеңіп алынған, қазір бүкіл дүние жүзінде өріс алып келе жатқан қозғалыс, озінің атымен-ақ жұмысшыларға бүтін бір программа беріп отырған форма міне осы. Жолдастар, советтік форманы жеңіп шыққанға дейін дамыту сияқты үлкен бақыт біздің үлесімізге тиді, біздер бұған дандайсып кетіпті деп айтуға болатын адамдардың халіне түспеспіз деп сенемін.

Жолдастар, бізге советтік пролетарлық революцияға бірінші болып қатысуға тура келгенде, біздің басқа жұмысшылармен дайындығымыз бірдей болғандығынан, немесе олардан гөрі жақсы дайындалғандығымыздан емес, қайта біздің нашар дайындалғандығымыздан тура келгенін біз өте жақсы білеміз. Бізге ең тағы, ең шіріген жау қарсы тұрғаны нақ осы жағдайдан болды, революцияның сыртқы серпіні де нақ осы жағдайдан туды. Сондай-ақ біздер Советтердің бізде күні бүгінге дейін өмір сүріп отырғанын, мәдени дәреженің жеткіліксіздігі салдарынан туған орасан зор қиыншылықтарға қарсы және өз қызметімізді оқшау жағдайда атқарған біздерді барлық жақтан да жаулар қоршап, біздер адам айтқысыз ауыр тауқыметке, ашаршылықтың ауыртпалықтары мен сұмдық азапқа душар болған бір жылдан аса уақыт бойы Советтердің біздерге төнген осы ауыртпалықтарға қарсы күрес жүргізіп жатқанын да білеміз, мұны сіздер де өте жақсы білесіздер.

Жолдастар, тікелей немесе жанамалап буржуазия жағына шығатын адамдар қазір жұмысшылар қандай ауыр азапқа душар етіліп отыр дегенді айтып, екінің бірінде жұмысшыларға сөз арнап, сөз салуға, оларды

ашындыруға тырысады. Ал біз жұмысшыларға былай дейміз: иә, бұл азаптар ауыр, біз оларды сіздерден жасырып та отырған жоқпыз. Жұмысшыларға біз осылай дейміз, олар мұны өз тәжірибелерінен де жақсы біледі. Біз социализмнің жеңісі жолында тек өзіміз үшін ғана күресіп жатқанымыз жоқ, біздің балаларымыздың капиталистер мен помещиктер туралы бағы заманғы құбыжықтар ретінде еске алуы үшін ғана күресіп жатқанымыз жоқ,— біз бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының бізбен бірге жеңіп шығуы жолында күресіп жатқанымызды өздеріңіз көріп отырсыздар.

Сонымен, Советтердің бүкіл дүние жүзінде жұмысшылардың тілектестігіне ие болып отырғанын паш еткен Коммунистік Интернационалдың осы I съезі бізге халықаралық коммунистік революцияның жеңіп шығатындығы қамтамасыз етілгенін көрсетіп отыр. (Қол шапалақтау.) Бірсыпыра елдерде буржуазия әлі де аласұрып жанталасатын болады, онда буржуазия таңдаулы адамдарды, социализмнің таңдаулы өкілдерін құртуға әзірлене бастады, бұған Роза Люксембург пен Карл Либкнехтті ақ гвардияшылардың айуандықпен өлтіруі дәлел. Мұндай құрбандықтардың болуы сөзсіз. Біз буржуазиямен келісімге келудің жолын іздемейміз, біз онымен ең ақырғы және шешуші майданға шығамыз; бірақ біз: соғыстың азаптарынан, жәбір-жапасынан және апаттарынан кейін, бұқара бүкіл дүние жүзінде демобилизация үшін күресіп жатқанда, өздерінің алдауға түскенін біліп отырғанда, пайданы қайсысы көп табам деп ондаған миллион адамды қырғынға ұшыратқан капиталистердің бұқараға аудара салған салықтарының қандайлық адам айтқысыз ауыр екенін түсініп отырғанда,— бұл қарақшылардың үстемдік дәурені өткенін біз білеміз!

Қазір, «Совет» деген сөз жұрттың бәріне түсінікті болып отырған кезде, коммунистік революцияның жеңісі қамтамасыз етіледі. Осы залда отырған жолдастар тұңғыш Совет республикасының қалай құрылғанын көрді, олар қазір III, Коммунистік Интернационалдың қалай құрылғанын көріп отыр (қол шапалақтау), олардың бәрі де Советтердің Бүкіл дүние жүзілік Федера-

циялық Республикасының қалай құрылатынын да көретін болады. (Қол шапалақтау.)

Газет есептері 1919 ж. 7 мартта «Правданың» 52-номерінде және «Известия ВЦИК»-тің 52-номерінде басылған

1919 ж. майда мына кітапшада толық басылған: «Коммунистік Интернационалдың ашылуын құттықтаған күні Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің, РКП Москва комитетінің, Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық советі мен Москва қаласының фабрика-завод комитеттерінің біріккен салтанатты мәжілісі»

Кітапшаның текстімен салыстырылған стенограмма бойынша басылып отыр

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ АНАЛАР МЕН СӘБИЛЕРДІ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ ҮГІТШІЛЕРІНІҢ КУРСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

8 МАРТ, 1919 ж.

Ленин жолдас өзінің сөзін тыңдаушы әйелдер хатының соңғы сөйлемінен бастады, олар осы берген уәделерін орындап, тылда мықты армия құратын болсын деді[211]. Әйелдердің көмегі, олардың ақыл-парасаты мен саналылығы арқасында ғана жаңа қоғам құрылысын нығайтуға болады; мұнымен қатар ол бұрынғы революцияларда әйелдердің санасыз бұқарасы тарапынан кедергі жасалып келгенін көрсетті.

1919 ж. мына кітапшада басылған: «Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаты. Аналар мен сәбилерді қорғау бөлімінің 1918 ж. 1 майдан 1919 ж. 1 майға дейінгі есебі»

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

УКРАИНАДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫМЫ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ[212]

Осындай директива бере отырып, РКП Орталық Комитеті белгіленген принципті басшылыққа алуды ұсынады: кедей шаруалардан ештеңе алынбасын, орташадан шамалап алынсын, байдан көп алынсын.

Алынатын басы артық астықты барынша көбірек белгілеуге кеңес береміз, *мәселен,* бүкіл Украина бойынша 500 миллион пұт болып белгіленсін, ал салымға мұның бестен бір немесе оннан бір үлесі алынсын.

1919 ж. 19 февральда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ, МОСКВАНЫҢ ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІ МЕН КӘСІПТІК ОДАҚТАРЫНЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

I. Жаңа егін алдында — революцияның ауыр кезеңі. Дағдарыстың жоғарғы шегі.

II. «Соғыс жағдайы» айқындалды:
чехословактар (15 миллион)[213] + ақ гвардияшылар
помещиктер
капиталистер
Мурман
Алексеев [Тихорецкаяда]
Баку (дашнактар + ағылшындар)
Түркістан (ағылшындар).

III. Ағылшын-француз империалистерінің «қоршауы». «Тұзақ». Буржуазияны параға сатып алды және сатып алды, онымен одақтас болып отыр.

IV. Азық-түлік. Астықтан бөліп тастау.

V. «Кулактар көтерілістері».
Таптық сипаты айдан анық:
пролетариат + деревня кедейлері
versus** кулактар мен буржуазия
солшыл социалист-революционерлердің ауытқуы.

VI. Соғыстан қажу
(*Симбирск:* шаруалар губерниясы)
+ бастықтардың опасыздығы (Ұлы француз революциясында болғандағыдай).

---

* Қараңыз: осы том, 1—20-беттер. *Ред.*
** — қарсы. *Ред.*

VII. Ал оның бер жағында *соғыс жағдайы шешеді,* соғыс (азамат соғысы) шешеді.
Барлық күш соғысқа жұмылдырылсын!
Барлық күш чехословактарға қарсы жұмылдырылсын.
Солшыл социалист-революционерлердің опасыздығы мен сатқындығы.

VIII. Күрес не үшін жүріп жатыр? Бәске тігіліп отырған не нәрсе?
а) Помещиктер мен капиталистердің өкіметін қалпына келтіру.
б) Майданды қалпына келтіру, *империалистік соғысқа киліктіру.*

Чехословак майданы (15 миллион сом)
Мурман
Алексеев
а Баку
Түркістан.
б Таптық жағдай: кулактар көтерілістері; буржуазияға қарсы шешуші шайқас. Кедейлер мен еңбекшілер versus буржуазия.
Пролетариат пен кедейлер: кім өзіне тартады.
...*Азық-түлік*...
в Соғыстан қажу: бастықтардың опасыздығы;
Симбирскіні беру (мұндай мысалдар Ұлы француз революциясында болған: ешқандай үмітсіздік болмасып).
г Соғыс жағдайы: соғыстың нәтижесі шешеді.
д Майданды қалпына келтіру: *бүкіл* елді империалистерге бағындыру.
α) Помещиктер мен капиталистердің өкіметі.
β) Империалистік соғысқа және империалистік құлдыққа күшпен киліктіру.

1918 ж. июльдің екінші жартысында, кеш дегенде 29 июльде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АҒАРТУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I СЪЕЗДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

1. Бүкіл дүние жүзілік революцияның өрлеу барысындағы неғұрлым ауыр кезеңдердің бірі.
2. Соғыс қалжыратты және — — —
   байытты... etc., etc.
3. Россияның үлгісі...
   { конституция
   жер
   фабрикалар }
4. Капиталдың (Россияда) ішкі күштері
   жоқ... *сыртқы...*
   Германия
   Англия + Франция
5. Үзілгелі тұрған ішекті ақырына дейін тартып жатыр
   (Англия + Франция)

   { Австрия мен Италия — революция қарсаңында
   Германия — бұқаралық стачкалар, әскердің ыдырауы, солдаттардың опасыздығы

   { Франция — қол сұғушылыққа қарсы демонстрациялар.
   Англия — «азаматтық татулықты» бұзушылық.
6. Біз социализмнің тек Россияда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде де жеңуі жолында күресеміз.

---

* Қараңыз: осы том, 80—84-беттер. *Ред.*

7. Сондықтан осы күресте халыққа білім берудің аса зор маңызы бар...

8. =осы күрестің *бір бөлегі.*

9. Капиталистік қоғамда халыққа білім беру:
   } жағымды күтушіге
   } пысықша малайға
   } елгезек приказчикке

10. Социализм тұсында: ...капитализм неғұрлым жаншылғандардың, топастардың, қараңғылардың қатарына ығыстырып тастағандар,
   — солардың *өздері бүкіл* өнеркәсіпті, *бүкіл* өндірісті басқарулары керек...

11. Таптар күресі: саботаж...
   байлардың еңбекшілерге қарсы *монополиясы* ретінде *білім күшін* пайдаланады.
   Бұл саботаж (негізінен) қазірдің өзінде тойтарылды.

12. «Халыққа бару керек»... «Ғылым мен жұмысшылардың одағы»...

1918 ж. 27—28 августа жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

*БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ, ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІ МЕН КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР**

1

БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ

1. (α) Бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияға
   еш уақытта да мұндай жақын болған емеспіз
   (β) — және еш уақытта да осындай қауіпті жағдайда болған емеспіз.
2. Ad** α Болгария
   Австрия
   Германия[214]
   Парижде 2000 адам қатысқан митинг (және съезде[215] Садульдің хатын оқып беру)
   Англия: партия[216]
   Испания: құттықтаулар[217].
3. Ad β: «Тыныс алудың» бітуі.
   2 күш жоқ — бір күш бар[218].
   Герман буржуазиясы қобалжып отыр, бірақ, менің-ше, *басты бағыт* — бізге қарсы Антантамен келісімге келу...
   Украинадағы жоспар... ағылшындарға қалдыру үшін шегіну...
   + Оккупацияланған елдердің буржуазиясы...
4. Біз күштірек болып алдық — —
   европалық буржуазияға тойтарыс күшейді.
5. Дарданелл арқылы және Румыния арқылы. **Оңтүстік.**

---

* Қараңыз: осы том, 119—138-беттер. *Ред.*
** — Пунктке. *Ред.*

5. *bis:* specialiter* Украина.
6. Қызыл Армиядағы өзгеріс — бүкіл өмірдегі өзгерістің белгісі.
7. Он есе күшейту[219]... Қыс бойы жазға әзірлену керек.

---

* — ерекшелік. *Ред.*

2

ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ НОБАЙЫ

1. Халықаралық пролетарлық революцияның табыстары Антантаның және ол бастаған халықаралық буржуазияның контрреволюциялық қарсылығын күшейте түсіп отыр....

2. Россиядағы пролетариат революциясы мен Совет өкіметіне қарсы Германия Антантамен тікелей келісімге жетуге тырысып отыр, бірақ әзірге тікелей келісімге қол жетпей тұрғандықтан оны герман буржуазиясының бір бөлегі Антантаға қызмет көрсету және, большевиктерге қарсы болып, Антантаның алдында құрдай жорғалау арқылы жанамалап (формальды түрде емес) жүзеге асыруға тырысып отыр.

+ және барлық оккупацияланған облыстардың буржуазиясы

3. Бұл өзіндік ерекше жағдай Совет өкіметі үшін қауіптің асқына түсуін туғызады; Дарданелл мен Қара теңіз арқылы немесе Болгария мен Румыния арқылы Россияның оңтүстігіне Антантаның шабуыл жасау мүмкіндігі — және өте таяу уақытта — белгіленіп отыр, тегі, ондағы мақсат — украин жұмысшылары мен шаруаларының жеңуіне және олардың украин жұмысшы және шаруа үкіметін құруына жол бермеу үшін неміс әскерлері Украинадан тек ағылшын әскерлері келгеннен кейін ғана кетуін (герман буржуазиясымен тікелей

немесе үн-түнсіз келісімге келу бойынша) көздеу болса керек, олай етпеген жағдайда украин жұмысшылары мен шаруаларының жеңіп шығатыны, олардың украин жұмысшы және шаруа үкіметін құратыны сөзсіз.

4. Істің жайы осылай болып отырғанда және халықаралық империализмнің соғысып жатқан 2 тобының тепе-теңдігі бұзылған (тіпті шамалап болса да) жағдайда Совет өкіметіне армияны көбейту және әскери күшті арттыру үшін үсті-үстіне күш салуға тура келеді. Мұны бірінші кезекке қою қажет.

5. Мұны тек революциялық жолмен, пролетарлық (және жартылай пролетарлық) элементтерді топтастыру жолымен ғана істеуге болады және істеу керек — армиядағы өзгеріс бұған толық мүмкіндік береді.

Пролетариат пен ең кедей шаруалардың барлық ұйымдары, барлық совет мекемелері мен күштері осы мақсат үшін тағы да *барынша* жұмылдырылуға тиіс.

6. Батыс европалық жұмысшы бұқарасында тілектестік пен ынтымақтастық және қолдау сезімін оятуда Россиядағы Совет өкіметінің қол жеткен орасан зор табыстары жөніндегі ұғым біздің жұмысымызды, оны халықаралық пролетарлық революцияның жеңісіне дейін жеткізу үшін, нығайта түсуге тиіс.

+*Украинадағы міндеттер*[220].

1918 ж. кеш дегенде 22 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1962 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VI СЪЕЗІНДЕ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ БІР ЖЫЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ[221]

1

1) Жұмысшылардың өндірісті бақылауынан жұмысшылардың өндірісті басқаруына көшу.

2) Помещиктерге қарсы жалпы шаруалар күресінен деревняда буржуазия атаулыға қарсы пролетарлық күреске көшу.

3) Қорғансыздықтан Қызыл Армияға көшу.

4) Жеке-даралықтан революция құрған бірқатар республикаларға көшу.

Σ* = Совет өкіметі (мен Конституциясы) — пролетариат диктатурасы
[«Үстем тап»]

2

1. Октябрь төңкерісінің маңызы:
оған *дейін:* империализм
— — бұқараны алдау
бұл алдауды ұсақ буржуазиялық социализмсымақпен бүркемелеу.

2. Империалистік соғысты ажырату (құпия шарттарды жариялау), пролетариат өкіметі.

Социалистік революцияның басталуы

* — Summa — Жиыны. *Ред.*

Оның дамуының қиындығы:

Барлық империалистердің, бүкіл буржуазияның, орыс буржуазиясының да, халықаралық буржуазияның да, өршелене қарсыласуы.

Жұмысшы табының өсуі.

3. Жұмысшы бақылауынан жұмысшы басқаруына көшу.
4. Помещиктерге қарсы жалпы шаруалар күресінен деревняда *пролетарлық* тап күресіне дейін көтерілу.
5. Қорғансыздықтан армияға (Қызыл армияға) көшу...
6. Советтік ұйымның оз бетімен жасаған алғашқы қадамдарынан оны жалпы мемлекеттік көлемде және Советтік *Конституцияға* дейін нығайтуға көшу.
7. Жеке-даралықтан басталған революцияның халықаралық одағына көшу...

1918 ж. кеш дегенде 6 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР[222]

Партияда кем дегенде екі жыл болған партия мүшелері басқаруға тиіс[223].

Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімі[224] туралы ережені қайта өңдеу.

Кәсіптік ұйымдар мен партия ұйымдарының *кепілге алу* правосын қуаттау.

Жалған қаралағаны үшін мейлінше қатал қуғындау және ату жазасына кесу.

Коллегияның екі мүшесінің қол қоюымен халық комиссарларына кепілге алуға право беру.

Тергеуге қатысу правосы мыналарға беріледі[225] және т. т.

Техникалық күштерді, сондай-ақ жалпы интеллигенцияны есепке алуды енгізген жағдайда тіркеуге ілінбегендердің кепілдік берілген куәліктер алу правосын жоғалтатындығы ескертілсін.

Бүкіл россиялық төтенше комиссияда істі тездету үшін шағымдар мен өтініштер жөніндегі бөлім дереу кеңейтілсін.

1918 ж. 3 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ЖҰМЫСШЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНСПЕКЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ» ЖОБАСЫНА[226]

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ НОБАЙЫ

Үнемі

1) Азық-түлік комиссариаты мен азық-түлік органдарының белгілі бір тапсырмаларының, дәл белгіленген тапсырмалардың тез орындалуының нақты жағдайларын тексеру;
2) жұмысшы және еңбекші бұқараларымен байланыс орнатып, оларды әуелі айғақ адамдар ретінде, кейіннен инспекцияның мүшелері ретінде азық-түлікті жеткізіп беру және бөлу ісіне үнемі қатыстырып отыру;
3) жұмысшы инспекциясының *барлық* органдары өздерінің қызметі туралы кәсіптік одақтардың жергілікті және орталық органдарына апта сайын есеп беріп отыруға міндеттелсін;
4) кеңесші дауыспен...*

2

«ЕРЕЖЕНІҢ» ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

Бұл жобаны мына бағытта қайта өңдеу керек: (1) жұмысшы азық-түлік инспекциясына жүктелетін нақты тапсырма — тек іс жүргізумен танысу ғана емес, қайта негізінен азық-түлік органдарының өнімдерді дайындау, жеткізіп беру және бөлу жөніндегі қызметінің нақты жағдайларын іс жүзінде тексеру;

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

— одан әрі (2) жұмысшы азық-түлік инспекциясына азық-түлік саясатын жұмысшы және еңбекші бұқарамен байланысты жүргізіп, оларды азық-түлік ісін басқаруға түгел (айғақ адамдарды қатыстырудың бірінші қадамы ретінде) тартуды міндет ету.

(3) — жұмысшы азық-түлік инспекциясына жұмысшы табы мен еңбекші халықтың қалың бұқарасына ең алдымен кәсіптік одақтар арқылы апта сайын есеп беруді міндет ету.

1918 ж. 5 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СЛАНЕЦ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР

Геолог Губкин (отын бөлімінде)

Сланец Сызраньда
және Қазан губерниясында
және Ямбург уезінің *біздегі* бөлігінде бар.

30 миллион сом (100 миллиард пұт)

Цванцигер
Питердегі инженер
((әлі осында)), (плюс ?)
практиктер; олар да осыны айтады.

1918 ж. екінші жартысында немесе 1919 ж. жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕРДІҢ ЖОСПАРЫ МЕН НОБАЙЫ*

1. Басты «дәлел»: was ist's?**
2. Мәселені таптық тұрғыдан қойғандық емес.
3. Тарих әрқашан диктатура болған деп үйретеді.
4. Езгіде ұстауға арналған машина.

Дағдылы бағытты және даму қарқынын ойда жалғастыру.

Демократиялық буржуазиялық республика дегеніміз де буржуазияның пролетариатты басып-жаншуына арналған машина екендігін түсінбеушілік (немесе «иконалық» түсінік).

«Заң»: демократия неғұрлым көп болса, терең антагонистер арасында тап күресі шиеленіскен барлық жағдайларда, ойранға немесе азамат соғысына соғұрлым жақындай түседі (Керенский заманындағы Россия... Швейцария — стачкалар мен демонстрациялар; Америка versus негрлер, versus интернационалистер; Германия... I. 1919).

Ең маңызды нәрсе ретінде және үлгі ретінде жиналыстар мен баспасөз бостандығы: олардың нақты жағдайы.

Қаналушының қанаушымен... «теңдігі».

---

* Қараңыз: осы том, 533—546-беттер. *Ред.*
** — бұл не нәрсе? *Ред.*

Қанаушыға арналған... «бостандық».
Бұралаң дамуды *нақты алғанда:*
экономикалық дағдарыс
бұқараның күйзелуі
буржуазияның құтырына баюы
империалистердің арсыздықпен басып алуы және тонауы
II Вильгельмнің, ал қазір Антантаның толық әшкереленуі
соғыстың 4 жылында әдет-ғұрыптың өзгеруі
жабайылану, айуанға айналу: бәрі де зорлықтан
техника кереметтері: не үшін? және төбе-төбе өліктер.
Дағдарыстың ауыртпалығы: кімнің мойнына түседі.

Буржуазияның толық өктемдігі *тұсында* дауыс беру барлық дауыс берушілердің «түсінігі» немесе кертартпалық?
«ver- und zertreten»!*
Буржуазиялық әкімшілік аппараты.
ΣΣ** = буржуазия диктатурасы,
[жалпы ұлттық ұрандармен
екіжүзділікпен бүркемеленген
Пролетариат диктатурасы ⟶ буржуазияның қарсылығын міндетті түрде басып-жаншу...
⟶ еңбекшілер бұқарасына арналған демократия...
⟶ «халықтың» көпшілігі...

---

1. Демократиялық республика = басып-жаншуға арналған машина.
2. Ver- und zertreten.
3. Бұқарадан қол үзгендік.
4. Буржуазиялық аппарат.
5. Жиналыстар «бостандығы» (қанаушыларға арналған бостандық).
6. «Теңдік»... баспасөз (қанаушыларға арналған).
6. bis: Демократия және соғысқа *дейін* азамат соғысы.

---

* — «өкіл болу және басып-жаншу»! *Ред.*
** — Summa summarum — Жалпы жиыны. *Ред.*

7. Кеңейту = реформизм, социализмді буржуазиялық тұрғыдан алмастыру.
8. Революция = шиеленіскен тап күресі.
9. Соғыс және оның зардаптары.
10. Германия I. 1919.

1919 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ[227]

1

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР

1) Орталықтағы және жергілікті жерлердегі жұмысшы органы немесе жұмысшы қатысатын орган.
2) Айғақ адамдар үнемі қатыстырылсын.
2) bis: $^2/_3$-і міндетті түрде әйелдер болсын.
3) Ең таяу практикалық міндеттер:
   (α) азаматтардың шағымдарына байланысты жедел ревизиялар
   (β) қағаз бастылыққа қарсы күрес
   (γ) қиянат жасаушылық пен қағаз бастылыққа қарсы күрестің революциялық шаралары
   (δ) транспорт
   (ε) еңбек өнімділігін арттыру
   (ς) өнімдердің мөлшерін көбейту.

2

И. В. СТАЛИНГЕ ЗАПИСКА

Меніңше, Бақылау туралы декретке мыналарды қосу керек:

1) Жұмысшы қатысатын орталық (және жергілікті) органдар құру.

2) Пролетар қауымынан айғақ адамдардың үнемі қатысуын, $^2/_3$-іне дейін міндетті түрде әйелдердің болуын заң жүзінде енгізу керек.

3) Ең таяу міндеттер ретінде бірінші кезекке дереу мыналар ұсынылсын:

(α) азаматтардың шағымдарына байланысты жедел ревизиялар
(β) қағаз бастылыққа қарсы күрес
(γ) қиянат жасаушылық пен қағаз бастылыққа қарсы күрестің революциялық шаралары
(δ) еңбек өнімділігін арттыруға және
(ε) өнімдердің мөлшерін көбейтуге, т. т. ерекше назар аудару

1919 ж. 8 мартта жазылған

Бірінші рет: заметкалар — 1928 ж. Лениннің VIII жинағында, записка — 1928 ж. 7 ноябрьде «Красная Газетаның» (Ленинград) 260-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(29 июль, 1918 — 12 март, 1919)

1918 ж.

Е. Б. БОШҚА ХАТ

Е. Б. Бошқа хатты В. И. Ленин 1918 жылы 12 және 18 август аралығында жазған болатын. Боштың естелігіне қарағанда, Ленин бұл хатында «сөзін Пензаның барлық коммунистеріне арнап, бес болыста кулактар көтерілісін «аяусыз басып-жаныштау» қажеттігін дәлелдеген, бұл «бүкіл революцияның» мүдделері үшін қажет, «өйткені қазір кулактарға қарсы «ақырғы, шешуші шайқас»» жүріп жатыр деп атап көрсеткен, «қаталырақ» адамдарды табуға кеңес береді және «хатының алынғандығы және кеңесінің орындалғандығы туралы» телеграф арқылы хабарлауды өтінеді. Хат жолдастық кеңес сипатында жазылған және оған «Сіздің Ленин» деп қол қойылған» (Е. Б. Бош. «Владимир Ильичпен кездесулер және әңгімелер (1915—1918 жж.)». «Пролетарская Революция», 1924. № 3, 169-бет). 18 августа Бош осы хатты алғандығы туралы Ленинге телеграф арқылы хабарлаған (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

М. С. КЕДРОВҚА ХАТ

1918 жылы 12 августан кешірек жазылған бұл хат туралы мәлімет М. С. Кедровтың естеліктерінде кездеседі. Ол хатта В. И. Ленин Котласқа және Солтүстік Двинаға «соңғы сәтте, жау Котласқа кірген кезде, Котластағы оқ-дәрі қоймаларын жаруға дайындық шараларын қолдануға» тапсырмамен жіберілгелі отырған С. Г. Уралов пен А. П. Ногтевті таныстырады (М. С. Кедров. Советтік Солтүстік үшін. Л., 1927, 147-бет).

Ю. М. ЛАРИНГЕ ЗАПИСКА

Ю. М. Ларинге записка Халық Комиссарлары Советінің мәжілісі кезінде 1918 жылы августың екінші жартысында жазылған (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 180-бет).

А. И. БАЛАБАНОВАҒА ХАТ

1918 жылы 27 немесе 28 августа жазылған бұл хат туралы мәлімет В. М. Смирновтың «В. И. Ленин туралы естеліктер» деген мақаласында айтылады; хатта Балабанованы Стокгольмдегі Баспасөз бюросының жұмысына тарту туралы сөз болған (қараңыз: «Пролетарская Революция», 1926, № 1, 34-бет).

Ю. М. ЛАРИНГЕ ХАТ

1918 жылы 18 сентябрьден ертерек жазылған бұл хатта Ю. М. Ларинге «шетелді және біздің халқымызды бір жылда қандай табысқа қолымыз жеткендігімен таныстыру үшін... жалпы Совет республикасы туралы» кітапша жазуға тапсырма берілген, бұл хат туралы Ларин Л. А. Фотиеваға жазған хатында хабарлаған (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 135-бет).

Г. ГОРТЕРГЕ ХАТ

Бұл хат туралы Г. Гортердің 1918 жылғы 24 октябрьде В. И. Ленинге жазған жауап хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. П. ГОРБУНОВҚА ХАТ

Н. П. Горбуновтың ғалымдардың пиғылы туралы, олардың Совет өкіметімен ынтымақтасуға көшкендігі туралы мәселе жөнінде 1918 жылы 28 ноябрьде В. И. Ленинге жолдаған хатына Ленин былай деп белгі жасаған: «Жауап берілді 29/XI. 1918» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

НИЖНИЙ НОВГОРОД ГУБЕРНИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССАРЫНА ТЕЛЕГРАММА

Нижний Новгород губерниялық төтенше комиссарының 1918 жылғы 3 декабрьдегі телеграммасында В. И. Лениннің 1174 номерлі осы телеграммасы туралы айтылады, онда Ленин Немераловтардың семьясын қамауға алудың себептері туралы сұрастырған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ЗАПИСКА

В. И. Лениннің Л. Б. Каменевке запискасы Москва ұйымдарына нормаланбаған өнімдерді өз беттерімен сатып алуға рұқсат беру туралы мәселені талқылауға байланысты Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 10 декабрьдегі мәжілісі кезінде жазылған (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 160-бет).

ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН ЗАПИСКАЛАР

Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архивінде 1918 жылғы аппараттық журнал сақтаулы, онда В. И. Ленин запискаларының тікелей провод арқылы берілгендігі туралы белгілер бар:

31 июльде — Вологдаға
7 августа — Петроградқа, Я. М. Свердловқа
10 августа — Астраханьға
27 августа — Рязаньға
26 ноябрьде — Курскіге, В. П. Затонскийге
9 декабрьде — Шмидтке.

1919 ж.

Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ ХАТ

Халық Комиссарлары Советінің жөнелтілетін қағаздарды тіркейтін журналында 1919 жылы 24 январьда жөнелтілген № 100 мынадай жазба бар: «Кржижановский жолдасқа Ленин жолдастан хат» (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

А. А. ИОФФЕГЕ ТЕЛЕГРАММА

Бұл телеграмма туралы мәлімет А. А. Иоффенің Вильнодан 1919 жылы 15 февральда В. И. Ленинге жолдаған хатында кездеседі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Э. РУДНЯНСКИЙГЕ ХАТ

Венгр коммунисі Э. Руднянскийге хатты Ленин 1919 жылы 21 және 25 февральдың аралығында жазған. Ол туралы Руднянскийдің 25 февральда Ленинге жазған хатында айтылады: «Сіздің хатыңызды алдым, бірақ Эккерт жолдасқа деген куәлік әлі де менде» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

АЛФЕРОВҚА ХАТ

Халық Комиссарлары Советінің жөнелтілетін қағаздарды тіркейтін журналында 1919 жылы 27 февральда жөнелтілген № 271 мынадай жазба бар: «Алферовқа Вл. Ил.-тен хат» (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

ГАЛКИНГЕ ХАТ

Халық Комиссарлары Советінің жөнелтілетін қағаздарды тіркейтін журналында 1919 жылы 3 мартта жөнелтілген № 287 мынадай жазба бар: «Галкинге Вл. Ил.-тен» (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ПАРАТ ШЕБЕРХАНАЛАРЫН ТЕҢІЗ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССАРИАТҚА БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *30 июль, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *2 август, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МАЙДАГЕР ТІГІНШІЛЕРГЕ ҚОСЫМША АҚША ТӨЛЕУ ҮШІН ЕҢБЕК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ҚАРЖЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ *2 август, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МАЙДАНҒА ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ОТРЯДТАРЫНА ӨЗ ЕРІКТЕРІМЕН БАРА ЖАТҚАН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ МЕН ОРТАША ЖАЛАҚЫСЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *3 август, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АСТЫҚТЫ СЕЛОЛЫҚ ОБЛЫСТАРДА МІНДЕТТІ ТОВАР АЙЫРБАСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *5 август, 1918 ж.*

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРДІҢ СЕМЬЯЛАРЫН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚОРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР. *14 август, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ 1918 ж. 28 ИЮНЬДЕГІ ДЕКРЕТІНЕ ҚОСЫМША. *19 август, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕТАЛДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖӘНЕ БӨЛУДІ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІ МЕТАЛДАР БӨЛІМІ ЖАНЫНДАҒЫ АУЫР РУДАЛАР МЕН МЕТАЛДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ, БӨЛУ ЖӘНЕ САТУ ЖӨНІНДЕГІ КІШІ БӨЛІМНІҢ ҚАРАМАҒЫНА ЖИНАҚТАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *27 август, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ӘСКЕРИ ЖАБДЫҚТАР БҰЙЫМДАРЫН ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯНЫҢ ҚАРАМАҒЫНА ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ 5 МЛН. СОМ ҚАРЖЫ БӨЛУІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 сентябрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОРМАН БАС КОМИТЕТІНЕ 1 МЛН. СОМ ҚАРЖЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *15 октябрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КОНСУЛДЫҚТАР ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *18 октябрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МАТАЛАР МЕН ДАЙЫН БҰЙЫМДАРДЫ САҚТАУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЙМАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *2 ноябрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖАБДЫҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *21 ноябрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ ТӨТЕНШЕ ҚОРДАН 50 МЛН. СОМДЫ ЖҰМСАУҒА РҰҚСАТ ЕТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *21 ноябрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ТЕЛЕГРАФҚА НҰСҚАУ ТЕЛЕГРАММАЛАРДЫ ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *21 ноябрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЕРЕКШЕ ЗИЯНДЫ ӨНДІРІСТЕРДЕ ІСТЕЙТІН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН 2 АПТАЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУДІ УАҚЫТША ТОҚТАТА ТҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *10 декабрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЛОТЕРЕЯЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *19 декабрь, 1918 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАР БАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *25 декабрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОРМАН БАС КОМИТЕТІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *27 декабрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АПТЕКАЛАРДЫ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *28 декабрь, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ДІНИ СЕНІМДЕРІ БОЙЫНША ӘСКЕРИ МІНДЕТКЕРЛІКТЕН БОСАТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *4 январь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *21 январь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ БӨРТПЕ СҮЗЕККЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *28 январь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ СОВЕТІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *4 февраль, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕКЕМЕЛЕР МЕН ӨНЕРКӘСІП ПРОЛЕТАРИАТЫ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ СОВЕТ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *15 февраль, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫН ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ. *15 февраль, 1919 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖАЛАҚЫНЫ АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *1919 ж. 21 февральдан ертерек.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЕГІС КӨЛЕМІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *4 март, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ СОВЕТ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *4 март, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *8 март, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАҒАЗ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *8 март, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ЖҮРІП-ТҰРУЫН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫ *8 март, 1919 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған декреттер мен қаулылардың жобалары сақтаулы, оларда В. И. Лениннің түзетулері, осы декреттер мен қаулылардың кейбіреулеріне жазған ұсыныстары мен қосымшалары бар; жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері туралы декретті әзірлеуге қатысты материалдарда секретарьдың мынадай белгісі бар: «Соңын В. И. редакциялаған». Материалдардың бірсыпырасы жарияланған (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 135—139, 276—280-беттер; Лениннің XXI жинағы, 134, 138, 190—192-беттер; Лениннің XXIV жинағы, 42, 117, 161, 187-беттер).

ТЕЛЕГРАММАЛАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАҒАЗДАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ БАСҚАРУШЫСЫ. М. К. ЛЕМКЕГЕ. *Июль, 1918 ж.*

РЫБИНСКІГЕ, МИНОНОСЕЦТЕР ОТРЯДЫНЫҢ КОМИССАРЫНА. *23 август, 1918 ж.*

ПЕТРОГРАД ӘСКЕРИ ОКРУГІНІҢ КОМИССАРЫ Б. П. ПОЗЕРНГЕ. *29 август, 1918 ж.*

ЦАРЫЦИН МАЙДАНЫНЫҢ ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ. *19 сентябрь, 1918 ж.*

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІМЕТ ОРГАНДАРЫНА. *2 ноябрь, 1918 ж.*

ТҰТҚЫНДАР МЕН БОСҚЫНДАР ЖӨНІНДЕГІ БАРЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛЫҚ КОМИТЕТТЕРГЕ ЖӘНЕ СОВДЕПТЕРГЕ. *23 ноябрь, 1918 ж.*

ОҢТҮСТІК МАЙДАНЫ ТЕМІР ЖОЛДАРЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ КОМИССАРЫ М. К. ВЛАДИМИРОВҚА. *25 декабрь, 1918 ж.*

НИЖНИЙ НОВГОРОД ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ. *26 декабрь, 1918 ж.*

ПЕТРОГРАД ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ. *29 декабрь, 1918 ж.*

ГУБЕРНИЯЛЫҚ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОВЕТІНЕ. НИЖНИЙ НОВГОРОД. *27 январь, 1919 ж.*

ЕҢБЕК КОМИССАРЫ ИВАНОВҚА. ПЕТРОГРАД. *31 январь, 1919 ж.*

УКРАИН СОВЕТТІК РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Х. Г. РАКОВСКИЙГЕ. *18 февраль, 1919 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған телеграммалардың В. И. Ленин түзету енгізген текстері сақтаулы. Олардың бірсыпырасы жарияланған (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 179, 273-беттер; Лениннің XXXIV жинағы, 74 97—98-беттер; Лениннің XXXV жинағы, 56-бет; Лениннің XXXVI жинағы, 62-бет).

«КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНЕ» ҮНДЕУ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы үндеудің В. И. Лениннің ескертпелері мен түзетулері бар жобасы сақтаулы. Үндеу «Правда» газетінің 1919 жылғы 24 январьдағы 16-номерінде жарияланған болатын.

СОЦИАЛИСТІК ЖОЛМЕН ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ЕГІНШІЛІККЕ КӨШУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Егіншілік халық комиссариатының комиссиясы дайындаған «Жерді қоғамдасып өңдеу туралы ереженің жобасының» бір данасы сақтаулы; оның беттерінің шетінде В. И. Лениннің ескертпелері бар; жобаны Егіншілік халық комиссариатының коллегиясы Лениннің ескертпелерін ескере отырып қайта өңдеген және ол «Жерді қоғамдасып өңдеу туралы» деген VIII тарау ретінде «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ережеге» енген (қараңыз: Лениннің XXIV жинағы, 39—41-беттер; «Совет өкіметінің аграрлық саясаты (1917—1918 ж.)». М., 1954, 426—431-беттер).

«Ережені» редакциялау үшін Бүкіл россиялық Орталық Ат-

қару Комитетінің 1919 жылы 10 февральда сайлаған комиссиясының жұмысына өзінің қатысқандығын Ленин Петроград губерниясы ауыл шаруашылық жұмысшыларының I съезінде 1919 жылы 13 мартта, съезд делегаттарының запискаларына жауап берген кезде айтқан (қараңыз: Шығармалар, 29-том, 26-бет).

«Ереже» 1919 жылы 14 февральда «Правда» газетінің 34-номерінде жарияланған.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, Москваның фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтарының біріккен мәжілісі* шетел соғыс интервенциясы мен ақ гвардиялық бүліктердің салдарынан өзінің негізгі азық-түлік, шикізат және отынды аудандарынан бөлініп тасталған Совет республикасының әскери және экономикалық жағдайының ауыр болуына байланысты 1918 жылы 29 июльде шақырылған еді. Мәжіліске 2000-ға жуық адам қатысты. Мәжіліс В. И. Лениннің баяндамасы бойынша коммунистер фракциясы ұсынған қарарды бірауыздан қабылдады. Қарарда социалистік отанға қауіп төнді деп танылды және еңбекшілердің барлық ұйымдарының жұмысын Совет республикасын қорғау міндеттеріне бағындыру, туып отырған жағдайды түсіндіру жөнінде жұмысшы бұқарасы арасында кең көлемде үгіт жүргізу, контрреволюциялық буржуазия жөнінде қырағылықты күшейту, бірқатар жауапты қызметкерлерді әскери және азық-түлік жұмысына ауыстыру, астық үшін батыл күресу талап етілді.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде В. И. Лениннің сөйлейтін сөзінің өзі жазған жоспары жарияланып отыр.— *1.*

[2] Әңгіме меньшевиктер мен эсерлердің белсене қатысуымен Антанта империалистері ұйымдастырған чехословак әскери корпусының контрреволюциялық қарулы бүлігі жөнінде болып отыр. Чехословак корпусы Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгенге дейін соғыс тұтқындары чехтар мен словактардан құрылған болатын. 1918 жылдың жазында бұл корпуста 60 мыңнан астам адам болды (Россияда барлығы 200 мыңға жуық тұтқын чехтар мен словактар болды). Совет өкіметі орнатылғаннан кейін корпусты қаржыландыруды оны Совет республикасына қарсы күрес жүргізу үшін пайдалануға ұйғарған Антанта державалары өз міндеттеріне алды. Чех буржуазиялық ұлтшылдарының лидері, чехословак Ұлттық советінің президенті Т. Масарик кор-

пусты француз армиясының бөлімі деп жариялады, сондықтан Антантаның өкілдері корпусты Францияға эвакуациялау туралы мәселе қойды. Совет үкіметі бұған Франциядағы орыс солдаттары қайтарылатын болсын деген шарт қойып, чехословактарды эвакуациялауға келісім берді. 1918 жылғы 26 марттағы келісім бойынша корпус қару-жарағын тапсырған жағдайда, оған Владивосток арқылы Россиядан жүріп кетуге мүмкіндік берілді. Бірақ корпустың контрреволюциялық командованиесі қару-жарақты тапсыру туралы Совет үкіметімен жасасқан келісімді опасыздықпен бұзып, Антанта империалистерінің айдап салуымен майдың аяқ кезінде қарулы бүлік ұйымдастырды. Америка Құрама Штаттарының, Англияның және Францияның үкіметтері бүлікті ашықтан-ашық, жан-жақты қолдап шықты; оған француз офицерлері тікелей қатысты. Ақ гвардияшылармен және кулактармен тығыз байланыса отырып, қимыл жасаған ақ чехтар Уралдың, Поволжьенің, Сибирьдің едәуір бөлегін басып алып, барлық жерде буржуазия өкіметін қалпына келтірді. Ақ чехтар басып алған аудандарда меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен ақ гвардияшылар үкіметтері: Омскіде — Сибирь «үкіметі», Самарада — Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті (Комуч) және т. т. құрылды.

Бүлік басталғаннан кейін көп ұзамай, 11 июньде, Россиядағы чех-словак коммунистік топтарының Орталық атқару комитеті корпустың солдаттарына үндеу хат жазып, онда бүліктің контрреволюциялық мәнін ашып көрсетті, чех және словак жұмысшылары мен шаруаларын бүлікті жоюға және Қызыл Армияның чехословак бөлімдеріне енуге шақырды. Чех және словак соғыс тұтқындарының көпшілігі Совет өкіметіне тілектестік көзқараста болды және корпустың реакциялық жоғарғы тобының антисоветтік насихатына берілмеді. Алданғандарына көздері жеткен көптеген солдаттар корпустан кетіп, Советтік Россияға қарсы соғысудан бас тартты. 12 мыңға жуық чехтар мен словактар Қызыл Армия қатарында шайқасты.

Қызыл Армия Поволжьені 1918 жылдың күзінде азат етті. Ақ чехтар колчакшылдарды жоюмен бір мезгілде біржола талқандалды.— *1.*

3 *«Průkopník Svobody»* («Бостандық Пионері») — Советтік Россиядағы чехословак коммунистік топтарының орталық органы. Газет Россиядағы чехословак коммунистерінің 1918 жылғы 25—27 майда Москвада өткен съезінің қаулысы бойынша Советтік Россияда шығып тұрған екі орган: чехословак коммунистерінің газеті —«Průkopník» («Пионер») пен чехословак солшыл социал-демократтарының органы —«Svoboda»-ның («Бостандық») негізінде құрылды. 1918 жылғы 7 июньнен 1919 жылғы 1 майға дейін Москвада апта сайын шығып тұрды, не бары 42 номері шығарылды. Газет Россиядағы бұрынғы чехословак соғыс тұтқындары арасында ком-

мунистік идеяларды насихаттады, Россиядағы чехословак Ұлттық советі бөлімінің және чехословак корпусы командованиесінің реакциялық саясатын әшкереледі, чех және словак жұмысшылары мен шаруаларын Совет республикасын интервенттер мен ақ гвардияшылардан қорғау үшін Қызыл Армияға кіруге шақырды.

В. И. Ленин бұл арада осы газетте 1918 жылы 28 июньде жарияланған «Француз миллиондары» деген мақаланы айтып отыр; нақ сол күні мақала «Правда» газетінде көшіріп басылды және ішінара «Известия ВЦИК» газетінде басылды.— *2.*

4 В. И. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық V съезі жүріп жатқан кезде солшыл эсерлердің Москвада болған (1918 жылғы 6—7 июльдегі) контрреволюциялық бүлігін айтып отыр.

Солшыл эсерлер — ұйымдық жағынан 1917 жылы ноябрьде өткен өзінің Бүкіл россиялық I съезінде партия болып қалыптасты. Солшыл эсерлер бұған дейін эсерлер партиясының бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында қалыптаса бастаған сол қанаты ретінде өмір сүріп келген еді; оны М. А. Спиридонова, Б. Д. Камков және М. А. Натансон (Бобров) басқарды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде солшыл эсерлер эсерлер фракциясында көпшілік болды; фракция съезге қатысу туралы мәселеде жікке бөлінді: эсерлер партиясы Орталық Комитетінің нұсқауын орындап, оңшыл эсерлер съезден кетіп қалды, ал солшыл эсерлер съезде қалып, күн тәртібінің аса маңызды мәселелері бойынша большевиктермен бірге дауыс берді, алайда большевиктердің Совет үкіметіне кіру жөніндегі ұсынысынан бас тартып жауап берді.

Ұзақ ауытқудан кейін солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасындағы ықпалынан айрылып қалмауға тырысып, большевиктермен келісімге келді; олардың өкілдері Халық Комиссарлары Советінің құрамына енгізілді. Большевиктермен ынтымақтасу жолына түскенімен, солшыл эсерлер социалистік революцияның түбегейлі мәселелері жөнінде большевиктерден басқаша көзқараста болды, пролетариат диктатурасына қарсы шықты. 1918 жылы январь — февральда солшыл эсерлер партиясының Орталық Комитеті Брест бітім шартын жасасуға қарсы күрес бастады, ал шартқа қол қойылып, оны 1918 жылы мартта Советтердің IV съезі бекіткеннен кейін солшыл эсерлер Халық Комиссарлары Советінен шықты, алайда, халық комиссариаттарының коллегияларына және жергілікті өкімет органдарына қатыса берді. Деревняда социалистік революцияның өрістеуіне байланысты солшыл эсерлер арасында антисоветтік пиғылдар күшейе бастады.

Солшыл эсерлердің Орталық Комитеті 24 июньде Совет өкіметіне қарсы бүлік шығаруға шешім қабылдады. Советтердің V съезінде жеңіліске ұшыраған солшыл эсерлер Брест бітім

шартын жүзеге асыртпау және Совет елін Германиямен соғысқа киліктіру мақсатымен 1918 жылы 6 июльде Москвада герман елшісі граф Мирбахты өлтірді. Осыдан кейін іле қарулы бүлік басталды. Оның негізгі күші Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қызметкері солшыл эсер Поповтың қол астындағы отряд болды. Бүлікшілер зеңбіректен Кремльге оқ атты, телефон станциясы мен телеграфты басып алды. Онда екі сағаттай болған олар солшыл эсерлер Орталық Комитетінің атынан: өкімет билігі солшыл эсерлердің қолындамыс, олардың қимылын бүкіл халық қостап отыр-мыс деп бірнеше арандатушылық үндеу хаттар, бюллетеньдер мен телеграммалар таратты.

Советтердің V съезі үкіметке бүлікті дереу басып-жаншу жөнінде нұсқау берді. Съездегі солшыл эсерлер фракциясы қамауға алынды. Совет үкіметі қолданған батыл шаралардың арқасында және Москва жұмысшылары мен горнизонның ынтымақты қимылдары нәтижесінде бүлік бір тәулік ішінде, 7 июльде күндізгі сағат екіге қарай басып тасталды. Бүлік ішкі контрреволюция мен Антанта империалистерінің Советтік республикаға қарсы жалпы қимылының бір бөлегі еді; бүлікшілерді шетелдік дипломатиялық миссиялар жасырын қолдады. Солшыл эсерлер сондай-ақ Петроградта, Вологдада және басқа қалаларда бүлік шығаруға тырысты.

Бүлік талқандалғаннан кейін Советтердің Бүкіл россиялық V съезі өздерінің басшы орнының авантюристік бағытын қолдаған солшыл эсерлерді Советтердің құрамынан шығару жөнінде шешім қабылдады. Съездің атына елдің барлық түкпірлерінен көптеген телеграммалар түсті, оларда жұмысшылар мен шаруалар бүлікшілердің талқандалуың мақұлдай отырып, Совет өкіметін қолға қару алып қорғауға әзір екендіктерін білдірді.— *4.*

5 *«Дашнакцутюн»*— XIX ғасырдың 90-жылдарының басында сұлтандардың езгісінен түрік армяндарын азат ету мақсатымен құрылған армянның ұлтшыл партиясы. Оның құрамында буржуазиямен бірге ұлттық интеллигенция мен ұсақ буржуазия едәуір орын алды; сондай-ақ оған ұлтшылдық және социалистік жел сөздерге алданған шаруалар мен жұмысшылар да кірді. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Дашнакцутюн эсерлермен жақындасады. 1907 жылы партия съезі ресми түрде халықшылдық сипаттағы «социалистік» программаны қабылдады.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін дашнактар буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын қолдады; Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктермен, эсерлермен және мусаватистермен контрреволюциялық блок жасасып, Совет өкіметіне қарсы шықты. 1918—1920 жылдарда дашнактар Арменияның буржуазиялық-ұлтшыл контрреволюциялық үкіметін басқарды; олардың бүкіл әрекеті Арменияны шетел империалисте-

рінің отарына және ағылшын-француз интервенттері мен орыс ақ гвардияшыларының Совет республикасына қарсы күресте тірек пунктіне айналдыруға жәрдемдесті. Армения еңбекшілері большевиктер партиясының басшылығымен, Қызыл Армияның қолдауы арқасында 1920 жылы ноябрьде дашнактар үкіметін құлатты. Совет өкіметінің жеңуімен байланысты Закавказьеде Дашнакцутюн ұйымдары талқандалып, жойылды.—*4*.

6 1918 жылы 25 июльде Баку Советінің төтенше мәжілісінде түрік әскерлерінің шабуыл жасауына байланысты Бакудегі саяси және әскери жағдай туралы мәселе талқыланды. Бакуді қорғауды сылтауратып, меньшевиктер, дашнактар және эсерлер ағылшын әскерлерін «көмекке» шақыруды талап етті. Бакудегі Совет өкіметінің басшылары — большевиктер (С. Г. Шаумян, М. А. Азизбеков, П. А. Джапаридзе, Я. Д. Зевин және басқалар) мұндай сатқындық ұсыныстарға үзілді-кесілді қарсы шықты. Олар Бакуге ағылшын интервенттерін «шақыру» Совет республикасына опасыздық жасағандық болар еді деп мәлімдеп, Бакуді өз күштерімен қорғауға шұғыл шаралар қолдануды талап еткен қарардың жобасын ұсынды. Большевиктердің барынша күш салуына қарамастан, Бакуге ағылшын әскерлерін шақыру туралы қарар болмашы көпшілік дауыспен қабылданып кетті.

Азшылық болып қалған большевиктер — Баку Халық Комиссарлары Советінің мүшелері халық комиссарлары қызметінен өздерінің бас тартатындықтарын мәлімдеді. Алайда, көп ұзамай Баку большевиктері мұндай жағдайда отставкаға шығудың қате болатынын, мұның керісінше, өкімет басында қалып, келісімпаздар мен сатқындарды оқшаулау және талқандау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет екенін түсінді. Баку Советі Атқару Комитетінің шұғыл шақырылған мәжілісінде алдағы уақытта өкімет туралы мәселе біржола шешілгенге дейін барлық халық комиссарлары өз орындарында қалатын болып ұйғарылды. Большевиктердің 27 июльде болған жалпы бакулік конференциясы өкіметті күрессіз бермеуге, Халық Комиссарлары Советінің басшылығымен Бакуді қорғауды тездетіп ұйымдастыруға, жаппай мобилизация жариялауға және жұмысшыларды қаланы, Совет өкіметін қорғауға шақыруға қаулы алды. Осы шешімді орындау үшін Баку Халық Комиссарлары Советі бірқатар шаралар жүргізді: қалада соғыс жағдайын жариялады, Төтенше комиссияға контрреволюциялық үгітке тыйым салуды тапсырды, Баку жұмысшыларын қолға мылтық алып, қаланы ең ақырғы мүмкіндігі жеткенше қорғауға шақырды.

Алайда Азербайжан коммунистері мен Баку пролетариатының алдыңғы қатарлы бөлегінің қаһармандық күш-жігер жұмсауына дашнактар, эсерлер мен меньшевиктер опасыздық, сатқындық жасау арқылы кедергі келтірді. Дашнак бөлімдері майданнан кетіп қалды да, олардың бос қалдырған

жеріне түрік әскерлері лап қойды. 31 июльде шетел интервенттері мен олардың агентурасының қысымымен Бакуде Совет өкіметі уақытша құлатылды. Бакуде Совет өкіметінің құлауына шетел интервенциясымен қатар мыналар себеп болды. Азербайжан партия ұйымдары мен Баку Халық Комиссарлары Советі Баку пролетариаты мен Азербайжанның еңбекші шаруаларының арасында берік одақ жасалуын қамтамасыз ете алмады, сондай-ақ ұлт мәселесінде бірқатар қателер жіберді, мұны мусаватистер, дашнактар және басқа контрреволюционерлер бұқараны алдау үшін пайдаланды.

Антанта агентурасы — эсерлер, меньшевиктер және дашнактар «Орталық Каспий диктатурасы» дейтін контрреволюциялық үкімет құрды. Азербайжандағы Совет өкіметінің басшылары тұтқынға алынды. Сентябрьдің 19-нан 20-на қараған түні Бакудің 26 комиссарын (С. Г. Шаумян, М. А. Азизбеков, П. А. Джапаридзе, И. Т. Фиолетов, Я. Д. Зевин, Г. Н. Корганов, М. Г. Везиров және басқалар) эсерлер мен меньшевиктердің тікелей қатысуымен ағылшын интервенттері айуандықпен өлтірді.— *6.*

7 Ұлы Октябрь социалистік революциясы Германияда революциялық қозғалыстың дамуына күшті ықпал жасады, құпия жағдайда күрес жүргізген «Спартак» тобының саяси позицияларын нығайтты. Неміс еңбекшілері Бітім туралы лениндік декретті үмітпен, қуанышпен қарсы алып, Совет үкіметінің демократиялық бітім жолындағы дәйекті күресін тілектестікпен қадағалап отырды. Брест-Литовскіде Советтік Россия делегациясымен жүргізілген бітім келіс сөздерінде герман үкіметі ұсынған шамадан тыс талаптар Германия жұмысшыларының ашу-ызасын туғызды, сөйтіп 1918 жылғы январьдың аяғында — февральдың басында жаппай саяси ереуіл жасауға аса маңызды себеп болды.

28 январьда «Спартак» тобының шақыруымен Берлиннің жүз мыңдаған жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері жұмысты тоқтатып, Жұмысшы Советтерін сайлады. Үлкен Берлиннің Жұмысшы Советі өзінің бірінші мәжілісінде Брест-Литовскідегі келіс сөздерде Совет үкіметі ұсынған шарттарға сәйкес тез арада аннексиясыз және контрибуциясыз бітім жасасуды; бітім келіс сөздеріне қатысуға барлық елдер жұмысшыларының өкілдерін тартуды; азық-түлікпен жабдықтаудың жақсартылуын; төтенше жағдайды жойып, демократиялық бостандықтарды енгізуді; саяси қызметі үшін сотталған немесе тұтқынға алынған адамдардың босатылуын, т. т. талап етті.

Ереуіл Германияның 39 қаласын (Бремен, Мюнхен, Гамбург, Иена, Магдебург, Мангейм, Дюссельдорф, Бранденбург, Кёльн, Дрезден, Мюнстер, Любек, Нюрнберг және басқа қалаларды) қамтыды; оған 1,5 миллионнан астам жұмысшы қатысты. Көптеген жерлерде Жұмысшы Советтері сайланды және олардың құрамынан қимыл комитеттері құрылды.

Кайзерлік үкімет стачкашыларға қарсы мемлекеттік өкіметтің барлық күшін пайдаланды. 31 январьда Берлинде төтенше жағдай енгізіліп, оған қосымша бес мың полицей әкелінді. Төрт корпус ереуілшілерге қарсы күресуге әзірлену жөнінде бұйрық алды. Бірнеше күннің ішінде Берлиннің 50 мың жұмысшысы армияға шақырылды. Әскер командованиесі жұмысшылардан 4 февраль күні таңертең жұмысқа кірісуді талап етті. Демонстранттарға пулеметпен қаруланған әскери бөлімдер қарсы қойылды. Әскердің және полицияның көмегімен, сондай-ақ социал-демократиялық лидерлердің жәрдемдесуі арқасында кайзерлік үкімет қозғалысты басып тастады. Көптеген жұмысшылар жазаланды. Ереуіл жұмысшылардың жеңілуімен аяқталғанына қарамастан, оның маңызы зор болды. В. И. Ленин бұл ереуілді «неміс пролетариатының пиғылындағы бетбұрыс пункт» деп бағалады (Шығармалар толық жинағы, 36-том, 573-бет).— *9.*

8 Бұл арада ақ гвардияшылардың 1918 жылғы 6 июльде Ярославльде басталған бүлігі айтылып отыр. Көтерілісті контрреволюциялық «Отан қорғау мен бостандық одағы» ұйымдастырды, бұл одақтың басшысы оңшыл эсер Б. В. Савинков болды. Сол кезде Советтік Россияда болған басқа да контрреволюциялық бүліктер сияқты, Ярославль бүлігін де меньшевиктер мен эсерлердің белсене қатысуымен Антанта империалистері әзірледі. Антанта елдерінің империалистері Савинковтың «Одағына» ақшалай едәуір қаржы берді. Бүлікті ұйымдастыру Россиядағы интервенцияның жалпы жоспарына кірді. Ярославльдегі қарулы көтерілісті интервенттер Москвадағы «солшыл» эсерлер бүлігімен орайластырды (4-ескертуді қараңыз). Сонымен бір мезгілде Муромда, Костромада, Рыбинскіде және Поволжье мен Россияның орталығындағы басқа да қалаларда бүліктер басталуға тиіс еді.

Көтеріліс қарсаңында эсерлер мен меньшевиктердің, сондай-ақ ақ гвардияшыл офицерлердің көбі Ярославльге жиналды. Ярославльде едәуір ықпалы болған солшыл эсерлер бірқатар басшы орындарда болды. 6 июльде бүлікшілер қаланың орталық бөлегін басып алды, арсеналды, почтаны, телеграфты және басқа мекемелерді алды. Партия және совет қызметкерлерін қанға бояп жазалау басталды. Бүлікшілер қаланың жұмысшылар тұратын шет жақтарын да басып алуға тырысты. Алайда бұл жерде олар батыл да табанды қарсылыққа тап болды. Кәсіпорындардың партия ұйымдары өз төңірегіне бұқараны топтастырып, жұмысшыларды бүлікті басып-жаныштауға шақырды. Қаруланған жұмысшылар мен Қызыл Армия бөлімшелері бүлікшілерге қарсы күреске шықты. Совет үкіметі Ярославль жұмысшыларына көмекке бірқатар әскери бөлімдерді және Москвадан, Петроградтан, Иваново-Вознесенскіден, Костромадан, Вологдадан, Рыбинскіден қаруланған жұмысшы отрядтарын жіберді. 1918 жылы 21 июльде бүлік басылып тасталды.— *11.*

9 В. И. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1918 жылғы 11 июньде бекіткен *«Деревня кедейлерін ұйымдастыру және оны астықпен, ең қажетті заттармен және ауыл шаруашылық құралдарымен жабдықтау туралы»* декретті айтып отыр. Декрет төменнен жасалатын инициатива бойынша кедейлер комитеттерін құру практикасын орнықтырды. Декрет бойынша кедейлер комитеттеріне шаруа шаруашылықтарындағы азық-түлік запасының есебін алу, кулактардың запастары мен артық азық-түліктерін анықтау және осы артық азық-түліктерді күштеп алуда совет азық-түлік органдарына көмек корсету; күштеп алынған астықты қорғау және оны мемлекеттік құю пункттеріне жеткізу; кулак шаруашылықтарының есебінен кедейлерді азық-түлікпен жабдықтау, ауыл шаруашылық құрал-саймандары мен өнеркәсіп товарларын бөлу, егін егу және егін жинау науқандарын ұйымдастыру, егінді қорғау; қапшықшыларға және астықпен жалдаптық жасаушылыққа қарсы күрес жүргізу жөніндегі міндеттер жүктелді. 1918 жылдың күзіне қарай Коммунистік партияның басшылығымен жергілікті жерлерде 80 мыңнан астам кедейлер комитеті құрылып, жұмыс істеді. Кедейлер комитеттері пролетариат диктатурасының деревнядағы тірек пункттері, органдары болды; кедейлер комитеттерінің ұйымдастырылуы деревняларда социалистік революцияның одан әрі өрістетілуінің айғағы болды. Кедейлер комитеттері кулактардың контрреволюциясын басып-жаншуда, кулактарды ішінара экспроприациялау арқылы олардың экономикалық қуатын әлсіретуде аса көрнекті роль атқарды. Біршама аз уақыттың ішінде кедейлер комитеттері 50 миллион гектар жерді кулактардан тартып алып, кедейлер мен орташаларға үлестіріп берді, кедейлер мен әлсіз орташалардың пайдасына кулактардан өндіріс құрал-жабдықтарының едәуір бөлегін конфискеледі. Помещиктік жер иелігін жоюды аяқтауда, ашыққан жұмысшы орталықтарын және Қызыл Армияны азық-түлікпен жабдықтауда кедейлер комитеттерінің сіңірген еңбегі зор. Кедейлер комитеттері коллективтік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын — артельдер мен коммуналарды ұйымдастыруға белсене қатысты, совхоздармен қатар артельдер мен коммуналар деревнядағы социалистік укладтың тұңғыш ошақтары болды; кедейлер комитеттері ұйымдастырылған кезден бастап коллективтік шаруа шаруашылықтарының саны 240-тан 1918 жылдың аяғына қарай, толық емес деректерге қарағанда, 1600-ге дейін көбейді. Кедейлер комитеттерінің инициативасы бойынша, деревня кедейлерінен Қызыл Армияның ерікті отрядтары мен полктері құрыла бастады. Кедейлер комитеттері жергілікті Советтерді нығайту және оларды кулак элементтерден тазарту жөнінде көп жұмыс тындырды.

Жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту үшін, орта шаруаларды Совет өкіметі жағына тарту үшін кедейлер комитеттері қызметінің орасан зор маңызы болды. Ленин

кедейлер комитеттерін ұйымдастыруды және олардың қызметін тек кедейлерге ғана емес, сонымен бірге орташаларға да бейімдеп құру керек деп атап көрсетті. Кедейлер комитеттері орта шаруаларды бейтараптандыру саясатынан олармен берік одақ жасасу саясатына көшуде берік негіз әзірлеуге көмектесті.

Социалистік революцияда тарихи роль атқарған кедейлер комитеттері 1918 жылдың күзінде өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындаған еді. Кедейлер комитеттерінің және партия ұяларының кеңейтілген жүйелерінің көмегімен осы мерзімге деревняда Советтер де едәуір нығайды. Осыған байланысты, сондай-ақ «Совет республикасының бүкіл территориясында Советтердің бірыңғай ұйымын құру арқылы советтік құрылысты аяқтау» қажеттігіне байланысты, 1918 жылы ноябрьде болған Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезі кедейлер комитеттерін болыстық және селолық Советтермен біріктіру жөнінде шешім қабылдады.— *12.*

10 В. И. Ленин бұл арада Советтік Россия мен Төрт жақты одақ державалары (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Түркия) арасындағы 1918 жылғы 3 мартта Брест-Литовскіде қол қойылған және Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі 15 мартта бекіткен бітім шартын айтып отыр. Бітімнің шарттары Советтік Россия үшін өте-мөте ауыр болды. Шарт бойынша Польша, Прибалтика түгел дерлік, Белоруссияның бір бөлегі Германия мен Австро-Венгрияның бақылауына өтуге тиіс болды. Украина Советтік Россиядан бөлініп шығып, Германияға тәуелді мемлекетке айналдырылды. Карс, Батум және Ардаган қалалары Түркияның қарамағына өтті. 1918 жылы августа Германия Советтік Россияға қосымша шарт пен финанс келісімін күштеп таңды, оларда жаңадан тонаушылық талаптар қойылды.

Брест бітімін жасасуға байланысты Троцкийге және антипартиялық «солшыл коммунистер» тобына қарсы қажырлы күрес жүргізілді. Тек В. И. Лениннің орасан зор күш-жігер жұмсауының арқасында ғана Германиямен бітім шартына қол қойылды. Брест бітімі лениндік тактиканың данышпандығы мен икемділігінің, барынша қиын жағдайда соғыс пен бейбітшілік туралы мәселеде бірден-бір дұрыс саясат белгілей білудің айқын мысалы болды. Брест бітімін жасасу көкейге қонымды саяси компромисс еді. Брест шарты Совет мемлекетіне бейбіт тыныс алып берді, ыдырап бара жатқан ескі армияны демобилизациялап, жаңа армия — Қызыл Армияны құруға, социалистік құрылысты өрістетіп, ішкі контрреволюция мен шетел интервенттеріне қарсы келешек күрес үшін күш жинауға мүмкіндік берді. Бұл саясат бейбітшілік жолындағы күрестің одан әрі күшеюіне, барлық соғысушы елдердің әскерлері мен халқының қалың бұқарасы арасында революциялық пиғылдың өсуіне жәрдемдесті. Германиядағы монархиялық режимді құлатқан 1918 жылғы

Ноябрь революциясынан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 13 ноябрьде тонаушылық Брест шартын жойды. Брест шарты туралы, оны жасасудың қажеттігі мен маңызы туралы қараңыз: осы том, 56—57, 75, 166—167, 203—204, 213, 226—228, 373, 404—405, 427, 428—429-беттер.—*14*.

11 В. И. Ленин бұл арада 1918 жылы 28 июньде бекітілген тарихи Декретті — Халық Комиссарлары Советінің ірі өнеркәсіпті национализациялау туралы декретін айтып отыр (декрет 1918 жылы 30 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 134-номерінде жарияланды). «Осыдан көп бұрын белгіленген жоспарға сәйкес,— деп жазды Ленин бұл декрет туралы,— ұзақ уақыт жүргізілген әзірлік жұмысынан кейін, ақырында, 28 июньде декрет бекітілді, оның жарыққа шығуын Россияның халық бұқарасы асыға күткен еді...» (Лениннің XXXV жинағы, 27-бет). Бұл декрет арқылы негізгі капиталы 200 мың сомнан 1 млн. сомға дейін және одан да көп барлық ірі өнеркәсіп орындары национализацияланды.

Негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын социалистік қоғамдастыруды аяқтаған 28 июньдегі декретке дейін банктерді, аса ірі металлургия заводтарын, қант, тас көмір, мұнай өнеркәсіптерін, су транспортын және басқаларды национализациялау жөніндегі шаралар жүзеге асырылды. Ірі өнеркәсіптің мемлекет меншігіне көшкендігін жариялай отырып, Халық Комиссарлары Советі национализацияланған кәсіпорындарды совет шаруашылық органдарының басқаруына бергенге дейін оларды уақытша «бұрынғы қожайындарының тегін арендалық пайдалануына» қалдырды, оның бер жағында кәсіпорындардың бүлінбеуі, сақталуы және қалыпты жұмыс істеуі солардың жауапкершілігіне жүктелді. Барлық жұмысшылар мен техникалық қызметкерлер, сондай-ақ заводтарды басқарушылар Совет республикасында қызмет етушілер болып саналады деп жарияланды. Барлық национализацияланатын кәсіпорындарды басқаруды ұйымдастыру туралы егжей-тегжейлі нұсқауды шұғыл түрде жасап, оларды осы кәсіпорындарға жіберу Халық шаруашылығы жоғары советіне міндеттелді. Коммунистік партияның ұйымдастырушылық жұмысы және жұмысшы бұқарасының белсенділігі арқасында, орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, национализациялау қысқа мерзім ішінде өткізілді. 31 августқа дейін национализацияланған кәсіпорындардың саны 3 мыңнан асқан еді.

Осы декрет арқылы жеке меншіктегі темір жолдардың бәрі, сондай-ақ коммуналдық кәсіпорындар (сумен жабдықтау, газ заводтары, трамвайлар және басқалар) национализацияланды деп жарияланып, олар жергілікті Советтердің қарауына берілді.— *14*.

12 *Губерниялық Советтер председательдерінің съезі* 1918 жылы 30 июльде — 1 августа Москвада болып өтті. Съезге 122 делегат қатысты, оның ішінде коммунистер — 120. Съезд РСФСР

ішкі істер халық комиссары Г. И. Петровскийдің Ішкі істер комиссариатының жұмысы және оның таяудағы міндеттері туралы баяндамасын, жергілікті Советтердің жұмысын ұйымдастыру туралы, совет милициясын ұйымдастырудың сипаты, міндеттері және формалары туралы, тұрғын үй және басқа мәселелер жөнінде баяндамаларды тыңдап, талқылады. В. И. Ленин 30 июльдегі кешкі мәжілісте сөз сөйледі. Съезд өз шешімдерінде совет аппаратының жұмысын жақсарту жөнінде айтты, оның барлық бөлімдерін үйлестіру, ол бөлімдерді орталықпен тығыз байланыстыру және Конституциямен толық сәйкестендіру қажеттігін атап көрсетті. Съезд Республиканың жұмысшылары мен шаруаларын социалистік отанды қорғау үшін қолға қару алуға шақырды.— *21.*

13 *Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасының Конституциясы (Негізгі заңы)* Советтердің Бүкіл россиялық V съезінде қабылданды.

РСФСР Конституциясының жобасын әзірлеу туралы шешім 1918 жылы январьда Советтердің Бүкіл россиялық III съезінде қабылданды. Бірақ жобаны әзірлеу жөніндегі жұмысты тікелей бастауға Совет үкіметі тек бейбіт тыныс алуға қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкіндік алды. Бірінші Советтік Конституцияны талдап жасауда В. И. Ленин шешуші роль атқарды. Жобаны әзірлеуді Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1918 жылы 1 апрельде құрған Конституциялық комиссия жүргізді. Советтердің III съезінің қаулысына сәйкес комиссия жұмысының негізіне съезд қабылдаған, Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 235—238-беттер) және «Россия Республикасының федералдық мекемелері туралы» қарар алынды.

Конституцияның жобасын Советтердің V съезіне ұсыну үшін оны түпкілікті талдап жасау РКП(б) Орталық Комитетінің Ленин бастаған арнаулы комиссиясына жүктелді. 3 июльде Орталық Комитеттің комиссиясы Лениннің председательдік етуімен Советтік Конституцияның екі жобасын — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Конституциялық комиссиясы әзірлеген жобаны және Юстиция халық комиссариаты ұсынған жобаны қарады. РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясының жобасын Конституцияның негізі етіп алып, оған Юстиция халық комиссариаты ұсынған жобадан кейбір қағидаларды енгізді. РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы сонымен бірге принциптік сипаты бар бірқатар толықтырулар мен түзетулер енгізді. Лениннің ұсынысы бойынша РСФСР Конституциясының текстіне оның кіріспе бөлімі есебінде «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясы» енгізілді, Совет Республикасындағы ұлттар мен нәсілдердің тең праволылығы туралы статья қосылды, РСФСР территориясында тұратын шетелдіктердің

еңбекпен шұғылдануы үшін саяси праволары туралы, саяси және діни сенімдері үшін қуғынға ұшыраған барлық шетелдіктерге баспана правосын беру туралы статьялар тұжырымдалды. РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы негіз етіп қабылдаған жоба Советтердің V съезінің бекітуіне ұсынылды.

Съезд жұмысының бірінші күні-ақ, 4 июльде, Конституцияның съезге ұсынылған жобасын қарау және ол туралы съезде баяндама жасау үшін фракциялардың өкілдерінен комиссия құрылды. Съездің комиссиясы Конституция жобасына редакциялық сипатта кейбір өзгерістер енгізді, бюджеттік праволар туралы бөлімді бірнеше статьямен толықтырды және жобаға РСФСР-дің гербі мен жалауы туралы жаңа бөлім қосты. 10 июльдегі соңғы мәжілісте съезд комиссияның Конституция жобасы туралы баяндамасын тыңдады, осыдан кейін РСФСР Конституциясын біраузыдан бекітті, оның текстін түпкілікті редакциялауды Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жаңа құрамына жүктеді.

1918 жылы 19 июльде Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасының Конституциясы Негізгі заң ретінде жарияланды және жарияланған күннен бастап күшіне енді.— *22.*

14 Варшава революциялық полкі ерікті поляктардан құрылды, қатарында 16 мыңға дейін адамы болды, ол ақ гвардиялық әскерлерге қарсы сан рет шайқасқа қатысты. 1918 жылы 2 августа, жұма күні, полк Москвадан майданға жөнелтілер алдында бұрынғы Коммерциялық институттың үйінде (қазір Г. В. Плеханов атындағы Москва халық шаруашылығы институты) полкте митинг болып, онда В. И. Ленин сөз сөйледі. Митингіні ұйымдастыруға поляк жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері Ю. Мархлевский қатысты.— *25.*

15 РКП(б) Москва комитеті апта сайын, жұма күндері, Москваның аудандарында жұмысшылар мен қызыл әскерлердің үлкен митингілерін өткізіп тұрды. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша митингілерде Орталық Комитет мүшелері мен жауапты қызметкерлер үнемі сөз сөйлеп тұратын болды. Ленин мұндай митингілерде жиі-жиі сөз сөйледі, кейде күніне 3—4 реттен сөз сөйледі және жұмысшылар алдында баяндама жасаудан жауапты қызметкерлердің ешқайсысының жалтармауын талап етті. Ол жиналыстарда жұмысшылардың пиғылын мұқият ескеріп, жұмысшылардың баяндамашыларға қандай сұрақтар қоятынына, қандай ұсыныстар жасайтынына ден қойып отырды.

1918 жылғы 2 августа митингілерде сөйленген сөздер «Совет республикасына қауіп төнді» деген тақырыпта болды.— *28.*

16 В. И. Ленин Ходынкада (қазір Октябрь алабы) «Кукушка» клубында майданға аттанғалы жатқан қызыл әскерлердің

митингісінде сөз сөйледі. Сол кезде 4-Москва атқыштар полкінің пулеметшісі болған Ф. Солодовтың естеліктеріне қарағанда, Лениннің сөйлеген сөзі 25—30 минутқа созылған (қараңыз: «Партийно-политическая работа в Советской Армии и Военно-Морском Флоте», 1960, № 3, 19-бет).— *32.*

17 *«Азық-түлік мәселесі жөніндегі тезистерді»* В. И. Ленин елде азық-түлік жағдайы неғұрлым ауыр болып, шетел интервенттері мен ішкі контрреволюцияның күштеріне қарсы қиян-кескі күрес жүріп жатқан кезде жазды.

Лениннің тезистері азық-түлік мәселесі жөнінде 1918 жылы 3, 4, 5 және 6 августа Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерінде талқыланып, қабылданған мынадай алты декретке: «Астық дайындауға жұмысшы ұйымдарын тарту туралы», «Астық жинау және астықты жинау-реквизициялау отрядтары туралы декрет», «Темір жол мен су жолдарында жұмыс істейтін бөгеуші реквизициялық азық-түлік отрядтары туралы ереже», «Астықты селолық жерлердегі міндетті товар айырбасы туралы декрет», «1918 жылғы егін астығының тұрақты бағалары туралы» деген декреттерге және Халық Комиссарлары Советінің барлық еңбекшілерге арналған «Астық үшін күреске жұмылыңдар» деген тақырыптағы үндеуіне негіз етіп алынды. Қабылданған декреттердің бәрі 6 және 8 августа «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды.

Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерінде осы тезистердің негізінде декреттер жобаларының жасалуына байланысты лениндік материалдарды (жоспарларды, заметкаларды және басқаларды) Лениннің XVIII жинағының 119—141-беттерінен қараңыз.

«Тезистердің» 8-пунктінде айтылатын заттай салық салуды енгізу туралы декрет кейінірек талдап жасалып, оны Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 26 октябрьде қабылдаған (бұл декрет туралы 39-ескертуді қараңыз).— *33.*

18 Халық Комиссарлары Советі В. И. Ленин жазған қаулының жобасын РСФСР жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері туралы декреттің қабылдануына байланысты 1918 жылы 2 августа бекітті. Декрет 16 жасқа толып, оқығысы келгендердің бәріне жоғары мектепке түсуге жол ашты, оқуға түсерде диплом, аттестат немесе мектеп бітіргені туралы куәлік тапсыруды, конкурстық емтихандар тапсыруды, сондай-ақ оқығаны үшін ақы төлеуді жойды. Қаулы мен декрет 6 августа «Известия ВЦИК»-те жарияланды.— *37.*

19 *«Елец жұмысшыларына хат»* сол шыл эсерлер партиясы Елец ұйымының мәжілісі туралы 1918 жылы 31 июльде Елецтің «Советская Газетасында» жарияланған есепке жауап болды. Газеттің есеп басылған номерін В. И. Ленинге РКП(б) Елец ұйымының өкілі К. Гроднер әкеліп берді, ол Москваға сол-

шыл эсер Крюковтың ойдан шығарған жалаларын теріске шығару мақсатымен жіберілген еді, Лениннің хатында сол жалалар жайында айтылады. 11 августа «Советская Газетада» Лениннің хатымен бірге К. Гроднердің хабары жарияланды, ол хабарда Гроднердің Я. М. Свердловпен, В. А. Аванесовпен және В. Д. Бонч-Бруевичпен әңгімелесуінің негізінде олар өздеріне Крюков жапқан жалалардың ешқайсысын айтпағаны көрсетілген.

«Советская Газета» («Совет Газеті») — Орел губерниясы Елец уездік атқару комитетінің органы; 1918 жылғы 16 майдан 1919 жылғы 2 мартқа дейін шығып тұрды.— *38.*

20 Бұл арада 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде қабылданған Жер туралы декрет айтылып отыр. Осы декрет арқылы жерге жеке меншік жойылып, жерді национализациялау жарияланды. Сонымен бірге Жер туралы декреттің құрамдас бөлегі болған Жер туралы шаруалар аманатында жерді еңбекшілер арасында «еңбек немесе тұтыну нормасы бойынша» бөлу көзделді, жерді социализациялау идеясы жүргізілді. Лениннің жерді национализациялау мен «жерді теңгерме пайдалануға» берген сипаттамасын осы томның 344—355-беттерінен қараңыз.— *39.*

21 В. И. Ленин бұл арада ақ чехтар басып алған қалалар мен аудандарды айтып отыр, бұларда меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен, еңбекшілерге айуандық жазалар қолданған ақ гвардиялық үкіметтер құрылған еді.— *43.*

22 Бұл арада Халық Комиссарлары Советінің «1918 жылғы егін астығының тұрақты бағалары туралы» 1918 жылғы 6 августағы қаулысы айтылып отыр, бұл қаулы бойынша астық дайындау бағасы үш есе арттырылған еді. Астық дайындау бағасын арттыру туралы мәселені В. И. Ленин өзі 2 августа жазған «Азық-түлік мәселесі жөніндегі тезистерде» (қараңыз: осы том, 33—36-беттер) айтқан болатын. Халық Комиссарлары Советінің қаулысы 8 августа «Известия ВЦИК»-те жарияланды.— *45.*

23 1918 жылы 9 августа, жұма күні кеште, Сокольники айналмасында (қазір Москваның «Сокольники» мәдениет және демалыс паркі) Москвадағы Сокольники ауданы еңбекшілерінің көп мыңдаған адам қатысқан митингісінде В. И. Ленин сөз сөйледі. «Дүние жүзілік қырғынға бесінші жыл» — бұл күнгі митингілердегі сөздердің тақырыбы болды.— *46.*

24 Бұл телеграмманың жобасын В. И. Ленин кейбір совет және партия органдарының кедейлер комитеттерін ұйымдастыруда Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бағытын бұрмалауы туралы жер-жерден келіп түскен мәліметтерге байла-

нысты жазды. Бірқатар жерлерде кедейлер комитеттерін ұйымдастыру туралы ұран мына мағынада теріс түсінілген еді: кедейлер басқа шаруа халықтың бәріне,— белгілі кулактарға да, сан алуан орта шаруалар тобына да — қарсы қойылуға тиісті-міс; орташа-шаруалар кедейлер комитеттерін сайлауға тартылмады, кедейлер комитеттері сайланбай, керісінше болыстық Советтер тағайындаған жағдайлар да болды. Жарияланып отырған жоба В. И. Ленин мен азық-түлік жөніндегі халық комиссары А. Д. Цюрупа қол қойып, 1918 жылы 17 августа барлық губерниялық Советтер мен азық-түлік комитеттеріне жіберілген және 18 августа «Известия ВЦИК»-те жарияланған телеграмманың негізіне алынды.— *48.*

25 Бұл арада Халық Комиссарлары Советінің астық дайындаудың тұрақты бағаларын арттыру туралы 1918 жылғы 6 августағы қаулысы (22-ескертуді қараңыз) және «Ауыл шаруашылығын өндіріс құралдарымен жәпе металдармен жабдықтау туралы» декрет айтылып отыр. Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне ұсынылған соңғы декреттің жобасын В. И. Ленин толықтырды (қараңыз: «Шығармалар толық жинағы, 36-том, 255-бет) және оның ақырғы нұсқасын Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 24 апрельде қабылдады; 27 апрельде декрет «Известия ВЦИК»-те жарияланды. — *48.*

26 1918 жылы 16 августа РКП(б) Москва комитетінің мәжілісінде В. И. Лениннің инициативасы бойынша тілектестер топтарын ұйымдастыру туралы мәселе қойылды. Мұндай топтар құрудың қажеттігі еңбекшілердің алдыңғы қатарлы және неғұрлым саналы бөлегінен РКП(б) қатарына жаңа күштерді тарту міндетімен байланысты туды. Москва комитетінің осы мәселені талқылаған мәжілісінде Ленин жарыс сөзде екі рет сөз сөйледі. Оның ұсыныстары негізінде тілектестер топтарын құру жөніндегі жұмысқа кірісу және бұл ұйымның уставын жасау ұйғарылды.

22 августа «Правда» және «Известия ВЦИК» газеттерінде РКП(б) Москва комитетінің Атқару комиссиясы қабылдаған тілектестер ұйымының уставы жарияланды, опда тілектестер топтарына қабылдаудың тәртібі, сондай-ақ осы топтар мүшелерінің праволары мен міндеттері белгіленді. 31 августа бұл уставты РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясы бекітті, конференция басым көпшілік дауыспен тілектестер топтарын ұйымдастырудың қажеттігін жақтап шықты. Мұндай топтардың құрылуы партияның бұқарамен байланысын нығайтты, елдің саяси өміріне еңбекшілердің жаңа қалың топтарын тартты. Кейіннен тілектестер топтарынан партия мүшелігіне кандидаттар институты құрылды.— *49.*

27 *«Америкаи жұмысшыларына хаттың»* Америка Құрама Штаттарына жіберілуін ұйымдастыруды сонң алдында ғана

Америкадан келген большевик М. М. Бородин қолға алды. Шетел соғыс интервенциясы және Советтік Россияға капиталистік елдер жасаған блокада жағдайында оны жіберу үшін едәуір қиындықтарды жеңу керек болды. «Хатты» Америка Құрама Штаттарына жеткізу міндетін П. И. Травин (Слетов) орындады. (Травиннің бұл жөніндегі естеліктерін «Огонек» журналының 1958 жылғы 4-номері мен «Новое Время» журналының 1960 жылғы 13-номерінен қараңыз.) «Хатпен» бірге Америка Құрама Штаттарына РСФСР Конституциясы және Совет үкіметінің президент Вильсонға интервенцияны тоқтату талап етілген нотасының тексті жеткізілді, бұлар белгілі американ социалисі журналист Джон Ридтің белсене қатысуымен американ газеттерінде басылды.

«Американ жұмысшыларына хат» 1918 жылы декабрьде Америка социалистік партиясы сол қанатының органдары — Нью-Йоркте шығып тұрған «The Class Struggle» («Тап Күресі») журналы мен Джон Рид пен Сэн Катаяманың қатысуымен Бостонда шығарылған «The Revolutionary Age» («Революция Заманы») апталығында (біраз қысқартылып) ағылшын тілінде жарияланды. Лениннің хатына оқушылар ынтасының зор болғаны соншалық, хат «The Class Struggle» журналынан алынған жеке оттиск түрінде көп тиражбен басылып шықты. Кейініректе Лениннің хаты Америка Құрама Штаттары мен Батыс Европаның мынадай социалистік және буржуазиялық баспасөзінде талай рет: француз социалистерінің журналы «Demain»-нің («Ертең») 1918 жылғы 28—29-номерінде, Британ социалистік партиясының органы «The Call»-дің («Үндеу») 138-номерінде ішінара, Берлиндегі «Die Aktion» («Қимыл») журналының 1918 жылғы 51—52-номерінде және басқаларда басылды. 1934 жылы «Хат» Нью-Йоркте жеке кітапша етіп шығарылды; бұл басылымда ол, бірінші жарияланғанда қалдырылып кеткен жерлері қосылып, толық жарияланды.

«Американ жұмысшыларына хатты» американ солшыл социалистері кеңінен пайдаланды, ол Америка Құрама Штаттары мен Европа елдерінде жұмысшы және коммунистік қозғалыстың дамуында үлкен роль атқарды, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың империализм табиғатын түсінуіне, Совет өкіметі жүзеге асырған революциялық ұлы өзгерістерді ұғынуына көмектесті. Лениннің американ жұмысшыларына үндеуі Советтік Россияға қарулы интервенция жасалуына наразылық білдірілген қозғалыстың Америка Құрама Штаттарында күшеюіне жәрдемдесті.— *51.*

28 1898 жылы апрельде американ империалистері испан отаршыларына қарсы Кубадағы және Филиппины аралдарындағы ұлт-азаттық қозғалысын өз мақсаттарына пайдалануға тырысып, Испанияға қарсы соғыс ашты. Тәуелсіз Филиппины республикасын жариялаған филиппин халқына «көмектесуді» сылтауратқан американ империалистері Филиппины·

ға өз әскерлерін түсірді. Жеңіліске ұшыраған Испания 1898 жылы 10 декабрьде Парижде қол қойылған бітім шарты бойынша Америка Құрама Штаттарының пайдасына бола Филиппиныдан бас тартты. 1899 жылы февральда американ империалистері Филиппины республикасына қарсы опасыздықпен соғыс қимылдарын бастады. Қасарысқан қарсылыққа тап болған Америка Құрама Штаттарының әскерлері бейбіт халықты жаппай жазалап, айуандықпен азаптай бастады. Саны мен қару-жарағы жағынан басым болғанына қарамастан, филиппиндіктерді бағындыру интервенттерге оңай соқпады. Филиппиныда басқыншыларға қарсы партизандық күрес кең өріс алды. Американ империалистері өз мақсаттарына жету үшін филиппиндіктер қатарындағы алауыздықтарды пайдаланды. Шаруалардың тәуелсіздік жолындағы күресті жер және өз жағдайын жақсарту жолындағы күреспен біріктіруінен қорыққан буржуазиялық-помещиктік жоғарғы топ империалистермен келісім жасасуға көнді. 1901 жылы Филиппиныдағы ұлт-азаттық қозғалысы басып-жанышталып, Филиппины Америка Құрама Штаттарына отарлық тәуелділікке түсті.— *52.*

29 Американ экономисі Г. Ч. Кэридің «Американ Құрама Штаттарының президентіне саяси-экономикалық хаттар» деген кітабына берген рецензиясында Н. Г. Чернышевский былай деп жазды: «Тарих жолы — Нева проспектісінің тротуары емес; ол түгелдей бірде шаңдақ, бірде лас алапты, бірде батпақты, бірде ну орманды басып өтеді. Кімде-кім шаңға малынып, етігін былғап аламын деп қорықса, ол адам қоғамдық қызметке кіріспеуі керек» (Н. Г. Чернышевский. Шығармаларының он бес томдық толық жинағы, VII том, 1950, 923-бет).— *60.*

30 *«Appeal to Reason»* («Парасатқа Шақыру») американ социалистерінің газеті; 1895 жылы Канзас штатындағы (Америка Құрама Штаттары) Жирард қаласында құрылды. Газет социалистік идеяларды насихаттап, жұмысшылар арасында кеңінен танымал болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында газет интернационалистік позицияда болды.

Ю. Дебстің мақаласы газетте 1915 жылы 11 сентябрьде жарияланды. Мақаланың тақырыбы «When I shall fight» («Мен шайқасқа шыққан шақта») деп аталады, В. И. Ленин оны, сірә, есінде қалғаны бойынша келтіріп отыр.— *62.*

31 В. И. Ленин 1918 жылы 23 августа Политехникалық музей үйінде Москваның Город ауданы еңбекшілерінің митингісінде «Коммунистер (большевиктер) не үшін күресіп жатыр» деген тақырыпта сөз сөйледі. Город аудандық комитеті РКП(б) Москва комитетіне митинг туралы берген информациялық ақпарында былай деп хабарлады: «Көптен бері кешегі митингідей митингілер болмаған еді. Политехникалық

музейдің залы түгелдей лық толды. ...Лениннің сөз сөйлейтінін сезіп қалғандай, жұрт қаптап кетті».— *70.*

32 1917 жылы көктем мен жазда француз әскерлері арасында империалистік соғысты жалғастыра беруге наразылық білдірілген қозғалыс кең тарады. Француз еңбекшілерінің соғысқа қарсы революциялық қозғалысының өрістеуі армияға үлкен әсер етті, ал қозғалыстың өрістеуіне Россиядағы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы күшті түрткі болды. Француз әскерлері арасында толқудың өсуіне Францияда 1916 жылы патша үкіметі сол жаққа жіберген орыс армиясы солдаттарының болуы да жәрдемдесті. Февраль революциясынан кейін Франциядағы орыс әскери бөлімдерінде командованиенің қызметіне бақылау жасаған солдат депутаттарының Советтері құрылды. Солдаттардың көпшілігі соғысудан бас тартты және Уақытша үкіметтен елге қайтаруды талап етті. Орыс солдаттарының үлгісі француз бөлімдеріне де күшті әсер етті. Ондаған мың солдат босқа қырылып, майдың орта шенінде, француз әскерлерінің шабуылы күйрегеннен кейін, армияда революциялық қозғалыс басталды, ол июньнің аяғына дейін созылды. Майдан тұрмысының ауыр жағдайы титықтатқан солдаттар окопқа барудан бас тартты, митингілер өткізіп, өздерінің жағдайларын жақсартуды және империалистік соғысты тоқтатуды талап етті. Ресми деректерге қарағанда, қозғалыс жаяу әскерлердің 75 полкін, атқыштардың 23 батальонын және артиллерияның 12 полкін қамтыған. Көтеріліс жасаған солдаттар кейбір реттерде бастықтарға бағынбағаны былай тұрсын, сонымен қатар қаруын үкіметке қарсы кезенді. Алайда, ол кезде Францияда жұмысшы табының революциялық партиясы болмауына және басқа себептерге байланысты, көтерілісшілер империалистік соғысқа қарсы дәйекті революциялық қимылдар жасауға жеткілікті дайындалмаған болып шықты. Социал-шовинистердің және анархо-синдикалистік лидерлердің көмегімен француз үкіметі армиядағы революциялық қозғалысты басып тастады.

Францияның ішкі істер министрі Л. Ж. Мальвиді қозғалыс басып-жаныншталғаннан кейін француз үкіметі «жеңілісті жақтаушыларға» қарсы онша жігерлі күрес жүргізбегені үшін айыптап, сотқа тартты.— *73.*

33 В. И. Ленин .бұл арада охранканың агенті, священник Г. А. Гапонды айтып отыр, Гапон арандатушылық мақсатпен 1905 жылы 9 январьда патшаға петиция тапсыру үшін жұмысшылардың Қысқы сарайға бейбіт шеруін ұйымдастыруды ұсынған еді. Патшаның бұйрығы бойынша әскерлер қарусыз жұмысшыларға, олардың әйелдері мен балаларына оқ атты: мыңнан астам адам өлтіріліп, бес мыңға жуығы жараланды. Нақ сол күні Петроград көшелерінде баррикадалар тұрғызылып, жұмысшылардың полициямен және әскерлер-

мен қарулы қақтығыстары болды. 9 январь бірінші орыс революциясының (1905—1907) бастауы болды.— *75.*

[34] *Ағарту ісі жөніндегі Бүкіл россиялық I съезд* 1918 жылы 26 августа — 4 сентябрьде Москвада Әйелдердің жоғары курсының (қазір В. И. Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогика институты) үйінде болып өтті. Съезд жұмысына халыққа білім беру бөлімдерінен, мұғалімдерден, мәдени-ағарту ұйымдары қызметкерлерінен делегаттар қатысты. Съезде барлығы 700-ден астам делегат болды. Съезд В. И. Ленинді құрметті председатель етіп сайлап, оны өз мәжілістеріне шақырды. Халық ағарту комиссариатының қызметі туралы А. В. Луначарский есеп берді. Съезде Н. К. Крупскаяның мектептен тыс білім беру туралы, М. Н. Покровскийдің жоғары білім беру ісіндегі реформа туралы, П. Н. Лепешинскийдің мектеп реформасының негізгі принциптері туралы, В. М. Познердің бірыңғай еңбек мектебі туралы, Д. А. Лазуркинаның мектепке дейінгі тәрбие туралы, В. П. Потемкиннің орыс мұғалімдерінің пиғылы туралы баяндамалары тыңдалды және басқалар. Ленин съезд жұмысының үшінші күні, 28 августа, сөз сөйледі. Съезд РСФСР-дің бірыңғай еңбек мектебі туралы ережені талқылады, Ереже кейінірек Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде бекітіліп, 1918 жылы 16 октябрьде «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды. Совет мектебін құруда ереженің зор маңызы болды.

В. И. Лениннің өміріне террорист-эсер әйел Ф. Капланның 1918 жылы 30 августа зұлымдықпен қастандық жасауына байланысты съезд 31 августа шұғыл шақырылған пленум мәжілісінде қарар қабылдап, онда В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяға ыстық тілектестік және революция ісінің жеңіп шығатынына кәміл сенім білдірді.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде В. И. Лениннің съезде сөйлеген сөзінің өзі жазған жоспары жарияланып отыр.— *80.*

[35] Халық Комиссарлары Советінің халық комиссариаттарының есеп беруі туралы қаулысы 1918 жылы 29 августа Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қабылданды; В. И. Ленин оны, сірә, мәжіліс үстінде жазса керек.— *85.*

[36] В. И. Ленин РКП(б) Москва комитетінің жолдамасы бойынша Москваның Басманный ауданында Гавриков алаңындағы Астық биржасының үйінде (қазір Спартак алаңы, Бауман аудандық пионерлер үйі) болған еңбекшілер митингісінде «Екі өкімет (пролетариат диктатурасы және буржуазия диктатурасы)» деген тақырыпта сөз сөйледі.— *87.*

[37] Москваның Замоскворецк ауданындағы бұрынғы Михельсон заводындағы (Қазір Владимир Ильич атындағы завод) ми-

тинг заводтың гранат корпусында болды. В. И. Ленин митингіге Басманный ауданында сөз сөйлегеннен кейін бірден келіп, жұмысшылар алдында «Екі өкімет (пролетариат диктатурасы және буржуазия диктатурасы)» деген тақырыпта сөз сөйледі. Ленин митингіден шығып келе жатқанда, кешкі 7 сағат 30 минутта, завод ауласында оның өміріне зұлымдықпен қастандық жасалды: террорист-эсер әйел Ф. Каплан револьверден уланған оқ атып, оны екі жерінен ауыр жаралады.

В. И. Лениннің жарақаттануы туралы хабар бүкіл елде ашу-ыза тасқынын тугызды. Еңбекшілер террористерді, буржуазиялық-помещиктік контрреволюцияны аяусыз жазалауды талап етті, барлық күштерін жауды талқандауға жұмсауға ант берді. Қызыл әскерлер Лениннің өміріне жасалған қастандық үшін кек алуға деген тілекпен құлшынып, шайқасқа ұмтылды. Совет адамдары Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан бетер тығыз топтасып, майданға көмек беруді күшейтті.

1918 жылғы 4 сентябрьде «Известия ВЦИК»-те Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қаулысы бойынша террорист-әйел Капланның атылғаны туралы хабар жарияланды.— *89.*

38 *«Пролетарлық мәдени-ағарту ұйымдары конференциясының президиумына хатты»* В. И. Ленин өзі конференциядан алған құттықтауға жауап ретінде жіберді.

Пролетарлық мәдени-ағарту ұйымдарының Бүкіл россиялық бірінші конференциясы 1918 жылы 15—20 сентябрьде Москвада болып өтті. Конференцияға, мандат комиссиясының деректеріне қарағанда, 330 делегат қатысқан. Лениннің хаты 19 сентябрьде бесінші мәжілісте оқылды. Конференцияда Н. К. Крупская, М. Н. Покровский, сондай-ақ Пролеткульт басшылары А. А. Богданов, П. И. Лебедев-Полянский, Ф. И. Калинин және басқалар сөз сөйлеп, баяндамалар жасады.

Пролеткульт басшыларының қате нұсқаулары: бұқаралық мәдени-ағарту жұмысының міндеттерінен аулақ болу әрекеті, өмірден қол үзген, еңбекшілердің қалың бұқарасынан оқшау қалған, алдыңғы мәдениетпен байланысы жоқ ерекше «пролетарлық мәдениет» құруға тырысушылық, т. т. конференция шешімдеріне әсерін тигізді.

Лениннің осы документті жазуға қандай жағдайлардың себеп болғаны туралы айта келіп, Н. К. Крупская өз естеліктерінде былай деп жазды: «Ол кезде Пролеткульттің ықпалы өте зор болды. Ильич Пролеткульттің кемшілігі оның өз жұмысын күрестің жалпы саяси міндеттерімен аз байланыстыруында, бұқара санасының өсуіне, жұмысшыларды көтеруге, оларды мемлекетті Советтер арқылы басқару ісіне әзірлеуге аз көмектесуінде деп санады. Өзінің конференцияға құттықтауында ол Пролеткульттің алдында тұрған дәл

сол саяси міндеттер туралы жазды да» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер, М., 1957, 390-бет).— *93.*

39 Заттай салық салуды енгізу туралы мәселені В. И. Ленин 1918 жылы 2 августа өзі жазған «Азық-түлік мәселесі жөніндегі тезистерде» (қараңыз: осы том, 33—36-беттер) ұсынды. Селолық қожайындарға заттай салық салу туралы декреттің жобасы Халық Комиссарлары Советінің мәжілісіне бірінші рет 4 сентябрьде ұсынылды. Халық Комиссарлары Советі декреттің жобасын құрамында финанс, азық-түлік, егіншілік, мемлекеттік бақылау және ішкі істер комиссариаттарының өкілдері бар комиссияға беруге қаулы етті. Басқа комиссариаттарға комиссия жұмысына қатысу правосы берілді.

Халық Комиссарлары Советінің 21 сентябрьдегі мәжілісінде декрет жобасы қайта талқыланды. Сірә, В. И. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісі жүріп жатқан кезде «Декреттің негізгі ережелерінің» нобайларын жасап, декрет жобасына ескертпелер жазған болуы керек. (Халық Комиссарлары Советінің осы және басқа мәжілістерінде декреттің әзірленуге байланысты лениндік документтерді — запискаларды, цифрлы есептеулерді, Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде сөйленетін сөздің жоспарын және басқаларды — Лениннің XVIII жинағынан да қараңыз, 147—151-беттер.) Халық Комиссарлары Советі 21 сентябрьдегі мәжілісінде Орталық статистика басқармасының өкілі П. И. Поповпен толықтырылған комиссияға декреттің жобасын лениндік қағидалар негізінде өңдеуді тапсыруға қаулы етті.

Халық Комиссарлары Советі декреттің ақырғы нұсқасын 26 октябрьде қабылдап, 30 октябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекітті, ал 1918 жылы 14 ноябрьде «Известия ВЦИК»-те жарияланды. Заттай салықтың енгізілуіне шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысының одан әрі ұлғаюы кедергі келтірді, мұның өзі Республиканы қорғау мақсаттары үшін барлық күш пен қаржының шоғырландырылуын, азық-түлік салымының енгізіліп, басқа да төтенше шаралардың қолданылуын талап етті. Заттай азық-түлік салығын әзірлеу тәжірибесі кейінгі жылдарда пайдаланылды. Заттай табыс салығының 1918 жылы талдап жасалған лениндік принциптері 1921 жылы көктемде азық-түлік салығында жан-жақты дамытылып, практикалық жағынан жүзеге асырылды, азық-түлік салығы соғыстан кейін жаңа экономикалық саясат негізінде бейбіт шаруашылық құрылысына көшуді бейнеледі. 1918 жылы октябрьде қабылданған заттай салық туралы декрет жөнінде, Ленин партияның X съезінде азық-түлік салымын азық-түлік салығымен алмастыру туралы мәселені баяндаған кезінде — Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы есепте айтты (қараңыз: Шығармалар, 32-том, 186—187-беттер).— *100.*

40 Советтердің Бүкіл россиялық III съезі 1918 жылы 18 (31) январьда бекітіп, 27 январьда (9 февральда) Бүкіл россиялық

Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде ақтық редакцияланған түрінде қабылданган «Жерді социализациялау туралы негізгі заңның» 12-статьясының мазмұны мынадай: «Еңбекшілер арасында жердің бөлінуі мынадай теңгерме-еңбек негіздерінде жүргізілуге тиіс: тұтыну-еңбек нормасы белгілі бір ауданда жер пайдаланудың тарихи қалыптасқан жүйесіне қарай қолданылып, әрбір жеке шаруашылықта бар күштердің еңбекке қабілетінен асып кетпеуі керек және сонымен бірге егінші семьясының жоқшылық көрмей өмір сүруіне мүмкіндік беруі керек». Заңның 17-статьясында былай делінген: «Жердің тәуір участкесінің табиғи құнарлылығынан, сондай-ақ өнім өткізілетін рынок жөнінде оның неғұрлым тиімді орналасуынан түсетін артық табыс қоғамдық мұқтаждықтар үшін Совет өкіметі органдарының қарамағына беріледі», («Совет өкіметінің декреттері», I том, 1957, 408—409-беттер).— *100.*

41 Симбирск қаласын М. Н. Тухачевский қолбасшылық еткен Қызыл Армия бөлімдері ақ гвардияшылар әскерлері мен ақ чехтардан 1918 жылы 12 сентябрьде азат етті.

Симбирск алынганнан кейін ізінше болған қызыл әскерлер митингісі В. И. Ленинге мынадай мазмұнда телеграмма жіберуге шешім қабылдады: «Қымбатты Владимир Ильич! Сіздің туған қалаңыздың алынуы — Сіздің бір жарақатыңыздың дауасы, ал екінші жарақатыңыз үшін Самараны аламыз!»

Ленин қызыл әскерлер құттықтауына жауап телеграмманы 1918 жылы ерте дегенде 12 сентябрьде, кеш дегенде 18 сентябрьде жазған.— *102.*

42 В. И. Лениннің Қазанды алуға қатысқан қызыл әскерлерге хаты Свияжск қаласының гарнизонына оқылып берілді.— *103.*

43 Бұл хат 1918 жылы 3 октябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтар өкілдерінің қатысуымен өткізген Біріккен мәжілісінде оқылды, бұл мәжіліс Германиядағы саяси дағдарысқа байланысты В. И. Лениннің ұсынысы бойынша шақырылған еді. Мәжілісте қабылданған қарарға Ленин хатының негізгі қағидалары енді.— *104.*

44 *«The Socialist Review»* («Социалистік Шолу»)— ай сайын шыққан журнал, Англияның реформистік тәуелсіз жұмысшы партиясының органы; 1908 жылдан 1934 жылға дейін Лондонда шығып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында журналға Р. Макдональд, Ф. Сноуден, А. Ли және басқалар жазып тұрды.— *108.*

45 В. И. Ленин бұл арада 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымы — Фабий қоғамының мүшелерін айтып «Спартак одағы» Тәуелсіз социал-демократиялық партиядан

отыр; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған; Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл шайқас жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (С. және Б. Веббтер, Р. Макдональд, Б. Шоу және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды және капитализмнен социализмге тек қана ұсақ реформалар жасау, қоғамды бірте-бірте өзгерту арқылы өтуге болады деп пайымдады. В. И. Ленин фабийшылдықты «барып тұрған оппортунизм бағыты» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 363-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Фабийшылдарға берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 284—290-беттер) деген мақаласынан қараңыз.— *110.*

46 *Тәуелсіздер* — Англия тәуелсіз жұмысшы партиясының (Independent Labour Party) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйымның мүшелері. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны К. Гарди мен Р. Макдональд басқарды. Тәуелсіз жұмысшы партиясы өзі құрылған кезден бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге баса назар аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар, 29-том, 494-бет).— *110.*

47 Бұл арада К. Маркстің 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хаты (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282-бет) мен К. Маркстің 1872 жылы 8 сентябрьде Амстердамда өткен митингіде Гаага конгресі туралы сөйлеген сөзіндегі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 154-бет) пікірлері айтылып отыр. Сондай-ақ К. Маркстің «Капиталының» бірінші томының ағылшынша басылуына Ф. Энгельс жазған алғы сөзді қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 34-бет).

К. Маркстің Л. Кугельманға жазған хатын Ленин «Мемлекет және революция» деген еңбегінде пайдаланады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 40—42-беттер).— *111.*

48 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 319-бет.— *112.*

49 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 272-бет.— *113.*

50 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 189-бет.— *114.*

51 *«Циммервальдистер»*— 1915 жылы 5—8 сентябрьде Циммервальдта өткен бірінші халықаралық социалистік конференцияда құрылған бірлестікке қатысушылар. Ленин бұл конференцияны соғысқа қарсы интернационалдық қозғалыстың дамуындағы алғашқы қадам деп атады. Конференцияға Европаның 11 еліндегі партиялар мен ұйымдардан 38 делегат қатысты. РСДРП(б) Орталық Комитетінен конференцияға В. И. Ленин мен Г. Е. Зиновьев өкіл болып барды. Конференцияға сондай-ақ П. Б. Аксельрод пен Л. Мартов (РСДРП меньшевиктік Ұйымдастыру комитетінен) та қатысты. Конференция Циммервальд бірлестігінің басшы органы ретінде Интернационалдық социалистік комиссияны сайлады. Бірлестік ішінде большевиктер басқарған Циммервальд солшылдары мен каутскийшіл центристік көпшілік (Циммервальд оңшылдары деп аталатындар) арасында күрес жүріп жатты. Центристер социал-шовинистермен ымыраласып, II Интернационалды қалпына келтіруге күш салды. Циммервальд солшылдары социал-шовинистерден бөлініп шығуды, империалистік соғысқа қарсы революциялық күрес жүргізуді және жаңа, революциялық, пролетарлық Интернационал құруды талап етті. Кинталь конференциясынан кейін (1916) Циммервальд оңшылдары ашық социал-шовинизм позициясына көшті. Осыған байланысты Ленин Циммервальд солшылдарын жақтаушыларды Циммервальд бірлестігінің оңшыл көпшілігінен қол үзуге және III, Коммунистік Интернационалды құру жөнінде практикалық шаралар қолдануға шақырды.

1917 жылы сентябрьде Стокгольмде үшінші Циммервальд конференциясы болды. РСДРП(б) Орталық Комитеті мен Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы және поляк социал-демократиясы атынан конференцияда В. В. Воровский сөз сөйледі. Аяусыз әшкерелеп сөйлеген сөзінде Воровский конференцияның Россия меньшевиктеріне өз көзқарасын білдіруін талап етті, Россия меньшевиктері Циммервальд бірлестігінің мүшелері бола тұрып, орыс Кавеньягі — Керенскийдің министрлігіне өз өкілдерін беріп, армияда өлім жазасының енгізілуіне, майдандағы июнь шабуылына, боль-

шевиктік газеттердің талқандалуына, июль демонстрациясына оқ атылуына, большевиктік партия қайраткерлерінің тұтқынға алынуына және т. б. толық жауапты болды. Конференцияда большевиктерді бірсыпыра делегаттар қолдады, бірақ Г. Гаазе бастаған көпшілік бұл мәселе жөнінде шешім қабылдаудан бас тартты. Конференция құрамының ала-құла болуы салдарынан оның қарарлары ымырашылдық сипат алды. III Циммервальд конференциясы Циммервальд бірлестігінің күйрегені туралы, одан дереу қол үзіп, III, Коммунистік Интернационалды құру қажеттігі туралы лениндік тұжырымды толық растады.

Коммунистік Интернационалдың 1919 жылы мартта болған I конгресі Циммервальд бірлестігін жойылды деп есептеу жөнінде қаулы қабылдады.— *115.*

52 *Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, фабрика-завод комитеттерінің және кәсіптік одақтардың 1918 жылғы 22 октябрьдегі біріккен мәжілісі* Одақтар үйінің Колонналы залында өтті. Мәжілістің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: халықаралық жағдай туралы, Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезін шақыру туралы және мәжіліске қатысып отырған 300 жолдасты майданға аттандыру туралы. Халықаралық жағдай туралы В. И. Ленин, өзі сауығып шыққаннан кейін тұңғыш рет, баяндама жасады. Майданға жүріп бара жатқан жолдастарға арнап П. Г. Смидович пен Я. М. Свердлов құттықтау сөз сөйледі. Мәжілісте Ленин жазған қарар қабылданды (қараңыз: осы том, 136—138-беттер), бұл қарарды кейін Советтердің VI съезі Лениннің халықаралық жағдай туралы жасаған баяндамасы бойынша болмашы өзгерістермен бекітті. Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезін шақыру туралы бірауыздан шешім қабылданды және съездің күн тәртібі бекітілді.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде баяндама мен қарар жоспарының нобайлары беріліп отыр.— *119.*

53 *Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы* — 1917 жылы апрельде Готадағы құрылтай съезінде құрылған центристік партия. Центристік бос сөздерді бүркемеленген «тәуелсіздер» социал-шовинистермен бірлікті уағыздады, тап күресінен бас тартуға дейін құлдырады. Партияның негізгі бөлегі рейхстагтағы «Еңбек ынтымақтастығы» деген каутскийшілдік ұйым болды.

Біраз уақыт бойы «тәуелсіздер» партиясына «Спартак» тобы кірді, бірақ ол өзінің ұйымдық және саяси дербестігін сақтап қалды, құпия жұмысын және социал-демократиялық жұмысшыларды центрист лидерлердің ықпалынан шығарып алу жолындағы күресін одан әрі жүргізе берді. 1918 жылы

шықты, сойтіп осы одақтың негізінде Германия Коммунистік партиясы құрылды.

1920 жылы октябрьде Тәуелсіз социал-демократиялық партияның Галльдегі съезінде жікке бөлінушілік болды. «Тәуелсіздердің» едәуір бөлегі 1920 жылдың декабрінде Германия Коммунистік партиясымен бірікті. Оңшыл элементтер жеке партия құрып, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы деген ескі атауды қабылдады; партия 1922 жылға дейін өмір сүрді.— *120.*

64 *Итальян социалистік партиясы* 1892 жылы құрылды. Партия құрылған кезден бастап-ақ оның ішінде партияның саясаты мен тактикасының мәселелері жөнінде кереғар тұрған екі бағыттың — оппортунистік бағыт пен революциялық бағыттың шиеленіскен идеялық күресі жүріп жатты. 1912 жылы Реджио-Эмилиядағы съезде солшылдардың қысымымен ең ашық реформистер — соғысты, үкіметпен және буржуазиямен ынтымақтасуды жақтаушылар (И. Бономи, Л. Биссолати және басқалар) партиядан шығарылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап және Италия соғысқа араласқанға дейін Итальян социалистік партиясы соғысқа қарсы шығып, «Соғысқа қарсымыз, бейтараптықты жақтаймыз!» деген ұран көтерді. 1914 жылы декабрьде буржуазияның империалистік саясатын қорғаған және соғысты жақтаған ренегаттар тобы (Муссолини және басқалар) партиядан шығарылды. Италияның Антанта жағында соғысқа араласуына байланысты (май, 1915) Итальян социалистік партиясында мынадай үш бағыт айқын көрінді: 1) буржуазияның соғысты жүргізуіне көмектескен оңшыл бағыт; 2) партия мүшелерінің көпшілігін біріктірген және «Соғысқа қатыспау керек және оған саботаж жасамау да керек» деген ұран көтерген центристік бағыт; 3) соғысқа қарсы неғұрлым батыл позиция ұстаған, бірақ соғысқа қарсы дәйекті күрес ұйымдастыра алмаған солшыл бағыт. Солшылдар империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, буржуазиямен ынтымақ жасаған реформистерден іргені батыл бөлу қажеттігін түсінбеді. Итальян социалистері Швейцария социалистерімен бірлесіп Луганода (1914) конференция өткізді, Циммервальд (1915) пен Кинтальдағы (1916) халықаралық социалистік конференцияларға қатысты, бұл конференцияларда центристік көпшілікке қосылды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Итальян социалистік партиясының қатарында сол қанат күшейді. 1920 жылы бұл партияның өкілдері Коммунистік Интернационалдың II конгресінің жұмысына қатысты.— *121.*

65 Француз социалистік партиясының 1918 жылы 6—11 октябрьде Парижде болып өткен конгресінде осы партияның лидерлерінің бірі Ж. Лонге Россиядағы француз әскери миссиясының мүшесі капитан Ж. Садульдің Р. Ролланға жазған

хатын оқып берді, бұл хатта Садуль Антанта елдерінің Россияда орыс революциясына қарсы бағытталған әрекеттерін масқаралап әшкерелеген болатын. «Правданың» Женевадағы тілшісінің сөздеріне қарағанда (№ 221, 13 октябрь), «бұл хат орасан зор әсер етті. Сол жақ тұстан: «Совет республикасы жасасын!» деп дауыстады».— *122.*

56 Әңгіме ағылшынның мына үш партиясы жайында болып отыр: Британ социалистік партиясы, Социалистік жұмысшы партиясы және Тәуелсіз жұмысшы партиясы.

Британ социалистік партиясы (British Socialist Party) 1911 жылы Манчестерде Социал-демократиялық партияның басқа социалистік топтармен бірігуі нәтижесінде құрылды. Британ социалистік партиясы марксизм идеялары рухында үгіт жүргізді және «оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 378-бет) партия болды. Алайда партияның сан жағынан аздығы және оның бұқарамен байланысының әлсіздігі оған біраз сектанттық сипат берді. Дүние жүзілік империалистік соғыс дәуірінде партияда интернационалистік ағым (У. Галлахер, А. Инкпин, Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалар) мен Гайндман бастаған социал-шовинистік ағым арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Интернационалистік ағым ішінде бірқатар мәселелер жөнінде центристік позиция ұстаған дәйексіз элементтер болды. 1916 жылдың февралында Британ социалистік партиясының бір топ қайраткерлері «The Call» («Үндеу») газетінің негізін қалады, бұл газет интернационалистерді топтастыруда маңызды роль атқарды. Британ социалистік партиясының 1916 жылдың апрелінде Солфордта өткен жыл сайынғы конференциясы Гайндман мен оның жақтастарының социал-шовинистік позициясын айыптады, сөйтіп олар партиядан шығып кетті.

Британ социалистік партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. Британ социалистік партиясының мүшелері ағылшын еңбекшілерінің Советтік Россияны шетел интервенциясынан қорғау жолындағы қозғалысында зор роль атқарды. 1919 жылы партия ұйымдарының көпшілігі (4 ұйымға қарсы 98 ұйым) Коммунистік Интернационалға кіруді жақтады. Британ социалистік партиясы Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды. 1920 жылы өткен бірінші бірігу съезінде Британ социалистік партиясы жергілікті ұйымдарының басым көпшілігі Коммунистік партияға қосылды.

Социалистік жұмысшы партиясы (Socialist Labour Party)— революциялық маркстік ұйым; оны 1903 жылы Шотландияда Социал-демократиялық федерациядан бөлініп шыққан социал-демократтардың солшыл тобы құрған; бұл топтың басым көпшілігі шотландиялықтардан құралған болатын. Пар-

тияның басты органы «The Socialist» («Социалист») әрайлығы болды. Партия құрылғаннан кейінгі алғашқы жылдары оның қызметі негізінен насихаттық сипатта болды; кейіннен, стачкалық күрестің күшеюіне байланысты, Социалистік жұмысшы партиясы ол күреске белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдары партияның көптеген мүшелері соғысқа қарсы қажырлы түрде үгіт жүргізді, партия «Shop Stewards Committees» («Фабрика-завод старосталарының комитеті») қозғалысын ұйымдастыруда үлкен роль атқарды (қараңыз: 201-ескерту). Социалистік жұмысшы партиясы Октябрь социалистік революциясына тілектестік ниетте болып, Советтік Россияны қолдап шықты. Социалистік жұмысшы партиясы өзінің саяси қызметінде Жұмысшы (лейбористік) партиясына — тред-юниондардың, социалистік ұйымдар мен топтардың бірлестігіне — коллективтік мүше болып енуге қарсы пікір айтып, сектанттық сипатта қателіктер жіберді. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде басқа да «солшылдар» сияқты бұл партияның да қателіктерін қатал сынға алды (қараңыз: Шығармалар, 31-том, 64—77-беттер). Социалистік жұмысшы партиясының алдыңғы қатарлы мүшелері (А. Мак-Манус, Т. Белл, т. б.) 1920 жылы Великобритания Коммунистік партиясын құруға белсене қатысты.

Тәуелсіз жұмысшы партиясы (Independent Labour Party) туралы 46-ескертуді қараңыз.— *122.*

57 Бұл арада 1918 жылы октябрьдегі испан жұмысшыларының VIII конгресінің Совет республикасына құттықтау жіберу туралы бірауыздан қабылданған қарары айтылып отыр. — *122.*

58 Бұл арада Г. Эрвенің редакциялауымен 1916 жылдың басынан Парижде шығып тұрған күнделікті *«La Victoire»* («Жеңіс») газеті айтылып отыр; бұл газет Эрвенің өзі 1906 жылдан шығарып келген «La guerre sociale» («Әлеуметтік Соғыс») газетінің орнына шығарылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдары анық социал-шовинистік позиция ұстады. Газет Советтік Россияға дұшпандық көзқараста болды (онда орыс бөлімін ақ эмигрант В. Л. Бурцев басқарды), ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін қорғады.— *126.*

59 В. И. Ленин бұл арада, сірә, герман шығыс армиясының әскерлерінде құрылған әскери-революциялық Советті айтып отырса керек, бұл Совет «Красный Солдат» («Қызыл Солдат») газетін шығарып тұрды.— *129.*

60 1918 жылы 8 ноябрьде Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезі юстиция халық комиссары Д. И. Курскийдің баяндамасы бойынша, В. И. Лениннің партияның Орталық Комитеті бекіткен тезистері негізінде, революциялық заңдылықтар

туралы қаулы қабылдады. Қаулы «Правда» газетінде 10 ноябрьде жарияланды.— *140.*

61 *Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық орталық және Москва советтерінің* Ұлы Октябрь социалистік революциясының бір жылдығына арналған *салтанатты мәжілісі* 1918 жылы 6 ноябрьде Москвада, Одақтар үйінің Колонналы залында болды. Мәжіліске барлық кәсіптік бірлестіктердің көптеген өкілдері қатысты. Мәжілісте РКП(б) Орталық Комитетінің, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Кәсіптік одақтардың Москва советінің, т. б. өкілдері сөз сөйледі.— *142.*

62 *Жұмысшы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезі* Москвада, Үлкен театр үйінде, 1918 жылы 6—9 ноябрьде өтті; съезд жұмысы Октябрь социалистік революциясының бір жылдығын мерекелеу тұсында басталды. Съезге 1296 делегат (шешуші дауыспен 963 делегат және кеңесші дауыспен 333 делегат), оның ішінде 1260 коммунист қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: Октябрь революциясының бір жылдығы туралы, халықаралық жағдай туралы, соғыс жағдайы туралы, Совет өкіметінің орталықтағы құрылысы туралы, кедейлер комитеттері мен жергілікті Советтер туралы. В. И. Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. 6 ноябрьдегі бірінші мәжілісте Ленин революцияның бір жылдығы туралы сөз сөйлегеннен кейін, съезд барлық ұлттардың бейбітшілік пен социализм жолында күресіп жатқан жұмысшыларын, шаруалары мен солдаттарын және олардың көсемдерін құттықтады және социалистік революцияның жеңістерін қаһармандықпен қорғап жатқан Қызыл Армияға құттықтау жолдады. Я. М. Свердловтың ұсынысы бойынша съезд Советтік Россияға қарсы соғыс жүргізіп жатқан үкіметтерге бітім келіс сөздерін бастауды ұсынып, үндеу қабылдады. Совет өкіметінің нығаюына және Қызыл Армияның жеңістеріне байланысты съезд амнистия жасау туралы қаулы қабылдады.

Съездің 8 ноябрьдегі екінші мәжілісінде Ленин халықаралық жағдай туралы сөз сөйледі. Съезд Ленин жазған және 1918 жылы 22 октябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, фабрика-завод комитеттерінің және кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісінде қабылданған қарарды бекітті (қараңыз: осы том, 136—138-беттер). Нақ осы күні съезд юстиция халық комиссары Д. И. Курскийдің баяндамасы бойынша, Ленин тезистерінің негізінде жазылған революциялық заңдылықтар туралы қаулы қабылдады (қараңыз: осы том, 139—140-беттер). Соңғы мәжілісте, 9 ноябрьде, съезд соғыс жағдайы туралы, совет құрылысы туралы мәселелерді қарап, қарарлар қабылдады. Съезд өздеріне жүктелген міндеттерді сол кезге атқарып болған кедейлер комитеттерін болыстық және селолық Советтермен біріктіру же-

нінде қаулы алды. Съезд делегаттары Германияда басталған революция туралы хабарды үлкен қуанышпен қарсы алып, көтерілісті бастаған герман жұмысшыларымен, солдаттарымен және матростарымен өздерінің ынтымақтас екендігін білдірді.

Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 207 мүшеден және 39 кандидаттан тұратын жаңа құрамын сайлады. Советтер съезі Совет өкіметінің өмір сүруінің бірінші жылының негізгі қорытындыларын шығарып, Совет үкіметінің таяу кезеңдегі қызметінің программасын белгіледі.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде В. И. Лениннің революцияның бір жылдығы туралы сөзінің өзі жазған жоспары жарияланып отыр.— *145.*

63 *Солтүстік облыстың деревня кедейлері комитеттерінің облыстық съезі* 1918 жылы 3—6 ноябрьде Петроградта өтті. Съездің жұмысына Солтүстік облыстың 8 губерниясынан (Архангельск, Вологда, Новгород, Олонец, Петроград, Псков, Солтүстік-Двинск және Череповец) және басқа да кейбір губерниялардан кедейлер комитеттерінің 15 мыңнан астам (кейбір мәліметтер бойынша 18—20 мың) өкілі қатысты. Петроград мен Солтүстік облыстың партия және совет ұйымдары съезді шақыру жөнінде үлкен әзірлік жұмысын жүргізді, оған Солтүстік облыстың азық-түлік халық комиссары С. П. Восков басқарған Ұйымдастыру бюросы басшылық етті. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: ағымдағы кезең туралы, кедейлер комитеттері мен жергілікті Советтер туралы, жабдықтау және бөлу туралы, Қызыл Армия туралы, деревнядағы ағарту ісі туралы және деревнядағы почта мен телеграф туралы. Съезд деревня кедейлерінен үлгілі полктер ұйымдастыру туралы қарар (съездің ұсынысы бойынша мұндай полктер құру туралы қарар кейін Советтердің Бүкіл россиялық VI съезінде де қабылданды), кедейлер комитеттерін жергілікті жерлердегі Советтермен біріктіру туралы, Совет өкіметінің азық-түлік саясаты туралы мәселе жөнінде, халыққа білім беру міндеттері туралы және басқа мәселелер жөнінде қарарлар қабылдады.

Солтүстік облыстың кедейлер комитеттерінің съезі жұмысшы табының еңбекші шаруалар бұқарасымен одағын нығайтуда маңызды саяси мәні болды. «Бұл съезд,— деді В. И. Ленин орталық губерниялардың кедейлер комитеттері делегаттарының 1918 жылғы 8 ноябрьдегі кеңесінде сөйлеген сөзінде,— азамат соғысын деревняның дұрыс түсінгенін: кедейлер бірігіп, тізе қосып кулактарға, байларға және жебірлерге қарсы күресіп жатқанын көрсетті» (қараңыз: осы том, 193-бет).— *154.*

64 В. И. Ленин бұл арада герман үкіметінің Советтік Россиямен дипломатиялық қатынастарды үзуіне байланысты В. И. Ленин, Я. М. Свердлов және сыртқы істер жөніндегі

халық комиссары Г. В. Чичерин қол қойған, «Барлық әскери комиссарларға, әскери жетекшілерге, армия қолбасшыларына, барлық совдептерге» 1918 жылы 5 ноябрьде жолданған радиотелеграмманы айтып отыр. Радиотелеграмма 6 ноябрьде «Правда» мен «Известия ВЦИК» газеттерінде жарияланды.— *162.*

65 В. И. Ленин бұл арада 1918 жылғы 4 ноябрьдегі «Герман үкіметінің неміс халқына арнаған үндеу хатын» айтып отыр; үндеу хат 1918 жылғы 5 ноябрьде, «Vorwärts» газетінің 305-номерінде басылған.— *167.*

66 Әңгіме I Николай патшаның Австрия императорына 1848—1849 жылдардағы венгр революциясын басып-жаныштау үшін орыс әскерлерін көмекке жібергені туралы болып отыр.— *174.*

67 Бұл арада 1863—1864 жылдардағы Поляк азаттық көтерілісін патша әскерлерінің басып-жаныштағаны айтылып отыр.— *174.*

68 *«The Times»* («Замана»)— 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет: ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *174.*

69 Бұл арада РСФСР-дің уәкілетті өкілінің Москвадағы голланд консулынан оны РСФСР-дің Гаагадағы уәкілетті өкілі деп голланд үкіметінің танығаны туралы хабардар етіп шақырған қағаз алуына байланысты, РСФСР-дің уәкілетті өкілінің жолға шығып кетуіне қарамастан оның Голландияға келуіне рұқсат беруден голланд үкіметінің кенеттен бас тартуы айтылып отыр.— *175.*

70 *«L'Echo Paris»* («Париж Жаңғырығы»)— буржуазиялық, нағыз реакциялық газет; 1884 жылдан 1938 жылға дейін Парижде шығып тұрды.— *177.*

71 *«III-me Internationale»* («Үшінші Интернационал»)— Советтік Россиядағы француз коммунистері тобының органы; Москвада шығып тұрды. Бірінші номері 1918 жылы 20 октябрьде шықты. Газетке Ж. Садуль, И. Ф. Арманд (Е. Блонина) және басқалар қатысты. Газетті шығару 1919 ж. мартта тоқтатылды.— *178.*

72 В. И. Ленин бұл арада патша үкіметі мен буржуазиялық Уақытша үкіметтің Англияның, Францияның, Америка Құрама Штаттарының және басқа елдердің империалистеріне қарызын айтып отыр. Патша үкіметі мен Уақытша үкімет алған заемдар бойынша Россияның басқа мемлекеттерге қарызының жалпы сомасы (орыс өнеркәсібіне жұмсалған шетел күрделі қаржысын қоса есептегенде) 16 миллиард сом алтыннан асып түсті. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 21 январьдағы (3 февральдағы) декреті

бойынша патша үкіметі мен Уақытша үкіметтің шетелден алған заемдарының бәрі жойылды.— *178.*

73 *«Manchester Guardian»* («Манчестер Сақшысы») — буржуазиялық-либералдық газет, ағылшын буржуазиясының өте-мөте кең тараған және ықпалды газеттерінің бірі. 1821 жылы апталық газет ретінде құрылған (1857 жылдан бастап күн сайын шығып тұрады). Октябрь социалистік революциясынан кейінгі алғашқы жылдары газет Россиядағы жағдайды азды-көпті объективті түрде жазып тұрды; кейінірек СССР-ге жала жабуға көшті.

Төменде В. И. Ленин газетте 1918 жылы 23 октябрьде жарияланған «Одақтастар және Россия» деген мақаладан цитат келтіріп отыр.— *178.*

74 *Орталық губерниялардың кедейлер комитеттері делегаттарының кеңесін* «Беднота» газетінің редакциясы шақырды және ол Москвада, Коммерциялық институт (қазір Москваның Г. В. Плеханов атындағы халық шаруашылығы институты) үйінде өтті; 1918 жылы 8 ноябрьде В. И. Ленин кеңесте деревня кедейлерінің революциядағы міндеттері туралы сөз сөйледі. Кеңеске Москва, Тула, Орел, Калуга, Владимир, Тверь, Смоленск, Рязань, Нижний Новгород, Иваново-Вознесенск, Симбирск, Тамбов, Кострома, Чернигов және басқа губерниялардың кедейлер комитеттерінен 450-ден астам делегат қатысты. «Беднота» газеті туралы 172-ескертуді қараңыз.— *187.*

75 *Жұмысшы әйелдердің Бүкіл россиялық I съезі* Москвада, Одақтар үйінде, 1918 жылы 16—21 ноябрьде өтті; съезді РКП(б) Орталық Комитеті шақырды. Съезге фабрикалардан, заводтардан және деревня кедейлерінен 1147 делегат қатысты. Ленин съезд жұмысының төртінші күні, 19 ноябрьде, сөз сөйледі. Лениннің сөзінен кейін съезд қарар қабылдады, бұл қарарда Совет республикасының жұмысшы әйелдері мен шаруа әйелдері жаңа, коммунистік өмір құруда Совет үкіметі мен еңбекші халықтың өздеріне жүктеп отырған үміттерін ақтай алатындығы айтылған. Съездің және оның секцияларының мәжілістерінде А. И. Ульянова-Елизарова, В. П. Ногин, Е.М. Ярославский, И. Ф. Арманд, А. М. Коллонтай, К. Н. Самойлова, Л. Н. Сталь және басқалар сөз сөйлеп, баяндамалар жасады. Съезд еңбекші әйелдерді Совет өкіметін қорғауға шақырды және әйелдер арасында жүргізілетін жұмыстың мынадай мәселелері бойынша нақты шешімдер қабылдады: қоғамдық қызмет көрсетудің әр түрлі формаларын дамыту жолымен әйелдердің жағдайын жеңілдету туралы, әйелдерді қоғамдық өмірге тарту туралы, балаларға тәрбие беру туралы, балалардың еңбегін қорғау туралы және т. б.

Съезд жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер ұйымының негізін қалады. Ол партия комитеттерінің жанынан әйелдер

арасындағы жұмыс жөнінде комиссиялар құруды ұсынды, жұмысшы әйелдерге саяси тәрбие беру және оларды қоғамдық белсенді қызметке тарту бұл комиссиялардың негізгі міндеті болды.— *198.*

[76] В. И. Ленин «Правда» газеті бойынша (№ 251, 20 ноябрь, 1918) Питирим Сорокиннің хатынан цитат келтіріп отыр, газетте хаттың жариялануы жөніндегі деректеме «Известия Северо-Двинского Исполнительного Комитета» деп қате аталған. Шындығында бұл хат басылған Солтүстік-Двинск губерниялық атқару комитетінің газеті (№ 75, 29 октябрь, 1918) «Крестьянские и Рабочие Думы» деп аталатын.— *201.*

[77] В. И. Ленин бұл арада Москва халық банкі акционерлерінің төтенше съезінде 1918 жылы 16 ноябрьде қабылданған және осы банкті национализациялау жөніндегі үйгарымға қарсы бағытталған қарарды айтып отыр. Ленин төменде келтіріп отырған, акционерлер съезінің делегациясына жасаған Лениннің мәлімдемесі Халық шаруашылығы жоғары советінің «Народное Хозяйство» журналында да жарияланды. Журналдың хабарына қарағанда, Ленин былай деген: «Совет өкіметінің кооперациямен келісімге келу жолына түскеніне қазірдің өзінде сегіз ай болды. Ал өкімет ешкіммен келісімге бармаса да, кооперациямен олай еткен жоқ, өйткені кооперацияның бағалы екенін біледі. Өкімет кооперациямен келісімге келгенде, оның өте жақсы жолға қойылған шаруашылық аппараты бар екендігінен ғана емес, сонымен қатар кооперация орта шаруалар бұқарасынан тұрады, ал орта шаруаларға өкіметтің де арқа сүйеуі керек. Бірақ Совет өкіметі национализациялаудан бас тарта алмайды. Егер кооперация бірлесіп жұмыс істеуге болмайды деп санайтын болса, онда өкімет мұндай жағдайға төзе алмайды» («Народное Хозяйство», 1918, № 12, 59-бет). Алайда, съезд шын мәнінде өз позициясын өзгертпей, Москва халық банкіне қарағанда кооперативтерді қаржыландыру мен біріктіру жөнінде одан да гөрі ауқымды міндеттер жүктеліп отырған Орталық кредит одағын құру жобасын бекітті. Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 2 декабрьдегі декреті бойынша Москва халық банкі национализацияландырылып, оның бүкіл активі мен пассиві РСФСР халық банкіне берілді. Ал Москва халық банкінің басқармасы РСФСР халық банкі Орталық басқармасының кооперативтік бөлімі болып қайта құрылды.— *210.*

[78] РКП(б) Москва комитеті мен Пресня аудандық партия комитеті ұйымдастырған 1918 жылғы 20 ноябрьдегі жиналыс «Кино-Арс» (қазір Москваның К. С. Станиславский атындағы драма театры) үйінде өтті. Жиналыс В. И. Ленинге құрмет көрсетуге арналды. Жиналыста мынадай баяндамалар тыңдалды: «В. И. Ленин — Россия коммунистік партиясының

көсемі» және «В. И. Ленин — III Интернационал жолындағы күрескер». Лениннің сөзінен кейін оның өзі қатысып отырған кезде «Москвадағы Октябрь салтанаты» деген кинофильм көрсетілді.— *212.*

79 *«Воля Народа»* («Халық Еркі»)— күнделікті газет, эсерлер партиясы оң қанатының органы. 1917 жылғы 29 апрельден бастап Петроградта шығып тұрды; 1917 жылғы ноябрьде жабылды. Кейінірек «Воля», «Воля Вольная», «Воля Народная», «Воля Свободная», «Воля Страны» деген аттармен де шығып тұрды. 1918 жылғы февральда біржола жабылды.— *212.*

80 *«Қызыл офицер күні»* еңбекшілердің қалың бұқарасының назарын совет командирлері құрамын құру және оның кадрларын тәрбиелеу ісіне аудару мақсатымен Бүкіл россиялық бас штабтың әскери-оқу басқармасы ұйымдастырды. 1918 жылы 24 ноябрьде күндізгі сағат 2-де Қызыл алаңда әскери курстар оқушыларының парады болып өтті, парадқа 1- және 2-Совет жаяу әскер командирлері курстарының, Замоскворецк курстарының, 1-Совет Тверь атты әскер курстарының, т. б. курсанттары қатысты. Парадтан кейін курсанттар Совет алаңына қарай бет алды, онда Москва Советі үйінің балконынан В. И. Ленин құттықтау сөз сөйледі. 24 ноябрьдің кешінде Одақтар үйінде, Алексеев халық үйіндегі 1-Совет жаяу әскер командирлері курсында, Коммерциялық институтта (қазір Г. В. Плеханов атындағы халық шаруашылығы институты), Таганкадағы жұмысшы театр үйінде митинг-концерттер болды, бұларда Я. М. Свердлов, Н. И. Подвойский, Н. В. Крыленко, А. М. Коллонтай және басқа жауапты қызметкерлер сөз сөйледі. «Қызыл офицер күні» сондай-ақ Совет республикасының басқа да қалаларында: Петроградта, Саратовта, Орелде, Тверьде өткізілді.— *214.*

81 *Москваның орталық жұмысшы кооперативі уәкілдерінің жиналысы* 1918 жылы 26—27 ноябрьде өтті. Жиналыс басқарма мен тексеру комиссиясының есепті баяндамаларын тыңдап, талқылады, Москвада азық-түлікті бөлу туралы баяндама тыңдады, сондай-ақ кооперативтің жаңа басқармасын сайлады. Меньшевиктер мен эсерлердің қарсылық білдіруіне қарамастан, жаңа басқарма құрамы коммунистер фракциясының ұсынған тізімі бойынша сайланды. Жиналыстың бірінші күні, кешкі мәжілістің аяғында В. И. Ленин кооперативтік ұйымдардың социалистік шаруашылық жүйесіндегі ролі туралы сөз сөйледі.— *215.*

82 Әңгіме меньшевиктердің Орталық Комитетінің орыс революциясы істеріне шетелдік қол сұғушылыққа қарсы науқан көтеруге шақырған үндеу хаты жайында болып отыр; үндеу хат 1918 жылы 26 ноябрьде «Правда» газетінде жарияланды. Совет өкіметінің табыстарына және Батыс Европада революциялық қозғалыстың дамуына байланысты меньшевиктер

Антанта империалистерінің Советтік Россияға жасаған интервенциясын бағалауда «бетбұрыс» жасауға мәжбүр бола отырып, меньшевиктер II Интернационалдың орыс революциясы істеріне араласуын жақтады. Меньшевиктердің лидерлері империалистік мемлекеттердің ашық қарулы интервенциясын бағалауда «бетбұрысты» тек сөз жүзінде ғана жасады. Іс жүзінде олар пролетариат диктатурасының бұрынғыдай бітіспес жауы болып қала берді, сөйтіп іс жүзінде еліміздің әр түрлі аудандарында (Кавказ, Украина, Сибирь, т. б.) шетел империалистері мен орыс ақ гвардияшыларының Совет республикасына қарсы күресін, олардың саясатын қолдап отырды.

В. И. Ленин меньшевиктердің бұл кезеңдегі позициясын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «Ел қорғанысына зиян келтірген меньшевиктік газетті жабу туралы» қарарының өзі жазған жобасында (қараңыз: осы том, 525—526-беттер) және басқа да шығармаларында сынады.— *217.*

83 В. И. Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде тұтынушылардың кооперативтік ұйымдары туралы декрет жобасының талқылануын айтып отыр. Декреттің бастапқы жобасын Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 220—224-беттер) және оны Азық-түлік халық комиссариаты нақтылады. Декрет жобасы 1918 жылы 19 январьда «Известия ЦИК»-те жарияланды. Жоба кооперацияның Совет өкіметінің органдарына тәуелсіз болуын талап етуді қорғаған буржуазиялық кооператорлар тарапынан мейлінше қатты қарсылық туғызды. Сауданы ретке келтіру үшін және халық арасында өнім болу үшін кооперативтік аппаратты пайдалану қажет деп есептей отырып, Халық Комиссарлары Советі кооператорларға кейбір кеңшіліктер беруді мүмкін деп тапты. Халық шаруашылығы жоғары совсті, кооперация және азық-түлік ұйымдары өкілдерінің 1918 жылы мартта және апрельдің басында болған келіс сөздері нәтижесінде декреттің жобасы жасалып, ол Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерінде талқыланды. Ленин толықтырулар мен түзетулер енгізген жобаны Халық Комиссарлары Советі қабылдады (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», II том, 1959, 86—91-беттер). 11 апрельде декрет Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде бекітіліп, 13 апрельде «Правда» газетінде жарияланды.

Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбегінде декретке баға береді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 201—202-беттер).— *219.*

84 Бұл арада *«Жабдықтауды ұйымдастыру туралы»* декрет айтылып отыр. Бұл декреттің жобасы Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде 1918 жылы 12 ноябрьде талқыланды және Халық Комиссарлары Советі оны 21 ноябрьде біржолата бекітті. 24 ноябрьде декрет «Известия ВЦИК»-те жария-

ланды. В. И. Ленин декретті жасауға тікелей қатысып, декреттің жобасына бірқатар түзетулер мен қосымшалар енгізді (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 276—280-беттер).— *219.*

85 РКП(б) Орталық Комитеті 1918 жылы ағымдағы саясаттың аса маңызды мәселелері жөнінде партия активінің жиналыстарын өткізіп тұрды. 1918 жылы 27 ноябрьде Москва партия қызметкерлерінің жиналысы 1918 жылдың күзіне қарай қалыптасқан жағдайлардың нәтижесінде ұсақ буржуазиялық демократияның Совет өкіметі жағына бет бұруына байланысты пролетариаттың ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы мәселеге арналды. Бұл мәселе жөнінде В. И. Ленин баяндама жасады. Баяндама қызу жарыс сөз туғызды. Баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзінде Ленин талқыланып отырған мәселе бойынша сөйленген жарыс сөзді қорытты.— *221.*

86 Ф. Энгельстің *«Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі»* деген мақаласы «Die Neue Zeit» журналында 1894 жылы ноябрьде жарияланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 501—525-беттер). 1904 жылы мақала жеке кітапша түрінде Женевада басылып шығып, орыс тілінде жарияланды.

Мақаланың жазылуына Германия социал-демократиялық партиясының 1894 жылы октябрьде өткен Франкфурт съезінде осы партияның оң қанаты лидерлерінің бірі Г. Фольмардың аграрлық мәселе жөнінде сөйлеген сөзі тікелей себеп болды; Г. Фольмар Энгельстің ұсақ шаруалар жөніндегі көзқарастарын оппортунистік рухта бұрмалап көрсетті. «Vorwärts» газетінің редакциясына жазған хатында Энгельс Фольмардың теріс пікірлеріне тойтарыс берді және өзінің аграрлық мәселе жөніндегі көзқарасын баяндап, негіздейтін мақала жазу ниеті барлығын хабарлады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 499—500-беттер).

Франкфурт съезі арнаулы комиссия сайлады, бұл комиссияға келесі съезге дейін партияның аграрлық программасын әзірлеу тапсырылды. Комиссия әзірлеген аграрлық программа жобасы Германия социал-демократиялық партиясының 1895 жылы октябрьде өткен Бреславль съезінде, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, талқыланды. Комиссияның ревизионистік рухта жасалған жобасы дауыс беру кезінде көпшілік дауысқа ие бола алмады да, оны съезд қабылдамай тастады. Съезд ауыл шаруашылығының даму заңдарын одан әрі зерттей түсу қажеттігі туралы шешім қабылдады.— *222.*

87 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 518, 520-беттер).— *222.*

88 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 523-бет.) — *223.*

89 Бұл арада, сірә, Швейцария үкіметінің американ кіші елшісінің қысымымен РСФСР-дің Я. А. Берзин басқарған уәкілетті өкілдігін Швейцариядан қуып жіберуі жайында айтылып отырса керек. Бұл туралы мәліметтер «Правда» мен «Известия ВЦИК» газеттерінде (1918 жылы 13 және 20 ноябрьде), сондай-ақ Я. А. Берзиннің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 25 ноябрьдегі мәжілісінде РСФСР-дің Швейцариядағы уәкілетті өкілдігінің қызметі туралы жасаған баяндамасында айтылды.

Ленин төменде сөз етіп отырған РСФСР-дің уәкілетті өкілін Голландияға жіберуге рұқсат беруден голланд үкіметінің бас тартуы туралы 69-ескертуді қараңыз.— *231.*

90 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 523-бет).— *236.*

91 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 344-бет).— *238.*

92 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 518-бет.) — *239.*

93 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 423, 429-беттер.— *241.*

94 Бұл арада Қызметшілердің кәсіптік одақтарының Бүкіл россиялық советінің Халық Комиссарлары Советіне баяндау хаты айтылып отыр; баяндау хат «Вестник Служащего» журналының 1918 жылғы 11—12-номерінде жарияланды. Бұл хатта Қызметшілердің кәсіптік одақтарының Бүкіл россиялық советінің атқару комитеті Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 21 ноябрьдегі «Жабдықтауды ұйымдастыру туралы» декретіне сәйкес Азық-түлік халық комиссариаты жүргізіп отырған жабдықтауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа қызметшілер кәсіподақтарының мүшелерін тарту қажеттігін көрсетеді (қараңыз: 84-ескерту).— *248.*

95 «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапты жазу жұмысына В. И. Ленин 1918 жылы октябрьдің басында, К. Каутскийдің «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасымен танысқан бойда кірісті: бұл кітапшасында II Интернационалдың идеялық көсемі пролетарлық революцияның маркстік теориясын мейлінше бұрмалап, масқаралады және Совет мемлекетіне жала жапты.

Ленин Каутскийдің социалистік революция мен пролетариат диктатурасы туралы мәселе жөніндегі оппортунистік көзқарасын әшкерелеуге айрықша мән берді. 1918 жылы августа «Sozialistische Auslandspolitik» («Социалистік Сыртқы Саясат») журналында Каутскийдің мақаласы жарық көрді; бұл мақаласында ол социал-демократиялық партияларды большевиктерге қарсы күреске шақырған болатын. Ленин 1918 жылы 20 сентябрьде «Правдадан» осы мақаланың үзінділерін оқып, Стокгольмге В. В. Воровскийге былай деп жазды: «Каутскийдің масқара сандырағы, балалық бәлдір-батпағы және ең пасықтық оппортунизмі мынадай сұрақ туғызады: Каутскийдің марксизмді *теориялық* жағынан масқаралауына қарсы күресу үшін неге ештеңе істемей отырмыз?» (Шығармалар, 35-том, 339-бет).

Ленин сол кезде Совет республикасының Скандинавия елдеріндегі уәкілетті өкілі болған Воровскийден Каутскийдің диктатура туралы кітапшасы шыққан бойда осы кітапшаны және оның большевиктер туралы мақалаларының бәрін жіберуді өтінді.

В. Д. Бонч-Бруевич өзінің естеліктерінде: Владимир Ильич «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітабын жазуға тым беріле кірісті, «ол дәл бір қаһарын төгіп шүйліккендей болды», «ұзақ күндер бойы түн ортасынан ауғанша осы бір күш-қуаты жағынан өте тамаша шығарманы жазып отырды...» деп жазды. Ленин кітапшаны жазып бітірмей тұрып-ақ 9 октябрьде «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген мақаласын жазды, бұл мақала 11 октябрьде «Правдада» басылды. 10 октябрьде сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичеринге немесе оның орынбасары Л. М. Караханға жолдаған запискасында Ленин өзінің Каутскийге қарсы жазған мақаласын Берлинге А. А. Иоффеге, Я. А. Берзинге және В. В. Воровскийге жіберуді және оларға былай деп жазылған хатты беруді өтінді: «Қымбатты жолдастар! Каутскийге қарсы жазған өзімнің мейлінше шағын мақаламның кемшіліктерін өте жақсы түсінемін. Бірақ дегенмен *тезірек* позиция ұстау керек, өз пікірімді айтуым керек қой. Аударып, листок етіп бастырып шығаруларыңызды қатты өтінемін» (Лениннің XXXVI жинағы, 61—62-беттер). «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген мақала неміс тілінде Бернде 1918 жылы және Венада 1919 жылы басылып шықты; нақ осы жылы ол Миланда итальян тілінде басылды.

Лениннің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшасы 1919 жылы Англияда, Францияда және Германияда шықты.— *253.*

96 *«Социал-Демократ»*— құпия газет, РСДРП-ның Орталық Органы; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Газеттің 1-номері Россияда шығарылды, одан кейін газетті шығару шетелге көшірілді; 2—32-номер-

лері (февраль, 1909 — декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде 5-інің қосымшасы болды. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады. Газетте Лениннің 80-нен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында халықаралық оппортунизмге, ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы күресте, большевиктік ұрандарды насихаттауда, жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасын империалистік соғысқа және оның дем берушілеріне қарсы күреске оятуда «Социал-Демократ» аса көрнекті роль атқарды. Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализм бастапқыда бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияда таратылуы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Халықаралық социал-демократияның интернационалистік элементтерін топтастыру ісінде «Социал-Демократ» зор роль атқарды. Соғыс жағдайынан туған кедергілердің бәрін жеңе отырып, газет көптеген елдерге жол таба білді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде «Социал-Демократтың» сіңірген еңбегін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар толық жинағы, 36-том, 135—136-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды.— *255.*

97 *«Коммунист»* — В. И. Ленин ұйымдастырған журнал; «Социал-Демократ» газетінің редакциясы журналды шығаруға қаржы берген Г. Л. Пятаковпен және Е. Б. Бошпен бірлесіп шығарды (журналдың редакциясына Н. И. Бухарин де кірді). Не бары бір (қосарланған) номері шықты (сентябрь, 1915), онда Лениннің «II Интернационалдың күйреуі», «Француз социалисінің адал үні», «Италиядағы империализм мен социализм» деген үш мақаласы жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 221—283-беттер; 27-том, 5—14 және 15—25-беттер).

Ленин «Коммунисті» солшыл социал-демократтардың халықаралық органы етпекші болды. Алайда журналдың 1—2-номерін әзірлеудің барысында-ақ «Социал-Демократ» редакциясының Бухаринмен, Пятаковпен және Бошпен арасында елеулі алауыздықтар бар екені айқындалды, бұл алауыздық журнал жарыққа шыққаннан кейін шиеленісе түсті. Бұл

топтың антипартиялық қылығына байланысты «Социал-Демократ» газетінің редакциясы Лениннің ұсынысы бойынша журналды бұдан былай шығару мүмкін емес деп санайтынын мәлімдеді.— *255.*

98 Бұл арада *«Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)»* деген кітапша айтылып отыр. В. И. Ленин кітапшаны жазуды бірінші халықаралық социалистік конференцияны әзірлеуге байланысты ойластырды. Кітапшаны жазуға Г. Е. Зиновьев қатысты, алайда оны негізінен В. И. Ленин жазып шықты. Бүкіл кітапшаның жалпы редакциясын жасаған да оның өзі. «Социализм және соғыс» деген шығарманы Ленин «біздің партиямыздың қарарларына түсініктемелер» деп атады.

«Социализм және соғыс» деген еңбек 1915 жылы сентябрьде өткен Циммервальд конференциясының қарсаңында шағын кітапша түрінде орыс және неміс тілдерінде басылып шығып, конференцияға қатысушыларға таратылып берілді. Циммервальд конференциясынан кейін кітапша Францияда француз тілінде басылып шықты. Кітапша толық түрде норвег тілінде норвег солшыл социал-демократтарының органында басылды. В. И. Ленин сол кезде-ақ бұл кітапшаны Америкада ағылшын тілінде бастырып шығаруға әлденеше рет әрекет жасаған болатын. Бірақ бұлай бастырып шығару ол кезде жүзеге аспады.

В. И. Ленин «Социализм және соғыс» деген еңбектің мүмкіндігіне қарай көбірек таралуына зор мән берді. Россиядағы 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін ол кітапшаны Петроградта қайта бастырып шығаруды қатты талап етті.

«Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)» деген еңбекті 1918 жылы жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Петроград Советі Петроградта кітапша етіп бастырып шығарды. Ол кең таралды. Кітапша жеке-жеке басылым болып көптеген тілдерде басылып шықты.— *255.*

99 *«Базель манифесі»*— соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде болып өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын» қарсы қоюға шақырды. Базель манифесіне Штутгарт конгресінің (1907) қарарынан В. И. Ленин алып тұжырымдаған пункт енгізілді, онда империалистік соғыс бастала қалған жағдайда социалистер соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға тиіс делінген.— *256.*

[100] Цитат К. Маркстің «Гота программасына сын» деген еңбегінен келтірілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 27-бет).— *260.*

[101] Қараңыз: Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 318-бет).— *265.*

[102] Бұл пікірді Энгельс К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне жазған «Кіріспесінде» айтқан болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 197-бет).— *268.*

[103] Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Бедел туралы» деген мақаласынан цитат алып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 305-бет).— *268.*

[104] Қараңыз: К. Маркстің 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282-бет), Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегі (Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 339, 344—345-беттер) және «Франциядағы азамат соғысына» Ф. Энгельстің 1891 жылы жазған «Кіріспесі» (Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 199-бет).— *269.*

[105] Бұл арада «Коммунистік партияның манифесінің» немісше басылымына К. Маркс пен Ф. Энгельстің 1872 жылы жазған алғы сөзі айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 90-бет).— *269.*

[106] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 171—172-беттер).— *271.*

[107] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 318-бет.— *272.*

[108] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 200—201-беттер.— *272.*

[109] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 173-бет.— *272.*

[110] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 342, 344-беттер.— *272.*

[111] *Вигтер мен тори* — Англияның XVII ғасырдың 70—80-жылдарында пайда болған саяси партиялары. Вигтер партиясы финанс топтары мен сауда буржуазиясының, сондай-ақ буржуазияланушы аристократияның бір бөлегінің мүдделерін

білдірді. Вигтер либералдық партияның негізін қалады. Тори партиясы ірі жер иелерінің және ағылшын дін басыларының өкілі болды, өткендегі феодалдық дәстүрді қорғады, либералдық және прогрестік талаптарға қарсы күресті; кейіннен консервативтік партияның негізін қалады. Вигтер мен тори партиялары өкімет басында бір-бірін алма-кезек ауыстырып отырды.— *273.*

112 В. И. Ленин бұл арада 1894 жылы француз соғысқұмарларының реакциялық-монархистік топтары француз бас штабының офицері — еврей Дрейфусқа қарсы ұйымдастырған арандатушылық процесті айтып отыр; Дрейфусқа шпиондық және мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айып тағылды. Реакцияшыл соғысқұмарлардың әдейі ұйымдастыруымен өмір бойы тұтқында болуға үкім шығарылған Дрейфустың сотталуын Францияның реакциялық топтары антисемитизмді өршіту және республикалық режим мен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуылға шығу үшін пайдаланды. 1898 жылы социалистер және буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдері (олардың ішінде Э. Золя, Ж. Жорес, А. Франс және басқалар бар) Дрейфустың ісін қайта қарау үшін науқан ашқан кезде, бұл іс бірден ашық саяси сипат алды және елді екі лагерьге: бір жағынан, республикашылдар мен демократтар лагеріне, екінші жағынан, монархистердің, клерикалдардың, антисемиттер мен ұлтшылдардың блогы лагеріне бөлді. 1899 жылы жұртшылық пікірінің қысымымен Дрейфусқа кешірім жасалып, ол босатылды; 1906 жылы кассациялық соттың шешімі бойынша ол кінәсыз деп танылып, армияға қайта алынды.— *274.*

113 Бұл арада елін ағылшын үстемдігінен азат ету мақсатымен көтерілген 1916 жылғы ирланд көтерілісін аяусыз басып-жаншу айтылып отыр. «Европада... Ирландия көтеріліс жасаған, ...» «бостандық сүйгіш» ағылшындар бұл көтерілісті ату-асу арқылы басқан»,— деп жазды Ленин 1916 жылы (Шығармалар толық жинағы, 30-том, 59-бет).

Ульстер (Олстер) — Ирландияның көбінесе ағылшындар мекендеген солтүстік-шығыс бөлегі; Ульстер әскерлері ағылшын әскерлерімен бірлесіп ирланд халқының көтерілісін басып-жаншуға қатысты.— *274.*

114 Қараңыз: К. Маркстің «Саяси индифферентизм» деген мақаласы (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 297-бет).— *281.*

115 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 305-бет.— *281.*

116 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 318-бет.— *281.*

[117] Бұл арада Апрель тезистері айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 124—130-беттер).— *289.*

[118] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 446—447-беттер.— *291.*

[119] В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне Ф. Энгельстің жазған «Кіріспесін» айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 22-том, 200-бет).— *292.*

[120] *В. И. Лениннің «Россиядағы саяси партиялар және пролетариаттың міндеттері» деген кітапшасы* ағылшын тілінде «The Evening Post» газетінде 1918 жылы 15 январьда, Америка социалистік партиясы сол қанатының журналы «The Class Struggle»-нің 1917 жылғы ноябрь-декабрьдегі 4-номерінде басылып шықты, сондай-ақ жеке басылым болып та шықты.

«The Evening Post» («Нью-Йорк Кешкі Почтасы») — буржуазиялық американ газеті. Нью-Йоркте 1801 жылдан шығып тұрды; 1801—1832 жылдары «The New York Evening Post» деп аталды. Бірнеше жыл бойы либералдық бағыттағы орган болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін газетте одақтастардың патша үкіметімен жасасқан құпия шарттары басылды. Кейіннен Америка Құрама Штаттарының ең реакцияшыл империалистік топтарының органына айналды. Қазіргі кезде «The New York Post» («Нью-Йорк Почтасы») деген атпен шығып тұрады.— *297.*

[121] В. И. Ленин бұл арада РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында қабылданған партия программасын қайта қарау туралы қарарды айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 476-бет). Қарардың текстін Ленин жазған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 453—454-беттер).— *297.*

[122] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 318-бет.— *299.*

[123] 1917 жылы 14 (27) июньде Уақытша үкімет Құрылтай жиналысының сайлауын 1917 жылғы 17 (30) сентябрьге белгілеу туралы қаулы қабылдады. Августа Уақытша үкімет сайлауды 12 (25) ноябрьге ауыстырды.

Құрылтай жиналысының сайлауы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, белгіленген мерзімінде — 12 (25) ноябрьде болды. Сайлау Октябрь революциясына дейін жасалған тізім бойынша, Уақытша үкімет бекіткен ереже бойынша өткізілді, сөйтіп ол социалистік революцияның мә-

нің халықтың едәуір бөлегі әлі де түсініп үлгірмеген жағдайда өтті. Мұны оңшыл эсерлер пайдаланып, астанадан және өнеркәсіп орталықтарынан шалғай жатқан губерниялар мен облыстарда көпшілік дауыс жинап алды. Құрылтай жиналысын Совет үкіметі шақырды, ол 1918 жылы 5 (18) январьда Петроградта ашылды. Құрылтай жиналысының контрреволюциялық көпшілігі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Құрылтай жиналысына ұсынған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» қабылдамай тастады және Советтердің II съезінің бітім туралы, жер туралы, өкіметтің Советтерге көшуі туралы декреттерін бекітуден бас тартты, осыған байланысты Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 6 (19) январьдағы декреті бойынша таратылды.— *299.*

124 *Бүкіл россиялық демократиялық кеңесті* Советтердің меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитеті өкімет туралы мәселені шешу үшін 1917 жылы сентябрьде Петроградта шақырған болатын. Ал кеңесті ұйымдастырушылардың өздерінің алдына қойған шын мақсаты халық бұқарасының назарын өрістеп келе жатқан революциядан басқа жаққа аудару болды. Кеңеске 1500-ден астам адам қатысты. Меньшевиктер мен эсерлердің лидерлері жұмысшы және шаруалар бұқарасының өкілдігін әлсірету және түрлі ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық ұйымдар делегаттарының санын көбейту, сөйтіп кеңесте өздері үшін көпшілікті қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданды. Мәселен, қалалық өзін өзі басқару орындарына көп өкілдік берілді, олар 300 орын алды, земстволар 200 орын алды, меньшевиктер мен эсерлердің қолында болған кооперативтерге 120 орын берілді. Ал халықтың басым көпшілігінің өкілі саналатын жұмысшы және солдат депутаттары Советтеріне не бары 230 орын берілді.

РСДРП(б) Орталық Комитеті 3(16) сентябрьдегі мәжілісінде кеңеске қатысу туралы шешім қабылдап, жергілікті партия ұйымдарына нұсқау хат жіберді, онда «кеңеске қатысушылардан, біздің партиямыздың мүшелерінен, мүмкіндігінше неғұрлым елеулі және топтасқан топ құруға барлық күш-жігерді жұмсау» қажет деп көрсетті («РСДРП(б) Орталық Комитеті секретариатының жергілікті партия ұйымдарымен жазысқан хаттары (Март — октябрь, 1917 ж.)», 1957, 35-бет). Большевиктер кеңеске оны меньшевиктер мен эсерлерді әшкерелейтін трибуна ретінде пайдалану үшін қатысты.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетіне, Петроград және Москва комитеттеріне жолдаған «Большевиктер өкіметті алуға тиіс» деген хатында және РСДРП(б) Орталық Комитетіне жолдаған «Марксизм және көтеріліс» деген хатында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 271—273,

274—280-беттер) большевиктердің Демократиялық кеңес жөніндегі тактикасын белгілеп берді.

Демократиялық кеңес өз құрамынан предпарламент (Бүкіл россиялық демократиялық совет) дейтінді құрды.

Предпарламенттің бірінші мәжілісінде-ақ (23 сентябрьде) жаңа үкімет коалициясын құру туралы эсерлер мен меньшевиктердің кадеттермен жасасқан келісімі мақұлданды. Жаңа коалициялық Уақытша үкімет ереже бекітті, бұл ереже бойынша предпарламент «Россия республикасының Уақытша советі» деп аталды және үкімет жанындағы тек кеңесші орган болуға тиіс болды. Оның құрамы буржуазиялық-помещиктік ұйымдар мен мекемелердің (кадет партиясының және басқалардың) өкілдерімен толықтырылды. Мұның өзі халық арасында парламенттік жалған үміттер туғызуға, социалистік революцияның дамуына бөгет жасауға тырысқан әрекет еді.

РСДРП(б) Орталық Комитеті 21 сентябрьде (4 октябрьде) большевиктерді кеңестің президиумынан кері шақырып алу, бірақ кеңестен кетпеу туралы шешім қабылдады. 8 дауыс қарсы болып, 9 дауыс жақтап предпарламентке кірмеу ұйғарылды. Дауыстардың тепе-тең бөлінуіне байланысты мәселені түпкілікті шешу партия кеңесіне берілді, оны «Демократиялық кеңестегі фракциядан дереу құру» ұйғарылды. Орталық Комитет мәжілісінің протоколында одан әрі былай деп жазылған: кеңесте 50 дауыс қарсы болып, 77 дауыс жақтап предпарламентке қатысу ұйғарылды және бұл шешімді Орталық Комитет бекітті.

Ленин «Подлогтың сабаздары туралы және большевиктердің қателері туралы», «Публицистің күнделік дәптерінен. Біздің партияның қателері» және «Дағдарыс пісіп жетілді» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 281—290, 291—298, 308—319-беттер) деген мақалаларында большевиктердің Демократиялық кеңес жөніндегі тактикасының қателерін сынға алды; ол большевиктердің предпарламенттен шығуын үзілді-кесілді талап етті және барлық күшті көтерілісті әзірлеуге жұмылдыру қажеттігін атап көрсетті. Партияның Орталық Комитеті Лениннің ұсынысын талқылап, большевиктердің предпарламенттен кетуі туралы қаулы қабылдады, сөйтіп Каменевтің, Рыковтың және предпарламентке қатысуды жақтаған басқа да капитулянттардың қарсыласуын жеңіп шықты. 7(20) октябрьде, предпарламент ашылған бірінші күні, большевиктер декларациясын оқып беріп, одан кетіп қалды.— *303.*

125 *Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық I съезі* 1917 жылы 3—24 июньде (16 июнь — 7 июльде) Петроградта өтті. Съезге 1090 делегат қатысты. Ол кезде Советтерде азшылық болған большевиктердің 105 делегаты бар еді. Делегаттардың басым көпшілігі меньшевиктік-эсер-

лік блоктың және оларды қолдаған ұсақ топтардың өкілдері болды.

В. И. Ленин съезде 4 (17) июньде Уақытша үкіметке көзқарас туралы және 9 (22) июньде соғыс туралы сөз сөйледі (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 291—324-беттер). Большевиктер Уақытша үкіметтің империалистік саясатын, меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаздық тактикасын әшкерелеу үшін съезд трибунасын кең пайдаланды, бүкіл өкіметтің Советтердің қолына өтуін талап етті. Большевиктер барлық негізгі мәселелер бойынша өз қарарларын ұсынып, қорғап отырды. Большевиктердің сөйлеген сөздері делегаттарға ғана емес, сонымен бірге халықтың қалың бұқарасына — жұмысшыларға, шаруаларға, солдаттарға арналды.

Қабылданған қарарларда съездің эсерлік-меньшевиктік көпшілігі Уақытша үкіметті қолдау позициясына көшіп, оның майданда шабуылға әзірленіп жатқанын мақұлдады және өкіметтің Советтер қолына көшуіне қарсы шықты. Съезд Советтердің II съезіне дейін өмір сүрген Орталық Атқару Комитетін сайлады, оның құрамында эсерлер мен меньшевиктер басым көпшілік болды.

Съездің маңызын бағалай келіп, В. И. Ленин съезд эсерлер мен меньшевиктер көсемдерінің революциядан шеттеп кеткенін «айта қаларлықтай айқын» көрсетті деп жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 346-бет).— *303.*

126 *Жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық екінші съезі* 1917 жылы 25—26 октябрьде (7—8 ноябрьде) Петроградта өтті. Съезге сондай-ақ шаруа депутаттарының бірқатар уездік және губерниялық Советтерінің делегаттары да қатысты. Анкет комиссиясының деректеріне қарағанда, съезд ашылған кезде оған 649 делегат қатысты, оның ішінде 390 большевик, 160 эсер, 72 меньшевик, 14 интернационалист-меньшевик болды. Делегаттар съезд ашылғаннан кейін де келіп жатты.

Съезд 25 октябрьде кешкі 10 сағат 40 минутта Смольныйда ашылды. Бұл кезде Қызыл гвардия отрядтары, матростар және Петроград гарнизонының революцияшыл әскери бөлімдері Қысқы сарайға тіке шабуыл жасап жатқан-ды, юнкерлер мен «екпінді» батальондар күзеткен Уақытша үкімет осында орналасқан болатын. В. И. Ленин съездің бірінші мәжілісіне қатысқан жоқ, өйткені көтеріліске басшылық етуден қолы босамады. Меньшевиктер мен эсерлердің оң қанатының лидерлері коалициялық үкімет құру туралы Уақытша үкіметпен келіс сөз бастауға шақырып, жасалып жатқан социалистік революцияны заговор деп атады. Съездің көпшілігі большевиктерді қолдайтындығына көздері жеткеннен кейін меньшевиктер, оңшыл эсерлер мен бундшылдар съезден кетіп қалды. 26 октябрь (8 ноябрь) күні таңертеңгі сағат төрт кезінде съезд Қысқы сарайдың алынғаны және Уақыт-

ша үкіметтің қамауға алынғаны туралы хабарды тыңдады, және де Ленин жазған «Жұмысшыларға, солдаттарға және шаруаларға!» деген үндеу хатты қабылдады, бұл үндеу хатта өкіметтің жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің қолына көшкендігі жарияланды. Мәжіліс таңертеңгі сағат алты кезінде аяқталды.

Съездің екінші мәжілісі 26 октябрьде (8 ноябрьде) кешкі 8 сағат 40 минутта ашылды. Ленин бітім туралы және жер туралы баяндамалар жасады. Съезд Ленин жазған бітім туралы және жер туралы тарихи декреттерді бекітті. Съезд жұмысшы және шаруа үкіметін — В. И. Ленин бастаған Халық Комиссарлары Советін құрды. Съезд сайлаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына 101 адам, оның ішінде 62 большевик, 29 солшыл эсер, 6 интернационалист-меньшевик, Украин социалистік партиясынан — 3 өкіл, максималист-эсерлерден 1 өкіл енді. Съезд сондай-ақ: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті шаруа Советтерінің және армиялық ұйымдардың өкілдерімен, сондай-ақ съезден кетіп қалған топтардың өкілдерімен толықтырылуы мүмкін деп қаулы етті. Съезд таңертеңгі сағат алты кезінде жабылды.— *303.*

127 ***Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық үшінші съезі*** 1918 жылы 10—18 (23—31) январьда Петроградта өтті. Съезге жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының 317 Советінен және армиялық, корпустық және дивизиондық 110 комитеттен өкілдер қатысты. Съездің бастапқы кезінде оған 707 делегат қатысты, олардың 441-і большевик. 13 (26) январьда шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық III съезіне қатысқандар съезге келіп қосылды. Сонымен бірге делегаттар саны съездің ашылар кезіне кешігіп келгендер есебінен де көбейді. Съездің қорытынды мәжілісіне 1587 делегат қатысты.

Съезд Я. М. Свердловтың Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қызметі туралы баяндамасын талқылады. В. И. Ленин съезде Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің баяндамалары талқыланған кезде меньшевиктер мен оңшыл эсерлер Совет өкіметінің ішкі және сыртқы саясатына қарсы шықты. Ленин Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзін олардың позициясын сынауға арнады. Съезд кейін Совет мемлекеті Конституциясының негізіне алынған лениндік «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» бекітті. Съезд қабылдаған қарарда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің саясаты толық мақұлданып, оларға толық сенім білдірілді.

Съезд Россия социалистік республикасы Россия халықтарының ерікті одағы негізінде Совет республикаларының

федерациясы ретінде құрылады деп шешім қабылдады және Совет өкіметінің ұлт мәселесі жөніндегі саясатын мақұлдады.

Съезд Жер туралы декрет негізінде әзірленген Жерді социализациялау туралы заңның негізгі ережелерін бекітті.

Съезд сайлаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына 160 большевик, 125 солшыл эсер, 2 интернационалист-меньшевик, 3 анархист-коммунист, 7 максималист-эсер, 7 оңшыл эсер, 2 меньшевик кірді.— *303.*

128 Брест бітім шартын бекіту туралы мәселені шешу үшін шақырылған *Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі* Москвада 1918 жылы 14—16 мартта болып өтті. Стенографиялық есептің деректеріне қарағанда, съезге шешуші дауыспен 1232 делегат қатысты, олардың ішінде большевиктер — 795, солшыл эсерлер — 283, центрдің эсерлері — 29, меньшевиктер — 21, интернационалист-меньшевиктер және басқалар — 11. Сыртқы істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары Г. В. Чичериннің бітім шарты туралы хабарламасынан кейін осы мәселе жөнінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті атынан Ленин баяндама жасады; солшыл эсерлер фракциясынан бітім шартын бекітуге қарсы Б. Д. Камков қосымша баяндама жасады. Брест шартын бекітуге меньшевиктер, оңшыл және солшыл эсерлер, максималистер, анархистер және басқалар қарсы шықты. Шиеленіскен жағдайда өткен жарыс сөзден кейін съезд делегаттарының аттарын атап дауысқа қою арқылы басым көпшілік дауыспен бітім шартын бекіту туралы Ленин ұсынған қарарды қабылдады; 784 делегат қарарды жақтап дауыс берді, 261 делегат қарсы болды; 115 делегат қалыс қалды.

Съезд Совет мемлекетінің астанасын Москваға көшіру туралы қаулы қабылдады және құрамында 200 адам бар Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетін сайлады.— *304.*

129 *Советтердің Бүкіл россиялық V съезі* 1918 жылы 4 июльде Москвада Үлкен театрда ашылды. Съезге шешуші дауыспен 1164 делегат қатысты, олардың ішінде: большевиктер — 773, солшыл эсерлер — 353, максималистер — 17, анархистер — 4, интернационалист-меньшевиктер — 4, басқа партиялардың мүшелері — 3, партияда жоқтар — 10.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қызметі туралы Я. М. Свердлов есепті баяндама жасады; Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы В. И. Ленин баяндама жасады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есептері жөнінде болған қызу жарыс сөздерден кейін съезд көпшілік дауыспен коммунистік фракция ұсынған қарарды қабылдады, онда «Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты толық мақұлданды». Совет үкіметіне сенімсіздік көрсетуді, Брест бітім шартын бұзуды, Совет өкіметінің ішкі және сыртқы саясатын өзгертуді ұсынған солшыл эсерлердің қарары қабылданбады.

Съезде жеңіліске ұшыраған солшыл эсерлер 6 июльде Москвада контрреволюциялық бүлік шығарып, ашық қарулы қимыл жасауға шықты. Осыған байланысты съезд өз жұмысында үзіліс жасап, оны тек 9 июльде ғана қайта бастады. 6—7 июльде болған оқиғалар туралы үкіметтің хабарын тыңдаған соң, съезд солшыл эсерлердің қылмысты авантюрасын жою жөніндегі үкіметтің батыл әрекеттерін толық мақұлдады және өздерінің басшы жоғарғы тобының көзқарастарын қостайтын солшыл эсерлерге «жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінде орын болмауға тиіс» деп атап көрсетті.

Азық-түлік жөніндегі халық комиссары А. Д. Цюрупаның баяндамасы бойынша қабылданған қарарда съезд астық монополиясының мызғымайтындығын дәлелдеді, кулактардың қарсылығын үзілді-кесілді басып-жаншу қажеттігін көрсетті және кедейлер комитеттерін ұйымдастыруды мақұлдады.

Қорытынды мәжілісте, 10 июльде, съезд Қызыл Армияны ұйымдастыру туралы баяндаманы тыңдап, коммунистік фракция ұсынған қарарды бірауыздан бекітті, бұл қарарда еңбекшілердің міндетті әскери міндеткерлігі негізінде Қызыл Армияны ұйымдастыру және нығайту жөніндегі шаралар белгіленді.

Съезд Совет елі еңбекшілерінің жеңістерін заң жүзінде баянды еткен РСФСР-дің бірінші Конституциясын қабылдады.— *304.*

130 В. И. Ленин бұл арада өзінің «Совет үкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаласын айтып отыр, бұл мақала 1918 жылы 28 апрельде «Правда» және «Известия ВЦИК» газеттерінде жарияланған, сондай-ақ жеке кітапша болып басылып шыққан (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 178—225-беттер).— *309.*

131 1918 жылы 14 июньде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мынадай қаулы қабылдады: «1) Совет өкіметі барлық майдандарда халықаралық империализмнің қысымына да, сонымен бірге Россия республикасының өз ішінде Жұмысшы-шаруа үкіметіне қарсы күресте барып тұрған арсыз жалақорлықтан бастап заговорға және қарулы көтеріліске дейінгі құралдардың ешқайсысынан да тартынбай отырған империализм одақтастарының қысымына да бірдей төтеп беріп, ең қиын кезеңдерді басынан кешіріп отыр; 2) көрер көзге Советтер өкіметінің беделін түсіруге және оны құлатуға ұмтылып отырған партиялар өкілдерінің совет ұйымдарына қатысуына мүлдем жол беруге болмайды; 3) бұрын жарияланған, сондай-ақ осы мәжілісте жария болып отырған документтерден: социалист-революционерлер (оңшылдар мен центр) партиясының және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының (меньшевиктердің) өкілдері, оның ішінде ең жауаптыларына дейін, көрінеу контрреволюцио-

нерлермен — Донда Калединмен және Корниловпен, Уралда Дутовпен, Сибирьде Семеновпен, Хорватпен және Колчакпен, ал, ең ақырында, соңғы күндері чехословактармен және оларға қосылған қаражүздіктермен одақтаса отырып, жұмысшылар мен шаруаларға қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырғандығы әшкереленді; осыларды еске алып,— Советтердің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамынан социалист-революционерлер (оңшылдар мен центр) партиясының және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының (меньшевиктердің) өкілдері шығарылсын, сондай-ақ жұмысшы, солдат, шаруа және казак депутаттарының барлық Советтеріне осы фракциялардың өкілдерін өз ортасынан аластау ұсынылсын».— *309.*

132 *«Либердандар»*— кекесін атау, Москвадағы большевиктік «Социал-Демократ» газетінде (№ 141, 25 август (7 сентябрь), 1917 жыл) Д. Бедныйдың «Либердан» деген фельетоны жарияланғаннан кейін меньшевиктердің лидерлері Либер мен Дан және олардың жақтаушылары осылай аталып кетті.—*310.*

133 *«Активистер»* деп Октябрь социалистік революциясының алғашқы күндерінен бастап Совет өкіметіне және большевиктер партиясына қарсы қарулы күрес әдісін қолданған меньшевиктердің бір тобы аталды. Активист-меньшевиктер әр түрлі контрреволюциялық заговорлық ұйымдардың құрамына кірді, Корниловты, Калединді, буржуазиялық-ұлтшылдық Украин радасын қолдады, ақ чехтардың бүлігіне белсене қатысты, шетел интервенттерінің әскерлерімен одақ жасасты. 1918 жылы меньшевиктер партиясының қолдауына сүйеніп, «активистер» азық-түлік жағдайын талқылаймыз деген сылтаумен бірнеше рет «жұмысшы» конференциясы мен уәкілдер жиналысын өткізуге мүмкіндік алды, бұл конференциялар мен жиналыстарда іс жүзінде Советтерді жою талабы қойылды.— *310.*

134 Ленин бұл арада А. Бебельдің 1910 жылы 20 сентябрьде Германия социал-демократиялық партиясының Магдебург съезінде сөйлеген сөзін айтып отыр. Бұл съезд туралы В. И. Лениннің «Екі дүние» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 10—19-беттер).— *311.*

135 *«Франкфурт Газеті»* («Frankfurter Zeitung»)— күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы; 1856 жылдан 1943 жылға дейін Майндағы Франкфуртте шығып тұрды. 1949 жылдан «Frankfurter Allgemeine Zeitung» («Жалпыға бірдей Франкфурт Газеті») деген атпен қайтадан шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы болып табылады.— *312.*

136 Бұл арада «Vorwärts» газетінің 1918 жылғы 21 октябрьдегі 290-номерінде басылған «Диктатура ма, әлде демократия ма?» деген бас мақала айтылып отыр.

«Алға» («Vorwärts»)— күнделікті газет. Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt»-тың («Берлин Халықтық Газетінің») жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін газет антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *312.*

137 В. И. Ленин бұл арада Г. В. Плехановтың РСДРП екінші съезінде 1903 жылы 30 июльде (12 августа) партия программасы туралы мәселе талқыланған кезде сөйлеген сөзін айтып отыр. «Жоғары таптардың,— деген болатын Плеханов,— бір кездерде революцияшыл пролетариаттың саяси праволарын тежегені сияқты, революцияшыл пролетариат та жоғары таптардың саяси праволарын тежей алар еді. Мұндай шараның қаншалықты жарамдылығын мына ереженің тұрғысынан ғана қарап төрелік айтуға болар еді: salus revolutionis suprema lex (революцияның табысты болуы ең жоғары заң. *Ред.*). Парламенттердің мерзімдері жөніндегі мәселеде де біз осы көзқараста болуға тиіс болар едік. Егерде революциялық энтузиазмы тасыған халық ең жақсы парламентті — былайша айтқанда chambre introuvable (теңдесі жоқ палатаны. *Ред.*) сайлаған болса, онда біздің ол парламентті *ұзақ уақыт уәкілдік ететін парламент етуге* тырысуымыз керек болар еді; ал егер сайлау сәтсіз болып шыққан болса, онда біздің ол парламентті екі жылдан кейін емес, егер мүмкін болса, екі аптадан кейін қуып жіберуге тырысуымыз керек болар еді» («РСДРП екінші съезі. Протоколдар», М., 1959, 182-бет).

Ленин өзінің еңбектерінде Плехановтың осы айтқан пікіріне әлденеше рет сілтеме жасады (мәселен, «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапты және Шығармаларға тұңғыш рет енгізіліп отырған «Плеханов террор туралы» деген мақаланы қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 8-том, 225—226-беттер, 35-том, 196—198-беттер).— *314.*

138 *Циммервальдтық солшыл топ* В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1915 жылы сентябрьде Циммервальдта болған Халықаралық социалистік конференцияда құрылды. Топ 8 делегатты — РСДРП Орталық Комитетінің және Швецияның,

Норвегияның, Швейцарияның, Германияның солшыл социал-демократтарының, поляк социал-демократиялық оппозициясының және Латыш өлкесі социал-демократиясының өкілдерін біріктірді. В. И. Ленин бастаған Циммервальдтық солшыл топ конференцияның центристік көпшілігіне қарсы күрес жүргізіп, қарар мен манифестің жобаларын енгізді; бұл жобаларда империалистік соғыс айыпталды, социал-шовинистердің сатқындығы әшкереленіп, соғысқа қарсы белсене күрес жүргізу қажеттігі атап көрсетілді. Центристік көпшілік бұл жобаларды қабылдамай тастады. Алайда Циммервальдтық солшыл топ өзінің қарары жобасының бірқатар маңызды қағидаларын конференция қабылдаған манифеске енгізуіне мүмкіндік алды. Манифесті империалистік соғысқа қарсы күресте жасалған алғашқы қадам деп бағалап, Циммервальдтық солшыл топ осы манифесті жақтап дауыс берді, ерекше мәлімдемеде манифестің жете айтылмаған жерлерін, оның дәйекті еместігін және топтың оны жақтап дауыс беру себептерін атап көрсетті. Сонымен қатар Циммервальдтық солшыл топ жалпы алғанда Циммервальд бірлестігінде қала отырып, халықаралық көлемде дербес жұмыс жүргізе беретінін және өз көзқарастарын тарата беретінін мәлімдеді. Бұл топ басшы орган — бюро сайлады, оның құрамына В. И. Ленин, Г. Е. Зиновьев және К. Радек кірді. Циммервальдтық солшыл топ неміс тілінде өз органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығарып тұрды, онда Лениннің бірқатар мақалалары басылды.

Циммервальдтық солшыл топтағы жетекші күш бірден-бір дәйекті, ақырына дейін интернационалистік позиция ұстаған большевиктер болды. Ленин Радектің оппортунистік ауытқуларына қарсы күрес жүргізіп, басқа да бірқатар солшылдардың қателерін сынады. Циммервальдтық солшыл топтың төңірегіне халықаралық социал-демократияның интернационалистік элементтері топтаса бастады. 1916 жылы апрельде Кинталь деревнясында, Бернге жақын жерде, болған екінші халықаралық социалистік конференцияда Циммервальдтық солшыл топ конференцияның 43 делегатының 12 делегатын біріктірді, ал бірқатар мәселелер жөнінде бұл топтың ұсыныстарын жақтап делегаттардың жартысына жуығы дауыс берді. Бірқатар елдердің Циммервальдтық солшыл топқа енген социал-демократтары зор революциялық жұмыс жүргізіп, өз елдерінде коммунистік партия құру ісінде маңызды роль атқарды.

Циммервальдтық солшыл топ туралы В. И. Лениннің «Алғашқы адым» және «Революцияшыл марксистер 1915 ж. 5—8 сентябрьдегі халықаралық социалистік конференцияда» деген мақалаларын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 41—47, 48—52-беттер).— *317.*

139 В. И. Ленин К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне Ф. Энгельс жазған «Кіріспеден» цитат келтіріп отыр

(қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 191-бет).— *319.*

140 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 342-бет.— *319.*

141 *Спартакшылдар* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымының мүшелері; «Спартак» тобын дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка) және В. Пик ұйымдастырған.

1915 жылы апрельде Р. Люксембург пен Ф. Меринг «Die Internationale» журналын ұйымдастырып, Германияның солшыл социал-демократтарының негізгі тобы осы журналдың төңірегіне топтасты. 1916 жылдан «Интернационал» тобы «Спартак» деп қол қойып, құпия түрде «Саяси хаттар» шығарып, тарата бастаған кезден бастап ол «Спартак» тобы деп аталды. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы жаппай бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясат мәселелерінде елеулі қателер жіберді: империализм дәуірінде ұлт-азаттық соғыстар болу мүмкіндігін теріске шығарды, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны туралы мәселе жөнінде дәйекті позиция ұстамады, жұмысшы табының авангарды ретінде пролетарлық партияның ролін кемсітті, пролетариаттың одақтасы ретінде шаруаларды жете бағаламады, оппортунистерден үзілді-кесілді ажырасудан қорықты. Ленин герман солшыл социал-демократтарының бұл қателерін талай рет сынап, олардың дұрыс позиция ұстауына көмектесті (мәселен, «Юниустың кітапшасы туралы», «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген еңбектерін қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 1—18, 87—148-беттер).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, онда өзінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде, Германиядағы революция барысында, спартакшылдар «Спартак одағы» болып қалыптасты, 1918 жылы 14 декабрьде өз программасын жариялады, «тәуелсіздерден» қол үзді. 1918 жылы 30 декабрьде — 1919 жылы 1 январьда болған Құрылтай съезінде спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды.— *327.*

142 Бұл арада *Каутскийдің «Орыс революциясының қозғаушы күштері және перспективалары» деген мақаласы* айтылып отыр. Бұл мақала орыс тілінде 1906 жылы декабрьде В. И. Лениннің редакциялауымен және алғы сөзімен кітапша

түрінде басылып шықты (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 241—248-беттер).— *331.*

143 Қараңыз: К. Маркстің «Буржуазия және контрреволюция» деген мақаласы (Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 115—116-беттер).— *332.*

144 Солшыл эсерлер герман елшісі Мирбахты арандатушылықпен өлтіргеннен кейін және солшыл эсерлердің 1918 жылғы 6—7 июльдегі бүлігінен кейін солшыл эсерлер партиясынан екі жаңа партия —«халықшыл-коммунистер» және «революцияшыл коммунистер» партиялары бөлініп шықты.

«Халықшыл-коммунистер» солшыл эсерлердің антисоветтік әрекеттерін айыптап, 1918 жылы сентябрьде болған конференцияда өз партиясын құрды. «Халықшыл-коммунистердің» программалық «Манифесі» «Знамя Трудовой Коммуны» газетінде 21 августа-ақ басылған болатын. «Халықшыл-коммунистер» большевиктер партиясының орта шаруалармен одақтасу жөніндегі бағытын мақұлдады. Олардың көпшілігі совет органдарына қатысты, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына енді (мәселен, Г. Д. Закс). 1918 жылы 6 ноябрьде партияның төтенше съезі оны таратып, РКП(б)-мен қосылу жөнінде бірауыздан шешім қабылдады.

«Революциялық коммунизм партиясы» ұйым ретінде «Воля Труда» газетін жақтаушылар тобының 1918 жылы 25—30 сентябрьде Москвада болған съезінде қалыптасты. Газеттің бірінші номері 14 сентябрьде шықты. Онда алдағы болатын съезге арналған платформа басылып, бұл платформада солшыл эсерлердің террористік әрекеттері және олардың Брест бітімін бұзу жөніндегі әрекеттері айыпталды. Құрылтай съезі большевиктермен ынтымақтасу тактикасын жақтап, Совет өкіметін қолдау қажет деп тапты. «Революцияшыл коммунистердің» программасы мейлінше қайшылықты программа болды. Советтер өкіметі социалистік құрылыс орнату үшін алғы шарттар жасайды деп санағанымен, «революцияшыл коммунистер» сонымен бірге капитализмнен социализмге өту дәуірі үшін пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды. Коминтерннің II конгресінің әрбір елде тек бір ғана коммунистік партия болуға тиіс деген шешімінен кейін, революцияшыл коммунистер партиясы 1920 жылы сентябрьде РКП(б)-ға қосылу туралы қаулы қабылдады. Ал сол жылы октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті партия ұйымдарына бұрынғы «революцияшыл коммунистер» партиясының мүшелерін РКП(б)-ға қабылдауға рұқсат етті.— *333.*

145 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282-бет.— *338.*

146 Шығыс майданындағы совет әскерлерінің қолбасшысы М. А. Муравьевтің опасыздығы солшыл эсерлердің 1918 жыл-

ғы июльдегі бүлігіне тығыз байланысты болды. Бүлікшілердің жоспары бойынша, Муравьев Шығыс майданы әскерлерін Совет өкіметіне қарсы көтеріліске шығаруға, сөйтіп ақ чехтармен қосылып, Москваға жорыққа аттануға тиіс еді. 10 июльде Муравьев Симбирскіге келіп, өзінің Брест бітімін мойындамайтынын және Германияға соғыс жариялайтынын мәлімдеді. Муравьевтің алдауына түскен әскери бөлімдер почтаны, телеграфты, радиостанциясын басып алды және атқару комитетінің үйін, Симбирскідегі әскерлер тобының штабын қоршап алды. Муравьев Самарадан Владивостокқа дейінгі аралықтағы ақ гвардияшылар мен интервенттерді Москваға шабуыл жасауға шақырып, радиограмма жіберді.

Совет үкіметі Муравьевтің авантюрасын жою үшін шұғыл шаралар қолданды. Симбирскінің коммунистері солдаттар мен қала халқының арасында үлкен түсінік жұмыстарын жүргізді. Бұрын Муравьевті қолдап келген әскери бөлімдер бүлікшілерге қарсы аттануға әзір екендіктерін мәлімдеді. 11 июльде кешке Муравьев Симбирск атқару комитетінің мәжілісіне шақырылды; ол бұл шақыруды атқару комитетінің тізе бүккендігі деп ойлады. Мәжілісте Муравьевтің интервенттерге және ақ гвардияшыларға қарсы соғыс қимылдарын тоқтататындығы туралы опасыздық телеграммалары оқылған кезде, коммунистер оны қамауға алуды талап етті. Муравьев қарсылық көрсетуге әрекеттенгендіктен сол жерде атып өлтірілді, ал оның сыбайластары қамауға алынды.— *339.*

147 Ленин *«июль дағдарысы»* деп елдің орталық губернияларындағы, Поволжьедегі, Уралдағы және Сибирьдегі кулактардың контрреволюциялық бүліктерін айтып отыр, бұл бүліктерді 1918 жылы жазда шетел интервенттерінің қолдауына сүйеніп, меньшевиктер мен эсерлер ұйымдастырған болатын.— *341.*

148 *Бланкизм* — аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің көрнекті өкілі Луи Огюст Бланки (1805—1881) басқарған француз социалистік қозғалысындағы ағым. Бланкистер «адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы емес, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды» күтті (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 85-бет). Революциялық партияның қызметін заговоршылардың құпия шағын тобының әрекетімен алмастырған олар көтерілістің жеңуі үшін қажет нақты жағдайды ескермеді және бұқарамен байланысты керек деп таппады.— *342.*

149 Бұл арада Октябрь социалистік революциясынан бірнеше күн бұрын егіншілік министрі С. Л. Масловтың Уақытша үкіметке енгізген эсерлік заң жобасы айтылып отыр. Жоба «Жер комитеттерінің егіншілік және ауыл шаруашылық қатынас-

тарды реттеуі туралы ереже» деген атпен 1917 жылы 18 (31) октябрьде «Дело Народа» газетінде ішінара жарияланды; бұл газетті эсерлер партиясының орталық комитеті шығарып тұрды.

«С. Л. Маслов мырзаның бұл заң жобасы,— деп жазды Ленин,— эсерлер партиясының шаруаларға толық опасыздық жасағандығы, бұл партияның помещиктердің сөзін сөйлеуге толық көшкендігі» («Эсерлер партиясының шаруаларды жаңадан алдауы» деген мақаланы қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 482-бет). Жобада жер комитеттерінің жанынан ерекше аренда қорын жасау көзделіп, бұл қорға мемлекеттік және монастырьлық жерлер берілмекші болды. Жерге помещиктік меншік сол күйінде қалды. Помещиктер уақытша аренда қорына бұрын өздерінің арендаға беріп жүрген жерлерін ғана берді, оның бер жағында шаруалардың «арендаға алынған жерлер» үшін төлейтін ақысы помещиктерге төленуге тиіс болды.

Уақытша үкімет шаруалар көтерілісіне және шаруалардың помещик жерлерін басып алуына жер комитеттерінің мүшелерін қамауға алумен жауап берді.— *343.*

150 Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары», II бөлім, 1957, 34-бет.— *352.*

151 Германиядағы *1918 жылғы Ноябрь революциясына* Германияның дүние жүзілік соғыста жеңілуі, елдің шаруашылығының бүлінуі, соғысты тоқтатуды талап еткен халық бұқарасы мен әскердің күйзеліске ұшырауы тікелей себеп болды. Германиядағы революциялық оқиғаларға Россиядағы Октябрь социалистік революциясы үлкен ықпалын тигізді.

Революцияның басталуына ағылшын флотымен шайқаста «абыроймен өлу» үшін корабльдерді ашық теңізге шығару жөнінде командованиенің бұйрығын орындаудан бас тартқан әскери флот матростарының 1918 жылы 3 ноябрьде Кильде бұрқ ете түскен көтерілісі себеп болды. Көтеріліске теңіз жағалауындағы қалалардың бірінен соң бірі: Брунсбюттель, Вильгельмсгафен, Куксгафен және басқа қалалар қосылды. Корабльдерде, казармаларда, кәсіпорындарда алғашқы солдат және жұмысшы Советтері құрыла бастады. Бүкіл Солтүстік Германияны қамтыған революция аз уақыттың ішінде елдің орталық және оңтүстік аудандарына тарады. 9 ноябрьде спартакшылдардың шақыруы бойынша Берлинде жаппай ереуіл басталды. Ол тез арада қарулы көтеріліске ұласты. Жұмысшылар полиция басқармасының үйін, почтамт, комендатура үйлерін басып алды. Ратушаның, рейхстагтың, Бранденбург қақпасының төбелеріне қызыл жалаулар ілінді. Халық көтерілісінің нәтижесінде II Вильгельмнің юнкерлік-буржуазиялық монархиясы құлатылды, ал оның өзі тақтан бас тартуға мәжбүр болды.

Германия социал-демократтарының және центристік Тә-

уелсіз социал-демократиялық партиясының оңшыл лидерлері капиталистік құрылысты сақтап қалу үшін барлық күшін салды. Оңшыл социал-демократтар мен центристер жаңа құрылған жұмысшы және солдат Советтерінің көбінде басым көпшілік орынға ие болды. 10 ноябрьде Берлин Советінің пленумында құрылған уақытша үкімет оңшыл социал-демократтардан (Ф. Эберт, Ф. Шейдеман, О. Ландсберг) және «тәуелсіз» социал-демократтардан (Г. Гаазе және басқалар) құрылды, бұлар кейін үкімет құрамынан шықты. Үкіметтің программасы буржуазиялық құрылыс шеңберінде әлеуметтік реформалар жүргізуден әрі аспады. Советтердің 1918 жылы 16—21 декабрьде Берлинде болған Бүкіл германдық I съезінде оңшыл социал-демократтардың лидерлері үкіметке заң шығару және атқару билігін беру туралы, Құрылтай жиналысының сайлауын өткізу туралы қарар қабылдаттыруға мүмкіндік алды. Іс жүзінде мұның өзі Советтерді жою деген сөз еді.

Неміс жұмысшы табының революциялық күрес тәжірибесі спартакшылдардың Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясынан біржолата қол үзіп, жұмысшы табының жауынгер революциялық партиясын құрудың қажеттігіне көзін жеткізді. 1918 жылы 30 декабрьде ашылған Құрылтай съезінде неміс жұмысшы табының таңдаулы өкілдері Германия Коммунистік партиясын құрды. Германияның жас компартиясына Құрылтай съезі жұмысып аяқтаған бойда елеулі сыннан өтуге тура келді. Компартияны басшылықтан айыру және жұмысшы табының авангардын талқандау мақсатымен герман буржуазиясы жұмысшыларды мезгілсіз қарулы көтеріліске арандатуды ұйғарды. 6 январьда Берлинде басталған көтерілістің басшылығы «тәуелсіздердің» қолына түсті, ал олар әуел бастан-ақ жауға жедел және батыл шабуыл жасауды ұйымдастырмады, ал одан кейін үкіметпен опасыздық келіссөздер жүргізуге кірісті. Әскери министр оңшыл социал-демократ Г. Носке бастаған контрреволюцияшыл отрядтар Берлин пролетариатының көтерілісін аяусыз қаталдықпен басып-жаныштады. 15 январьда қарулы бандалар неміс жұмысшы табының көсемдері К. Либкнехт пен Р. Люксембургті қамауға алып, айуандықпен өлтірді. Январь көтерілісін талқандап, неміс жұмысшыларының таңдаулы көсемдерін құртып, герман буржуазиясы Құрылтай жиналысының 1919 жылы 19 январьда болған сайлауында буржуазиялық партиялардың жеңіп шығуын қамтамасыз етті.

Германияда революция пролетарлық революцияға ұласа алмағандығына және герман халқына ұлттық және әлеуметтік азаттық әперу міндеттерін шеше алмағандығына қарамастан, оның үлкен прогрестік маңызы болды. Белгілі дәрежеде пролетарлық әдістермен және құралдармен жүзеге асырылған Ноябрь буржуазиялық-демократиялық революциясының нәтижесінде Германияда монархия құлатылып, буржуазиялық-демократиялық республика орнатылды, ол қа-

рапайым буржуазиялық-демократиялық бостандықтарды, 8 сағаттық жұмыс күнін заң жүзінде белгілеуді қамтамасыз етті. Германиядағы Ноябрь революциясы Советтік Россияға елеулі көмек көрсетіп, тонаушылық Брест бітім шартын жоюға мүмкіндік берді.— *358.*

152 *«Құрылтай жиналысы туралы тезистерді»* В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 35-томынан қараңыз, 172—177-беттер. Лениннің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген 1918 жылы басылып шыққан кітабына «Тезистер»: ««Правдада» басылды, Петроград, сәрсенбі, 26. XII. 1917» деген тақырыппамен енді.— *359.*

153 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 318-бет.— *365.*

154 Бұл арада Ostrogorski, M. «La Démocratie et les Partis Politiques» (Острогорский. «Демократия және саяси партиялар») деген кітап жөнінде айтылып отыр. Бұл кітап бірінші рет 1903 жылы Парижде басылып шықты. Орыс тілінде бірінші томы 1927 жылы, ал екінші томы 1930 жылы жарық көрді. Кітапта Англия мен Америка Құрама Штаттары тарихынан буржуазиялық демократияның жалғандығы мен екіжүзділігін әшкерелейтін нақты материалдар көп келтірілген.— *366.*

155 *Мемлекеттік бақылауды пайдалану туралы қаулының жобасын* В. И. Ленин 1918 жылы 3 декабрьде совет мекемелерінің жұмысын реттеп отыру және Республиканың қорғаныс қабілетін арттыру мақсатымен Қорғаныс Советі (Қорғаныс Советі туралы 169-ескертуді қараңыз) құрған іс жүзіндегі бақылау туралы мәселе жөніндегі комиссияның мәжілісінде енгізді. Ленин ұсынған жоба комиссия шешімінің негізіне алынды.— *367.*

156 Әңгіме банк қызметшілерінің съезін шақыру үшін тең комиссиялар құру туралы болып отыр, бұл съезд кәсіптік екі одақтың — кредит ісі қызметкерлерінің Бүкіл россиялық кәсіптік одағы (Банктруд) мен РСФСР Халық банкі қызметкерлері одағының (Банкосотруд) орнына банк ісі қызметкерлерінің біртұтас одағын құруға тиіс болатын. 1918 жылы 2 декабрьде банк қызметшілерінің екі кәсіподағы арасындағы өзара қатынастар туралы және съезд шақыру туралы мәселе арнаулы кеңесте талқыланды, бұл кеңеске В. И. Ленин басшылық етті. Банк қызметшілерінің съезі 1919 жылы январьдың бас кезінде өтті.— *368.*

157 *Жұмысшы кооперациясының III съезі* 1918 жылы 6—11 декабрьде Москвада өтті. Съезге шешуші дауыспен 208 делегат және кеңесші дауыспен 98 делегат қатысты. Шешуші дауыспен қатысқан делегаттардың ішінде коммунистер және олар-

ға тілектестер 121 адам болды; «тәуелсіз» кооперация дейтінді жақтаушылар, яғни осы жалаудың астында әрекет етуші меньшевиктер мен оңшыл эсерлер 87 шешуші дауысқа ие болды. В. И. Ленин съездің 9 декабрьдегі кешкі мәжілісінде жұмысшы кооперациясының міндеттері туралы сөз сөйледі. В. П. Ногин, В. П. Милютин және басқалар кооперация жұмысының мәселелері жөнінде баяндамалар жасады. Съездe меньшевиктер мен эсерлер кооперацияның Совет өкіметіне «тәуелсіз» болуын жақтады. Олардың қарсылық көрсетуіне қарамастан, съезд кооперацияның «тәуелсіздігіне» ұмтылған антисоветтік әрекеттерді айыптады және жұмысшы кооперациясының барлық күшін советтік азық-түлік органдарымен бірлесіп халықты жабдықтау ісін ұйымдастыруға бағыттау қажет деп тапты. Жұмысшы кооперациясы Бүкіл россиялық советінің съезде сайланған 15 мүшесінің 10-ы коммунист (В. П. Ногин, В. П. Милютин, И. И. Скворцов-Степанов және басқалар) еді.— *371.*

158 Бұл арада «халықшыл-коммунистер» мен «революцияшыл коммунистер» партиялары айтылып отыр, бұлар солшыл эсерлер партиясынан бөлініп шыққан болатын (қараңыз: 144-ескерту).— *380.*

159 *Жер бөлімдерінің, кедейлер комитеттерінің және коммуналардың Бүкіл россиялық I съезі* 1918 жылы 11—20 декабрьде Москвада Одақтар үйінде өтті. Съезге 38 губерниядан 550 делегат (оның ішінде 389 коммунист) қатысты. В. И. Ленин съезд ашылған күні, 11 декабрьдегі, кешкі мәжілісте сөз сөйледі. Сондай-ақ осы мәжілісте Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан Я. М. Свердлов құттықтау сөз сөйледі, жер жөніндегі саясаттың міндеттері туралы егіншілік халық комиссары С. П. Середа және бүкіл халық шаруашылығының негізгі міндеттеріне байланысты ауыл шаруашылығының міндеттері туралы В. П. Милютин баяндамалар жасады. Келесі күндері съезд жұмысы жерге орналастыру секциясы, коллективтік және советтік шаруашылықтар секциясы, ауыл шаруашылығы (агрономия) секциясы, орман шаруашылығы секциясы және ұйымдастыру-финанс секциясы бойынша өтті. Съезд 17—20 декабрьдегі пленум мәжілістерінде секциялардың баяндамаларын тыңдап, талқылады.

Съезде жасалған баяндамалар мен қабылданған қарарларда деревняларды революциялық жолмен өзгертудің қорытындылары шығарылып, ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту, ұсақ, жекеше шаруашылықтардан жерді қоғамдасып өңдеуге көшу жолдары белгіленді. «Жер жөніндегі саясаттың ең басты міндеті,— делінді съезд қарарларының бірінде,— егіншілік коммуналарын, советтік коммунистік шаруашылықтарды және жерді қоғамдасып өңдеуді кеңінен

ұйымдастыруды дәйекті түрде ұдайы жүргізе беру болып табылады».

Жер бөлімдерінің, кедейлер комитеттерінің және коммуналардың Бүкіл россиялық I съезінің қаулылары кейінірек Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қабылдаған «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ережеге» негіз етіліп алынды. Бұл «Ережені» әзірлеуге В. И. Ленин тікелей қатысты. (Жерді қоғамдасып өңдеу туралы ережелердің жобасына Лениннің жасаған ескертпелерін Лениннің XXIV жинағынан қараңыз, 39—41-беттер). Ленин «Ережені» соңғы рет редакциялау үшін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті құрған комиссияда баяндамашы болды. «Ереже» 1919 жылы 14 февральда «Известия ВЦИК» газетінің 34-номерінде жарияланды.— *382.*

160 *«Совет мекемелерін басқару туралы ережелердің нобайын»* В. И. Ленин Қорғаныс Советінде талқылауға арнап әзірледі (Қорғаныс Советі туралы 169-ескертуді қараңыз). Ленин осы документ жіберілуге тиіс адамдардың тізімін де жасады. Тізімге мыналар енгізілді: Л. Б. Красин, Н. Н. Крестинский, Г. И. Петровский, Д. И. Курский, Я. М. Свердлов, В. А. Аванесов, И. В. Сталин және К. И. Ландер. Документке қоса жолданған запискада Ленин былай деп жазды: «Менің Қорғаныс Советіне арнап жазған осы нобайымды оқып шығуларыңызды, жолдастарға көрсетулеріңізді және оны 14/XII, сенбіде талқылауларыңызды өтінемін; түзетулеріңізді сенбіге дейін жазбаша түрде бергендеріңіз жөн. 12. XII. 1918 жыл».— *395.*

161 *Москвадағы Пресня ауданының жұмысшы конференциясын* РКП(б) Пресня аудандық комитеті жұмысшы және қызыл әскер депутаттарының Пресня Советімен бірлесіп шақырды, бұл конференция 1918 жылы 14—16 декабрьде Алексеев халық үйінде өтті. Конференцияға өнеркәсіп орындарынан және қызыл әскер бөлімдерінен 1400-ге жуық өкіл қатысты. В. И. Ленин конференцияның бірінші күні халықаралық жағдай туралы және ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарас туралы сөз сөйледі. — *400.*

162 *Француз социалистік партиясы* Франция социалистік партиясы (гедистер) мен Француз социалистік партиясының (жоресистер) қосылуы нәтижесінде 1905 жылы құрылған болатын. Біріккен партияны реформистер басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап партияның басшылары социал-шовинизм позициясына, империалистік соғысты ашық қолдап, буржуазиялық үкіметке қатысу позициясына көшті. Партия ішінде Ж. Лонге басқарған, социал-пацифизм позициясында болып, социал-шовинистер жөнінде келісімпаздық саясат жүргізген центристік бағыт бар еді. Сондай-ақ,

Француз социалистік партиясы ішінде интернационалистік позиция ұстаған және көбінесе партияның қатардағы мүшелерінің өкілі болған солшыл, революциялық қанат та болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін партия ішінде, бір жағынан, ашық реформистер мен центристер және, екінші жағынан, партияға қатардағы жұмысшылардың жаппай кіруі арқасында күшейген солшыл, революциялық қанат арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Партияның 1920 жылы декабрьде Турда өткен съезінде революциялық қанат көпшілік дауыс алды. Съезд партияның Коммунистік Интернационалға қосылуы жөнінде шешім қабылдады және Франция Коммунистік партиясын құрды. Реформистік-центристік көпшілік партиядан бөлініп шығып, дербес партия құрды және партияның Француз социалистік партия деген бұрынғы атын сақтап қалды.— *404.*

163 *«Қызыл Ту»* («Die Rote Fahne»)— «Спартак одағының» Орталық органы ретінде К. Либкнехт пен Р. Люксембург негізін қалаған газет; кейіннен — Германия Коммунистік партиясының орталық органы. Газет 1918 жылы 9 ноябрьден бастап Берлинде шығып тұрды; герман өкімет орындары тарапынан талай рет қуғындалып, талай рет тыйым салынды. Герман социал-демократтарының реакцияшыл лидерлеріне қарсы газеттің жүргізген күресін сипаттай келіп, В. И. Ленин 1919 жылы октябрьде былай деп жазды: «Коммунистердің берлиндік «Қызыл Ту» газетінің қаһармандық күресіне жұрт толық сүйсінуде» (Шығармалар, 30-том, 37-бет).

«Die Rote Fahne» Германия Коммунистік партиясын бұқаралық пролетарлық революциялық партияға айналдыру және оны оппортунистік элементтерден тазарту жолындағы күресте үлкен роль атқарды. Газет елді милитарландыруға қарсы қажырлы күрес жүргізді, жұмысшы табының фашизмге қарсы күресте қимыл бірлігін орнатуды жақтады. Газетке Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің председателі Э. Тельман белсене жазып тұрды. Германияда фашистік диктатура орнағаннан кейін «Die Rote Fahne»-ға тыйым салынды, бірақ ол құпия түрде шығуын тоқтатпай, фашистік режимге үзілді-кесілді қарсы шықты. 1935 жылы газеттің шығарылуы Прагаға (Чехословакия) көшірілді; 1936 жылдың октябрінен 1939 жылдың күзіне дейін «Die Rote Fahne» Брюссельде (Бельгия) шығарылып тұрды.— *407.*

164 Бұл арада Азық-түлік халық комиссариатының жанынан құрылған *«Жұмысшы азық-түлік инспекциясын ұйымдастыру туралы ереже»* айтылып отыр. «Ережені» Халық Комиссарлары Советі 1918 жылғы 5 декабрьде қабылдап, 7 декабрьде ол «Известия ВЦИК»-те жарияланды. Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде Халық Комиссарлары Советінің «Ереже» жөніндегі қаулысының Ленин жазған нобайы және

Лениннің «Ереже» жобасына ескертпелері жарияланып отыр.— *414.*

165 *«Ұран»* («Der Weckruf»)—газет, Неміс Австриясы Коммунистік партиясының Орталық органы; 1918 жылғы ноябрьден 1919 жылғы 11 январьға дейін Венада шығып тұрды. 1919 жылғы 15 январьдан бастап газет «Die Soziale Revolution» («Әлеуметтік Революция») деген атпен, ал 1919 жылғы 26 июльден бастап «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») деген атпен шыға бастады (1920 жылдың 13 октябріне дейін газет Неміс Австриясы Коммунистік партиясының Орталық органы ретінде, ал сол жылдың 14 октябрінен бастап Австрия Коммунистік партиясының Орталық органы ретінде шығарылды). 1933 жылы июльде, үкімет тыйым салғаннан кейін, одан әрі құпия түрде шығарылды. 1945 жылғы августан бастап Австрия Коммунистік партиясының Орталық органы «Osterreichische Volksstimme» («Австрия Халық Үні») деген атпен шығып тұрды, 1957 жылғы 21 февральдан бастап ол «Volksstimme» деп аталады.— *421.*

166 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 86-бет).— *426.*

167 *Халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық II съезі* 1918 жылы 19—27 декабрьде Москвада өтті. Съезге 216 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 112 делегат қатысты. Съезд делегаттарының құрамында 175 коммунист және коммунистерге тілектестер болды. Съезд Халық шаруашылығы жоғары советі мен халық шаруашылығы советтерінің бірінші жылғы жұмысының қорытындыларын шығарды. Съезде: В. П. Милютин — дүние жүзілік экономикалық жағдай және Советтік Россияның экономикалық жағдайы туралы, Л. Б. Красин — Қызыл Армияны жабдықтау туралы, Ларин (М. А. Лурье) — сауданы национализациялау және өнім бөлуді ұйымдастыру туралы, Н. П. Брюханов — азық-түлік ісінің жағдайы туралы, В. И. Невский — темір жол транспорты туралы баяндамалар жасады және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар жасалды. Съезде ұйымдастыру, национализацияланған кәсіпорындарды басқаруды ұйымдастыру жөніндегі, өнеркәсіпті қаржыландыру жөніндегі, кооперативтік-коммуналдық секциялар мен жұмысшы және мемлекеттік бақылау жөніндегі секция жұмыс істеді.

Съезд жұмысының алтыншы күні, 25 декабрьде, В. И. Ленин сөз сөйледі. Лениннің баяндамасы бойынша бірауыздан қабылданған қарарға кәсіпорындар мен органдардың басшыларына өздері басқарып отырған кәсіпорындар мен органдардың жұмысы үшін коллегиялық жауапкершіліктен жеке жауапкершілікке көшу туралы ұсынысы енгізілді. Съезд шешімдерінде Лениннің баяндамасында тұжырым-

далған басқа да қағидалар: кәсіптік одақтардың өнеркәсіпті тікелей басқаруға неғұрлым белсене қатысуы туралы, кооператив ұйымдарын мемлекеттік дайындау және өнімдерді бөлу ісіне тарту туралы және басқа қағидалар өз бейнесін тапты.

Съезд Халық шаруашылығы жоғары советі және губерниялық халық шаруашылығы советтері туралы ережелер қабылдады, сондай-ақ экономикалық өзара қатынастардың жалпы жүйесін қиындатып отырған облыстық халық шаруашылығы советтерін орталық пен жергілікті халық шаруашылығы советтері арасындағы аралық органдар ретінде тарату қажет деп тапты. Съезд өндірісті ұйымдастырудың негізгі әдістері мен типтерін белгіледі: өнеркәсіпті басқаруды көбірек орталықтандыру қажет деп тапты, өнеркәсіптің жеке салаларын басқару жөніндегі бас комитеттердің, орталықтардың құрылуын заңдандырды. Съезд жұмысшы және мемлекеттік бақылау туралы, Қызыл Армияны жабдықтау туралы, қаржыландыру, ауыл шаруашылық кооперациясы мәселелері жөнінде, майдагерлік өнеркәсіпті ұйымдастыру туралы, транспорт мәселелері және басқалар жөнінде шешімдер қабылдады. Съезд герман пролетариатына және Қызыл Армия жауынгерлеріне құттықтау телеграмма жолдады.— *427*.

168 *Халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық I съезі* 1918 жылы 26 майда — 4 июньде Москвада өтті; оған 5 облыстық халық шаруашылығы советінен, 30 губерниялық халық шаруашылығы советінен және уездік халық шаруашылығы советтерінің көпшілігінен, сондай-ақ Халық шаруашылығы жоғары советінің бөлімдерінен, кәсіподақ ұйымдарынан және фабрика-завод комитеттерінен окіл болып 252 делегат қатысты.

Ленин съезді әзірлеу ісіне тікелей қатысты. Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының 23 майдағы мәжілісі Лениннің қатысуымен Кремльде өтті, онда съезд жұмысының мәселелері егжей-тегжейлі қаралып, оның күн тәртібі белгіленді, бірсыпыра баяндамалардың тезистері оларға өзгерістер мен қосымшалар енгізіле отырып бекітілді. Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: Брест шартының экономикалық зардаптары; Россияның жалпы экономикалық жағдайы және экономикалық саясат; Халық шаруашылығы жоғары советінің қызметі; Россияның финанс жағдайы; мемлекеттік бюджет; сыртқы сауда; Мемлекеттік құрылыстар комитеті туралы; жергілікті жерлердің баяндамалары. Бірсыпыра мәселелер өндірісті, еңбекті ұйымдастыру жөніндегі, товар айырбасы, ауыл шаруашылығы жөніндегі секцияларда қаралды.

Съезді Ленин сөз сөйлеп ашты, сөзінде ол шаруашылық құрылысының таяудағы міндеттерін белгілеп берді. Социалистік өндірісті ұйымдастырудың және демократиялық централизм принципі негізінде басқарудың лениндік жоспарына

съезде «солшыл коммунистер», анархо-синдикалистер, меньшевиктер және солшыл эсерлер қарсы шықты. «Солшыл коммунистер» бірсыпыра мәселелер бойынша өз баяндамашыларын тағайындап, өз қарарларын ұсынды. «Солшыл коммунистердің» қысымымен өндірісті ұйымдастыру секциясы «Национализацияланған кәсіпорындарды басқару туралы ереженің» жобасын қабылдады, бұл жоба национализацияланған шаруашылықты басқаруда дара басшылық тәртібін белгілеу және басқаруды орталықтандыру жөнінде партия белгілеген бағытқа қайшы келетін еді. Ленин осы «Ереженің» жобасына жасаған өз ескертпелерінде оның анархо-синдикалистік мәнін ашып берді. Лениннің басшылығымен жаңа «Ереже» әзірленіп, оны съезд бекітті. Лениндік принципті нұсқауларды басшылыққа ала отырып, съезд басқа мәселелер жөнінде де: социалистік национализациялауды одан әрі жүргізе берудің қажеттігі туралы, қала мен деревня арасындағы товар айырбасы туралы, Халық шаруашылығы жоғары советін қайта құру туралы маңызды шешімдер қабылдады; еңбек тәртібін күшейту және еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күрес шараларын белгіледі, ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын жасауды мемлекеттік маңызы бар бірінші дәрежелі іс деп тапты.— *430.*

169 *Қорғаныс Советін (Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советін)* 1918 жылы 30 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті құрды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысында былай деп көрсетілді: Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі Совет республикасын әскери лагерь деп жариялаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 2 сентябрьдегі декретін жүзеге асыру үшін құрылады. Қорғаныс Советі Совет мемлекетінің елде туып отырған ерекше қиын жағдайдың нәтижесінде дүниеге келген төтенше органы болып табылады. Елдің күші мен қаражатын қорғаныс мүддесіне пайдалануға жұмылдыру ісіндегі бүкіл уәкілдік соған берілді. Қорғаныс Советінің Председателі болып В. И. Ленин тағайындалды.

Қорғаныс Советінің қаулылары орталық және жергілікті ведомстволар мен мекемелер үшін, Совет республикасының барлық азаматтары үшін бірдей міндетті болды. Ол шетел интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде Республиканың ең басты әскери-шаруашылық және жоспарлаушы орталығы болды. Революциялық-әскери советтің және басқа әскери органдардың қызметіне Қорғаныс Советі күшті бақылау жасады. 1918 жылғы 1 декабрьден 1920 жылғы 27 февральға дейінгі кезеңнің ішінде Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі 101 рет мәжіліс өткізді, бұл мәжілістерде елдің қорғанысын ұйымдастыру жөнінде 2300-ге жуық мәселе талқыланды. Бұл мәжілістердің екеуінен басқасының бәрінде Ленин председательдік етті. Қорғаныс Советі бүкіл жұмысты өзінің мүшелері арқылы, сондай-ақ Республиканы қоргау жөніндегі аса

маңызды мәселелерді қарау үшін құрылған арнаулы комиссиялар арқылы жүргізіп отырды. Жергілікті жерлерде шұғыл мәселелерді шешу үшін Қорғаныс Советі өзінің уәкілдері ретінде Қорғаныс Советінің мүшелерін, партия мен мемлекеттің көрнекті қайраткерлерін жіберіп отырды.

1920 жылы апрельдің бас кезінде Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі қайта құрылып, Еңбек және Қорғаныс Советі (СТО) деп аталды. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің 1920 жылғы декабрьдегі қаулысы бойынша Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында жұмыс жүргізе бастады, барлық ведомстволардың шаруашылық құрылыс жөніндегі жұмыстарын үйлестіріп отыру оның негізгі міндеті болды; 1937 жылға дейін өзінің қызметін жүргізді.— *434*.

170 Бұл тезистерді В. И. Ленин кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық II съезі (қараңыз: 180-ескерту) ашылардан аз ғана уақыт бұрын, 1918 жылдың декабрі мен 1919 жылдың бас кезі аралығында, кәсіподақтардың міндеттері туралы мәселе талқылануына байланысты жазды. Декабрьдің аяқ кезінде осы мәселені талқылауға арналып Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі коммунистер фракциясы мүшелерінің кеңейтілген кеңесі өткізілді, онда Ленин сөз сөйледі.

Жарияланып отырған тезистер жөніндегі дайындық материалдарды Лениннің XXIV жинағынан қараңыз, 105—107-беттер.— *437*.

171 В. И. Лениннің «Үлкен мәселелерді айқындау үшін кішкентай көрініс» деген мақаласын жазуға А. И. Тодорскийдің «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» деген кітабы тікелей себеп болды, бұл кітапты 1918 жылы Тверь губерниясының Весьегон уездік атқару комитеті бастырып шығарған болатын. Кітапты уездік газеттің редакторы А. И. Тодорский Октябрь революциясының бір жылдығына арнап, уездегі Совет өкіметінің бір жыл ішіндегі жұмысы туралы партияның Тверь губерниялық комитетіне есеп ретінде жазған еді. Сонымен бірге бұл кітап Весьегон Советінің уезд еңбекшілері алдында берген есебі еді. Уезде тап жауларына қарсы жүргізілген күрес, социалистік құрылыстың алғашқы қадамдары кітапта түсінікті түрде және нақты мысалдармен әңгімеленеді. Кітап 1000 дана тиражбен бастырылып, уездің барлық селолары мен деревняларына таратылады, сондай-ақ басылымдар мен тәжірибе алмасу ретінде орталық газеттер мен көршілес губерниялық газеттердің редакцияларына жіберіледі.

А. И. Тодорскийдің кітабын В. И. Ленин кейініректе де еске алып отырды (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, «Публицистің заметкалары» деген мақаланың жоспары, 414—418-беттер және партияның XI съезіне РКП(б) Орталық Комитетінің саяси есебі — Шығармалар, 33-том, 287—288-беттер).

1958 жылы Тодорскийдің кітабы автордың алғы сөзімен «Советская Россия» баспасында басылып шықты (А. И. Тодорский. «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл». М., 1958).— *441.*

172 *«Беднота»* («Кедейлер») — шаруаларға арналған күнделікті газет; 1918 жылғы 27 марттан 1931 жылғы 31 январьға дейін Москвада шығып тұрды. Газет РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы бойынша «Деревенская Беднота», «Деревенская Правда» және «Солдатская Правда» газеттерінің орнына шығарылды. Газет жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту жолында, деревняның кедей және орташа-шаруа бұқарасын Коммунистік партия мен Совет өкіметінің төңірегіне топтастыру және ұйымдастыру жолында белсенді күрес жүргізді. «Беднота» шаруалардың еңбекші топтарының саяси жағынан көзін ашу және мәдениетін көтеру, деревня кедейлері мен орташа-шаруалар арасынан қоғам өміріне белсене қатысушыларды жоғарылату, село тілшілерінің қалың армиясын тәрбиелеу ісінде маңызды роль атқарды. 1931 жылғы 1 февральдан бастап «Беднота» «Социалистическое Земледелие» газетімен бірікті.— *441.*

173. Бұл арада айтылып отырған «Красный Террор» журналының номерін Шығыс майданында контрреволюцияға қарсы күрес жүргізу жөніндегі төтенше комиссия 1918 жылы 1 ноябрьде Қазанда шығарған. Журналда негізінен ресми материалдар — нұсқаулар, есептер, ақпарлар және басқалар басылып тұрды.— *444.*

174 ***Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезінің біріккен мәжілісі 1919 жылы 17 январьда*** азық-түлік жағдайының қиындығына байланысты шақырылды. Мәжіліс Үлкен театрда өтті. В. И. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі коммунистер фракциясынан баяндамашы болды. Ленин өзінің сөзін азық-түлік саясатының негізгі қағидалары жөнінде фракция атынан өзі енгізген жобаны түсіндіруге арнады. Бұл жобаны Біріккен мәжіліс бірауыздан қабылдады. Қарарда негізгі тағам өнімдеріне: нанға, шайға, тұзға, қантқа мемлекеттік монополия белгілеуге бағытталған азық-түлік саясаты дұрыс деп табылды. Ал азық-түлік аппараты әлі әлсіз болып отырған кезде монополиялауға ерте деп саналған өнімдер (ет, теңіз балығы және басқалар) монополияланбайтын болды, бірақ оларды тек Азық-түлік халық комиссариатының органдары ғана тұрақты бағамен дайындай алатын болды. Мәжілісте қабылданған қарардың негізгі қағидалары «Азық-түлік өнімдерін дайындау туралы» декретке енгізілді, бұл декрет 1919 жылы 21 январьда Халық Комиссарлары Советінде бекітіліп, 24 январьда «Известия ВЦИК»-те жарияланды. Совет мемлекетінің азық-

түлік мәселесі жөнінде жүргізген шаралары әскери коммунизм саясаты деп аталған шаралар жүйесінің бір бөлегі болды.— *446.*

175 Бұл арада *«Селодағы астықты жерлерде міндетті түрде товар айырбасын жүргізу туралы»* декрет айтылып отыр, бұл декретте товар айырбасын кооператив ұйымдары арқылы жүргізу көзделген болатын. Декрет 1918 жылы 8 августа «Известия ВЦИК» газетінің 168-номерінде жарияланды. Кооперацияны халықты жабдықтауды ұйымдастыруға пайдалану туралы сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылы 21 ноябрьде қабылдаған жабдықтауды ұйымдастыру мәселесі жөніндегі декретін де қараңыз («КПСС пен Совет үкіметінің шаруашылық мәселелері жөніндегі директивалары», I том, 1957, 91—96-беттер).— *447.*

176 Ленин бұл арада Москва Советінің 1918 жылғы 24 августағы және Петроград Советінің 1918 жылғы 5 сентябрьдегі қаулыларын айтып отыр, бұл қаулыларға сәйкес Москва мен Петроградтың жұмысшылары мен қызметшілеріне өздерінің тек қана жеке тұтынуы үшін бір жарым пұтқа дейін азық-түлік өнімдерін еркін алып жүруге рұқсат етілген болатын. Бұл шара азық-түлік жағдайының қиындығына байланысты туды және Халық Комиссарлары Советінің астыққа монополия енгізу туралы қаулысынан тыс ерекше шара ретінде қабылданды. Халық Комиссарлары Советінің шешімі бойынша аталған қаулылар күшінде болатын мерзім 1918 жылғы 1 октябрьге дейін деп белгіленді.— *452.*

177 *РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясы* орталық және аудандық совет мекемелерінің өзара қатынасы, партияның Советтердегі коммунистік фракциялармен өзара қатынасы туралы мәселені талқылау үшін 1919 жылы 18 январьда шақырылды. Конференцияда Москва комитетінен И. В. Цивцивадзе сөз сөйледі. Ол енгізген қарар жобасында Советтердің практикалық жұмысын жақсарту қажет деп танылды және Е. Н. Игнатов бастаған антипартиялық топтың жобасындағы Халық Комиссарлары Советін жою және Советтік конституцияны түбегейлі өзгерту туралы талаптар теріске шығарылды. Ленин өзінің сөзінде Игнатов ұсынған қарар жобасын қатты сынады. Конференция көпшілік дауыспен Москва комитеті ұсынған қарарды қабылдады. Конференция партияның Советтердегі фракциялар жөніндегі праволарын кеміту әрекеттеріне үзілді-кесілді қарсы шықты.— *463.*

178 *Интернационалист-мұғалімдердің Бүкіл россиялық II съезі* 1919 жылы 12—19 январьда Москвада өтті. Интернационалист-мұғалімдердің одағы Халық ағарту комиссариаты құрылғаннан кейін көп кешікпей-ақ пайда болып, комиссариаттың жұмысына үлкен көмек көрсетті. Бұл бірлестік эсерлер мен кадеттер басшылық еткен, Совет өкіметіне қарсы дұш-

пандық, контрреволюциялық позиция ұстаған бұрынғы Бүкіл россиялық мұғалімдер одағына (1918 жылы декабрьде таратылған) қарсы күресте елеулі роль атқарды. Интернационалист-мұғалімдер одағы социализм идеяларын насихаттап, мұғалімдердің: мектеп саясаттан тыс тұруға тиіс және мемлекеттен бөлінуге тиіс деп санаған артта қалған бөлегіне қарсы белсене күрес жүргізген тобын біріктірді.

В. И. Ленин өзінің құттықтау сөзінде «негұрлым кең және мүмкіндігінше бәрін қамтитын» мұғалімдер кәсіптік одағын құру міндетін қойды. Съезд қабылдаған қарарда «Ағарту ісі мен социалистік мәдениет қызметкерлерінің Бүкіл россиялық одағын» ұйымдастыру қажет деп табылды. Съезд бірыңғай еңбек мектебі туралы бірнеше баяндама тыңдап, Қызыл Армияда мәдени-ағарту жұмысын жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгіледі.— *465.*

179 К. Либкнехт пен Р. Люксембургті 1919 жылғы 15 январьда үкіметтің келісімі бойынша Носкенің контрреволюцияшыл әскери бөлімдерінің офицерлері өлтірді; ал үкімет басында оңшыл социал-демократтар Ф. Эберт пен Шейдеман отырған болатын. Олардың өлімі туралы алғашқы хабар Москваға 17 январьда келіп түсті, нақ сол күні Я. М. Свердлов оны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезінің біріккен мәжілісінде жариялады. 18 январьда «Известия ВЦИК»-те және «Правдада» «Германияның барлық Советтеріне, бүкіл жұмысшы табына» үндеу басылып, оған Біріккен мәжілістің атынан Свердлов қол қойды. Партияның Орталық Комитеті мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті барлық партия ұйымдарын, барлық Советтерді барлық жерде де наразылық демонстрациялары мен митингілерін өткізуге шақырды. 19 январьда Москвада астана кәсіпорындарының жұмысшылары мен Қызыл Армияның әскери бөлімдері қаралы тулар көтеріп Совет алаңына жиналды. Москва Советі үйінің балконынан демонстранттар алдында Ленин, Свердлов, Луначарский және басқалар сөз сөйледі.— *470.*

180 *Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық II съезі* 1919 жылы 16—25 январьда Москвада, Одақтар үйінде өтті. Съезд шақырылар қарсаңда кәсіподақтар өз қатарына 4420 мың адамды біріктірген еді. Съезге шешуші дауыспен 648 делегат, оның ішінде 449 коммунист және коммунистерге тілектестер қатысты; съездің басқа делегаттары арасында меньшевиктер, солшыл эсерлер, бундшылдар және «интернационалист-социал-демократтардың» солшыл меньшевиктік тобы болды.

Съездің күн тәртібіне ВЦСПС-тің қызметі туралы есеп, кәсіптік одақтардың міндеттері туралы мәселе және ұйымдық сипатта бірқатар мәселелер қойылды.

Ленин съездің үшінші пленум мәжілісінде 20 январьда кешке күн тәртібінің негізгі пункті бойынша — кәсіптік одақ-

тардың міндеттері туралы сөз сөйледі. Қызу жарыс сөзде меньшевиктер мен басқа да ұсақ буржуазиялық партиялардың меньшевиктерді қолдаушы өкілдері съезге кәсіптік қозғалыстың Совет өкіметі органдарына «тәуелсіздігін» жақтаған қарарды еріксіз тануға тырысты. Съезд көпшілік 430 дауыспен коммунистер фракциясы ұсынған қарарды қабылдады, бұл қарарда кәсіптік қозғалыстың «бірлігі» және «тәуелсіздігі» дегенді желеу етіп, пролетариатты Совет мемлекетінің органдарына қарсы қою әрекеттері «осы ұранды жақтаған топтарды Совет өкіметіне қарсы ашық күреске әкелді және оларды жұмысшы табының қатарынан тысқары қалдырды» деп көрсетілді. Қарарда мемлекеттік өкімет функциясын кәсіподақтарға беру жөніндегі анархо-синдикалистік талаптар да қабылданбай тасталды.

Съезде Еңбек халық комиссариаты мен кәсіптік одақтардың жұмысындағы қосарласушылықты жою жөнінде шаралар белгіленді. Кәсіподақ ұйымдарының алдына еңбек өнімділігін арттыруға және еңбек тәртібін нығайтуға ерекше көңіл бөлу міндеті қойылды. Съезд жалақы төлеудің кесімді-сыйлық жүйесін тариф кестесіне негіз етіп алуды және норманың артығымен орындалғаны үшін дәл белгіленген көтеріңкі ақы төлеуді ұсынды. Съезде әлеуметтік қамсыздандыру және еңбек қорғауды ұйымдастыруға, маман кадрлар даярлауда кәсіподақтардың ролін күшейтуге көп көңіл бөлінді. Бүкіл россиялық II съезд кәсіподақтарды құрудың өндірістік принципін (бұл шешім қабылданғанға дейін бір кәсіпорынның жұмысшылары мен қызметшілері әр түрлі кәсіподақтарға бірігіп келген болатын) бекітті. Съезд пролетар және жартылай пролетар бұқараның әлі де ұйымдасып үлгермеген бөлегінің кәсіподақтарға бірігу қажеттігін және оларды социалистік құрылыс ісіне тарту қажеттігін атап көрсетті— *471*.

181 В. И. Ленин, сірә, «экономистер» тобының «Кредо» («Credo») деген атпен мәлім манифесінің мына жерін айтып отырса керек: «Орыс марксисі үшін бір ғана жол бар, ол: пролетариаттың экономикалық күресіне қатысу, яғни жәрдем көрсету және либералдық-оппозициялық істерге қатысу». Ленин «Россия социал-демократтарының наразылығы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер) деген мақаласында «Кредоның» текстін келтіріп, оны сынға алған болатын. Кейіннен «Не істеу керек?» деген еңбегінде Ленин былай деп жазды: «Атышулы «Credo»-ның осындай мәртебелі атаққа ие болған себебі — ол... «экономизмнің» негізгі саяси бағытын айтып салды: жұмысшылар экономикалық күресті жүргізе берсін (тред-юниондық күресті жүргізе берсін деу дәлірек болар еді, өйткені тред-юниондық күрес ерекше жұмысшы саясатын да қамтып отырады), ал маркстік интеллигенция саяси «күрес» жүргізу үшін либералдарға қосыла-

тын болсын десті» (Шығармалар толық жинағы, 6-том, 20-бет).— *479.*

182 Цитат К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Қасиетті әулет, немесе сыншыл сынға сын» деген еңбегінің VI тарауынан келтірілген (қараңыз: Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 90-бет).— *480.*

183 *«Европа мен Америка жұмысшыларына хат»* өзінің сипаты жағынан «Американ жұмысшыларына хатқа» қосылады (қараңыз: осы том, 51—69-беттер).

Лениннің Европа мен Американың жұмысшыларына хат жолдауы алдыңғы қатарлы пролетарлық элементтерді коммунистік партиялардың төңірегіне топтасуға және халықаралық империализмге қарсы күресте күштерді біріктіруге бағдарлады.

Хат шетелдік баспасөзде: Берлинде 1919 жылы шыққан «Die Aktion» («Қимыл») журналының марттағы номерінде және «Der Arbeiter-Rat» («Жұмысшы Советі») журналының апрельдегі кітабында жарияланды. Сонымен бірге бұл хат ағылшын тілінде жеке басылым болып шықты.— *491.*

184 *«Die Freiheit»* («Бостандық»)— күнделікті газет, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының органы, 1918 жылғы 15 ноябрьден 1922 жылғы 30 сентябрьге дейін Берлинде шығып тұрды.— *497.*

185 В. И. Ленин бұл арада «Правданың» белсенді тілшісі және баспаханасының жұмысшысы большевик И. А. Воиновтың 1917 жылы 6 (19) июльде айуандықпен өлтірілуі туралы айтып отыр. Петроградта «Правда» газетінің редакциясын юнкерлер талқандағаннан кейін Воинов июль күндерінде «Листок «Правдыды»» шығаруға қатысты және «Листокты» тарату кезінде Шпалерная көшесінде (Қазір Воинов көшесі) өлтірілді.— *498.*

186 *Халыққа білім беру жөніндегі губерниялық бөлімдердің мектептен тыс кіші бөлімдері меңгерушілерінің II кеңесі* 1919 жылы 24—28 январьда Москвада өтті. Кеңестегі басты мәселе Халыққа білім беру советтерінің жұмысы туралы мәселе болды. Күн тәртібінің осы пункті бойынша Н. К. Крупская кіріспе сөз сөйледі. Кеңестің жұмысына А. В. Луначарский қатысты. Кеңестің материалдары «Внешкольное Образование» журналының 1919 жылғы февраль — марттағы 2—3-номерінде басылды.— *501.*

187 Неміс оккупанттарына және олардың итаршысы гетман Скоропадскийге қарсы *украин жұмысшылары мен шаруаларының көтерілісі* 1918 жылы ноябрьде — декабрьде болды. 14 декабрьде гетман Скоропадский Киевтен қашты. 1919 жылы 3 январьда Қызыл Армия Харьковты, ал 5 февральда Украинаның астанасы — Киевті алды.— *503.*

[188] *Халық Комиссарлары Советінің кооперация туралы қаулысының жобасын* Ленин енгізді және ол азғана өзгерістермен Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 28 январьдағы мәжілісінде қабылданды. 2 февральда «Известия ВЦИК» газетінде Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы информациялық заметкада осы қаулының бірінші бөлімі келтірілді.

Төртінші пунктте айтылып отырған тұтыну коммуналары туралы декреттің жобасы Халық Комиссарлары Советінде 16 мартта қабылданды және 20 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 60-номерінде жарияланды.

Бірінші пунктке толықтыруды В. И. Ленин, сірә, қаулының жобасы тұтас жазылып болғаннан кейін, осы пунктпен қатар оның сол жақ жанына жазған. Халық Комиссарлары Советінің 28 январьдағы қаулысында бірінші пункттің бас жағы мынадай редакцияда жазылған:

«Халық шаруашылығы жоғары советінің кооператив бөлімі мен Азық-түлік комиссариатына, Орталық статистика басқармасымен бірлесіп, кооперативтердің советтік саясаттың негізгі бағытын нақты жүзеге асыруы жөніндегі мәліметтерді ең қысқа мерзімде жинап алу тапсырылсын».— *508.*

[189] Ленин жазған қаулының жобасы Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 30 январьдағы мәжілісінде қабылданды және 1 февральда «Известия ВЦИК» газетінің 23-номерінде жарияланды.

Ленин 1918—1919 жылдары кітапханалардың жұмысы туралы мәселені Халық Комиссарлары Советіне талай рет енгізді. Мәселен, 1918 жылы 26 апрельде Халық Комиссарлары Советі «архивтердің орталық басқармасын ұйымдастырудың егжей-тегжейлі жобасын, сондай-ақ әсіресе бүкіл кітапхана ісін швейцар-американ жүйесі бойынша қайта құру жобасын талдап жасау үшін» комиссия құрды. Бұл комиссияның жұмыс қарқынының баяулығына байланысты, 7 июньде Халық Комиссарлары Советінде «Қоғамдық ғылымдардың социалистік академиясы туралы ереже» талқыланған кезде Халық ағарту комиссариатына «Россияда кітапхана ісін дұрыс жолға қоюға оның жеткілікті қамқорлық жасамай отырғандығы» ескертілді және кітапхана ісін орталықтандыру үшін неғұрлым батыл шаралар қолдану тапсырылды. 1919 жылы 14 январьда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Халық Комиссарлары Советінің 7 июньдегі қаулысын оның датасын көрсетпей жариялау жөнінде шешім қабылданды. Бұл қаулы 1919 жылы 17 январьда «Известия ВЦИК» газетінде басылды.— *510.*

[190] Бұл хат Лениннің нұсқауы бойынша азық-түлік, финанс халық комиссариаттарына және Халық шаруашылығы жоғары советіне жіберілді. «Известия ВЦИК» газетінің Ленин айтып отырған 2 февральдағы номерінде Халық Комиссарлары Со-

ветінің жұмысы туралы информациялық заметка басылды, онда Халық Комиссарлары Советінің кооперация туралы 1919 жылғы 28 январьдағы қаулысының бірінші бөлімі келтірілген (қараңыз: осы том, 508—509-беттер). Лениннің «буржуазиялық-кооперативтік жабдықтау мен бөлуден пролетарлық-коммунистік жабдықтау мен бөлуге» көшу шаралары туралы нұсқаулары Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылы 16 мартта қабылданған «Тұтыну коммуналары туралы» декретінде ескерілді.— *511.*

191 «Ұлы солтүстік темір жолын» концессияға беру туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде 1919 жылы 4 февральда талқыланды. В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасы біраз толықтырулармен қабылданды. Қолжазбадағы соңғы сөйлемді Ленин жоба текстінің үстіне жазып, сірә, қолжазбаны Халық Комиссарлары Советінің секретариатына тапсырғанға дейін сызып тастаған.

Концессияның инициаторлары А. Борисов пен Норвегияның азаматы Эдвард Ганневигтің жобасы бойынша жаңа жолдың трассасы Обьты Котлас арқылы Петроградпен және Мурманскімен жалғастыруға тиіс еді. Солтүстік темір жолын салу жөніндегі концессия жүзеге асырылмай қалды.— *513.*

192 Бұл хатты В. И. Ленин, Н. К. Крупскаяның көрсеткеніндей, 1919 жылы февральда Халық ағарту комиссариатының мектептен тыс бөлімінің кітапхана бөлімшесіне жіберген болатын. Ол хат, кітапхана жұмысындағы есеп беру жүйесі туралы нақты нұсқаулар бере отырып, Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 30 январьдағы қаулысын толықтырды (қараңыз: осы том, 510-бет).— *514.*

193 В. И. Ленин бұл мақаланы қызыл әскер Г. Гуловтың «Известия ВЦИК» газетінің 1919 жылғы 2 февральдағы 24-номерінде басылған хатына жауап ретінде жазған болатын. Ортаща-шаруалармен әңгімеге сүйене отырып, Гулов «орташалардың жағдайы және коммунистер партиясының оларға көзқарасы орташаларға күні бүгінге дейін әлі айқын емес» деп жазды. Гулов Лениннен «орташа-шаруалар деген не екендігін және, егер орташа-шаруалар туралы дұрыс түсінік болса, олар біздің социалистік үкіметімізге қандай көмек көрсете алатындығын коммунист жолдастарға» түсіндіруді өтінеді.

Партияның орта шаруалар жөніндегі саясатын Ленин талай рет түсіндірген болатын — қараңыз: «Елец жұмысшыларына хат», «Жұмысшылар мен шаруалардың одағы туралы барлық Совдептерге телеграмма жобасы», «Питирим Сорокиннің бағалы мойындаулары» деген мақала, 1918 жылы 27 ноябрьде Москва партия қызметкерлерінің жиналысында жасалған «Пролетариаттың ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы» деген баяндама, Деревнядағы жұмыс туралы 1919 жылы 23 мартта РКП(б) VIII съезінде жасалған

баяндама және съездің орта шаруаларға көзқарас туралы қарары (қараңыз: осы том, 38—40, 48, 201—211, 221—241-беттер; 38-том, 207—226, 228—232-беттер.— *519.*

194 Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Троцкий партияның шаруа мәселесі жөніндегі саясатымен біраз уақыт формальды түрде келісіп жүрді. В. И. Ленин жоғарыда айтып отырған Троцкийдің орташа-шаруаларга хаты сондай сипатта болды. Ағымдағы саясат саласында шаруа мәселесі жөнінде Троцкиймен арада алауыздық жоқ деп айта отырып, В. И. Ленин өзінің мақаласында социалистік революцияның және социализм құрылысының түбегейлі, принципті проблемалары жөніндегі Троцкиймен арадағы алауыздықты қозғамайды, бұл алауыздық «перманенттік революция» туралы түбірімен қате және саяси зиянды троцкийлік «теорияға» байланысты туған еді. Егер Ленин, партия орта шаруалар жөніндө дұрыс саясат қолданып отырса, жұмысшы табы мен шаруалардың берік одағы негізінде Россияда социалистік қоғам орнатуға болады дегенге сүйенсе, ал Троцкий социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігін теріске шығарды, пролетариат пен шаруалар арасында қақтығыс болмай қоймайды деді. 1923 жылы Троцкий РКП(б) XII съезіне ұсынған өзінің тезистерінде «өнеркәсіп диктатурасын» орнату ұранын ұсынды, мұны ол өнеркәсіпті шаруаларды қанау есебінен дамыту деп түсінді. Мұндай саясат іс жүзінде жұмысшы табының шаруалармен одағын ажыратуға, советтік құрылысты жоюға соқтырған болар еді. Бұдан кейінгі жылдары Троцкий елімізде социализм орнатудың лениндік программасына, партияның саясатына ашықтан-ашық қарсы шықты, Совет өкіметіне қарсы ашықтан-ашық контрреволюциялық күрес жүргізу жолына түсті. Коммунистік партия троцкизмді және басқа капитулянттарды талқандады, пролетариаттың шаруалармен берік одағын қамтамасыз етті және совет халқын социализмнің жеңісіне жеткізді.— *519.*

195 Бұл жобаны герман сыртқы істер министрлігінің 1919 жылғы 19 февральдағы радиотелеграммасына жауап ретінде В. И. Ленин жазған болатын, радиотелеграммада Берн социалистік конференциясы тағайындаған арнаулы комиссияның Россияға баруына рұқсат етілуі жөнінде сол конференция өтініш білдірген. Ленин жазған радиотелеграмманың жобасына сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичерин мына сөздерді қосқан: «Біз Литва және Белоруссия Совет республикаларымен келісе отырып, комиссияның жүріп өтуін жеңілдету мақсатында барлық шараларды қолдану үшін оның келетін уақытының дәл көрсетілуін өтінеміз». Чичерин қол қойған телеграмманың тексті Германияға радио арқылы берілген.

Берн конференциясы — II Интернационалды қалпына келтіру мақсатында шақырылған социал-шовинистік және цен-

тристік партиялардың соғыстан кейінгі бірінші конференциясы 1919 жылы 3—10 февральда Бернде өтті.

Конференцияның басты мәселелерінің бірі демократия мен диктатура туралы мәселе болды. Осы мәселе бойынша жасалған баяндамада центрист Я. Брантинг социалистік революция және пролетариат диктатурасы социализмге алып келмейді деп дәлелдеуге тырысты. К. Каутский мен Э. Бернштейн өздерінің сөздерінде Россиядағы большевизм мен социалистік революцияны конференцияның айыптауына қол жеткізуге күш салды. Брантинг қарар енгізді, онда Россиядағы, Австро-Венгриядағы және Германиядағы революцияларды екіжүзділікпен құттықтаудан кейін шын мәнісінде пролетариат диктатурасы айыпталып, буржуазиялық демократия мадақталды. Пролетарлар бұқарасының Советтік Россияға деген орасан зор тілектестігін ескере отырып, қарардың авторлары қарарда Советтік республиканы тура атауға батылдық жасай алмайды да, буалдыр тұжырымдарды қолданды. Конференция жұмысшы депутаттарының Советтері туралы мәселені қараудан жалтарды. Ф. Адлер мен Ж. Лонге бастаған делегаттар тобы елдегі істің жағдайы туралы мәліметтердің жоқтығынан Советтік Россия жөнінде қандай да болсын көзқарас білдіруге қарсы ұсыныс айтылған қарар енгізді. Брантингтің қарары көбірек дауыс алды.

Конференция Советтік Россияның экономикалық және саяси жағдайларын зерттеу үшін оған комиссия жіберу және большевизм туралы мәселені келесі конгрестің күн тәртібіне енгізу жөнінде шешім қабылдады. Комиссияға Ф. Адлер, К. Каутский, Р. Гильфердинг және басқалар енді. Совет үкіметі бұл комиссияның келуіне келісім бере отырып, Берн комиссиясына өкілдері қатысатын елдердің үкіметтерінің осы елдерге Совет республикасы комиссиясының баруына рұқсат етуі жөнінде мәселе қойды. Бұл ұсынысқа жауап берілмей қалды. «Берндегі әйгілі ревизорлардың», Ленин комиссияны осылай деп атады, Россияға келуінің сәті түспеді.

Коммунистік Интернационалдың I конгресі ««Социалистік» ағымдарға және Берн конференциясына көзқарас туралы» арнаулы қарар қабылдады, онда конференцияның шешімдері сынға алынды, соның ішінде оңшыл социалистер лидерлерінің Берн конференциясына қаулы қабылдаттыру, сол қаулымен империалистердің Советтік Россияға қарсы қарулы интервенциясын II Интернационалдың бүркемелейтіндей болуы үшін жасаған әрекеттері айыпталды.— *524*.

196 Қарардың бұл жобасын В. И. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде меньшевиктік «Всегда Вперед» газеті туралы мәселенің талқылануына байланысты жазған болатын. (Газет Москвада шығып тұрды; 1918 жылы бір номері басылып шықты, 1919 жылы 22 январьдан 25 февральға дейін шығарылды.)

Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 22 февральда-

ғы протоколдарында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары В. А. Аванесовтың Ленинге жолдаған запискасы бар, онда ол: «Сіз меньшевиктер туралы қарарды алдыңыз ба?»— деп жазады. Сірә, қарардың алдын ала жазылған нендей бір нұсқасын оқып шыққаннан кейін, шешімнің жобасын Ленин өзі жазған болуы керек.

1919 жылы 25 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы «Всегда Вперед» газетін жабу туралы қаулы қабылдады; 26 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің пленум мәжілісі бұл қаулыны бекітті және бірауыздан толық шешім қабылдады, оның текстіне Ленин жазған жобаның негізгі қағидалары енді. 27 февральда Я. М. Свердлов пен В. А. Аванесов қол қойған бұл шешім «Известия ВЦИК» газетінің 45-номерінде басылды.—*525.*

197 «Герман тәуелсіздерінің үндеу хаты жөнінде» деген аяқталмаған мақаланы В. И. Ленин 1919 жылы февральдың екінші жартысында жазған болатын. Герман «тәуелсіздерінің» үндеу хаты Лениннің буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистерінің 21-параграфында сыналған (осы том, 544—545-беттер).— *527.*

198 В. И. Ленин бұл арада кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның (Internationale Sozialistische Kommission) 1916 жылы 5—9 февральда Бернде болған кеңесі туралы айтып отыр. Кеңеске бірқатар елдердің: Германияның, Россияның, Италияның, Норвегияның, Австрияның, Польшаның, Швейцарияның, Болгарияның, Румынияның интернационалистерінен 22 өкіл қатысты.

Ленин кеңестің жұмысына белсене қатысты: ол «Екінші социалистік конференцияны шақыру туралы қаулының жобасын» және делегацияның конференциядағы өкілдіктің шарттары туралы ұсынысын жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 251-бет); Ол Интернационалдық социалистік комиссияның «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» үндеуінің жобасына түзетулер ұсынды, екінші халықаралық социалистік конференцияға К. Каутскийді, Г. Гаазені және Э. Бернштейнді шақыруға қарсы большевиктердің және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өлкелік басқармасы атынан мәлімдеме жасады.

Кеңес «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» үндеу қабылдады, онда социалистердің буржуазиялық үкіметтерге кіруі, империалистік соғыста «отанды қорғау» ұраны және соғыс кредиттерін жақтап дауыс беру айыпталды; жұмысшы қозғалысын қолдау және империалистік соғысқа қарсы бұқаралық революциялық қимылдарды әзірлеу қажеттігі көрсетілді. Алайда үндеу дәйексіз болды, өйткені онда социал-шовинизмнен және оппортунизмнен қол үзу талабы қойылмады. Циммервальд солшылдарының өкілдері үндеудің

текстін жақтап дауыс бере отырып, кеңесте олар үндеудің барлық қағидаларын бірдей қанағаттанарлық деп есептемегенмен, Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференцияның шешімдерімен салыстырғанда мұны бір қадам ілгері басқандық деп біліп, оны жақтап дауыс беретіндігін мәлімдеді. Кеңес екінші халықаралық социалистік конференцияны шақыру мерзімін белгіледі.— *528.*

199 Бұл арада К. Каутскийдің «Fraktion und Partei» («Фракция және партия») деген мақаласы айтылып отыр, мақала «Die Neue Zeit» журналының 1915 жылғы 26 ноябрьдегі 9-номерінде басылған болатын.— *528.*

200 *Коммунистік Интернационалдың I конгресі* 1919 жылы 2—6 мартта Москвада өтті.

Ленин 1914 жылы августа — сентябрьде жазған «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндеттері» деген тезистері мен «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесінде оппортунизмнен арылған, жаңа, пролетарлық Интернационал құру туралы мәселе қойды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Ленин, большевиктер халықаралық жұмысшы қозғалысындағы солшыл, шын мәніндегі революцияшыл күштерді топтастыру жөнінде зор жұмыстар жүргізді. Коммунистік Интернационалдың негізін қалау жолындағы күресте Циммервальд солшылдарының интернационалистік элементтері едәуір роль атқарды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы және оның тікелей ықпал етуімен көптеген елдерде революциялық қозғалыстың қауырт өсуі III, Коммунистік Интернационалдың негізін қалау жөніндегі шараларды практикалық тұрғыдан жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасап берді. 1918 жылы 24 январьда Петроградта Коммунистік Интернационалдың негізін қалау үшін конференция әзірлеу туралы мәселе бойынша солшыл социалистердің кеңесі болды. Кеңесте конференцияны әзірлеу үшін бюро сайланды.

1918 жылы декабрьдің аяғында В. И. Ленин Коммунистік Интернационалдың негізін қалау үшін халықаралық конференция шақыру жөнінде нақты шаралар белгіледі. Ол «большевизмнің теориясы мен практикасын» және герман «Спартак одағының» программасын III Интернационалдың платформасына негіз етіп «алуға болады» деп атап көрсетті.

Лениннің тікелей қатысуымен «Коммунистік Интернационалдың бірінші съезіне» деген үндеу хаттың жобасы жасалды, бұл жобаны Ленин 1919 жылы январьда III, Коммунистік Интернационалдың негізін қалау туралы мәселе бойынша болған бірқатар коммунистік партиялар мен солшыл социалистік топтар өкілдерінің кеңесінде ұсынған болатын. Талқыланғаннан кейін үндеу хаттың жобасы қабылданды және ол РКП(б) Орталық Комитетінің, Польша коммунистік жұ-

мысшы партиясының, Венгр коммунистік партиясының, Неміс Австриясы коммунистік партиясының шетелдік бюроларының, Латыш коммунистік партиясы Орталық Комитеті орыс бюросының, Финляндия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, Балқан революциялық социал-демократиялық федерациясы Атқару комитетінің және Америка социалистік жұмысшы партиясының атынан басылып шықты.

Бұл үндеуге жауап ретінде февральдың аяғында Москваға көптеген елдердің делегаттары келді. 1 мартта Лениннің басшылығымен алдағы конгрестің күн тәртібі туралы алдын ала кеңес болды.

1919 жылы 2 мартта халықаралық коммунистік конференция ашылды. Оның жұмысына 52 делегат қатысты (В. И. Ленин, В. В. Воровский, Г. В. Чичерин, Г. Эберлейн (М. Альберт), О. В. Куусинен, Ф. Платтен, Б. Рейнштейн, С. Рутгерс, И. С. Уншлихт (Юровский), Ю. Сирола, Н. А. Скрыпник, С. И. Гоппер, К. Штейнгард (И. Грубер), И. Файнберг, Ж. Садуль және басқалар), олардың ішінде шешуші дауыспен — 34, кеңесші дауыспен—18 делегат болды. Мына коммунистік және социалистік партиялардың, топтардың және ұйымдардың: Россия, Германия, Неміс Австриясы, Венгрия, Польша, Финляндия, Украина, Латвия, Литва мен Белоруссия, Эстония, Армения, Поволжьедегі неміс облысы коммунистік партияларының, Швед солшыл социал-демократиялық партиясының, Норвег социал-демократиялық партиясының, Швейцария социал-демократиялық партиясының (оппозиция), Балқан революциялық социал-демократиялық федерациясының, Россияның шығыс халықтары біріккен тобының, Францияның циммервальдтық сол қанатының, чех, болгар, югослав, ағылшын, француз және Швейцария коммунистік топтарының, голланд социал-демократиялық тобының, Американ социалистік насихат лигасының, Америка социалистік жұмысшы партиясының, Қытай социалистік жұмысшы партиясының, Корей жұмысшы одағының, Шығыс халықтары Орталық бюросының түркістан, түрік, грузин, азербайжан, парсы секцияларының, Циммервальд комиссиясының өкілдері болды.

Бірінші мәжілісте «халықаралық коммунистік конференция ретінде мәжіліс құру» жөнінде шешім қабылданды және мынадай күн тәртібі бекітілді: 1) құрылу, 2) баяндамалар, 3) халықаралық коммунистік конференцияның платформасы, 4) буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы, 5) Берн конференциясы және социалистік ағымдарға көзқарас, 6) халықаралық жағдай және Антантаның саясаты, 7) Манифест, 8) ақ террор, 9) бюро сайлау және әр түрлі ұйымдық мәселелер.

Лениннің буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистері мен баяндамасы конференцияның жұмысында негізгі орын алды. Тезистердің тексті орыс және неміс тілдерінде алдын ала делегаттарға таратылып бе-

рілді. Үшінші мәжілісте, 4 мартта, Ленин делегаттардың тілегі бойынша тезистерді оқып берді және одан кейін өзінің баяндамасында тезистердің соңғы екі пунктін негіздеді. Конференция Лениннің тезистерімен ынтымақтас екендігін бірауыздан білдірді және оларды әр түрлі елдерде кеңінен тарату үшін бюроға беру жөнінде шешім қабылдады. Конференция сондай-ақ, тезистерге қосымша ретінде, Ленин ұсынған қарарды қабылдады (қараңыз: осы том, 554-бет).

4 мартта, В. И. Лениннің тезистері және оның баяндамасы бойынша қарар қабылданғаннан кейін, Москваға жаңа делегаттардың келуіне байланысты Коммунистік Интернационалдың негізін қалау туралы мәселе қайтадан қойылды. Неміс Австриясының коммунистік партиясы, Швеция солшыл социал-демократиялық партиясы, Балқан революциялық социал-демократиялық федерациясы және Венгрия коммунистік партиясы делегаттарының ұсынысы бойынша конференция «III Интернационал болып құрылу және Коммунистік Интернационал деп аталу» жөнінде шешім қабылдады. Сол күні-ақ Циммервальд бірлестігін жойылды деп санау жөнінде бірауыздан қаулы алынды. 4 мартта сондай-ақ Коминтерннің платформасы бекітілді, оның негізгі қағидалары мынадай: 1) капиталистік қоғамдық құрылыстың коммунистік қоғамдық құрылыспен ауысатындығының сөзсіздігі, 2) буржуазиялық үкіметтерді құлату үшін пролетариаттың революциялық күресінің қажеттігі, 3) буржуазиялық мемлекеттің жойылатындығы және оның жаңа типті мемлекетпен, коммунистік қоғамға өтуді қамтамасыз ететін Советтер типіндегі пролетариат мемлекетімен ауысатындығы.

Конгресс документтерінің ішінде Бүкіл дүние жүзінің пролетарларына арналған Манифестің аса зор маңызы болды, онда Коммунистік Интернационал Маркс пен Энгельстің «Коммунистік партияның манифесінде» бейнеленген идеяларының мирасқоры болып табылады деп көрсетілді. Конгресс барлық елдердің жұмысшыларын Советтік Россияны қолдауға шақырды, Советтер Республикасының ішкі істеріне Антантаның қол сұқпауын, интервенттердің әскерлерін Россияның территориясынан алып кетуді, Совет мемлекетін тануды, экономикалық блокаданы алуды және сауда қатынастарын қалпына келтіруді талап етті.

Конгресс ««Социалистік» ағымдарға және Берн конференциясына көзқарас туралы» қарарда «буржуазияның қолындағы құрал ғана болып табылатын» екінші Интернационалды қалпына келтіру әрекетін айыптады және революцияшыл пролетариаттың бұл конференциямен ешқандай ортақ қатынасы жоқ деп мәлімдеді.

III, Коммунистік Интернационалдың негізін қалау жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмді әшкерелеуде, әр түрлі елдер еңбекшілері арасында байланыстарды қалпына келтіруде, коммунистік партияларды құруда және нығайтуда орасан зор роль атқарды.— *529.*

201 *«Shop-Stewards Committees»* (фабрика староссталарының комитеттері) — сайланып қойылатын жұмысшы ұйымдары, бұлар Великобританияда өнеркәсіптің бірқатар салаларында орын алды және бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кеңінен қолданылды. «Азаматтық татулық» және стачкалық күрестен бас тарту саясатын жүргізген келісімпаз тред-юниондарға қарама-қарсы, комитеттер жұмысшылар бұқарасының мүдделері мен талаптарын қорғады, жұмысшылардың стачкаларына басшылық етті және соғысқа қарсы насихат жүргізді. Старосталар фабрикалық-заводтық, аудандық және қалалық комитеттерге бірікті. 1916 жылы Цех старосталары мен жұмысшы комитеттерінің ұлттық ұйымы құрылды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, Совет республикасына қарсы шетел соғыс интервенциясы кезінде фабрика старосталарының комитеттері Советтік Россияны белсене жақтады. Фабрика старосталары комитеттерінің бірқатар қайраткерлері (У. Галлахер, Г. Поллит, А. Мак-Манус және басқалар) Англия коммунистік партиясына кірді.— *532.*

202 Мүмкін, В. И. Ленин оқыған газетте кейбір дәлсіздікке жол берілген шығар. Мұнда әңгіме жұмысшы депутаттарының Бирмингам Советі туралы емес, қайта фабрика-завод старосталарының комитеті туралы болуы ықтимал. 1919 жылы 3 мартта Коммунистік Интернационалдың I конгресінде Ағылшын коммунистік тобының делегаты И. Файнберг былай деді: «Өнеркәсіпті облыстарда жергілікті жұмысшы комитеттері құрылды, оларға Shop-Stewards Committees-тің өкілдері енді, мысалы, Клайд жұмысшы комитеті, Лондон жұмысшы комитеті, Шеффилдтегі жұмысшы комитеті және т. т. Бұл комитеттер ұйымның орталық пунктіне айналды және белгілі бір жерлердегі ұйымдасқан жұмысшылардың өкілдері болды. Бір кездерде кәсіпкерлер мен үкімет Shop-Stewards Committees-ті мүлдем таныгысы келмеді, бірақ, ақыр аяғында, олар осы «ресми емес» комитеттермен келіс сөздер жүргізуге мәжбүр болды. Бирмингам комитетін экономикалық ұйым ретінде тануға Ллойд Джорджтың келісім білдіруінің өзі Shop-Stewards Committees-тің британ қозғалысының тұрақты факторы болып алғандығын дәлелдейді. Shop-Stewards Committees-тің, Shop-Stewadrs Committees-тің жұмысшы комитеттері мен ұлттық конференцияларының Советтік республиканың негізін қалаған ұйымдарға ұқсас ұйым екенін біз қазірдің өзінде көріп отырмыз» («Коминтерннің бірінші конгресі. Протоколдар». М., 1933, 63-бет). — *532.*

203 Қараңыз: К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне Ф. Энгельстің «Кіріспесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 200—201-беттер).— *535.*

204 Қараңыз: К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 344-бет).— *535.*

205 Бұл арада 1918 жылы 6—8 мартта болған РКП(б) VII съезі қабылдаған партияның атын және партия программасын өзгерту туралы қарар айтылып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 36-том, 63—64-беттер).— *546.*

206 *«Газета Печатников»* («Баспашылар Газеті») — баспа ісі жұмысшыларының Москва кәсіптік одағының басылымы; 1918 жылы 8 декабрьден шыға бастады. Бұл кезде кәсіподақ меньшевиктердің ықпалында болатын. Антисоветтік үгіт жүргізгені үшін 1919 жылы мартта жабылды.— *549.*

207 1918 жылы октябрьдің 30-нан 31-не қараған түні Венгрияда буржуазиялық-демократиялық революция болды, осының нәтижесінде өкімет социал-демократиялық партиямен коалиция жасаған либерал буржуазияның қолына көшті. Жаңа үкімет жұмысшы табы мен шаруалардың жағдайларын жақсартарлықтай бірде-бір шараны жүзеге асырған жоқ. Бұл еңбекшілер бұқарасының наразылығын туғызды, сөйтіп олар өздерінің революциялық өкімет органдарын — жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Советтерін құра бастады. Советтер зор даңққа бөленді және Венгрияның көптеген аудандарында іс жүзінде үкіметтің орнына жүрді. 16 ноябрьде Венгрия республика болып жарияланды. Ескі парламент таратылды. Буржуазиялық партиялар құрылтай жиналысын шақыру жолындағы үгітті кеңінен өрістетті.

1918 жылы 20 ноябрьде ұйымдық жағынан қалыптасып болған Венгрия коммунистік партиясы «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұран ұсынды. Коммунистік партияның беделі мен даңқы тез өсті. Бұрын құрамында социал-демократтар басым болған Советтер де бірте-бірте Коммунистік партия жағына шыға бастады. Компартияның басшылығымен 1918 жылдың аяғында — 1919 жылдың басында венгр пролетариатының бірқатар ірі-ірі бой көрсетулері болды. Революцияның өрлеуін тоқтатуға тырысқан буржуазия Коммунистік партияға қарсы жазалау шараларын қолдануға көшті. Бұған наразылық білдіру ретінде елде жұмысшылардың ереуілдері мен шаруалардың бой көрсетулері өріс алды. Елде революциялық жағдай туды. 20 мартта Карольи үкіметі өзінің уәкілдігін тоқтатты. Коммунистер Совет республикасын жариялау, өнеркәсіпті национализациялау, помещиктік жерлерді конфискелеу және Советтік Россиямен одақ жасасу талабын ұсынды. Венгр еңбекшілері Коммунистік партияны қызу қолдады. 21 мартта Будапешт жұмысшылары барлық стратегиялық пункттерді басып алды және полицияны қарусыздандырды. Венгрия Советтік республика деп жарияланды.

1917—1919 жылдары Швейцарияда Октябрь социалистік революциясының ықпалымен жұмысшы қозғалысы өріс алды. 1917 жылы 15 ноябрьде Цюрихте орыс революциясына арналған митинг болды. Митингіден кейін жұмысшылар «Соғысушы державалар үшін енді снаряд жоқ!» деген ұран көтеріп, «Интернационал» әнін айтып, оқ-дәрі жасайтын екі заводқа барды да, оларды жаптыртып тастады. 17 ноябрьде Цюрихте тұтқынға алынған жолдастарды босатуды талап еткен жұмысшылар полициямен қақтығысып қалды. Жұмысшылар баррикадалар тұрғызды. Шақырылған әскери бөлімдер халыққа пулеметтен оқ атты. Қала соғыс жағдайында деп жарияланды.

Үкіметтің жазалау шаралары басталған революциялық қозғалысты тоқтата алмады. 1918 жылы тағам өнімдерінің бағаларын арттыруға қарсы бағытталған экономикалық стачкалар бұқаралық сипат алды. Күрес көптеген айларға созылды. 1918 жылы ноябрьде Швейцарияда Советтік Россияны қолдау жолында жаппай саяси ереуіл басталды.

Швейцария социалистік партиясының солшыл, революцияшыл элементтері коммунистік топ құрды. Олар өздерінің листовкалары мен кітапшаларында жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құруға шақырды. Коммунистік Интернационалдың I конгресінде сөз сөйлеген Швейцария коммунистік тобының делегаты жұмысшы депутаттары Цюрих Советінің құрылғаны туралы, оның «Коммунистік программаны өзінің платформасы» деп танығаны туралы айтты (қараңыз: «Коминтерннің бірінші конгресі. Протоколдар». М., 1933, 40-бет).— *551.*

208 Ленин бұл арада Р. Люксембургтің «Der Anfang» («Бастау») деген мақаласын айтып отыр, мақала «Die Rote Fahne» газетінің 1918 жылғы 18 ноябрьдегі 3-номерінде басылған болатын.— *552.*

209 *«L'Humanité»* («Адамзат»)— күнделікті газет; Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес ұйымдастырған. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, социал-шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы газеттің басшысы, оның саяси директоры француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен болды. 1918—1920 жылдары Совет республикасына қарсы күресу үшін өзінің қарулы күштерін Россияға жіберген француз үкіметінің империалистік саясатына газет қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін газет Коммунистік партияның орталық органына айналды.— *561.*

210 *«Avanti!»* («Алга») — күнделікті газет, Итальян социалистік партиясының орталық органы; 1896 жылғы декабрьде Римде құрылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет реформистерден қол үзбей, дәйексіз интернационалистік позиция ұстады. 1926 жылы газетті Муссолинидің фашистік үкіметі жауып тастады, бірақ шетелде одан әрі шығарыла берді; 1943 жылдан қайтадан Италияда шығып тұрады.— *562.*

211 В. И. Лениннің Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының аналар мен сәбилерді қорғау бөлімі үгітшілерінің курсында сөз сөйлегені туралы хабар «Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаты. Аналар мен сәбилерді қорғау бөлімі бойынша 1918 жылғы 1 майдан 1919 жылғы 1 майға дейінгі есеп» деген кітапшада (М., 1919) басылған. Кітапшада курс аяқталғаннан кейін оған қатысқан тыңдаушы әйелдер Ленинге хат жазып, одан курста сөз сөйлеуін өтінгені айтылады. Олар өздерінің хатын Қызыл Армияға кеткен ерлерінің, аға-інілері мен ұлдарының орнын басуға уәде берумен аяқтаған.— *567.*

212 Бұл документ РКП(б) Орталық Комитетінің 1919 жылы 19 февральда қабылданған қаулысына түгел дерлік енді. Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде бұл қаулының текстінің жазбасы бар, оны Я. М. Свердлов жасаған. Қаулыда азық-түлік салымын енгізу қажеттігін түсіндіру жөнінде Украина үкіметіне шаруалар арасында үгіт жұмысын кеңінен өрістету ұсынылған. Орталық Комитет украин азық-түлік комиссариатына салым бойынша әрбір жергілікті орынға келетін астық мөлшерін және жиналған астық жөнелтілетін пункттерді анықтауды міндеттеді. Қаулыда аштыққа ұшыраған Советтік Россияға туысқандық жәрдем көрсету комитеттерін құру қажеттігі атап көрсетілген.

1919 жылы 11 мартта Орталық Комитет Украинадағы азық-түлік саясаты туралы жаңа, кеңейтілген қаулы қабылдады. Онда украин азық-түлік комиссариаты Украинадағы барлық азық-түлік қорына билік жүргізуге правосы бар бірден-бір орган болып табылады деп атап көрсетілген. Орталық Комитеттің қаулысы бойынша Украина азық-түлік халық комиссариатына «Солтүстікке 1 июньге дейін 50 миллион пұт астық жеткізу» міндеттемесі жүктелген. Марксизм-ленинизм инстиутының Орталық партия архивінде РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының машинкада басылған тексті сақталған, оның парақтарының біріне В. И. Ленин былай деп жазған: «Украин РКП-на арналған және Украин Совет үкіметіне арналған директива ретінде РКП Орталық Комитетінің бюросында 11. III. бекітілген. 11. III. 1919. Ленин». Парақтың сыртқы бетіне белгісіз біреудің қолымен мынадай сөздер жазылған: *«Орталық Комитеттің Украина туралы өте маңызды* қаулысы».— *568.*

213 Бұл арада Чех ұлттық советі көсемдерінің чехословак әскери корпусының контрреволюциялық бүлігін ұйымдастыру үшін француз және ағылшын үкіметтерінен алған ақшасы айтылып отыр (қараңыз: осы том, 2-бет).— *571.*

214 В. И. Ленин баяндамада бұл елдердегі революциялық қозғалысқа сипаттама береді (120—121-беттер).— *575.*

215 Ж. Садульдің хаты туралы 55-ескертуді қараңыз.— *575.*

216 Әңгіме Англияның социалистік партияларының Совет республикасына көзқарасы жөніндегі позициясы туралы болып отыр (қараңыз: 122-бет), бұлардың екеуі (Британ социалистік партиясы мен Социалистік жұмысшы партиясы) Советтік Россияға интервенция жасауға қарсы шықты.— *575.*

217 Қараңыз: 57-ескерту.— *575.*

218 Әңгіме бірінші дүние жүзілік соғыста Германияның жеңілуі нәтижесінде державалардың империалистік екі тобы арасындағы күштердің арасалмағының Антанта елдерінің пайдасына қарай өзгеруі туралы болып отыр.— *575.*

219 Лениннің баяндамасында Қызыл Армияны «он есе және одан да көп» (134-бет) күшейту қажеттігі туралы айтылады.— *576.*

220 Документ түгел жазылып болғаннан кейін қолжазбаның үстіңгі жағына В. И. Ленин қосып жазған бұл пункт баяндамадан да орын алды. Украинадағы жағдайды және неміс оккупациялық әскерлері солдаттарының арасында революциялық пиғылдың өсуін сипаттай келіп, Ленин украин коммунистерінің міндеттерін тұжырымдап берді (129—131-беттер).— *578.*

221 В. И. Ленин Октябрь революциясының бір жылдығы туралы 1918 жылы 6 ноябрьде сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 147—163-беттер). Ленин сөздің жоспарының бастапқы нобайын қарындашпен жазған, жоспардың ақырғы редакциясын сол парақтың өзіне сиямен жазған.— *579.*

222 1918 жылы 1 декабрьде Қорғаныс Советінің мәжілісінде транспорттың жұмысын талқылаудың барысында Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорттағы қызметіне байланысты мәселелер бойынша комиссия құрылған болатын. Комиссияның бірінші мәжілісі В. И. Лениннің председательдік етуімен 3 декабрьде болды. Ленин Бүкіл россиялық төтенше комиссияның жұмысы туралы ұсыныстардың осы нобайын, сірә, комиссия мәжілісі кезінде жазған болуы керек. Ұсыныстардың соңғы екі пунктінен басқасының бө-

рін Ленин кейінірек сызып тастаған. Комиссияның қаулылары Лениннің ұсыныстары негізінде тұжырымдалған болатын.— *581.*

223 Әңгіме губерниялық және темір жол төтенше комиссияларының коллегияларына басшылық ету жөнінде болып отыр.— *581.*

224 В. И. Лениннің ұсыныстары негізінде комиссия Қатынас жолдары комиссариатына Бүкіл россиялық төтенше комиссияның өкілімен бірлесе отырып, Қатынас жолдары комиссариатының техникалық-жарлық беру қызметіне Бүкіл россиялық төтенше комиссияның араласпауы тұрғысынан алып, Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімі туралы ережені қайта өңдеуді тапсыру жөнінде қаулы алды. Бүкіл россиялық төтенше комиссияның, Темір жол төтенше комиссиясының (Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімі) және Қатынас жолдары комиссариатының өзара қатынастары туралы мәселе бойынша Қорғаныс Советінің қаулысын қараңыз (Лениннің XXIV жинағы, 54—55-беттер).— *581.*

225 Комиссияның қаулысы бойынша халық комиссариаттарына және РКП(б) партия комитеттеріне өздерінің делегаттары арқылы тергеуге қатысу правосы берілді.— *581.*

226 1918 жылы 5 декабрьде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Н. П. Брюханов енгізген «Жұмысшы азық-түлік инспекциясын ұйымдастыру туралы ереженің» жобасы талқыланды (қараңыз: 164-ескерту). Сірә, осы мәселе талқыланған кезде В. И. Ленин Халық Комиссарлары Советінің «Ереже» жөніндегі қаулысын және «Ереженің» жобасына ескертпелерді нобайлап жазса керек. Кейін Ленин осы нобайлардың екеуін де сызып тастаған, бірақ мәжілісте қабылданған және жобаға енгізілген түзетулер Ленин жазған нобайлардағы ережелерге сәйкес келеді.— *582.*

227 В. И. Ленин осы заметкаларды және И. В. Сталинге запискаы, сірә, Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 8 марттағы мәжілісінде Мемлекеттік бақылауды қайта құру туралы мәселе талқыланған кезде жазған болуы керек. Лениннің нұсқаулары Халық Комиссарлары Советінің Мемлекеттік бақылауды қайта құру туралы шешіміне негіз етіп алынды. Бұл шешімде ұсынылған декреттің жобасын мына төмендегі пункттермен толықтырып, қайта жасау қажеттігі көрсетілген:

«а) Жұмысшы ұйымдарының үнемі қатысуы. б) Пролетарлық элементтерден болған айғақ адамдардың үнемі қатысуы. в) Қағаз бастылықты жою үшін жедел тексеру және басқа революциялық шаралар енгізу. г) Басқа комиссариаттар же-

пінде праволар мен міндеттерді дәл анықтау. д) Тексеру-бақылау функцияларын инспекторлық функциялардан қатаң шектеу, ал оның бер жағында инспекторлық функциялар тиісті комиссариаттарда қалуға тиіс».

В. И. Лениннің түзетулері бар қайта өңделген декрет 1919 жылы 2 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде бекітілді және 12 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 79-номерінде жарияланды.— *588.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

«Всегда Вперед!», 1919, № 11, 20 февраля, стр. 1.— *525.*

Всем военкомам, военрукам, командармам, всем Совдепам. Радиотелеграмма 5 ноября 1918 г.— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 243 (507), 6 ноября, стр. 11, в отд.: Последние сообщения и телеграммы.— *162.*

* *Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904]. 397, II стр. (РСДРП).— *314.*

«Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства», Пг., 1917, № 36, 19 декабря (1 января), стр. 1.— *198.*

1917, № 37, 20 декабря (2 января), стр. 1.— *198—199.*

«Газета Печатников», М., 1919, № 11, 6 января, стр. 4.— *525, 549—550.*

Гоголь, Н. В. Мертвые души.— 306.

— Ревизор.— 341.

Грибоедов, А. С. Горе от ума.— 116.

Гулов, Г. Письмо крестьянина. [28 января 1919 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянск., Казачьих и Красноарм. Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов», 1919, № 24 (576), 2 февраля, стр. 1.— *519.*

Декларация прав трудящегося и эксплуатируемого народа.— «Известия ЦИК Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 14 (278), 19 января, стр. 5. Под общ. загл.: Постановления, вынесенные Всероссийским съездом рабочих, солдатских, крестьянских и казачьих депутатов.— *346.*

Декрет [*СНК и ВЦИК*] *о гражданском браке, о детях и о ведении книг актов состояния.* [18 декабря 1917 г.].—«Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства», Пг., 1917, № 37, 20 декабря (2 января), стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *198, 199.*

Декрет [*СНК и ВЦИК*] *о расторжении брака.* [16 (29) декабря 1917 г.]. — «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства», Пг., 1917, № 36, 19 декабря (1 января), стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *198.*

Декрет [*СНК и ВЦИК*] *об организации и снабжении деревенской*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

бедноты, принятый Всеросс. Центр. Исполнит. Комитетом Советов рабоч., солд., крест. и каз. депутатов в заседании от 11-го июня 1918 года. — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 119 (383), 12 июня, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *12—13, 446.*

Декрет [*СНК*] *о потребительских кооперативах.* [11 апреля 1918 г.]. — «Правда», М., 1918, № 71, 13 апреля (31 марта), стр. 1, в отд.: Действия и распоряжения ВЦИК, СНК и С. р. и к. деп.— *218—219, 243, 247, 374—375.*

Декрет [*СНК*] *о снабжении сельского хозяйства орудиями производства и металлами.* [24 апреля 1918 г.].— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 84 (348), 27 апреля, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *48.*

Декрет [*СНК*] *об обязательном товарообмене в хлебных сельских областях.* 7 августа 1918 г. — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 168 (432), 8 августа, стр. 3—4, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *447.*

Декрет Совета Народных Комиссаров [*о национализации крупной промышленности*]. 28 июня 1918 г. — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 134 (398), 30 июня, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *14.*

Декрет Совета Народных Комиссаров об организации снабжения. 21 ноября 1918 г. — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 257 (521), 24 ноября, стр. 4, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *219—220, 246, 247, 248, 376.*

«Дело Народа», Пг., 1917, № 183, 18 октября, стр. 4. — *343, 350.*

Докладная записка Всероссийского совета профессиональных союзов служащих. В Совет Народных Комиссаров. — «Вестник Служащего», М., 1918, № 11—12, ноябрь — декабрь, стр. 15—17. Подпись: Исполнительный комитет Всероссийского Совета.— *248.*

Задачи профессиональных союзов. [Резолюция, предложенная Второму съезду профессиональных союзов от имени фракции коммунистов 21 января 1919 г.]. — В кн.: Второй Всероссийский съезд профессиональных союзов. 16—25 января 1919 года. Стенографический отчет. I. (Пленумы). М., Гос-

«Коммунист», Женева, 1915, № 1—2. 196 стр. — *255.*

Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики. Постановление 5-го Всероссийского съезда Советов, принятое в заседании 10 июля 1918 г.— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 151 (415), 19 июля, стр. 3.— *22, 23, 68, 82, 85, 148—149, 157, 306, 310, 312, 338, 346, 401, 573, 579, 580.*

«Красный Террор», Казань, 1918, № 1, 1 ноября, стр. 1—2. — *444.*

«Крестьянские и Рабочие Думы», В.-Устюг, 1918, № 75, 29 октября, стр. 4. — *201.*

Лацис, М. И. Красный террор. — «Красный Террор», Казань, 1918, № 1, 1 ноября, стр. 1—2. — *444.*

Ленин, В. И. Аграрная программа социал-демократии в первой русской революции 1905—1907 годов. Ноябрь — декабрь 1907 г. — *347.*

— *Аграрная программа социал-демократии в первой русской революции 1905—7 гг.* Пг., «Жизнь и Знание», 1917. VII, 271 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 39-ая). Перед загл. авт.: В. Ильин (Н. Ленин). — *347, 354.*

*— *Государство и революция.* Учение марксизма о государстве и задачи пролетариата в революции. Вып. I. Пг., «Жизнь и Знание», 1918. 115 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 40-я). Перед загл. авт.: В. Ильин (Н. Ленин). — *111—112, 257, 286.*

*— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* — В кн.: [Ленин, В. И.] за 12 лет. Собрание статей. Т. I. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. 387—469. Перед загл. кн. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. и обл. год изд.: 1908. — *331.*

— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. VIII, 108 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *331.*

— *Декрет о земле съезда Советов рабочих и с. д.* (Принят на зас. 26 окт. в 2 ч. н.). — «Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1. — *39, 66, 152, 344, 345, 353, 354 — 355, 384—385, 389—390, 552.*

— *Декрет о мире, принятый единогласно на заседании Всероссийского съезда Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 26 октября 1917 г.* — «Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *56—57.*

— *Речь на митинге в Бутырском районе 2 августа 1918 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина.

— *Речь на объединенном заседании ВЦИК, Московского Совета и Всероссийского съезда профессиональных союзов 17 января 1919 г. — 503.*

— *Речь на совещании делегатов комитетов бедноты центральных губерний. 8 ноября 1918 г. — қараңыз:* Ленин, В. И. Речь т. Ленина к делегатам комбедов.

— *Речь о годовщине революции [на VI Всероссийском чрезвычайном съезде Советов рабочих, крестьянских, казачьих и красноармейских депутатов] 6 ноября [1918 г.]. — 164.*

— *Речь т. Ленина к делегатам комбедов.* (О задачах деревенской бедноты в нашей революции). — «Беднота», М., 1918, № 185, 10 ноября, стр. 3—4. — *223.*

— *Речь тов. Ленина.* — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 164 (428), 3 августа, стр. 5. Под общ. загл.: Митинги. — *355.*

— *Тезисы об Учредительном собрании.* — В кн.: Ленин, В. И. Пролетарская революция и ренегат Каутский. М. — Пг., «Коммунист», 1918, стр. 121—126. (РКП(б)). Перед загл. авт.: Н. Ленин (Вл. Ульянов). — *299—301.*

— *Тезисы об Учредительном собрании.* — «Правда», Пг., 1917, № 213 (114), 26 (13) декабря, стр. 3. — *295, 297—298.*

— *Тезисы 4 апреля 1917 г. — қараңыз:* Ленин, В. И. О задачах пролетариата в данной революции.

[*Ленин, В. И. и Зиновьев, Г. Е.*] *Против течения.* Сборник статей из «Социал-Демократа», «Коммуниста» и «Сборника Социал-Демократа». Изд. Петрогр. Совета рабочих и солдатских депутатов. Пг., тип. «Рабочее Дело», 1918. XVI, 550 стр.; 2 л. портр. Перед загл. авт.: Г. Зиновьев и Н. Ленин.— *255.*

*— *Социализм и война.* (Отношение РСДРП к войне). Изд. ред. «Социал-Демократа». Женева, Chaulmontet, 1915. 48 стр. (РСДРП). Перед загл. кн. авт.: Г. Зиновьев и Н. Ленин. — *255—256.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 — январь 1848 г. — *291, 360.*

— *Святое семейство, или Критика критической критики.* Против Бруно Бауэра и компании. Сентябрь — ноябрь 1844 г. — *480.*

Маркс, К. Буржуазия и контрреволюция. 9, 11, 15 и 29 декабря 1848 г. — *332.*

— *Гражданская война во Франции.* Воззвание Генерального Совета Международного Товарищества Рабочих. Апрель — май 1871 г. — *238, 266, 272, 298—299, 308, 319, 360—362, 494, 535.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I—III. 1867—1894 гг. — *472—473.*

— *Классовая борьба во Франции с 1848 по 1850 г.* Январь — 1 ноября 1850 г. — *426.*

— *Критика Готской программы.* Апрель — начало мая 1875 г.— *260—261, 265, 269—270.*

— *О Гаагском конгрессе.* Корреспондентская запись речи, произнесенной на митинге в Амстердаме 8 сентября 1872 года. — *111.*

— *Письмо Л. Кугельману,* 13 декабря 1870 г. — *113.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 12 апреля 1871 г. — *111, 268—269, 308, 338, 361.*

— *Политический индифферентизм.* Январь 1873 г. — *281—282.*

— *Теории прибавочной стоимости.* (IV том «Капитала»). Январь 1862 — июль 1863 г. — *352.*

[*Маслов, С. Л.*] *Правила об урегулировании земельными комитетами земельных и сельскохозяйственных отношений.* — «Дело Народа», Пг., 1917, № 183, 18 октября, стр. 4. — *343, 350.*

Мирный договор между Россией с одной стороны и Германией, Австро-Венгрией, Болгарией и Турцией с другой. М., тип. Моск. Совета раб. и солд. депутатов, 1918. 150 стр.; 1 л. карт. — *165—166, 217—218, 427—428.*

Мировая опасность большевизма. — «Правда», М., 1918, № 258, 28 ноября, стр. 2, в отд.: За границей. — *242.*

«Народное Хозяйство», М., 1918, № 12, стр. 59. — *210.*

Нота германского генерального консула господина Гаушильда народному комиссару по иностранным делам Г. В. Чичерину. Москва, 5 ноября 1918 г. — «Правда», 1918, № 242, 9 ноября, стр 1—2. — *159—160, 162.*

Основной закон о социализации земли. [27 января (9 февраля) 1918 г.].— «Известия ЦИК Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 28 (292), 19 (6) февраля, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *45, 48, 100, 152—153, 191, 346—347, 348, 386, 389—390, 391—393.*

«Отречение» Питирима Сорокина.— «Правда», М., 1918, № 251, 20 ноября, стр. 3, в отд.: По Советской России. — *201—202, 206—207, 212—213.*

Первый Всероссийский съезд профессиональных союзов. 7 — 14 января 1918 г. Полн. стенограф. отчет с предисл. М. Томского. Изд. ВЦСПС. М., 1918. XI, 382 стр. — *289, 293.*

Первый конгресс Коммунистического Интернационала. Протоколы заседаний в Москве со 2 по [6] марта 1919 года. Пг., 1921. 196 стр. — *551—552, 559.*

Плесков, А. Прекратите гражданскую войну! — «Всегда Вперед!», М., 1919, № 11, 20 февраля, стр. 1. — *525.*

Плеханов, Г. В. Еще о войне. (Ответ товарищу Н-ву). — В кн.: Война. Сборник статей. При участии: И. Аксельрод и др. [Paris, «Ideal», 1915], стр. 11—48. — *204.*

Положение [ВЦИК и СНК] о рабочем контроле. [14 (27) ноября 1917 г.].— «Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 227, 16 ноября, стр. 6, в отд.: Действия правительства. — *149—150.*

Положение об организации рабочей продовольственной инспекции. 5 декабря 1918 г. — «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 268 (532), 7 декабря, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *414.*

Постановление [СНК и ВСНХ] о твердых ценах хлеба урожая 1918 года. [6 августа 1918 г.]. — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 168 (432), 8 августа, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *45, 48.*

Постановление Совета Народных Комиссаров [о постановке библиотечного дела] от 14 января 1919 г. — «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1919, № 11 (563), 17 января, стр. 4, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *510.*

«Правда», Пг. — М. — 108.

— Пг., 1917, № 26, 7 апреля, стр. 1—2. — *289, 297—298.*

— 1917, № 213 (114), 26 (13) декабря, стр. 3. — *295—296, 298.*

— 1918, № 45 (271), 9 марта (24 февраля), стр. 2. — *546.*

— М., 1918, № 71, 13 апреля (31 марта), стр. 1. — *218—219, 243, 247, 374—375.*

— 1918, № 83, 28 (15) апреля, стр. 3—5. — *309.*

[*Садуль, Ж.*] *Гражданину Ромену Роллану.* [Письмо, отправленное 14 июля 1918 г.]. — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 182 (446), 24 августа, стр. 1—2. Под общ. загл.: Интересный документ.— *242, 575.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. Дневник провинциала в Петербурге. — 344, 363.

— Похороны. — 344, 363.

Сборник секретных документов из архива бывшего Министерства иностранных дел. №№ 1—7. Изд. Нар. ком. по иностр. делам. Пг., тип. Ком. по иностр. делам, декабрь 1917 — февраль 1918. 7 кн. — *57, 72, 116, 165, 579.*

«Советская Газета», Елец, 1918, № 63, 31 июля, стр. 3—4. — *38.*

Совещание с.-д. — «Газета Печатников», М., 1919, № 11, 6 января, стр. 4. — *525, 549—550.*

«Солдатская Правда», Пг., 1917, № 13, 16 (3) мая. Приложение к газете «Солдатская Правда», стр. 4. — *289—290, 300.*

Сорокин, П. А. Письмо в редакцию. — «Крестьянские и Рабочие Думы», В.-Устюг, 1918, № 75, 29 октября, стр. 4. Подпись: Питирим Сорокин. — *201.*

«Социал-Демократ», [Вильно — Спб.— Париж — Женева].— *255.*

* *Тодорский, А. Год — с винтовкой и плугом.* Изд. Весьегонского уездного исполнительн. комитета. Весьегонск, 1918, 79 стр. — *441—442.*

Троцкий, Л. Д. Письмо к крестьянам-середнякам. От народного комиссара по военным и морским делам. [6 февраля 1919 г.]. — «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1919, № 28 (580), 7 февраля, стр. 1. — *519.*

«Французские миллионы». — «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 132 (396), 28 июня, стр. 3. Под общ. загл.: Последние сообщения. — *2.*

Французские миллионы. — «Правда», М., 1918, № 130, 28 (15) июня, стр. 2. —*2.*

Чернышевский, Н. Г. [*Рецензия на книгу:*] *«Политико-экономические письма к президенту Американских Соединенных Штатов» Г. Ч. Кэри.* — *60.*

Чехов, А. П. Человек в футляре. — *61, 357.*

Шекспир, В. Венецианский купец. — *279, 280.*

Экстренное собрание Елецкой организации партии левых социалистов-революционеров 27 июля. — «Советская Газета», Елец, 1918, № 63, 31 июля, стр. 3—4, в отд.: Местная жизнь. Под общ. загл.: В партиях. — *38.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. Сентябрь 1876 — июнь 1878 г. — *114.*

— *Введение к работе К. Маркса «Гражданская война во Франции».* 18 марта 1891 г.— *266, 267—268, 272, 292, 308, 319, 360—361, 534—535.*

— *Крестьянский вопрос во Франции и Германии.* Между 15 и 22 ноября 1894 г. — *222—223, 236, 239.*

— *Крестьянский вопрос во Франции и Германии.* Пер. с нем. В. Перовой. Под ред. и предисл. Г. Плеханова. Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. 40 стр. (РСДРП). — *222—223, 236.*

— *Об авторитете.* Октябрь 1872 — март 1873 г. — *268, 281—282, 285.*

— *Письмо А. Бебелю.* 18—28 марта 1875 г.— *112, 265, 272, 281—282, 298—299, 365.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 29 ноября 1886 г. — *241.*

— *Письмо Ф. Келли-Вишневецкой.* 27 января 1887 г. — *241.*

— *Предисловие к английскому изданию* [*книги К. Маркса «Капитал», т. I*]. 5 ноября 1886 г. — *111.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* В связи с исследованиями Льюиса Г. Моргана. Конец марта — 26 мая 1884 г. — *271—272.*

The Allies and Russia.—«The Manchester Guardian», 1918, No. 22,530, October 23, p. 4. — *178.*

An das revolutionäre Proletariat Deutschlands! — «Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 74, 11. Februar, S. 1.— *527, 545, 546—547.*

**«Appeal to Reason»*, Girard, Cansas, 1915, No. 1,032, September 11, p. 1.— *62—63, 528.*

Aufruf der deutschen Regierung. An das deutsche Volk!—«Vorwärts», Berlin, 1918, Nr. 305, 5. November, S. 1.— *167.*

«Avanti!», Milano.— *562—563.*

— 1919, N. 12, 12 gennaio, p. 3.— *562—563.*

Bericht über den Gründungsparteitag der Kommunistischen Partei Deutschlands (Spartakusbund) vom 30. Dezember 1918 bis 1. Januar 1919. Hrsg. von der Kommunistischen Partei Deutschlands (Spartakusbund). [Berlin, 1918]. 56 S.— *492.*

«Berner Tagwacht», 1916, Nr. 33, 9. Februar, S. 1.— *62—63, 528.*

Bernstein, E. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899 X, 188 S.— *108.*

«The Class Struggle», New York, 1917, No. 4, November — December, p. 49—63.— *297.*

Clausewitz, K. Hinterlassene Werke über Krieg und Kriegführung. Bd. 1, T. 1. Vom Kriege. Berlin, Dümmler, 1832. XXVIII, 371 S.— *316—317.*

Confessions of a Capitalist.—«The Socialist Review», [London], 1918, July — September, p. 249—258. Подпись: A. Capitalist.— *108.*

**Debs, E. When I shall Fight.*—«Appeal to Reason», Girard, Cansas, 1915, No. 1,032, September 11, p. 1.— *62—63, 528.*

Diktatur oder Demokratie?—«Vorwärts», Berlin, 1918, Nr. 290, 21. Oktober, S. 1—2.— *312.*

«L'Écho de Paris».— 177.

«The Evening Post», New York, 1918, January 15, p. 9.— *297.*

Francouzské miliony.—«Průkopník Svobody», Moskva, 1918, čislo 4, 28. června, s. 1.— *2.*

Frankfurt, 22. Oktober.—«Frankfurter Zeitung», Abendblatt, Frankfurt a. M., 1918, Nr. 293, 22. Oktober, S. 1.— *312.*

«Frankfurter Zeitung». Abendblatt, Frankfurt a. M., 1918, Nr. 293, 22. Oktober, S. 1.— *312.*

«Die Freiheit», Berlin.— *527.*

— Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 30, 17. Januar, S. 2.— *497.*

— 1919, Nr. 71, 9. Februar, S. 1.— *547, 548, 549, 550—551.*

— 1919, Nr. 74, 11. Februar, S. 1.— *527, 545, 546.*

Hilferding, R. Die Einigung des Proletariats.—«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 71, 9. Februar, S. 1.— *547, 548, 549, 550—551.*

«L'Humanité», Paris.— *561, 562.*

— 1919, N 5384, 13 janvier, p. 2.— *561, 562.*

«Internationale Socialistische Kommission. Nachrichtendienst», Stockholm, 1918, Nr. 41, 12. Juni, S. 1—12.— *354.*

**Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S.— *352, 354.*

— *Consumvereine und Arbeiterbewegung.* Wien, Brand, 1897. 31 S.— *246.*

*— *Die Diktatur des Proletariats.* Wien, Brand, 1918. 63 S.—*108—110, 111, 112—116, 117, 255, 257, 258—358, 359—360, 361—363, 364, 365, 421, 422—424, 497, 546—547.*

*— *Fraktion und Partei.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 9, 26. November, S. 269—276.— *528.*

*— *Der Imperialismus.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 21, 11. September, S. 908—922.— *256—257.*

— *Die Soziale Revolution.* I. Sozialreform und soziale Revolution. Berlin, Exped. der Buchh. Vorwärts, 1902, 56 S.— *325.*

— *Triebkräfte und Aussichten der russischen Revolution.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, Jg. 25., Bd. 1., Nr. 9, S. 284—290; Nr. 10, S. 324—333.— *331—332, 336—337, 349.*

— *Der Weg zur Macht.* Politische Betrachtungen über das Hineinwachsen die Revolution. Berlin, Buchh. Vorwärts, 1909. 104 S.— *256, 293—294, 317—318, 325.*

[*Lenin, W. I.*] *Lenin-Rußland.*—«Berner Tagwacht», 1916, Nr. 33, 9. Februar, S. 1. Под общ. загл.: Der Krieg und die Pflichten der Arbeiterschaft.— *62—63, 528.*

— *Lenine on Political Parties in Russia.*—«The Evening Post», New York, 1918, January 15, p. 9.— *297.*

— *Political Parties in Russia.*—«The Class Struggle», New York, 1917, No. 4, November — December, p. 49—63. После загл. авт.: N. Lenin.— *297.*

[*Lenine, V. I. et Zinowieff, G. E.*] *Le Socialisme et la Guerre.* (Point de vue du PSDO de Russie sur la guerre). Genève, la Redaction du «Social-Démocrate», 1916. 77 p. (Parti Social Démocrate Ouvrier de Russie).— *255.*

— *Sozialismus und Krieg.* (Stellung der S.-D. A.-P. Rußlands zum Kriege). Б. м., 1915. 36 S. (S.-D. A.-P. Rußlands). После загл. кн. авт.: G. Zinowjew u. N. Lenin.— *255.*

Luxemburg, R. Der Anfang.—«Die Rote Fahne», Berlin, 1918, Nr. 3, 18. November, S. 1—2.— *551—552.*

«The Manchester Guardian», 1918, No. 22, 530, October 23, p. 4.— *178.*

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel].— In: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27.— *256, 318, 320—321, 325, 361.*

Marx, K. u. Engels, F. Das Kommunistische Manifest. Neue Ausgabe mit einem Vorwort der Verfasser. Leipzig, Exped. des «Volksstaat», 1872. 27 S.— *269—270, 422.*

— *Vorwort [zur Arbeit: «Das Kommunistische Manifest»*. 24. Juni 1872].— In: Marx, K. u. Engels, F. Das Kommunistische Manifest. Neue Ausgabe mit einem Vorwort der Verfasser. Leipzig, Exped. des «Volksstaat», 1872, S. 3—4.— *269—270, 422.*

Maßlow, P. Die Agrarfrage in Rußland. Die bäuerliche Wirtschaftsform und die ländlichen Arbeiter. Autorisierte Übersetzung von M. Nachimson. Stuttgart, Dietz, 1907. XIII, 265 S.— *109, 332, 334, 340, 349—350, 352.*

Le meeting de la fédération de la Seine.—«L'Humanité», Paris, 1919, N 5384, 13 janvier, p. 2. Под общ. загл.: Pour la démobilisation.— *561, 562.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, Jg. 25, Bd. 1, Nr. 9, S. 284—290; Nr. 10, S. 324—333.— *331—332, 336—337, 349.*

— 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 21, 11. September, S. 908—922.— *256—257.*

— 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 9, 26. November, S. 269—276.— *528.*

Ostrogorskij, M. La démocratie et les partis politiques. Nouvelle ed., refondue. Paris, Calmann-Lévy, 1912. XVI, 728 p.— *366.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Breslau vom 6. bis 12. Oktober 1895. Berlin, Exped. des «Vorwärts», 1895. 223 S.— *222.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten in Magdeburg vom 18. bis 24. September 1910. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1910. 507 S.— *311.*

«Průkopník Svobody», Moskva, 1918, čislo 4, 28. června, s. 1.— *2.*

Richter, E. Sozialdemokratische Zukunftsbilder. Frei nach Bebel. Berlin, «Vortschritt», Dezember 1891. 48 S.— *311—312.*

«Die Rote Fahne», Berlin.— *407, 421.*

— 1918, Nr. 3, 18. November, S. 1—2.— *551—552.*

«Der Rote Soldat», Wien.— *129.*

«The Socialist Review», London.— *108.*

— 1918, July — September, p. 249—258.— *108.*

Statistik des Deutschen Reichs. Bd. 212. Berufs- und Betriebszählung vom 12. Juni 1907. Landwirtschaftliche Betriebsstatistik. Hrsg. vom Kaiserlichen Statistischen Amte. Teil 1a, 1b, 2a. Berlin, [1909—1910]. 3 Bde.— *306—307.*

Thesen über die sozialistische Revolution und die Aufgaben des Proletariats während seiner Diktatur in Rußland.—«Internationale Socialistische Kommission. Nachrichtendienst», Stockholm, 1918, Nr. 41, 12. Juni, S. 1—12.— *354.*

«The Times», London.— *174—175.*

«III-me Internationale», Moscou, 1918, N 1, 20 octobre, p. 4.— *178.*

Un aveu sur l'intervention des allies en Siberie.—«III-me Internationale», Moscou, 1918, N 1, 20 octobre, p. 4, в отд.: Revue de la presse française.— *178.*

Die Untersuchung.—«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 30, 17. Januar, S. 2.— *497.*

Vandervelde, É. Le socialisme contre l'État. Paris — Nancy, Berger-Levrault, 1918. LVI, 174 p. (Problèmes d'aprèsguerre).— *359—366.*

«La Victoire», Paris.— *126.*

Vita del partito.—«Avanti!», Milano, 1919, N. 12, 12 gennaio, p. 3, в отд.: Cronache Italiane.— *562—563.*

«Vorwärts», Berlin, 1918, Nr. 290, 21. Oktober, S. 1—2.— *312.*

— 1918, Nr. 305, 5. November, S. 1.— *167.*

«Der Weckruf», Wien.— *421.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аванесов, В. А. (1884—1930) — советтің мемлекет қайраткері; 1903 жылдан РСДРП мүшесі. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына белсене қатысқан. 1907 жылдан 1913 жылға дейін Швейцарияда тұрған; РСДРП Біріккен тобының секретары болды. 1914 жылы Россияға қайтып оралып, большевиктерге қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва Советіндегі большевиктік фракцияның және Москва Советі президиумының мүшесі. 1917 жылғы Октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1917—1919 жылдары — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары және Президиум мүшесі. 1920 жылдан 1924 жылға дейін — Бүкіл россиялық төтенше комиссияның коллегия мүшесі, Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары, одан кейін сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары. 1925 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің президиум мүшесі. 1922—1927 жылдары — СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.— *38.*

Авксентьев, Н. Д. (1878—1943) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі Атқару Комитетінің председателі; Керенскийдің екінші коалициялық үкіметінде ішкі істер министрі, кейінірек контрреволюциялық «Россия республикасы Уақытша советінің» (Предпарламенттің) председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1918 жылы — «Уфа директориясы» дейтіннің председателі; одан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді. — *193, 340.*

Адлер (Adler), *Фридрих* (1879—1960) — Австрия социал-демократиясы оң қанатының лидері. 1916 жылы 21 октябрьде тер-

рорлық әрекет жасады — Австрияның премьер-министрі граф Штюргкты атып өлтірді. Австриядағы 1918 жылғы революциядан кейін контрреволюция лагеріне өтіп кетті. В. И. Ленин осы кезде Адлерді социализмнің масқара опасыздарының және сатқындарының бірі деп сипаттады. Адлер центристік II ½ Интернационал дейтінді ұйымдастырушылардың қатарында (1921—1923), ал одан соң —«Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің лидерлерінің бірі болды.— *30, 141, 149, 224, 423—424.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік жел сөздерді бүркемелеңіп, іс жүзінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады.— *289, 297, 298, 356.*

Алексеев, М. В. (1857—1918) — патша армиясының генералы, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жоғарғы бас қолбасшы, одан кейін біраз уақыт бойы жоғарғы бас қолбасшы Керенскийдің штаб бастығы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, Солтүстік Кавказда ұйымдастырылған ақ гвардиялық «ерікті армияны» басқарды.— *4, 29, 571, 572.*

Альберт, М.— қараңыз: Эберлейн (Eberlein), Гуго.

Андриё (Andrieu) — француз жұмысшысы, Луара департаменті металлистер одағының секретары. Революциялық синдикализм қозғалысына белсене қатысқан. 1917 жылдың аяқ кезінде «жеңілісті жақтап» насихат жүргізгені үшін француз өкімет орындары қамауға алып, майданға жіберген. Бірақ көп кешікпей жұмысшылардың және Луара ауданында орналасқан әскери бөлімдердің наразылық қысымымен француз үкіметі оны майданнан кері шақырып алуға мәжбүр болған. 1919 жылы сентябрьде металлистер федерациясының съезіне делегат болды, бұл съезд Россияға интервенция жасалуына қарсы наразылық білдіріп қарар қабылдады.— *75.*

Аустерлиц (Austerlitz), *Фридрих* (1862—1931) — Австрия социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, партияның орталық органы «Arbeiter-Zeitung»-тің («Жұмысшы Газеті») бас редакторы; Венадан парламентке депутат. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинистік позиция ұстады. — *421, 423—424, 425—426.*

Б

үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Бұдан кейінгі жылдарда да империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *108, 116, 258—259, 270, 314.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты. 1862 жылдан — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Сыртқы және ішкі саясатта юнкерлер мен ірі буржуазияның мүдделерін басшылыққа алып отырды. Басқыншылық соғыстар («қанды жорық») және сәтті дипломатиялық әрекеттер арқылы 1871 жылдың қарсаңында Пруссия бас болатын Германияны қайта біріктіруге қол жеткізді, сойтіп Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. Париж Коммунасын қан-жоса қып басып-жаныштауда француздың контрреволюциялық буржуазиясына (версальдықтарға) әскери көмек көрсетті. 1890 жылы, сыртқы және ішкі саясатта сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, отставкаға кетті. — *306.*

Блан (Blanc), *Луи* (1811—1882) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, тарихшы. Капитализм тұсында таптық қайшылықтардың ымырасыздығын теріске шығарды, пролетарлық революцияның дұшпаны болды, буржуазиямен келісімге келу позициясын ұстады. 1848 жылғы революция кезеңінде уақытша үкіметке еніп және «жұмысшы мәселесін зерттеу» жөніндегі комиссияны басқара отырып, ол өзінің келісімпаздық тактикасымен буржуазияның жұмысшыларды революциялық күрестен алаңдатуына жәрдемдесті. 1871 жылы февральда Ұлттық жиналысқа сайланған Блан Париж Коммунасы жауларының қатарында қалды. — *267.*

Бонч-Бруевич, В. Д. (1873—1955) — советтің мемлекет және қоғам қайраткері; профессионал революционер. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғынан бастап қатысты, 1896 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті. Шетелде «Еңбекті азат ету» тобының қызметіне қатысты, «Искраға» қатысып тұрды, басқа да большевиктік газет, журналдар мен партиялық баспаларды ұйымдастыруға белсене қатысты. Патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — «Известия Петроградского Совета» редакциясының мүшесі (1917 жылғы майға дейін), кейін большевиктік «Рабочий и Солдат» газетін редакциялады. Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы (1920 жылдың декабріне дейін), «Жизнь и знание» баспасының бас редакторы. 1930 жылдан

Москвада өзі ұйымдастырған Әдебиет музейін басқарды, 1946 жылдан — СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Дін және атеизм тарихы музейінің директоры. В. И. Ленин туралы бірқатар естеліктердің авторы. — *38.*

Бородин (Грузенберг), М. М. (1884—1951) — 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1905 жылы РСДРП(б) Рига комитетінің секретары. 1907—1918 жылдары Америкада эмиграцияда болды. 1918 жылдан 1922 жылға дейін РСФСР сыртқы істер халық комиссариатында және Коминтернде жұмыс істеді. 1923—1927 жылдары Сун Ят-сеннің және Қытайдың ұлттық (Кантон) үкіметінің кеңесшісі болды. 1927 жылдан — Совет Одағының Телеграф агенттігінде, Халық шаруашылығы жоғары советінде және басқа ұйымдарда әкімшілік-шаруашылық және әдеби жұмыстарда болды.— *51.*

Брак (Bracke), *(Александр-Мари Деруссо)* (1861—1955) — Француз социалистік партиясы лидерлерінің бірі, оның сыртқы байланыстар жөніндегі секретары. 1900 жылдан — Француз социалистік партиясының бірқатар мерзімді басылымдарында қызмет істеді; «L'Humanité» («Адамзат») газеті редакторларының бірі болды; әлденеше рет депутаттар палатасына сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Француз социалистерінің III Интернационалға қосылуына қарсы болды. 1923 жылдан бастап «Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтінде француз социалистік партиясының өкілі болды.— *561.*

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925)— Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі. Оппортунистік позицияда болды. 1887—1917 жылдары (үзілістермен)— партияның орталық органы —«Social-demokraten» («Социал-Демократ») газетінің редакторы; 1897—1925 жылдары — риксдаг депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылы Эденнің коалициялық үкіметіне енді, Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын қолдады. 1920, 1921—1923 және 1924—1925 жылдары социал-демократиялық үкіметтерді басқарды. — *545, 558—559.*

Брентано (Brentano), *Луйо* (1844—1931) — немістің буржуазияшыл экономисі, 1896 жылдан Мюнхен университетінде саяси экономия профессоры; тап күресінен бас тартуды, реформистік кәсіподақтар ұйымдастыру және фабрикалық заң шығару жолымен буржуазиялық қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды шешу, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделерін бітістіру мүмкіндігін уағыздаған «катедер-социализмнің» басты өкілдерінің бірі. Аграрлық мәселеде егіншіліктегі ұсақ шаруашылықтың тұрақтылығы жөніндегі реакциялық «теорияны» және жалған ғылыми буржуазиялық «топырақ құнарлылығының кеми

беру заңын» жақтады. Өмірінің соңғы жылдарында империализмнің ашықтан-ашық апологеті болды. — *255—256.*

В

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, буржуазиялық үкіметке кірді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті. 1925—1927 жылдары — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасауға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күрес-ті. — *359—366, 424, 492, 495—496.*

Вацетис, И. И. (1873—1938) — советтің көрнекті әскери қайраткері, бұрын — патша армиясының офицері. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет республикасының қарулы күштерінде қызметте болды; атқыштар корпусының командирі, жоғарғы бас қолбасшының орынбасары болды. Латыш атқыштар дивизиясының командирі ретінде Москвада болған солшыл эсерлер бүлігін басып-жаныштауға қатысты. Кейіннен — Шығыс майданының қолбасшысы. 1918 жылғы сентябрь — 1919 жылғы июльде РСФСР қарулы күштерінің бас қолбасшысы болды. 1922 жылдан — М. В. Фрунзе атындағы Әскери Академияның аға оқытушысы. — *251.*

Вебб (Webb), *Сидней* (1859—1947) — белгілі ағылшын қоғам қайраткері, реформист. Зайыбы Беатриса Веббпен бірге ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы мен теориясы жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Ұсақ буржуазия мен жұмысшы аристократиясының идеологы болған Сидней Вебб өзінің еңбектерінде жұмысшы мәселесін капиталистік қоғам шеңберінде бейбіт жолмен шешу идеясын жүргізді. Реформистік Фабий қоғамының негізін салушылардың бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинизм позициясын ұстады. Бірінші (1924) және екінші (1929—1931) лейбористік үкіметтерге кірді. Совет Одағына дұрыс ниетте болды.— *104, 117, 273, 492, 495—496.*

Вебер Генрих — қараңыз: Бауэр (Bauer), Отто.

Вейтлинг (Weitling), *Вильгельм* (1808—1871) — неміс жұмысшы қозғалысының жаңа туып келе жатқан кезіндегі көрнекті қайраткері, утопиялық теңгерме коммунизм теоретиктерінің бірі; кәсібі жөнінен тігінші. «Әділеттілер одағының» белсенді

Г

Гаазе (Haase), *Гуго* (1863—1919) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, оппортунист. 1911 жылы Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының председателі болып сайланды. 1897—1907 және 1912—1918 жылдары — рейхстагтың депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы апрельде — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясын құрушылардың бірі. Ленин Гаазені және неміс «тәуелсіздері» партиясының басқа да лидерлерін «малай жандар, доктринерлер, қорқақтар, буржуазияның жігерсіз жәрдемшілері және іс жүзіндегі реформистер» (Шығармалар, 29-том, 565-бет) деп атады. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді. — *217, 316, 322, 380.*

Гапон, Г. А. (1870—1906) — священник, патша охранкасының агенті. 1905 жылы 9 январьда Петербург жұмысшыларын петициямен патшаға бейбіт шеру жасап баруға арандатты, бұл шеру жұмысшыларды жаппай атқылаумен аяқталды. Кейіннен эсерлер арандатушы ретінде әшкерелеп, өлтірді. — *75.*

Гендерсон (Henderson), *Артур* (1863—1935) — лейбористік партия мен ағылшын кәсіптік қозғалысы лидерлерінің бірі. 1908—1910 және 1914—1917 жылдары — лейбористердің парламенттік фракциясының председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты жүргізе беруге үгіттеу үшін Россияға келді. 1919 жылы Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі, 1923 жылдан бастап — «Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің Атқару комитетінің председателі. Англияның буржуазиялық үкіметтеріне бірнеше рет кірді. — *69, 104, 117, 273, 312, 321—322, 329, 424, 492, 495—496, 559.*

Гильбо (Guilbeaux), *Анри* (1885—1938) — француз социалисі, журналист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде «Demain» («Ертең») журналын шығарып тұрды, интернационалдық байланыстарды қалпына келтіруді жақтады. 1916 жылы Кинталь конференциясына қатысты. 20-жылдардың бас кезінен Германияда тұрды, «L'Humanité» («Адамзат») газетінің тілшісі болды. Францияның циммервальдтық сол қанатынан Коминтерннің I конгресіне делегат болды.

Кейіннен троцкистік позицияға көшті, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды. — *562.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік

лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. 1907 жылдан 1915 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газетінің редакторы. 1910 жылы «Финанс капиталы» деген еңбек жариялады, бұл еңбек монополистік капитализмді зерттеуде белгілі бір дәрежеде игі роль атқарды; сонымен қатар кітапта елеулі теориялық қателер және оппортунистік қағидалар да бар еді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы болды, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті ретінде көрінді. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті. — *546—547, 550—551.*

Гомперс (Gompers), *Самюэл* (1850—1924) — американ кәсіподақ қозғалысының қайраткері. Американ еңбек федерациясының (АЕФ) негізін салушылардың бірі; 1895 жылдан бастап үзбестен осы федерацияның председателі болды. Капиталистермен таптық ынтымақ саясатын жүргізді, жұмысшы табының революциялық күресіне қарсы шықты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне дұшпандық ниетте болды. — *69, 121, 321—322, 424, 491, 492, 495—496.*

Гофман (Hoffmann), *Адольф* (1858—1930) — неміс социал-демократы. 1908 жылдан 1918 жылға дейін — Пруссия ландтагының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының мүшесі. 1920 жылы Германия Коммунистік партиясына қосылып, оның Орталық Комитетіне сайланды. Алайда көп ұзамай Германия социал-демократиялық партиясына қайтып келді. Бұдан кейін қандай бір саяси роль атқарған жоқ. — *196.*

Грабер (Graber), *Эрнест Поль* (1875 ж. туған) — Швейцария социал-демократы. Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде интернационалистерге қосылды, Швейцария солшыл социал-демократтарының жұмысына қатысты. 1917 жылдың басынан центристік-пацифистік позицияға көшті, ал 1918 жылы Швейцария социал-демократиясының оң қанаты жағына біржола көшті. 1919 жылдан — Швейцария социал-демократиялық партиясының секретары. Швейцария социал-демократиялық партиясының III, Коммунистік Интернационалға қосылуына қарсы шықты, центристік (II½) Интернационалды құруға қатысты. — *315.*

Гримм (Grimm), *Роберт* (1881—1958) — Швейцария социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, 1909—1918 жылдары — оның секретары және «Berner Tagwacht» («Берн Сақшысы») газетінің бас редакторы. 1911 жылдан — Швейцария парламентінің мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, Интернационалдық социалистік комиссияның председателі. Центристік ($II^1/_2$) Интернационалды ұйымдастырушылардың бірі болды. 1945—1946 жылдары — Швейцария Ұлттық советінің председателі. — *315.*

Губкин, И. М. (1871—1939) — аса көрнекті совет геологы, қоғам және мемлекет қайраткері, академик; 1921 жылдан Коммунистік партияның мүшесі, Советтік Россияның кен және геология қызметін ұйымдастыруға белсене қатысты; 1919—1924 жылдары — Сланец жөніндегі бас комитеттің председателі, одан кейін Сланец өнеркәсібі басқармасының директоры, В. И. Лениннің нұсқауы бойынша құрылған Курск магнит аномалиясын зерттеу жөніндегі Ерекше комиссияның председателі; мұнай жөніндегі бірқатар ғылыми мекемелердің басшысы болды. — *584.*

Гулов, Г. — шаруадан шыққан қызыл әскер. Октябрь социалистік революциясына (Москвада) қатысушы. — *519.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясының ұйымдастырушысы және лидері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; ақ эмигрант. — *87, 89.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, ревизионист, кәсібі жөнінен экономист. Неміс оппортунистерінің «Socialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі. Герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды. — *110.*

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді. — *113, 310.*

Дебс (Debs), *Юджин Виктор* (1855—1926) — Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі болды; бұл партия 1900—1901 жылдары қалыптасқан Социалистік партияның негізгі ұйтқысы еді. Бұл партияда сол қанаттың басшысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды, социал-шовинистердің сатқындығын айыптады, Америка Құрама Штаттарының соғысқа кіруіне қарсы насихат жүргізді. Дебс Октябрь социалистік революциясының жеңісін құттықтады. 1918 жылы антиимпериалистік қызметі үшін 10 жыл түрмеге отыруға кесілді, бірақ 1921 жылы оған амнистия берілді. — *62—63, 114, 493, 528.*

Дрейфус (Dreyfus), *Альфред* (1859—1935) — француз бас штабының офицері, еврей, мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айыппен 1894 жылы жазықсыз сотталып, өмір бақи тұтқында ұстауға кесілді. Жұмысшы табы мен прогрестік пиғылдағы интеллигенцияның Дрейфусты қорғауы арқасында, ол 1899 жылы кешірім алды, ал 1906 жылы біржола ақталды.— *114, 274, 477, 538—539.*

Дутов, А. И. (1864—1921) — патша армиясының полковнигі, Оренбург казак әскерлерінің атаманы; казак контрреволюциясы басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін көп ұзамай меньшевиктермен және эсерлермен бірге Оренбургте «Отанды және революцияны қорғап қалу комитетін» құрды, бұл комитет ноябрь айының орта шенінде өкімет билігін өз қолына алды; 1918 жылы 18 (31) январьда Қызыл гвардия отрядтары Дутовты Оренбургтен қуып шықты. 1918—1919 жылдары Колчактың қарауында Оренбург жеке казак армиясының қолбасшысы болды. Колчак әскерлері талқандалғаннан кейін өз бөлімдерінің қалдықтарымен бірге 1920 жылы мартта Қытай шекарасынан өтті.— *28—29, 113, 231—232, 404.*

З

Закс, Г. Д. (1882—1937) — эсер, солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Октябрь социалистік революциясы кезінде Әскери-революциялық комитеттің мүшесі және Төтен-

ше тергеу комиссиясының құрамына енді, Петроград қалалық думасы председателінің орынбасары болды. 1917 жылғы декабрьден — халық ағарту комиссарының орынбасары, Бүкіл российлық төтенше комиссия председателінің орынбасары. Солшыл эсерлердің бүлігінен (июль, 1918 ж.) және солшыл эсерлер партиясы жікке бөлінгеннен кейін «халықшыл-коммунистер» партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы ноябрьде большевиктер партиясына кірді. Азамат соғысына қатысушы; кейіннен әскери қызметте және совет жұмысында болды.— *333*.

Зегер (Seger), *Иоганн Фридрих* (1867—1928) — неміс социал-демократы, кәсібі жөнінен тігінші. Лейпциг социал-демократиялық ұйымы басшыларының және «Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті») редакторларының бірі. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының (ГТСДП) мүшесі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Лейпцигте жұмысшы және солдат Советінің председателі болды. 1919 жылдан — Ұлттық жиналыстың мүшесі, одан кейін — рейхстагтың депутаты. 1922 жылы жікке бөлінген Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының оң қанатының құрамында Германия социал-демократиялық партиясына қайтып келді. —*527—528*.

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және партияның Орталық Органы —«Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті; қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындағандығы туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп ол партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы

партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *154, 255, 256, 377, 404—405.*

Зюдекум (Südekum), *Альберт* (1871—1944) — герман социал-демократиясының оппортунистік лидерлерінің бірі, ревизионист. 1900 жылдан 1918 жылға дейін — рейхстагтың депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. Отаршылдық мәселе жөнінен империалистік көзқарастарды уағыздады, жұмысшы табының революциялық қозғалысына қарсы күресті. 1918—1920 жылдары — Пруссияның финанс министрі. — *492, 494, 495—496.*

И

Игнатов, Е. Н. (1890—1938) — 1912 жылдан партия мүшесі. 1917 жылы — Москва Советі атқару комитетінің және президиумының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партияның Москва комитетінің құрамына енді. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — «жұмысшы оппозициясы» лидерлерінің бірі, «игнатовшылдар» деп аталған топты басқарды. РКП(б) X съезінен кейін оппозициядан кетіп, РКП(б) Витебск губерниялық комитетінде істеді, Витебск губерниялық атқару комитетінің председателі болды. 1929 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанындағы Совет құрылысы жөніндегі жоғары курстың директоры. — *463—464.*

Иоффе, А. А. (1883—1927) — совет дипломатиясының көрнекті қайраткері. 90-жылдардың аяқ шенінен бастап социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; РСДРП(б) VI съезінде ауданаралықшылдармен бірге большевиктер партиясына қабылданып, Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Брест келіс сөздері кезінде совет бітім делегациясының құрамына кірді. 1918 жылғы апрельден ноябрьге дейін — РСФСР-дің Берлиндегі уәкілетті өкілі. Бұдан кейінгі жылдарда Советтік Россияның бірқатар капиталистік елдер үкіметтерімен келіс сөздеріне қатысты. 1925—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды. — *196.*

К

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социа-

листік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды, 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *450, 454, 457*.

Камков (Кац), Б. Д. (1885—1938) — эсер, солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. Брест бітімін жасауға қарсы шықты, герман елшісі Мирбахты өлтірудің инициаторларының және Москвада солшыл эсерлер бүлігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Контрреволюциялық қызметі үшін тұтқынға алынып, Әскери трибуналдың үкімімен сотталды. Кейін статистика саласында жұмыс істеді. — *19*.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқушылық көрсеткен еді. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік

империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, большевиктер партиясына жэне Совет мемлекетіне ашықтан-ашық қарсы шықты. — *105, 108—118 185—186, 246, 253—366, 380, 421—426, 496, 497—498, 528, 546—547, 550—551.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970) — эсер. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді. — *14—15, 43, 61, 89, 115, 132, 149, 165, 193, 231, 305, 316, 318, 319, 338, 340, 357, 401, 552, 585.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. 1876 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1906—1909 жылдары француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да француз үкіметін басқарды, елде әскери диктатура режимін орнатты. Совет республикасына қарсы қарулы интервенцияны және блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі болды. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеді. — *273—274, 321, 378, 498.*

Колегаев, А. Л. (1887—1937) — 1906 жылдан эсерлер партиясының мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлердің сол қанатына қосылды. 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің құрамына егіншілік халық комиссары болып енді. 1918 жылы мартта Брест бітіміне қол қойылуына солшыл эсерлердің келіспеушілігімен байланысты Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шықты. Солшыл эсерлер бүлігі басып-жаншылғаннан кейін эсерлер партиясынан қол үзіп, 1918 жылы ноябрьде РКП(б)-ға кірді. Оңтүстік майданының жабдықтау бөлімінің бастығы және майданның Революциялық-әскери советінің мүшесі болды. 1920 жылы Қатынас жолдары халық комиссариатының коллегия мүшесі болды; 1921 жылдан — шаруашылық жұмыста.— *38, 39, 333, 402.*

Колчак, А. В. (1873—1920) — патша флотының адмиралы, монархист, 1918—1919 жылдарда Россия контрреволюциясының

басты басшыларының бірі, Антантаның итаршысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция империалистерінің қолдауымен өзін Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік диктатураны басқарды. Қызыл армияның соққысы және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың күйреуіне әкеліп соқты; Колчак тұтқынға алынып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды. — *525, 526.*

Кольб (Kolb), *Вильгельм* (1870—1918) — неміс социал-демократы, барып тұрған оппортунист әрі ревизионист. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. — *110, 313—314.*

Корнилов, Л. Г. (1870—1918) — патша армиясының генералы, монархист. 1917 жылғы июльден — орыс армиясының жоғарғы бас қолбасшысы, августа контрреволюциялық бүлікті басқарды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін қамауға алынып, түрмеге отырғызылды, одан Донға қашты, ақ гвардиялық «ерікті армияны» ұйымдастырушылардың бірі, ал кейін оның қолбасшысы болды. Екатеринодар (қазір Краснодар) түбінде болған ұрыстарда оққа ұшты. — *338.*

Красин, Л. Б. (1870—1926) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясына белсене қатысы. РСДРП III және IV съездерінде РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі, V съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Біраз уақыт антипартиялық «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, сыртқы сауда халық комиссары болды және сонымен қатар 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді. 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкіл. — *431.*

Краснов, П. Н. (1869—1947) — патша армиясының генералы, 1917 жылғы августағы Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. 1917 жылы октябрьдің аяғында антисоветтік бүлік кезінде Керенский Петроградқа аттандырған казак отрядтарының командирі болды. 1918—1919 жылдары Дондағы ақ казак армиясын басқарды. 1919 жылы шетелге қашып барып, онда антисоветтік әрекетін тоқтатпады, кейінірек гитлершілдерге қызмет етті. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша өлім жазасына кесілді. — *113, 131, 231—232, 310, 404, 410.*

Крестинский, Н. Н. (1883—1938) — 1903 жылдан партия мүшесі. 1917 жылы — РСДРП(б) Екатеринбург облыстық комитеті председателінің орынбасары, ал одан кейін Урал облыстық комитетінің председателі. 1918—1921 жылдары РСФСР финанс халық комиссары болып істеді, РКП(б) Орталық Комитетінің секретары (1919 жылдан) болды. 1918 жылы «солшыл коммунистермен» бірге Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — Троцкийдің платформасын жақтады. 1921—1930 жылдары — советтің Германиядағы уәкілетті өкілі, одан кейін СССР сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. — *509.*

Крупп (Krupp) — герман империализмінің негізгі арсеналдарының бірі — Германиядағы әскери-металлургиялық концернді басқаратын өнеркәсіпшілер әулеті. Концерн басшылары бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстарды әзірлеуге белсене қатысты, соның нәтижесінде аса зор пайда түсірді. 1945 жылғы Ялта және Потсдам шешімдеріне сәйкес концерннің әскери заводтары жойылуға тиіс еді. Батыс Германияда бұл шешімдер орындалған жоқ, ал Крупп әулетінің заводтары Германия Федерациялық Республикасының кекшіл армиясы үшін қару-жарақ өндіруін тоқтатпай отыр. — *273—274.*

Крюков — ол кезде солшыл эсерлер ұйымы Елец комитетінің уақытша мүшесі болған. — *38.*

Л

Лаваль (Laval), *Пьер* (1883—1945) — француздың реакцияшыл саяси қайраткері. 1914 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі, барып тұрған социал-шовинист. 1925 жылдан бастап әлденеше рет Франция үкіметінің құрамына енді және премьер-министр болды. Ұлтқа қарсы бағытталған, фашизмге ниеттес саясатқа дем берушілердің бірі, бұл саясат Францияны 1940 жылы гитлерлік Германия алдында тізе бүгуге әкеліп соқтырды. 1942—1944 жылдары — гитлершіл «Виши» үкіметінің премьер-министрі. Францияны неміс-фашист басқыншыларынан азат ету кезінде (1944) қашып кетті, бірақ ұсталып, мемлекетке опасыздық жасағаны үшін сот үкімі бойынша өлтірілген. — *561—562.*

Лаукант (Laukant), *Густав* (1869 ж. туған) — неміс социал-демократы. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы (ГТСДП) лидерлерінің бірі. 1919—1920 жылдары — Ұлттық жиналыстың мүшесі. 1922 жылы жікке бөлінген Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының оң қанатымен бірге Германия социал-демократиялық партиясына қайтып келді, кешікпей саяси қызметтен шеттеп кетті. — *527—528.*

Лацис, М. И. (Судрабс, Я. Ф.) (1888—1938) — партия және совет қызметкері, 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылы РСДРП(б) Петербург комитетінің құрамына, октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің құрамына енді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық төтенше комиссияның және Ішкі істер халық комиссариатының коллегия мүшесі; Шығыс майданында 5-ші армияның Төтенше комиссиясының және Әскери трибуналының председателі болды. Кейінірек кен өнеркәсібінде, РСФСР Егіншілік халық комиссариатында істеді, 1932—1937 жылдары — Москваның Г. В. Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының директоры болды. — *444*.

Лаццари (Lazzari), *Константино* (1857—1927) — Италиядағы жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социалистік партиясының негізін салушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1912—1919 жылдары — Итальян социалистік партиясының бас секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — партиядағы максималистік (центристік) ағым басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияны қолдады, Коминтерннің II және III конгрестерінің жұмысына қатысты. 1922 жылы ұйымдық жағынан реформистерден қол үзді, бірақ олардан біржолата іргені аулақ сала алмады. 1926 жылы тұтқынға алынды, түрмеден босатылғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болды. — *493*.

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин, Н., Ленин) — (1870—1924) — өмірбаяндық деректер. — *38, 51, 59—60, 99, 108, 153—154, 175, 210, 214, 223, 224, 255, 256—257, 289 295, 297—298, 299—300, 312, 313, 331, 347, 354, 355, 358, 416—417, 491, 519, 531, 551.*

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды. Кейін шаруашылық жұмыста болды. — *310*.

Либкнехт (Liebknecht), *Карл* (1871—1919) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері; неміс социал-демократиясының сол қанаты басшыларының бірі; Вильгельм Либкнехттің ұлы. Оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық-интернационалистік позицияда болды. К. Либкнехт «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан

соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтерілісті басып-жанышқаннан кейін контрреволюционерлер оны айуандықпен өлтірді. — *114, 149, 161—162, 217, 328, 380, 381, 407, 470, 472, 478, 492, 495, 497, 531, 539—540, 565.*

Литтре (Littre), *Эмиль* (1801—1881) — француздың буржуазиялық эклектик-философы. Бірінші рет 1863—1877 жылдары басылып шыққан «Dictionnaire de la langue française» сөздігінің («Француз тілінің сөздігі») авторы. — *363.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Арбау, алдау арқылы, жұмысшыларға уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құрғызбауға тырысты. «Ллойд Джордж буржуазияға ғажап қызмет көрсетіп отыр және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет көрсетіп, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиыпырақ жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отыр» деп жазды Ленин (Шығармалар толық жинағы, 30-том, 197—198-беттер). 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуға тырысып бақты, отарлардағы және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. — *558—559.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938) — Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың лидерлерінің бірі, публицист, Шарль Лонге мен Женни Маркстің ұлы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Француз социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды; француз центристерінің органы — «Le Populaire»-нің («Халық Газеті») негізін салушылардың және редакторларының бірі болды. Лонге Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын айыптады. Француз социалистік партиясының Коминтернге қосылуына және Франция Коммунистік партиясын құруға қарсы шықты. 1921 жылдан — Вена ($II^1/_2$) Интернационалы Атқару ко-

митетінің мүшесі, 1923 жылдан —«Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің басшыларының бірі.

30-жылдары Лонге социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты. — *73, 273, 312, 313, 316, 329, 335.*

Лорио (Loriot), *Фердинанд* (1870—1930)— француз социалисі; дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист. Кинталь конференциясында (1916) Циммервальд солшылдарына қосылды. 1920—1927 жылдары Франция Коммунистік партиясында болды. Коминтерннің III конгресінің делегаты.

1927 жылы оңшыл оппортунист ретінде компартиядан шығарылды. — *493.*

Люберсак (Lubersac), *Жан* — француз армиясының офицері, граф, монархист; 1917—1918 жылдары Россияда болған француз әскери миссиясының құрамына енген. — *59.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919)— халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде неміс жұмысшыларының революциялық авангарды басшыларының бірі болды. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етіп қатысты. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер оны тұтқынға алып, айуандықпен өлтірді. — *269, 407, 470, 472, 478, 492, 497, 531, 539—540, 565.*

М

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937)— ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—

етуі бойынша антимилитаристік насихатқа «жол бергені» үшін 5 жылға жер аудару жазасына кесілген. 1924 жылы ақталған. Бұдан кейінгі жылдары радикал-социалистердің парламенттік фракциясының председателі болды, бірқатар үкіметтік қызметтер атқарды, Халық майданын құруға қарсы шықты. — *73.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер). — *110—111, 113—114, 181—182, 186, 218, 224, 238, 241, 257, 258, 259—261, 263—264, 265—266, 267—270, 271—272, 280, 281—282, 287, 288, 291, 298—299, 308, 313, 314, 319, 323, 326, 332, 338, 352, 353, 359, 360—362, 363, 422, 426, 472—473, 534—535, 544.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды. — *8, 289, 290, 293, 294.*

Маслов, П. П. (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде маркстік саяси экономияның негізгі қағидаларын ревизиялауға тырысты. 1903 жылдан 1917 жылға дейін — меньшевик. РСДРП IV съезінде (1906) жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — академик. — *109, 332, 334, 339, 349—350, 352.*

Маслов, С. Л. (1873 ж. туған) — оңшыл эсер. 1917 жылы шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі Атқару комитетінің мүшесі болды, сентябрь — октябрьде — буржуазиялық Уақытша үкіметте егіншілік министрі. Әуелінде жерді социализациялауды жақтаған Маслов жерге помещиктік меншіктің сақталуын ғана емес, сонымен бірге «арендаға алған» жерлері үшін шаруалар төлейтін ақының «әділ» баға бойынша помещиктердің қалтасына түсуін де көздеген заң жобасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Маслов шаруашылық ұйымдарда және ғылыми мекемелерде жұмыс істеді. — *340, 343, 350.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демокра-

тиясы сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. Партияның теориялық органы — «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационализм позициясында болды. «Интернационал» тобы басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды. — *492.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, одан кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. — *19, 87, 109, 213, 305.*

Моченов — ол кезде солшыл эсерлер ұйымы Елец комитетінің уақытша мүшесі болған. — *38.*

Муравьев, М. А. (1880—1918) — патша армиясының офицері. Октябрь социалистік революциясынан кейін солшыл эсерлерге қосылды. 1918 жылы июльде, Шығыс майданы әскерлерінің қолбасшысы болып жүріп, Совет өкіметіне опасыздық жасады, әскерлер арасында бүлік шығаруға тырысты. Оның бұл арандатуы әшкереленді және жойылды. Қамауға алар кезде Муравьев қарулы қарсылық көрсеткендіктен атып өлтірілді. — *339, 417.*

Н

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821) — француз императоры (1804—1814 және 1815 жж.).— *114.*

I Николай (Романов) (1796—1855) — орыс императоры (1825—1855) — *231, 403.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық

Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *161, 163, 316.*

Николай Романов — қараңыз: II Николай (Романов).

Нобс (Nobs), *Эрнст* (1886—1957) — Швейцария социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі. 1915 жылдан оның органы — «Volksrecht» («Халықтық Право») газетінің бас редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде бастапқыда интернационалистерге қосылды. 1917 жылы центристік-пацифистік позицияға көшті. 20-жылдары Швейцария социал-демократиясының оң қанаты жағына шығып алып, Швейцария және халықаралық коммунистік қозғалысына қарсы шықты. 1919—1943 жылдары — ұлттық кеңесші. 1943—1951 жылдары — Одақтық советтің мүшесі. 1949 жылы — Швейцария президенті.— *315.*

Ногин, В. П. (1878—1924) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, профессионал революционер, большевик. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін сауда және өнеркәсіп істері жөніндегі халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне кірді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. Кейінірек өзінің қателіктерін мойындады, жауапты совет және шаруашылық жұмыстарында: еңбек халық комиссарының орынбасары, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Бүкіл россиялық тоқыма синдикаты басқармасының председателі болып істеді. — *437.*

Нэн (Naine), *Шарль* (1874—1926) — Швейцария социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен адвокат. Швейцария социал-демократиялық «La Sentinelle» («Сақшы»), онан соң «Droit du Peuple» («Халық Правосы») газеттерінің редакторы, Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезден бастап интернационалистерге қосылды. 1917 жылы центрист болды, ал көп кешікпей толығынан Швейцария социал-демократиясының оң қанаты жағына көшті. 1919 жылы II Интернационалды қалпына келтіруді жақтады. 1919—1921 жылдары центристік (II½) Интернационалды құруға қатысты. — *315.*

О

Оболенский, В. В.— қараңыз: Осинский, Н.

Осинский, Н. (Оболенский, В. В.) (1887—1938) — 1907 жылдан

большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросында істеді, большевиктік «Социал-Демократ» газеті редакциясының құрамына кірді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Мемлекеттік банкінің басқарушысы, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1918 жылы —«Коммунист» журналында басылған «солшыл коммунистер» платформасы авторларының бірі. 1918—1919 жылдарда «Правда» редакциясында және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің насихат бөлімінде істеді; Коминтерннің I конгресінің делегаты болды. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына белсене қатысты. Кейін троцкистік оппозицияға қосылды. 1921—1923 жылдары — егіншілік халық комиссарының орынбасары; 1925 жылы — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі. Партияның X, XIV—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1926—1928 жылдарда — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы. 1929 жылы — СССР халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары. Кейінгі жылдарда басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды. — *549.*

Острогорский, М. Я. (1854 ж. туған)— буржуазияшыл либерал публицист, юрист, I Мемлекеттік думаның мүшесі болған. «La démocratie et les partis politiques» («Демократия және саяси партиялар») деген еңбектің авторы, бұл еңбекте Англия мен Америка Құрама Штаттарының тарихынан буржуазиялық демократияның шын мәнін әшкерелейтін көптеген нақты материал жинақталған. — *366.*

П

Перика (Péricat), *Реймонд* — Францияның құрылысшы жұмысшылар федерациясының секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде интернационалистік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясына, Совет өкіметіне тілектестікпен қарады. 1919 жылы «L'Internationale» («Интернационал») газетінің негізін салып, оған редактор болды, III Интернационал комитетінің Франциядағы мүшесі болды. — *562.*

Платтен (Platten), *Фридрих (Фриц)* (1883—1942)— Швейцария солшыл социал-демократы, кейіннен коммунист. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде Ригада революциялық жұмыс жүргізді. 1912—1918 жылдары — Швейцария социал-демократиялық партиясының секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты; Циммервальд солшылдарын жақтады. 1917 жылы апрельде

В. И. Лениннің Швейцариядан Россияға қайтуын ұйымдастырушы болды. 1919 жылы III, Коммунистік Интернационалды құруға қатысты; Коминтерн бюросының мүшесі. «Коммунистический Интернационал» журналына жазып тұрды. Швейцария Коммунистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі, 1921—1923 жылдары оның секретары болды. 1923 жылы СССР-де Швейцария жұмысшыларының ауыл шаруашылық коммунасын басқарды, одан соң Халықаралық аграрлық институтта және Москва педагогика шет тілдер институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. — *551—552.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады. — *204, 256, 299, 314, 331.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы «День» газетін редакциялады, бұл газет большевиктерге қарсы қаскөйлік науқан

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935)— Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі. 1902—1914 жылдарда «Le Peuple» («Халық») газетінің, 1914—1920 жылдарда «L'Humanité» («Адамзат») газетінің редакторы; 1914—1919 және 1924 жылдарда депутаттар палатасының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партияның басшылығынан шеттеп кетті, ал 1933 жылы партиядан шығарылды; кейіннен шағын неосоциалистік топ құрды.— *69, 104, 117, 273—274, 312, 321—322, 329, 424, 492, 495—496, 559, 562.*

Рихтер (Richter), *Евгений* (1838—1906)— либерал буржуазияның көзқарастарын білдірген неміс «еркін ойлылар партиясы» лидерлерінің бірі; социализмнің қас жауы, пролетариат пен буржуазияның таптық мүдделерінің келісуі мүмкіндігін уағыздады. Социал-демократтарға қарсы бағытталған «Sozialdemokratische Zukunftsbilder» («Болашақтың социал-демократиялық суреттері») деген памфлеттің авторы. Бұл кітапта «ұқыпты Агнесса» туралы аңызды баяндай отырып, Рихтер еңбекшілер мен буржуазияның тең екендігін дәлелдеуге тырысты. — *311.*

Родбертус-Ягецов (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн Карл* (1805—1875)— немістің тұрпайы экономисі, Пруссияның буржуазияға айналған юнкерлігінің идеологы; пруссиялық «мемлекеттік социализмнің» реакциялық идеясын уағыздаушы. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен шешілуі мүмкін деп есептеді. Қосымша құнның шығуы мен капитализмнің негізгі қайшылығының мәнін түсінбеген Родбертус халық бұқарасының кем тұтынуын экономикалық дағдарыстардың себебі деп есептеді. Ол жер рентасының болуы ауыл шаруашылығында шикізатқа арналған шығынның жоқтығынан деп түсіндірді. — *352.*

Романовтар — 1613 жылдан 1917 жылға дейін патшалық еткен орыс патшалары мен императорларының әулеті.— *74.*

Рудаков — Елец солшыл эсерлер ұйымының мүшесі. — *38.*

С

Савинков, Б. В. (1879—1925)— эсерлер партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясына жәрдемдесті, ақ эмигрант. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды; СССР

Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша бұл ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. Түрмеде отырғанында озін өзі өлтірді. — *39, 109, 113, 310, 338.*

Садуль (Sadoul), *Жак* (1881—1956) — француз армиясының офицері, Француз социалистік партиясының мүшесі, социал-шовинистік позицияда болды. 1917 жылы француз әскери миссиясының мүшесі ретінде Россияға келді. Октябрь социалистік революциясының әсерімен коммунистік идеяларды жақтады, РКП(б)-ның француз секциясына және өз еркімен Қызыл Армияға кірді. Баспасөзде Антанта империалистерінің Советтік Россияға интервенция жасауына қарсы қызу наразылық білдіріп, мақалалар жазды, Украинаның оңтүстігін оккупациялаған француз әскерлері арасында революциялық насихат жүргізді. Коминтерннің I конгресіне қатысты. Революциялық қызметі үшін оны француз әскери соты өлім жазасына (сырттай) кесті, бірақ Францияға қайтып оралғаннан кейін (1924) ақталды. Бұдан кейінгі жылдарда — бейбітшілік және халықтар арасындағы достық жолындағы белсенді күрескер. — *59, 242, 575.*

Свердлов, Я. М. (1885—1919) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері; 1901 жылдан партия мүшесі. Нижний Новгородта, Сормовода, Костромада, Қазанда, Москвада, Петербургте және Россияның басқа да қалаларында революциялық жұмыс жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Уралдың большевиктік ұйымдарына басшылық етті. РСДРП VI (Прага) конференциясынан (январь, 1912 ж.) кейін РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кооптацияланып, Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетінің редакциясына кірді. Революциялық қызметі үшін патша үкіметінің талай рет қуғындауына ұшырады; бәріп қосқанда түрмелер мен айдауда 12 жыл болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Урал партия ұйымы басшыларының бірі. Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында РСДРП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, Орталық Комитет секретариатының жұмысына басшылық етті. Свердлов Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене ат салысты. Петроград Әскери-революциялық комитетінің және көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. 1917 жылы 8 (21) ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі болып сайланды. В. И. Ленин Я. М. Свердловты бұқараның аса талантты ұйымдастырушысы және аса көрнекті пролетарлық революционер ретінде сипаттады (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 38-том, 83—89, 90-беттер). — *38, 148—149.*

Серрати (Serrati), *Джачинто Менотти* (1872—1926) — итальян жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социа-

листік партиясы басшыларының бірі. 1915—1923 жылдары — социалистік партияның орталық органы «Avanti!» («Алға!») газетінің директоры. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — интернационалист. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысушы. Коминтерн құрылғаннан кейін Итальян социалистік партиясының Коминтернге кіруіне күш салды. Коминтерннің II конгресінде итальян делегациясын басқарды, реформистерден сөзсіз қол үзуге қарсы шықты. Кейіннен өзінің центристік қателерінен арылды, сөйтіп 1924 жылы «үшінші интернационалистер» фракциясына бас болып, Итальян коммунистік партиясына кірді, онда өмірінің ақырына дейін белсене жұмыс істеді. — *493.*

Сорокин, П. А. (1889 ж. туған) — эсер. 1917 жылға дейін Петроград университетінің приват-доценті болды. 1919—1922 жылдары Петроградтың жоғары оқу орындарында социологиядан сабақ берді. Контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды; біраз уақыт Прага университетінде лекция оқыды; 1923 жылдан — Америка Құрама Штаттарында тұрады. — *201—202, 205, 206—207, 212—213.*

Сосновский, Л. С. (1886—1937) —1904 жылдан большевиктік партияда болды. 1918—1924 жылдары (үзілістермен) — «Беднота» газетінің редакторы. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Троцкийдің платформасын қолдады. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарылды. 1935 жылы партияға қайта қабылданды, ал 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін тағы да партиядан шығарылды. — *441.*

Спартак (Spartacus) (біздің заманымыздан бұрын 71 ж. қайтыс болған) — Ежелгі Римде біздің заманымыздан бұрын 74 (немесе 73) — 71 жылдары болған құлдардың ең ірі көтерілістерінің бірінің көсемі; Рим құл иеленушілерінің әскерлерімен соғыста бірқатар тамаша жеңістерге жетті. Спартак есімі ерліктің, ізгіліктің, халық ісіне қалтқысыз берілгендіктің, езілгендердің өз езушілеріне қарсы аяусыз күресінің үздік үлгілерінің бірі ретінде ғасырлар тарихына енген.— *70.*

Спиридонова, М. А. (1884—1941) — солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және лидерлерінің бірі. Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1918 жылы июльде контрреволюциялық солшыл эсерлер бүлігіне белсене қатысты, бүлік басып-жаныштағаннан кейін де Совет өкіметіне қарсы дұшпандық әрекетін істей берді. Кейінірек саяси қызметтен шеттеп кетті. — *14, 19.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің

бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республика Революциялық-әскери советінің мүшелігіне енін, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды. — *588—589.*

Стеклов, Ю. М. (1873—1941) — социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетіне, большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне жа-

зып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «революциялық қорғампаздық» позиция ұстады; кейіннен большевиктер жағына шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, «Известия ВЦИК» газетінің, «Советское Строительство» журналының редакторы, 1929 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитет председателінің орынбасары. Революциялық қозғалыс тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *241, 246.*

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдары — министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып-жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы столыпиндік реакция) оның есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасау мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. 1911 жылы Столыпинді Киевте охранка агенті эсер Богров өлтірді. — *401.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтыруға» және «сынауға» әрекеттенді, марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант. — *255—256.*

Т

Тодорский, А. И. (1894—1965) — 1918 жылдан КПСС мүшесі. 1918—1919 жылдары — Тверь губерниясындағы Весьегонск уезі атқару комитетінің мүшесі, «Известия Весьегонского Совета Депутатов» газеті мен «Красный Весьегонск» газетінің редакторы болған. Қызыл Армия қатарында бригада, дивизия командирі болып, азамат соғысына белсене қатысты, ал кейінгі жылдары бірсыпыра әскери мекемелерде командирлік басшы қызметтер атқарды. 1955 жылдан — Совет Армиясының отставкадағы генерал-лейтенанты, әдеби қызметпен айналысты.— *441, 442.*

Тома (Thomas), *Альбер* (1878—1932) — француздың саяси қайраткері, оңшыл социалист. 1910 жылдан бастап — социалис-

тік партияның парламенттік фракциясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Францияның буржуазиялық үкіметі құрамына қару-жарақ ісі жөніндегі министр болып кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін соғысты соза беруді жақтаған үгіт жүргізу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі. 1919—1932 жылдары Ұлттар лигасы жанындағы Халықаралық еңбек бюросын басқарды. — *104.*

Томский, М. П. (1880—1936) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға, троцкистерге ымырашылдықпен қарады. 1917 жылы — РСДРП(б) Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақтардың Москва советінің председателі; 1919 жылдан — ВЦСПС президиумының председателі. Партияның VIII съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, партияның XI съезінен бастап — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына бірнеше рет қарсы шықты. 1928 жылы Бухаринмен және Рыковпен бірге ВКП(б)-дағы оңшыл оппортунистік уклонды басқарды. — *437.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылдар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды, алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеді және ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасу туралы мәселе бойынша лениндік бағытқа қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген капитулянттік теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы

ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те, ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады. — *92, 121, 155, 177, 519.*

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының қайраткері, Итальян социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның оңшыл, реформистік қанатының лидері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті. — *116, 316, 320, 321, 322.*

Х

Хинчук, Л. М. (1868—1944) — 1919 жылға дейін — меньшевик, меньшевиктердің Орталық Комитетінің мүшесі; 1920 жылы большевиктік партияға кірді. 1917—1920 жылдары — Москва жұмысшы кооперативінің басқарма мүшесі, 1921 жылдан 1926 жылға дейін — Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы басқармасының председателі. 1927 жылдан — СССР-дің Англиядағы, одан кейін Германиядағы сауда өкілі. 1934 жылдан — РСФСР ішкі сауда халық комиссары. — *243, 244, 246, 247, 249.*

Хмельницкий, А. И. (1889—1919) — 1917 жылдан партия мүшесі. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Одесса Советі атқару комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСДРП(б) Одесса губерниялық комитетінің секретары. 1918 жылдың орта кезінен — РСФСР Халық Комиссарлары Советінде юрисконсульт. Кейінірек — Украина Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшесі. — *245.*

Ц

Цванцигер, Б. В. (1885—1952) — жылу жүйесінің инженер-технигі, 1905 жылдан 1918 жылға дейін — эсер, кейін партиядан шықты. 1917 жылы — Петроград Советі жанындағы Отын жөніндегі комитеттің атқару бюросының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Солтүстік ауданы сланец жөніндегі комитетінің коллегия мүшесі болды; 1919—1925 жылдары — Ха-

лық шаруашылығы жоғары советінің Сланец жөніндегі бас комитеті председателінің орынбасары және техникалық жетекшісі, Сланец өнеркәсібі басқармасы директорының орынбасары. Кейін ғылыми және педагогикалық жұмыста болды. — *584.*

Церетели, И. Г. (1882—1959) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі және бірінші сайланған Советтердің Орталық Атқару Комитетінің мүшесі; майда почта және телеграф министрі ретінде буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді, июль оқиғаларынан кейін — ішкі істер министрі, большевиктерді ойрандап қудалауға дем берушілердің бірі. Кейіннен Церетели Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметі басшыларының бірі болды. Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін — ақ эмигрант. — *130, 340.*

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалысының аса көрнекті қайраткері, талантты жазушы, жалынды шешен әрі трибун. Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық интернационализм позициясында болды, социал-шовинизмге қарсы шықты. 1916 жылы «Интернационал» тобына енді, бұл топ көп ұзамай «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару комитетіне сайланды. Оның халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан бастап Революция күрескерлеріне көмек берудің халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару комитетінің председателі қызметін үзбестен атқарды. — *492.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1917 жылғы май — августа — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі; помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ. — *89, 130.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утопист, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы

революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский 20 жыл айдауда болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді. — *60.*

Чичерин, Г. В. (1872—1936) — советтің мемлекет қайраткері, аса көрнекті дипломат. 1904 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды, сонда жүріп 1905 жылы РСДРП-ға кірді. Реакция кезеңінде — меньшевизмді жақтаушы, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист; 1917 жылдың аяқ кезінде большевизм позициясына көшеді және 1918 жылы РКП(б)-ға кіреді. 1918 жылдан 1930 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары, Генуя мен Лозаннадағы халықаралық конференцияларда совет делегациясының басшысы. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды. — *197.*

Ш

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді, оның қызметі буржуазияның мүдделеріне сай белгілеп отырды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп басуды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді. — *69, 104, 117, 217, 273—274, 312, 315, 319, 321, 327—328, 329, 379, 421—422, 423—424, 426, 470, 480, 482, 495, 497, 545—546, 552.*

Шмидт, В. В. (1886—1940) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Петербургте және Екатеринославта партиялық жұмыс жүргізді. 1914—1917 жылдары Петроград металлистер одағының және РСДРП(б) Петербург комитетінің секретары болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — кәсіподақтардың Петроград советінің секретары, 1918—1928 жылдары ВЦСПС секретары, одан кейін еңбек халық комиссары. 1928 жылдан — СССР Халық Комиссар-

лары Советі председателінің орынбасары. ВКП(б)-да оңшыл оппозицияға қосылды, бірақ кешікпей одан шеттеді. Партияның VII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланды. — *245—246*.

Штейн (Рубинштейн), А. (1881—1948) — меньшевик. 1906 жылы Россиядан Германияға эмиграцияға кетті. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап Каутскиймен және Бернштейнмен бірге «Sozialistische Auslandspolitik» («Социалистік Сыртқы Саясат») деген апталық шығарып тұрды. 1917 жылы Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, оның орталық органы «Freiheit»-тің («Бостандық») редакторы болды. Неміс центристерінің Октябрь социалистік революциясына қарсы, большевиктерге қарсы жалақорлық науқанына белсене қатысты. 1933 жылдан Чехословакияда, одан кейін Францияда және Америка Құрама Штаттарында тұрды. — *289, 297—298, 356*.

Штребель (Ströbel), *Генрих* (1869—1945) — неміс социал-демократы, центрист. 1905—1916 жылдары — герман социал-демократиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газеті редакциясының мүшесі. 1908—1918 жылдары — Пруссия ландтагының депутаты. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде Штребель социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы шықты, «Интернационал» тобына қосылды, онда каутскийшілдікке қарай ауытқыған агымның өкілі болды. 1916 жылы каутскийшілдік позицияға біржола көшті; 1917 жылы Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясын құрудың инициаторларының бірі болды. 1922 жылдан бастап герман рейхстагының мүшесі болды. Большевиктік партияға және СССР-ге өршелене қарсы шықты. — *116*.

Э

Эберлейн (Eberlein), *Гуго* (Альберт, М.) (1887—1944) — неміс коммунисі. «Спартак одағы» басшыларының бірі және Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. Коминтерннің I, IV және VII конгрестерінің делегаты; 1935—1937 жылдары — Коммунистік Интернационалдың Атқару комитетінің Интернационалдық бақылау комиссиясының мүшесі.— *551—552*.

Эберт (Ebert), *Фридрих* (1871—1925) — герман социал-демократиясы оң қанаты лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде герман социал-демократиясының социал-шовинистік қанатын басқарды, оның кайзерлік үкіметпен ынтымақ орнатуын басты ұйымдастырушылардың бірі болды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы басталған кезде рейхсканцлер қызметіне кірісіп, іс жүзінде буржуазияның өкі-

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(29 июль, 1918 — 12 март, 1919)

1918

29 июль. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, Москваның фабрика-забод комитеттері мен кәсіптік одақтарының Біріккен мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин Кавказ істері жөніндегі төтенше комиссар, Баку Халық Комиссарлары Советінің председателі С. Г. Шаумянға телеграмма жазады, онда Бакудегі дашнактардың орталық Совет өкіметіне қарсы әрекеттерінің бәрі көтеріліс деп танылатындығын айтады, Бакуге әскер жіберу үшін шаралар қолдануға уәде береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда әскери міндеттілерді есепке алу туралы, бұрынғы офицерлерді, дәрігерлерді, фельдшерлерді, емшілердің көмекшілерін және әскери чиновниктерді қатардағы әскери қызметке шақыру туралы, әскери қажеттілік үшін жарамды мемлекеттік мүліктерді Әскери істер жөніндегі халық комиссариатының қарамағына беру туралы декреттердің жобалары, ақ чехтардың бүлігіне және ағылшын-француз интервенциясына қарсы күресу үшін әскери шығындарға 300 млн. сом қаржы бөлу туралы мәселе және басқа мәселелер талқыланады.

30 июль. Ленин финн социал-демократы журналист Ю. К. Латуккамен Финляндиядағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин губерниялық Советтердің председательдері мен губерниялық атқару комитетте-

рінің басқару бөлімдері меңгерушілерінің I съезінде сөз сөйлейді. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Волга әскери флотилиясын жабдықтау жөніндегі жұмыстар үшін Парат шеберханаларын (Қазан губерниясы) Теңіз істері жөніндегі комиссариаттың қарамағына беру қажеттігі туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасына толықтырулар мен түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ социализмнің, ғылымның, әдебиет пен өнердің ұлы қайраткерлеріне ескерткіштер тізімінің жобасы, темір жолшыларды әлеуметтік қамсыздандыру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

31 июль. Ленин финн коммунисі, жұмысшы Эйно Рахьяны өзінің жеке басының білетіндігін, «байырғы барынша сенімді партиялық жолдас ретінде *мейлінше толық* сенуге болатындығын» айтып, Рахьяға куәлік жазып береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Советтік Россияға қарсы интервенцияның басталуына байланысты Халық Комиссарлары Советінің «Францияның, Англияның, Американың, Италияның және Жапонияның еңбекшілер бұқарасына» үндеуінің жобасын бекітуге ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ Петроград губерниясында жанғыш сланецті өндіру және пайдалану үшін қаржы бөлу туралы мәселе, темір жолдардың қажетіне арнап ағаш дайындау туралы декреттің жобасы, кооперативтер арқылы астық жеткізу туралы мәселе және басқа мәселелер талқыланады.

Июльдің аяғы — августың басы. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі Ю. М. Ларинге хат жазады, оған Халық шаруашылығы жоғары советі қызметінің сипаты және жұмысшы ұйымдарының оған қатысуы туралы көпшілікке арналған кітапша жазуды тапсырады.

Августың басы. Ленин Петроградтың Шығыс майданға аттанып бара жатқан бір топ коммунистерімен әңгімелеседі.

Ленин Ю. М. Ларинге записка жазып, онда жаңа советтік ақшаның жобасын шұғыл әзірлеу қажеттігін атап көрсетеді.

1 август. Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советінің мүшелері П. А. Кобозевке, К. Х. Данишевскийге, К. А. Мехоношинге және Ф. Ф. Раскольниковқа хат жазып, олардан майданның қолбасшысы И. И. Вацетистің және басқа әскери басшылардың жұмысы туралы пікірлерін беруді өтінеді, чехословак корпусының бүлігін тез басып-жаншудың маңызын атап көрсетеді.

Ленин сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичеринмен бірге РСФСР-дің Берлиндегі уәкілетті өкілі А. А. Иоффенің Германиямен өзара қатынас жөніндегі телеграммасында қойылған мәселелерді талқылайды.

2 август. Ленин азық-түлік мәселесі жөніндегі тезистермен шұғылданады: тезистер жоспарының екі нұсқасын жасайды, тезистер жазады, басылғаннан кейін оларды қарап шығып, түзетулер енгізеді; содан кейін оларды азық-түлік, егіншілік, финанс, сауда және өнеркәсіп халық комиссариаттарына, Халық шаруашылығы жоғары советіне жіберіп, оларға тезистерде ұсынылып отырған шараларды 2 және 3 августа Халық Комиссарлары Советі арқылы өткізіп алу үшін оларды «шұғыл талқылау және редакциялау» жөнінде жарлық береді.

Ленин кәсіподақтардың Москва советінен Шығыс майданға аттанып бара жатқан үгітшілердің алдында оң сапар тілеп сөз сөйлейді.

Ленин Варшава революциялық полкіндегі, Замоскворечье, Бутырск аудандарындағы митингілерде және қызыл әскерлердің Ходынкадағы митингісінде «Совет республикасына қауіп төнді» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; өзі әзірлеген азық-түлік тезистері жөнінде хабарлама жасайды; РСФСР-дің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері туралы декрет жобасының талқылануына байланысты қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Волга әскери флотилиясын жасақтауға және оның операцияларына арнап Теңіз істері жөніндегі комиссариатқа қаржы бөлу туралы мәселе,

міндетті әскери қызметке әскерлерде унтер-офицер болып қызмет атқарған адамдарды шақыру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

3 август. Ленин архитектор Н. Д. Виноградовпен әңгімелеседі, оған патша заманындағы қайраткерлердің ескерткіштерін алып тастау және «революцияшыл халыққа және оның қаһармандарына» ескерткіштер орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізуді тапсырады.

Ленин Совет үкіметінің Антанта елдері жөніндегі саясаты туралы А. А. Иоффеге хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда майданға аттанып бара жатқан жұмысшыларға олардың жұмыс орындарын және орташа жалақыларын сақтау туралы, астық дайындауға жұмысшылар ұйымдарын қатыстыру туралы (Лениннің тезистері негізінде) декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

Мәжіліс кезінде Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің финанс комиссиясының жұмысы туралы финанс халық комиссарының орынбасары И. Э. Гуковскиймен хат алысады, Финанс халық комиссариатын кадрлармен нығайту қажеттігін атап көрсетеді, сондай-ақ Москваны және ашаршылыққа ұшыраған губернияларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі жөнінде азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупамен хат жазысады.

4 август. Ленин Серпухов қаласындағы азаматтық комиссариаттан парақорларды қамауға алуға жарлық береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Лениннің тезистері негізінде Азық-түлік халық комиссариаты әзірлеген декреттер: егін жинау және егін жинау-реквизициялау отрядтары туралы декрет пен темір жолдар мен су жолдарында қызмет атқаратын бөгеуші-реквизициялаушы азық-түлік отрядтары туралы ереже одан әрі талқыланады.

5 август. Ленин Елец қаласы (Орел губерниясы) партия ұйымының өкілі К. Гроднермен солшыл эсерлер жөніндегі саясат туралы әңгімелеседі, Гроднерден Елец уезінде егіннің шығымы мен оны жинап алу және астық бөлу жоспарлары туралы сұрастырады; әңгіменің соңында Елец жұмысшыларына хат жазуға уәде береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; астықты селолық жерлерде міндетті товар айырбасы туралы декреттің жобасына толықтырулар енгізіп, редакциялық түзетулер жасайды; А. Д. Цюрупаның астыққа тұрақты баға белгілеу туралы баяндамасы бойынша жазбалар жасайды. Мәжілісте сондай-ақ ауыл шаруашылық коммуналарын ұйымдастыру және олардың қызметі туралы және Елец уезінде азық-түлік отрядтарының жұмысын күшейту туралы баяндамалар талқыланады.

6 август. Ленин «Елец жұмысшыларына хат» жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда азық-түлік мәселесі жөніндегі декреттердің жобалары одан әрі талқыланады. Мәжілісте сондай-ақ басқа мәселелер де талқыланады.

Августың бірінші жартысы, 6 августан кешірек. Ленин «Жұмысшы жолдастар! Ақырғы, шешуші майданға шығайық!» деген үндеу хат жазады.

Ленин Шығыс майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі К. Х. Данишевскийдің Қазанның жауға қалдырылу себептері туралы баяндамасын тыңдайды.

7 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қызыл әскерлерді және олардың семьяларын қамсыздандыру туралы, Қызыл крестің россиялық қоғамының праволары мен міндеттері туралы, жұмыссыз және ауырып қалған жағдайларда қауіпсіздендіру жөніндегі ережені қолдану тәртібі туралы декреттердің жобалары, Халық шаруашылығы жоғары советінің национализацияланған кәсіпорындарына және совет мекемелеріне төтенше немесе бір

жолғы салықтар салуға тыйым салу туралы қаулысы, Халық Комиссарлары Советі мәжілістерінің күн тәртібін белгілеу тәртібі және басқа мәселелер талқыланады.

8 август. Ленин А. Д. Цюрупаға записка жазады, онда егін жинау отрядтарының қызметін ұйымдастыру және күшейту туралы ұсыныстар жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық шаруашылығы жоғары советі туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

8 августан кешірек. Ленин азық-түлік халық комиссарының орынбасары Н. П. Брюхановқа және халық комиссариаты коллегиясының басқа да мүшелеріне азық-түлік мәселесі жөніндегі декреттерді қолдану туралы хат жазады, онда Азық-түлік халық комиссариатының басты міндеті — астық үшін күреске жұмысшылар бұқарасын көтеру деп атап көрсетеді.

9 август. Ленин контрреволюциялық заговор туралы мәліметтерге байланысты Нижний Новгородтағы жағдай жөнінде Бүкіл россиялық төтенше комиссияның председателі Я. Х. Петерспен әңгімелеседі; Нижний Новгород Советіне хат жазып, әзірленіп жатқан көтеріліске қарсы төтенше шаралар қолдану жөнінде жарлық береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің Солтүстіктегі комиссиясының басшысы М. С. Кедровпен және комиссияның мүшесі А. В. Эйдукпен әңгімелеседі, олар Архангельск майданына көмек көрсетуді өтініп Вологдадан келген болатын; майданның мұқтаждары туралы Эйдуктың баяндама хатына онда баяндалған өтініштерді дереу орындау жөнінде Жоғары әскери советке жарлық жазады.

Ленин Вологдаға Архангельск губерниялық атқару комитетінің жауапты қызметкерлеріне (А. Д. Метелевке және басқаларға) қаланы қорғанысқа әзірлеу және контрреволюцияға қарсы күресу үшін олар Вологдада қалуға тиіс деп телеграф арқылы жарлық береді.

Ленин Сокольники ауданындағы митингіде «Дүние жүзілік қырғынның бесінші жылы» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ашаршылыққа ұшыраған жерлерде балалар паегін күшейту туралы, Қатынас жолдары халық комиссариаты жүргізіп жатқан ағаш дайындау ісіне айрықша қатаң бақылау орнату үшін Халық шаруашылығы жоғары советінің отын бөлімі қабылдаған шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

10 август. Ленин Пенза губерниясындағы кулактардың бүлігін асқан жігермен, мейлінше тез және аяусыз басып-жаншу қажеттігі жөнінде РКП(б) Пенза губерниялық комитетінің мүшесі В. В. Кураевқа телеграмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; мемлекеттік машина жасау заводтарын ұйымдастыру жөніндегі Уақытша комитеттің баяндама хатын талқылауға ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ Иваново-Вознесенск политехникалық институтын құру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Мәжілісте Ленин астық дайындауды қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар туралы А. Д. Цюрупамен записка жазысады.

11 август. Ленин Шығыс майданды күшейту туралы Жоғары әскери советке берілетін директиваға қол қояды.

12 август. Ленин Пенза губерниялық Советі президиумының председателі А. Е. Минкинге жолдаған телеграммасында кулактар бүлігін басып-жаншуды байлардың астығын конфискелеу үшін және майдан өңіріндегі аймақта кедейлердің өкіметін нығайту үшін пайдалануға кеңес береді.

Ленин Вологдаға М. С. Кедровқа телеграмма жіберіп, қайткен күнде де Котласты қорғауды ұйымдастыру жөнінде жарлық береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; чехословак майданында әскерлер тобының қолбасшысы

Я. Юдиннің ерлікпен қаза тапқандығын хабарлайды. Мәжілісте сондай-ақ Москвадағы жеңілдетілу комиссиясының қызметі туралы баяндама, шетелдіктермен жасалатын концессиялық үлгі шарттың жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

12 немесе 13 август. Ленин Пензаға В. В. Кураевқа телеграмма жолдап, солшыл эсерлерге қарсы қандай шаралар қолданылып жатқанын хабарлауды өтінеді; «солшыл эсерлердің кулактар көтерілісіне қатысу фактілерін жинастырудың және жариялаудың айрықша маңызды» екендігін атап көрсетеді.

14 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Ярославльде ақ гвардияшылар бүлігінен зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі комитеттің уәкілдігін бекіту туралы мәселе, обаға қарсы күрес жүргізу үшін Ішкі істер халық комиссариатына қаржы бөлу туралы өтініш, жергілікті Советтердің ақша қаражаты және оның жұмсалуы туралы, қызыл әскерлердің семьяларын қамсыздандыруға арналған қордың пайдасына кәсіпорындарға салық салу туралы декреттердің жобалары, сыртқы сауда туралы мәселе және басқа мәселелер талқыланады.

15 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда әскери қызметке шақыру туралы, кейбір заводтарды соғыс мұқтажына жұмыс істеуге жұмылдыру туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

16 август. Ленин Елецке егіншілік халық комиссары С. П. Середаға телеграмма жазып, онда «істі болыстар бірінен соң бірі артық астықты шашау шығармай бір жерге жинап, тасып әкететіндей етіп ұйымдастыру» қажеттігін көрсетеді.

Ленин жұмысшылар мен шаруалардың одағы туралы барлық Совдептерге жіберілетін телеграмманың жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Москва комитетінің мәжілісіне қатысады, «Правда» және «Известия ВЦИК» газеттерін бастырып шығару және

тарату туралы және тілектестер топтарын ұйымдастыру туралы мәселелер бойынша сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Украинамен товар айырбастау жөніндегі комиссия туралы мәселе, Халық шаруашылығы жоғары советі жанындағы ғылыми-техникалық бөлім туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

17 август. Ленин самолетті атқылағанда снарядты нысанаға дәлдейтін артиллерия аспабын ойлап тапқан А. М. Игнатьевпен осы аспап туралы әңгімелеседі, оны, записка беріп, Әскери-теңіз істері жөніндегі халық комиссариатының оперативті бөлімінің бастығы С. И. Араловқа жібереді, одан Игнатьевтің жұмыс істеуіне жағдай туғызуға қамқорлық жасауды өтінеді.

Ленин Задонскіге (Воронеж губерниясы) атқару комитетінің председателі М. Ф. Болдыревке телеграмма жазып, онда кулактардың бүлігіне қарсы барынша батыл қимыл жасауға жарлық береді.

19 август. Ленин Советтік Россия территориясында ағылшын және француз коммунистерінің ұйымын құру және олардың қызметінің міндеттері туралы француз коммунисі Жанна Лябурбпен әңгімелеседі.

Ленин американ журналисі Р. Майнормен әңгімелеседі, содан кейін оны, записка беріп, Г. В. Чичеринге жібереді, запискада Майнордың және ағылшын журналисі Ф. Прайстың Шығыс майданға сапар шегуі жөнінде Майнордың жасаған ұсынысын талқылауды өтінеді.

Ленин Здоровецке (Орел губерниясы) телеграмма жазады, онда кулактар мен солшыл эсерлердің бүлігін аяусыз басып-жаншуды кулактардың бүкіл астығын конфискелеумен қатар жүргізу қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда азық-түлік саясатының жалпы мәселелері, Республиканың барлық қарулы күштерін Әскери істер жөніндегі халық комиссариатының қол астына біріктіру туралы декреттің жобасы, ақ

гвардияшылар мен интервенттерден зардап шеккендерге көмек беру туралы мәселе, Халық Комиссарлары Советінің өнеркәсіп орындарын национализациялау туралы 1918 жылғы 28 июньдегі декретіне қосымшаның жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 19, кеш дегенде 21 август. Ленин Пенза губерниялық партия комитетінің председателі Е. Б. Бошпен губерниядағы жағдай және 1-армияның майдандағы жағдайы туралы әңгімелеседі, Пенза губерниясының өтініштерін қанағаттандыру туралы халық комиссариаттарына запискалар жазады.

20 август. Ленин «Америкап жұмысшыларына хат» жазады.

Ленин Ливны уездік атқару комитетіне (Орел губерниясы) жолдаған телеграммасында уезде кулактардың бүліктерін басып-жаншу жөніндегі жігерлі шараларды құптайды, деревня кедейлерін ұйымдастыру және көтеріліске шыққан кулактардың астығы мен мүлкін конфискелеу қажеттігін атап көрсетеді.

21 август. Ленин Түркістан Орталық Атқару Комитетінің өкілдерімен әңгімелеседі, содан кейін оларды, записка беріп, Жоғары әскери советке жібереді, запискада олардың әскери көмек көрсету жөніндегі өтінішін талқылауды ұсынады.

Ленин Астрахань губерниялық атқару комитетіне жолдаған телеграммасында Астрахань қорғанысын ұйымдастыру үшін шаралар қолдануға жарлық береді.

Ленин Саратовқа халық комиссары В. Н. Харловқа телеграмма жазады, оған артық астықтың мөлшері туралы неғұрлым дәл мәліметтер жинастыру және артық астықтарын толық жеткізіп берген болыстарға сыйлықтар беру жөнінде жарлық береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда советтік милиция туралы ереже, жұқпалы ауруларға қарсы шаралар қолдану үшін Денсаулық сақтау халық комиссариатына, товарлар сатып алу үшін Сауда және өнеркәсіп халық комиссариатына қаржы босату туралы мәселелер,

Автоцентрдің қызметі туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

22 август. Ленин неміс интернационалисі Якоб Эккертпен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; картоптың бағасы туралы қаулының жобасын жазады.

23 август. Ленин Дмитровқа азаматтық комиссар Токмаковқа телеграмма жазады, онда кулактардың Рогачевтегі бүлігін басып-жаншу туралы егжей-тегжейлі хабарлауды өтінеді және көтеріліске шыққан кулактардың мүліктерін конфискелеу және кедейлер комитеттерін ұйымдастыру туралы нұсқаулар береді.

Ленин Город және Пресня аудандарындағы митингілерде «Коммунистер (большевиктер) не үшін күреседі» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда еңбек книжкалары туралы декреттің жобасы, Орталық статистика басқармасының картоптың шығымдылығын есепке алу жөніндегі қабылдаған шаралары туралы, Азық-түлік халық комиссариатының картопты шұғыл түрде сатып алу жөніндегі қабылдаған шаралары туралы, Халық шаруашылығы жоғары советі белгілеген тұрақты бағалар туралы, сауда кәсіпорындарынан 5 проценттік алым алу жөніндегі декреттің жобасы туралы, РСФСР-де кездеменің қолда бар запастарын национализациялаудың барысы туралы баяндамалар және басқа мәселелер талқыланады.

25 немесе 26 август. Ленин Латыш атқыштар дивизиясының комиссары К. А. Петерсонды қабылдайды, ол Советтік Россияға қарсы заговорға қатысушылардың жоспарлары туралы хабарлайды, бұл заговорға Великобританияның дипломатиялық өкілі Р. Локкарт бас болған еді.

26 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Мурманск-Беломор өлкесінің төтенше комиссары С. П. Нацаренустың оған екі апта демалыс беру жөніндегі өтінішін қанағаттандыру жөнінде

ұсыныс енгізеді. Мәжілісте Республика Революциялық-әскери советін толықтыру туралы мәселе, Иваново-Вознесенск және Кострома губернияларының бұрын артиллерияда, инженерлік және техникалық әскерлерде қызмет атқарған жұмысшыларын Қызыл Армияға мобилизациялау туралы декреттің жобасы, майданға өз еріктерімен аттанып бара жатқан үгітшілерге олардың фабрикалар мен заводтардағы жұмыс орындарын және орташа жалақысын сақтау туралы қаулының жобасы, астық тасудағы жеңілдіктер туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

27 август. Ленин егіншілік халық комиссары С. П. Середаға телеграмма жазып, Елец уезіне Москва жұмысшыларынан астық бастыратын отрядтар жіберуді ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; металдарды есепке алу және бөлу туралы декреттің жобасына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ матростарды қатардағы әскери қызметке шақыру туралы декреттің жобасы, Грозный қаласына әскери көмек көрсету туралы, ағаш дайындауды қаржыландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 немесе 28 август. Ленин В. М. Смирновтың РСФСР-дің уәкілетті өкілдігі жанындағы Баспасөз бюросында жұмыс істеу үшін Стокгольмге жүріп кететіндігіне байланысты онымен әңгімелеседі.

28 август. Ленин ағарту ісі жөніндегі Бүкіл россиялық I съезде сөз сөйлейді.

29 август. Ленин фин жұмысшысы Г. Ровиомен Финляндиядағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин Әскери-теңіз күштері штабына В. М. Альтфатерге хат жазып, одан Волга мен Каспий теңізіне сүңгуір қайықтарды жөнелтуге әзірлік туралы нақты және дәл хабарлауды талап етеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; халық комиссариаттарының 1917 жылғы 25 октябрьден

(7 ноябрьден) бастап өздерінің қызметтері туралы есептер жасайтындығы туралы мәселе бойынша баяндама жасайды және осы мәселе бойынша өзі жазған қаулының жобасын ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ Украинамен товар айырбасы жөніндегі комиссияның баяндамасы, Әскери-санитарлық басқарманы Денсаулық сақтау халық комиссариатымен біріктіру туралы ереженің жобасы, медицина, тіс және мал дәрігерлерін, емшілердің көмекшілерін, фельдшерлер мен фармацевтерді мобилизациялау туралы декреттің жобасы, Азық-түлік халық комиссариатының картоп дайындау туралы баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин халық комиссариаттарының 1917 жылғы 25 октябрьден (7 ноябрьден) бергі қызметтері туралы есеп жасау тәртібі жөнінде халық комиссарларына нұсқау хат жазады.

30 августан ертерек. Ленин Финляндия Коммунистік партиясын құру туралы О. В. Куусиненмен және Ю. Сироламен әңгімелеседі.

30 август. Ленин Басманный ауданындағы митингіде «Екі өкімет (пролетариат диктатурасы және буржуазия диктатурасы)» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

Ленин Замоскворецк ауданындағы (бұрынғы Михельсон заводындағы) митингіде «Екі өкімет (пролетариат диктатурасы және буржуазия диктатурасы)» деген тақырыпта сөз сөйлейді. Заводтан шыға берген кезде эсер-террорист әйел Ф. Каплан Ленинді атып жаралайды.

8 сентябрь. Ленин Шығыс майдандағы 5-армияның штабынан сауығып кетуге тілек білдірілген телеграмма алады; бұл үшін жауап телеграммасында алғыс айтады және чехословак корпусының, ақ гвардияшылар мен кулактардың антисоветтік бой көрсетулері басып-жаншылатындығына сенім білдіреді.

11 сентябрь. Ленин Қазанның алынуына байланысты Шығыс майданның командованиесі мен әскерлерін құттықтайды.

Ерте дегенде 12 — кеш дегенде Ленин Симбирскінің алынуы туралы хабарға жауабында барлық еңбекшілердің атынан

18 сентябрь. Шығыс майданның 1-армиясын құттықтайды.

16 сентябрь. Ленин сырқатынан тәуір болғаннан кейін бірінші рет РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Кредит істері қызметкерлерінің бүкіл россиялық кәсіптік одағы (Банктруд) туралы, РКП(б) Москва облыстық конференциясы туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісі туралы, халық шаруашылығы советі президиумының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 16 сентябрь. Ленин оккупацияланған аудандардың коммунистік ұйымдары Орталық бюросының мүшелерімен әңгімелеседі, оккупациялық әскерлердің солдаттары арасында үгіт жұмысын кеңінен өрістету қажеттігін атап көрсетеді.

17 сентябрь. Ленин пролетарлық мәдени-ағарту ұйымдары конференциясының президиумына хат жазады.

Ленин сырқатынан тәуір болғаннан кейін бірінші рет Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ауыл шаруашылығын өндіріс құралдарымен жабдықтау бөлімі туралы тергеу комиссиясының баяндамасы, Халық Комиссарлары Советі алдын ала бекітпейінше әскери қызметшілерге еңбек ақы төлеудің жаңа ставкаларын енгізуге қарсы Мемлекеттік бақылаудың наразылығы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин мәжіліс кезінде заттай салық туралы декреттің жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысы жайында финанс халық комиссары Н. Н. Крестинскиймен запискалар жазысады.

18 сентябрь. Ленин өзінің денсаулығы туралы ресми бюллетеньге былай деп қосымша жазады: «Осы бюллетеньнің негізінде және өзімді жақсы сезінуіме байланысты дәрігерлерді телефон соғу және сұрау салу арқылы мазаламауды мен барынша ізеттілікпен өтінемін».

Ленин Петроградқа Қызыл Армияның командирлер құрамы курсын бітіретін 400 жұмысшыға телеграмма жазып құттықтайды.

Ленин ескерткіштер орнату туралы Н. Д. Виноградовтың баяндамасын тыңдайды.

Ленин Петроградқа халық ағарту комиссары А. В. Луначарскийге жолдаған телеграммасында монументтік насихат жөніндегі жоспарды орындауға жауапты адамдардың дәрменсіздігіне реніш білдіреді.

Ленин Нижний Новгород губерниясындағы РКП(б) Сергач уездік комитетінің председателі М. Н. Сапаевты қабылдайды, деревнядағы жағдай туралы онымен әңгімелеседі, оны, хат беріп, «Правда» редакциясына жібереді, хатта Сапаевтың хабарларын жазып алып, басып шығаруды өтінеді.

19 сентябрь. Ленин Урал Советінің және РКП(б) Урал комитетінің мүшесі А. П. Спундэмен В. К. Блюхер туралы әңгімелеседі, одан Блюхер туралы және Урал жұмысшыларынан құрылған қызыл әскер отрядтарының оның басшылығымен жүргізген қаһармандық жорығы туралы мәліметтерді хабарлап отыруды өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1918 жылы 27 августа Германиямен жасалған финанс келісімін жүзеге асыру туралы қаулының жобасы, кредит мекемелерін национализациялау және жою тәртібі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 сентябрьден ертерек. Ленин Солтүстік Кавказдағы жағдай туралы А. Г. Шляпниковпен әңгімелеседі.

20 сентябрь. Лениннің «Біздің газеттердің сипаты жөнінде» деген мақаласы «Правданың» 202-номерінде жарияланады.

Ленин «Москва-Киев-Воронеж темір жолындағы теміржолшы жолдастарға» деген хат жазады.

Ленин К. Каутскийдің марксизмді теориялық тұрғыдан бұрмалаушылығына қарсы күресу қажеттігі туралы Стокгольмге В. В. Воровскийге, Берлинге А. А. Иоффеге және Бернге Я. А. Берзинге хат жазады.

21 сентябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; селолық қожайындарға заттай салық салу туралы мәселе талқыланған кезде цифрлы есептеулер жа-

сайды, өзінің сөйлейтін сөзінің жоспарын, жобаға ескертпелер және декреттің негізгі қағидаларын жазады. Мәжілісте сондай-ақ бұрынғы Россия империясы үкіметінің шарттарын бұзу туралы және Россия азаматтығынан шығу мерзімін ұзарту туралы мәселелер талқыланады.

22 сентябрь. Ленин «Қазанды алуға қатысқап қызыл әскерлерге» деген хат жазады.

23 сентябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; халық комиссариаттарының есептері туралы баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ балалардың тагам қоры туралы декреттің жобасы, әскери жабдық бұйымдарын дайындайтын заводтардың шұғыл мұқтаждарын қанағаттандыру үшін Халық шаруашылығы жоғары советіне қаржы бөлу туралы мәселе, мереке күндері туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

24 немесе 25 сентябрь. Ленин Горкиге демалуға кетеді.

25 сентябрьден кешірек. Ленин Америка Құрама Штаттарынан Жапония мен Сибирь арқылы келген голланд коммунисі инженер С. Рутгерспен Америкадағы, Жапониядағы және Голландиядағы жұмысшы және социалистік қозғалыс туралы әңгімелеседі.

Сентябрь. Ленин А. М. Горькиймен әңгімелеседі.

1 октябрь. Ленин Германияда революциялық қозғалыстың өрлеуіне байланысты Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, аудандық Советтердің, кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісін шақыру жөнінде ұсыныс жасап, Я. М. Свердлов пен Л. Д. Троцкийге хат жазады, осы мәжілістің қарарының негізгі қағидаларын белгілейді.

2 октябрь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтар өкілдерінің қатысуымен өткізген біріккен мәжілісіне хат жазады.

9 октябрьден ертерек. Ленин «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшаны жазуға кіріседі.

9 октябрь. Ленин «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген мақала жазады.

10 октябрь. Ленин сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичеринге немесе оның орынбасары Л. М. Караханға записка жазып, «Правдада» жарияланатын өзінің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген мақаласының 12 данасын және осы мақаланы аударып, жеке листок етіп бастырып шығару жөнінде өтініш білдірілген хатын Берлинге (А. А. Иоффеге, В. В. Воровскийге және Я. А. Берзинге арнап) жіберуді өтінеді.

Ленин Г. В. Чичерин мен Л. М. Караханға хатында Америка Құрама Штаттарының антисоветтік интервенцияны ұйымдастырудағы және Советтік Россияда азамат соғысын өршітудегі ролі туралы Америка Құрама Штаттарының президенті В. Вильсонға нота жіберу жөніндегі олардың ұсынысын қолдайды, нотаның негізгі принципті қағидаларын белгілейді.

12 октябрь. Ленин Москва Советінің президиумына хат жазады, онда Москва Советі президиумының қаулысына өзінің реніщін білдіреді. өйткені Москва Советінің президиумы Октябрь революциясының бір жылдығына Москваны революциялық қозғалыс қайраткерлерінің ескерткіштерімен безендіру жөніндегі жұмыстарға жауапты болудан бойын аулақ салған.

Кеш дегенде 15 октябрь. Ленин Горкиден Москваға оралады.

15 октябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; кедейлер комитеттерінің қажеттерін өтеу үшін Азық-түлік халық комиссариатына қаржы бөлу туралы мәселе жөніндегі қаулыға ұсыныстар және ағаш дайындау туралы баяндама жөніндегі қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ басқа мәселелер де талқыланады.

16 октябрь. Ленин Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының II съезі Москвада ашылар қарсаңында оның делегаттарымен кеңес өткізеді.

17 октябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Поволжьедегі колонист немістер туралы декрет талқыланған кезде сөз сөйлейді.

18 октябрь. Ленин «Спартак» тобының мүшелеріне хат жазып, герман социал-демократ-интернационалистеріне ізгі тілек білдіреді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда консулдықтар құру туралы декреттің жобасы, тас көмір шахталарында және ағаш дайындауда істейтін кейбір жұмысшыларды әскери қызметтен босату туралы, Курляндия, Эстляндия, Лифляндия және Литва тұрғындарының азаматтығы жөнінде Германиямен келісім жасасу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 октябрь. Ленин ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары С. С. Пестковскиймен немістер оккупациялаған территориядағы партиялық жұмыс туралы әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда селолық қожайындарға ауыл шаруашылығы өнімдерінің бір бөлегін алу түрінде заттай салық салу туралы мәселе, неміс колонистері туралы мәселе жөніндегі комиссияның баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

20 октябрь. Ленин Республика қарулы күштерінің бас қолбасшысы И. И. Вацетиске телеграмма жазып, Ижевск және Воткинск заводтарын алуды тездету үшін мейлінше батыл шаралар қолдану жөнінде жарлық береді.

Октябрьдің екінші жартысы, кеш дегенде 22 октябрь. Ленин Совет журналистерінің кәсіптік одағы комитетіне арыз жазып, өзін одақ мүшелігіне алуды өтінеді.

22 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады*. Советтердің алдағы болатын

* РКП(б) Орталық Комитетінің осы кезеңдегі материалдары толық сақталмаған. Осы және бұдан кейінгі мәжілістердің (1918 ж. 22 және 25 октябрьдегі, 17 және 19 декабрьдегі, 1919 ж. 16 январьдағы, 4 және 5 февральдағы) бізге жеткен протоколдарында қатысқан адамдар жазыл-

съезі туралы мәселе талқыланған кезде Ленин Совет өкіметінің бір жылдығы туралы және халықаралық жағдай туралы мәселелер бойынша баяндамашы болып бекітіледі. Мәжілісте сондай-ақ басқа мәселелер де талқыланады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару комитетінің, Москва Советінің, фабрика-завод комитеттері мен кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісінде баяндама жасайды; мәжілісте Ленин жазған қарар қабылданады.

Ленин «Россиядағы саяси партиялар және пролетариаттың міндеттері» деген кітапшасының екінші басылуына алғы сөз жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің келесі мәжілісіне арнап жазбалар жазады. Мәжілісте революциялық бір жолғы төтенше салық туралы декрет пен ереженің жобалары, Советтердің губерниялық және уездік атқару комитеттерінің финанс бөлімдерін ұйымдастыру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 октябрь. Ленин Царицыннан келген И. В. Сталинмен Оңтүстік майдандағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің атынан Берлинге А. А. Иоффеге телефонограмма жазып, Карл Либкнехттің түрмеден босатылуына байланысты оған барынша жалынды сәлем жолдауды өтінеді.

24 октябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; онда халық комиссариаттарының (әскери комиссариаттан басқасының) қарамағындағы әскерлерде, күзетте болатын немесе басқа командалар мен отрядтарда қару ретінде қолданылып келген үш линиялы винтовкаларды басқа үлгілердегі винтовкалармен ауыстыру туралы декреттің жобасы, темір жолдардағы жағдай туралы және Республиканың Қатынас жолдары халық комиссариаты мен басқа комиссариаттары

магап. Алайда Орталық Комитет мәжілістерінің протоколдарын және басқа документтерді зерттеу мынаны көрсетеді: Ленин әдеттегідей, кейбір ерекше жағдайларда болмаса, РКП(б) Орталық Комитетінің барлық мәжілістеріне қатысып отырған.

арасындағы өзара қатынастар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

25 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда армиядағы партия ұйымдары туралы, Украина туралы және басқа мәселелер талқыланады.

26 октябрь. Ленин Москва Советінің бір адамға $1^1/_2$ пұт азық-түлікті еркін алып жүруге рұқсат етілген қаулысында белгіленген мерзімде астық сатып алып үлгірмеген Москва ұйымдарының делегаттарымен әңгімелеседі; содан кейін оларды, записка беріп, азық-түлік халық комиссарының орынбасары Н. П. Брюхановқа жібереді, запискада бұларга көмектесуді өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; В. И. Невскийдің темір жолдардағы жағдай туралы баяндамасының талқылануына байланысты осы мәселе жөніндегі қаулыға жазбалар жазады. Мәжілісте сондай-ақ мемлекеттік проценттік қағаздарды жою туралы мәселе, бір жолғы төтенше салық туралы декреттің жобасы, селолық қожайындарға заттай салық салу туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

27 октябрь. Ленин Петроград қаласындағы Выборг ауданының Оңтүстік майданға бара жатқан бір топ жұмысшыларымен әңгімелеседі, олар Ленинге Москва Советіндегі қағаз бастылық жөнінде шағым айтады; оларды, записка беріп, Москва Советіне жібереді, запискада оларды дереу қабылдауды өтінеді, сондай-ақ Москва Советінде келушілерді қабылдаудағы формализмді жоюды талап етеді.

28 октябрь. Ленин Перьмге Урал халық шаруашылығы советіне жіберілетін телеграммаға қол қояды, онда Березников заводының басқармасына радий заводын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты дереу бастау жөнінде нұсқау береді.

29 октябрь. Ленин РКСМ I съезінің делегациясымен әңгімелеседі; Я. М. Свердловқа записка жазып, Жастар одағына материалдық көмек көрсетуді өтінеді.

Ленин жұмысшы «бақылау-реквизициялау инспекциясын» ұйымдастыру туралы және осы мақсатқа дайындау органдарының жұмысшыларын пайдалану туралы Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. И. Свидерскиймен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қару атаулының барлық түрін халықтың тапсыруы туралы декреттің және Еңбек халық комиссариаты жанынан жұмыс күшін бөлу жөнінде бөлімдер құру туралы ереженің жобалары, жергілікті Советтер тағайындайтын революциялық бір жолғы салықтар туралы, Халық шаруашылығы жоғары советіне картоп-шырын өндіру жөніндегі шығындарды өтеу үшін қаржы босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

31 октябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Советтердің губерниялық және уездік атқару комитеттерінің финанс бөлімдерін ұйымдастыру туралы декреттің, еңбекшілерді әлеуметтік қамсыздандыру туралы ереженің, казначейліктерді Халық банктерінің мекемелерімен қосу туралы декреттің, Төтенше транспорт комиссиясын құру туралы декреттің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

Октябрьдің аяғы. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің «Германиядағы «Спартак» тобына және Неміс Австриясының коммунистік партиясына» деген үндеуіне қол қояды.

1 ноябрь. Ленин Швейцарияға Я. А. Берзинге жолдаған хатында оған «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапша текстінің бір бөлегін жібергендігін хабарлайды, оны тезірек аударуға беруді, ал «Мемлекет және революция» деген кітаптың французша басылуының бастырып шығарушыдан деп берілген алғы сөзінде К. Каутский мен Э. Вандервельдені сынға алуды өтінеді.

2 ноябрь. Ленин заңдардың дәл сақталуы туралы қаулы тезистерінің нобайын жазады, онда РКП(б) Орталық Комитеті бұл тезистерді принципті түрде мақұлдап, оларды декрет түрінде тұжы-

рымдауды Юстиция халық комиссариатына тапсырсын деген ұсыныс жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің атынан Австро-Венгрияның еңбекшілеріне үндеу хат туралы кезектен тыс мәлімдеме жасап сөз сөйлейді; маталар мен дайын бұйымдарды сақтауға арналған мемлекеттік қоймалар туралы мәселені талқылаудың барысында бұл мәселе бойынша жазбалар жазады және қаулының жобасына түзетулер мен толықтырулар енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ маталарға мемлекеттік монополияны жүзеге асыру үшін Халық шаруашылығы жоғары советіне қаржы бөлу туралы мәселе, РСФСР-дің 1919 ж. бірінші жартысына арналған жалпы мемлекеттік кірістері мен шығыстарының тізімін жасау және орындау ережелері, 1918 ж. екінші жарты жылдығына арналған кірістер мен шығыстардың тізімі, ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралар үшін арнаулы қор жасау туралы декрет, отын туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

2 және 6 ноябрь аралығында. Ленин Совет республикасының халықаралық жағдайы туралы ағылшынның «The Manchester Guardian» газетінің тілшісі Ф. Прайспен әңгімелеседі.

3 ноябрь. Ленин Австро-Венгрия революциясы құрметіне арналған демонстрацияда Москва Советінің балконынан сөз сөйлейді.

5 ноябрьден ертерек. Ленин Шығыс майданындағы 2-ші армияның революциялық-әскери советінің мүшесі С. И. Гусевпен әңгімелеседі, одан Октябрь революциясының бір жылдығы күніне Ижевскінің алынғандығы туралы өзінің хабарлама күтетінін 2-ші армияның қызыл әскерлеріне жеткізуді өтінеді.

5 ноябрь. Ленин Германияның Советтік Россиямен дипломатиялық қатынастарды үзгендігі жөнінде барлық әскери комиссариаттарға, әскери басшыларға, армия қолбасшыларына, барлық Совдептерге жолданатын радиограммаға қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советінің декреттері мен қаулыларын «Известия ВЦИК»-те жариялау тәртібі туралы, жекелеген комиссариаттардың басылымдарын біріктіру туралы, балалардың тағам қоры туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 ноябрь. Ленин жұмысшы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезінің бірінші мәжілісінде Октябрь революциясының бір жылдығы туралы сөз сөйлейді.

Ленин Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық орталық және Москва советтерінің салтанатты мәжілісінде және Москва Пролеткультінің кешінде Октябрь революциясының бір жылдығы туралы сөз сөйлейді.

6 немесе 7 ноябрь. Ленин бұрынғы Михельсон заводы жұмысшыларының митингісінде сөз сөйлейді.

7 ноябрь. Ленин Революция алаңында К. Маркс пен Ф. Энгельске ескерткіштің ашылуында сөз сөйлейді; Қызыл алаңда Октябрь революциясының күрескерлеріне мемориалдық тақта ашады және сөз сөйлейді.

Ленин Бүкіл россиялық төтенше комиссия қызметкерлерінің митинг-концертінде сөз сөйлейді.

Ленин 2-ші армияның қолбасшысы атына берген жауап телеграммасында қызыл әскерлерді Ижевскіні алуымен құттықтайды және оларды Октябрь революциясының бір жылдығымен құттықтайды.

8 ноябрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VI съезінің екінші мәжілісінде халықаралық жағдай туралы сөз сөйлейді.

Ленин орталық губерниялардың кедейлер комитеттері делегаттарының кеңесінде сөз сөйлейді.

Ноябрьдің 9-ынан 10-ына қараған түн. Ленин Орел және Курск губерниялық атқару комитеттеріне және партияның губерниялық комитеттеріне Германияда революцияның басталғандығы және өкіметтің жұмысшылар мен

солдаттардың қолына көшкендігі туралы және бұл туралы Украинадағы неміс солдаттарына хабарлауға барлық шаралар қолдану қажеттігі жөнінде шұғыл телеграмма жазады.

10 ноябрь. Ленин «Барлық Совдептерге, жұрттың бәріне, бәріне телеграмма» және Петроградқа телефонограмма жазып, Германияда революцияның жеңгендігі туралы 10 ноябрьге қараған түнде хабар алынғандығын хабарлайды және бұл туралы бүкіл халықты, барлық шекаралық пункттердегі неміс солдаттарын хабардар ету үшін шаралардың бәрін қолдануды өтінеді.

Ленин барлық шекаралық Совдептерге жолдаған радиограммасында Германиядағы революцияның барысы туралы хабарлайды және оларға қолдарындағы барлық құралдарды пайдаланып, бұл мәліметтерді герман солдаттарына жеткізуге жарлық береді.

Ленин «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшаны жазып бітіреді.

Ленин Хамовники ауданында Октябрь революциясы клубының ашылуында ағымдағы кезең туралы сөз сөйлейді.

10 ноябрьден кешірек. Ленин «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшаға «Вандервельденің мемлекет туралы жаңа кітабы» деген II қосымша жазады.

Ленин американ журналисі Р. Майнор Германияға жүрер алдында оған интервью береді.

11 ноябрь. Ленин Москва коммунистерінің Үлкен театрда болған кешінде халықаралық жағдай туралы сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Германиядағы революциялық оқиғалар туралы хабарлама жасайды. Мәжілісте Ижорск және Обухов заводтарында жұмысты ұйымдастыру үшін Теңіз істері комиссариатына қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

12 ноябрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VI съезіне Солтүстік Кавказдың 11-ші армиясынан

әскери жарақтармен және жабдықтармен жәрдемдесуді өтіне келген делегаттар О. М. Лещинскиймен және А. И. Яковлевпен әңгімелеседі, олардан Г. К. Орджоникидзе туралы сұрастырады, олардың мәселесін сол күні-ақ партияның Орталық Комитетінде қоюға уәде береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жабдықтауды ұйымдастыру туралы декреттің жобасы талқыланған кезде қаулының «а» пунктін және «б» пунктінің нобайын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қызметі туралы баяндама, медицина дәрігерлерін қатардағы әскери қызметке шақыру туралы, оккупацияланған территорияда уақытша болған жеке меншік кәсіпорындарда, национализацияланған және қазыналық кәсіпорындарда істеген жұмысшылар мен қызметшілерге жалақы беру туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

13 ноябрь. Ленин Унечаға (Чернигов губерниясы) РКП(б) ұйымының председателі Ивановқа телеграмма жазады, онда құттықтаулар жібергендері үшін революцияшыл неміс солдаттарының өкілдеріне, Лыщиченск Советінің, Унеча партия ұйымының делегаттарына және Богун полкінің командирі Н. А. Щорсқа алғыс айтады, неміс солдаттарының Украинаны азат етуге қатысуына тілек білдіреді.

Ленин РКП(б) Орел губерниялық комитетіне телеграмма жазады, онда өзінің Унечадан революцияшыл неміс солдаттарынан құттықтау телеграмма алғандығы туралы Украинамен шекаралас пункттердің бәріне хабарлау және неміс солдаттарынан Украинаны азат етуге көмектесуін өтіну жөнінде жарлық береді.

14 ноябрь. Брест-Литовск шартын жою туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Ленин мен Свердлов қол қойған қаулысы «Правданың» 246-номерінде жарияланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; халықаралық жағдай туралы информациялық хабарлама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Қызыл Армия-

ны жабдықтау жөніндегі төтенше комиссияның қарамағына 500 млн. сом бөлу, шетелден ең қажетті заттар сатып алу үшін Сауда және өнеркәсіп халық комиссариатына 100 млн. сом бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

15 ноябрь. Ленин Серпуховқа бас қолбасшы И. И. Вацетиске телеграмма жазады, онда оккупацияланған облыстардағы коммунистік ұйымдардың РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы орталық бюросының поляк және литван екпінді батальондарын құру жөніндегі жобасын «қолайлы мағынада шешуді» өтінеді.

16 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Москваға келіп жатқан поездардан жүк түсіру туралы баяндама талқыланған кезде Москва Советінің председателі Л. Б. Каменевке записка жазады, онда *«жұрттың бәрін* мобилизациялап, вагондардан жүкті қолмен түсіру» жөнінде нұсқау береді. Мәжілісте сондай-ақ 1918 ж. июль — декабрьге арналған мемлекеттік кірістер мен шығыстардың тізімі, 1918 ж. июль — декабрьге арналған бюджет туралы декреттің жобасы, қағазды бөлу және газеттерді шығаруды қысқарту туралы баяндама, майдандарда қызыл әскерлерге арналған дүкендер ұйымдастыру үшін Москва орталық жұмысшы кооперативіне қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 16 — кеш дегенде 18 ноябрь. Ленин кредит кооперациясы — Москва халықтық (кооперативтік) банкі акционерлерінің өкілдері съезінің делегациясын қабылдайды.

19 ноябрь. Ленин жұмысшы әйелдердің Бүкіл россиялық I съезінде сөз сөйлейді.

Халықтық (Мемлекеттік) банк Солтүстік облыстық конторы комиссарының жеке меншік банктерді национализациялау туралы декреттің басылып шыққанына жыл толуын салтанатты түрде атап өту жөніндегі ұсынысымен танысқаннан кейін Ленин оған былай деп жазады: «Меніңше, мерекелеу жетер. *Күлкі келтіреді!* 14 декабрьді Кооперативтік

банкті Мемлекеттік банкпен жақсылап, дұрыс, шебер, тез *қосумен* «мерекелеп» өтейік».

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; балалар үйлерін өз қарамағында қалдыру туралы Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаты енгізген декреттің жобасын қабылдамау жөнінде қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ жеке меншік сауданы муниципализациялау және национализациялау туралы мәселе, қағазды үнемдеуге байланысты газеттерді жабу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

20 ноябрь. Ленин «Питирим Сорокиннің бағалы мойындаулары» деген мақала жазады.

Ленин РКП(б) Москва комитеті мен Пресня аудандық партия комитеті ұйымдастырған, Коммунистік партияның көсемі және Совет үкіметінің басшысы ретінде өзін құрметтеуге арналған жиналыста сөз сөйлейді.

20 ноябрьден кешірек. Ленин Москва темір жол торабының жұмыс айналымын жеңілдету ісі туралы М. С. Кедровтың баяндамасын тыңдайды.

21 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Халықты барлық өнімдермен, жеке тұтыну заттарымен және үй шаруашылығы бұйымдарымен жабдықтауды ұйымдастыру туралы» декреттің жобасына толықтырулар және Революциялық-әскери советке Литвадағы, Белоруссиядағы және Польшадағы төтенше әскери жағдайларға байланысты шараларға 50 млн. сом жұмсауға рұқсат ету туралы декреттің жобасына түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Қызыл Армияны автотранспортпен қамтамасыз ету шаралары туралы мәселелер, почта-телеграф қызметі туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

23 ноябрь. Ленин Индия халықтарының атынан Советтік Россияны құттықтап, жолдау хат жеткізген индиялық делегациямен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда тұтқындар

мен босқындар жөніндегі Орталық коллегияның жұмысы туралы мәселе, оккупациядан азат етіліп жатқан жерлерде азық-түлік жұмысын жандандыру туралы қаулының жобасы, Совет республикасында мереке және демалыс күндері туралы, Россияда қауіпсіздендіру ісін қайта құру туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

24 ноябрь. Ленин Москва торабы теміржолшыларының митингісінде сөз сөйлейді.

Ленин «Қызыл офицер күні» митингісінде сөз сөйлейді.

Ерте дегенде 24 ноябрь. Ленин Москва Советінің азық-түлік бөліміндегі коммунистер фракциясының делегаттарын қабылдайды.

26 ноябрь. Ленин Москва орталық жұмысшы кооперативі уәкілдерінің жиналысында сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда телеграф байланысының жоғарғы комиссиясын құру туралы мәселе, ғылыми, әдеби, музыкалық және көркем туындыларды мемлекет игілігі деп тану туралы декрет, реквизициялар туралы жалпы ереже, 10 миллиард сом салықты жүзеге асыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 ноябрь. Ленин Москваның партия қызметкерлері жиналысында пролетариаттың ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

28 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; РСФСР-де әскери-санитарлық істің жағдайы туралы мәселенің талқылануына байланысты эвакуациялық пункттердегі орындардың саны туралы ақпарды қарайды, ақпарға цифрлы есептеулер жасап, белгілер салады. Мәжілісте сондай-ақ Республика темір жолдарын әскери жағдайда деп жариялау туралы, әскери орындардың дайындау ісіне араласуы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

29 ноябрь. Ленин Нижний Новгородтағы радио лабораториясын азық-түлікпен және құрылыс материалдарымен жабдықтау туралы Нижний Новгород губерниялық азық-түлік бөліміне, губерниялық әскери комиссариатына және халық шаруашылығы советіне жіберілетін телеграммаларға қол қояды.

Ленин Россиядағы қытай жұмысшыларының өкілдері Лау Сиу-джаумен және Чжан Инчунмен әңгімелеседі.

Ленин тікелей провод арқылы Орел губерниялық атқару комитетінің председателі және РКП(б) губерниялық комитетінің мүшесі Б. М. Волинмен сөйлеседі, Украинадағы герман армиясы солдат депутаттары Советтерінің Гомельде шақырылғалы жатқан съезіне көзқарас жөнінде нұсқаулар береді.

Ленин Латвия, Эстляндия, Украина және Литва территорияларындағы совет үкіметтерін Қызыл Армия әскерлерінің қолдауы туралы бас қолбасшы И. И. Вацетиске жіберілетін телеграмманы толықтырып, оған қол қояды.

30 ноябрь. Ленин Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советін құру туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысына қол қояды.

Күз. Ленин Курск темір жолының вагон жөндеу шеберханаларына келеді, жұмысшылармен әңгімелеседі, содан кейін теміржолшылардың митингісінде сөз сөйлейді.

1 декабрь. Ленин Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советінің бірінші мәжілісінде председательдік етеді; транспорттың жұмысы туралы және отын туралы мәселелердің талқылануына байланысты Қорғаныс Советінің Ленин председательдік ететін комиссиялары құрылады. Мәжілісте сондай-ақ азық-түлік туралы, техникалық күштерді мобилизациялау туралы, Жоғары әскери инспекция туралы және басқа мәселелер талқыланады.

2 декабрь. Ленин Кредит істері қызметкерлері бүкіл россиялық кәсіптік одағының (Банктруд) Халықтық банк қызметкерлерінің одағымен (Банксотруд) өзара қатынастары туралы және банк

қызметшілерінің құрылтай съезін шақыру туралы мәселе жөніндегі кеңеске қатысады.

Ленин Қорғаныс Советінің отын жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, талқыланатын мәселелер жөнінде жазбалар және отын дайындау жөніндегі практикалық шаралар тізімінің нобайларын жазады, ұйымдық мәселелер жөніндегі және ағаш дайындау туралы қаулылардың жобаларын жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанынан халықаралық насихат бөлімін ұйымдастыру туралы, мерекелер туралы, кооперативтік Халықтық банкті национализациялау туралы және кооперацияларға кредит беру туралы декреттердің жобалары, шетел банктерін национализациялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің іс жүзінде бақылау жасау мәселесі жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, жарыс сөзге қатысады, Мемлекеттік бақылауды пайдалану туралы қаулының жобасының нобайын және жобасын жазады.

Ленин Қорғаныс Советінің Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорттағы қызметінің мәселелері жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, қаулының жобасына ұсыныстар жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Су транспорты бас басқармасына барлық коммерциялық кемелерді беру туралы, РСФСР Конституциясын және заң шығару ісін түсіндіретін, көпшілікке арналған хрестоматия шығару туралы, Үлкен Кремль сарайын музейге айналдыру туралы мәселелер, жергілікті Советтердің ақша қаражаты мен шығындары туралы декрет және басқа мәселелер талқыланады.

4 декабрь. Ленин Итальян социалистік партиясы басшыларының бірі Д.-М. Серратиге хат жазып, Антантаның басқа елдеріндегі сияқты, Ита-

лияда да пролетарлық революцияның жақындап келе жатқандығына сенім білдіреді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; азық-түлік дайындаудың қарқынын күшейту және мөлшерін арттыру туралы мәселе бойынша ұсыныстардың нобайын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Туланың патрон және қару-жарақ заводтарында жұмыстың үшінші сменасын енгізу туралы, майдандарда патронның жұмсалуына іс жүзінде бақылау жасау шаралары туралы, командирлік қызмет атқаруға жарамды барлық адамдарды мобилизациялау қажеттігі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің патрондар жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, бірнеше рет сөз сөйлейді, Тула патрон заводындағы жағдай туралы жазбалар, патрон өндіруді арттыру туралы қаулының нобайын, 1919 жылға арналған жоспардың желісін жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Жұмысшы азық-түлік инспекциясын ұйымдастыру туралы ереженің» талқылануына байланысты Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөніндегі қаулысының нобайын және «Ереженің» жобасына ескертпелер жасайды. Мәжілісте сондай-ақ майдан құрамына кіретін армияның қолбасшысы туралы, майдан қолбасшысы туралы және Республиканың бүкіл қарулы күштерінің бас қолбасшысы туралы ережелердің жобалары, шетелден әкелінетін азық-түлік өнімдеріне баж салығын жою туралы декрет, өнеркәсіп санағы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 6 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің банк қызметшілерінің Бүкіл россиялық съезін шақыру туралы қаулысының жобасына жазбалар жазады.

7 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің қызметін газеттерде баяндап отыру үшін арнаулы тілші тағайындау туралы ұсыныс жасайды. Мәжілісте сондай-ақ бұрынғы офицерлерді Қызыл Армияға мобц-

лизациялау туралы, Эстляндия Совет республикасының тәуелсіздігін тану туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

8 декабрь. Ленин Советтердің, кедейлер комитеттерінің және РКП(б) аудандық комитеттерінің Москва губерниялық съезінде сөз сөйлейді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Москва облыстық азық-түлік комитетінің Ходынск қоймасын қарағандығы туралы хабарлама жасайды; жасақталып жатқан он дивизияны формалы киімнің толық комплектісімен, қару-жарақпен және азық-түлікпен жабдықтау туралы мәселе бойынша жазбалар жазады. Мәжілісте сондай-ақ Тула заводтарының азық-түлікпен қаншалықты қамтамасыз етілгендігі туралы баяндама, облысшылдыққа және кеңсешілдік қағаз бастылыққа қарсы қаулының жобасы, халықты ағаш дайындау жұмыстарына мобилизациялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 декабрь. Ленин жұмысшы кооперациясы III съезінің кешкі мәжілісінде сөз сөйлейді.

10 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің іс жүзінде бақылау жасау мәселесі жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, комиссияның 3 декабрьдегі қаулысының орындалуы туралы баяндама талқыланған кезде үш рет сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Иваново-Вознесенск губерниялық атқару комитетінің губерниядағы азық-түлік жағдайының ауырлығы туралы 2 декабрьдегі баяндама хаты жөнінде хабарлама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Москваның жұмысшы ұйымдарына нормаланбаған өнімдерді өздігінен сатып алуға рұқсат ету туралы және Азық-түлік халық комиссариатына Петроград және Москва жұмысшыларының өкілдерін енгізу туралы, интервенционистік әскерлердің соғыс тұтқындары арасында насихат жүргізу үшін қаржы босату туралы мәселелер, сауатты адамдарды мобилизациялау және советтік құрылысты наси-

хаттауды ұйымдастыру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

11 декабрь. Ленин жер бөлімдерінің, кедейлер комитеттерінің және коммуналардың Бүкіл россиялық I съезінде сөз сөйлейді.

Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезінің заңдардың орындалуы туралы мәселе жөніндегі қаулысы бар кітапшаны жібереді, кітапшаны оның тақырыбын «түсініктірек, айқынырақ, тартымдырақ» етіп жазып, тезірек бастырып шығаруды тапсырады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; бақылау-ревизиялау топтарының мүшелеріне арналған мандаттардың формалары туралы және азық-түлік ісін жақсарту жөніндегі шұғыл шаралар туралы хабарлама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ темір жол транспортын тәртіпке келтіру туралы мәселе, темір жолдарда сыйлықты және кесімді жұмыс тәртібін енгізу туралы, жұмысшылардың кейбір категорияларын азық-түлікпен және ең кажетті заттармен жабдықтау туралы баяндамалар және басқа мәселелер талқыланады.

12 декабрь. Ленин «Совет мекемелерін басқару туралы ережелердің нобайын» жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің партия мүшелерін есепке алу туралы мәселе жөніндегі қаулысының жобасын жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; 10 миллиард сом төтенше салық туралы және заттай салық туралы декретті жүзеге асыру жөніндегі баяндама бойынша қаулының нобайын жазады және сөз сөйлейді; бірыңғай жолаушы тарифін жасау туралы мәселе талқыланған кезде сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ басқа мәселелер де талқыланады.

13 декабрь. Ленин Республика Революциялық-әскери советінің председателі Л. Д. Троцкийге жолдаған телеграммасында Пермьнің қауіпті жағдайда тұрғандығын хабарлайды, оған көмек жіберуді және Уралдың заводтары мен темір жолын көмірмен жабдықтап тұрған Кизель

ауданын қорғап қалудың орасан зор маңызды екендігі жөнінде Шығыс майдан Революциялық-әскери советіне нұсқау беруді ұсынады.

Кеш дегенде 14 декабрь. Ленин Сауда-өнеркәсіп қызметшілері одағының өкілдерімен сауданы муниципализациялау туралы әңгімелеседі.

14 декабрь. Ленин Пресня ауданы жұмысшыларының конференциясында сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; картопқа тұрақты бағаны жою туралы мәселе талқыланған кезде екі рет сөз сөйлейді; Тоқыма кәсіпорындары орталық басқармасын қаржыландыру туралы мәселе бойынша қаулы жобасының нобайын жазады. Мәжілісте қалалық совдептер мен өнеркәсіп орындарының және басқалардың егіншілік шаруашылықтарын ұйымдастыру туралы мәселе талқыланады.

15 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда темір жолдар мен элеваторлардағы астық қоры туралы, саяси үгіт және құрылып жатқан дивизияларға комиссарлар жіберу туралы мәселелер, Симбирск мен Сормоводағы патрон заводтары туралы, мүлікті бөлу туралы баяндамалар және басқа мәселелер талқыланады.

16 декабрь. Ленин ішкі істер халық комиссары Г. И. Петровскийге Ярославль губерниясы, Любим уезі, Будилово деревнясы шаруаларының кедейлер комитеті председателінің әрекеті туралы шағымы бойынша дереу қатаң тергеу жүргізу жөнінде жарлық береді.

17 декабрьден ертерек. Ленин «Мемлекет және революция» деген кітаптың II тарауының «Маркстің 1852 жылғы мәселе қойысы» деген 3-параграфын жазады.

17 декабрь. Ленин «Мемлекет және революция» деген кітаптың екінші басылуына алғы сөз жазады.

Ленин «Мемлекет және революция» деген кітаптың екінші басылуына өзі жазған қосымшаларды кітаптың финн тілінде басылуы үшін финн коммунисі О. С. Пуккэге жібереді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті бюросының мәжілісіне қатысады, онда партияның алда-

ғы болатын съезі және партия программасын әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы мәселе, жер бөлімдері съезінің қарарлары, Сибирьдегі жұмыс туралы, кәсіподақтар съезі туралы және басқа мәселелер талқылапады.

Кеш дегенде 18 декабрь. Ленин Оңтүстік майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі И. И. Ходоровскийдің майдандағы жағдай туралы баяндамасын тыңдайды; содан кейін тікелей проводқа Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьевті шақырып алып, Оңтүстік майданға көмек жіберуді талап етеді.

18 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; елдің ресурстарына сәйкес армиядағы адамдардың санын анықтау туралы мәселе бойынша, Бүкіл россиялық эвакуациялық комиссияның оның әскери мүліктерін есепке алу жөніндегі мәлімдемесі талқыланған кезде (осы мәселе бойынша қаулының жобасын жазады) және Сормово заводы туралы баяндама бойынша сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Оңтүстік майдандағы санитарлық жағдай туралы мәселе, армияны атпен жабдықтау туралы және Қызыл Армияны үйлермен қамтамасыз ету туралы декреттердің жобалары, мылтықтарды жөндеу жөніндегі шеберханалар туралы, мұнайды бөлу туралы, Царицында үлкен зеңбірек заводын салу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті бюросының мәжілісіне қатысады, онда әскери бақылау туралы, майдандағы саяси жұмыс туралы, әскери инспекцияны ұйымдастыру туралы, коммунистердің майдандағы жұмысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда РСФСР-дің техникалық күштерін есепке алу және мобилизациялау туралы декреттің жобасы, заттай салық салғанда кейбір жерлерге жеңілдіктер беру туралы, кассалардың бірыңғай болуын жүзеге асыру үшін Финанс халық комиссариаты жанындағы ведомствоаралық кеңестің жұмысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 декабрь. Лениннің «Прошьян жолдасты еске түсіру» деген мақаласы «Правданың» 277-номерінде жарияланады.

21 декабрь. Ленин финанс халық комиссары Н. Н. Крестинскийге записка жазады, онда Халықтық банктің Москва конторынан Халық шаруашылығы жоғары советінің орман шаруашылығы коллегиясына ақша аударуда қағаз бастылыққа жол берген адамды тауып, сотқа тарту жөнінде жарлық береді, кінәлы адамның табылған-табылмағандығы, нақты кім екендігі, ақшаның қашан берілгендігі туралы өзіне хабарлауды талап етеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; қазіргі мемлекеттік өнеркәсіп статистикасы туралы ережені жариялау жөнінде Халық шаруашылығы жоғары советінің Орталық статистика басқармасымен келісімі туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Эстляндияның, Латвияның және Литваның Совет республикаларын тану туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

22 декабрь. Лениннің Москвадағы 1905 жылғы декабрьдегі қарулы көтерілістің он үш жылдығына байланысты жазылған «Қызыл Пресня жұмысшыларына» деген хаты «Коммунар» газетінің 63-номерінде жарияланады. («Беднота» газетінің 1918 жылғы 24 декабрьдегі 222-номерінде «Пресня жұмысшыларының ерлігі» деген тақырыппен жарияланды).

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; темір жолдардағы астық мөлшері туралы баяндама талқыланған кезде сөз сөйлейді және осы мәселе бойынша қарардың нобайын жазады; темір жол жұмысшыларын формалы киімнің толық комплектісімен қамтамасыз ету туралы мәселе жөніндегі қарар жобасының нобайын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Симбирск және Ижевск заводтары туралы, Тула заводында 3-ші смена енгізу туралы Л. Б. Красиннің баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 декабрь. Ленин ««Демократия» және диктатура туралы» деген мақала жазады.

Ленин бас қолбасшы И. И. Вацетиске жіберілетін телефонограммаға қол қояды, онда Балашов ауданында болған шайқастар туралы, бас қолбасшының Оренбургті алу туралы бұйрығының орындалмау себептері туралы, Пермь ауданында жағдайды нығайту жөніндегі шаралар туралы сұрастырылады.

24 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жеке меншік жер банктерін жою туралы, қызыл әскерлердің семьяларын қамтамасыз ету туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

25 декабрь. Ленин Халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық II съезінде сөз сөйлейді.

Ленин Тверь губерниялық атқару комитетінің председателі Д. А. Булатовқа хат жазып, оған Первитин болысындағы істің жағдайын тексеріп, кедейлер комитеттерінде Совет өкіметіне жау элементтердің ықпалының басымдылығы туралы мұғалима В. С. Иванованың шағымына байланысты қажетті шаралар қолдану жөнінде тапсырма береді.

Ленин Солтүстік облыстың Коммуналар советіне телеграмма жазып, Халық Комиссарлары Советінің жабдықтауды ұйымдастыру туралы 21 ноябрьдегі декретін бұзу және елемеу жөніндегі барлық әрекеттерді дереу тоқтату, жабылған және национализацияланған кооперативтерді қалпына келтіру, оларға товарларын қайтарып беру және оларды бөлу жүйесіне қосу жөнінде жарлық береді.

Ленин Волга-Бугульма темір жолы бойындағы Мелекес-Бугульма ауданындағы астық қоры туралы және оны жедел тасып алу қажеттігі туралы РКП(б) Мелекес уездік комитетінің (Самара губерниясы) делегаты Веряскинмен әңгімелеседі.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Оңтүстік майдан темір жолының төтенше комиссары М. К. Владимировтың темір жолдарды қар басқындарынан тазарту үшін жұмыс күштерін беру жөнінде жергілікті Советтерге нұсқау беруді өтінген телеграммасы туралы хабарлайды; темір жолдарда кесімді жұмыс тәртібін қолдану тура-

лы мәселе бойынша сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ санитарлық жүк тиелген вагондарды жөнелту туралы және майданға келіп жатқан дәрігерлердің саны туралы Әскери-санитарлық бас басқарманың есебі, Қызыл Армияны зеңбіректермен қамтамасыз ету туралы Артиллерия жөніндегі бас басқарманың баяндамасы, әскери ведомство мен темір жол мекемелерінің өзара қатынастарын реттеу туралы мәселе, бас қолбасшы И. И. Вацетистің Қорғаныс Советі Председателінің сұрағына жауабы және басқа мәселелер талқыланады.

25 декабрьден кешірек. Ленин «Спартак одағы» Орталық Советінің мүшесі Э. Фукспен әңгімелеседі. Фукс Ленинге Роза Люксембургтің запискасын береді.

26 декабрь. Ленин шаруаларға арнап газет шығаруды ұсынған жазушы А. И. Купринмен және журналист О. Л. Леонидовпен әңгімелеседі.

Ленин Родникиге (Иваново-Вознесенск губерниясы) телеграмма жазады, онда атқару комитетіне III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның бұрынғы мүшесі П. И. Сурковтың жеке меншік кітапханасын реквизициялаудың себептері туралы хабарлау жөнінде жарлық береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Бірыңғай әскери кооператив» біріктірген ұйымдарға нормаланбаған өнімдерді сатып алу правосын беру туралы мәселе талқыланған кезде және Орман бас комитетін құру туралы және ағаштарды тасып алу туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді; Халық шаруашылығы жоғары советі жанынан Орман бас комитетін құру туралы қаулының жобасына түзетулер мен толықтырулар енгізеді. Мәжілісте басқа да мәселелер талқыланады.

27 немесе 28 декабрь. Ленин III Интернационалды құруға байланысты әзірлік мәселелері жөнінде Г. В. Чичеринге хат жазады.

28 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда медицина персоналын мобилизациялау туралы және аптекаларды национализациялау туралы декреттердің жобалары, төтенше салық салу

туралы және кедейлер комитеттерінің съезін ұйымдастыру туралы баяндамалар және басқа мәселелер талқыланады.

Мәжілісте Ленин Петроградқа азық-түлік және Вязникиге (Владимир губерниясы) астық жөнелту жөнінде азық-түлік халық комиссарының орынбасары Н. П. Брюхановпен запискалар жазысады.

Южа фабрикасы (Вязники, Владимир губерниясы) жұмысшыларының астық жіберуді өтінген хатына жауап ретінде фабрика басқармасына жолдаған телеграммасында Ленин Вязники бөлу пункті үшін астық жөнелту жөнінде Азық-түлік халық комиссариатының шұғыл жарлық бергендігін хабарлайды, астық тиеуді тездету үшін Нижний Новгородқа баруға кеңес береді.

29 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда әскери және азық-түлік тасымалдарының жоспарлары туралы, Шығыс майданға қосымша күштер жөнелту туралы, төтенше салыққа байланысты қызыл әскерлердің семьяларына жеңілдіктер беру туралы, Теңіз ведомствосының заводтарында кесімді жұмыс тәртібі туралы, Волга-Бугульма темір жолында жүк тасу мүмкіндігін арттыру қажеттілігі туралы, Охтинскідегі жарылғыш заттар жасайтын заводты азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

30 декабрь. Ленин Родники қаласы атқару комитетінің өкілі Прокофьевпен П. И. Сурковтың кітапханасы туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі; оны, записка беріп, Халық ағарту комиссариатының кітапхана бөліміне жібереді, запискада Прокофьевті қабылдауды және «Родникидегі жолдастарға олардың кітапханасын ұлғайту ісінде көмек көрсетуді» өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жалпы финанс және экономика саясаты туралы, Эстония мен Латвияның Совет үкіметтеріне заем беру туралы баяндамалар талқыланады.

31 декабрь. Ленин Украина совет үкіметінің тапсыруы бойынша Москваға қант тиелген поезды жет-

кізуді ұйымдастырған Г. И. Чумакты қабылдайды.

Декабрьдің аяғы. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктік фракция мүшелерінің кеңейтілген кеңесінде кәсіподақтардың міндеттері туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Декабрь. Ленин көпшілікке арналған әдебиет шығару туралы мәселе бойынша әдебиетшілердің кеңесін өткізеді, оған В. А. Карпинский, Н. И. Бухарин, Н. Осинский, Л. С. Сосновский, Б. М. Волин қатысады; «жұмысшылар мен шаруаларға арнап оқу кітаптарын» шығару және ол басылымдардың құрамы мен сипаты туралы нұсқау хат жазады.

Ленин Қызыл Армияны жабдықтау жөніндегі төтенше комиссияның кеңесінде председательдік етеді.

Декабрь — 1919 жылғы январьдың бірінші жартысы. Ленин «Кәсіподақтардың міндеттері туралы» деген мақала жазады.

1918 немесе 1919 жылдың екінші жартысы. Ленин сланец туралы жазбалар жазады.

1918 жылдың аяғы немесе 1919 жылдың басы. Ленин А. И. Тодорскийдің «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» деген кітабын оқиды; кітапта келтірілген материалдарға байланысты «Үлкен мәселелерді айқындау үшін кішкентай көрініс» деген мақала жазады.

1919

2 январь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда темір жол қызметкерлерінің Бүкіл россиялық кәсіптік одағының темір жолдарда кесімді жұмыс пен сыйлық беруді енгізуге қарсы наразылығы, Боровичи кен орындарының жұмысшыларына нормаланбаған өнімдерді сатып алуға рұқсат беру туралы, Астраханьда Қорғаныс Советін құру туралы және басқа мәселелер талқылапады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; кітапхана ісі туралы мәселені талқыға салады; зығыр сатып алу туралы мәселе жөнінде жазбалар жазады. Мәжілісте сондай-ақ қызыл әскерлердің семьяларын жәрдеммен және пәтермен қамтамасыз етудің тәртібі туралы нұсқау хат, Украинадағы және Уфа губерниясындағы өнеркәсіпті қаржыландыру туралы, мамандардың еңбегіне ақы төлеу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 январь. Ленин Республика Революциялық-әскери советінің председателі Л. Д. Троцкийге телеграмма жазып, Красновтың әскерлеріне қарсы жалпы шабуылды ақырына дейін жеткізуді ұсынады.

4 январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда діни нанымына байланысты әскери міндеткерліктен босату туралы декреттің жобасы, қазіргі мемлекеттік өнеркәсіп статистикасы туралы ереженің жобасы, мектептердің және национализацияланған кәсіпорындар жанындағы мектептен тыс білім беретін мекемелердің қажеттерін өтеуге қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 январь. Ленин жұмысшы ұйымдарының нормаланбаған өнімдерді сатып алу үшін Ростовқа (Ярославль губерниясы) жіберілген делегаттарының өкілі И. Дергуновпен әңгімелеседі; одан кейін оны Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. И. Свидерскийге жіберіп, одан Дерговты қабылдауды өтінеді.

Ленин Оңтүстік майданның қолбасшысы қызметіне кандидатура туралы және Харьков паровоз жасау заводын үш сменада жұмыс істейтін етіп іске қосу қажеттігі туралы тікелей провод арқылы Артеммен (Ф. А. Сергеевпен) сөйлеседі.

Ленин Симбирск губерниялық азық-түлік комитетіне жолдаған телеграммасында Москва мен Петроградтың ашығып отырған жұмысшыларына жан-жақты көмек көрсету үшін жедел шаралар қолдану жөнінде жарлық береді.

8 январь. И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинскийдің Пермь түбіндегі 3-ші армияны нығайту шаралары туралы хатына Ленин хатта көрсетілген ұсыныстармен келісетіндігі жөнінде жазады және ол ұсыныстарды «Орталық Комитеттің талабы ретінде әскери өкімет орындарының орындауына» береді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда әскери телеграф байланысының жағдайы туралы, бөгеуші отрядтар туралы, курстар ұйымдастыру туралы және артиллерист офицерлерді мобилизациялау туралы, азық-түлік дайындау жөнінде кооперациямен шарттар жасасу туралы баяндамалар және басқа мәселелер талқыланады.

9 январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Каспий-Кавказ майданы Революциялық советінің төтенше қажеттеріне қаржы бөлу туралы мәселе, зығырға товар айырбастау туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

10 январь. Ленин Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьевке телеграмма жазып, Петроградта мемлекеттік аппаратты қайта құру туралы нұсқау береді.

11 январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мемлекет пайдасына алынатын азық-түлік астығын және жем өндіретін губерниялар арасында салым салу туралы декреттің жобасы, төтенше салық туралы, жаңадан құрылып жатқан Совет республикаларымен қарым-қатынас туралы және басқа мәселелер талқыланады.

12 январь. Ленин Рязань губерниялық атқару комитетіне жолдаған телеграммасында одан мемлекеттік бақылаудың қоғамдық асханалардағы жалдаптықты ашуына байланысты қандай шаралар қолданғандығын сұрастырады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Әскери-санитарлық бас басқарманың баяндамасы, Ижевск және Воткинск заводтарындағы жағдай туралы, Печора өлкесіндегі жағдай туралы, оған экспедиция жіберу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 январь. Ленин Петроградқа Халық ағарту комиссариаты кітапхана бөлімінің меңгерушісі А. П. Кудрявцевқа телеграмма жазып, П. Б. Струвенің кітапханасын талан-таражға салынудан қорғауға, айрықша бағалы кітаптарын Көпшілік кітапханасына беруге, басқаларын Политехникалық институтта қалдыруға жарлық береді.

14 январь. Ленин Ф. Э. Дзержинский мен И. В. Сталин жазған «Перьмді қалдыру себептерін тергеудің барысы туралы қысқаша алғашқы есеппен» танысқаннан кейін 3-ші армия участкесіндегі жағдайды түзеу жөнінде белгіленген шараларды орындауға жергілікті жерде басшылық етуді олардың өздеріне тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда кітапхана ісінің жағдайы туралы, әскери ведомствоның тылдағы мекемелерінде ставкаларды реттеу, жалпы алғанда жекелеген ведомстволарда біркелкі ставкалар тағайындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады. Азық-түлік мәселесі талқыланған кезде Ленинге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық съезінің біріккен мәжілісінде баяндама жасау тапсырылады; кәсіподақтар туралы мәселені талқылауға байланысты Ленинге кәсіподақтар съезінде кәсіптік қозғалыстың міндеттері туралы баяндама жасау тапсырылады. Мәжілісте сондай-ақ Украина туралы, Белоруссия туралы, транспорт туралы, болыстық атқару комитеттерінің съезі туралы, «Центрокнига» туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросын құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Астрахань губерниялық атқару комитетінің өкілі Н. Н. Подъяпольскиймен елде, соның ішінде Астрахань өлкесінде табиғатты қорғауды ұйымдастыру туралы әңгімелеседі, астраханьдықтардың қорықтар ұйымдастыру жөніндегі бастамаларын мақұлдайды, Подъяпольскийге табиғатты қорғау туралы декреттің жобасын жасауды ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; мамандардың еңбегіне ақы төлеу туралы мәселе талқыланған кезде сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Қант бас комитетіне Украинадан қантты тасып алу үшін қаржы босату туралы, халық комиссариаттарының сметаларында шығындарды азайту қажеттігі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 январь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің және Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезінің біріккен мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда телеграф байланысының жағдайы туралы, әскери жүкті тасымалдау транспортын тәртіпке келтіру туралы мәселелер, темір жолдарды отынмен қамтамасыз ету туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

18 январь. Ленин РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясының мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин интернационалист-мұғалімдердің Бүкіл россиялық II съезінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысына барлық үкімет мекемелері мен жеке адамдар жөніндегі барлық шағымдарды дереу оған мәлімдеп отыру туралы жарлыққа қол қояды: жазбаша шағымдар жөнінде — 24 сағат ішінде, ауызекі шағымдар жөнінде — 48 сағат ішінде баяндалып отырылсын, шағымдар тіркеліп отырылсын және осы шағымдарға байланысты Лениннің нұсқауларының орындалуы жөнінде мұқият бақылау ұйымдастырылсын.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советінің кассалардың бірыңғайлығын сақтау туралы және совет мекемелері арасында есеп айырысу туралы қаулысына толықтырулар, Азық-түлік халық комиссариаты мен Әскери-шаруашылық бас басқармасының қызыл әскерлерді нормаланбаған өнімдермен жабдықтау туралы баяндамасы, мемлекеттік машина жасау заводтарында

отынның және азық-түліктің жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 январь. Ленин Роза Люксембург пен Карл Либкнехттің өлтірілуіне қарсы наразылық білдірілген митингіде сөз сөйлейді.

Ленин орман мектебінде демалып жатқан Н. К. Крупскаяға жолығу үшін Сокольникиге барады. Ленин жолшыбай бандиттердің шабуылына ұшырайды.

Ленин Сокольникидегі орман мектебінде балалар мейрамына қатысады.

20 январь. Ленин кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық II съезінде баяндама жасайды.

21 январь. Ленин «Европа мен Америка жұмысшыларына хат» жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1919—1920 жылдарға арналған темір жол программасы, азық-түлік өнімдерін дайындау туралы декрет, барлық ведомстволар мамандарының ставкаларын теңгеру туралы, Владикавказ округі, Терек облысы, Владимир селосының күйзелушілікке ұшыраған осетин халқына көмек беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 январь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; әскери-телеграф байланыстарын басқару жөнінде ерекше орган құру туралы мәселе бойынша қаулының нобайын жазады; астана жұмысшыларын Ижевск және Воткинск заводтарына жіберу туралы, әскери тасымалдарды реттеу туралы, еңбекшілерді әскери білімге үйретудің барысы туралы қаулыларды қысқаша жазып қояды. Мәжілісте сондай-ақ бөгеуші отрядтар туралы баяндама, Шығыс майдандағы темір жол бүліншілігі туралы, Петроград заводтарындағы отынның жағдайы туралы, мемлекеттік «Электропередача» электр станциясы туралы, шымтезек өндіретін кәсіпорындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 22 январь. Ленин Америка Құрама Штаттарының президенті В. Вильсонның Россия территориясында

өмір сүріп отырған барлық үкіметтердің конференциясын Принц аралдарында шақыру жөніндегі инициативасы туралы алғашқы хабарларды алғаннан кейін бұл мәселені Сыртқы істер халық комиссариатының қызметкерлерімен талқылайды, Антанта елдерінің үкіметтеріне өз ұсыныстарымызбен сөз салу жөнінде пікір айтты.

23 январь. Ленин Мемлекеттік бақылау халық комиссары К. И. Ландерге хат жазып, Халық Комиссарлары Советінің мемлекеттік машина жасау заводтарындағы отын мен азық-түліктің жағдайы туралы 18 январьдағы қаулысының орындалуын тексеру жөнінде тапсырма береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда совет ұйымдарының қарауындағы немесе бақылауындағы совет мекемелері мен кәсіпорындары арасындағы есеп айырысу операциялары туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

24 январьдан ертерек. Ленин бірқатар елдердің коммунистік және солшыл социалистік партиялары мен топтары өкілдерінің кеңесіне басшылық етеді; «Коммунистік Интернационалдың бірінші съезіне» үндеуді редакциялайды және кеңеске қатысушы басқа да өкілдермен бірге үндеуге қол қояды.

24 январь. Ленин халыққа білім беру жөніндегі губерниялық бөлімдердің мектептен тыс кіші бөлімдері меңгерушілерінің екінші кеңесінде сөз сөйлейді.

Ленин Республика Революциялық-әскери советінің председателі Л. Д. Троцкийге Принц аралдарындағы конференцияның жоспарлары туралы хабарлайды, осыған байланысты бір айдың ішінде Ростовты, Челябинскіні және Омскіні алуға барлық күшті жұмсау қажеттігін жазады.

25 январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; көмір тиелген вагондардан жүк түсірудің кешеуілдеп жатқандығы туралы және кооперация туралы хабарламалар жасайды. Мәжілісте сондай-ақ

бір жолғы төтенше революциялық салық салуды шетел мемлекеттерінің азаматтарына қолдану туралы қаулының жобасы, Шығыс майдан Революциялық-әскери советінің Шығыс майдан ауданында астық жүктерін тиеу туралы мәселе жөніндегі ұсынысы, Балаларды қорғау советін құру туралы декреттің жобасы, агрономиялық күштерді есепке алу және ауыл шаруашылық мамандарын мобилизациялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 25 январь. Россия телеграф агенттігінің 1919 жылғы 25 январьдағы «Әскери бюллетенімен» танысқаннан кейін, Ленин Республика революциялық-әскери советіне әскери құпияның сақталу кепілдігі туралы сұрау салады, ал «Әскери бюллетеньде» жекелеген майдандардағы жағдай туралы жариялауға жатпайтын мәліметтер басылған болатын.

26 январь. Ленин «Бәріміз де азық-түлік және транспорт жұмысына аттанайық!» деген үндеу жазады.

27 январь. Ленин Самара губерниялық атқару комитетіне телеграмма жазады, онда Самара қаласының бұрынғы бастығы оңшыл эсер А. М. Смирновтың қамауға алыну себептерін хабарлауды және оның Колчакқа қарсы Совет өкіметімен жұмыс істеуге тілек білдіргені туралы мәлімдемесін тексеруді талап етеді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Ижевск заводының жұмысшыларына винтовка жасауды күніне 1000 данаға дейін жеткізгені үшін алғыс жариялау туралы, отын туралы, Харьковқа паровоз жасау заводын іске қосу үшін қызметкерлер жіберу туралы, Серпуховтағы азық-түлік жағдайының қиындығы туралы, Украинадағы астық қоры туралы, Оңтүстік майдандағы темір жолдардың жағдайы туралы, армия үшін формалы киімнің толық комплектісін сатып алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Ижевск заводының жұмысшыларына винтовка жасауды арттырғаны үшін Қорғаныс Советінің атынан алғыс айтылған телеграммаға қол қояды.

28 январь. Ленин Мемлекеттік бақылау халық комиссары К. И. Ландерге Москва азық-түлік советінің халыққа арналған азық-түлік нарядтарын уақытында пайдаланбағандығы туралы іс бойынша қатаң тергеу жүргізу жөнінде жарлық жазып, сенімді ревизорға коммунист жұмысшыны міндетті түрде қоса жіберуді тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; кооперация аппаратын пайдалану туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ бөртпе сүзекке қарсы күресу туралы, егіс көлемін ұлғайту туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

29 январь. Ленин белгілі тарихшы меньшевик Н. А. Рожковқа орыс интеллигенциясының жаңа, социалистік қоғам орнату ісіндегі міндеттері туралы хат жазады.

30 январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; кітапхана ісінің жағдайы туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ көпшілікке арналған хрестоматия құрастыру жөніндегі жұмыс туралы баяндама, Москва темір жол торабының жұмысын жеңілдету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

31 январь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Су транспорты бас басқармасының көктемгі кеме қатынасы маусымына әзірлік туралы және кемелердің жөнделуі туралы баяндамасы жөніндегі қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ астана жұмысшыларын Ижевск және Воткинск заводтарына жөнелту туралы, Самара губерниялық азық-түлік комитеті дайындаған астықты тасып алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Январь. Ленин Егіншілік халық комиссариатының комиссиясы талдап жасаған Жерді қоғамдасып өңдеу туралы ереженің жобасына ескертпелер жазады.

Январь — февраль. Ленин В. Я. Ястржембскийдің Совет республикасының Польшамен сауда қатынасын ор-

нату мүмкіндігін анықтау үшін Польшаға барған сапарының нәтижесі туралы сауда және өнеркәсіп халық комиссары Л. Б. Красинге жазған баяндамасымен танысқаннан кейін, Красинге записка жазып, «бұл саясаттың *жігерлі түрде* және *тынбастан* жүргізілуін» қадағалауды тапсырады.

2 февраль. Ленин буржуазиялық-кооперативтік жабдықтау мен бөлуден пролетарлық-коммунистік жабдықтау мен бөлуге көшудің шаралары туралы В. П. Милютинге, А. И. Рыковқа, Н. Н. Крестинскийге және Н. П. Брюхановқа хат жазады.

Ленин В. П. Милютинге, Н. Н. Крестинскийге және Д. И. Курскийге буржуазиялық кооперация басшыларының жалдаптық келісімдері туралы хабарлайды, бұл іс бойынша тергеу жүргізуді талап етеді.

4 февраль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Ұлы солтүстік темір жолын» бір топ шетелдік капиталистерге концессияға беру туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ жалақыны арттыру туралы, Балаларды қорғау советін құру туралы, 1, 2 және 3 сомдық қарапайым ақша знактарын айналысқа шығару туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

4—5 февраль. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілістеріне қатысады, оларда төтенше комиссиялар туралы, Бүкіл россиялық бас штабтың қызметі туралы, баспаларды біріктіру туралы, Бақылауды қайта құру жөніндегі комиссияны шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 февраль. Ленин француз буржуазиялық «Le Temps» газетінің тілшісі Людовик Нодоға интервью береді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда әскери-телеграф байланыстарын басқару жөнінде ерекше орган құру туралы, шымтезек өндіретін кәсіпорындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 февраль.	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жалақыны арттыру туралы декреттің жобасы талқыланған кезде сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ 10 миллиард сомдық салықты орналастыру системасы туралы және басқа мәселелер талқыланады.
8 февраль.	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советінің азық-түлік өнімдерін дайындау туралы 21 январьдағы декретіне қосымша қаулының жобасы, Мемлекеттік біріккен машина жасау заводтарын (МБМЗ) азық-түлікпен жабдықтау туралы, паровоздарды жөндеу туралы және басқа мәселелер талқыланады.
Ерте дегенде 8 февраль.	Ленин Халық ағарту комиссариатына хат жазып, кітапхана ісінде есеп беруді дұрыс жолға қоюды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар жасайды.
10 февраль.	Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда санитарлық поездарды тиімді пайдалану туралы, зығыр жинау туралы, Су транспорты бас басқармасы туралы, металды бөлу туралы, темір жолдарда отынның жағдайы туралы, Саратовтан мақтаны тасып алу туралы, Коломна жұмысшыларын Ижевск заводына көшіру туралы және басқа мәселелер талқыланады.
10 және 14 февраль аралығында.	Ленин «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ережені» редакциялау үшін 10 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сайлаған комиссияның жұмысына басшылық етеді, баяндама жасайды.
13 февраль.	Ленин ішкі істер халық комиссары Г. И. Петровскийге записка жазып, Курск губерниясында жергілікті қызметкерлердің заңдылықты бұзуы туралы және губерния партия ұйымының әлсіздігі туралы мәліметтерге байланысты онда тергеу жүргізу жөнінде тапсырма береді.
	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; өнеркәсіп орын-

дарына ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру туралы мәселе бойынша қаулының негізгі пункттерін жазады. Мәжілісте сондай-ақ Москва округтік темір жол торабында жұмысты жеңілдетудің бірыңғай органын құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 14 февраль. Ленин 2-ші армияның шегінуіне байланысты Шығыс майдандағы жағдай туралы бас қолбасшы И. И. Вацетиспен әңгімелеседі.

14 февраль. Ленин «Шаруа сұрауына жауап» деген мақала жазады.

Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне телеграмма жазады, онда 2-ші армияның шегінуіне байланысты қолданылып жатқан шаралар туралы, азық-түлік ісінің жағдайы туралы сұрастырады.

Ленин ағылшын журналисі Артур Рансоммен Англиядағы жұмысшы қозғалысының жағдайы мен перспективалары туралы, Советтердің халықаралық маңызы және т. т. туралы әңгімелеседі.

15 февраль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жоғары әскери-оқу орындарының құрамындағы бұрынғы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы, темір жол көпірлерін және басқа да темір жол құрылыстарын қалпына келтіруге алынған жұмысшыларға олардың тұрақты қызмет орындарын сақтауды қамтамасыз ету туралы, темір жолдарға арналған отын туралы, Луганск патрон заводы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Өнеркәсіп пролетариаты мекемелерінің совет шаруашылықтарын ұйымдастыруы туралы декреттің» жобасы жөнінде баяндама жасайды және жобаны редакциялайды. Мәжілісте сондай-ақ темір жол транспортын жөндеу жөніндегі Бүкіл россиялық комиссия туралы ереже және басқа мәселелер талқыланады.

17 февраль. Ленин Н. П. Брюхановқа записка жазады, онда Хоперск және Усть-Медведецк округте-

рінде дайындау ісін күшейту үшін «қауырт шаралар қабылдауды» ұсынады, одан не істегенін және не істейтінін сұрастырады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Украинада азық-түлік дайындау мен көмір өндіру туралы және Украинадан астық пен көмірді тасымалдау үшін маршрут поездарын ұйымдастыру туралы баяндамалар бойынша қаулының негізгі қағидаларын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Брянск ауданындағы азық-түлік дағдарысы туралы, Қызыл Армияның бір жылдығы мерекеленетін күні қызыл әскерлердің паегін екі есе көбейту туралы, Калитва өзені арқылы өтетін көпірді қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 февраль. Ленин Москвада жаңа радиостанциясын ашудың кешеуілдетілу себептері туралы почта және телеграф халық комиссары В. Н. Подбельскиймен телефон арқылы сөйлеседі, содан кейін осы мәселе жөнінде Г. В. Чичеринге записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Украинада статистиканы ұйымдастыру туралы, бөртпе сүзек эпидемиясы туралы мәселелер, Техникалық күштердің бас бюросы туралы ережենің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

19 февраль. Ленин II Интернационалдың Берн конференциясы комиссиясының Советтік Россияға келуі туралы мәселе жөнінде сыртқы істер халық комиссарының Германия сыртқы істер министрлігіне радиограммасының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Украинадағы азық-түлік салымы туралы қаулысының жобасына қосымша жазады.

Ленин Шығыс майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі С. И. Гусевке берген телеграммасында оның Башқұрт үкіметінің өкілдерімен келіс сөздерде ұстаған позициясын мақұлдайды.

20 февраль. Ленин норвег социалистері М. Пунтервольд пен Э. Стангты қабылдайды, олармен азамат соғысы майдандарындағы жағдай туралы, шаруалардың әр түрлі жіктерінің Совет өкіметіне көзқарасы туралы, тап күресінің заңдылықтары және т. с. туралы әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда өнеркәсіпті қаржыландыру туралы ереженің жобасы, автомобиль ісін орталықтандыру жөніндегі декретті жүзеге асыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 февраль. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің меньшевиктік «Всегда Вперед» газетін жабу туралы қарарының жобасын жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда сабын өндіру ісінің жағдайы туралы баяндама, Егіс көлемі жөніндегі комитет туралы ереженің жобасы, сотталған қызыл әскерлердің кейбір категорияларына Қызыл Армияның бір жылдығына байланысты амнистия беру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 февральдан ертерек. Ленин РКП(б) программасының жобасын жасаумен шұғылданады: «РКП программасы жобасының алғашқы нобайын» (программаның жоспарын және программаның жалпы теориялық бөлімінің жобасын) және программаның ұлттық қатынастар, дін жөніндегі саясат және халық ағарту мәселелері, экономикалық және аграрлық мәселелер жөніндегі пункттерінің жобаларын жазады; осы материалдар негізінде «Россиядағы пролетариат диктатурасының негізгі міндеттерін» — программаның саясат, экономика және аграрлық мәселелер жөніндегі жобасын жазады.

23—25 февраль. Ленин РКП(б) программасының жобасын жасау жөніндегі комиссияның жұмысына басшылық етеді; «Программа жобасының алғашқы нобайын» «Россия Коммунистік (большевиктер) партиясы программасының жобасы» (жобаның жалпы теориялық бөлімі) етіп қайта өңдейді; программаның ұлттық қаты-

настар мәселелері жөніндегі пункттің жобасын жазады, одан кейін Н. И. Бухариннің жобасын қайта өңдейді; программаның дін жөніндегі саясат туралы пунктінің өзі жазған жобасын қайта өңдейді; әскери мәселе жөніндегі программа туралы пунктке кіріспе бөлім жазады; программаның экономикалық және аграрлық мәселелері жөніндегі пункттерінің өзі жазған жобасын қайта өңдейді.

24 февраль. Ленин мануфактуралық паек беруге рұқсат етуді өтініп өзіне келген Данилов мануфактурасының өкілдерін қабылдайды, бұл мәселені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы шешіп қойғандығын, сондықтан қабылданған шешімді өзгертуге Халық Комиссарлары Советінің де, оның председателінің де правосы жоқ екендігін оларға түсіндіреді; Ленин оларға менің қабылдауымда болды деп куәлік жазып береді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қызыл әскер паегін алуға право беру туралы декреттің жобасы, паровоз бригадаларын және темір жол шеберханаларының жұмысшыларын азық-түлік жағынан Қызыл Армияға теңестіру туралы, паровоздарды жөндеу туралы, Мурман темір жолы туралы, әскери-темір жол бөлімдерін құру үшін мамандар бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

26 февральдан ертерек. Ленин Владимир губерниясы, Судогод уезі, Милинов болысының шаруасы Ивановпен әңгімелеседі.

26 февраль. Ленин Коминтерннің I конгресінің делегаттарына арнап Кремльде жатақхана мен асхана ұйымдастыру жөнінде тапсырма береді.

27 февраль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда астық салымы туралы мәселе, «1919 ж. демалыс туралы уақытша ережелердің» жобасы, қызыл әскерлердің жалақысын арттыру туралы және жұмысшы кооперациясына көзқарас туралы декреттердің жобалары, жұмысшылардың азық-түлік жөніндегі отрядтары туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

28 февраль.	Ленин қатынас жолдары халық комиссары В. И. Невскиймен және Бүкіл россиялық төтенше комиссияның председателі Ф. Э. Дзержинскиймен кеңес өткізеді, Бүкіл россиялық төтенше комиссияның, Бүкіл россиялық төтенше комиссияның темір жол бөлімінің және Қатынас жолдары халық комиссариатының арасындағы өзара қатынастарды реттеу туралы Қорғаныс Советі қаулысының жобасын жазады және осы жоба жөнінде солармен келіседі; кеңестен кейін Қорғаныс Советінің мүшелеріне записка жазып, кеңесте жасалған келісімді дереу іске асыру үшін олардың осы келісімге қол қоюларын өтінеді.
Февральдың екінші жартысы.	Ленин «Герман тәуелсіздерінің үндеу хаты жөнінде» деген мақала жазады (мақала аяқталмаған).
Февраль.	Ленин Владимир губерниясы, Вязники уезі, Южа селосы большевиктік ұйымының өкілі жұмысшы Борзовты қабылдайды, онымен Южа тоқыма фабрикасындағы жағдай туралы әңгімелеседі, азық-түлік жағынан көмек беруді ұйымдастыруға өзінің жәрдемдесетіндігі жөнінде уәде етеді. Ленин Москваға келген Азық-түлік халық комиссариатының уәкілі С. В. Малышевпен Волгадағы жағдай туралы, азық-түлікті дайындаудың барысы туралы, шаруалардың пиғылы туралы әңгімелеседі. Ленин Коммунистік Интернационалдың I конгресінің күн тәртібіне қойылатын мәселелердің тізімін жасайды.
Февральдың аяғы — 1 немесе 2 март.	Ленин «Буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы» деген тезистерді жазумен шұғылданады: тезистердің жоспарын және нобайын жазады, тезистердің түпкілікті текстін құрастырады.
1 март.	Ленин Коммунистік Интернационалдың I конгресінің ұйымдық мәселелерді талқылау үшін алдын ала шақырылған делегаттар тобының кеңесіне басшылық етеді.
2 марттан ертерек.	Ленин Коминтерннің I конгресіне келген Германия Коммунистік партиясының делегаты Г. Эберлейнмен (М. Альбертпен) әңгімелесе-

ді, одан Германия Коммунистік партиясындағы жағдай туралы сұрастырады.
Ленин Г. Е. Зиновьевтің «Коммунистік Интернационал туралы» РКП(б) VIII съезіне баяндамасының тезистеріне ескертпелер жазады.

2 март. Ленин Коммунистік Интернационалдың I конгресін ашады; конгресс президиумының тұрақты мүшесі болып сайланады; бірінші мәжілісте председательдік етеді.

2 және 6 март аралығында. Ленин Коминтерннің I конгресі делегаттарының жатақханасында болады, олармен әңгімелеседі, соның ішінде шаруа мәселесі жөнінде әңгімелеседі, олардың әрқайсысынан өз елдеріндегі аграрлық мәселенің жағдайы туралы түсініктеме записка жазып беруді өтінеді.

3 март. Ленин Коминтерннің I конгресінің екінші мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісіне қатысады, онда Волга өткелдері туралы, астық пен көмір тасу үшін маршруттық поездар ұйымдастыру туралы, Интенданттық академияны бітірген бұрынғы офицерлер мен бұрынғы әскери чиновниктерді Қызыл Армияға шақыру туралы, дезертирлікпен күресу туралы, 12-ші және 11-ші армиялардағы азық-түлік жағдайының ауырлығы туралы және басқа мәселелер талқылапады.

3 немесе 4 март. Ленин Коминтерннің I конгресінің буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистер жөніндегі қарарын жазады.

4 март. Ленин Коминтерннің I конгресінің үшінші мәжілісін ашады және онда председательдік етеді; буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы мәселе бойынша баяндама жасайды; «Коммунистік Интернационалдың платформасын» бекітуді және Коммунистік Интернационалдың құрылуын жақтап дауыс береді; Циммервальд бірлестігін жою және оның документтерін III Интернационалдың Атқару Комитетіне беру туралы мәлімдемеге қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Егіс көлемі жөніндегі комитеттің баяндамасы бойынша қарардың «в» және «г» пункттерін жазады. Мәжілісте сондай-ақ майданға жақын аймақта азық-түлікті, жемді және ең қажетті заттарды дайындауды ұйымдастыру туралы қаулының, мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру туралы және мемлекеттік кәсіпорындардың міндеттемелерін жою туралы, Мемлекеттік ғылыми совет құру туралы, Мемлекеттік құрылыстар комиссариаты жанындағы орталық электротехникалық совет туралы, міндетті зығыр салымы туралы декреттердің жобалары талқыланады.

4 және 24 март аралығында. Поляк социалистік партиясы Орталық жұмысшы комитетінің Советтік Россия мен Поляк республикасының өзара қатынастары туралы мәселелерде Поляк социалистік партиясының ұстаған позициясы туралы РКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған хатында шекара туралы мәселені шешу үшін талас туғызып отырған аймақтарда референдум ұйымдастыру ұсынылады, Ленин бұл хатқа мынадай ұсыныс жазады: Польша үкіметіне нота жіберілсін, онда «біз әбден келісеміз және мәселенің нақ еңбекшілердің дауыс беруімен шешілуін қалаймыз, осы негізде келісуді қалаймыз, жекелеген жағдайда жеңілдікке баруға да келісеміз және т. т. деп сенім білдірілсін».

5 март. Ленин «Жеңіп алынған және жазылып қойылған нәрсе» деген мақала жазады.

Ленин Коминтерннің I конгресінің төртінші мәжілісін ашады және онда председательдік етеді.

6 март. Ленин Коминтерннің I конгресінің бесінші мәжілісін ашады және онда председательдік етеді; конгресс жабыларда қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин РКП(б) делегациясының тапсыруы бойынша «Коммунистік Интернационалдың бүкіл дүние жүзінің пролетарларына манифесіне» қол қояды.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, РКП(б) Москва комитетінің, ВЦСПС-тің, Москваның кәсіптік

одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің біріккен салтанатты мәжілісінде Коммунистік Интернационалдың құрылғандығы туралы сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 15 марттан бастап жолаушылардың жүріп-тұруын уақытша тоқтата тұру туралы және Москва азық-түлік совдепінің бірыңғай бөлу органы туралы шешімін қайта қарау жөнінде мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 7 март. Ленин Халық Комиссарлары Советінің тұтынушылар коммуналары туралы декретінің бастапқы жобасына қосымшалар жазып, түзетулер енгізеді.

7 март. Ленин ағылшын журналисі Артур Рансомды қабылдайды, онымен Совет үкіметінің Антанта елдеріне бітім жөнінде жасаған ұсыныстары туралы, капиталистік елдердегі социалистік қозғалыстың перспективалары туралы, Советтік Россиядағы жағдай туралы әңгімеләседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда кооперация туралы мәселе талқыланады; Ленин түзетіп, толықтырған жобаны декреттің негізі етіп алу жөнінде шешім қабылданады.

8 март. Ленин Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының аналар мен сәбилерді қорғау бөлімінің үгітшілері мен ұйымдастырушыларының алты апталық курсын бірінші рет бітіріп шығушыларының алдында сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жолаушылардың жүріп-тұруын уақытша тоқтата тұру туралы мәселе жөніндегі қаулының нобайын және «Жолаушылардың жүріп-тұруын тоқтата тұрудың төрт түрлі жағдайында босайтын паровоздардың саны туралы анықтаманың» VI пунктін жазады; Мемлекеттік бақылауды қайта құру туралы баяндаманы талқылауға байланысты осы мәселе жөнінде жазбалар және И. В. Сталинге записка жазады, Мемлекеттік бақылауды қайта құру туралы декретке толықтырулар ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ

қағаз бөлу туралы қаулының жобасы талқыланады.

8 және 12 март аралығында. Ленин «Америка Құрама Штаттары үкіметінің өкілі Буллит пен РСФСР үкіметі талдап жасаған, одақтас және біріккен елдердің бітім жөніндегі ұсыныстары жобасының текстін» жасасуға қатысады, В. Буллитті қабылдайды және онымен Америка Құрама Штаттары мен Антанта елдері үкіметтерінің Россия территориясында азамат соғысын тоқтату жөніндегі Буллит әкелген ұсыныстары туралы әңгімеледеді.

10 март. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда темір жол жұмысшыларын азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы, әскери-темір жол ісінде қосарластықты жою туралы мәселе, отын дайындау үшін еңбек міндеткерлігін енгізу туралы қаулының жобасы, дезертирлерге үкім шығаратын айрықша әскери соттар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 март. Ленин Москва мен Петроградқа сыйға тартылатын астық тиелген эшелонды бастап келген Вятка губерниясы, Сарапуль уезі шаруаларының делегаттарын қабылдайды, олармен әңгімелеседі, Сарапуль шаруаларына алғыс айтып, сәлем жеткізуді өтінеді; содан кейін оларды, Л. Б. Каменевке записка жазып, Москва Советіне жібереді, запискада «бұл — тамаша ерлік, оны өте-мөте айрықша құттықтауға әбден болады» деп жазады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1919 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы: орысша 5-бас. аударылды./Қазақст. КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркс-изм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы: Қазақстан,—
Т. 37. Июль 1918 — март 1919.—
1980—840 бет.

ББК 11.5
3К2

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
Б. М. Яковлев пен *А. Г. Хоменко*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
В. П. Кукушкина

Есімдер көрсеткішін дайындаған
С. П. Кирюхин

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін,
В. И. Лениннің табылмаған еңбектерінің тізімін
және ол редакциялаған документтерді дайындаған

Р. З. Юницкая

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 977

Сдано в набор 06.06.79. Подписано к печати 30.08.80. Формат 84×108 1/32. Бумага № 1. Обыкновенная новая гарнитура, печать высокая. Физ. печ. л. 26,25+4 вкл. 3/8 печ. л. Усл. печ. л. 44,5. Уч.-изд. л. 40,3. Тираж 15 000 экз. Заказ № 862. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.